


ЖАРЫЛҚАП  
БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

II ТОМ





**ЖАРЫЛҚАП  
БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ**

**ШЫҒАРМАЛАРЫ**

**ЕКІНШІ  
ТОМ**

Астана: «Өрнек», 2022.

# ШОҚАН

(Тарихи-ғұмырнамалық роман-эссе)

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Қаз-44

Б 38

**БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ Ж.**

**Б 38 Шығармалары:** /Жарылқап Бейсенбайұлы – Астана:  
«Өрнек», 2022. – 743 бет

ISBN 978-601-7379-54-4

2 том. Шоқан: тарихи-ғұмырнамалық роман-эссе. 2022. –  
711 бет + 32 бет фотосурет.

Белгілі қаламгер, зерттеуші Жарылқап Бейсенбайұлы – көп жылдар бойы қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмірін зерделеп, оның 1856 жылы жасаған Ыстықкөл сапарының ізін қайталай жүріп өткен, атақты жиһангез-шығыстанушы еңбек етіп, ғұмыр кешкен мекендерде арнайы болып, сол ізденістер нәтижесінде жарық көрген «Шоқан ізімен» (1977), «Жасын-тағдыр жарқылы» (1987), «Шоқан» (2009) секілді ғұмырнамалық кітаптардың авторы. Соңғы көлемді шығарма Ресейдегі Қазақстан Елшілігінің қолдауымен орыс тіліне аударылып, «Чокан Валиханов» деген атпен жарық көрген ол кітаптың арнайы таныстырылымы 2015 жылдың соңында Мәскеудегі Орыс географиялық қоғамының штаб-пәтерінде өтті.

Кейінгі жылдар жүзінде жарияланған жаңа тарихи, мұрағаттық құжаттармен, анықтамалық мағлұматтармен байытылып, қазақ ғылымындағы қол жетпес шырқау шыңдардың бірі, ерек туған феномен – Шоқан тағдырын зерделеуге арналған бұл ғұмырнамалық роман-эссе кітапта, заңғар ғалымның өмірі мен оның заманына қатысты бұрын беймәлім боп келген көптеген тұстарға жаңаша барлау жасалынады, тиянақты байыптаулар түйінделді.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Қаз-44

ISBN 978-601-7379-54-4 (Т.2)

© Бейсенбайұлы Ж, 2022

## КІТАПТЫҢ КІЛТІ

### *Бірінші бұрам: Айбалтасын алтынменен булатқан*

Шоқанның ұлы бабасы, Қазақ Ордасының соңғы әміршісі, атадан аса туған Абылай хан 1781 жылдың көктемінде, алпыс тоғыз жасқа қараған шағында, Арыс өзені бойындағы Ханқорған ордасында дүниеден озды.

Тарихи деректер мен ілгеріде хатқа түскен хикаялардың сарындарына сүйенсек, айбынды хан ажал тырнағына – содан аз жыл бұрын ғана өзі жорықпен келіп, Қазақ ұлысының дәргейіне бас ұрғызған Ташкенттен Түркістанға қарай бет алған жолда ілінген.

Абылай баһадүр соған дейін де жоңғармен арпалысқан екі жүз жылдық соғыстың аласапыран шақтарында Қоқан хандығының қанжығасында кеткен ежелгі алаш қоныстары – Түркістан, Сайрам, Шымкент, Хожент өңірлерін қазақтар иелігіне қайтарып, Іле, Шу бойына көз алартқысы келген қырғыз ағайындарды Алатаудан әрі асыра қуу арқылы, атажұрттың оңтүстік бөлігін бөтен жұрттар құрығынан түгелдей азат еткен жаһангерлік жорықтар жасаған болатын.

Абылай бұл сапарында да Самарқан, Бұхара жақтағы әулие-әмбиелерге зиярат ете барып, жер емген, керуен жүргізген сол іргелес хандықтарымен өзара тиімді қарым-қатынас, саудасаттық жасау мәселелеріне қатысты ел қамын ойластырған бірқатар шаруалардың да басын қайырып келе жатқан жайы бар еді. Қазақ Ордасының теріскейі мен батыс жағынан ентелеген орыс, шығысынан ширатылған шүршіт империяларымен бипаз да сақ саясат жүргізу арқылы, сол тараптардағы тыныштыққа енді қол жеткізген ол, күнгейдегі ағайындас көрші ұлыстармен де бітімгершілік мәмілелерге бәтуаласқандай болған. Жолшыбай қазақ қарамағына қайтадан қосылған Ташкентке аялдап, осы өңірдегі қалың алаштың өзгеге кетіп жатқан есесін қайтару, халықтан түскен арыз-шағымдарды қарауды ниет еткен еді.

Алайда қазақ ұлысының дербестігі мен бостандығы жолында талай жылдар бойы өткен арпалысты күрестер мен әртүрлі қақтығыстардан қажыған Ұлық хан ағзасы Ташкентте

болған сол күндері кәдімгідей сыр беріп, денсаулығы күрт әлсіреді. (Ел жадында қалған әңгімелер мен аңыздарда оның жүрек сырқаты кеселімен ауырғаны жөнінде де айтылады).

Ташкентте біраз ем-дом қабылдағанмен, науқастың беті түзеле қоймаған соң, хан қосыны амалсыздан, ұлыстың бас ордасы – Түркістанға қарай ақырын-ақырын жылжи бергенді мақұл деп табады. Дегенмен, «жазмыштан – озмыш жоқ». Қосын Арыс өзеніне ілігіп, оның сол жағалауындағы Ханқорған ордасына аялдаған кезінде, Абылай ажал жастығына бас қояды.

Осылайша, білгір тарихшыларымыз қадап айтатындай, сонау ХҮ ғасырдың ортасында бұрынғы айбынды Көк Орданың қонысына иеленіп, Жошы ханның тұңғышы Ордадан (Еженнен) тарайтын Орыс хан ұрпақтары боп келетін – Керей мен Жәнібектей асыл текті тұлғалардың бастауымен Қазақ Ордасы атымен ұйысқан, кейіннен қанаты кеңіп дәуірлеген, әйтсе де араға киліккен небір аласапыран замандарда ұйпа-тұйпасы шығып кұри жаздаған мемлекетті ХҮІІІ ғасырда қайта көтеріп, ежелгі арнасына түсіруге өлшеусіз үлес қосқан Абылайдай баһадүр тұлға дүниеден көшкен.

Оған арналған ең атақты жоқтауды қазақтың дүр ақыны һәм ойшылы Бұқар жырау шығарды. Ал сол жоқтауды Әз Абылайдың ұлы шөбересі Шоқан жиырма жасында тұңғыш рет қағазға түсіріпті. Соның арқасында бүгінгі күнге дейін жеткен асыл туындыда Бұқар жырау «үш жүздің басын құрап, халыққа қайғысыз ұйқы ұйықтатуға, қайырусыз жылқы бақтыруға» қол жеткізген Қазақ Ордасының ханы туралы бұй деп толғаған екен:

*Күшшек санды күреңді  
Тәбияға жаратқан,  
Қырық сан қара қалмақты  
Жарлығына қаратқан.  
Айбалтасын алтынменен булатқан.  
Алафасын арттырып  
Арпалап атты қунатқан...  
Еңсесі биік боз орда  
Салтанатқа орнатқан.  
Болаттан шеге соқтырып  
Шаңырағын торлатқан...*

*Тоқпағын сом алтыннан соқтырып,  
Нақыра күміш шаптырып,  
Былғары сына піштіріп,  
Шыны аяқпен іштірген.  
Орындығын оймыштап  
Ою нақыш салдырған,  
Сандығын сары алтынга малдырған,  
Көшісе қырқын арта алмас,  
Қырық мың атан тарта алмас.  
Қызылаяқ мал жиып  
Қалижасын алдырған.  
Алғын, шығын арқалап,  
Бетіне бедер қамқа салдырған.  
Туырлығың қара кіс,  
Толулы бір тұңлігің  
Ұшығадан ұстатқан.  
Байтағың байып мал беріп,  
Байрақты жерге қыстатқан.  
Ғаділдігін Наушаруан ғаділге жеткерген,  
Жомартлығын Хатымтай жомарттан өткерген,  
Күнде мейман күзетіп,  
Кесекілеп ет берген.  
Имандының ісіне қарап бет берген.  
Бір құдайдың дидарын  
Сен көрмесе кім көрер,  
Табандасқан дұшманға  
Күнінде қылыш шауып өткерген...*

### **Екінші бұрам: Орта жүздің ханы**

Абылай хан өмірінің соңғы жылдарында Қазақ ұлысының байырғы астанасы, өзін 1771 жылы ақ киізге көтеріп, үш жүздің ханы, яғни «күллі хандардың ағасы етіп» мәртебелеген Түркістанда көбірек аялдап, етек-жеңі ұлғайған елді сол көк күмбезді ордадан басқаруға бейіл берген еді. Жаз мезгілін байырғы жайлау-қонысы Көкшетау төңірегінде өткізсе де, ондағы қырық жылдай Орта жүзге билік құрған шағында құтты мекен болған жазғы хан ордасы тізгінін ұлдарының үлкені,



қарақалпақ бегі Сағындық Шуашбайұлының қызы Сайман ханымнан туған тұңғыш ұлы Уәлиге ұстатқан. Атадан балаға алмасқан қария сөздерде Абылайдың дүниеден озарынан аз ғана уақыт бұрын, өзінің тақ мұрагері ретінде Уәлиді танып, елге жария еткені жөніндегі әңгімелер де айтылады.

Тарихи құжаттарда да Абылайдың көзі тірісінде Уәлиге біраз маңызды тірліктерді сеніп тапсырып, біртін-біртін ел билеу тәсілдеріне баулығаны туралы деректер бар. Уәли әкесінің жұмсауымен 1769 жылдың сәуірінде Бейжіңге сапарлап, Мәншың (Қытайды 1644-1911 жылдары билеген мәнжу әулеті құрған Чиң империясының қазақша атауы) патшасымен, яки еженханымен жолыққан. 1778 жылдың ақпанында Абылай Ресей патшасы II Екатеринаға жазған хатында Уәлиді патша сарайына баратын қадірлі адамдар қатарына қосқанын жеткізеді. Сондай-ақ 1774 жылдан бастап орыстың жоғары ұлықтарының назарына қайта-қайта мәлімхат арқылы білдірген, ел басқарудағы қызметтері ескеріліп, жылдық жалақылары белгіленуін өте-мөте қадай өтінген үш сұлтанның қатарында: Салқам Жәңгірден тарайтын тікелей туыстары – Әбілмәмбеттің ұлы *Әбілпейіз* және Сұлтанбеттің баласы *Орыспен* бірге, өз балаларының арасынан тек *Уәлидің* есімін ғана атайды.

Яғни, осы дәйектердің өзінен де Абылайдың басқа ұлдарының әке орнына аса бақталаса қоймағанын байқаймыз. Бір атадан тарайтын қалың туыстары арасында тақтан үміткерлер болғанымен, олар да баһадүр ханның өсиеті мен қалауына қарсы келмегенді жөн деп тапқандай.

Тарихи деректерде Уәлидің әке өлімін қайда жүріп естігені дәл нақтыланбайды. Абылай қазасы туралы орыс мағлұматтарында «хан көз жұмғаннан кейін, оның жанында болған адамдардың Уәли сұлтанға, оның інілері мен басқа туыстарына келіп естірткені» ғана жазылған. Шамасы Уәли бұл кезде Көкшетаудағы жайлауға әлі шығып кетпей, Түркістанда әкесінің сапардан оралуын күтіп отырған болуы мүмкін.

Сол деректерде ел ағаларының Уәли бастаған хан ұрпақтарымен ақылдаса отырып, асыл сүйегі өзі өсиет еткендей, Түркістандағы Әзірет Сұлтан (Қожа Ахмет Йасауи) кесенесінің іргесіне арулап қойылған Абылайға ас беру жайының шешілгені де айтылады. Ол асқа үш жүздің сұлтандары, ел ағалары мен

қалың қазақтың өкілдері, барлығы бес мыңдай адам қатысыпты. Және сол жиыннан кейін марқұм Абылайдың орнына хан сайлауы өтіпті.

Ігі жақсылар таққа үміткер сұлтандардың қадір-қасиеттерін сараптай келе, әкесінің жанында жүріп ел басқару ісіне машықтанған, қабілеті мен ханға лайық басқа да кісіліктері жетерлік Уәли сұлтанды бір ауыздан Абылайдың орнына таққа отыруға лайық деп таңдайды.

Хан көтерудің бар рәсімі Қазақ Ордасында ежелден келе жатқан дәстүрге сай атқарылған еді. Ресей патшасының Сібір мен Үпі генерал-губернаторының қызметін атқаратын генерал-поручик һәм кавалер И. Якоби жоғарғы орындарға жіберген өз мәлімхатында бұл рәсімді өте-мөте тәптіштеп жазады.

Жұма күні сұлтандар мен ел ағалары бастаған көп халық Әзірет Сұлтан кесенесі алдындағы алаңға жиналып хан көтеру салтанатына кірісті, делінеді мәлімхатта. Ташкенттен шақырылған ахун, басқа да дінбасылар тиісті дұғаларын оқып болған соң, көпшілік Уәли сұлтанды ақ киізге отырғызып, хан көтереді де жерге түсірген соң, төңірегіндегілер ханның көйлек-дамбалдан басқа киімдерін шешіндіруге кіріседі. Сыртқы киімдерін оны ақ киізге көтерген ұлысқа белгілі кісілер, қалған жеңіл киімдерін хан сайлау кеңесінің мүшелері тәбәрік ретінде бір жапырақ, жарым жапырақтан бөліп алады. Уәлиге дәстүрлі хан киімі – айшықты қалпақ, қамқа тон, зерлі шалбар, оқалы етік кигізіліп, жаңа сайланған ханға арналып тігілген еңселі ақ ордаға енгізілді. Одан шыққан соң ақ боз атқа қолтықтан демеп мінгізіп, тойға қатысушылар оған гу-гу тілектерін арнап, жабыла құттықтады.

Осылайша хан сайлау рәсіміне байланысты той жеті күнге созылған. Салтанат қызығы аламан бәйгеге, ат жарыстарына, әндер шырқалып, домбыра мен қобыз күйлері төгілген ұлы думанға ұласқан. Халық өздері тойға арнайы әкелген малдарын сойып, қымыз ішіп, шат-шадыман күй кешкен.

Бұл шақта Қазақ Ордасының Абылай қазасынан кейінгі бағыты қай арнаға қарай өрбитінін екі жақтағы алып көршілер де сырттай бақылау үстінде еді. Абылай заманында жасалған мәмілелерге сәйкес, Ресей де, Мәншың империясы да оны өз құзырындағы ел ретінде таниды. Алайда жеме-жемге келгенде

қай жаққа қарай ауып кетер екен, дейтін күдік-күмәндары да жоқ емес. Осы себептен де болар, қытайдың еженханы Уәлидің хан тағына отыруын ести сала, әбжіл шешім қабылдап, дереу оны заңды мұрагер ретінде тану туралы жарлығын жіберген.

*«... Әкеңіз Абылайдың опат болғанын естіп, қатты қайғырдым. Бұрын Бейжіңде менімен дидарласып, шапағатыма бөленген адам едіңіз. Әкеңіздің тұңғышы екеніңізді де, қол астыңыздағы ел-жұртты шыр-шырғасын шығармай жақсы басқарып отырғаныңызды да жақсы білеміз. Сондықтан өзіңізге әдейілеп Сарай ұлығын жіберумен бірге, әкеңіздің хандық лауазымына мұрагер болып тағайындалғаныңыз жөніндегі жарлығымды түсіріп отырмын»,* – деп бипаздаған еді Мәншын патшасы Уәлиге жолдаған сол пәрмен хатында.

1781 жылғы шілденің 26-сында жазылған осы хатты алғаннан кейін, Уәли Ресей билеушісі II Екатеринаға да өзін хандыққа бекіту туралы өтінішін жіберген. *«...Менің әкем Абылай хан 69-ға қараған жасында қайтыс болды. Елу жыл бойы патша ағзамға қызмет етіп, алпыс тоғыз жыл ешкімге жамандық жасамай, адал өмір сүрді. Абылайдың артында отыз ұл қалдық. Бәрі де халықтың сыйлы ел ағалары, игі жақсылары. Олар да әкеміз Абылай хан сияқты патша ағзамның құзырына адал қызмет етуге ниет білдіріп отыр. Мәртебелі патша ағзам, ...бүкіл қазақ ордасының сұлтандары мен қара халқы бас қосып, халық кеңесі үстінде мені хандыққа сайлап, әкем ұстаған билік тізгінін тапсырды. Сіздің мейірімді ықыласыңыз түсіп, мені хандыққа бекітеді деген сеніммен Абылай ханның дәрежесін маған беруіңізді сұраймын...»,* – делінген еді онда.

Сол жылдың желтоқсанында бұл хатқа II Екатеринадан Уәлиді Орта жүздің ханы етіп тағайындау туралы жауап та келіп жеткен...

### **Үшінші бұрам: Аманқарағайдың аға сұлтаны**

Құсмұрын көлін теріскейге қарай жарып өтіп, Тобылға барып құятын Обаған өзенінің орта ағысындағы, көпшілікке әуелден қызу жәрмеңке орны ретінде белгілі Қараоба мекенінде 1834 жылдың сары күзінде (ескіше күнтізбемен тамыздың 30-ында) маңайдағы қалың елді молынан жинаған елеулі бір оқиға

болып өтті. Ол – қазақ жерінде жаңадан ашылған тағы бір әкімшілік аймақ – Есіл мен Тобыл өзендері аралығындағы жерлерді қамтитын Аманқарағай округінің аға сұлтанын сайлау рәсіміне арналған құрылтай еді.

Бәрі де дуанбасы сайлауының сол кезде қалыптасқан қошеметі мен марапатына лайық орындалды. Аққу-қазы сыңсыған Қопа мен Талды көлдерінің аралығындағы шүйгінді бел үстіне ақбоз үйлер қаптата тігілді. Соиыстық мал, саба-саба қымыз дайындалды. Жаңа дуан аймағын жайлаған керей, уақ, арғын, қыпшақ руларының игі жақсылары арасында да аға сұлтандыққа кімді сайлау керек деген мәміле орайында көп даудамай, кикілжінді текетірес туындамаған сыңайлы. Кезінде Тобыл мен Торғайдың арғын-қыпшағын билеген Батыр ханның немересі, өзі де біраз жыл ел тізгінін ұстаған Жұма Құдаймендіұлы бастаған сұлтандар, дүйім қазақ ардақ тұтатын Абылай ханның немересі, Орта жүздің соңғы ханы Уәлидің бел баласы, алдында ғана Омбыда әскери оқу тәлімін көріп келген жиырма үштегі қылшылдаған жас жігіт Шыңғыс Уәлиұлын дуанбасы етіп көтерді. Полковник Ф. К. Шубин басқарған казак-орыс жүздігінің қатысуымен өткен салтанатта жаңа дуанның қазылары болып, сол аймақтың белгілі тұлғалары – төмен шекті арғын руы болысының биі Жазы Жанұлы мен сибан керей болысының биі Есеней Естемесұлы сайланды.

Омбы әкімшілігі енді ашылған дуан орталығын елге ежелден белгілі көне қоныс Қараобада көтеру қажет деп шешкен. Округке бөлінген әскерлердің күшімен маңайдағы қарағай орманынан бөренелер кесіліп әкелініп, құрылыс жұмыстары қызып жүре берді. Кеңсе үйі, әскерлер мекендейтін жайлар, қора-қопсылар салынды. Жаңа бекініс дуан атына сәйкес Аманқарағай деп аталды.

Аға сұлтандыққа сайланғаннан кейін осы Қараоба төңірегіне Сырымбеттегі ата жұрттарынан өз еншісіне тиген дүние-мүлкін, жаңа қосылған жас келіншегі Зейнепті, әлденеше түтін төлеңгіттерін көшіріп әкеліп, Шыңғыс та қоныстанды. Зайыбы Зейнеп – Баянауылдағы қаржас руының биі, жастайынан шешендігімен танылып, он төрт жасында Уәли ханның алдында өткен бір жүгіністе өз руының намысын қорғап шыққаннан кейін атағы ерекше дүрілдеп көтерілген, сол кезде Баянауылдың аға

сұлтаны Шоң Едігеұлының төбе биі қызметін атқаратын, кейіннен ол қайтыс болғасын, орнына дуанбасылыққа сайланған әйгілі Шорман бидің қызы еді.

Келесі 1835 жылы, ел қыстауға әбден жайғасып біткен қараша айының соңында жас дуанбасы шаңырағында Мұхамедқанафия есімді тұңғыштары дүниеге келді.

### ***Төртінші бұрам: Абылайдың ұлы шөбересі***

Мұхамедқанафия титтейінен алғыр, зейінді болып өсті. Тілі де ерте шығып, зеректігімен көзге түсті. Сәби шағынан үлкендердің әңгімесін, аузымен құс тістеген билер мен шешендердің сөздерін, көне қиссаларды, батырлық дастандарды тыңдауға аса қызығушылық танытатын бейілімен ерекшеленді. Әдетте аға сұлтанның ақ ордасына ат басын бұрар қонақ көп. Әсіресе, жаз туып, ел жайлауға мамырлай қонған кезде. Меймандар арасында әкімшілік жайымен жүрген ел билеушілерімен қатар, ескі әңгімелерді мол білетін құйма құлақ қариялар, кезінде талай жорықтарды бастан өткерген кеуделі батырлар, сөзден өрнек өретін небір шешендер, жыраулар мен өнерпаздар, күміс көмей әншілер де баршылық. Сондайда Шыңғыс шаңырағында неше қилы әңгімелердің арнасынан асып-төгіліп ақтарылып жататын дағдысы бар. Ал оларды есі кете қызығып тыңдаушылардың бірі – сол үйдің кішкентайы Мұхамедқанафия еді.

Ел аузында қалған сөздерде оның азан шақырып қойған әуелгі атының Шоқан болып өзгергені де осы тұрғыдан байыпталады. Үлкендердің қасында тапжылмастан шоқиып отырып, әңгіме тыңдайтын баланы әжесі Айғаным: «Шоқиғаным, Шоқаным», – деп еркелетеді екен. Ақырында оны кейіннен бүкіл ағайын-туғаны, ел-жұрты да осылайша атап кетті. Бастапқы Мұхамедқанафия аты – кей ресми құжаттарда ғана жазылатыны болмаса, ол бүкіл ғұмыр кешкен ортасына, заманына Шоқан есімімен танылды, жаһан ғылымының биіктеріне, туған халқының байтақ болашағына ұлы Шоқан боп, Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов боп аттады.

Тілі шығып, сөз түсіне бастаған шақтан-ақ сұлтан үйінің тәрбиесіне сай, жас баланың санасына оның Ұлық хан тұқымы,

айбынды баһадүр Абылайдың шөбересі екендігіне қатысты әңгіме де шым-шымдап сіңіріле берді. Және бұл ретте оған әрдайым «сен тура сол бабаңа тартқансың» деген сөздер де жиі арналатын. Бұған себеп, ел аузында қалған әңгімелерде айтылатындай, Шоқан апыл-тапыл жүре бастаған шағында аға сұлтан Шыңғыс үйінде қонақ болған дуалы ауыз қариялардың бірінің сәбиді көре салып, «аумаған Абылай ағамның өзі екен ғой» деп көзіне жас алған жайы.

Жас бала құмарта құлақ түретін қилы әңгімелер қатарында сол Абылай бабасы жайындағы аңыздар мен сөздер тым мол. Оларды бар есіл-дертімен тыңдау үстінде Шоқанның көз алдына сонау бір қиян-кескі шайқастарға толы қилы заман суреттері, Бөгенбай мен Қабанбай, Сырымбет пен Малайсары, Баян мен Олжабай сынды ардақты батырлардың кесек бітімдері, олардың туған жерді қасақы жаудан азат ету жолындағы қаһармандық жорықтары елестейтін. Кейіннен өзі айтқандай, «қазақтың ерлік заманы» боп саналатын сол кезеңге аға сұлтанның тұңғышы көкірегі сергек көңілмен ой жіберетін.

Әрі кейіннен атақты бабасы ғұмыр кешкен заманды мұрағат деректерімен, тарихи мағлұматтармен нақтылай зерттеген кезінде, әжесі мен ата-анасының қасында шоқиып отырып тыңдаған сол әңгімелердің көбінің шындыққа қабысатынын байқап, кәдімгідей таңғалды. Бала жастан санасына сіңіп қалған талай жайт жадында қайтадан жаңғырып шыға келгендей күй кешті. Оларды тарих қойнауынан алынған мәліметтермен сабақтастыру үстінде көз алдына сол бір дәуірге қатысты кесек суреттер қадау-қадау бітіммен көлденең тартылды.

Біртін-біртін өзі де айбынды Абылайдың аруақты қара шаңырағының бір төлі болғандықтан, көптеген әйгілі тұлғалар ұшқан сол эз ұяның арғы-бергі кезеңдеріне, Ұлық хан кіндігінен тараған ұрпақтың әр буынының талайлы тағдырларына тереңдей, зерделей қарауға бейіл аударды: Ғұмырлары бодандық заманның қос өкпеден қысуы бірте-бірте зорайып, күшейе түскен кезеңдеріне тап келген ата-аға туыстарының бастарын темір ноқтаға ілуге қарсылық білдіріп, жасанған жауға жалаң қылышпен шапқан жанқиярлықтарын да, бөген жұрттың билігін іштен тына, күйзеле, құсалана жүріп мойынсынған шарасыз халдерін де ақырын-ақырын ұғынып, байыптай бастады...

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### ХАН ӘУЛЕТІ

#### 1. Абылай

Шоқанның ұлы бабасы ғұмыр кешкен заман – қазақ тарихындағы алаш жұртының өз азаттығын сақтап қалу жолында неше түрлі арпалыстарды бастан өткерген сұрапыл оқиғаларға толы аласапыран бір кезең..

Ол заман – мал тісіне құйқалы алаш қоныстарына талайдан көз алартумен келген Жоңғар (Ойрат) хандығының Қазақ ұлысына басқыншылық жорықтарын үсті-үстіне үдете түскен, ел басына зұлмат та зобалаң күндер зіл батпан боп ерекше мол төнген азабы мен таукіметі көп дәуір.

Әсіресе осы ретте ойраттардың 1723 жылғы көктемге салымда Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағына тұтқиылдан бас салған алапат шабуылы, жойқындығы жөнінен бұған дейін жасалған қаншама жорықтардың бәрінен де асып түскен жойдасыз басқыншылық болып еді. Сол жылы мұздай жарактанған қалың ойрат шеріктері қатты жұттан қиналып шығып, қыстаудан әлі көтеріле қоймаған қазақ ауылдарын аңдаусызда басып қалып, қамсыз елді жаппай ойранға, қанды қырғынға ұшыратты. Аман қалғандары қоныстарын, мал-мүлкін тастай, үдере үркіген босқынға айналды. Халықтың зарлы аңыздарында айтылатын «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаның» басталуы еді бұл. Қапыда қалған Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтары қайғы-қасіретті белшеден кеше жүріп Хожент пен Самарқанға дейін жөңкілді. Сырдарияның аяғындағы Кіші жүз ауылдары Хиуа мен Бұхарға қарай ауды. Соншама мол босқынның үсті-үстіне ағылып келіп жатқаны, күнгей хандықтардағы аймақтар үшін де оңай болған жоқ. Мауараннахр аталған қос дария аралығындағы өңір де жоқшылық пен таршылыққа ұрынды.

Босқан қазақтың біраз бөлігі батыста – Жайықтан асып, Еділ

қалмақтарын, башқұрттарды ығыстырса, теріскейге лықсыған топтары Өб және Үй өзендері аралығына дейін серпілді.

Осындай ауыр шақта қазақ арасынан шыққан батырлар, ел қамын жеген ардақты билер басқыншыларға қарсы ұйымдасқан азаттық күресті бастауда елеулі қызмет атқарды. Олар үш жүзден жасақ жинап, жауға қарсы тойтарыс беру әзірлігін өз қолдарына алды. Бұл тізе қосқан қимыл 1725 жылдан басталады. Әуелі Қорғалжын жақтағы Шұбартеңіз көлі маңында, одан кейін Ойылдың саласы Ақтасты өзенінің жағасында ойрат шеріктеріне күйрете соққы берілді. Осы шайқастар елдің күшін бір жерге топтастыру қажеттілігін де айқын көрсеткен еді.

1726 жылы Бадам өзені маңындағы Ордабасы шоқысында өткен кеңесте үш арыстың ел тізгінін ұстап жүрген игі жақсылары осы мәселені тілге тиек ете отырып, Кіші жүз ханы әрі қазақтың Аға ханы (біраз шынжыр балақ, шұбар төс хан тұқымдары мойындауға құлықсыз болса да) лауазымы бар, соған дейінгі әртүрлі шайқастарда шыныққан, 1724 жылғы Түркістан үшін өткен ұрыстарда қолбасылық қарымымен танылған Әбілқайырды (Қазақ хандығының іргесін қалаушылардың бірі – Жәнібектің баласы Өсекеден тарайды) ақ киізге салып, бүкіл қазақ жасағының бас сардары етіп көтерді.

1728 жылдың көктемінде біріккен қазақ жасақтары Ұлытау өңіріндегі Бұланты және Білеуті өзендері аралығында ойрат әскеріне ойсырата соққы беріп, осы аймақты қалмақтардан азат етті. Қазақ қолының Бұланты маңындағы үлкен жеңісі әйгілі Аңырақай шайқасындағы табысқа ұласты. 1730 жылдың ерте көктемінде Шу өзенінің оң бетіндегі Желтау, Айтау жоталарын шығысқа қарай ұластырып жатқан Аңырақай қырқаларын баурайлай аққан Қопалы мен Сарыбұлақ өзендері аралығында өткен сол атышулы шайқаста Қазақ Ордасының жасақтары жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысындағы (1723-1730) ең зор жеңіске қол жеткізді.

Тас-талқан боп жеңілген жаудың қырылғаны қырылып, аман қалғандары шығысқа қарай жөңкіліп, бастарын сауғалай әзер құтылды. Осы қиян-кескі шайқас нәтижесінде қазақтың біраз ата қонысы жаудан босады...

Жоңғар хандығының нағыз жаны қысылған да кезі еді бұл. Өйткені соның алдында ғана, олар күнгейдегі көршілері



Қытайдың да шапқыншылығына ұшыраған болатын. Екі жақпен қатар соғысу сірә да оңай емес. Сондықтан да қос өкпеден сыққан жанталас қалге душар болған жоңғар қонтайшысына қазақтан бітім сұрағаннан басқа шара да қалмаған.

Дәл сол көктемде Әбілқайыр ордасына қазақтың батыс-теріскейдегі қоныстарын башқұрттардың басып алғаны туралы суыт хабар да жетеді. Алаш әскерінің дереу сол жаққа аттану қажеттігі туындағандықтан, жоңғарлар тарапынан айтылған ұсыныс көп қарсылықсыз қабылданып, екі жақ соғысты тоқтату туралы мәмілеге бәтуаласады.

Осылайша қазақ-жоңғар соғысында бірауық саябыр шақ орнайды. Алайда ол, сірә да, ойрат шеріктерінің қазақ жеріне шапқыншылықтары со бойы тыйылды дегенді білдірмейтін. Халықты титықтатқан қазақ-қалмақ соғыстары, әлі талай жыл үздік-создық жалғасып тұрды. Алайда Аңырақай шайқасындағы сол жеңіс халық санасында үлкен бетбұрыс жасады. Ол қазақтың рухын көтеріп, болашаққа деген сенімін бекітті. Маңайдағы елдер де осыдан кейін Қазақ Ордасының қуатты ұлыс екендігін мойындады.

Жоңғардың бетін қайтарған сол шайқастар кезінде қонтайшы Қалдан-Шеріннің жақын туысы, қалмақтың бас батыры Шарышты (Сәруді) «Абылайлап» аруақ шақырып жекпе-жекте өлтірген жиырмадағы жас баһадүр жұрт көзіне ерекше түскен еді.

Ол – он жетінші ғасырдың басында Ташкентті билеп, жаумен жекпе-жекке шыққанда қарсыласын шақ келтірмейтін батыр болғандықтан «қанішер» атанған қазақ сұлтаны Абылайдың немересі, жас кезінде ел жаугершілікке ұшырағанда, ата-анасынан айырылып жетім қалған, содан есейгенше өз тегін жасырып, кісі есігінде «Сабалақ» есімді малшы боп жүрген, енді қазақ әскерлерінің маңдай алдында жауға шапқан жиырма жасар *Әбілмансұр* ныспылы ержүрек жас екен. Кәдімгі, арғы бабасы – Шыңғыс хан, Жошы хан, Орда (Ежен), бергі бабалары – Қазақ Ордасының уығын көтерген Кіші Жәнібек, одан соң – Жәдік, Шығай, Тәуекел, Еңсегей бойлы Ер Есім, Салқам Жәңгір, Уәлибақы, одан – Қанішер Абылай, Көркем Уәли боп жалғасатын текті атаның тұқымы.

Сол ерлігінен кейін жас сұлтанның ақиқаты ашылып,

Әбілмансұр бұдан былай өзі ұран етіп көтерген атасы Абылай есімімен елге танылды, сол атпен тарихқа енді. Көкшетау төңірегіндегі арғынның атығай-қарауыл рулары оны өздеріне хан көтеріп, басына ақ орда тігіп берді.

Абылайдың атын шығарған сол жекпе-жек көз көргендердің жадында қалды, кейінгі ұрпаққа қазақтың басын ұйыстырған баһадүр тұлға сайыпқырандығын танытатын бір ақиқат боп жетті. Оның замандасы, ат жалын тартып мінгеннен қалмақтарға қарсы соғыстарға қатысқан жауынгер серігі, от тілді, орақ ауызды Үмбетей жырау бұл туралы кейіннен: *«Ей, Абылай, Абылай,.. Жиырма жасың толғанда, Қалмақпен соғыс болғанда, Алғашқы бақты тапқанда, Шарыштың басын қаққанда, Қанжығаға бас байлап, Жау қашты деп айғайлап, Абылайлап шапқанда...»*, деп, өз басы куәгер болуы әбден мүмкін шайқасты паш етсе; көмекей әулие Бұқар жырау Абылайдың дәуірлеп тұрған шағында оған қарата айтқан толғауында: *«Сен жиырма жасқа жеткен соң, Алтын тұғыр үстінде, Ақ сұңқар құстай түледің, Дәулет құсы қонды басыңа, Қыдыр келді қасыңа»*, деп, сол қатулы жылдар шындығын хан қаперіне қайыра салады...

\* \* \*

Әуелі Орта жүзді немере ағасы, өзі сияқты Салқам Жәңгір тұқымы, әйгілі Әз-Тәукенің баласы *Сәмекемен*, одан кейін Тәукенің немересі *Әбілмәмбетпен*, Ұзын оқты Ондан сұлтанның ұрпақтары *Көшек*, *Барақ* хандармен бөлісе басқарған Абылайдың (Әбілмансұрдың) беделі, қоластындағы ел ауқымы өзге туыстарымен салыстырғанда шағындау болса да, халық арасында жылдам өсті.

Ол сырт жауларға қарсы күресте батырлығымен қоса, бас сардарға лайық ақыл-қабілетімен, үш жүздің басын қосу ісінде ұйымдастырушылығымен, дипломатиялық алғырлығымен көзге түсті. Қазақ пен көршілес мемлекеттер арасында туған елінің тыныштығын діттеген қарым-қатынастар орнатуға мол еңбек сіңірді.

Абылай атағының тез көтерілуі, оның қасына еріп, жанына тірек болған қазақтың даңқты билері мен батырларының есімдерімен де тығыз байланысты. Олардың арасында қазақтың

Ұлық ханы Тәуке тұсында да мемлекет басқаруға араласқан атақты би – арғынның қаракесек руынан шыққан Қаз дауысты Қазыбек, бәсентийн руының әйгілі батыры Малайсары би, шақшақтан шыққан Жәнібек батыр, қанжығалы Бөгенбай, найманның қаракерей руынан Қабанбай, уақ Баян және басқа да саңлақ баһадүрлер Абылай даңқының өрлеуіне көп үлес қосты.

Абылай билік құрған заман – Қазақ Ордасына теріскейдегі көмейі кең көрші Ресейдің де көз сұғы кәдімгідей қадала бастаған қатерлі кезең. Соның алдындағы ғасырларда Сібір жақты Тынық мұхитқа дейін түгел жаулап алып, Еділ бойын ен жайлаған Қазан мен Хажығтархан хандықтарын қиратқан, Ноғай ордасын тутаалақай етіп ыдыратқан обыр пейіл империя, енді-енді ғана қазақ даласына сұғына енудің орайын іздестіруде болатын. Соның ілкі дайындықтарының бірі ретінде – ол Қазақстанмен шекаралас аймақтарда әскери-бекініс шептерін қаусыра құруды аяқтап та қалған еді.

Әріні ойлаған бұл әзірліктің ең әуелгісі – қазақ даласының батыс беткейіндегі Жайық өзенін бойлай салынған казак-орыс қамалдары, форпост мен редуттардан тұратын – Жайық шебінен басталған-ды. Одан шығысқа қарай Жоғарғы Жайық қамалынан басталып, Орынбор бекінісін қамти Үй өзенімен ұласа келіп Бағланға (Звериноголовскіге) дейін созылған екінші бөлігі – Үй шебін құрады. Он сегізінші ғасырдың орта шенінде бұл бекіністер тізбегі Жаңаөсіл шебі арқылы – Ертістің орта ағысында орналасқан орыс қамалдары жүйесінің төлбасысы, 1716 жылы ірге көтерген Омбыға дейін жетті. Бағлан қамалынан басталып, Омбыға дейін ұласқан бұл шепті кейде оның әртүрлі ащы көлдер арасын жалғай орналасуына байланысты Ащылыөзек (Горькая линия) деп те атайды. Ол бұған дейін шекаралық желісі жүйеленіп үлгерген шығыстағы Железинка, Кереку, Жәміш, Семей қамалдарын қамти, Өскеменде тұйықталатын Ертіс шебіне барып қосылды.

Қазақ жерінің теріскейі мен батысын орай, Жайықтың құйғанынан Өскеменге дейінгі қашықтықты аттың тағасы секілді қаусырып жатқан, жалпы ұзындығы үш жарым мың шақырымға созылатын бұл шекаралық бекіністер тізбегі патша өкіметінің жаңа жерлерді отарлауына қолайлы мүмкіндіктер әперді. Шептердің бойына казак-орыс әскерлері мен башқұрт жүздіктері

келіп қоныстанды. Станицалар мен шаруа слободкалары көптеп салына бастады. Оларға қазақтардың байырғы көші-қон жерлері кертiлiп берiлiп жатты.

Шекара маңында қазақтардың көшіп-қонуына тыйым салынған аймақтар пайда болды. Мәселен, қазақтардың енді орыс шекара шебі боп есептелетін Жайық, Ертіс өзендерінің оң жағалауына өтіп, байырғы өрістеріне мал жаюына, Елек, Үй, Тобыл, Есіл өзендерінің бойындағы шепке жақын құйқалы жайылымдарға қоныстануына рұқсат берілмеді. Бұл бір жағынан жалпы халық ғана емес, ел билеушілері арасында да біраз реніш тудырды. Алайда оларға орыс империясының қатаң отарлық саясатына көнбеске шама да жоқ еді...

Өйткені сол әскери бекіністер шебі салыну қолға алынардан аз жылдай бұрын ғана сыртқы жау шапқыншылығынан сақтануды және өз бастарының да мүдделерін басымырақ ойлаған бірқатар ел билеушілері, Ресейден көмек сұрағанды жөн деп тауып, орыс бодандығына еруге келісім берген болатын.

\* \* \*

Бұл мәселенің бір түп-төркіні – сол тұста қазақ хандары арасында өршіген бақталастық пен дұрдараздықтан туындаған себеп-салдарларға да барып тірелетін.

Яки, қазақтың бодандық қармаққа оп-оңай ілінуінің өзі – *хан әулеттерінің* билікке таласуынан ушыққан бақастықтың тікелей зардабына саятын.

Хан әулеттері дегенде, Қазақ Ордасын билеген тұлғалар шежіресінде ұлыстың алтын тағын бір жарым ғасырдай уақыт бойы жамбастарына басып келе жатқан Жәдік сұлтан ұрпақтарының орны бөлек екенін бағамдау қиын емес.

*Жәдік* – Қазақ Ордасының шаңырағын Керей ханмен қатар көтерген Кіші Жәнібек ханның тоғызыншы, кенже ұлы. Оның балаларының арасынан *Тоғым* мен *Шығай* сынды күллі қазақты билеген қос Ұлық хан бірдей шықты. Ал Шығайдан бермен қарай Ұлық хандық осы кіндіктен тарағандарға басыбайлы тұрақтап қалды. Алтын тақ Шығайдан соң оның баласы *Тәуекелге* ауысып, одан оның ұрпақтары: *Еңсегей бойлы Ер Есім – Салқам Жәңгір – Әз Тәуке* боп үзілместен жалғасты.

Қазақ Ордасын тура 35 жыл билеп, байтақ ұлысты аймақтық-әкімшілік бөлініс – жүздер арқылы басқаруға мән берген *Тәуке* баһадүр де әбден шау тартқан шағында, немере інісі, Кіші жүздің шығыс жағы мен сол өңірді мекендеген Орта жүздің бірқатар руларына билік жүргізген *Қайып* ханды бауырына тартып, ұлыс билігіне араластырды.

Сол жылдары Кіші жүздің батыс бөлігі руларының игі жақсылары өздерінің ханы етіп жариялаған жас *Әбілқайырды* да жүздердің тепе-теңдік мүддесін көздеп, Түркістандағы бас орданың билік жұмыстарына икемдеп баули бастады. Осы тұстағы құжаттарда *Қайып* пен *Әбілқайырдың* *Әз-Тәуке* қасында серік боп, ұлысты басқару істеріне бірлесе қатысып жүргені айтылады.

*Тәуке* 1716 жылға иек артар шамада дүниеден озғанда, ұлыстың Аға ханын сайлау құзыретін қолдарына ұстап отырған төбешілер дағдылы дәстүрді үзбестен, тікелей мирас иесі, *Тәукенің* әкесі *Салқам Жәңгірдің* інісі *Сырдақтың* *Қысырау* деген баласынан туған, әуелден ұлыс тағына жақын жүрген *Қайыпты* бірауыздан хан көтерді. Алайда сол кездің өзінде қартаң тартып қалған оның билігі ұзаққа созылмады. Үш жылдан кейін белгісіз жағдайда бақталастарының қолынан қаза тапты.

Қазақ Ордасының алтын тағына енді кім мінеді?

Сол тұста бұл атаққа үміткерлер қатарында – *Тәукенің* өзі әуелден бас тақ төңірегіндегі істерге баулыған, кейінгі жылдарда Аға хан *Қайыптың* қасында жүріп, жоңғарға қарсы жорықтарға бірге қатысқан, еділ қалмақтары, башқұрттар мен жайық орыс-казактарымен өткен қақтығыстарда шыңдалып, батырлығымен де аты шығып үлгерген Кіші жүз ханы *Әбілқайырдың* салмағы кәдімгідей басым байқалатын. Сондықтан да 1719 жылы ұлыстың игі жақсылары оны *Аға хан* ретінде («күллі ханларның ағасы қылыб») таныды.

*Әбілқайыр* ханға қатысты ғылыми айналымға кейінгі жылдары қосылған деректер осындай мәліметтерді алға тартады.

Ал бұл таңдаудың Қазақ Ордасының тағына бес ата бойы үздіксіз билік жүргізіп келе жатқан *Жәдік* әулетінен шыққан хандарға, сірә, жаға қоймайтын жағы да бар еді.

Өйткені *Әбілқайыр* бұған дейін *Ұлық хан* тағына мініп көрмеген *Өсеке* тұқымының өскіні болатын.

Былай қарағанда *Жәдік* пен *Өсекенің* қан жағынан бір-бірінен еш артықшылығы жоқ. Екеуі де Қазақ ұлысының керегесін көтерген қос арыстың бірі – есімін Алтын Орданың құдіретті билеушісі *Әз-Жәнібекпен* шатастырмас үшін қалың алаш жұрты *Кіші Жәнібек* деп атап кеткен ұлы ханның тай құлындай тебісіп, тете өскен, бір жатырдан өнген балалары.

Емшектес осы екеуінен тараған тұқымдар – жылдар өте келе, бір-бірімен *үлкен әулет, кіші әулет* деп бөлінетін дұрдараз қабак бақталастарға айналыпты.

Оның түп-төркіні – *Жәдіктің Тоғым* мен *Шығай* атты қос бірдей перзентінің қазақтың Ұлық ханы болғаны және содан бері де бас орда билігінің асыл текті Абайқан бегімнің алтын құрсағында жаратылған *Шығай* хан ұрпақтарынан айналып шықпай келе жатқан ақиқатына қатысты жайтқа саятын. Сол себепті де *Жәдіктен* тарағанның бәрі өздерін «мәртебелі тұқымнанбыз», «нұрдан жаралған үлкен әулет тізгіні бізде басыбайлы тұрақтаған» деп мардамсуға бейіл беретін.

Ал *Өсекенің* үрім-жұрағатына *Әбілқайырға* дейін ондай бақ еш бұйырған емес. *Өсекенің* бәйбішеден туған *Болат* атты ұлы өз балаларымен бірге ноғай соғысында шаһит болды да, кіші әйелінен өрген *Бөлекей-Қоян* тұқымдарына *әулет* ішіндегі жолдарының кішілігі әрдайым алдарын орап, аяқтарын тұсап жатты.

Қайта, бұл тұқымның ес жиып, етек жинай бастағаны *Әз-Тәуке* тұсында ғана.

Ұшқанда құс қанаты талар тым ұлан-байтақ ұлысты аумақтық бөлініс жүйесі арқылы басқаруды жөн көрген *Тәукенің* ұйғарымымен, Қазақ Ордасы – үш жүзге жіктелгенде, оларға жеке-жеке кіші хан сайлау қажеттілігі де өз-өзінен қатар туындаған еді.

Сол кезде ғана *Өсеке* ұрпақтарының қолдарына билік тие бастады. *Бөлекейден* тарайтын кезінде Ұлы жүзді билеген *Абдолла* ханның баласы *Әбілқайыр* *Кіші* жүзге хан сайланды.

*Әбілқайыр* *Қайыптан* кейін *Аға* хан ретінде танылып, сол мәртебесіне лайық 1719-1724 жылдар аралығында Қазақ ұлысының ордасы – Түркістанды ауық-ауық мекен еткенімен, *Жәдік* тұқымдары оны мойындауға аса құлықты бола қойған жоқ. «Біз шынжырбалақ, шұбартөс – Тоғым-Шығай әулетіненбіз, тегі

төмен Бөлекей-Қоян тұқымдары бізге билік айту үшін әуселесіне қарасын», дер еді олар.

Бұл тұста Орта жүздің бар билігі Жәдік тұқымдарының қолында болды. Орта жүз ханы *Болат Тәукеұлы* мен ол қаза тапқан 1724 жылдан кейін, мұрагерлік-інілік жолмен таққа отырған бауыры *Сәмеке*нің құзырына арғын, керей, қыпшақ, найманның біраз бөлігі қараса, Ұзын оқты Ондан сұлтанның ұрпағы *Көшек хан* найманның қалың садыры мен Талас-Арыс өзендері арасындағы руларға билік жүргізді. Сондай-ақ найманның көпшілігі мен арғынның қаракесегі, қоңыраттың едәуір бөлігі *Көшек ханның* інісі *Барақ* сұлтанның, арғынның біраз рулары Тәукенің Болаттан туған немересі *Әбілмәмбеттің* ықпалында болды. Қайып ханның ұлы *Батыр* сұлтан Орта жүздің батыс бөлігіндегі арғын-қыпшақпен бірге Кіші жүзге қарайтын шекті, шөмекейлерді де басқарды.

Шынтуайтына келгенде, Әбілқайырдың ығына жығылар адам, оның әкесі Абдолланың асырап алған баласы, өзінен бір жас қана үлкен – сол кезде Ұлы жүз тағында отырған *Жолбарыс* хан ғана. (Ол бір деректерде арғынның темеш руының белгілі биі Нұрқожаның немересі ретінде көрсетіледі. Туғанына үш-төрт күн болғанда Жолбарыстың шешесі мен әкесі аяқ астынан қайтыс болып кетіп, оны Абдолла ханның перзент көрмеген ханымы бауырына салыпты. Жолбарысты емізген соң оның емшегі иіп, көп кешікпей Әбілқайырға екіқабат болыпты. Жолбарыс содан былай сұлтан тұқымы ретінде танылып, Абдолла хан қайтыс болғаннан кейін үйсін Төле бидің қолдауымен оның орнына Ұлы жүз ханы болып сайланыпты делінеді). Алайда Жолбарыс хан билігінің аты бар да, заты жоқ, десе де болатын. Ақтабан-шұбырындыдан кейін үйсін жұрты негізінен жоңғар бодандығында қалып қойды да, өзгенің алдында жалтақ жағдайда күй кешкен Ұлы жүз ханының басқа әміршілерге ықпал етуге қауқары жете бермеді. Ташкент төңірегін ғана биледі.

1730 жылдың көктеміндегі Аңырақай шайқасында Әбілқайырдың бас сардарлығымен қазақ әскері Отан соғысындағы зор жеңіске иеленіп, оны әрі қарай өрістету ойластырылып жатқан тұста, әлгінде айтылғандай, Кіші жүз бен Орта жүздің батыс-теріскей беттегі қоныстарына башқұрт жасақтарының басып кіргені туралы суыт хабар да жеткен.

Бұл кезде жоңғарлардың да жайы мәз емес-тін. Қазақтан ойсырай жеңілгені аз болғандай, олар күнгей-шығыстағы ата жауы Мәншың (Чин) империясының кезекті шабуылына ұшырап, ол бетте де қиян-кескі соғыс жүріп жатты. Ойрат қонтайшысы Қалдан-Шерінге екі оттың ортасында қалған мүшкіл халден құтылу үшін, амалсыздан қазақ жағынан бітім сұрағаннан басқа амал да қалмаған.

Тегі жақын деп жүрген башқұрт жұрты етектен қауып, батыстағы қоныстарды басып алған осындай алмағайып шақта, аға хан Әбілқайыр мен Орта жүз билеушісі Сәмеке қазақтың би-батырларымен ақылдаса отырып, Жоңғар қонтайшысының ұсынысын қабыл алғанды, жедел түрде бейбіт келісім жасағанды мақұл көреді.

Екі жаққа да тиімді мәмілеге қол жетісімен, Әбілқайыр мен Сәмеке өз жасақтарын бастап, дереу башқұрттар шабуылына ұшыраған қазақ қоныстарын азат етуге аттанады.

Қазақтар мен ХҮІ ғасырдың орта тұсынан бері Ресейдің отарына айналған башқұрттар арасында жер үшін, жайылым үшін талас біраздан бар. Бірде басылып, бірде тұтанып, ауық-ауық қайталанып тұрады. Екі ел арасындағы қақтығыстар, әсіресе, башқұрттардың ХҮІІ ғасыр басында орыс отаршылдығына қарсы қарулы көтерілістерге шығып, жеңіліс тапқаннан кейін қазақ қоныстарына қарай аууы, сондай-ақ қазақтардың қалмақ шапқыншылығы мен ақтабан-шұбырынды жылдарында башқұрт жеріне үдере босуы барысында тым жиілеп кеткен болатын. Тарихи деректер башқұрттар орыстарға қарсы көтерілгенде, оларға әскери көмегін беріп жүрген доспейіл қазақтардың, енді бірде башқұрттарды шапқанын; қазақтармен бірге ортақ жайылымдарға қатар көшіп, өзара қыз алысып, қыз берісіп тату тірлік кешкен түбі туыс сол етек жұртының да өз кезегінде қазақ жеріне басқыншылық жорықтар жасағанын алға тартады. Кіші Жүз ханы боп сайланған жылдардың ар жақ, бер жағында Әбілқайырдың өзі де көпмыңдық қолмен екі-үш мәрте башқұрттарға қарсы аттаныпты.

Етек жұртының кейінгі жылдарда жасаған жорықтарында, олардың өздері бодан болып отырған Ресейге көбірек арқа сүйейтіні де байқалып қалатын. Ақ патша ұлықтары да оларды өз бағыныштыларымыз деп сырт жұрттардың тиісуінен қорғайтын



сыңай аңдатар еді. «Менің қол астымдағы елде не шаруаң бар», деген сыңайда, сыныққа сылтау іздеп, айбар көрсетуден қашпайды. ХҮІІ ғасырдың ортасында Ресей билігін мойындап, ақ патшаға ант берген Еділ қалмақтарының жағдайы да осы шамалас. Орыстың боданымын деп қазақтарға қарсы батыл-батыл қимылдайды. Әгәреки, қазақтардың қуаты басым түсіп, өздерін тықсырып бара жатқандай жағдайға душар болса, аржағынан аюдай ақырып шыға келетін қамқоршысын пана тұтуға үйреніп алған...

Қазақ ұлысы жоңғарлармен қиян-кескі соғысып жатқан қиын шақта, башқұрттардың, арқадан пышақ ұрғандай әсер қалдыратын осынау қарау әрекетінің аржағында, оларды сол шапқыншылықтарға түртпектеген арнайы зымиян пиғылдардың бар екендігін де жоққа шығаруға болмас. Ресей отаршыларының қазақтарды да қармағына түсіру үшін сан айла-тәсілдер қолданып, өз боданындағы башқұрттарды жымысқы арандатуларға айдап салуы әбден ықтимал...

Әбілқайыр мен Сәмеке жасақтары Аңырақайдан асыға қозғалып, Тобыл мен Жайық алабындағы шапқынға ұшыраған қазағына жедел түрде жәрдемге жетіп, башқұрттардың бетін қайырғанымен, естектер тарапынан со бойы жаулықты тоқтатар сыңай байқала қоймады. Екі жұрт арасындағы жер мен жайылым үшін дүрдараздықтың одан әрі шиеленісе, күрделілене беретіні аңғарылып қалды.

Бұл қиын түйінді қалай шешкен жөн?

1730 жылдың маусым айы шамасында Әбілқайырдың Ырғыз өзені бойындағы жазғы ордасында өткен, Кіші жүз бен сол аймаққа жақын жайғасқан Орта жүздің қыпшақ, арғын, уақ, керей руларының тізгін ұстарлары бас қосқан құрылтайда да осы сауалға жауап ізделген еді. Ел ағалары, билер мен батырлар, сұлтандар ақылдаса келе, естектермен бейбіт өмір сүру үшін олар бағынышты болып отырған орыс патшасына елші жіберіп, оған ***тату-тәтті көршілік қарым-қатынастар жасайық, одақтас болайық*** деген тілегімізді жеткізелік, башқұрттармен бітімге келуімізге, басқа халықтар тарапынан қазаққа зәбір жасалмауына көмектесуін, Жайық пен Тобыл бойларындағы жайылымдарға қазақтардың да шығып тұруына рұқсат беруін сұралық, деген уәжге бәтуаласады. Ол жұмысты атқару Әбілқайырға

тапсырылады.

Тарихи деректерде сол құрылтайдан кейін Әбілқайыр ордасына ханның ежелгі танысы, башқұрттың белгілі тарханы Алдарбай Есенгелдиннің де арнайы ат басын бұрғаны айтылады. Тархан бұл келісімде Әбілқайырға «қазақ-башқұрт арасындағы жер дауларын және соның негізінде туындаған өзара қарулы қақтығыстарды шешу үшін, Ресейдің қанатының астында болуға» кеңес береді. Әрі қуатты мемлекетке арқа сүйеу арқылы, жоңғар тырнағында қалған қазақ жерлерін де қайтарып алуларына болады, деген әңгімеге ұйытады.

Әбілқайыр осыдан кейін-ақ әңкі-тәңкі ойларға түскен еді. Басқа хандар бұған қалай қарайды, ел қалай қабылдайды, деген сыңайдағы сан-сапалақ сауалдарға қамалған. Оған қоса, Жәдік әулеті аса мойындағысы келмей жүрген аға хандық мәртебесінің жағдайы да бір бүйірін түртпектейтіндей. Егер сол хандық дәрежені патша арқылы бекітіп алса, қайтер еді, деген дәмеге де бейлі ауғандай ма, қалай өзі. Шіркін, сонда Жәдік тұқымдарының мысы бір басылып қалар еді-ау, деген қиялдарға да шомар...

Осындай іркес-тіркес ойларға бой алдырған хан, ақыры бейбіт келісімнен гөрі, ақ патшаның қамқорлығындағы ел болу туралы шешімге қисайғанды жөн деп табады. Қазақтың өзге билеушілермен ақылдасып жатуды да мақұл көрместен, Алдарбай тарханның кеңесі бойынша, 1730 жылғы жаздың соңында Ресей императорына керей Құтлымбет би мен шекті Сейітқұл батыр бастаған 11 адамнан тұратын елшілігін суыт аттандырады. Олармен бірге патша Анна Иоанқызына жолданған: *«Ұлұз бек мархаматлу император падишаһ ағзамнан сұрайтынымыз мынау»*, деп басталатын хатта: *..қарауымдағы Ұлы жүз бен Кіші жүздің қалың қазақ жұрты... сіздің саяңызда болып, сізге қарайтын Оралтау сыртындағы башқұрт халқымен тату өмір сүрмекпіз. Сізге бар жақсылықты тілейміз, Сіздің қамқорлығыңыздағы ел болғымыз келеді»*, деген өтінішін білдірген.

Соңғы сөйлем сол тұстағы қазақша ісқағаз үрдісінде жазылған түпнұсқада: **«йарашұлығыны тілэйміз сізнің йарлығыңыз бірлә ил болгаймыз»**, деп аяқталады. Осы сөйлемді тілмаштар орысшаға аударғанда: *«Желаем вам всякого*

*благополучия и будем вашими подданными»* деп тәржімалаған еді. Түпнұсқадағы *«йарлығыңыз бірлә ил болғаймыз»* («жарлығыңызбен ел болғаймыз»), яки *«жарлығыңыз /жоғары билігіңіз, қамқорлығыңыз/ саясындағы ел болғымыз келеді»* деген мағынаны білдіретін ұғымның, орысшаға тікелей *бағыныштылық, бодандық* түсінігіне жуықтата аударылғанын байқау қиын емес.

Сондай-ақ бұл хаттан, Әбілқайырдың қанша Аға ханмын десе де, Жәдік әулеті билеген Орта жүзді өз қарамағындағы жұрт қатарына қосуға бата қоймағаны да аңғарылады. Сөйтсе де, билігі тек Кіші жүзге ғана жүріп тұрғанымен шектелмей, сөзін салмақтандыру үшін, Ұлы жүзді қарауындағы ел ретінде қосып жазғанды теріс деп таппайды. Елшілері Құтлымбет пен Сейітқұл батыр да патшаға бара жатқан жолда, Үпі шәһарына аялдап, ондағы әскери кеңсеге аға хан атынан ұсынған мәлімдемелерінде Ташкенттің билеушісі Жолбарыс ханды Әбілқайырдың бауыры деп ұғындырады.

Бүкіл Азия елдеріне жол ашатын қақпа іспеттес қазақ жерін дәрегейіме қалай қаратсам деп, талайдан неше түрлі айла-тәсілдерді ойластырып жүрген орыс патшалығы үшін бұл нағыз батпан құйрық, іздегенге – сұрағанның тап өзі болатын. Хаттың орысшасына «бодан боламыз» деп аударылып кеткен сөз, отаршыл ұлықтар үшін тапжылтпас желеуге айналған.

Келесі, 1731 жылдың ақпан айының өзінде-ақ Ресей билеушісі Анна Иоанқызы *«қазақ халқының ханы Әбілқайырды, барлық ел ағалары мен жұртын... бодандыққа қабылдағаны»* туралы пәрменге қол қойды. (Патша жарлығында Әбілқайыр әуелден көкसेгендей, оны *«қазақ халқының ханы»* деп атап, Жәдік әулеті мойындай бермейтін мәртебесіне де мән берілді).

Сол жылдың қазанында Ресей Сыртқы істер алқасының сенімді өкілі, парсы, шағатай, татар, башқұрт, қазақ, өзбек, қалмақ және бірнеше еуропалық тілдерді білетін тісқаққан саясаткер, Бірінші Петр патшаның замандасы, Хан-Кермен (Қасым) хандығы мырзаларының тұқымы Құтлымұхаммед

Мәмешұлы Тәуекел<sup>1</sup> бастаған қарымта елшілік Әбілқайырдың Ырғыз бойындағы Майтөбе мекенінде тіккен ордасына едел-жедел жетіп, хан мен оның төңірегіндегілерден орыс императрицасының құзырына қарағаны туралы ант қабылдау шаруасын атқаруға кіріседі.

Сөйтсе, бұл жақтағы мәселе Әбілқайыр уәде бергендей емес екен. Орыс қарамағына кіруге қарсылар көп болып шықты. Оны Тевкелев, әсіресе, орыс елшісінің келу себебіне байланысты, хан ордасында өткен жиында, билер мен батырлар, ел ағаларынан: «біз орысқа бағынамыз, басыбайлы боламыз, бөтеннің босағасына байланамыз, деп уәде берген емеспіз, ол Әбілқайырдың өзінің шығарып жүргені, біз оған орыспен тату-тәтті тұрайық, одақтас болайық, деп елші жіберуді ғана тапсырмамыз», деген зілді сөздерден кейін анық байқады. Әбілқайыр да патша ағзамнан келген елші алдында, «мен қамқор болуды ғана сұраған едім» деп ақтала алмады. Біраздан бері ойы сан-саққа жүгіріп, елші келгелі бері, орысқа бағыну арқылы өзінің қарауындағы халқына толық билік жүргізе алмай жүрген мүшкілдеу халін жөндеуге, Жәдік әулетімен арадағы талай жылғы бақталастық шарпысуында мерейін үстемдетіп, хандық мәртебесін биіктетуге болатындығын андап қалған ол, ордадағы сол жиында шынайы мүддесін ақтара салды. *«Менің хан деген атым ғана... қорғанышым жоқ, сондықтан құдіреті күшті ұлық ағзамның қарамағына кіргім келді, көрінгенге қолжаулық болғанша, солардың қолынан өлгенім жақсы»*, деп ағынан жарылды.

Бұдан кейін Құтлымұхаммед мырзаға орыс бодандығына кіруге қарсылық білдірген Кіші жүздің кей ел ағаларына әртүрлі сый-сияпат, тарту-таралғылар үлестіре жүріп олардың бетін бері қарату қиынға түсе қойған жоқ. Әліптің артын баға жүріп, өзіне жүктелген, Ресей бодандығына кіру туралы ант алу міндетін,

---

<sup>1</sup> Алексей Иванович Тевкелев - Орыстың әулеттік шежірелерінде Қасым хандығының мырзасы Оразәлі (орыс деректерінде Уразлей) Тәуекелдің тұқымы делінеді. Оразаәліден - Оразмұхаммед мырза, одан Дәулетмұхаммед мырза, одан - Мәмеш мырза, Мәмештен - 80 жасында генерал-майор атанған осы Құтлымұхаммед Тәуекел (1674 - 1766) мырза.

тастүйін етіп орындады...

Қазақ жерін отарлауды заңдастыру амалы осылайша басталып кеткен еді.

Әбілқайырдың бұл шешімі Жәдік әулетінен шыққан хандарға аса ұнай қоймағаны белгілі. Олар мұны Кіші жүз билеушісінің өз мүддесін ғана ойлауынан туған қадам деп қабылдады. Екі әулет арасындағы бақталастық қайтадан өршіп, ол Қазақ ұлысында кезекті бытыраңқылық жағдайдың орнауына алып келді. Аңырақайдағы жеңістен кейін еңсесі көтерілген ел тағы да жеке-жеке *«келте хандар»* иеліктеріне бөліну ауанына көше бастады.

Орыстардан қолдау тауып, хандық мәртебесін бөгде жұрт тарапынан қосымша түрде биіктеткенімен, Әбілқайырдың күллі қазақтың басын бір жұмырық қылып ұйыстыруға қауқары жетпеді. Халық алдында өз лауазымын толығымен мойындата алмады.

Қазақ жерін қол астына қайта қаратудан күдер үзбеген Жоңғар хандығы алаш жұртының бастары жуыспай тұрған осы ахуалды өздерінің кезекті басқыншылық жорықтары үшін тиімді пайдалана білді. 1735 жылы ойраттар Ұлы жүз бен оған іргелес ортаазиялық хандықтардың теріскей өңірлерін тағы да басып алып, ел-жұртын алым-салық төлеп тұруға мәжбүр етті. Орта жүздің жерлеріне де ауық-ауық жорықтар жасады. Шапқыншылықтар әсіресе 1739 жылы ерекше өршіді. Ойраттар екі тұстан бірдей: солтүстікте – Ертіс пен Тобыл арасындағы елге, оңтүстікте – Сырдария бағытына қарай жойқын жорықтар жасап, қалың алашты тағы да босқыншылыққа ұшыратты. Үріккен жұрт ақтабан-шұбырынды кезіндегідей, мал-мүлкін, атамекен қонысын тастай, бас сауғалап Жайық пен Орға қарай жөңкілді. Қазақ қолдары қорғану, ығыса соғысу тәсілдерін қолданып, ауық-ауық қарсы ұрыстарға да шығып, жаудың бетін қайыратын шайқастар өткізіп тұрғанымен, басым жеңістерге жете алмады.

Бұл кезде, Орта жүз билігі, 1738 жылы Сәмеке дүниеден озғаннан кейін хан сайланған Әбілмәмбет ханның қолында еді. Оның жанында айнымас жақын інісі, жаумен өткен әртүрлі шайқастарда батырлығымен, қолбасшылығымен де танылу арқылы халық алдында беделі күннен-күнге өсіп келе жатқан

Абылай сұлтан тізе қосып, қатар ел басқарысуға белсене қатысып жүрді. Әдетте Әбілмәмбет те әр мәселені онымен ақылдасып барып шешкенді жөн көреді.

Жоңғардың кезекті жойқын шапқыншылықтарына байланысты ұлыс басына түскен ауыр зұлмат Орта жүз билеушілерін де тығырыққа тіреген. Халықты мына төтен апаттан қалай құтқару керек деген сауалға жауап іздеу барысында, олар амал жоқ, осыдан он жылдай бұрын Әбілқайыр бет бұрған, ол қайта-қайта үгіттеп, талмай насихаттап жүрген ауыр жолға түсуге мәжбүр болады. Кіші жүз жұрты сияқты орыс патшасы қанатының астынан қорғаныш іздегенді, соның демеуіне сүйенгенді жөн деп табады.

Орта жүз басшылары осындай қиын шақта, бір жағынан, Ресей қамқорлығында болу арқылы, ежелгі жау қатерінен сақтанумен қатар, қуатты көршіден әскери көмек алып, жоңғар басып алған қазақ жерлерін азат етуді де жүзеге асырармыз деп ойлаған. Сол себепті де жау шапқыншылығы ерекше күшейіп кеткен 1740 жылдың тамыз айында Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан Орынбор қамалына келіп, өз қарауымыздағы жұртымызбен Ресей қарамағына өтеміз деген тілектерін білдіреді.

Бұл қадам жоңғар жағының шапқыншылық жорықтарын азайтуға кәдімгідей септігін тигізгендей де көрінген. Тарихи деректерде сол тұста Сібір губернаторы П. Бутурлинмен кездескен ойрат елшілігі басшыларының орыс бодандығына өткен қазақтарды өздерінің шаппайтыны жөнінде мағлұм еткені жөнінде де айтылады.

Алайда бұл саябыр ұзаққа бармайды. Ұзын оқты Ондан сұлтанның тұқымы Барақтың қазақ даласын паналап жүрген башқұрт батыры Қарасақалмен бірігіп, Жоңғар жеріне шабуыл жасауы ойраттарды қайта өшіктіріп жіберді. Қарасақал – орыс отарлауына қарсы башқұрттар көтерілісін бастаған, ол күресі жеңіліске ұшырағаннан кейін қазақ арасын сауғалап, өз басын жоңғар қонтайшысы Себен-Рабданның қаза тапқан інісі Шоно-Лоузанмын деп жариялаған (қазақтар оны Сына батыр дейді), түп-тегі мәлімсіздеу адам. (Шоқан кейіннен «Шона батыр» атты мақаласында оны ХҮІІІ ғасыр арандатушысы, деп атайды. Қарасақал Орта жүз билеушілерінен «өзіне тиесілі» деп есептейтін ойрат тағын алып беруге көмек сұрай жүріп, Қазыбек

би мен Қабанбай батыр қасынан да пана табады). Жоңғар жағы «жер астынан жік шыққан, екі құлағы тік шыққан» мұндай қонтайшы тағына таласушы, әрі өздеріне айбар шегіп, шапқыншылық жасаған сорақылыққа, сірә, көне қойсын ба? 1741 жылдың ақпанында қазақтардан өш алу және бір жағынан ойрат халқын соңынан ертіп кету мүмкіндігі қауіптендіретін Қарасақалды ұстау үшін Септен тайшы және Қалдан Шеріннің үлкен ұлы Лама Доржы бастаған 30 мың әскер Орта жүз жеріне лап қойған.

Бұл шапқыншылық та қазақтарға аса ауыр тиді. Сөйтсе де Абылайдың бас қолбасшылығымен ұйысқан қазақ әскері жауға қарсы тұра алатын тойтарыс қимылдармен танылып, ойраттардың оң қанатын ойсырата жеңді. Сол тұста Олжабай батыр бастаған жасақтың Жоңғар жеріне сұғына еніп, Септен тайшының ұлысын талқандап қайтқаны да тарихи деректерде жазылып қалған.

Септен тайшы әскері Есіл алабын басып алған кезде, екі жүздей ғана адаммен Шідерті өзенінің маңында шолғында жүрген Абылай кенеттен қалың жау жасағына кезігіп қалады. Шайқасқанмен күш тең емес. Қолға түсіп, әйгілі тұтқын ретінде Қалдан Шерін ордасына жіберіледі...

Бұл шақ – екі ел соғысының да аумалы-төкпелі боп қалған кезі. Біресе қазақ, біресе ойрат басым түсіп жатады. Алайда қазақ жағында, ана жылғы Аңырақайдағыдай, басқыншыны түре қуып тастайтын жұмған жұмырықтай жойқын күш жоқ. Орыс жағының да өз боданы болған халыққа көмектесіп жатқаны шамалы. Сырттай бақылайды. «Қай жеңгенің – менікіге» бейіл. Әбілмәмбет пен Абылайдың орыстан әскери көмек, қару-жарақ алып, жау қолында қалған елімізді азат етеміз, деген үміті ақталмайды. Айлалы торға өздері барып түскенін сезіп, бармақтарын тістейді. Бірақ, енді бәрі кеш еді.

Сол себепті де қазақ хандары өздері тарапынан жоңғарларға бейбіт мәмілеге келу мәселесін ұсына бастайды. Жоңғар билеушісін де өздері үшін айқын жеңіске жету жағы күмәнділеу боп қалған бұл соғыстың түпкі нәтижесінің қай бағытқа өрбитіні де кәдімгідей алаңдататын. Әрі ар жақтарындағы Мәншың империясының соңғы кездегі кей әрекеттері де көңілді күпті етіп жүр. Сары айдаһардың араны шындап ашылса, саны аз дүрбін-

ойраттың батыста да, шығыста да қатар майдан жүргізуге шамасы жетер ме?

Қалдан Шерін Қазақ ұлысының келісім жөніндегі ұсынысына әуелі бірден құлай кетпей, бірқатар алым-салық алып тұратын шарттарды талап еткенімен, қазақ жағының оған көнбейтін райын байқағаннан кейін, ақыр соңында бір-бірінің сауда-саттық керуендеріне тосқауыл қоймау, шабуыл жасаспау жөніндегі мәмілелер төңірегінде ғана уағдаласты. Бір жарым жылдан астам уақытқа созылған, қазақ жағынан уақ Ақшора би белсене араласқан осы келіссөздердің нәтижесінде, 1743 жылдың көктемінде екі жақ өзара бейбіт шартты бекітеді. Қалдан Шеріннің ордасында сол келісімнің жасалуына Абылай да араласып, оған Орта жүз билеушілерінің атынан өзі қол қояды. Сол келісімге сәйкес өзі де қонтайшы тұтқынынан босап, елге қайтады.

Қалдан Шерін өз қолында Абылай аманат болған кезде, оның алғырлығы мен қабілетін, ақыл-парасатын ерекше таниды. Оны Қазақ Ордасының болашақ әміршісі ретінде қапысыз бағалайды. Деректерде қонтайшының тұтқыннан еліне қайтып бара жатқан Абылайға өз қызы – торғауыт ханы Аюкеге жиен немере боп келетін Топышты неше түрлі қымбат жасау-жабдығымен жар етіп қосқаны, алтынмен зерленген отау үй, оқалы шапан, жинамалы темір шатыр, берен сауыт, ж. т. б. қымбат сый-сияпаттар жасағаны, үлкен құрметпен аттандырып салғаны айтылады.

Орта жүз билеушілері мен Жоңғар хандығы арасында бекіген бұл келісім және соған сәйкес орныққан қарым-қатынастарды өз тағдырын өздері шеше алатын елдерге тән атқарылған шаруа қатарында санауға болады. Осы реттен алғанда да Әбілмәмбет пен Абылайдың орыс қарамағына мәжбүрлікпен өтуінің қауқары өз-өзінен төмендер еді. Ресей жағының екі ұлыс арасында жүріп жатқан бұл келіссөздерге алаңдап, қазақ билеушілеріне: «біздің қанатымыз астындағы ел екендіктеріңізді ұмытпаңдар, жоңғармен тікелей мәміле жасамаңдар, ол патша ағзамның мүддесіне нұқсан келтіреді», деп талай ескерткеніне қарамастан, олар орыстан шын қайран жоқтығын тез байыптап, сол тұстағы ең дұрыс шешімді – қонтайшымен бейбіт келісімге бару арқылы қатерден құтылу жолын таңдаған еді.



Жоңғар хандығы тарапынан да бұл мәміленің уақытша жасалуы әбден мүмкін. Олар болашақта қазақ жерін, реті келгенде қайтып басып алармыз деп ойлаған да шығар. Алайда бұдан кейінгі жылдарда олар өз бастарымен қайғы боп кеткен зобалаң жағдайларға ұшырайды.

1745 жылы Қалдан Шерін алты күн ғана ауырып көз жұмғаннан кейін, хандықта одан қалған тақ үшін қиян-кескі қырқыс өрістейді. Әуелі таққа Қалданның ортаншы ұлы Себен Доржи отырғанымен, үш жарым жылдан кейін оны өзінің ағасы (әкесінің заңсыз әйелінен туған) Лама Доржи қастандық жасап, биліктен тайдырады. Бұдан кейін Лама Доржиге Қалдан Шеріннің немере інісі Дабашы мен Әмірсана қарсы шығады. Ірі ойрат феодалдарының осы алауыздығын Абылайдың да ел мүддесі үшін тиімді пайдаланғандығын, Жоңғар мемлекетін әлсірету арқылы, оңтүстік пен Жетісудағы әлі де ойратқа бағынышты боп отырған қазақ қоныстарын азат ету жолдарын қарастырғанын көреміз.

Осы мақсатпен ол әуелі қонтайшылықтан үміткер Дабашы мен Әмірсананы өз ордасында паналатып, олардың билікке деген таласын сөзбен де, іспен де қолдап, қуаттап отырды. Алайда «екі қошқардың басы бір қазанға сыймайтыны» және бар. Ойраттардың алғашқы қонтайшысы Батұрдың ұрпағы Дабашы мақсаты орындалып, Жоңғарияға әмірші болғаннан кейін, өзіне көп еңбегі сіңген Әмірсананы шеттете бастайды. Бұған Әмірсана шарт кетіп, Дауашыға қарсы шабады. Осындай шақта Абылай да Әмірсанаға әскери көмек беруден тартынбайды. Ақыры ойрат көсемдерінің арасындағы осы қырық пышақ араздық Жоңғарияны да әбден әлсіретіп тынған еді.

Бұл жағдайды сол тұста Қытайды билеп тұрған мәнжу әулеті де тап басып аңғара білді. Олар әуелі Әмірсананың көтерілісін қолдаймын деген сылтаумен 1755 жылы Жоңғарияға басып кіріп, оны өзіне бағынышты бірнеше ұлыстарға бөліп жіберді. Алданғанын сонда ғана білген Әмірсана енді халықты Мәншың империясы басқыншыларына қарсы өзі бастап шығады. Алайда сары айдаһардың бетін қайтару қиын еді. Қытай жағы 1756-57 жылдары тоқсан мың әскермен қатарынан екі рет жойқын шабуыл жасап, ойраттарды қырып жібереді, тірі қалғандарын құлдыққа, күндікке әкетеді. Әмірсана жанына ерген

азғана адаммен аман құтылып, Семейге жетеді. Сол жерде орыс патшалығынан пана сұрайды. Жергілікті әкімшілік оны Тобылға аттандырады. Сонда шамалы ғана күн кешіп, 1757 жылдың күзінде, отыз бес жасында төтенше тиген шешектен көз жұмады.

Басында тақ үшін басталған талас ушыға келе, ақыр соңында содан оншақты жылдар бұрын ғана маңайына ызғар шашып тұрған ірі хандықты, қабырғалы мемлекетті жер бетінен мүлдем жоқ етіп жіберді. Мәншың билігі мұнымен де тоқтамай, 1758 жылы Шығыс Түркістанның оңтүстік-батысындағы Алтышәрді басып алды.

Қазақ халқы да осындай кепке душар болуы ықтимал еді. Әрі бұған қауіп те жоқ емес-тін. Чиң империясының әскерлері сол жылдары қазақ жеріне де көз сұғын қадап-қадап қоятын. Алайда Абылай мұндайда қытайларға «егер сіздер біздің жерімізге көз тігетін болсаңыздар, біз Ресей жағынан көмек сұраймыз, өйткені біз ақ патшаның қоластындамыз» деген сыңайдағы мәлімдемелер жасар еді.

Осы тұста біз тағы да Абылайдың қолынан келгенінше айла-тәсіл жасап баққанына куә боламыз. Өзі Ресей қарамағындамыз дей тұра, ол 1757 жылы Мәншың еженханына елші жіберіп, сіздің мейір-шапағатыңыздың аясында болғымыз келеді, деген тілегін білдіреді. Осы пейілі үшін Аспанасты патшасынан ұлы кінәз атағын, көптеген тарту-таралғы да алады. Ал Абылайдың бұл алдағыны ойлаған саясатының аржағында жоңғардан босап қалған қоныстарға қазақты ақырын-ақырын көшіріп әкеле беру ниеті жатыр еді. Сол ғасырдың алпысыншы жылдарының соңында ол бұл арманына да шамалап қол жеткізеді. Қытай жағы қазақтарға Тарбағатайдың шығыс беті мен Іленің бас жағында көшіп жүруге рұқсат береді.

Бір жағы, ел-жұртымен қол астына енгені үшін кесімді жалақы, біраз астық алып тұратын Ресей боданындағы хан бола тұра, екінші жағы, Мәншың еженханының сенімді кінәзі атанып, екі иықты көршінің көңілін таба білген Абылай саясатының мәні тереңде. Талай жыл бойғы зобалаң соғыстар, қырғын шапқыншылықтардан кейін өзінің ата қоныстарын енді-енді қайтара бастаған қазақ еліне, ес жиып, етек жинау үшін ең алдымен керегі – тыныштық екенін ол жақсы ұқты.

Бұл тұста Абылай Орта жүздің ең беделді билеушісіне

айналып та үлгерген. Әуелі Көкшетау төңірегіндегі атығай-қарауыл руының басшысы ретінде ғана белгілі ол, аз жылда беделімен, ақылымен, батырлығымен ел аузына, шет жұрттар назарына ілікті. Орта жүз ханы Әбілмәмбет жоңғар қауіпі түгесілген соң, көбінде Түркістанды мекен етуге көшкен. Әрі 1748 жылы Әбілқайыр хан Барақ сұлтанның қолынан қаза тапқаннан кейін қазақтың *Аға ханы* деген мәртебе өзіне ауысқан. Оның бетке шығар балалары: Болат – алтай-куандықты, Әбілпейіз – найманның қаракерейін билегенімен (Барақ сұлтан 1752 жылы қайтыс болып кеткен), дүйім ел Орта жүздің бас ханы деп Абылайды тани бастаған.

Бұл орыс пен қытай жағына да белгілі. Екеуі тарапынан да Абылайды Орта жүз ханы сайласақ қайтеді, деген ниет те жоқ емес. Екі жағы да оған оңашалап, «осындай ойлары бар екенін» білдіргенде, Абылайдың: «Бұл жөнінде Әбілмәмбетпен ақылдасу керек, оны әкемдей сыйлаймын, сондықтан бұл ұсынысты қабылдай алмаймын» деп бас тартқаны тарихи деректерде жазылып қалған.

Абылай сұлтанның тікелей араласуы арқасында, Қытаймен бейбіт қатар өмір сүру жолға қойылып, шығыстағы, оңтүстіктегі, Жетісудағы қазақ жерлері қайтарыла бастағаннан кейін, оның баһадүрлік беделі мен абыройы Орта жүзде ғана емес, Ұлы жүзде де, ішінара, Әбілқайыр хан қазаға ұшырағаннан кейін, хандық биліктің мәнісі кете бастаған Кіші жүзде де ерекше нығайды. Аға хан Әбілмәмбет те Абылайға айрықша сенеді. Бұрынғыдай онсыз бірде-бір елеулі шешім қабылдамайды. Немесе «өзің біл» деп, бар істі соған тапсыра салады. Іс жүзінде ұлыс басшысы сол десе де болады.

Осы себепті де 1771 жыл Әбілмәмбет көз жұмған шақта қазақтың Ұлық тағына Абылайдан басқа лайық адам бар деп ешкім айта алмаған.

Сол жылы көк күмбезді Түркістанда үш арыстың игі жақсылары оны ақ киізге салып, Қазақ Ордасының ханы етіп көтерген кезде, Абылайды мадақтаған үндерден күллі Қаратау жаңғырықты... Қошаметші қауым содан кейін ханды қақпақыл қылған өре киіз бен үстіне жамылған су жаңа оқа шапанды тәбәрік ретінде жапырақ-жапырақ етіп бөліп әкетті. Қазақтың үлкен тағына отырған адамға деген ел марапатының ең үлкен

белгісі де осы еді.

Әзірет Сұлтан күмбезі аясында хан сайланғаннан кейін мерейі өскен Абылай қалың әскерімен Ташкент пен Хожентке қарай жорыққа аттанып, жоңғар шапқыншылығы мен қытай еженханымен аңдысқан аласапыран кездерде айырылып қалған түстіктегі байырғы қазақ қоныстарын азат етті. Өне бір жылдары қазаққа сес танытқан қырғыздарды Іледен әрі қуып, Күнгеі Алатаудан асырып тастады.

Абылайдың осындай айбынды жорықтарынан кейін қазақ ұлыстарының қарамағындағы жер көлемі: шығысында – Ертіске, батысында – Жайық, күнгеінде – Ташкент, теріскеінде – Омбыға дейінгі байтақ өңірді алып жатты. Ол шын мәнінде біртұтас Қазақ Ордасының ханы ретінде танылды.

\* \* \*

Үш арыстың игі жақсылары өзін бүкіл қазақтың ханы етіп көтергеннен кейін, мерейі өскен Абылайдың бір сәт Ресеймен арадағы мәмілелерден бұлтарғысы келетін ойы да жоқ емес. Оған жаңа сайланған хан ретінде патша ағзамға да ант беру қажет екендігі ұсынылғанда, бірден құлдық ұрып құлай кетпейді. «Мені хан етіп халықтың өзі көтерді, басқаға неге ант беремін», деп түсіндірер еді ол бұл әрекетін.

Абылайдың хан сайланғаннан кейінгі бұл құлықсыздығы орыс билігінің де күмәнін тудырғандай. Оның атына Ресей патшасы II Екатерина тарапынан жазылған хатта: *«Мұныңыз қалай? Сіз ең алдымен бөтен ойыңыздан қайтып, хандық мәртебеңізді патша ағзамның атынан бекіттіріп алғаныңыз жөн. Өйтпесеңіз, жоғарғы лауазымға ие бола алмайсыз...»*, деген сыңайдағы ескерту айтылады.

Осыдан соң ғана Қазақ Ордасының ханы алты жылдан кейін, 1777 жылы, баласы Тоғым сұлтанды жанына біраз адам қосып, патша сарайына елшілікке жібереді.

Абылай елшілік арқылы Екінші Екатеринаға өзін бүкіл үш жүздің ханы етіп бекітуін, сондай-ақ қарамағына шекаралық шептерден біраз орыс әскерін беруді сұраған. Императрица айбынды ханнан келген елшілерді қадірлеп қарсы алып, үлкен сый-сияпаттармен шығарып салды. Бірақ қатын патша

Абылайдың өзі айтқандай, оны бүкіл қазақтың бас иесі емес, тек Орта жүздің ханы етіп қана бекіткен еді.

Төңірегіндегі ұлыстар түгел мойындаған өрмінез ханның қолына жалпақ даланың билігін тұтас беріп қою – орыс мемлекетінің ішкі есебіне үйлесе қоймайтын. Және орыс билеушілері мұны өз әкімшіліктері арасында жазылған құпия қатынас қағаздарында «біздің шекарамыздың тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін қазақтардың бір ғана ханның билігіне бағынбағаны жөн» екендігін атап көрсетіп отыратын.

Патша ағзамның өзін үш жүздің ханы ретінде бекітпеуінің астарында не жатқаны Абылайға да жақсы мәлім. Сондықтан да ол бұдан былай теріскейдегі көршіге көп сене бермегенді мақұл көргендей рай танытады. Ол патшаға ант беруден, өзіне Петербордан арнайы жіберілген Орта жүз ханы лауазымына бекіткен императорлық мөр басылған грамота, аты жазылған қылыш, бұлғын ішік пен қара сусар бөрікті алудан бас тартады. Орынбор губернаторы оларды салтанатты ант беру, хан көтеру рәсімі кезінде тапсырғысы келіп, қанша шақырса да бармай қояды. Неше түрлі сылтау айтып қашқақтайды. Тіпті сол ант беру салтанатын 1779 жылдың жазында хан ордасына үш-ақ күншілік жердегі Қызылжар бекінісіне әкеліп өткізбек болғанда да, өр басын иіп, оған арнайы баруды ар көреді.

Сонда да іштегі ренішін Орынбор губернаторы И. Рейнсдорпқа ашық білдірмей, бипаздап ғана сылтау айтқан хат жолдайды. *«Менің қол астыма Ұлы жүз бен Кіші жүз де қарайды. Ұлы жүз аймағында менің қарауымдағы қазақтармен соғысып, тынышын алып жүрген қырғыздар да баршылық. Олар қарулы қолмен қазақ ауылдарын шауып, әйелдері мен балаларын тартып әкетіп отырады. Сол халқым менен көмек сұрап жалынған соң, мен осыдан біраз бұрын өз ұлдарым мен інілерімді қастарына кісі қосып аттандырған едім. Енді міне, солардың соңынан Түркістан жаққа өзім де барайын деп отырмын... Оның үстіне Бұхара ханы менімен құда болмаққа жиырма төрт түйеге кәдесін артып, оған сегіз арғымақ қосып кісі жіберіпті. Хабаршылардың алды келіп кетті, құдаларымды күтіп отырмын»,* дейді.

Байқаған адамға, Абылайдың орыс билеушілеріне жазған хатынан: «Мен сіздер бекіткендей, Орта жүз ғана емес, бүкіл

қазақтың ханымын. Әні, Бұхара әмірі де менімен санасып отыр» дегенді білдіретін, өзін терезесі тең айбынды ел басшысы ретінде танытатын сөз ауанын байқау қиын емес.

Оның осы жауабы мен кейінгі кездегі мінез көрсетулері Ресей жағына кәдімгідей қобалжу да туғызғандай. Сол тұстағы деректерде орыстың билік орындары тарапынан «Абылайдың ант беруден қашқақтауы бекер емес, ол патша ағзамның қол астынан мүлдем шығып кеткісі келіп жүрген болуы керек, сондықтан да оған беріліп келген жалақыны тоқтатып, оның беделін түсіру үшін Орта жүз ішінде «бақталас» біреу тауып, соны қолпаштап отырған жөн», деген сынайдағы әңгімелер де көтеріле бастайды.

Алайда бұл кезде өз қарамағындағы жерлерді балалары мен туыстарына бөліп-бөліп берген Абылай, әлгінде өзі айтқандай, Түркістандағы Бас ордада көбірек мекен етуді жөн көреді. Сол көк күмбезді көне астанада Ұлық хан ретінде біржола тұрақтап қалуға бел буады.

Әйткенмен, арада бір жарым жылдан астам уақыт өткенде, денсаулығы төтеннен сыр беріп, ажал жастығына қисайды. Қазақ Ордасын қайта көтеріп, іргесін бүтіндеп, қуатты мемлекетке айналдыруға өлшеусіз үлес қосқан, данагөй Бұқар жырау айтқандай, «халқына қайғысыз ұйқы ұйықтатқан» баһадүр хан дүниеден озды.

## 2. Уәли

Абылайдың он екі әйелі, отыз ұлы, қырық қызы болған еді.

Қазақ Ордасы билеушісінің тағына хан ұрпақтары, билер мен сұлтандар құрметтеп отырғызған Уәлиге де, әкенің айбынды ісін әрі қарай жалғастырады деген сенім артылды. Ол да өзін әуелде әкесі сияқты Қазақ ұлысының ханы ретінде сезінеді. Ресей патшасы II Екатеринаға жолдаған хатында да бүкіл Қазақ Ордасының игі жақсылары маған әкем ұстаған билік тізгінін тапсырды, сондықтан да Абылай ханның дәрежесін маған бекітіп беруіңізді сұраймын, деген тілегін жеткізеді.

Алайда Уәлидің хатына да ана жолы дәл Абылайға қайтарылғандай жауап келді. Оны Орта жүздің ханы етіп ғана бекітеді. Орыс деректерінде Уәли әкесі сияқты тәкаппар, өр

мінезді екен деп сипатталса да, ол тек Орта жүз ханының лауазымын ғана беріпсің, деп тепсіне қойған жоқ. Әкесі осыдан үш жылдай бұрын ғана қасқайып бармай қойған Қызылжарға, жанына ерген ел ағаларымен бірге шерулете жетіп, орыс ұлықтары алдында тізесін бүгіп, патша ағзамға адал қызмет ету жөнінде ант берді.

Орыс деректерінде 1882 жылдың қазанында сол ант беру салтанатының қалай өткені де хатқа түсіпті.

Есіл өзенінің кілт бұрылар тұсындағы қазақтардың ежелгі Қызылжар қонысының орнында бой көтерген Қасиетті Петр қамалында өткен бұл рәсімге қатысу үшін Сібір мен Үпінің генерал-губернаторы, генерал-поручик И. Якоби, Сібір шебі әскерлерінің қолбасшысы, генерал-поручик Н. Агарев арнайы келді. Орыс жағының хан сайлау рәсімін есте қаларлықтай деңгейде өткізуге тырысқаны анық байқалған... Әуелі Уәлидің осы салтанатқа орай қамал маңына жақын келіп тіккен ордасына алты сәйгүлік жеккен әсем күйме арнайы барып, драгун атты әскерлерінің құрметті қарауылы бастай жүріп, мәртебелі ханды қамалға қошеметтеп алып келді. Уәли өзіне ерген сұлтандармен, ел ағаларымен бекініс ішіне кіре берген кезде, зеңбіректен бес мәрте оқ атылып, қаз-қатар тізілген әскерлер мылтықтарын иықтарына қалт көтеріп, құрметтеу рәсімін танытты. Барабандар қағылып, кернейлер дабыл бебеулетті.

Генерал-поручик Якобидің өзі күймеден түскен Уәлиді алдынан шығып, құрметпен қарсылады. Ставка үйіне кіріп, аз-кем амандық-саулық рәсімдері жасалғаннан кейін, олар сыртқа қайта беттеп, осы салтанатқа арнайы дайындалған биік төсеме үстіне көтерілді. Якоби ұлы мәртебелі императрицаның Уәли сұлтанды Орта жүз ханы етіп бекіткені туралы жарлықты оқыды. Оның сөзін тілмаш со жерде татаршаға аударып тұрды. Содан кейін Уәли тізесін бүгіп, құран ұстап, бас ахун Мырза Яушевтің соңынан ант сөзін қайталады. Ол біткесін құранды сүйіп орнынан тұрды. Генералдар тобынан үш адам шығып, ханның иығына қатын патша арнайы жіберген бұлғын ішікті жапты, беліне ойылған жазуы бар қылыш ілді. Қымбат зерлі қалпақты генерал-поручик Якоби Орта жүз ханының басына өз қолымен кигізді. Қолына хан сайланғандығы жөніндегі куәлік қағаз ұстатты. Сәл тыныштықтан соң сұлтандарға, билер мен старшындарға, хан

сайлауына жиналған барша жамағатқа осы оқиғаға байланысты жазылған жарлық-грамота орыс және татар тілдерінде оқылды. Тағы да зеңбіректер мен мылтықтардан оқ атылды. Барабандар мен кернейлер дабыл қақты. Құрметті сапта тұрған эскадрондар алдындағы тулар жерге иіле тәжім жасап, ант беру салтының аяқталғанын жария етті.

Содан кейін генерал-поручик Якоби Орта жүздің жаңа ханына арнап ставка үйінде қонақасы берді. Той дәмінен хан сайлауының қызығын көруге келген әлеумет те құр қалған жоқ. Оларға да қазан-қазан тамақ асылды, қамал сыртындағы хан ордасының қасында қалғандарға да той дастарқанынан сарқыт жіберілді. Қонақасы кезінде бекініс зеңбіректерінде тыным болған жоқ. Император ағзамның құрметіне, оның ұлы мәртебесінің қанаты астына кіргендерге, жаңа сайланған Уәли ханға марапат тілектер айтылған кезде дүркін-дүркін зеңбірек атылып тұрды...

\* \* \*

Осынша салтанатпен Орта жүз тағына отырған Уәлидің қауқарсыздау хан болғаны да тарихтан белгілі. Ол билік құрған дәуірде Абылайдың айбынымен ұйысқан қазақ ұлысы қайтадан бытыраңқы күйге ұшырады. Тағы да келте хандар заманы туып, біртұтас елдің ұйпа-түйпасы шықты. Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Сыр бойы, Арал өңірі қазақтары Қоқан мен Хиуа хандықтарының ноқтасын қайта киді. Басқа рулар жеке-жеке сұлтандар мен билердің тізгінінде кетті. Ақыр соңында, Орта жүздің ханы деген аты болмаса, Уәлидің төте билігі тек арғынның біраз руларына ғана жүретін жағдайға дейін бәсеңсіді.

Сонда да сыртқы саясатта әке үрдісін ұстанып, бір жағы Ресеймен жылы қабақ қатынас жасауды үзбестен, екінші жағы Қытайға да бүйрегі бұрып, үздік-создық байланыстарын жасауды тоқтатқан жоқ. Қытай еженханы оны да Абылай секілді Аспанасты империясының ұлы кінәзі деп таныды. Патша өкіметінен ызғар көрген бір жылдары Уәлидің қарамағындағы елін ертіп, Шынжаң жаққа көшіп кеткісі келуі де содан.

Ал Ресей тарапының бар көксегені – қазақ жерінде хан билігін жою, елді біртіндеп тәуелсіздігінен айырып, империя



құрамына қосу болатын. Сол үшін де қазақ сұлтандары мен рулары арасында араздық шоғын үрлеп отыруға бейіл берді. Отаршылдар ғадетіндегі «бөлшекте де, билей бер» саясатын мейлінше тиімді пайдаланды.

Орыс ұлықтарының қолдап-қолпаштауымен 1816 жылы Орталық Қазақстан руларына Ұзын оқты Онданнан тарайтын Барақ сұлтанның баласы *Бөкейдің* хан сайлануы, оны патша үкіметінің ресми тануы да Уәлидің Орта жүзге ықпалын әлсірету мақсатында ұйымдастырылған қаскүнемдік пиғылға саятын. Бірақ Бөкей де хан болып ұзақ тұра алмады. Үш жылға жетер-жетпес уақыттай ғана билік құрып көз жұмды. Сол төңіректегі рулар оның орнына баласы Шыңғысты өздеріне хан көтергенімен, орыс билігі мұны өз тарапынан ресми бекітуге асыға қоймады.

Бұл кезде жасы жеткен Уәли хан да Бөкейдің артынан көп кідірмеді. 1821 жылы өзінің баласы Абайділданы мирасқоры деп жариялап, дүниеден озды.

Ресей үкіметі Орта жүз хандары қатар өлген осы бір шақты хандық билікті жою, оны өздеріне тиімді басқару әдісімен алмастыру ісіне дереу пайдалана қойған. Сол жылдары Сібірдің генерал-губернаторы болып тұрған орыстың көрнекті мемлекет қайраткері, М. М. Сперанскийдің бас болуымен «Сібір қазақтары туралы жарғы» жүйесі жасалды. Қазақтар *«жылқы жылғы ұстан»* немесе *«жаңа мизам»* деп атаған, басқарудың жалпы ресейлік тәртібіне жақын бұл жаңа ереже бойынша, Орта жүздің Батыс Сібір генерал-губернаторлығына қарайтын бөлігі жаңадан ұйымдасқан Сібір қазақтары шекара басқармасының аясына енетін әлденеше округтерге (дуандарға) бөлініп, оларды аға сұлтандар басқаратын болды. Аға сұлтанға арнайы тағайындалатын екі орыс орынбасары (заседателі), сайланатын екі қазақ төбебиі (қазысы) көмекшілікке берілді. Аға сұлтанға жылына 1200 сом, әрбір орыс заседателіне – 1000 сомнан, қазақ қазысына – 200 сомнан, тілмашқа – 800, болыс билеушілеріне – 150, іс жүргізушілерге – 300 сом жалақы төленуі тиіс деп бекітілді. Сондай-ақ аурухана ұстауға, мектеп ашуға, қайырымдылық шараларына да қаржы бөлінді. Жарғының шарты бойынша, елу-жетпіс үй – бір әкімшілік ауыл, он-он екі ауыл – бір болыс, он бес-жиырма болыс – бір округке бірікті.

Аз жылдарда-ақ Орта жүз аумағында 1824-ші жылдан бастап, әуелі Көкшетау, Қарқаралы, одан кейін Ақмола, Баянауыл, Аягөз, Аманқарағай, Көкпекті, Атбасар секілді дуан орталықтары орнап, оларды төңіректей әскери бекіністер ірге көтерді. Әр аға сұлтанға көмекші ретінде берілетін екі орыс заседателі (жәрдемшісінің) бірі сол бекіністердегі екі жүздей адамнан тұратын казак-орыс жасағын басқарды.

Орта жүздің батысы мен Кіші жүз жерлерін қамтитын Орынбор губерниясында да 1824 жылы хандық басқару жойылып, оның орнына жекелеген аймақтарды билейтін *әкім-сұлтандар* (сұлтан-правительдер) тағайындалды. Патша өкіметі ол аумақты дуандар емес – *Батыс, Орта және Шығыс* аймақтық әкімшілік жүйелері арқылы басқаруды жөн деп тапты. Ол біртіндеп, басқарудың *дистанциялық* (бекінісаралық) жүйесіне ұласты. Жайық казак-орыстарын басқару ісіндегі дистанциялық жүйе тәжірибесіне сүйенген бұл шараның негізгі мақсаты – казак даласындағы билікті казак-орыстардың қолына көшіру, казак ауылдарын үнемі бақылауда ұстау, өздері оғаш деп тапқан іс-әрекеттерді орыстың шекара шебіне жедел жеткізіп тұру еді. Дистанциялар реттік нөмірлермен белгіленіп, олар ауылдарға бөлінді. Әр дистанция құрамында 400-ден 1500 шаңыраққа дейін болды. Орынбор қазақтарының үш бөлігін билейтін әкім-сұлтандардың жанында да Орта жүз дуандарының аға сұлтандарындағы сияқты, саны 100-ден 200 адамға дейін жететін казак-орыс отряды, көмекші, хатшы, іс-қағаздарды жүргізуші және шабармандар (поштабайлар) болды.

Орта жүз бен Кіші жүз аумағында жүзеге асырылған бұл әкімшілік жүйелер патша үкіметінің казак жеріне біртіндеп енуіне, бекіністер салуға, казак-орыстар мен Ресейдің ішкі жағынан көшіп келген орыс шаруаларын (қарашекпендер) орналастыруға, казак даласын отарлауға қолайлы жағдай туғызды.

### 3. Абайділда

Уәли мен Бөкей ханның дүниеден озуы Орта жүзде хандық билікті жою мәселесіне тұспа-тұс келгенімен, ол патша өкіметінің хан тұқымдарынан ат құйрығын со бойы кесісуі емес-

тін. Хан билігіндей мәртебелі болмаса да, жарғыда оларға ағасұлтандық орын дау-дамайсыз ұсынылуы қажет деп танылған, Осы ретте Орта жүз тағына мирасқор ретінде ел-жұрты отырғызып, қытай еженханы тарапынан хан лауазымын ұсынуы келісіліп үлгерген, Уәлидің бәйбішесінен туған үлкен ұлы Абайділда (орыс құжаттарында Габайдолла, Губайдолла деп жазылған) жөнінде сақ саясат жүргізу керектігін де патша ұлықтары жақсы білетін. Және олар бұл іске Уәли хан көз жұмысымен кірісті. Сібір генерал-губернаторы Уәлидің қазасына көңіл айтуға аттандырған елшіліктен Абайділдаға қымбат сыйлықтар мен подполковник шенінің куәлігін қоса жіберді. Ақ патша тарапынан жаңа ереже қабылданып жатқандықтан, бұдан былай хан көтерудің тоқтатылатыны, дегенмен оған хан атағына жетеғабыл аға сұлтандық лауазымның берілетіні сыпайылап жеткізілген. Онсыз да халық тарапынан хан ретінде сайланған Абайділда бұған кәдімгідей қоңылтақсып қалған.

Ақырындап жарғы тараптары өз күшіне ене бастады. Әуелі ұйымдасқан екі округ орталығының бірі – 1824 жылдың көктемінде Уәли ханның ата қонысы Көкшетауда, екіншісі Бөкей ханның мекені Қарқаралыда ашылды. Көкшетау дуанының аға сұлтандығына қырықтың жуан ортасындағы Абайділда Уәлиұлы, Қарқаралының аға сұлтандығына Бөкей ханның немересі Тұрсын (Жамантай) Шыңғысұлы сайланды. Қазақ даласындағы алғашқы аға сұлтан сайлауын марапатпен өткізу үшін Көкшетауға Петропавл бекінісінен подполковник Григоровский бастаған үш жүз казак-орыс әскері арнайы келді. Сонша әскерді Семейден Қарқаралыға полковник Броневский де бастап апарды.

Көкшетау дуанының қазысы болып Зілғара Байтоқаұлы сайланды. Бұл кезде елуді еңсерген Зілғара көпке белгілі тұлға еді. Орта жүз арғынның атығай руының андағұл атасынан шыққан әрі ақын, әрі әнші, әрі шешен, әрі би. «Баласы атығайдың Зілғара едім, өзім би, өзім шешен, ділмар едім», деп басталатын ел арасына таралып кеткен шешендік, тапқыр сөздердің иесі. 1796 жылы отыз жас шамасында поручик, 1827 жылы майор, 1830 жылы Петерборға Көкшетау дуанының аға сұлтаны Абылай Ғаббасұлымен бірге ақ патша құзырына бас шұлғып қайтқаны үшін подполковник шенін алған ірі шонжар. Ара-тұра Көкшетаудың аға сұлтандығы қызметтерін де атқарған.

Абайдiлданың көңiлi алай-түлей. Орта жүз ханының тағына әке қалауымен ендi отырған кезде, өзiн одан көпе-көрнеу аударып тастағандай болғаны iшiн күйдiрiп жүрген ол, ағасұлтандыққа салтанатпен сайланса да жiби қоймады. Осындайда Мәншың императорынан келген хаттар оралады ойына. Еженхан оларда Абайдiлданы Орта жүздiң ханы етiп бекiту рәсiмiн өткiзуге дайын екендiгiн бiлдiрген болатын. «Несi бар, – деп түйген ол. – Атам Абылайдың, әкем Уәлидiң жолы. Олар да орысқа пейiл бере жүрiп, шүршiт тарапынан хандық атақ алған жоқ па?..»

Ақыры осы ой жеңедi де Мәншың еженханына өзiн атасы мен әкесi сияқты Аспанасты елi әмiршiсiнiң қанаты астындағы хан етiп жариялау рәсiмiн өткiзудi сұраған елшi жiбередi. Қытай императоры өзi бiраздан берi күтiп отырған өтiнiштi ризашылықпен қарсы алады. Айналасы айдаһар суреттерiмен көмкерiлген жұқа сары қағазға мәнжу, қалмақ және түрк тiлдерiнде «Аспанасты әмiршiсiнiң ықтиярымен император Даогуан... Абайдiлданы қазақтың Уәлиден кейiнгi ханы, империяның ұлы кiнәзi етiп бекiтедi...», деп жазылған жарлықты арқалатып, 1824 жылдың жазында 300 адамнан тұратын қытай делегациясын хан сайлауы рәсiмiн өткiзу үшiн Баянауылға аттандырады.

Осы хабарды алысымен, қасына тоқсан рубасысын, екi мың жасағын ерткен Абайдiлда да Баянауылға тартады. Алайда оның орыс билiгiне iштей ренiштен туындаған бұл бөлектенуi сәл-ақ күнге созылады. Көкшетау дуаны аға сұлтанының жанындағы орыс заседателi Андрей Путинцевтен Омбыға осындай тосын хабар жетiсiмен, облыс бастығы С. Б. Броневскийдiң пәрменiмен, Баянауылға жүзбасы Иван Карбышев бастаған қарулы әскер жiберiледi. Оған Путинцев отрядымен қосылғаннан кейiн, қытай өкiлдерiн Абайдiлдамен жолықтырмау, оларды амалын тауып елдерiне қайтару, аға сұлтанның өзiн күштеп хандықтан бас тартқызу мiндеттерi жүктеледi.

Казак-орыс жүздiктерi алдарына қойған тапсырманы мүлтіксiз орындайды. Алдымен олар Баянауыл төңiрегiнде қытайларды күтiп жатқан Абайдiлданың ордасын жан-жақтан қоршап, тапжылтпай басып қалады. Карбышев пен Путинцев аға сұлтанды екi жақтан үгiттеп, Қытай жағы ұсынған хандық

лауазымнан бас тартуға қыстап көндіреді. Оның «ұлы кінәздік атақтан бас тартамын» деген жазбаша жауабын алысымен, шүршіт делегациясы көп кідірген жоқ, шілденің 12-сінде кейін қайтты. Абайдлда күзетпен Омбыға аттандырылып, онда жоғары ұлықтар аға сұлтанның енді тыныш жүрем деген уәдесін тағы да пісіре түседі.

Алайда Броневскийдің қытай елшілігіне қарсы ұйымдастырылған қытымыр шаралары мен аға сұлтанға қысым көрсетуі Ресейдің Сыртқы істер министрі К. В. Нессельродтың тарапынан қолдау таба қойған жоқ. Бір жағы халықаралық жанжал өршіп кетуінен, екінші жағы енді бодан болып жатқан елдердің өкпе-реніші туындауы мүмкіндігінен қауіптенген ол, Омбы басшылығына зілді бұйрық түсіріп, егер қытай елшілігі әлі қазақ даласынан кетіп үлгермеген болса, барынша достық пейіл мен қонақжайлылық көрсету қажет екенін, Абайдлданы дереу дуанға қайтарып, ағасұлтандық қызметін атқаруын жалғастыруға мұрсат беруін талап етті. Мұрағат деректерінде, Абайдлда ағасұлтандықтан шеттетілген сол кездерде оның қызметін атқару атығай-бағыстың әйгілі биі, коллеж ассесоры, подполковник Тоқтамыс Жанұзақұлы мен дуан қазысы, поручик Зілғара Байтоқаұлына кезек-кезек жүктелгені айтылады.

Бірақ бұдан кейін де Абайдлда орыс билігін тыншу күйде қалдыра қойған жоқ. Бірде ол Тобыл мен Омбыға өзін өлді дегізіп хабар жіберсе, 1826 жылы бауыры Ғаббас екеуі қытай еженханына кездесу үшін Бейжіңге бармақ боп Құлжада жүрді. Оларды жергілікті мәнжу әкімшілігі Қашқар өлкесінде Жәңгір қожа бастаған көтерілістің өршуіне, ел ішінде қауіпті жағдай орнауына байланысты императорға жеткізудің мүмкін еместігін айтып, сол жерден эзер кері қайтарған. Содан кейін Абайдлда өзінің немерелес туыстары – Абылай аталарының қалмақ әйелі, қонтайшы Қалдан Шеріннің қызы Тобыш ханымнан туған Қасым сұлтанның балалары – Саржан мен Есенгелдінің хандық билікті қайта орнатуды, бекіністер салуды тоқтатуды талап еткен толқуларын қолдап отырды. Оларды орысқа қарсы елді көтеріңдер, жасақ жинаңдар деп қайрады.

Көкшетау дуаны орыс заседателдерінің Омбыдағы ұлықтарына Абайдлданың қызметке сенімсіздігі туралы мәлімхатты ауық-ауық жеткізіп тұруына байланысты, 1828 жылы

оның орнына туған бауыры Ғаббастың баласы, Қытайда білім алып, қытай, мәнжу тілдерін меңгерген, жасы жиырмадан енді асқан Абылай бекітіледі.

Сөйтсе де Абайділда хандық билікті қайта орнату керек деген талабын ақ патшаға жеткізуге қайта-қайта ұмтылудан еш танбайды. 1828 жылы өз баласы, майлы балта болысы Болат бастаған депутацияны Петерборға жіберткізгенде де оған осы мәселені ескеруді ерекше тапсырады. Қазақ жерінен барған қонақтар астанада жақсы қабылданады. Патшамен жүздеседі. Бірақ Абайділданың тілегі аяқсыз қалатыны өз-өзінен белгілі еді.

Сол замандағы орыс құжаттарында Абайділданың орнына сайланған Абылай Ғаббасұлының да 1830 жылы Қарқаралы дуанының аға сұлтаны Тұрсын Шыңғысұлымен бірге қастарына нөкерлерін ертіп Петербор барып, ақ патшаның алдына кіру мүмкіндігіне ие болғаны айтылады. Қос хан тұқымы да Ресей астанасына осы барысында, дәл Абайділда секілді патшадан өздерін хан дәрежесіне көтеруін, егер оның орайы келмесе, осы ағасұлтандық атақты өз тұқымдарына мәңгілік мұра етіп қалдыруды, Абылай мен Бөкейден тарайтын сұлтандардың бәріне кінәздік, яки дворяндық атақты беруді өтінген. Әрине, бұл жолы да оларға хандық дәреженің жаңа мизам бойынша жойылғандығы, ағасұлтандықты тікелей мұраға қалдыру жайы қиындау екендігі, ал дворяндық атақты алдағы уақытта ойластырып көруге болатындығы бипаздалып түсіндірілген еді. *(Осы депутация құрамында Қарқаралының аға сұлтаны Тұрсынмен бірге Қаз дауысты Қазыбек бидің шөбересі, айбике-шанишар болысының басшысы, болашақта ұлы ақын Абайдың үлкен қайын атасы атанатын Алишынбай Тіленішұлының, Тәттімбет күйшінің әкесі, нұрбике-шанишар елінің болысы Қазанғап Мөшекеұлының, Көкшетау дуанының аға сұлтаны Абылай Ғаббасұлының қасында әйгілі би, шешен Зілгара Байтоқаұлының, Тоқтамыс бидің інісі Төбет Жанұзақұлының болғаны да белгілі тұлғалар өміріне қатысты қызықты дәйектерді алға тартады. Осы сапардан кейін қырықтың ортасындағы Алишынбай би мен алпыстың төңірегіндегі Қазанғап би поручик шенін, алпыстан асқан Зілгара батыр подполковник, жетпіске бет алған Төбет капитан погонын иығына таққан еді. Тағы бір құжатта, сол 1830 жылғы*

*депутация құрамында Қазанғап би емес, оның Тәттімбеттен үлкен баласы Құттымбет болды деген дерек те бар).*

Ақ патшаның алдын көріп, марапатқа ие болып қайтса да Көкшетау дуанының аға сұлтаны Абылай Ғаббасұлы сол Петербор сапарынан қайтып оралғаннан кейін орыс ұлықтары үшін тым тосын әрекетті бастайды. Ол сол жылдары орыс билігіне қарсы көтеріліс туын көтерген туысы Саржан Қасымұлын (Кенесарының ағасы) қолдап, оның жасағының бірін басқарыпты.

Осы ретте атап өтетін бір жайт, содан кейін Көкшетаудың аға сұлтандығына хандық билікті орнатуға ең мүдделі адам боп саналатын Абайділданың өзі қайтадан бекіпті. Шамасы, орыс әкімшілігі Көкшетау елі онсыз да хан деп танитын беделді тұлғаға дуан тізгінін ұстату арқылы Саржан көтерілісінің қарқынын бәсеңдетуді де ойлаған болуы керек. Әрі 1833 жылы подполковник шенін алған Абайділда, біраз уақыт бұлғаққа бой ұрмай, саябыр тапқандай қалып та танытады. 1835 жылға дейін және 1836-39 жылдары аға сұлтан қызметін атқарады. Дегенмен, Кенесары сұлтанның көтерілісі басталған шақта орыс әкімшілігінің ылғи бақылауында жүрген Абайділда тағы да назарға ілігіп қалады.

Кенесары 1838 жылы арғынның атығайына азаттық ұранын тастап, өз қатарына қосып алған кезде, олардың аға сұлтаны Абайділданы да өздерімен бірге жүруге мәжбүрлеп алып кетеді. Алайда көп ұзамай оның Көкшетауға кері қайтуына рұқсат береді. Осының өзі-ақ орыс өкіметінің аға сұлтанды қызметтен алып, итжеккенге айдауына жеткілікті сылтау болған. Омбы әкімдері тарапынан оған «бүлікші сұлтанмен» тығыз байланыстар құрды деген айып тағылып, 1839 жылы Сібірдегі Қайыңтұраға (Березовке) жер аударылады. Орнына аға сұлтандыққа тағы да Зілғара Байтоқаұлын уақытша тағайындайды. Абайділда итжеккенде сегіз жыл болып, Кенесары бастаған ұлт-азаттық күресі басылғаннан кейін ғана еліне қайтарылады. Әрі сол кездегі Көкшетау өңірінің әйгілі ақыны Орынбай Байқожаұлы Бертағы немересінің «Абайділдаға» деген өлеңінде осы мәлімет дәлме-дәл келтіріледі.

*Хан Абылай өтіп кетті-ау кеше жүрген,  
Үш жүздің баласына олжа берген.  
Сегіз жыл итжеккеннен армен кетіп,  
Ханымыз Абайділда қайта келген...  
Сіз кеткен соң ел түсті талай сынға,  
Келе ме деп сарғайдық жылдан-жылға.  
Барған жерің итжеккен, Қайыңтұра,  
Әйтеуір құдай оңдап келдің мұнда...  
Былыр кеткен кісідей келдің биыл,  
Енді қырсық тарайды Орта жүзден,...* – деп қарсы

алыпты оны Орынбай ақын.

Тарихи деректер о баста Абайділданың қайрауымен Саржан бастаған көтеріліске (1825-1836) Уәли ханның құрсақтас інісі Шыңғыс сұлтанның баласы Сартайдың да қосылғанын алға тартады. Сонысы үшін ол 1826 жылы тұтқынға алынып, Қайыңтұраға жер аударылғанымен, көп ұзамай кейін қайтарылады. Орыс әкімшілігі оны да өздеріне тартпақ ниетпен, 1828-35 жылдары Көкшетау дуанындағы жақсылық-қарауыл елінің болысы қызметін береді. Тіпті болыс боп жүрген 1834 жылы Сартай Петерборға барып, ақ патшаға құлдық ұрып қайтуды көздегенімен, сапардың реті келмей-ақ қояды. 1835-1836 жылдары бірауық Абайділданың орнына Көкшетаудың аға сұлтаны қызметін де атқарады. 1836 жылы Абайділда сол орынға үшінші мәрте сайланғаннан кейін, алпысты алқымдаған Сартай өзінің бұрынғы болыстығына қайта оралады. Абайділданың айдалып кеткеніне екі жыл өткен соң, 1841 жылдың күзінде болған аға сұлтан сайлауына ол тағы да түсіп көп дауыс жинап жеңіске жеткенімен, Омбы ұлықтары Сартайдың ана жылдары Саржан көтерілісіне қатысқанын, айдауда болғанын сылтау етіп, дуанбасылыққа бекітпей қояды. Қайта сайлау өткізіліп, ағасұлтандыққа оның немере інісі, Уәли ханның бәйбішеден туған балаларының бірі Ғаббастың ұлы, 1828-1833 жылдары аға сұлтан болған Абылайдың туған бауыры Әбілқайыр сайланады...

#### **4. Айғаным**

Уәли ханның бәйбішеден туған бас мұрагері Абайділда орыс үкіметі ұсынған аға сұлтандықты менсінбей, бұлғаққа бейім боп



шеттетіңкіреп жүрген кезде, Тобыл мен Омбы ұлықтары патша әкімшілігі мен Абылайдың қара шаңырағы арасындағы байланысты Уәлидің кіші әйелі Айғаным арқылы жүргізіп отыруды да назарда ұстағанды жөн көрген еді. Оны сол шақтағы ресми қатынас қағаздарында: *«Аса құрметті ханша Айғаным Уәлиева»*, деп жазылатын құжаттар ауанынан да байқау қиын емес.

Ханымның арғы тегінің өзі де Абылай ханның бір қайын жұртына жатады. Шежіре деректері Абылайдың бір әйелі Айбаршаны – Көлденең Есіл бойын жайлайтын атығай-қарауыл руларының бас имамы болған Сарғалдақ қожаның қарындасы еді деп көрсетеді. Ал Айғаным – сол Сарғалдақтың баласы Қожахметтің қызы. Уәли оған жасы алпысты алқымдаған кезде үйленген. Жастайынан қожалар отбасының тәрбиесіне сай, мұсылманша хат таныған, араб, парсы тілдерінен хабардар, кітаби тілдегі діни қиссаларды оқып өскен, әр нәрсеге көзі қарақты Айғаным өзінің ақылдылығымен аз уақытта-ақ Уәлиді билеп алған көрінеді. Соның бір белгісі, оның бәйбішеден бөлек тұрамын деп қарт күйеуі Уәлиді әкесі Абылайхан ордасы тігілген Бурабайдағы Ханның Қызылағашы деп аталатын қара шаңырағынан қозғап, өз төркініне жақын Сырымбет тауының баурайына көшіріп әкелуі.

Орта жүз ханы Уәлиге көзі тірі кезінде-ақ осылайша ықпалы жүргізе білген ханша, 38 жасында жесір қалғаннан кейін де тақ билігіне ұмтылған басқа Абылай тұқымдары алдында өз дәрежесін пәсейте қоймаған көрінеді. Әрі Абайдәлданың жайы әлгіндей тұрлаусыз бола бере бергеннен кейін, қазақ жерін отарлаудың ұтымды жолдарын іздестірген орыс әкімшілігі Уәлиден қалған хан ордасының отын жағып отырған Айғаныммен тіл табысудың да артықтық етпейтіндігін байқаған еді. Қай істің де ығын дұрыс пайымдай білетін ақылды ханым бас ордадан ұласқан билік тізгінін өзінен өрген ұрпаққа мирас етіп қалдырудың бірден-бір жолы – орыс әкімшілігімен тығыз байланыс құру екендігін де тап басып аңғара білді. Осы бағыт – хан билігі жойылғаннан кейін де оның Абылай көтерген қара шаңырақ тізгінінің ықпалын біраз уақыт өз қолынан шығармай ұстап тұруына септесті.

1822 жылдың күзінде-ақ Айғаным сол кезде орталығы Тобыл

қаласы болған Батыс Сібір өлкесінің бас басқармасына өз қарамағындағы жұрттың көші-қондық жерлерін заңдастырып бөліп беру және Сырымбеттегі қонысында жеке үй мен мешіт тұрғызуын сұраған өтініш білдіреді. Батыс Сібірдің генерал-губернаторы, генерал-лейтенант П. М. Капцевич ол өтінішті Петербордағы Сібір комитетіне жібереді. Бұл кезде Сібір комитетінде бұрынғы Сібір губернаторы, империя астанасына қайта оралып, Мемлекеттік кеңестің мүшесі болған, 45 томдық Ресей заңдарының толық жинағын шығаруға басшылық жасап жүрген, «Сібір қазақтары туралы жарғының» авторы граф М. М. Сперанский мен оған осы жарғыны жасауға белсене көмектескен, қазақ тұрмысына қанық инженер-подполковник, болашақ декабрист Г. С. Батеньков жұмыс істейтін. Айғаным ханшаның Ресеймен жақындасу ниетіне жақсы қанық олар, бұл өтінішті І Александр патшаға құлағдар етеді. Ақыры 1824 жылғы қаңтардың 28-інде ханшаның өтінішіне рұқсат берген жарлыққа қол қойылады. Онда Сырымбеттен Есілге дейінгі аралықтағы жерді Айғанымның меншігі деп заңдастырып бекіту және оның сұрауы бойынша, үй мен мешіт салуға бес мың сом бөлу керектігі айтылады.

Сол жылы-ақ Сырымбетте құрылыс басталып кеткен. Инженерлік қызмет офицері, поручик Ермолаев басқарған әскери құрылысшылар қысқа дейін үй мен мешітті көтеріп үлгереді. Алайда бұрын мешіт салып көрмеген құрылысшылар оны құбылаға қаратып емес, теріс айналдырып тұрғызып қойыпты. Жаңа қонысқа көшкен Айғаным сол кезде енді ашылған Омбы облыстық басқармасына хат жазып, мешітті қайтадан дұрыстап тұрғызу керектігін, онымен бірге үйге тағы қосымша бір қонақ бөлме, монша, қойма, медресе салып беруді сұранған. Аз жылдан кейін-ақ Сырымбет тауының етегінде кәдуілгі орыс имениелеріне ұқсас, маңайдағы ел «хан ордасы» деп атап кеткен мекен бой көтерді.

Айғанымның орыс билігімен бұдан кейінгі қарым-қатынасында да қылау жоқ. Олардан ханымның өз басын нағыз Орта жүз қара шаңырағының толыққанды иесі ретінде сезінетіндігін аңғару қиын емес. 1828 жылдың мамырында Батыс Сібір әкімшілігіне жазған хатында ол қасына еретін қадірлі он адаммен бірге Петерборға барып, патша ағзамға шын

берілгендігін және өзіне бағынышты халықтың тілегін жеткізсем деген ниетін білдіреді. Ол тілектерінің бірі, сол кезде ашылып жатқан болыстарды басқару қара халықтан шыққан қазақтарға емес, хан тұқымынан тараған сұлтандарға берілсе дегенге тірелсе, екіншісі, балық аулағысы келетін орыс адамдарының оның қарамағындағы жерлерге өтіп кетіп, қайта-қайта мазаны алып жүргендігін айтуға саятын.

Батыс Сібірдің сол кездегі орталығы Тобыл қаласына барған бір сапарында ханым генерал-губернатордың өзіне кіріп, қырда егін егуді бастау үшін тұқым, құрал-сайман және үйінің қасынан жел диірмен салып беруді сұрайды. Батыс Сібірдің генерал-губернаторы В. В. Вельяминов дереу Омбы облысының бастығы генерал-лейтенант В. И. де Сент-Лоранға, ал ол өз кезегінде Көкшетау дуанына қатынас түсіреді. *«...Біз жіберіп отырған жүз елу сом ақшаға әуелі төрт соқа сатып алып, егіншілік жайын білетін казакпен ханшаның үйінің маңынан жер жыртыңдар, ол қазақтардың өзінің күш-көлігімен атқарылсын. Тұқым себу мерзімінен кешігіп қалғандықтан, ол жер күздік егіске дайындалсын. Сол үшін 40 пұттай қара бидай, 8 тырма сатылып алынсын. Келер жылы егін піскенге дейін жел диірмен салынып бітсін...»*, – делінген еді онда.

Жоғарыдан келген бұйрық тез арада мүлтіксіз орындалады. Сырымбетке Антон Лычагин деген казак аттандырылады. Ханым төлеңгіттері оның басшылығымен Орда маңынан төрт десятина жер жыртып, күзде қара бидай себеді.

Айғаным Уәли ханнан тоғыз ұл көрді. Олардың екеуі сәби шағында шетінеді де, үлкен ұлдарының бірі Әбілмәмбет (Мәмеке) ержетіп, ырсай-атығай еліне болыс боп жүрген 1831 жылы шешектен көз жұмды. Ел басқарудың қыр-сырына кәдімгідей араласқан, тәжірибесі мол Айғаным, қазіргі ең керегі – қазақ жерін жылдан-жылға қусырып келе жатқан орыс билеушілерінің тілі мен оқуын меңгеру екендігін жақсы пайымдады. Ертеңгі күні халыққа бас болуға да сол оқудан өткен адамның ғана қолы ілігетін түрі бар. Бұл ретте сенің хан тұқымынан шыққаның да есепке алынбай қалуы әбден мүмкін. Сондайда ханымға төртінші ұлы, өзі үлкен үміт күтетін Шыңғысты орыс оқуына берсем деген ой жеңетін.

Мұсылманша жақсы білімі бар Айғаным балаларын да

жастайынан оқуға бейімдеді. Бұл ретте Сырымбеттегі өзі ашқан медресеге Қызылжардан арнайы алдырған Құтмұхаммет Иманқұлұлы молда хан балаларына мүмкін-қадерінше тыңғылықты білім бере алғандығымен көзге түскен. Және ол ханым үйінің балаларын ғана емес, Сырымбет төңірегіндегі бірталай баланы да оқытып шығарып еді. Айғанымның Құтмұхаммет молдаға риза болғандығының бір белгісі – 1831 жылы өз атынан Омбы облысының бастығына хат жазып, сол кезде наградаларға ұсынылып жатқан старшындармен бірге осы молданы да марапаттауды өтінуі. Әрі сол 1831 жылдың наурызында ханым жиырмаға шыққан ұлы Шыңғысты Омбыдағы Сібір казак әскерлері училищесіне алып келді.

\* \* \*

Омбы бекінісінің іргесін сонау 1716 жылдың көктемінде, Бірінші Петрдің әмірімен Орталық Азия өзендерінің бойынан алтын кенін барлау, Шығысқа су арқылы шығатын сауда жолын іздестіру, әрі Ертіс жағасына қамалдар салу мақсатын көздеген подполковник И. Д. Бухгольц бастаған экспедиция қалаған еді.

Шыңғыс оқуға келген кездегі қала бітімі содан бір ғасыр бұрынғы айналасын ұшы істік бөренелермен қоршаған шағын бекініске мүлдем ұқсамайтын. Ол бұл шақта Омбы өзенінің екі бетін алып жатқан кәдімгідей кең қолтық шаһар. «Сібір қазақтары туралы жарғы» қабылданғаннан кейін, бұл қала құрамына негізінен қазақтардың Орта жүз рулары мен Ұлы жүздің біраз бөлігі қоныстанған жерлерді қамтыған жаңа Омбы облысының орталығына айналған. Сол кездегі қала өңінен де қазақ даласымен тығыз байланысты байқататын көптеген ерекшеліктерді көруге болады. Мұны Омбының 1825 жылы бекіген жаңа гербінің өзі-ақ айтар еді. Онда қолына садақ ұстап, иығына қорамса ілген салт атты қазақ бейнеленген.

Әуелі Омбы өзенінің оң жағын алып, қамал төңірегінде өскен қала, енді сол жағалау бетке де көшкен. Болашақта қаланың орталығын сол беттегі Казак алаңы деп аталатын тұсқа ұйыстыру көзделуде. Алаңның бір шетінде бұдан екі жыл бұрын ғана қыштан қаланған қос мұнаралы мешіт тұрғызылған. Қасында қырдан келетін қазақ сұлтандары мен шығыс

әміршілерінің аялдауына арналып, жуан қарағайдан қиылып, сырты жұқа тақтаймен қапталған әйдік қонақжай – Елшілер үйін көруге болады. Олармен қатар бой көтерген тағы бір ғимарат – алаңның батыс жағындағы алты колоннамен сәнделіп, тастан өрілген екі қабатты әскери кеңсе үйі. Ол құрылысы бітісімен жоғарыдан түскен пәрмен бойынша, Сібірдің шептік казак әскерлерінің училищесіне берілді.

Айғаным Шыңғысты Омбыға алып келген кезден үш жыл бұрын ғана осы әскери училищенің құрамына болашақ тілмаштарды дайындайтын, оқуы қысқа мерзімді Азиялық мектеп те қосылған еді. Шыңғысты сұлтан тегінен шыққандықтан, әскери училищеге қабылдауға да болатын. Бірақ бұл жерде есейіп кеткен жігіттің орысша білмейтіндігі қинады да, жас төре Азиялық мектепке кірді.

Бұрын Азиялық тілдер училищесі деп аталған бұл тілмаштар мектебі Омбыда 1789 жылдан бері бар. Онда әуелгі кезден татар, мәнжу, моңғол тілі үйретілді. Оған әуелі тек казак-орыс балалары қабылданғанымен, кейіннен патшаға адалдығымен танылған қазақ, татар, башқұрт игі жақсыларының да ұрпақтары тәрбиеленетін болды. Оқуды үздік бітіргендер Қазандағы гимназия мен университеттерге де жіберіліп жататын. Мектепте орыс тілі, топография негіздері, география, тарих, бастапқы математика пәндері оқылатын.

Ханым Шыңғысты жалғыз әкелмеген-ді. Оның жанында өзі асырап алып, бағып-қағып өсірген баласы, 15 жасар Төрежан мен Орда молдасының солар құралпылас баласы да бар болатын. Азиялық мектепке олар да қабылданады. Алайда үш баланы бірдей училище жатақханасына орналастырып, көпшілікпен бірге қалдыруға келген кезде Айғанымды күдік билеп, орыс арасында өспеген олардың күнкөрісінің, тамағының жайы қалай болар екен, деп ойлайды. Сондықтан да ол басшылармен келісе отырып, үшеуін бұрын Омбы облыстық басқармасында тілмаш боп істеген Сейфуллин деген танысының жесірі үйінде пәтерге тұрғызып кетеді.

Бірақ мұрағат деректері ол үйде хан ордасындағы молшылықтан келген шәкірттердің жағдайы үйлесе қоймағанын айтады. Пәтер иесі хан балаларын қара нанмен қатырыпты. Олар тоғыз айға әзер шыдап, ақыры қашып шыққандай күй кешіп,

облыстық басқарма бастығы, генерал-лейтенант де Сент-Лоранның рұқсатымен уақытша Елшілер үйінің бір бөлмесіне келіп жайғасады. Енді оларға мектеп жатақханасында басқа шәкірттермен бірге тұрып, көппен қатар күн кешкеннен басқа жол да жоқ еді. Қыс кезінде Шыңғыстардың атына қазынадан арнайы ақша бөлініп, үш шәкірт Азиялық мектептің жатақханасына келіп орналасады...

Бұл оқуды Шыңғыс 1834 жылы бітіріп шықты. Сол жылы Тобыл мен Есіл аралығындағы Обаған өзенінің атырабын жайлаған керей, уақ, арғын, қыпшақ руларының үстінен қарау үшін жаңадан Аманқарағай дуаны ашыла қалды да, Айғанымның беделімен Уәли ханның орыс оқуын көрген ұлы, жиырма үш жасар Шыңғыс сол округтің ағасұлтандығына ұсынылды...

Сібір әскери училищесі құрамындағы Азиялық мектептің тәуір тәлімін қазақтан алғашқылардың бірі болып алған Шыңғыс қызметке араласқаннан бастап, орыс үкіметінің жергілікті жердегі сенімді өкілдерінің қатарында танылуға тырысқаны байқалады. Ағасұлтандыққа сайланғаннан кейін, ол бір кезде шешесі Айғанымның ниет қылғаны секілді, қасына құрметті бес биін ерте Петербор барып, орыс тағының әміршісіне өздерінің шын берілгендіктерін білдіргісі, қазақ жерінен жаңадан Аманқарағай округін ашқаны үшін рахмет айтқысы келеді. Алайда Шыңғыстың ол өтінішіне Батыс Сібір генерал-губернаторы дәл ана жолы Айғанымға сылтау айтқандай, бұл бір орындалуы қиын шаруа болып тұр, деп сырғақтатып жауап берген. *(Осы орайда сол жылдарда аға сұлтан боп сайланған әрбір шонжардың ақ патшаға жолығып қайтуға бір ниеттенетінін байқамасқа болмайды. Мұрағат құжаттарында әлгінде айтылған Көкшетау мен Қарқаралы дуандарының аға сұлтандары Абылай Ғаббасұлы мен Тұрсын Шыңғысұлының 1830 жылы, Ақмола дуанының аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендиннің (Сәмеке ханның шөбересі) 1834 жылы Петерборға арнайы барғаны жөнінде деректер сақталған. Ол сапарға 1833-34 жылдары Аягөз дуанының аға сұлтаны Сарт Жошыұлы (Әбілмәмбет ханның баласы Әбілпейіздің немересі) де, Көкшетаудың болысы Сартай Шыңғысұлы да ұмтылған...).*

Империя астанасына сол жылы жолы түспегенімен, Шыңғыстың арада жиырма жыл өткенде, қазақтың бір топ игі

жақсыларына бас болып, патша алдына арнайы кіріп шыққаны мәлім. Олар 1855 жылы I Николай патшаның қазасын азалау рәсіміне қатысқан Орта жүз қазақтарының депутациясын құрап барған еді.

Шыңғыстың ағасұлтандық қызметінің бас жағында Саржан, одан кейін Кенесары толқулары өршіп, Абылай тұқымдарының дені көтеріліс жағына ауған ұлт-азаттық күрес жылдары, екі оттың ортасында түскендей күй кешсе де, өз басы орыс ұлықтарының да, Кенесарының да қаһарына көп ұшырамай аман-есен қызметінде қалады. Аманқарағай округіне қатарынан алты рет аға сұлтан боп сайланып, ұзын-ырғасы он тоғыз жылдай бір орнында қызмет етті. Одан кейін Омбыдағы Сібір қазақтарының облыстық басқармасында үш жыл кеңесші лауазымын, Көкшетау дуанында тағы он жылдай аға сұлтандық қызмет атқарып, полковник шенінде отставкаға шықты.

## 5. Кенесары

Ресей империясы отарлау шараларының қазақ жеріне тым сұғына енуінен Абылай заманында ұйысқан Қазақ Ордасы аумақтық тұтастығының біртіндеп бұзыла бастауы, 1824 жылы ірге көтерген Көкшетау, Қарқаралы округтеріне қоса, *«біздің қарамағымыздағы руларды бодандыққа кірмеген рулардың барымтасынан қорғау үшін»*, деген сылтаумен 1831 жылы Аягөз, 1832 жылы Ақмола, 1833 жылы Баянауыл, 1834 жылы Аманқарағай дуандарының ашылуы, қазақтардың шұрайлы жерлері мен жайылымдарының тартылып алынуы мен қысым көрсетудің шектен тыс өрістеуіне қарсы көтерілісті бастаған Қасым сұлтан және оның балалары – Саржан мен Есенгелдінің тағдыры қайғылы аяқталды. Орыс әскерлерінің тықсыруымен Қоқан хандығы иелігіндегі Түркістан, Шу төңірегіне ығысқан Қасым әулеті енді Қоқан тарапынан көмек алуға ниеттенеді. Сол хандықтың Ташкент, Дешті-қыпшақ уәлаяттарындағы қазақтарды да өз жағына тартып, орыс басқыншылығына қарсы күреске жұмылдыруды көздейді.

Алайда бұл Қоқан билеушілерінің мүддесіне үйлесе қоймайтын мақсат еді. Олар өз қарамағындағы қазақтардан айырылып қалармыз, деп қауіптеніп, Қасым балаларының көзін

жоюды ойлайды. Келісім жүргізейік, деген сылтаумен қоқан иелігіндегі шаһар Әулиеатаға (бүгінгі Тараз) шақырады. Қасым сұлтан 1836 жылы өз ұлдары Саржан мен Есенгелдіге жиырма жігіт қосып, сол келіссөзге аттандырады. Ажалдарына жіберген екен. Сол сапарда опасыз жау алдын ала ойластырылған қаскөй мақсаттарына жетіп, оларды зұлымдықпен бауыздап өлтіреді. Қоқандықтар жағынан қонақтарға қызмет көрсетіп жүрген қазақ жігітінің дер кезінде ескертуі арқасында ғана, он тоғыз жасар шұбыртпалы Ағыбай (кейіннен Кенесарының атақты батыры болған) әзер дегенде атына мініп үлгеріп, аман қашып құтылады...

Саржан батырдың ұлт азаттығы үшін күрестің ақ жолында шәйіт болуы, оны қолдаушы халықтың жігерін құм қыла алмады. Ол қаза – оқшау, бытыраңқы қимылдан гөрі, ел болып тұтаса көтерілу қажеттігін, сатқындыққа бейім көрші хандықтардан көмек дәмездің нәтижесі шамалы екендігін де анықтап бергендей еді. Бұл сабақ Саржанның інісі *Кенесары Қасымұлының* (1802-1847) көсемдігімен келесі жылдың жазында басталған, қазақ даласының ауқымды бөлігін қамтыған ірі көтеріліс барысында әбден ескерілді.

Кенесары жастайынан отарлық езгінің бар ауыртпалығын қырға жіберілген қазақ-орыс отрядтарының қуғындауына ұшыраған, ағасы Саржан бастаған көтеріліске қатысқан туыстарымен бірге атамекендерінен ауған дүрбелең жылдар кезінде де әбден бастан өткерген болатын. Сол шақтан-ақ ол: «Алла қолдаса, қазақтардың басын біріктіріп, қайтадан Абылай хан тұсындағыдай дәрежеге жетеміз», деген пікірге бекінген-ді.

Абылай хан бекемдеп кеткен Қазақ Ордасы аумағының тұтастығын, дербестігін қалпына келтіру мақсатын көздеген Кенесары ә дегеннен бұл ойын орыс ұлықтарынан да жасырмайды. Ол Батыс-Сібір генерал-губернаторы П. Д. Горчаковқа жазған хатында: «...*Сіздер біздің атамыз Абылайға тиісті жерлерде дуандар құрып, қазақтардан алым-салық аласыздар, яғни бізді қыспақта ұстап отырсыздар, ал біз бұған наразымыз... Мәселен, Ресейді басқа бір ел басқарса қалай болар еді – міне, сондықтан бізді де түсініңіздер... Енді туған халқымды түгелдей өз жағымға қаратып алу ойымда бар, алайда жалпы қазақтың игілігі үшін, қазақ халқының бұрынғы*



*жағдайда (дербестік, тең құқылық – авт.) қалғаны дұрыс болар еді, онда өз арамызда да тыныштық, сіздермен де өзара бейбіт қатынас орнар еді...»*, деп мәселені турадан қояды.

Кейіннен Орынбор генерал-губернаторы В. А. Обручевке жазған мәлімхатында да осы пікірін әрі қарай жалғап: *«Абылай атамыздан мұра болып қалған Есіл, Нұра, Ақтау, Ортау, Қарқаралы, Қазылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, одан әрі Жайыққа дейінгі жерлер – қазіргі патша тұсында бізден тартып алынып, қаптаған бекіністерге толды. Елдің қонысы мен өрісі тарылып, халық қиыншылықтарға ұшырап отыр. Бұл екі ел арасындағы қатынастардың болашағын ойлаудан туған іс емес, бүгінгі күнмен ғана өмір сүруге саяды; бәріміздің де бұл пәниде мәңгілік тұрмайтынымыз белгілі зой»*, дейді. Орынбордың оған дейінгі губернаторы, өзіне түсіністікпен қарағандай болған граф В. А. Перовскийге жолдаған хатында, одан Ресей императорына, тым құрыса, Қазақстан аумағында бекіністер салуды, қазақ жерлерін басып алуды 35 жылға тоқтата тұруды сұраған тілегін жеткізуді өтінеді.

Әрине Кенесарының келісімге шақырған бұл ұсыныстарының орыс билеушілері тарапынан қолдау таппағаны белгілі.

Саржан көтерілісінің аяқ кезінде орыс әскерлерінен оңтүстікке қарай ығысып, қоқан иелігіне жақын жерлерді өз туыстарымен бірге мекен еткен Кенесары, 1837 жылы атақоныстарына оралып, ұлт-азаттық күресті қайта көтеруге бел байлайды. Кенесарының ең жақын серіктерімен бірге Ақмола дуанына азаттық ұранын үндей келгенін ести салысымен, отаршылдық озбырлық пен аға сұлтан Қоңырқұлжа Құдаймендиннің (Сәмеке хан ұрпағы) зәбір көрсетуінен көп жапа шеккен арғынның қуандығы мен сүйіндігі де Балқаш, Ұлытауға қарай қотарыла көшіп, көтеріліс туының астына жинала бастайды. Қоңырқұлжаның өз қарауынан шығып кеткен алты болыс елді кері қайтармақ болған әрекетінен ештеңе өнбейді. Үдере көшкен халық дуандар таратылып, орыс бекіністері жойылмайынша, атақоныстарына оралудан үзілді-кесілді бас тартады.

Көтерілген ел патша отрядтарына, бекеттерге, орысқа шын берілуімен көзге түскен аға сұлтан ауылдарына шабуылдар

жасауын күннен-күнге күшейте түсті. Кенесарыға 1837 жылдың соңы мен 1838 жылдың басына дейін-ақ Қарқаралы дуанындағы қалың қаракесектің барлық дерлік болыстары қосылды. Округтің аға сұлтаны подполковник Тұрсын Шыңғысұлы бұл жөнінде орыс ұлықтарына *«кей болыстарда қазақтар да қалмады, түгелге жуық көтерілісшілерге көшіп кетті»*, деп мәлімдеуге мәжбүр де болады. Саржан көтерілісіне белсене қатысуымен көзге түскен Көкшетаудың атығайы да өздерінің аға сұлтаны Абайділдамен бірге Кенесарыға бірден ауады. Абайділданың өзі Кенесарыға дем беріп, біраз уақыт қасында болады. Алайда көп ұзамай, бұл кезде алпысты алқымдап шау тартып қалған ол рұхсат сұрап, Көкшетаудағы Абылай, Уәлиден қалған атақоныс хан ордасы – Ханның Қызылағашына қайта оралады. Абайділданың көтерілісшілер ортасында болып қайтқан, ноқтаға бас имес осы жүрісінің өзі орыс өкіметінің сұлтанды итжеккенге жіберуіне жақсы сылтау болды. Омбы әкімдері тарапынан оған «бүлікшіл сұлтанмен» тығыз байланыстар құрғаны үшін деген айып тағылып, Қайынтұраға айдалды.

Бұл дүмпу Шыңғыс Уәлиұлы аға сұлтан боп отырған Аманқарағай дуанын да айналып өткен жоқ. 1837 жылдың соңында осы округтен де екі мыңнан астам бағаналы найман жұрты Кенесарыға барып қосылды. Баянауыл округінің Шоң мен Шорман билерден кейін сайланған аға сұлтаны Маман Абылайұлы төре де көтерілісшілерге бет түзеген төртуыл руларын ұстап тұруға шамасы жетпеді. Жоғары ұлықтар осыдан кейін Маманды қолынан ел басқару келмеді, деген сылтаумен қызметінен алып тастап, орнына Бопы Тәтенұлы төрені, одан кейінгі жылдары айдабол Боштай Тұрсынбайұлын, бәсентіін Бердәлі Қазанғапұлын тағайындаған еді.

Кенесарының Батыс Сібір әкімшілігімен мәмілеге келу жөніндегі ұсыныстары аяқсыз қала бергені, оны бекіністер мен бекеттерге, өзіне қарсы аға сұлтан ауылдарына шындап шабуыл жасауға мәжбүр етті. 1838 жылдың басында ол Ақмоланың аға сұлтаны, подполковник Қоңырқұлжа Құдаймендин мен оның туыстарының ауылдарын шауып, 12 мың жылқысын айдаттырып алды. Әпкесі Бопай бастаған 200-дей адамнан тұратын жасақ Уәли хан тұқымдарының ауылдарына да бірнеше рет шапқыншылық жасады. Ол бірде Аманқарағай дуанынан көп мал

куып әкетсе, келесіде Сырымбеттегі Айғаным ордасын шауып, қоймасының есігін бұзып, ондағы қымбат мүліктерді, кілемдер мен елтірілерді, көп азық-түлік қорын алып кетті.

Күннен-күнге ауқымы кеңейе түскен көтеріліс патша әкімшілігін де біраз әбігерге салды. Елге жазалаушылар отрядтары шығарылды. Бірақ олар көбіне Кенесары сарбаздарымен шайқасудан гөрі, оның туыстарының ауылдарын шауып, жазықсыз, бейбіт елді қырғынға ұшыратқан, қыруар мал мен дүние-мүлікті тонаған жауыздықтарымен танылды. Тарихи деректерде 1836 жыл мен 1840 жылдар аралығындағы бес жылда ғана Кенесарының өз ағайындары болып келетін 1635 адамынан өлідей айырылғаны, 220 адамының тұтқындалғаны жазылып қалған. Қарусыз жұртқа қынадай тиюде әсіресе әскери старшина Иван Карбышев пен аға сұлтан Қоңыркұлжа бастаған жасақтар ерекше көзге түсті. Бұл халықтың ашу-ызасын одан әрі өршітті.

Кенесары сарбаздарының 1838 жылдың 7 тамызы күні Ақмола бекінісіне шабуыл жасауы да сол кекті өшпенділіктен туындаған қарулы қарсылықтардың елеулісіне саятын.

Айналасына терең ор қазылып, мықты құрсанған қамалға шабуыл таң ата басталды. Бірден бұзып-жарып өтудің қиын екені белгілі. Сондықтан да әуелі садақшылар бекініс ішіне қарай ұштарына от тұтатқан жебелерді заулатты. Көп ұзамай ағаштан қиылып салынған үйлер өртке оранған. Солдаттар лаулаған өртті өшіруге ұмтылған кезде, Кенесарының Басығара, Ағыбай, Иман және Наурызбай батырлар бастаған сарбаздары лап қойып қамалға кірді. Табан тіресе қикаласқан шайқас ымырт үйірілгенше созылды...

Бұл шабуылдан кейін Батыс Сібір губернаторлығының Кенесарыны ұстау әрекеттері күшейе түсетіні мәлім еді. Сондықтан да ол көтеріліске қосылған ел-жұртпен бірге Омбыдан алыстау, өзін әу бастан қолдаған қалың бағаналының қонысы Ұлытау аймағына, Орынбор губернаторлығына қарайтын Торғай, Брғыз өңірлеріне ығысуды ойлайды.

Соның алдында ғана ол Орынбор әкімшілігінің отаршыл озбырлығына қарсы Кіші жүздің табын, жағалбайлы, жаппас рулары және торғай қыпшақтары мен арғындарының қарулы көтерілісіне жетекшілік етіп отырған Жоламан Тіленшіұлына өз адамдарын арнайы жіберіп, біріге күрес жүргізу туралы

ұсынысын білдірген болатын. Ол да Абылай баһадүрдің немересі бастаған Орта жүз қазақтарының азаттық күресіне елендеп отыр екен, қостаған пейілін білдіріп, егер қуғындау күшейіп бара жатса, Ұлытаумен шектес Торғай жағына өтіп қоныстанудың мүмкіндігі бар екенін жеткізген.

Кенесары да бұл ойды құп көрген. Өйткені ол аймақтар екі губернаторлық орталығынан да жырақ орналасқандықтан, стратегиялық жағынан тиімді болатын.

Тарихи деректер көтеріліске қатысқан Орта жүз руларының ол жақта Ұлыжыланшық, Қараторғай өзендерінің алаптарына, біразының Ырғызға қарай беттеп барып жайғасқанын алға тартады. Ал Кенесары ордасының өзі Қараторғай маңында орналасқан еді. Осы жерде оған Жоламан батыр келіп қосылады.

Кенесары Батыс Сібір губернаторлығының қарамағындағы аумақтан кетіп, Орынбор әкімшілігінің аясына көшіп келгеннен кейін сол аймақтың губернаторы граф В. А. Перовскиймен мәмілегерлік келіссөздер жүргізуге кіріседі. Сібір басшылығы тарапынан түсіністік таппағанын, қуғыннан басқа ештеңе көрмегендігін айта отырып: *«Ресейдің қорғауында болуға қарсы еместігін, бірақ Абылай заманындағыдай, саяси тәуелсіздігіміз бен жеріміздің тұтастығын сақтауға мұрдат берілсе екен, қазақ жерінде елдің өкпесін қысатын округтер ашу тоқтатылса екен»*, деген тілегін патша ағзамға жеткізуді өтінеді.

Иі жұмсақтау Перовский де онымен тіл табысып, туындаған қайшылықтарды бейбіт жолмен келіссөз арқылы шешуді жөн көреді. Орынбор губерниясында қарулы қарсылықтар жасамау туралы уақытша бітімге келеді. Кенесары да өз тарапынан орыс ұлықтары мен патша қаперіне салынған мәселелер бірте-бірте шешімін табар, деген үмітке емексиді.

Қалай дегенде де осы уақытша бітімнің арқасында 1840-1842 жылдар аралығы көтерілісшілер үшін орыстың жазалау отрядтары қуғындамаған, тыншу бір кезең болған еді. Алайда Батыс Сібір әкімшілігі әскерлерінің Кенесары туыстары мен оның жағына өткен ауылдарды шауып кетуі тоқтаған жоқ. Соған орай жеке қақтығыстар ауық-ауық туындап тұрды.

Осы саябыр шақта Орта жүз ғана емес, Кіші жүз руларының да азаттық күресіне басшылық жасаған Кенесарының Қазақ

ұлысын қайта көтеруге деген ұмтылысы халық тарапынан құпталып, ол 1841 жылдың күзінде, сол Торғай жерінде барша ел таныған көсем ретінде ата салтымен ақ киізге салынып, *хан көтерілді*.

Кенесары сол тұста күнгейдегі Қоқан мен Бұхар хандықтары арасында жүріп жатқан соғысты да назарда ұстап отырды. Өйткені Абылай заманынан кейінгі келте хандар билігі кезінде Ұлы жүздің бір бөлігі, Сырдария, Шу, Сарысу алаптарын – Қоқан хандығы, Сырдың төменгі ағысы, Арал мен Үстірт өңірлеріндегі қазақ қоныстарын – Хиуа хандығының жаулап алғаны да оның ішінде жатқан бір шеменге саятын. Сол өңірлердегі қазақтарды да баһадүр атасы секілді, бөтеннің ноктасынан босату ойында жоқ емес. Әрі ана жылы ағалары Саржан мен Есенгелдінің Қоқан хандығы атынан қазақтарға билік жүргізетін Ташкент құшбегінің пәрмені бойынша опасыздықпен өлтірілгені де жүректі қан жылатқан кекке айналған.

Сол себепті де Кенесары хан Бұхар әмірі Насрулладан Қоқанға қарсы әскери қимылдар бастауды сұраған хабар жетісімен, төрт мың адамдық жасақпен Ташкентке қарай бет алды. Жолшыбай қоқан әскерлері тұрған Ақмешіт, Жөлек, Жаңақорған, Созақ қамалдарын басып алады. Ташкент құшбегі жеңілгенін мойындап, қазақ ханымен одақтасу жөнінде ұсыныс жасауға мәжбүр болады. Бірақ Кенесары ол келісімнен бас тартып, қазақтарға тиісті жерді қайтарып беруін талап етеді.

Осы жорықтан кейін оның беделі ел арасында одан әрі көтерілді. Бұхар әмірі оны қазақтың дербес ханы ретінде таныды. Дегенмен бұл орыс билігіне еш ұнамайтын әрекет еді. Олар патша құзырына бағынышты сұлтанның оңтүстіктегі хандықтармен өз бетінше байланыстар жасап, әскери қимылдарға қатысып жүргенін жарата қойған жоқ. Тез орыс шекарасы аумағына қайту туралы пәрмен түсірілді. Осының өзі де Кенесарыға ол үміт еткен азаттық алу мәселесінің ауылы алыс екенін аңғартқан, қазақтың соңғы ханын іштей күйзелткен зәбірлі жағдаятқа саятын.

1842 жылдың басында Орынбор басшылығында көтерілісшілердің алдағы тағдырына қатысты мәселенің басын ашатын өзгерістер жасалды. Перовский кері шақырылып алынып, оның орнына генерал В. А. Обручев тағайындалған. Ол

Перовский сияқты мәселені бейбіт түрде мәмілелесіп шешуді жақтамайтын адам еді. Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаковтың көптен күткені де осы болатын. Қос губернатор өзара келісе отырып, Ресей патшасы І Николайға Кенесарының тұтас армиясы бар, Орынборға шабуыл жасауға дайындалып жатыр, деген ыңғайдағы өтірік баянат жолдайды. Сол себепті де бүлікшіл сұлтанды жою үшін екі жақтан бірлескен жорықтарды дереу бастамаса болмайтынын айтып, император ағзамның рұқсатын алады. Кенесарының басын әкелген адамға 3000 сом сыйлық беру мәселесі де сол рұқсатпен шешіледі.

Алайда 1843 жылдың жазында басталып, көтерілісшілерді екі өкпеден қысып жойып жіберуді көздеген бұл жорық ол жолы нәтижесіз аяқталды. Кенесары хан қарулы қақтығысқа көп бармай, түздік жұрттардың кең далада қолданатын әскери әдіс-айлаларын кеңінен пайдалана отырып, құтылып кетіп жүрді. Соңынан ерген орыс отрядтарын сансыратып, күштерін сарқытып, ақыры күздің суық жаңбырына ұрындырып, амалсыз кейін қайтуға мәжбүр етті.

Сол жылдың соңында Кенесары шәйіт ағасы Саржанның баласы Ержанмен бірге 3500 сарбаздан тұратын жасақты бастап, Ойыл өзенінің бойында отырған, жазғы жорықта орыс әскерлеріне қалың қолмен келіп қосылып, үлкен көмек көрсеткен Орынбор қазақтары *Орта* бөлігінің басқарушы-сұлтаны Арыстан Жантөриннің (*Кіші жүз ханы Жантөре Айшуақұлының баласы, Әбілқайыр ханның шөбересі*) ауылын шапты. Оның 5500 жылқысын, 3500 түйесін, 970 сиырын және 7000 қойын айдап әкетті. А. Жантөрин шекара шебінен көмекке келген 500 орыс әскерімен бірге Кенесарының соңына түскенімен жете алмады. Әрі бір жағынан, оның күші басымдығынан да қаймықты.

Келесі 1844 жыл Кенесары хан отбасысы үшін қиын оқиғалармен басталды. Наурыз айының ортасында (ескіше күнтізбемен ақпанның 27-сі) Сібір қазақтары шекаралық басқармасының арнаулы тапсырмалар жөніндегі шенеунігі Александр Сотников басқарған әскери отряд, Кенесарының өз жасағымен Ұлытаудың шығысындағы Сарыкеңгір бойында жүргенін естіп, оның Жездікеңгір өзенінің Қаракеңгірге құяр маңындағы Ақши жазығында отырған ауылдарын шапты. Кенесарының бәйбішесі Күнімжанды өздерімен бірге тұтқын

етіп ала кетті. Сотниковтың жоғары ұлықтарға хан ауылын қалай шапқаны, қарусыз елді қалай қырғаны туралы тәптіштеп жазған мәлімхатын оқыған кезде жүрек сыздамауы мүмкін емес.

Атты отряд хан ауылына он бес шақырымдай жер қалған кезде, оң жақ қапталдан әрірек тұста төлеңгіттердің отыз шақты үйден тұратын ауылын көреді. Сотников отрядтың жүрісін тежемей, урядник Смирновты жиырма казак-орыспен сол ауылға аттандырады. Өздерімен бірге жүрген қарулы қазақтарды алдарына көлегейлеп, солардың тасасымен келе жатқан әскерді ауылдағылар байқамай қалады. Елу шақты төлеңгіт оларды өзіміздің адамдар ғой деп, қарсы алу үшін алдарынан шыққан кезде, өздеріне қарай жаңбырдай төпеген оқтан эп-сәтте қырғынға ұшырайды. Жараланып аттан құлағандар мылтық сүңгілерімен өлтірілді...

*«Бұл кішігірім жеңіс жорық азабынан шаршап келе жатқан казак-орыс әскерлерінің еңсесін көтеріп тастады, олардың бойындағы жауды жусатуға деген құлшынысын оятты. Жолай көзге түскен тағы үш ауыл да осындай кепке ұшырады... Олардың әрқайсысына атты взводтар кезектесе бұрылып барып, қырып салумен болды. Взводтарды осылайша ауыстыра пайдалану арқылы біз әскер қатарына жақында ғана келген жауынгерлердің барлығына да қаруларды қалай қолдануды іс жүзінде байқап көруге, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік әпердік. Және аталған ауылдарды жою отрядтың негізгі легінің жүріс екіні бәсеңдетілмей, сол жортып келе жатқан күйінде атқарылып жатты. Есаул Рыбиннің бұйрығымен екі қапталға жіберілген взводтар істерін жедел аяқтасымен, қайтадан соңдарымыздан шапқылай жетіп қатарымызға қосылып отырды», – деп жазады Сотников.*

Адам өлімін шыбын ғұрлы көрмейтін қанишерлік мұнымен де тоқтаған жоқ. Отряд Ақши жазығының желкесіндегі дөңге шыға келгенде, ұзындығы қырық, ені жиырма шақырымдай аумақта жатқан елу шақты ауылды көрген. Күнімжан бәйбішеге қарасты ең үлкен ауыл үш шақырымдай жерде екен. Ханның балалары мен бағалы мүліктері сол ауылда деп есептеген Сотников түйеге артып келген зеңбіректерін алға шығарып, отрядты бір сапқа топтастырады да, айналасын өздерімен бірге келе жатқан Кенесарыға қас сұлтандардың адамдарымен

көлегейлейді. Қолдарына қазақтардың туын ұстатады. Содан соң үлкен ауылға қарай бет алады.

Қамсыз ел оларды жорықтан оралған Кенесары екен деп ойлайды. Ханды қарсы алу үшін маңайдағы ауылдардың адамдары да үлкен ауылға қарай асыға беттейді. Ханның үш ұлы тез жиналып үлгерген бес жүз адамды сондарынан ерте бұлардың алдарынан қуана шауып шыққан. Олар жақындай бергенде, қазақтарды тасалана жылжыған отрядтың алдыңғы қатары ашылып, алаңсыз жұртқа қарсы зеңбірек пен мылтық оғы қардай бораған. Қаперінде ештеңе жоқ ел әуелде не болғанын түсінбей абдырап қалған. Ат үстінен топырлап құлап жатқан кісі, жанұшыра кісінеген жылқы... Сойқан қырғынға ұрынғандарын байқап үлгерген жұрттың біразы аттарының басын кейін қарай бұрып қашам дегенше, топ ортасынан қылыштарын жалаңдата қаптай шапқан казактар талайын шауып та тастаған. *«Бес жүздеі адамның үштен бірі ғана, олардың арасында Кенесарының үш баласы да бар, аман құтылды, қалғанын қырып салдық... Отряд жақтан ешкім қазаға ұшыраған жоқ. Бірер казак ғана жеңіл найза жарақатын алды»*, деп мақтанады өз баянатында Сотников.

Отрядтың қарусыз жұртты қыруы мұнымен де тоқтамайды. Есаул Рыбин басқарған казак-орыстар Күнімжан бәйбішенің үлкен ауылынан басқа ауылдардың бәрін тып-типыл өртейді, тонайды, қарсылық көрсеткендерді қылышпен, мылтық сүңгісімен жайратады. Жазалаушылар тіпті Кенесарының кіші тоқалынан туған төрт айлық нәрестені де аямаған. Сол баянатта күнәсіз сәбидің қарны мылтық сүңгісімен түйрелгені де айтылады...

Кенесары осы сұмдық сойқаннан кейін де қарулы қарсылыққа бірден шыға қоймайды. Іші қан жылай жүріп, патша тарапынан бір мейірбандық болар деген күдерін үзбейді. Бәйбішесін тұтқыннан босатуды ойлап, әрі Омбы ұлықтары жасаған жөнсіз қырғынды Орынбор басшыларына ғарыз ғып жеткізбек болып, Ырғыз бойына қарай көшеді. Алайда бұл кезде Орынбор мен Батыс Сібір әкімшіліктерінің көтерілісшілерді тұстұстан қоршауға алуды көздейтін бірлескен қимылдары басталып та кеткен болатын. Бірі Ұлытау, екіншісі Тобыл, үшіншісі Орқамалы жақтан шыққан отрядтар Кенесарыны ортаға қусыра



отырып жойып жіберуді жоспарлаған.

Ор бекінісінде жасақталған 1600 адамдық отрядты бастаған полковник Лебедев өзіне Тобыл жақтан шығып, Өлкейек өзені бойымен келіп қосылған Орынбор қазақтары *Шығыс* бөлігінің әкім-сұлтаны Ахмет Жантөриннің *(қазақтың аға ханы болған Қайыптың баласы Батыр ханның шөбересі. Тобыл мен Әйет атырабындағы елді билеген Жантөре Жиһангерұлы сұлтанның ұлы)* сарбаздарымен бірге Ырғыз төңірегінде жүрген Кенесарыны қолға түсірмек болып біраз әрекеттенді. Бірақ көтерілісшілер көсемінің әдіс-айласы олардан әрдайым асып кетіп отырды. Әрі Терісаққан, Арғанаты жағынан құрсауға тиіс Сібір отрядының белгіленген мерзімде уәделі жерге жете алмауы да Кенесарының еркін қимылдауына, Ұлытау қойнауына өтіп кетуіне мүмкіндік әперген. Омбы отряды тарапынан бірлескен жоспардың бұзылғанын білгеннен кейін Лебедев те қуғындаудың пайдасы жоқ деп шешіп, маусымның басында Орға оралғанды жөн көреді.

Ойлағандары орындалмай шекара шебіне қайтып келе жатқан ашулы Лебедев отряды жолай кезіккен, Кенесарыны қатты қолдаушылардың бірі деп естіген табын Байқадам бидің ауылын шауып, тонап кетеді. Оған да дәл наурыз айындағы хан ауылын ойрандағандай зорлық-зомбылық, қырғын жасалады. Кенесарының сол жылдың күзінде Орынбор шекара комиссиясының бастығы боп жаңадан тағайындалған, бұрыннан білетін генерал-майор М. В. Ладыженскийге (ол бұған дейін Сібір қазақтарының шекара бастығы (1838-1840), Тобылдың азаматтық губернаторы (1840-1844) міндеттерін атқарған) жазған хатына қарағанда, ол осыдан кейін ғана келісімнен күдер үзіп, жаудан шындап кек алуға кіріскен. *«...Законшы Сотников ауылымызды шауып,.. Күнімжан атты бір ханымызны ұстап алып кетті. Сібірнің бұ қылған істерін Орынборғағы тұрған үлкенлەرге ғарыз қылармыз деп Ырғыз бойына келгенімізде... отряд алдымыздан шығып, біздің жанымыздағы Байқадам батырны шауып алып кетті. Мұнан соң құдайдан рақым болмаса, орыстың үлкенләрінен мархаматшылық жоқ екен деп, біз һәм біраз мұнша іс қылғанларымызның себебі сол еді»,* – деп түсіндіреді ол өзінің жаз айынан бастап қана шешімді қимылдарға баруын. Сонда да әлі бітімнен қашпайтындығын білдіреді: *«Бұрынғы Орынбордағы үлкенләрінен үмітімізні үзін*

*едік. Сол уақытта сізні келіп Орынборға түсті деп естігеннен соң, мұнша ғарызымызды сізге айтып мағлұм қылдық. Сізден бұрынғы орыстың ұлкенләрiнен зорлықтан басқа мархаматшылық көргенiмiз жоқ. Ендi сiзден мархаматшылық болар деген үмiтiмiз бар. Бiзнiң бұл ғарызымызны падишаһқа жеткiзiп, бiзнiң өмiрiмiзнi өзiмiзге қайтарып алып берсеңiз, орыс, қазақтың көз жасының сауабына қалар едiңiз», дейдi хан.*

Кенесарының өзі айтқандай, оның шешiмдi қимылдары негiзiнен шiлденiң соңында ғана басталған едi. Соның алдында Орынбордың әскери губернаторы Обручев көтерiлiсшiлердi жою туралы жоспарланған iстi аяғына дейiн жеткiзбедiң, Ұлытау жақтан келетiн Омбы отрядын күте тұрмадың, деген айып тағып, Лебедевтi орнынан алып тастаған болатын. Оның орнына тағайындалған полковник Дуниковский тағы да Ахмет Жантөрiннiң жасағын қосып алып ханға қарсы жаңа жорықты бастаған.

Сол жорық Ахмет төре жасағы үшін аса ауыр жеңiлiспен аяқталды. Кенесары өздерiнiң соңына орыс әскерiмен бiрге түсiп жүрген сұлтан-правительдiң жасағын тас-талқан етiп күйретедi. Өлкейек өзенiнiң маңында қонып жатқан оның қосынына түн iшiнде шабуыл жасап, сол шайқаста қарсыласқандардың көбiн мерт етедi. (Ахметтiң өзі сол түнi науқастанып қалуына байланысты жасақпен бiрге болмаған едi). Деректерде шiлденiң 20-сынан 21-iне қараған түнгi осы қырғында 44 сұлтан көз жұмды деген мәлiмет жазылып қалған. Сонша төренiң бiр жасақ құрамында жүргенi сенiмсiздеу. Бұл шамасы, әскери баянатқа қате түскен дерек болуы керек. Ол санды тек сұлтандарға ғана қатысты емес, барлық қаза тапқандардың мөлшерiне сайған дұрыс секiлдi көрiнедi. Сол деректерде орыс әскербасыларының қазаққа деген аяр пиғылдары да хатқа түсiптi. Жасақтың әупiрiммен аман құтылған бөлiгi, олардан үш шақырымдай жерде ғана орналасқан полковник Дуниковский әскерiнiң қазақтардың бiрiн-бiрi қырып жатқанын, мылтық үнiн, жан дауыстары шыққан айқай-сүреңдi ести тұра, босқа жусап қаламыз ба деп қорқып, қазақ қосынына көмекке келмегенiн де айтыпты. Әрине, бұл жерде орыс полковнигiнiң «бiрiң өлiп, бiрiң қал» мүддесiн ұстанғаны әбден анық.

Осыдан кейiн Дуниковский отряды мен Ахмет сұлтан

жасағының аман қалған бөлігі Ақкөл көлі маңында генерал-майор Жемчужников бастап келген Омбы әскеріне қосылғанымен, бұл кезде Кенесары Мұғалжар тауының батыс беткейіне сытылып кеткен еді. Сол жақта жүріп, кейіннен орыс басылымдары жазғандай, «отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын сұлтан» тамыз айының соңында шекара шебі маңындағы Адырлы (Екатеринск) бекінісіне шабуыл жасап өртеп жібереді, 40 адамды тұтқынға алып, көп мал айдап әкетеді...

\* \* \*

Кенесарының азаттық күресіне қатысты деректерді бұлай тәптіштеп айтып жатуымыздың да мәнісі жоқ емес. Өйткені біз айтып өткен, алдағы беттерде қаламға ілігетін, қазақтың соңғы ханына қарсы шығушылар мен қолдаушылар ішінде Уәли хан баласы Шыңғыс пен оның туыстарына басқа қырынан келіп жанасатын, он-он бес жылдан кейін Шоқанның өзі тікелей кездесіп, араласатын тұлғалар да бар.

Шыңғыс қанша дегенмен, Кенесарының немере інісі, дәл сол сияқты Абылайдың тұқымы, әрі Абайділданың туған бауыры. Патша тарапынан бір округтің аға сұлтаны болып отырғанымен, Қоңырқұлжа, Ахметтер сияқты Кенесарыға қарсы күресте көзге түсе қоймаған түрі бар. Екі оттың арасында қалғандай күй кешкенімен, әліптің артын бағыңқырап, көтерілісшілерді қуғындау шараларына аса құлықтылау бола бермегендей. Кенесары да оны өкімет орындарына жазған хатында өзі атап-атап көрсеткен Қоңырқұлжа Құдаймендин, Құлжан Көшекұлы, Аққошқар Кішкентайұлы, Ахмет Жантөрин сияқты қас дұшпандарының қатарына қоспайды.

Әрине Шыңғыстың шеттеңкіреп, томаға-тұйық қалғысы келген бұл тірлігі орыс ұлықтарына ұнамайтыны, олардың тарапынан сенімсіздік көзқарас тудыратыны да белгілі. Мұны Кенесары күресі өршіген 1839 жылы оның атына жіберілген зілді хаттардан да аңғаруға болады.

Алдымен бір жыл бұрын ғана көтерілісшілер өртеп жіберген Ақмола қамалында әскерлерге басшылық жасап жүрген Сібір қазақтарының шекара бастығы, полковник М. В.

Ладыженскийден (оған кейіннен Кенесарының хат жазғанын әлгінде айттық) хабар жетті. «Қырда дүрбелеңнің күшеюіне байланысты, Сіздің дуан орталығында болуыңызды қажет деп тауып, әрі мұны өз қызметіңіздің де міндеттейтінін еске сала отырып, мен Сізге осы бұйрықты алысымен, приказға келуіңізді талап етемін», делінген еді онда. Ладыженский осы бұйрықпен бірге Аманқарағайдың аға сұлтанына жәрдемші ретінде тағайындалған отряд бастығына да қатынас жіберіп: «аға сұлтан Уәлиев округ орталығына келісімен, оған құпия түрде сырттай қатты бақылау жасап жүріңдер» деп тапсырма берді.

Аға сұлтанға сенімсіздік туралы хабар желдей ұшып, Омбыға да жеткен. Сәл күннен кейін Шыңғысқа Батыс Сібір генерал-губернаторы, дербес Сібір корпусының командирі, генерал-лейтенант П. Горчаковтың өзінен сұсты бұйрық келіп түсті. Онда губернатор: «Менің атыма келіп түскен мәлімхаттарға қарағанда, Сіз, мархабаттым, әскери басшылар және Сібір қазақтарының шекара бастығы қанша шақырса да, бүкіл жаз бойы орыс әскерлерінің қасында болудан, жол көрсететін адамдар жіберуден және Жарқайың отрядында Сіз тарапынан болатын адамдарды жіберуден қашқақтап жүрген көрінесіз. Сіз бұл қылығыңызбен император ағзамға адал және иын ынтамен қызмет етіп жүргеніңіз жөнінде күдік тудыруға мәжбүр етіп отырсыз әрі мен мұндай күмәнді тірлігіңізге төзе алмайтынымды хабарлағым келеді. Сондықтан да енді бұлталақтамай, Жарқайыңға өзіңіздің жеке жауапкершілігіңізге жүктелетін ең сенімді 50 адамды жіберуіңізді талап етемін, тағы да үстеп айтамын, артық сыпайлықтың кезі өтті және олай болмаған жағдайда, маған тек Сіздің орныңызға сенімділеу адам тағайындағаннан басқа амал қалмайды», дегенді ерекше зілмен қаперге салған.

Осыған қарағанда Шыңғыс әуелде Кенесарыны қуғындайтын жазалаушы отрядтарға жол көрсетушілер мен адамдар қосудан біраз қашқақтаңқыраған сияқты. Әрі жоғары ұлықтардан келген ол бұйрықтардың сарынынан Батыс Сібір мен Орынбор губернияларының шекарасында жатқан Аманқарағай дуанына көтерілісшілер жасақтарының жақын жүргенін де аңғару қиын емес.

Дуан аумағында сол дүрбелеңнің екі-үш жылдай тарамағаны Сібір қазақтары шекаралық басқармасының арнаулы тапсырмалар жөніндегі шенеунігі Александр Сотниковтың 1842 жылғы «Одесский вестник» газетінде жариялаған *«Орта жүздің марқұм әміршісі Уәлиханның баласы, сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың ауылы»* атты мақаласынан да байқалады. Автор шілде айында Есіл өзені алабындағы жазғы жайлауында отырған аға сұлтан ауылының түн мезгілінде де көтерілісшілер шапқыншылығынан сақтанып ұйқысыз өткізетін мазасыз қалпын суреттейді. Уақыт өткізу үшін киіз үй ішінде балауыз шам жарығымен карта ойнап, оқта-текте тәжікелесіп қалса да, өз нөкерлерінің жақтасуымен казак-орыс офицерін қайта-қайта ұтып, соны ду-ду күлкіге айналдырған Шыңғыс сұлтан пен оның нөкерлерін, бір шетте домбыраға қосылып Саржан сұлтанның ерліктері мен қайғылы қазасы туралы мұңлы жыр термелеген қазақ жігітін, сырттағы малшылардың түн тыныштығын бұза ауық-ауық айтақтап қоятынын сипаттай отырып, дуан ішіндегі қауіпті ахуалды, жалғыз-жарым шетке шыққан казак-орыс әскері арасында көтерілісшілер қолынан қаза тауып жатқандары бар екенін де сөз етеді.

Дәл осы Сотников бір жарым жылдан астам уақыттан кейін Кенесары ауылдарын ойрандап, Күнімжан бәйбішені тұтқындап алып кеткен отрядты да басқарған болатын. Сол қырғыннан екі ай бұрын ғана ол ханға, бұдан былайғы жерде өзара тыныштық сақтауға, бітімде болуға шақырып, осы мәмілеге келіскеннің белгісі ретінде 1842 жылы Шыңғыс Уәлихановтың ауылынан көтерілісшілер қуып әкеткен 500 жылқыны қайтаруды сұраған хат та жолдаған. Орыс ұлықтарының бұл хатты жіберуінің аржағында да жымысқы әрекет жатқаны артынан мәлім болды. Олар осылайша жорта келісім жасауға шақыру арқылы Кенесарының қырағылығын әлсіретіп, өздері әуелден орайластырған хан ауылына қыс мезгілінде қапыдан соққы беру жорығын жүзеге асырған еді.

Тарихи деректерде осы Сотниковтың түрк тілдерін білгендігі, қазақтардың құқықтық әдет-ғұрыптары мен шежірелерін жинағандығы да айтылады. Шыңғыспен жұмыс бабында жиі кездесіп те тұрыпты. Аға сұлтан шаңырағымен оның інісі, Қазан университетінің күншығыс факультетін бітірген,

шығыстанушы Аполлон Сотников та тым жақын қарым-қатынастар құрыпты. Ол да ағасы еңбек еткен Омбыдағы Сібір қазақтары басқармасында 1842 жылдан бастап хатшы болып жұмыс істепті. Тіпті жаз сайын Шыңғыс ауылына арнайы қыдырып келіп, қазақша киініп жүретін дағдысы да болыпты. Шоқан Омбыдағы кадет корпусына түскеннен кейін, бұрын алысқа ұзап көрмеген ауыл баласы туыстарын сағынып жабырқамасын деп, оны алғашқы жылдың демалыс күндерінде өз үйіне алып кетіп, шәкірт баланың көңілін аулап та тұрған көрінеді.

Кенесары қолынан ойсырай жеңілген, Орынбор қазақтары Шығыс бөлігінің әкім-сұлтаны Ахмет Жантөриннің де Шыңғыс пен Шоқанға аралас-құраластық тұрғыда қиылысатын тұстары бар. Ахмет те Жәдіктен тарайды, Тәукеден кейін қазақтың аға ханы болған Қайып ханның тұқымы. Сол аға ханнан – Батыр сұлтан. Батырдың баласының аты да Қайып, ол Хиуаны, Арал маңы қазақтарын биледі. Оның ұлы Жиһангер (Жәңгір) де аз уақыт Хиуаның ханы болды. Сол Жиһангердің баласы Жантөре – Тобыл мен Әйет алабындағы руларға билік жүргізді. Жантөреден – Мұқан, Ахмет, Махмұт, Зұлқарнай сұлтандар. Ахмет пен Шыңғыстың қарамағындағы дуандар бір-бірімен шекараласып жатыр. Өзара біліс-таныс. Жастары шамалас. Екеуі де көзі ашық, орысша сауатты. Ахмет орысшаға тіптен жүйрік. Орыс газеттерін, орыс жазушыларының шығармаларын үзбей оқиды. Қазақ даласының тарихына қатысты ғылыми әдебиеттерге қызығады. Оның қазақтың дәстүрлі құқықтары туралы жазғандарын орыс зерттеушілері кәдеге жаратып отырады. Төңірегінде ақындар мен әншілер көп жүреді. Олар жырлаған киссалар мен жырларды жазып алумен айналысады.

Шыңғыс осындай беделді хан тұқымымен құдандалық байланыс құру мақсатын көздеп, баласы Шоқанға Ахметтің 1842 жылы туған қызы Ғазизаны да айттырған. Алайда Шоқанның соңыра оған үйленуге құлық танытпағаны белгілі.

Шоқанның кейінгі тағдырында да Кенесарының ұлт-азаттық көтерілісіне әр тұрғыдан қатысы болған адамдармен ұшырасқан тұстар кездеседі. Ұлы ғалым Жетісу жаққа саяхаттармен барған кездерінде содан он-он бес жыл бұрын ғана қазақтың соңғы ханымен өмірлері тоқайласқан адамдармен

жүздесті. Ұлы жүздің белгілі адамдары – Рүстем төремен, әйгілі шежіреші Диканбай бимен, Сұраншы, Байзақ, Сыпатай, Байсейіт батырлармен дидарласты. Кенесарының түбіне жетуге белсене араласқан қырғыз манаптары – Жантай, Жанқараш, Төрегелді, Боранбайлармен жолдары түйісті...

\* \* \*

Қазақ тарихындағы орыс отаршылдығына қарсы Кенесары бастаған ірі ұлт-азаттық көтерілісі ақыры жан-жақтан қысқан құрсауға төтеп бере алмады. 1843 жылы тұрғызыла бастаған Ұлытау бекінісіне қоса, 1845 жылы Орынборға қарасты аймақта – Торғай бойындағы Тонқайма өткелі және Ырғыз өзеніндегі Жармола өткелі аузынан тағы екі қамалдың орнауы (олар кейіннен Торғай және Ырғыз бекіністері деп аталды), Кенесарыға қосылған ауылдардың көші-қонын шектеп, тыпыр еткізбейтін жағдайға душар етті.

Содан кейін хан орыс әскерінің құрығынан сыртқары жатқан қауіпсіздеу Жетісу жаққа көшуді ойлаған. Сол аймаққа табан тіреу арқылы Қоқан хандығының қоластында жатқан қазақ руларын өз жағына шығарып алуды көздеген. Ұлы жүздегі беделді сұлтан Рүстем Аспандиярұлына елшілер жіберіп, сол жаққа көшпек ниетін жеткізеді. Рүстем төре 1821 жылғы Қоқан езгісіне қарсы Түркістан, Әулиеата, Шымкент, Сайрам қалалары аумағын қамтыған көтеріліске жетекшілік еткен адам ретінде мәлім. Саны көп қоқан әскерінен жеңіліске ұшырағаннан кейін Жетісуға ығысып, Түрген, Талғар маңына қоныстанған Рүстем бұл жаққа келген соң да қарсылығын тоқтатпаған. Бекініс салған. 1832 жылы Қаскелең өзені бойына зекет жинауға келген қоқандықтарды қырып салып, біраз уақыт Қарқара жағында бой тасалап жүріпті. Жетісу орыстарға қарай бастағаннан кейін қонысына қайта оралған. Кенесарының Қоқанға бағынышты боп жатқан қазақтарды құтқарамын деген мақсаты, осы бағыттағы күреске біраздан араласып жүрген Рүстем төренің ойымен де дөп шыққан. Ол Кенесарының Шу, Іле бойына қоныс аударуына қарсы болмайды, тізе қоса тірлік кешуге дайын екендігін айтады. Қазақ ханының Жетісуға келуіне Ұлы жүздің белгілі тұлғалары Байзақ, Құдайберген датқалар, Тойшыбек, Белқожа, Медеу

билер, Сыпатай, Андас, Саурық, Сұраншы және басқа батырлар мен билер тарапынан да қарсылық көрсетіле қоймайды. Олар Үйсін жеріне ордасын тіккен Кенесарыға өз тарту-таралғыларымен жетіп, атақты хан тұқымына деген бейіл-құрметтерін білдіреді.

Шапыраштының ақиық ақыны Сүйінбай: *«Алдына дабыл өңгерген, артына сауыт бөктерген, Кенекем келді алыстан. Ақауызы арқырап. Ақ сауыты жарқырап, жауар бұлттай түйіліп, найзасын көкке үйіріп, наркескені жарқылдап, Наурызбай келді арыстан. Жауды көрсе қуанған, алмасын қанға суарған, табыннан шыққан Бұқарбай, ту ұстаған Ағыбай, жортуыл жолды Бұғыбай, жалаң қылыш байланған, жау қайда деп сайланған, батырлар келді Қордайға... Кенесары келген соң, өңкей ерді көрген соң, ерлігін жаннан асырған, бес қаруын асынған, келді Саурық, Сыпатай, жас Байсейіт, Сұраншы, келді бәрі қалмастан. Кенесары алдында, өңкей көкжал бас қосқан... қара тасты айырап, қайраттары алмастан...»*, деп толғау арнады.

Кенесары Ұлы жүз руларын билеп отырған өз туыстары, Абылай ханның үшінші ұлы, 1815 жылғы қайтыс болған Әділдің балалары мен баһадүр ханның кіші ұлдарының бірі, сол кезде 76 жастағы Сөк сұлтаннан демеу табармын деп ойлаған. Алайда оған дейін орыс бодандығына өтуге ант беріп, атақ алып, шен-шекпен киіп қойған Абылай тұқымдары: жалайыр мен шапырашты руларын билейтін Сөк, дулаттардың аға сұлтаны Әли Әділұлы, албандардың басшысы Хәкім Құланұлы (Әділдің немересі) Омбы басшылығына жақпай қалудан сескеніп, одан сырт айналғанды мақұл көреді.

Алғашқы қысты Балқаштың күнгейіндегі табиғаттың өзі айнала сумен қоршап, мықты бекініске айналдырғандықтан Қамау деп аталған түбекте өткізген Кенесары, келесі 1846 жылдың көктемінен қоқан иелігіндегі жерлерді азат ету жорығын бастайды. Өзіне келіп қосылған Ұлы жүз қазақтарымен бірлесе отырып, Меркені алады. Осы жорық барысында іргелес жатқан қырғыздарды да өздерін қанап отырған қоқан билігіндегі азаттық күресіне қосуды ойластырады. Қырғыздардың ірі сарыбағыш руының беделді манаптары Орман Ниязбекұлы мен Жантай Қарабекұлы, солтының манабы Жанғараш Есқожаұлына: «Мен



мұнда жауласу үшін емес, елдесу үшін келдім, бірлесіп қоқаннан құтылудың жолын қарастырайық. Бұрынғы екі арада өткеннің бәріне салауат, енді маған сескенбей келіп мәмілелесу ишарасын жасаңыздар», – деген мазмұндағы хат жібереді. Алайда содан сәл бұрын, тек сарыбағыштың билеушісі ғана емес, күллі қырғыздың ханы атанып, Қоқан ханынан парманашы атағын алған Орман мен оның төңірегіндегі манаптар өздеріне тиесілі биліктен айырылып қалу қаупінен сескеніп, ол ұсынысты қабылдамай қояды. Кенесарыдан келген елшілерге: «Хандарың одан да екі елдің билігін маған беріп, өзі менің қалауым бойынша әрекет ететін болсын», дегендей дөнайбат танытады. Текетіресті жөн көреді.

Бір жағынан Қоқанның қолдауына ие Орманның бұлай жауап беруінің аржағында, соған дейін орыс билігінің қырғыздар арасына арнайы адамдар жіберіп, манаптарды Кенесарыға қарсы қойып, қазақ ханының көзін құртуға үгіттеу мен арандатудың бар амалдарын жасағанының, бұл істе өздерінің жәрдемдесетініне сендіргенінің, екі елді араздастыратын насихат жүргізілгенінің де әсері бар еді. Қырғыздармен осындай келісімдер болғанын, сол кезде Қапал, Қаратал төңірегін торуылдап жүрген казак-орыс әскерлерінің қимылын басқарған есаул Т. В. Нюхалевтің Сібір қазақтарының шекара бастығы, 2-ші жаяу әскер корпусының резерв дивизиясының командашысы, генерал-майор Н. Ф. Вишневскийге жазған баянатында да ашып айтады. Сол мәмілелердің нәтижесінде «қырғыз манаптары Кенесарыға қарсы күресте не өздері өлуге, не жауды құртуға шешім қабылданды», делінген орыс шекара комиссиясының есебінде.

Ақыры манаптардың алысты аңдамаған тірліктері патшалық Ресей отаршылдарының жымсықы пиғылының орындалуына, екі халық арасындағы жөнсіз қақтығыстар мен қырғындарға алып келді.

Бұл ретте, патша ұлықтарының демеуіне арқа сүйеген қырғыздардың Ұлы жүз батыры шапырашты Саурық Ыстамбекұлының (1798-1854) ауылына шабуыл жасап, 700-дей жылқысын айдап әкетуі және адамдарды қазаға ұшыратуы, қазақтардың қарсы жорыққа көтерілуіне мәжбүр еткен оқиғалар санатына жатады. Кек қайтарудан туған майдандасулар барысында екі жақтан да қатігездік әрекеттер орын алды.

Жазықсыз халық жапа шекті.

Қазақтың соңғы ханының түбіне жеткен шешуші шайқас 1847 жылдың көктемінде Токмақтан төрт шақырым жердегі Кекіліксенгір тауының баурайындағы аңғарда өтті. Дереккөздердің айтуына қарағанда, содан бірер күн бұрын ғана Кенесары сол аңғардың иығындағы Майтөбе деген жерде, жорыққа жіберген інісі Наурызбай батыр мен ағасы Саржанның баласы Ержан бастаған жасақтың қайтуын күтіп отырады. Алайда сол жорықта Ержанның қолға түсіп қалғанын естиді. Аман келген Наурызбаймен және өзге де қолбасылармен Ержанды қалай құтқарудың қамын ақылдасып отырып, сол түні таулы өңірде амалсыз аялдап қалады. Ал таңертең оянған кезде аңғар мен төбенің жан-жақтан қоршауға алынғанын көреді. Өзін қырғыздардың бас билеушісі санайтын Орман хан мен Жантай манап қоқандықтар әскерімен күшейтілген қалың қолын тез арада осы ұрымтал тұсқа шоғырландырып үлгерген еді. Манаптардың бұлай батыл қимылдауына, қырғыздармен алдын ала жасалған уағдаластыққа сәйкес, өздеріне соғыс әдістерін үйретіп, ақыл-кеңес беріп жүрген есаул Нюхалев басқарған казак-орыс жүздіктерінің сол шайқас аймағына жақын жерде тұрғаны, олардың қажет деп табылса қырғыздарға көмекке келетіндігінің де әсері болған еді.

Қоршауда қалған Кенесары қолы күші басым жаумен бірнеше күн бойы шайқасады. Бірақ сол ұрыс кезінде, Кенесарыны бір жыл бұрын ғана Ұлы жүз жерінде қошеметпен қарсылаған Рүстем Аспандиярұлы төре мен дулаттың ботбайының биі Сыпатай Әлібекұлының өздерінің бас амандығын күйттегенді жөн көре, қарауындағы жасақтарымен түн жамыла қосыннан жасырын кетіп қалғаны, хан қолының жағдайын ауырлатып жіберген еді. Сарбаздары азайған Кенесары қасындағы қолбасыларымен ақылдасып, найзамен және бес жүз мылтықпен қарулана жаяу соғысқа шығуды, қорғана жүріп қоршаудан құтылу жоспарын ұсынады. Бәлкім, соған дейін елден көмекке жіберілген жасақтар да келіп қалар деп үміттенеді. Алайда олар хабар ала сала бері қарай ұмтылған сарбаздарды алдын ала жасалған жоспар бойынша Талғар жақтан есаул С. М. Абакумовтің казак-орыс жүздіктері тосқауыл жасап өткізбей тұрғанын білмеген еді.

Кенесары мен Наурызбайға саны азайып қалған сарбаздарымен қоршауды бұзып-жарып өту амалынан басқа жол да қалмайды. Күші басым жау қойсын ба, екеуі де сол шайқаста қолға түседі... Басқа да тұтқынға алынған сұлтандар, батырлармен бірге аса қатігез қинау амалдарына ұшырап, құрбан болады.

Тарихи деректерде шектен тыс жауыздықпен өлтірілген Кенесары ханның шабылған басын найзаның ұшына қадап, қырғыз ауылдарын аралатқаны айтылады. Кейіннен ханның бас сүйегі әуелі Қапалға, одан әрі Омбыдағы Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаковке жеткізіледі. Одан кейін Петербор асады. Сол шайқаста қаза тапқан, қолға түскеннен кейін кесілген қазақ сарбаздарының бастары Қоқан билеушілеріне де сыйлыққа жіберіліпті. Ташкент құшбегісі елді шошыту үшін оларды базар маңында ұзын сырыққа шаншып, тізіп қойыпты.

Кенесарының көзін жоюды жүзеге асырған қырғыз билеушілерінің еңбегі Ресей өкіметі тарапынан ескерусіз қалған жоқ. Көзге түскендер айрықша марапатталды. Орман мен Жантай манаптарға алтын медаль, қымбат шапандар мен басқа да сый-сияпаттар тартылды. Оның үстіне өзін қырғыз ханымын деп атайтын Орманға алтын қылыш пен орыс әскерінің подполковнигі атағы қоса берілді. Кенесарының ақтық шайқасы қарсаңындағы түнде өз жасақтарын бөліп алып, хан қосынын тастап кеткен, сөйтіп қырғыз жағының жеңуіне жағдай жасаған Рүстем төре мен Сыпатай Әлібекұлының қызметтері де еленді. Сол 1847 жылдың соңында олар да қырғыз манаптарымен бірге сый-сияпат алу үшін Омбыға арнайы шақырылып, тиесілі марапаттарын алды.

Кенесарының қапыда қаза табуы қазақ халқын мұңға батырған, кекті ызасын тудырған оқиғаға айналды. Қапал өңіріндегі қызай, матай наймандары хан өлімі үшін өш алу мақсатымен, дереу атқа қонып, қырғыз манаптарына қарсы жорыққа аттанады. Оның ажалына қатысы бар Орман ханның қолбасшысы болған Төрегелді манаптың ауылын шауып, оның өзін тұтқынға алып кетеді.

Халықтың ұлт-азаттық күрес көсемі, орыс отаршылдығына қаймықпай қарсы шапқан Кенесарыдай қаһарман хан мен батыр інісі Наурызбайды туған елінің қалай ардақтағаны олардың

жанында ұдайы жүрген жорық жыршысы Нысанбай шығарған жоқтауда да ақтарыла аңғарылады.

*... Екі бірдей қанатым  
Топшыдан сынды қайырылып!  
Балдағы алтын ақ берен  
Тасқа тиді майырылып!  
Кемшілік түсті басыма,  
Көрінгеннен қаймығып!  
Жаңбыр жаумай су болды,  
Бұлы қымбат манатым!  
Тасқа тимей, кетілді  
Балдағы дандан болатым!  
Топшысынан үзілді,  
Екі бірдей қанатым!  
Кенесары, Наурызбай –  
Асып туған санатым!  
Қырғыздан біткенге ұқсайды,  
Тағдырлы ажал сағатың!  
Жұлдыздың көркі бола ма,  
Ішінде бір ай болмаса?  
Қарашыда не күй бар  
Айбынды ханы болмаса.  
Кенесары, Наурызбай  
Қол басында болмаса?!  
...Халық иесі хандарды  
Қалай айтсам, мін бар ма?!  
Шегірткеге таланған  
Қырғауылда жүн бар ма?!  
Жапалақтан жасқанған  
Жалғыз қазда үн бар ма?!  
Хандарынан айырылған  
Қараша үйде сән бар ма?!  
Қайран есіл хандарды  
Енді көрер күн бар ма?!  
... Кене ханның тұсында  
Қарт бурадай жарадық.  
Жауған қардай борадық.*

*«Абылай-лап!»- ат қойып,  
Душпанның алдын орадық.  
Кене хан жазым болған соң,  
Бет-бетімен тарадық.  
Көрінгенге қорғалап,  
Кісі аузына қарадық.  
Бастан ауды бағымыз,  
Иесіз қалды тағымыз.  
Төрелер өліп қалған соң,  
Ұстаганның қолында  
Тістегеннің аузында*

*Ат жемі болдық тағы біз!..* – деген зарлы шумақтары бар жоқтау айтылған кезде тыңдаған елдің еңсесі шөгіп, қамығыңқы күй кешіп, өксікті шерге берілер еді.

\* \* \*

Кенесары қаза тапқан 1847 жылы оның немере інісі Шыңғыс Уәлиұлы Құсмұрын (бұрынғы Аманқарағай) дуанының ағасұлтанлығына қатарынан бесінші мәрте сайланып, енді дворяндық атақ алуды ойлап жүрген болатын. Майор шені бар.

Оның Обаған бойына көшіп келгеніне де он үш жыл. Одан бері ел басқарудың түрлі қырларын меңгерді. Айғаным анасы оған Абылай, Уәли ханнан қалған қара шаңырақтың тізгінін беріп қойған. Сондықтан да оны маңайындағы жұрт көбіне «хан ием» деп атайды. Осы жаққа көшер алдында ғана Сырымбеттегі Айғаным шаңырағына келін боп түскен Шорманқызы Зейнептің де бауыры құтты болды. Обаған бойында 1835 жылдың қарашасында үлкендері Шоқан дүниеге келгеннен кейін, оған Жақып (1837), Бәдіғұлжамал (1839), Рахия (1841), Әбілмақыжан (1845) секілді ұлдары мен қыздары жалғасты...

Сол 1847 жылдың күзінде аға сұлтан тұңғыш ұлы Шоқанды Омбыдағы кадет корпусына алып барды...

Одан кейін де Шыңғыс қызметтен кемшілік көрген жоқ. 1849 жылы Құсмұрын дуанына алтыншы мәрте аға сұлтан боп сайланды. Кезекті подполковник шенін алды. 1853 жылдың басында бұл орнын жаңа аға сұлтан Есеней Естемесұлына бергеннен кейін, атақонысы Сырымбетке көшіп, келесі 1854

жылдың жазында Омбыдағы Сібір қазақтары облыстық басқармасының кеңесшілігіне тағайындалды. 1855 жылы Орта жүз қазақтарының депутациясымен бірге Петербор барып, жаңа патша II Александр ағзамның қабылдауында болу мәртебесіне иеленді. Сол сапардан кейін полковник шені беріліп, екінші дәрежелі Әулие Станислав орденімен марапатталды. 1857-1866 жылдар аралығында Көкшетау дуанының аға сұлтаны болып бірнеше мәрте сайланды. 1868 жылдың соңында патша өкіметінің «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ережесіне» сәйкес, Көкшетау дуаны таратылып, оның орнына Ақмола облысына бағынатын Көкшетау уезі құрылды. Ана жылдардағы хандық биліктің жойылғаны сияқты, қазақ арасындағы ағасұлтандық басқару да қысқарды. Ал бұл кезде Шыңғыс отставкаға шығып кеткен. Ол қалған ғұмырын Айғаным анадан қалған әз шаңырақ – Сырымбеттегі ордада өткізді. Осы құтты қоныста жары Зейнеп екеуінің Шоқан, Жақып, Бәдіғұлжамал, Рақия, Әбілмақыжаннан соң дүниеге келген Махмет, Нұрида, Мұхамедия, Шәрбану, Сақыпкерей (Қозыке), Нұрмұхамед (Қоқыш) сынды ұл-қыздарын тәрбиелеп, ұзақ жасап, 1902 жылы 91 жасында өмірден озды...

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

# БАЛАЛЫҚ ДӘУРЕН, КАДЕТТІК ЖЫЛДАР

### 1. Обағандағы орда

Шоқан өміріне қатысты құжаттарда оның қай жерде дүниеге келгені жайында дәл дерек қалмаған. Замандастары жазған естеліктер мен ол туралы өмірбаяндық мәліметтерде ұлы ғалымның Құсмұрын төңірегінде туғаны айтылады. Сол себепті де ғылыми әдебиеттер мен көркем шығармаларда Шоқанның кіндік кескен мекені Құсмұрын бекінісі деп жазылып келді.

Ал бұл пайымдау, негізінен, Шыңғыс Уәлиұлының Обаған алабындағы ағасұлтандық қызметінің соңғы кезеңіне, Шоқан Омбыдағы кадет корпусына аттанар 1847 жылы округ орталығы (приказ) қайда тұрғанына байланысты ғана туындаған жайтқа саяды. Өйткені Шыңғыс Аманқарағай дуанына аға сұлтан боп сайланған 1834 жылдың тамызында Құсмұрын бекінісі әлі жоқ еді. Әуелгі орталық Обаған өзенінің орта ағысындағы Қараоба деген жерде ірге көтеріп, ол мекен – дуан атымен Аманқарағай деп аталғанын кітаптың әлқиссасында айттық. 1844 жылы округ орталығы Кенесары жасақтарының жортуыл аймақтарына жақын тұсқа салынған Құсмұрын қамалына ауыстырылғаннан кейін ғана ол Құсмұрын округі деп атала бастады. Содан бұл дуан 1859 жылы таратылып, оның аумағына енген жерлер Көкшетау және жаңадан ашылған Атбасар әкімшіліктеріне қосылғанға дейін Құсмұрын бекінісі округ орталығы болып келді.

Тарихи деректер сол жылдары осы қамалда дуанға бөлінген әскер тұратын казармалар, оқ-дәрі, киім-кешек, азық-түлік қоймалары, округ кеңсесі, офицер жайлары болғанын айтады. Ол құрылыстардың бәрі аға сұлтан Шыңғыстың көз алдында салынып, ірге көтеріп жатты...

Демек, Құсмұрынның Шоқанға қатыстылығы – қамалдың 1844 жылы округ орталығына айналғаннан кейінгі мерзіміне ғана орайласады. Ол бұл кезде тоғыз жаста.

Аға сұлтанның тұңғышы бұл бекініске сол жылдан соң ғана,

яки он екі жасында кадет корпусына оқуға кеткенге дейін, сондай-ақ жазғы демалысқа келген кездерінде ғана соғып тұруға мүмкіндік алды. Оның корпусның соңғы жылдарында дуанның біраз өңірлерін сызба-картаға түсірумен айналысу барысында, осы қамал орналасқан жердің нобайын маңайындағы көлдермен қосып суретке салғаны белгілі.

Ал ұлы ғалымның Құсмұрынға дейінгі сәбилік шағы қайда өтті? Бұл сауалдың осы жолдар авторын кезінде біраз ізденістерге баруға итермелеген жайы да бар еді.

Бәріне әуелгі себепкер – Шоқантану ілімінің бас білгірі, үлкен ғұлама, академик Әлкей Марғұланның өзі болатын. Әлекеңнің көзі тірісінде Алматыдағы М. Әуезовтің мұражай-үйінде дәстүрлі түрде өтіп тұратын халық университеті дәрістерінде бірнеше рет Шоқан туралы көсіле әңгімелегені бар. Шамасы соңғы дәрістерінің бірінде болса керек, Әлекең жұртты ерекше ұйытып әкететін ағыл-тегіл ақтарылған сөз арасында «Шоқан Обағандағы Күнтимес атты хан сарайында дүниеге келді» деп қалды. Құлақ үйреніп кеткен Құсмұрын емес – «Обаған», «Күнтимес», «Хан сарайы» деген таңсықтау атаулар әдеттегіден бөлекше, әлдебір жұмбақ сырларды бойына бүгіп жатқандай әсер етеді екен...

Бірде ғұламаның үйіне жастар газетінің тапсырмасымен арнайы барғанымда да Әлекең Шоқан туралы әңгімелей отырып, бұл атауды тағы да атап өтті.

– Шоқан Обаған қаласына (академик Құсмұрын қамалын осылай да атайтын) жақын жердегі Күнтимес деп аталған ордада туды...

Бірақ ол шақта болашақта Шоқанның кіндік ханы тамған жер туралы ізденістерге барамыз деген ой қаперімізде жоқ, мәселені әрі қарай қаузай қоймаған едік.

Кейіннен 1985 жылы, Шоқанның халықаралық деңгейде тойланатын 150 жылдық мерейтойы қарсаңында, жастар газеті тарапынан ойластырылған, ұлы ғалым ғұмыр кешіп, еңбек еткен мекендерді аралап өтуді көздейтін сапарға қамдану барысында ғана, академиктің сол сөздерін қағазға түсірген жазбамыздағы Күнтимес атауына назарымыз қайта ауған еді. Анықтап сұрауға амалсызбыз. Әлекең сол жылдың қаңтарында ғана дүниеден озған болатын.



Шоқан өмірін зерттеумен айналысатын біраз адамнан сұрастырып көріп едік. Көбісі Күнтимес мекені туралы естімеген болып шықты. «Туған жері Құсмұрын деп жазылып жүр емес пе? Ол болмаса Сырымбетте дүниеге келуі мүмкін», деген әңгімелер айтылды.

Содан кейін кітапханада отырып, Әлкей Марғұланның 1950 жылдардың соңында Сырымбетке келіп, көнекөз қарттардан жазып алған, кейіннен газеттерде жариялаған естеліктерін қайта мән бере оқып шықтық.

Көргені мен естігені көп Сары Ыбырайұлы деген ақсақал Әлекене былай депті:

– Шыңғыс Обағанға керей-уақ елінің аға сұлтаны болып сайланғаннан кейін, қасына уақтың Ықылас деген атақты биін ертіп жүрген деседі. Сол жаққа барысымен өзіне қоныс салдырып алуға кіріседі. Ағаштан түйін түйетін шеберлер оған тез арада сәулетті орда жасап береді.

Шоқанның інісі Жақыптың баласы, жас кезінде атасы Шыңғыстың тәрбиесін көп көріп, өнегесін алған Құлыш Жақыпұлы академикке айтқан әңгімесінде бұл деректі одан әрі тереңдетеді:

– Шыңғыс Обаған аймағындағы Күнтимес деген ордасында қазақша мектеп ашыпты. Күнтимес Құсмұрынның солтүстігіндегі қалың орманды бай өлке. Шыңғыстың ордасы сол арада тұрған.

Сонымен Күнтиместің бар екені анық.

Сонда ол Аманқарағай дуанына қарасты қай жердің тұсында? Шоқанның 1852 жылы, кадет корпусынан елге каникулға келген кездеріндегі акварель бояумен салған топографиялық карталарына зер сала қараймын. Жас кадет орындаған бұл сызбалардың бүгінгі күн тұрғысынан алғандағы мәні тым биік. Онда сол кездегі жер атаулары, топографиялық белгілер соншама бір іждағаттылықпен түсірілген. Оларда Обаған бойын мекендеген қазақтардың қоныстары, өзендер мен көлдер, бекет атаулары, дуан жолдары тайға таңба басқандай анық. Округтің әуелгі орталығы Аманқарағай бекінісінің қай тұста тұрғандығын да сол сызбалардан қиналмастан табуға болады.

Егер оны қазіргі картаға салса, Қостанай-Сарыкөл тас жолы бойындағы Обаған өзенінен өтер жердегі Қараоба ауылына

дәлме-дәл келеді. Ол – 1834 жылы Шыңғыс Уәлиханұлын Аманқарағай дуанының аға сұлтандығына сайлау рәсімі өткен Қараоба мекенінің дәп өзі. Кадет Шоқан 1852 жылы салған «Елдің жайлағанда қонған жерлері» атты Талды, Қопа көлдерінің маңын бейнелеген топографиялық картасында да Аманқарағай бекетінің түбіндегі осы мекенді өз қолымен араб қарпінде «Қараоба» деп белгілеген.

Ал Күнтимес ордасының орны қай жерде?..

Біздің 1985 жылдың көктеміндегі, Шоқан өскен, ғұмыр кешкен мекендерді аралап өтуді мақсат тұтып, жастар газеті (қазіргі «Жас Алаш» басылымы) атынан ұйымдастырған экспедициямыздың алғашқы бағдары – оның туған жері мен балалық шағы өткен аймақтарға бет түзеген сапарымыз барысында қаперде тұрған бір сауал да осыған сайған еді...

\* \* \*

Бұл экспедициялық сапарда Шоқан ғұмыры мен бітімінің алуан қырларын ол өскен, білім алған, саяхаттармен барған, еңбек еткен, шытырман тағдырлы ғұмыр кешкен әрқилы мекендер арқылы барлау, байыптау мақсат тұтылды. Және ол экспедицияны сол 1985 жылдың күзінде халықаралық деңгейде тойланатын ұлы ғалым мерейтойына дейін аяқтау, кезең-кезеңге бөлінген сапар барысын рет-ретімен газет бетінде жариялап отыру жобаланғандықтан, белгіленген мерзімінде үлгеру үшін, көктем лебі сезіле салысымен, жолаушы жүрісіне ауыр лайсаңды шақ болғанына қарамастан, қауырт жолға шығып кеткен едік.

Сол жылы әдеттегіден кештеу шыққан көктем Қостанай өңіріне де өз әбігерін ала келген екен. Қыс бойы дала төсін қалың бүркеп, сай-сала, өзен-аңғарларды сірестіре бітеп тастаған жал-жал қар, жылымық лебі еңкілдей есісімен тез мүжіле бастапты. Бір-екі күнде-ақ апайтөс алқаптар кілкіген суға толыпты. Сай-жыраларға кептелген қар үйінділері бірін-бірі лықсыта сырғыған кіші-гірім өзендерге айналып, еңіске қарай тарау-тарау боп жөңкіле ағыпты. Жыраға жыра қосыла келе телегей-теңіз айдынды көлдер құралыпты. Жаз кезінде суы табанында жылтырап жататын шағын өзендер ернеулерінен асып, бұлқан-талқан күйге түсіпті. Тобыл мен Обағанның деңгейі күрт

көтеріліп, олардың бойларындағы жағаға жақын орналасқан көп үйлердің едендерін су шайыпты. Біраз елді мекендерге, күре жолдарға қауіп төніп, кей тұстарын су орып кеткендіктен, бірқатар ауылдар екі-үш күндей басқа елді мекендерден қол үзіп қалыпты.

Біз Обаған алабындағы Шоқан есіміне қатысты тұстарды сүзіп шығуға бет түзеген сапарымызды – әуелі көп жұрт үшін ғалымның туған жері ретінде саналып жүрген Құсмұрыннан бастағанды жөн көрген едік.

Құсмұрын – осы аттас көлдің күнгедейіндегі мекен. Жергілікті көнекөздердің айтуынша, бұл атау негізінде көлге емес, оның оңтүстігіндегі биік қырқаға қатысты туған. Бір жағы сүйірлене барып бітетін ол төбе, кейде алыстан байқағанда қонғалы келе жатқан алып құстың тұмсығына ұқсайды екен. Сондықтан да ол Құсмұрын аталып кеткен. Ал төбенің теріскейіндегі бәрімізге бүгіндері Құсмұрын атауымен белгілі үлкен көлді ел бұрындары Теңізкөл деп таныған. Әрі мұны Шоқанның кадет корпусында оқып жүрген кезінде салған карталарынан да байқар едік. Онда көл атауы Теңіз деп жазылған.

Бір кездері қапталында дуан орталығы ірге көтерген Құсмұрын дөңіне шығып тұрмыз. Әлгінде төменде аса байқала қоймаған жел екпіні мұнда тәп-тәуір. Биіктен қарағанда, бар маңай алақандағыдай байқалады. Ең алдымен, ерекше көзге түсетін көрініс – ортасын Обаған қиып өтетін Теңізкөлдің ауқымды шалқары. Ол керіле түсіп, сонау көкжиекке дейін ұласып жатыр.

Көлге маңайдан жыра-жырамен келіп құйып жатқан су ізі көп-ақ. Қыраттың теріскей еңісінен көлге қарай құлайтын, бойларында қайыңы мен терегі, шілігі мен бұтасы қалың өскен Басбұлақ, Ортабұлақ, Аяқбұлақтардың өздері де мол сулы арналарға айналыпты. Дөңнің оңтүстік-батыс іргесінде Ханжатқан алабы. Оның ар жағынан қарауыта байқалып, Аманқарағай орманы мұнартады.

Құсмұрын дөңінің төңірегінде бұл күндері Әуликөл ауданына қарайды. Бір кездері дуан орталығы тұрған осы маңда, анау қамал орнында, етектегі бұлақтар бойында Шоқанның балалық шағы өткені жергілікті тұрғындардың қай-қайсысының да мақтанышты әңгімелері қатарында.

Төбе басында тұрып қолымдағы кадет Шоқанның он алты жасар кезінде салған карталарына тағы да қараймын. Мәселен, мынау Құсмұрыннан теріскейге қарай созылатын дуан жолының бойын көрсеткен сызба-карта. Одан Теңізкөлдің солтүстік-шығыс тұсында, Құндызды өзеніне көлденеңдей жалғасып жатқан екі сызықты көруге болар еді. Олардың бірі – Ұлытерісбұтақ, екіншісі – Кішітерісбұтақ деп аталатын жылғалар.

Шоқанның 1852 жылы салған екінші бір топографиялық сурет-картасы дәл осы екі өзен алабын бейнелейді. Картада Ұлытерісбұтақ пен Құндыздының қапталдас қойнауларына орналасқан қазақ қыстаулары Меңдібай, Киікбай, Тоқанай, Мырзабек деп өз атауларымен жазылып көрсетілген. Біз үшін назар аударарлық мәлімет – бұйдалы уақ руы аталарына тиесілі сол қоныстардың дуан жолына тым жақын орналасқан бір қыстауына Шоқанның өзі араб қарпімен «біздің үй» деп түсінік беріпті. Ш. Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының 1972 жылы шыққан графикалық мұраларға арналған V томының алғысөзінде берілген дерек бойынша Күнтиместің тұрған жері сол мекенге орайластырылады. Және ол жаңғыртылып шыққан бес томдықтың 1984 жылы жарық көрген I томында тағы да қайталанады.

Біздің жол бағдарымыз, енді сол Құндызды өзені алабына қарай беттеген еді. Оған Қарасу кенті арқылы айналып баруға болады...

Қарасуға келгеннен кейін жөн сілтеген адамдар Ұлытерісбұтақ бойындағы ол қыстаулар тұрған маңда қазір Бақан ауылы орналасқанын айтты.

...Қарасу–Қостанай күре жолымен жүйткіп келе жатқан автобус кілт солға бұрылды да, жүрісі баяулап барып, қиыршық тас төсеген қара жолға түсті. «Әне, Бақан ауылы», деді қасымдағы жолаушы. Жалма-жан Шоқан картасына, содан соң төңірекке қарадым. Дәл картадағы көрініс. Жол бағыты бойынша сәл ілгеріректе шілікті, бұталы жағасы қарауыта бұраңдап Терісбұтақтың сілемі айқын байқалып жатыр. Ауылдың теріскей беті мырықты ойпаң. Нағыз боранды қыста ықтауға лайықты мекен. Арғы тұстан Құндыздының жарлауытты жағасы қарауытады.

Сол жерде автобустан түсіп қалған мен, аздан соң ауыл қарттарының ортасында отырдым. Жер жайын, Шоқан картасындағы қыстау аттарын сұраймын.

– Иә, иә, осы қойнауда бұрыннан маңайдағы елдің қыс кезінде жел өтінен ық деп паналайтын қыстаулары болған. Сен айтқан Мендібай, Киікбай... сияқты қоныс аттарын жас кезімізде естігенбіз. Қазір ол жерлердің көбісі егіс алқаптары болып кетті. Жер атаулары да басқаша, – дейді ақсақалдар.

– Осы маңнан Күнтимес деген жерді естулеріңіз бар ма?

Қарттар бір-біріне қарасты.

– Мен білмеймін, сен естіген жоқсың ба?

– Жоқ, ондай жер бұл маңда болмаса керек, әйтпесе естиміз ғой...

\* \* \*

Ендігі бет түзеген бағытымыз – Шоқанның топографиялық карта-пейзажында анық белгіленген – ескі Аманқарағай бекінісінің, байырғы Қараобаның маңайындағы аймақ еді. Карта бойынша аға сұлтан ауылына тән негізгі қоныстар сол төңіректе. Әрі он алты жасар кадеттің дуан жолының бойындағы бекеттерді белгілеген сызбасындағы бұған дейін назарды қайта-қайта үйіре берген бір мекен де осы өңірде. Жолтай көлінің тұсындағы ол қонысты Шоқан бас әріптермен ерекшелеп, «ҚЫСТАУ» деп белгілейді. Енді Күнтиместің орны сол шығар деймін іштей.

Ескі Аманқарағай бекінісіне жақын ол аймақ Сарыкөл ауданының аумағына кіретін болғандықтан, енді солай қарай беттеген едік. Мақсатымыз – ежелгі қоныс Қараобаға бір жетіп алып, сол жерден жөн сұрау...

Ертеңіне ертелетіп Обаған өзенінің оң жағасында орналасқан Қараоба ауылына да маңдай тіредік. Сарыкөл-Қостанай трассасынан солға бұрылып, ауылға беттеген биіктеу тұста көне обаның өзі де тұр екен. Бағзы замандардағы көсемдердің басына көтерілген оба ма, әлде бекініс орны ма, әйтеуір не де болса, Шоқан қылқаламына ілінген бір белгі осы. Оба үстіне шықтым. Көз алдыға Шоқанның 1852 жылы салған «Елдің жайлағанда қонған жерлері» атты субояумен салған суретіндегі таныс көріністер үйіріле қалды. Әне, анау айдыны жарқырай көсілген

Талды, Қопа көлдері. Көктемгі тасқын екеуін қосып, үлкен шалқарға айналдырып жіберіпті. Үсті тола құс, бергі жағаға таяу тұста қос аққу жүзіп жүр. Мынау сол жақтағы шағын айдын – Қаймақкөл. Сол Қаймақкөлдің теріскей қабағындағы, бұл күндері үлкен трассаға қатарлас тұста, бір кездері Шоқан картасында белгіленген ауыл үйлері тізіліп тұрған. Мына жатқан Қараоба қонысы – дуанның әуелгі әкімшілік орталығы, картада белгіленген Аманқарағай бекінісінің дәл орнында ірге көтеріпті. Өзі де жан-жағы су қоршаған нағыз қорғанысқа лайық жер екен-ау деймін іштей. Сол картада қақ ортасын Обаған тіліп ағатын мына үлкен көлдің арғы беті Жазының бейігі деп белгіленетіні бар. Соның аржағынан бір елді мекен көрінеді. «Ол Қызыләскер ауылы», – дейді қасымдағы жолсерігім.

Бұл маңайдың өткен-кеткені жайындағы біраз әңгімені маған Қараоба ауылында тұратын қарт мұғалім Тасмұқан Молдабайұлы айтып берген. Ескі бекініс орнында ірге көтерген Қараоба бұрыннан осы маңайдағы оқу, білім ұялаған құтты мекендердің бірі болып келіпті. Мұнда патша заманының өзінде қазақ балаларын оқытатын екі сыныптық орысша мектеп жұмыс істеген. Онда белгілі ұстаз, ақын, аудармашы Бекет Өтетілеуов сабақ берген. Ол кісі көркейткен мектепте кейіннен белгілі тұлғаларға айналған біраз шәкірт дәріс алған. Оның атақты оқушыларының бірі – аса көрнекті жазушы Ғабит Мүсірепов. Классик қаламгер әйгілі «Автобиографиялық әңгімесінде» осы мектепте өзіне тәлім берген Бекет ұстаздың жарқын бітіміне ерекше жылы сөздер арнаған. Тасмұқан ақсақалдың өзі де сол үлкен педагогтың қолында оқыпты. Қараоба ауылы отызыншы жылдары аудан орталығы да болған.

– Ақсақал, Күнтимес деген жерді білесіз бе?

– Е, неге білмеймін, ол мына тұста, тіке жүрсе, қырық шақырымдай-ақ жер.

Ол кісі қолын теріскейге қарай нұсқап, Шоқан картасындағы «ҚЫСТАУ» деп жазылған мекеннің бағытын дәл көрсетіп тұрды.

– Сонда Шоқанның әкесі, аға сұлтан Шыңғыстың ордасы болды, дегенді естідіңіз бе?

– Ондай әңгімені еміс-еміс құлағым шалатын... Алайда бұл маңайдағы ел мен жер тарихын, мекен атауларын менен гөрі тереңірек білетін Санас деген ақсақал мына Қызыләскер

ауылында тұрады. Жүр, соған барайық, – деді Шоқан салған топографиялық пейзаждар ерекше қызықтырған қарт ұстаз.

Сол жылы тоқсан бес жасқа толған Санас Шәріпұлы ақсақал өткен-кеткенді терең білетін кісі екен. Шоқанның карта-суретінде есімі жазылып, Аманқарағай дуанының алғашқы қазыларының бірі, төменгі шекті арғын руының биі, кезінде кен көздерін іздеген орыс геологтарына жолбасшылық жасаған, елін диқаншылыққа бейімдеп, торғай тарысының жаңа сұрыбын табуға жетекшілік еткен Жазы Жанұлы мен оның жолын қуған баласы Беген би туралы ел аузында қалған біраз әңгімелерді кеңінен көсіле айтты. Қопа мен Талды көлдерінің ортасында жатқан Кіндік деп аталған түбектегі Шоқан қолымен «Набоков моласы» деп түсірілген жазуға да түсініктеме берді. Ақсақал бұл маңнан Кенесарыны ығыстыратын жазалаушылар әскеріне басшылық еткен казак-орыс атаманы Набоков; сибан керейдің болысы, Аманқарай дуанының алғашқы қазыларының бірі, Шыңғыстан кейін Құсмұрында аға сұлтан болған майор Есенеі Естемесұлы туралы білетін әңгімелері де бірталай екен.

– Күнтимес деген жерде аға сұлтан Шыңғыстың қыстауы болғанынан хабарыңыз бар ма?

– Неге болмасын. Ол – Шыңғыстың осы манда аға сұлтан боп жүрген кезіндегі қыстауы. Кезінде Ордатіккен деп те аталған. Жас уағымда қыстаудың орнын, таспен шегенделген құдығын, ағаштан қиған мешітін де көргемін. Өзі қалың ағаштың ығында тұр. Кейіннен сол жерде Күнтимес деген колхоз да ашылды...

Біраздан іздеген Күнтимес осылай табылған.

Сол күні кешке Күнтимеске де аяқ іліктірдік...

Алдымыздан көкке шаншыла өскен шоқ-шоқ қайыңдар шоғыры көрінген кезде:

– Әне, Күнтимес, – деді мені бастап келе жатқан сол ауылдың тумасы Кенжебай Дүйсекеев.

Биік қайыңдар ортасындағы үлкен алаңқайда ағараңдаған үйлері батып бара жатқан күн нұрына малынған шағын ауыл жатты. Біз мінген көлік ауылдың бір жақ шетіндегі үй жанына келіп тоқтады. Есік алдындағы орындық үстінде ықшам денелі қария отыр. «Қыстау тарихын осы ақсақал жақсы біледі», – деді серігім.

Жетпіс төрт жастағы Есмә Ғабдолұлы ақсақал Күнтимес

ордасы мен Шоқан есіміне қатысты жөн сұрау басталысымен, бірден ықыласты әңгімеге көшті.

– Міне, дәл қазір сендер Шоқанның аяғы тиген, оның балалығы өткен, асық ойнаған жерінде тұрсындар. Шоқанның Обаған бойындағы ең төл мекені осы, – деді ақсақал.

– Осында қыстаудың орны бар дейді?

– Е, ол мынау, – деді қария.

Сөйтті де орнынан әбжіл тұрып, үйден он қадамдай жердегі алаңқай тұсқа бастай жөнелді.

– Мынау орда қабырғасының орны, – деп төртбұрыштала жатқан сілемді көрсетті. – Ал мына шұңқыр Шыңғыстың шай құдығының орны болған, – деп қораның алдыңғы жағын нұсқады. – Таспен шегенделген құдық еді, ана жылдарға дейін бұзылмай келді. Суы соншама тәтті болатын. Одан арғы ана бір дөңестеу жерде ағаштан қиып салынған мешіт тұратын. Сонда кезінде Шыңғыс қазақша мектеп ашыпты.

Аздан соң үй ішінде Есмә ақсақал Күнтимес ордасының тарихы жайында шешіле сөйлеп отырды. Бәрі де бұрынғы Әлкей Марғұлан ғұлама жинақтаған естеліктермен дөп келіп жатыр. Шыңғыс Аманқарағай дуанына аға сұлтан боп сайланғаннан кейін әуелгі бекініс орнаған Қарабадан 40 шақырымдай жердегі Күнтимес деп аталатын тым биік әрі қалың қайың орманның қапталына қыстау салғызған. Бір жағынан бекініске жақын, екінші жағынан батыс тұстағы Жолтай көлі арқылы дуан даңғылына да шығып кетуге әбден ыңғайлы. Әрі оны Шоқанның сурет-картасындағы осы қыстаудан дуан жолына барып қосылатын сызықтар де көрсетіп тұр.

– Талай жыл Күнтимес қонысын бас орда еткен Шыңғыс, аға сұлтандықтан түсіп, Сырымбетке қайтарында, оған осы маңды мекендеген сыбан керей руының байы Өсіп Өзденбайұлы «Күнтиместі маған беріп кетсейші» деп қолқа салған көрінеді. *(Мен ақырын қолымдағы Шоқан салған топографиялық суретке қарадым. Онда Күнтимес қыстауының шығыс жақ бетіндегі орман бойында орналасқан қоныс «Өзденбай ауылы» деп белгіленген еді).* Сонда Шыңғыс Өсіпке: «Мақұл, келісейін, онда бойжетіп қалған қызың Ақықты біздің Жакыпқа бер. Қалыңы жерім болсын», – дейді. Содан екеуі төс түйістіріп құда болып, Өсіп қызын ұзатып, Күнтиместі алып қалыпты, – дейді Есмә



ақсақал. – Өсіптің қызы Ақықтан Құлыш (академик Марғұланға Күнтимес туралы естелік айтқан), Нұрыш деген ұлдар мен Шәкіш деген қыз дүниеге келеді.

Есмә ақсақалдың бұл тарихты тәуір білетінінің де жөні бар екен. Ол кісі Өзденбайдың ағасы Дәнненнен тарайтын ұрпақ болып шықты. *(Мұрағат деректеріне қарағанда, Өзденбай Баянұлы мен оның баласы Өсіп өз заманындағы бай адамдар қатарында болған. Шыңғыс Обағаннан көшер кезде, Өзденбай 62, баласы Өсіп 31-32 жас шамасында).*

Күнтимес туралы бұған дейін, осы сапар барысында білгендерден байыптай түскеніміз, ол – аға сұлтан Шыңғыстың бас қонысы болған бір мекен. Сондай-ақ оны Шоқанның кіндік қаны тамған жер деп тұжырымдауда да біраз қисын бар. Әлгінде айтылғандай, Шыңғыс 1834 жылғы тамыздың 30-ында (жаңа күнтізбе бойынша қыркүйектің ортасына жақын шама) округтің аға сұлтандығына сайланды. Мақұл, аға сұлтан ол жылы Күнтиместі тұрғыза алмады делік, бірақ келесі жылы бүкіл жаз бойы бұл құрылыстың бітуі әбден мүмкін емес пе. Ал сол 1835 жылдың қарашасында дүниеге Шоқан келді. Демек, оның туған ұясы деп академик Әлкей Марғұлан айтып, жазып кеткен Күнтимесіміз дәл осы мекен.

Осы ретте бізге тағы да мұрағат құжаттары қолғабысқа келер еді. Бұл орайда, әсіресе, белгілі жазушы, әйгілі мұрағатшы, пейіште нұры шалқығыр Амантай Сатайдың біздің сапарымыздың алғашқы материалдары жастар газетінде жарық көргеннен кейін «керегі болса, кәдеңе жаратарсың», деп танысуға берген «Сібір казак әскерлері тарихынан алынған оқиғалардың хронологиялық тізбесі» атты тарихи жазбалар көшірмесінің көмегі ерекше болған-ды. Казак есаулы, капитан Г. Путинцевтің құрастыруымен 1891 жылы Омбыдағы округтік штаб баспаханасында жарық көрген бұл кітапта 1789 жылдан 1889 жылға дейінгі бір ғасыр бойы қазақ даласында өткен елеулі оқиғалар жайында қысқаша деректер мен түсініктемелер берілген екен. Жеке тұлғаларға қатысты қыруар құнды мәліметтерді жинақтаған құжатта Уәли ханның қашан көз жұмғаны, дуандарға қай жылдары кімдердің аға сұлтан болғаны, сондай-ақ Абайділда, Саржан, Кенесары өмірлерінің ғылыми еңбектерде қате көрсетіліп жүрген қайсыбір тұстарының бірқатар мерзімдеулері

соншама бір дәлдікпен дәйектеледі.

Сол бағалы құжаттан бізді мазалаған дүдәмалдың жауабы да табылған. Онда 1844 жылы Көкпекті округінің ашылғаны, ерте көктемде есаул Рыбиннің Қаракеңгір бойында Кенесарының бәйбішесі Күнімжан ханымды 23 әйелмен қоса тұтқынға алғаны, шілденің 20-сынан 21-іне қараған түні Өлкейек өзенінің жағасында Кенесары сарбаздарының Ахмет Жантөрин жасағын тас-талқан еткені ... туралы мәліметтер жазылған беттерден кейінгі, 1845 жылғы оқиғалар тізбектелген 180-бетте «Аманқарағай сыртқы округі Құсмұрын болып қайта құрылды» деген жазу да тайға таңба басқандай анық көрсетіліп тұр еді.

Демек, бұл дерек, бұған дейін Шоқанның бес томдықтарында жазылған «Аманқарағай округінің орталығы 1835 жылы Құсмұрынға ауысты, соған байланысты дуан Құсмұрын деп атала бастады... Уәлихановтар отбасысы бекініске көшіп келді...», деген уәждің қисынға келе бермейтінін көрсетеді. Әдетте қазақ жеріндегі дуан аттары өздерінің орталығына байланысты аталып жатады. Яғни, Құсмұрын қамалы да қырқыншы жылдардан кейін ғана салынып біткен. Олай болса, өзі туған жылы әлі ірге көтермеген бекіністе Шоқанның дүниеге келуі еш мүмкін емес. (Бұл ретте Шыңғыстың Омбы әкімдеріне жазған хаттарының 1845 жылға дейін Күнтимеске жақын Аманқарағайдан жіберіліп тұрғаны көрсетілетінін де естен шығаруға болмайды).

Осы орайда округтің аға сұлтаны болу дегеніміз, ол бекіністің дәл өзінде тұрады деген сөз емес екендігін де қаперге ала кеткен жөн сияқты. Өйткені дуан орталықтарында негізінен округке бөлінген әскерді басқарып, оның орыс көмекшісі тұратын болған. Ал аға сұлтан өзінің үй-іші, мал-жанымен сол дуан аясындағы қонысқа қолайлы басқа жерлерді мекендеген ғой. Бұл орайда сол Шыңғыстың 1857-1865 жылдары Көкшетау дуанының аға сұлтаны болған кезінде ылғи да округ орталығы Көкшетау станицасында емес, негізінен үй-орманымен одан тоқсан шақырымдай жердегі атақонысы Сырымбетте тұрғанын, Аққанбұрлық алабындағы дәстүрлі жайлауларына шығып жүргенін айтсақ та жеткілікті. Әлдебір жиындар, бас қосулар кезінде немесе даулы мәселелер туындаған шақта ғана Көкшетауға арнайы келгені болмаса, көп мәселені аға сұлтан сол

Сырымбеттегі ордасында шешіп отырар еді.

Ал Шыңғыс төренің Обаған алабындағы сондай жайлы қоныстарының бірі – Шоқанның сызба-картасында ерекше іждағаттылықпен «ҚЫСТАУ» деп бас әріптермен белгіленген, оның кіндік қаны тамған мекен – Күнтимес болатын.

\* \* \*

Осы орайда Шоқанның туған жері туралы біраз уақыт түртінектенген ізденісіміздің, кейінгі жылдардағы ең соңғы ғылыми айналысқа түскен деректермен де тапжылтпастай нақтыланып жатқанын білдіре кетудің еш артықтығы болмас деп ойлаймыз. Бұл ретте, әсіресе, ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарында елімізде қолға алынып, әрқилы мұрағаттар қойнауына көмілген көп құжаттардың жарыққа шығуына тамаша септескен «Мәдени мұра» бағдарламасына мың да бір рақмет айтсақ ләзім. Осы бағдарлама бойынша жарияланған дүниелер арасында ел тарихына, халқымыздың әйгілі адамдарына қатысты бұрын мәлімсіз боп келген дереккөздік мағлұматтарды кеңінен қамтыған еңбектер баршылық. Сондай құнды дәйектердің қалың шоғыры, өз заманында жергілікті патша әкімшіліктері тарапынан қазақтан шыққан белгілі тұлғалар, сұлтандар мен би-болыстар туралы жеке-жеке қысқаша мінездемелік мәліметтер түрінде арнайы дайындалған құпия құжаттарды топтастырған *«ХҮІ-ХХ ғасырлардағы орыс дереккөздеріндегі Қазақстан тарихы. ҮІІІ том»*<sup>2</sup> атты көлемді жинақта да молынан ұшырасады

Қазақтың өткен ғасырларда ғұмыр кешкен көптеген белгілі адамдары туралы қыруар мағлұмат ұсынатын осы құнды еңбектен біз өзімізді біраз уақыт ізденіске салған түйткілді сауалдың тағы бір, әрі бұл жолы еш күмәнсіз жауабын тапқан едік.

Сібір қазақтары шекара басқармасының 1842 жылы дайындаған құжаттарында *«Аманқарағай дуанының аға сұлтаны,*

---

<sup>2</sup> О почетнейших и влиятельнейших ордынцах // История Казахстана в русских источниках ХҮІ-ХХ веков. ҮІІІ том. Часть 1,2. Алматы. «Дайк-Пресс» 2006.

ақылды әрі кішіпейіл, тұрмысы ауқатты, өкіметке берілген Шыңғыс Уәлихановтың...» қыстауы тайға таңба басқандай «Күнтимес» деп жазылып тұр (Сонда. 1 том, 143-144, 342 беттер). Әрі ол мәліметтерде әуелгі округ орталығы – біз тілге тиек еткен Аманқарағай бекеті болғандығының да даусыз айғағы қолға ұстатылады. Сол құжатта Күнтимес қыстауы округ приказынан (яки әуелгі орталық Аманқарағай бекетінен) 40 шақырым жерде орналасқандығы айтылады. Ал 1851 жылы толтырылған келесі құжатта Шыңғыстың осы Күнтимес атты қыстауының дуан орталығынан (яки жаңа приказ Құсмұрын бекінісінен) солтүстікке қарай 120 шақырым жерде орналасқаны көрсетіледі. Демек бұл тапжылтпас дәлелдің өзінен Шыңғыс төренің Обаған өңірінде аға сұлтан болып тұрған барлық жылдарда да әуелден қыстау ретінде таңдаған Күнтиместегі ордасын, дуан орталығы Құсмұрынға көшсе де ауыстырмағаны байқалады. Сол мекенді Сырымбетке қайтқанша, Шоқан картасында ерекшеленіп белгіленгендей, өзіне құтты қоныс, ордалы қыстау еткен.

Әуелгі кезде ұлы ғалымның туған жері туралы бұрыннан қалыптасқан дерекке қатысты күмән тізгініне беріліп, соның анық түйінін табу үшін бірқатар ізденістерге баруымызға түрткі болған, тапқан дәлелдеріміз көпшілік қауымды илантқанымен, аз-кем жәмиғат тарапынан күдік те білдірілген – Күнтимес қыстауының ақиқаты, мың болғыр «Мәдени мұра» бағдарламасы арқасында осылайша дәлме-дәл деректермен тағы айғақталған еді.

Жаңадан ғылыми айналысқа енген осы құжаттардан Аманқарағай дуанының (кейіннен Құсмұрынның) аға сұлтаны Шыңғыстың жаз жайлауы – Есіл мен Аққанбұрлық өзендерінің атыраптары екендігін де оқимыз. Ол Шоқанның досы, әйгілі саяхатшы Потаниннің 1895 жылдың жазында, бұл кезде әбден шау тартқан Шыңғыс ауылына біраз күн арнайы қонақ боп кеткеннен кейін жазған «Қазақтың соңғы ханзадасының киіз үйінде» атты мақаласындағы дерекпен де дәл сәйкеседі. Потанин 85-ке келген Шыңғыс төренің әлі күнге дейін сол Аққанбұрлық жаққа жайлауға шығатынын, ал қыста туыстарымен бірге анасы Айғанымнан мұраға қалған аяулы орда Сырымбет төңірегін мекен ететінін тәптіштеп тарқатады.

Есілге оң жақтан кеп құятын Иманбұрлық, Аққанбұрлық өзендерінің алаптары, сондай-ақ одан оңтүстікке қарай жатқан Салқынкөл, Қалмақкөл төңіректерін қамти, Қызылсу бойына дейінгі аймақтар әуелден Орта жүз ханы Уәлиге қарасты арғынның атығай-қарауыл руларының, керейдің еменәлі, матақай, самай сияқты аталарының дәстүрлі жайлаулары болатын. Бұл рулармен бірге Айғаным балалары, Уәли ханның інісі Шыңғыстың Сартай, Тортай, Жаналы атты ұлдары мен атақты би Зілғара Байтоқаұлы да өз өрен-жарандарымен қатар қыстап, қатар көшетін. Яки Шыңғыс төре Аманқарағай, Құсмұрын жақта аға сұлтан қызметінде жүрген 20 жылдай уақыт ішінде, сол жақтағы керей-уақтардың Обаған мен Есілдің теріскейіне қарай жайлауға шығатын үрдісіне аумаған. Көбіне өз ордасы төңірегіндегі жиырма шақты үй төлеңгітімен жаз туа талай ай көрмеген ағайын-туғандарымен қауышу үшін байырғы ата жайлауларына беттейтін көш дәстүрінен қол үзбеген.

Ал Уәли ханның бәйбішесінен тарайтын балаларына қарасты жұрттардың қыстаулары Абылайдан қалған атақоныс Қызылағаш, Бурабай төңірегінде топтасса, жазда олар өздерінен оңтүстік-батыс бетке қарай жатқан Қалқұтан мен Сарқырама өзендері аралығындағы кең атыраптың шүйгін жайлауларына шығар еді...

\* \* \*

Үлкен ұлы Шоқан жеті жасқа келген кезде аға сұлтан әкесі оны оқыту мақсатын көздеп, Күнтимес қыстауында мектеп ашуға ниеттенеді. Бұны Шыңғыстың 1842 жылғы маусымның 1-інде Аманқарағай бекетінен (Қарабадан) Омбыдағы Сібір қазақтарының шекара бастығы, полковник Н. Ф. Вишневскийге жазған хатынан да көруге болады. Онда аға сұлтан былай деп өгінеді: *«Биылғы жылы ауылымызда, өзімнің және басқа да осы қолдауға лайық ниетке ықылас білдірген қазақтардың балаларын оқыту үшін мектеп ашуды ойлап отырмын, бірақ оларды оқытатын тәуір татар мұғалімінің реті табылмай жүр. Осыны Сіздің ұлы мәртебеліңізге жеткізе отырып, төрелік құзырыңыздан бас иер өтінішпен, білімі тәуір татар мұғалімін тағайындау жөнінде тапсырма беруіңізді сұранамын, оның*

*балаларды оқытқаны үшін алатын жалақысы мектепке балаларын берген қазақтардан жиналатын болады».*

Аз күннен кейін шекара бастығынан майор Шыңғыс Уәлиұлына жауап хат келген. Онда полковник Вишневский бұған өзінің қарсы еместігін, мұғалім іздеуге тапсырыс беретінін, егер мектеп приказда (дуан орталығында) ашылса, тіпті оңды болар еді, деген ойды білдірген.

Шыңғыс ашқан ол мектептің тәлімі жаман болмағандығын, Шоқанның он екі жасында кадет корпусына барғанға дейін-ақ біршама білім алғандығынан да аңғаруға болады. Күнтімес мектебінде шәкірттер қазақша таза оқып, жаза білуді, көне шағатай тілдеріндегі дүниелерді тану, арабша, парсыша сөйлеу дағдыларын үйренді, шығыс ақындарының өлеңдерін жаттады, қазақтың халық эпостарымен танысты, тарих пен есеп пәндерін өтті. Осыған қарағанда байырғы дәстүр бойынша, сұлтан балалары «жеті жұрттың тілін білуі керек» деген талап Шоқанды оқыту барысында кәдімгідей жүзеге асқан сияқты.

Көнекөздерден жеткен сөздерде тумысынан зеректігімен байқалған балаға оқу-білімге әуелден жақын, шығыс әдебиетінен хабары мол Айғаным әжесі мен ұдайы аға сұлтан қасында жүрген уақтың атақты биі Ықыластың әсері мол тигені де айтылады. Шоқанның кейіннен қазақ тарихына, ауыз әдебиеті үлгілерін зерттеуге құлшынысы – бәлкім, оған осы жан-жақты білімге ие ардақты әжесі мен көкірегі даңғыл би айтқан алуан-алуан қызықты әңгімелерден де бастау алған шығар.

Ғалымның өзі қалдырған деректерге көз салсақ, әкесі мектеп ашпастан бұрын да оның шамалап хат танығанын байқаймыз. *«Мен бұл жырды бірінші рет Аманқарағай дуанындағы аз ата күрлеуіт қыпшақтың ауылында, ақын Жұмағұлдан 1841 жылы естідім»*, – деп жазады ол «Едіге» жыры туралы. Шоқан бұл кезде алты жаста. Сол жылы әкесі Шыңғыс осы жырды Жұмағұлдың (кейінгі зерттеулер бұл ақынның есімі Жаманқұл екенін анықтады) аузынан жазып алып, оны соңынан басқа адамдардың айтқандарымен қосып тағы да толықтырған болатын. Үшінші рет ол атығай Арыстанбай жыраудың нұсқасы бойынша қайта жазылып алынады. *«Содан кейін 1842 жылы әкем Шыңғыспен бірге осы үш нұсқаны салыстыра отырып, ортақ мәтін шығардық»*, – дейді ол.

Ал осындай үлкен еңбекті атқаруға қолғабыс берген Шоқан сол кезде жеті жаста ғана.

Өзі кейіннен: *«Қазақтың ең тамаша тарихи жыры – Едіге, ол - Тоқтамыстың жарлығы туралы еңбекте айтылатын сол Иди́ке, Эдеку және Идигей, Ворскла бойында литваның ұлы князі Витовты тас-талқан еткен, Алтын орданы төрт ханның тұсында еркінше билеген сол бек-манап әрі қолбасы»*, – деп жазатын осы жырдың түйдек-түйдек боп төгілетін көркем шумақтары, әуелден-ақ жас баланы ерекше әсерлерге бөлеген еді. Әсіресе оны жырдағы Едігенің өзін өлтіруге ниеттенген орда билеушісі Тоқтамыс ханға ренжіп, Еділ асып кетпек болғанда, оның кек алуынан қорыққан Тоқтамыстың *«өкпелемей ордаға қайтуын сұрап»*, сонынан арнайы жіберген тоғыз батырға қайтарған жауабындағы адуын ырғақтар аса риза еткені де анық. Жырдың осы бір тұсына келгенде Жаманқұл мен Арыстанбай ақындардың да арқасы қозып, лек-лек шумақтарды тасқындата ақтаратынының өзі ғажап.

Едігенің хан сәлеміне:

*«Мен қайтпан-ды, қайтпан-ды,  
Қайтып Еділ өтпен-ді.  
Еңсегей биік боз орда  
Еңкейіп сәлем бермен-ді –  
Еңсеме емен болат шоқпар тиген-ді;  
Ерні жұқа сары аяқ  
Хан сарқытын ішпен-ді -  
Ернім желге бұлғанды;  
Жауырындары жақталы,  
Түйме бауы тартпалы,  
Тон берсең де кимен-ді –  
Иініме ноғайдың  
Жалғыз қотыр ұшығып шыққан-ды.  
Көк ала жорға ат мініп,  
Көк дабылпаз байланып,  
Ұшан теңізді айланып,  
Тұтам бауы сары алтын  
Ақсұңқар құс берсе де  
Көл айнала шүйе алман –...  
Арбаң да арбаң жүгіртіп,*

*Адымын жерде қуыртып,  
Арғымақ ат берсе де,  
Салтанат қылып іле алман –...  
Қысыр жылан өзекті,  
Қолтыраудай танаулы,  
Саптыаяқтай ерінді,  
Сарымсақтай азулы,  
От орнындай тұяқты,  
Қизан қамыс құлақты,*

*Ат берсең де міне алман,..* – деп шамырқана қайтарған жауабындағы дала қаһармандарына тән асқақ рух бала Шоқанды да өзге тыңдаушылармен бірге айрықша тамсандырып, елдің көне тарихындағы сонау бір еңку-еңку жер шалған, егеулі найза қолға алған жауынгерлік замандар көз алдыға келгендей әсерге берілетін...

\* \* \*

Әлбетте, Шоқан тәрбиесіне әке тарапынан тиген әсердің жөні бөлек болғандығы да даусыз.

Шыңғыс Уәлиұлы өз заманындағы аз ғана көзі қарақты, білімді адамдардың бірі еді. Мұрағат мәліметтері әуелі Сырымбет медресесінде қазақша жақсы сауатын ашқан, Омбы әскери училищесінің жанындағы Азиялық мектеп тәлімін қазақтан алғашқылардың бірі болып көрген Шыңғысты әдебиет пен ғылымға жаны жақын, елдің тұрмысын, әдет-ғұрпы мен өнерін зерттеушілерге таныстыруда бірталай еңбектер жасаған адам ретінде байыптатады.

Әр саладан хабары бар аға сұлтанға орыс ұлықтары да кей жұмыстарды сеніп тапсыратын. Мәселен, оған Кенесары қауіп тұсында сұс көрсетіп, зілді бұйрық жіберген Сібір қазақтары облысының шекара бастығы полковник М. В. Ладьженскийдің өзі арада аз уақыт өтпей жатып, 1840 жылдың ақпанында мынадай хат жазады.

Сол кездегі кітаби қазақша тілмен жазылған хатта аға сұлтанға деген ықылас ана жолғыдан басқаша.

*«Зияда Физатлу уа хұрматлу Аманқарағай дуанының аға сұлтаны майыр Шыңғыс Уәли ұғылына.*



*Сізге тапсырып айтатыным сол ки, маған қазақ халқының өлеңін, жырын, ертегісін, бұрынғыдан қалған қария сөздерін, қиссаларын, хикаяттарын, мақалдарын жиып жазып жібергейсіз. Мұның бәрісі де қазақ халқының арасында көп шығар»,* деп басталатын хат бұдан кейін ауыз әдебиеті үлгілерін қалай жинау керектігін түсіндіреді. Олар әрқайсысы өз мәнісіне қарай жеке-жеке дәптерге жазылса жөн болатынын айтады. *«Әгерки, өзіңізге жақын жерлерде ойран болған ескі жұрт бар болса, саулыққа пайдалы шипа (арасан) сулар болса, не жазуы бар тастар болса, солардың бәрінің есімдерін біліп, солар тақырыпта айтылып қалған қисса сөздерін жиып үшінші дәптерге жазыңыз»...* – деп пысықтайды тағы.

Шыңғыс бұл тапсырмаларды орындауға іле-шала кірісіп те кетеді. Солардың ең алғашқысы, оның көне Қараобаның орнында ірге көтерген Аманқарағай бекінісіне айнала ор қазу кезінде табылған мыс қазанды Омбыға жіберуі болған. Шыңғыстың Ладыженскийге жазғанына қарағанда, сол ордан қыш құмыралар да қазылып аланған, бірақ олар қолмен абайлап ұстамағандықтан үгіліп, күлпаршасы шыққан еді.

Ал ауыз әдебиеті үлгілерін жинай бастағанының бір белгісі – оның Шоқан еске алған «Едіге» жырын жазып алуы. Әкелі-балалы екеуінің одан кейін де «Қара қыпшақ Қобыланды», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларының бірнеше нұсқасы, «Еркөкше-Еркөсай» мен «Орақ батыр» жырларын, халық аузындағы өзге де көптеген шығармаларды қағазға түсіріп, зерттеушілерге тапсырып отырғаны белгілі.

Шыңғыс 1850 жылы Орыс география қоғамының сұрауы бойынша, Ресейді мекендейтін халықтардың киімдеріне арналған этнографиялық музейге қазақтың ер адамының бастан-аяқ тұтылатын ұлттық киімінің үлгісін жібереді. Құрамында түлкі тымақ, кәмшатпен әдіптеліп, оқаланған барқыт тақия, қызыл мәуітіден тігіліп, жібекпен кестеленген шалбар, әртүрлі жібекпен өрнектеліп, жиектері барқытпен, кәмшатпен көмкерілген, астары сиса ешкі жарғақ, сәнді етік, күміс орнатқан қалта, күміспен қапталған қыны бар кездік, жасыл барқытпен көмкеріліп, күміс орнатылған шақпақ және теріден жасалып, күміспен қапталған дәрі қалтасы бар бұл киім үлгісі Географиялық қоғамдағыларды да аса риза етті. Олар Омбы шекара әкімшілігі арқылы осы киімді

жібергені үшін өздерінің шын пейілді ықыластарын Құсмұрын дуанының аға сұлтанына жеткізуді өтінеді.

Мұрағат деректері Шыңғыстың бұдан кейін де орыс көрмелерімен байланысы үзілмегенін байқатады. Ол 1865 жылы әкесі Уәлидің қалқаны мен дулығасын қырға келген Дала комиссиясының мүшесі, полковник А. К. Гейнске музейге қою үшін тапсырса, 1867 жылы Мәскеуде өткен көрмеге және 1876 жылы Петерборда өткен III Халықаралық шығыстанушылар конгресіне бірталай құнды экспонаттар жіберді. Олардың арасында әсіресе сырты күміспен, алтынмен көмкеріліп, маржан тастармен әшекейленген тері қорамсақ, бес жебесі бар садақ, жібекпен кестеленген астары сиса мәуіті шалбар, балдағына күміс орнатылған қылыш, білтелі қысқа мылтық, алтынмен зерленіп, кәмшатпен әдіптелген такия, шұғамен көмкеріліп, кәмшатпен жиектелген түлкі бөрік, күміспен әшекейленген қайыс жүген секілді бұйымдар ерекше көзге түсетін.

Осы дәйектерден-ақ Шыңғыстың ел билеушілік қызмет атқара жүріп, өнер-білімге жақын пейілдегі адам болғанын аңғару қиын емес. Соның бір белгісі, әлгінде айтқан өз ауылында қазақ мектебін ашуы. 1842 жылы ашылған бұл мектептен аға сұлтанның балалары ғана емес, сол төңіректегі қазақ балалары да тәлім алады.

Осы орайда Шыңғыстың задыда балаларының тәуір білім алуына көп көңіл бөлгендігі байқалады. Оның басқа ұлдарының арасында да өз қабілет-қарымымен ерекше байқалған тұлғалар шықты. Шоқан інілерінің ішінде әсіресе Петербор көркемөнер мектебінің тәлімін көрген шебер суретші Мақының; Омбы кадет корпусын бітірген соң біраз жыл әскери қызметте болған, кейіннен одан босап шығып, Сырымбетке келіп орныққан, орыс және шетел әдебиетін терең білетіндігімен көзге түсіп, шығыстанушылармен, инженерлермен тығыз байланыс құрған Махметтің; жастайынан қайтыс боп кеткен дарынды ақын әрі сазгер Сақыпкерейдің (Қозыкенің) орындары бөлек болды.

Олардың бәріне көне мұраны жинаушылыққа, зерттеушілікке, халық поэзиясы мен музыкасына бір табан жақындығы бар әке шаңырағындағы рухани тәлімнің өзіндік пайдасы тигендігінде күмән жоқ.

Өзі ұшқан ұяның сол сырлы әсерін Шоқан да зерек байыптап

өсті. Аға сұлтан ордасына әйгілі би-шешендер, ақындар мен жыраулар, әншілер мен күйшілер ат басын жиі бұрып жатады. Олар осында әртүрлі айтыстар мен өнер сайыстарын өткізер еді. Шоқан кішкентайынан Зілғара мен Ықылас, Шәңкі мен Асаубай, Жазы мен Арықбай сынды би-шешендердің, Жанақ пен Жаманқұл, Арыстанбай мен Нұрымбай, Шөже мен Орынбай секілді жүйрік ақындар мен жыраулардың, Көке мен Шәкендей жезтаңдай әншілердің, Досжан күйшінің, ертегіші Кәркенің, Құрымбай мен өз ағасы Қанғожа қобызшылардың өнерлерін тамашалап өсті. Олардың қиыннан қиыстырып, төтеннен төге сөйлейтін даналық ойлары, тынысты жырлары мен сазды әуендерінен жас бала өз бойына елді, ұлтты сүюдің жарқын дәстүрлерін әуелден сіңіргені де анық.

Аға сұлтан ордасына жер шенегіш инженерлер, топографтар мен суретшілер, ғалымдар мен саяхатшылар да жиі соғып тұрады. Олардан зерек бала – болашақта қазақтың тұңғыш кәсіпқой суретшісіне айналатын Шоқан сурет салудың алғашқы тәлімдерін алды. Әкесі зерттеушілер кеңесімен қазба жұмыстарға араласып, этнографиялық мүліктер жинап, қазақтың ауыз әдебиетінің үлгілерін жазып алып жүргенде, қасынан табылатын сенімді көмекшілердің бірі болды. Ол үшін өз халқының бағзы замандардағы тарихына үнілудегі әуелгі ынтызарлық – әке ықпалының әсері мол тиген сол бір балдырған шақтардан да бастау алған еді...

## **2. Аққанбұрлық алабында**

Мамыр айында ел жайлауға көшу қамына кіріседі. Барша жұрттың алты ай қыс бойы сағына күтетін аңсарлы маусымы бұл. Жайлауға беттеген көш тамашасы, шоқ-шоқ қайың мен сүмбіл терек ормандары бар тотыдай құлпырған көк шалғынды даланы қақ жара жылжи, қаз-үйрегі жыртылып айырылатын көз жасындай көркем көлдер жағасына аялдап, сылаңдаған бұлақтар, шымырлай аққан сұлу өзендерді бойлай өтетін әлденеше күндік әсерлі жол басқа балалар сияқты Шоқан үшін де естен кетпес қызықты сәттерге толы.

Биыл да көшер күннің қарсаңында ауыл ерекше бір күйге ауысты. Қар еріп, күн жылынғалы бері қыстау қасындағы тепсең

жерлерге тігілген киіз үйлер кешке қарай жаппай жығылып, тең-тең боп буылды.

Ертеңіне таң алагеуімнен көш қарбаласы басталды. Теңдер, шаңырақтар қомдалған түйелерге артылып, беттері кілеммен жабылды. Кей қомдар үстіне кішкентайларға, емізулі сәбилері бар аналарға арналып, жан-жағы киізбен, теңмен қоршалған жайлы орындар даяланды. Ел таңғы асын жеделдете ішіп біткесін, ыдыс-аяқтар мен жол-жөнекей ерулеген кезде пайдаланылатын үй жабдықтары екі аяқты арбаларға тиеліп, беті сырмақтармен қымталды. Оларға өгіздер, түйелер, ал үлкен кісілер, әжелер мен майда балалар мінетін пәуеске, тарантастарға аттар жегілді. Жеті-сегіз түйе бір-біріне бұйдаларынан тізіліп, олардың тізгіні басына зер кестелі, інжу-маржанды сәукеле киген салт атты жас келіншектің қолына берілді.

Балалардың тай-құнанға мініп ду-ду шауып құмарынан қанатын, әшейінде ұяндыққа бейім бойжеткендердің көш салтанатына лайық сәнді көйлек-камзол, үкілі бөрік киіп, әшекей тағынатын, өздері сияқты барын үстеріне ілген бозбалалармен үзеңгі қағыса қатар жүретін сейілді сәттер де осы күндер үлесінде..

Аға сұлтанның Уәлиханнан қалған хан шаңырағының бір киесіндей боп есептелер «орда» деп аталатын ақ шаңқан ауылын жайлауға шығарып салушылардың «Көш көлікті болсын!» деген тілектерінен кейін қозғалған көш Күнтиместен оңтүстік-шығысқа қарай бет түзеді. Көштің алдыңғы тұсында оң жақты ала Шыңғыс төренің өзі бастаған салтаттылар тобы оқшаулана жүріп келеді. Оның қасындағылардың көбі қолдарына қаршыға, тұрымтай, жағалтай қондырғандар. Бәсіре құнандарына мінген Шоқан мен інісі Жақып та солардың қатарында. Көштің көрнекті бөлігін бұйдаларының тізгінін сәукелелі келіншек ұстап, үстеріне ақ орданың сүйегі мен ішкі-сыртқы жабдықтарын артқан сәнді түйелер керуені құраған. Ырғала басқан олардан кейін жеңіл тарантастар, өгіз, түйе жеккен жүк арбалары қозғалып келе жатыр. Алда келе жатқан пәуескеде Шоқан, Жақыптан кейінгі балалары – Бәдіғұлжамал, Рақия мен кішкентай Мақыны қасына алған, кейінгі жылдары денесі ауыр тарта бастаған, толық денелі Зейнеп ханым жайғасқан. Көштің бір жағымен жылқылар үйірі, екінші жағымен қой отары жылжиды.

Жол-жөнекей жайлауға бет алған елдердің көші ұшырасып қалады. Бірі оңтүстіктегі қыстауынан солтүстіктегі ата жайлауына шығып бара жатса, бірі теріскейдегі қыстауынан күнгей-шығысқа қарай бет алғандар. Бай ауылдардың көші сән-салтанаты артып теңселе ырғалса, кедей ауылдардың көші өгіз жеккен шикылдақ арбаларымен, азын-аулақ малымен ғана байқалады.

Аға сұлтанның көші келе жатқанынан жолшыбай кезігетін ауылдар да, әлбетте алдын ала хабардар болып отырады. Үлкендері Шыңғыстарға арнайы жолығып: «Көш көлікті болсын», «Көшке береке берсін» деген тілектерін айтады. Ерулеген кездерінде «Еру қайырлы болсын» деп ат басын бұрып жатады. Аға сұлтанның сыбағасы деп ең кемі қойын сойып, әйтпесе тайын жетектеп әкеп ерулігін береді. Сол ауылдардың тай-құнанға мінген балалар көшпен қатар жарыса шауып, озып келе жатқаны пәуескелер мен арбалардың тұсына келгенде, «көштен бәйге» сұрайды. Арба үстіндегі аналар оларға уыстап құрт пен бауырсақ шашады. Балалар аттарынан түсе қалып, таласа-тармаса шашу тереді.

Көкжасыл шалғынды даламен асықпай қозғалған аға сұлтан көші, бұл жылы да әдеттегідей, үшінші күні Сарыкөл жағасында еру жасады. Айдыны шалқар, жайпақ жағасы құмдауытты тұщы көл. Жағасындағы қамыс-құрағы – нағыз құс базары. Біраз жұрт арбалардан кереге, уықтарын түсіріп, еру кезінде тігетін ұранқай, абылайша, жаппа, итарқаларын құрып, малын сойып жатса, біразы мосы құрып, қу тезек теріп, от жаға бастады. Құсбегілер қырандарымен үріккен үйрек-қазды түсіру үшін көл жағалап кетті. Аға сұлтанның саят қызығын тамашалағанды тәуір көретін балалары Шоқан мен Жақып та соларға ілесті.

Үлкендердің алдын ала келісімі бойынша, ертеңіне осы көлдің басында оларға Ұзынкөл, Тыранкөл жағындағы қыстауларынан қозғалған Құсмұрын округінің былтырдан бергі бір қазысы Жалбыр төренің көші қатарласа келіп қонды. Ол Абылай ханның Бабақ ханымнан туған баласы Әбділданың ұлы. Шыңғыс басқарған дуан қазысы қызметіне сайланғанға дейін еменәлі-керей болысын мекендеген төрелердің бірі болған. Жасы Шыңғыспен қатар. 1833 жылы алған капитан шені бар. Дуандағы керей-уақтың көбі жазда теріскейге қарай беттесе, ол еменәлі

ішіндегі өзіне етжақын шаңырақтармен бірге оңтүстікке қарай, бір кездері Абылай хан ордасына қарасты елдерге бөлінген дәстүрлі жайлаудың бір қапталы – Есілдің оң салалары Қоңырсу мен Қызылсу атырабына көшеді.

Шыңғыстардың ата жайлауы да Аққанбұрлық пен Қоңырсу аралығында жатқандықтан, екі көш енді біраз күн қатар жылжып, қатар ерулейді. Олар Сарыкөл жағасында тағы бір қонғаннан кейін, ертеңіне ертелете қозғалып, сол күні кешке қарай Бозшакөл жағасына тұяқ іліктірді. Бұл да жағасы жайдақ, суы да, құсы да мол көк айдын. Маңайы жайқалған жасыл шалғын. Шөптің неше түрі көздің жауын алады.

Бозшакөлде ерулеп, енді Есілге қарай бет алып келе жатқандарында, оларға теріскейдегі Жасылбағар мен Қайраңкөл арасындағы жайлауларына бағыт түзеген сибан керей болысы Есенеі Естемесұлы ауылының көші жолықты. Есіл бойындағы Бетекей саласында жатқан қыстауларынан енді қозғалған беттері. Өз дуанының болысы болса да оған Шыңғыс аса іш тарта қоймайды. Аманқарағайға алғаш ағасұлтандыққа сайланғанда, округтің бір қазысы болған осы Есенеі еді. Алайда елге жасаған озбыр қылықтарымен байқалған оны Омбы ұлықтары 1836 жылы орнынан алған. Сонда да дуан қазысы лауазымына оның туған жездесі, көшебе керей болысы Тәбей Барлыбайұлы сайланған болатын. Он жылдай қазы қызметін атқарған Тәбейді былтыр ғана қазіргі қазы Жалбыр Әбділдин алмастырды. Ал Есенеі қазылықтан алынғалы бері Шыңғыспен араз. 1840 жылғы сайлауда дуан биі болуға қайта ұмтылғанымен, мақсатына жете алмады. Сосын өйтіп-бүйтіп жүріп, екі жылдан кейін өз сибанының болыстығына сайланып алды да, содан бері сол елді жеке басы емін-еркін билеп-төстеп келеді. Бір жағы аға сұлтанға бағынышты болған соң, оған ашық қарсы келе алмайды. Алайда Шыңғысты бір сүріндірсем, ағасұлтандығын тартып алсам, деген ниетінен еш қайтқан емес.

Есенеі елуді алқымдап қалған, зор денелі, бет-аузында бармақтай-бармақтай қорасан таңбасы бар кісі. Сондықтан да сырт жұртқа аса сұсты, ызбарлы көрінеді. Көп адам оның қара шешектен шұбарланған бетіне тура қарай да алмайды. Бір жылдары елге төтеннен тиген қара шешектен екі ұлы бір күнде көз жұмып, өзі әзер дегенде өлім аузынан қалғаны бар. Құдай

қосқан қосағы – атығайдың әйгілі биі әрі батыры Зілғара Байтоқаұлының қызы Қанікей еді. Қос бірдей перзентінің қайғысы өзегін өртеген әйелі сол қазадан кейін: «жұртқа көп зәбір-жапа көрсеттің, содан ел қарғысына ұшырадық», деп күйеуіне қайта-қайта кінә таға берген көрінеді. Ерлі-зайыптылардың арасында басталған ырың-жырыңның аяғы өршіп, Есеней 1843 жылы Қанікейді үйіне қайтарып жіберіпті.

Бұған Көкшетау дуаны ашылғалы бері, талай жыл оның бас қазысы атанған, 1830 жылы ақ патшаның алдына кіріп алтын медаль алған, Қайынтұраға айдалған Абайдідланың орнына 1839-1841 жылдар аралығында аға сұлтан болған азулы шонжар, мыңғырған бай әрі подполковник шені бар Зілғара қалай төзсін. Дереву Омбыдағы өзіне әуелден таныс ұлықтарға арызданып, Есеней некелескен зайыбын тыныштықпен үйіне алып кетсін, әйтпесе қызын ұзатқанда берген қыруар мал мен дүние-мүлікті, көп жасауды түгел қайтарсын деген талап қояды. Әйелінің төркінінен келген мол байлықтан айырылғысы келмеген Есеней, қайын атасына Қанікейді үйіне алып кететіні туралы уәде береді. Алайда соның өзін де тым көпке ұзатып жібереді. Содан 1844 жылдың қарашасында ғана бәйбішесін алып қайтуға арнайы адамдар тобын аттандырады.

Сол топқа аға сұлтанның ұлы, тоғыз жасар Шоқан да қосылған еді. Зілғараның Көкшетау дуанындағы Абылай тұқымдарымен сыйлас екенін жақсы білетін Есеней болыс Шыңғыспен екі арадағы аз-кем қырбайлыққа қарамастан, одан осы сапарға үлкен шаңырақтың өкілі ретінде өзгелермен бірге Шоқан да барып келсін деп өтінеді. Ол топта дуан биі Тәбей Барлыбайұлының бәйбішесі – яки Есенейдің туған әпкесі Матақ бастаған біраз адам бар болатын. Аса жақтыра қоймаса да өз қарамағындағы болыстың үлкен басымен кішірейіп айтқан өтінішіне Шыңғыс қарсылық білдіруге уәж таба алмайды. Бір жағынан, Уәлихан әулетіне аралас-құраластығы күшті Зілғарадай әйгілі бидің қызына қатысты шаруа болғандықтан, «үлкендермен бірге барса, барып келсін» деп шешеді. Әрі болашағынан көп үміт күтетін баласы ел арасындағы дау-дамайлар жайын да біртіндеп байқай берсін, дегенді ойлаған.

Алайда Зілғара бикүйеу баласының Қанікейді тез алып кетемін деп берген уәдесін осынша кешіктіргеніне және өз

басының арнайы келмей, басқаларды жұмсағанына қатты ренжиді. Жасы сексенді алқымдаған ақсақалдың алдына бір кездері талай мәслихаттас болған Уәлиханның немересі, Аманқарағай аға сұлтанының тұңғышы Шоқан үлкен кісідей «ассалаумағалайкүм» деп даусын көтере сәлем бере кіріп, қос қолдап амандасқан кезде, алдын ала оның кім екенін біліп отырған абыз бидің қатулы реңі сәл жұмсарғандай қалып танытты. Көз жанары отты баланың маңдайынан сүйіп: «Көп жаса, қарағым!» деді. Сөйтсе де жібі қоймады. «Еснейдің өзі келсін» деп, бұларға қызын бермей, кері қайтарып жіберген.

Шоқан кейіннен әкесінен естіді. Зілғара содан соң Омбы әкімшілігіне тағы да арызданыпты. Ұлықтар Еснейден өзінің неге бармағаны туралы жауап беруін сұраған кезде, ол: «Менің Қанікейдің артынан бармаған себебім, соңғы кездері Зілғара екеуіміздің арамыздағы егес тым өршіп, өштікке айналып кетті, ауылына өзім барсам, намыс қуған ағайындары жабылып жазым етуі мүмкін еді ғой», деген уәж айтыпты. Содан Омбы басшылығынан Аманқарағайдың аға сұлтаны Шыңғысқа қарауындағы Есней болысты тәртіпке шақыру туралы, яғни: «Естемесұлы өзі барып әйелін алып кетсін, немесе қайын жұртынан келген дүние-мүлкін түгел қайтарып берсін», деген сыңайдағы мәлімхат түскен. Дуанбасы жоғарыдан келген бұл пәрменді Еснейге жеткізгенімен, ол тағы да қыс кезінде жол азабы ауырлығын сылтауратып, көктемде барайын, деп уәде береді. Сәуір айында, енді жаз шыққасын әкелейін, деп сырғақтатып жүріп, ақыры 1845 жылдың қазанында ғана Зілғараның ауылына арнайы барып, ашулы қайынатасының алдынан өтіп, Қанікейді алып қайтыпты. Бірақ қазір онымен бірге тұрмайды. Бөлек ауыл етіп шығарған. Еснейдің өзі де одан кейін үйленуді ойлаған емес. Соқа басы қалпында. Малымен, билігімен ғана боп кеткен көрінеді.

Шыңғыс пен Есней көші бірін-бірі алыстан байқады. Болыстың көші де байлығы мен барлығын танытып, сән-салтанаты артып келеді екен. Аға сұлтанның ақ ордалы көші көлденең кездескенде, оның алдын кеспей, өткізіп жіберу ел арасында әуелден қалыптасқан жора. Өздерінің көшін аялдатқан Есней аға сұлтан мен дуан биіне сәлем бермей өтуді де қолайсыз көріп, қасындағы адамдармен бірге бұларға қарай бет түзеді.



Олардың өздеріне бұрылғанын көргесін, Шыңғыстар да аттарының тізгіндерін іркіңкіреп, жүрістерін баяулатып, кідірістей берді. Бір-біріне жақындаған кезде екі жақ та аттарынан түсіп: «көш көлікті болсын», «көш берекелі болсынды» қайта-қайта айта жүріп қол алысты. Ауыл-аймақ, ел-жұрт, мал-жанның амандығы, ауру-сырқаудан, ит-құстан халастығы, жайлау шөбінің бітіктігі сұралды. Есенеі өзімен қос қолдап амандасқан Шоқанды шырамыта, Шыңғысқа қарап: «мынау, ана жолы Зілекеңнің ауылына арнайы барған мәмілегер кіші төре ғой, бәрекелді, жігіт боп қапты, тіпә-тіпә, тіл-аузым тасқа», деді. Осындай жанары есті, көкірегінде оты бар балаларды көрген кезде, қара шешектен бір күнде қаза тапқан қос ұлы еске түсіп, қызыға қарайтыны бар-ды. Ондайда «көз тимесін» ырымын да ұмытпайды. Шыңғыс сонда да бойын күдік жеңіп: «сұғы – суға, назары – нарға аусын», деп қалды ішінен.

Аздан соң қайта аттарына қонған олар, бір-біріне «көштің көрікті, жайлаудың жарасты болуын» тілеп айырылысты. Есенеі жағы: «ертең Есілден өтісімен, сіздердің жайлауларыңыз басталады ғой, біз әлі біраз күн жүреміз, жолдарыңыз болсын», десе, Шыңғыс жағы: «жол-жөнекей ит-құстың әбігеріне ілінбей, ерулеріңіз қайырлы боп, есен жетіңіздер», деп қоштасты.

Есенеі былай шыға бере: «Абылай немерелерінің бір-бірімен әмпей-жәмпей қатар көшуін қарашы, ертеңгі күні өздерінің хан жайлауларына жетіп, жылы-жұмсаққа тұмсықтарын малып жатуға асығып барады ғой», деді қасындағыларға. Бұл оның бір жағынан, ана жылдары өзі атқарған ағабиліктің, енді осы елдің керей-уағына да емес, хан тұқымы Жалбыр төреге бұйырғанына іштей наразы қалпын білдіргені де еді...

Екі күннен кейін, көш Есілдің жайдақ тұсынан оң жағалауға өткесін, Жалбыр ауылы Қоңырсуға қарай бұрылды да, Шыңғыс көші Аққанбұрлық өзені алабындағы ен жайлауларына беттеді. Түгін тартса, майы шығатын бұл жазғы өріс жайқалған көк шалғынымен, ұйысқан жабағыдай, ащы-тұщысы аралас қалың бетегесімен, саумал ауасымен, сулы да нулы қойнауларымен, айдынды көлдерімен белгілі өлке. Әр тұста қайың, терек аралас шоқ-шоқ орман. Айнала төңірек тұтасқан көкжасыл шөптен көк теңіз сияқты тұнып тұрады. Оқта-текте самал леп сипап өткенде, сол көгөрай шалғын жан біткен тәрізді ақырын ғана ырғалады,

алқаракөк теңіз бетіндей құлпыра толқынданады.

Жер бедері ұшы-қиыры жоқ белесті, тастақты өңір. Кей белестердің ығында көз жасындай көлдер, қопасы мен суы мол, шоқ-шоқ ағашты, көк құрақты томарлар бар. Жаз шыға сол айдын көлдер, шалшықты томарлардың басына, қыз бұрымындай бұрала аққан өзендер мен балбұлақтар бойына ақшаңқан үйлерін қаз-қатар тізген қалың ел қонады. Шағаладай ауылдар маңына желі тартылып, бие байланады. Қотан иіріледі.

Шыңғыстар көші Есілден өтіп, бір ерулеп алып, ілгерілегеннен кейін-ақ, екі-үш күнде, ата жайлау өрістеріне олардан сәл бұрын тұяқ іліктіріп, ауыл-ауыл боп қотандаса қоныстанып үлгерген Сырымбеттегі ағайын-туғандарының ортасына жетті. Алдарынан қарсы шыққан жол көрсетушілердің бастауымен, олардың ауылы үшін алдын ала әзірленген тұсқа көш басын тіреп, түйелер мен арбалардағы теңдерді шешіп, көк майса үстіне ақшаңқан ордасы мен басқа да жұмыртқадай үйлерін тігіп, жиһаз-жабдықтарын жинастырып болысымен-ақ, алыстан жеткен шаңырақтың ерулігі мен сыбағасы ретінде төңіректегі туыстардан табақ-табақ ет, саба-саба қымыздардың да алды келе бастар еді.

Әуелгілердің қатарында аңқылдап Шеген ағасы, Қанғожа мен Әлжан інілері жетеді. Шегеннің Шыңғыстан он жастай ілгерілігі бар. Айғаным балаларының ішіндегі қазіргі үлкені осы. Көкшетау дуаны алғаш ашылған 1824-1834 жылдары бәйімбет-атығайдың болысы қызметін атқарған. 1830 жылы капитан шенін алған. Алайда көшіп келген қарашекпендердің өктемдігіне қарсы өршіп, аяғы өлімге соқтырған бір қақтығысқа қатысы бар деген күдікпен істі болуына байланысты, қайтып билікке араласпаған. Әуелден інілері Қанғожа, Әлжандармен бірге Сырымбетте Айғаным аналарымен бірге тұрады. Жаз шыға өздері елеулі бір көш болып, орталарындағы аналарын аялай отырып, Аққанбұрлық саласындағы дәстүрлі жайлауларына жетеді.

Былтырдан бері көріспеген ағайындылардың сағына қауышуларынан соң, әдеттегі амандық-саулық сұрасулар басталған. Шыңғыс әуелі анасының жай-күйін, денсаулығын сұрап, жайлауға шаршап-шалдықпай, жол соқпай жетті ме, деп жатыр. «Бәрі дұрыс, өзіңді, Зейнеп келінді, балаларды, әсіресе

Шоқанды қатты сағынғанын айтады», деді Шеген, бұларға қол алысуға келген Шоқанның басынан сипап.

– Бойың былтырғыдан гөрі өсіп қалыпты. Биыл қаншаға шығасың? – деді одан.

– Он екіге толамын, – деді Шоқан. Содан кейін әкесіне қарап:

– Әжеме қашан барып, амандасамыз, – деген.

– Бүгін күн кеш болып қалды. Ертең үй-ішімізбен түгел арнайы барамыз. Егер, қаласаң, әжеңнің қасында біраз күн жүре тұруыңа да болады, – деді әкесі оған мейірлене қарап.

Шыңғыс содан кейін Шегендермен әңгімесін әрі қарай жалғап, жайлаудағы ежелгі қоңсыластары Зілғара би ауылының, Сартай, Тортай, Жаналы төрелердің қашан көшіп келгенін сұрады.

Бәрі де жылдағыдай жайлауға қатар жегіп, қазір әр ауыл өздерінің дәстүрлі өрістеріне сала-сала болып жайғасып үлгеріпті. «Алдағы күндері арнайы барып, қолдарын алып қайтамын ғой», деді Шыңғыс.

Аққанбұрлық пен Қоңырсу, Қызылсу арасы талай жылдан бері Зілғара Байтоқаұлы бидің елі – атығайға жататын андағұл-ораз-бәйімбет болысына қарайтын аталардың да жайлауы. Көп уақыт Көкшетаудың дуан биі, екі мәрте аға сұлтаны болған әйгілі шешеннің ұлдары да бұл күндері өсіп-өніп, ел басқаруға араласып отыр. Қазір елудің жуан ортасындағы екінші баласы Шүкей 1839 жылдан бері сол өздері қарайтын елдің болысы. Одан он жастай кіші Мұса да еті тірілігімен байқалып жүр. Шыңғыстың сырттай естуінше, одан кейінгі інісі, жиырмадан енді асқан Әлібек де би тұқымына лайық байсалды істерімен, әділеттілігімен таныла бастаған. Өнерлі. Арыстанбай, Орынбай сияқты ақындармен жақсы араласады.

Әкесі Уәли ханның жатырлас інісі Шыңғыстан туған Сартай, Тортай, Жаналы ағаларымен, олар әуелден Айғаным шаңырағына жақын жүретіндіктен, ерекше сыйластықта. Үшеуінің де қыстауы Сырымбет маңында. Үшеуі де мыңғырған бай. Бұ күндері жетпіске жақындап қалған Сартай Шыңғысұлы кезінде дуандардың құрылуы мен орыс бекіністерінің салынуына қарсы халық толқуларына қатысқаны үшін ұсталып, Қайыңтұраға да жер аударылған. Артынша кейін қайтарылып, көп жыл бойы

есенбай болысын басқарды, Патша ұлықтары Абайдіданы шеттетіңкіретіп жүрген әне бір жылдары дуанның аға сұлтаны боп та сайланды. Одан жеті-сегіз жастай кішілігі бар інісі Тортай да біраз уақыт ел билеуге араласып, он жылдай болыс болған. Бүгіндері қырықтың ортасындағы інілері Жаналы да ешкімге есесін жібермес шынжыр балақ, шұбар төстердің бірі. Отызыншы жылдардың басында бір сайлау болыстық қызмет атқарған ол, қазір де қайтадан атқа мініп, 1845 жылдан бері есенбай болысын билеп-төстеп отыр.

Шыңғыс әкесі Уәлидің бәйбішесінен туған, Көкшетау іргесіндегі Абылайдан қалған байырғы орда – Ханның Қызылағашы төңірегін мекендейтін үлкен бауырлары Абайдідда мен Ғаббас шаңырақтарынан гөрі, осы немерелес үш ағасымен қоңсылас өскендіктен бе көп аралас-құраластықта. Обаған жаққа қызмет бабымен алыстап кеткелі бері тек жайлауға келгенде ғана жүздесуге мүмкіндік тауып жүр. Реті келсе, кең отырып, кеңес құруға әрдайым бейілі ауып тұрады.

Балалары да жаз кезінде Сырымбеттен келген Айғаным әжелерінен тарайтын үбір-шүбір туыстарымен кездесіп бір жасап қалады. Әсіресе қыс бойы аңсай сағынған әжесіне деген ағыл-тегіл ықыластарын айтсайшы.

Ертеніне Құсмұрын аға сұлтанының отбасысы Айғаным ананың ақ ауылында мәре-сәре боп шұрқырасып жатты. Барлығын айналып-толғанып, мауқы басылғаннан кейін әжесі сүйікті немересі Шоқанды қасына икемдей тартып, әңгімелесе бастады. Күнтимес мектебіндегі оқу барысын, қандай дәрістер өтіп жатқанын, кейінгі кезде қандай жыр-қиссаларды оқығанын сұрады.

Өзі де сауатты, әр тілден хабары бар білімді әже бес жасынан хат танып, жеті жасынан бастап, әкесімен бірге халық жырларын қағазға түсіруге қолқабыс беріп жүрген Шоқанның алғырлығына әуелден дән риза. Немересінің тілі шыққалы бері, жайлауға келген кездерінде қасына көбірек тартып, әртүрлі ертегілер, аңыздар мен өлеңдер айтып беріп, жаңылтпаштар мен жұмбақтар үйрете жүріп, біртін-біртін өзінде бар шығыс қиссалары мен дастандарын да тыңдата бастады. Талайын жатқа жырлап береді. Шоқан әріп танығаннан кейін оларды немересінің өзіне оқытатын болды. Жайлаудан қайтарда Шоқанды

Сырымбетке ала кетіп, оқу басталғанға дейін бір айдай қасында ұстап, мәнерлеп оқуға үйретіп, ағайын-туғанға тыңдаттырып отырғанды да тәуір көреді.

Айғаным әженің ордада ұстайтын сандығында кітап боп басылған да, қолжазба түрінде көшірілген де қисса-дастандар жетерлік. Ел аузында тараған діни қиссалар – «Салсал», «Зарқұм», «Жұмжұма», махаббатты жырлаған «Жүсіп-Зылиха», «Ләйлі-Мәжнүн», «Бозжігіт» дастандарын Шоқан әжесінің арқасында кішкентайынан біліп өсті. 1807 жылы Қазанда кітап болып басылған «Сейпілмәлік» дастанын де әжесі сол сандықтан алып оқытты. Көп шығыс қиссалары сияқты, «Мың бір түн» ертегісінің негізінде дастанға айналдырылған бұл кітапта да ескі кітаби тіл орамдары, араб, парсы сөздері көп кездеседі. Түсінбеген жерлерін әжесінен сұрап алады. Оның араб-парсы сөздеріне құлағының жаттығуы мен ұғынуына Күнтимес мектебінде алған тәліммен қоса, сол қиссалардың да жәрдемі көп тиді. Ел арасында Мысыр патшасы Қасымның Сейпілмәлік атты ұлы мен Бәдіғұлжамал перизат арасындағы адал махаббатты жыр еткен осы дастанның қазақ тіліне бейімделіп, жатық жырланған нұсқасы да бар екен. Оны да бір күні әжесі айтып берді. *«Қолыма қағаз бенен қалам алдым, дүниенің опасына қайран қалдым. Кәріптер жұрт ішінен тыңдасын деп, қисасын Сейпілмәлік хатқа салдым»*, деп басталыпты.

Қазақ ішінде көп жайылған жырлардың бірі «Бозжігітпен» те алғаш рет әжесі таныстырды. *«Заманнан көп замандар өтті дейді, бір ханға жалғыз ұлы бітті дейді. Жақсы ұзақ дәурен көрмек бар ма? Дүниеден арманымен өтті дейді. Бір ұл туды патшаға, жұртқа лайық, сауын айтып той қылды елге жайып»*, деп басталатын дастан да «Сейпілмәлік» сияқты жігіт пен қыздың іңкәр махаббатына арналады. Бір-бірін түсінде көріп ғашықтық дертіне шалдыққан Бозжігіт ханзада мен Қарашаш ханша өздерінің асыл сезімдері үшін бар қиындықты бастан кешеді, соның жолында жандарын қияды. Екеуінің алғаш кездесу қуанышында Қарашаштың қасында жүрген қырық қыздың жар-жар айтып қошемет көрсетуі – өзі әрдайым қазақтың үйлену тойларында көріп жүретін салт-жораны еске түсірер еді. *«Алхамду сурет құраның, басыңда тұр жар-жар! Пайғамбарлары Алланың, қасыңда тұр жар-жар. Бірі –*

*меруерт, бірі – маржан, тізіліп тұр жар-жар! Бірі – хан-дүр, бірі – ханша, жар болыпсың жар-жар! Бірі – тоты, бірі – бұлбұл, жар болыпсың жар-жар! Бірі – алтын, бірі – күміс, түс болыпсыз жар-жар!»* Алайда қыздың қатал хан әкесі олардың қосылуына қарсы шығып, Бозжігітті өлімге бұйырып, басын шаптырады. Бұл сұмдықты естіген Қарашаш зарын төгіп жүріп, қасына жүз жиырма күл алып, Бозжігіттің басына мазар тұрғызады. Ол біткесін мазар ішінде өзіне-өзі пышақ салып, сүйгенімен мәңгілікке қауышады. Шоқан әжесінің сұрауымен осы жырды мәнерлеп оқып отырған кезде, әсіресе екі жастың қаза табатын тұстарына келгенде, оны тыңдаған жұрттың уайымға көміліп, қыз-келіншектің көз жасын мөлт-мөлт сорғалатқанын талай көрген.

Ана жылы жайлауда әкесімен бірге Жанақ ақыннан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын жазып алған кезде, оның кішкентайынан желісі таныс сол «Бозжігіт» дастанымен үндес, сарындас екенін де бірден байқады. Онда да Қозы мен Баянның қосылуына қыз әкесі қарсы болып, ақырында екеуі де бір молада мәңгілікке табысады ғой, «Бозжігіт» те солай аяқталады.

Жанақ ақынның қобызбен қосыла орындаған «Қозы Көрпеш» жырын әкесі екеуі қағазға тазалап көшіріп отырған кездерінде Шыңғыс баласына осы жырды айтушылар жөнінде де бірқыдыру мәлімет берген. «Қозы Көрпешті өзіміздің Болат төре де ерекше шалқыта жырлайды. Ол бұл жырды Петерборда үлкен ұлықтар алдында да айтқан», – деді.

Болат сұлтан – Уәлихан атасының Қайыңтұраға жер аударылған баласы Абайділданың үлкен ұлы екенін біледі. Өзін көрген емес. Әкесінің айтуынан еститіні – 1828 жылдан 1837 жылға дейін атығайдың майлы-балта болысын басқарған. Қыстауы Көкшетаудан шығысқа қарай сексен шақырымдай жердегі Жыңғылды, Қандыағаш деген жерлерде. Жасы Шыңғыстан бір-екі жастай кіші.

– Петерборда, айтқан дейсіз бе? Қалайша? – деп таңғалды Шоқан.

– Абайділда ағамыз дуандар ашылып, оны Көкшетау округінің аға сұлтаны етіп бекітсе де хандық билікті қайтару мақсатынан көп уақыт күдер үзбей жүрді ғой, – деген Шыңғыс. – Ол сол тілегін патша ағзамға тікелей айтпақ ниетпен, Омбы

ұлықтарын жиі-жиі мазалап, Петерборға барып-қайтуға көп сұранды. Алайда орыс әкімшілігі оған рұқсат бере қоймады. Содан ақыры қайта-қайта айтып жүріп, 1828 жылы жаңадан болыс боп сайланған ұлы Болатты қасына біраз адам қостырып, Петерборға жіберткізді. Оны патша сарайында айбынды Абылай тұқымынан шыққан жас сұлтан ретінде құрметтеп қарсы алғанымен, әкесі сұраған хандық билікті қайтару жөніндегі тілек енді орындалмайтын шаруа екенін айтып түсіндіреді. Дегенмен сол барғанында, Болаттың «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» жырлайтынын естіген ұлықтар мен оқымыстылар Сенат үйінде оны тыңдау үшін арнайы жиын ашады. Сонда Болат төре «Қозы Көрпешті» үш күн бойы жырлап, тыңдаушыларды аса таң қалдырыпты дейді.

Омбыдағы орыс таныстарым Болаттың Сенатта жыр төккені туралы сол әңгіме Петерборда шығатын газеттерге жазылған деп айтады. Ол қиссаны дәл Болат сияқты ұзақ түрде толғайтын тағы бір жыршы – ана жылы өзіміз «Едігені» жазып алған атығай Арыстанбай ақын. «Қозы Көрпешті» – қаракесектің қамбары Жанақ ақыннан басқа, Көкшетаудың аға сұлтаны болған Әбілқайыр Ғаббасұлы ағамыздың қасында көп жүретін атығай-қырғыздың соқыр ақыны Шөже де жырлайды. Бірақ олардың өлеңдерінің көлемі Болат, Арыстанбай екеуінікіне қарағанда шағындау ма деймін.

Абайділда 1833-35 жылдар аралығында Көкшетау дуанына қайтадан аға сұлтан боп сайланып қызмет еткен кезінде оның қасында уақтан шыққан Әбілқайыр Дербісәлин деген хатшы жұмыс істеді. Оның аталары Абылай бабаң мен Уәли атаң заманында әйгілі билер қатарында саналған. Сол хатшы Болат ағаң айтатын жырды ықшамдап жазып алып, Омбыдағы ұлықтарға өткізіпті. Естуімше, он алты беттік терідей үлкен қағазға жазылған көрінеді. *«Өлеңді айтып-айтып біз кетелік, ісіне құдіреттің не етелік? Қарапайым өлеңді кім айтпайды, Баянды, Қозы Көрпеш тербетелік!»* деп басталады екен.

Шоқан тілі шыққалы Айғаным әжесінен көп ертегілер мен өлеңдер, одан кейін шығыс хикаяларын ести жүріп, біртін-біртін тойларда, аға сұлтан ордасындағы жиындарда неше түрлі арқалы ақындар толғайтын қазақтың төл дастандары, батырлық жырларымен де жақынырақ таныса бастады. Бұл ретте оған

алты-жеті жасар кезінде әкесі екеуі «Едігені» жазып алған Жұмағұл мен Арыстанбай, «Орақ батырды» жырлаған Нұрымбай ақындардың ағыл-тегіл жыр төгулерінен алған әсер тым ерекше болған еді. Одан бері де сол дүлдүлдердің және басқа да айтушылардың аузынан «Ер Көкше–Ер Қосай», «Ер Тарғын», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Қамбар батыр», «Шора батыр» сияқты жырларды есі кете тыңдады. Олардың қай-қайсысы да тыңдаушыны ерен ерлік рухына жігерлендіреді, ел мен жер үшін өткен қиян-кескі шайқастар ортасында жүргендей хал кештіреді. Шығыс хикаяларындағыдай емес, қазақ сөзінің сом-сом адуынды, әсерлі күші, қиыннан қиыстырған сара-сара інжу-маржандары да осы батырлық жырлар шумақтарында молынан ұшырасады. *«Сүйрей-сүйрей көшерге, сүйір таулар болса игі. Сүйір таулар болса да, одан сүйреп көшерге, сүйір атан болса игі. Сүйір атан болса да, оның басын жетелер, қоян қолтық, керме қас, ару шешей болса игі. Ару шешей болса да, сүңгілі ұлдар туса игі...»*, деп Орақ батыр толғанса; *«Мен тауға ұялар сұңқармын – тау бөктерлей жортармын, торлаусыз өскен құланмын – мезгілсіз жусап өрермін. Божығаннан ащымын, сербет құйсаң тұщымын»*, деп Едіге шамырқанады. *«Омыртқамда он жара, оңғарыла алмай келемін. Қабырғамда қырық жара, қимылдай алмай келемін. Толарсақта тоқсан екі бар жара, толғана алмай келемін»*, деп Ер Көкше күніренеді. *«Көгілдірлерін еріткен, көлдегі құлар шулайды. Шулағанға қарасам, көктен құстар соғылғанға ұқсайды»*, деп Ер Тарғын қамығады. *«Тоғай толған түйемді, Сарысуға тапсырдым, Желі толған жылқымды, жасанған жауға тапсырдым. Қора толған қойымды, аш бөрігіе тапсырдым...»*, деп Қобыланды қасақы жауға аттанады...

Түз жұрттарының табиғатпен біте қайнасқан тіршілік дағдыларын, олардың бір кездерде айбынды ордалар құрған қаһармандық замандарының қадау-қадау суреттерін көз алдыға әкелетін көркемдік бітім, эпос кейіпкерлері асқақтата көтерген ерлік пен батырлықтың қуатты рухы бала Шоқанның ауыз әдебиетіне деген айрықша қызығушылығын одан әрі арттыра түседі. Аға сұлтанның арнайы шақыруымен ордаға жыр айтуға келетін ақындардың өлең-жырларын әкесімен бірге отырып жазып алу, көшіру – ол үшін жарқын да қызықты сәттердің бірі.



Бар ынты-шынтысымен кіріседі.

Шыңғыс та баласы Шоқанның бұл ықыласын қолдап-қошеметтеп отырады. «Сенің өнер-білімге үйірлігің – Абылай бабаңа тартқандығыңның бір нышаны», дер еді оны көтермелеп.. Содан кейін Қазақ Ордасын билеген Ұлық хан бабасының әйгілі күйші ретінде де танылғанын, оның «Қара жорға», «Ақ толқын», «Алабайрақ», «Шанды жорық», «Садаққақпай», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Қайран елім», «Майдақоңыр», «Сары бура» сияқты күйлері барын айтады. Болат ағасының «Қозы Көрпешті» жырлап жүрген шандоздығын да сол асыл тектен дарыған ерекшелікке саяды. Абылай бабаңның Жетісу жақтағы ұрпақтарын біле бермеймін, Уәли тұқымдары арасында оның күйшілік қасиеті тікелей Қанғожа ағаңа да қонған, оның бүгіндері елге белгілі қобызшыға айналуы да сол асыл тектен бастау алады. Атадан жеткен әулеттік бақыт менде болғанымен, өнері Қанғожада, деп отырады.

Шоқан да әкесінен жеті-сегіз жастай кіші осы ағасына ерекше үйір. Қанғожаның құйқылжытып қобыз тартатын шеберлігіне қоса, сұңқар ұстап құс ілетін салымды саятшылығы да бар. Жаз кезінде Шоқанды талай мәрте айдын көлдер мен томарлардың қамыс-қоғасына ұя салған қаз-үйрекке бірге алып шығып, құсбегілік өнердің де нешеме әдіс-тәсілдерін көрсеткен. Алайда Шоқан үшін Қанғожа ағасының қобызшылығының жөні бөлек. Жыл сайын жайлауға жетісімен, қобызшы ағасының күйін тыңдауға асығады. Алғашқы күндердің әбігер-қарбаласы саябырсығаннан кейін үйіне арнайылап барып, қобыз шалуын өтінер еді.

Тартар күйлері неше алуан. Алдымен күңіретіп Қорқыттың «Тәңір биінен» бастайды. «Сарын» мен «Тарғыл танасын» сарнатады. Содан соң байсалы уақ Сары батырдың сыбызғыдан тартқанын сыңсытады. «Қанғожаның басқаны» деп аталатын өзінің күйін мамырлатады. «Бағаналы Балақай бақсының тартқанын» бебеулетеді. Одан кейін Досжанның «Балбырауын», «Суға кетті Ер Қотан», «Ала байрағын» толқындатады. Бір сәт Өтеболаттың «Тарғыл бұқасы» мен «Қызыл қайыңы» құйқылжиды. «Қапыда өткен қарбалас», «Ер Шегедей еткейсің», Баутанның «Қосбаспасын», Тайлақбайдың сыбызғыдан тартқан «Қыз жылытқан» күйлерін сұңқылдатады. Саусақпен тартатын

көне күй – «Шығыт жібі бес бармақты» саумалатады. Әрқайсысының қалай шыққанын, нендей оқиғалар баян етілетінін кіріспе сөзбен түсіндіре отырып, шешен үнді қобызымен шалқыта орындайды...

Жайлауда балалар жиналған кезде нешетүрлі ойындардың тығыны ағытылады. Оларды бұдан бірер жыл бұрын басты ұйымдастырушы Шоқан еді. Айғаным әжесінің ақылды тентегі күллі баланы жанына жиып алып, ду-ду боп жататын. «Соқыртеке» деген ойын бар. Жерге балаларды қаз-қатар отырғызып қойып: *«бірім-бірім, екім-екім, үшім-үшім, төртім-төртім, бесім-бесім, алтым-алтым – ауыр балтам, кім ұшты – кәріп ұшты, қара жерді жарып ұшты»* деп санамақ айтып біткен заматта, тез тұрып кете алмаған бала соқыртеке атанады. Оның көзін байлап, басқаларды іздеткізеді. Ол іздеп жүргенде әркім бір соғып кетеді. Егер ол бір баланы ұстап алса, соқыртекелік соған ауысады. Ұстай алмаса, әрі қарай соққы көруін жалғастыра береді.

«Ай керек» дейтін ойын бар. Балалар қарама-қарсы екі қатар боп қол ұстасып тұрады да бір қатардағы балалар қарсы қатардағы баланың біреуін шақырады. Шақырғанда: *«Ай керек-ау, ай керек, айдан соңғы не керек? Қанжығадан қан керек, бір атаның ұлы едік, бір құдайдың құлы едік, анау тұрған пәленше керек»*, дейді. Сол шақырған бала жүгіріп келіп қатарды кеудесімен соғып жарып өтсе, өзімен бір баланы алып кетеді. Бұза алмаса, өзі сонда қалады. Сөйтіп қай жағының адамы аз қалса, сол жеңіледі.

Бір ойыннан жалықса, екіншісін бастайды. «Бурақотан», «Ақбұзауға» ауысады. Содан кейін асыққа кіріседі. Оның да «Алты атар», «Оңқа атар», «Хан ойын», «Үндемес», «Жалғыз асық», «Сақа атар» сияқты неше түрі бар.

Айнадай жарқыраған көлдер мен томарларға шомылған қандай тамаша. Жағасындағы қамыс, қоғаның қант татыған сүйірігін тартып алып сорғанның өзі неге тұрады. Томарлардың қалың құрағы кикүға толы құс базары. Қияқ іші жыпырлаған ұя. Жұмыртқа басқан шүрегей, шағала мен қызғыш. Балаларға дауа бар ма. Құстарды үркітіп, олардың парылдай жоғары көтерілгеніне, ұясын жағалай ұшып жанталасқанына, шағалалардың шаңқылдай шулап, қызғыштардың төбеңнен

бүрердей боп бажылдай ұмтылғанда, оған бөрік лақтырып үркіткеннің өзін қызық көреді. Тақияларына толтырып жұмыртқа тереді.

Суға шомылудан жалыққан кезде, көл жағасындағы ақтақырда қайтадан асыққа кіріседі. Осылайша күні бойы ойнай-ойнай сілелері қатып, кешке үйлеріне әзер тарайды...

Былырдан бері Шоқан осы ойынпаздықтан да арыла бастады. Ара-тұра ғана інісі Жақып қайта-қайта шақырып қоймағасын араласқаны болмаса, көбіне-көп кітап оқығанды, ордада бас қосқан адамдардың әңгімелерін тыңдағанды, ақын-жыраулардың өнерлерін тамашалағанды мақұл көреді. Әкесі де баласының осы салмақтана түскен қалпын байқап, реті келсе жанында көбірек ұстап, өзімен бірге барған жерлеріне ертіп жүретін болды. Ордада өтетін даулы мәселелерге қатысты билік айтуларды тыңдатты. Өзі де Шоқанға ел-жұрттың түздік өмір салты жүйелеген дәстүрлі тіршілігіне қатысты әңгімелерді іждағаттап түсіндіріп айтып отырар еді.

– Жайлауға шыққан жұрттардың бір-бірімен араласуларының өзі де әуелден қалыптасқан дағдылы іс-әрекеттерге құрылады, – деген еді бірде. – Осы Есіл, Аққанбұрлық алаптарындағы жайлауларға әр жаз сайын Көкшетау дуанының теріскей батысынан атығай-қарауыл мен керейдің бес болысы, оңтүстіктегі Ұлытаудан бағаналы найманның төрт болысы көшіп келіп, Қалмақкөл, Салқынкөл, Қоңырсу өңірлерінде бір-бірімен іргелесе қонады. Сол қанаттаса жайғасқан кездерінде олар бір-бірімен талайдан қалыпқа енген алыс-беріс амалдарын да жасап жатады. Бағаналылар түйесі көп ел. Сол себепті де оларда қазақтың қалаулы киімі – түйе жүн шекпен тігетін ісмерлер мол. Ал Көкшетау дуанының Айыртаудан теріскей жаққа қарай жатқан, өзіміздің Сырымбет сияқты орманды өңірлерін мекендейтін қалың атығай мен керей арасында ағаштан түйін түйетін небір шеберлер бар. Андағұл-ораз-бәйімбет болысында талдан кереге, уық, шаңырақ иетін үйшілер көп болса, андай-ырсай болысының ұсталары арба, ағаш төсек, жүк аяқ, кебеже, сандық, асадал жасауға машықтанған. Бабасан-бағыс, еменалы керей, матақай-самай болыстарының шеберлері ыдыс-аяқ ойып, ер шабады. Атығайдың құлансу атасының ұсталары мен зергерлерінің айбалта соғып,

үзеңгі, ауыздық, айылбас сияқты ат әбзелдерін жасаумен, қамшы, жүген дайындаумен, ер әшекейлеумен аттары шыққан. Олар жайлауға көшкенде өздері әзірлеген осы бұйымдарын бірге ала келіп сатуға қояды немесе айырбасқа салады. Киіз үйдің сүйектері, арбалар мен ағаш бұйымдарға, ер-тұрман жабдықтарына көбіне-көп бағаналы наймандар қызығушылық танытады. Атыңай мен керей жұрты, тиісінше, олардан түйенің жүні мен тоқыма жеңіл шекпендерді алып жатады.

Әкесінің айтуынан Шоқанның ұққаны – әр рулардың жайлау төсінде ауылдары қатарласа қонған кездерінде атқарылатын осындай алыс-беріс дәстүрлер әуелден қалыптасқан. Сібір қалалары мен Түркістан, Ташкент арасын жалғап жататын сауда жолының бір күре тармағының осы жалпақ жазираны басып өтуінің өзі де бекер емес, дер еді Шыңғыс. Айшылық алыс жолдарға шығатын саудагер жұрт, әдетте, халық мол шоғырланатын аймақтарға да бет түзей жүреді. Олар керуен жолдарының бағдарын жүйелеу барысында, жол-жөнекей сондай қолайлы өңірлерде дамылдап, сауда жасауды қатар ойластырады. Аққанбұрлық, Қалмақкөл, Салқынкөл алабындағы ежелден ел қалың қонатын ең жайлау да сауда керуендері үшін ұзақ жолдың бел ортасында ат суытып, аял жасауға, алыс-беріске оңтайлы сондай жерлердің бірі ретінде саналады.

Әдетте, кіре-кіре жүк тартқан саудагерлер осы жайлау аумағына жеткен кезде қазақтардан мал, тері, жүн бұйымдарымен қатар, олар жасаған арбаларды да көптеп алып жатады. Бұхардан, Қоқаннан Арқа жеріне жібек пен мақта маталарын, биқасап шапандар, әшекейлер, кілем, шай, күріш, өрік-мейіз сияқты тауарлар әкеліп, олардың біразын қойға, теріге, жүнге айырбастап, әрі қарай теріскейдегі орыс қалаларына дейін баратын, қайтарда Ресей жәрмеңкелерінен темір мен фарфордан жасалған әртүрлі заттар, қазан, ыдыс-аяқ, айна-тарақ, ұн, сиса мен шұға маталарын ала келетін базарқан қауымдар жол-жөнекей осы өңірде аялдап, біраз уақыт сауда жасайды, жұрттың алыс-беріс қажетін ажыратуға араласады.

– Орыс ұлықтары болашақта бұл маңнан жәрмеңке ашу жағын ойластырса, еш ұтылмайды, – деп еді Шыңғыс баласына. – Ежелгі сауда жолының бойы. Батысы – Мәкәржа мен Ірбіттен, шығысы – Қытайдан, күнгеі – Әндіжан мен Хиуадан жеткен

керуендердің тоқайласуына, базар көрігін қыздыруға әбден-ақ қолайлы жер. Ел арасы енді ғана тыншыды ғой, бәлкім алдағы уақытта бұл ой да іске аса жатар. Сонда қазақ үшін пайдалы бір шаруа атқарылған болар еді, – деген...

\* \* \*

Осы 1847 жылдың жазында жайлауға шыққан жұрт арасында және ел үлкендері бас қоса қалған орталарда қозғалар сөз арқауы көбіне-көп бір тақырыпқа айналып соға берер еді...

Қай ретте де әңгіме желісі – сол көктемде Кенесарының қырғыз жерінде қазаға ұшырағанына қатысты оқиғаларға бұрылып жататын. Көп жұрт бұл туралы әр хабар-ошарды да қатыңқы қабак, қамығыңқы көңіл-күймен қабылдайды. «Қайран, боздақтар-ай!», «Шәһиттәрім-ай!» дейтін аһылау-үһілеулер басымырақ шығады.

Жайлауға жайғасқандарына біраз күн өткеннен кейін, Шыңғыс қасына Қанғожаны, Шоқанды алып, үш-төрт адаммен бірге Қалмақкөлге жақын тұсқа қонған немерелес туыстары Сартай, Тортай, Жаналы ағаларының қолын алуға барғанда да осы әңгіме қозғалды. Әкесі Уәли ханның жатырлас інісінің аты да Шыңғыс. Сол аттас ағасы балаларының үлкені боп келетін Сартай, қанша дегенмен кезінде Саржан мен Есенгелді бастаған көтеріліске қатысқаны бар, Кенесары, Наурызбайдың қазасына кәдімгідей қамығып отырғанын байқатты. Уәли хан тұқымдарының арасында дара шығып, он үш жыл бойы Обағандағы керей-уаққа үзбей дуанбасылыққа сайланып, қайрат танытып келе жатқан немере інісінің өзіне арнайы сәлем бермекке соққанына жетпісті алқымдаған қария кісі риза боп қалды. Шоқанның маңдайынан өпті. Бетіне барлай қарады. Қонақтарға сары сабадан салқын қымыз құйылып, таңдайлары жібігеннен кейін, аға сұлтан туыстарының келгеніне орай, үлкен шаңыраққа жиналып қалған, алды алпысты еңсеріп, соңы елуге беттеген інілері – Тортай, Жабай, Жаналыларды көзімен бір шолып алды да тамағын кенеді. Шыңғысқа еңсеріліп:

– Қарағым, Шыңғыс. Менің білуімше, Абылайдың ақ ордасы тігілген Орта жүзде, айбынды атамыздан өрген тұқымдар арасында, дәл қазір патшаның аға сұлтаны боп отырған жалғыз

сен ғанасың. Сенен лауазымы биігі жоқ. Көкшетауда дуанбасы болған, өзің сияқты майыр ағаң, Ғаббастың Әбілқайырының ағасұлтандығын осыдан бір жарым жыл бұрынғы сайлауда Тоқтамыс бидің баласы Маңдайдың тартып алғанын білесің. Сондықтан да біздің туыстардың ішінде қазір сенен бәсі асып тұрған ешкім жоқ. Орта жүз бен Кіші жүз ақ киізге салып, хан көтерген Кенесары ініміздің жағдайы анау болды. Есіл ер екен, қанша зорлық, шапқыншылық көрсе де, күші басым патша қаһарынан еш ықпады, біз сияқты бұғып қалған жоқ, тайсақтамады, атойлап өтті өмірден. Жаны пейіштің төрінде шалқысын! – деп бетін сипап еді, бәрі оның істегенін қайталады.

Сосын әңгімесін әрі қарай жалғап:

– Омбыдағы жанарал кеңсесі жақтан не хабар алдыңдар. Дәл дерегін айта ма? Әйтпесе, біздің еститініміз, алыпқашпа, ұзынкұлақ әңгіме. Қалай қолға түсіп, қаза тапқанын да әртүрлі қылып айтады. Анығын өзің білдірші, – деді.

– Бір айдай шамасы бұрын Омбыдан Кенесарының қырғыздар қолынан қаза тапқаны туралы пәрмен хат келген. «Біздің бәріміздің ортақ жауымыз өлді», деп хабарлапты. Онда қалай өлгені жөнінде мардымды ештеңе айтылмаған еді. Жайлауға шығардан он күндей бұрын ғана Омбыдан оралған орыс көмекшім Дабшинский біраз жайды айтып келді. Өзі бұрын Шекара басқармасының хатшысы боп істеген адам еді, таныстары арқылы ретін тауып Кенесарының соңғы шайқасына қатысты біраз қағаздармен танысыпты. Аягөз, Қапал жақта патша әскерлерін басқарған Нюхалев, Абакумов, Карбышев сияқты жасауылдардың мәлімхаттарын, сол жақтың найман, үйсінін басқарып отырған төрелер мен Қокан саудагерлерінің айтқандарынан жинақталған хат-хабарларды оқыпты. Сондай-ақ Кенесары қолы жеңілгеннен кейін тірі қалған арғынның біразы бұ күндері қол терілері ойылып, табан терілері сойылып Сарыарқаның шегіне ілігіп жатқан көрінеді. Солардың да еміс-еміс жеткізген әңгімелеріне қарағанда, қазақ пен қырғыздың шайқасы Шу өзенінің бойында жатқан Тоқпақ қамалы маңындағы Кекіліксеңгір деген тауда өтіпті. Кенесарының ту тіккен орны Майтөбе деген жер екен. Қырғыздар оны әуелден «қанды жер» деп атайтын көрінеді. Қырғыздың қалың қолы сол Майтөбеде қазақтарды жан-жақтан қусырып, қоршауға алыпты.

Қастарынан ағып жатқан шағын өзеннің алдын бөгеп, басқа жаққа бұрып жіберіп, қазақ қосынын сусыз қалдырыпты.

– Қазақтардың қырғызбен шайқаса жүріп, қоршауды жарып шығуы да мүмкін бе еді, кім білсін, – деді Шыңғыс әңгімесін әрі қарай жалғап. – Бірақ соның алдында қырғыздар Кененің қасында дулаттарды басқарып жүрген Рүстем деген төремен, Сыпатай деген бимен астыртын сөйлескен көрінеді. Бұрыннан қырғыз бен дулат арасында үнемі қақтығыстарға ұрындырып жүрген жер дауы бар екен. Қырғыздар «Сол талас тудырып жүрген жердің бәрі енді сендердікі болсын. Мына Кенесары төрені бізге оңаша бер», деген тілегін жеткізіпті. Содан дулаттың екі басшысы қырғызбен үндес болып, түн қараңғысында өздерінің қарамағындағы қалың қолын ертіп қашып кетіпті. Кенесарының қасында бір мыңдай ғана сарбаз қалыпты. Сөйтсе де адамның аздығына қарамастан, олар қоршаудан құтылудан күдер үзе қоймайды. Наурызбай Кенесарыға ұрысқа жарамды екі жүздей жігітпен қырғыздардың шебін бұзып өтейін, қалғандар біздің соңымыздан ілессін деп айтқан екен, оған ағасы көнбепті. «Егер біз бұзып өтсек, онда тоқтамай қашамыз. Кімнің аты жүйрік болса, сол құтылады. Елдің көбі босқа қырылады. Егер мен қолбасы бола тұра қашып кетсем, онда менің хан атымнан не қадір қалады», депті. Содан кейін Кене тау шатқалдарының қысаң жағдайында атпен соғысу қиындық тудыратынын айтып, жылқының біразын сойып, тек азық-түлік артатын отыз атты қалдырып, қолға мылтық, найза ұстай жаяу соғысқа шығайық, қоршаланып ұрыса жүріп, құрсаудан құтылайық деген амалды ұсынады. Алайда жаяу соғысып көрмеген қазақ, аттан айырылғанды жаман ырымға балап, ол тәсілді қабылдай қоймайды. Бір жағынан, бәлкім, біздің қоршауда қалғанымызды арттағы ел естісе, көмек те жетіп қалар деп үміттенеді...

Дегенмен күші басым жау қойсын ба, үсті-үстіне шабуылдап аз қазақтың тоз-тозын шығарады. Шайқастың соңына дейін жау шебін бұза-жара қашып құтылудан күдер үзбеген шұбыртпалы Ағыбай мен төртұлы Жанайдар «Жүріңіз, тақсыр» деп Кенесарыға үш рет қайырылыпты. Кене қашпайтынын айтып көнбепті. Кескілескен ұрыс өршіген кезде сұғына шабуылдаған қырғыздар ақыры Кенені Ағыбай мен Жанайдар сарбаздарының жанынан бөліп алып, қолға түсіріпті. Қайтпай ұрысқан

Наурызбай да аты болдырып, титығы құрып қалғанда тұтқынға алыныпты. Енді екеуін құтқарудың мүмкін еместігін ұққан Ағыбай мен Жанайдар арғынның сексен жігітімен ығыса соғысып, бірі алдынан кезеуілші болып, бірі артынан тосқауылшы болып, қуып жеткен қырғыздарды шанши жүріп ажал тырнағынан әуіріммен құтылып шығып, ел шетіне ілігіпті.

– Қасымның балалары қашпаймыз деп, қор болған екен ғой, – деді Сартай. – Ағыбайдың айтқанын істеп, шегіне ұрыс салса, құтылып та кетер ме еді, қайтер еді. Хан атымен қашпаймын деген, намыс қой оны жібермеген. Қап, бекер болған екен...

– Қалай көз жұмғаны туралы не естігенің бар, – деді Тортай.

– Мен білетін әңгімелерге қарағанда, Кенесары, Наурызбаймен бірге қолға түскендердің көбі әбден азапталып өлтіріліпті. Сұлтандарды үлкен қазанда қайнап тұрған суға тірідей салыпты, сарбаздардың әуелі қол-аяқтарын шауып қинапты, содан соң бастарын кесіп алып сырыққа шаншып қойыпты. Кенесарыны қырғыздың сарыбағыш деген руынан шыққан Орман деген ханы «не жаза қолданатыныңды өзің шеш» деп, соғыста көп ағайыны қырылған Жантай деген манаптың қалауына берген көрінеді. Жантай әуелгіде «қазақ ханының қолға түсіп пенде болғанына қанағат қылайын, қазақ жағына хабар жіберіп, бодауына көп мал-мүлік беріп жатса, еліне қайтарайын», деген ойда болыпты. Осы ниетін қолға түскен Құдайберген деген қазақ арқылы Кенеге жеткізеді. Ол бұған қарсы еместігін білдіреді, бірақ сол сөзді Жантай манаптың өз аузынан естиін, деген талап қояды. Ал Жантай болса, қазақтың ханы атанған төре тұқымымен бетпе-бет кездесуден қашпақтайды. Өйткені қырғыздардың ғұрпында манаптар асыл текті хандармен жүздескеннен кейін, оны өлтіруге болмайды деген жөн-жосық бар екен. Әрі бұл кезде манаптың ниетін естіп қалған, осы соғыста балалары қаза тапқан ағайындары да Жантайға: «қазақтың ханын қолымызға бер, кегімізді аламыз, қанға-қан» деп, үйін қоршай шулап тұрып алыпты. Ақыры манаптар кеңесі өтіп, Кенесарыны соғыс кезінде екі бауыры қаза тапқан Қожамбек Тастанбекұлы деген манаптың қолына беруге шешім қабылдайды... Ол да бір қаны қарайған дүлей екен, ойына келгенін істепті. Әуелі Кененің мұрнын, сосын құлағын кесіпті, денесін піскілеп әбден азаптағасын барып, басын шауып алыпты.



Ол аз болғандай, қарнын жарып, кесілген басты соның ішіне салыпты...

Отырғандардың бәрі үнсіз қалды. Бір сәт қамығыңқы көңіл-күй орнады. Біразы қалталарынан көлдей орамалдарын алып, жасаураған көздерін сүртіп жатыр. Аздан соң Сартайдың болыс інісі Жаналы үн қатты.

– Наурызбайдың қазасы қалай болыпты.

– Естуімше, Науанды Тілеуқабыл деген манап соғыста өлген інісінің бодауына алыпты, – деді Шыңғыс. – Ол құдайына қараған кісі екен. Өзінің қырғыздарына айтыпты. Мұны өлтірсем, «неге өлтірді», демендер. Өлтірмесем, «неге өлтірмей қойды», демендер. Інім үшін маған бердіңдер ғой, ықтияры өзімде болсын, депті. Үйіне алып барған соң Наурызбайға: «Төре, өлер інім өлді, енді хан Кененің сендей батыр інісін өлтіргенмен, ол тірілмейді. Сені тайдай тал түсте босатып жіберсем, тамам қырғыз соңыма түсіп, бұл Алатауда тірі қоймайды. Менің жүйрік атымды мін, киімімді ки, сөйт те түнде қаш. Сені ешкім қуып жетіп түсіріп ала алмайды. Мен риза, Құдай риза, маған сенің өлмегенің керек», дейді. Сонда Науан: «Кенесары, Наурызбай қолға түсіпті де, Кенесары өліп, Наурызбай қашып келіпті, деген сөз маған өлімнен жаман атақ. Менің өйтіп тірі болып, үйге барғаннан да, өлгенім артық. Жиырма беске жеткенім жоқ, жүз жасаған кісінің сүретұғын дәуренін сүрдім. Тіршілік пен бұ жалғанға менің арманым жоқ», деп жауап қайырыпты. Сонда да Тілеуқабыл оны өлтіруге көзі қимай, тірі жүре берсін, деп шешеді. Бірақ, соғыста жақындары қаза тапқан қырғыздар ол бір жаққа кеткенде жабылып өлтіріпті, дейді.

– Қыршын кетті-ау, боздағым! – деді Сартай. – Абылай тұқымдарының арасынан жаркылдап өсіп келе жатқан, өзі батыр, өзі балуан, өзі әнші-күйші, өзі шешен осы Науан деуші еді. Сұңқардың бабын білетін жойқын саятшылығы да бар деп еститінмін. Ана жылдары Саржанның қасында жүргенімде, көргемін, ол кезде түбіт мұрты енді тебіндеп келе жатқан, мына Шоқаның сияқты көзінің ұшқыны лапылдап тұрған жеткіншек еді. Қанша дегенмен, Абылай тұқымы емес пе, сенің осы балаңның да бір сипаты, жанарының оттылығы Науанға келіңкірейді екен. «Ата-бабаларыңның аруағы қолдап, өмір жасың ұзақ болсын, балам», деді Шоқанға қарап.

– Айтканыңыз келсін, ата! – деді Шоқан кеудесіне қолын қоя, басын иіп.

– Меніңше, қырғыз манаптары өздерінің бұл тулауы арқылы, Абылай хан атамның заманында кеткен кекті де қайтарғысы келген сияқты, – деді Сартай қария әңгімені әрі қарай жалғап. – Баһадүр атамыз қырғыздар үйсін мен қоңыраттың жеріне қайта-қайта тиісіп маза бермеген соң, оларды Ыстықкөл, Сарыбел жаққа дейін түре қуып барып, тас-талқанын шығарған екен. Абылай туралы жырдан да естіп жүрсіндер ғой. *«Аллалап» Абылай шапқан күн, «қоқилап» қырғыз қашқан күн. Қазақты дәулет басқан күн, қырғыздан аруақ қашқан күн. Арғымағын оздырды, Баяу жатқан қырғызды, Сарыбелде тоздырды, шапты да қайтты Абылай»,* демейтін бе еді, сонда. Қазір Көкшетау атығайының ішіндегі байқырғыз, жаңақырғыз деген аталар, сол соғыста жеңілген қырғыздардың Абылай ханға бұдан былай жауласпауға, бейбіт отыруға мойынсынғанының белгісі ретінде «ақ үйлі аманат» етіп берген адамдарының ұрпақтары. Аруақты атамыз туралы жырда сол жорық кезінде Есенқұл, Сәдір, Өтеке сияқты манаптардың өлгені айтылатыны да бар еді ғой. Байқырғыздың үлкендерінен естуімше, жаңа сен сөз еткен, Кенесарымен соғысқан Орман, Жантай манаптар сол Абылай атам жорығы кезінде қазақ қолынан қаза тапқан Есенқұл мен Өтекенің туған немерелері көрінеді.

– Е, бір жағы, ежелгі кек те бар екен ғой, бұл жерде, – деп қалысты әңгіме тыңдап отырғандар.

– Кененің қасында жүретін, жорық жыршысы, қобызбен айтатын Нысанбай жырау Кенесары-Наурызбайға жоқтау шығарыпты. Дастаны да бар екен, – деді сөзге Қанғожа араласып. – Үзік-үзігін естідім. Өзімізге белгілі «Саржан батыр» сияқты қайғылы жыр. Кене мен Науанның қырғызға жасаған жорығын, қалай шайқасқандарын айтады, соңы жоқтаумен аяқталатын көрінеді.

– Кененің балалары аман қалып па? – деді Сартай Шыңғысқа қарап.

– Аман көрінеді. Әкелерінің қаза тапқанын естісімен, олардың Шу бойында отырған ауылы Кененің үлкен балалары Тайшық пен Жапардың бас болуымен Таластың аяқ жағына қарай үдере көшіп, Қоқан хандығының қарамағындағы Созақ жаққа

барып орнығыпты...

– Орыстар Кенесарыдан құтылғаннан кейін енді Қайыңтұрада қамауда отырған Абайділда туысқанымызды қайтаратын шығар, – деді Сартай. - Кенемен қатысың бар деп айдап жібергеніне де сегіз жыл болды ғой жарықтықтың. Аман ба екен өзі.

– Жаманат хабар естіген жоқпын. Сәтін салса енді қайтып та қалар...

\* \* \*

Шоқан Сартай атасының ауылынан ойға шомып оралды. Бұрындары Кенесары туралы хабардар болғанымен, дәл бүгінгідей әңгімелерді бірінші рет естуі. Кенесарының ағасы Саржан батырдың жорықтары мен қайғылы қазасы жайындағы жырды әлденеше рет тыңдаған. Абылай туралы жыр да өзіне таныс. Екеуі де аға сұлтан шаңырағына соққан ақындардың жиі толғайтын хикаялары. Әкесінің бірде осы Сартай атасын Саржан батырдың орысқа көнбеймін деп, халықты қарулы қарсылыққа көтерген кезінде, соған бел шеше қатысып, жасақ басқарғанын айтқаны бар-ды. Сол үшін итжеккен жаққа айдалып барып та қайтқан. Адуындылығы жетеді. Орыс ұлықтары алдында аса ыға бермейді. Бірбеттілігі арқасында айдаудан оралғаннан кейін, сайлауға түсіп, бір-екі жыл Көкшетаудың аға сұлтаны да болған. Осыдан бес жылдай уақыт бұрын аға сұлтан сайлауына тағы қатысқанымен, жеңіп тұрса да ұлықтар өткізбепті, дегенін естіген.

Бұрын Кенесары туралы әкесі көп ашылып айта бермейтін. Үш-төрт жыл бұрынғы дүрбелең күндер бала да болса есінде. Әкесі көбіне ауылда емес, бекініс жақта жүрер еді. Ауылға келсе де қасында орыс көмекшісі басқаратын әскерлер болады. Байқайды, Айғаным әжесі Қасым қайнысы балаларының халықты соңынан ерткен әрекеттерін сөз етуге құлықсыздау. «Патшаның ғаскері де, қаруы да көп. Оған қарсы тұру қиын ғой. Қайнымның балалары дуандарды таратуды, қазақтардан тартып алынған жерлерді қайтаруды, Ұлық хан атамның кезіндегідей дербес хандық құруды сұрайды екен. Әй, қайдам, оған құрығы ұзын патша көне қояр ма екен», деп отыратын. Шоқанның үш жасында

болса керек, Уәлихан ұрпақтары жайлауға шығып кеткен кезде, Кенесарының әпкесі Бопай ханша бастаған жасақ Сырымбеттегі хан ордасын шауып, көп дүние-мүлікті алып кетіпті. Соны естіген әжесінің: «Әз атам ұрпақтарының бірінің шаңырағын бірі тонағаны қайбір жақсылық», – деп күрсіне қабылдағаны да жадында.

Осыдан үш жыл бұрын әкесі жаз бойы дерлік жаңадан ашылған Құсмұрын бекінісі жақта жүрді. Сол жылы Омбы мен Орынбордан бір-біріне қарама-қарсы аттанған орыс әскерлері Торғай атырабындағы Кенесары ауылдарын екі жақтан қусыра қоршап алып жойып жіберуді ойластырған екен. Осыған байланысты Омбы ұлықтарынан аға сұлтан Шыңғысқа бекініс басында дуанға бөлінген жасақпен бірге болу талап етіліп, қажет деп табылып жатса, әрі қарай Торғай жаққа көмекке баратыны жөнінде пәрмен берілген еді. Содан әкесі тамыздың соңына таман, ел жайлаудан қайтқаннан кейін ғана оралды.

Сөйтсе, Кенесары орыс әскері қашан мені келіп ұстап алады, деп күтіп жатпапты. Екі жақтан әскердің шыққанынан хабардар болып отырған ол, зеңбіректерін сүйреткен қалың қол жетем дегенше, ауылдарын тік көтеріп, ары қарай Шет Ырғыз арқылы Мұғалжар тауының батысына өтіп кетіп, жер сипатыпты. Жай кетпей, Орынбор жақтан беттеген орыс отрядының ту сыртынан шығып, олардың қатарына Тобыл өзенін бойлай келіп қосылған Шығыс бөліктің әкім-сұлтаны Ахмет Жантөриннің екі жүздей қазақтан құралған жасағына түн ішінде шабуыл жасап, көп адамын қырып кетіпті. Ахмет дімкастанып қалуына байланысты, сол түнде қосында болмауы себепті, қырғыннан аман қалыпты. «Кенесарының бұл жолы да ұстатпай кеткеніне, дуандағы орыс көмекшілерімнің өзі таңғалды. Нағыз қолбасшы екендігін мойындап отыр», деп келді әкесі...

### **3. Тобыл мен Есіл арасы**

Ахмет Жантөриннің аты-жөніне Шоқан алты жасынан бастап қанық. Сол 1841 жылдың сары күзінде әкесі бір топ адаммен Тобыл бойындағы Қырықбойдақ (Усть-Уйск) жаққа аттанып кетті. Үлкендердің айтқандарынан ұққаны – онда Орынбор қазақтары облысы Шығыс бөлігінің жаңа әкім-сұлтаны

сайлануының салтанаты өтпек. Бұл жоғары лауазымға әйгілі Қайып ханның ұрпағы, соңғы уақытта Орынбор мен Сібір қазақтары арасындағы шекаралық межені жаңадан белгілеуге қатысты шаралар барысында әкесімен жиі кездесіп жүретін Ахмет Жантөрин сұлтан лайық деп табылыпты. Жаңа әкім-сұлтан атақты хан тұқымы, іргелес дуанды билеп отырған аталас туысы Шыңғысты сол қуанышына ортақтасуға шақырған екен.

Өзімен бірге жолға шығатын адамдармен тойға қалай бару керектігі жөнінде ақылдасып отырған Шыңғыс, бір жағы қасындағы Шоқанның да құлағына сіңе берсін деген болуы керек, өзінен екі жастай ғана үлкен Ахмет төренің жан-жақты сауаттылығын, орысшаға жүйріктігін, жазуының маржандай екендігін айтып, мақтап отырды. Орысша газеттер мен кітаптарды көп алдырып оқитынын, қоржынынан кітап, журнал үзілмейтінін Орынбор ұлықтарына осы орысшаға мықтылығымен жаққандығын айтты. «Несі бар, түбі өзімізге жақын төрелер, аржағы – Жәдік, бержағы – Еңсегей бойлы Ер Есімнен бірге тараймыз. Қазаққа Тәукеден кейін аға хан болған Қайыптың тұқымы, – деген еді Шыңғыс. – Қайыптан – Сыр бойының әлім-шөмекейі мен Орта жүздің батыс беткейіндегі арғын-қыпшақтың ханы атанған *Батыр*, сол Батырдан – әуелі Хиуаға, содан соң әкесі иелігіндегі қазақ руларына билік жүргізген *кіші Қайыпхан* туған. Одан тақ мұрагерлігі үлкен ұлы *Әбілғазыға* өтіп, ол негізінен әлім-шөменді басқарса, кейінгі баласы *Жаһангер* (Жәңгір) Торғай мен Тобылдың арғын-қыпшағын биледі. Әбілғазының баласы *Арынгазы* әуелі Сыр бойының әлім-шөмекейіне басшы болғанымен, кейіннен күллі Кіші жүзге ықпалын жүргізген әйгілі хан атанды. Ал Жаһангердің баласы *Жантөре* Тобыл, Торғай атырабындағы қыпшақтардың ханы, оған немере боп келетін, бабасы Батыр ханның Құдайменді дейтін баласынан туған *Жұмажан* арғындарының ханы боп сайланды. Хандық билік жойылғаннан кейін де Қайып ұрпақтары патша ағзамның мархабатынан тыс қалған жоқ. Жұмажан 1824-1830 жылдар аралығында Орынбор қазақтары Шығыс бөлігінің әкім-сұлтаны болса, бұл қызметті одан кейін Жантөре де бес жыл бойы атқарды. Ахмет – сол Жантөре ханның баласы. Туған нағашысы да осал емес, атақты әулет. Кіші жүздің әйгілі ханы Әбілқайырдың бел немересі, оның

орнына таққа отырған Нұралы ханның ұлы – Бөкей хан. Оның баласы – он сегіз жылдан бері Бөкей ордасының ханы боп келе жатқан, былтыр ғана ақ патшаның жанаралы шенін алған Жәңгір хан. Бөкейдің осы Жәңгірге әпке боп келетін қызы Кәзікені Жантөре алған. Сол хан қызынан үлкен ұлдары – Мұқан мен Ахмет туған. 1835 жылы Жантөренің орнына Шығыс бөліктің әкім-сұлтаны боп, өзіміздің немере туысымыз, Абылай атамыздың балта-керейге хан етіп қойған баласы Бақтыгерейден туған *Шотай* ағамыз сайланған еді. Енді Шотайдың орнына Орынбор ұлықтары оның Бәшкен деген қызын алған туған күйеу баласы –Ахметті ұйғарды, деп біраз жайдан хабардар еткен еді.

Той салтанаты Тобылға Үй өзені қосылар маңдағы Жантөре хан әулетінің ордасы орналасқан кең төскейде өтті. Бұл ара Күнтиместен жүз шақырымдай ғана жер.

Орынбор шекара комиссиясының бастығы, қазақшаға жетік генерал-майор Г. Ф. Генс, Кіші жүз бен Орта жүздің игі жақсылары, төрелер мен билер, болыстар бас қосқан бұл салтанатта, сол кездегі бас сұлтанды мәртебелеудің бар әдет-ғұрпы атқарылды. Жаңа әкім-сұлтанның есімі жарияланғаннан кейін, қошеметші жұрт оның шапанын теберік етіп бөліп әкетті, бәйге шабылды, табақ-табақ ет, саба-саба қымыз тартылды, әншілер мен күйшілер өнер көрсетті, ақындар айтысты қыздырып, балуандар күреске түсті. Жыраулар жыр төкті...

Осы тойға Шыңғыспен бірге келген күрлеуіт қыпшақ Жаманқұл ақын да «Едіге» жырын екпіндете толғап, елді риза етті. Бас балуаны Бекет қарсыластарын бет қаратпай жығып, мерейін өсірді... Той қонақтарын «Едігемен» қатар Жантөре әулетінің ордасына жақын жүретін алшын Нұрымбай ақын ағыл-тегіл төккен «Орақ батыр» жыры да ерекше тамсантты. Қарабатырдың толғағаны дей келіп, Нұрымбайдың: *«...Түркімен мен гүржіні, терек бойлы естекті, мұнарасы биік Мәскеуді, аузы түкті орысты, басы шоқты қалмақты, шүлдірлеген шүршіті ауызыма қараттым. Кәпір болса, оқ аттым, мұсылман болса жан тарттым...»*, – деп төгіп-төгіп өткен жерлерін дүйім ел бас шұлғи отырып тыңдады

Әкім-сұлтандардың сайлау рәсіміне де бұрынғы кездердегі хан сайлауы сияқты, көптеген ел билеушілерінің келіп қатысатыны, салтанатты той шаралары өтетіні, ойын-сауық, ат

ойындары ұйымдастырылатыны бірқатар тарихи деректерде жазылып қалған ақиқат. Ұланғайыр жерді алып жатқан Орынбор қазақтары Шығыс бөлігінің бас сұлтаны боп бекіген, әйгілі хан тұқымы Жантөреұлы Ахметтің тойы да дәл сондай жоғары деңгейде өтті десек, сірә, қателесе қоймаспыз. Сол салтанат кезінде Ахметтің еңселі хан ордасында тойға келген Орынбор ұлықтары мен игі жақсыларға арнап аста-төк дастарқан жайылғаны, оған айбынды Абылайдың бел немересі, іргелес Обағанда аға сұлтан боп отырған Шыңғыстың да қатысқаны анық.

Яғни Шыңғыстың сол күні Ахмет төре ордасында Кіші жүздің талай әйгілі ел билеушілерімен дастарқандас болуы әбден қисынды. Бұл ретте орда төрінде бас қосқан сол қадірлі қонақтар арасында кімдердің болуы мүмкін, деген сауалдарға да жорамал жасап көрелік.

Ең алдымен Еділ мен Жайық арасын ен жайлаған Бөкей ордасының билеушісі, өз заманында жан-жақты оқымыстылығымен, жаңашылдығымен танылған, орыс, парсы, араб, неміс тілдерін білетін Жәңгір хан еске түседі мұндайда. Ел арасы тым қашық. Әпкесі Кәзікеден туған алғыр жиенінің үш аймаққа бөлінген Орынбор губерниясының үлкен бір аумағын басқаратын хандық дәрежеге барабар лауазымға жетіп жатқан қуанышына ортақтасуына да болар еді. Алайда, хан ордасы Жасқұста қыркүйектің ортасында басталатын дәстүрлі күзгі жәрмеңкеге дайындық шаралары бар, сол жылы тұңғыш ашылғалы отырған мектеп құрылысын аяқтау, оның құрал-жабдығы мен оқулықтарын әзірлеу жұмыстары бар, әрі бір айға созылатын жәрмеңке бел ортадан асар-аспаста Орынборға барып-қайтатын сапары бар Жәңгір, жиені Ахметтің тойына жете алмады. Сөйтсе де ұдайы хан ордасында үйіріліп жүретін жүз қаралы туысқанының арасынан қолында билігі бар бірер салмақты ағайынын жиен салтанатына аттандырды. *(Жантөре ордасы мен Жасқұстың екі арасы қаншама алыс десек те, мұрағат құжаттары құдалар арасындағы қарым-қатынас пен аралас-құраластықтың еш саябырсымағанын көрсетеді. Солардың бірінде, келесі 1842 жылы хан ордасында өткен күзгі жәрмеңкеге сонау Тобыл бойынан жасы егде тартқан Жантөре сұлтанның өзінің келгені туралы дерек сақталып қалыпты.*

*Жәңгір хан сол жәрмеңкеден кейін кәрі жездесінің алдына бірталай жылқы салып қайтарыпты... Қос хан тұқымы кейіннен қайта сүйек жаңғыртады. Ахметтің баласы Сейітхан Жантөрин Жәңгірдің қызы Қадишаға үйленіп, екеуінің некесінен қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының болашақ жетекшілерінің бірі, Мәскеу, Петербор университеттерінің түлегі, Бірінші Мемлекеттік думаның депутаты Сәлімгерей Жантөрин (1864-1920) дүниеге келген еді).*

Ахметтің әкім-сұлтан сайлануына байланысты өткен салтанатта Аманқарағайдың дуанбасысы Шыңғыс кімдермен кездесуі мүмкін? Бұл ретте Әбілқайыр ханның тағы екі тұқымы – Орынбор қазақтары Батыс бөлігінің он бір жылдан бергі ұдайы әкім-сұлтаны, Жәңгір ханға немере боп келетін жасы елулердегі полковник *Баймағамбет Айшуақұлы* мен оның туған ағасы, әйгілі күйші Жантөре хан Айшуақұлының баласы, осыдан үш ай бұрын ғана Орта бөліктің әкім-сұлтаны боп сайланған, жасы Шыңғыс қатарлас *Арыстан Жантөрин* еске түседі.

Әрине, игі жақсылардың басы қосылған осы тойда Шыңғыстың өз туысы және жаңа әкім Ахметтің қайын атасы Шотай Бақтыгерейұлымен, әкесі Жантөремен, оның інілері Сермұхаммед және Сүлеймен Жаһангерұлдары сынды хан тұқымдарымен бірге дастарқандас болғаны анық. Сол ортада Шыңғыс Аманқарағайдың ағасұлтандығына бірінші мәрте сайланған кезде, оның алғашқы қазысы болған – арғын Жазы Жанұлын да көрер еді. Ол бұл кезде губерниялар арасын межелеу қайта белгіленгеннен кейін, қоныс-өрістері Орынбордың Шығыс бөлігіне ауысқан төменгі шекті арғындарының басшысы ретінде әкім-сұлтан жанындағы беделді әрі сенімді бидің біріне айналған. Оның қыстау-жайлауы Аманқарағай дуанының орталығы тұрған Қараобаға таяу болғандықтан, Шыңғыс ордасымен де ара қатынасы еш үзілген емес. Шекараны межелеу барысындағы кесімдер мен екі ел арасындағы дау-шарларды қозғайтын билер отырыстарында Орынборға қараған арғындардың мүддесін қорғайтын осы көсем бимен әрдайым ұшырасып жүреді.

Ахмет ордасында Жазының жанындағы құрметті орында әдетте Шығыс бөліктің әйгілі билері – жоғарғы шекті арғындардың басшысы Шеген Мұсаұлы мен қыпшақтың ұзын руының басшысы Балғожа Жаңбыршыұлы да отырар еді...



Өңшең ел басқарушылар, төрелер, билер бас қосқан дастарқан басында әртүрлі әңгімелер арнасы ағытылатыны бар. Әлбетте, ел құлағын елеңдететін Кенесары дүмпуіне қатысты жайттар да қозғалмай қалмайды мұндайда. Былтырғы 1840 жылдың соңында Орынбор губернаторы Перовскиймен уақытша бітімге келгеннен кейін Торғай, Ұлытау жақта тыншу жатқан Қасым төре балаларына қатысты кейінгі жаңалықтар ортаға тартылды. Осы жазда Кенесарыны қолдайтын рубасылар арасында оны хан көтеруге қатысты кеңестер өткені, жақын күндері сұлтанды күллі қазақтың ханы етіп сайлауға дайындық жүріп жатқаны айтылды. Содан кейін оның Ақмешіт, Созақ, Ташкент жаққа жорыққа аттанып, сол жақтың қазақтарын қол астына қаратуға ниеттеніп отырғандығы сөз етілді...

Ордаға жиналғандардың көбі Кенесары көтерілісі өрши берсе, өздеріне тыныштық болмайтынын жақсы түсінеді. Орыс әкімшілігі ертеңгі күні «бүлікшіл сұлтанға» қарсы қарулы әскер аттандырып жатса, өздерімен бірге қазақтың ел билеушілеріне жасақтар ұйымдастыртқызып, қосыла соғысуға мәжбүрлейтіні белгілі. Патша ұлықтарының қазақты бір-біріне қырғызып қойып, сырттай қарап отырғанды жөн көретін пиғылдары да ап-анық байқалып қалады осындайда. Бір руды екінші руға, бір сұлтанды келесі сұлтанға айдап салуға шебер-ақ. Соның нәтижесі десе де болады, қазір түп-тегі ортақ хан тұқымдарының өздері бір-бірімен қырғикабақ. Жоғарыдан Кенесарыға қарсы қарулы жасақ жина, бастап жүр, деген пәрмен түседі. Дүмді бұйрықты орындамасаң, сен бүлікшіл сұлтан жағындағы адамсың, итжеккенге айдаласың, деген зілқабакқа ұшырайсың. Орнынан алып тастаймыз, соттаймыз, үрім-бұтағынды тоз-тоз қыламыз, деп тығырыққа тірейді. Мансапқа майдай еритін қазақ атқамінерлері талайдың қолы жете алмай жүрген ағасұлтандығын, әкімдігін, болыстығын қимайды. Сосын іштен тына жүріп, орыс ұлығының айтқанын бас шұлғып орындай беретін құлақкесті құл халіне ауысады... Тырбануға шарасыз...

...Ахмет сұлтан сол жиында Шыңғыспен әңгімелесу барысында, оның полковник Ладыженскийдің ұсынысымен, қазақ жырлары мен көне сөздерін жинап жүретінін естіп, өзінің де сондай тірлікпен айналысатынын білдірді. Шыңғыспен бірге тойға келген Жаманқұл ақынның «Едігені» жырлағанына

рақметін жеткізді. Аға сұлтанға «Жаныңызда жүрген ақыныңыз ғой, осы жырды жазып алмайсыз ба? Естуімше, «Едігені» Көкшетау дуанындағы Арыстанбай ақын да айтатын көрінеді. Жайлауларыңызға шыққан кезде оның жырлағанын да қағазға түсіріп алуыңызға болады ғой», деп қызығушылық танытқан еді...

Шыңғыс та өз ойында жүрген осы шаруаны сол жылдың желтоқсанында орындады. Обағанның Тобылға құярына жақын орналасқан орысша Звериноголовск, қазақша Бағлан деп аталатын казак-орыс станицасы Аманқарағай дуанының қазақтары үшін таяу жатқан тиімді жәрмеңке орындарының бірі. Ел Обаған мен Есіл бойының мырықты қойнауларындағы, Қаршығалы шұбары, Қаратал, Тоғызбай, Салпық, Құндызды, Бетекей, Қарқабат, Тоғылбайтоғай, Аралағаш, Нұрлыбас, Қабантас, Қарамырза, Қарақамыс, Көктерек, Бақырлген, Сарыөлеңті сияқты ықтасын қоныстардағы, Сарыкөл, Қаракөл, Жаркөл, Қоскөл, Бөкенкөл секілді көптеген тұщы көлдер айналасындағы қыстауларына жайғасқаннан кейін «қала шығу» жайын ойлай бастайды. Базарға мал айдап апарып, қысқа жететін азық-түлік, ұн, қант-шай, киім-кешек, кездеме мен былғары жағын алып келу қазақ арасында *қалаға шығу* деп аталады. Оған жөн білетін жарамды жігіттер дайындалады. Суықта тоңбас үшін екі қабат киізден қос тігіп, жол азыққа жететін үш-төрт қойды үйітіп алған олар, маңайдағы ауылдардан жиналған жүз қаралы жылқыны тебіндете айдай отырып Бағланға аттанады. Керейлер ағаштан қасық, тостақ, ожау, астау, тегене ою мен ер шабудың шебері. Базарға олар да өз бұйымдарын шығарады. Аманқарағай дуаны ғана емес, көршілес Көкшетау округі, Орынбордың Шығыс бөлігінің топ-топ ауылдарының да қалаға шығушылары Бағланға жиналған кезде жәрмеңке қыз-қыз қайнап жүре береді. Орыс пен татардың жалаңдаған саудагерлері қазақтардың малдарын көтере сатып алып жатады. Оның арзан-қымбатын кім білсін, қазаққа тез өткені керек. Өздерінше көп ақшаға саттық, деп қуанып, енді базар аралап, ел аманатын орындауға кіріседі. Алыпсатарлардың құдайы беріп қалады. Ауылдан келген қазақтарға қап-қап ұн, тең-тең кездеме, былғары, қадақ-қадақ қант-шайларын үстемелетіп өткізеді. Қалаға шығушылар барлық шаруасын бітіргеннен кейін екі-үш күн қыдырып, сейіл құруға да уақыт табады.

Халық көп жиналатын осындай базар кезінде Бағланда ел атқамінерлері мен би-болыстарының басқосулары өтіп тұратын да дағды бар. Бөренеден қиып салынып, ішінде пеші дүрілдеген арнайы жайларда болатын ондай жиындарда әртүрлі мәселелер қозғалып, ел арасындағы дау-шарлар талқыға салынады. Билер шешімі шығарылады. Аға сұлтан қатыспаса болмайтын күрмеуі қиын түйіндер де ортаға түседі. Әлбетте, зәуімен бас қоса қалған ел билеушілері бір-бірін қонақ етіп, ағыл-тегіл дастарқан жайып, думанды отырыстар жасап та жатады, мұндайда. Ол орталарда әншілер мен жыршылар, айтыс ақындары өнер көрсетеді, бай-бағландарды мақтағаны үшін шапан киеді, сый-сияпат алады. Аға сұлтанды құрметтеуші де көбейеді, бұл шақта. «Сыбағаныз» деп, биесі мен байталын жығып салатын атқамінер қаншама. Мейман ете алмағандары жылқыларын жетелеп әкеліп, аға сұлтан тоқтаған үйдің қорасына байлап кетеді.

Желтоқсан айында осындай шаруалармен нөкерлерін ерте Бағлан барған Шыңғыс, қолы бостау бір күні қасында жүрген Жаманқұл ақынға «Едігені» үзік-үзік жырлатқыза отырып, қағазға түсіріп алуға мүмкіндік тапқан еді. Жырды жазып бітіргеннен кейін қағаздың бірінші бетіне «Едіге. Жыр. 1841 жыл. Желтоқсан. Бағлан станицасы» деп белгіледі.

...Келесі жылы жайлауға көшкенде атығайдың атақты ақыны Арыстанбайды да ордаға шақыртып, «Едігенің» тағы бір нұсқасын жазып алды. Содан кейін бұл кезде тәп-тәуір хат танып қалған Шоқан екеуі оларды салыстыра оқып отырып, ортақ бір мәтін шығарды.

\* \* \*

Сол 1842 жылдың ел жайлаудан қайтып, Күнтимес төңірегіндегі биік қайыңдардың жапырақтары қызыл түске ауысып, жалқындана бастаған сары күз күндерінің бірі еді. Жарты айдай бұрын ғана, Сібір қазақтарының шекара бастығы полковник Н. Ф. Вишневскийдің Жарқайың бекінісіне суыт келуіне орай, сол жаққа тез жетуі керектігі жөнінде пәрмен алған Шыңғыс, ол сапардан қайтқанда, ордаға Ахмет Жантөринмен бірге оралды. Ол да Орынбор мен Сібір қазақтары облыстарының жерлерін межелеуге байланысты, бағаналы найман мен қыпшақ

руларының қоныстары мен өрістерін анықтайтын шекаралық комиссияның мүшесі ретінде Жарқайыңға барған екен.

Найманның бағаналы мен ұзын қыпшақтың кедел, қаз рулары әуелден ауылы аралас, қойы қоралас, емін-еркін араласып жатқан елдер. Олар қыста Ұлытау қойнаулары мен Торғай салаларының бойында қатарласа қыстаса, жазда теріскейге қарай көш түзеп, Есіл алабына жайлауға шығатын. Екі-үш жылдан бері жүргізіле бастаған Орынбор мен Сібір қазақтары басқармасына қарасты жерлердің шекарасын белгілеу барысында бағаналылар – Омбы әкімшілігіне, қыпшақтар – Орынборға қарайтын болып шешілді. *(Бұл ретте Шығыс бөліктің әкім-сұлтаны Ахмет Жантөрин мен оның бас биі Жазы Жанұлының шекараны межелеуді басқарып жүрген ұлықтарға сөздерін өткізу арқылы, сол жолы Орынбор жағына жерді көбірек қамтып қалғаны, кейіннен ауық-ауық өрішіп тұратын жер дауына әкеліп соқтыратынын ол кезде ешкім байқай да қоймаған-ды).* Осы екеуінің ықпал етуімен, шекараны түзушілер бағаналылардың Басторғай салалары – Қарынсалды, Тасты, Ашудасты, Қайыңды, Қараторғай өзендері алабындағы дәстүрлі қыстауларын Орынбор облысының жеріне қосып жіберген болатын. Бастапқыда екі ел бұл межелеуге онша көңіл аудармастан, сол бұрыннан дағдылы көші-қондарын жалғастыра берген. Алайда патша әкімшілігі әр ру өздеріне бөлінген аймақтарда ғана көшіп-қонсын, шекараны арылы-берілі кеспесін, қыпшақтар Есіл бойындағы жайлауға өтпесін, бағаналы болыстары Торғайдың бас салаларындағы бұрынғы қыстауларына қоныстанбасын, Ұлытаудан жазда Есілге көшкенде-қайтқанда, енді Орынборға қарайтын ол өңірмен жүрмесін, өз дуандарының жерімен ғана жылжитын болсын, деген қатаң тыйымға көшу қажет деп тапқан. Мұның аржағында отаршылдардың қазақ руларын белгілі бір әкімшіліктер аумағында ұйыстыра отырып басқару арқылы, оларды үнемі бақылаудан шығармауды ойластыру мүддесі де жатқаны анық еді. Екінші жағынан, бұл шараның осы аймақтың оңтүстік бетінде былтырғы күзде ғана күллі қазақтың ханы боп ақ киізге көтерілген Кенесары жағына қай рудың ауып, қай рудың аумай жатқанын қадағалап отыру үшін де тиімді жағы бар болатын. Әйтпесе, ел Омбыға қарайтын жайлауда жүр ме, әлде жол ортада көштің басын бұрып Кенесарыға қосылуға кетті ме, анығын

білудің қиынға түсетіні де белгілі ғой.

Сол үшін де шекараны белгілеуді енді кешіктіруге болмайды, деп тапқан патша ұлықтары, күздің басында, Есіл өзенінің теріскейге қарай кілт бұрылып Көлденең Есілге айналар тұсында орналасқан Жарқайың бекінісіне осы шешімді бекіту үшін ат басын тіреген еді. Шекара бойына жақын қамалдардың бірі болып саналатын Жарқайыңға сонау Омбыдан – Сібір қазақтарының шекара бастығы, полковник Н. Ф. Вишневский, Орынбордан – Ресей Сыртқы істер министрлігінің арнаулы тапсырмалар жөніндегі шенеунігі, шекараны межелеу ісін басқарып жүрген коллеж кеңесшісі А. Т.Ларионов арнайы ат басын тіреген. Қарауындағы аумақтары осы шекара бойында жатқан Орынбор қазақтары Шығыс бөлігінің әкім-сұлтаны Ахмет Жантөрин, Омбыға қарайтын Ақмола, Көкшетау, Аманқарағай дуандарының аға сұлтандары – полковник Қоңырқұлжа Құдаймендіұлы, капитан Әбілқайыр Ғаббасұлы, майор Шыңғыс Уәлиұлы төрелер де атап шақырылған.

Шыңғыс Ақмола дуанбасысы Қоңырқұлжа төремен өзі билікке араласқалы бері таныс. 1832 жылы округ ашылғаннан бастап, үзбей аға сұлтан болып келе жатқан, 1836 жылы патша тарапынан Ресей империясының дворяны деген атақ алған, жасы елуге жақындаған зор денелі полковник өзімен амандасуға келген Уәли ханның екі тұқымына маңғаздана қарайды. Өзінің түп-тегі де осалдан емес. Өз Тәукенің баласы – Орта жүз ханы Сәмекеңің шөбересі боп келеді. Сәмекеден – Есім, Есімнен – Құдайменді, одан – Қоңырқұлжа. Яғни Шыңғысқа бес-алты атадан келіп қосылатын туыстығы бар. Кенесарымен тым өш. Ол да бұған тыныштық бермейді. 1838 жылдың басында Қоңырқұлжа ауылының 12 мың жылқысын айдап әкетіп бір қан қақсатса, сол күзде Ақмола бекінісіне шабуыл жасап тас-талқан етіп жеңді. Қоңырқұлжаның әскери старшина Карбышев басқарған орыс отрядының көмегімен қамалдан әуірім дегенде, әзер қашып құтылғаны да елге жақсы мәлім.

Жарқайыңдағы осы бас қосуда шекара белгілеуден басқа, Кенесарыны одан әрі қусыра түсу, қолға түсіру мәселелері де қаралатын болғандықтан, екі алақанын ысқылап келіп отырған жайы бар. Әрі бір жарым айдан кейін Ақмола дуаны аға сұлтанының сайлауы өтпек. Он жыл бойы қатарынан дуанбасы

болып келе жатқан Қоңыркұлжаның орнына қызығушылар соңғы кезде көбейіңкіреп тұр. Ендеше Омбының жоғары ұлығы Вишневскийдің көзіне түсе бергеннің еш зияны жоқ деген үмітті мақсатпен де кеп отырған жайы бар.

Полковник Вишневскийді өз округі Көкшетауда қарсы алып, Жарқайыңға дейін бірге келген Әбілқайыр дуанбасы болса, Уәли ханның бәйбішесінен туған Ғаббас төренің тұңғышы. Шыңғыстың ата баласы ретінде жолы үлкен болғанымен, Әбілқайыр одан он жастай ересек. Өткен, 1841 жылдың соңында ғана Көкшетаудың ағасұлтанлығына сайланды. Оның дуанбасы атануының өзі ойламаған жерден орайласқанын да Шыңғыс жақсы біледі.

1839 жылы аға сұлтан Абайділдаға Кенесарымен байланыс құрдың деген айып тағылып, Қайыңтұраға жер аударылғалы бері, оның орнына қайта сайлау өтпеген еді. Дуанбасылықты уақытша атқарып жүрген Зілғара бидің жасы сексенді алқымдап қалды. Соған байланысты 1841 жылғы қазан айының соңында Көкшетауда сайлау өтіп, ағасұлтандыққа екі адам бақ сынасқан. Бірі – бұрын дуанбасылықтың дәмін татып қалған, енді есенбай қарауылдың болысы боп жүрген Сартай Шыңғысұлы төре, екіншісі – Абайділда алғашқы ағасұлтандықтан бас тартқан жылдары оның міндетін атқарған подполковник Тоқтамыс Жанұзақұлы бидің баласы, бабасан-бағыс атығайдың болысы, жасы қырықтың жуан ортасындағы штабс-капитан Маңдай Тоқтамысұлы еді. Сұлтандар мен билер, қанша дегенмен Абылай мен Уәлиханның тұқымы деген аты бар Сартайға көбірек шар салады. Алайда мінезі өктем, адуынды әрі жасы алпыстан асқан кінәмшіл төрені дуанбасылыққа қойғысы келмеген Омбы басшылары, оның ана жылдары Саржан көтерілісіне қатысқанын, Сібірде айдауда болғанын сылтау етіп, бекітпей тастайды. Батыс Сібір генерал-губернаторы П. Д. Горчаков қайта сайлау өткізуге пәрмен түсіреді. Сол кезде Абылай тұқымдары өз ортасынан бұрын болыс болған тәжірибесі бар Әбілқайыр Ғаббасұлы төрені ұсына қояды д, ол көп дауыспен жеңіске жетеді...

Жарқайыңдағы Орынбор мен Омбы ұлықтары, ел билеушілер, сұлтандар, болыстар мен старшындар бас қосқан жиында шекараны жаңадан межелеуге байланысты мәселелер пысықталғаннан кейін, полковник Вишневский игі жақсыларды

Кенесарының бүлікшіл іс-әрекеттеріне қарсы тұруға әрдайым дайын болуға шақырды. Сібір қазақтарының шекара бастығы былтыр Кенесарының хан көтерілгені заңсыз екенін, Бұхар әмірімен өз бетінше келіссөздер жүргізіп, Қоқан хандығы иелігіндегі жерлерге жорыққа аттанып, Қаратау мен Сыр бойы қазақтарын қол астына қаратып алғаны дұрыс еместігін қадап айтты. Өйткені ол Ресей патшасына бағынышты елдің сұлтаны, оның біздің рұқсатымызсыз оңтүстіктегі хандықтармен өз бетінше байланыс жасауға құқы жоқ. Біз Кенесарыға оның тез Ресейге қарасты аумаққа қайтуы керектігі жөнінде пәрмен жібергенбіз, деді. Соңғы мәліметтер бойынша, Кенесарының қазір Сыр бойынан бері беттегенін, алдағы қысты Ұлытаудың күнгей бетінде өткізбекші болып отырғанын жеткізген полковник, бүлікшіл сұлтан жағындағылардың биыл да бұрынғы жылдар сияқты, өздерінің қатарына қосылмаған елдердің жылқыларын барымталауды бастауы мүмкін екендігін білдірді. Омбыға қарайтын дуандарға барымташылардың көбіне-көп Орынбор жақтан келетінін, енді шекараны межелеу біткеннен кейін оған тоқтау салынатынын, тәртіп бұзғандардың қатаң жазаланатынын айтты. Алдағы уақытта Батыс Сібір генерал-губернаторы, князь П. Д. Горчаков пен Орынбор әскери губернаторы В. А. Обручевтің арасында Кенесарыға қатысты мәселелер бойынша уағдаласулар өтетінін, соның нәтижесінде маңызды шешімдер шығарылатын атап өтті... *(Әрине, билеуші сұлтандар ол кезде – осы қос губернатордың келісімі нәтижесінде Ресей патшасы І Николайға «Кенесарының тұтас армиясы бар, Орынборға шабуыл жасауға дайындалып жатыр», деген ыңғайдағы өтірік мәлімхат жолданылатынын, бүлікшіл сұлтанды біржолата жою үшін Омбы мен Орынбор әскерлерінің екі жақтан бірдей қаусыра шабуылдап, қыспаққа алу қажеттігіне императорды сендіретінін, сол жорықты бастауға ақ патшадан рұқсат алынатынын, Кенесарының басын әкелген адамға 3000 сом сыйлық беру мәселесі шешілетінін біле қойған жоқ еді).*

Шыңғыс Жарқайында осы жазда ғана жайлауда біраз күн болып кеткен танысы, Сібір шекара басқармасының шенеунігі Александр Сотниковпен қайта жолықты. Бір жағы округтерді аралай жүріп, Кенесары көтерілісшілерінің қимыл-қозғалыстарын

сырттай бақылаумен, мағлұматтар жинаумен айналысатын ерекше тапсырмалар жөніндегі шенеунік өзінің тікелей бастығы, полковник Вишневскийге жаз бойы атқарған жұмыстары туралы есеп беру үшін, оны Көкшетаудан қарсы алып бірге келген екен. Оның Кенесарыға қатысты жинаған біраз дерегіне Орынбор арқылы келген Сыртқы істер министрлігінің ұлығы Ларионов та қызығушылық танытыпты.

Солардың арасында Аманқарағай дуанындағы қанжығалы руының биі Нөгер Таймасұлының Кенесары адамдары қуып әкеткен жылқыларының ізімен барып, көтерілісшілер көсеміне жолыққаны туралы айтқан жауабы да бар еді. Ол жайт Шыңғысқа жақсы мәлім. Нөгер би жылқыларын қайтаруды өтініп, Кенесары ордасына арнайы барғанда, ол Нөгердің малын шабуға өзінің еш қатысы жоқтығын айтыпты. Сөйтсе де төңірегіндегілерге тапсырма беріп, қуып әкеткендердің кім екенін таптыртып алыпты. Оларға жазықсыз адамның малын шапқаны үшін, айып тартқызатынын айтып, «әзірше ала тұр» деп биге 40 жылқысын қайтартыпты. Қалғандарын сол кезде Сыр жақта көшіп жүрген негізгі кінәлілер қайтып оралғаннан кейін алып кетерсің, депті.

Одан басқа да Кенесарыға арнайы барып, шабылған малдарын қайтарып жатқандар бар көрінеді.

Жоғарғы шекті арғын руының басшысы Шеген бидің жылқыларын биылғы көктемде бағаналылар қуып әкетіпті, бірақ кейін сол мал Кенесары жақтастарының қолына түседі. Шегеннің баласы Қазыбек малының ізімен барып, жөнін айтқан екен, сұлтан барлық жылқыны қайтаруға бұйырыпты. Абылай ханның көзі тірі баласы, қонысы Аманқарағай дуанына енетін Әбділда ақсақалдың да үлкен басымен шабылған жылқылардың соңынан Кенесарыға барғанының өзі бір хикая. Ол ағасының қартайған жасына қарамай, сонша жерден келгеніне құрметпен қарап, арнайы жеке киіз тіктіріп күттіріпті. Екі күннен кейін, Әбділданың өзімен кездеспестен, қуылған малға оның адамдарының қатысы жоқ екенін айтып, әулет ішіндегі үлкендік жолыңыз деп, үш түйе сыйлап қайтарыпты. Шыңғыс Жарқайыңға келгелі естіп жатыр. Ұзын қыпшақтың басшысы, Кенесарыға қосылуға барынша қарсылық білдірген хорунжий Балғожа Жаңбыршыұлы бидің өзі де шабылған малының соңынан қуынып, хан алдына құрдастық базынасын айта барған



көрінеді. Сол жолы Кенесарымен татуласып, оның баласына қызын беретін болып, уағдаласып та қайтыпты, дейді...

Мән-жай сұрасулардың арасында Сотников Шыңғысқа кулана жымыйып:

– Сізге көрсететін қызық бір жаңалығым бар, көрімдігін бересіз, – деді.

Қазақ тілі мен дәстүрін жақсы білетін шенеунік танысының не айтқалы тұрғанына қызыққан аға сұлтан:

– Құр қол қалдырмаспын, тамыр. Ол немене тағы, – деді күліп.

Сотников иығына іліп жүрген былғары әскери сөмкесінен бүктелген газет шығарып, ішін ашты.

– Мінеки, Шыңғыс Уәлиұлы, «Одесский вестник» деген газетте ана жолы сіздің ауылда болған кезім туралы жазылған менің мақалам жарық көріпті. Одессадан Омбыдағы үйге поштамен келген екен. Шекара басқармасында хатшы болып істейтін інім Аполлон осында келе жатқан Вишневскийдің көмекшісінен маған беріп жіберіпті. Міне, көрдіңіз бе тақырыбын. «Аул сұлтана Чыңғыс Валиханова, сына покойного владетеля Средней орды Валихана» деп аталады.

Есіл алабына жайлауға шығып қонған төре ордасындағы осыдан бір айдан астам уақыт бұрын өткен тіршілік сәтін со қалпында бейнелеген газет мақаласын оқып шыққан Шыңғыс, өз есіміне, ауылына қатысты жайттардың сонау Одесса шаһарында белгілі болып жатқанына кәдімгідей марқайып қалды. Қасында жүрген орыс орынбасарлары П.Н.Сухомлинов пен Н.П.Лишинге де көрсетіп жатыр. Олар да кеу-кеулесе қарауға кірісті... Ал сұлтандар арасында ол мақаланы әсіресе орысшаға жүйрік Ахмет Жантөрин аса ықыласпен қабылдады. Өзінің де жазуға бейімділігі бар төре қызыға оқып шықты...

Жарқайың жиыны біткен соң Шыңғыс қайтар бағыттары бір Ахмет Жантөрінді Күнтиместе қонақ боп кетуге шақырды. Көптен ойда жүрген ниеті екенін айтып, осы жолы реті келіп тұрғанын, жолшыбай аялдап, сыбағаңызды жеп кетерсіз деген мезіретін білдірген.

Ахмет төре Үй өзені мен Тобылдың түйісер тұсына таман орналасқан өз ордасына, әдетте Жарқайыңнан тіке Құсмұрынға шығып, одан әрі оның батысында жатқан қалың көлдер арасын

қуалай, теріскейге қарай бағыт түзейтін, Арақарағайдан ары Бағлан, Қорғанға дейін созылып, өзі басқарып отырған Шығыс бөліктің ішімен өтетін дәстүрлі сауда жолы арқылы жетеді. Сол бағыттың Құсмұрыннан кейінгі бөлігін Аманқарағай округі ашылғалы бері пайда болған, Обағанның оң жағалауымен кететін дуан даңғылы арқылы да жалғастыруға болады. Екеуінің де Жантөрин ордасына дейінгі қашықтығы шамалас. Кейінгі бағытпен өткенде Күнтимес жол бойында қалады. Шыңғыс та қадірлі қонағын өз дуаны арқылы өтетін осы даңғылмен алып жүргенді жөн көрді.

Нөкерлері мен жасақтарын самсата ерткен екі аға сұлтан Жарқайыңнан 300 шақырымдай жердегі Күнтимеске жолшыбай өздерін қошеметтеп қарсы алған болыс, билердің ауылдарында қонақ бола жүріп, әлденеше күн дегенде жетті. Атақты хандардан тарайтын қос дәй сұлтанның келе жатқанынан алдын ала хабардар болған дуанның бетке шығар марғасқа байлары күзекте отырған ауылдарында биелері мен құлындарын сойып, құрақ ұшып күтіп алысты.

Күнтимес ордасында да бар дайындық жасалып қойған екен. Ақындар, әншілер мен күйшілер бас қосқан думанды бір отырыс өтті. Жаманқұл ақын тағы да Ахмет төренің қолқалап сұрауымен «Едігені» жырлады... Әлден уақыт екпіндете ақтарылған, адуын рухқа, сұрапыл ерлік сарынына толы, қазақ сөзінің нешеме інжу-маржандары лек-легімен ұшырасатын жырдың кейінгі шумақтары баласын іздеген Едігенің сағынышты зарына ұласып сарнай шықты. Ақырында кеудесіне мінген Қадірберді сұлтанның қорлығына шыдамай, аталы-балалы Едіге мен Нұралын екеуінің құсаменен өлгені туралы қарасөзбен түйінделетін соңғы жолдар айтылды. Жыр басталғаннан ұйып тыңдап отырған Ахмет «бәрекелді!» деп ақынға ризалығын білдірді де, үй иесіне бұрылып:

– Айтпақшы, бұл жырды жазып алып па едіңіз? – деп сұрады.

– Иә. Жаманқұлдың жырлағанына қоса Арыстанбайдың да айтқанын тыңдап, оларды Шоқан екеуміз салыстыра отырып, бірін-бірімен толықтырып қағазға түсіріп қойдық, – деді Шыңғыс.

Содан соң қасында отырған Шоқанға сандықта жатқан жыр

жазылған қағаздарды алдыртты.

– Бәрекелді, сонда Шоқан, жыр көшіруге көмектесуге жарап қалды ма, – деді Ахмет балаға мейірлене қарап.

– Ол хатты бес жасында таныған. Осы қараша айында жетіге толады ғой. Қазір кәдімгідей жүгіртіп оқып, жылдам жаза алатын дәрежеге жетті, – деді Шыңғыс.

– Кәні, екеуіңіз жазып алған жырды оқып көрейік, – деген Ахмет, қағаздарды қолына алып біраз уақыт көз жүгірте қарап кетті.

Сәлден кейін:

– Негізінде дұрыс жазылыпты, үлкен бір іс тындырыпсыздар, – деді.

Содан соң Шоқанға қарап:

– Сенің осы жұмысқа араласып, әкеңе көмек бергеніңе ризашылығым ретінде, осы жырды әдемілеп тұрып көшіріп берейін. Менің қолымның жақсы екені, әкеңе белгілі. Менен бір ескерткіш болсын, – деді...

Қадірлі қонақтың сол келісі барысында қос хан тұқымдарының бір-біріне деген сыйластығын одан әрі бекемдей түсуді көздеген жол-жораның да реті орайласа кеткен. Ахмет сұлтан дастарқан үстіндегі әңгіме арасында биыл қызды болғандарын, атын Ғазиза деп қойғанын айтып қалды. Біраздан соң Шыңғыс ыңғайы келген бір сәтте Ахметке: «Қазақтың аға хандары болған аталардың тұқымымыз. Бір-бірімізге бөтен емеспіз. Екі әулеттің арасын жаңғыртып, төс түйістіріп құда болсақ қайтеді. Шоқан баламызға сол бесіктегі қызыңызды атастыруға пейіліміздің ауып отырғаны», – деген ниетін білдірді.

Келгелі бері Шоқанның қабілет-қарымына, алғырлығына іштей риза болып жүрген Ахмет те бұл ұсынысқа келіскендей рай танытты. «Сыйластығымызды құдалықпен жалғастырудың реті келіп жатса, ризашылықтан басқа не жауап бар. Құда болуға ниет білдіргендеріңізді үйге айта барармын», – деген.

Осындай сөз байласулардан кейін-ақ, бұл жолы Ахмет төрені ордадан шығарып салу ілтипаты да өз-өзінен өзгеше сипатқа ауысып жүре берген. Сый-сияпаттың да мәні маңызданып, құдалар арасындағы қарым-қатынастың жөн-жобаларына бейімделіңкіреген ізеттер жасалған. Зейнеп ханым да Ахмет төре аттанып бара жатқанда «Бәшкен құдағиға сәлем айтыңыз», деп

уағдаластықты одан әрі ширата түскендей бейіл танытты.

Содан бері қос сұлтан өзара қарым-қатынаста бұрынғыдан да гөрі ізетті сыйластыққа ауысты. Болашақ құдалардың аралас-құраластығына орайласатын пейілді байланыстарға көшті, бір-бірінің қуанышына, той-томалағына ықыластана араласатын болды. Шыңғыстың бір округке аға сұлтан болып қатарынан төртінші, бесінші мәрте қайта сайлануына байланысты, 1843, 1846 жылдардың күз айларында өткен дуанбасы қызметіне бекітудің салтанатты рәсімдері кезінде той төрінде қадірлі мейман ретінде отырды.

Былтырғы, 1846 жылғы кезекті дуанбасылық рәсімге келгенде Ахмет төре Шыңғысқа өзінің туған інісі Махмұттың<sup>3</sup> бір жыл бұрын Орынбордағы Неплюев атындағы кадет корпусына түскенін, онымен бірге онда Жәңгір ханның Ысмайыл<sup>4</sup>, ханның інісі Меңдігерейдің Арыстангерей<sup>5</sup> дейтін балаларының, Жәңгірдің қайын атасы Қарауылқожа Бабажанұлының Мұхамбетсалық<sup>6</sup>, Бөкей ханның кіші әйелі Жұманың төркіні боп келетін хан кеңесшісі, шеркеш Шолтыр би Бекмұхаммедұлының Мұқаметжан<sup>7</sup> дейтінбалаларының,

---

<sup>3</sup> Неплюев кадет корпусында 1845-51 жылдары оқыған Махмұт Жантөрин кейіннен 21 дистанция бастығы, сотник, ағасы Мұқан Жантөринмен бірге Орынбор қазақтары Шығыс бөлігінің әкім-сұлтаны қызметін атқарды.

<sup>4</sup> Ысмайыл 1850 жылы кадет корпусында оқып жүріп қайтыс болған.

<sup>5</sup> Кейіннен шеркеш руының басшысы, сотник.

<sup>6</sup> Мұхамбетсалық (Салық) Бабажанов. Болашақ этнограф, қоғам қайраткері, ағартушы, Орыс географиялық қоғамының мүшесі. Сотник. Ішкі /Бөкей/ ордасы Қамыс-Самар бөлігінің бастығы.

<sup>7</sup> Елге кейіннен «Мақаш әкім» деген атпен танылған шешен, би, күйші, қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы Мұхаметжан Бекмұхамбетов. Есаул. Теңіз округін қырық жылдай басқарған.

Деректерде осы 1845 жылы Неплюев корпусына олардан басқа хан кеңесшісі Шомбал би Ниязұлының баласы Жүсіптің (болашақта әскери старшина, Бөкей /Ішкі/ ордасы Нарын бөлігінің әкімі), хан кеңесшісі Шөкі төре Нұралыұлының баласы Зұлқарнайдың (болашақта беріш руының басшысы), ноғай руының старшыны Ақболат Саңырықұлының баласы

барлығы оншақты шәкірттің оқитынын айтқан. Шоқанды да былтыр Омбыда ашылған сондай әскери оқу орнына бермейсіз бе, дегендей құлаққағыс жасаған. Өздерінде бұл мәселеге мән беріліп, жыл сайын Орынбор шекара комиссиясынан әр бөліктің әкім-сұлтандарына осы оқу орнына қазақ балаларының белгілі бір мөлшерін қабылдау туралы өкім түседі екен. Соған байланысты сұлтандар жергілікті басқарушылар арқылы ата-анасы оқытуға ниет білдірген балалардың тізімін жасайды. Ахмет төре Шоқаннан екі жас кіші Сейітхан деген үлкен ұлын да он бір жасқа толғанда, сол Неплюев корпусына бергелі отырғанын білдірген.

Шыңғыс та Күнтимес мектебінде алғырлығымен көзге түскен Шоқанның оқуын ары қарай қалай жалғастырса болады, деген ойда жүретін. Ана жылдары өзі Омбыдағы азиялық мектепте оқыған кезде, ғимараттары қатар тұрған Сібір казак әскерлері училищесінің былтырдан бері кадет корпусы деп өзгеріп жатқанынан да хабардар. Бірақ оған Омбыға қарайтын дуандардан әлі бірде-бір қазақ баласын бермеген сияқты. Сондықтан да «қалай болар екен» дейтін де қоятын. Сөйтсе, Орынбор жағының қазақтары балаларын әскери мектепте оқытуға жаппай кірісіп кетіпті ғой. Ағасұлтандыққа бесінші мәрте бекігеніне орай өткізілген той әбігері біткеннен кейін Шыңғыс дуандағы орыс көмекшісінің бірі Василий Иванович Дабшинскиймен осы мәселе жөнінде арнайы ақылдасты. Ол өзіне әуелден таныс, етене араласып кеткен жандардың бірі. Оның әкесі – Сібір қазақтары шекара басқармасының коллеж кеңесшісі, тілмаш И. Г. Дабшинскийді Шыңғыс баяғыда өзі Омбының азиялық мектебінде тәлім алғаннан бастап біледі. Қазақшаға жүйрік ол осы мектепте 1810 жылдан бастап сегіз жыл татар тілінен сабақ берген, 1818-1822 жылдар аралығында

---

Мырзағалидың (болашақта Орынбор шекара комиссиясының тілмашы), Бөкей ханның Қазына деген қызын алған күйеу баласы, алаша руының басшысы Бажақ төре Қасымұлының баласы Мұхаммедтің (денсаулығына байланысты оқуды аяқтамаған) де түскені айтылады. Бұл шәкірттердің Махмұт Жантөриннен басқаларының бәрі кадет корпусына Жәңгір ордасындағы мектепті бітіргеннен кейін келгендер.

Жәміш бекінісінде тілмаш болған, содан кейін Сібір қазақтары шекара басқармасында қызмет етті, содан титуляр кеңесші лауазымына дейін көтерілген. Шыңғыстар Азиялық мектепке түскен әуелгі кездерінде, Айғаным анасының бұрынғы танысы Сейфуллин атты татар тілмаштың жесірінің пәтерінде тұрып, онда жағдайы болмай бара жатқасын, бар мұңын айтып шағына алатын адамы да – осы дәрежелі кеңесші И. Дабшинский еді. Ақыры соның көмегімен Омбы облыстық басқармасының бастығына анасының және өздерінің атынан хат жазып жүріп, алдымен қырдан келген ел билеушілері үшін салынған қонақ үйдің бір бөлмесіне, одан соң казак әскери училищесінің жатақханасына орналасуға мүмкіндік алған. Сол жылдардан бері И. Дабшинский де Айғаным, Шыңғыс шаңырақтарына жақын адам боп кетті. Баласы Василийді де Шыңғыс сол титуляр кеңесші шаңырағымен алғаш араласа бастағаннан бері біледі. Шыңғыстан төрт-бес жас кішілігі бар Василий де әкесінің жолын қуып, қызметін тілмаштықтан бастаған. Қазақшаға ағып тұр. Әуелі Үшбұлақ дуанында тілмаш, одан кейін Омбыдағы Сібір қазақтары шекара басқармасы кеңсесінде хатшының көмекшісі, қазынашысы, одан кейін басқарма хатшысы қызметтерін атқарды. 1846 жылғы қаңтардан бастап, ескі танысы, аға сұлтан Шыңғыс Уәлиевтің қасында орыс көмекшісі боп жүр.

– Орынбор жағының қазақтары балаларын кадет корпусында жаппай оқытуды қолға алыпты. Шоқанды да Омбыдағы сондай мектепке берсем қалай болады. Ол мектептің жағдайын сен жақсы білесің ғой. Орысша білмейтін жас балаға қиындық туғызбай ма, алып кете ала ма? – деп сұрады ол орынбасарынан.

– Ойыңыз әбден дұрыс, – деді Дабшинский. – Шоқан сияқты зерек баланың әрі қарай оқуын жалғастырғаны жөн. Соның бір жолы – кадет корпусына түсіру. Қазір біздің Омбыда одан басқа орайы кеп тұрған оқу орны да жоқ. Меніңше, кадет мектебіне айналдырылғалы бері оның деңгейі көтеріле бастаған сыңайлы. Орынбордың Неплюев корпусы сияқты қазақ балаларын жаппай қабылдау басталмаса да, онда сіз секілді қазақтың игі жақсыларының балаларын оқытуға рұқсат беріліп отырғанын пайдалануыңыз керек. Ертеңгі күні өзіңіз сияқты ел билеушілерді сондай әскери оқу бітіргендер арасынан таңдайтын заман туады. Сондықтан Шоқанды кадет корпусына бергеннен еш

ұтылмайсыз. Жасы он бірге енді толады ғой. Келесі жылы күзге қарай апарғаныңыз дәл болады. Қажет десеңіз Омбыға өзім бірге барайын, шекара басқармасы арқылы корпус басшыларына шығамыз, өзіңіздің де талай жыл бойы аға сұлтан боп келе жатқан беделіңіз бар. Кадет мектебінде Шоқан сияқты алғыр балалар оқымағанда, кім оқуы керек.

Дуанға келіп жүрегін Шыңғыстың орыс таныстарының да ойы Дабшинскиймен бірдей шықты. «Қазір реті кеп тұрған тәуір оқу – Омбы кадет корпусы, соған апарған мақұл болады» дескен. Содан бері аға сұлтан тұңғышының Омбыға барып оқығаны жөн екендігі басы ашық жайтқа айналған еді.

Сөйтіп, 1847 жылғы Аққанбұрлық алабындағы жайлау маусымы кезінде ағайын-туған арасында Шоқанның биыл күзде Омбыдағы орыс оқуына баратыны жөніндегі әңгіме кеңінен тарап кетті.

Айғаным әжесі жанындай жақсы көретін немересінің көңілін аулай сөйледі. «Өкенді де хан тұқымына лайық биік лауазымда жүруіне көмегі тие ме деп, соқталдай жігіт болған шағында сол Омбыдағы әскер оқуына апарғанмын. Сол жерде азды-көпті тәлім көргенінің арқасы шығар, жаман болған жоқ ғой, әзірше көштен қалмай келе жатыр. Сен қайта нағыз оқитын уағында бара жатырсың. Абыройлы бол. Баһадүр бабаңның аруағы қорғай жүрсін», деп батасын берді. Шоқанды орыс оқуына бергенді жақтырмағандар да табылды. «Кіп-кішкентай баланы қалай жіберіп отыр. Орыс боп кетеді ғой. Аяса қайтеді», деп күңкілдегендер де шықты...

\* \* \*

1847 жылғы жаздың соңында Күнтиместегі ордадан Обаған бойын қуалаған дуан жолымен Бағлан станицасына қарай пар ат жеккен күймелі пәуеске аттанды. Соңында шығарып салушы оншақты салт атты. Күйме үстінде делбешіден басқа үш адам отыр. Олар – үлкен ұлы Шоқанды кадет корпусына апара жатқан Құсмұрынның аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханұлы мен оның орынбасары, коллеж хатшысы Василий Дабшинский.

Шыңғыс кеше кәдуілгідей ел жиып, баласының жолаяқ тойын жасады. Үлкендер батасын берді. Оқуға баратыны туралы

әңгіме шыққалы бері, оған қаншама бой үйреттім дегенмен, әшейінде қайсар, өжет боп көрінетін Шоқан бүгін аттанар сәт келгенде кәдімгідей қобалжыды. Орда төңірегіндегі жұрттың өзін шығарып салуға топталып жиналғаны, анасы Зейнептің көзіне жас ала жүріп, мұны қайта-қайта құшақтап, өбектей бергені, он жасар інісі Жақып пен оған тете өсіп келе жатқан қарындастары Бәдіғұлжамал мен Рахияның мұның қасынан үйіріліп шықпай қойғаны көкірегіне қимастық сезімдер себелетті. Өзіне қадалған жұрт назарынан тезірек құтылғысы келіп, анасының қолындағы екі жастан енді асқан кішкентай Мақыжанның бетінен сүйді де күйменің үзеңгісіне жылдам аяқ салып, мұның мінуін күтіп отырған үлкендердің алдындағы орынға жайғасты. Жолаушылар Бағланға жеткесін аттарды кері қайтарып, одан әрі шекара шебінің бойын қуалай созылған Жәмшік даңғылы деп аталатын қара жолмен ылаулата отырып, Омбыға қарай тіке тартпақ.

Бұл бала қыранның өз ұясынан бірінші рет алысқа қанат қағып ұшып шыққаны еді. Ол алғы күндердегі – қызығы мен қиындығы, қуанышы мен қысталаңы қатар ұшырасатын қияпатты тағдырына, қамшы сабындай келте болса да адам таңғаларлық ғаламат істер атқарып кеткен ұлы тағдырына қарай тікелей бағдар түзеп бара жатты...

#### **4. Кадет корпусының шәкірті**

1985 жылдың шілдесі түсер алдындағы осы бір аптада Омбы күні тым ысып тұр екен. Қала көшелерін буған қапырық онсыз да Сібірдің шолақ жазының әрбір күнін тиімді пайдаланып қалуға тырысатын жергілікті тұрғындарды салқын саялы өзен бойына қарай айдағандай. Ертістің қала жақ бетіндегі кең қолтық жағажайында суға түсіп, қыздырынып жатқан жұрт ығы-жығы.

Мен жайғасқан зәулім «Турист» мейманханасының он екінші қабатынан қарағанда, ең алдымен, Ертістің шіміркене аққан кең айдыны және дәл аяқ астында көсіле жатқан осы үлкен жағажай көзге түседі. Одан кейін назарға өзен үстінде кесе-көлденең жатқан биік көпір, Ертіс жағасынан бастап солға қарай орам-орам болып жайғасқан қала үйлері ілігеді.

Мейманхана Омбының көне орталығында мекен тепкен. Оның дәл іргесінде Омбы өзені күреңше суын қарақошқыл



Ертіске кұйып жатыр. Осы екі өзеннің қиылысында қаланың алғашқы қадасы қағылған. Әуелгі бекініс орны, көне дәуірлер тынысынан сыр аңғартатын тарихи ғимараттар мен үйлер де негізінен осы төңіректе.

Солардың бірі – Шоқан оқыған кадет корпусының мекен-жайы да терезеден алақандағыдай көрініп тұр. Қызыл шатырлы еңселі үйдің ауласы – айнадай теп-тегіс сапқа жүруден жаттығу алаңы. Ол бүгіндері де сол замандағыдай, әскери мамандар тәрбиелейтін оқу орны. Әскери училище. Әлбетте, Омбымен алғашқы таныстықтың да Шоқан тәлім көрген сол көне ғимараттан басталмағы ләзім.

Сыртқа шығып әлгінде мейманханаға орналасуға келе жатқанда жанынан өткен облыстық өлкетану музейіне қарай беттедім. Ол бұрынғы генерал-губернатор сарайы. Соған жете бере оңға бұрылып, сәл жүрген кезде, қарсы алдан бір кездегі кадет корпусының үйі созыла түсіп жатты. Әртүрлі суреттерден таныс болғандықтан ба, көзге бірден жылы ұшырайды. Оның биік басқыш пен бағаналардан тұратын көше жақ қас бетінде үш ескерткіш-тақта қағылыпты. Солардың бірі – Шоқанға арналған. Онда «Аса көрнекті ағартушы, қазақ ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865) Омбы кадет корпусында 1847-1853 жылдары оқыды» деп жазылған. (Қазіргі кезде кадет корпусы ғимаратының маңынан Шоқанның Қазақстан Үкіметі тарапынан 2004 жылы арнайы орнатылған ескерткішін көруге болады. Онда текшетас үстінде офицер киімді Шоқанның алысқа көз тіге қарап отырған бейнесі сомдалған. Тізесінің үстінде беті ашылған кітап).

\* \* \*

...Омбы қаласының Ертіс аузындағы паромына қыр жақ беттен пар атты күймелі пәуеске келіп тоқтады. Арба үстін басқан ақтозаң шаңнан жолаушылардың алыстан жолсоқты боп келе жатқанын байқау қиын емес. Олар сонау төрт-бес күншілік жердегі Обаған бойынан Омбыға жеткен Шыңғыстар еді.

Жолаушылар арғы беттен паром келгенше, аяқтарын жазып алу үшін жерге түсті. Бұған дейін Ертіс сияқты мынадай зор өзенді, онда жүзген ығы-жығы жүк кемелері мен баржаларды, қайықтарды, арғы қабақтан тіке басталып кететін биік-биік

үйлері бар үлкен қаланы көрмеген Шоқанға бәрі де таңсық. Паром аузы – тура кадет корпусының зәулім үйімен тұспа-тұс. Өзенге төне орналасып, маңайдағы басқа үйлерден ерекше шоқтықтанып көрінген еңселі ғимарат Шоқан назарын бірден тартты. Оған аңтарыла қарап қалған баласын әкесі де байқады.

– Анау биік үйді көрдің бе? Сол кадет корпусы, сен сонда оқитын боласың, үстіңе әскер киімін киесің, – деді қамқорси сөйлеп.

Аздан соң паром келді де, олардың пәуескесі үлкен қайыққа түсті. Паромшылар саумалай тартып жолаушыларды арғы бетке жеткізді. Біраздан кейін олар мінген арба шаһар ортасындағы Дабшинскийдің аласа шатырлы үйінің алдына келіп тоқтады.

Басқалармен бірге үйге кірген Шоқан алғашқыда біраз жатырқап отырды да, аздан соң бойы үйреніп айналасына қарай бастады. Үй жабдықтары аса көп емес. Бірақ кітаптар мен қағаздар баршылық екен, қасындағы үстел үстінде де әлденеше қағаз бен қарындаш жатыр. Бұған дейін ауылдарына келіп-кетіп жүретін жер шенегіштерден сурет салуды үйренген ол ақ қағазды көргенде қызығып кетті. Үлкендерге қараса, мұнымен аса ісі жоқ, өздерімен өздері болып кетіпті. Қарындашты алды да, әлгінде жолшыбай байқаған қала көріністерін салуға кірісті. Қолы жып-жып етіп зәулім үй бейнесін қағазға түсірді. Есігін, айшықты терезелерін де ұмытпады...

– Шыңғыс Уәлиұлы, мына қараңыз, балаңыз Омбының суретін де салып тастапты, – деген дауыс дәл қасынан шыққанда ғана басын көтеріп алды.

Сөйтсе, Дабшинский ол сурет салып жатқанда артынан ақырын келіп байқап тұр екен. Шоқан қипақтап, ыңғайсызданып қалды. Бірақ үй иесі оның бұл қысылысын сезе қойды да:

– Жарайсың, Шоқан, алғашқы көргендеріңді жақсы бейнелепсің, – деді иығынан қағып. Қасына әкесі де келіп қарап жатыр.

Ертеңіне майор Шыңғыс Уәлиханов пен коллеж хатшысы Василий Дабшинский кадет корпусына барып, Шоқанды оқуға түсіру қамына кірісіп кетті. Корпус директоры генерал Ф. А. Шрамға арнайы жолықты.

Аға сұлтанның өз ұлын Ресей әскерінің кіші офицерлерін дайындайтын осы оқу орнына беруге ықылас білдіргеніне

генерал қарсы болған жоқ. «Бізге түскен нұсқау бойынша, кадет корпусына қазақтардың өзіңіз сияқты қадірлі адамдардың балаларын алуға да рұқсат берілген. Сіздің балаңызды қабылдайық, бірақ үлгеріп кете алмаса, ренжімейсіз, шығарып жібереміз» деді.

Ертеңіне Шоқандар тоқтаған Дабшинскийдің үйінде ерекше бір кездесу болып өтті. Үй иесі өзімен бірген жасы Шоқан құралпылас үстіне кадет формасын киген бір орыс баласын ертіп келді.

– Шоқан, мен саған Гришаны таныстырғалы алып келдім. Өзі сенің құрдасың. Корпусқа түскеннен кейін сен де дәл осы сияқты боласың, – деді.

– Ал мына баланың аты Шоқан – деді ол Гришаға орышалап. – Корпусқа түскелі келді. Екеуің дос болып кетесіңдер деп сенемін. Суретті тәп-тәуір салады. Міне, мына суретін қарашы, әп-әдемі емес пе? – деді ол Шоқанның кеше салған суретін көрсетіп.

Бұл бала кадет корпусына былтыр түсіп, енді ғана жазғы каникулдан келіп тұрған, Преснов станицасының казак-орысы Н. И. Потаниннің ұлы Гриша еді. Оның әкесі – қазақ өміріне жетік, Қоқанға бірнеше рет саяхат жасап, сол жөнінде жазбалар қалдырған, бірталай жыл Баянауыл округінде отряд бастығы қызметін атқарған, кезінде Шоң, Шорман билермен аралас-құралас болған жүзбасы, бірақ кейіннен жұмысынан кемшілік табылып, әскери шені қатардағы казакқа дейін төмендетілген – Николай Ильичті Шыңғыс пен Дабшинский әуелден танитын. Кейіннен атақты саяхатшы, көрнекті ғалымға айналған Григорий Потанин өзінің Шоқанмен өткен сол алғашқы кездесуін былайша еске алады.

«Мен Шоқанды бірінші рет ол корпусқа әлі түспей тұрған кезде В. И. Дабшинскийдің пәтерінде көрдім. Мұның қалай жүзеге асырылғанын білмеймін; әйтеуір бұған дейін мен Дабшинскийдің үйінде еш болған емеспін. Мен бұл кезде корпус қабырғасында бір жылымды өткерген едім, соған байланысты шамасы Шоқанды корпуста қалдырып кететін болғаннан кейін, ол тым жалғызсырамасын деген ниетпен мені арнайы таныстырған тәрізді. Шоқан бір ауыз орысша білмейтін және сол кездің өзінде қарындашпен тәп-тәуір сурет сала алатын.

Дабшинский Шоқанның Омбыға келісімен салған суретін көрсетті; қала жас балаға күшті әсер еткен болуы керек, ол қарындашпен қала көріністерінің бірін бейнелепті».

Үлкендердің алдын ала ойластырып жасаған бұл жоспарларының тамаша нәтижесі болғаны жұртқа жақсы белгілі. Олардың кадет корпусында жүріп басталған достықтары адамдар арасындағы көз жұмғанша бір-біріне адал боп өтетін шынайы қатынастардың ең тамаша үлгілерінің санатына жатады. Шоқанмен айнымас дос болу арқылы, қазақ халқын, оның болмыс-бітімі мен рухани қазынасын да кіршіксіз көңілмен құдай сүйген Потанин, кейіннен өзінің аяулы досы туралы тамаша естеліктер жазды. Қазақ халқы туралы ағыл-тегіл ақтарылған жарқын ойлар қалдырды.

\* \* \*

Бұрынғы кадет корпусының қас бетіндегі жазу бұл ғимараттың сол кезде командалық әскери училищенің мекен-жайы екендігін білдіреді (ол кейінгі жылдары қайтадан кадет корпусына айналды). Кезекші офицерге мақсатымды түсіндіріп ішке кірдім. Кең ауланың төр жағында ғимараттың көне бөлігі. Оның бір беті училище мұражайы. Музей бастығы полковник В. И. Кичигин мені байырғы корпус бөлмелеріне қарай бастады. Қабырғасының қалыңдығы бір құлаш, есіктерінің маңдайшалары доға тәріздес иілген казарма бөлмелерін аралап келе жатып, осы мекенде Шоқанның алты жыл шәкірттік ғұмыры өткенін сезіну ерекше әсерлерге бөлейді. Темір баспалдақтармен жоғары қабатқа көтеріліп, одан төмен түсіп, бұрынғы жатын орындары, оқу сыныптары, асхана, мұғалімдер бөлмелері бойындағы көне дәуір рухын байыптап жүргенде, өз-өзінен сол шақтағы кадеттер өміріне ойша барлау жасалғандай болар еді.

Кадет корпусы жайындағы мол деректер негізінен Омбы облыстық мемлекеттік мұрағатында жинақталған. Ондағы 19-шы қор түгелдей кадет корпусының материалдарын қамтиды. Мұрағаттың тып-тыныш оқу залында сарғыш тартқан құжаттар мен көне кітаптарды парактап отырған кезде, корпустың Шоқан тәлім алған жылдардағы тыныс-тіршілігі ақырындап ортаға тартыла береді.

Ол кезең әуелі 1813 жылы казак әскери училищесі деген атпен ірге көтеріп, Шоқандар келуден екі жыл бұрын ғана Сібір кадет корпусына айналған оқу орнының, енді-енді өз бойына жаңа нышандарды қабылдай бастаған шағы еді. Бұрындары шәкірттерге дұрыс білім беру жағына аса көңіл аударылмаған, казак әскерлерінің урядниктік тәртібіне негізделген училище бағдарламасы өзгеріп, кадет корпусы боп іріленгеннен кейін оған орталықтардан білімдар офицерлер сабақ беруге арнайы шақырылған болатын. Шәкірттерге «Сіз» деп айту үрдісі тәртіпке енді еніп жатты.

Әсіресе бұл ретте сол Шоқан оқуға түсер жылдың көктемінде сынып инспекторы боп тағайындалған, дворян полкінің жас капитаны И. В. Ждан-Пушкиннің (кейіннен І-ші Мәскеу кадет корпусының директоры қызметін атқарған) еңбегі елеулі еді. Француз, неміс, ағылшын тілдерін білетін, еуропалық мәдениет пен әдебиет тарихына жетіктігімен, жан-жақты зиялылығымен көзге түсетін ол, ең алдымен корпус мұғалімдерін жаңадан іріктеуді қолға алды. Оның шәкірттерге білім беруге лайық деп тапқан адамдарының арасында орыс тілі мен әдебиетінен ұстаздық еткен, шыққан тегі сібір казагі, Қазан университеті Шығыстану факультетінің түлегі, казак, араб, парсы тілдерін білетін Н. Ф. Костылецкий; Өркениет тарихынан дәріс оқыған білімдар оқымысты Г. В. Гонсевский; тарихшы А. И. Сулоцкий; географ Е. И. Старков секілді шын мәнінде өз пәндеріне жүйрік, көздері қарақты, көкіректері ояу жандар болды.

Кадеттер үшін, әсіресе Шоқан үшін Ертіс бойында туып, бір кезде осы Сібір казак әскери училищесін, одан кейін Қазан университетінің Шығыс тілдері бөлімінде Қазымбек мырзадай ірі ғұламадан тәлім алған Николай Федорович Костылецкий берген білімнің орны тым бөлек еді. Өз мамандығы шығыстанушы бола тұра, орыс әдебиетінен ұстаздық еткен ол, шәкірттерге сол кезеңдегі азаттық идеяларының мән-мағынасынан да хабарлар етіп отыруға көңіл аударатын.

Мәселен Костылецкий орыс әдебиеті жайындағы сабағын негізінен әлі патша цензурасы рұқсат етпей жатқан Белинскийдің сын мақалаларына орай құрар еді. Ұлы сыншының қоғам өміріне қатысты көкейтесті ойларын түйдек-түйдек күйде ортаға тартып

жататын ол сабақтардың шәкірттерге ұсынар әсері тым мол болды. Пушкин мен Лермонтов, Гоголь мен Герцен, Диккенс пен Теккерей шығармаларына ынтығушылық Шоқан бойында әуелі сол Костылецкий дәрістерінен бастау алды. Ұстаздарының арамдық пен аярлыққа, әділетсіздік пен жалғандыққа, крепостнойлық тәртіпке қарсы ащы сындар айтып, мысқыл сөздерді қаймықпай боратуы кадеттердің ой-өрістерінің дамуына, өмірге, қоғам құбылыстарына қатысты біршама дұрыс көзқарастарының қалыптасуына едәуір ықпал етті. Костылецкийдің прогрессивті ойларды бұлайша бүкпесіз айтуының жергілікті ұлықтарға аса ұнай қоймайтыны да анық еді. Азаттық идеяларын ашық насихаттайтын оны біртіндеп түртпектеу басталды. Ақыры осы кудалаудың салқыны Костылецкийді 1865 жылы кадет корпусынан кетуге мәжбүр етті. Ол ғұмырының соңғы жылдарын жоқшылыққа өткізіп барып, бұл дүниеден баз кешті.

Шығыстанушы ретінде қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен де айналысқан Костылецкий үшін кадет корпусында Шоқан сияқты алғыр шәкірттің оқығаны ерекше бір қуаныш болғанында дау жоқ. Қазақшаны тәп-тәуір білетін ұстаз, Шоқанға халық ауыз әдебиетінің нұсқаларын жинауды тапсырады, кейбіреулерін бірлесе отырып орысшаға аударуды қолға алады. Шәкіртінің жазғы демалысқа шыққан кезінде әкесі Шыңғыспен бірге жазып алып, Костылецкийге тапсырған сол асыл дүниелері кейіннен ғалымдар арасында «Құсмұрын тізімі» деген атпен танылды. Костылецкий 1851 жылы Шоқан екеуінің бірлесе отырып орысшаға аударған «Едіге» мен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларын өзінің ескі танысы әрі құрдасы, Қазан университетінің профессоры, көрнекті түркітанушы И. Н. Березинге де жібереді. (Костылецкий кадет корпусындағы Шоқан сияқты шәкірттерге ғана емес, өзі сабақ беретін тілмаштық мектепте оқитын қазақ балаларына да жазда ауылға барған кездерінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін, этнографиялық мәліметтерді жазып алуға, демалыста көрген-білгендерін қағазға түсіріп қайтуға тапсырмалар беретін. Осындай тәсілмен жинақталған мол мағлұматтар қорының арасынан ол ең таңдаулыларын іріктеп, басылымдарға жөнелтетін, ғалымдар назарына ұсынатын).

Әрине, ауыл мектебінде қазақша сауаттанып келгені болмаса, орысша білмейтін Шоқан, бағдарламасы біршама күрделі әскери оқу орнында үлгеріп кете алар ма екен, деген күдік әуелгі кезде көп мұғалімдер тарапынан туындаған да шығар. Алайда Шоқан олардың бәрін де таңғалдырып, алғашқы жылдың өзінде-ақ орыс тілін бір кісідей үйреніп ғана қоймай, сабақ үлгерімі жөнінен де алдыңғы қатардан көрінді. Ауылда жүргенде хан тұқымы, аға сұлтанның баласы болғасын, ешкім бетінен қақпай, еркін өскен бала корпустың қатаң талабы мен ашқұрсақ тәртібіне де тез арада көндігіп кетті.

19-шы қор материалдарында сол шақтағы кадеттердің оқуы мен күнделікті тіршілігі қалай өткені жайында деректер баршылық. Корпуста тәрбиеленетіндер негізінен екі бөлімде: рота мен эскадронда оқыды. Олардың бір-бірінен айырмашылығы сол – екінші қабатта орналасқан ротада негізінен ірі ұлықтар мен шені жоғары офицерлердің балалары тәлім алса, бірінші қабаттағы эскадронда олардан деңгейі төмен деп есептелетін казак әскерлері өкілдерінің балалары тәрбиеленді. Шоқанды да корпус басшылары қазақ балалары үшін белгіленген тәртіп бойынша осы эскадронға жіберген.

Әрі бұл жайдың Шоқанның өміртануына өзіндік ықпал-әсері тигенін де ескермекке болмайды. Ол ықпал – кейіннен Потанин тұжырымдаған: *«Қазақ ақсүйегі, хан тұқымының қарапайым казак-орыс балаларының, нағыз плебейлердің ортасына барып түсуі, плебейлік ортада өмір сүруі Шоқанның демократиялық идеяларының қалыптасуына, сірә, әсер етпей тұра алмаған болуы керек»*, – деген пікірге келіп саяр еді.

Рота мен эскадрон жеке-жеке бөлімшелерге бөлінді: және ол топтар шәкірттердің жасына не оқитын сыныптарына емес, сапта тұрған кездегі бойларына қарап іріктелді. Гриша Потаниннен бір жыл кейін келген Шоқанның онымен бір бөлімше құрамында болуының да себебі осында. Әр бөлімшенің жеке ұйықтайтын бөлмесі болды және сол бөлмеде сабаққа да дайындалатын.

Корпуста қабылданған оқу кестесі бойынша шәкірттер таңғы 6-да оянуға тиіс еді. Олар әлі алагеуім шақта кезекшінің бұйрығы естіле салысымен, төсектерінен атып-атып тұрып, тез киініп, дене

шынықтыруға шығады, одан кейін жуынуға барады. Содан соң тізіліп, аула ішіндегі асханаға беттейді. Онда үстелдерді жағалай отырған балаларға төртке бөлінген шағын дөңгелек нанның бір-бір кесегі таратылып беріледі. Ертеңгілік тамақтың бары осы. Соны қау жап болған соң сыныптарда сабақ басталып, ол түске дейін созылады. Түстік астың да түрі әрдайым біркелкі. Ашыған қапустадан жасалған сорпа мен ботқа. Түстен кейін тағы да үш сағат сабақ. Ол біткесін жарты сағат үзіліс жасалып, кешкі сегізге дейін кадеттер ертеңгі сабаққа дайындалуға отырады. Кешкі ас – қалайы тостағанға салынған ботқа мен бір саптыаяқ квас. Мереке күндері ғана ас мәзіріне сиыр еті мен балық, самса сияқты тағамдар қосылады.

Кадет корпусына жаңа инспектор Ждан-Пушкиннің келуімен қайтадан дерлік жаңғырған оқу бағдарламасы, білгір ұстаздар еңбегі кадеттердің тәуір білім алуына, соның ішінде ауылдан келген Шоқан қабілетінің кеңінен ашылуына көп әсер етті. Расында да империяның бір түкпірінде жатқан Омбыдағы кіші офицерлер дайындайтын әскери оқу орнында жүргізілетін пәндер өздерінің тиянақтылығымен көзге түсетін. Жеті жылдық корпуста әскери сабақтардан басқа жалпы географияны, оның ішінде қазақ даласының сипаттамасын, тарихты, дін сабағын (мұсылмандар ислам шарттарын), орыс және батыс әдебиетін, философия негіздерін, ботаниканы, зоологияны, физиканы, алгебраны, геометрия мен тригонометрияны, сәулет өнерін, сызу мен сурет пәндерін, орыс, француз немесе неміс тілдерін оқытатын. Казак балалары үшін қазақ тілі сабағы жүретін. Жоғары сынып оқушыларына семсерлесу мен би сабақтары да арнайы өткізілді. Кадеттердің әр түрлі би мәнерлерін жап-жақсы меңгергендігін – корпустың би бөлмесіне Омбының ең тәуір деген бикештерінің келуіне рұқсат берілгендігінен-ақ аңғаруға болатын.

Осылардың бәрі: мәнді оқу бағдарламасы, мұғалімдердің білім сапасы, сол шақта демократиялық идеялар рухында тыныстаған бір шоғыр ұстаздардың сергек тәлімі тумысынан зерек Шоқанға ерекше әсер еткендігінде дау жоқ. Ол екі-үш жыл ішінде-ақ алғырлығымен, жүйрік ойымен көзге түсіп, өзіне ерекше назар аудартты.

Осы орайда оған қолайлы ықпал еткен тағы бір әсерді де айта кеткен жөн. Корпустағы тәртіп бойынша, қалада жақындары



бар оқушыларға, әдетте әр жексенбі сайын сол үйлерге барып тұруға рұқсат берілетін. Шоқанның Омбыда еш тума-туысы жоқ болса да, оны үйлеріне ертіп әкетушілер әрдайым табылып тұрды. (Бұл жерде бір жағынан кадет корпусында оқып жүрген дарынды қазақ баласы, әрі хан тұқымын әркімнің де өз үйінде көргісі келетін қызығушылықтың әсері де жоқ емес-тін).

Алғашқы қыста оны әкесінің танысы, Сібір қазақтары шекаралық басқармасының хатшысы, өздерінің ауылдарына талай келген А. Сотников үйіне ертіп әкетіп жүрді. Тілі сынып, корпус тәртібіне дағдыланғаннан кейін Шоқан өзіне бас штабтың офицері, сурет пәнінің мұғалімі В. Померанцевтей қамқоршы тапты. Корпусқа түспей жатып-ақ сурет сала білетін Шоқанның әрі қарай шеберлікке талпынуында осы бір пейілі таза, ақжарқын адам берген жеке сабақтардың әсері ерекше жоғары. Померанцевтің тапсырмалары бойынша, Шоқан жазғы демалысқа шыққанда қазақ өміріне қатысты бірталай суреттер салды, Обаған алабының топографиялық пейзаждарын, ата қоныстарын, Сырымбет көріністерін акварельмен бейнеледі.

Шоқанды тарих пәнінің жас мұғалімі Г. Гонсевскийдің үйінде де жылы шыраймен қарсы алды. Болашақ ұлы ғалым үшін Вильно мен Қазан университеттерінде тәлім алған, Гете мен Шиллерді, Шекспир мен Байронды, Гейне мен Мольерді түпнұсқадан оқитын, осы бір ағыл-тегіл білім иесінің сабақтан тыс уақытта айтқан әңгімелерінің жөні тым бөлек еді. Оның Еуропа елдері мен Ресейдегі азаттық қозғалысының тарихы жайындағы бүкпесіз ойлары өз тұрғыластарына қарағанда Шоқанның жан-жақты болмысының қалыптасуына ерекше ықпал жасағандай. Тіл үйренуге қабілетті болған Шоқанның немісше мен французшаны тәп-тәуір меңгеруіне де осы ұстаз тәлімінің әсері тигені анық.

Корпустың соңғы жылдарында кадет формасы үстіне әдемі жарасқан қазақ бозбаласы Омбыдағы азғана оқымысты, бекзат отбасылардың бірі – Сібір қазақтары облыстық басқармасының төрағасы және осы облыстың әскери губернаторының орынбасары, полковник Карл Казимирович Гутковскийдің үйімен де жиі араласа бастады. Ұлықтық қызметімен қатар, корпуста география мен геодезиядан да сабақ беретін Гутковский бала Шоқанды бірден құлай жақын тартты. Өз ұлты поляк,

әрдайым жергілікті қазақ жұртына қамқор көңіл, шын ниетпен көмектесуге ден қоятын мейірбан жан, жас кадет бойынан болашақта өз халқының маңдайында жарқырай көрінуге лайық тұлғаны көрген. Әуелден-ақ олардың арасында соншама бір пейілді қатынастар басталып, Гутковский Шоқанға өз баласындай үлкендік мейір танытты.

Ол осы үйге шәкірт кезінде келіп жүріп, Омбыдағы тағы бір зиялы шаңырақ – Капустиндер отбасымен жақын танысты. Гутковскийдің зайыбы Екатерина Яковлевна – Батыс Сібір Бас басқармасының бөлім бастығы Яков Семенович Капустиннің үлкен қызы болатын. Ал Екатерина Яковлеваның кіші шешесі, Капустиннің кейіннен алған зайыбы Екатерина Ивановна – болашақ атақты химик Д. И. Менделеевтің туған әпкесі еді. Кадет кезінен осы қос отбасының қалаулы қонақтарының біріне айналған Шоқан кейіннен қызметте жүрген жылдарында да олармен рәуішті қатынастарын еш үзген жоқ. Сол үйлерде Омбыға соққан талай әйгілі адамдармен танысты, әдебиет мәселелеріне, қоғам өмірі мен саясатқа қатысты өрбитін дәстүрлі әңгімелерге, қызу пікірталастарға араласты.

Оның Капустиндер отбасымен тығыз байланысы, әсіресе, Екатерина Яковлеваның туған інісі, 1852 жылы Қазан университетінің заң факультетін бітіргесін Омбыға келіп, Батыс Сібір бас басқармасына қызметке тұрған Семен Капустинмен жақын достарға айналғаннан кейін ерекше арта түсті. Замандастарының жазуынша, «Омбыдағы ең білімді әрі бекзат адамдардың бірі болған», соңыра Петерборда әділет және ішкі істер министрліктерінде қызмет еткен, «Үкімет жаршысының» редакторы қызметін атқарған С. Я. Капустин кейіннен Шоқан досы туралы адал көңілден шыққан жылы лебізді естеліктер қалдырды. Кадет корпусында ғана оқыған оның білімінің Қазан университетін түгескен өзінен еш айырмашылығы болмағанына таң қалғанын, жан-жақтылығын, әсіресе тарихты көп білетіндігін, ғылымнан, әдебиеттен мол хабардарлығын, соған қоса, адаммен тез жұғысатын қасиетін, сөздің майын тамызып сөйлейтін шешендігін, ойының құнарлығын, дауыс мәнерінің де жағымдылығын атап көрсетті.

...Бұрынғы кадет корпусының қақпасынан шығып оңға бұрылған кезде қарсы алдан шіміркене аққан Ертіс ұшырасады. Оның жарлауыт жағалауына қиялай салынған баспалдақ үстінде тұрып, Ертістің кең айдынына, сұңғақ талдар өскен арғы бетіне көз саламын. Сонау жылдары сол бетте әлденеше күндік жолды артқа тастап, жазғы демалысын жайлауда өткізіп қайтқан Шоқан мінген көлік келіп тоқтар еді. Жаз кезінде сағынып қалған достарына тезірек жеткенше асық боп отырған бала өзеннің қарсы қабағындағы туған үйіндей боп кеткен корпустың еңселі ғимаратына қарайтын. Ол әр жаз сайын елден бос қайтпайды. Әдебиет пәнінің мұғалімі Костылецкийдің тапсырмасы бойынша, қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жазып алумен айналысады. Кішкентай кезінен өзі тыңдап өскен әндер мен жырларды, ертегілер мен аңыздарды ол басқаша көзбен тани бастаған. Олар ғажайып қуаты бар телегей-теңіз асыл қазыналар екен. Оны әсіресе Костылецкий екеуі отырып, сол дүниелерді орысшаға аударған кезде, ұстазының тамсана отырып пікір айтқандарынан да айқын аңғарады.

Корпустағы жұбы ажырамас досы Гриша Потанин де соңғы кездері ол айтатын қазақ өмірі мен тұрмысына қатысты әңгімелерге ерекше қызығушылық танытып жүр. Қолы бос кездерінде қасынан шықпайды. Оны қазақтардың аң аулау, саят құру, сұңқар салу әдістері ерекше ықыластандырады. Және оларды ұмытпас үшін дәптерге жазып алар еді. Оған Шоқан әңгімелеп қана қоймайды, досының дәптеріне сұңқардың томағасы мен тұғырының, дауылпаз бен құтының, мылтық пен оқшантайдың суретін де салып береді.

Шоқанның сол шәкірт кезінде-ақ басқалардан ерек байқалған дарыны мен болмысына оның жан досы, кейіннен әйгілі жиһангезге айналған Потаниннің ақтарыла айтқан мына естеліктері де куә. *«Шоқан бізден бір жыл төмен оқыса да, біз өзімізді оның қасында сары ауыз балапан ретінде сезінуші едік, – дейді атақты шығыстанушы. – Ол өзі көп білетінін, бізден артықшылығын достары арасында онша көрсете де бермейтін. Бірақ реті келгенде оның білімінің мол екені айқын байқалып жататын. Ол өзінің қатарластары, соның ішінде менің өз*

*басым үшін шын мәнінде «Еуропаға ашылған терезе» іспетті болды».*

Корпус шәкірттері арасында әр сыныптың өз көсемдері болады. Алғашқы кезде Шоқан сыныбының «көсемі» өз қамын ғана ойлайтын пасықтығымен, әділетсіздігімен көзге түсті. Ол әдетте әр жексенбі сайын кіреберіс есік алдында тұрып, үйлерінен қайтқан балалардан кәмпит сұрап алатын. Оны жеу үшін сұраса, бір сәрі ғой, бірақ өйтпейтін. Аптаның ортасы болып, басқа кадеттер үйден әкелген дәмдерін тауысқан шақтарда, ол сол тәттілерді қарындаш, қағаз секілді заттарға кері айырбастайтын. Осылайша ол талай нәрсе жиып алар еді және соның бәрін кейіннен оқушыларға қайта өткізетін: біріне сабағымды дайындап бересің десе, енді біріне емтихан кезінде көмектесесің, дейтін. Корпус тәртібіне әбден төселіп алғаннан кейін Шоқан оған қарсы кәдімгідей шайқас ашты. Оның алыпсатарлық пиғылын ащы мысқылмен, уытты тілмен мазақ етіп әшкерелеуге кірісті. Ақыры кішкентай қанаушы жермен-жексен боп жеңілуге мәжбүр болды. Оның орнына сынып шәкірттері енді көсем ретінде Шоқанды таныды.

Ол балғын шағынан жалғандыққа жаны қас, шындыққа құлай ден қоятын қасиетімен көрінді.

Замандастарының айтуынша, тарихқа, географияға, шығыс филологиясы мен әдебиетке жүйрік Шоқанның математикаға аса ықыласы бола қоймаған. Әрі оның мұнысына корпус мұғалімдері де кешіріммен қараған.

Бірде шәкірттерге қаталдығымен танымал корпус инспекторы Ждан-Пушкин емтиханға дайындалып жатқан сыныпқа кіріп келсе, бір топ оқушы үлкен тақта алдына жиналып, математиканы пысықтау үстінде екен. Ал Шоқан болса, олардан бөлек өз партасында бос отыр. Орнынан атып тұрған шәкіртке инспектор зілді түрде сұрақ қояды. «Уәлиханов, сіз неге дайындалмай отырсыз?!»

Шоқан еш тайсалмаған. Сартылдатып жауап берді: «Егер мен басқалармен бірге тақта алдына барып тұрсам, ол жалғандық болар еді. Өйткені бәрібір сабақ одан құлағымға құйыла қоймайды. Жыл бойы мұғалімнің тіке өзінен бұл ғылымды меңгере алмасам, оны екі-үш сағат ішіндегі болмашы сабақтан қалай игеремін?»

– Ер соңымнан! – деді Ждан-Пушкин.

Инспектор оны өзімен бірге ертіп алып кетеді. Кадеттер болса Ждан-Пушкин Шоқанды апарып қамап қойды, сазайын беріп жатыр деп ойлайды. Сөйтсе, инспектор оны өзінің кабинетіндегі үстел жанына отырғызыпты да, «оқы» деп, қолына сол заманда орыс демократиялық ойының, рух азаттығының айнасы болып отырған «Современник» журналын ұстатыпты...

Өз қатарларынан озық көрінген Шоқанға ол он төрт, он бес жасар кезінен-ақ корпус оқытушылары болашақ үлкен зерттеуші, ғалым ретінде қарай бастады. Оған жеке-дара корпустың бас кітапхана қорындағы сирек кітаптарды, журналдарды алып оқуға рұқсат берілді. «Современникпен» қатар «Отечественные записки» журналында шыққан орыс жазушыларының жаңа туындылармен іле-шала танысып отыруға мүмкіндік алды. Сол кезден ол әйгілі жиһангез Палластың «Ресей империясының әр түрлі провинциялары бойынша саяхаттар», «Капитан Рычковтың 1771 жылғы Қазақ даласына жасаған саяхаттарының жазбалары» секілді құнды кітаптарымен қауышты. Әсіресе оны бұл дүниелердің өзі туып-өскен даланы жазған тұстары ерекше әсерлерге бөлер еді. Сондайда осындай сапарларға қашан шығар екенмін деген армандарға да берілетін.

Шоқанның кейіннен артиллерия офицері болған Евгений Колосов деген сыныптасының Потанинге айтқан бір әңгімесінің де еске түсегіні бар. Бірде Шоқан басқа кадеттермен бірге Ертістің жарқабағы басында өзеннің қарсы бетінен басталып кететін байтақ далаға терең ойға шома қарап тұрады. Содан кейін назарын аяғына аударып: «шіркін, менің мына аяғым ертеңгі күні қай қиянды басып жүрер екен», – деп армандай сөйлепті. «Мен оның осы сөзін естіген сәтте, бар тұла бойыммен алдымда басқалардан соншама ерек адам тұрғанын анық сезінгендей болдым», – дейді естелік иесі.

Ал білгір ұстаздарының, әсіресе Костылецкийдің көмек-қолғабысы арқасында корпусты бітіргенге дейін бірталай тарихи дүниелерді: А. И. Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордасы мен далаларының сипаттамасы» еңбегінің үш томын, чуваш жұртынан шыққан монах Н. Я. Бичуриннің (Иакинф әкей) сол кезде енді жарық көрген «Көне замандардағы Орталық Азияны мекендеген халықтар туралы мәліметтер

жинағы» атты үш томдықты, Клапроттың французша шыққан «Азияның тарихи карталары», Березин мен Миллердің шығыс тарихына қатысты шығармаларын, Әбілғазы мен Бабырды, көне жылнамалар мен шежірелерді Гумбольдт пен Ковалевский саяхаттарын тиянақтай оқып үлгерген Шоқан үшін дәл мұндай армандауға расында да үмітті сенім бар болатын.

Әйгілі неміс жиһангез-ғалымы Александр Гумбольдтқа қатысты әңгімелер кадет корпусында мақтанышпен айтылатын естеліктер қатарында. 1829 жылы І Николай патшаның арнайы шақыруымен Ресей жеріне саяхаттауға келген барон Фон Гумбольдт Омбы әскери училищесіне арнайы соғып, оқушылармен жүздесіпті. Баронды үлкен әскери оркестр музыкамен, әнмен қарсы алып, төрт шәкірт орыс, француз, қазақ және моңғол тілдерінде құттықтау сөздер айтыпты. Гумбольдт кітапхананы, сынып бөлмелерін аралап, оқу деңгейіне көңілі толып қайтыпты, деген әңгімелер сабақ кезінде де, әртүрлі мерекелік шаралар барысында ауық-ауық кадеттер құлағына құйылып жатар еді...

Шоқан соңғы сыныпқа өтер алдында корпусстың оқу бағдарламасына қазақ балаларына арналған жаңа шектеулер енді. Сол кездегі корпус директоры генерал-майор Павловский Петербор ұлықтарымен келісе отырып, әскери ғылым пәндері өтетін ең соңғы арнайы сыныпта қазақ балаларының оқымай-ақ қойғаны жөн деп шешкен. Бұл жерде бұратана елден шыққан сол шәкіртерді әскери іске үйреткеніміз, ертеңгі күні өз басымызға таяқ боп тиіп жатпасын деген қауіп салқыны да жоқ емес-тін. Осы пәрменге орай, Шоқан оқуын өз сыныптастарынан бір жыл бұрын 1853 жылы атты әскер корнеті шенімен бітіріп шықты.

Осыған дейін белгілі болған деректер бойынша, Шоқан Сібір кадет корпусын тұңғыш бітіріп шыққан қазақ баласы. Омбы мемлекеттік мұрағатында жинақталған мәліметтерге қарағанда, бұл оқу орнына қазақтар Шоқаннан кейін ғана келіп түскен. Корпус білімін одан кейін алған қыр түлектерінің бірі, оны 1859 жылы бітірген – Ғазиз Болатұлы Уәлиханов (ол бізге алдыңғы тараудан таныс, Уәлиханның тұңғышы, Орта жүз тағына мұрагерлік құқығымен отырған Абайділданың немересі. Кейіннен Императорлық лейб-гвардия полкінің полковнигі, генерал). Сондай-ақ корпусы 1865 жылы Айтуаров, 1866 жылы

Махмет Уәлиханов та (Шыңғыс сұлтанның інісі Қанғожаның баласы) корнет шенімен аяқтап шығыпты. 1867 жылы корпус әскери гимназияға айналған шақта, оны 1-ші разрядпен бітірушілердің арасында ұлы ақын Абайдың інісі Халиолла Өскенбаев та бар еді. Ол оқуын жалғастыруға Петербордағы Александр әскери училищесіне жіберіледі. 1868 жылғы түлектер арасынан Шоқанның туған інісі Махмұтты ұшырастырамыз. (Ол біраз жыл әскери қызмет атқарғасын, поручик шенінде демалысқа шығып, Сырымбетте тұрақтап қалған).

1885 жылы бұл әскери оқу орны қайтадан кадет корпусы деп атала бастады. Келесі жылы оны 1-ші разрядпен бітірген Әбділәзиз Бекметов Петербордағы Павел атындағы училищеге аттандырылды. Токсаныншы жылдары корпустан қазақтың тағы үш баласы түлеп ұшыпты. Алғашқы екеуі – бірі орталықтағы Михаил артиллерия училищесіне, екіншісі – Николай инженерлік училищесіне жіберілген ағайынды Темірғали және Омар Айтбақиндер болса, үшіншісі – сол кезде Дала генерал-губернаторының аға тілмашы болып істейтін әрі Омбыда қазақша шығып тұрған «Дала уәлаяты» газетінің редакторы Ешмұхамет Абылайхановтың (Абылайдың жалайыр руын билеуге қойған Сөк деген ұлынан тарайтын ұрпақ) баласы, корпусты 1898 жылы болашақ генерал, Кенес одағының батыры, әйгілі инженер-фортификтор Дмитрий Карбышевпен бірге түгесіп, Петербордағы Павел училищесіне аттандырылған Бағдатша Абылайханов еді. Сондай-ақ 1889 жылы корпусты бітіргендер арасында, кейіннен большевиктерге қарсы ақ гвардияшылар қозғалысын бастаған әйгілі генерал, шешесі қазақ қызы болған Лавр Корнилов те бар...

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

### ЖАНАРАЛ САРАЙЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ

#### 1. Ерекше тапсырмалар жөніндегі адъютант

Омбы мұрағатындағы бірқыдыру деректер Шоқан кадет корпусын бітіргеннен кейін қызметке тұрған Сібір шебі казак әскерлерінің тарихынан сыр шертеді. Соларда 1853 жылғы қарашаның 8-інде он сегіз жасар корнеттің (*атты әскердегі кіші офицерлік шен*) осы әскер қарамағына жіберілгені, одан әрі 6-шы казак атты әскерлер полкіне қызмет етуге бөлінгені айтылады. Арада үш ай өтер-өтпестен ол Батыс Сібірдің генерал-губернаторы, Дербес Сібір корпусының командирі Г. Х. Гасфорттың қол қойған бұйрығымен, корпус штабының бастығы, генерал-лейтенант Яковлевтің адъютанты қызметін атқаруға кірісті. Алғырлығымен, ерекше қабілеттілігімен кадет кезінен-ақ көзге іліккен білімді де қағілез корнетті байтақ далаға билік жүргізетін Омбы ұлықтары бірден өздеріне ең қажет адамдардың бірі деп таныған.

Шоқан әскери қызметке кірісу әбігерімен жүрген сол 1853 жылғы қараша айының соңына таман Сырымбеттен жас корнетті біраз қамкөңіл күйге түсірген қайғылы хабар да жеткен еді. Қыс ызғары енді буа бастаған қарашаның 19-ы, бейсенбі күні, намаздыгер шамасында сүйікті әжесі Айғаным Сарғалдаққызы 70 жасында дүниеден озыпты. Жатқан жері жайлы болсын, нұры пейіште шалқығай, дегеннен басқа не келеді қолынан. Қазақтың аяулы аналарының бірі еді, жарықтық. Атамыз Уәли хан көз жұмғаннан кейін де біраз уақыт елді аузына қаратқан, орыс ұлықтарымен тең дәрежеде сөйлесіп, төңірегіндегі ағайын-туғанын ыдыратпай, балаларының оқу-білім игеруіне көңіл бөлген, өзі де жан-жақты сауатты, көкірегі ояу, көзі ашық жан еді ғой. Жазғы демалыста Сырымбетке соққанда, сонау жылдары Тобыл мен Омбы әкімдерінен өз атына келген «*Жоғары мәртебелі Айғаным ханша...*» деген сөздермен басталған бірталай хаттарды Шоқанға көрсетіп оқытқаны да бар. Олардан Сырымбетте орда салдыру, әкесі Шыңғысты оқытуға қатысты



біраз мәселелерге қаныққан. Әжесі Шоқанды аса қатты жақсы көретін. Ескінің әңгімесін тыңдауға бейіл немересіне құлақ құрышын қандырап көп әңгіме айтатын. Сөзінің бәрі телегей-теңіз өнеге, ақтарыла салатын ақындығы да бар болатын. 1831 жылы шешектен көз жұмған, ырсай-атығай елінің болысы боп жүрген баласы Мәмкеге шығарған жоқтауындағы сөздер қандай десейші. Қаншама ауыз әдебиеті үлгілерін жинай жүріп, сондағыдай зарлы, шерлі шумақтарға толы жоқтауды сирек ұшырастырды. Енді сол асыл әженің өзі де дүниеден өтіпті... Топырағы торқа болсын, жарықтықтың, – деп ішінен дұға қайыра бетін сипады.

\* \* \*

Алдымда көне карта жайылып жатыр. Мұрағат қорынан алынған өткен ғасырдың орта шеніндегі Омбыны бейнелейтін ол сызба, Шоқан қызметке кіріскен жылдарда он бес мыңдай ғана халық тұрған шағын қала бітімінен жан-жақты хабардар етеді.

Ол кезде Батыс Сібір өлкесі әкімшілік орталығының басты тыныс-тіршілігі негізінен Омбы өзенінің Ертіске құярындағы оң қабағына орналасқан бекініс ішінде өтіп жатты. Айналасына терең ор қазылып, биік топырақ жалдарымен қоршалған қорған ішіне төрт қақпа арқылы кіруге болатын. Солтүстік батыс жақтағы қақпа – Тобыл, солтүстік шығысқа қараған қақпа – Тара, оңтүстік шығыс беттегі Омбы, оңтүстік батыстағы қақпа – Ертіс деп аталды. Бекіністің қақ төріндегі «плац-парад» деп аталатын орталық алаңда жай кезде сапқа жүруден жаттығу ойындары өтеді, ал салтанатты күндері әскери шеру ұйымдастырылатын. Осы алаңнан оркестрдің дабылды әуенімен Қазақ даласы мен күнгейдегі өңірлерді жаулап алуға талай әскери бөлімдер аттандырылып жатты.

Омбының негізгі бетке ұстар үйлері де сол орталық алаңды жағалай орналасты. Оның солтүстік жағында бекіністегі тұңғыш тас құрылыс 1773 жылы салынған Воскресен соборы мен одан сегіз жыл кейін тұрғызылған әскери гауптвахтаның екі қабат кірпіш үйі ерекше көзге түсетін. Алаңның оңтүстік бетіндегі жанында саябағы бар бір қабат тас үй – қазақтар жанарал-гүбірнатыр деп атайтын Батыс Сібір өлкесінің ең үлкен басшысы

отыратын сарай еді. Оның сол жағында Омбыға келіп-кетушілерге арналған жатынжай, оң жағында бекініс комендантының үйі орналасты. Батыс Сібір әкімдерінің арасында әуелден-ақ түбі Пруссиядан шығып, Ресей империясының мүддесіне қызмет ететін орыстанған немістер көп ұшырасатын. Оны алаңның шығыс бетіндегі 1791 жылдың өзінде салынған лютеран шіркеуінен де байқауға болар еді. Омбының генерал-губернаторлары мекендеуге арналған темір шатырлы кірпіш үйі де дәл сол кирханың оң қапталында тұрды. Осы үйге 1851 жылы Батыс Сібірдің жаңа генерал-губернаторы әрі Дербес Сібір корпусының командирі болып тағайындалған Густав Христианович Гасфорт көшіп келді.

Арада үш жыл өткен кезде, 1854 жылдың күзінде губернатор сарайында қызмет істейтін жез иық адъютанттар қатарына жаңа офицер қосылды. Ол бұған дейін Дербес Сібір корпусының штаб бастығы, генерал-лейтенант Яковлевтің адъютанты міндетін атқарып жүрген, он тоғызға енді толатын жас корнет Шоқан Уәлиханов еді. Генерал-губернатор кеңсесінің штаты бойынша, негізінен адъютанттар саны төртеуден аспау керек. Сонда да Гасфорт Омбы қауымы арасында танымал боп қалған алғыр корнетті ерекше тапсырмалар жөніндегі жәрдемшілікке алуға құлық білдірген.

Гасфорт кеңсесі жайындағы құжаттарға қарағанда, 1852 жылдан оның аға адъютанты болып 35 жасар штабс-капитан Герасим Алексеевич Колпаковскийдің қызмет істегенін көреміз. Кейіннен қазақ өлкесін отарлау мен басқарудың бел ортасында жүрген, 1858 жылы Алатау округінің бастығы, 1865 жылы Семей, 1867 жылы Жетісу облыстарының әскери губернаторы, 1882 жылы Дала өлкесінің генерал-губернаторы болып қызмет еткен оның Шоқанмен таныстығы сол кездерден басталды. Дворян отбасында дүниеге келген, әуелден ғылым-білімге жақындығы бар аға адъютант пен ойы шалымды жас корнет арасында бірден кірбіңсіз қарым-қатынас орнады. Сол ағалық-інілік сыйластық Шоқан өмірінің соңғы жылдарына дейін жалғасқан өзара түсіністікке ұласты. Екеуі бір-біріне жағдай сұрасқан, шын көңілден шыққан хаттар жазысып тұрды. Колпаковский Жетісу облысының әскери губернаторы болып істеп жүрген кезінде, Шоқанның басына 1880 жылы қойылған жазуы бар құлпытасты

орнатуға ықыласпен араласты.

Колпаковский Гасфорт кеңсесінде Шоқанмен қатар жарты жылдан астам уақыт ғана істеді. Келесі 1855 жылы ол жаңадан ашылған Березов әскери округінің бастығы болып өсіп кетті. Бұдан кейінгі деректер Гасфорт сарайында негізінен өз бастықтары тектес неміс ұлтынан шыққан: Экеблад, Гинце, Врангель және ағайынды Блюментальдер секілді офицерлердің адъютанттық қызмет атқарғанын айтады.

Шоқан адъютанттар құрамы қанша ауысып жатса да Дербес Сібір корпусы командирінің ерекше тапсырмалар жөніндегі адъютанты міндетін Петербордағы Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментіне ауысқан 1860 жылға дейін үзбей атқарды. Генерал-губернатор Гасфорттың қазақтан шыққан кіші офицерге бұлайша сенім артуында, бір жағынан сол кездегі тарихи жағдаяттардың да өзіндік әсер-ықпалы жоқ емес-тін. Ол шақта отарлау саясатының құрығын қазақ жерінің түстігіне, одан әрі күнгеі хандықтарға қарай тастау империя билеушілері алдында тұрған ең мүдделі мақсаттардың бірі болды. Бұл тұрғыда Омбы әкімшілігіне тапсырылған міндеттер ауқымы да тым салмақты еді. Себебі оңтүстікке қарай қадам басудың қазақ жері арқылы өтетін төте бір бағдары осы Омбы үстімен тартылып жатты. Бұған дейін негізінен Орта жүз қазақтары мекендеген аймақты дуан-дуанға бөліп, тікелей басқарып отырған генерал-губернатор кеңсесі үшін, жас адъютант сол елдің қайнаған тіршілігін бес саусағындай білетіндігімен бір қажет болса, қазақпен туыстас көрші халықтар өмірін терең байыптай алатын қабілет-қарымы мол сирек бітім ретіндегі қосымша қырларымен тағы көрінген.

Ол кезеңде Ұлы жүз қазақтары мен Ыстықкөл қырғыздарының Ресей қарамағына отарлануы жүріп жатты. Жетісуда Қапал (1847), Верный (1854) секілді бекіністер бой көтере бастады. Әйтсе де обыр Ресей үшін Іле Алатауы, Тәңіртаулар мен Ыстықкөл маңында алда атқарылуы тиіс ұшан-теңіз жұмыстар күтіп тұрған-ды. Бұл аймақтар оларға діндес Қоқан хандығының аясында. Міне, сондықтан да осы аумақтарды Ресейге ың-шыңсыз қосу ісінде аса сақ, әрі тиімді саясат жүргізу керек болған. Бұл істе патша ұлықтарына Шоқан сияқты жергілікті халық арасынан шыққан, туыстас жұрттардың

өмірі мен тұрмысын, әдет-ғұрпын, тілін жақсы білетін, алғыр, оқымысты, мәмілегер адамдардың көмегі ауадай қажет еді.

Шоқан генерал-губернатордың адъютанттығы қызметіне көп тосырқамай кіріп кетті. Ол жанарал сарайындағы, көбі жергілікті халыққа қырын қарайтын жоғары шенділер мен шенеуніктер қауымының ортасына түскен қазақтан шыққан жалғыз офицер еді. Отаршыл ұлықтардың аяқтан шалар талай қылықтарын көзбен көріп, көкірегімен сезініп жүрсе де, ол туған ұлтының мүдделерін қорғауға титтей де болса жәрдемім тисе, септесем, қол ұшын берсем, деген биік мақсатты ұстанды. Менмен пиғылды мәртебелілердің астамшыл көзқарастарына төзуге мәжбүр бола жүріп, өзіне жүктелген міндетті орындау барысында ел-жұртының қамын ойлауды әуелгі орынға қойды. Бауыр еті халқының жоғын жоқтайтын мәмілегерлікті қатар атқарды. Жоғары шенділер арасында істеген адъютанттық қызметін өзінің атын әлемге паш еткен саяхатшылық, зерттеушілік жұмыстарына мейлінше тиімді түрде пайдалана білді.

Оған берілетін тапсырмалар көбіне-көп Дала істеріне, Ыстықкөл қырғыздарын Ресейге қосып алу шараларына, күнгей хандықтар мәселелеріне қатысты. Мұның өзі бір жағынан, ол үшін корпус шәкірті кезінен көкейінде жүрген сол аймақтар жайында көбірек білсем, танысам, көне тарихына бойлай еніп жазсам, деген армандарының орындалуына, әуелден ынтық еткен сол тақырыптармен тікелей айналысуына да жағдай жасады.

Ерекше тапсырмалар жөніндегі адъютанттық міндет орайында, ол Батыс Сібір губерниясы мен Сібір қазақтары шекара басқармасының мұрағаттарында отырып, қазақ тарихына қатысты материалдар жинауға да мүмкіндік алды. Ірге көтергелі бері Азияның қойнау-қойнауына бағытталған талай саясатты жүргізуге белсене септескен Омбы шаһарында жинақталған құжаттар жас корнет үшін нағыз іздегенге сұраған қазына болғаны анық. Ондағы мұқият буылған көне қағаздар арасында орыс-қазақ, орыс-қытай байланыстарына қатысты мағлұматтар қадау-қадау. Шоқанды қазақтың көне тарихына байланысты бумалар бір қызықтырса, патша ұлықтарының қытаймен, ойратпен, күнгейдегі хандықтар билеушілерімен жүргізген қарым-қатынастары жайындағы дүниелер екінші жағынан үйіре тартады. Тарих тереңінен сыр шертетін деректерді зерделеп

отырған шақта, өз басы жастайынан естіп өскен батырлық жырлардың кей сілемдері еске түскендей әсерде қалатыны бар. Мәселен, Жоңғар хандығына қатысты мағлұматтарда қазақтың ерлік дастандарында бар оқиғалар тізбегі қаншама мол ұшырасады десеңізші. Ауыз әдебиетінің үлгілері шын байыптап үңілер болса, өткен дәуірдің өзінше бір жарқын шежіресі екен-ау деп ойлайды ол.

Бабасы Абылай мен атасы Уәлиге, кешегі Кенесары, Абайділдаларға қатысты құжаттар да жетерлік. Олардан қазақ жерін жаулап алудың неше түрлі құйтырқылары мен қулықтары жасалғанын да байқамау еш мүмкін емес. Кейде алдап-сулау, сылап-сипау, кейде сес көрсету, тізе батыру, қару қолдану, жойып жіберу шаралары қолданылыпты. Казак-орыс әскерінің Кенесарымен соғыс кезіндегі жауыздықтарын оқып отырып, жаны түршікті. Тұтас бір ауылдарды қырып жібергендерін мақтан тұтқан талай баянат жазылыпты. Қырғыз жерінде Кенесары қолының қалай жеңілгені, оның қайғылы қазасы туралы да бума-бума дерек бар екен. Бәрі де ана жылы әкесінен естіген әңгімелерге үйлеседі. Орыс өкіметі Кенесарының көзі жойылғанын үлкен оқиға ретінде бағалапты. «Бәріміздің ортақ жауымыз өлді», деп жаһанға жария етіпті...

\* \* \*

Кадет корпусын бітірер-бітірместен-ақ ғылыми зерттеулерге бой ұруға бейімделген Шоқан, қызметке араласқаннан кейін бұл талпынысын әрі қарай өрістетіп әкетті. Оның сол кезде орындаған алғашқы дүниелерінің өзінен ғылыми зердесі қалыптасып, білікті зерттеуші дәрежесіне көтеріліп үлгерген алғыр жасты тану қиын емес.

Өзінің кадет корпусындағы ұстазы Н. Ф. Костылецкий де қарым-қабілеті жоғары шәкіртімен байланысын үзбейді. Ғылым арнасына қарай бұрылуына қолғабысын аямайды. Орыстың көрнекті түрктанушысы, өзінің байырғы танысы, Қазан университетінің профессоры И. Я. Березинмен жалғастырады. Сол жылдары осы ірі зерттеушінің дайындауымен «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» сериясы бойынша «Шайбанинаме» (1851/, Әбілғазы Баһадүр ханның (1603-1664)

«Түрк шежіресі» (1854), шығармалары, Қадырғали бек Жалайырдың (1530-1607) «Жами ат-тауарих» жылнамалар жинағы (1854) жарық көріп жатқан болатын.

Костылецкий Шоқан кадет корпусында оқып жүрген 1851 жылдың өзінде шәкірті жазып алуға араласқан «Едіге» және «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларын екеуі бірге отырып орысшаға аударғасын, таныссын, реті келсе баспа бетін көре берсін, деген ниетпен Березинге жібергені бар-ды. Сол тәржімаға көңілі толған Березин өзінің дайындауымен 1851 жылы Қазанда жарық көрген «Хан жарлықтары. Тоқтамыс, Темірқұлдық және Сағадатгерейдің тархандық жарлықтары» атты кітабын Костылецкийге жолдап, ондағы кейбір көне сөздердің мағынасын ұғындырып беруін өтініп, көмек сұрайды. Костылецкий 1852 жылдың күзінде профессор досына қайтарған жауабында, өзінің ол сөздерді ажыратуға шамасы келмегенін айтып, енді шәкірттерінің көмегіне сүйенгелі отырғанын жеткізеді. Содан кейін ол Березиннің бұл бұйымтайын орындауды Шоқанға сеніп тапсырады.

Профессор Березинге лайықты жауап беру үшін Шоқан көп ізденеді. Ғалым дайындаған «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» бойынша шыққан туындыларды зерделеп оқиды. Хан жарлықтарындағы көпке түсініксіз боп қалған көне сөздердің мағыналарын көзі қарақты қариялардан сұрастырады. Сөйтіп тақырыптың илеуін әбден қандырғаннан кейін Костылецкийге уәде бергендей, Березинге хат жазуға отырады. Хаттың ішінде *«Сіздің Шайбанинамеңіз бен Жами ат-тауарихыңызда айтылғандай»* деп атап көрсетуіне қарағанда, Шоқанның хат жазған мерзімі, оның ерекше тапсырмалар жөніндегі адъютант ретінде Омбы мұрағатына барып жүрген 1854 жылдың соңына сәйкес келеді. Өйткені Қадырғали бектің «Жами ат-тауарих» (Жылнамалар жинағы) сол жылы ғана жарық көрген болатын.

Жошыдан тарайтын Тоқайтемірдің бір тұқымы, Алтын орда ханы Тоқтамыстың 1391 жылы Еділ маңындағы Құндызша өзенінің бойында Ақсақ Темірден ойсырай жеңілгеннен кейін, сол кездегі қуатты ел Литва ұлы кінәздігімен жақындасуды ойлағаны белгілі. Тоқтамыс сол тұста Мәскеу мен Литва бірігіп, өзіне қарсы шығар болса, алтын тағына қауіп төнетінін түсінген еді. Сол себептен де ол өз ордасымен Дан (Дон) өзенінде тұрған

(орда Данда ерүрде) 1393 жылы Литваның ұлы кінәзі, Польша королі Ягайло Ольгердовичтің Краков қаласындағы сарайына елшілерін жібереді. Ол Литва мен өзіне тәуелді Мәскеу арасында даулы боп тұрған шекаралас жерлерді корольге беретінін, бірақ сол бағынышты елдердің алым-салығы орда қазынасына жеткізіліп тұруы керек екенін мәлім еткен. Елшілермен бірге Ягайлоға жолдаған көне қыпшақ тілінде жазылған жарлығында бұрнағы жылы өзінің кейбір бектері мен оғландарының сатқыншылық жасағанынан, Ақсақ Темірдің ордаға соғыс ашқанын хабарлайды. Алайда *«ел қарсы көтеріліп, Тәңірі бізді жарылқап, дұшпандық қылған Бекболат, Қожамедін, Бекіш, Тұрдышақберді, Дәуіт сияқты оғандар мен бектерді мұқалттық»*, дей келе, Ягайлоға бұдан былай да жақсы қарым-қатынас жасап тұрайық деген ниетін білдіреді. *«Соның жөнін білдіріп, Асан, Тұлұқожжа бастаған елшілерімізді жібердік. Енді тағы болса, бізге қарасты елдердің шығындарын жинап, барған елшілерімізден беріңіздер, қазынаға жеткізсін. Және бұрынғы жосық бойынша базарқан ортақларыңыз жүріп тұрсын. Ұлұғ ұлұстың қалпында сақталуына жақсы сый болғай деп, алтын нышанды жарлық ұсындық...»*, – дейді.

Шоқан осы жарлықты ұйғыр жазуынан араб қарпіне транскрипциялап көшірген профессорлар Березин мен Қазымбек мырза жасаған мәтіндер бойынша салыстыра қарап зерделейді. 19 жасар корнет *«...Сіз аударған Тоқтамыстың Ягайлоға жарлығы және Темірқұтлық пен Сағадатгерейлердің тархандық жарлықтарын оқығаннан кейін, мен осы күнге дейін қазақтар арасында қолданылып келе жатқан бірқатар сөздерді таптым және олардың біздің халқымыздағы қазіргі мағынасын Сізге хабарлауға бекіндім»*, дей келе, негізгі тақырыпқа кірісіп кетеді.

Хан жарлықтарында Алтын орда – Ұлұғ ұлұс деп жазылыпты. Ал қазақ аңыздары мен батырлық жырларында ол – *Ноғайлының ауыр жұрты* деп аталады. Қазақтар өздерін сол Алтын орда татарларының (түрктерінің – авт.) ұрпақтары ретінде есептейді. Бұл ретте Алтын орда дәуірінің белгілі тұлғалары мен батырлары Едіге, Тоқтамыс, Орақ мырза, Еркөкше мен Еркосай туралы жырлардың қазақ арасында кеңінен тарауы да бекер емес. Осының өзі де қазақтар сол орда ыдырағаннан кейін жеке-жеке хандықтарға бөлінген жұрттардың бірі екенін

көрсетсе керек, деп ой түйеді.

Жарлықта кездесетін кей сөздерге түсініктемелер береді. Араб қарпінде берілген *тіл ійіб* (тілегімен), *қыған йета* (қағаберіс, жасырын жетті), *тебрегендін* (тебіренді, теңселді), *тарбиб китмак* (тарап кетпек), *ел тарбыб* (ел тарпып, қарсы көтеріліп), *мұңқалтты* (мұқалтты), *базарқан ортақларың* (саудагер серіктестерің), *бұқаул* (әскери бақылаушы, басушы, табысты бөлуші. Шоқан бұл сөзді қазақ арасында бар «азғана асқа бұқаул болма, азған елге бек болма» деген мақалда сақталып отырғанын мысалмен пысықтайды).

*«Қазақтардың өздерінің шығу тегі туралы әңгімелерін Сіздің Шайбанинаме мен Ұлы жүздің тарақ тамғалы жалайыр руының қазағы жазған Жами ат-тауарихтағы аңыздар да нақтылайды»,* – дейді Шоқан. Жылнама авторы Қадырғали бектің өз тегі туралы: «Бұл тарихтың жазылуына себепші болған жоғары мәртебелі Оразмұхаммед ханның ата-анасынан бері қызмет қыла келген жалайыр тарақ тамғалы еді. Парсы тіліндегі Шыңғыснаме кітабынан түркшеге аударды, ал кейінгі замандары болғандарды өзі естіп-білгені бойынша Алла тағала тауфих беріп, теріп жазды», дегенін атап көрсетеді.

Сол Оразмұхаммедтің әйгілі Шығай ханның немересі, Ондан сұлтанның ұлы, Тәуекел ханның немерелес інісі екенін Левшиннің, Небольсиннің, Савва Осиповтың жылнамасындағы деректермен, Сібір шекара басшылығы жинаған хандар шежіресіндегі кестемен дәйектейді. Жас Оразмұхаммедтің Сібір хандығының астанасы Ескердегі Тайбұға тұқымы Сейтектің ордасына отбасымен, хан кеңесшісі Қадырғали бекпен, жанына ерген жасауылдарымен бірге, жегжаттық рәсіммен қонаққа келіп, 1588 жылы Тобыл маңында саятта жүрген кезінде орыс воеводасы Данило Чулков алдап қолға түсірген, содан «аманат» ретінде Мәскеуге жөнелтілген тарихынан жақсы хабардарлығын байқатады.

Аманатқа алынған жас сұлтанның сол шақтан қазақ жеріне көз сұғын қадай бастаған орыс патшалығы тарапынан жылы қабылданғаны, Рюрик әулетінің соңғы патшасы Федор Ивановичтің оны сарайға жақындатып, қызметке тартқаны, таққа одан кейін отырған Борис Годуновтың өз билігі кезінде Оразмұхаммедті Ока өзені бойындағы Қасым патшалығының



ханы етіп тағайындағаны бұрыннан белгілі болса да, оны профессор Березин дайындаған Қадырғали бектің жылнамалар жинағындағы деректер ерекше тәнті етеді. Сол замандағы орташығыс шежірешілері шығармаларының орындалу дәстүріне сәйкес, Борис патшаға мадақтау арнай отырып жазылған, қазақ тарихынан жаңа мәліметтер ұсынған тамаша туындының өзін қызықтырғаны сонша, ол дереу жылнаманың Дала тарихына қатысты жазылған тарауларын орысшаға аударып та тастайды. Оразмұхаммед ханның қадірлі төрт бегі болғаны, тақтың оң жағында жалайыр Қадырғали бек пен маңғыт Саманай бектің, сол жағында арғын Шәш бек пен қыпшақ Төкей бектің отыратындығына назар аударып, «сол кездегі қазақшаға өте жақын, нағыз шағатай-түркі тілінде жазылған» еңбектің ұлтымызға тән төл шығарма екендігін тап басып аңғарады.

«Жами ат-тауарихтың» мазмұнына, тілдік құрамына білгір түсініктемелер жасайды. Оның мәтінінде Әбілғазының «Түркі шежіресі» мен Бинайдың «Шайбанинамасына» қарағанда, аңыздардың аз кездесетініне көңіл бөледі. Далалықтарға тән сөз қолданыстары мен мәтелдердің аса мол екеніне, сөйлемдер мен ой қайырымдарының құнарлы, көп сөздердің осы күнге дейін қазақ арасында со күйі ұшырасатынын атап өтеді. Бұл шығармаға «қазақ тарихына қатысты деректерінің молдығы жағынан теңдесер ештеңенің жоқтығы күмәнсіз», деген баға береді.

Шоқанның жан-жақты білімдарлығын осы алғашқы зерттеушілік талпыныстардан-ақ байқау қиын емес. Ол Қадырғали бектің «Жылнамалар жинағының» қазақ тарихына қатысты тұстарын аударған кезінде де кей сөздер мен атауларды, сөйлемдерді қолжазбадағы араб қарпінде жазылған нұсқасымен қатар беріп отырады. *Ару, кешиек, мұңқар, табунмақ, бек, би, йазы, қоңсы, қырчын, мал, туар қара* деген сөздердің қазақ тіліндегі мағынасын, қолданысын келтіреді, едәуір сөзтізбе түзеді. Березиндей ірі ғалыммен терезесі тең ойлар айтуға ұмтылады.

Өз пікірлерін тиянақтау үшін Әбілғазының 1825 жылы граф Н. П. Румянцевтің (Ресей Сыртқы істер министрі болған) бастамасымен қыпшақ тобы тілдеріне жақын түркіше түпнұсқасы негізінде Қазанда басылған «Түркі шежіресі», А. И. Левшиннің 1832 жылы Петерборда басылған «Қазақ ордалары

мен далаларының сипаттамасы», осман тарихшысы Кәтіп Челебидің (1609-1657) «Жиһаннама» еңбектерінен мысалдар келтіреді. Неміс шығыстанушы Юлий Клапроттың (1783-1835), ағылшын саяхатшысы Антони Дженкинсонның (? - 1611) кітаптарына қызығушылық танытады. Ақсақ Темір әулетінен шыққан ұлы қолбасшы, тарихшы, Үндістандағы Ұлы Моғол империясының негізін қалаушы Захириддин Бабырдың (1483-1530) шағатай түркшесімен жазылған «Бабырнама» кітабымен таныс екенін байқатады. Соған қарағанда, Шоқан белгілі шығыстанушы О. И. Сенковскийдің бұхар саудагері Назарбай Түркістаниден алып, қырқыншы жылдары қайта көшіріп шыққан «Бабырнама» нұсқасы негізінде «Ішкі істер министрлігінің журналында» қызмет істеген шығыстанушы В. В. Григорьев жазған «Бабыр», «Бабырнама», «Бабыр әулеті» секілді мақалаларды жақсы білегін сияқты. Әйтпесе шығыс тілдерінің зерттеушісі Георгий Керр 1737 жылы көшірген «Бабырнаманың» басқа бір қолжазбасының мәтіні бойынша Қазан діни академиясында шығыс тілдерінен сабақ беретін ғалым Н. Ильминский дайындаған кітап тек 1857 жылы ғана жарық көрген болатын. Сол сияқты Шоқан профессор Березиннің аудармасымен 1858 жылы Петерборда жеке кітап түрінде басылған парсы шежірешісі Фазлаллах Рәшид әд-диннің (1247-1318) «Жами ат-тауарих» (Жылнамалар жинағы) шығармасының да қырқыншы жылдары «Халық ағарту министрлігінің журналында» алғаш жарияланған нұсқасын оқығандығын аңғартады. Оның үстіне «Жами ат-тауарих» туралы армян ұлтынан шыққан швед дипломаты Аврахам Константин д'Оссонның Амстердамда 1835, 1852 жылдары француз тілінде екі мәрте басылған «Моңғолдар тарихы: Шыңғысханнан Темірланға дейін» атты төрт томдық кітабынан да (оның алғашқы басылымы 1824 жылы Парижде жарық көрген) көп мәлімет ұшырастырған еді. Парсы тарихшысы Алааддин Атамәлік Жуайнидің (1226-1283) «Тарих-и жаһангушай» («Жаһанды жаулаушының тарихы») атты Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары туралы толымды сөз еткен үш бөлімді тауарихы да осы французша еңбекте жан-жақты сөз болады. Д'Оссон өз шығармасын жазғанда Париждегі корольдік кітапханада сақтаулы тұрған Рәшид әд-дин мен Жуайни қолжазбаларын

кеңінен пайдаланған болатын. Кітабында олардан үзінділерді молынан келтіріп отырады.

Жас адыотантты зерттеу жұмыстары күннен күнге үйіре, тарта түседі. Оның ұдайы назарға алып жүрген тағы бір тақырыбы – қазақ тұрмысына, салт-санасына, әдет-ғұрпына, ауыз әдебиетіне қатысты зерттеулер. Құйма құлақтардан он сегізінші ғасырдағы қазақ батырлары туралы аңыздарды, Абылай хан, Орақ батыр жырларының нұсқаларын жазып алады. Қазақ халқының этнографиялық болмыс-бітіміне байланысты бірқыдыру байыптауларын аяқтайды...

Қазаққа тән ежелгі наным-сенімдерді сипаттаған *«Тәңірі»* атты зерттеуінде ғылым үшін көптеген танымдық жақтары мол дәйектерді ортаға тартады. Бағзы замандардан бар отты кие тұтуға қатысты ғұрыптардың қазақтың келін түсіру кезіндегі салттарда да сақталып қалғанын жазады. Мәселен, жас келін әуелі өз отауына енбес бұрын, атасының үйіне кіріп тағзым етуі, «аруақ разы болсын» деп, тізе бүгіп басын төмен иіп сәлем беруі керек. Содан соң сол үлкен шаңырақтың отына бір қасық май тамызады. Бұл ырым-кәдені *«отқа май құю»* дейді. Май жанып жатқанда жас келіннің жанындағы енесі немесе әйелдердің бірі алақанын отқа қыздырып, келіннің бетін сипайды. Үлкен үйдің отының құрметіне деп, қалыңдық атасының иығына шапан жабады. Атасы жас келіннің ошақ жақтағы тулаққа отыруына ишара жасап: «иін қандырып илеген тулақтай, мінезің жұмсақ болсын, қарағым», деп батасын береді.

Отпен емдеудің де неше түрі бар. Мәселен, сарып болғанда, малдың жеті мүшесінен жеті жапырақ ет кесіп алып, отқа қақтап ауырған жерді қыздырады....

Жаңа туған айды көргенде үш рет тізерлеп отырып, үш рет еңкейіп тағзым етеді де, сол тізе бүккен жерінен шөп жұлып алып, жанып жатқан отқа тастайды.

Адам өлгенде аруағына арнап, қырқына дейін қырық күнде, әр күні бір шырақтан жағады немесе әр күнде он шырақтан төрт күн шырақ жағады. Шырақты оң босағаға қояды. Шырақ жағу себебі, өлген кісінің аруағы қырық күнге дейін үйіне келіп, балаларының жай-күйін біліп жүреді. Сондықтан күн батып, қараңғы түскенде есікті айқара ашып, босағаға ақ киіз төсеп, бір тостаған қымыз қояды, өстіп өлген адамның аруағын күтеді.

Үйдегілер өлген адамға құран оқып, тостаған қымыз қойып, шырақ жағады.

Жас нәресте дүниеге келгенде, садақа есебінде отқа май тамызып: «Ақ түйенің қарны жарылды» деп айтады...

Қазақтың аспандағы әр жұлдызды әр адамның жаны деп түсінетінін, егер бір жұлдыздың ағып түскенін көрсе «менің жұлдызым жоғары» деп екі рет айтатын ырымын сөз етеді. Әкесі Шыңғыстың кешке үйге кіріп келе жатып: «Бүгін екі адам өлуге тиіс» деген сөзін жиі еститінін, «қалайша білдіңіз?» деген сұрағына: – «Екі жұлдыз аспаннан ағып түсті», – деп жауап беретінін еске алады.

Осы зерттеуде бүгінгі күн тұрғысынан алғанда, этнографиялық жүгі аса құнды қаншама мәлімет жазылып қалған десенізші.

Мәселен, ер адам жорықта қаза тапса, жасақ ауылға жақындағанда «Ой, бауырымдап» өлген адамның үйіне қарай ат қояды, мылтық атып, жолдарындағы ағаш т. б. өсімдіктерді найзамен түйреп, қылышпен шабады, сондай-ақ өлік шығатын үйдің босағасын да шапқылайды екен. «*Айналмақ*» деген, өзін-өзі садақа, құрбандыққа қиятын ырым бар, дейді Шоқан. Өзін біреудің жолында құрбан еттім деген адам, ауырып жатқан адамды үш рет айналып шығуы керек. Қолға түсіп қалған құсты да бастан үш рет айналдырып, еркіне жібереді. Демек, бар ауру-сырқау, пәлекет сол құспен бірге кетеді деген сенімнен туындайды.

Мал түздіктердің негізгі дәулеті болғандықтан, төрт түлікке байланысты әр түрлі ырым-сенімдер бар: малдың сүйегін баспайды, егер жерге сүт төгілсе, сол сүт төгілген жерді жақсылап тазалайды. Кесір болмасын деп, оң қолын маңдайына, иегіне, оң иығына, содан соң сол иығына апарып тәу етеді. Сондай-ақ құлындардың желісінен аттағанда да тәу етеді, себебі, желінің де киесі болады. ...Ұстаның темір төсін көрсе де тәу етеді. Жылқышы құрығынан, балта, бақанның үстінен аттамайды, «бақан аттамаған байымайды, балта басқан жарымайды» деген сенім бар. Жылқы, түйе, қой, сиыр киелі жануарлар санатына жатады...

Қазақтардағы ислам дінімен араласқан тәңірі діні жын, пері, шайтандар болады-мыс деген бақсылық дәстүрлердегі ұғымдарға

жол береді. Бақсылар көмекке шақыратын *жын* керемет күші бар рух, сайтан түрінде сипатталады. *Албасты* рухы – әйелдер босанғанда қатерлі. Оларды *жезтырнақ* деп те атайды. Албастылардың басшысы – *сөрелдің* бойы тым ұзын, ағаштармен теңеседі, қалың жынысты ормандарда тұрады. Адамды қытықтап өлтіреді. *Көн аяқ* – елсіз тоғайларда, аралдарда мекендейтін адам перісі. Аяғының орнына қайыс-көн. Қаперсіз келе жатқан жолаушыларды алдап, өзіне шақырып алып, үстіне отырады да, қайыстармен байлап-матап, адамның әлі бітіп құрығанша мініп жүреді.

Алдын ала болжаушы, сәуегейлерді де қазақтар *бақсы* дейді. Бақсылардың бәрі де балгерлер. Бақсылар алдын ала хабар беріп тұратын – болжайтын рухтарын, кейіннен келген мұсылман дініне ыңғайластырып, періште деп те атайды. Ұлы бақсылар барлық аурулардан да жаза алады, қарынды тіліп операция жасайды, әйелдердің аман-есен босануына болысып, албастыларды рухымен сескендіреді, қуалайды, керемет ойындарымен өзінің рухын шақырып бал ашады. Бақсы ойыны кезінде қылышты сабына дейін жұтады, қып-қызыл қыздырылған темірді жалайды, балтамен кеудесін шапқылайды. Осылардың бәрі ертедегі Қорқыт әулиеден қалған қобыз күйінің сүйемелдеуімен өтеді. Бақсылардың арасындағы мықтылары күйдірілген жауырынмен бал ашатын *жауырыншы сәуегейлер* болып есептеледі. Жанып тұрған оттың жалынының түсіне қарап бал ашушыларды *елті* дейді.

Бақсылардың атақтысы бағаналы Қойлыбай бопты. Сол бағаналыдан шыққан Балақай деген, Көкшетау округінде Шүмен деген бақсылар да бар. Қойлыбайдың перілерінің бастығы Надыршолақ, жындарының бастығы – Көкаман, шайтандарының бастығы – Ер Шойлан, деп аталады. Әйелдер босанғанда, Қойлыбай келіп отырса, албастылардың бірі де жоламайды екен...

Шоқанның бұдан кейін Қойлыбай бақсыға байланысты ел аузынан естігендерін майын тамызып жазғаны кішігірім әңгімеге татиды. Одан болашақта жүйрік қалам иесіне айналатын тұлғаның әуелден-ақ қылаң берген жүрдек қолтаңбасын байқау қиын емес.

## 2. Тағдырлар тоғысы

Бұрынғы Омбы бекінісіндегі орталық алаң орны қазір бақ. Әр түрлі ағаштар мен гүлдер егіліп, суы сылдыраған қауыздар жасалынған, көрме-павильондар орналасқан. Мен 1985 жылы Омбыда болғанда, бақ айналасында Шоқан заманынан аман жеткен төрт-ақ үй қалыпты.

Оның бірі – бұрынғы гауптвахта, сол кезде облыстық әскери комиссариат үйі екен. Екіншісі – облыстық ішкі істер басқармасының музейіне айналған – лютеран шіркеуі; үшіншісі – офицерлер үйі міндетін атқарып отырған, 1861 жылы салынған екі қабатты ғимарат еді. Бұл үйлердің бәрінде де Шоқан рухының ізі бар. Гасфорттың адъютанты ретінде оның губернатор қаһарына ұшыраған талай адамды әскери абақтыға жеткізгендігі туралы естеліктерде қалған шындықты былай қойғанда, оның қатарындағы офицерлер үйі де Шоқан Омбыда тұрған кездерде көп соғып тұрған орындардың бірі.

Көнеден аман жеткен төртінші ғимарат – алаңның шығыс бетіне орналасқан бұрынғы бекініс коменданты полковник А. Ф. де Граве тұрған үй – орыстың ұлы жазушысы, Шоқанның қимас аға досы Ф. М. Достоевский атындағы әдеби музейге айналған. Төбесін қызыл қаңылтырмен жапқан бір қабат үйдің қабырғасына орнатылған тақтада оның 1799 жылы салынғаны жазылған. Көше беттегі бұрышында үйдің бойымен бірдей барельеф. Онда Достоевский бейнесі және «бұл үйге орыстың ұлы жазушысы Федор Михайлович Достоевский келіп тұрған» деген жазу бар.

Омбы бекінісі – утопиялық социализм насихатшысы, титуляр кеңесші М. В. Петрашевскийдің астыртын ұйымына қатысқаны үшін, ауыр қылмыскер ретінде айыпталып, Сібірге жер аударылған Достоевскийдің азапқа толы төрт жылының да куәгері.

1844 жылдан бастап Петербордағы Петрашевский үйінде жиналатын студенттер, шенеуніктер, офицерлер, ғалымдар, әдебиетшілер мен мұғалімдердің «жұмалық» басқосуларына енді енді ғана елге танылып келе жатқан Ф. М. Достоевский, М. Е. Салтыков-Щедрин сияқты жазушылар, С. В. Дуров, А. Н. Майков, А. Н. Плещеев сынды ақындар да қатысатын. Өздерін француз утописті Шарль Фурьенің (1772-1837) «барлық адамзатты

бақытты ететін қоғамды құру» ілімін қолдаушылар ретінде санайтын петрашевшілер өмірдің әр саласына қатысты мәселелерді талқылай отырып, саяси тақырыптарға көбірек ойысыңқырар еді. Сондайда Ресейдегі бар заңсыздық пен әділетсіздіктің, надандық пен мешеуліктің төркіні патшалық биліктің деспотизмінде жатыр, деген ойлар ортаға тартылатын. Монархияны революция арқылы құлатып, елді республикалық, бір палаталық парламенттік басқаруға ауыстырмаса, үкіметтің барлық қызметтеріне сайлау тәртібін енгізбесе болмайды, крепостнойлық правоны түп-тамырымен жою керек, деген пікірлер айтылатын. Таққа отыра салысымен декабристер дүмпуін қан-жоса етіп жазалаған, поляктар көтерілісін аяусыз талқандап, Габсбургтер әулетінің монархиялық абсолютизміне қарсы көтеріліске шыққан венгрлердің қарулы бұлғағын басуға жүз мың әскер аттандырған I Николай патшаның озбыр саясаты аяусыз сынға алынатын. Ол Ресейдің ғана емес, Еуропаның да жандармы, «шоқпарлы Николай» атанып отырған нағыз жауыз, қолы қалтырамайтын жендеттің өзі, Романовтар билігін құлатуға дереу кірісу қажет дейтін төңкерісшіл ойларға ерік берілер еді.

Кей отырыстарда ғылым, дін, сөз бостандығы, әдебиет пен өнер мәселелері де талқыланады. Патша өкіметі тыйым салған шығармалар оқылады. Ұйымның соңғы басқосулардың бірінде Достоевский өзінің атына Мәскеуде жүрген Плещеев досының жасырын түрде салып жіберген «Белинскийдің Гогольге хатын» жиналғандар алдында шамырқана оқып берді. Былтыр, 1848 жылы ғана қайтыс болған атақты сыншының билікті ащы шенеген, сол себепті де оқуға тыйым салынған «бүлікшіл» памфлеті тыңдаушыларға ерекше әсер етті.

Патша тыңшыларының андуына іліккен астыртын ұйым көп ұзамай қылтасынан қиылды. 1849 жылдың сәуірінде отыз бір петрашевші тұтқынға алынып, Петропавл қамалына жабылды. Достоевскийге таңылған басты кінәнің бірі – Белинскийдің Гогольге хатын оқып бергені болған.

Қылмысты істі қараған әскери сот отставкадағы инженер-поручик Ф. Достоевскийді ұйымның басқа да белсенділері – титуляр кеңесші М. Петрашевский, помещик Н. Спешнев, поручиктер Н. Момбелли, Н. Григорьев, А. Пальм, коллеж ассесоры С. Дуров, дворян ақын А. Плещеев, барлығы жиырма

бір адамның қатарында ату жазасына кесті.

Оларды халықтың көз алдында ату үшін желтоқсанның аязды таңында Петербордағы Семенов полкінің сапқа жүру алаңына алып та шықты. Бастарын ақ қаппен бүркеді. «Көзде!» деген бұйрықтан кейін солдаттар мылтықтарын кезенді. Тек «Атындар!» деген бұйрықтың берілуі ғана қалған. Бірақ жаза әрі қарай жалғасқан жоқ... Сол мезетте жұрт көзіне мейірімді болып көрінуге тырысқан патшадан жеткізілген пакет, олардың бәріне кешірім жасалып, өлім жазасының орнына каторгаға айдау туралы жаңа үкім шығарылғандығы жария етілді...

Достоевский Омбы қамалындағы абақтыда төрт жыл тұтқында ұсталуға, содан кейін қатардағы жауынгер ретінде әскер қатарында қызмет етуге кесілді.

1850 жылдың қақаған қаңтарында ол өзімен бірге Сібір каторгасына айдалған серігі, ақын Сергей Федорович Дуров екеуі кісендеулі күйі Омбы бекінісінің Тара қақпасы аузында жайдақ шанадан түскен болатын. Оларды сол қақпа түбіндегі тұтқындарға арналған ескі ағаш казармаға апарып тыққан. Осында қос қаламгер төрт жыл бойы адам айтқысыз қорлық пен зорлықты, қиянат пен қасіретті бастан кешірді... Достоевский әншейінде денсаулығым нашар деп жүргенімен, қиыншылыққа қайыса төтеп беретін ерік-жігерге ие екен, Ал абақтыға түскенге дейін нағыз жігіттің серкесі, бойынан жастықтың, бұла қайраттың рухы тасқындай ескен, Лермонтов әуеніндегі жалынды ақын Дуров болса, сол түрмеде өткен төрт жыл ішінде қаусап, қаудыраған шалға айналды...

Петрашевші қаламгерлердің Омбы қапасында жатқандығын Шоқанның кадет корпусында оқып жүрген кездің өзінде-ақ білгендігінде дау жоқ. Бұл орайда кадет корпусының инспекторы Ждан-Пушкиннің Достоевский тағдырына тығыз араласып, оның Петербордағы туысқандарына жасырын жазған хатын жеткізуге септескені, 1854 жылдың басында қос жазушы түрмеден босағанда үйінде бірнеше рет қонақ еткені еске түседі. Демек, бірде Шоқанды өз кабинетінде «қамап», Белинский идеяларын ұстанған «Современник» журналын оқытқан дәл сол Ждан-Пушкин мен сабақ үстінде азаттық идеяларын ашық насихаттайтын Костылецкийдің өз шәкірттеріне орыс әдебиетіне жаңа үн боп енген Достоевскийдің қамал түрмесінде екенін



айтпауы еш мүмкін емес.

Пушкин мен Лермонтовты, Белинский мен Гогольді корпус партасынан жан-жақты тани білген Шоқанға Достоевский есімі онсыз да жақсы мәлім еді. Жазушының орыс әдебиетіне соны леп болып қосылған «Бейшаралар» романы мен «Отечественные записки» журналында жарық көрген «Қос ұқсас», «Ақ түндер», «Неточка Незванова» повестерін да оқыған. Енді, міне, дуалы ауыздар «орыс сөз өнерінің үміті», «Гогольдің ізбасары» деп бағалаған сол қаламгер Омбы қапасында белшеден азап шегіп жатты. Шоқан корпусстың соңғы жылдарында Гутковский мен Капустиндер үйлеріне барып жүргенде, жазушылардың түрмедегі қалдерін естіп, жаны күйзелді. Сондайда, шіркін, оларға дәл қазір қол ұшымды беретін мүмкіндік туар ма екен деп те іштей ниеттенер еді.

Әрі түрмедегі жазушылар жайында дәл осылай ойлайтын адамдар бекініс ішінде де бар болатын. Достоевский туралы деректерде оның сол кездегі бекініс коменданты полковник А. Ф. де Граве мен оның зайыбы Анна Андреевна, әскери госпиталь дәрігері И. И. Троицкий тарапынан кәдімгідей қамқорлық көргені айтылады. Егер олар Достоевский «Өлі үй» деп атаған абақты тұтқынын назарға алып жүрмегенде, жазушының денсаулық жағдайы қиын болатындай да екен. Бекініс коменданты тұтқындарды ауыр бейнетке саларда, Достоевскийді өз үйіне алдырып, жеңіл жұмыстар тапсыруға не тынықтыруға тырысар еді. Одан арыға полковник басымен өзі де бара алмайды. Себебі Омбы әкімшілігі үшін оның алдындағы адамның анау-мынау емес, «мемлекеттік қылмыскер» деген аты бар ғой. Алайда комендант пен оның мейірман зайыбының осы аз-кем жанашырлығының өзі Достоевский үшін жетіп жатты. Кейіннен жазушы Семейге, солдаттыққа айдалды. Онда бес жыл мерзімін өтгеннен кейін ғана ақталып, Ресейге оралуға рұқсат алды. Ол қайтар жолда тағы да Омбыға соққан. Сонда жазушы бас сұққан үйдің бірі – сонау тұтқын кезінде өзіне жылы мейір танытқан осы де Граве шаңырағы болған.

Сондай-ақ Сібір қазақтарының шекара бастығы, полковник П. М. Спиридонов та Достоевский тағдырына бей-жай қарамапты. Өзінің жақсы танысы госпиталь дәрігері Троицкий арқылы қаламгердің қал-жағдайына қанық боп отырыпты.

Кейіннен Семей облысының әскери губернаторы боп ауысқан кезде, жеке адыютанты В. П. Демчинский арқылы солдаттықта жүрген жазушыға сырттай қамқорлық жасауды жалғастырыпты.

Достоевскийдің Омбы қапасында шеккен азабын байқататын мұражай экспонаттары арасында, оның тағдырын жеңілдетуге септескен жандар мен достық қарым-қатынастарда болған адамдар жайында да біраз мағлұматтар бар. Солардың қатарындағы бір бөлек әңгіме Шоқан мен Достоевскийдің достығына арналған. Мұражайдың төрінде олардың 1859 жылдың мамыр айында Шоқан Қашқардан қайтып келе жатып, Семейде аялдаған кезде бірге түскен әйгілі суреті. Оның астыңғы жағына Шоқанның автопортреті мен қылышқа тағатын бүлдіргесі де ілінген.

Екі халықтың екі ұлы тұлғасының алғашқы кездесуі жазушылар Омбы қапасынан босанған 1854 жылдың қаңтарында өтті. Достоевский мен Дуров тағдырына жанашырлық білдірген адамдар, олардың түрмеден шыға сала, бірден солдаттыққа айдалып кетпей, біраз уақыт Омбыда ес жиып, өз-өзіне келуін де ойластырған еді. Аяқтарынан кісендері енді түскен жазушыларды бір айдай үйлерінде аялдатып, тынықтыруды – қаламгерлермен бұрыннан таныс Ивановтар отбасысы өз міндетіне алды.

Осы бір кеңпейіл шаңырақты ұстап отырған Ольга Ивановнаны – Сібірге айдалған декабрист Иван Анненков пен оның басына түскен ауыртпалықты бірге бөлісу үшін соңынан іздеп келген Петербордың сән магазинінде істейтін француз бойжеткені Полина Гебльдің (Полина Егоровна Анненкованың) қызын – Достоевскийлер бірінші рет Омбы түрмесіне айдалып келе жатқанда Тобылда көргені бар. Сонда бұларға келіп жолыққан декабристердің әйелдері – Ж. А. Муравьева, Н. Д. Фонвизина, П. Е. Анненковалардың қасына ол кезде жас бойжеткен осы Ольга да еріп келген. Декабрист әйелдері жазушыларға қолдан келген бар көмегін жасады. Тұтқындарды айдаушылармен келісе отырып, оларды қақаған қыста Омбыға дейін басқалардай жаяу емес, жайдақ шанаға мініп апаруға көндірді. Жолға тамақ пісіріп берді. Содан кейін әрқайсысына қойынға салып жүретін бір-бір інжіл кітабын ұсынған. Інжілді қаптаған жұқа тыстың астында он сомдықтар жасырылған еді.

Сол жолы жазушыларға аяушылық білдіріп, көз жасын

сығып тұрып шығарып салған жиырмадағы қыз Ольга, қаламгерлер Омбы қапасында жатқан кезде тағы да хабарласты. Бұл кезде оның күйеуі – Петербор инженерлік корпусында Достоевскиймен қатар оқыған, подпоручик шеніндегі әскери инженер Константин Иванович Иванов Омбыда Дербес сібір корпусы инженерлік қызметінің бастығы генерал-майор Бориславскийдің адъютанты болып жүрген-ді. Қос жазушының түрмедегі қиын тағдырына ауық-ауық жанашырлықпен араласып жүрген осы отбасы, енді олар қапастан шыққанда өз үйлеріне әкеліп тынықтыруды адамгершілік парыз санаған. Яки қаламгерлерді абақтыға Тобылдан соңғы боп шығарып салған адамдардың бірі сол Ольга, енді ері екеуі, олар түрмеден босанған кезде бірінші рет қарсы алушылар да болған.

Осы үйде жазушылар төрт жыл бойы бетін көрмей кеткен кітап-журналдармен қайта қауышты. Омбының өздерін жақсы білетін бірқатар зиялы адамдарымен сұхбаттасты. Үй иелері қапастан қажып шыққан қаламгерлерді сырт адамдардың көп мазаламауын да ойластырған. Алайда олар өздеріне біраздан жақын боп кеткен жас корнет Шоқан Уәлихановтың өтінішіне қарсылық білдіре алмады.

...Үстіне орыс офицерінің формасын киген қазақ жігітіне бұрынғы тұтқындар әуелі тосырқай қарады. Бірақ сәлден соң-ақ өзара жарасымды әңгіме арнасы ағытылып жүре берген. Жас корнеттің зерек те өткір болмыс-бітімі, әдебиет, мәдениет, әлеумет, тарих мәселелері тұрғысындағы ойларға жүйріктігі бірден-ақ олардың көңілінен шықты. «Өлі үйден» енді босанған қос жазушы үшін пейілдене отырып әңгіме-дүкен құрған сол күндер соншама бір рәуішті сәттер ретінде есте қалды.

Дәл сол кездесуден бастап, Достоевский мен Дуров қазақтың жас жігітін өздеріне жаны жақын адам деп қабылдады. Сол шынайы ықылас біртіндеп үлкен достыққа ұласты.

Семейде солдаттықта жүрген кезінде Достоевский Шоқанды «туған бауырынан бетер жақсы көретінін» айтып ақтарыла хат жазса, Омбыдағы Сібір қазақтары облыстық басқармасында төртінші разрядты кеңсе қызметкері болып істеп жүрген Дуров онымен жиі кездесіп, жақын араласып тұрды. Дуровты түрмеден кейін тіке Сібір шебі әскері 3-ші батальонының Қызылжарда тұрған ротасына қатардағы жауынгер етіп жіберген-ді.

Абақтыдан денсаулығынан мүлдем айырылып шыққан оған қырдың таза ауасы мен сондағы дәрігер И. Ф. Зюковтың емдеуі мен біршама әсер етті. Дегенмен мұндай әлсіз денсаулықпен солдаттық өмірге төзудің мүмкін еместігі күннен-күнге нақтылана түскен. Сондықтан да бір жылдан кейін, 1855 жылдың көктемінде Дербес Сібір корпусының командирі Гасфорттың бұйрығымен «әскери қызметке денсаулығы мүлдем жарамай қалған» Дуровқа Омбыға оралып, Гутковский басқарып отырған Сібір қазақтары облыстық басқармасында жай кеңсе қызметкері боп істеуге рұқсат берілді. Ол өз пәтерін Шоқан тұратын үйге жақын жерден жалдаған. Осыдан кейін екі көрші арасында бірін-бірі танымдық жағынан байытатын талай жарқын әңгімелерге кең өріс ашылды.

\* \* \*

Шоқан тұрған бір қабатты аласа үй бекіністің шығыс жағындағы жауын-шашын кезінде белшеден лайсаң боп кететін Мокрое форштадты деген тұста еді. *(Омбыда бекіністі төңіректей орналасқан қоныстарды форштадт деп атау қалыптасқан. Ол немістің vorstadt – қала төңірегі деген сөзінен шыққан Омбыда одан басқа да Бутыр, Жаңаслободка, Казак, Ильин дейтін форштадттар бар).* Мокрое форштадты мен бекініс арасын генерал-губернатор Гасфорттың 1852 жылы қайтыс болған әйелінің құрметіне «Люба бульвары» деп аталған, қолдан еккен қалың ағаш бөліп жатты. Омбы әкімшілігі кеңселерінде істейтін біраз адам негізінен Мокроені *(Шоқан әкесіне жазған хатында оны қазақша Шұрық деп атайды)* мекендеген тәрізді. Мұны Батыс Сібір бас басқармасының кеңесшісі Я. С. Капустин мен облыстық басқарма төрағасы К. К. Гутковский үйлерінің де осы форштадта тұрғандығынан байқауға болады.

...Бойжеткендері көп Капустиндер шаңырағында Омбы жастары «жарқын қауымының» дәстүрлі басқосулары бұрынғысынша өтіп тұрады. Сол үйдің үлкен ұлы, Батыс Сібір бас басқармасында бірге істейтін, өзінен жеті жас ересектігі бар болса да кимас досқа айналған Семен Яковлевич Капустин Шоқанды ерекше ықыласпен қарсы алады. Қазақ жігітінің

қиыннан қиыстырып әңгіме өретін, әр ортаны да үйіріп алатын қабілетіне, жұғымдылығына, әзіл-оспаққа жүйріктігіне, жан-жақты білімдарлығына тәнті адамның бірі сол.

Шоқан ол жиындарға көршісі Дуровты да ертіп келеді. Бұрыннан да әртүрлі зиялы әңгімелер арнасы ағытылып, ағылшын жазушылары Диккенс пен Теккерей шығармалары, неміс ақыны Гейненің адуынды өлеңдері оқылатын, «Современник» пен «Отечественные записки» журналдарының жаңа сандарында жарияланған туындылар талқыланатын, қоғам болмысы мен саясат мәселелері жайында өткір пікірлер қозғалып жататын бұл басқосулар қапастан шыққан Дуровты да ерекше көңіл-күйлерге бөлейді. Енді бір сәтте ол жанары ұшқын атып, түрме бейнетінен тапқан науқасы – буын сарысуы құрыстырып тұрған денесін тіктеп алып, Барбье мен Беранженің, Шенье мен Байронның өзі аударған өлеңдерін оқи жөнеледі.

Осындай кештерде жұрт арасында Шоқанның әжуа-қалжыңға, мысқылға шеберлігі де көзге түспей қалмайды. Жастайынан кестелі сөзден өрнек өрген билер мен шешендерді, от тілді, орақ ауызды айтыскер ақындарды көп тыңдап; кадет корпусында қоғам бойындағы мерездерді сын садағымен түйрейтін Костылецкий, одан бері монархияның қас жауы Дуров секілді өткір ұстаздар тәлімін көрген Шоқан бойында осы бір қасиет айрықша үйлесімін тапқандай. Жалпы, қазақ үшін әзіл-оспаққа, зілсіз күлкіге жақындық әуелден тән. Әрі Шоқанда бұрыннан бар сол бейімділікті еуропалық білім одан әрі жани түскендей әсер қалдырады. Оның әжуа-қалжыңында әдетте сатиралық мысқыл мен гейнелік юмор табы молынан ұшырасады. Бұл жөнінде замандастарының «Омбыда тілінің ұстарайдай өткірлігі жөнінен одан асар ешкім болмаған еді» деп мойындауы да бекерден-бекер емес.

Бірде сондай басқосуға үсті-басын мұнтаздай күтетін бір сылқым жігіт қатысты. Тамақ үстіндегі әңгіме арасында Теккерей жөнінде сөз болғанын естіп қалған ол қасында отырған Шоқанға: «Мені Теккерей мырзаға таныстырыңызшы», деп өтініш жасады. Шоқан бұған жұмсақ жымыып, келісімін берді. Тамақтан кейін жігітті қабырғаға ілінген жазушы суреті алдына ертіп апарды да, барлық жұртқа естірте сөйлеп: «Мырзаның өтініші бойынша, мен оны Теккерейге таныстырып тұрмын», – деді.

Оның мысқыл анекдоттарының дені өзі қызмет істейтін губернатор сарайы төңірегіндегі ұлықтар тіршілігіне қатысты. Солардың арасында бұған бұратана деп қарауға бейіл менменсіген, қуыскеуде әкімдердің талайы ащы әжуаға ұшырап, өткір сын садағына түйреледі. Мәселен, Шоқан атаққұмар генерал Н. Волков жайында, ол ордендік лентасын кебісіне дейін тағып жүреді деп бір күлкіге тиек етсе; Сібір қазақтары облысының әскери губернаторы, генерал-майор Г. К. фон Фридрихстің бағыныштылары жасаған хабарламаларды флейтада ойнап тұрып тыңдайтыны, өзіне қол қоюға әкелген құжаттарды таразыға салып өлшетіп, аптасына қанша пұт қағазға қол қоятынын күпсіне айтып отыратын даңғойлығы келесі бір мысқылдарға негіз болады. Мұндайда өзінің тікелей бастығы, генерал-губернатор Гасфортты да аямайды, оның мардамсыған бейнесі, қияли тірліктері де кезекті әзіл-оспаққа айналып жатады.

...Гасфорт расында да өзінше бір кейіп. Сол шақта алпыстан асып кеткен генералдың түп-тегі Остзей (Балтық) өлкесіндегі неміс дворяндарынан тарайды. Кенигсбергтегі ветеринарлық оқу орны мен жол қатынасы институтында білім алған ол, әуелі мал дәрігері ретінде Пруссия армиясында қызмет етіпті. Ресей мен Пруссия бір-бірімен одақтасып, Наполеонға қарсы соғысқан кезінде Гасфорт ветеринарлары жетіспей жатқан орыс әскеріне көмекке жіберіледі. Кенигсберг жеріндегі Прейсиш-Эйлау түбінде француздармен өткен бір шайқаста орыстың көп офицері оққа ұшады да, амалсыздан солардың орнын басқан Гасфорт командирлік қабілетімен көзге түседі. Осы ерлігі үшін оған офицерлік шен беріліп, со бойы орыс әскерінің қатарында қалып қояды. Ресейдің Наполеонға қарсы соғысына Барклай-де-Толлидің армиясы құрамында қатысып, қорғаныс жүйелерін құру жұмыстарында инженерлік ілкімділігімен де танылады. Гасфорт өз өмірінің бұл кезеңі туралы «ұлы қолбасшы Барклай-де-Толлидің қарамағында жүрген кезімде» деп ұзынсонар естелік айтқанды жақсы көреді. Кейіннен француздарды қууға араласады. Фельдмаршал Г. Д. Блюхердің корпусы құрамында Парижді бірге алысқаны да талай лепірген әңгіменің арқауы. Одан кейін Ресейдің Кавказда, Польшада, Балқанда жүргізген соғыстарына белсене қатысады. 1833 жылы Бухаресте Ресей

азаматтығын алады. 1849 жылғы венгр революциясын басып-жаншу кезінде Германштадт (Сибиу) қорғанысының ұрыстарын тиімді ұйымдастыра білген қарымды тактик ретінде танылады. Гасфорт осы қорғаныс барысында өз отрядымен жасаған сәтті шегініс қимылын әлемдік соғыс тарихындағы ең стратегиялық мәнісі зор операциялардың бірі ретінде айтып отырғанды ұнатады. Өртүрлі ордендермен, 3-ші дәрежелі Әулие Георгий кресімен, император суреті салынған бриллиант темекі сауытымен, «Батылдығы үшін» деген жазуы бар алмас әшекейлі алтын қылышпен марапатталған. Омбыға генерал-лейтенант шенінде келген Гасфорт, 1853 жылы одан бір саты жоғарылап, инфантерия генералы атанады.

Бір қарағанда, жоғары еуропалық білімі бар, әскери іске де жетік, командирлік тәжірибесі мол губернатор дерсің. Алайда Гасфорттың Батыс Сібірге басшы болған кезі туралы естелік жазған замандастары оны әкімшілік қабілеті шамалы, бұрынғы қаһарлы губернатор П. Д. Горчаковтай (1789-1868) қатігез емес, иі жұмсақ, әрі сәл аңқаулау, әпенділеу адам ретінде сипаттайды. Өз басын ерекше білімдар адам санайтын ол: «Патша мені бұл жаққа бекер жіберген жоқ. Сол себепті де мен император ағзамды риза ететін айрықша шаруаларды атқаруым керек», деген ойға бейіл.

Сондағы мәнді деп тапқаны – қазақ арасына жаңа дінді енгізу мәселесі болған. Бірде жанындағы қазақ өмірін бес саусағындай білетін жәрдемшісі Шоқаннан халықтың ежелгі наным-сенімдері туралы сұрастыра отырып, бірқатар мәлімет алғаннан кейін, «осы айтқандарыңды қағазға түсіріп бер, мен бұл жайларды тағы да бір пысықтаңқырап қарайын» деді. Қаперінде ештеңе жоқ, қаламы жүйрік адъютант бұл тапсырманы іле-шала орындап, бастығының қолына ұстатты... Оны оқыған соң Гасфортқа ой келсін: «Е, қазаққа әлі мұсылман діні тереңдеп ене қоймаған екен ғой. Ежелгі наным-сенімдерінен де со бойы қол үзбепті. Неге олар үшін жаңа дін ойлап таппасқа...». Тосыннан келе қалған осы ойдың өзі-ақ көңілін марқайтып тастаған генерал-губернатор, дереу көздегенін іске асырмаққа бекінді. «Мен Сіздің халқыңыз үшін жаңа дін жасау қажет екендігіне көз жеткіздім», деп Шоқанды айран-асыр қалдырған ол, ғылыми кітаптарды қарап, жаңа «пайғамбар» болуға құлшына кірісті.

Көкейіндегісінің бәрін жүйелеп, қағазға түсіріп біткен соң, өзі «ойлап тапқан жаңа дін туралы» ұсынысын бекіттіру үшін патшаға жолдады.

...Солай да солай, бұл қазақ дегеніңіз, әзірше исламға құлай қоймаған халық екен, әрі олардың ежелден ұласқан көшпелі өмір салты христиандықты қабылдауға да үйлесе бермейді. Сондықтан да бұл бұратаналар мұсылмандыққа толығымен ауып кетпей тұрғанда, ол елдің байырғы тұрмысына әрі Ресейдің мемлекеттік мүдделеріне қайшы келмейтін жаңа дін ойлап табу керек. Менің ойымша, далалықтар үшін еврей дінін – иудейлік схоластика талаптарынан тазартып, христиандық рухтағы өзгерістер енгізе отырып, «аралық дін» ретінде пайдалануға әбден болатын сияқты...

I Николай патша 1854 жылы өзінің атына келген осы хатты оқыған кезде не күйге түскенін кім білсін... Тек ұсыныс жазылған қағаздың бетіне: «Дін ойдан құрастырылмайды, халықтың мыңдаған жылдар бойғы сенімінің негізінде жасалады», деген кекесін зілі бар бұрыштама қойып, Гасфорттың тау жығардай екпінін қайтарыпты...

Генерал-губернатордың бұдан басқа да талай қылықтары әртүрлі әжуа-оспақтардың туындауына негіз болып жатады. Гасфорттың сайын даланы бейнелеген карталарда неге таулар көрсетілмеген, деп топографтарға тиіскені, көзі тірісінде жеке басына ескерткіш орнатуға ұмтылғаны жайындағы әңгімелер өзінше бір хикая. Және соларды көбіне-көп тыңдаушыларға құлпыртып, мысқылмен тұздықтап қыран-топан күлкіге орап жеткізушілердің бірі жанындағы жәрдемшісі Шоқан еді

Адъютанттық қызмет бабына орай, Гасфортпен кеңседе ғана кездеспей, оның үйінде де жиі болып тұратындықтан, генерал дастарқанының тұрақты меймандарының біріне айналған Шоқан, жоғары мәртебелінің қызық қылықтарын, бірді айтып, бірге кететін қиялилығын, мардамсыған бітім-болмысын, өзін жан-жақты білімдімін деп, күмпие сөйлегенін, сөз мәнерін айнытпай салады. Бірде Гасфорттың үйіне келген қонақтары мен жас келіншегі алдында: «егер мен генералдықтың соңына түспей, әуелден жазушылықты қуғанда, бүгіндері әйгілі романшы боп кетер едім, соның өзінде жас кезімде талай романды бітіріп тастағанмын... Сендер мақтап жүрген Гоголь дегеннің



жазғандары маған тіптен ұнамайды, оның «Ревизоры» шылғи өтірік. Мен де Ресейді ерсілі-қарсылы шарлаған адаммын, алайда Бобчинский мен Добчинскийлерді еш кездестірмеппін, тіпті біздің Сібірде де мұндай образдар жоқ...», деп күпсіне сөйлеген бейнесін күнделігіне де түсіргені бар.

*«Романдар туралы трактация, һәм жоғары мәртебелінің өзі жазған романдар хақында»* деген тақырып қойылған, шымшыма юморға толы, шұрайлы тілмен жазылған оншақты беттік монологты оқыған әркім де талай әжуаға азық болған генерал-губернатор бітімін со бойы айна-қатесіз көз алдыға елестетер еді.

*«...Иә, сүйіктім, бір кездері сенің күйеуің де роман жазған, бірақ көп қолы тимеген, романишы болғанда және қандай, анадай емес (күледі), күйрек емес, әлгі сендердің қайдағы бір Жорж Санд немесе Гоголь мырзаларың емес. Сендер таң-тамаша қалып, оларды бастарыңа көтересіңдер, ал мен болсам іліп алар ештеңе көріп отырғаным жоқ. Мен... (азу тістерінің арасын шұқиды). Мен өзім Диккенс сияқты жаздым: көтеріңкі сарында және сонымен қатар көңілді юморлық сипатта (соңғы жұтым сырасын ішеді). Мырза Уәлиханов, ол романдардың қазір қолымда болмағаны, өкінішті-ақ, мен оны Сізге түгелімен және басыбайлы берген болар едім («б» әрпіне айрықша екпін қойып, ерекшелей айтты), егер де Сіз оны өз атыңыздан жариялаған болсаңыз, онда Сіздің таңдаулы жазушының жақсы атағы мен беделіне ие болатындығыңыз күмәнсіз еді...»,* – деп жазады Шоқан Гасфорттың сөйлеу мәһамын айнытпай түсіріп.

Әрдайым төңірегіндегілерді өзінің көп білетіндігімен таңдандырғысы келіп тұратын генерал-губернатор аға сұлтандармен кездескенде тіптен шалқиды. Мәселен, ол дуанбасылардың қандай округтерден келетінін алдынала біліп алады да, сол сұлтандарды айран-асыр қалдыратын мәліметтерді қарастырып, қамданып отырады. Бірде Гасфорт қабылдауға келгендердің арасындағы Абылай ханның Тоғым деген баласының немересі, Қарқаралы дуанының аға сұлтаны, хорунжий Шалғынбай Бірәліұлына қарата: «Айтыңызшы, жарқын, жүзмәмбет-тобықты болысының жұрты бұрынғыдай Аршалы, Құмадыр, Темірші, Қызылтас салаларында көшіп жүр ме? Әлтеке-сарым болысына қарайтын Тоқырау, Сарысу,

Мойынты бойларына өтіп кеткен жоқ па?» – деп сұрайды... Аға сұлтанда аң-таң болғаннан басқа не шама бар мұндайда. Абдырай отырып, жауап берді. «Жо-жоқ, бәрі өздерінің жайлауларында».

Ол ғана емес, қабылдауда отырған басқа шонжарларға да таңданбасқа лаж қайда. «Апырай, жанарал-гүбірнатыр Омбыда отырып бәрін қалай біліп отыр», деген пікір ұялайды баршасында.

Өзін білгір етіп көрсетуге тырысатын Гасфорт осындай сауалдарды ішкі Ресейден келген қонақтарға, ұлықтарға, шенеуніктерге, заңгерлерге де қоюға құмар. Бастығының мұндай ілмешектері де Шоқан назарынан қалсын ба? Кезекті анекдоттардың желісін құрайды.

Замандастары Шоқанның мінез-құлқы мен өзін-өзі ұстауында ерекше бір еркіндік, жарасымды үрдіс болғанын айтады. Ол бір жағынан жүріс-тұрысымен, сырт пішінімен, өткір тілімен, өз ортасын әжуаға, мысқылға тиек етуге, маңайын думандатып жүруге бейіл өршіл мінезді Лермонтовқа, соның гусарлық еркіндігіне көбірек ұқсағысы келеді екен. Киімді де сәнді кигенді ұнатады.

Қыс кезінде әскери шинелге құндыз жаға салдырып алады. Ақсүйек қауымының салтынша, тырнағына дейін мұнтаздап күтеді. Тіпті бір тырнағын қытайлардың дағдысынша ұзын етіп өсіріп те жіберген. Шұрықтағы шағын пәтерін талғап ұстайды. Еденіне бұхар кілемі, үстелінің үстіне әртүрлі қымбат бағалы ұсақ-түйек әшекей заттар жатады. Бір темекі сауытының өзі онда әлденешеу. Солардың бірінің бетінде жерді бұрғылап жатқан көртышқанның бейнесін көруге болар еді. Оны Шоқан жер бұрғылаған геологтың кейпі деп түсіндіреді. Темекіні де тандап шегеді, әйгілі Терехов фабрикасынан шыққан гавана сигарларын ұнатады...

\* \* \*

Бүгіндері бергі бетіне зәулім үйлер салынып кеткен бұрынғы Шұрықтан Шоқан, Гутковский, Капустин, Дуровтар тұрған үйлер орнын іздеп жүрмін. Потанин естелігі бойынша Капустиннің екі қабат еңселі үйі мен Шоқанның аласа пәтері бір

көшенің бойында орналасқан. Көше жақ беттегі үлкен үйлердің арқа жағында шыққанда, қарсы алдан бойларынан көне жылдар табы ескен бір шоғыр үй ұшырасты. Қарағайдан қиылған олардың ескіргені сонша, әбден мүк басып қарайып кетіпті. Көпес әйел Коробейникованың Шоқан «Вестминстер аббаттығы» деп қалжындап атаған өңкиген дәу үйі, Капустиннің екі қабат жайы мен терезе қақпасына жүректің бейнесі ойылып салынған Дуров пәтері, Шоқан әуелі мекендеген аласа үй мен кейіннен тұрған Гутковскийдің бұрынғы қонысы қазірге дейін аман жетсе, дәл осындай көнеріңкі қалыпта көрініс берер еді-ау, деген ой сананы қуалап өтеді. Қанша дегенмен, одан бергі екі арада бір жарым ғасырдай уақыт жатыр. Ұдайы өсіп, ұлғаюмен келе жатқан қала өркендеуі алдында ескі құрылыстар қалай төтеп берсін.

Дегенмен бір кездері анау биік үйлер орнында немесе мына табан астында Шоқан әлденеше жыл мекендеген, талай ғажайып еңбектерін сомдаған, саяхатнамаларын жазған шаңырақтар болды деген ойдың өзі де ерекше әсерлі. Сол пәтерлерде қаншама тілектес достар бас қосты, қырдан келген қаншама адам тоқтады десеңізші...

Туған нағашысы, Баянауыл дуанының аға сұлтаны Мұса Шорманұлының (1819-1884) да Омбыға келгенінде, ерекше жақсы көретін жиенінің пәтеріне түсіп тұрғаны Шоқан хаттарынан белгілі. Арғынның сүйіндігіне жататын қаржас руының әйгілі биі Шорманның тұңғыш ұлы Мұса жасынан орысша хат танып, әуелі болыс, одан кейін 1843-1854 жылдар аралығында дуан қазысы болды, 1851 жылы аға сұлтанның да міндетін атқарған. 1854 жылдан бастап, үзбей он төрт жыл бойы Баянауылдың аға сұлтаны болды. Петерборға екі рет: 1855 жылы Николай I патшаның азасына, 1856 жылы Александр II патшаның таққа отыру салтанатына барған. (Біліктілігімен көпке танылған, көзі қарақты, көкірегі ояу тұлға 1868 жылдың соңында, дуандар жаңа әкімшілік ережеге орай жабылғаннан кейін, полковник шенінде демалысқа шықты).

Кей деректер Шоқанмен бірге оның пәтерінде Баянауылдың тағы бір тумасы, болашақ әйгілі әнші, композитор Мұса Байжанұлы құрдасының да тұрғанын алға тартады. Ол дүниеге келген кезде, үлкендер нәрестенің есімін сол шақта құлықе-

қаржастың болыстығына сайланған алғыр жас Мұса Шорманұлындай болсын деген ниетпен Мұса деп қойыпты. Алайда ол титтейінен жоқшылық таукіметіне ұшырапты. Анасынан ерте айырылып, кедейшілік пен өгейшілікке қатар ұрынса да бала Мұса, әкесінің ағасы Тайжан молданың үйінде жүріп, жеті жасынан жазу таныпты. Титтейінен өнерге жақын боп өсіпті. Ән салуға, домбыра, қобыз тартуға үйірсектепті. Бозбала кезінде Қоянды жәрмеңкесінен мал айдап қайтқан саудагерлерге қойшы боп жалданып Қызылжарға жетіпті. Еті тірі жеткіншек сол саудагер үйінде біраз жыл қолбала бола жүріп, орыс, татар тілдерін үйренеді, орысша хат таниды, балалайка, скрипка, сырнайдың құлағында ойнайтын, құйқылжыта ән шырқайтын, өлең шығаратын дәрежеге жетіп, шағын қалаға белгілі өнерлі жастарының біріне айналыпты. Сол шамада ол Шоқанның назарына ілігеді. Дербес Сібір корпусы штабының бастығы, генерал-лейтенант Яковлевтің адъютанты боп жүрген әуелгі жылы, Сырымбетке бара жатқанда ма, қайтарында ма, жолшыбай Қызылжарда аялдаған кезінде Мұсаға жолыққан сыңайлы. Нағашысының елінен шыққан құрдасының жан-жақты қабілетіне қызыққан Шоқан оны Омбыға ала кетіп, орысша оқуын жалғастыртады, қасына серік етеді...

(Әнші, сазгер Мұсаның Баянауылды билеген Шорман тұқымдары, әсіресе аға сұлтанның болыс інісі Мұстафаның қуғынына ұшырауы одан кейінгі жағдай. Шоқанның 1856 жылдан бастап, жаз бойы саяхаттарға шығуы басталды. Соның алдында аға сұлтан Мұса туған жиенінің үйінен өз сүйіндігінің айдаболынан шыққан өнерлі жасты көріп, дуан абыройын көтеруге лайық сегіз қырлы жігіт екен, бәлкім, қасымда ұстармын, деген оймен, оған елге оралудың жөн екендігін құлаққағыс етіпті, деген әңгіме бер. Ауылдан кеткеніне көп жыл өткен, ағайын-туғанын сағынып жүрген Мұса да осы себеппен Баянауылға қайта оралады. Дегенмен оқу-білім тоқып, қала тәртібін көріп келген өткір жігіттің ел ішіндегі әртүрлі келеңсіздіктерге төзе бермей, парақор атқамінерлердің халыққа тізе батырған қылықтарын бет-жүзің бар демей, жасқанбай әшкерелеуі, ұстарадай тілі жергілікті шонжар-байшыкештерге ұнай қоймайды. Әрі жан-жақты өнерпаз жігіт ойын-тойдың көркіне айналады. Шорман ауылының аруларын ынтықтырады.

Ел аузынан жеткен әңгімелерде оның сол кезде құлық-қаржастың болысы боп отырған Мұстафаның бойжеткен қызы Гауһарға көңілі ауғаны, соған арнап «қоян жон, құмырсқа бел қарағым-ай, жігіттің арманы жоқ сені құшқан» деп ән шығарғаны айтылады. Байжанның «елбұзар» баласына бұрыннан тісін қайрап жүрген Мұстафа Шорманұлы бұдан кейін сыныққа сылтау тауып, әншіні қолға түсіріп, дүре соқтырады... Онымен де шектелмей, бұдан былай аға сұлтан Мұсамен аттас болмайсың, сен ана жылдары Қояндыдан қой айдаған ноғай саудагерге жалданып, Қызылжарға кеткен жаяу қойшы едің ғой, енді сен *Жаяу* атанасың, деп болыстың тіркеу кітабындағы есіміне дейін өшіртеді... Осы зорлыққа қарсы өршіл әнші атақты «Ақсисаны» дүниеге әкеледі. Бірден қазақ даласын шарлап кеткен бұл ән Мұстафаны одан әрі өшіктіреді. Болыс енді оған «ел бүлдіретін сөздер айтты, ұрлық жасады, патшаны ғайбаттады, халықты азғырды» леген сыңайдағы неше түрлі жала жауып, орыс ұлықтарының аузын алып, 1860 жылы он екі жылға Тобыл түрмесіне айдатып жібереді... Туған інісі жасаған осы әділетсіздікті көре тұра аға сұлтан Мұса Шорманұлы оған қой деп айтпапты, дуанбасылығынан ықпай, өз басына да ащы сын садағын атқан жалынды әншінің жазықсыз кесіліп кете бергеніне ара түспепті. Ал Шоқан бұл жайдың бәрінен хабарсыз еді. Содан бір жыл бұрын қауіпті Қашқар сапарынан оралған ол, бұл кезде Сыртқы істер министрлігінің арнайы шақыруымен Петерборда қызмет істеп жүрген болатын...

Дегенмен Тобылда Жаяу Мұсаға Уәлиханның тағы бір ұрпағының шапағаты тиген сыңайлы. Шоқан үйінде жүргенде, оның сол кезде кадет корпусында оқитын немере інісі Ғази (Сұлтанғазы) Болатұлымен де жақсы танысқаны бар-ды. Ол – осы кітаптың бірінші тарауынан белгілі, Уәлиханның орнына хан тағына отырған, Көкшетау дуанының алғашқы аға сұлтаны болған Абайдідданың немересі. 1859 жылы кадет корпусын бітірген соң, Ғази да Дербес Сібір корпусы командирінің қарамағына жіберіледі. Әрине оның Гасфорт кеңсесінде қалуына, сол жылы жазда Қашқар сапарынан абыроймен оралған Шоканның да жәрдемі тигені сөзсіз. Әрі Гасфорт та тағы бір жезиық Уәлихановты қасында ұстауға қарсы бола қоймаған еді. Жас корнетті қазаққа аты абыройлы Абылайдың оқыған

тұқымдарының бірі ретінде Қара Ертіс бойындағы семіз найман руларына аттандырып, оларды Ресейдің қол астына қаратудағы мәмілегерлік жұмыстарға пайдаланады. Одан қайта оралған соң, 1860 жылдың күзінде орыс әскерінің Бішкек бекінісін басып алу кезінде тұтқынға түскен қоқандық екі хәкім – Атабек және Әлішер датқалардың қасында аудармашылық қызмет атқарады. Келесі жылы Гасфорттың орнына келген жаңа губернатор А. О. Дюгамель Ғазиды Сібір казак атты әскерлерінің Тобыл қаласында тұрған полкінің құрамына ауыстырады. Ол осы жерде түрмеде жатқан Жаяу Мұсаға жолығады. Байырғы танысының абақты қапасынан құтылудың жолын іздеп, ақ патшаның атына: «әскер қатарына қабылдауыңызды сұранамын, адал қызмет етуге дайынмын» деген сыңайда арыз жазғалы жүргеніне қолдау білдіреді... Өзі де екі айдан кейін Петерборға аттанып, Соғыс министрі Д. А. Милютинге «астанада, императордың жанында қызмет еткісі келетіндігі» жөніндегі тілегін жеткізеді. Қазақ даласынан келген әйгілі хан тұқымының ниетіне патша ұлықтары да қарсы келе қоймайды. Ғазиды әуелі Ұлы кінәз Михаил атындағы беларус гусар полкіне, одан соң казак полкі лейб-гвардиясының эскадрон командирлігіне жібереді. Польша көтерілісі басталған 1863 жылғы қаңтардың 23-і күні поручик шені беріліп, олардың атты әскері өз елінің тәуелсіздігін жариялаған поляк ұлт-азаттық күресін басып-жаншу үшін Вильноға (қазіргі Вильнюске) суыт аттандырылады... Жаяу Мұса туралы деректерде, оның да осы көтеріліс кезінде Литва, Польша, Беларус жерлерінде соғыс қимылдарын жүргізген әскердің жүк батальоны құрамында қызмет еткені айтылады.,, Жаяу Мұса мен Ғазидың тағдырлары бұдан кейін Черняевтің 1864 жылы Қоқан хандығына қарайтын Әулиеатаны (Таразды) басып алу жорығы кезінде түйісті. 1863 жылдың соңынан бастап, Алатау округі мен Ұлы жүз қазақтарының бастығы, генерал-майор Г. А. Колпаковскийдің қарамағында қызмет ететін поручик Ғази Уәлиханов полковник Черняев отрядындағы қазақтардан құралған милицияны басқарды. Польшадан қоқан жорығына қатысатын әскермен бірге оралған Жаяу Мұса да енді сол милиция қатарына ауысады. Алматыда жасақталып жатқан отрядқа сәуір айының ортасынан аса Омбыдан алдағы жорық барысында өтуі мүмкін бейбіт мәмілегерлік келісімдер жасауға

бірден-бір лайық адам – штабс-ротмистр Шоқан Уәлиханов арнайы келіп қосылды. Сол жерде ежелгі таныстар бір-бірімен қайта қауышқан...)

Шоқанның Шұрықтағы пәтеріне қайта оралайық. Осы аласа үйде оның шақыруымен қазақтың талай әншілері, ақындары мен жыршылары өнер көрсетті. Жас ғалым олардан ауыз әдебиетінің талай тамаша үлгілерін жазып алды.

Оның осы Шұрықтағы пәтеріне, 1854 жылдың жазынан 1857 жылдың жазына дейін Сібір қазақтары облыстық басқармасының кеңесшісі қызметін атқарған, сондықтан да біраз уақыты Омбыда өткен, әуелі подполковник, соңыра полковник әкесі Шыңғыс Уәлиұлы да ауық-ауық соғар еді. Өз басы негізінен қазақтың елден келетін игі жақсыларына арналып, Омбының сол жағасында салынған жанында мешіті бар жайлы қонақжайға жайғасқанымен, баласының шаңырағына жиі бұрылып, жағдайын біліп тұрады. Сол кеңесшілік қызметінде жүрген Шыңғыс 1855 жылғы қыстың соңында Орта жүздің бір топ сұлтандары мен билерінен құралған депутацияны бастап, мезгілсіз қайтыс болған І Николай патшаның азасы мен оның орнына таққа отырған баласы ІІ Александрға өздерінің шын берілгендік ілтипатын паш ету үшін Петерборға аттанды. Мұрағат деректері сол депутация құрамында Шыңғыстан өзге – оның қайнысы, Баянауыл дуанының аға сұлтаны, жүзбасы Мұса Шорманұлы, Ақмола округінің аға сұлтаны, прапорщик Ыбырай Жайықбайұлы, Ақмола округінің сұлтаны Бегалы Қоңырқұлжаұлы, Баянауыл округінің қазысы, хорунжий Секербай Малгелдіұлы, әліке-байдалының болысы Аққошқар Кішкентайұлы, Қарқаралы округі нұрбике-шаншар болысының биі Тәттімбет Қазанғапұлы, Көкшетау округі есенбай-қарауыл елінің болысы Шөбек Байсарыұлы болғанын айтады. Және олардың арасында Шыңғыс, Ыбырай, Мұса үшеуінің орысшаны кәдімгідей білетіні, қалғандарының ол тілде сөйлемейтіні атап көрсетілген.

Шоқанның ақыл беруімен Шыңғыс осы сапарға өзінің он жасар ұлы Әбілмақыжанды да ерте кетіп еді. Ол содан үш жыл бұрын сүзекке қатты ұрынған болатын. Науқас бала бірде аурудан әбден әлсіреп, талықсып кеткен кезде, үлкендер оны демі үзілді деп ойлап, салқын үйге шығарып қойыпты. Арада біраз уақыт өткенде ғана, баланың тірі екені байқалып, дереу

жылы үйге қайта кіргізгенмен, сол суықтан Мақының тіл-құлағы байланып қалады. Шоқан Петерборға бара жатқан әкесіне Мақыны өзімен бірге ала кетіп, сондағы саңырау-мылқаулар училищесіне орналастырғаны жөн болатындығы жөнінде кеңес берген еді. (Кейіннен Мақы сол училище қабырғасында колөнер шебері, сурет салу, сызу, әсем жазу мамандықтарын меңгерді. Әрі оның үстіне Петербор сурет академиясына өзінше барып жүріп дәріс алды. Он бір жылдан кейін елге оралғасын, көптеген көркем бұйымдар, тамаша ою-өрнектер жасаған айтулы шебер ретінде танылды. Дала генерал-губернаторының кеңсесінде коллеж регистраторы дәрежесінде штатта тұрып, Атбасар, Көкшетау дуандарында, Көкшетау уезінде іс жүргізуші қызметін атқарды).

### **3. Сұлтандар мен билер империя астанасында**

Ресей императоры I Николай патшаның қазасын Омбыда алғаш естушілердің бірі генерал-губернатордың адъютанты Шоқан болғаны анық. 1855 жылы ақпан айының 18-і күні императордың кенеттен көз жұмғаны, ертеңіне оның тағына мұрагері, 37 жасқа енді толатын II Александрдың отырғаны туралы хабарды Омбы ұлықтары кәдімгідей қобалжып қарсы алды. Патша ағзамның империя басына қиын сәттер төніп тұрған шақта өмірден озғаны, біраз жұрт үшін «енді қалай болар екен» деген мазасыз сауалдарды да туындатты.

Себебі, бір жарым жылдан бері жүріп жатқан Қырым соғысында Ресейдің жағдайы онша маз емес. Былтырғы 1854 жылдың күзінде 300-ден астам кемемен Қырымға келіп түскен одақтас түрік, ағылшын, француз әскерлерінің шабуылына, орыс әскері төтеп бере алмай ауыр жеңіліске ұшырады. Жау кемелерінің жүзуіне бөгет жасау үшін адмирал Нахимовтың бұйрығымен, орыс флоты түгелдей дерлік Севастополь шығанағында батырылды. Кемесіз қалған теңізшілер содан бері тас қоршауға алынған қамал ішінде төпелеген зеңбірек оғы астында жанкешті қорғаныс шайқастарын жүргізіп жатыр.

Осы соғыстың тұтануына Ресейдің өзінің тікелей қатысы барлығы Шоқанға жақсы белгілі.

Екінші Екатерина заманынан бергі бар армандары –



түріктерді (османлыларды) Еуропадан тықсыру, күллі Қара теңіз аймағына жеке дара иелік ету болған орыс императорларының мақсатын І Николай өз билігі кезінде-ақ аяқтап тастауға құлшынған. Шындығына салса, Ресейдің сол уақытқа дейін қол жеткізгені де аз емес-тін. Ғасырдың алғашқы отыз жылы ішінде-ақ Кавказды жайлаған іркес-тіркес ұсақ иеліктер: Картли-Кахетия, Имеретия патшалықтарын, Гурия, Мегрелия, Сванетия, Абхазия сияқты кінәздіктерді, Ереван, Гәнжа, Карабақ, Ширван, Шеки, Талыш, Дағыстан хандықтарын, оларға бұрындары ықпал жүргізіп, көз сұғын қадап жүрген түріктің Осман империясы мен Иранның қарулы қарсылық білдіргеніне, қантөгіс соғыстар жүргізгеніне карамастан, мұздай жарақтанған әскерлерінің тегеурін-қуатымен өздерінің қоластына бағындырып үлгерді. Гүржі, әзербайжан, армян халықтары мекендеген ол иеліктердің бұрынғы аттарын жойып, Тифлис, Кутаиси, Шемаха, Дербент, Эриван, Сухуми губернияларын құрды. Түріктер карамағындағы Балқан елдерінің азаттық күресіне де үзбей қолдау көрсетумен келеді. Осындай алысты көздеген мақсаттарын ақырын-ақырын еңсере отырып, Осман империясын одан әрі тұқырта түсу, Босфорға жеке иелік ету, Ыстамбұлды басып алу армандарын, сол арқылы Таяу Шығыстағы саясатқа да белсене араласу мүддесін назардан еш шығарған емес.

Ақыры 1853 жылы соның орайлы бір жолы табылғандай көрінген. Иерусалимдегі (Құдыстағы) Иса пайғамбардың туған жері делінетін қасиетті мекен Вифлеем храмының кілттерін Осман үкіметінің православтардан алып католиктерге беру туралы пәрменін І Николай сыныққа сылтау ретінде қабылдады. «Православтардың құқығы тапталды» деген ілік орыс жұртының діни тұрғыдағы намысын көтеретін дөп себепке айналады, деп есептеді.

Ресей патшасы теңіз министрі, кінәз А. С. Меншиковті төтенше сапармен Ыстамбұлға аттандырып, ол арқылы түрік сұлтаны Әбділмәжитке Осман империясы аясындағы Палестинада православ шіркеуінің барлық құқығы сақталуы керектігі, сондай-ақ орыс императорын сұлтандық құрамындағы барлық православтардың қамқоршысы деп тану қажеттігі жөніндегі үзілді-кесілді талабын жеткіздіртті. Көпе-көрнеу астам сипатта жасалған жойдасыз мәлімдемеге сұлтан қалай төзсін.

Елшінің бетін қайтарды. Ресей патшасының да күткені осы болуы керек. Дереу Дунай бойына сексен мың әскерін төгіп, Осман империясына бағынышты Румыния (Валахия) мен Молдованың православ кінәздіктерін өзіне қаратып алды. Екі ел бір-біріне соғыс жариялады. Сол 1853 жылдың қарашасында адмирал П.Нахимовтың эскадрасы Қара теңіздің оңтүстігіндегі Синоп шайқасында Осман паша басқарған түрік флотын ауыр жеңіліске душар етті.

Әрі Ресей бұл іс-қимылдарының бәрін орыс жұртының діни сеніміне әсер ететін ыңғайдағы насихатпен, Түркияның христиандарды қудалауына байланысты, діндестерімізге көмек қолын созу парызымыз, деген сылтауға орайластыра жүргізген еді. Шоқанның өзінің де «С.-Петербург ведомстволары» газетінде үнемі шығып тұратын «Шығыстағы христиандар көтерілісі» атты айдар бойынша, Осман мемлекетінде түріктердің христиандарды діни тұрғыда қудалап жатқаны жөнінде берілетін көп ақпараттарды губернатор кеңсесіндегі офицерлердің қаны қыза отырып оқығанын талай көргені бар.

Шоқпарлы Николайдың «ұлы державалар арасынан Ыстамбұл мен Босфорға қожә болуға тек Ресейдің ғана құқығы бар» деген сыңайдағы дөңайбат мәлімдемелеріне соған дейін де құлағдар боп жүрген Англия мен Францияны орыс империясының бұл ашкөз қимыл-әрекеті кәдімгідей іш жидырды. Олардың да бойында орыстар осы күйі екпін алып кетсе, өздерінің Таяу Шығыс пен Үндіқытай аймағындағы бұрыннан қалыптасқан мүдделеріне нұқсан келуі әбден мүмкін деген қауіп ұялады. Сол себепті де Осман империясының өздерінен көмек сұрауы мұң екен, бір жағынан, католик шіркеуінің намысын жыртуды да сылтау еткен Англия мен Франция Ресейге қарсы одақтас болып соғысуға құмбыл екендіктерін білдірді. Құрамында 28-мың француз, 26 мың ағылшын, 7 мың түрік әскері бар экспедициялық корпустың 1854 жылдың күзінде теңіз арқылы Қырымдағы Евпатория маңына келіп түскен жойқын шабуылына орыстар төтеп бере алмады. Шегінуге мәжбүр болды. Севастополь құрсауда қалып, содан бері қамал одақтастардың төпелеген зеңбірек оғына көміліп, ержүрек қорғаушылары қырғынға ұшырап жатыр. Бекініс іргесіндегі Малахов дөңінде өткен алғашқы шайқастардың бірінде адмирал В. Корнилов қаза тапты...

Басында діни ыңғайдағы насихатқа елтіген орыс қоғамында,

енді І Николай патша жүргізіп отырған әскери және саяси жүйеге наразылық үндер естіле бастады. Жеңіліс үстіне жеңіліс жалғасты. 1855 жылғы ақпанның ортасында генерал С. Хрулевтің Евпаторияны қайтарып алмақ болған шабуылы да ойсыраған сәтсіздікпен аяқталды. Содан соң Севастопольден айырылды. Ол аз болғандай, ағылшын флоты Балтық теңізі арқылы Кронштадтқа жақындап, Петербордың өзіне сес көрсетті...

Бір жыл бұрын ғана Босфорды өзіме қаратамын, Жерорта теңізінде емін-еркін жүземін, деп армандаған Ресейдің халі Қырым соғысы барысында осыншама мүшкілденеді деп кім ойлаған...

Кейіннен Шоқанның қимас досы, әйгілі ғалым Г. Потанин өз естелігінде, осындай қиын шақта патшаның қаза табуы, империяның бір түкпіріндегі қазақ жерінде жүрген олар сияқты қарапайым әскери адамдардың өзін де кәдімгідей сарыуайымға салдырғанын жазады. «Біз Николайды Ресейдің құдіретті және қуатты болуына ерен еңбек сіңірген нағыз көсем деп санайтынбыз, мынадай қысылтаяң кезеңде оның орнын басқан жас патша сондай ауыр міндетті атқара ала ма, енді Ресейдің басына қара аспан төнген шығар, деп сезіндік. Севастопольді басып алған одақтастар үшін Мәскеуге жету түк емес, империяның күні біткені ме, деген қамығыңқы көңіл-күй кештік», дейді. Потанин өзі сияқты казак-орыс әскерлері ғана емес, басқа жұрттың да сол шақта үмітсіздікке ұрынғанын, көпестер мен приказчиктердің өз дүкендерінің алдында ошарыла жиналып, патшаның қазасы мен Қырымдағы соғыс барысы туралы мәліметтер жазылған газеттерді жылап-сықтай отырып оқығанын, ендігі күніміз не болады, деп дағдарғандарын еске алады.

Гасфорт кеңсесіндегі генералдар қауымы бұрынғы Батыс Сібірдің губернаторы Петр Дмитриевич Горчаковтің 1851 жылдан сол Қырымда қызмет ететінін, сондағы орыс армиясының бас қолбасшысы, кінәз А. С. Меншиковтің қарамағында екенін айтар еді. Енді жаңа патша екеуін де орнынан ауыстыратын шығар, бас қолбасшы етіп кімді қояр екен? Горчаковтің туған інісі – Михаил Дмитриевич Горчаков те әйгілі генерал, қазір Дунайдағы орыс әскерінің қолбасшысы. Ресейдің ондағы әскери жағдайы жаман емес. Бәлкім,

Меншиковтің орнына соны әкеліп қоюы мүмкін, деген жорамалдар да гу-гу айтылып жатты.

I Николай патшаның қазасы туралы Омбыға желдей ұшып жеткен суыт хабарда, императордың Манежде өткен әскер шеруін байқау кезінде өкпесіне суық тигізіп алғаны, ақыры соның асқынып кетуінен қайтыс болғаны жазылған еді. Алайда іле-шала, Гасфорт төңірегіндегі генералитет арасында, патшаның оншақты жылдан бері денсаулығы сыр беріп жүргені, Қырым соғысындағы жеңілістер жігерін құм етіп, қатты күйзеліске ұрынғаны, сол күйініштен у ішіп өлгені туралы қауесет те бұрқ ете қалды. «Жоқ, олай емес екен, оған өзінің жеке неміс дәрігері, лейб-медик Мандт у беріпті», деген тағы бір жорамал шықты екі арада...

Қауесет-қауесетімен, патшаның қазасын естірткен хабардың артынша Ішкі істер министрлігінен Гасфорттың атына императорды азалау күндеріне қатысу және оның орнын басқан мұрагері II Александрға шын берілгендік пейілін білдіру үшін, қазақ дуандарынан да өкілдер шақырылатындығы және олардың Петерборға тез жетулері керектігі туралы пәрмен келіп түсті.

Наурыздың басы. Сол жылы қатты болған қыс ызғары әлі қайта қоймаған шақ. Қар құрсауында жатқан дала жолдарының қатынасқа қиын қасат боп жатқанына қарамастан, дуандарға шапқын жіберілді. «Әр аға сұлтан өз округіндегі ақ патшаның азасы мен жас императорға тағзым ету үшін Петерборға баруға лайық деп тапқан бір адамды ертіп Омбыға тез жетсін...».

Әшейінде, қыстың зәрі толық сынбай мың құбылып тұрған мазалаң шақта ұзақ жол азабын тартуға көп атқамінер ықылас таныта қоймас еді. Алайда патша алдына барудың реті ылғи келе бермейтіні және белгілі. Сондықтан да Омбы билеушілерінің таңдауына іліккен игі жақсылар өздеріне шақыру жетісімен жолға қамдана бастады. Депутацияны басқару міндегі өз-өзінен облыстық басқарманың кеңесшісі Шыңғысқа жүктелді.

Петербор сапарының хабары шығысымен, Шоқан әкесіне орайы кеп тұрған осы сапарға он жасар Мақыны да ала кетіп, оны империя астанасындағы саңырау-мылқаулардың арнайы училищесіне берген жөн болатынын, ол жерде тілі мүкіс, құлағы тосаң баланы жан-жақты оқу-білімге үйрететінін, оны бітіргенде өз ісінің маманы болып шығатынын түсіндірген. Әкесі әуелде

онсыз да денсаулығынан кемшіндік көріп жүрген, сыртқа ұзап көрмеген баланы шет жерге, бөтен жұрттың ортасына қалай жалғыз тастап кетемін, деп қиналғанымен, Шоқан: «мен де аз жылда сол Петерборға ауысатын шығармын, өзім қарап жүремін ғой», – деген соң, перзентінің болашағы үшін көнуге мәжбүр болды.

Содан Шыңғыс Мақыны алып келу үшін Көкшетауға аттанып, аз күнде қасына есенбай-қарауылдың болысы, жетпісті алқымдап қалған қадірлі ақсақал, Сырымбетке таяу Коскөлдегі қыстауында отырған Шөбек Байсарыұлыны ерте-мерте қайта оралды. Іле-шала Баянауылдан аға сұлтан Мұса Шорманұлы жетті. Қасында жанғозы-айдаболдың болысы, көп жыл бойы дуанның қазысы болған, жасы қырықтың ортасындағы Секербай Малгелдіұлы. Ақмоланың аға сұлтаны, прапорщик Ыбырай Жайықбайұлы бірден екі адамды ерте келіпті. Бірі – бұрынғы аға сұлтан, полковник Қоңырқұлжа Құдаймендіұлының әлденеше жыл болыс болған баласы, жасы отыз бестердегі Бегалы, екіншісі – сол дуанға қарайтын әліке-байдалының болысы, одан он жастай үлкендігі бар Аққошқар Кішкентайұлы.

Петерборға баратындар тізіміне Қарқаралы дуанынан бір адам – он жылдан астам уақыттан бері нұрбике-шаншар болысын басқарып, былтыр жазда ол қызметінен өз өтініші бойынша босаған, сол кезде елуден енді асқан әйгілі күйші Тәттімбет бидің ғана енгенін көреміз. Қарқаралының аға сұлтаны Төлек Тұрсынұлы (Орта жүзге Уәлимен қатар хан болған Бөкейдің шөбересі, Қарқаралының алғашқы дуанбасысы Тұрсын Шыңғысұлының баласы) бұл тізімде жоқ. Омбыға уақтылы жете алмады ма, әлде барғысы келмеді ме, шығуға мүмкіндігі болмай қалды ма, мәлімсіз...

Сондай-ақ депутация құрамына Құсмұрын дуанынан да ешкім енбегенін байқауға болады. Бұл кезде оның аға сұлтаны Есней Естемесұлы еді. Талай жыл Шыңғыстың орнына көзін тігіп жүрген Есней 1853 жылдың басында өткен сайлауда одан басым дауыс жинап, дуанбасылыққа қолы жеткен. *(Содан кейін лауазымсыз қалған Шыңғыс Сырымбетке көшіп, бір жарым жылдан соң ғана, 1854 жылдың тамызының басында Сібір қазақтары облыстық басқармасының кеңесшісі болып бекітілген еді. Оның бұл қызметке орналасуына, соның алдында*

ғана бұрынғы Сібір қазақтары шекара басқармасының таратылып, оған қарасты аумақ Сібір қазақтары және Семей атты екі облысқа бөлінуіне байланысты, жаңадан құрылған Сібір қазақтары облыстық басқармасының бастығы болып тағайындалған полковник К. Г. Гутковскийдің де тікелей септігі тигені анық). Генерал-губернатор кеңсесі Петерборға баратындарды дайындағанда, бір жағынан, қорасан ізі қалған бет-жүзіне қарауға кісі сескенетін сұсты, ызбарлы Есенеиді патша сарайына апарудан тайсақтап, оған әдейі хабар бермеуі әбден мүмкін десек те, Құсмұрынның жаңа аға сұлтанын өз қатарларына қосуға, онымен біраздан бері дұрдараздау боп жүрген басқарма кеңесшісі Шыңғыс та аса ықылас таныта қоймаған болуы керек... Әйтеуір, Есенеі сол тізімде жоқ.

Ырғалып-жырғалып жүруге уақыт аз. Қазақтың би-сұлтандарының Омбыға жиналуын асыға күтіп отырған Гасфорт, олардың басы құралғаннан кейін, сапардың мән-жайын түсіндірді де, «соңымнан тез жетіндер» деп, өзі жас патша төңірегін ауанын ертерек барып аңдау үшін, Петерборға жедел аттанып кетті.

Бұлардың қасына бас-көз боп жүруге қосып берген адам (пристав) - өздеріне бұрыннан етене таныс, облыстық басқарманың аудармашысы штатында тұратын титуляр кеңесші В. И. Дабшинский еді. Ол жеті-сегіз жыл бұрын Шыңғыс Құсмұрында жүргенде, жанындағы бір орыс жәрдемшісі (заседателі) қызметін атқарған, сол кезде баласы Шоқанды кадет корпусына бермек болған аға сұлтанмен бірге Омбыға арнайы келіп, өз үйіне түсірген қазақар жан. Одан бері де Қарқаралы дуанының аға сұлтандары Құнанбай Өскенбайұлы мен Төлек Тұрсынұлының жанында заседатель болды. Баянауыл дуанының аға сұлтаны Мұса Шорманұлының да қасындағы орыс жәрдемшісінің бірі қызметін атқарды.

Дабшинскийдің қолына берген бағдарламада Орта жүз қазақтары депутациясының ылаулатып Түмен, Екатеринбург, Пермь, Қазан, Мекержі (Төменгі Новгород), Владимир арқылы Мәскеуге жетуі, содан кейін Петерборға пойызбен баруы керектігі жазылған-ды.

Олар жолға шыққанша наурыздың ортасы ауып, жылымық лебі сезіле бастады. Омбыдан аттанған күндері қасат жолдың

іргесі мүжіліп, шана ізі сәскеге қарай жіпситін еді. Орал тауынан әрі асқан соң қар әбден жұқарып, жол ыбылжып кетті. Біртіндеп пәуескеге ауысты. Қара топырақты өңірдің таңертең қатқак, түсте батпаққа айналатын лайсанды, одан қалса жаңбыры төпелеген жүріске ауыр шағына қиліккен жолаушылар, күн өткен сайын бекет пен бекет арасын жалғап жатқан ала бағаналы қашықтықтарды еңсеріп, батырлық жырларында айтылатын мұнаралы Мәскеуге қарай ақырын-ақырын жақындай берді.

Орта жүздің игі жақсылары бұрын дәл мынадай жолсоқтылықты бастан кешкен емес. Анда-санда Омбыға барып-қайтқанның өзін алыссынатын еді, оның бәрі әшейін екен. Және ол сапар мен бұл сапарды, сірә, салыстыруға келер ме? Онда жолшыбай бір ауылдан, екінші ауылға ауыса, қонақ бола жүріп жетесің, алдыңнан қой мен құлын сойылып дайын тұрады. Шара-шара қымыз сапырылады. Ал мына жүріс басқаша. Елден сойғызып әкеліп, Омбыда шақтап пісіртіп алған еттері мен қазы-қарталарын ғана тоқтаған бекет үйлерінде шеттерінен кертіп жеп келе жатыр. Самауыр қойғызып, шай ішіп жан шақырады. Бекеттердегі аялдайтын бөлмелердің сұрқы да оңып тұрған жоқ. Түнде жарытып ұйықтай алмайсың, төсек астынан жосыған қандала маза бермейді. Далада күйме үстінде қона салайын десе, күн суық. Кейде күймелеріне жегілетін ылау аттар табылмай, ұзақты күнге бөгеліп қалған кездері де болды.

Сөйтсе де сапарға шыққандарына он жеті-он сегіз күн өткен шамада олар Мәскеуге ілікті. Пристав Дабшинский жүгіріп жүріп, содан үш жылдай бұрын ғана ашылып, Мәскеу мен Петербор арасын қосқан теміржолмен жүретін пойызға билет алды.

Қазақтарды айран-асыр еткен жайттың бірі де осы отарба болған. Кәдімгі үлкен ағаш үй сияқты бірінің соңынан бірі тізбектелген дәу күймелерге, басында қалай болар екен деп сақтана мінген олар, аздан соң сәл сырғи жүріп барып, біртін-бірін зулай жөнелген пойыздың жылдамдығына қайран қалды. «Апырай, мына отарбамен қандай жүйрік ат болса да таласа алмайды-ау, әуелі біраз уақыт қатарласа шабар-ау, бірақ шаршап жете алмай қалады ғой», десіп жатыр. «Іші қандай жайлы еді, ұйықтағың келсе, жайласып жат та мызғи бер. Тамақ ішкің келсе, отыр да тамақтана бер», дейді екіншісі... Осылайша

отарбаның қызығын тамашалап отырғанда түн болды. Жайласып тұрып ұйықтады. Ертеңіне күні бойы тағы да әңгіме-дүкен құра отырып, кешке қарай Петерборға жетті. Өздері азасына келе жатқан патша есімімен аталатын Николай вокзалына келіп түсті.

Дабшинский оларды жатын орнына жайғастырғаннан кейін, бірер күн бұрын келген Гасфортқа жолығып, аға сұлтандар мен билердің Петерборға жеткенін мәлім етті. Одан соң осы мәселемен айналысып отырған Ішкі істер министрлігінің жалпы істер департаментіне хабар берілді. Департамент директоры Омбыдан келген депутация мүшелерін түгелдей жиып, Ішкі істер министрі генерал-адъютант П. А. Валуевтің қабылдауына кіргізді.

Генерал-адъютант Орта жүз қазақтарының атынан келген депутаттармен танысып, мол пішілген қалың киімдеріне көз жүгіртіп, патша алдына жинақылау киініп бару жөн болатындығын ескертті. Императордың әкесінің қазасына көңіл білдіру мен оған шын берілгендік пейілін депутация атынан кімнің айтатынын пысықтады. Гасфорт бұл міндет облыстық басқарманың кеңесшісі подполковник Шыңғыс Уәлихановқа жүктеліп отырғанын, лепес сөзінің дайындалып, аударылып қойылғанын құлағдар етті.

Сол күні Ішкі істер министрі Валуев императорға Сібір қазақтары депутациясының Петерборға келгенін, оларды наурыздың 23-і (жаңаша сәуірдің 5-і) күнгі қабылдау тізіміне қосуға болатынын жеткізді. Патшаның келісімін алғаннан кейін Валуев император сарайының министріне қатынас қағаз жазды. *«Өздерінің шын берілгендік сезімдерін білдіру үшін С.Петерборға Орта жүздің қырғыз-қайсақтарынан сайланған депутаттардың келгенін баян етуіме орай, император ағзам, ол депутаттардың сәрсенбі, наурыздың 23-і күні, түстен кейін ұлы дәрежелі императордың қабылдауына кіре алатындығы туралы биік мәртебелі келісімін берді. Осындай жоғары мархабатты ықтиярды Сіздің мәртебеліңізге хабарлай және келген қайсақтардың тізімін жолдай отырып, олардың жанындағы приставы, Сібір қайсақтары облыстық басқармасының аудармашысы титуляр советник Дабшинский екенін қаперіңізге салуды да парызым деп есептеймін».*



Жүздесу рәсімі Қысқы сарайда өтті. Орта жүз өкілдері ғана емес, дәл солар секілді империяның әр түкпірінен жиналған депутатияларды олардың Петерборға жеткен уақыттарына қарай жаңа патша кезек-кезегімен осы қысқы ордасында қабылдап жатыр екен.

Қырдан келген би-сұлтандарды Қысқы сарайдың кең-кең салтанатты залдары арқылы алып жүрді. Мұндай малынған әсемдікті бірінші рет көрген олар, ертегілердегі алтынмен апталып, күміспен күптелген дейтін хан ордаларының өзі де мынаның қасында салыстыруға келмейтін шығар, деп ерекше қайран қалып келе жатты. Неткен байлық, неткен береке. Бар маң жарқ-жұрқ қымбат дүние, қабырғалар ғана емес үйдің төбесіне дейін салынған неше түрлі суреттер, қаптаған мүсіндер, көздің жауын алатын асыл жиһаздар. «Мынадай зәулім ордасы, аста-төк қазынасы бар елді қалай ғана қуатты демессің, оны билеп отырған патша ағзамдар әулетін қалай ғана асылтекті демессің...». Сарайдағы сән-салтанат мысы бір сәт оларды осындай ойларға матағандай да хал кештірер еді.

Депутаттарды сәнді ақшаңқан залдың ортасына әкеліп тізді. Айнала биік мәрмәр бағаналар, әсем көзелер, төбеден самсай салбыраған зор шамдалдар. Алдыңғы жақта ылғи бір алтын зерлі эполет тағынған, лента асынған маңғаз жанаралдар сапы. Олардың жанында қазақтарға керемет боп көрініп жүрген Гасфорттың өзі көзге қораштанып қалды. Бір уақытта олар төрден өздеріне қарай беттеген сақал-мұрты жинақы сары кісіні байқады. Қастарындағы Дабшинскийдің «император ағзам» деп сыбырлап айтқанынан ғана білді, келе жатқан II Александрдың өзі екен. Қазақтар жалма-жан қоғадай жапырылып, қолдарын кеуделеріне қойып тағым жасады. Сұңғақ бойлы, кең маңдайлы, шашын сәндеп тараған патша олардың қарсы алдына келіп тоқтаған соң, Ішкі істер министрі Валуев бұл депутатияның қырғыз-қайсақ елі Орта жүз бөлігінің өкілдері екенін мәлім етті. Одан соң сөзді Гасфорттың өзі алып, әр делегатты жеке-жеке таныстырып шықты. Біткесін, Шыңғысқа қарап дайындалған сөзді айту керектігі туралы белгі берді.

Қасындағы басқа да серіктері сияқты патша алдында тұрғандарына сенер-сенбес күй кешкен абдырау халдегі Шыңғыс бірер күннен бері әзірлеп жүрген қазақша арнау сөзді, сәл үні

тұтығынқырап бастады. «Ұлұқ мәртебелі император ағзам, асылтекті алдияр тақсыр, қазақтың Орта жүзінен келген аға сұлтандар мен билер Сіздің аяғыңызға жығыла отырып, бұл пәни дүниеден өткен әкеніз, бәріміздің Ұлұқ мәртебелі падишамыздың қазасына аса қатты қайғырып көңіл айтамыз. Нұры пейіште шалқығай... Алдияр тақсыр, асылтекті патша ағзам әулетінің қазақ халқының игілігі үшін жасап отырған ерекше қамқорлықтары үшін біз әрдайым басымызды жерге дейін иіп тәжім етеміз... Сіздің нұр сипатты жүзіңізді көру шарапатына ие болғанымыз үшін де өзімізді шексіз бақытты санаймыз... Кеңбайтақ империяңыздың алыс түкпірінен Сіздің мархабатты тағыңызға бас ұруға келе жатып, біз аспанда жұлдыз қанша көп болса, сонша халықтың Сіздің шапағатты есіміңізді дәріптеп отырғанын көрдік. Біз тағы да Сізге бағынышты, бодан елдердің қатарында болғанымыздың қандай зор бақыт екенін одан әрі терең сезінгендей хал кештік, мейірбанды ақ патшам...» - дегендей қошеметшіл жолдарға толы арнау сөзді соңына дейін әйтеуір шатаспай айтып шықты.

Қазақшаны түсінбесе де аяғына дейін үнсіз тыңдаған патша оның аудармасын сұрады. Дабшинский дереу алға шығып, сөздің алдын ала дайындалған орысша нұсқасын сартылдата қайталап берді.

Содан соң император Орта жүз қазақтарының игі жақсыларына алыстан ат арытып, көңіл айтуға келгендері, өздерінің жан-тәнімен шексіз берілгендік пейілдерін паш еткендері, ілтипат білдіргендері үшін алғысын жеткізіп, Ресей өз қарамағындағы елдерге қамқорлығын еш аямайды, оның қуаты жер-жерлердегі сіздердей адал адамдардың көмегі арқасында одан сайын нығая түседі, деп қысқаша қайырды. Қасындағы министріне қонақтарға Қысқы сарайды жақсылап аралату, тәтілетіп шай беру туралы тапсырма беріп, төрдегі есікке қарай қозғалды...

Сарайдың басқа залдары да бірінен-бірі өткен әсем екен. Әскери галерея дейтін залда орыстардың 1812-14 жылдары француз патшасы Наполеонмен болған жеңімпаз соғысына қатысқан қолбасшылар мен жанаралдарының үш жүзден астам суреті ілініпті. І Александр патша ағзамның, бас қолбасшы Кутузовтың суреттері тым ірі салыныпты. Бастықтары

Гасфорттың «мен қызмет еткен армияның қолбасшысы» деп мақтан етуді ұнататын Барклай-де-Толли суретінің де үлкендігі де солармен шамалас.

Ақ патшамен кездескен осы күннің қырдан келген би-сұлтандар үшін талай уақыт қайта-қайта оралып соғып айта жүрер ең қалаулы әңгімелерінің біріне айналары өз-өзінен түсінікті еді. Бұған дейін Петерборға жолы түскен ағайындарынан естіп жүргенімен, көзбен көргеннің жөні бөлек екен. Ерекше әсерлерге кенелді. Осы сапардан кейін олардың көбі «Біз ақ патшамен жолыққан жылы, Петерборға барған жылы, пойызға мінген жылы...», деген сияқты сөз тіркестерін қосып сөйлеуді дағдыға алды. Сол сапардан кейін Мұса Шорманұлының «Петерборды көрмеген кісінің тудым, дүниені көрдім дегені бекер екен», деп айтқан сөзі де ел аузында көпке дейін қайталанып жүрді.

Шыңғыстың императормен кездескеннен кейінгі басты тірлігі Мақыны арнайы көздеп келген мектепке орналастыру жайы болған. Оның осы туралы жазған өтінішіне әртүрлі қолдар қойыла келе, ақырында ол қағаз Сібір комитетінің төрағасы, кінәз А. Чернышевтің алдына жеткен. Сөйтсе, онымен де іс бітпейді екен. Патшаны құлаққағыс ету қажет екен. Енді Чернышевтің өзінің атынан патшаға өтініш жазылды. Солай да солай... «Петерборға Орта жүз қазақтарының депутациясымен келген Сібір қазақтары облыстық басқармасының кеңесшісі, подполковник Шыңғыс Уәлиханов өзімен бірге он жасар баласы Әбілмақжанды ала келіп, оны қазынаның есебінен саңырау-мылқаулар училищесінде тәрбиелеуді қалап отыр. Сіздің императорлық мәртебеңізге подполковник Уәлихановтың осы өтінішін жеткізе отырып, мархабатты рұқсатыңызды сұрау бақытына ие болып отырмын...». Содан кейін Чернышев бұл мектепке қабылдаудың жай-жапсары туралы мәліметтер ұсынып, училище оқушыларының саны белгіленген мөлшерден асып кетсе де, кішкентай Уәлихановты қазынаның есебінен жаңа орын ашылғанша ала тұруға мүмкіндік бар екенін тәптіштеген. Сонымен бірге сұлтан Уәлихановтың Петерборда не туысы, не танысы жоқтығына байланысты, оның баласына училищеге түскеннен кейін қамқоршы керек екені, бұл міндетті Сібір комитетінің іс басқарушысына жүктеу жөнінде де патшаның

келісімін сұраған...

Ақыры бұл мәселе де шешілді. Мақы Гороховой көшесіндегі аталған училищеге қабылданды. Баланы Шыңғыс пен Мұса екеуі апарып тапсырды. Ештеңенің байыбына түсінбеген Мақы әкесі мен нағашысына жаутаң-жаутаң етіп қарайды. Әйтеуір өзіне жаға қоймайтын бір нәрсенің өтетінін іші сезгендей, сәл болмаса егілгелі тұр. Шыңғыстың да көңілі босағанымен, оны баласына білдіргісі келмей, айналып-толғанып қояды. Сәлден кейін көз жасы сорғалаған Мақыны тартыншақтағанына қарамай, мектеп тәрбиешілері ары қарай алып кетті. Қанша қиналса да өз қолымен әкеп тұрған соң, әке не істей алсын, өзін бекем ұстап қала берді. Тіл-құлағы жоқ баланың бөтен ортадағы халі не болады деген уайымға жегіліп, қоналқы орындарына қайтты. Мұса пәуескеде келе жатып ұнжырғасы түсіңкіреп кеткен жездесіне: «Көп ойлай бермеңіз, ертеңгі күні орыстың білімін алып, өз ісінің маманы боп шыққан кезде қызығын көресіз. Шоқанжан да туған інісін бұл оқуға бекер жіберіп отырған жоқ қой. Өте бір дұрыс шешім болды, деп есептеңіз, – деп көңілін аулай сөйледі. – Реті келіп, Петербор сапары тағы шығып жатқандай болса, соғып тұрармыз, Шоқанжанның да келіп-кетуге мүмкіндігі баршылық ғой...».

Бекер айтпаған екен. Келесі жылы жазда Баянауыл дуанының аға сұлтаны Мұса Шорманұлының Петерборға тағы да жолы түсті. Ол II Александр патшаның 1856 жылғы тамыздың 26-сы (жаңаша қыркүйектің 8-і) күнгі тәж кию рәсіміне орайластырылған мерекеге қатысу үшін Орта жүз атынан жасақталған депутацияның бір мүшесі ретінде келген. Тәж кию салтанаты Мәскеу Кремлінің Успен соборында болғанымен, тойдың негізгі шаралары Петербордың өзінде өтті. Мұрағат деректеріне қарағанда, бұл жолы, Мұсамен бірге оның бір жарым жыл бұрынғы сапарлас серіктері Ақмола дуанынан Ыбырай Жайықбайұлы, Аққошқар Кішкентайұлы, Қарқаралыдан Тәттімбет Қазанғапұлы да болған.

Депутация құрамында Шыңғыс Уәлиханов жоқ. Оның 1863 жылы толтырылған өмірбаяндық формуляр тізіміне көз салсақ, патшаға 1855 жылы барған сапарына орай, екінші дәрежелі Әулие Станислав орденімен марапатталып, полковник шенін алған, бұрынғыдай Сібір қазақтары облыстық басқармасының кеңесшісі болып істейтін дүмді қызметіне қарамастан,

Шыңғыстың бұл сапарға қатыспағанын көреміз.

Оның бір жағынан, былтыр бастан кешкен жолсоқтылық азабынан қашқақтауы мүмкін десек те, Петербордағы баласы Мақыны көріп қайту үшін де баруы керек еді ғой деген де ой келеді. Әлде, оған осы кезде Шоқанның да алыс сапарда жүргені себеп болды ма екен? Өйткені көктемнен бері Шоқан Омбыда жоқ. Күн жылынып, жол ашылысымен, ол Ыстықкөл аймағын барлайтын арнайы ғылыми-әскери экспедицияға қосылу үшін Жетісуға аттанған. Оны аяқтағасын, өзіне жүктелген кезекті мәмілегерлік міндетті атқару мақсатымен Құлжа жаққа жол тартты. Қазір сонда. Шамасы, Шыңғыс үлкен баласының ұзақ сапарда жүруіне байланысты, онымен қабаттасып жолға шықпай-ақ қойғанды жөн көрген сынайлы. Әйтпесе, барып-қайтуына әбден болатын-ақ еді ғой.

Әрине, өзі жолға шыға алмайтын болған соң, оның депутация құрамындағы қайнысы Мұса Шорманұлына Петерборда Мақының мектебіне соғып, хал-жағдайын біле келуді ерекше тапсырғаны анық.

Баянауылдың аға сұлтаны императордың тәж кию рәсіміне орайластырылған тойдан мерейлі оралды. Есаул шенін былтыр ғана алғанына қарамастан, осы той кезінде оған мерзімінен бұрын майор дәрежесі берілді. 1853-1856 жылдардағы соғысты есте қалдыру мақсатында тағайындалған арнайы медальмен, көзіне меруерт қондырылған алтын жүзікпен марапатталды. Содан соң жездесі Шыңғыс пен әпкесі Зейнептің тағатсыздана күтіп отырған хабарын да ала келді. Мақыға арнайы барып жолығыпты. Жиені бір жыл ішінде кәдімгідей шираған. Нағашысының келгеніне қатты қуаныпты. Орысша хат танып қапты. Ыммен сөйлесу әдісін меңгеріпті. Сурет салуға үйірсектеу екен. Мұғалімдері ерекше қабілеттілігін айтып мақтап жатқан көрінеді...

Осы сапарда Мұсамен бірге барған басқа депутаттар да масат-марапаттан құралақан қалған жоқ. Ыбырай Жайықбайұлы есаул, Аққошқар Кішкентайұлы хорунжий, Тәттімбет Қазанғапұлы жүзбасы шендеріне жоғарылатылып, бәрі де мойынға ілетін анна лентасына тағылған император ІІ Александрдың бейнесі бар «Ынтасы үшін» күміс медальдарын алды. Әсіресе Тәттімбет күйшінің мерейі ерекше көтерілді. Ол

императордың тәж кию тойына жан-жақтан жиналған өнерпаздар қатарында патша арнайы тамашалаған концертке қатысып, дүйім тыңдаушыны қазақтың сырбаз күйшілік өнерімен тәнті етті...

(Орта жүз қазақтары игі жақсыларының Петерборға барған сол сапарларындағы айлар бойы қоян-қолтық жүрген күндер оларды өзара бұрынғыдан да жақындастырып, әуелден бар құдандалық, жегжаттық қатынастардың әрі қарай жалғасуына әсер еткендей, Осы сапардан кейін Шыңғыс өзімен Петерборға бірге барған Бегалы Қоңырқұлжаұлының інісі Абылайға Шоқаннан төрт жас кішілігі бар қызы Бәдіғұлжамалды ұзатады. Яғни, Сәмеке ханның шөбересі, Ақмола дуанына талай жыл ағасұлтандық еткен, 1836 жылдан дворяндық атағы бар әйгілі Қоңырқұлжамен құда болады. Сол сапарлар барысында бір-бірінің кісілігі мен кіршіксіз көңілдерін тереңнен таныған Тәттімбет пен Мұса да мынжылдық туыс болуға уағдаласып, көп ұзамай Мұсатай Тәттімбетұлының ақ отауына Шәмсіқұмар Мұсақызы келін болып түсті... Арада оншақты жыл өткеннен кейін Шыңғыстың өз қызы Нұрида нағашысы Мұсаның Сәдуақасына ұзатылады. Қоңырқұлжаға келін болған Бәдіғұлжамал кейіннен өзінің баласы Жақышқа туған інісі Мақының қызы Әсмәні алып береді...).

#### **4. Қаратал, Іле алабында**

1855 жылы Петербор сапарынан оралысымен, Батыс Сібір генерал-губернаторы және Дербес Сібір корпусының командирі Г. Х. Гасфорт өзіне қарасты аймақ құрамында бір жыл бұрын ғана жеке Семей облысы ретінде енші алған аймақты аралауға шықты.

1854 жылдың маусымында *Сібір қазақтарының шекара басқармасы* таратылып, оның орнына Ресей қарамағына енген бұл ұланғайыр қазақ жерін екіге бөліп басқару жүйесі енгізілген болатын. Олар – *Сібір қазақтары облысы* және *Семей облысы* деп аталады. Сібір қазақтары облысына Құсмұрын, Көкшетау, Қарқаралы, Баянауыл, Ақмола және Атбасар дуандары қараса, жаңадан құрылған Семей облысына Ішкі, Аягөз, Көкпекті, Қапал, Алатау дуандары кірді. Сібір қазақтары облысының әскери губернаторы болып, шыққан тегі эстляндық неміс, генерал-майор

Густав Карлович Фридрихис, Семей облысының әскери губернаторлығына, бұрын Сібір қазақтары шекара басқармасының бастығы болған полковник Петр Михайлович Спиридонов тағайындалған.

Батыс Сібір генерал-губернаторының бұл сапары да сонау жылдары Сперанский реттеп кеткен жарғы талабына сай, әр жыл сайын губернатор не оның қасындағы жоғарғы ұлықтардың бірі қарауындағы жалпақ елді шолып, ревизия жасап қайтуы керек дейтін ереженің дәстүрлі орындалу ретіне саятын. Жергілікті жерлердегі әскери басшылар мен қазақ ел билеушілерінің үлкен ұлыққа жақсы жағынан көрінуге тырысып, жанталасатын шағы да осы тұс. Әдетте мұндай аралаулар кезінде халықтың арыз-шағымдары да тыңдалып жатады.

Алайда биылғы сапардың тағы бір ерекшелігі бар еді. Соңғы айларда Жетісудан жетіп жатқан суыт мәліметтерге қарағанда, қоқандықтардың қауіпті қимыл-әрекеттерге көше бастағаны байқалыпты. Олар Алматы, Қапал бекіністеріне шабуыл жасамақшы көрінеді.

Сол себепті де Гасфорт, бір жағынан қоқандықтарға сес көрсету үшін ең алдымен Жетісуда болып, Семейге қайтар жолда соққанды жөн көрген. Қасына бірталай жоғары ұлық пен саусылдаған әскер ерткен сол сапарына ол, арнаулы тапсырмалар жөніндегі адъютанты Шоқанды да қосқан еді.

Генерал-губернатордың шерулеткен тобы Омбыдан Ертістің сол жағынан басталатын ығымен тік түсіп, Баянауыл, Қарқаралы арқылы Абыралы тауларына шықты да, одан Шыңғыстаудың шығыс етегін жиектей Аягөзге жетіп, Қапал, Алматыға қарай өтті.

Осы жолы Шоқан Үш Алматы жазығында былтыр ғана ірге көтере бастаған Алматы бекінісін де бірінші рет көрген еді. Іле өзенінен күнгейге қарай жатқан өңірлерді Ресей империясына бағындыру мүддесіне орайластырыла тұрғызылған бұл қамалдың жайымен ол бұрыннан сырттай таныс болатын. Омбы мұрағатындағы өзі танысқан мол құжаттар арасында Гасфорттың бұйрығымен сол бекіністің іргесін қалау және қыстап шығу үшін Қапалдан аттанған отряд командирі, Ұлы жүз приставы майор М.Д. Перемышльскийден келген хабарламалар да бірқыдыру. Оларда 1853 жылдың жазында бір рота солдат пен екі казак-орыс

жүздігінен құрылған отрядтың Іленің сол жағалауына өтіп, жаңа бекініске лайық жер іздегені, айтылады. Шоқан сол құжаттардан өзінің корпустас досы, хорунжий Григорий Потаниннің осы қосын құрамында қызмет еткенін білген.

Перемышльскийдің Омбыға жіберген мәлімхатындағы мына жолдар да есінде. «Инженер-поручик Александровский екеуміз Бірінші мен Екінші Алматы өзендері және олардың аралығындағы жазықты барлап, бұл қойнауды ағаш дайындауға қолайлылығы, егін егуге лайық құнарлы жерлерінің, жайылымы мен шалғындарының молдығы жөнінен Есік пен Талғар атыраптарынан асып түседі деп – делінген еді онда.

Бір жағынан, патшаның отарлау саясатын алдыңғы шепте жүргізушілердің бірі, екінші жағынан, Мәскеу университетінде Лермонтовпен бірге оқыған, қиырдағы осы қамалға «Современник» журналын арнайы жаздырып алып тұрған білімді офицер Перемышльскийдің жергілікті халық *Үш Алматы* жазығы деп атайтын алапта ірге көтерген жаңа қонысты әуелден Алматы деп атауы да бекер емес-тін. Ол бұл аймақты жыл санауға дейінгі дәуірлерден-ақ мекендеп келген жартылай отырықшы тайпалардың дәстүрлі қоныс-тұрағының көненің көзіндей боп жеткен байырғы атауын сол күйінде өзгертпей алғанды жөн көрген. Және оны қазақша айтылуындағы қалпын бұзбастан «Алматы» деп жазған. Бірақ отаршылдық саясатты құлшына жүргізіп отырған империя, жаңа бекініс Ресейдің ең оңтүстік шебінде *«христиандардың мұсылмандарды жеңгенінің сенімді белгісі ретінде танылсын»*, деген ниетпен, оны Верный деп атау туралы жоғарыдан нұсқау түсірді.

Соған қарамастан, сол кездегі көп шығыстанушылар ақиқаттан аттамай, оны өз жазбаларында талай уақытқа дейін «Алматы» күйінде көрсетіп жүрді. Әйгілі географтар Потанин мен Венюков естеліктерінде де ол осылай жазылды. Шоқанның өзі қала тарихын сол кезде-ақ әріден қозғап, ол туралы «Жоңғар очерктерінде»: «...Алматы өзінің сауда-саттығымен әйгіленіп, Генуя көпестерінің Қытайға, қыпшақ елшілерінің Ұлы ханға қатынайтын үлкен жолының үстінде тұрған қалалардың бірі болды», деп атап көрсетті. Сондай-ақ ол 1855 жылы Гасфортпен бірге Алматыда болып кеткеннен кейін жазған «Іле өлкесінің географиялық очеркі» еңбегінде Іле өзеніне құятын өзендерді



атай келе: «Қаскелең өзеніне оң жағынан... Үлкен, Кіші және Орта Алматы тармақтары... келіп қосылады» деп атап көрсетеді. Қоқанның ХУІІІ-ХІХ ғасырдағы тарихи дереккөздері (мәселен, «Тарих-и Шахрухи») мен Кенесары ханның ұлы Ахметтің «Кенесары сұлтан және Сыздық» атты кітабында да осы жазық «Үш Алматы» деп аталады. Он жетінші ғасырдағы ойрат, қытай және мәнжу тілдеріндегі мәліметтерде де ол қазақшадан тікелей аударылып, «гурван Алматы» (үш Алматы) деп жазылған...

Ұлы жүз приставы Перемышльскийдің отряды 1853-1854 жылдың қатал қысын Талғар өзенінің Ілеге құярында уақытша салынған бекіністе өткізеді де, көктем шыға Орта Алматының жағасына келіп шатырлар мен киіз үйлерін тіккен. Сол жерден олар күн сайын бекініс салуға керек қарағайларды кесу үшін тау шатқалдарына беттейтін.

(Инженер Александровский Кіші Алматы өзенінің сол жағалауында салынатын бекініс орнын, құрылыстары мен топырақтан үйлетін жалдардың нобайларын нақтылап, қадаларын қағып біткесін, солдаттар болашақ қамал маңына жақын көшіп, оны тұрғызуға тікелей кірісіп кетті. Ал олардың ерте көктемде келіп уақытша орныққан мекені – *Орта Алматы* өзені содан бері орыс деректерінде *Весновка* атауымен таныла бастады. Орыс тілінің сөз жасау құрылымына тән, шағын өзендерді кішірейте атау дағдысына сәйкес қойылған атау, кейіннен сол түзілімімен қазақ тілінің үйлесім заңына бейімделу арқылы (веснов – *есен*; ка – қазақша кішірейту мағынасындағы *тай* жұрнағына ауысып) *Есентай* түрінде аталып кетті. Сөйтіп, Шоқан және басқа да сол замандағы зерттеушілер еңбектерінде көненің көзіндей боп жазылып қалған, жергілікті қазақтар «Орта Алматы» деп атаған гидроним ұмыт қалды).

Айналасына биік топырақ жалдары үйіліп, ұштары үшкірленген бөренелермен қоршалған Алматы бекінісі, Шоқан генерал-губернатормен бірге келіп, алғаш көрген кезде, енді-енді ғана етек-жеңі жиыла бастаған мекен еді. Қамал ішінде бөренеден қиылған екі казарма, подполковник Перемышльскийге арнап салынған үй, офицерлер мекендейтін жай, ұстахана, қойма мен гауптвахта секілді құрылыстар салынып біткен. Кіші Алматы өзенінің бойында бойдақ казак-орыстарға арналып, маңайдағы елден сатып алынған киіз үйлер де қаз-қатар тігіліп тұрды.

Шоқан Жетісудың сол ғасыр басынан бергі өзге елдерге бағынышты болу тарихынан да біршама хабардар. Бабасы Абылайдың кезінде қуатты Қазақ Ордасының бір қапталы болған осы аймақты, кейінгі келте хандар уағында Қоқан хандығының өз ықпалына қаратып, әлденеше бекіністер салып алғаны белгілі. Сол қамалдарында ұстайтын қарулы әскерлерінің күшімен Ташкент, Қаратау алабындағы күнгей қазақтары секілді бұлардан да алым-салық, зекет мен құшыр жинайды. Кейде шектен шығып, тізелері батып та кетеді. Ондайда жергілікті қазақтар да қарап қалмайды. Қарсылықтарын білдіріп, қарулы қақтығыстарға барып жатады.

Әуелде Кіші жүз бен Орта жүз сияқты діні бөлек орысқа бағынғаннан гөрі, іргедегі қаны, діні бір Қоқанға қарағанына шүкіршілік етіп жүрген Ұлы жүз билеушілерінің ел-жұрты теперіш көрген осындай шақтарда, Ресей қарамағына өтуді үгіттеген жымысқы насихаттарға емексіп қалатын сәттері де жоқ емес. Төрт тараптан келетін сауда жолдары тоқайласып жатқан, суы нәр, жері құнарлы, өрісі шүйгін, жаннат Жетісу мен Сыр алабындағы өңірлер Қоқаннан басқа Бұхар мен Хиуаның да көз құрты. Орайы келсе, бөліп-бөліп алғысы-ақ келеді. Қазақ жері үшін өзара қырқысып та қояды. Жетісуға шығыс жақтан Қытай да сұғын қадайды. Жоңғар хандығын жойғасын өз иелігіне айналдырған Шынжаңмен іргелес жатқан қазақ, қырғыз ауылдарынан алым-салық жинап тұрудан, Жібек жолы бойындағы сауда ырыздығынан қол үзгісі жоқ. Бәрінің де есілдерті – Жетісу мен оңтүстік өлкелерді бауырына басып, уысынан шығармау.

Ресейдің мүддесі тіптен әріде. Оның іс-әрекеттері – күнгей хандықтардың ағылшындар ықпалына кетпеуін көздеумен қабысып жатыр. Тезірек қармап, бағындырып алу ниетіне берілген. Ал ол мақсатқа жетудің бір бағыты Жетісу, Қаратау үстімен өтетін.

Абылай ханның Ұлы жүз руларын билеуді Әділ және Сөк деген балаларына тапсырғаны Шоқанға жақсы мәлім. Әділ – өз атасы Уәлимен бір құрсақтан шыққан. Екеуінің де қарақалпақ Сайман ханымнан туғанын әкесі Шыңғыс айтып отыратын. Қарамағындағы дулат пен шанышқылы рулары Қоқан хандығы мен Ташкент бектігі арасында өткен қырқыстарда жөнсіз

қырғынға, талан-таражға ұшырай бергесін, амалы таусылған Әділ XIX ғасырдың басында өз құзырындағы 10 мың отбасымен Қытай қарамағына да көшіп кетіпті. Кезінде Абылай ханның жұмсауымен Қытайға елшілік басқарып барған, еженхан сарайында аманат ретінде де ұсталған, Мәншың (қазақтар мәнжу әулеті билеген Чиң /Қытай/ мемлекетін осылай атаған) императоры тарапынан әкесінен қалған билікті мұрагерлік жолмен иемденуге құқылы «уаң» атағын да алған Әділ сұлтан сол жақта тыншу тіршілік құрармын, деп ойлаған болуы керек. Алайда ол үміті ақталмайды. 1814 жылы атамекенге қайта көшіп, Ташкент төңірегінде жүрген Омар ханға баласы Нұралыны (болашақ аға сұлтан Тезектің әкесі) лайықты сый-сияпатымен арнайы аттандырады. Ширатпа қағазға жазылған хатта өзінің ел-жұртымен бірге дінсіздер арасынан қайтып оралғанын, қалған күндерін ислам билігі саясында өткізгісі келетінін өтініп, шапағаты мол Омар ханға бағынатынын білдіреді... Қоқан сарайы өзі келіп, құзырына енемін деп тұрған елден бас тартсын ба? Нұралы төрені құрметпен қабылдап, әкесі мен оның ел-жұртының мархабатты хан тарапынан қорғауға алынғандығы жөніндегі пәрменді қолына беріп қошеметпен шығарып салады.

Әділ 1815 жылы қайтыс болғаннан кейін, Ұлы жүздегі одан кейінгі үлкендік жол Абылайдың Қаратал мен Іле алаптары аралығында жатқан руларды билеуге қойған баласы, атығай-қарауылдың Тоқта деген қызынан туған Сөк сұлтанға ауған еді. Тарихи деректерде жалайырлардың билеушісі ретінде аталатын Сөк Жетісуды қаусыра бастаған Қоқанға бағынғанды мақұл көрмей, Ресейге бодан болғанды жөн деп тауыпты. Орыс жағы үгітшілерінің біз малға салынатын зекетті қоқандықтарға қарағанда екі жарым есе кем аламыз, өз биліктеріңіз өздеріңізде болады,.. деген сыңайдағы емексітулеріне еріген Сөк сұлтан Орта жүздегі Абылай тұқымдары да Ресейге қарап кетті ғой, ағайындарыммен бірге көрерміз, деген оймен, 1818 жылы бодандыққа қабылдау жөнінде патшаға өтініш жазады. Келер жылы өзіне қарайтын 55 мың адамымен бірге, адалдыққа ант береді. Сөйтіп, қыл ноктадан қашып, темір ноктаға өзі барып басын сұғады. Жолы үлкен Сөк ағаларының жолын 1822 жылы тағы он төрт сұлтан қолдайды. Олар да қоқан езгісінен құтылудың жөні осы деген оймен, өздеріне қарайтын 165 мыңдай

еркек кіндіктімен орысқа бағынышты болуға өтініш білдіреді.

Дегенмен, содан кейінгі жылдары басталып кеткен орыс-түрік соғысы, Қап тауындағы Шәміл имаматымен ұзаққа созылған ұрыстар, Кенесары ханның Омбы мен Орынбор әкімшілігінің тынышын кетірген ұлт-азаттық көтерілісі, қазақ даласындағы мұсылманның бәрін өз бағыныштысы деп танитын Қоқан хандығымен жүз шайысудан қашқақтау мәжбүрлігі, шығыс жақтан Қытайдың да салқын қабақ танытуы Ресейдің Жетісуға ентелеуін сәл кідірткендей еді.

Бұл жылдарда Қоқан жағы да қарап жатпаған болатын. Орыс билігіне өте қоймаған Шу бойына Бішкек, Тоқмақ, Мерке қамалдарын салды. Іленің сол жағалауына жақындап бекініс тұрғызды. Ауық-ауық Ұлы жүз қазақтарын шауып, зекет пен хараж жинап кетуді де тоқтатпады.

Патша әкімшілігін мазасыздандырған бір күмән – Кенесары Жетісуға келгенде, оны Ұлы жүз рулары жаппай қолдап кетпес пе екен, деген қауіпке саятын. Сөк сұлтан мен Әділ сұлтан балаларының Кенесары сияқты Абылай тұқымдары екені, туысқандық пейілдері ұстап, оған ауып кетсе, жағдайдың күрделіленіп кететіндігі де өз-өзінен түсінікті. Дегенмен Ресей империясының соның алдындағы жылы ғана қоқан әскерлерінің шабуылдарынан қорғауды өтініп, Қаратал алабына бекіністер тұрғызуды сұранып жүрген жалайыр билеушісі Сөк Абылайханұлы, дулаттың төресі Әли Әділұлы, албанның басшысы Хакім Құланұлы (Әділдің немересі), шапыраштының рубасысы Төлек Әділұлы, суанның сұлтаны Адамсат Ибақұлы сияқты төрелердің тілегін қабылдап, оларға қызмет, ағасұлтандық мәртебе беру, жалақы белгілеп, шен-шекпен, сый-сияпат үлестіріп үлгергені таразының басын орыс жағына аударуға әсерін тигізді. Бодандық қамытын киюді қаламайтын кей батырлар мен билерге қарасты елдер, қазақтың дербес болуына қолдау білдірген рулар Кенесары жағына шығып жатқанда, аталған төрелер сияқты бірқатар ел ұйытқылары 1846 жылдың жазында Сібір қазақтары облысының шекара бастығы, генерал-майор Н. Ф. Вишневскийдің шақыруымен Лепсінің жоғарғы ағысында өткен Ұлы жүздің би-сұлтандары мен Орта жүздің іргелес Қарқаралы, Аягөз, Көкпекті округтерінің дуанбасылары қатысқан құрылтайда Кенесарымен ат құйрығын кесісетіндіктері

туралы шешім қабылдады.

Осы құрылтай туралы Сібір казактары шекара басқармасының мұрағатында жиналған құжаттармен де Шоқан тыңғылықты танысқан еді. Қағаз бетіне түскен мәліметтерді қарап отырып, Абылайдан тарайтын өз туыстарының аты-жөндері жазылған жерлерге қызыға үңілген. Айбынды бабасы ойрат басқыншылығынан араша бола ма деп орыстан қолдау сұраған еді. Соның ақыры кешегі Кенесарының қазақ даласына орыстардың жаппай дуан ашып, бекіністер сала бастауына қарсылық білдіруіне ұласқан жоқ па? Осындай кептің бәрін көре тұра, Ұлы жүздегі хан тұқымдары Қоқаннан зәбір-жапа шектім деп, қайта-қайта бодандыққа алуға өтініш жасап, орыс қамалдарын тұрғызуды сұраныпты. Оларды Қоқанның аз-мұз шапқыншылығынан Кенесарының өзі-ақ қорғай алатын еді ғой. Абылай тұқымдары өзара түсінісіп, жеке хандық құрып отырсақ, дегенді де қарастырмапты-ау? Бірақ Ресей империясы оған тоқтаушы ма еді, қылғытып жұта салады ғой, деп әрі-сәрі ойларға да берілген-ді. Сол құжаттардан осы Лепсі құрылтайына Ұлы жүздің басшыларымен бірге, Орта жүздің Қарқаралы дуанының аға сұлтаны, Бөкей ханның немересі, майор Құсбек Таукеұлының, күшік-тобықтының болысы, хорунжий Құнанбай Өскенбайұлының, Аягөз дуанының аға сұлтаны, Көшек ханның тұқымы Бөлен Саңқайұлы, Әбілмәмбет ханның ұрпақтары Бексұлтан Ағадайұлы мен Барақ Солтыбайұлы сияқты сұлтандардың да қатысқанын оқыды.

Сол құрылтайдың артынша, 1846 жылдың күзінде Жетісу Алатауының құйқалы, қорысты қойнауын жарып ағатын, жағасының қоғасы мен құрағы қалың Қопалы өзенінің бойынан жаңа бекіністің іргесі қаланғаны да өзі танысқан мұрағат құжаттарында жазылып қалған. Жаңа қамалдың орнын содан екі жыл бұрын Аягөзден алты зеңбірек сүйреткен арнайы жүздікті бастап келген хорунжий С. Абакумов белгілеп кеткен болатын. Алайда тау өзенінің еңісті аңғарында жайғасқан бекініс орнының сәтсіз табылғаны алғашқы қыстың өзінде-ақ байқалып қалады. Ол қатты боран кезінде қар астына көміліп қалып көп әбігерге түсіреді. Келесі 1847 жылдың көктемінен бастап бекініс орны тепсеңдеу жердегі кейінгі орнына ауыстырылады. Оның құрылысын жүргізу үшін ішкі жақтан қарашекпенділер

көшіріліп әкелінеді.

Осы Қапал бекінісі содан бері Жетісуды отарлаудың басты тірек-тұғырына айналды. Ұлы жүздің приставы (бастығы) осында отырды. Округ орталығы атанды. Қаратал, Іле бойы қазақтарына және олармен іргелес қырғыздарға қарай бағытталатын әскери жорықтардың бәрі осы Қапалдан басталып жатты. (Әуелде Қопалы өзені бойынан бой көтерген бекініс атауы сол заман құжаттарына байырғы дыбысталуына жақын «*Копал*», «*Копальск*» түрінде түскенімен, орыс тіліндегі дауыстылардың айтылу заңдылығына сәйкес «*Капал*» түрінде естіліп, біртіндеп қазақ тіліне де сол қалпымен «*Қапал*» боп ауысты, солай айту, жазу дағдысы қалыптасты. Әйтпесе, оның түбі – Қопалы. – *авт.*).

Шоқан Қапалдың сол бастапқы кездегі жағдайын өзінің кадет корпусындағы ұстазы К. К. Гутковскийден де естіген. 1850 жылы, соған дейін Батыс Сібір генерал-губернаторы П. Д. Горчаковтің аға адыютанты, Семей әскери губернаторының орынбасары қызметтерін атқарған тәжірибелі офицер, капитан Гутковский осында келіп, алғашқы Қапал приставы, майор барон И. Д. Врангельді денсаулығына байланысты ауыстырған болатын.

Үш Алматы жазығындағы Ақсай мен Қарасу өзендерінің түйіскен тұсында орналасқан Алмалы, орыс құжаттарында Тойшыбек деп аталған қазақ бекінісінің қалай қиратылғаны туралы әңгімені де Шоқанға әуелі осы ұстазы айтқан еді. Кейіннен Омбы мұрағатында отырғанда байқады, ол оқиғаға қатысты деректер мұнда да жеткілікті екен.

Өздеріне бағынышты Ұлы жүз қазақтарын бодандыққа қабылдап, оларға қарасты жерге Қапал бекінісін орнатқанына шамданған Қоқан хандығы, Іленің сол жағалауындағы дулат, шапыраштының басшысы, орыс басқыншылығына қарсы күреске кіріскен қазақтың беделді биі Тойшыбек батырдың өтініші бойынша, 1850 жылдың көктемінде осы Алмалы қамалына әскер жіберіпті. Тойшыбек Жетісу қазақтарының, Ташкент құшбегінің жақын маңдағы қоқан бекіністерінен жіберген сарбаздарымен күшейтілген қолдың көмегімен, Іленің оң жағалауына өтуді, Қапалға шабуыл жасауды, сөйтіп, Ұлы жүз аумағына тереңдеп еңдей бастаған діні бөлек жаудың бетін қайтаруды көздейді...

Тарихтан белгілі, көшпелі түркілердің мың тайпасының көсемі Шақрұқ би құрған Қоқан хандығы (1710-1876) тағында

бұл кезде Құдияр хан отырғанымен, негізгі билік құланқыпшақ Мұсылманқұл есімді мыңбасының<sup>8</sup> қолында еді. Ол – ХУІІІ ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ еліне зобалаң алып келген «ақтабан-шұбырынды» сүргінімен Ферғанаға дейін босқан қалың қыпшақ арасынан көтеріліп, Әндіжанның хакімі лауазымына дейін өскен қайраткер. Қырдан келген қыпшақтар біртін-біртін осы өңірдегі ежелгі отырықшы қыпшақтарды қатарына қосып алып, саны мол жұрттардың біріне айналыпты. Құланқыпшақтардың көсемі Мұсылманқұл хандық төңірегіндегі билікке Құдиярдың әкесі, қырғызға жиен боп келетін Шерәлі ханның тұсында араласа бастайды. 1845 жылы таққа таласушылар Шерәліні өлтіріп, оның орнына немере туысы Әлім ханның баласы Мұратты хан сайлағанымен, сол кезде жорықта жүрген Мұсылманқұл ханның отбасына деген адалдығын жоғалтпайды. Қалың қыпшақтың қолдауымен Шерәлінің он төрт жасар баласы Құдиярды хан етіп жариялайды. Әрі оған қызын беру арқылы, өзін жас билеушінің аталығы<sup>9</sup> етіп бекіттіріп, орда тізгінін қолына алады. Ханның бірінші уәзірі, бас қолбасшысы (мыңбасылық) қызметін атқарады. Елдегі басты билік тұтқаларының көбін төңірегіндегі қыпшақтарға үлестіреді. Осы себепті де Мұсылманқұл билік құрған уақыттан бермен қарай,

---

<sup>8</sup> Мыңбасы - Қоқан хандығындағы ханнан кейінгі ең жоғарғы әскери шен, бас қолбасшы, бірінші уәзір.

<sup>9</sup> Аталық - әке орнындағы қамқоршы. Қоқан хандығындағы аталық, михтар /бас салықшы/ атақтарынан кейінгі лауазымды құсбегі (құшбегі) дейді. Ол әуелгіде «ханның құс саятын ұйымдастыруға жауапты адам» дегенді білдіргенімен, кейіннен жоғарғы бектік атақты танытатын ұғымға ауысқан. Ірі уәлаят әміршілері құсбегілерден тағайындалады. Одан кейінгі лауазымдар: дуанбегі, қазынашы, парманашы (пәрменші, жарлықшы), беклербегі, датқа (дат, әділет айтушы, халықтың өтінішін ханға, әміршінің шешімін елге жеткізуші), инақ (ірі рубасыларға берілетін атақ) деп аталады. Уәлаяттарды басқарушыларды хакім, уәли; шәһарлы, ауылды жерлердегі билік тізгінін ұстаушыларды ақсақал, би, ағалық дейді. Сондай-ақ батырбасы (уәлаят әскербасысы, уәлаяттағы түздік жұрттар ісімен айналысушы), пансадбасы (бесжүзбасы), жүзбасы, тубегі (елубасы) деген әскери шендер де бар.

қазақ арасында қоқандықтарды қыпшақтар деп атау да қалыптасты. Оның үстіне қазақтар мекендейтін өңірлер Ташкент-Дешті Қыпшақ деп аталатын уәлаят құрамына еніп, оның хакімі көбіне қыпшақтардан сайланатын. Тойшыбектің өтінішімен, Қапалға шабуыл жасау мақсатын көздеп, Алмалы бекінісіне 1850 жылы ат басын тіреген қоқан әскерлері де Ташкент уәліні қыпшақ Нармұхаммед күшбегінің пәрменімен жіберілген сарбаздар еді.

Қоқан хандығына қатысты дереккөздерде осы Дешті-Қыпшақ уәлаят әскерінің негізін қазақтың шанышқылы, құрама, қаңлы руларынан шыққан сарбаздардың құрайтыны да айтылады. Әдетте отаршыл пиғылмен қабыса тарқатылатын орыстың империяшыл тарихындағы «қоқандықтар қазақтың қас жауы еді, Ресей қазақтарды сол қоқандықтар езгісінен құтқарды» деген сыңайдағы жалған қамқорсумен жазылатын, қаншама жыл санаға тықпаланған мүдделі көзқарастың аржағында жатқан шындық осындай. Қоқан хандығы – арғы түбі түрк, бергі жағы Дешті Қыпшақ жұрттары боп аралас-құралас ғұмыр кешкен, қазақпен тегі де, тілі де туыс елдер мемлекеті. Бір-бірімен жер үшін таласқа түсіп, қақтығыстарға барып, бір-бірін алма-кезек бағынышты етіп, кейде басым жақ зорлық-зомбылықтарға жол беріп жатса да, ортақ жау шыққанда, түйіліп қарсы шабатындары тағы бар.

Қазақтардың қоқан әскерлерімен күшейтілген қолының Қапалға шапқыншылық жасауды жоспарлап отырғаны туралы хабарды алысымен, Батыс Сібірдің генерал-губернаторы П. Д. Горчаков Қапалдың жаңа приставы, капитан К. Гутковскийге дереу Тойшыбек бекінісіне жетіп, қамалды қирату жөнінде бұйрық береді.

Содан Гутковский бастаған 225-тей әскер мен екі зеңбіректі қарулы қол 1850 жылғы сәуір айының 19-ы күні Алмалы бекінісінің іргесіне табан тіреген еді. Орыс отряды биіктігі үш, қалыңдығы бір жарым метрдей биік дуалмен қоршалып, айналасына ор қазылған қамалға зеңбіректерін гүрсілдетіп, екі рет шабуыл жасағанымен, ала алмапты. Ал ертеңіне капитан бекіністің алдын орай 3-4 мыңдай қазақ сарбаздарының орыстарға қарсы шайқасуға дайын тұрғанын көреді. Бұл жайт, Гутковскийді қатты састырады. Амалы қалмаған ол орынсыз



қантөгіске ұрынбағанды жөн көріп, кейін шегінуге шешім қабылдайды... Қуғындаған қазақ жасақтарымен ұрыса, зеңбіректерімен тойтарыс бере жүріп, Қапалға қиындықпен жетеді.

Алмалы бекінісі үшін өткен сол шайқаста, қорғанысты ұйымдастырған басты тұлға Тойшыбек Қасаболатұлы батырдың өзі болған еді. Қазақ қолдарын Шаншар, Сұраншы батырлар, Диқанбай, Әшекей, Тілеуқабыл билер мен Рүстем, Құдайменді төрелер басқарыпты. Дулаттың ботбайынан тарайтын Тойшыбек би мен ел арасында «тентек төре» деген де атпен белгілі Рүстем Аспандиярұлының содан үш-төрт жыл бұрын ғана Кенесары көтерілісіне қосылғаны Шоқанға жақсы мәлім. Екеуі де қазақтың бөтенге бодан болмағанын қалайтындар. Сол жолда бастарын тауға да, тасқа да ұруға дайын. Сонымен бірге сол заманда қазақ басына түскен қилы-қилы кепке сай қайшылығы да мол тұлғалар. Мәселен Тойшыбек бір жағынан Кенесарыны қолдайды, екінші жағынан басқа би-сұлтандармен бірге Ұлы жүздің Ресейге қосылуын жақтап қол қояды, сөйте тұра орысқа қарсы қару көтереді. Рүстем Қоқан езгісіне қарсы бола тұра, орыс әскері келгенде, олардан гөрі қандас, діндес қоқан жағына бүйрегі бұрылады. Бірақ сол орыс ұлықтары кейіннен өзіне ру басқарушысы қызметін беріп, жалақы ұсынғанда қарсылық білдірмейді...

Гутковскийдің жорығы сәтсіз аяқталғаннан кейінгі оқиғаларды Шоқан Омбы мұрағатындағы құжаттардан да оқыған. Оларда Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаковтың сол жазда Семей мен Қапалға арнайы инспекциялық сапармен барып, Ұлы жүздің аға сұлтаны Қамбар Аланұлын өз қолымен қызметтен босатқаны, оның орнына сексендегі Сөк Абылайханұлын тағайындағаны айтылады. Горчаковтың құлағына қоқандықтарды Гутковский жорығы туралы алдын ала ескертіп қойған осы Қамбардың өзі болуы мүмкін деген күдік жеткізілген еді. Губернатор Қапалға сұлтандар мен билерді жиырып алып, оларға Ұлы жүз аймағындағы ахуалға байланысты туындаған талаптарды нығыздап тұрып түсіндірген. Ресей мүддесіне қарсы шығып, қия басқандарға аяушылық болмайтынын төндірген.

Горчаковтың сол сапарының нәтижесі туралы императорға жазған мәлімхатында Сыртқы істер министрлігі Азия

департаментінің директоры Л. Г. Сенявин, келесі жылдың көктемінде Тойшыбек бекінісін жою үшін Іленің сол жағалауына әскери экспедиция аттандыру қажеттігі туралы ұсыныс түсірген еді. Ол осы жорық 1851 жылы жазда Құлжада қол қойылуы күтіліп отырған Ресей мен Қытай арасындағы сауда келісімшартының қабылдануына оң ықпалын тигізер еді деген пікірін де қоса білдірген. Бұл шарт бойынша Ресей көпестері Құлжа, Шәуешек, Қашқар шаһарларында сауда жүргізу рұқсатын алуы тиіс болатын. Оған дейін Мәншың (Чин) империясы орыстардың Шынжаң жерінде сауда жасауына тыйым салып келгені белгілі. Сол себепті де ресейліктер өз саудасын ортаазиялық саудагерлер мен қазақ жерінен шығатын керуендер арқылы ғана жасырын жүргізіп отыратын.

Ресейдің Құлжа шартын бекітуге деген ұмтылысының аржағында Жетісуды және одан күнгейдегі өңірлерді отарлау мүддесі жатқаны анық еді. Ол шарт Қытайға баратын орыс керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету деген сылтаумен, сол сауда жолының өн бойына бекіністер тұрғызуға мүмкіндік әперетін. Әрі дәл солай болды да.

Дипломат, жазушы, әйгілі жиһангез, содан екі жылдай бұрын ғана орыс діни миссиясымен бірге Бейжіңде болып қайтқан полковник Е. П. Ковалевский бастаған елшілік ұзаққа созылған келіссөздерден кейін 1851 жылғы шілденің 25-і күні Құлжа шартына қол қойғасын, алдын ала көзделген Алматы, Көксу қамалдарын салу жоспары да қарқынды түрде іске асырыла бастады. (Келісім барысында орыс жағы Құлжа, Шәуешекпен қатар Қашқарда да сауда жасау жөнінде мәмілелескенімен, Чиң императорының жарлығымен соңғы жылдары «жеті қожа бүлігі» зардабынан тұрақсыз жағдай белең алып тұрған бұл шаһар орыс көпестеріне жабық деп жарияланды. Шарт бойынша, уақытты созбай, Құлжа мен Шәуешекте орыс консулдығы ашылуы тиіс болды. Бұл қызметтерге қытай тілін білетін орыс консулдары Захаров пен Татаринов аттандырылды).

Шоқан танысқан құжаттарда осы Құлжа шарты қабылданардың дәл алдында, Петербордан түскен пәрмен бойынша, старшина (подполковник) Иван Карбышев басқарған қуатты қарулы қолдың Тойшыбек бекінісіне аттанғаны да жазылған еді. Мамырдың 18-і күні Қапалдан шығып, маусымның

7-сі күні Іледен өткен бұл отряд құрамында 880 жаяу, 663 казак-орыс әскері, 170 артиллерисі бар 16 зеңбірек болыпты. Қанша қолдың келе жатқанын барлаушылары арқылы алдын ала біліп отырған Тойшыбек батыр мұндай орасан күшке қарсы тұру мүмкін еместігін түсініп, жау келгенше бекіністі тастап, ел-жұртымен Шуға қарай көшіп кетеді. Қарбышев бос қалған қамалды жермен-жексен егіп қиратып, маусымның 30-ы күні Қапалға қайта оралады.

Алайда бұдан кейін де Тойшыбек батырдың орыс әскеріне қарсы қимылын тоқтата қоймағанын, Алматы бекінісін салу үшін Гасфорттың күштеуімен Перемышльский бастаған әскердің 1853 жылы Іленің сол жағалауына өткенінен кейінгі оқиғалар да көрсеткен. Сол отряд құрамында болған Потаниннің кейіннен жазған естелігіне қарағанда, орыстардың бұл келісін жергілікті қазақтар екі дай боп қабылдапты. Олар Қаскелең өзенінің жағасына жиналып, «қайтпек керек» деген мәселені екі-үш күн бойы талқылау кезінде, Тойшыбек орыс әскерін дәл ана жылғы Гутковскийдің отряды сияқты Іленің арғы бетіне қайта қуып тастау қажет, дегенінен таймай тұрып алыпты. Алайда оның туысы, ботбай руынан шыққан әйгілі би Діқанбай тоқтам айтып, соғысқа шықсақ, екі арада тағы да қырғын болады, орыстың зеңбірегі мен мылтығына төтеп беру оңай емес, одан да бейбіт, бәтуалы қатынастың жолын іздейік дегенге бейіл беріпті. Ақыры ел арасында беделі зор, шалқар шежіреші Діқанбай бидің сөзі өтімділеу болып, қазақтар соның уәжіне бұрылыпты. Тойшыбек сол көнбеген күйі жақтастарын ертіп, Шу жаққа кетіпті, қалғандары достық пейілдерін білдіру үшін саба-саба қымыз артқан түйелерді жетелей, отряд тоқтаған жерге беттепті. Орыс лагері абыр-сабыр араласқан жұртқа толыпты, біраздары бір-бірімен тамыр бола бастапты...

Дегенмен Тойшыбек батыр бұдан кейін де тыншы қоймаған. Алматы бекінісі салынып жатқан 1854 жылы ол қарсылық қимылдарын қайтадан бастайды. Шоқан Дербес Сібір корпусының штабына келіп жатқан ақпараттардан Тойшыбектің баласы Байсейіт батырдың Перемышльский отрядына қарасты 80-дей жылқыны қамал түбінен қуып әкеткенін оқыған. Арттарынан қуайын десе, ат жетіспейді. Алайда шарасыз қалған отрядты 1850 жылдан албан руының аға сұлтаны лауазымын

атқарып жүрген Тезек Нұралин құтқарыпты. Ол тез арада екі жүздей жылқы, құрылыс жұмыстарын жүргізуге керек жиырма шақты өгіз жеткізіп беріпті. Аяқ артар көлік табылғаннан кейін пристав ең әуелі Тойшыбек жақты біржақты қылып алуды ойлайды. Сұрастыра отырып, батыр ауылының қайда тұрғанын анықтайды да, қасына 160 казак-орыс пен 2 ракетаны (минометті) алып, күндіз бой тасалай, тек түнделете ғана жылжи жүріп, төрт күн дегенде қамсыз ауылға жетіп, тұтқиылдан минометтен төпеген шабуыл жасапты. Сонда да тез ес жиып алған қазақтар қорғанысқа көшіп, жасанған казак-орыс әскеріне қарсы тойтарыс беріпті. Сол аласапыранда Тойшыбек қолға түспей құтылып кетеді. Шайқас барысында қазақтардың өлгені мен жараланғаны 40 шақты адам болса, казак-орыс жағынан небәрі 2 адам өліп, 3 адам жараланып, 2 адам тұтқынға түсіпті. Жазалауға келген әскер ауылдың 753 жылқысын, 118 түйесін, 66 сиырын айдап әкетіпті. Перемышльский бекініске қайтқасын Тезек сұлтанға рақмет айтып, уақытша алған жылқылары мен өгіздерін кері қайтарыпты.

Деректерде сол шапқыншылық кезінде жорықта жүрген Байсейіт Тойшыбекұлының 13 казак-орысқа тап беріп, 11-ін жаралап, екеуін өлтіргені айтылады. Тойшыбек содан кейін де қарулы қарсылығын тоқтатпайды. Ташкент құшбегісі Нармұхаммед қыпшақтан көмекке әскер сұрап, ол берген 500 сарбазға өзі жинаған 2 мың жігітін қосып Алматы бекінісіне шабуыл жасайды. Бірақ қамал зеңбіректерінен атылған снарядтар шабуылдаушыларға көп шығын әкеліп, олар жүздей адамынан айырылған соң шегінуге мәжбүр болады.

Шоқан Гасфорт кеңсесіне түскен мәлімхаттардан Тойшыбектің бұдан кейін де орыс әскеріне қарсы қимылдарды тоқтатпағанын біліп отырды. Сол 1854 жылдың күзінде ол Ташкент уәліі Мәлібекке (Құдияр ханның ағасы) баласы Жанқожаны жіберіп әскери көмек сұрапты. Қоқан бегінен 500 сарбаз келгесін, қырғыздың Жантай мен Жанқараш манаптар басқарған қолымен бірігіп Алматы бекінісіне тағы қауіп төндіреді. Алайда соған дейін есаул Рыбиннің Қапал жақтан жеткен қуатты отрядымен күшейтілген қарулы әскер оларды тағы да зеңбірек оғымен бет қаратпай, қырғынға ұшыратыпты.

Гасфорттың Соғыс министрі кінәз В. А. Долгоруковке

жазған хатына қарағанда, осыдан кейін Тойшыбек би Қоқан ханы Құдиярға өзі барып: «орыстардың ниеті жаман, енді Бішкек бекінісіне шабуыл жасағалы жатыр, оларды тоқтатпаса болмайды, Ұлы жүз қазақтары орыстарға қарсы шығу үшін қоқан әскерінің келуін күтіп отыр» деп, ортақ жаумен бірлесе тойтарыс беруге ұсыныс жасайды.

Қоқан хандығының да өз бақылауындағы аумақтардың Ресей қоластына түсіп жатқанына қарсы тұрудың амалдарын іздеп, бастары қатып отырған кезі. Тойшыбектің осы уәжінен кейін үлкен жорыққа қамдана бастайды. 1855 жылдың қаңтарында Ұлы жүз қазақтарының приставы Перемышльский қокандықтардың Верный қамалын қиратуға, орыстарды Іленің сол жағалауынан қууға тағы да дайындалып жатқаны туралы хабар алған. Ол мәлімет дереу Омбыға жолданған.

Гасфорт пен қазақтың би-сұлтандары Петерборға барған аза сапарынан қайтып оралысымен және бір суыт хабар жетті. Мамыр айында Құдияр ханның жақын туысы басқаратын, мың түйеге артылған бір жылдық азық-түлік қоры бар, жеті мыңға жуық әскер Бішкекке келіпті. Содан бері Верныйға қарай аттанбақ. Ханның өзі Ұлы жүздің сұлтандары мен билеріне үндеу жолдап, Қоқан иелігіндегі жерлерге қарай көшуге, исламның көк туы астында бірігіп, орыстарға қарсы ғазуат соғысына көтерілуге шақырыпты. Осыдан кейін Қапалдан бригада командирі, полковник М. М. Хоментовский басқарған қос зеңбірек сүйреткен екі жүздік дереу Алматыға көмекке жіберілген.

\* \* \*

Генерал-губернатордың өз сапарын бірден Жетісудан бастамақ болғанының бір себебі де осы ахуалға қатысты жайтқа саятын. Ол қокандықтарға сес көрсетіп қайтуды да қатар ойлаған.

Жарты патша жанаралдың өз басы қалың әскер ертіп Алматыға келе жатыр екен, деген ұзынқұлақты қокандықтар Бішкектен шығып, Шу өзенінен өткен кезде естиді. Алайда олардың арттарынан қуып жеткен қолайсыз хабар бұдан да маңыздырақ болып, жорықшыларды әрі-сәрі күйге түсірген еді.

«Құдияр хан әскермен келіп, туған ағасы Мәлібек (Мәлла) билігіндегі Ташкентті шауыпты». Мәлібек бұрыннан үлкендігін алға тарта: «Қоқанға хан болу менің жолым еді», деген сыңайдағы ренішке беріліп, інісінің билігіне онша иліккісі келмей жүретін. Сол пиғыл асқына келе, ол осы жазда өз қарамағындағы бүкіл Ташкент-Дешті Қыпшақ уәлаятынан жиналған алым-салықты хан қазынасына құюға қарсылық білдіріпті. Құдияр оған шарт ашуланып, Ташкентке жорыққа аттанады. Өзіне қарсы әскер алып шыққан Мәлібектің қолын тас-талқан етіп қиратып, орнына бұрын Ташкент батырбасысы болған тәжік Дәурен датқаның баласы Сопыбекті тағайындайды. Мәлібек әзер дегенде аман құтылып, Қоқанмен әуелден бақталас Бұхар әміріне барып паналапты. Енді екі хандық арасында соғыс тұтанып кетуі де мүмкін...

Алматыға беттеген қоқан әскері Ташкенттен осындай хабар алғаннан кейін, жорықтарын үзіп, кері қайтуға шешім қабылдайды. Бір жағы жасанған жау қаупінің өз-өзінен сөйілгеніне қуанған Гасфорт, қоқан әскербасыларына: «орыс бодандығына қабылданған қазақтарға тонаушылық жасауларыңды қойыңдар, әйтпесе ұлы мәртебелі императорымыздың әділетті қаһарына ұшырайсыздар», деген зілді хат аттандырды. Алматыға Ұлы жүздің сұлтандары мен рубасыларын жинап алып, кеңес өткізді. Ресейдің Қоқан хандығы езгісінде жатқан бұратаналарды құтқару мақсатын көздейтін жеңімпаз жорығына қарсы тұрғандарға аяушылық болмайтынын кәрлене айтты. Аға сұлтандарға қарамақтарыңдағы руларыңа ие болыңдар, қоқан жағына шығып, орыс әскеріне қарсы қару көтеруін қойсын, әйтпесе қызметтеріңнен айырыласыңдар, деп сескентті.

Гасфорттың Ұлы жүздің игі жақсыларымен өткізген осындай кездесулері кезінде Шоқан өзі бұрын сырттай ғана білегін бірталай туыстарымен көзбе-көз жолықты. Әсіресе Әділ сұлтан ұрпақтары ел басқаруға молынан араласып отыр екен. Оның Әлі, Ералы деген балалары дулат руын билесе, Нұралы деген баласынан туған Тезек – албанның аға сұлтаны. Әділдің Құлан есімді баласының ұлдары Хакім, Мамытбек төрелер онымен бірге албан руын басқаруға араласады. Әділдің тағы бір ұлы Мамырхан шапырашты руының сұлтаны. Биыл 85-ке келіп қайтыс болған

Сөктің Жанғозы деген баласы әкесінен ауысқан лауазым – жалайыр руының төресі. Суанның сұлтаны бұрынғысынша Адамсат Ибақұлы.

Шоқан сол сапарында Кенесары Ұлы жүз жеріне келгенде, оған Тойшыбекпен бірге қолдау көрсеткен Сұраншы биді, алғашқы кезде ұлт-азаттық күрес көсемі жағында болғанымен, кейіннен ханның басына қатер төнген соңғы шайқас алдында қосыннан сытылып кетіп қалған Сыпатай батыр мен Рүстем төре Аспандиярұлын да көруі мүмкін. Жас адъютантқа соңғы екеуінің Кенесарыны жеңудегі сол қолғабысы үшін орыс әкімшілігі тарапынан марапатталғаны да белгілі. Алайда бұдан соң Рүстем төре 1850 жылы Гутковскийдің Алмалы бекінісін шаппақ болған отрядына қарсы жасақ жинаймын деп, патша ұлықтары үшін сенімсіздеу адам санатына қайта қосылған еді. Сондықтан да оның есімі 1853 жылы Ұлы жүздің ағасұлтандығына үміткерлер қатарында аталған кезде, бірден қабылданбай тасталынған. Шоқанның сол сапар тұсында жинай бастаған Ұлы жүз руларының сұлтандары мен билерін тізбектеген тізімінде Рүстем баласы Абылай екеуі жалайырдың күшік атасының төрелері ретінде ғана тіркеліпті.

Оның есесіне Ұлы жүз приставының сенімінен әбден шығып жүрген аға сұлтан Тезектің абыройы биіктеп-ақ тұр. Ресей бодандығына өткен 1847 жылға дейін Қытай өкіметінен 3-ші дәрежелі тәйжі лауазымын да алған, 1850 жылдан орыс билігінің сенімді аға сұлтаны боп отырған оның Шоқаннан 15 жастай үлкендігі бар. Ұзын бойлы, ашық өңді, өзін хан тұқымы ретінде ұстай алатын маңғаздығы да жетеді. Ақылды. Ықпалды адамдармен тіл табыса біледі. Батырлығы, ержүректігі де жоқ емес. Халық арасында қызметіне орайластырыла хан Тезек деп те аталады. Суырып салма ақындығымен де танымал. Мәртiгi де жоқ емес. Өзімен сілкілесе айтысқан шапыраштының Сүйінбайдай жүйрік ақынын, ол өзіне қанша сын айтып, сөзбен сойылдаса да кек тұтпайды. Қайта қазақ-қырғыздың жиын-тойында Сүйінбайды жанына ертіп, ел намысын қорғайтын айтыстарға салып, мәртебелеп, құрметтеп жүреді дегенді естіген.

Абылайдан тарайтын шөберелес туыстар бір-біріне алғаш көргеннен-ақ іш тарта қарады. Тезек әуелгі кезде «орысша оқыған жезиық төре не білуші еді» деген ойда болғанымен,

Шоқанның қазақшаға да ағып тұрғанын, сұлтандар мен билердің сөздерін губернаторға жылдам аударып жеткізгенін көріп тәнті қалды. Өзімен ағайындық пейіл білдіре отырып әңгімелесу барысында сөздері де жараса кетті. Бұдан Ұлы жүзді басқару туралы ойларын сұрайды. Ара-арасында көнеден қалған қария сөздер мен әдет-ғұрыптар турасында да сауалдар қояды. Естігендерін дереу арабша ирек жазумен қағазға түсіреді.

Әрине, ол кезде Шоқан кейіннен орыс әскерінің полковнигі атанатын осы аға сұлтан ауылында шытырман тағдырлы қысқа ғұмырының соңғы жылдары өтетінін, сонда үйленетінін, дауасыз сырқатпен арпалыса жүріп, о дүниеге озатынын, сірә, біле қойған жоқ еді...

Шоқан Гасфортпен бірге ел аралаған сол жазда Жетісу және Сарыарқаның шығыс бөлігімен бірінші рет танысу мүмкіндігіне ие болды. Қазақ жерінің өзі бұрын аяқ баспаған төскейлерін ерсілі-қарсылы кесіп өткен бұл сапары табыссыз да болған жоқ. Көргендері мен байыптағандары бойынша «Іле өлкесінің географиялық очеркі», «Ұлы жүз қазақтарының қария сөздері мен аңыздары» атты алғашқы зерттеу еңбектерін жазды. Өн бойында Жетісу өңірінің әр сыпаты ұғымды түрде ортаға тартылған осы жұмыстардың өзінен-ақ алдағы уақытта кеңінен көсілетін салқар білім, алғыр ой, жүйрік қалам иесін тану қиын емес.

Жас зерттеуші осы сапарында байырғы тұрғындардан сұрастыра отырып, Алатау баурайын мекендейтін жергілікті қазақтардың тары мен бидай егуді бұрыннан әбден меңгеріп алғандығына куә болды. Дикандар таудан он шақырымдай жерлердегі өзен жағалаулары жайдақтана бастайтын тұстардан топырағы құнарлы танаптарға қарай арықтарды бұрып алатын суармалы егіспен дәстүрлі түрде айналысады екен. Егіннің түсімі Қапалдағыдан да жоғары. Масақты тарының биіктігі белуарға дейін жетеді.

Жетісуда Ресейден келген шаруалар біле бермейтін, демек олардың үйренуі қажет болатын, тоған, арықпен суару, атыздап өсіру жақсы дамығанына назар аударады. Бұл жердегі жұмсақ топырақ Сібірдегідей жерді терең жыртатын соқаларды қажет ете қоймайды. Екі өгізге жегілген ағаштан жасалған дөңгелексіз соқаның басына алақандай темір түренді бекітеді де жерді айдай



береді. Ұлы жүзде бидай мен тарыдан басқа, жүгері, арпа, бұршақ, зығыр, күнжіт, жоңышқа да егіледі. Алматы, Талғар өзендерінде ұн тартатын су диірмендер бар. Астықты өгіздермен, аттармен, тіпті түйелермен де бастырады. Желге суырылып тазартылған астықты жүннен тоқылған мықты, арнаулы қаптарға сақтайды. Тарыны қажетінше қуырып, келіге түйіп алады. Қалғанын жер астына көміп, ол қыс кезінде керек болған уақытқа дейін жатады.

Алматы алабының жабайы алмасының өзі бақта өсірілген мақтаулы құлжа алмасынан дәмі жағынан да, ірілігі жағынан да кем түспейді. Өрік тіптен мол. Алма тамыз айында, өрік шілденің ортасында пісе бастайды. Сондай-ақ жүзім, бау-бақша дақылдары да өсіріледі. Қияр, сәбіз, қарбыз егеді. Мойны құмыра тәріздес асқабақтары да кеңінен мәлім. Дикандар ала жаз бойғы ауыр бейнетінің зейнетін астық бастырылып, қапталып, ауылға келіп жеткенде ғана көреді. Ол тек қыркүйек айында бел шешіп, жаздай арпалысқа түскен шыбын жанын жай таптырып, «уһ» деп дем алады, деп жазады Шоқан.

Қазақтардың алты ай жазды тау қойнауларындағы салқын жайлауларда өткізген бөлігі, қазан айынан кейін Іле бойындағы қыстауларына түсе бастайды. Олардың жылқы табындары қыс мезгілінде Іленің төменгі жағындағы құм мен сексеуіл арасында ық жерлерде тебіндеуге көшеді. Көктем шыға тырбанған тіршілік қайта басталады, қар кетісімен дикандар жағы Түрген, Талғар, Есік, Қаскелең бойларындағы егістік жерлерін өндеуге кіріседі, отар-отар қой, үйір-үйір жылқы баққан жұрт көштерін сәндеп тау жайлауларына қарай өрлейді.

Шоқан Жетісуда болған күндерінде көзі қарақты кісілерден Ұлы жүз рулары туралы мәліметтер де жинады. Іле алабын дулат, албан, суан, шапырашты рулары мекендейді. Іледен батысқа қарай Шу алаптарына дейін дулаттар мен шапыраштылар араласа жайлайды. Жалайырлар Қаратал мен Іле арасында. Дулаттар Ұлы жүздің басқа руларына қарағанда, саны жағынан да, жауынгерлігі мен байлығы жағынан да ең қуаттысы. Олар қалған кішігірім руларды атамағанда, албандардан бес есе, жалайырлардан үш есе көп...

Гасфорт келіп кеткеннен кейінгі жаздың соңына таман Алматы тұрғындарының саны одан әрі молықты. Бекініске Батыс

Сібірдің Омбы, Тара, Шүлбі, Есіл округтері казак-орыстарының жүз отбасысы көшіріліп әкелінді. Оларды қамалдың оңтүстік-батыс жағына іргелесе қоныстандырып (қазіргі көкбазардың төменгі жағы), жаңа мекенді Алматы станицасы деп атай бастады. Ортасынан үлкен алаң қалдырылып, онда шіркеу құрылысы қолға алынды. Станица соңыра қамалға қосылып, Верный бекінісін құрады.

Патша өкіметі жаңа отарланған аймақтарға қоныс аударушыларға жан-жақты жәрдем көрсетуді де өз міндетіне алған. Әр отбасыға мал сатып алу үшін 55 сом, бастан-аяқ киім, ат әбзелі, арба, терезе әйнегі, шеге, үй салатын құрал-сайман, тұрақтайтын жеріне келгеннен кейін бір жылға азық қылуға жететін бидай және егін себуге арналған тұқымдық дән берілетін...

## **5. «Семей туралы кейін нақтырақ жазармын»**

Гасфорттың әуелі Қапал, Алматы жағын аралағаннан кейін, қайтар жолында Семейге соғатыны жөніндегі хабардың жаңа облыс орталығы басшыларын қалың әбігерге түсіргені де сол кездегі орыс деректерінде жазылып қалыпты. Өзін жарты патша ретінде сезінетін жандаралдың қаһарына ілікпес үшін, оның көзі түседі-ау деген жерлердің бәрі алдын ала тап-тұйнақ тәртіпке келтіріліп, тазартыла бастапты. Әскерлер сарт-сұрт жаттығуларға кірісіпті...

Сол бір қарбалас күндер әбігерін қаладағы 7-ші батальонның қарапайым жауынгері Федор Достоевский де өз иығымен кәдімгідей сезінген еді...

Петрашевші жазушы Семейге 1854 жылғы наурыз айының басында солдаттыққа айдалып келген болатын. Түрмеге қарағанда жеңілдеу деп есептелгенімен, әуелгіде солдат казармасының да сол өзі тұтқын ретінде төрт жыл мекендеген сасық абақты тіршілігінен асып бара жатқан өзгешелігі көп емес. Сол жамбасты тесетін тақтай төсек, сол күлімсі иіс, сол ұнжырғаны езетін тұнжыр жағдай. Саябыр сәт табу қиын. Күні бойғы уақыт сапырылысқан әскер тіршілігімен, сарт-сұрт жүріс, күзеттерге шығу, тексерулерге дайындалумен өтеді. Ертеден қара кешке дейін сол. Алғашқы күндері тыныстауға сәл мүмкіндік

туған сәттерді тұтқын азабынан кешелері ғана босаған жазушы тиімді пайдалануға тырысады. Мұндай аз-кем үзіліс уақтысында ол бір шетке томаға-тұйық жайғасып, жауынгерлердің қыбыр-қыбыр тіршілігін сырттай бақылап, не шіміркене ағып жатқан Ертістің қаражалқын суына, тіке оның арғы бетінен басталып кететін сайын далаға көз салып, қыбырсыз отырғанды тәуір көреді. Қанша дегенмен, даланың саумал ауасы емес пе, казармадағы солдаттық өмірі басталғалы бері ол өз бойына бұрынғы күш-қуатының бірте-бірте оралып келе жатқанын сезінеді. Еңсесі көтеріліп, жүріс-тұрысы ширай бастады.

Солдаттыққа түскеніне бір айға жуық уақыт өткенде ғана Петерборда тұратын ағасы, жазушылықты өзімен қатар бастаған, сыншылықпен, аудармашылықпен айналысқан, петрашевшілер үйірмесіне інісімен бірге қатысқаны үшін ұсталғанымен, кейіннен кінәсіз деп ақталған, содан соң қаламгерліктен қол үзуге мәжбүр болып, қазір шағын темекі фабрикасын құрып алған Михаил Михайлович Достоевскийге хат жазуға мұршасы келген. Рота писарінен қағаз-қауырсын сұрап алып, осыдан бір ай бұрын, Омбыда Ивановтардың үйінде тұрғанда, өзінің түрмеден босағанын хабарлап төрт жылғы мәжбүрлі үзілістен кейін сағынышқа толы ұзақ хат жолдаған ағасына, кейінгі жаңалықтарын жеткізбек болып, шеткерірек тұсқа жайғасты.

Алдымен ағасы жіберген хат мен ақшаны алғанын білдірді, туған-туысқандарының амандық-саулығын сұрасқаннан кейін өз басының жағдайына көшкен. Денсаулығының жаман емес екендігін, түрмеден шыққан екі айдан бері оңала бастағанын айтқан. Содан соң келген жерін таныстырған. *«Бұл жерден қазақ даласы басталады. Қала кәдімгідей үлкен, тұрғындары да баршылық. Азиялықтар көп. Маңайы ашық дала. Жазы ұзақ әрі ыстық, қысы Тобыл мен Омбыға қарағанда қысқалау, бірақ қатал. Өсімдігі шамалы, ағашы аз – жалаңаш дала... Мен саған Семей туралы кейін нақтырақ жазармын. Ол бұған лайық...»*, – деді.

Содан кейін кітап жіберуді өтінген. Еуропа тарихшылары, экономистері, әулие әкейлердің шығармаларын, мүмкіндігі болса, көне дүние авторларын, французшаға аударылып үлгерген Геродот, Фукидит, Тацит, Плиний, Флавий, Плутарх пен Диодор және тағы басқаларды салуды сұрады. Сосын Құран мен неміс

лексиконын атаған. Писаревскийдің физикасын да қосты... Бәрін бірден емес, біртіндеп жібергені дұрыс болатынын білдірген. «Дәл қазір маған рухани азықтың өте қажет екенін сен жақсы түсінесің ғой», деген лебізін қосты.

Омбыдағы жанашыр достарының, әсіресе К. Ивановтың өзінің таныс ұлықтары арқылы Семей бастықтарының құлағына қайта-қайта жеткізіп жүрген өтініштерінің арқасында (бұл ретте Гасфорттың адъютанты Ш. Уәлихановтың да септескені анық), 1854 жылдың күзінен бастап жазушының солдаттық өмірі біршама жеңілдей бастайды. Батальон командирі подполковник Белихов оған казармадан шығып, пәтерде тұруға рұқсат берген. Бұл әлденеше жыл түрме теперішін көрген Достоевский үшін ең қымбат нәрсе – оқу мен жазу мүмкіндігінің кеңірек ашылуына септігін тигізді. Ол солдат қызметі көп уақыт алатынына қарамастан, бос уақыттарында мүмкіндігінше кітап оқуға, Петерборда шығатын журналдарды оқуға құлшына кірісіп кетті.

Ол ағасына жазған хатында атап өткен Семей – сол кезде жеті мыңнан сәл асатын тұрғыны бар, гербінде жарты ай мен бес бұрышты жұлдыз және түйенің бейнесі бедерленген шағын қалашық болатын. Халықтың басым көпшілігі оңтүстік беттегі татар слободкасы деп аталатын тұста тұрды. Онда негізінен қазақтар, татарлар, содан соң Қоқаннан, Бұхарадан, Ташкенттен келіп қазаққа сіңген саудагерлер мен қолөнершілерді біріктіретін – шалақазақтар деп аталатын қауым мекендейтін. Ал теріскей жақ бетте казак-орыс слободкасы орналасты. Осы екі слободканың арасында өңшең офицерлер мен шенеуніктердің тұрақ-жайларынан, казармалар мен түрмелерден тұратын қала орталығы жатты. Ағаш жағы аз. Қар еріп, жаз шығысымен жел сокқан кезде көшелерде құм суырып, шаң борайды.

Рухани өмір жұтаң. Қалашықта бір ғана фортепиано бар. Газет жаздырып алатындардың бар-жоғы он-он бес ғана адам. Ресейде өгіп жатқан оқиғалармен шын қызығып жатқан жұрт та шамалы. Қаланың жоғары дәрежелі қауымы деп аталатын әскерлер мен шенеуніктер жан тыныштығын ойлап, көпестер мен қазақ байларынан жеген параларына разы боп жүріп жатқандар.

Алайда Семейде де жазушының қазақ даласында өткен өміріне қатысты жарқын тұлғалар боп енген адамдар табылып еді.

Достоевский пәтерге шығуға рұқсат алғаннан сәл кейін, 1854 жылдың қарашасында, осы қалаға облыстық прокурор міндетін атқару үшін Петербордан 21 жасар барон Александр Егорович Врангель келді. Жазушының Семейде екенінен бұрыннан хабардар Врангель Ресей астанасынан аттанар алдында қаламгердің ағасы Михаил Михайловичке арнайы жолығып, ол беріп жіберген біраз сәлемдемені өзімен бірге ала жеткен-ді. Достоевскийді жас прокурор әуелден сырттай жақсы танытын. Өзінің де Пушкинмен шөпшектес туыстығы бар (оның анасы Дарья Александровна Петр патшаның әйгілі арабы, генерал-аншеф А. П. Ганнибалдың кенже қызы Софья Абрамовнаның немересі болатын), сол себепті әдебиетке әулетімен жақын Врангель, айдаудағы жазушының орыс әдебиетінде елеулі құбылыс ретінде танылған «Бейшараларын» он алты жасында оқып шыққан, сол кезден қаламгер қуатына құлай табынғандардың бірі еді. Және кейіннен Семенов алаңындағы петрашевшілерді жазалаудың пасық «ойынын» да өз көзімен көргендердің бірі болатын.

Врангель Семейге келісімен жазушыны шақыртып алды. Кейіннен 1908 жылы жазған естелігінде ол қаламгермен осы кездесуін былай суреттейді: *«Достоевский өзін кімнің және неге шақырып жатқанын білмейтін, сондықтан да маған ол тым ұстамды күйде кірді. Оның үстінде тік жағалы, қызыл погонды сұр шинелі бар еді, түрі жабырқау, секпіл басқан өңі науқас адамдай боп-боз. Ақсары шашын қысқа алдырған, бойы ортадан жоғары. Ол маған өзінің ақылды, көгілдір көздерімен қадала қарап, нақ бір менің жан-дүниеме үңіліп, қандай адам екенімді танығысы келгендей қалыпта тұрды».*

Осы кездесуден кейін Достоевскийдің айдаудағы өмірінде жаңа кезең басталды. Облыстық прокурормен рәуішті қарым-қатынас қарапайым жауынгерге Семейдің жоғары қауымымен араласуға жағдай жасады. Ол батальон командирі Белиховтың, сот Пешехоновтың, тіпті облыстық әскери губернатор Спиридоновтың да үйінде қонақта болады. Губернатордың адъютанты Демчинский де жазушыны өзіне жақын тартып, реті келгенде пәтеріне алып кетіп тұрады. Врангель оны өзінің дос офицерлерімен таныстырып, жақын маңдағы қазақ ауылдарына да салт атпен аралатады.

Жазушының Шоқанмен Омбыда әңгімелескен кезде сырттай естіген қазақ халқының өмірімен тікелей таныстығы осы Врангельдің арқасында жүзеге асты. Бұл ретте облыстық прокурордың Степанов ныспылы көпестің үйінің бір бөлігін пәтер ретінде жалдап тұрғаны, ол көпестің шешесі қазақ екендігін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Қазақша таза сөйлейтін бұл шаңыраққа алыс ауылдардан қыр қонақтары жиі түсіп жататын. (Қазақ тілі демекші, 1848 жылы Семейге келген поляк революционері Адольф Янушкевичтің: *«Мұнда қазақ тілі барлық жерде қолданылады. Тіпті сән-салтанаты асқан ресейліктердің тең жартысы /біздің әйелдеріміздің французша сөйлейтініндей/ осы тілде еркін сөйлейді»*, – деп атап көрсететіні бар). Врангельге келіп жүрген кездерінде Достоевский біртіндеп қазақ жұртының әдет-ғұрыптарымен жақын таныса бастайды. Сонымен бірге оны Врангель Семейдің бай саудагерлері Боқаш Аупбайұлының, Рақымбай Атамбайұлының, Тінібай Қауқенұлының үйлеріне де қонаққа ертіп апарды. Бірде қыз ұзату тойына да қатысып, жергілікті халықтың осы орайдағы салт-жораларын өз көзімен көреді.

Врангель бұл туралы өз естелігінде былай дейді: *«Қазақтың ат бәйгесі, бүркіттің қасқыр алғанын көрсеткендері аса қызықты болды. Тойға жиналған халықтың көңілін көтеріп, қыздырып жіберді. Шат-шадыман мыңдаған адам Ертіс жағасына қаптап кетті. Әсіресе татар мен қазақ әйелдерінің әсем де сәнді киімдері елден ерекше көз тартады.*

*...Өзім де саятшы-аңшы болғандықтан, бүркіттің қасқырға түскен сәтін көргенде, делебем қозып тұра алмадым. Бұл ондай қызықтарға әдетте салқын қарайтын Федор Михайловичті тарта қоймады.*

*... Қазақ достарымыз – Тінібай мен Меңдібай үйлеріне қонаққа шақырды. Бізді бабы келіскен қымызбен сусындатты, тәтті ірімшікпен, қой еті қосылған палаумен, құлынның етінен жасалған шұжықпен сыйлады ...»*

Достоевский араласқан осы адамдар төңірегінде сөз қозғалғанда, олардың біздің тарихымызға басқа да қызықты тұстарымен жанасып жатқанын көрер едік. Көпес Боқаш Аупбайұлын біз бір жағынан, 1858 жылы Шоқанның сауда керуенімен Әлімбаев есімін жамылып Қашқарға жасырын

аттанған кезде, сол керуенді Семейден жасақтап берген және бұл қызметі кейіннен жоғары бағаланып, патша үкіметінен хорунжий шенін, владимир лентасына тағылған алтын медаль алған адам ретінде білсек, екінші жағынан оның тобықты елінің биі, 1849-52 жылдары Қарқаралы дуанының аға сұлтаны қызметін атқарған Құнанбай Өскенбайұлымен дос, сыйлас адамдардың бірі болғандығы.

Айдаудағы жазушыны қонақ еткен Тінібай да Құнанбайға алыс емес, етжақын, құда-жекжат адамдардың бірі. 2-ші гильді көпес, руы – уақ Тінібай Қауқенұлы Семейдің қарсы бетіндегі, қазақтар тұратын Жаңа Семей бөлігіне алғаш ағаштан биік үй салып, өз қаражатына мешіт пен медресе тұрғызған елге белгілі дәулетті саудагер. Сол себепті ол мекен Тінібай слободкасы деп те аталады. Врангель естелігінде онымен есімі қатар аталатын Меңдібай – Тінібайдың екінші ұлы. Ол да әкесі сияқты ірі көпес. Тінібай қарадан шығып хан болған әйгілі Құнанбай мырзаға құда болуға қолқа салып жүріп, оның қызы Мәкішті осы Меңдібайға алып берген. Құдай қосқан құдалар көз жұмғанша, бір-біріне деген шын пейілді сыйластық қарым-қатынаспен өтті. Құнанбай ғана емес, оның әулетінің Семейге соққан кездерінде ат басын бұрып тұратын, емен-жарқын жайғаса жататын берекелі бір кең қолтық үйі осы Тінібай шаңырағы болды. Абайдың өзі медреседе оқып жүрген шәкірт кезінде де, кейіннен де аяулы Мәкіш әпкесі құтты бір уық боп шаншылған осы үйге, құдаларының берекелі ұясына жиі соғып тұрды.

Осы орайда Достоевскийдің Семейде өткерген жылдарының Абайдың Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқыған уағына дәл келетіні де көңіл аудартады. Яки, Абай оқыған медресе мен Достоевский тұрған пәтердің арасы тіпті жақын болғандығын еске алсақ, бала Абайдың айдаудағы жазушының кім екенін білмесе де, әскери шинель киген оны көшеден оқта-текте ұшырастыруы әбден ықтимал. Кең маңдайлы, ойлы жанарлы осы бір жүзі жылы адамды, кейде орыс офицерінің формасын киген сымбатты қазақ жігіті, әкесі Құнанбай айтып отыратын, Шыңғыс төренің ұлы Шоқанмен бірге көргенде тіпті таңғалған да шығар...

Ал Шоқанның бұл қалаға Достоевский Семейде тұрған кезде әлденеше рет соққаны белгілі. Соның біріншісі – әлгінде айтылған, 1855 жылдың жазында, генерал-губернатор Г. Х. Гасфорттың ел аралау сапары кезінде өткен еді.

Батыс Сібір губерниясы әміршісінің адыютанты міндегін атқара бастағанына жарты жылдан астам уақыт болған жас корнет үшін жандаралдың жанында жүрген бұл сапардың пайдалы болғандығында дау жоқ. Ол қазақ жерінің өзі бұрын көре қоймаған оңтүстік-шығыс төскейі мен Жетісу тіршілігінің алуан жайларына қанықты. Әдетте тексеру сапары кезінде жоғарғы ұлыққа жергілікті жерлердегі әкімдер үстінен арыздар айтылып жатады. Оларды Гасфортқа тікелей аударып жеткізуші Шоқанның өзі. Халық өмірінің қаншама шытырман қақтығыстарын байыптады сол жолы. Көбі ру арасындағы алауыздықтар, тартып алды, шауып кетті, тізе батырды деген сыңайдағы даулар боп келеді екен.

Нөкерлерімен жүрген Гасфортты барлық жердегідей, Семейде де аймақ басшылығы қоғадай жапырылып қарсы алды. Таң атысымен ұлықтар Алматы, Қапал, Аягөз жақты аралап келе жатқан жоғары мәртебелінің алдынан шығу үшін Ертістің сол жағалауына өтті. Семей облысының әскери губернаторы, полковник Спиридонов қасына округ бастығы мен приставты, елдің игі жақсыларын, Рақымбай, Боқаш секілді бір топ қадірлі адамдарын ілестіре күймелеріне мініп, жанаралды тіпті әріректен қошеметтеп қарсы алмақ боп ілгері кетті.

Өзен жағасында қалғандар шілденің қайнаған ыстығы астында көп қақталды. Бір уақытта алыстан бұрқыраған шаң да көрінді-ау. Аздан соң құйғытып келе жатқан арбалылар мен аттылар тобы анық байқалды. Олар сол адуындаған екпінмен өзен жағасына келіп, бір-ақ тоқтады. Тіпті араларындағы Гасфорт пен жас келіншегі мінген сегіз ат жеккен тарантастың жүрісі қатты болғаны сонша, алдынан адамдар шығып желіккен аттардың тізгінінен ұстамағанда, жардан өзенге құлап кететіндей де еді. Генерал-губернатор арбадан түсті де, өзін күтіп тұрған шенеуніктерге басын бір изеп, паромға қарай беттеді. Іле Ертістің бегін қаптаған салдар мен қайықтар үстеріне адамдарды



толтырып, қалаға қарай жылжи жөнелді.

Жұртпен бірге оң жағалауға өткен Шоқан, паромнан түскен Гасфорттың алтын жалатқан шармық (крест) ұстап өзін қарсы алып тұрған попқа «Неге шіркеулер қоңырау қақпай тұр!» деп тіке тиіскенін естіді. Тұтқиыл сауалға абыржып қалған поп: «Ұлы мәртебелім, қоңыраулармен тек патшаларды немесе патша тұқымдарын қарсы алады», – деп жауап берді. «Бұл жерде патша мен, – деді кәрленіп Гасфорт. – Келесі келгенімде барлық қоңырауды қағуға бұйырамын».

Генерал-губернатор сол күні-ақ облыс әкімқараларының жиынын өткізді. Содан кейін қазақтың ел билеушілерімен, игі жақсыларымен кездесті. Семей саудагерлері де бұл мүмкіндіктен құралақан қалған жоқ. Орталарындағы ақсақалы, түбі ташкенттік Боқаш Аупбайұлына еріп, Гасфорт алдына кіріп өз өтініштері мен тілектерін айтып шықты. Олардың сөзін жанаралға аударып беріп тұрған Шоқан талай жерлерге керуен бастап барған, қыруар жайлардан хабардар саудагерлердің сөз саптаулары мен өздерін ұстауларына іштей тәнті болды. Әрине, дәл сол кезде жас корнет өзінің енді екі-үш жылдан кейін осы Семей саудагерлерінің көмегімен, олардың керуеніне қосылып, құпия тапсырманы орындауға аттанатынын біле қойған жоқ-тын. Бірақ соңыра сол сапар туралы әңгіме қозғалып, тапсырманы атқару үшін қандай керуенге ілескен жөн деген сауал сарапқа салынған тұста, Семейде өткен дәл сол кездесу, Боқаштың маңғаз, байсалды түрі бірден көз алдына оралған еді...

Адьютанттардың бір-бірімен шүйіркелесіп, тез танысып кетуі оңай. Семей облысының әскери губернаторы Спиридоновтың адьютанты Василий Петрович Демчинский мен генерал-губернатор Гасфорттың адьютанты Шоқан Уәлихановтың да арасы жылдам жалғасты. Семейлік әріптесінен Шоқан осы жаққа беттегенде-ақ алдына мақсат ретінде қойып келген мәселенің жайын сұрады.

– Осында солдаттықта жүрген жазушы Достоевскийді қалай көрсем екен?

– Федор Михайлович пе? Еш қиындығы жоқ, үйге шақырып танысамыз.

– Қалайша, ыңғайсыздау емес пе?

– Ештеңесі де жоқ. Біз онымен қазір дос-жаран адамдар боп

кеткенбіз.

Сол Демчинскийдің үйінде Шоқан жазушыға қамқор боп жүрген облыстық прокурор Врангельмен де танысты. Өңшең жез иық офицерлер арасында, бұрынғы тұтқын, қазіргі солдат Достоевский де өзін бөтен сезінген жоқ. Кәдімгі бір-бірімен тең, етене жақын жандар ретінде пікірлесіп отырды. Шоқан оған Омбыдағы таныстарының сәлемін жеткізді; Ивановтар отбасының өткен жылдың соңында Петерборға ауысқанын айтты. Жазушы өмірінде соңғы кездері болып жатқан өзгерістер жайын сұрады.

Бұл Шоқан мен Достоевскийдің осыдан бір жарым жылдай бұрын ғана Омбыда Ивановтардың үйінде өткен таныстығының әрі қарай жалғасуы, оның үлкен достыққа ұласуының басы еді.

Олар бір қалада тұрып, бірімен-бірі күнде араласқан жоқ. Омбыда бірер мәрте көргеннен кейін арада бір жарым жылдай уақыт өткеннен соң ғана Семейде жолықты. Бар болғаны үш-төрт ғана кездесу. Бірақ бір-біріне шын ықыласы ауған, түсініскен, ұғынысқан адамдардың достықтарының басталуына осындай аз ғана жолығысулар да толығымен жетіп жатады екен.

Осы жолы жұртты өзінің ашық-жарқын мінезімен тез арада үйіріп алатын Шоқан бітімі, оны бұрын танымайтын Врангельге де ұнап қалған. Ол мұны кейіннен Достоевский туралы жазған естелігінде, жазушының 1855 жылғы кездесулерін айта отырып: *«Бізге келіп жүрген азғана адамның арасында сүйкімді қазақ офицері, Омбы кадет корпусында тәрбиеленген, Орта жүздің соңғы ханының немересі Мұхаммедқанафия Уәлихановтың Достоевскийге жолығу үшін арнайы соққаны есімде қалыпты»*, деп атап көрсетеді.

Г. Х. Гасфорттың Семейге осы келісі бір жағынан Достоевский тағдырына да өз әсерін тигізген сапар болғандай. Айдаудағы жазушы өзінің рақымшылыққа ілінуіне көмегі тиер ме екен деген үмітпен, сол жылы ақпанның суығында көз жұмған император І Николайдың жесірі, жаңа патша ІІ Александрдың анасы Александра Федоровнаның туған күніне арнап шығарған «1855 жылғы шілденің 1-іне» атты өлеңін Врангель арқылы генерал-губернатордың қолына тапсыруға мүмкіндік тапқан. Гасфорт Омбыға барғаннан кейін Шоқанға дайындатып Петербордағы әскери министрге жіберген мәлімхатында

Достоевскийдің сол өлеңін бірге жолдап, ол туралы «*маған патриоттық сезімінің жылылығы тұрғысынан ерекше әсер етті*», деп өз пікірін де қосты. Сондай-ақ «*ол /Достоевский/ өзін жақсы жағынан көрсетіп қызмет етіп жүр, жас кезінде жасаған қылмысына шын өкінеді*», сондықтан да мен «*оны ынталы қызметі... үшін унтер-офицерлікке ауыстыруды сұранамын*», деген өтінішін білдірген.

Өлеңнің патриоттығын көлденең тартудағы үміт ақталып, келер жылдың басында саяси тұтқындарды ақтауға бейлі ауа бастаған жаңа патша сарайы тарапынан, кезінде Петербор әскери-инженерлік училищесін бітірген, қазір өз кінәсіне байланысты Сібір шебі 7-ші батальонының қатардағы жауынгері боп жүрген бұрынғы инженер-поручик Федор Достоевскийге унтер-офицер шенін беруге рұқсат түскен.

## **6. Қазақтар – даланың айбынды серілері еді**

Сапардан оралған соң Шоқан Жетісуда болған кезде жазып алған Ұлы жүз руларының шежірелік аңыздары мен эпсаналарына қатысты мәліметтерді қағазға түсіруге кірісті. Жас зерттеуші бұл өңір қазақтарының өздерін қытай деректеріндегі ежелгі усун халқынан жеткен сарынды жалғастырып, үйсінбіз деп атайтынына назар аударған. Тіпті сол үйсіннің өзін де одан арғы замандарда жатқан Төбей биден шығарады. Сол Төбейден – Үйсін, одан – Құйылдыр, Мекірейіл, Майқы және Қоғам деген төрт бала тарайтыны туралы шежірелері бар. Қария сөздер Құйылдырдан – Қатаған, Мекірейілден – Жалайыр, Майқыдан – Абақ, Қоғамнан – Қаңлы деп тізбектейді екен. Ал Абақтан – сарыүйсін, ысты, шапырашты, ошақты, албан, дулат, суан рулары тармақталады.

Шоқанның Ұлы жүз рулары шежіресін қағазға түсіру үстінде қазақтың шығу тегіне қатысты мәселеге де назары бұрылып отырғанын байқау қиын емес. Ол бұл тақырыпты қаузауға сол кезден-ақ кәдімгідей ыңғай береді. Бір жыл бұрынғы профессор Березинге жолдаған хатында шет жағасын қозғап кеткен осы мәселе орайындағы ізденіс ақырында оны «Қазақ шежіресі» атты зерттеуді жазуға алып келген.

Бұл еңбекті атқару барысында жас ғалымның сол кездің

өзінде «қазақ» сөзі – түрк жұрттары арасында бұрыннан *еркін өмір сүруші, даланың айбынды серісі, рыцары* деген мағынаны білдіргенін, сол ұғымнан «қазақ болу, қазақшылық жасау», яки еркін ғұмыр кешу үрдісі туындағанын байыптай алғандығы таңғалдырады. Бұл ретте ол «Шайбанинамедегі»: «қазақ болып жүргенде, ана мырза анандай ерлік жасапты, мына мырза мынандай ерлік жасапты», деген сөздердің жиі кездесетіні бекер еместігіне мән береді. Жошы ұлысы (Алтын Орда) ыдырағаннан кейін оның бұрынғы аумағында әртүрлі хандықтардың ғұмыр кешкені, ол ұлыстардың өз іштерінде қырқыстар мен қақтығыстардың орын алып тұрғаны белгілі. Сол кезде кей ұлыс билеушілерінің ықпалына көнгісі келмеген ірі-ірі рулардың басшылары қарамағындағы елдерді сондарынан ерте басқа өңірлерге қоныс аударып, өз еркі өзіндегі тәуелсіз қауымдарға, яки «қазақтарға» айнала бастаған. Және қазақ болу – отырықшы жұрттарға қарағанда абыройы жоғары, рухы биік, құрметті қауымдар ретінде бағаланатын дәрежеде байыпталған еді. Олардың бұл атауы кейіннен орыс жерінің шет аймақтарына (окраинаға), Запорожье, Дон бойына қашып келіп орныққан әлеуметтік топтарға «казактар» боп ауысты, дейді Шоқан.

Алтын ордадан кейінгі аласапыран замандарда Сарайшық қаласы төңірегінде – Ноғай Ордасы, Жетісу мен Шығыс Түркістанда – Моғол ұлысы, Сырдариядан теріскейге қарайғы далада – Қазақ Ордасы құрылады. Қазақтардың арасынан Жошы ұлысы қыпшақтарын да, Шағатай ұлысының арғындарын да, жоңғарлардың көршілесі үйсіндерді де кездестіруіміздің өзі олардың әр тараптан қосылғандығын көрсететін нышан. Қазақ құрамында молынан бар қыпшақ, найман, қоңырат, жалайыр, қаңлы ж. т. б. әйгілі рулар басқа жұрттардың қатарында да көптеп кездеседі. Қазақ Ордасы аумағының өсіп-толысуына байланысты, ол кейіннен Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп аталған аймақтық-әкімшілік бөлініске жіктеліп басқарылатын болды, дейді жас ғалым.

Әбілғазы, Рәшид әд-дин, Жуайни, Қадырғали бек, Левшин, Карамзин, Григорьев, Соловьев, Небольсин еңбектеріндегі, Сібір жылнамаларындағы мәліметтерді салғастыра отырып, қазақ хандарының әулеттік тегін анықтауға ұмтылады. Қазақ ордасы хандарының арғы атасы Ақ Орданы билеген Орыстың (Ұрұс)

ата-тегін қаузайды. Жошудан тарайтын Орыстың баласы Құйыршықтың да Ақ Орда тағына отырғандығын, сол Құйыршықтан туған немересі Барақтың да Ақ Орда ханы болғанын, Барактан – Жәнібек ханның туғанын тарихи деректермен нақтылайды. Шоқан Қадырғали бек шежірешінің оны Кіші Жәнібек хан деп жазғанына назар аударады. Ал үлкен Жәнібек – Жошы, Батудан тарайтын Алтын Орда ханы Өзбектің баласы – Өз-Жәнібек еді.

Өзінің немере туысы Кереймен бірге Қазақ Ордасының алғашқы хандары болған Жәнібек заманында қазақ пен ноғай бірге көшіп-қонып жүрген екен, дейтін аңыздар мен қария сөздер қалған. Ол дәуір қазақ жырларында алтын ғасыр деп аталды, қазақтардың көп аңыз-дастандары да сол алтын ғасырға дөп келеді. Жиренше шешеннің бірлік, тәлім-тәрбиелік нақылдары, философ дана Асан қайғы да осы күнге дейін далалықтардың аузынан түспейді, дейді Шоқан.

Жас ғалым атап өткен бұл дәуір – ХҮІ ғасырдың екінші жартысында бұрынғы Ноғай (Маңғыт) Ордасы ыдырағаннан кейін, Жем мен Ойыл алабында ноғайлардың бір аталарының бөлініп шығуынан Алтыұл (немесе Жембойлық) ордасы құрылған заманмен, Қазақ ұлысының айбынды ханы Ақназардың ел шекарасын Еділ-Жайыққа дейін кеңейтіп, түп-тегі туыс жұртты қанатының астына тартуының арқасында, қос халықтың қатар қоныстанған, қоян-қолтық араласқан кезеңдерімен сәйкес келеді.

Алайда сол алтын ғасырдың соңы ноғай билеушілерінің одан әрі өршіген қырық пышақ алауыздығына да ұласқан еді. Тақ үшін таласқа түскен ноғай мырзалары арасындағы қидаласқан қақтығыстардың бірінде беделді би Ормамбеттің (Ноғай ордасын билеген Ысмайылдың баласы) 1597 жылы көз жұмуы – халық аңыздарында зардабы мол кезеңнің басы ретінде есептеледі. Сол қазадан соң іле-шала ноғайлар Тарбағатай жақтан ығысқан торғауыттардың шабуылына ұшырайды.

Қазақ Ордасының да бұл шақта ноғайларға қарауға шамасы жоқ, шығыста ойратпен, оңтүстікте бұхар хандығымен соғысып жатқан тұсы болатын. Күш-қуаты толысып тұрған Қазақ Ордасы ойраттың бетін қайтарып, бұхар әскерінен басым түскенімен, сол кезде ұлыс сұлтандары арасында туған бақталастық халықты

екіге жарған. Өзі де Жәнібектің баласы Қасым ханның немересі боп келетін Тұрсын хан орда тағында отырған шөберелес туысы Есім ханға қарсы шығып, оңаша отау тігуді ойлайды. Түркістандағы Есімнен бөлініп, өзін Ташкенттің ханы ретінде жариялаған. Ол текетірестің соңы 1628 жылы Есім ханның Тұрсынды өлтіруімен аяқталған.

Ал бұл жылдары елдің батысында торғауыттар шапқыншылығына ұшыраған ноғай-қазақтың тоз-тозы шығып, босуы басталған еді. Ойрат мемлекетінен ХҮІІ ғасырдың алғашқы жартысында бөліне көшкен Хөө Өрлөг хан бастаған торғауыттардың қалың қолы күші басым қазақтардан қаймыға Ертіс, Есіл, Тобыл өзендерінің теріскейі арқылы айналып өтіп, Жем алабындағы ноғай-қазақ қоныстарына ұрынған еді. Өз арасында бірлігі жоқ ноғай билеушілері жасанған жауға қарсылық көрсете алмады. Торғауыттар 1628 жылдың өзінде Жайық пен Жем аралығына толық орналасып алды. 1632 жылы Еділ жағасында Қалмақ ордасы тігілгеннен кейін ноғайлар Еділден әрі көшіп, Қырым хандығының қоластына қарады, қазақтар оңтүстікке ығысты...

Шоқан сол кездерде дүниеге келген аңыз-дастандарда, күйшілердің қобызда ойнаған сарындарында қазақ пен ноғайдың жылап айырылысуы өшпес ізін қалдырғанын атап өтеді. Ол дастан-жырлардағы *«Ормамбет би өлген күн, Он сан ноғай бұлген күн, Орданың қара жағасы, Аспанға ұшып кеткен күн, Жез қарғылы құба арлан, Жетіп түлкі ала алмай, Жалған аңын ала алмай, Қорашыл төбет болған күн...»*, деп келетін жолдарды тыңдаған қариялардың сақалдарынан тарам-тарам жас ағып, мұң-шерге бататын еді, деп жазады ол.

\* \* \*

Генерал-губернатор Гасфорт 1855 жылы Семей облысын аралаған сапары кезінде қасында жәрдемшілікте жүрген жас қазақ адъютантының біліктілігін іс жүзінде байқап, таным-түсінігінің жан-жақтылығына риза болды. Және бұл пейілін сол жылдың соңында Соғыс министрі кінәз Долгоруковке жазған өтінішінде де, жазда өзі өткізіп қайтқан әскерлердің дайындығын байқау барысында көзге түскен адамдарды марапаттау жайын

сұрай отырып, Шоқанды ерекше атап өтті. *«Оның қызмет істегеніне небәрі екі жылдай ғана болса да қазақ тіліне мейлінше жетіктігінің және жергілікті елдің әдет-ғұрпын терең білуінің арқасында менің қазақ даласына шыққан сапарымда қасыма ере жүріп, үлкен пайда келтірді. Бұл ретте сұлтан Уәлихановтың айбынды билеуші болған Абылай ханның тұқымы және Сібір ведомствосындағы қазақ сұлтандарының балалары арасынан бірінші боп Сібір кадет корпусында тиянақты білім алған әрі әскери қызметке кірген адам екендігін ескере отырып,.. сондай-ақ қазақ арасында текті тұқым ретінде ерекше құрметтелетіндіктен, мен Уәлихановты мархабатты наградамен марапаттау қажет деп табамын»,* – деп жоғары бағалады. Осы өтініш бойынша келесі, 1856 жылғы наурыздың 25-і күні Шоқанға қалтқысыз қызметі үшін мерзімінен бұрын поручик шені берілді...

Дәл содан бір апта бұрын Ресейдің Қырым соғысында жеңілгендігін мойындататын Париж шартына да қол қойылған еді. Ресей, Франция, Австрия, Англия, Пруссия, Сардиния және Түркия елдерінің өкілдері бірлесе отырып қабылдаған ол бейбіт келісім трактаты бойынша, Қара теңіз аумағындағы барлық елдерге әскери-теңіз флотын ұстауға тыйым салынып, теңіз айдыны тек сауда кемелері үшін ғана ашық деп жарияланды. Мұны Ресей жағы өзінің оңтүстік шекараларының қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін шешім деп бұртаңдағанымен, мойындамасқа лаждары да жоқ еді. Оған қоса Ресей Бессарабияның Молдоваға қосылған оңтүстік бөлігінен, Дунай кінәздіктері мен Сербияға қамқор болу құқынан айырылды.

Қырым соғысы Ресей империясының ішкі қайшылықтарға миығып іріп-шірі бастаған өнезді жарасының бетін ашып берді. Әкесінің орнына таққа отырған II Александр патша да соғыс аяқталысымен түбегейлі реформалар жасауды қолға алуға ұмтылды. Ең бірінші крепостнойлық правоны жою, әкімшілік, сот пен білім жүйесін, армияны қайта құру, саяси қылмыскерлерге рақымшылық жасау міндеттері алға қойылды. Алайда олар шын мәнінде ірі өзгерістер ретінде танылғанымен, бәрібір патша билігін бұрынғыдан да нығайтуға, оның билік тәсілдері мен әдістерін одан әрі жетілдіруге бағытталған қадамдар ғана еді.

Еуропалық майданда жеңіліс тапқан Ресей, енді жаңа реформалар жасауды ойластырумен бірге, сол соңғы соғыс кезінде назардан тыс қалыңқырағандай болған қазақ жері мен оның күнгейінде жатқан хандықтарды отарлау жайын да стратегиялық бір мақсат ретінде тезірек қайтадан қолға алу қажет, деп шешті. Өйткені жеңіске жеткен одақтас мемлекеттер арасындағы Ұлыбританияның да сол аймақтарға көз сұғын кәдімгідей қадай бастағаны, Ресейді тезірек қамшы баспасақ болмайды, деген қызғаныш сезіміне итермелеген еді. Әуелден Кавказ бен Орталық Азияны орыс мемлекеті ықпалына жататын өңірлер ретінде санауды мақсат еткен империялық пиғыл, шикізат қоры мен байлығы шаш етек күнгей өлкелерден сірә, айырылсын ба? Сол себепті де Петербордың назары сол жаққа қарай беттейтін әскери жорықтарды ұйымдастырудағы басты тірек аймақтары – Орынбор мен Омбы губернаторлықтарына көбірек ауа бастады. Қажетті іс-қимыл жоспарлары жүйеленді...



## ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

### ЫСТЫҚКӨЛ, ЖЕТІСУ САПАРЫ

#### 1. Жәмшік даңғылы бойымен

Ресей империясы қазақ жерінің оңтүстігіне қарай сұғына ентелеуі барысында, Ұлы жүзбен қатар, оларға іргелес тау қырғыздарын да қоластына қарату жайын ылғи қаперде ұстап отырды. Сол үшін де Ыстықкөл айналасында өтіп жатқан жағдайлардың аңысын аңдып, орайы келген тиімді сәттерді қалт жібермеуге, қырғыз рулары арасында оқта-текте тұтанып тұратын кикілжіңдерді өз пайдасына жаратуға тырысты.

Отаршылдар қырғыздың екі ірі руы – Ыстықкөлдің батыс жағын жайлаған *сарыбағыштар* мен шығыс бөлігін өрдегі Қақшаал тауларына дейін қоныстанған *бұғылардың* бағзыдан өзара дүрдараз екенінен жақсы хабардар болатын. Қос рудың сол тұстағы көсемдері – Орман (Ормон) Ниязбекұлы мен Боранбай Бекмұратұлы дейтін әйгілі манаптар. XIX ғасырдың отызыншы жылдарының басынан Қоқан хандығының қол астына еніп, олардың әскерлері тұратын бекіністер салынса да, Ыстықкөл қырғыздарының ара-тұра басқыншыларға қарсы қару көтере салатын өжеттіктері де жетерлік.

Тіпті 1842 жылы Ыстықкөлдің батыс бетінде өткен құрылтайда сарыбағыштардың манабы Орман теріскей қырғыздардың ханы деп те жарияланған. Бұған сол кезде Қоқан тағына қырғыздардың да қолдау білдіруімен отырған Шерәлі хан аса қарсылық білдіре қоймайды. Себебі, оның әкесі Әжібек тақ үшін бақталастық барысында қаза тапқаннан кейін, жетім Шерәліні қырғыз шешесі төркініне алып қашып, аман сақтап қалған болатын. Нағашыларының ортасында өсіп, ержеткен хан тұқымы Шерәлінің өзі де кейіннен қырғыз қыздарына үйленеді. 1842 жылы қырғыз, қыпшақ, сарт жұрты оны хан көтеріп, аз уақытқа ғана Бұхар маңғыттарының қолына көшкен Қоқан билігін тартып алып береді. Көңілі демделген Шерәлі үш

журтының бірі – қырғыздардың Қоқан аясындағы дербес хандық болуына рұқсат етіп қана қоймай, Орманға парманашы (пәрменші) лауазымын да ұсынады.

Алайда Орманның хандық лауазымын негізінен өз руластары ғана мойындап, бұғылар оған аса бағынбайтындықтарын байқатқан. Қайта өздерінің де осал еместігін білдіру үшін 1843 жылы қоқандықтарға қарсы көтеріліп, олардың Ыстықкөл жағасында салдырған Қарақол, Барысқон, Қонырөлең қамалдарын қиратып, адамдарын түре қуып тастағаны да бар.

Қырғыздар арасындағы аумалы-төкпелі жағдайды сырт көз ретінде біраздан бақылап отырған Ресей де екі ру арасындағы осы текетірес жағдайды өз мүдделеріне пайдаланудан қалыс қала қойсын ба? Бұғылардың көсеміне, егер ниет етсеңіз, патша ағзам сіздерді өз қанатының астына алуға дайын деген сыңайдағы ұсыныстарды әлденеше рет жеткізген. Боранбай манап та күннен күнге абыройы арту үстіндегі бақталасы Орманды хан деп мойынсынғаннан гөрі, Ресейдің қоластына қарағанды жөн көреді. Сөйтеді де 1844 жылы Аягөздегі орыс ұлықтарына бодан болуға қарсы еместігі жөнінде хабар жеткізеді.

Алайда бұдан кейін Кенесары хан мен қырғыз манаптарының өзара келісе алмауы, орыс пен қоқан отаршылдарының қырғыздарды арандатуы нәтижесінде өршіп кеткен қақтығыстар ол шаруаны әрі қарай іле-шала жалғастыруға мүмкіндік бере қоймайды. Сол екі арада қазақ ханын жеңіліске ұшыратуда белсенді қимыл танытқан Орман манаптың беделі ел арасында одан әрі көтеріледі. Боранбай бұл жайтты да өз билігіне қауіп төндіретін елеулі қатер ретінде қабылдаған. Ақыры, қайтсем Орманның алдын ораймын, атағымды одан үстем қыламын деген ниет жеңіп, 1848 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторына өзі басқаратын бұғы руын Ресей қоластына алу жөнінде тағы да бір өтініш жолдайды.

Омбы басшылығы сол мәселеге орай, орыс әскерлері Алматы бекінісін салатын орын қарау үшін Іле өзенінің сол жағалауына өткен 1853 жылы, бұғыларға да қырғыз мәселесіне жетік маман Файзолла Ноғаевты аттандырған еді. Шыққан тегі қасым татары боп келетін, әуелі тілмаш ретінде әртүрлі елшілік сапарлар мен сауда керуендеріне ілесіп, күнгей хандықтарды көп аралаған бұл адам, кейіннен империяның күрделі тапсырмаларын орындауға

бейімделген кәнігі агенттердің бірі еді. Ол 1820 жылы орыс елшісі А. Ф. Негри мен капитан Е. К. Мейендорфтың Бұхара мен Хиуаға барған дипломатиялық сапарына аудармашы ретінде қатысып, сол жолғы ерекше қызметі үшін тархан атағын да алған. Одан кейін Ф. Ноғаев Сырдария шебінде қызмет етті. Орынбор губерниясына қазақтардың тілі мен дәстүрлерін жинау үшін келген Сыртқы істер министрлігі Азия департаменттің өзі сияқты тілмашы, жас тарихшы В. В. Вельяминов-Зерновпен бірге жұмыс істеді. Батыс Сібір басшылығы оған ауық-ауық қырғыздарды орыс жағына тарту сияқты маңызды істерді сеніп тапсырады. Сауда керуендеріне ілесіп Ыстықкөл төңірегіне көп келіп тұратын ол, қырғыз шонжарларына әбден етжақын араласып, сыйласып кеткен. Бұғылардың бас манабын «орысқа қарағандарың жөн болады», деп әу бастан үгіттеп жүргендердің бірі де өзі. Енді, міне, сол Файзолла бұғылардың Ресейге бағынуының жай-жапсарын нақтылау үшін Омбы әкімдерінің тікелей тапсырмасын алғанан кейін, тағы да Боранбай ауылына арнайы жеткен еді. Олар өзара ақылдаса отырып, бодан болу шарттарын, екі тарап орындауға тиіс міндеттер жайын пысықтаған. Манапқа алдын ала уағдаласқан уақытта Омбыға арнайы келіп, ант беру қажеттігін ұғындырған.

Дегенмен Боранбай жеме-жемге келгенде, бірден құлай кетпей, әліптің артын баға тұру саясатын да жөн көрген. Ол бір сәт, өз мәртебесін кәдімгідей көтермелеп, жоғары дәрежелі қызметкерге берілетін бөрік үстіне тағатын қызыл діңсетас белгісімен марапаттаған іргедегі қытай еженханы қарамағына өтсем қалай болар екен, деген ниетінен де қол үзгісі жоқ.

Алайда бір жылдан кейін сарыбағыштар мен бұғылардың арасында өткен қанды шайқас оның көп толқи бермей, бір жаққа шығуы қажеттігін тездеткен басты себеп-салдарға айналған еді. Кекті өршіткен даудың басы 1853 жылы бір жиын-тойда қырғыздардың «ордо» деп аталатын топай ату бәсекесі кезінде тұтанған. Екі жаққа бөлініп ойнайтын тайталаста бұғылар түгелдей жеңіске жетіп, барлық жүлдені сыпырып алады. Келесі айналымда манап Әлібек Кетіркейұлы басқаратын саны аз саяқ руы да сарыбағыштардан басым түсіп, оларды тағы жүлдесіз қалдырады. Айдарынан жел есіп тұрған Орман хан бұған кәдімгідей ренжиді. Бұған дейін ауылы аралас, қойы қоралас боп,

өзіне тым жақын жүрген Әлібек манап бұғыларға тілектес болып кетті-ау, деген күдікке беріледі. Ақыры сол күмән жеңдіреді де оған біраз жыл бұрын сыйға тартқан ақберен мылтығын қайтарып беруді сұратып, бір жігітін жібереді. Әлібек оған кәдімгідей тулап, Орманның көңіліне келетін ауыр сөз айтып, ештеңе бермей кері қайтарады. Алайда кейіннен тым қату кеткенін сезінген ол, ханның қаһарынан қорқып, өзіне қарасты саяқтың қаба, алагөз аталарын көтере көшіріп, бұғылардың арасына келіп паналайды. Орманды бұл жайт та одан әрі бұлқан-талқан күйге түсіреді. Боранбай манапқа шабарман жіберіп: «Әлібекті жеріне жолатпасын, бізге қайтарсын», – дейді. Боранбай оған ықсын ба: «Орман бізді бір түп бұта көрмей ме екен, қашқан шымшық та бұтаны қорғалайды ғой», – деп жауап қайтарады.

Біраздан бұғылардан Ыстықкөл төңірегін тартып алуды көздеп, шатақ іздеп жүрген Орманға бұл сөз кәдімгідей желеу болады. Жігіттеріне бұйрық беріп, бұғылардың жылқыларын барымталатады. Бұғылар да ықпайды, қарымтасын жасайды. Сөйтіп жүргенде қыс түсіп, жолдың қиындауына байланысты екі жақ саябыр табады. Алайда жаз шыға дұрдараздық қайта өршиді. Орман хан бас болып, сарыбағыштың шерікші атасынан шыққан Төрегелді Ибаділдаұлы батырды қолбасшы етіп, бұғылар мен саяқтарға шапқын жасайды. Қамданып отырған бұғылар да ыға қоймайды, Боранбай бастап, Балбай Ешқожаұлы батыр қолбасшылық қылып қарсы шығады. Екі жақтан алты мыңдай адам қатысып, Ыстықкөлдің теріскей-шығыс жағындағы Шаты өзенінің атырабында өткен кескілескен шайқаста сарыбағыштар басымдық танытып, бұғылар шегіне бастапты. Ығысқан жауды қуып келе жатқанда жүйрік арғымағымен жігіттерінен озыңқырап кеткен Орманның атының аяғы суырдың ініне түсіп кетіп, жілігі морт сынуынан омақаса құлайды. Ханның аттан ұшып түскенін байқап қалған бұғының жігіттері кері бұрылып, оны қоршап ала қояды. Орман оларға қарсылық қыла алмай сол жерде жүгініп отырып қалған екен дейді. Басшылары қолға түскесін сарыбағыш қолы шабуылын тоқтатып кейін шегінеді.

Тұтқын болған Орманды Боранбайдың үйіне алып келеді. Орманның Күлән деген қызы Боранбайдың Өмірзақ деген баласының келіншегі екен. Қанша жаулық жасады десе де құдасы емес пе, Боранбай әуелде оны айып-пұлға жығып кері қайтаруды

ойлайды. Сонда да «не істейміз» деп, бұғы мен саяқтың мықтыларын шақырып ақылдасады. Оны қайтаруға саяқтың Әлібегі де; соның алдында ғана мал ұрлады деген себеппен сарыбағыштардың қолына түсіп, бір құлағын кестіріп, зынданға қамалып, ит қорлық көрген бұғының Балбай батыры да қарсы шығады. «Бұған не жақсылық керек, енді қолдан кетсе бұрынғыдан да жаман қылады», деп көнбей қояды. Тіпті, әуелден оған өшігулі Балбай ай-шайға қарамастан, сол жерде Орманның қабырғасына қанжар сұғып алады.

Қансыраған Орманды қызы Күләннің отауына апарып жатқызады. Содан жұлдыз толғанда, көз жасы көл боп отырған қызының қасында манап: «Төрегелдіге айт, Ыстықкөлді үш айналсын», деп барып үзіледі.

Орманның сүйегін ақ киізге орап, ақ түйеге артып, қызы Күләнге жетелетіп, екі жігітті қасына қосып беріп еліне аттандырады. Оны мәңгілік мекеніне қондырғаннан кейін сарыбағыштардың игі жақсылары ханның өсиетін «көлді үш мәрте шапсын» дегені шығар деп жорысады. Үлкен баласы Үмбетәлі әкесінің айтқан аманатын атқару үшін Төрегелді батырды қолбасшы етіп бұғыға аттанады. Екі жақтан да көп жан қырылып, сарыбағыштар бұғыларды көл басындағы мекендерінен ығыстырып, Текес пен Күнестің басына дейін түре қуып тастайды.

Шүйгін қоныстарынан айырылып қалған Боранбай шығыс беттегі өзі үміт еткен қытайларға барып көмек сұрағанымен, олар екі ру арасындағы текетіреске араласуға аса ыңғай таныта қоймайды. Содан кейін ғана орысқа бұрылғаннан басқа амалы қалмаған манап, орыстардың оябын табатын албанның аға сұлтаны Тезек Нұралыұлына, Қапалдағы орыс ұлықтарына адамдарын жіберіп жүріп, Батыс Сібір губернаторына «құлдық ұруға мақұлмын», деген хабар жеткізеді.

1854 жылдың күзінде Боранбай манаптың атынан Омбыға келген немере туысы Қашыбек Шералыұлы би бастаған бұғы руының игі жақсылары, сол қыстың қаңтарында Ресейге бодан болғандары туралы ант берген. Ол салтанатты рәсімнің қарбаласына бипаз мәмілегер Файзолла Ноғаевпен бірге Гасфорттың адьютанты Шоқан Уәлиханов та қызу араласқан еді.

Бұғы руын Ресей қарамағына қосу ісінде талай мүдделі

жұмыстар атқарған Ф. Ноғаевтың бұл еңбегі патша билігі тарапынан да ескерусіз қалған жоқ. Ол сол жылы мойынға ілетін анна лентасына тағылатын алтын медальмен марапатталды. Ал ел-жұртымен орыс қарамағына қарауға мақұл болған бұғы руының көсемі Боранбай Бекмұратұлына бас манап атағы мен подполковник шені, қымбат шапандар, қылыш пен алтынданған мөр, оның атынан келген Қашыбек биге штабс-капитан шені мен алтын медаль, зерлі шапан берілді.

Осы үш тұлғаның кейіннен Шоқан тағдырымен тікелей тоқайласқан тұстары да көп. Ноғаев қазақ ғалымы жасаған құпия Қашқар сапарының қырғыз жерінен қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету ісінде елеулі қолғабыс берген адамдардың бірі болса, Шоқан өзінің алғашқы Ыстықкөл сапары кезінде Боранбай және Қашыбекпен тікелей жүздесіп, сарыбағыштармен арадағы дұрдараздықтарын жою жөнінде кеңінен отырып пікірлесті, аға манаптың тау қойнауындағы ауылына арнайы барды, кейіннен де әлденеше рет кездесті.

Әрі Шоқанның ең алғашқы зерттеушілік сапарына шығуына да сол Боранбай манаптың орыс ұлықтарына жасаған өтінішінің себеп болған жайы бар-ды.

Орысқа бодандығын бекіткеннен кейін, Боранбай қайтсе де сарыбағыштар басып алған өзінің атақоныстарын қайтаруды ойлайды. Сөйтеді де соңғы Қоқан қаупі кезінде Қапал қамалынан екі казак-орыс атты әскер жүздігімен көмекке келіп, содан бері Алматы бекінісінің бастығы боп жүрген полковник М. М. Хоментовскийге: «Сіздер бізге келіп, жағдайымызды өз көздеріңізбен көріп, жөн-жоба берсеңіздер, албандар мен дулаттар сияқты бізді де татуластырып, сарыбағыштармен арамызды тыныштандырсаңыздар екен», деген сыңайдағы хабар жібереді. Бұл өтініш Омбыға жетіп, манаптың тілегі жоғары ұлықтар тарапынан мақұлданады. Әрі Ыстықкөл жаққа жай емес, кешенді әскери-ғылыми экспедицияның барып-қайтуы жөн болатындығы пысықталады. Экспедициялық отряд руаралық кикілжіңдерді реттеумен ғана емес, Ыстықкөл алабын картаға түсіру, ар жағындағы Қашқар аймағында өтіп жатқан оқиғалардың аңысын байқау, жан-жануар, өсімдік әлемімен танысу, қырғыздардың тұрмыс-тіршілігі, этнографиясы мен ескерткіштері туралы мәліметтерді жинақтаумен айналысуы да

керек, деп есептелген. Орайы келсе, бұғыларды қорғау үшін деген сылтаумен Ыстықкөл жағасында бекініс салу жайын да анықтап қайту тапсырылған еді.

Отрядты басқару полковник Хоментовскийге міндеттелді. Ал екі руды татуластыру мәселесімен шұғылданау – генерал-губернатордың ерекше тапсырмаларды орындайтын адъютанты, 21 жасар поручик Шоқан Уәлихановқа жүктелген. Сол үшін де ол сонау Омбыдан Алматыға келіп, отрядқа қосылуы керек болған. Хоментовский сапарға 1856 жылдың ерте көктемінде шығып кету жобасын ұсынғанымен, Гасфорт оны Шоқанның мамыр айы басында Алматыға жетуіне туралау қажеттігі туралы пәрмен түсірді. Батыс Сібір әміршісі осыдан бір жыл бұрын Жетісу мен Семей өңірін аралап қайтқан сапарында қасына еріп жүрген, жергілікті халықтың тілі мен әдет-ғұрпын жетік білетіндігімен, әркіммен де оябын тауып сөйлесе алатын алғырлығымен тәнті еткен Шоқанды Ыстықкөл экспедициясы үшін нағыз қажетті адам деп тапқан.

Ыстықкөл жақты аралау – әуелден-ақ жас офицердің көкейінде арман боп жүрген мақсаттардың бірі еді. Сондықтан да туған халқының байырғы тарихы, Орталық Азияның ежелгі өркениеттері, осы аймақтарда көне замандарда мекен еткен елдердің ашылмаған құпиялары жайында зерттеулер жасауға ден қоя бастаған Шоқан үшін дәл бұл сапардың нағыз сәтті ұшырасу болғандығында дау жоқ. Кеудесін көкке тіреген Тәңіртау (Тянь-Шань) мен ғылым үшін жұмбағы мол Ыстықкөлді көзбен көрудің, оны алғашқы зерттеушілердің бірі болудың тікелей мүмкіндігі туғандығы жас поручикті қатты қуантқаны анық.

Ол осы сапардың қалай өткендігі туралы «Ыстықкөл сапарының күнделігі» атты жолжазба еңбек қалдырды. Бұл күнделіктің бүгінгі күн тарапынан алғанда құндылығы сөзбен айтып жеткізгісіз. Оны оқып отырғанда XIX ғасырдың орта тұсындағы Жетісу мен Ыстықкөл төңірегі, осы өңірлерді мекендеген жұрттардың өмірі мен тұрмысы туралы құнды мағлұматтар аламыз. Сол дәуірдің қадау-қадау бедерлі көріністерін көз алдымызға елестетеміз.

\* \* \*

...«Біз сәуірдің 18-і<sup>10</sup> күні Семейден Аягөзге аттандық». Бұл қаздың қауырсынымен жазылған «Ыстықкөл сапары күнделігіндегі» алғашқы сөйлем. Омбыдан Алматыға қарай шыққан Шоқан Семейден өткеннен кейін ғана күнделік толтыруды қолға алады.

Ол Семейге пасха апталығы кезінде жеткен. Аялдауға уақыты аз болса да, адъютант әріптесі Демчинскийдің үйіне түсіп, Федор Достоевскийге жолығып кетуді жөн көрген. Христиандардың діни мерекесі байланысты, жазушының да қолы бостау екен. Арнайы соққан Шоканды көргенде, айдаудағы қаламгер кәдімгідей қуанып қалды. Омбыдағы таныстарының хал-жағдайын сұрап жатыр. Өзінің басында да біраз өзгерістер болыпты. Шоқанға белгілі жайттарды – унтер-офицерлік шен алғанын, прокурор досы барон Врангельдің осы жылдың басында Петерборға ауысып кеткенін айтады. Енді сол досы астанадағы таныстары арқылы Достоевскийді кіші офицерлікке көтеру жайын да сұрап жүрген көрінеді. Кеше ғана Врангельге хат жазып жіберген еді. Онда жазушы өзінің қамкөңіл шағында Семейде тапқан махаббаты, былтыр мамыр айында күйеуі, төменгі лауазымды шенеунік А. И. Исаевтың жұмысының ауысуына байланысты Кузнецкіге көшіп кеткен Мария Дмитриевна Исаева туралы туралы көп жайды хабардар еткен-ді. Кузнецкіге барғаннан кейін көп ұзамай бұрыннан өкпе құртымен ауыратын күйеуі қайтыс болғасын, 10 жасар ұлымен қалған, қасында ешқандай жанашыр адамы жоқ Мария Дмитриевнаға жете алмай жүрген шарасыз халі туралы мұңын шаққан. Өзіне арнайы соғып отырған Шоқаннан да ештеңені бүккен жоқ, бар арманы – ерекше жақсы көретін сол бір аяулы жанды Семейге алып келу екенін білдірген.

Унтер-офицерлікке өткелі бері жазу-сызуға мүмкіндігі туғанын жадырай отырып жеткізді. «Ағайдың түсі» деген комедиялық хикая жазуды бастағанын, Омбы абақтысында

---

<sup>10</sup> Жолжазбадағы күндер патша заманында қолданылған ескіше күнтізбе бойынша көрсетілген



бастан кешкендерін де қағазға түсіріп жүргенін хабарлады. Ресей туралы памфлет жазған еді, бірақ бір ай бұрын ғана қол қойылған империя үшін қорлық боп саналатын Париж шартынан кейін ол түкке жарамсыз болып қалды. Сондықтан да «Өнер туралы хаттар» деп аталатын екінші мақаланы бастап кетіпті. Оны І Николайдың қызы, Көркемөнер академиясының президенті, ұлы княгиня Мария Николайқызына арнамақ. Бұл жазушының он жыл бойы ойында жүрген тақырып екен. Мақаланы алдымен ақын досым Аполлон Майковқа оқытып аламын, оның кей тараулары памфлеттен тұрады, деді.

Қазіргі ең басты мақсаты – тезірек төменгі офицерлік шенге қол жеткізіп, сол арқылы шығармаларын бастыруға рұқсат алу. Бұл жөнінде лапылдап, ақтарыла сөйлеген. «Әлбетте, менің қуғаным әскери мансап емес, шен алсам, отставкаға офицерліктен шығуға, бір жерде ең төменгі тыныш жұмысқа орналасып, жазушылығыммен айналысуға мүмкіндік табылар еді, – дейді. – Өзіңіз жақсы білетін Дуров та денсаулығына байланысты кеңсе жұмысына ауысып алды емес пе. Мен үшін жазушылықтан артық игілікті, пайдалы атақ жоқ. Бірақ сол жазғандарыңды бастыруға рұқсат берілмейтіні күйзелтеді. Бір кездерде солдаттыққа айдалған ақын Полежаев та келесі жылдың өзінде өлеңдерін шығара бастаған еді. Кавказға қатардағы жауынгер боп жіберілген декабрист Бестужевтің те бір жылдан кейін Марлинский деген бүркеме атпен журналға шығармасы басылғанын білемін. Маған да сондай мүмкіндік берілсе ғой, шіркін. Патша төңірегіне жақын жүрген таныстарға да осы өтінішімді жеткізуге тырысудамын. Жақында ғана инженерлік училищенің офицерлік класында бірге оқып, бір пәтерде тұрған досым Адольфтың туған ағасы, сол кезден таныс, қазір генерал-адъютант лауазымындағы граф Эдуард Тотлебенге досым Врангель арқылы арнайы хат жаздым. Сіз оны естуіңіз бар, Севастополь қорғанысы кезіндегі инженерлік-фортификациялық жұмыстарды ұйымдастырған адам. Газеттен оқыған да шығарсыз, өткен желтоқсанда сол генералдың құрметіне арнап Петербордағы шахмат және әскери ойындар қоғамында жиын өтті. Ақын досым Майков сонда Тотлебенге арнаған өлеңін де оқыпты. Тағы бір үмітім, алдағы шілденің 26-сы күні өтетін ІІ Александр патшаның тәж кию салтанаты. Соған және жақында

қол қойылған Париж бейбіт шартына орайластырып, былтырғы жылғы императрицаның туған күніне арнап жазған өлеңім сияқты «Тәж кию және бейбіт келісім жасалуына орай» деген жаңа өлең жазып қойдым. Соны тәж кию салтанатына баратын Гасфорттың қолына қалай тапсырсам деп отырмын. Сіздің сапарға шығып бара жатқаныңызды қараңызшы, әйтпесе Омбыға сізден-ақ беріп жіберер едім. Енді Петербордағы Врангельге өтініш жасармын, Гасфорт тәж кию салтанатында болғанда қолына беріңіз деп, әйтпесе Демчинский арқылы Семейдің губернаторы Спиридоновқа қолқа салармын...».

Жуковский, Пушкин, Лермонтовтың көп өлеңдерін ғана емес, Карамзиннің «Ресей мемлекеті тарихы» 12 томдық еңбегінің тұтас тарауларын жатқа оқи алатын, батысеуропалық жарқын әдебиет өкілдері – Гете, Шиллер, Гюго, Бальзак, Жорж Санд шығармаларын жілікше шағатын, француз тарихшылары Тьер, Минье, Луи Бландардың туындыларымен жақсы таныс, Сен-Симон мен Фурье философияларын тиянақты қаузай алатын зор дарын иесінің қазақ даласының бір түкпіріндегі шағын Семей шәрінде отырып, жолаушылап бара жатқан жас поручикке басындағы шарасыз халін жасырмай ақтарып, мұңын шаққаны Шоқанды кәдімгідей толқытты. Гасфорттың қолына ол өлеңді<sup>11</sup> өзі-ақ тигізер еді, бірақ біраз уақытқа Ыстықкөл жақта жүретінін

---

<sup>11</sup> Бұл өлең ақырында Семей губернаторы полковник П. М. Спиридоновтың көмегімен 1856 жылғы мамырдың 19-ы күні Гасфорттың қолына тиді. Гасфорт маусымның 2-сі күні Әскери министр Н. О. Сухозанетке жазған хатында осы өлеңді патшаның назарына ұсынуды өтінеді. Петербордағы генерал-адъютант Э. Тотлебен де Достоевскийдің офицерлік шен мен заңды түрде әдебиетпен айналысуға мүмкіндік әперу жөнінде көмек сұраған хатын алғаннан кейін, оны өзінің ең үлкен бастығы, ұлы кінәз, инженерлік бөлімдер жөніндегі генерал-инспектор Николай Николайұлының (I Николай патшаның үшінші ұлы) қаперіне жеткізеді. Ұлы кінәз тәж кию салтанатына орай, мұндай рақымшылық жасауға қарсы еместігін білдірген соң, Әскери министр Сухозанет өз тарапынан патшаға шығып, оның келісімін алады. Содан 1856 жылғы қазанның 1-і күні ғана Достоевскийге прапорщик шенін беру, өзі қызмет етіп жүрген батальонында қалдыру туралы бұйрыққа қол қойылады. Алайда әдеби шығармаларын бастыруға рұқсат алу жайы оның құқы қайтарылып берілген 1857 жылдың сәуіріне дейін созылған еді.

айтып ақталды, бұл сапар өз басы көптен армандап жүрген саяхат екенін, Тәңіртау деп аталатын ол аймақпен жақынырақ танысуға мүмкіндік алып отырғанына қуанатынын, еуропалық жиһангездердің ол жаққа әлі аяқ баса қоймағанын жеткізді...

Жазушы Шоқан қатысатын экспедициялық отряд бастығы Хоментовский екенін естіген соң, тағы да масайрап, ол менің жақсы танысым, бригада полковнигіне менен дұғай сәлем айта барыңыз, деп тапсырды. Хоментовский былтыр Семейге келіп, біраз күндерін осы облыс орталығында өткізіпті. Ер көңілді, ашық-жарқын, қайырымды кісі. Қолында барын аямайды. Көмектескісі келіп тұрады. Кейде көп орыс офицерлеріне тән дағды, артық думандатып кететіні де жоқ емес. Жаңа жылдың алдында Семейге тағы соғып, Петербордағы туыстарына барып-қайтуға аттанып бара жатқанын хабарлағасын, мен дереу ол арқылы ағама хат жазып жіберген едім, қайтар жолында Семейге арнайы соғып, бауырымның сәлемін жеткізді, деп ризашылығын білдірді. «Айтпақшы, осында Врангель екеумізбен жақсы қарым-қатынаста болған поручик Василий Обухты көрсеңіз де сәлем айтарсыз, – деді. – Ол биылғы жылдың басынан Верный бекінісіне артиллерия бастығы болып ауысып кеткен. Өте білімді жігіт».

\* \* \*

Шоқан мінген жеңіл тарантас Семейден Аягөзге қарай шыққанда табиғаттың көктем лебімен дүр етіп, жердің енді-енді көкке қымтана бастаған шағы еді. Күн жылынып, бозторғай шырылдап, шағын тұзды көлшіктердің үсті пырылдап ұшып-қонған үйрекке толы. Тобылғы мен қараған жаңа ғана жапырақ жайып келеді.

Әр 25-30 шақырым сайын бір бекет. Оларда шаршап жеткен көлікті ауыстыратын екі-үш жұп жегін ат пен көшір дайын тұрады. Семей мен Алматы арасын жалғайтын басты жәмшік даңғылымен әрілі-берілі ылаулатып өтіп жататын шенеуніктер, офицерлер, пошташыларды келесі бекетке дейін жол бойында кездесуі мүмкін тонаушылардан қорғай отырып жеткізіп салу қызметін атқаратын оншақты қарулы казак-орыс мекендейді. Олар тек күзетпен ғана емес, жаз кезінде қыс қамын жасайды, пішен мен отын дайындайды, бекеттің жөндеу жұмыстарын

жүргізеді. Сиыр ұстап, тауық асырайтындары да бар. Бекетке аялдағандар олардан сүт пен жұмыртқа да сатып алып жатады.

Семей мен Аягөз аралығында ол кезде – Ұлығыз, Арқалық, Ащыкөл, Жартас, Қызылмола, Арқат, Әлжанадыр, Ұзынбұлақ, Еңірекей, Алтынқұлақ аталатын он бекет бар еді. Шоқан өз күнделігінде сол бекеттердің алтауының құдық суын пайдаланатындығын жазады. Соған қарағанда қалған төртеуінің өзен жағасында орналасқанын байқауға болады.

Жас саяхатшы жолдың сортаңды дала арқылы өтетінін сөз етеді де, бекеттерді атап жатпайды. Тек жер бедерінің Арқат тауына қарай өрлей түсетініне назар аударады. Дегенмен оның Ұлығыздан кейін оң жақта алыстан мұнартып, көпке дейін қалыспай отыратын, уақтардың байырғы мекені Көкен тауын көргені, алдыңғы тұстан Арқалық жоталарының көлбеңдейтінін байқағаны да анық.

Шоқан Арқат тауының биік шоқылары алыстан-ақ көзге ілігетінін атап көрсетеді. Бұл таудың ықты, шүйгінді қойнауларын Аягөз дуанының найман мен уақ болыстары әуелден мал мен жанға қолайлы қыстау ретінде пайдаланады. Оның үстіне Арқат аясындағы жайылымдарды, талай жылдардан бері Семей саудагерлері де өз малдарын бағу үшін қазақтардан жалға алып жүр. Түп-тектері Қоқан, Ташкент, Бұхар жақтан шыққан олардың сауда керуендері қазақ даласына күнгей елдерде жасалған бұйымдарды әкеліп, одан әрі Ресей базарларына дейін өтіп, қайтарда сол жақтан алған орыстың темірден жасалған әртүрлі заттарын, сиса мен шұға маталарын түздіктер мен күнгейдегі хандықтарға жеткізу ісінде ың-шыңсыз жүріп-ақ қыруар істер тындырып жатыр. Семей мен Аягөз маңы – сол күнгей мен теріскей базарлардың арасын жалғаған керуен жолының орта тұсында тұрған маңызды торап. Батыстағы Троицк, Ірбіт, Мекержіден (Төменгі Новгородтан) қазақ даласы арқылы өтіп, Қытайға төте баратын керуен жолы да Аягөз бойындағы Қозы Көрпеш–Баян сұлу бейітіне жеткен соң екіге жарылады. Бірі – Үржар арқылы Шәуешекке кетсе, екіншісі – Қапал, Көксу, Үйгентас арқылы Құлжаға тартады.

Базарқан қауымдар саудалары өрістеген сайын бірте-бірте керуен жүгін тиітін түйелер мен жегіс, мініс аттарының да осы жол ортадағы құйқалы жайылымдарда бағылып, тынықтырылып

тұрғаны жөн болатындығына көз жеткізген еді. Әрине, керуен жолдары тоқайласып, жүк малдары шоғырланған маңайда сауда ісіне қатысы бар адамдардың да ұйыса қоныстанатыны, жүк сақтайтын орындар салынатыны мәлім. Осының өзі-ақ, аз жылда Семей мен Аягөзде ташкенттіктер мен бұхарлықтар санының артуына себеп болған. Төркіні туыс жұрттар осы өңірде саудаларын өрістетіп, малдарын баға жүріп, қазақ арасына да әбден сіңіп, араласып кетті. Түздіктер сияқты бие байлап, далалық әдет-салттарды ұстауға көшті, өзара құда-жекжаттарға айналды. Жергілікті жұрт оларды шыққан тегін меңзеп, әдетте «ташкенттіктер» немесе «шалақазақтар» деп атар еді. Шоқан жазғандай, олар Семей, Аягөзден басқа, керуен жолы бойындағы Көкпекті дуанында да мекендейді.

Жас офицерге былтыр, 1855 жылы Гасфортпен бірге жүрген сапарында Семейде көрген, генерал-губернаторға арнайы жолыққан белгілі көпес Боқаш Аупбайұлының да түбі ташкенттік боп келетін сол шалақазақ қауымына жататыны белгілі еді. Сонда Семей саудагерлері атынан сөйлеген ақсақалдың өтінішін Батыс Сібір әміршісіне аударып бергені бар. Боқаштың губернатордан Арқаттағы керуен малдары бағылып отырған жайылымдық жерлерді өздеріне заңды түрде бөліп беруді сұрағаны есте. Гасфорт бұл мәселенің түйінін бірден шеше алмайтынын, ол патша ағзам төңірегіндегілердің ғана құзырында екенін, әйтсе де реті келіп жатса, көмектесуге тырысатынын айтып жауап қайырған.

Енді міне Арқаттың қойнауына кіргенде, сол Боқаш айтқан керуен малдарын бағып отырған шалақазақтардың жүз қаралы шаңырағын өз көзімен көрді. Қымыз ішу үшін аялдап, қазақ тіршілігіне бейімделіп кеткен жұрттың қарияларынан жөн сұрасып еді, олар өздерінің жетпіс жылдай уақыттан бері осы маңда көшіп жүргендерін жеткізді.

Шоқан сәуірдің 20-сы күні түнге қарай Аягөзге де ілінді. Осы жерде ол бір тәуліктен астам уақыт аялдаған. *«Аягөз – шағын станица, онда найман руларын басқаратын округтік приказ орналасқан. Ол 1831 жылы ірге көтерген. Қазақ даласындағы станицалардың ішінде, Аягөз, шамасы ең көзге қорашы... Шағын бекініс, дуал ішінде бірнеше ағаш үй, татарлар тұратын бөлікте мешіт пен жеркепелер орналасқан».*

Шоқаннан төрт айдай кейін, тамыз кезінде осы жермен өткен саяхатшы, географ Петр Петрович Семеновтың (болашақ Тянь-Шанскийдің) да Аягөз туралы пікірі осы тектес. Ол дуан орталығын бір ғана көшеден тұратын, балшықтан соғылған жатаған үйлері, казармасы, емханасы, әлі бітпеген шіркеуі ғана бар ұсқынсыз қала ретінде сипаттайды. *«Оның жанында ағып жатқан Аягөз өзенінің арғы бетіндегі қыратты тұстан кешке қарай қасқырлардың ұлығаны естіліп, тіптен, олардың қараңғыда жылтыраған көздері де көрініп тұратын еді»,* деп жазады ол.

1860 жылы Аягөз бекінісі II Александр патшаның баласы ұлы кінәз Сергейдің құрметіне Сергиополь қаласы деп өзгертіледі. Семейлік тарихшы Н. А. Абрамовтың жазып кеткен деректеріне қарағанда, сол жылы онда: «1 шіркеу, 1 мешіт, 5 қазыналық, 2 қоғамдық үй болыпты. Қазыналық 4 үй тастан қаланса, 12-сі кесектен өріліпті, жеке үйлердің 180-і ағаштан қиылып, 7-уі шымнан, 4-уі саздан тұрғызылыпты. Олардың төбесі шыммен немесе қамыспен жабылыпты. Кеңірек, тәуірірек салынған деп есептелетін үйлер 50-ден аса қоймайды. Қала тұрғындарының 847-і ер, 615-і әйел жынысты. 1860 жылы 29 ұл дүниеге келіп, бәрі шетінепті. 51 қыз туып, 29-ы көз жұмыпты...».

Қалада болған бір жарым күнді Шоқан құр жібермеуді көздеген ыңайлы. Ол шежіре білетін кісілерден осы дуандағы найман рулары туралы мәліметтерді жазып алғысы келген. Әрі бұл жөнінде күнделігіне түртіп те қояды. Дегенмен, не себептен екені белгісіз, ол жайындағы дерек жолжазба бетіне түспей қалады. Найман рулары ғалымның басқа еңбектерінде де тарқатылмайды. Соған қарағанда, саяхатшы Аягөзде аялдаған кезінде бұл ойын орындаудың сәтін таба алмаған тәрізді. Аягөзден оңтүстікке қарай Қапал пошта даңғылы басталады. Сәуірдің 22-сі (мамырдың 5-і) күні түстен кейін сапарын жалғастырған Шоқан, көктемгі тасқыннан деңгейі көтеріліп жатқан Аягөз өзенінің оң жағына паром арқылы өтті де, ымырт үйіріле Ескіягөз бекетіне жетті.

\* \* \*

Қолдарыңыздағы кітап авторының өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасында жастар газетінде

журналшылық қызмет істеп жүрген кезінде Шоқанның «Ыстықкөл сапары күнделігі» еңбегінің ізімен қайталап жүріп өту ниетін де жүзеге асырғаны бар еді.

Бұл туралы ой кездейсоқ туған. 1975 жылдың басында Жетісудағы көне ескерткіштер туралы әңгіме қозғауға тиіс газет мақаласы үшін деректер іздестіру үстінде осы күнделіктегі мәліметтерге қайта көңіл аударғанбыз. Содан 120 жылдай бұрын жасалған саяхат. Оны бұрын Шоқанның бес томдық шығармалар жинағын қарап шыққанда, бір оқығанымыз бар-ды. Бірақ ол кезде күнделік дәл осындай әсер ете қоймаған. Бұл жолы да оны жай парактап, қажет деректерді түртіп аламыз ғой деген ойда едік. Әйтсе де бәрі басқаша болды. Салғаннан үйіріп ала жөнелткен еңбек еліктіріп әкетті. Мүлдем тосын қырынан тартылып, көз алдыға Шоқан жүріп өткен сапардың ізі суреттей боп көлденеңдей қалды.

Өз-өзінен: «күнделік маршрутымен жүріп өтсе қайтер еді», – деген ой келді көкейге. Шынында да журналшылық көзбен қарағанда, еңбекте кездесетін сол дәуірдегі кей жайларды, халық тіршілігін, елді мекендерді осы күнмен салғастыра қараудан – екі арада болған үлкен өзгерістерді, сол кез бен бүгінгі күннің айырмашылығын байыптаудың кең мүмкіндігі туатыныны анық. Саяхатшы жазбасында біраз адамдардың есімдері аталады. Бәлкім, бұл сапар олардың бүгінгі ұрпақтарымен кездесудің де мүмкіндігін туғызар. Ыстықкөл күнделігі – Шоқанның ғажайып ғалымдық, жиһангездік өмірінің алғашқы шақтарында жазылған еңбек. Ғалымның осы сапар барысындағы зерттеушілік қызметі хақында әңгіме қозғау – оның өміріндегі назар аударуға тұрарлық маңызды жайттарды тануға да жетелері кәміл. Ал бұл тұрғыда талай жұмбақ тұстар мен құпия сәттердің баршылық екені де белгілі. Күнделікте жазылған маршрут ізін дәл анықтаудың да өз қиыншылықтары кездесті. Ол сапар туралы Шоқан карта қалдырған емес. Оны тек күнделіктегі жер, су аттарына қарай отырып, қайта сызып шығу керек. Жас ғалым сапарының ескі пошта жолымен өтетін біраз бөлігін картаға түсіру күрделілік туғыза қойған жоқ. Ол Шоқанның өзі сызып кеткен Жетісудың картасы мен Семенов-Тянь-Шанский қалдырған саяхатнамалық картадан көшірілді. Бірақ сапардың Іле, Күнгей Алатауды аралап, асулар арқылы өтетін басқа бөліктерін табу

біраз еңбектенуді қажет еткен-ді. Осы ретте Қазақстан Ғылым академиясының Геологиялық ғылымдар институтының мамандары ұсынған майда масштабты үлкен картаның көп көмегі тиді. Тау соқпақтары мен бұлақ, жылғаларға дейін анық түсірілген ол карта күнделікті оқып отырып, оның дәл маршрутын сызып шығуға мүмкіндік берді.

Сонымен «Ыстықкөл сапарының күнделігі» ізімен жүріп өтетін маршруттың ұзын-ырғасы дайын болды. Бұдан кейін ол ой «Лениншіл жас» (байырғы және бүгінгі «Жас Алаш») газетінің бас редакторы Сейдахмет Бердікұлұлына білдірілді. Ш. Уәлихановтың туғанына 140 жыл толуына орайластырылған іс болғандықтан, бұл ұсыныс бас сарашы тарапынан қызу қуатталып, іссапарға үш дүркін шығып келуге (барлығы бір жарым айға) рұқсат берілген.

Алда содан жүз жыл жиырма жылдай уақыт бұрын атақты саяхатшы басып өткен ізді қайталап өтудің қызық сәттері күтіп тұрды. Біз өз сапарымызды жас ғалымның үш ай бойы жүргізген ауқымды күнделігіндегі автор қолтаңбасының ширақ желі тартып, еркін көсіле бастаған тұсы – Аягөзден бастағанды жөн көргенбіз. Сапарымыздың алғашқы кезегінде – Аягөз қаласынан Қапалға қарай беттеген ескі пошта жолы ізін бойлай, Арғанаты тауларын кесіп өтіп, қазіргі Ақсу, Жансүгіров кенттеріне дейін өтуіміз керек-тін. Екінші кезек – Шелек өзенінің Ілеге құярына жақын тұстан бастау алып, Сөгегі, Торыайғыр тауларын басып өткеннен кейін, Үшмеркі өзендері арқылы Қарқара жайлауына жетеді де, сол жерден Ыстықкөлге қарай бұрылады. Сапар жолы одан әрі қарай Ыстықкөлден Саты (Шаты) асуы арқылы Қазақстанға қайта кіргеннен соң, Асы, Түрген өзендерін бойлай келіп, Алматыға маңдай тірейді деп жоспарланды. Ал үшінші кезек – Қапшағай, Шеңгелді, Алтынемел, Көксу, Талдықорған, Қапал, Сарқант, Теректі маршруты бойынша жалғасып, Шұбарағаш (Ойжайлау) ауылына жеткенде аяқталмақ. «Ыстықкөл сапары күнделігінің» соңғы нүктесі де, міне, осы тұсқа жеткенде қойылған.

...Шілденің алғашқы күндерінің бірінде жолқапшық арқалаған жас жұрналшы Шоқан ізімен сапарға шықпақ ниетпен Алматыдан көтерілген шағын ұшақпен Аягөз әуежайына келіп түскен еді.



\* \* \*

Өзен бойын қуалаған жәмшік даңғылымен сырғыған тарантас үстінде келе жатқан Шоқан Аягөзден шыққалы табиғат көрінісінің бірден жаңғырғанын байқады. Бүкіл дала масаты көкке оранып, тал, тобылғы, қараған түгел жапырақ жайыпты. Күн нұры да мейірлене төгеді. Өзен жағасын қалың көмкерген ырғай, тал, мойыл тоғайларының арасынан көкке шаншылған сүмбіл теректердің өзі де саяхатшыны ерекше әсерге бөлеген. Шынында да маңайдағы шөлейтті сусыз даламен салыстырғанда, оған Аягөз бойы жұмақ секілді көрінген.

*«Мен Аягөзді өте сүйемін және гажаптанамын, бәлкім, бұл орайда сұлу Баянның алтын айдарлы Қозы Көрпешке гашық болуы туралы поэтикалық аңыз оқиғасының осы өзен алабында өтуінің де себебі аз емес шығар... Олардың бейімі төртінші бекетке жетер-жетпесте оң жақта тұр. Біз бұл поэманы жақсы зерттеген едік, сондықтан да олардың бейімін арнайы көріп, күн шыққанда соның қасында шай ішуге ұйғардық. Сол үшін көшірге мазарға тура таң ата, бозторғай алғашқы әнін шырқап, күн енді шапағын шашар мезгілде жету туралы тапсырма берілді, – дейді саяхатшы.*

Шоқан бұл жырды бала кезінде әкесі екеуі әйгілі ақын, қаракесектің қамбар атасына жататын Жанақтан бірнеше рет жазып алған болатын. Кейін кадет корпусында оқып жүргенде ұстазы Костылецкий екеуі оны «Едіге» дастанымен бірге аударып, профессор Березинге де жіберген. Одан бері қазақ халық поэзиясының түрлерін зерттеген жазбаларында да осы поэманың басқа түрк халықтарында әртүрлі өзгерістермен кездесетінін атап өткені бар. Махаббат дастанының:

*Мекен іздеп, жігіттер, кел кетелі,*

*Ортасында Көктебе белгі етелі.*

*Азаматтар, ерінбей тыңдасаңыз,*

*Қозы Көрпеш – Баянды тербетелі,* – деген жолдарын қазақтың өлең құрылысының бір мысалы ретінде алға да тартқан.

Өзіне етене таныс дастан кейіпкерлерінің күмбезін Шоқан осы жолы жолшыбай көре кетуді мақсат тұтады да, түнімен үздіксіз жүріп, оған таң ата жетуді ойлайды. Сол үшін де бірінші

бекетке іңір кезінде ілінгенімен, оған аялдамастан, тез ат ауыстырып, сапарын түнделете әрі қарай жалғастырады.

(Біз мінген көлік осы жолмен күндіз жүріп келеді. Кезінде Семей мен Алматы арасын жалғастыратын нағыз күретамыр іспеттес пошта даңғылы болғанымен, қазір шеткері қалып көнеленген сүрлеу жүргіншіні адастырмайды. Сол замандарда жол бойымен тартылған телеграф бағаналарының түпкі қадасы ретінде мұқият қашалып арнайы дайындалған тас тұғырлар қазқатар тізіліп, бағзы бағдар осы дегендей ұзыннан-ұзақ тізбектеле созылып жатыр... ).

Шоқан мінген тарантас екінші Талдықұдық бекетіне жеткесін, Аягөздің сол жағасына қайта өтіп, Қызылқия бекетіне қарай беттеген кезінде көктемнің құбылмалы күні күрт бұзылып, созылмалы ақ жауын басталған.

*«Адам түзесе, құдай бұзады» деген сөз расқа айналды, – дейді бұдан кейін Шоқан күнделігінде. – Жаңбырдың баданадай тамшылары түні бойы тарантастың шатырын тырсылдатты да тұрды. Шаршаған аттар миы шығып езіліп кеткен жолдың батпағына тайғанақтап, аяқтарын әзер аттап келе жатыр. Жаңбырдың үздіксіз тырсылын шыбыртқының қайта-қайта соққан шартылы мен қалжыраған аттардың пысқырынуы және делбешінің жеки шыққан даусы ғана бұзады.*

Түн да жайсыз, жол жүру де жайсыз болды. Жаңбыр жоспарлаған ойымды бұзып жібермесе жарар еді, деген қауіпті күмән үстінде келе жатқан мен жәмшікке әлденеше рет: «Қалай, күн ашылар түрі бар ма?» - деп сұрадым. Қара бақайына дейін малынған делбеші, мұндайда: «Жоқ», – деп қоңқ ете қалады да, етегіне жиналған суды сілкіп тастап: «Құдайдың күні-ай», – деп тағдырына наразы болғандай үн қатады. Көшірді де аяймын – егер де жылдам жүргенімізде, ол баяғыда ыстық пеш үстінде демалып жатар еді. Бірақ сұлу Баянның аруағын да қия алмаймын.

*Осылайша біз бір сағат жүрдік.*

*– Мәртебелім, – деді көшір. – мола әне тұр!*

*Мен басымды тысқа шығардым. Күн түнеріңкі бұлттардың аржағынан бұлыңғырлана байқалады, күллі аспан жүзін қорғасындай қарақошқыл бұлт түгелдей қаптап алыпты, жаңбыр басылар емес, ақкөбік болған аттар сортаң лаймен*

*зорға жылжып келеді, оң жақтағы өзеннің арғы бетінде теректердің бастарынан асып бейіттің үшкір ұшы көрінеді: жырақтан ол қызыл кірпіштен қаланған сияқты байқалады. Ауа райы мынадай болып тұрғанда бейіт қасында отырып шай ішу мен қазақтың көне дүниесін асықпай тамашалау туралы ойлаудың ешқандай қажеті жоқ еді.*

*– Шамасы, өзен тасып жатқан секілді, мәртебелім, өткел бере қоймас, деді көшір менің құпия ойымды жорамалдағандай.*

*– Жарар, ілгері тарта бер, қайтар жолда көрерміз, – дедім де, тоныма оранып, қалғып алу ниетімен оң жамбасыма қисая кеттім».*

Шоқан күнделігінен бұл ұзақ үзіндіні беріп отыруымыздың да өз сыры бар. Жиырма жасар поручиктің қаламынан шыққан осы жолдарды оқу үстінде, біз нақ бір ХІХ ғасырда ерекше дамыған орыс прозасының үздік үлгілеріне ұшырасқандай әсер аламыз.

Қозы Көрпеш пен Баян сұлу мазарын бұл жолы жақыннан көре алмағанымен, Шоқан шамасы, оған сол жылы күзде, Ыстықкөл сапарынан соң Құлжаға дипломатиялық тапсырмамен барып, сонда үш айға жуық болғаннан кейін қайтып келе жатқан жолда соққан сыңайлы. Бұны оның 1856 жылы бейіт жанында тұрған төрт тас мүсінді бейнелеген суреті дәлелдейді.

Шоқанның бас зерттеушісі, академик Әлкей Марғұланның дәлелдеуінше, ғұн заманында не түрк қағанаты кезінде тұрғызылған бұл «дың» түріндегі сәулет ескерткіші ғылым әлемінде біраздан белгілі. Ол туралы алғаш мәлімет айтушылардың бірі, кезінде Омбы облысының және Сібір корпусы штабының бастығы болып істеген генерал С. Б. Броневский еді. Бейітті 1825 жылы көрген ол: «Балқаш көліне құятын Аягөз өзені бойында қазірдің өзінде жақпар тастардан қаланған пирамида бүтін тұр... Онда тастан қашалған бір еркек, екі (*дұрысы – үш*) әйел мүсіні бар», деп жазады.

Ал 1853 жылы Қапалға бара жатқан жолда осы дыңға соққан, әрі Қозы мен Баян туралы дастанды ел аузынан жазып алған тарихшы Н. Абрамов оны «Пирамиданың биіктігі алты саржын, төрт бұрышты, есігі түстіктен, терезесі бар, өзі қызыл тастан қаланған. Қасында сұр тастан қашалған төрт мүсін жатыр. Олар: Баян (бұрымы бар), Қозы, Айғыз (қыз әпкесі) және қыз жеңгесі»,

дегенді айтады.

Осы жазбадағы мүсіндер жайлы сөздің шындыққа жақындығы бар. Оны біз Шоқан салған суреттен де анық байқаймыз. Суретте үш әйелдің, бір еркектің (басы жоқ) бейнесі кескінделген.

Ал енді осы тас мүсіндердің кейінгі тағдыры қалай өрбіді? Патша заманында көптеген ғалымдар олардың көне қазақ өнерінің мұрасы екенін ұғып, әдетінше орталық қалалардағы мұражайларға жеткізуге ықыластанады. Әйтсе де бұл ой жүзеге аса алмай жатты. Мәселен, оларды XIX ғасырдың елуінші жылдарында Мәскеудің тарихи музейіне апаруға талаптанған граф А. С. Уваров өкімет тарапынан көмек ала алмапты. 1898 жылы бейітті зерттеген Түркістан өлкесі археологтар үйірмесінің мүшесі Н. Пантусов «ол мүсіндердің (әрқайсысы 20 пұт) тек біреуі ғана сынбай бүтін қалыпты», дегенді айтады. Г. Потаниннің тапсыруымен оларды соңғы рет 1917 жылы зерттеген А. Н. Белослюдов: «Қозы Көрпеш ескерткішінің қасында екі рет болдым. Бірақ мен ешқандай тас мүсіндерді көре алмадым... олардың екеуін Германияға алып кетіпті», деп жазады. Осы сөз шынында да рас болуы керек. Бір деректерде оларды XIX ғасырдың соңғы кезінде Африкадағы герман губернаторы фон Виссаман әкеткен еді, деген де әңгіме бар. Ал сонда қалған мүсіндердің тағдыры не болды екен? Бұл жөнінде мынадай әңгімелерді естідік.

... Бейіттің қарсы тұсында «Таңсық» ауылы орналасқан. Ауылдың көнекөз қарияларының бірі, сол кезде жасы 85-тегі Ағыбай ақсақал бізге назар аударуға тұрарлақ бір деректі көлденең тартқаны бар.

– Менің жеті-сегіздегі кезім. Аяғөздің алдын буып, су шығарып, егін егеміз. Бір күні әкеме еріп, бөгет салып жатқан жерге барғанымда, бейіт жақтан адам бейнесіндегі үлкен көк тасты сүйретпемен алып келіп, бөгет салмақты болсын деп топырақ арасына салғанын көріп едім.

– Оның қай жерде көмілгені есіңізде жоқ па? – деген менің сұрағымға, қария: - Одан бері бөгеттің орны мың рет ауысты емес пе. Әрі ол кезде мен кішкене баламын, қай жер екені қайдан есте қалсын, – деп қиналыс танытты.

Бұл деректі тарқатар болсақ, біз сөйлескенде 85 жастағы

Ағыбай ақсақалдың жеті-сегіздегі кезі 1897-98 жылдарға сәйкес келеді. Шамасы бұл оқиға тас мүсіндерді Н. Пантусов көріп кеткеннен кейін өтсе керек. Кім білсін, мүлдем жоғалып кетті деп саналып жүрген тас мүсіндердің бір-екеуінің сол көне бөгеттердің астында жатуы да ғажап емес.

Кезінде Шоқан қағазға түсіріп кеткен тас мүсіндердің кейінгі тағдыры осындай.

\* \* \*

...Түні бойы сорғалаған жаңбырдың астында жол жүріп қалжырап келе жатса да Шоқан Козы Көрпеш пен Баян сұлу дыңына жақындау Кішіаягөз бекетінде көп кідірген жоқ. Тез ат ауыстырғызды да ілгері жүріп кетті. Күн сәскеге таянған сәтте Жұзағаш бекетіне жетіп, сол жерде шай ішуге аялады. Жаңбыр әлгінде ғана тоқтаған. Жорық сандықшасынан жолға қамдаған тамағын алып, бекетші әкеп берген қайнаған суға шайын демдеп, таңғы асын тыста ішті. Айналаны шолып отыр. Маңайдың бәрі кілкіген шалшық. Бекеттің түстік жағында едәуір аумақты көл пайда болыпты. Бұдан бір жыл бұрын ғана генерал-губернатор Гасфортпен бірге осы жермен өткенде мұндай мол су жоқ сияқты еді. Таңданып қалған. Бекетшіден жөн сұрағанда, түнде Аягөздің қатты тасығанын, содан пайда болған көл екенін айтты. Өзен бойлай жатқан пошта жолының да су астында қалғанын, сондықтан да келесі бекетке қыр жақпен айналып бару керектігін жеткізді.

Шоқан күнделігіне осыдан кейін: *«Мен Жұзағаш бекетінде шай іштім. Өзеннің сол жағындағы даланы су алып кетіпті...»*, – деген жазу түсті.

Айналма жолмен келе жатқанда, маңайдағы өсімдік сипатына де назар сала отырды. Төңіректің бәрі түп-түп боп өскен қалың ши. Ара-тұра шеңгел, баялыш, шырғанақ, жиде мен көкпек бұталары да ырғалады. Келесі бекеттен Арғанаты тауына дейінгі аралық Қарақұм шөлені арқылы өтеді. Жаңбырдан кейінгі тобарсыған құм беті жүріске жұмсақ. Түні бойғы ауыр жол соғып тастаған, әрі жаңбырға, бейітті көре алмайтынына елегізіп, шалаұйқы болған Шоқан сәлден кейін тарантастың жайлы тербеуінен қалғып кеткен еді.

Содан ол Арғанаты тауына жақындағанда ғана бір-ақ оянды. Шағын тауға кіре берістен басталған шатқал арасымен қуалаған жол, биіктеу шоқы жанындағы, маңайы көкжасыл жылғаға алып келді. Сыздықтай ағып жатқан суы тәтті тұма басында Арғанаты бекеті орналасқан. Саяхатшы сол бекеттен Лепсі өзеніне дейінгі аралықта шомыр, тобылғы, рауғаш, жуа, жусан, көкпек, қараған, сарғалдақ сияқты өсімдік түрлері өсетінін байқайды. Рауғаштың көптігі сонша, бүкіл даланың беті қып-қызыл боп тұр екен. Арғанаты жоталарының Аягөз жақ беті мен Лепсіге қарай жатқан төскейлерінде мал азығындық шөптер аз. Саяхатшы Ащыбұлақ бекетінен өткеннен кейін оңтүстікке қарай жоталар тізбегі басталатынын, оның Лепсі өзеніне барып тірелетініне назар аударады.

Сол бұйраттарының күнгей бетінде көктемде тасқын сумен толығып, жазда құрғап қалатын, айналасын қалың қамыс көмкерген көл жатыр. Жұзағаштан сәске шамасында жолға шыққан Шоқан жүз шақырымнан астам қашықтықты артқа тастап, іңір іліне сол көл жағасына да келіп жеткен еді. Су бетін қаптаған қаздардың қаңқылы мен қалың көлбақа құрылдауының тым күштілігі сонша, ол құлағын мақтамен тығындап алуға да мәжбүр болады. Саяхатшы өзеннің төменгі ағысына қарай мазарлардың аса мол байқалатынына көңіл аударған. Демек, ол осы маңның ел шоғырланатын бір мекен екенін де көрсетеді деп түйген ол. Мұны жол бойында қыстаулардың ескі жұртының көп кездесетіні мен ауылдардың әлі күнге дейін жиі қоныстанып отырғанының өзі де дәлелдейтін еді. Бұл маң – сондай-ақ Балқаштың ну қойнауларын қыстаған қазақтардың да көктем шыға тау жайлауларына бет алған көші-қоны кезінде он күндей аялдап өтетін тұсы.

Осы көлден өзеннің оң қабағында тұрған Лепсі бекетіне дейінгі он шақырым жол қайтадан қамыс, ши, көкпек, шеңгел, ақтаспа араласа өскен еспе құм арқылы өтеді. Құм ішінде жылан мен тасбақа көп ұшырасады.

Шоқан бекетте аяғын жазып, кешкі тамағын ішкеннен кейін, ат ауыстыру, қайықшылардың Лепсі өзеніне жақында ғана салынған паромға тарантасты шығару күйбендері аяқталғанша, бүгінгі көргендері мен естіп-білгендерін күнделік бетіне түсіре бастады. Бәрін жылдам-жылдам жүгіртпін жаза отырып, дәл

қасында шіміркене ағып жатқан Лепсіні де қоса айтып кетті. «Ол басын Алатаудан алып, Балқашқа барып құяды. Суы терең, жағасындағы қалың тоғайда терек, тал, жиде, ырғай өседі. Құйылысына қарай екі беті ну қамыспен көмкеріледі. Ол қамыстарда әртүрлі құстар мен жолбарыстар ұшырасады. Бірде жолбарыс бекеттегі сақшыға да шапқан көрінеді... Біраз жыл бұрын ғана бұл өзен орыс иелігіндегі жерлердің оңтүстік шекарасы болатын. Одан өтудің өзіне қатаң тәртіппен тыйым салынатын...».

Шоқан күнделігі XIX ғасырдың орта тұсындағы Қазақстанның жануарлар мен өсімдік дүниесі туралы мағлұмат аларлықтай еңбек. Мәселен ол осы сапары барысында Іле Алатауына жеткен кезде бұл маңда марал, арқар, қарақұйрық, таутекелердің көптеп кездесетінін, бетеге, жусан, рауғаш, ырғай, үшқат, жиде, жыңғыл, зерек (сарыағаш), тобылғы, арша секілді өсімдіктер мен бұталардың өсетінін айтады. Қайтар жолда Іледен теріскейге қарай жатқан далада ақбөкендердің үйір-үйір болып жүргенін көріп ғана қоймай, осы маңда құландардың да ұшырасқанын жазады.

Құландар демекші, ғалымның кейіннен жазған «Жоңғария очерктерінде» ел аузындағы Жәнібек оры деп аталатын аңызға ерекше назар аударатыны бар. Аңызда Жәнібек ханның атқа енді мініп үйреніп жүрген ұлының құлан үйіріне тап болып, қаза тапқаны айтылады. Ауыр қайғыға душар болған хан Тарбағатайдан бастап Ілеге дейін ор қаздырады да, далада жүрген құланның бәрін соған қудырады. Сонда барлық аң орға жығылғанда, тек бір жұп құлан ғана құлаған жануарлардың үстімен секіре аман өтіп кетіп, Балқаштың аржағына асқан көрінеді. Олар сол жақта жүріп көбейген. Ғалым өзі Қашғар сапарына бара жатқан 1858 жылы Қалқантауда көрген құландардың соның алдында ғана Бетпақдалада болған жұттан ауып келгендігіне мән береді. Бұл түз тұяқтыларының шамасы бұрынғы атамекеніне оралуы да шығар деп түйеді ол.

\* \* \*

Жұзағаштан Лепсі бекетіне дейін созылған жәмшік даңғылының Қарақұмнан басталатын бөлігі кейінгі заманның

күре жолдарынан шет қалған көне сүрлеуге айналған. Елді мекендер арасын жалғамайтын болғандықтан, көп жері көміліп қалған ол жолмен машиналар да жүре бермейді. Әркім де құм төбелерді аралап қиналғаннан гөрі, көздеген жерлеріне көп айналма болса да асфальт жолмен жеткенді жөн көріп алған. Шоқан басып өткен бұрынғы Лепсі бекетіне жөні дұрыс басқа жол да алып барады. Бірақ саяхатшы маршрутынан ауытқып, ол аялдаған екі бекеттің орнын көрмей кетуге біздің көңіліміз қимады.

Мені Лепсі өзеніне дейін жеткізіп салуға келіскен құмға төзімді Газ-53 көлігінің жүргізушісі Бораш Уәлиевтің сескенген жайы да бүгіндері ешкім жүрмейтін сол ескі сораптың ауырлығы болған. «Осыдан төрт жылдай бұрын сол көне сүрлеумен біраз машина топ болып жүргеннің өзінде Қарақұмнан қатты қиналып өткен едік. Тіпті, бір-екеуі қайта-қайта малтыға бергесін кейін қайтқан. Одан бері жол одан әрі көміліп қалуы да кәдік», – деген.

Сапардың ауыр тұсы басталатын Қарақұмға біз шаңқай түсте іліндік. Шоғырлана біткен бұталары мол бұйрат-бұйрат еспе құмдар машина дөңгелегіне бірден ауырлық алып келді. Құм арасында тарау-тарау болып жатқан ескі шиырлардың қайсысымен жүру керек екендігінің өзін білу қиын. Байқап көрейік деп солардың біріне түсіп, ілгері жылжыған едік, біраздан кейін ол қалың құмға килігіп жоғалып кетті. Амал жоқ, қайтадан сол ізімізбен кері қайтуға тура келді. Әлгі жерге оралып, тағы да жол қарастырдық. Біреуіне түсіп ілгерілеп келеміз. Бір уақытта бұл сораптың да еспе құммен көміліп қалғанын көрдік.

– Шынымен-ақ жолдың бәрі бітеліп қалғаны ма? – деді Бораш. – Анау алдағы белеңге шығып қарау керек, мүмкін аржағы дұрыс шығар. Онда мына құмнан қатты екпінмен келіп өтуге болады.

Мен жерге түсіп, құмды кеше ілгері жүрдім. Айтқандай-ақ жүз метрдей жердің аржағы сәл тақырланады екен. «Жүруге болады» дегендей белгі бердім.

Машина құмды кеше ыңыранып ілгері ұмтылды. Булыға тайғанақтай жүріп, қатқылға ілінді. Ақырында осылай сорап қуалап жүріп, тапталыңқыраған үлкен шиырға тап болдық.

- Мен білсем, енді осы ізден айырылмау керек, – деді



жүргізуші. – Бізді Арғанатыға алып барса, осы апарады.

Шынында да солай болып шықты. Жол бойы талай сүрлеулер ұшырасып, әлденеше рет соларға шатасып түсіп кетіп, қайтып оралып жүргенімізбен, құмның қатқыл жерлері арқылы қуалай айналған сол сорап, ақыры бізді Қарақұмнан алып шықты. Әлден уақытта алдымыздан қарауыта көрінген Арғанаты тауына қарай тіке тартып келе жаттық.

– Әйтеуір, жарық барда құмнан шықтық-ау, ендігі жол оңай, – деді Бораш көзіне сорғалаған терді жеңімен сүртіп тастап...

Арғанаты бекеті орнының іргесіндегі биік шоқы басына көтерілгенімде, оң жақ тұстан алыстан жарқырап Балқаш көлінің шалқары көрінді... Одан кейінгі жүрісімізде кідіріс болған жоқ. Лепсі өзеніне дейінгі қашықтық – қиыршық тасы сусып жатқан теп-тегіс тау жолы арқылы өтеді. Бұрынғы Ащыбұлақ бекетінен асқанда алдымыздан маңайына ағаш өскен суы мол бұлақ жолықты. Басында қымызшылар ауылы отыр екен...

Шоқан аялдаған Лепсі, қазақтар Көктерек деп атаған ескі бекет жұрты да бүгіндері үлкен жолдан тысқары елеусіздеу тұста қалып қойыпты. Сөйтсе де бұрынғы паром аузы болған өткел орнына саяхатшы сияқты дәл іңірде жетіп, ол аял жасаған, күнделігін маңайдағы табиғатқа көз сала отырып толтырған өзен жағасын көру мүмкіндігін құр жібермеген едік.

\* \* \*

Жас поручиктің жүрісі тым жедел. Ол Лепсі бекетінде дұрыстап демалыс жасап, ұйықтап алуды жөн көрместен, жәмшік пен жегін аттарды ауыстырып әрі қарай жүріп кетті. Екінші түнін де арба үстінде шала-шарпы мызғумен өткізді. Түн мезгілі, әрі топырағы бостау құмдауытты шөлең арқылы бұраландаған жолда жүріс те аса өне қойған жоқ. Басқан өзеніндегі бекетте ат ауыстырғанда, бір оянып, аяғын жазды. Түні бойы алпыс шақырымдай жол жүріп, таң алдында Ақсу бекетіне маңдай тіреді. Онда да Лепсідегі секілді паром қатынасы енді ашылған еді.

Шоқан таң шапағымен бірге Жетісу Алатауының қарлы шыңдарын көрген. Алған әсерін дереу күнделік бетіне түсірді. *«Осынау көгілдір таулар көкжсиекпен, аспандағы ала*

*бұлттармен астасып, қиырдан қарауыта көрініп тұр. Кей тұстарында шоқылары бұлттардан биіктеп кеткен: жаңа көтеріліп келе жатқан күн оларға жалтылдаған алтын шапағын төгуде. Таңғажайып, керемет көрініс. Оның бергі жағындағы Қисықауыз таулары онымен салыстырғанда жүз жасаған еменнің тасасында өскен шөп секілді байқалады».*

Жәмшік даңғылының сол кездегі тәртібі бойынша, жолаушылаған шенеуніктер, пошташылар, офицерлерге екі-үш салт атты қарулы казак-орыс күзеті ере жүріп, бекеттен бекетке дейін жеткізіп салуы тиіс. Бұл тәртіпті дәл осы жолмен Шоқаннан төрт ай кейін жүріп өткен саяхатшы П. П. Семенов те өз күнделігінде жазып та кеткен. Ол өзі мінген қоңыраулы тарантас арбамен қатарласа, бастарына төбелігі қызыл картуз киген, белдеріне қылыш, иықтарына винтовка ілген салт аттылар ілесіп отырғанын айтады. Шоқан күнделігінде мұндай жайтқа назар аударылмайды. Алайда Ақсу бекетінен өткеннен кейін жолдың екі жағынан да төртқұлақ бейіттер, шошақ күмбезді зираттардың көптеп кездескенін, жылқы үйірлері, қой отарларының ұшырасқанын, алыстан ақшаңқан киіз үйлердің көрінгенін жаза отырып, қоңыраулы тарантасты көзі шалып қалған қазақтардың бұлардан сескене, тез тайқып кетуге тырысқаны туралы жазғандарынан-ақ, арбамен қатарласа қарулы казак-орыстардың да бірге келе жатқанын байқау қиын емес. Ауылдың тұсынан өтіп бара жатқан тұста, қымыз ішкісі келіп, мал қайырып жүрген қойшыдан сұлтанның үйі қай маңда екенін сұрауға тоқтағаны сол еді, сол маңайдағы әйелдер у-шу болған да қалған. Азан-қазан дүрліккен ауыл ішінде әйелдер бір үйден шығып, бір үйге кіріп, әлдекімнің, бәлкім, бидің атын атап шақырып әлекке түскен.

– Олар менің қойымды алған еді ғой, – дейді бір әйел әлденеден сезіктенгендей бажылдап, – менің кезегім емес.

Жолаушылар ілгері жүріп кеткен соң ғана, ауылдағы дабыр біртіндеп басылды. Тек әлгі әйелдің қойын орыстардан аман алып қалуға жәрдемдескені үшін Жаратқанға жалбарынған даусы ғана біразға дейін естіліп тұрды, деп жазады ол.

Шоқанның осы бір көріністі со күйі алға тартуының өзінен де сол кездегі отаршыл әкімшілік пен қазақтар арасындағы теңсіздіктің сипатын аңғаруға болар еді. Саяхатшы ауыл жұрты

үшін мылтығын шошандатқан казак-орыстардың қатер мен үрей ала келетінін, қорғансыз елдің мал-мүліктерін еш кедергісіз тонап кете беретін қорқыныш көзіне айналғанын осындай екі-үш жолмен ғана байыптатып өтеді. Ыстықкөлден қайтып келе жатып, Асы жайлауының үстімен жүрген кезінде де, Талғар маңында осындай жайт қайталанып, казак-орыс әскерлерін көргенде, әйелдер мен балалардың улап-шулап жылағанын, тауға қарай қашқанын жазып, қазақтарға отаршылдардың тізесі әбден батқан-ау шамасы, дегенді тілге тиек етеді.

Автор күнделігінің соңында осы мәселеге тағы бір айналып соғады. Сапарының соңғы нүктесі Шұбарағаш-Ойжайлауды көріп-қайту үшін кен инженері Ковригинмен бірге бара жатып, Басқан өзенінің бас сағасына аялдаған тұста да, таудан жазыққа қарай бет алған қазақ ауылдарының екеуі жанындағы алты қарулы казак-орыстан зәрулері ұшып қорыққанын жазады. Біразы бұларға шошына қарап, маңайлаудан үркіп, көштерінің жүгін шешпестен тоқтамай өтіп кетсе, Шоқанның үгіттеуімен аялдауға әзер қалған бір ауылдың өзі, қыздарының беттеріне күйе жағып, үстеріне жыртық киім кигізіп бірталай әбігерге түседі. Саяхатшы бұл жолы өз күнделігінде олардың бойында ұялап қалған үрей ахуалын бүркемелемей, «байғұстарды казактар мен орыс заседателдері әбден қорқытып-ақ тастапты», деп отаршыл биліктің ел арасындағы астамшыл тірліктерін елеусіздеу түрде айтып та кетер еді.

Кейде отарлаудың алғы шебінде жүрген казак-орыстардың шектен шығар билеп-төстегіш іс-әрекеттерін қаймықпай бетке де басады. Мәселен, ұстазы Костылецкийдің тапсырмасымен қазақтың сөз өнері үлгілерін жинастырып жүрген офицер Е. И. Шебалин атты офицердің «Ауыз әдебиеті» атты қолжазбасына жазған ескертпе пікірінде мұны ашық білдіреді. Өзі де офицер Шоқан, қолжазба авторының «Соғыс» атты тарауда казак-орыстардың орда қазақтарын үрей мен қорқынышта ұстайтынын сүйсіне отырып суреттегеніне реніш білдіреді. «Сібір казак-орыстарын соншама беріле отырып мақтағанына қарағанда (шынын айтсақ, бұл мүлдем әділетсіз), автордың өзі сол Сібірді жаулап алушылардың бірінің тұқымы болса керек. Оның көзқарасы мен түсінігі түгелдей нағыз казак-орыстық пиғылдан тұрады екен», дейді...

... «Ыстықкөл сапары күнделігінде» Ақсудан кейінгі бекеттер арқылы өткен жол туралы мәліметтер айтылмайды. Шоқан неге екені белгісіз, Шілік (Шелек) өзеніне дейінгі қашықтықты тарқатып жазбайды. Ол өзінің Алматы бекінісіне қалай жеткенін, қырғыз еліне баратын полковник Хоментовский басқарған әскери-ғылыми экспедицияға қалай қосылғанын айтып жатпастан, күнделігін бірден Шілік бойынан бастайды. Шамасы, ол бұл аралықты қайтар жолда өтетін болған соң, оны кейінге қалдыра тұрғанды мақұл көрген де болуы керек.

## 2. Алатау баурайында

1856 жылғы мамырдың 15-і (жаңаша күнтізбемен 28-і) күні іңір алдында Шоқан өзі жайғасқан шағын киіз үйдің жанында отырып, жиырма күндей бетін ашпай кеткен күнделігін қайтадан қолға алды. Іргеде шулап Шілік өзені ағып жатыр. Жазық үстіне жапырлай тігілген шатырлар мен киіз үйлердің маңынан кешкі ас қамында жүрген адамдардың қарбалас қимылы байқалады. Мосылардың астында жанып жатқан оттардан көтерілген сұйық түтін төбеде бозамықтана қалқиды.

Жіңішке саусақтарымен күнделікті парактап қажетті бетін ашты. Сәл ойланып отырды. Содан соң қауырсынын сияға батырып, жорғалата жөнелді. Біраздан соң қағаз бетінде Шілік өзені жайлы көлемді шолу пайда болды. Шоқан оған құятын салаларды атап қана қоймай, өзен бойындағы жер ерекшеліктерін де едәуір сипаттады. Шіліктің тау шыңдарының қары ери бастаған маусым айының соңынан тасып, мол судың тары пісетін тамызға дейін созылатынын, оның құйқалы алабы қазақтардың әуелден жайлы қонысы екенін, Іле мен Күңгей Алатау аралығында жатқан жоғары ағысы мен оған қосылатын салалардың бойы сыңсыған шырша ормандарымен көмкерілгенін, ал Ілеге құярында қамыс, сексеуіл мен жыңғыл өсетінін жазды. Қаратұрық өзенінен Шілікке беттеген жолда, сол жақ тұстан Қорам деген батырдың бейітіне орай қойылған ылғалды өзектің кездесетінін, оның шығыс бетінде көне

қорғанның орны бар екеніне тоқталды. Қасындағы қазақтар оны кезінде Абылай хан қиратқан қалмақтардың бұрынғы бекеті деп түсіндірген еді. Шоқан сол ескі қорғанның орнынан өзінің де қыш құмыралардың сынықтарын тауып алғанын қағаз бетіне түсірді.

Күнделікті оқып отырғанда, оның негізінен ғылыми-зерттеушілік тұрғыда құрылғанын байқау қиын емес. Автор сапар барысында өзі көрген жайларға көбірек көңіл аударады да, экспедицияның ішкі тірлігі, оған қатысушы адамдар туралы сөз етуге аса ықылас таныта қоймайды. Оқиға желісін өз атынан ғана өрбітіп отырады. Ал осы әскери-ғылыми экспедиция туралы ғылыми деректерге көз салғанда, оның құрамында жүзге жуық адамның болғаны, бұл сапарға әскерлер мен топографтардан басқа, тілмаш, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін, мақал-мәтелдерін жинаушы И. А. Бардашев, артиллерист В. В. Обух, албан, жалайыр және дулат руларының ел жайын, жер жайын жақсы білетін бір топ сұлтандары мен билерінің де қатысқаны айтылады. Олардың арасында дулаттардың сұлтаны Әбілез Әліұлы (Әділдің немересі), албанның айтбозым руының биі Тазабек Бұсырманұлы, жалайырдың мырза руының биі Жайнақ Темірбекұлы, сондай-ақ Бұлан Сасыбайұлы, Байғозы Тіленшіұлы сияқты бірталай адам болған. Әйтсе де Шоқан күнделігінде олардың бірде-біреуінің аты-жөндері аталмайды.

Отряд бастығы полковник Хоментовский туралы да ештеңе жазбайды. Жас адыютантты былтыр Жетісу өңірін Гасфортпен бірге аралаған кезінен бері танитын, Семейге барғанда Достоевский мен Врангельден ол туралы жақсы лебіздер естіген полковниктің Шоқанды жылы қарсы алғаны анық. Генерал-губернатор адыютантының Омбыдан ала келген нұсқаулары мен экспедиция барысында атқарылатын жұмыстарды екеуі бірге отырып пысықтады. Шоқанның жолшыбай Семейде аялдап, Достоевскиймен жолыққанын, жазушының өзіне сәлем айтып жатқанын естігенде қуанып қалды. Айдаудағы қаламгердің қиналып жүргенін, осы қыстың ортасында кездескен кезде шама-шарқынша, қаржылай көмек бергенін айтты. Жазушы Петербордағы ағасына жазған әр хатында ақша жіберуді өтінетін сияқты. Оны Федор Михайловичтің хатын сол ағасына апарып бергенде де байқадым, деген. Ағасы қуанбапты, «тағы ақша

сұраған шығар», деп салқындау қабылдапты. «Патша төңірегіне жақын жүрген адамдарды тауып, өзін босатудың амалдарын қарастырсын», деген інісінің өтінішін ауызша жеткізгенімде де, «бұл жаққа келу жөнінде басын ауыртып қайтеді, оның сол Сібірде қала бергені дұрыс қой», деп кіді жауап беріпті. Мен де Семейге қайтып келгесін, Федор Михайловичтің өзіне осы әңгіменің шет жағасын айтып едім, қамығыңқырап қалды. «Кейде ағамды түсіне алмаймын, менімен байланысудан сескенетін адам сияқты хаттарыма жеті-сегіз айға дейін жауап бермей қоятыны бар», деді де қойды. Солай, поручик мырза, біз бәріміз, оны жақын танытандардың баршасы боп, жазушыға қолдан келген көмегімізді аямауымыз керек. Егер Гасфортқа оның өтініші тиіп, жоғары жаққа жетіп, патша тарапынан офицерлік шен алуға рұқсат беріліп жатса, жағдайы түзелетін шығар. Содан кейін өзі ерекше сүйегін Мария Дмитриевнасына да үйленер. Мүмкіндік болса, өз басым оның тойын бастан-аяқ атқару үшін арнайы барамын, деді Хоментовский.

Шені Шоқанмен бірдей Василий Обух та оған бұрыннан таныс жігіт. Былтырғы Семейде болған кезден біледі. Офицерлер арасында ашық-жарқын мінезімен, үнемі көңілді жүретін қалпымен, жұғымталдығымен белгілі. Ол да Достоевскийдің сәлем хабарын ерекше ықыласпен қабылдады. Семейде өткізген күндерін, Врангель, Демчинскиймен бірге думандата жүріп, бастан кешкен оқиғаларын еске түсіре бір жасап қалды. Хоментовскиймен сол ортада жүріп танысқанын, полковник мұны Алматыға артиллерия бастығы қызметіне шақырғасын, биыл осы жаққа тартып кеткенін айтып жатыр.

Шоқанды қуана қарсы алғандардың арасында тілмаш Иван Бардашев те бар еді. Ол содан үш жыл бұрын Іленің сол жағалауындағы тұңғыш орыс бекінісінің іргесін қалау үшін Ұлы жүз приставы Перемышльский бастаған әскери отрядпен бірге Алматыға алғаш келгендердің бірі. Отряд құрамына приставтың тілмашы әрі іс қағаздарын жүргізуші ретінде енген Бардашев әдебиетке жақындығы арқасында сол отрядтағы хорунжий Григорий Потанинмен жақын араласқан. Перемышльскийдің Петербордан арнайы жаздырып алатын «Современник» журналы пристав оқып біткесін, жанында жүрген тілмашының, содан соң Потаниннің қолына тиетін. Тургеновтің «Ася»,

Толстойдың «Балалық шақ», «Бозбала дәурен» повестерін олар сол Алматыда алғаш рет оқыды. Бардашевке осы Ыстықкөл сапарында да Хоментовский экспедициясының құжаттарын жасау мен аудармашылық міндет жүктелген еді. Оның тірлігі Шоқанның мәмілегерлік қызметімен де орайласатындықтан, екеуі бір киіз үйге бөлініпті. Бұл генерал-губернатордың адъютантымен былтырдан бері таныстығы бар Бардашев үшін тіпті қолайлы болды. Біраздан бері өзінің ұстазы, Омбы кадет корпусының мұғалімі Костылецкийдің тапсырмасымен қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жүрген ол, Потанин досының ылғи айтып отыруы арқасында, бұрыннан аты құлағына қанық боп қалған, осы саланың жетік білгірі Шоқандай шандозбен жақын араласу мүмкіндігі туғанына кәдімгідей қуанды.

Екеуінің әңгімелері бірден жарасып кетті. Шоқаннан төрт-бес жас ғана үлкендігі бар, Омбы кадет корпусының жанындағы тілмаштар мектебін 1848 жылы бітіргелі Ұлы жүз приставының қарамағында істейтін, қазақшаға жүйрік Бардашев Омбы жаңалықтарын, Костылецкийдей ұстазының жағдайын сұрап жатыр. Осы сапар алдында ғана Николай Федоровичке біраз қазақ мақал-мәтелдерін орысша аудармасымен қосып салып жіберіпті. Потанинмен бірге бір жылдай Алматыға болған күндерін, «Современник» журналын оқи жүріп, өздерінің де әдебиетке талпыныс жасағандарын еске алды. Алғашқы қыстың қиындықтары мол болса да, жазу-сызуға жақын Сераковский деген жаяу әскер офицерімен қосылып, үшеуі өздерінің қолжазба журналының бір санын шығарғандарын да айтты. Ол кәдімгідей, көркем сөз, ғылым және қилы-қилы жайттар деген бөлімдерден тұрыпты. Көркем сөз бөліміне Сераковский романының алғашқы тараулары мен Потаниннің шағын екі әңгімесі енсе, ғылым бөлімінде сол Потаниннің «1770 жылы қалмақтардың Еділ бойынан Моңғолияға аууы» атты мақаласы және Бардашевтің «Қазақтардың қару-жарағы» атты мақаласы беріліпті. Қилы-қилы нәрселер бөліміне де Бардашевтің қазақтардың қалай жолбарыс аулайтыны туралы мақаласы мен Потаниннің әзіл әңгімесі енгізіліпті. Журнал оқырманға тартымды болу үшін Бардашев Потаниннің тау кезіп, шөп жинаған сәттерінде бастан кешкендерін күлкілі түрде бейнелеген мақала да жазыпты. Оның қасына Гришаның қолына тамыр қазатын күрекше, арқасына

үлкен қауырсын қалам салынған сиясауыт ілген суретін де қоса салыпты. Біздің осы шатпақтарымызды кейін бір достарымыз Омбыға алып барған екен, Ждан-Пушкин оны кадеттерге оқып берген көрінеді, деді Бардашев күле сөйлеп.

– Потаниннен содан бері хабарым жоқ, – деген ол. – 1854 жылдың жазында тұяқтары жарақаттанған бұқалар табынын Қапалға айдап баратын топтың жетекшісі боп кеткен еді. Содан әрі Құлжадағы орыс консулдыңвна іссапармен барыпты, келгесін Семейге ауысыпты, деп естігем...

– Қазір ол Алтай жақта 9-шы казак полкінің жүзбасысы қызметінде. Мен білетін Гриша, әскери қызметте көп жүре бермейтін шығар. Ол нағыз зерттеушіге лайық адам, кадет корпусында жүргенде университетте оқысақ, содан соң саяхаттарға шықсақ, деп армандаушы едік, қазір қандай күйде екен. Омбыға қайтқаннан кейін өзімен хабарласайыншы, – деді Шоқан...

Содан кейін Бардашевтің жазып алған Ұлы жүз қазақтарының мақал-мәтелдерін бір шолып шықты. «Өткір пышақ қынға қас, өтірік сөз жанға қас», «Жауда қалған бұлбұлдан, елге қайтқан ит озды», «Ерді құдай сақтайды, етікті нәл сақтайды», «Мұрын жоқ болса, екі көз бірін-бірі шұқиды», «Сусыз жерде қамыс жоқ, азған елде намыс жоқ», «Қамқа тон да шүберек болар тозған соң»... деген сияқты ширатпа араб жазуымен қазақша, содан кейін орысша тәржімасы дәл жасалған бірқатар мақалдарды оқып шығып, «сирек ұшырасатындарын тауыпсыз, аудармаңыз да мағынасын тура береді», деп ризашылығын білдірді.



Отрядты Шіліктің төменгі ағысынан Ыстықкөлге жеткізетін екі тарам бағыт бар. Оның бірі – Темірлік асуын басып өтіп, Қарқараға алып баратын керуен жолы, екіншісі – оған қарағанда дөңгелек жүрісіне ауыр соғатын Сөгеті, Торайғыр таулары мен Үш Меркі өзендері арқылы өтетін төте жол. Экспедиция өздерінде тек бір арба мен жалғыз шағын тау зеңбірегі болғандықтан, оларды түйеге теңдеп алып, Үш Меркі бағытымен жүргенді жөн көреді.

Шоқан Ыстықкөлге дейінгі жолдың өн бойын егжей-тегжейлі суреттеуге баса көңіл аударады. Күнделікте географиялық тұжырымдар биологиялық сыпаттамаларға, тарих тереңінен сыр сүзген ойларға ұласып, оқырман алдында осы аймақ туралы жан-жақты мағлұматтар көлденең тартылады.

Мамырдың 16-сы (29-ы) күні жаңбыр басталып, күн бірден салқындап кетті. Отряд кешке қарай Сөгеті тауының қойнауындағы Қарабұлақ қайнарының қасында түнемелікке тоқтаған кезде Шоқан шатыр ішінде отырып, бүгінгі көрген-білгендерін күнделігіне түсірген. Сөгетіге қарай шығатын тұста Шілікке сол жақтан Асы өзені келіп құятынын, оның жоғарғы жағында әйгілі Асы жайлауы бар екенін жазды. Сөгетіден Торайғырға дейінгі аралықта рауғаш, жусан мен бетеге қалың өсетініне де назар аударған.

Отряд ертеңіне жүрісті қиындатып жіберген жаңбырмен жағаласып, күні бойы ілгері жылжығанымен, Торайғырды кесіп өтетін Айырлы асуына кіре бергенде, сүмектеген жауын тіптен күшейіп, ауа райы одан әрі бұзылды. Әрі қарай жүру тым ауырлап кеткесін, олар сол жерде түнемелікке тоқтауға шешім қабылдаған. Онысы да жөн болған екен. Отряд баспаналарын тігіп жайғасқаны сол еді, жаңбырдың соңы қарға айналып, күшті жел тұрып, күн суытып кеп берді. Бәрі де киіз үйлер мен шатырлардың ішіне от жағып, тондарымен қымтануға мәжбүр болған.

Шоқан таңертең оянған кезде түні бойы жауған қардың маңайдың бәрін ақ ұлпаға орап тастағанын көрді. Ол шытырлап жанған от жанында отырып, күнделігіне Торайғыр мен Сөгеті аймағы туралы көргендері мен жолбасшы қазақтардан естіп-

білгендерін түсірді. Шіліктің осы екі тау арасын жалғап жатқан арнасы – Бартоғай, Торайғырдың күнгей жағы мен Шарын өзені аралығындағы жазық – Сарытоғай, Шет Меркінің Шарынға құярынан Сарытоғайға дейінгі кеңістік – Ақтоғай деп аталатынын жазды. Содан соң қаламұшын ала сыртқа шығып, асудың сәл биіктеу тұсына көтерілді. Ілеге қарай еңістенетін кеңістікті көзбен шола тұрып, теріскейге қарай созылған ауқымды аумақтың картасын күнделігіне сызып қойды.

Қалың жауған қардың еруін күтіп жататын уақыт жоқ. Отряд жолға қамданып, көліктері тайғанап қиналса да, сол күні Торайғырдың күнгейіне өтіп үлгеріп, Сұлуқарашоқы түбіндегі қайнардың маңына дамылдады. Айырлы асуы Сөгеті жолы сияқты аса тік емес, алайда жолай кездескен зор тастар одан арбалардың өтуіне мүмкіндік бермейді екен. Олар шатқалды қуалаған асуды артқа тастаған кезде, алдарынан оңтүстік-батысқа және сол жақ тұстағы Қулықтауға қарай көсілген жалпақ жазық ашылған еді. Оның оңтүстік бетінде Үш Меркі қыраттары, одан әрі Күнгей Алатаудың кеуделі жоталары, оңтүстік-батыста Шілік пен Жіңішке өзендерінің биік аңғарлары, батыста Үшқұмбел биіктері байқалады. Сол жақта Шарын өзенін бойлай Ақтоғай жазығы жатыр.

Экспедиция ертеңіне қар басқан даланы кесе, күнгей беттегі Үш Меркі өзендерінің алабына бет алды. Қалың шытырлы жалпақ жазық тауға қарай біртіндеп өр тарта бастады. Жолшыбай ауық-ауық киік үйірлері ұшырасып қалады. Оны жергілікті қазақтар қарақұйрық деп атайды екен.

Сол күні күн еңкейгенде отряд Шет Меркінің жағасына ілікті. Шұңғыл шатқалдың сонау түбінде бұрқырай ағып жатқан өзен бірінші көрген адамға таңданыс тудырады. Екі жағасы да желкілдеген сәмбітал. Бастауын Күнгей Алатау тауларынан алып, қатар ағатын үш өзен – Шет Меркі, Орта Меркі, Үлкен Меркі (Кеңсу) Шарынға келіп құяды да, ол Қулықтауды батыс жағынан терең аңғар жасай айналып өтіп, Шілікке қосылады.

Қасындағы қазақтар Меркі алабында арқар мен таутекенің көп болатынын айтты. Шоқан оларды ауламаққа ниеттенгенімен, ұшырастыра алмады. Киіктердің лақтайтын кезі. Шөп арасында басын бұғып жасырынған жаңа туған құралайды байқап қалды. Дереву жанында жүретін қарындашы мен қағазын алып суретін

сала қойды. Құстардан ұзақ, кептер, құзғын, қараторғай, кекілік, тағанақ, лашын және қанатының ұшы қара болғаны болмаса, ителгіге ұқсайтын ақ сұңқарды көрді.

Шет Меркінің Шарынға құярына түнеу үшін олар алдымен киіз үйлер мен шатырларды тігетін жердің қарын тазалаған. Қоналқа абыр-сабыры аяқталған кезде, Шоқан қарындашын алып, отрядтың түнемелікке тоқтаған жерінің суретін салды. Киіз үйлер, шатырлар, өзен жағасындағы талдар, жайылған түйелер мен жылқылар, от жағу, тамақ асу күйбеңімен жүрген адамдар бейнеленген, осы бір демде салынған туындының өзінен қалыптасқан суретші қолтаңбасының ізі байқалады.

\* \* \*

Біз байырғы сорабына түскен Алматы-Қаратұрық-Қорам-Малыбай бағыты арқылы өтетін ескі керуен жолы Сөгеті тауына қарай бұрылар тұста, бүгінгі күре даңғылға қосылып, қазіргідей шатқал арасын біраз қуалайды. Тау қойнауынан босанып жазыққа шыққан сәтте алдан қарауытып, Торайғыр тауының жоталары көрінер еді. Кегенге баратын күре жолмен сәл жүргеннен кейін, оң жақтан тауға қарай тіке тартқан ескілеу жол сорабы байқалады. Ол Шоқан отрядпен бірге өткен Айырлы асуына аппаратын сүрлеу. Біз де соған қарай бұрылғанбыз. Айырлының шетіне іліккеннен алдымызды кесе-көлденең сұлаған дәу тастар асудан өтудің ауыр болатынын бірден байқатты. Бұл төте асу арқылы бір кезде жол салу да ойластырылған екен. Бірақ кейіннен Торайғыр тауының аяқ жағын орап өтетін күре жол түскеннен кейін, ол ниет аяқсыз қалыпты. Салт аттылар болмаса, дөңгелекті көлік өте алмайды...

Мені келесі елді мекенге дейін сапар ізімен алып бару үшін сұрап алған көлікпен Шет Меркі өзенін бойлай Шарынға қарай жақындай бергенімізде, көз алдымда әлдеқандай таныс көрініс көлбеңдеп тұра қалсын. Жалма-жан қолымдағы Шоқан кітабының қажетті бетін аштым. Қазақтың саяхатшы-ғалымының өз қолымен салған «Отрядтың Меркі өзенінде түнеуі» атты суретінде бейнелеген жердің дәл үстінен түсіппіз. Шоқан күнделігіндегі келесі сурет «Шарын өзенінің шатқалы» деп аталады. Орта Меркінің Шарынға құярындағы, сол суретте

кескінделген қалпындай байқалып тұрған, жергілікті халық «Орта Меркінің тұғылы» деп атайтын ол тұстың маңғаз табиғаты да ерекше әсерлендіреді.

\* \* \*

1856 жылғы мамырдың 20-сына (маусымның 2-сі) қараған салқын түнді осы жағада өткізген экспедиция таңертең оянған кезде күн шайдай жарқырап тұрды. Айналаны қымтап жатқан аппақ қар көзді шағылыстырады. Шет Меркінің шұңғыл шатқалы арба мен зеңбіректі сүйретуге мүмкіндік әпермегендіктен, оларды тағы да дөңгелегінен ажыратып, түйелерге артып алды. Керуен өзеннің тереңде жатқан табанына дейін көлденеңдей орағыта түсіп, одан арғы қабағына қайта өрмелей шығып, біраз қиналды.

Бұлар сәл аялдаған Орта Меркінің Шарынға құярындағы табиғат көрінісі тым қияпат. Тік жарқабақты жартастарға жармаса өскен түп-түзу шыршалар. Төменде күркірей ағып Шарын жатыр. Дереву күнделік бетіне сызып ала қойды. Орта Меркінің аңғары жайпақтау болған соң, одан өту аса қиындыққа түскен жоқ. Түс әлетінде Үлкен Меркі, жергілікті қазақтар Кеңсу деп атайтын өзеннің жағасында тамақтануға дамылдаған кезінде күнделігіне бүгінгі көргендерін жазды. Кеңсудың бойында сәмбіталдың қалың екенін, сондай-ақ шырғанақтың көп өсетініне тоқталды. Қазақтар оның қызыл ағашынан мылтықтың дүмін жасайды.

Үшінші Меркіні жоғары өрлей берсе, Ыстықкөлге апаратын ең төте Тобылғы асуына шығар еді. Алайда отряд алдымен Қарқараның жоғарғы ағысында көшіп жүрген қырғыздың бұғы руының манаптарына жолығып, экспедицияның алдағы іс-жоспарлары жөнінде хабардар ету, олардың өз ойлағандары жөнінде көзбе-көз отырып ақылдасу, сарыбағыштармен келіссөзге келу жолдарын қарастыру, пікірлесу керек болғандықтан, жол бағыты да солай қарай бұрылған.

Кеңсудан кейін жол кәдімгідей жеңілдеді. Отряд кешке қарай Шырғанақты өзенінің Шарынға келіп құярында түнеуге тоқтаған кезде, алдарынан көсілген кең жазық ашылды. Оны – қақ ортасын жарып ағатын өзеннің атына орай Қарқара жазығы деп атайды. Ертеңіне отряд Қарқараны бойлап жоғары өрлей,

Таспа деп аталатын жонның өзенге тірелетін тұсына қоналқаға тоқтап, сол жерден Бұғы руының басшыларына хабар жіберді.

Қырғыздар келгенше, осы маңда екі-үш күндей аялдайтын болған соң, Шоқан өздерімен бірге жүрген албанның сөз білетін адамдарынан Қарқара, Кеген алабының географиясына қатысты біраз мәліметтер сұрастырды. Қарқара өзенінің Басқарқара тауынан басталатынын, Кеген өзенінің жоғары ағысында Кегеннің кең сазы деген жер бар екенін, Қарқара Кегенмен қосылғаннан кейін Шарын деп аталатынын, отряд аялдаған Таспа жонының шығыс бетінде Қарқараның қайнатпа тұзы дейтін тұзды тұмалар бар екенін күнделігіне түсірді. Оңтүстік-шығыстағы Лабасы тауының күнгей бетінен Текес өзені ағып шығып Ілеге құяды деген мағлұматты да қосып қойды.

Ел адамдарынан Кегеннің оң қабағындағы Темірлік тауының тұмсығы боп табылатын Құсмұрын шоқысының маңында Манастың Бозтөбесі дейтін дөң бар, қырғыздың Манас деген батыры бұрынғы замандарда қауірлермен соғысқанда, ордасын осы араға құрыпты, деген сөзді естігенде, құлағы кәдімгідей елең ете қалды.

Өз басы Манас есімімен кадет корпусындағы ұстазы Костылецкий арқылы жақсы таныс. Ол кісі жиырмасыншы жылдар төңірегінен бастап, Омбыға келіп-кетіп жүретін қырғыз елшілеріне қатысты құжаттардан Манас жырына байланысты мәліметтерді тапқанын, жыр құрамына енетін «Қоңырбай» («Ер Нұра»), «Қарабас ұлы Манас» сияқты батырлық жырлары мен ертегілерін аударып, профессор Березинге жібергенін айтатын. Шоқанға сол жазғандарының көшірмесін де көрсеткені бар. Манас туралы деректермен Омбы мұрағатында отырған кезінде де ұшырастырған. Орыс географиялық қоғамы жазбаларының 1851 жылы шыққан санында жарияланған қырғыздар туралы мақаланы да оқыған. Қырғыз жұрты арасында Манас туралы кеңінен тараған ұзақ жыр барын былтыр Омбыға келген бұғының игі жақсыларынан да естіген. Енді міне батырға қатысты жер атауына да тікелей кезігіп отыр.

Қасындағы қазақтардан жыр жайын сұрастырып еді, олар жырдың таңды таңға ұрып айтса да еш таусылмайтын телегей-теңіз екенін, қырғыздардың той-томалағы онсыз өтпейтіндігі туралы жауап алды. «Ыстықкөл жаққа барғаныңызда, өзіңіз де

естіп қаларсыз», десті олар.

Қарқарадағы бас қосуда бұғы мен сарыбағыш арасындағы кикілжінді шешу жайына қатысты мәселелер ғана емес, қырғыз бен қазақ, сондай-ақ албан мен дулат арасындағы өзара өріс пен қоныс бөлісу, жайылымдық жерлердің шекарасын нақтылау, даулы тұстар жөнінде мәмілелесу жайы да қозғалуы тиіс еді. Соған байланысты Қарқараға албанның аға сұлтаны Тезек Нұралыұлы да жеткен. Былтырғы Гасфорт сапары кезінде танысқалы бері бір-біріне іш тартып қалған шөбере туыстар жайдарылана жолығысты. Көп жайға қанық аға сұлтан қырғыздың ірі екі руы арасындағы кикілжіндерге қатысты біраз мәліметтерден де құлағдар етті. Қос манаптың бір-бірімен туған құда бола тұра, өзара өшігіп, оның ақыры ел-жұрттарын қидаластырып қойғандары қырғыз жұрты үшін үлкен нәубет боп тұрғанын айтты. Осыдан тоғыз жыл бұрын ғана Кенесары-Наурызбайды азаптап өлтіріп еді, енді міне өздері қырылысып жатыр. Бәлкім, Абылай баһадүр тұқымдарының аруағы атқан шығар. Бұрыннан бар өшпенділіктері Орман хан өлімінен кейін тіпті өршіп кетті. Ханның үлкен баласы Үмбетәлі задыда бұзық адам. Әкемнің кегін аламын деген желеумен, қолынан келсе, бұғы руын Ыстықкөл төңірегіне жолатпай, түгелдей қырып салуға да бар. Боранбайдың орыстан қорғаныш іздеп жүргені де содан ғой, – деді.

– Бұғылар сарыбағыштардың шабуылынан түте-түте боп қашқаннан кейін, амалдары қалмай, орыс ұлықтарымен сөйлесуге қол жалғап жіберуді сұрап, алдымен маған келді, – деген Тезек әрі қарай. – Боранбайдың туысы Бірназардың Жылқыайдарының жақсы аты шығып жүрген Тілекмет деген баласы бастаған бір топ адам екен. Бір қызығы, солардың алдында ғана сарыбағыштардың елшілігі де аулымызға келіп жатқан-тұғын. Олардың өтініші басқашалау. Боранбай манаптың маған адамдарын жібергелі жатқанын естіген сарыбағыштар: «бұғылар үшін орыстарға сөз салудың қажеті жоқ, өз арамыздағы кикілжінді өзіміз шешеміз», дегенді айту үшін, сый-сияпат ретінде бір үйір жылқысын айдап дереу жетіпті. Мейманын сыйлаған қазақ емеспіз бе, қонақ қондыратын үйге жайғастырып, ас-суын бергізіп, күтімдерін жасатқыздым. Ештеңе деп жауап та бермедім. Сол күндері бұғылардың елшілігін бастап келе жатқан

Тілекмет сарыбағыштардың өздерінің алдын орап кеткенін естиді де, олардың үстіне бірден келуді жөн көрмей, ауылға жақын бір төбе астына келіп қоналқаға тоқтапты. Таңертең ертелетіп орда сыртында сейілдеп жүргенімде, Тілекметтің өзі алдымнан тосып сәлем берді. «Қайдан келген баласын», - десем: «Мен көлді жайлаған бұғы руындағы Жылқайдардың Тілекмет деген баласымын. Сарыбағыштар соғыс ашып, бұғыларды көлден тықсырып барады. Өзіңізді қатты сыйлаймыз, сізге деген қымбат тартуымызды ала келдік, бізге қол ұшын беріп, ауыр жағдайымызды орыстарға жеткізуге көмектесуіңізді өтініш етіп, сізге қайырылып отырмыз», – деді. «Орман ханды неге не үшін өлтірдіндер», – десем: «Сушылдың өлімі – судан, мергеннің өлімі – таудан, ханның өлімі – ағайын-туыстан. Ажалы жеткен хан өлді. Азабына ел қалды», – дейді нақылдатып. Жүйелі сөзі ұнады. «Онда үй жаққа барып, сарыбағыштың елшілерімен өзің сөйлес», деп қонақ үйіне ертіп апардым. Маған еріп табалдырықтан аттаған Тілекмет сәлем берместен: «Бұларды қара, кеше ғана қазақтың Кенесары, Наурызбай төрелерін өлтіріп, бүгін қазақтың Тезек төресінің төрінде шалқалап жатқанын көр!» – деп айғайлай кірді. Тілекметтің бір жағы маған тигізе, Кене мен Науанды алға тарта айтқан сөзіне менің де намысым тепсіп шыға келді. Сарыбағыштарға: «Алып келген мәстектерінді айдап кетіндер!» – деп ақырып жібердім де Тілекметті ертіп үйден шығып кеттім... Содан кейін Қапалдағы Ұлы жүздің приставы Перемышльскийге бұғылардың тілегін жеткіздім. Содан күз мезгілінде-ақ Қашыбек би бастаған бұғылардың елшілігі Омбыға аттанып кетті. Ол жақта өзіңнің де олармен жолыққаныңды сол Қашыбектен естігенмін.

Тезек төре содан соң осыдан төрт жыл бұрын, Орманның көзі тірі кезінде манаптың ауылында өткен шоң бір асқа қазақтардың ақын, жыршы, балуандарымен, бәйге аттарымен үлкен топ болып барғанын әңгімеледі. Сонда шапырашты Сүйінбай ақынның қырғыз Қатағанмен айтысы астың ең айтулы оқиғаларының бірі болып еді. Ол кезде қырғыз өз ішінде бұлай бүлінеді деп кім ойлаған. Жиынға құтты болсын білдіріп, сәлемдесу рәсімін жасап жаймашуақ жыр арнап тұрған Сүйінбайға, қырғыз жағы түртпектеп, өздері дайындап отырған ақынды шамдандырып айдап салады. «...Қырғыздан шыққан

жүйрікпін, құс мойынды, қоян жон, тұлпардан туған жатаған... бұғы менен саяқты, артық қылып нәсілін, жаратқан жоқ па құдайым, байлығымды айтайын, көптігімді айтайын...», деп тиіскен Қатаған ақынға, Сүйінбай қазақтың одан да молдығын айтып: «былай барса албаным..., онан былай суаным..., былай барса найманым..., онан әрі арғыным..., он екі ата жалайыр..., онан бері ыстым бар..., шапырашты елім бар..., онымен жалғас жанысым..., былай барсаң ботбайым..., шымырымды қозғасам, шығып кетер шыбының..., төніп жатқан көк тұман, кіші жүздің баласы..., он екі ата байұлы, жеті аталы жеті ру, әлім менен шөмекей, халқымның еді жағасы..., тоқсан екі ұлы бар, қыпшағымды айтайын, тоқсан баулы қоңыратты, әңгіме етіп қозғасам, жүре алмассың жалғанда, күнің қалай болады, ноғайлыға барғанда?...», — деп мысын басып тастап, мерейімізді бір өсіріп еді. Сүйінбай нағыз батыр ақын, біреуден ығу дегенді білмейтін ер ғой. Екі жылдан кейін Орман хан бұғылардың қолынан қаза тапқанда, оның шаңырағына көңіл айтуға Сүйінбай арнайы келеді. Сөйтсе Орманның жауыз баласы Үмбетәлі оны қыржиып қарсы алыпты. Тіпті балағаттап, доқ көрсеткен де сияқты. Ондайға Сүйінбай қалай шыдасын. Жазаға ұшыраймын деп сескенбестен манаптың ит-терісін басына қаптайды. «...Орманның орнын басыпсың, атаңды сенің өлтірген, бұғы елін шауып асыпсың, қыз-қатынын тұтқын ғып, ісіп-кеуіп тасыпсың..., қанқұмарлық ісіңмен, кетірдің өзің құныңды. Көргенімді айтамын, кесе алмайсың тілімді. ... Айыбымды айтты десең сен, құртарсың мендей қазақты, әйтсе-дағы соңынан, жау үстіне жау шығып, тартып жүрме азапты..., айға шапқан аюдай, Орман атаң не тапты?!», деп қасқая тұрып төгіп-төгіп ақындық намысын аяқасты еткізбепті. Өз елінде қарсы сөз айтқанның басын қағып тастауды дағды еткен қанішер Үмбетәлі артындағы қалың қазаққа сеніп тұрған Сүйінбайға ештеңе дей алмапты. Аптығы басылып, отырып қалыпты...

Тезек төренің қырғыз-қазақ арасында бұрынды-кейінді өткен көп жайларға қанықтығын байқаған Шоқан одан Кенесарының қырғыздармен соғысына, қайғылы өліміне қатысты жайлардан не білетінін сұраған.

– Албандар қонысы негізінен қытай шекарасы маңында орналасып, олардың дені қытай ықпалында болғандықтан, Кене



ханның әскерлері бұл өңірге келе қойған жоқ, – деді Тезек. – Ол ордасын Іленің аяқ жағында тігіп, басты жорықтарын Шу алабын мекендейтін қырғыздың солты, құшы, сарыбағыш рулары жерінде жасады. Бізбен қоңсылас жатқан мына бұғылардың да дені ол қақтығыстардан әуелде шеттеу жатты. Қенесары әскерінің құрамында Ұлы жүзден қосылғандардың ішінде дулат пен шапыраштының мол ұшырасуы, бұл елдердің сол жорық аймақтармен іргелесе қоныстануына байланысты. Соңғы шешуші шайқас қарсаңында Қенесарының жанынан жасағын алып жылыстап кеткен ботбай Сыпатай батыр әуелден-ақ қырғызға қарсы соғысқа шыққысы келмеген екен. Өйткені ол солтының бас манабы Жанғараш Есқожаұлымен бұрыннан аралас-құралас, сыйлас боп жүрген дос адамдар көрінеді. Сол себепті де Қенесарыдан қырғызға шабамыз деген хабар келгенде, «менің қырғыз деген жауым жоқ» деп жауап беріпті. Оны естіген Қенесары: «Онда менің жауым бар. Егер Сыпатай қырғызға қарай аттанбаса, қайтып келіп, өзін шабамын», - деп шабарманын қайта жіберіпті. Амалы қалмаған Сыпатай Қенесарыға қолымен бірге ілеседі. Жанғарашқа кісі аттандырып: «Досым қапа болмасын, мен жүрмесем елімді Қенесары шабады, оның қолына араласқан боп кетіп барамын», – деп хабарын бергізген екен. 1847 жылдың көктемінде жорыққа шыққан қазақтар үшін әу басында бәрі көздегендеріндей жүзеге асады. Олар солты мен құшы жеріне дендей еніп, қарсы келгендерді бет қаратпай жеңіп, көп мал-мүлікті қолға түсіреді. Қырғыздарды ығыстыра-ығыстыра отырып, Шудың оң бетіндегі Майтөбе деген жерге тыныстауға тоқтайды. Сол кезде ел шетінен жау кіргені жөнінде хабарланған сарыбағыштар мен Ыстықкөлден, Нарын бойынан ат құйрығын түйіп жедел жеткен басқа руларының қалың қолы да осы маңға келіп үлгеріпті. Орман хан онсыз да көп қырғызды тіптен мол ғып көрсетудің айла-шарғысын жасапты. Ол сырнайкерней дабылын барынша зорайта шығартып, әскерін қазақтарға көрінетін жолмен тау беткейінен ат құйрығына шөп байлап шаңдатып түсіртіп, одан шатқалдар арқылы кері қайтартып, тағы да сол жолмен төмен ылдилатып, бірнеше рет қайталатыпты. Сонда әскер үсті-үстіне құйылып жатқандай әсер қалдырады екен. Қенесары Сыпатайдан «бұл не?» деп сұрапты дейді. «Хан ием, бұған дейін қырғыздың шабағымен шабыстық, шаяны жаңа

келді. Сырнай-керней даусы кыргыздың ханының келгенін білдіреді», дейді ол. Орман түнге қарай әр адамға жеке-жеке от жақтырту тәсілін де жасайды. Сонда таудың іші сансыз алау отқа толып кеткенін көріп, Кенесарының өзі: «Қырғыз көп пе, әлде аспандағы жұлдыз көп пе?» – деп қобалжып та қалғанға ұқсайды. Қырғыздар онымен де қоймай, қазақ қосыны тұрған Майтөбенің жанынан ағып өтетін бұлақтың басын тау жағынан бұрып әкетіп, оларды сусыз қалдырады. Қазақтар ас-сусыз үш күндей соғысып, аты да, адамы да болдырып, титығы құрып жеңілуге мәжбүр болады. Шайқастың бел ортасында Сыпатай мен Рүстем төре жасақтарының жылыстап кетуі де олардың күшін біршама әлсіретеді. Бірақ қашқандардың да жолы болмаған көрінеді. Ығысып бара жатқан оларды да Шу өзені маңында кыргыздар байқап қалып, шабуыл жасап, біразын қырып, бір бөлігін қолға түсіреді. Аман қалғандары бас сауғалап әзер құтылады. Кенесары, Наурызбай айнымас серіктерімен бірге кыргыздар жан-жақтан қамап ұстап алғанша арпалысады. Кене ханды сарыбағыштың Қалша, Дайырбек деген ағайынды жігіттері қолға түсіріпті. Көсемдерін енді құтқара алмасын білген арғын батырлары Ағыбай мен Жанайдар аз ғана жасағымен шегіне-шегіне шайқаса жүріп, ажал ортасынан әупіріммен шығып, ел шетіне ілігіпті.

– Қырғыздар арасында Кенесары басының Омбыға жіберілгені жөнінде не әңгіме айтылады. Оның басын сарыбағыш манабы Жантай Қарабекұлының төңірегіндегі адамдардың шапқанын білемін. Әрі қарайғы анық-қанығы қалай?

– Сол соғыста ержеткен үш баласы қатар өлген сарыбағыштың бір кемпірі кыргыз манаптарының «Кенесарының басын алыңдар» деген сөзін естіп қалып, «бас терісін мен сыпырып берейін» деп өзі сұранып, бастың еті сылынғанша қайнатыпты. Бассүйек әбден жалаңаштанғанда, «менің күйігім енді шықты» деп томсарып отырып қалыпты. Сол бетінде жынды болып кетіпті дейді. Кенесарының қайғылы өлімі туралы хабар жерде жата ма? Оны естігенде Қапал төңірегіндегі матай, қызай наймандар ерекше дүрлігіпті. Кек алу үшін дереу қол жинап, кыргыз жеріне аттанады. Орман ханның қолбасшыларының бірі болған Төрегелді манаптың ауылын шауып, жылқыларын барымталап әкетеді. Малының артынан қуа шыққан Төрегелдінің

өзін байлап-матап, тұтқынға алады. Оны құтқарудың амалдарын іздеген Жантай манап өздеріне қолғабыс берген Сыпатай мен Рүстем төреге қайырылады. Олар Қапал өңірінің наймандары орыстың қарамағында болғандықтан, еш көмектесе алмайтынын айтады. Алайда Кенесары сұлтанның басын орыстарға беріп, оның өтеуіне Төрегелдіні қайтарып алу жайын сұрастырып көріндер деген ақыл айтады. Сол кеңес бойынша қырғыз манаптары Кенесарының басын орыстарға жеткіздіртеді. Қырғыздар арасында оны Жантайдың туысы, содан бір жыл бұрын Кенесары ордасына елші боп келіп кеткен Қалығұл Әлібекұлы деген белгілі шешен алдымен Сыпатай мен Рүстемге әкеп береді, олар өз кезегінде әрі қарай Қапалға қол жалғатады. Ханның басы орыстардың қолына тиген соң, қырғыздардың өтініші бойынша Төрегелді манап та елге қайтарылады, – деді Тезек.

\* \* \*

Үш күннен кейін, мамырдың 24-і (маусымның 6-сы) күні отряд бастығы Хоментовскийге бұғының бас манабы, подполковник Боранбай Бекмұратұлы бастаған, бөлек атасының биі Мұратәлі Бірназарұлы, былтырғы жылдың қаңтарында Боранбайдың атынан Омбыға келіп ант бергені үшін орыстардан штабс-капитан шенін алған би Қашыбек Шералыұлы, сәлмеке атасының биі Шоң-Қараш Рахматұлы манаптар келіп жолықты.

Қашыбек би өздерін қарсы алған Хоментовскийдің қасынан тілмаш Бардашевпен бірге, былтыр Омбыға барған кезінде өзімен бірге жүріп орыс ұлықтарымен сөйлесуге қоғабыс берген Шоқанды бірден таныды. Реңінен жақын адамды жолықтырғанына қуанғандай пейілді шуақ жүгіріп өтті. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін, Шоқан орта бойлы, басына зерлі тақия киген, шапанының қаусырынар жерін төрт қатар көлденең ілгекпен қосқан, шағын шоқша сақалы бар Боранбай манаптың жүзіне барлай қарады. Өзін текті тұқымның ұрпағымын деп есептейтін, бұдан екі жыл бұрын ғана Ыстықкөлдің шығысы мен оңтүстік жағын түгелдей билеп тұрған, бірақ Ормон хан бастаған сарыбағыштардың шабуылынан кейін сол иеліктерінен айырылып қалған аға

манаптың жүзінен орыс жағының өкілдерін тағатсыздана күткенін де аңғаруға болар еді.

– Қырғыздың дәрежелі манабы Боранбай ақсақал! – деді Шоқан Хоментовскийдің сөзін аударып. – Біз сіздің Ресей императоры шапағатынан көмек сұрап жазған хатыңыз бойынша, Батыс Сібір өлкесінің жанарал-губернаторы Гасфорт жіберген экспедициямен бірге келіп отырмыз. Өзімізбен бірге сіздердің көршілес ағайындарыңыз албан мен дулат руларының қадірлі адамдарын да ерте келдік. Бізге еліңіздің қазіргі жайынан хабардар етсеңіз.

Үстіне орыс офицерінің киімін киген жас жігіттен мынадай жатық сөз ести қоямын деп күтпеген бас манап мейірлене қарады.

– Қарағым жүзің жылы бала екенсің, өзің қай туған боласың? – деп ризашылық пейілмен жөн сұрады...

Сәлден кейін бас манап өзін тыңдап отырған Хоментовский мен Шоқанға бұғы руының басына түскен таукіметтер туралы шешіліп сөйлей бастады. Өзінің шұрайлы қоныстарынан, егіс алқаптарынан, жеміс бақтарынан айырылып қалғанын, Қашғарға бұғылардың жері арқылы өтетін сауда керуендерінен түсетін пайдадан қағылғанын айтты. Сарыбағыштардың бас манабы Ормон осыдан екі жыл бұрын шайқас кезінде бұғылардың қолынан қаза тапса да әлі ауызбірлікке келе алмай жүргендерін шағынды. Өлген әкесінің орнына манап болған баласы Үмбетәлінің қастықты одан әрі өршітіп жібергенін, ауылдарды шауып, адамдарды қырып, босқынға ұшыратып, малдарын айдап әкетуді тоқтатпай отырғанын жеткізді. Осы жаулықтан қалай құтылсақ болады, сіздер біздерді татуластыру ісіне қол үшін берсеңіздер дұрыс болар еді, – деген өтінішін бірден жайып тастады.

Оның жанына еріп келген Бұғы руының ел ұйытқылары Боранбайдың сөзін құптағандай ыңғаймен бас шұлғиды.

Шоқан содан кейін экспедицияның басты міндегіне саятын негізгі мәселеге ауысты.

– Сіздердің шақыруларыңызбен осы келісімізде, екі руды татуластыру жұмыстарымен қатар, Ыстықкөл төңірегіндегі жерлерді қағазға сызып түсіргіміз, тұрмыс-салттарыңызды көргіміз, аңыз-жырларды, көнеден қалған әңгімелерді де тыңдағымыз бар. Оған қарсы болмассыздар. Сондай-ақ патша

ағзам сіздердің тыныштықтарыңызды сақтау және сарыбағыштардан қорғау үшін Ыстықкөл жағасынан мынау Ұлы жүзде салынған Алматы, Қапал сияқты бекіністер тұрғызып беруге, сонда өз әскерлерін орналастыруға да дайын. Бұған қалай қарайсыздар?

Боранбай сәл-пәл үнсіз қалды. Көзінің астымен қасындағы адамдарға көз салды. Олар да бұған сұраулы жүздерін бұрған. Мұратәлі: «Сонда мына келген әскер осында со бойы қалып кете салмақшы ма», – деп күңк етті. Шоң-Қараш та мазасызданып қозғалақтады.

Бас манап жөткірініп алды да:

– Жерімізді қағазға сызғандарыңызға, ескі әңгімелерді жазып алғандарыңызға қарсы емеспіз. Алайда бекініс салу жайын әлі қабырғамызбен ақылдасып көрелік, – деді.

Боранбайдың орыстарды өзі бас болып шақырғанымен, жеме-жемге келгенде, олардың өз жерлеріне дендеп енуіне ықылассыздау екендігі байқалып қалған.

Шоқан кеше естіген әңгімесін еске алды. Ыстықкөлге орыстардың келе жатқанынан құлағдар болған қоқандықтар да бұғылардың басшысына арнайы адамдарын жіберіп, екі ру арасындағы өшпенділіктің түйінін біз шешіп берейік, орыстарға аумаңыздар, деп ұсыныс жасапты. Ол әрине Боранбай жағын да емексітетін сөз. Қанша дегенмен, аузы түкті кәпірден гөрі түбі бірге туыс жұрт емес пе? Бірақ орыстарды шақырған өзі. Енді тайқып кету де ыңғайсыз. Ертеңгі күні не боларын кім білген. Сондықтан екі жақтан да құйрықты шорт кеспей, әліптің артын баққанды жөн көретіні байқалғандай.

«Сарыбағыштарда кетіп бара жатқан кек, қоныстарынан айырылып қалғанына деген ащы өкініш ғой, амалсыздан бөгеден көмек сұрауға мәжбүрлеп отырған. Әуелде орыстан бір жәрдем тиер ме, деп үміттенген шығар. Енді Қоқаннан ұсыныс түскесін, екі ойлы жағдайға душар боп отыр. Бірақ ақ патшаның құрығы ұзын, бұларды да алмай қоймайды ғой. Кезінде Абылай бабам да орысқа иліккісі келмеген, Кенесары да қасқайып қарсы шапқан. Алайда зеңбірек сүйреткен қалың әскер қоя ма, жан-жақтан қусырып, ақыры қазақ жерін де алып бітіп қалған жоқ па», деді ішінен Шоқан.

Ал өз басының бұл әскери-ғылыми экспедиция құрамына

енуін, отаршыл империяның офицері ретінде емес, ең алдымен, кадет корпусында оқыған кезінен аса қызығатын, бұрын көрмеген жұмбақ жерлерге саяхат жасауға, зерттеушілік еңбектер жазуға мол мүмкіндіктер ұсынып отырған, түрк халықтары тарихының бұрын белгісіз құпияларын терең зерделеуге деген ұмтылысына үйлесімді орайласқан алғашқы сәтті сапарға балайды. Әрі сол алға қойған жарқын мақсаттарының орындалуына жәрдемдесетін қандай бір тірлікке де, тіпті ол көңілі қаламайтын жұмыс, иыққа артылған зілбатпан салмақ болса да, өзіне жүктелген міндетті бір жағынан, саяхатшы, тарихшы, шығыстанушы, этнограф көзімен атқару үшін де тиімді пайдаланғанды жөн көрер еді.

Сол күні албандар мен бұғылар арасында да келіссөздер жүрді. Екі тарап биыл Қарқара алабындағы жайлауларды қалай пайдаланамыз, кім қайда барып қонады, деген әңгімелерді пысықтаған.

Уағдаластықтар жасалып біткеннен кейін, албан мен дулаттың игі жақсылары экспедиция басшылары мен қырғыз манаптарының құрметіне арнап дастарқан жайды. Ас үстіндегі әңгіме-дүкен кезінде Шоқан манаптардан өзіне қажет әртүрлі жайларды сұрастырып отырды.

– Сарыбағыштар мен бұғылардың бір-бірімен соншама өш болуының сыры неде, ол бұрыннан келе жатқан дүрдараздық-ау шамасы? – деп сұрады мәселенің түп-төркініне қаныққысы келіп.

– Ой, оның түбі әріде ғой, – деді Боранбай манап салмақтана қозғалып қойып. – Біз қырғыз елі шежіре бойынша Қырғызбай деген шоң бабадан тарайды екенбіз. Оның Ақұл деген баласы болыпты. Одан Абыл мен Қабыл туады. Абылдың тұқымдары – Оң қанат, Қабылдың тұқымдары – Сол қанат деп аталады. Абылдың Тағай деген немересінен Боғорстан, Қойлан, Қылжыр, Қарашора деген балалар туған. Боғорстаннан – солты, Қойланнан – жәдігер, Қылжырдан – Дәулесбақты, Орозбақты, олардан – сарыбағыш, бұғы, Қарашорадан – саяқ рулары тарайды. Бұлар негізінен қазақ туғандармен шектесіп жатқан өңірлерде тұрады. Біз бұғылар, өзімізді Орозбақтының баласы Мырзағұл бабамыздан таратамыз. Оның баласы Әлсейіт, одан – Жаманқұл. Ұлы енеміз – Мүйізді бәйбіше сол Жаманқұлдың зайыбы боп келеді. Мүйізді бәйбіше ұрпақтарының бәрі бұғы атанамыз.

– Олай аталуы неліктен? – деп сұрады Шоқан.

– Орозбақты бабамыздың Мырзағұлдан кіші Қарамырза мен Асан деген балалары бар екен. Солар бір күні аң аулап жүріп, бір топ маралдың арасынан бұғы мүйізді ғажайып сұлу қыз бен бозбаланы көреді. Аңшылар жігітті атып өлтіреді де, оққа ұшқан бауырының үстіне шыңғыра құлап, мүрдесін құшып, зар еңіреген мүйізді қызды қолға түсіреді. Ол қыздың өзін ұстап алған ағайынды екі аңшыға айтқан қарғысының күштілігі сонша, сол аңшылар кейіннен ұрпақсыз қалыпты деседі. Қарамырза мен Асан өздері қолға түсірген олжа қызды жолы үлкен ағалары Мырзағұл биге әкеліп сыйлайды. Би оны немересі Жаманқұлға үйлендіреді. Жас келін уақыт өте келе сол рудың керемет ақылды, данышпан анасына айналып, ел арасында Мүйізді бәйбіше деген атақ алады. Сондықтан да одан тараған ұрпақтар өздерін «бұғы ананың тұқымымыз» деп есептейді. Әдетте анамыз басын жуған суды адам аяғы баспайтын жерге төккізеді екен. Осы қызметті атқарып жүрген күн әйел бір күні әуестіктің салдары ма, сол қасиетті суды өзі ішіп көреді. Соның әсерінен болар, іле-шала бұғы анамыздың мүйізі түсіп қалыпты, деседі. Ал әлгі күн сол жуынды судан аяғы ауырлап, ұл туады, оның атын жел сияқты ғайыптан пайда болғанына байланысты Желден деп қояды. Оның ұрпақтары бүгіндері бұғының бір атасын кұрайды.

– Жаңа айтқаныңыздай, сарыбағыштар да сіздер сияқты Қылжырдың балалары екен ғой сонда?

– Иә, екі ру да Тағайдың баласы Қылжырдан тараймыз. Оның Дәулесбақты деген ұлынан – сарыбағыштар, Орозбақты деген ұлынан – біз бұғылар. Жаңа екі рудың арасындағы өштік әуелде неден өрбіді деп сұрадың ғой. Бәрі бұғының Бөлек пен сарыбағыштың Болат деген манаптарының тұсында басталыпты. Болат қайырымды, қолы кең адам болған екен. Ол өзінің бар малы мен мүлкін кедейлерге үлестіріп берген жомарттығының арқасында, әйелі ұл туғанда, қалжаға соятын қойы да болмай қалыпты. Содан амалы қалмаған ол, тақым артар жылқысы да жоқ, өгізге мініп келіп, Белектің әйелінен бір қой сұрапты. Сонда оған «мен әркімге қой үлестіруге міндетті емеспін», дегендей намысқа тиетін жауап қайтарылыпты. Бұған қатты шамданған Болат өз руластарын жиып алып, Күдірге асуының тұсында бұғылардың көшіне шабуыл жасапты. Бұғыларды ойсырата жеңіп, Тоғызбай манаптың қызын бас етіп, тоғыз қызды

олжалапты. Содан бері екі ру арасындағы кикілжің толастамай, ауық-ауық жалғасумен келе жатыр. Мен өзім Бөлектің, ал марқұм Орман манап сол Болаттың тікелей шөберелері боп саналамыз. Мен Тағайдың тоғызыншы ұрпағымын, ал Орман он бірінші ұрпағы, сондықтан да менің жолым оған қарағанда үлкен, – деді Боранбай.

Шокан манаптарды әңгімеге тарта отырып, қырғыз руларының қоныстанатын жерлері туралы да біраз мәлімет алды. Оң қанатқа енетін солтылар – Шудың сол жақ салалары Ысықатадан бастап Соқұлық, Қарабалта, Ойранды өзендерінің жоғарғы, орта алаптарын жайласа, сарыбағыштар – Күнгеі Алатаудың теріскейіндегі Шоң Кемін мен Кіші Кемін алаптарын, Шәмші өзенінің қос қапталын, Шудың басындағы жазықтарды мекендейді. Бұғылар – Ыстықкөлдің шығысы мен оңтүстігін, саяқтар – көлдің теріскейі мен батыс жағын қоныс етеді. Бұғылар жазда Қарқара мен Түп өзендерінің басы, одан әрі Сарыжаз жазығына, Қақшаалтауға дейін жайлауға шығып кетсе, сарыбағыштар Іле мен Күнгеі Алатаудың құйкалы тау жайылымдарына, Шудың басындағы Қошқар жазығы мен одан арғы жоталардың қойнау-қойнау өрістеріне көтеріледі. Саяқтардың біраз бөлігі Сусамыр, Жұмғал жазығында, Нарынның орта ағысында мекендейді. Осы төрт румен қатар оң қанатқа кіретін шерікшілер Атбашы, Арпа өзендері алабында, адгене, басыз, бағыш, мұңалдар аталары Сырдың жоғарғы ағысы, Ақбура, Қарадария жақта, Шатқал жотасының күнгеі беттерінде қоныстанған.

Манаптардың айтуынша, оң қанатқа қарағанда, сол қанатқа енетін тұқымдардың халқы аздау екен. Арасындағы ең белгілілері: сары, құсшы, қытай, мұңдүз сияқты рулар. Олар Талас жақта, Шатқал жотасының екі қапталында, Наманған, Әндіжан, Жалалабадқа жақын мандарды мекендейді. Сол қанат руларының көбі Қоқан хандығының қалаларына жақын жерлерде тұратындықтан, олардың тіршіліктері де, тілдері де сарттарға көбірек ұқсаңқырап кеткен. Оштың аржағындағы Алай тауының күнгеі, теріскей бөктерлерін, Исфара алабын мекендейтін ішкерілік руы адамдарының тілдері қазақшаға жақындау. Ішкеріліктердің арасында қаңлы, қыпшақ, найман сияқты ірі аталар кездеседі. Соған қарағанда олардың арғы түбінің қазақ



туғандарға жақын болуы ғажап емес, деген еді манаптар.

Шоқан осылайша, бір дәуірлердегі Қаңлы мемлекеті, Дешті Қыпшақ, Ақ Орда замандарында аралас-құралас өмір сүрген байырғы жұрттардың бірер сынығының қырғыз рулары арасына сіңіп, тәжікпен іргелес аймақтарда өмір сүріп жатқанынан хабардар болған. Наймандардың Алай жаққа әуелі қалай жеткенін Әбілғазыдан да оқығаны бар. «Түрк шежіресінің» авторы Қарақытай мемлекеті гүрханының тағын моңғол жорығына дейін найман қолбасшысы Күшліктің тартып алғанын жазады ғой. Соның алдында ғана наймандарды Алтайдағы байырғы мекендерінен көтере қуып жіберген Шыңғыс хан ата жауының байтақ Түркістан аймағында бұлайша дәуірлегенін естігесін, оны жоюға Жебе ноян бастаған күшті әскерін арнайы аттандырады. Едел-жедел жеткен моңғолдар Күшлік қолын күйрете жеңеді. Күшліктің өзі аз ғана адаммен әзер құтылып, Алай тауларына қарай қашады. Жебе оның соңынан қалмай, ақыры Бадақшан жеріндегі Сарыкөл жазығында қолға түсіріп, басын алады. Яғни, оның төңірегіне жинақталған көп найманның біразы, хандары өлгеннен кейін осы Алай өңірінде қалып кеткен болуы керек. Кейіннен ішкеріліктердің қатарына ХҮІ ғасырда қазақ-қырғызды бір ұлыс етіп басқарған Қасым мен Тайыр хандар тұсында қазақтардың жаңа топтары да келіп қосылуы мүмкін, деп ой түйген еді Шоқан.

Әңгіме арасында бабасы Абылай ханның қырғыздарға жасаған жорығына қатысты бірталай мәліметтерді де естіді. Көбі өткен жылы өзі жазып алған «Абылай туралы жырдағы» деректермен үйлеседі. Шоқанның өздеріне аты ерекше мәлім айбынды ханның шөбересі екенін білгеннен кейін, бұғының игі жақсылары да шешіліп, сол тарихтан сыр тарқатты. Қалмақтарды қуғаннан кейінгі тұста, Жетісу өңіріндегі мал-жанға қолайлы шүйгін жайылымдар қырғыздардың да көз құртына айналып, ол ақыр соңында, туыс екі ел арасындағы едәуір қақтығыстарға алып келіпті, деген олар. Қырғыздар бір жылдары, тіпті Қаратау төңірегіндегі дулат пен қоңырат руларының қоныстарына, Жетісудағы ұлы жүз, найман ауылдарына дейін шауып, мал-мүліктерді олжалапты. Қазақтар да қарап қалмайды. Қырғыздарды өз қоныстарына дейін түре қуып, кескілескен ұрыстар жүргізіпті. Ел аузында Абылай бастаған қалың әскердің

Шу бойында солтыларды, Шілік өзенінің бас алабында сарыбағыштарды, Саты асуы арқылы Ыстықкөлге өтіп, көлдің батыс бетіндегі Турасу бойында бұғылар мен саяқтарды тас-талқан етіп жеңгені туралы әңгімелер қалған.

Екі халық арасындағы сондай алма-кезек жорықтардың бірінде Көкжал Барақ батыр бастаған қазақ жасақтары қырғыздың қалың ішіне тереңдей еніп кеткен көрінеді. Қырғыздар тез жинақталып, түн ішінде оның қосынына шабуыл жасайды. Оқыста күйрей жеңілген Барақ бас сауғалап әзер қашып құтылады. Қырғыздар арасында бұл оқиға әлі күнге дейін *«Жалды Барақ қашқанда, Байпақ би өлгенде»* деп айтылады. Барақ сарбаздарының ойсырай жеңілгені туралы хабар Абылай ханға да жетеді. Кек алу мақсатын көздеген ол, қалың қолды бастап келіп, Таластың жоғарғы ағысындағы Үшқосай алабында солтылар мен саяқтардың ауылдарын талқандайды. Шуға құятын Қызылсу мен Шәмші өзендерінің аралығындағы жазықта өткен ұрыста күллі оң қанат мен сол қанаттың біріккен әскерлерін күйрете жеңеді. Сол шайқаста солтылардың манабы Жайыл да ұлдарымен бірге қаза тауып, оның өзі тарайтын талқан атасынан 40-ақ адам аман қалыпты деседі. Қырғыздар арасында бұл шайқас *«Жайыл қырғыны»*, ал ұрыс өткен жер *Түйіскен* деген атпен белгілі. Жайылдың қызы Бикемжанның әкесіне шығарған жоқтауы былтыр өзі жазып алған Абылай туралы жырда да бар.

Сол ойсыраған жеңілістен кейін қырғыздар Абылайға бұдан былай жауласпауға, бейбіт жүруге мойынсынғанының белгісі ретінде «ақ үйлі аманат» етіп көп адамын беріпті. Көкшетауға әкелінген сол аманат жұрттан тараған ұрпақтар жетпіс-сексен жылдан соң, атығай руы ішіне сіңген жаңақырғыз, байқырғыз деген аталарға айналып, бұ күндері екі болыс ел болып отырғаны да Шоқанға жақсы таныс. Абылайдың қазақ қаруының басымдығын танытқан сол жорықтары нәтижесінде, екі жақ мәмілеге келіп, қазақ пен қырғыз арасындағы шекаралық дау-дамайлар да тыйылған еді.

Манаптардан «Абылай туралы жырда» айтылатын, қазақтарға қатты қарсылық көрсетіп көз жұмған қырғыз батырлары Есенғұл, Сәдір, Өтекенің кімдер екенін де сұраған. Үшеуі де сарыбағыш, әрі Есенғұл мен Өтеке кейіннен Кенесарыны өлтіруге қатысқан Орман мен Жантай манаптардың

туған аталары боп шықты.

Ана жылдары әуелі әкесі Шыңғыстан естіген, одан бері Омбы мұрағатындағы құжаттардан оқыған, кеше Тезек төреден тыңдаған Кенесары, Наурызбайлардың қалай өлгені туралы мәліметтерді пысықтағысы келіп, біраз сөз суыртпақтап, әрі қарай қазбалап еді. Бұғының басшылары Кене ханды қолға түсіруге, негізінен сарыбағыштар мен солты, құсшылар белсене араласты ғой, біз көп нәрсені анық біле бермейміз, деп аса ашыла қойған жоқ.

Содан кейін әңгіменің ауанын Манас туралы жырға қарай бұрған. «Сіздерде осы жырды айтатын жойқын жыршылар бар көрінеді. Оларды тыңдаудың мүмкіндігі болар ма, екен», деп сұраған.

Манаптар бұл шаруаның еш қиын еместігін білдірді. Бұғылардың ішінде Назар атты шоң манасшы бар, оған хабар жіберіп, сізге жолықтырайық, деген.

Ертеңіне түске дейін дулаттар мен бұғылар арасында да кешегі албан мен бұғылардың келіскені сияқты жайылым мәселелері туралы мәмілелесулер өтті.

Түстен кейін отряд Ыстықкөлге барар жолдағы Сантас асуына қарай бет алды. Қарқара жазығын сол жағында ұстай жылжыған олар, біраздан соң қырғыз жеріне де еніп еді.

\* \* \*

Ат үстінде келе жатқан Шоқан осы ел туралы бұған дейін оқығандарын ой елегінен өткізген. Түрк халықтары үшін Жетісу мен Ыстықкөл маңы – ерте замандардан бері шұрайлы қоныстар ретінде белгілі. Қытай деректерінде бұл өңірлерде талай қуатты ордалардың ғұмыр кешкені рет-ретімен жазылып қалған. Жыл санауға дейінгі екінші ғасырда ғұндардың екпінінен қытайдың ұзын қорғанынан батысқа қарай үдере серпілген үйежылар (юечжилер) Іле, Ыстықкөл алабын талайдан мекен еткен сәйлерді (сақтарды) ығыстырып, оңтүстікке қарай асырып тастайды. Көп ұзамай үйежылардың өзін Қара Ертіс пен Үліңгір алабынан лықсыған усундар (үйсіндер) келіп батысқа қарай қуып, өз ордасын орнатады. Үйсіндер осы аймақтағы бұрынғы қоныстарынан көшпей қалып кеткен сәйлер мен үйежылардың

тұқымдарын өздеріне қосып алып, күшті халыққа айналады. Олардың әміршілерімен қытай патшалары да санасып, қыздарын беріп құдандалық қарым-қатынастар жасаған. Өзі құмарта оқыған Бичурин еңбегінде үйсін күнбиіне ұзатылып, түскен жерінің тілі мен әдет-ғұрпын түсінбеген жас қытай мәлікесінің алыстағы елін аңсап, сағыныштан шығарған өлеңін де келтіретіні бар. *«Мені ұзатты әлемнің бір жағына, алыстағы жат елге – Үйсін ханына. Дөңселек үйі, туырлық – там орнына, ет жеп, айран ішеді ас-суына. Туған жерді сағынып сарғаямын, аққу құс боп қайтсам деп ауылыма»*, деп мұңданыпты жас келін. Тарих бұл жерлерде үйсіндердің жеті ғасыр бойы мекендегенін айтады. Олардың Чигу деген астанасы болыпты... ҮІ ғасырда осы өңірлерге гао-гюи (оғұздар) мен дулулар келіп орнығыпты.

...Қытай жылнамаларынан алынған деректерден қырғыздар туралы мәліметтерді де кездестірген. Таң әулетін зерттеушілер қырғыздардың арғы тегін жыл санауға дейін өмір сүрген тайпалар қатарына қосады. Оларды сол кезде кян-күн, хакас, киликиз деп атапты. Кян-күндер солтүстік өңірде дин-линдермен көрші тұрыпты. Клапрот ҮІ-ҮІІ ғасырлардағы Таң әулетінің жазбаларын сараптай келе, қырғыздардың бір қонысы Енесай алабында болғанын анықтаған. Иакинф тақуа, Ремюз, Риттер, Сен-Мертен, Визделу, Дегин, Д'Оссон, Фишер сынды оқымыстылар еңбектерінде де олардың арғы-бергі тарихы туралы мәліметтер шоғырланғанынан хабардар. Қырғыз-хакастар 840 жылы өздерінен оңтүстік-шығысқа қарайғы Орхон мен Толы алаптарын мекендеген тоғыз оғұздардың (гао-гюи, хойку, ұху) ұйысқан қағанатының жерін жаулап алады. Қырғыз ажосы (қағаны) өз ордасын сол жаңа қонысқа, Онон өзенінің басына көшіріп, кейіннен күнгедей Бейтің (Бесбалық) мен Тәңіртауға дейінгі аймаққа да билігін жүргізеді. Алайда қырғыздардың бұл дәуірлеуі ұзаққа созылмайды. Қытай мен қидандардың қысымы оларды Х ғасырда Енесай жақтағы қоныстарына қайта ығыстырады. Әбілғазының шежіресінде бұл жұрт Оғыз ханның Қырғыз деген немересінен таратылады. Олардың тұрған жерлері Селеңгі мен Анғырамұран деген екі өзеннің жағасында орналасқан еді, делінеді. Моңғол жорығы кезінде қырғыз-хакас құрамына енген рулар киликиз (кир-цзис) деген атпен белгілі болып, олардың бір бөлігі кейіннен Ыстықкөл, Памирге дейін

лықсиды. Сол өңірдегі жергілікті түрк тайпаларымен қосылып, қырғыз деген ежелгі атын өшірмей, этникалық тарихын одан әрі жалғастырады...

### 3. Ерен туған ер Манас

Қырғыз халқының байырғы замандарынан елес беретін ғажайып мұрасы «Манас» жырымен Шоқан экспедициялық отряд Сантас асуы маңындағы Түп өзені жағасында қоналқаға тоқтаған күннің ертеңінде-ақ танысу мүмкіндігіне ие болды. Мамырдың 26-сы (маусымның 8-і) күні оған Боранбайлар жіберген Назар манасшы арнайы келіп жолыққан еді.

Шоқан жасы отыздар шамасындағы жыршыны қуана қарсы алды. Бардашев екеуі киіз үйге дастарқан жайғызып, қымызы мен дәмін ұсынып, манасшының бабын жасатқызды. Сәлден кейін Назар жомоқшы даусын бір кенеп алып, «Манасты» бастап кеткен.

*...Байырғы бір заманда дәулеті тасып өрлеген, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, ен далаға еркін билік жүргізген, күн түскен қалың көп ногай жұрты өтіпті өмірден. Түмен хан деген ханының ерлігін айтуға сөз жетпейді, байлығын көруге көз жетпейді екен. Аса айбарлы, әділ билеуші атанып, қол бастап, еліне пана боп жүріп о дүниеге аттаныпты. Түмен ханнан – Бойунхан, Бойунханнан – Шаянхан, Шаянханнан – Қарахан, Қараханнан – Жақып хан. Ногайлының Талас пен Шу бойында көшіп жүрген бір руының биі осы Жақыптан – жас Манас, жалпы жұртқа бас Манас дүниеге келді. Көзін ашқаннан алып күш иесі екендігі байқатқан ол, жыл санап емес, күн санап өсті, үшке келгенде ер жігітпен тең болды, көк өгіздің мүйізін бұрап сындырды, күресуге бала шықпады... Он жасынан еліне зәбір көрсеткісі келгендердің бетін қайтарды. Он үшінде орда бұзып, үй шапты. Он бесіне жеткенде дүйім жұртқа бас болды. Он алтыға келгенде атышулы батыр боп, қабағы биік өңі саз, еңсегей бойлы – Ер Манасқа; қаны бір қара, беті көк, бауыры шұбар, сырты көк, жоталы жон, сұрғылт рең – батыр Манасқа; көкжал бір сырттан бөріге айналды.*

Жомокшының даусы ашық. Жыр сөздерін кейде созып, кейде желдірте термелетіп, екпіндетіп, әртүрлі мәнерде құйқылжыта, шабыттана орындайды. Ол енді бір сәтте Манастың әкесі Жақыпты хан қызы Қаныкейді айттырып келуге жібергенін жырлауға көшкен еді. *Әкесі ақ жүзі ақша қардай, алқызыл екі беті, қарға тамған қандай, шашы өкшесіне түскен он бестегі сол аруды іздеп, аты ырғайдай, биті торғайдай болған кезде, қыз ауылына жетеді. Алайда қыздың хан әкесі оған «менің қызыма ханның ұлы лайық, сенің ұлыңа бидің қызы лайық» деп бетін қайтарады. Жақыптың ұлы жас Манас, көп ноғайлыға бас Манас, бұған қатты намыстанып, соғыс ашып, өзі қалаған сұлуды күшпен тартып алады...*

Сәлден соң жыршы Манастың қырық шорасымен бұдан кейін де жасаған жорықтары туралы жырлап кеткен еді. Түйдек-түйдек жыр шумақтары арасынан басқа да түрк жұрттары – арғын, қыпшақ, найман, қоңырат, үйсін, абақ, қыпшақ, ноғай, төлес руларының атаулары да ауық-ауық құлаққа шалынып қалады. Ара-тұра қазақ жырлары мен ертегілерінен өзіне аттары таныс Ер Төстік, Ер Көкше, Ер Қосай, Едіге есімдеріне де қатысты сипаттаулар айтылады. Манасшы бір жерде: *«Тоғыз ұлдың кенжесі, Шалқұйрықтай тұлпарлы, Тәңірі сүйген Ер Төстік»*, деп бір қайырса; тағы бір шумақтарда: *«Қамбар бір ханнан Айдархан, Айдарханның баласы Елестен туған Ер Көкше»*, деп жосылтады. Енді бір сәтте: *«Ұлытауды жайлаған, ел ағасы Ер Қосай, ат тағасы Ер Қосай»*, деп екпіндетеді. *«Үзеңгісін үзе шіренген, найзасын көкке тіреген, ерен туған Едіге»*, деген жолдар да төгіледі. Шоқан екі халыққа да етене бұл сарындарды қазақ-қырғыз жырларының бір замандарда ортақ арнадан нәр алғандығы мен қатар тіршілік құрып, сыртқы жауға бірігіп қарсы тұрған туыс жұрттардан қалған мұралар екендігін көрсететін нышан ретінде байыптап отырды. Жырда Ноғайлы заманынан қалған сілемнің басым аңғарылатынын байқау қиын емес. Манастың әкесі Жақыптың өзі – ноғайлының бір руының биі, ал еңсегей бойлы Ер Манас – көп ноғайлыға бас болған батыр ретінде бейнеленеді...

Ара-тұра тыныстап, қымызбен тамағын жібітіп, жыр төкпелетіп отырған Назар жомокшы әлден уақытта шұрайлы бір шумақтарға кірісіп кетті. Қалың көп ноғай жұртының ұлы ханы,

ұлыстың батагөй ұйтқысы, ақылгөй данасы болған, жүз тоқсан тоғыз жыл жасап, жақ сүйегі босаған Көкетай хан өзі дүниеден өтер алдында елін жиып, ақырғы керез асын беріп, керез (бақыл, өсиет) сөзін айтыпты.

*Уа, күн түскен қалың көп ноғай жұртым!  
Көкірегімді дерт алды,  
Көңілім жаман босады.  
Мен алдыңнан өтпек болғанмын, жұртым!..  
Менің көзім өткен соң, жұртым,  
Қылышпенен қырдырып,  
Қымызбенен жудырып,  
Шарайнамен шаптатып,  
Бұлғарымен қаптатып,  
Ақ қазаным жастатып,  
Құбылаға қаратып,  
Қызыл мақпал бүктетіп,  
Қызыл нарға жүктетіп,  
Қара мақпал бүктетіп,  
Қара нарға жүктетіп,  
Алтыс ноғай қырық керуен,  
Алып келіп түсе гөр,  
Топтап келген қатынға  
Топтап мақпал бере гөр,  
Керуен басы қара сарт,  
Сексен серкеш майына  
Қыш құйдырып ала гөр,  
Астыңғы жолдың үстіне,  
Үстіңгі жолдың астына  
Айға баққан ақ сарай,  
Ақ сарайлап қоя гөр,  
Күнге баққан көк сарай,  
Көк сарайлап қоя гөр...*

Жыр жолдары лек-лек құйылып жатыр. Манасшы ендігі бір сәтте Көкетайдың орнына хан болған баласы Боқмұрынның көп ноғай жұртының түпкі атамекені – қыл Ертістің аржағына көшіп барып әкесінің ұлы асын бермекке ниет еткені туралы

шумақтарға ауысқан еді.

*Қозы басы Қонада  
Қойдың жүнін аламын,  
Үлкен Ақтас барамын,  
Үй жаптырып аламын,  
Үдере одан көшемін,  
Тиектастан өтемін,  
Жалаңаштың бойына,  
Жылқы салып кетемін,  
Кең Іленің бойына,  
Егінші боп кетемін.  
Кеңқалқаннан өтемін,  
Кемеменен көшемін,  
Ақтеріскен асамын,  
Аттың ерін алдырмай,  
Ат шалдырып аламын,  
Түйенің қомын алдырмай,  
Түйе шалдырып аламын.  
Қайнатпатұзға барамын,  
Алпыс атан қомдатып,  
Тұз арттырып аламын...  
Алтай толған көп қалмақ,  
Араласа қонамын,  
Қаңғай толған көп қалмақ,  
Іргелесе қонамын.  
Қыл Ертісті жағалап,  
Күндеп-түндеп көшемін,...  
Жорғаның суын кешемін,  
Бурыл таудың астына,  
Барып онда қонамын.  
Ат сергітіп аламын,  
Ел сергітіп аламын.  
Уа, сонан соң тоқсан атын қомдатып,  
Күріш арттырып аламын,  
Тоқсан жорға тағалап,  
Түпкі ханға кіремін,  
Сонда Көкетайдың асын беремін!..*



Шоқанды жырдағы Алатаудан Енесай алабына дейін созылған ұзақ көш жолының анық сипатталғаны таңғалдырған. Ниет еткен түпкі орда мекенге қонғаннан кейін Бокмұрын Көкетай ханға қараған байтақ ел аумағындағы жұрттардың игі жақсылары мен батырларына сауын айтып, ас пен бәйгеге шақырады. Әсіресе солардың арасында асымды билеп берсін, деп арнайы түрде Ер Манасқа ерекше қолқа салған сәлем жолдайды. Сауын айтуға сары ноғай баласы Жаймакекіл Жас-Айдар шораны арнайы аттандырады.

Жырды тыңдап отырған Шоқан асқа шақырушы шабарманның алдымен Ұлытаудағы Ер Қосайға сауын айтқаны, одан кейін Кішітаудағы ақтар-таздың баласы Ер Үрбіге, содан соң Ер Көкшеге, одан әрі найман мен арғын руларына хабар жеткізгені, әрмен қарай Ер Едігеге, Жетісудағы Ер Бағысқа, одан шыққасын Ер Төстікке қарай жол тартқаны, Әндіжанда алтын шатырын аспандата тіккен Ер Манасқа, Самарқан, Бұхар жағын мекендейтін ақ сәлделі Айқожаға дейін барғанына көңіл аударды.

Географиялық жағынан алғанда, бұл Саян тауларынан Каспий алқымына дейінгі аралықты қаусырып жатқан байтақ кеңістік. Демек, ол – сонау замандарда осы алып аймақта түп-тегі жақын туыс жұрттардың мекендегенін байқататын бір дәйектен де хабар бергендей болады. Есіне Бичурин кітабында келтірілетін, Хондемир мен Әбілғазыға сүйеніп жазылған, Каспий теңізінен Корей шығанағына дейін мекендеген жұрттардың түпкі бабасының – Түрк деп аталғандығы жөніндегі көне эпсана түсті. Түрк ханнан – Қара хан, одан Оғыз хан, оның немересі Ел ханның Ергенеконда қайтадан әулет өргізген тұқымдары Қиян мен Нүкіз туралы аңыз желілерінің пайда болуы бекер емес-ау, деген ойға жүгінді. Қария сөздерде сол екеуінің ұрпақтарының Түрктен таралды делінетін басқа да жұрттармен бірге қатар ғұмыр кешіп, қауымдаса ел құрғаны туралы сарындар ұшырасады. Демек, соның бір сілемі Манас жырына да түсуі әбден мүмкін ғой. *(Шоқан заманында көне түрк қазанаттарының шынайы тарихы бәдізделген орхон-енесай бітігтастарының құпиясы әлі ашыла қоймаған болатын. Ал шын мәнінде Көкетай ханның асына бір кездері Көктүрк мемлекеті қанат жайған кеңістікте содан бері ғұмыр кешіп келе жатқан туыс елдердің игі жақсылары мен батыр-бағландары*

*шақырылған еді. Әрі Көкөтай асына сауын айтуға қатысты бұл географиялық жағдай, өзге тарихи дәуірлерден гөрі, түрк қағанаттары кезін көбірек еске түсіреді. Қазақтың ұлы академигі Әлкей Марғұлан атап көрсеткендей, тегінде «Манас» жырының ең түпкі аялғысы, сол замандардан басталған болуы керек).*

Назар жомоқшы енді Көкөтайдың жойқын асы кезіндегі оқиғаларды жырлауға көшті. Ат бәйгесі, сайыс, аударыспақ, балуан күрес, жез бұйдалы інгеннің биі (жалаңаш әйелдің билеп келіп, бұйданы тісімен шешіп алу ойыны), Ер Қосайдың күреске түсуі, кәуірлердің ас пен бәйге шырқын бұзғысы келгені, оған Ер Манастың қарсылық көрсеткені ерекше шабытпен шумақталды...

Кәуірдің ханы батыр Жолай ас кезінде өзіне қарсы шыққан Манасқа қатты өштесіп, онымен соғысуға қол жинау үшін еліне қайтады. Манас жер ортасы Бозтөбеге келіп, алдағы шайқасқа дайындалады. Сол жерде қару-жарағын түгендеп, әбден қамданып алғаннан кейін, кәуірлердің еліне қарай беттейді. Сегізінші күн дегенде майдандасар жерге жетіп, жаудың қолын ойсырата жеңіп, Жолайдың басын алады...

Манас бұдан кейін де талай жорықтарға қатысты. *Қара шоқты кәуірдің қауымды жұртын бір алды, қызыл шоқты қытайдың қақпалы жұртын бір алды... Алым жеді Қашқардан, зекет жеді Қоқаннан...*

Алайда соғыста алған жарақаттың зардабынан Манастың өзі де елу екі жасында бақилыққа аттанды. Адал жары Қаныкей ерінен айырылып, қолаң шашын талдап жұлып, ақша бетін қанжоса тырнап, зарлап жесір қалды. *«Алтын жүзді айбалтаң, ебін тауып кім саптайды, артыңда қалған еліңді, топалаң қылмай кім бастайды»,* деп жоқтау айтты.

Назар жомоқшы Манастың да Көкөтай хан сияқты жерленгенін айта келіп, жырдың соңғы шумақтарын қайыруға кіріскен еді.

*Қарагайдан қалың табыт шаптырып,  
Ішкі бетін алтыннан,  
Тысқы бетін күмістен  
Манасты табытына салды дейді,  
Астына жердің сызын өткізбей,*

*Үстіне күннің көзін тигізбей,  
Сарайға сөрелеп қойды дейді...*

Шоқан манасшының күні бойы жырлағанының бәрін жазып алу мүмкін еместігін байқап отыр. Жомоқшы Манасты түгел тыңдауға үш түн де жетпейтінін ескерткен. Батырдың баласы Семетейге арналған жырға да соншама уақыт керек екен. Сондықтан да ол бүгін айтылған жырдың өзіне ұнаған көркем тұсы – «Көкетай ханның ертегісі» деген бөлімін ғана жазып алуды жөн деп тапты. «Бүгінге осы да жарайды, ертең бізге Көкетайдың өлімі мен асы туралы қайта жырлап бер, жазып алуымыз керек», деді Назарға.

...Ертеңіне манасшы бірден Көкетайдың ертегісінен бастады. Шоқанмен бірге экспедиция құрамында жүрген, араб қарпімен жазуға жап-жақсы сауаты бар қазақ жігіті жыр жолдарын қалың ақ қағазды дәптер бетіне тез-тез түсіре бастады. Ал өзі әр сөзді қалт жібермей, жазып алушы үлгеру үшін манасшыны ауық-ауық кідіртіп отырды. Назар да қайта-қайта үзіп айтқызуға үйренбегендіктен, кешегідей ағыл-тегіл екпіндетіп төге алмады. Сонда да жадында әбден сақталып қалған шумақтарды бір сыдырғы жырлап шықты.

Жомоқшы «Манастың бір сапар әңгімесі осымен тәмамдалды» деп, «Көкетайдың асы» бөлімін қайырғаннан кейін, Шоқан жазып алушы жігіттің қолындағы дәптерді алды да, қағазға түскен жырды оқи бастады. Әр жеріне белгілер соғып қояды. Бәрін түгескен соң, оған қарап: «Кейбір қырғыз сөздерін қазақшаға ұқсатып жібергенің болмаса, жақсы түсіріпсің, – деді. – Ол ештеңе емес, қазір қайтадан айтқызып жөндеп аламыз».

Содан кейін қымыз ішіп тыныстап алған манасшыға «Көкетай ханның ертегісін» қайта жырлатты. Енді Шоқанның құлағы жыршыда болғанымен, көзі дәптер бетінде. Қолы қолына жұқпай, сөздердің үстінен түзету енгізіп жатыр. Қазақ жігіті «құладың» деп жазған жерді қырғыз фонемасына лайықтап «құлаалы», «текеге бұты шалысқан» дегенді – «екеге бұты шалысқан», «жолына» сөзін – «йолына», «тұрмай ма» сөзін – «тұрбай ма» деген сияқты бірқатар түзетулер енгізді. Қалып қойған жерлерін түсірді. Жазылмай қалған «айға баққан ақ сарай, ақ сарайлап қойды дейді», «астындағы мәнекер еш өнерін

*көрмедім», «оны ондай қорқытты, Ыстықкөлдей толқытты», «асымды билеп берсін деді, мүшесін артық жесін деді», секілді тағы біраз жолдарды өз қолымен қосып жазды.*

Жыр айтылып болғаннан кейін манасшыдан кейбір түсініксіз болған қырғыз сөздерінің қазақша мағынасын анықтап сұрап, қастарына жазып қойды. Қырғызша «кемеге» сөзі – жер ошақ, «қолтурмаш» – ашамай, «жыртыншы қара берді дейді» – жырттысты көп берді дейді, «жақтыға жай бермес» – жағы барды сөйлетпес, «қыйыду» – адам тілдес, «айбан» – хаюан,... деген ұғымдармен сәйкес екенін аударып көрсетті. Кей сөздердің орысша түсініктерін беріп отырды. Бэрэр – скакун, өңі саз – суровый, көзотаға – коралловый шарик, қоңба бел қабамын – угроза, бұта атым (оқ атым) – расстояние полета стрелы, он сан – десять тысяч, мэмбе – привязь, айланғыс туған – непоказывающий сонму... деген сияқты аудармаларын сол жолдың үстіне не астына қоса жазды...

Жырды дәптерге түсіру жұмысы аяқталып, манасшыны шығарып салған соң, Шоқан күнделігін қолына алып, осынау ерекше ғылыми жаңалық туралы мынадай сөздер жазған еді. *«26-сы күні менде қырғыз жыршысы болды. Ол «Манас» дастанын біледі. Дастанның тілі ауызекі сөзден гөрі түсінікті. Жырдың кейіпкері Манас – ноғайлы батыры... Онда Шу, Ташкент, Іле өңірлерінде үш халық: ноғай, қазақ және қырғыз тоқайласады. Қырғыздарға ноғайлылардың аңыздары да белгілі: олар Едігені біледі және ол туралы жырлағандары қазақтарға келіңкірейді. Олар да: Кешегі он сан ноғай бүлгенде, Орманбет би өлгенде, орданың қара жағасы, аспанға ұшып кеткенде, – деп айтады.*

*Кіндіказиялық түз жұрттары аңыздарының бәрінде ноғайлылар құрметті орынға ие. «Ташкенттік» ноғайлылар Манаста еске алынады. Жәнібек, Асан қайғы бұл жерде де белгілі. «Алатайдай бүлдірді», деген оқиғаны қырғыздар да айтады».*

Шоқан жазып алған «Көкетай ханның ертегісі» деп аталатын осы қолжазбаның кейінгі тағдыры көп уақыт ғылыми ортаға беймәлім болып келген еді. Петерборда жұмыс істеген кезінде жазған «Жоңғария очерктерінде» Манас дастанының бір бөлігін қырғыз жыршысының аузынан жазып алғанын, оны орысшаға аударумен айналысып жүргенін атап көрсеткенімен, сол

жартылай тәржімаланған аударманың өзі зерттеушілердің қолына Шоқанның қайтыс болғанына көп жыл өткен соң ғана түскен еді. Оны қазақ ғалымының жақын досы К. К. Гутковский жинаған қағаздар арасынан профессор Н. И. Веселовский тауып алған. Көрнекті шығыстанушы тәржімамен танысқан соң Шоқанның қырғыз сөзінің қуаты мен көркемдігін әлсіретпей, орыс тіліне қалай тамаша аударғанына тәнті болады. Ал дастанның қырғызша қолжазбасы, ол жөнінде татар ғалымы Х. Файызханның Шоқанға жазған хатында және Г. Потаниннің естелігінде айтылғанымен, ғалымның біраз еңбектері сияқты со бойы қолға түспей келген-ді. Тек 1960 жылдардың соңында ғана академик Ә. Марғұлан оны Ресейдегі Азия халықтары институты Шығыстанушылар мұрағатының елеусіз жатқан қорынан тапқан. Кейіннен Әлекеңдей ұлы ғұлама осы нұсқа туралы «Шоқан және Манас» атты тамаша еңбек жазды. Өз зерттеуінде академик дастанды жырлаған адамның, Шоқан есімін айтпай кеткен манасшының кім екенін де анықтады. Сол дәуірде өмір сүрген манасшылардың мұраларын сараптау, жыр жолдарын басқа нұсқалармен салыстыру нәтижесінде Шоқанмен кездескен ол жыршының әйгілі манасшы Назар Болатұлы екенін дәлелдеді.

«Көкөтай ханның ертегісі» – бір замандардағы түз жұрттарының тұрмысын көркем эпикалы ыңғайда шалқыта суреттейтін «Манас» жырының аса бағалы бір тарауы. Онда бағзы дәуірлерде түрк тайпалары мекендеген географиялық аумақ, тарихи жағдай, исламға дейінгі жерлеу жоралары (*қылышпенен қырдыру, қымызбенен жудыру, шарайнамен шаптату, бұлғарымен қаптату* – яғни мәйіттің етін сүйегінен айыру, мүрдені бұлғарымен қаптату, сөрелеп қою, ұйық жұртқа көму), басқа де ежелгі әдет-ғұрыптар жайында қадау-қадау мысалдар көп-ақ. Жырда Көкөтайдың асын түпкі ханның жеріне барып берудің өзі де көне жұрттардың Алатау мен Енесай арасын ерсілі-қарсылы көш жолы еткен ерлік замандарын еске түсіреді.

(Ғылым әлеміне тұңғыш рет Шоқан Уәлиханов жазып алып, оны халық даналығының туындысы, барша халық ертегілерінің, хикаялары мен аңыздарының, география, дін және салт-сана, әдет-ғұрып жөніндегі түсініктерінің энциклопедиялық жинағы – Дала Илиадасы деп бағалап, ұлан-ғайыр бәйгеге қосып жіберген «Манас» қазір әлемге әйгіленген эпосқа айналды. Оны зерттеу

ісінде Шоқаннан кейін де қазақ ғалымдарының қосқан үлесі аса мол. «Манас» туралы алғашқы монографиялық еңбекті заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов жазды. Әлкей Марғұланның кең танымға құрылып, 1971 жылы жарық көрген «Шоқан және Манас» зерттеуі манастану іліміне қосылған ең айтулы үлестердің бірі ретінде саналады. Еліміздің белгілі ақындары аударған «Манас» жырының көп томдықтары да оқырманға жақсы таныс...).

\* \* \*

...Қырғызстан жеріне өткеннен кейін екі таудың арасын койнаулай салынған тас жолмен Ыстыкөлге қарай беттегенде, сәлден уақыттан кейін сол жақтан ерекше түрде бой көтерген тас төбешікке көз түсер еді. Ол – талай ғасырлар бойы осы жермен өткен саяхатшылардың назарына ілігумен келе жатқан Сантас үйіндісі. Мен оның етегіне іңір алдында жеттім. Өрқайсысы бір адамның көтеруіне лайық ірі малта тастардан қаланған үйінді едәуір көлемді алып жатыр. Тастарды сақырлата басып, төбенің үстіне шыққанда, оның жанынан тағы да бір шағын тас үйіндісінің орны көрінеді.

Шоқан осы Сантас (қырғызша – Санташ) асуы маңында аялдаған кездерінде «Манас» жырын жазып алған...

«Манас» эпосының кейінгі дәуір қоспаларынсыз шүйгін қалпында сақталған ең байырғы көркем нұсқаларының бірін әлемде тұңғыш рет қағазға түсірген Шоқан еңбегінің ғылыми құндылығы айрықша өлшеусіз. Қырғыз ғалымдары да оны бүгінгі күні ерекше бағалайды. Соның бір белгісі – 1996 жылы осы Сантас маңында, Ш. Уәлихановтың «Манасты» жазып алуының 140 жылдығына орай «Санташ – 140» атты бірінші халықаралық ғылыми конференцияның өткені еді. Онда қазақтың ұлы ғалымының қырғыз халқының тарихы, мәдениеті, әдебиеті, географиясын, әсіресе «Манасын» зерттеудегі ұлан-ғайыр еңбегі алғаш рет кең ауқымдағы салиқалы әңгіме арнасына айналды. Келелі жиынның қорытындысы Шоқанның «Көкөтайдың ертегісін» жазып алған жеріне ескерткіш белгі орнату рәсіміне ұласты. Қырғыз ағайындар үйдей тастың бетіне «Бұл ескерткіш қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың 1856 жылы

«Манас» жырын жазып алу құрметіне қойылды» деген сөздерді ойып жазды. Көлемі одан сәл кішілеу екінші тасқа Шоқанның өз қолымен салған Алатау көрінісі түсірілді.

\* \* \*

Шоқан күнделігінен оның Сантас үйіндісі тарихына қызығушылық танытқандығы да байқалады. Ол туралы ел аузында қалған аңызға назар аударады. *«Әміршілердің әміршісі, талай елді жаулап алған Ақсақ Темір Ыстықкөлдің шығысында жатқан халықтарды бағындыруды көздеп жорыққа шығады. Жер қайысқан қолмен шерулеткен әмірші осы асуға жеткенде, әскерлерінің әрқайсысына өзен жағасынан бір-бір тастан әкеліп үюге пәрмен береді. Сосын жорығын әрі қарай жалғастырады. Мақсатына жетіп, өзге жұрттарын бағындырып қайтып келе жатқан жолында, қолбасшы енді бұрын өзі көтергізіп кеткен үйіндіден бір-бір тастан алғызып, жанындағы жаңа жерге жинауға бұйырады. Сонда әмір Темір бұрынғы орнында қалып кеткен тастың мөлшеріне қарап, қанша сарбазының қаза тапқанын шамалаған екен. Шағын үйінді сол алғашқы төбешіктің орны көрінеді»*, – делінеді екен аңызда.

Алайда оның тарихи деректерге үйлеспей тұрғанын Шоқан бірден байқайды. Әмір Темірдің Қытайға қарай жорыққа аттанбақ болғаны рас. Бірақ Әбілғазының шежіресінде шет жағасы айтылатын, 1402 осман сұлтаны Баязитті жеңгеннен кейін өз астанасы Самарқанға қайтып оралған Темір, 1405 жылы Қытайды бағындыруға бел байлап, жорыққа шыққанымен, оған жете алмай, жолшыбай тоқтаған Отырар қаласында елірме ауруына ұшырап, о дүниеге озған болатын.

Қырғыздардың арасында оны қазақ ханы Есімнің қалмақтарды жеңгеніне байланысты қойылған ескерткіш деген әңгіме барын да естігеннен кейін, бұл жайдың тарихи деректерге үйлесетініне мән береді. Есім ханның осы аймақтарда қазақ-қырғыз әскерлерін басқарып, қалмақтарды түре қуғандығына қатысты ақиқатты қаперге алады...

Дегенмен Сантастың дәл тарихы жөнінде топшылаулар мұнымен ғана шектелмейді. Мәселен, қазіргі археологтар оны жыл санауға дейінгі сақтар дәуірінен қалған ескерткіш дегенге

ден қояды. Ол сонау замандарда сақ көсемдерінің қабірі үстіне үйілген биік оба болған. Кейіннен бүлініп, құлаған дейтін жорамалдар айтылады.

Міне, осы тұрғыдан алғанда бұл ескерткіш туралы Шоқан күнделігіне сол кеште асығыс түсе салған сөздердің өзін өте орынды айтылған деп білер едік. *«Әйтеуір, не де болса, Сантасты тұрғызу үшін көп адам күшінің, мол бейнеттің жұмсалғаны рас, оның бағзы замандарда осы жерде өткен әлдебір халықтар өміріндегі, әлдебір елеулі оқиғаға қатысты бой көтерген ескерткіш екендігінде дау жоқ»*, деп түйеді ол.

Түп өзенінің бойында орналасқан қырғыздың «Санташ» кеңшарының орталығы Қарашұңқыр ауылына түнделете жетіп қондым. Ертеңіне ертелете ауыл кеңсесіне барсам, кеңшар басшысы жалғыз отыр екен. Мен өзімнің жөнімді айтқаннан кейін істің мәнісін тез ұғынды. Әңгімеге ықыластана кірісіп кетті. Ежелден аралас-құралас жатқан елдің ағайындық жайларын қозғады. Осы ауылдың өзінде көптеген қазақ отбасылары тұратындығын айтты. Бір қызығы, ол кісінің есімі Қазақ болып шықты. «Анам босанған күні біздің үйде бірер қазақ мейман қонып жатқан екен. Солардың құрметіне орай мені Қазақ деп қойыпты», деді ол.

Аздан соң Қазақ Мөкешұлының кабинетінде біраз адам жиналып қалды. Бәрі де Шоқан Уәлихановтың есіміне қанықтықтарын танытып жатыр. «Біздің ғылымымызға да үлес қосқан адамды неге білмейік», – деп жатыр барлығы. Әңгіме барысында Шоқанның қырғыз еліне келгенде кездескен адамдары туралы да біраз мәліметтерге тап болдық. Бұл күндері Боранбай манаптан тараған ұрпақтардың дені осы Ыстықкөл облысына қарасты Жетіөгіз төңірегінде тұратын болып шықты.

\* \* \*

Экспедициялық отряд Сантас асуынан өтіп, Тобылғаты аңғарына шыққан кезде, олардың назарына алыстан жарқырап Ыстықкөлдің айдынды шалқары шалынған... Кеңсудың Түп өзеніне қосылар жеріне келіп түнемелікке тоқтаған керуен, келесі күні сапарын әрі қарай жалғастырды. Қорымды, Талдысу өзендерін басып өтіп, Шатының Түпке қосылған жеріне ат басын



ірікті. Шүпірлетіп шатырлары мен киіз үйлерін тікті. Түптің Ыстықкөлге құяр шығанағы тіптен жақын, тиіп тұр десе де болады.

Шоқан әлгінде ғана тұңғыш рет қырғыз зираттарын көріп, суреттерін салып алған-ды. Талдысу мен Шаты өзендерінің аралығындағы төртбұрыш моланы жанындағы қырғыздар Абылай ханмен шайқаста қаза тапқан сарыбағыш Әтекенің баласы Қарабектің бейіті, деп түсіндірді. Қарабектің баласы Жантай манап Қашқардан арнайы шақырылған ұстаға салдырған сол мазар үшін төрт тоғыздан тұратын мал мен жүз қой беріпті.

Ыстықкөлге таяу зират ортасында ерекше көзге түсетін биік қасбетті, күмбезді бейітті де қасындағы кісілер сол Жантайдың ерте қайтыс болған Исабек деген баласына көтерген мазары деп түсіндірді. Оны да қашқарлық ұста салғандықтан, сол жақтың сәулет үлгісіне ұқсастыра тұрғызылыпты. Ішкі қабырғаларына шығыстың мәнердегі өрнектер әртүрлі түске бояла түсірілген.

Ертеңіне экспедиция құрамындағы казак-орыстар Түптің көлге құярына келіп ау салды. Біраз қарабалық, қаңылтыр, шабақ ілінді. Шоң-Қараш манаптың жанында жүрген қырғыздар олардың бұл тірлігіне қарап, шығанақтың кешу жерінде балықтың көп екенін айтқан. Жосып жүрген балықты өздері қылышпен шауып ала береді екен. Казак-орыстар олардың айтуымен шығанаққа барып ау салып еді, көп ұзамай-ақ торлары толып шыға келді.

Түп өзені мен көлдің жағасы қалың шырғанақ. Көлде қаз, үйрек, карақаз, қарабай баршылық. Жылан да жетерлік. Шоқанның киіз үйінің ішінен қасындағы жігіттер үш жылан өлтірді...

#### 4. Қырғыздар ортасында

Маусымның 13-і күні Шоқан қырғыздардың өмірімен жақынырақ танысу үшін, Қарқарадан бері мұның жанына ілесіп жүрген бұғының биі Қашыбек Шералыұлы және бірнеше қазақпен бірге бас манап Боранбайдың ауылына барып қайтуды жөн көрген. Қашыбектің айтуынша, аға манаптың ауылы бұл кезде отыз бес шақырымдай жерде, Жырғалаң өзенінің бойында.

Тау аңғарларының бәрі қаптаған ауыл. Алайда оларға

жақындаса болды, жұрттың бәрі Шоқанның үстіндегі әскери киімді көреді де «Орыс! Орыс!» деп киіз үйлеріне тығылады. Содан кейін ол формасын тастап, сал-серілерше киініп алғанды жөн көреді. Қасындағы жігіттерге қазақша ән айта жүруді тапсырады. Мұның нәтижесі күткендегіден де асып түсті. Тіпті бір ауылда елдің көне ғұрпы бойынша, күйеуінің қазасына жылы толғанша жоқтау айтып жүрген бір әйел, бұларды көрісімен, үйіне көңіл айтушылар келгенде жасайтын дағдымен зарлатып жоқтау айта бастады. Киіз үй үстіне ілінген қара жалауға қарағанда, оның күйеуі орта жастағы адам болса керек. Шоқандар салтты бұзбай, жоқтау айтылып біткенше күтіп тұрды.

Содан кейін олар өздерін қаумалаған ауыл адамдарымен әңгімеге кірісті. Қырғыздар Шоқанның қазақ сұлтаны, хан тұқымы екенін естігесін, кәдімгідей іштарта қарады. Кейбір егде әйелдер оның ашаң денесі, боп-боз түріне қарап, байғұс әкешешесін сағынып жүрген шығар, мұндай жас баланы алысқа жібергені несі, деген аяныштарын да білдіріп жатты. Біреуі оған үйінен бір тостаған қымыз әкеліп ұсынды. Оның шын жанашырлық пейіліне риза болған Шоқан, қымызды басына бір-ақ көтерді.

Қазақ сұлтанының келе жатқаны жайындағы ұзынкұлақ желдей есіп, келесі ауылға жолаушылардан бұрын жеткен. Шоқандар ауыл шетіне ілінісімен, бір топ адам «Алдияр!» деп оларды қарсы алып тұрды. Және оған таңғаларлық өтініш жасаған.

– Бізде бір жас әйелді жын буып, қиын боп тұр, – деген олар.  
– Соны төре тұқымы қуа алады дегенді естіген едік.

– Мен жындарды қалай қумақпын?

– Түк те қиындығы жоқ, – деді қырғыздар. – Қамшымен жын бұған денені ұрса болды, бар жын қашып кетеді.

Шоқан ешқандай жын-шайтанның жоқ екенін, әйелді олай емес, дұрыстап тыныштандыру арқылы емдеу керек екенін қанша айтқанымен, жұрт оған иланбайтын сыңай танытты. Қайта қолынан науқасты жазу келіп тұрғанда, орындағысы келмегені несі, деп реніш білдіре бастады. Содан соң амал жоқ, қасындағы бір қазақ жігітін: «Бұл да төре, өзімнің інім, осы емдесін», – деп айтуға тура келген. Ол: «Мақұл, емдейін», – деді.

Бірнеше әйел науқасты ұстап тұрды. Әлгі жігіт оны

камшымен сартылдатып ұра бастады. Байғұс әйел жан даусы шығып, бұлқына босап қаша жөнелді. Алайда қырғыздар оны қайта ұстап әкелді. Енесі: «Ұр! Ұр!» – деп айғайласа, жұрт та оған қосыла өңештейді. Ақыры Шоқан бұған шыдай алмады да, жігітке: «сұрмай-ақ қой», деп тоқтатуға мәжбүр болды. Әрине, бұл науқастың жақындарына ұнай қойған жоқ. Бәрі Шоқанға жақтырмай қарады. Тек жын бұған әйел ғана өзінің құтқарушысының мойнына асылып, енді ұрғызбауын өтініп:

– Қалқалайын, әкекей, алдыңнан кетейін, әкекей! – деп жан ұшыра жалынды.

Жұрттың абыр-сабыры басылғаннан кейін Шоқан науқасты қарай бастады. Жасы он бестің төңірегінде болса да, оның екіге өрілген бұрымы ерге шыққандығын көрсетіп тұр. Рең-басы тәптәуір. Бірақ жанары жан-жаққа алақ-алақ етіп, қорқынышпен қарайды. Сұрағанға дұрыстап та жауап бере алмайды. Бар болғаны: «Жанбек! Шоң әке! Қаражан!» деп әлденелерді үзіп-үзіп қайталайды да, бір жас жігітті нұсқап: «Менің айнамы... ол сындарды... жағамды жыртты», деп өзінің бас орамалын қойнына тығып жасырады. Ақырында жұрттан сұрастыра отырып, эзер түсінді. Әлгі айтқан адам есімдері оның туысқандары екен. Ерге шыққанына бір жыл болған. Күйеуі жаңағы жас жігіт. Ол мұны ұрыпты, айнасын сындырыпты, көйлегін жыртты. Өз үйінде бұлаңдап өскен қыз түскен жерінің қаталдығына, ұрып-соғуына шыдай алмай, есінен алжасыпты.

Шоқан әйелдің туысқандарына: «енді ол жазылады, тек көп қинай бермендер, дұрыстап қараңдар», деп тапсырды да ілгері жүріп кетті.

Олар Боранбайдың ауылын алдында айтылған жерден таба алмады. Басқа тұсқа көшіп кетіпті. Содан кешке дейін іздеп, іңір алдында ғана жолыққан бір қойшы Шоқандарды тау қойнауындағы әлі қары ерімеген Тұлпартас шатқалында отырған аға манап ауылына ертіп әкелді.

Тез арада оларға арнап үй тігілді. Шай беріп, қой сойылды. Қонақтар жайғасып болды-ау деген кезде Боранбайдың өзі келді. Әдеттегі жөн сұрасудан кейін жалпы әңгіме басталды. Шоқан аға манапқа әртүрлі сауалдар қойып, өзі қажет деп тапқан мәселелерді пысықтаған. Қазақтың жас сұлтанының анау-мынау емес, жанарал Гасфорттың елшісі екенін де жақсы түсінетін

Боранбай әр сұраққа қолынан келгенше толық жауап беруге тырысып отыр. Сарыбағыштар тартып алған жерлерін қайтсе қайтарамын, деген жегі ой жанын қажап жүрген ол, орыс отрядының осы келуінен қатты үміт күтіп отырғанын байқатты. Бұғылардың аға манабы өзінің аянышты халін айқын сезіндіргісі келгендей, сарыбағыштардан көрген зәбір-жапасына қайта-қайта айналып соға берді...

Шоқан таңертең тұрғасын байқады. Оларға тігілген киіз үй биік тұста екен де, бар ауыл төменде қалыпты. Және үйлер негізінен қотан түрінде шеңбер құра тігіліпті. Ортада биелер сауылып жатыр. Байланған құлындар. Қой мен сиыр да сол қотан ішінде. Абыр-сабыр, қарбалас тірлік көрінбейді. Үй маңдарында от жағып, құрт, ірімшік қайнатқан әйелдер ғана жүр. Бұл Боранбайдың әлі де сарыбағыштар қаупінен сескенетіндіктен, сақтану шараларын жасай, қотан боп жайғасуды тоқтатпағандығын көрсеткен-ді.

Ауылға түскесін Шоқан аға манаптың үйін көргісі келген. Бірақ Боранбай оған үйінің шағын екенін, еш дүние қалмағанын, бәрін сарыбағыштар талап әкеткенін айтып қашқақтаған. Алайда Шоқан да: «арнайы келіп тұрып, үйіңізге бас сұқпай кеткеніміз қалай болады», деп қоймағасын, амал жоқ: «жарайды, алдымен үйді жинастыртайын», деп келісімін берді. Сәлден кейін оларды кіруге шақырды.

Үй ішінде бірнеше адам отыр екен. Бәрі де Боранбайдың дауыстауымен орындарынан тұрып ізет білдірді. Төрге шығып жайғасқан соң Шоқан, қой тулағының үстінде отырған ала шапанды егде әйелге қарап: «хал-жағдайыңыз, денсаулығыңыз жақсы ма, мал-жаныңыз аман ба?» деген сыңайдағы сәлемдесу рәсімін жасады. Оның қолының кір екендігіне, қасында қыл мен жүннің шашылып жатқандығына қарап-ақ, бұлар кіргенге дейін аға манаптың әйелінің арқан есіп отырғанын байқауға болатын еді. Ақсиган ұзын тістері еркінен тыс ернінен сыртқа шығып кетуге бейім екен. Сауал қойылған сайын басын изеп, тісім көрінбесін деп, аузын қайта-қайта қолымен көлегейлей берген соң, Шоқан оның мазасын әрі қарай алғысы келмей, үй ішіне көз салды.

Расында да аға манаптың үйі жұпыны екен. Әрбір қазақ байының үйінде болатын оюлы төсекағаш та, сандық та, кілем де

көрінбейді. Жиналған жүк те жоқ. Оның орнында үйілген текеметтер. Үстіне бірнеше жастық тасталыныпты. Жалғыз кілем Шоқанның астына төселіпті. Есіктің оң жағында шиден жасалған қалқа. Ортада оты шоқтанған ошақ, қасында су құйылған қос шойын құмған.

Сол екі арада манаптың әйелі бұзау терісінен жасалған аяқ қаптан екі қытай тостағанын алып, қымыз құйды. Төменде отырған қызметші жігіт тостағанды қолына алып, өзі ұрттап көріп, бірін Шоқанға, екіншісін Боранбайға ұсынды.

Шоқанның қасындағы ұлы жүз қазағының бірі қалтасынан мүйіз шақшасын шығарып еді, аға манаптың әйелі оған қарай ақсқан тісін көрсете, қолын созды. Шақша иесі ләм деместен, оның алақанына жарты уыстай насыбай салды...

Боранбайдан шығып, өздеріне тігілген үйге қайтып келгесін, саяхатшы дереу жиналып, кейін қайтуға қамданды. Ол қырғыздардың тұрмысын жақыннан байқамақ болған мақсатым орындалды, деп түйген.

Осы сапарында Шоқан қырғыздар арасында әйелдерге біршама еркіндік берілгеніне көңіл аударған. Оларда көп мұсылман елдерінің әйелдеріне тән аса ұялшақтық, именшектік жоқ. Ашық-жарқын, орынсыз қымсынбайды. Шоқан суреттерін салып алуға рұқсат сұрағанда, ықыластана келіседі. Әзіл-қалжыңға икемді...

Жиырмадағы жас саяхатшы қасындағы өзі сияқты қылшылдаған жігіттермен бірге жолшыбай ұшырасқан ауылдардың қыздарына көз сала жүргенді де әбес көрмейді. Бір киіз үйге аялдап, қымыз ішіп отырғанда, бергі бетін шымылдықыпен қалқалап қойған әйелдер бөлігі жағынан жалт-жұлт еткен қара көздердің қайта-қайта сығалай бергенін байқады. Тысқа шыққасын қызығушылық жеңіп, саңылаулаанып тұрған жабықты көтеріп сол тұсқа қарағысы кеп кетті. Сөйтсе, әп-әдемі екі бойжеткен отыр екен. Әрі біреуі сол сәтте киімін ауыстырып жатты ма кім білсін, Шоқанның өзі күнделігінде жазғандай «бар табиғи сұлулығын паш еткен қалпында көрінген». Бойжеткен шошып кетіп, баж ете қалған. Өзі де қатты ұялыс тапқан жігіт кейін серпілісімен, киіз үй ішінен оған бағышталған кейіс сөздер басталып та кеткен. Ара-арасында «маңқа қазақ» деп қойып, неше түрлі сөздермен қарғап-сілеген әйел тоқтар болмағасын,

жолаушылар ол ауылдан тез аттанып кеткенді мақұл көрген. Осы оқиғаны әзіл араластыра отырып күнделігіне түсірген саяхатшы, қолайсыз жағдайға ұшырап, жанымдағы серіктеріме күлкі болғанымға өзім бір ұялсам, анадай арудың аузынан сондай балағат сөздер шыққанына одан сайын ұялдым, деп сөз аяғын қалжыңға бұра аяқтайды.

Алайда келесі ауылдағы емен-жарқын қабылдау бұл ыңғайсыз оқиғаны тез-ақ ұмыттырып жіберген еді. Шоқанның қазақ сұлтаны екенін алдынала естіген жұрт оның келерін күтіп жүріпті. Бір қадірменді бәйбішенің қызы бұдан біраз жыл бұрын найман арасындағы сұлтандардың біріне ұзатылған көрінеді. Сұлтандардың бәрі бірін-бірі жақсы таниды деп санайтын аңқылдақ ел, өз қыздарының жағдайын білгенше асық боп отыр екен. Жас төре де олардың көңілін қалдырғысы келмей, ыңғайларына тез үйірілді. Өз басын сол сұлтанның танысы ғана емес, туысқанымын деп жариялады. Ойда-жоқта құда-жегжаты табылған қырғыздардың қуанғанын көрсеңіз. Олардың шатшадыман күйде отырып айтқан сөздерінен-ақ, қыздарының аты-жөнінен басқа да қажетті мәліметтерді ойша топшылаған Шоқан еркін көсілді. Қыздары төренің ең сүйікті ханымының бірі екенін, қанша баласы барын, барған жерінің бақуаттылығын көзбен көргендей қылып айтып, перзентін сағынған үйдің біраз мауқын басып, мерейін өсірді. Әрине, мұндайда қыздың туыстары тарапынан оған деген қошеметтің шашетектен болатыны да белгілі.

Жас ғалымды қырғыз әйелдерінің киім дәстүрлері де қызықтырған. Олардың көйлегі әдетте қолдан тоқылған ақ мақта маталарынан тігіледі. Сыртынан әртүрлі түстегі желең киеді. Ерге шыққан әйел мен оң босағада отырған қыздың айырмашылығы тек бас киімдері мен шаш өру ерекшелігінде. Әйелдер басына екі ақ орамалды қатар тартады: бірін тамағының астынан өткізіп байласа, екіншісін басына орайды. Қыздар шошақ төбелі тақия киеді. Әйелдер шашын қос бұрым етіп өріп, ұшын шолпылармен, теңгелермен қосып қойса, қыздар шаштарын жіңішке өрімдермен тармақтап, құлақтарының тұсында маржанмен, ақықпен немесе моншақпен әшекейлейді. Ұзын шаш сұлулықтың белгісі. Бетті әрлеу мен опалауға да көп көңіл бөлінеді. Қырғыз қыздары бұрын *көкүзбек* деп аталатын

көкірек құрсауларын киіп жүріпті. Сондай-ақ асыл тастармен әшекейленген өңіржиектер тағыпты. Оны *алатамақ* деп атаған. Келіншектер той, салтанат күндері биік *сәукеле* киіп шығады.

\* \* \*

Шоқандар бас манап Боранбайдың ауылынан Таспа жоталары арқылы Түп өзені алабына қайта өтіп, Ыстықкөлге оралғанда, отряд батысқа қарай жиырма шақырымдай жылжыңқырап, Құтұрғұ өзенінің көлге құярына қоныпты. Соның алдында аялдаған Шатымен екі арада қос Сарыбұлақ пен Күрменті өзендері жатыр. Сарыбұлақтан кейінгі жазықта ірі-ірі дөңбек тастар көп кездеседі екен. Әрнәрсені көзден таса қылмай, жіті бақылап келе жатқан жас ғалым жолшыбай денелері жерге жартылай кіріп, оң қолдарына ыдыс ұстап тұрған мұртты тас балбалдарды көріп, дереу суретке салып алды.

Қасындағы адамдар осыдан екі жыл бұрынғы сарыбағыштар мен бұғылардың арасындағы әйгілі шайқас Күрменті алабында өткенін айтқан. Бұғылардың қосыны Сарыбұлақтың бойында, сарыбағыштар Күрментінің батысындағы Ишаната өзенінде тұрыпты. Ишанатаның көлге құярында көктерек тоғайы бар екен. Жергілікті жұрт әуелден көлдің басқа тұсында жоқ көктеректің осы жерде өскенін ғажайып қасиет ретінде санап, оның бұтақтарына шүберек пен жылқының қылын байлауды әдет қылыпты. Бұғылар сол жолғы сарыбағыштардың жеңісін оларды әулие тоғай қолдады, дегенмен түсіндірген.

Маусымның 4-і (17-сі) күні әскери отряд тағы әрі қарай қозғалып, Кіші Өрікті, Орта Өрікті өзендерінен өтіп барып, Шоң Өріктінің бойына жайғасты. Осы үш өзен алабында Хоментовский мен Шоқан сарыбағыштармен кездесуі тиіс болатын. Алайда соның алдында ғана сарыбағыштардың Орманнан кейінгі көсемі, оның үлкен ұлы Үмбетәлі мен шерікші атасының манабы Төрегелді батырды қоқандықтардың Мерке бекінісінде ұстап алып, жібермей отырғаны, бұл жоспардың бұзылуына әкеп соққан сияқты.

Кездесуге басшылары келе алмаса да сарыбағыштардың кей адамдарының отрядқа соққаны анық. Мұны Шоқанның сол сапар кезінде салған сарыбағыш Сартай манаптың бейнесі мен Алшы

манаптың баласының суретіне қарап та байқауға болады. Бірақ күнделікте олардың келгендігі жөнінде мәлімет түспеген. Тек бір жерде *«Байсерке сарыбағыштармен Үшінші Өріктіден аттанды»* деп қысқа ғана қайырады. Бұл Шоқанның қырғыз рулары мен би-манаптары туралы өзі жинаған деректерінде аты жазылған сарыбағыштың надырбек тармағына енетін қалмақы қырғыз атасының биі Байсерке Шерікұлы болса керек. Жас поручик Кіші Өріктінің бойында өзінің алты күндей болғанын ғана айтады да, *«сарыбағыштардың ісі жамбасы сарғайғанша жататын болды»*, деп түйеді. Осының өзі бұл орайда жөнді әңгіме өтпегенін байқатса керек.

Жоспарланған келіссөз аяқсыз қалса да, осы алты күн қазақ зерттеушісі үшін бос кетпеген еді. Ол күнделікпен қатар қолға алған қырғыздардың өткен-кеткен тарихы, мекені, географиясы, жан-жануары мен өсімдіктері, кәсіптері, шежіресі, тілі мен әдебиеті, аңыздары, әдет-ғұрпын жан-жақты сөз ететін іргелі еңбегіне мәліметтерді жазып алған. Құстар мен жәндіктердің шағын коллекциясын жинаған. Көп адаммен әңгімелесіп, өнімді еңбек еткен.

Бұл туралы сол қырғыздар туралы жазбаларында өзі де: *«подполковник Хоментовскийдің экспедициясы екі ай бойы көлдің солтүстік-шығысындағы Ақсу өзенінен күнгей бетіндегі Жөукі өзеніне дейінгі аралықты барлап, екі шақырымдық масштабпен картаға түсірді. Біз сол экспедицияның құрамында тау қырғыздарының арасында болып, жақсы деректер жинадық... Өзім шағын орнитологиялық және энтомологиялық коллекция жинадым»*, – деп атап өтеді.

Кіші Өрікті бойында өткен сол алты күн ішінде жас зерттеуші қырғыздардың өмірі мен тұрмысы туралы бұрын ғылыми тұрғыда сөз болмаған талай мәліметке қанықты. Дәптердің талай парағы толтырылды. Зор танымға, білімдарлыққа негізделе отырып жазылған күрделі еңбектің үздік-создық сұлбалары құрала бастады. Естігені, жинап-тергені сол қалпында сақталуы үшін, заматында қағаз бетіне жылдамдата түсіріп жатады...

*...Бстықкөл айналасын бұғы, саяқ және сарыбағыш рулары қыстайды, солтылар Шу, Талас алабын, шоңбағыш, жәдігер және шерікшілер Тұрфан мен Қашқар, Атбасы жағында,*



бұғылар мен саяқтардың біраз бөлігі Мұзтау, Нарын алабына дейін көшіп жүреді, – деп жазады ол. – Ыстықкөл маңайының қырғыздары көктемде көл маңайындағы жазықтарға бидайын, арпасы мен тарысын егіп біткесін, ол піскенше, маса-шыбыны жоқ жайлауларына шығып кетеді... Жырғалаң өзені бойының шөбі шүйгін болғандықтан, қыста мал тебіндету үшін сақталады. Боранбай манап бақ өсіруді де қолға алып, жүзім, алма, өрік, шабдалы, алмұрт сияқты жеміс ағаштарын да отырғызған екен. Бірақ сарыбағыштармен өткен ұрыстар кезінде мұның бәрінен айырылыпты...

... Түз жұрттарының ішіп-жемі де, иыққа ілері де малмен табылатыны белгілі, жанының тыныштығынан гөрі оған мал қымбат. Қырғыздың да көрісіп, амандасқан кезіндегі ең алдымен айтар сөзі, қазақтар секілді: «мал-жан аман ба?» деген сұрақтардан басталады. Бақ-дәулеті мен игілігінің қайнар көзі мал болған соң, қырғызға отбасыдан гөрі малдың маңызы күштірек. «Қатын – малда, бала – белде», – дейді қырғыз мақалы...

...Тау қырғыздары мал шаруашылығының негізі жылқы мен түйе, қой мен мүйізді ірі қара. Жалпы кәсібі мал шаруашылығы бола тұрса да мал басының саны Ұлы жүз бен Орта жүздің қазақтарына қарағанда бәлендей көп те емес. Ең бай деген манаптың жылқысы үш мыңнан аспайды. Ал қазақтардың байлары он бес мыңдап жылқы айдайды. Баянауыл дуанындағы қаржас руының Азнабай деген байы 25 мың, Ақмола дуанындағы Сапақ би 18 мың жылқы айдаған. Тау қырғыздары түйе таулы жерде жүруге жарамайтын болғандықтан, оны отыздан артық ұстамайды. Көш кезінде жүктерінің бәрін жылқыға теңдейді. Ең бай деген қырғыздың қойы үш мыңнан аспайды. Әлді қырғыздың мүйізді ірі қаралары елуден жүзге дейін жетеді. Қырғыздардың ішіндегі малы көбі бұғы руы, одан кейін сарыбағыштар. Сол қанатқа жататын қырғыздар сиырды ат пен түйе орнына ерттеп мініп те жүре береді. Қоңырау тағып безендіріп, сәнді ер-тоқымын салып мінетін жақсы өгізін памирлік қырғыз небір жүйрік сәйгүлігіңізге де айырбастамайды.

...Қойлары қазақ қойлары сияқты құйрықты болғанымен, жүні анағұрлым биязы және көбінің түсі ақ болып келеді. Мәліш қойларды бұғының Қытаймен шектес аймақтарды жайлайтын

бұғы руының малшылары өсіреді. Сол бұғылардың бағып отырған қодастары жай сиырларға қарағанда, әлдеқайда сүтті. Қазақ даласында малды қырғынға ұшырататын топалаң дерті қырғыздарда жоқ, қысы-жызы таудың салқын саясында жайылатын малды бұл індеттен табиғаттың өзі қорғайтын көрінеді. Алайда сарып дейтін ауру малға көп шығын әкеледі екен.

...Қырғыздар егіншілікпен де кеңінен айналысады. Жері құнарлы болғандықтан, бұл кәсіп жақсы дамыған. Бір қап бидай ексе, он қап өнім алады. Тарыдан боза ашытып, бозадан арақ дайындайды және ол арақты өздері мейлінше көп ішеді.

...Қырғыздар әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, әміршілер (манаптар) және жай халық (қара бұқара) деген екі топқа бөлінеді. Манаптар – өздерін Шыңғысхан тұқымы ретінде ақсүйек санайтын қазақ сұлтандары сияқты емес, шыққан тегі өзгелермен бірдей, бірақ ірі руларды басқарған билеушілердің ұрпақтары. Манап деген сөздің өзі кейінірек пайда болған ұғым. Бұрын олар би деп аталыпты. Сарыбағыштардың Манап деген биі қатал, рақымсыз әмірші болыпты да, содан бері рубасылар манап деп аталғанды ұната бастапты. Олар бірте-бірте шектен асқан дара билікке иеленіпті. Қырғыздардың ұғымы бойынша, манапты өлтіру ең ауыр қылмыс боп саналады. Қазір әр ірі рудың басында отырған билеушілерді бас манап дейді.

... Қырғыздардың ең көне және өте қызық аңыздары өздерінің ата-тегі туралы болып келеді. Олар өздерінің шыққан тегі, арғы атасын қызыл ит деп санайды. Бір ханның қызы қасына қырық қыз нөкерін ертіп алып, шалғай жерлерге сейілге, саятқа шығып жүргенді ұнатады екен. Бір күндері ханшайым өзінің дағдылы серуенінен қайтып келсе, елін тамтығын қалдырмай жау шауып кеткенін көреді. Қаңғып жүрген қызыл төбеттен басқа ешкім жоқ. Еш амалы қалмаған олар, елдің адыра қалған жұртында бірге өмір сүре бастайды. Қастарында сол қызыл төбеттен басқа еркек кіндік жоқ болса да, ханшайымның өзі, одан соң қырық қыз да бала көтеріп ана болыпты. Қырғыз халқы осы қырық қыздан шыққан екен, дейді... Бұл бір жағынан Иакинф пірадар еңбегіндегі тугюдің Ашина әулетінің шыққан тегі жайында сөз ететін көк бөрі туралы

*аңызға да ұқсайды екен, деп ойлады ішінен. Онда да барша тугю тұқымын сақтап қалған көк бөрі ана жәнінде айтылады ғой.*

Ыстықкөлдің пайда болуы туралы да бірқатар аңыз бар. Шоқан Кіші Өріктінің жағасында солардың бірін естіген еді. Алдында Үш Өрікті жазығында ескі бекіністер орны мен обалардың көп екенін байқап, су ішінен шойын қазанның сынығын да тауып алған Шоқанның бұл аңызға қатты қызыққаны байқалады.

*...Бір кезде Ыстықкөлдің орнындағы кең жазықта сәулетті шаһарлар болыпты, – деп басталады ол естіген аңыз. – Осы елдің ханы қартайғанша перзент көрмеді. Өз тағына ұрпағын отырғызып кетуді армандаған хан бір күні Тәңіріге: «есек кейіптес болса да, маған бір ұл берсейші» деп жалбарыныпты. Оның өтініші қабыл болып, тоғыз ай, тоғыз күннен кейін ханым ұл тауыпты. Бала ханның өзі сұрағандай, кәдімгі есек құлақты, ұзын жақты болып дүниеге келіпті. Амал не, ханға керегі таққа отырар ұрпақ, көнуге тура келеді. Ақырында Жанбек атты сол ханзада ер жетіп, таққа мінеді. Бірақ ол өзінің есек құлақты екенін ешкімге білдірмейді. Халыққа жайлы, әділетті хан ретінде танылады. Алайда ел-жұрты басына бөркін бастыра киіп алып жүретін ханның шашын алуға барған шаштараздардың неге кейін оралмайтынын түсінбей, дал болар еді. Хан шашын алдырып болғаннан кейін, өзінің кемістігін жұртқа айтып қояды деп, шаштараздың басын алып отырады екен. Шаштараз атаулы хан сарайына барып, ажал тауып жатқаннан кейін, халық бұл кәсіппен айналысуды қоя бастайды. Енді шаштаразды табудың өзі қиынға түседі. Хан амал жоқ, шашын алдыратын адамды, енді жұрт арасынан жеребе тастап шақыратын болады. Көп жылдар өтеді. Талай адам о дүниелік болады. Күндердің күнінде жеребе бір шалдың жалғыз баласына түседі. Тағдырға мойынсынбасқа не шара. Жігіт ештеңені сезбегенсіп, әп-сәтте ханның шашын алып береді. Шаштараздың соншама тез қимылдаған шеберлігіне риза болған билеуші, бұдан былай ешкімді өлтірмеуге бел байлайды. Жігіттің бұл құпияны тісімнен шығармаймын, деген уәдесін алып, оны өзінің уәзірі етіп сайлайды. Бір тостақтан қымыз ішіп, бір табақтан палау жейтін, араларынан қыл өтпес достарға айналады. «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық*

*байлатпас», деген сөз рас. Ойда-жоқта уәзір бола қалған жігіт те шамасын байқай алмай қалыпты. Бірде ханмен бірге сұңқарларын алып саятқа шыққан кезде, уәзірдің лашыны ханның лашынынан озып барып құс іліпті. Бұған қиқулай қуанған уәзір байқамастан: «Менің сұңқарым, есек құлақты ханның сұңқарынан әлдеқайда артық», – деп айғай салып, ханның құпиясын саятта жүрген жұртқа ашып қойыпты. Ұяттан жерге кірердей болған Жанбек хан уәзірді өлтіруге бұйрық беріп, ордасына қарай шауып, сол арада есін жинап үлгерген уәзір тауға қарай қашып, ұстатпай кетіпті. Содан былай қарай Жанбек есек басты хан деген атқа ие болыпты. Тау арасында тығылып жүрген уәзір қалаға тек түн ішінде ғана жасырын келіп-кетіп жүреді екен. Хан сарайы аумағында бір алтын қақпақты құдық болыпты. Уәзір қалаға жасырын соғып жүрген күндерінің бірінде, сол құдыққа келіп, бұрын одан су ішкен, уәзір боп дәурен сүрген сән-салтанатқа толы өмірін аңсап, құдайға жалбарынып, қалаға апат әкелуін тілейді. Тәңірі осы қала тұрғындарының ұнамсыз тірліктерін біраздан ұнатпай жүреді екен, оның өтінішін құп алады да, құдықтан лақылдаған су атқылатып, бір түннің ішінде шаһардың орнында Ыстықкөл пайда болыпты...*

Шоқан Йордан өзеніндегі Содом мен Гоморро қалалары тұрғындарының азғындық қылықтары үшін көктен түскен отпен жазаланғаны туралы сөз ететін таурат аңызын еске түсірер бұл эпсананы жазып алғаннан кейін, Ыстықкөл шамасы жер сілкінісінен кейін пайда болуы мүмкін деген ойға келеді. Қатты жел соғып, үлкен толқындар көтерілген кезде, жағаға әртүрлі заттар да шығып қалады екен, соның өзі бұл аңыздың бекер еместігін, көл астында қалалардың шөгіп жатуы әбден ықтимал екендігін байқатады, деп түйеді.

Бүгінгі қырғыз археологтары да Ыстықкөлдің астында қалалардың ишарасы бар дегенді айтады. Ғалымдар көл түбінен бірнеше елді мекеннің ізін шалып, зерттеулер жүргізіпті. Көне жазбаларда Ыстықкөл апаты жайында дерек жоқ. Алайда геологтардың дәлелдеуінше, Ыстықкөл кейіннен дүниеге келген көл емес, бұдан жүз мыңдаған жылдар бұрынғы тектоникалық өзгерістер нәтижесінде пайда болған су айдыны. Тек ол содан бері әртүрлі климаттық өзгерістерге байланысты әлденеше

тартылулар мен тасуларды бастан кешкен. Су астындағы қалалар деп жүргеніміз, көл деңгейінің сондай бір төмендеген ғасырларында ірге көтерген елді мекендер болуы мүмкін. Кейіннен кезекті трансгрессия басталғанда, олар су астында қалып қойған. Ғалымдар: «Судың кейінгі тасуы, шамасы он бесінші ғасырда өткен болуы керек», деп жорамалдайды. Өйткені қолда бар археологиялық дәйектерге қарағанда, қазір су астына шөккен қоныстар YIII-XIV ғасырлардың арасына өмір сүрген тәрізді.

Кей деректерде бұдан алты-жеті ғасыр бұрын Ыстықкөлдегі шағын аралда түрме болғаны ортаға тартылады. Кейіннен су астына шөккен сол аралдың орнынан ашық күндері дуалдардың сұлбасын байқауға да мүмкіндік туады екен. Осыған ұқсас жайтты Ыстықкөлге Шоқаннан төрт ай кейін келіп, келесі жылы жазда тағы да арнайы соққан әйгілі саяхатшы Семенов-Тянь-Шанский де «Тянь-Шаньға саяхат» еңбегінде қысқаша айтып өтеді.

## 5. Тау асуларымен

Шоқан маусымның 12-сі күні күнделігіне. *«Мен Ыстықкөлді тастап шығуға бел байладым. Маған мұнда көруге және білуге тиіс жайлардың бәрі біткен еді...»*, – деген сөздер түсірді.

Ол бұғылар мен сарыбағыштар арасындағы келісімнің орайы табылмаған соң, өзіне жүктелген мәмілегерлік міндеттің әрі қарай қажеті жоқтығына көзі жетіп, Хоментовскийден қайтуға рұқсат сұраған.

Саяхатшы Алматыға, осыған дейін экспедиция басып өткен байырғы керуен жолымен емес, Күнгеі Алатаудың тау асулары мен тар соқпақтары арқылы өтетін төте жолмен барғанды мақұл көреді. *«Мен ең қауіпті, әрі қиын асу деп есептелетін Саты арқылы өтуге шешім қабылдадым. Мен турист ретінде қызық оқиғалар іздеген едім...»*, – деп жазады ол.

Шоқан картаға түсіру жұмыстарының бітпеуіне байланысты, әлі де біраз күн кідіретін экспедиция мүшелерімен қоштасып, қасына ерген салт аттылармен бірге Саты асуына қарай бет алады. Саяхатшының Саты асуынан қалай өткеніне арналған жолдар – күнделіктегі шұрайлы беттердің бірі. Ол асудан өтер

кезінде бастан кешкендерін мұқияттап сөз етеді.

\* \* \*

Қарақолдан Бішкекке қарай бет алған қалааралық автобустан Түп кентіне жеткенде түсіп қалдым. Осы аттас өзеннің Ыстықкөлге құяры маңында орналасқан бұл елді мекеннің іргесі Хоментовский экспедициясы келіп-кеткеніне он екі жыл өткен соң көтеріліпті. Орыс отарлаушылары көл төңірегіне ең бірінші боп көшіріп әкелген калугалық мұжықтарды осы топырағы құйқалы жазыққа жайғастырыпты...

Кенттегі көнекөздермен аймақ тарихы туралы жөн сұрастырып, жол картама керекті жер атауларын түсіріп алған соң, Шоқан оншақты күнін өткізген Ыстықкөлдің теріскей-шығыс тұмсығын аралап қайтуға бет алдым. Күрменті, Құтұрғұ ауылдарынан Үш Өрікті жазығы басталады. Осында Шоқан алты күн бойы тұрақтап, қырғыздың көзі қарақты, көкірегі шежіре кісілерімен сұхбаттасқан. Суреттерін салған. Қырғыздар туралы жазбаларына мәліметтер жинаған.

Ұлы ғалым аяқ басты-ау деген өзен бойларын аралап, көл жағасына аялдап, күнделікте сипатталған жер бедерлерін салғастыра қарап біткеннен кейін, мен де Шоқан қазақ жеріне қарай асқан Саты өзенінің бойына қарай бет түзеген едім.

...Асу іргесінде Шаты атты ферма орналасыпты. Қарсы алдымда таудың сонау басына қарай қойнау-қойнау болып созылып жатқан шатқалдың жүлгесіне бағдарлай қарап біраз тұрдым. Мана тас төбеде шақшиған күн еңіске қарай ауа бастапты. Сағатқа қарасам, уақыт үштен асып барады екен.

Жолқапшығымды арқаға асындым да, өзенді бойлай, асудың биігіне қарай бет алып жүріп кеттім. Саты асуының екі бетінен екі өзен ағады. Екеуінің аты да бірдей. Қазақтар жағында оны Саты десе, қырғыздар бегінде Шаты деп атайды. Жол бірте-бірте биікке өрлеп келеді. Әлгіндегідей емес, арқадағы жүктің де шын салмағы байқала бастағандай. Бір сағаттай үздіксіз жүрістен кейін сәл тынығуға аялдадым. Киімім де терге тәп-тәуір малшынып-ақ қалған екен.

Асудың биігіне өрлеген сайын жол да қиындай түсті. Бір кезде мен жағалап келе жатқан өзенге екінші бір кішкентай бұлақ

келіп қосылды да, шатқал екі айырылды. Қолымдағы жол картама қарасам, онда мұндай айырық көрсетілмеген. Ойыма бағана шатқал аузында кездескен адамдардан жолдың жайын сұрағанымда естіген әңгіме оралды. Олар: «Екі өзен қосылған жерде оң жақтағы соқпақпен жүру керек, ол бір мүйістен кейін Шатыға қайта айналып соғады. Атқа мінген адам үлкен судың жағасымен де суды кешіп жылжи алады, бірақ жаяу адамға қиын, біраз жер белуардан келетін су, сондықтан оң жақтан қосылатын кішкене бұлақты бойлағаның жөн», деген.

Көп ойланбастан, солар айтқан соқпақ осы болды ғой деп оң жақтан шыққан сүрлеуге түстім. Біраз жүргем. Бірақ жуыр маңда Шатыға қайтып қосылар түрім жоқ. Жол тіптен ауырлай бастады. Кей жерлерде қиялы тұстардан да өрлеуге тура келген. Ауық-ауық демалу да жиіледі. Осылайша жылжып келе жатып, шағындау төскейге шыққанымда, алдымнан қойшының шатыры ұшырасты. Мені көріп шабалана үрген иттің даусына шатырдан шыққан жасы қырықтардағы қырғыз шопаны қайдан жүрген адам дегендей аңтарыла қарады.

– Шаты асуына қанша жер қалды, – дедім онымен амандасқаннан кейін маңдайымнан сорғалаған терді сүртіп тұрып.

– Ой, туған, адасып кетіпсің ғой. Шатыға мына белдің аржағындағы шатқалмен барады, – деді ол өкінішті үнмен сол жақта қалған жотаны нұсқап.

Аздан соң бәрі түсінікті болды. Өлгінде мүйістен айналған кезде мен сол жаққа бұрылған сүрлеуді байқамай тіке өтіп кетіппін. Мына келе жатқаным оң жаққа бұрылып кеткен басқа шатқал екен. Амал жоқ, жотаны бөктерлей барып, дұрыс жолға қайта түсуге тура келді. Бұның өзі біраз уақыт алды.

Шатыны бойлай тағы өрледім. Оқта-текте қойнау-қойнауда отырған қырғыз шопандарының шатырлары ұшырасып қалады.

Осылайша ымырт үйірілгенше жылжыдым. Асудың әлі жеткізер түрі көрінбейді. Сөйтіп келе жатқанда, сол жақ тұста, судың арғы бетіндегі жалғыз шатыр көзге шалынды. Қасында бір отар қой иіріліп жатыр. Шатырдың қасында бір адам мен жаққа қарап тұр. Жөн сұрамақ болып, солай қарай бұрылдым. Орта жастағы кісі екен. Мән-жайды сұрасқаннан кейін:

– Асуға әлі біраз жер бар. Енді екі сағаттай уақыт жүруің

керек, – деді.

Сосын маған барлай қарап:

– Өзің шаршап келе жатқан көрінесің, бәрібір енді жарық барда асуға жете алмайсың. Оған дейін үй де ұшыраспайды. Мен қойшылардың ең шеткісімін. Түнде тауда жалғыз қалып қиналғаннан гөрі, бүгін біздікіне қонып, ертең ертелеп шығып кет, – деді.

Шатырдың іші ұядай екен. Босаға жақта темір пеш. Құраған аршаның шытырлап жанған дыбысы естіледі. Үстіндегі шәугім бұрқылдап қайнап тұр.

Аздан соң қырғызша дағдымен ішіне тұз қосқан күрең шайды сораптап отырып, әңгіме-дүкен құрдық. Мен манадан бері сөзіне қарап қырғыз деп жүрген кісім қазақ боп шықты. Аты Қырғызбай. Жастайынан қырғыздардың арасында өсіпті.

Ол жатар алдында іргеде ілулі тұрған мылтығын алды да сыртқа шығып, әлденеше рет гүрсілдете оқ атты. Сосын бір-екі мәрте дауыс көтере айтақтады да, қайтадан шатырға сөйлей кірді: «Осы маңда қасқырлар пайда болыпты, энеукүні көрші отарға тиіскен көрінеді, солар жоламасын деп жатқаным ғой».

Түннің әлден уағында оянып кеттім. Шатырдың үстін сатырлата ұрып, жаңбыр жауып тұр екен.

Ертеңіне ертерек тұрып, жолымды әрі қарай жалғастырдым. Асуға жақындаған сайын соқпақ тік қиялана түсті. Ауық-ауық дем алып, өрлеп келемін. Ақыры асу басына да жеттім-ау. Шілденің соңы болса да, 3268 метр биіктікте қар жатыр. Салқын ызғар денені түршіктіріп жіберді. Жалма-жан қымтандым. Аяқ астында іркес-тіркес болып, ақжал бұлттар жөңкіліп барады. Осы асу басында маусымның ортасында болған Шоқан: *«Біз асудың ең биігіне шықтық, бұл жерде ауа тәп-тәуір суық екен. Ызғарлы жел соғып тұрды, мен амалсыздан тонымды алып кідім»*, – деп жазады.

Сондай-ақ Шоканның осы арадан Ыстықкөлге көз салатыны бар-ды. Мен де байқап көрейін деп асудың сол жағындағы үшкір шоқының басына көтерілгенде, сонау төменнен көкжасыл көлдің бір шеті жарқырай көрінді. Оның арғы бетінен Теріскей Алатаудың қарлы шыңдары сұлбаланады.

...Асудың теріскейіне қарайғы ылди жүрісті жеңілдетіп жіберді. Аздан кейін алдымнан қазақ шопандарының киіз үйлері



ұшыраса бастады. Таудың солтүстік жағы күнгейге қарағанда сұлу табиғатымен ерекшеленеді. Күнгей жақ көбіне жалаңаш келсе, теріскей бет сыңсыған қайың мен қарағай. Сарқырап ағып жатқан өзен жағасымен ылдилап келе жатқанында табиғаттың сыны бұзылмаған сұлу көрінісіне ғажаптанбасқа шараңыз жоқ. Алыс жолдан шаршағаныңыз, қалжырағаныңыз да естен шығып кетеді.

Шоқан күнделігінде Саты асуынан төмен қарай түскендегі жолдың ауырлығы едәуір суреттелген. Салт аттылар үшін өзен бойымен ылдилаудың қиын екендігі рас. Соқпақ үстінде жатқан ірі-ірі дөңбек тастар аттылы кісінің жүруіне кәдімгідей кедергі жасайды. Әрі Шоқандар қайтқан кезде теріскей бетте әлі қар бар болғандықтан, аттар тайғанақтап қиналыс танытқан да еді. Казак-орыстар ат құласа майыш боламын ба деп сескеніп, көліктерінен түсіп жетелеуге көссе, мұндай жолға әбден үйренген қазақ жігіттері ат үстінде тізгінді бос тастап, еш саспастан ыңылдап ән айтып келе жатыпты.

Саты шатқалындағы Жаңғырық деген жерде талай уақыт бойы жолаушыларды үрейлендірумен келе жатқан, отыз, қырық құлаштай төмендегі бұрқырай аққан өзен үстіне кеудесімен төніп тұратын үлкен жартас, оның тіп-тік жарын жағалай өтетін жалғызаяқ соқпақ бар еді. Қаншама жүк артқан жылқы мен түйені жалмаған осы қияға өз күнделігінде Шоқан да назар аударады. Тіпті, осы тік жардан өтуге жақын қалған кезде өз басы тосын жағдайға да ұшырайды. Оның астындағы ат соқпақ үстінде кесе-көлденең жатқан ескі дөңбек ағашқа сүрініп кетіп, шошына қарғығында тайып құлайды. Ол құлап бара жатқанда, Шоқан жерге лып етіп аяғымен секіріп түсіп үлгереді де, ат сол құлаған бойы тепе-теңдігін сақтай алмай, қия беткеймен төмен қарай сырғи жөнеледі. Әп-сәтте ол сонау төмендегі су ішіне түскен. Әйтеуір жардың түйетайлы болуы ғана аттын жанын аман сақтап қалыпты. Оны арқанмен саумалай тартып, жоғарыға қайта шығарып алады. Осындай қауіпті бастан кешкеннен кейін, олар атышулы тік қияға жақындаған кезде аттарынан түсіп, аса сақтана жүріп жетелеп өткен еді.

Мен сапар ізін қайталаған кезде, содан азғана бұрын сол жалғызаяқ қатерлі соқпақтың орны кеңейтіліп, машиналар жүре алатындай жол салынған екен. Сол арқылы мал отарларының

биік тау жайлауына қиналмай жетулеріне, ағаш дайындаушылардың жоғарыдағы балта тимеген қалың шыршаларға еркін баруына жағдай жасалыныпты.

Кешке қарай албанның қызылбөрігіне қарасты қыстаулар тұрған Тоғайлы аңғарына қонып шыққан Шоқан күнделігінде Саты өзенінің Шелекке құяр тұсынан тіке Асы өзеніне апаратын тау жолына түсіп, жолшыбай Қызылауыз асуынан өткендерін айтады.

Жаз кезінде тау табиғаты ғажап-ақ. Оны Іле Алатауын бөктерлей, бір-бірімен жалғаса ұласқан тау жоталарын басып өтіп келе жатқанда жақсы аңғарасыз. Жіңішке өзенін кесіп өткеннен кейін іркес-тіркес бұлың-бұлың шоқылар басталады. Сондай бір белеңнің басына шыққанда, сол жақ тұстан жанарды ерекше тартып сұлу сағымданған әсем көрініс көзге шалынады. Нақ бір алақандағыдай айқын байқалып, жайыла түсіп жатқан, көгілдірлене созылған бұл әсем суретті аймақ – Далашық жазығы. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесіндегі: «Қап-қара шұңқырдай боп, көкшіл тұманға оранып, қалың жыныс қарағайлы Далашықтың өлкесі бар... Қызылбөрікке қараған шүйгін қоныстың ең қыртыстысы сол еді. Жер шұрайы, мал кіндігі – Далашық», деп жазатын кәдімгі атақты өңір. Қызылауыздан асқаннан кейін әйгілі Асы жайлауы басталады. Ежелден малдың шұрайлы өрісі болған бұл өңір Шоқан күнделігінде де аталып өтеді: *«Қызылауыз төңірегі және одан Асы өзеніне дейін ауылдар тұр екен. Бұл қазақтар да қырғыздар сияқты әскер киімділерді көрсе қорқады екен. Біз жақындағаннан-ақ балалар мен әйелдер шулап, мазалары кете бастады. Асудан түскеннен кейін ұзындығы 20, ені 6 шақырымдай жазық ашылды... Онда дулат ауылдары қаптай қонып отыр».*

Асы жайлауынан соң оң жақ беттен шұбатыла жатқан Қараш-Қараш жоталары басталады. Шоқандар иір-иір тұмсықтары, жүндес жондары, сала-сала биіктері мол қыратты жағалай өтетін асу арқылы, Түргеннің бойына шығып, жоннан ылдиға түскен еді. Сол күні кешке қарай жолаушылар Есік өзеніне жетіп, қазақ дикандарының киіз үйлеріне қонуға тоқтаған...

Ертеңіне сапарды әрі қарай жалғастырған Шоқан Талғар

өзенінің жоғарғы тұсында қазақтар Рүстем қорғаны деп атайтын қамалдың орнын көреді. Шамасы, бұл бізге бұрынғы тараулардан белгілі, сол ғасырдың отызыншы жылдары қоқандықтармен текетірестерге барған Рүстем төре Аспандиярұлы тұрғызған бекініс. Оның кезінде мықты қорған болғандығына жас ғалым да назар аударады. Жерден сегіз құлаштай биік алаңқайда орналасқан, екі ғана қақпасы бар бекіністің айналасынан тереңдігі алты құлаштай үш қатар ор қазылған екен. Қараусыз қалған қамалдың іші мен маңайын алма ағаштары мен бұталар басып кетіпті. Олар жүріп өткен жол бойындағы тау бөктерінің бәрін дулаттар мен шапыраштылардың ауылдары жайлап отырыпты. Саяхатшы қылыштарын безенген казак-орыстардың елді әбден қорқытып тастағанын тағы байқаған. Бұл ауылдардың адамдары да Шоқанның қасына ерген әскер киімділерді көре салысымен, тауға қарай үрке қашып жатты...

Маусымның 15-і күні кешке қарай Ұлы жүздің приставы кеңсесі орналасқан Алматы бекінісіне келіп жеткен ол сарыбағыштарға қатысты соңғы жаңалықты естіген. Орманның баласы Үмбетәліні ұстап отырған қоқандықтар енді манап босанғысы келсе, қызын берсін деген талап қойыпты. Сол мақсатпен оның ауылына 300 сипай (сарбаз) арнайы келіпті. Сарыбағыштардың біразы содан кейін Қозыбасыға қарай үдере көшіпті.

Шоқанға Омбыдан кешелері ғана келген оған қатысы бар хат мәтіні таныстырылды. Инфантерия генералы Гасфорд Ыстықкөлде жүрген Хоментовскийге маусымның соңына қарай экспедиция жұмысын аяқтау, соған дейін поручик Ш. Уәлихановты Қапалға аттандыра беру туралы пәрмен жіберген екен. Генерал-губернатордың арнаулы тапсырмалар жөніндегі адъютанты Шоқанның Құлжаға келіссөз жүргізуге баратын арнайы комиссия құрамына қосылғаны хабарланыпты. Сол себепті Уәлихановқа шілденің басына дейін сапарға қатысатын барлық комиссия мүшелері жиналып, нұсқау алатын жер Қапалға жетуі тиістігі міндеттеліпті.

Бастығынан келген бұйрықтың ұзын-ырғасымен танысқаннан кейін Шоқан іс мәнісін бірден аңдады. Бұл сапардың қандай мәселеге байланысты туындағаны өзіне жақсы таныс. Былтырғы тамызда Омбыға ұлықтар мен саудагерлерді

дүрліктіріп өткен суыт хабар келген болатын. «Шәуешектегі орыс саудагерлерінің бұйымдары тұрған үлкен фактория (сауда кеңсесі мен көпестер тұрағы) өртеніп, одан қалғандары түк қалмай тоналып кетіпті». Өртті біреулердің азғыруымен ішкі жақтан жер аударылғандар – шәнпандар (цзянь-фань) қойыпты, деген сөз де ілесе жеткен. Шәуешек факториясындағы орыс консулы Татаринов әзер қашып құтылып, іргедегі Бақты бекетін паналапты. Шығынды есептегенде 285 353 сомның бұйымдары өртенгені анықталған. Бұл оқиғаның туындауына, қытайдың алтын іздеуші шәнпандарының Ресей боданындағы қазақтардың жерінде алтын шаюларына тыйым салынып, орыс ұлықтарының оларды кері қайтарғаны себеп болған еді.

Осы оқиғадан кейін Ресей Сыртқы істер министрлігі Мәнжу-Қытайдың Сыртқы байланыстар трибуналына тез арада кінәлілерді тауып жазалау және шығынның орнын толтыру талабын қоюға мәжбүр болған. Чиң үкіметі өз тарапынан қылмыскерлердің іздестіріліп жатқанын, орыстардың сауда мен консулдықты қалпына келтіруді қолға ала бергені жөн екендігін айтып сыпайы жауабын берген. Алайда көп ұзамай қытай жағының шығынның орнын толтыру жайын сөзбұйдаға салғысы келетіні байқалып қалған.

Ыстықкөл сапарына кетер алдында Шоқанның өзі Қытайдың Құлжадағы Іле бас басқармасынан Батыс Сібір басшылығына келген қатынас хатты, Гасфорттың айтуымен Ресей Сыртқы істер министрлігіне жолдаған болатын. Онда қытай жағы мәселенің анық-қанығын анықтау үшін, өз шенеуніктеріңізді Құлжаға арнайы жіберіңіздер, кеңесейік, талқылайық, деген ұсыныс білдірген еді.

Осы хат Петерборға барысымен, Сыртқы істер министрлігінің басшылығы бұл мәселені біржақты етіп түйіндемесе болмайтынын түсініп, қытай жағы арнайы ыңғай танытып тұрған кезде, келіссөз жасауға барып-қайту қажет деп ұйғарған. Патшаның келісімімен, Құлжаға баратын өкілдікті ұйымдастыру, сол мамыр айында Мәскеуде демалыста жүрген Ұлы жүз приставы, подполковник Перемышльскийге жүктелген. Әрі оны жақын жерден Петерборға шақырып алып, келіссөз кезінде атқарылуы тиіс нұсқаулармен егжей-тегжей таныстырған. Перемышльский Омбыға жедел аттанып кетіп, Гасфортқа осы

тапсырма жөнінде мәлім еткенде, генерал-губернатор делегация құрамына Семей облысының әскери губернаторы полковник Спиридонов пен өзінің ерекше тапсырмалар жөніндегі адъютанты Шоқан Уәлихановты қосуды міндеттеген...

Петербор мен Омбыда өткен осы әңгімелердің бәрін Шоқан Қапалға жеткен кезде Перемышльскийдің өз аузынан да естіген еді.

## 6. Үш Алматыдан Қапалға дейін

Маусымның 16-сы күні Үш Алматы жазығынан Қапалға қарай бет алған Шоқан, жолшыбай жүз қаралы түйеге жүк артқан сауда керуенін ұшырастырды. Бұл талай жылдан бері осы жолмен бірінші рет жүріп отырған керуен, осының өзі Алатау төңірегінде тыныштық орнай бастағанының белгісі шығар, деп түйген ол.

*«Іле бекетіне таң ата жетіп, Тамғалыжарға жүріп кеттік... Күн (бұл жердің әдеттегі қалпынша) тым ыстық болған еді. Күні бойы жүріс соғып әбден қалжырадым; тек кешке қарай ғана кейін оралдық. Іленің Қаскелең құйғаннан кейінгі төменгі жағы қыратты, жартасты, бұл жерлер Қапшағай деп аталады».*

Жас ғалым күні бойы ыстық астында жүріп шаршаса да кешке қарай күнделігіне осы жолдарды түсірген еді. Халық тарихына қатысты әр нәрсеге сергек қарайтын Шоқан осы сапар барысында қасындағы адамдардан Іле бекетінен өзен бойымен төмен қарай 30-35 шақырымдай жүрген кезде жартасқа салынған суреттер мен жазулар бар дегенді көп естіген болатын. Сол себепті де ол бекетке таң алдында жетіп, бір күнін әрі қарай Тамғалыжарға соғып, суреттерді көшіріп алуға арнаған.

... Қапшағай балық қорғау инспекциясының моторлы күзет қайығы Іленің көгілдір айдынын қақ жара тіліп келе жатыр. Бағытымыз – өзен бойымен жиырма бес шақырымдай төмен жатқан, бір кездерде Шоқанның арнайы барып акварельмен үш түрлі сурет етіп салып алған Тамғалыжар. Өзен жағасына жарқабақтана, бірінің үстін бірі баса орналасқан қия жартастардың бетіндегі бұл суреттер мен жазулар зерттеушілер назарын біраздан аударып келеді. Ол таңбалар мен суреттердің

тарихы жыл санауға дейінгі 2 ғасыр мен жыл санаудың 13-ші ғасырлары аралығын қамтиды екен. Олар көне тибет жазуымен түсірілген дұғалар және көне түрк қарпімен моңғол тілінде жазылған жазу-таңбалар болып шықты. Жартас бетіндегі ең белгілі суреттер – Үш Бұрхан (Будда). Жартаста көп қолды Чон-Рай-Сик (ортада) пен сақ тайпасынан шыққан Сақия-Муни Бұрхан мен Ман-Ла Бұрхан бейнеленген. Бұрхан суреттерінің астындағы жазулар көне моңғол тіліндегі дұғалықтар. Мәселен олардың бірінде «Ман-Ла Бұрханға сыйынамын...» деген сияқты сөздер түсірілген. Бұл жазуларға кейіннен моңғол жорықтары мен жоңғар шапқыншылықтары кезінде жаңа мәтіндер қосылып отырған. Суреттердің орналасу сипаты мен сызықтардың нәзік өрнектері оны салған шекушінің өз ісіне шебер екенін көрсетеді.

Тамғалыжар сол Шоқан бейнелеген кезден көп өзгеріске түсе қоймапты. Оның жанындағы биік қия бұл күндері жартасқа өрмелеушілердің жарыс өткізілетін орнына айналған.

...Шеңгелді ауылына күн еңкейгенде жетіп, шағын қоналқалық орынға жайғасқан соң сыртқа шықтым. Осы Шеңгелді бекетінен кешке қарай өткен Шоқан, көшірі мен көлігін ауыстыру әбігері кезінде, іргедегі көне қоныс орнынан су құбырын байқап, оның бір сынығын өзімен бірге ала кеткен еді. Ол құбыр Шеңгелді жерінде 11-12 ғасырларда өмір сүрген керуенсарайдан қалған бір белгі болатын. Көне Қойлық пен Талғарды жалғастырған сауда жолы бойындағы маңызды бекеттердің бірі ретінде танылған байырғы құрылыс сілемі осы күннің өзінде де еміс-еміс байқалады. Жергілікті жұрттың айтуынша, мен көрерден бірер жыл бұрын, көне ескерткішті қорғау мәселесінен еш хабарсыз ауыл басшылары ортасы еңіс болып жатқан осы керуенсарайдың орнына әуіз жасамақ ниетпен (?) су ұңғысын салыпты. 67 метр тереңдікке жеткенде атқылап су шыққан. Бірақ одан «әуіз» пайда бола қоймапты. Өлденеше күн бойы қызыл түстеніп шығып жатқан су сол күйі жер астына сіңе берген. «Әуізге» деген су ақыры жиналмағаннан кейін шаруашылық жетекшілері оған қолды бір-ақ сілтеген...

Шеңгелдідегі азғана аялдан соң ілгері жүріп кеткен Шоқан мінген тарантас, түнде Қарашоқы, Қоянкөз бекеттерін басып өтіп, таң алдында Алтынемел бекетіне маңдай тіреді. Осы жерде ол өзі арнайы іздеп келе жатқан албандардың аға сұлтаны Тезек

төре ауылының алдағы Терісаққан бекетінен онша қашық емес жерде, Күреңбел жайлауында отырғанын естиді. Былтыр Гасфордпен Жетісуға келген сапарында бірінші рет танысқан шөбере туысын, энеугүні Қарқарада өткен албандардың бұғылармен және дулаттармен қоныс мәселелері жөніндегі келіссөздеріне албанның аға сұлтаны ретінде арнайы келіп қатысқанда тағы көрді. Екі-үш күн бірге болып, емен-жарқын араласып, бірін-бірі тағы да тереңірек тани түскендей еді. Сонда сапардан қайтар жолда, ауылына сыйлы қонақ боп кетуін өтінген.

*«Мен Тезекте 5 күн болдым. Мен бар кезде оның ауылында үш бәйге және бір той өтті»*, деп жазады Шоқан. Күнделікте Тезек жайлы басқа ештеңе жоқ. Қысқа қайырады. (Ал болашақта патша әскерінің полковнигі шенін алатын, жан-жақты қабілетті, әрі қайшылығы да бір басына жетерлік осы сұлтанның сегіз жылдан кейін Шоқанға жақын қайнаға болғаны көпке белгілі. Полковник Черняевтің Әулиеатаны алу жорығына мәмілегерлік қызмет көрсетпек ниетпен қосылғанымен, астам пиғылды әскербасының қорғансыз қала тұрғындарына жасаған зомбылығына назаланып кері қайтқан Шоқан, денсаулығына байланысты Тезек ауылында ұзақ аялдап қалады...).

Бес күн бойы саумал ауалы, салқын саялы Күреңбел төсінде, аға сұлтанның сыйлы қонағы ретіндегі өзінің келу құрметіне арнап шабылған бәйгелер мен той қызығына кенелген, әуелеген ән-күй мен ақындар айтысына мейірі қанған Шоқан маусымның 23-і күні ғана сапарын әрі қарай жалғастырған еді. Ертелетіп аттанып кеткен жолаушы Қарғалы мен Ағынықатты өзендері аралығындағы Шұбар деп аталатын тоғайлы алапты басып өткеннен кейін, Төресазы дейтін көк шалғынды көркем ойпаңда казак-орыстардың шөп шауып жатқанын көреді. Одан соң Көксу жазығы басталады. Жөн сұрасқан адамдар, бұл маңға қыста қар қалың түсетінін, көктемде кеш еритінін, астықтың пісіп үлгермей жатып үсікке шалынатынын айтқан. Оның есесіне шығысқа қарай жатқан Үйгентас жағында қыстың өзінде қар жарытып түспейді екен.

Көксу өзенінің тау жоталары арасынан жазыққа қарай шығар қысаң тұсында былтыр ғана ағаштан салынған көпір жолаушыларды суды кешіп өту машақатынан жап-жақсы құтқарып тұр. Шоқан Жетісу арқылы өтетін бүкіл пошта даңғылы

бойындағы осы жалғыз көпірді салуға Омбыдағы инженерлік басқармадан Нечагин, Қапалдан Никитин дейтін инженерлердің арнайы жіберілгенін білетін. Олар оңтайлы шешімді сәтті тауыпты. Көпірдің оң тірегі ретінде өзеннің бір жағасындағы үлкен дөңбек тасты пайдаланып, екінші тіректі қашалған ірі тастардан қалап, соның деңгейімен туралапты. Үстіне іргедегі тау бөктерінен шауып әкелген биік шыршаларды ұзынынан салып, көлденеңін жонылған бөренелермен қиюластырып бекітіпті. Үш үйден ғана тұратын бекетте ат ауыстыру кезінде, бекетші оған алдағы жылдарда осы жерде станица салынатынын, жәрмеңке ашылатынын айтып жатты.

Көксудан Жалғызбағаш бекетіне дейінгі жол әуелі Көксудың оң жағалауымен жүріп отырады да, біраздан кейін оңға қарай тау бөктерлеп кетеді. Біресе терең өзекке ылдилап, біресе қыратқа өрлейтін жол көлікке де, көшірге де салмақ түсіреді. Жалғызбағаштан Қарабұлақ бекетіне (оны жалайырдың билеушісі Сөк сұлтанның қонысына жақын жерде салынуына байланысты Сөк бекеті деп те аталатындықтан Шоқан да оны солай, Суковский деп жазады) дейінгі жол да таулы, қыратты боп келеді. Көксу мен Қарабұлақ бекеттері арасындағы жолдың осылайша бұлың-бұлыңды, қауіп-қатерлі жерлер арқылы өтуі себепті, жолаушылар бұл қашықтықты еңсеруді әдетте күндізгі мерзімге туралайды. Сол дағдыны ұстанған Шоқан да, кешке қарай Қарабұлаққа жетіп үлгеріп, былтыр қайтыс болған Сөк төреден кейін жалайырлардың бір сұлтаны боп отырған Қамбар Аланұлының үйіне қонып шығуға тоқтаған еді.

Келесі күні Сарыбұлақ, Ақешкі бекеттерінде ат ауыстыра отырып, округ орталығы Қапалға жеткен Шоқан осында жүрген Ұлы жүз приставы Пермьшльскийге өзінің Ыстықкөлден қайтып оралғанын мәлім етті. Подполковник Құлжаға баратын өкілдік мүшелерінің жиналуы шілденің жиырмаларына дейін созылатынын, патшаның өзі бұл сапарға ерекше мән беріп отырғанын, бұлармен бірге сапарға Семей облысының әскери губернаторы, полковник Спиридоновтың да қатысуы күтіліп отырғаны, соған орай Алматыдан Хоментовскийдің да бұл жаққа соғатынын, өкілдік Құлжадан қайтқанша шекараға таяу жердегі Үйгентаста, сондай-ақ Шәуешек маңында орыс әскерлерінің қуатты тобы бұларды күтіп тұратынын жеткізді. Сондай-ақ



Шоқанмен бірге Ыстықкөл экспедициясында болған тілмаш Бардашевті осы өкілдіктің құжатын дайындайтын хатшы етіп бекіткенін айтты.

Қапалдың алғашқы қадасы қағылғалы бері, осы бекіністің басы-қасында келе жатқан казак-орыс атаманы, 10-шы полк командирі С. М. Абакумов қалада жоқ екен. Ол Қараауыз бекетінен бері қарай өтетін биік Соркезең асуындағы жол жүрісін қиындатып тұрған жартасты жару үшін Қисықауыз тауларына кетіпті. Бұл подполковникпен былтыр Гасфордпен бірге жүрген сапар барысында танысқан еді. Шоқанды қарапайым казак-орыс отбасынан шыққан осы адамның ғылыми ізденістерге жақындығы қызықтырған. Зор денелі, дәудірлеп сөйлей отырып, талай нәрсені айтып тастайды. Омбы әскери училищесін жиырмасынша жылдардың соңында Карбышев, Набоков сияқты, кейіннен казак жерін отарлаудың алғы шебінде жүрген офицерлермен қатар бітірген оның, солар сияқты жергілікті халыққа жасаған зорлық-зомбылықтары да жетерлік. Абакумов қазақтардың шүйгін қоныстарын казак-орыстарға, Ішкі Ресейден көшіп келген қарашекпенділерге тартып алып беруде ерекше озбырлық көрсеткен атамандардың бірі.

Кей деректер, бір басына жетерлік қайшылығы бар осы әскери адамның зерттеушілік жұмыспен де айналысқанын алға тартады. Бұған оның тағдырының Каспий маңы мен Орынбор өлкесін зерттеуші, Бөкей ордасының тұңғыш топографиялық картасын жасаушы ғалым, саяхатшы Г. С. Карелинмен түйіскені де себеп болыпты. Қырқыншы жылдардың басында Мәскеу натуралистік қоғамының тапсырмасымен Шығыс Қазақстанға саяхат жасаған Карелинге, сол кезде Семей бригадалық мектебін басқаратын Абакумов жоғарыдан берілген нұсқау бойынша, жасағымен бірге серік боп еріп жүріпті. Осы сапар барысында мол геологиялық, ботаникалық және зоологиялық коллекция жинаған Карелин, жай казак-орыс офицерін зерттеушілікке де қызықтырып кетіпті. Содан Қапалда қызмет еткен жылдары Жетісу фаунасы мен флорасын жинауды өзі де қолға ала бастапты. Жинағандарын Ресей ғылым академиясы мен Еуропа натуралистеріне жіберіп тұрыпты. Карелиннің ұсынуымен, орыс ботанигі А. И. Шренк пен кен іздеуші әрі этнограф А. Г. Влангали де Абакумовты өз саяхаттарында қасына серік етіп

алып жүріпті.

Шоқанға атаманның сол ғалымдармен өткізген күндерін, коллекция жинау кезінде бастан кешкендерін қызықты етіп әңгімелегені ұнайды. Екі күннен кейін Қисықауыздан Абакумов та келді. Қуанышты. Соркезеңдегі жолға бөгет жасап тұрған жартасты аз ғана оқ-дәрі қолданып, сәтті жарғанын, сонымен бірге қыш құюға лайық сазбалшық тапқанын дәудірлей хабарлады...

Құлжаға баратын делегация мүшелері түгел жиналғанша біраз күн өтетін түрі бар. Уақытты қалай өткізуді ойлап жүргенде, Қапалға кен инженері, капитан Николай Никифорович Ковригин келе қалды. Батыс Сібір әскери губернаторы жанындағы кен ревизоры боп істейтін ол, Тентек өзені бойындағы алтын кендеріне кетіп бара жатыр екен. Жасы елуді алқымдап қалған бұл инженермен Шоқан бұрыннан таныс. Басқармалары Омбыда тұрғанымен, өзінің бақылайтын аймағы Алтай округі мен Семей облысы болғандықтан, Семейде көбірек жүреді. Осы қаладағы бақуатты адамдардың бірі.

Достоевскиймен аралас-құраластығы бар, қиналған кезінде көмегін ұсынады. Қапалға аттанар алдында ғана жазушымен кездесіпті. Қаламгердің көңіл-күйі жақсы. Патшаның тәж кию салтанатына арнаған оның өлеңін мамырдың ортасында Семей губернаторы Спиридонов ресми түрде Гасфорттың қолына тигізген екен, енді соның әрі қарай Петербордағы әскери министрдің назарына жолданғаны туралы хабар алыпты. Патшаға шын пейілімді білдірген тілек-өлеңімнің ақыры аяқсыз қалмайтын шығар, соның нәтижесінде офицерлік шен алып, мақсатыма жететін болармын, деп кәдімгідей үміттеніп, сенімі артып отыр екен.

Шоқан Тезектің ауылында болған күндері, аға сұлтанның «Қапалдан әрі Шұбарағаш-Ойжайлау деп аталатын ғажайып сұлу өңір бар, нағыз жер жаннаты, реті келсе, көріп-қайтқаның мақұл ғой», дегені бар еді. Ол аймақ Ковригин бара жатқан жақта болғасын, Шоқан мынадай орайы табылып тұрған сәттен айырылғысы келмеді. Ковригинмен бірге серік боп барып Шұбарағашты көрмекке бекінген.

Қапалдан түстен кейін аттанған жолаушылар кешке қарай жиырма бес шақырымдай жердегі Арасанға келіп қонды. Бүйен

өзенінің бойындағы ежелден емдік ыстық суымен белгілі бұл қайнарды жергілікті жұрт қасиетті орын ретінде санайды. Анау-мынау ауру-сырқауыңды сылып алатын арасан бұлағы басына қалқа тастар тігінен тұрғызылып, олардың бетіне әртүрлі жазулар шекіліп түсірілген. Қалқа тастың бірінде гүлдер мен жемістер салынған көзені екі қолымен кеуде тұсында ұстап тұрған әйел бейнесі бар. Шоқандар жылы су басындағы адамдардан бұл суреттің қалай пайда болғандығы туралы аңызды естіді. Ол бір ханның осы арасан емінің арқасында бедеуліктен арылып, ұл тапқан әйелінің бейнесі көрінеді. Риза болған хан тас бетіне осы суретті ойып салғызып, киелі судың басына орнатыпты.

Шоқан мен Ковригин Қапалдан төрт шақырымдай жердегі жылы су басында да осындай жазуы, суреті бар бірталай қалқа тастың болғанын естіген. Алайда оларды Абакумовпен бірге келген алғашқы бекініс салушылар сүйретіп әкетіп, үйлердің іргесіне қалап жіберіпті. Екеуінің мұны естігенде бастарын шайқап «не деген надандық» деуден басқа амалы да жоқ еді.

Қапал бекінісі ірге көтергеннен кейін Арасандағы жылы су басына үй салына бастапты. Шоқандар соққан кезде онда келушілерге арналып, екі бөлмелі қонақ жай және оның дәлізі арқылы барып қосылатын, суға түсетін әуіз бар еді. Әуіздің ортасы ағашпен бөлініп, оның тақтаймен қапталған бір жағына – жоғары шенділер мен игі жақсылар түссе, таспен қаланған екінші жағын – төменгі шенділер мен қарапайым адамдар пайдаланатын. Әуізден кейін жай адамдар мен Қапал госпиталінен жіберілген солдаттарға арналған бір бөлмелі үй де тұрды. Бұл үш үйден сәл шеткерек тұста асхана. Онда арасан суға келгендер үшін тамақ дайындалады.

Шырша, терек ғана емес, әртүрлі жеміс ағаштары отырғызылған саябақ әлі жас. Көшеттердің қондырылғанына үш жылдай ғана болыпты. Арасына арық жүргізілген бақтың әр тұсында төбесі жабық бастырмалар. Биіктеу тас текше үстіне орнатылған солардың бірінің жасыл шатырының төбесіне айдаһардың бейнесі кейіптелген қаңылтыр желбағар бекітіліпті. Керегесі ақ сырмен сырланған бастырма ішінде отырғанда, айнала төңіректің әсем сұлулығы ерекше тәнті етеді. Басын ақ қар шалған Жетісу Алатауы, жасыл желекке оранған кең жазық, ана тұстағы бекініс кейпінде тұрғызылған бекет, жап-жаңа станица

үйлері, жайылып жүрген малдар бәрі де өзінше жарасым тауып, көз қуантады.

Арасанда Шоқандарға Жетісудағы әйгілі жорықшы Тәнеке батыр мен оның серігі Құдайменді сұлтан келіп жолыққан еді. Саяхатшы өз күнделігінде «Тәнеке елді ықтыратын адуынды тірліктеріне қарамастан, өзіне қарасты матайдың қаптағай руларына ықпалы зор және болысы болған», деген мінездеме береді. Орта бойлы, толық денелі, жирен сақалды, үлкен мұрынды, кеудесін түгел түк басқан батыр, сол кездегі кей қазақ атқамінерлері арасында ұшырасатын дағды, өздері сияқты офицерлермен, шенеуніктермен кездескенде арақ ішкеннен де тартынбайтындығын байқатқан. Ол Шоқандармен Шұбарағашқа қарай бірге жүргісі келгенімен, шамадан артық сілтеуіне байланысты, жолаушыларға ілесуге жарамай Арасанда қалып қояды...

Осы Тәнекенің аты-жөні патша заманындағы сұлтандар, би-болыстар туралы мәліметтер жинақталған орыс құжаттарында да кездеседі. Мәселен, 1850 жылы толтырылған деректе, оны: «Тәнеке Дөсетұлы, би, 44 жаста. Өте бай. Аяғөз дуанына қарайтын Кенже-қаптағай-матай болысындағы қаптағай руының бөрібай атасынан. 1846 жылдан – болыс басқарушысы. 1847 жылы Сібір қырғыздары шекара бастығы тарапынан шұға шапанмен марапатталған. Жаз жайлауы – Балықты алабы; қыстауы Ақешкі өзенінің бас жағы», деп таныстырады. 1857 жылғы деректе Тәнекенің Омбыдағы генерал-губернаторға, көшірмесін патшаға жолдаған жер дауына байланысты араб қарпімен жазылған шағымы туралы айтылады. Онда ол «өзіне қарасты қаптағай елінің бұрыннан жаз жайлап, қыс қыстап жүрген Үшбүйен, Салқынбел, Қызылағаш, Шыңбұлақ, Көкентал, Ақешкі, Үшкәукен, Қопалы, Үшқопалы, Ашыбұлақ, Ақадыр, Қарамола сияқты шұрайлы жерлерін Қапал казак-орыстарының атаманы Абакумовтың күшпен тартып алып, жергілікті халықты Балқаш жағындағы құмға қуып жібергеніне арызданады... Осы мәселеге назар аударып, ұлы мәртебеді құзырыңызбен жоғарыда аталған жерлерді өз руларына қайтарып беруге бұйрық беруіңізді өтінемін», деген шағымның астына матай-қаптағай елінің болысы, хорунжий Тәнеке Дөсетұлы, деп мөрін басыпты. Осы арызданудан кейін патша ұлықтары оның сұраған

жерлерінің бірсыпырасын иелеріне қайтарып та берген көрінеді.

Шоқан сапарының ізімен Арасан жағына барған сапарымызда көзі қарақты кісілерден, Тәнекенің ұрпақтары боп келетін адамдардан саяхатшы күнделігіндегі сол батыр туралы да сұрастыра жүрдік. Ол найманның матайына енетін қаптағай атасынан тарайды екен. Қаптағайдан – Жолдас, одан – Есенгелді, одан – Жалан, одан – Асан, одан – Сары, одан – Бөрібай батыр, одан – қайырымды Қыдырәлі би, одан – Дөсет, одан – *Қалқабай* мен *Тәнеке* батыр. *Қалқабайдан* – Жетісудың атақты байы, Мекеге барып қажы болған әйгілі Маман би, одан – Тұрысбек, Сейтбаттал, Есенғұл қажылар тараған. Олар әкенің өсиетімен қазіргі Ақсу ауданына қарасты Қарағаш деген жерде Мамания мектеп-медіресесін ашты. Ол мектепті бітіргендердің бірі – ақын Ілияс Жансүгірұлы. *Тәнекенің* – Есімбек, Разбек, Қожабек, Әуелбек, Отарбек, Қасен, Мырзабек, Мұса деген балалары болған. Тұрысбек екі рет, Есімбек бір рет Мекеге барып, елге ісімен де, иманымен де сыйлы, беделді қажылар атаныпты. Ел арасында «Тәңірім Қыдырәлі Дөсеттің Тәнеке ұрпағына – батырлық, Қалқабай ұрпағы Маман, Тұрысбектерге – байлық сыйлаған», деген сөз де бар көрінеді. Ақын Сараның Біржанмен айтысындағы *«Таласпас Тәнекенің жан бағына, жеңермін егер тартса іс ағына. Шетінен қыдыр қонған өңшең құтым, мыңмыңдап құт қалдырған арт жағына»*, деген жолдар осы әулетке арналған.

Кейіннен қолымызға Мұхамеджан Тынышбайұлының талай жыл құлып астында жатқан 1925 жылы шыққан шежіресі («Қазақ халқының тарихынан материалдар») түскен кезде, Тәнекенің ата-тегі осы мәліметтермен үйлесіп тұрғанын аңғарған едік. Әрі сол ғылыми еңбектегі Қыдырәлі би әулетіне қатысты түсініктемеде «Тәнеке батыр Кенесары Қасымовтың көтерілісіне қатысты» деп те жазылады. Мәселені осы деректен әрі қарай тарқатар болсақ, Е. Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» атты кітабындағы Кенесарының қайғылы қазасы туралы хабар жетісімен «Қапал қазақтары Кенесары үшін кек алу мақсатында қырғыз манаптарына қарсы жорыққа аттанды. Олар хан өліміне қатысы бар бірнеше манапты аяусыз жазалады. Соның бірі – Төрегелді манаптың ауылы тоналып, өзі тұтқынға алынды», деген жолдар осы Тәнеке жасаған жорыққа қатысты мәлімет боп

шығады. Кейінгі зерттеушілер еңбектерінде айтылатын «найман тайпасындағы Дөсеттің Тәнекесі деген батыры Матай, Қызайдан қол жинап, Кенесарыны өлтіргендерді қатты жазалап, бірнеше би-манаптарды тұтқындап қайтады», деген деректер де осы жорықты кім бастағанын нақтылай түсетіндей.

Ендеше, Тәнеке батыр қырғыз жерінен оралған Шоқанмен Арасанда жолыққан кезінде, өзінің Кенесары үшін қырғыздан кек алып қайтқан сол жорығы туралы айтуы да мүмкін ғой, деп жорамалдауға негіз бар.

Арасаннан ары қарай Қисықауыз тауының жықпыл-жықпыл қиын асуынан өткен Шоқандар, теріскей етекке жақын жатқан Қараауыз бекетінде арбаларына қазақтардан ылауға алған аттарды ауыстырып жегіп, бір урядник пен алты казак-орысты жандарына ерте тау баурайлаған жолмен Шұбарағашқа қарай беттеген еді. (Қараауыздың орнына келесі 1857 жылдан бастап орыс құжаттарында Абакумов, қазақтар Тасбекет деп атайтын жаңа бекет тұрғызыла бастап, кейіннен ол елді мекенге айналды. Атаман Абакумов атауы 1966 жылы ғана жойылып, содан бері ол Жансүгіров кенті аталады).

Арбада қатар отырған Ковригин екеуінің әңгімесі жарасып келеді. Бұған дейін Шығыс Саян мен Енисей адырларында алтын кендерін, Баянауыл мен Қарқаралы тауларында күміс, қорғасын, мыс кендерін іздеген, Алтайда алтын жүлгелерін барлаған инженер ортақ таныстары Достоевский туралы ғана емес, әйгілі саяхатшы, жазушы Егор Ковалевскийге қатысты да біраз әңгімені қозғап тастады...

## **7. Жиһангез бен жырау**

Ковалевскийдей белгілі жиһангезді Шоқан оның тамаша жолжазба кітаптары арқылы сырттай жақсы біледі. Отызыншы жылдары оның ағасы – бір жылдары Том губернаторлығына да тағайындалған Евграф Петрович Ковалевский Колыван және Алтай зауыттарының бастығы болып жұмыс істепті. Сол кездері Харьков университетін енді бітірген Егор Ковалевский Алтайға келіп, ағасының қарамағында кеңсе қызметкері боп орналасыпты. Кен іздеумен айналысыпты. Содан соң Қайыңтұрадағы (Березов) алтын кендерінің бас бақылаушысы, Орал зауыттары

бастығының ерекше тапсырмалар жөніндегі шенеунігі қызметтерін атқарған. Алтай, Сібір, Оралтау, Қытайда геологиялық зерттеулер жүргізген. Қазақ жерінің Мұғалжар, Ырғыз өңірлерінен Александр Гернгросс деген инженермен бірге кен іздеген. Олардың «Қазақ даласы батыс бөлігінің сыпаттамасы» атты еңбегі 1840 жылғы «Горный журнал» басылымына да шыққан. Сол серігі Гернгросс кейіннен Ковригинмен де біраз жыл қатар істеген екен. Ол Ковалевский екеуінің сауда керуенімен бірге Бұхар хандығына алтын кендерін іздеуге бара жатқанда, хиуалықтардың қолына құлдыққа түсе жаздағанын, содан түн ішінде қашып шығып, ең шеттегі орыс бекінісіне дейін екі жарым тәулік бойы тынымсыз шапқан оқиғаларын айтып отырады екен. Бір қызығы, қазір осы Гернгросстың інісі, полковник Андрей Родионович бір кезде Ковалевскийдің ағасы басқарған Барнаулдағы Алтай зауыттарының кен жөніндегі бастығы қызметін атқарады. Біраз жыл Семейде тұрған онымен де Ковригин әріптес болған соң жақсы араласады. Достоевский мен Врангельдерге де етене таныс.

Егор Ковалевский 1836 жылы 27 жасында кен инженерлері корпусының капитаны атанады. Оның жайдан-жай беріле салатын атақ емес екені Шоқанға жақсы белгілі. Әдетте корпус құрамына тек ерекше көзге түскен кен инженерлері қабылданып, әскери тәртіп пен әскери заңға бұлжымай бағынатын оларға ең маңызды, жауапты жұмыстар сеніп тапсырылады. Бір жылдан кейін Ковалевскийді орыс үкіметі Черногория кінәзінің өтініші бойынша, сол елге алтын кендерін іздеуге аттандырады. Ресей жағы қаржыландырған бұл экспедиция барысында ол темірдің мол қорын табады. Әрі олар кен іздеумен айналысып жүрген кезде Черногорияға басып кірген Австрия әскеріне қарсы азаттық күресіне көтерілген халық, оны офицер ретінде танып, өз жасақтарына басшы болуға қолқалайды. Кен инженері ғана емес, қолбасшылық қабілеті мол екенін көрсетеді. Шоқан Ковалевскийдің сол елде бастан кешкен оқиғаларын, оның 1841 жылы Петерборда басылып шыққан «Черногориядағы төрт ай» атты кітабынан да оқыған.

Ковалевскийдің Черногориядан кейін 1839 жылы Бұхар әмірі Насыролланың өтінішімен, сол елден алтын іздеуге аттанған

сапары барысында, жолшыбай бастан кешкендері, қырқыншы жылдары Солтүстік Үндістан мен Ауғанстанға, Карпат пен Балқан түбегі тауларына кен іздеу экспедицияларына, Мысыр, Судан, Эфиопия елдеріндегі геологиялық зерттеулерге қатысқаны, оның 1843 жылы шыққан «Құрлықтар мен теңіздер жиһангезі», 1849 жылы жарық көрген «Ішкі Африкаға сапар» атты жолжазбалық шығармаларында жан-жақты жазылған.

Әуелден әртүрлі саяхаттарға қатысты әдебиеттерді құмарта оқып, қызыға жинайтын Шоқан, бұл кітаптардың бәрімен де етене таныс. Әсіресе, әйгілі сыншы Белинскийден жоғары баға алған «Құрлықтар мен теңіздер жиһангезі» жолжазба жинағына енген «Бұхарға бет алған экспедиция және Хиуаға қарсы әскери жорық» атты тарауда Ковалевскийдің қар басқан құла дүзде қазақтың Махамбеттей өр шайырымен, батырымен қалай жолыққанын оқығанда, ерекше әсерге бөленіп, талайдан аңсарлана іздеп жүрген адамымен ұшырасқандай хал кешкені әлі есте.

Әкесі Құсмұрында аға сұлтан болған жылдары бұлардың үйлеріне соғып тұратын Орынбор жақты төрелері мен билерінен Бөкей ордасы халқын Жәңгір ханға қарсы көтеріп, патша әскерімен өткен шайқаста қаза тапқан Исатай батыр мен сол соғыста тосқауылды бұзып құтылып кеткен оның үзеңгілес серігі, жорық жыршысы Махамбет туралы айтқандарын естуші еді. Ақын өлеңдерімен де танысқаны бар. Алдаспандай өткір адуынды жырлар өзгеше бітім-болмысымен таңғалдырған.

Кадет корпусында оқып жүрген кезі. Бірде жаздың соңында Күнтиместегі ордаға ат басын бұрған Орынбор қазақтары Шығыс бөлігінің әкімсұлтаны, Жәңгір ханның туған жиені Ахмет Жантөриннен Махамбет жайында сұрағаны бар. Әрнәрсеге көзі қарақты, орысша газет-журналдар мен кітаптарды көп оқитын, ғылым-білімге жақын Ахмет Шоқанды біраз жайдан хабардар еткен.

...Көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін, Махамбет орысқа қарсы жасақ жинамақ ниетпен Хиуа жаққа кетіпті. Сол бетте жүріп ел-жұртын патшаның қоластынан шығып, орыстың құрығы жетпейтін жерге көшуге үндепті. Ол мақсатына жете алмағасын, Кіші жүз жеріне қайта оралып, ағайындарының арасын паналапты. Біреулердің хабарлауы бойынша, Махамбетті Орал



казак әскерінің қырық адамнан тұратын жасағы ұстап алып түрмеге отырғызғанымен, Орынбордың әскери соты оның кейінгі кездерде үкімет тапсырмасымен жүрген бірер адамға араша түсіп, жәрдем бердім, деген сөзі дәлелденген соң, өлке губернаторы, генерал-адъютант Перовскийдің рұқсатымен кешірім жасапты. Енді тыныш жүруін, бұдан былай әскери шепті кесіп өтпеуін, ішкі Орда жаққа жақындамауын қатаң тапсырып босатыпты. Сонда оның ісін жеңілдеткен жайттардың қатарында – Бұхар әмірінің шақыруымен сол елге алтын кенін іздеуге бара жатқан кен инженері Ковалевскийді хиуалықтар қолына түсу қатерінен құтқарғаны болыпты, деп Шоқанның құлағын елең еткізген еді.

Ахмет төре Махамбеттің Шоқанмен түйдей құрдас Нұрсұлтан атты ұлының болғанын да айтқан. Ақталғаннан кейін Қалдығайты өзені бойындағы нағашылары – алаша руының арасында қоныс тепкен Махамбет, әскери шептен өтуге тыйым салынғанына қарамастан, 1845 жылға қараған қақаған қыста баласы Нұрсұлтанды шекара комиссиясы жанынан қазақ балалары үшін ашылуы тиіс жеті жылдық мектепке бермек ниетпен Орынборға алып келіпті. Алайда мектеп уақтысында ашыла қоймайды. Ол содан соң, амал жоқ, ақпанның басында шекара комиссиясының бастығы генерал Ладыженскийдің атына ұлын оқуға қабылдау жөніндегі өтінішін жазып, баласын қаладағы титуляр кеңесші боп істейтін Назарбай қожа деген танысының үйіне қалдырып кеткенін ескертіп, ауылына қайтуға мәжбүр болады. Ладыженскийді өзің білесің, содан бес-алты жыл бұрын Омбыда да шекара комиссиясының бастығы болып істеген адам. Ол кісінің қазақтың ескі әңгімелерін, көне дүниелерін жинауға құмарлығы бар. Әкеңе де талай тапсырма берген. Мен де оның сұрауы бойынша, бірталай ертегі мен қиссаларды жазып тапсырғанмын. Шамасы, Ладыженский Жәңгірдей биік мәртебелі ханға қарсы шапқан Махамбеттің кім екенінен, ақындығынан хабардар болса керек, оның баласын оқытамын, деген тілегін қолдайды. Өз атынан Орынбордың әскери губернаторы Обручевке «Өтемісұлының өтінішін құп алалық, бұл оның үкіметке шын берілгендік, адалдық сенімінің нығаюына жәрдемдесер еді», деген сыңайдағы ұсынысын түсіреді. Алайда бұл үлкен жанаралымыз тарапынан қуаттала қоймайды. Обручев бұл жөнінде алдымен ақын тұратын Батыс

бөліктің әкім-сұлтаны полковник Баймағамбет Айшуақұлы және Махамбетке араларынан қоныс берген алаша руы қазақтарының Өтемісұлы туралы пікірі қандай екенін сұрастыру қажет деген нұсқау береді. Сол тұста ақынға өштігі бар Баймағамбет сұлтан, жиендерін жаманатқа қиғысы келмеген алашаның старшындары мен билеріне тізе батыра отырып, өзінің айтқанын істеуге мәжбүрлейді. Олардың атынан «Ұры-қарымен, қарақшылармен байланысы бар Махамбеттей бүлдіргімен қоныстас болғымыз келмейді, оны арамыздан қуу керек», деген пәлелі үкім шығартады. Жарты патша Обручев те осыдан кейін «елге сыйыспайтын мұндай адамның баласын оқуға қабылдаудың, сірә, орайы келе қоймас», деген сыңайдағы қарсылығын білдіреді. Ұлын оқуға түсіремін деп, Орынбор асқан сапарының аяғы осылайша ушығып, ақынды қайтадан қудалау басталады. Көп ұзамай, келесі жылдың күзінде оның өзін ұстауға жіберген адамдар қолынан қаза тапқанын естідік қой...

Шоқан Е. Ковалевскийдің 1839 жылғы жолжазбасындағы қараша айының 22-сіне қараған түні өткен оқиға туралы оқыған кезде, Ахмет Жантөриннен сұраған сол әңгіменің құлағында қайта жаңғырғандай болғаны бар. Ковалевский жолжазбасында Махамбет тұлғасын ерекше мән бере сыпаттайды. Алтын іздейтін кен инженерлерін алып қайту үшін Орынборға арнайы келген Бұхар хандығы елшілігінің адамдарымен келіссөздер жүргізу, экспедицияға дайындалу орайындағы әртүрлі шаруалармен Орынборда алты ай уақытын өткізген Ковалевский, шамасы, сол сапарға шыққанға дейін-ақ Махамбеттің атына қанық болған сияқты. Көтеріліс басшысы Исатай былтырғы жазда қаза тапқанымен, оның жаужүрек серігі Махамбеттің әлі ұстатпай жүргенін жиһангез-жазушыға губернатор кеңсесі төңірегіндегілердің айтпауы мүмкін емес. Әрі оның көтерілістің бір жетекшісі ғана емес, айбынды жырларымен дем берушісі, дауылпаз ақыны екенін, Исатай, Махамбетпен әуелден таныс, 1833-1841 жылдар аралығында Орынбор әскери губернаторы Перовскийдің жанында ерекше тапсырмалар жөніндегі шенеунік болып істейтін коллеж кеңесшісі, жазушы, Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, орыс тілінің түсіндірме сөздігін жасаумен айналысып жүрген В. И. Дальден де естігені күмәнсіз.

Ковалевскийдің Бұхар сапарына аттанар шағы ел ішіне дүрлігіс әкелген қиын бір ахуал – генерал-адъютант Перовскийдің Хиуа жорығымен де қабаттас келген еді. Ағылшындардың көз құрты бола бастаған Хиуаны, олардың алдын орап, тез арада басып алуды мақсат тұтқан орыс әскері қараша айының ортасында Орынбордан лек-лек болып жорыққа шығардан екі аптадай бұрын, Бұхарға бет алған сауда керуенімен бірге әмірдің атынан арнайы келген елшілік адамдарына еріп, кен инженерлері капитан Ковалевский мен поручик Гернгросс те жолға шыққан-ды. Олар Арал теңізінің теріскейі арқылы шығыс бетіне өтетін ежелгі сауда жолымен жылжыса, Хиуаға беттеген орыс әскерлері Аралдың батыс жағымен төтелей, Әмудария бойына тіке түсуді көздеген. Жорық бағыты бойынша Атыжақсы өзенінің Жемге құяры мен Шошқакөл деген жерден жаз бойы Атыжақсы (кейіннен Ембі) және Ақбұлақ қамалдары салынып бітті. Оларда қысқы жорық азабын тартып жеткен әскерлер аялдаған шақта тынығатын, емделетін жертөлелер, азық-түлік қоры алдын-ала жинақталды, көлік малдары үшін пішен дайындалды.

Жаңа орыс бекіністерінің орнауымен бірге, сол төңіректе «әйгілі бүлікші» Махамбеттің бой көрсете бастағаны туралы хабар Орынборға да жеткен. Бекіністерді салып жатқан әскер аттарын қазақтардың сыпырып айдап әкету оқиғалары көбеюіне байланысты, ол барымтаның бәрін Махамбет ұйымдастырып отыр, деген әңгімелер де губернаторға жақын жүрген офицерлер арқылы Ковалевскийдің құлағына шалынғаны анық.

Атыжақсы мен Ақбұлақ қамалдарын салуға бас боп жүрген полковник Гекенің қарашаның 1-і күні ақын тығылып жүрген ауылға оны ұстамақ боп отыз шақты атты казакпен тұтқиыл барғаны тарихи деректерден белгілі. Алайда әскер жеткенше Махамбет ол ауылдан кетіп үлгерген еді. Жазалаушы отряд ақынның қашып шыға алмаған оншақты серігін ғана қолға түсіріп, қамалға оралады.

Дәл осы күндері Бұхар сауда керуенімен бірге Ковалевский мен Гернгросс та Орынбордан жолға шыққан болатын. Керуеннің митың жүрісімен қарашаның 14-і күні Мұғалжардан асқаннан кейін-ақ ел арасының тыншу еместігі аңғарылып қалады. Орыстардың Хиуаға қарсы жорықты бастағаны туралы хабар,

керуен жолы бойындағы кешелері ғана Исатай-Махамбет пен Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтерілістерге бейіл берген, Арқа жақтағы Кенесары шайқастарының дүмпуі құлақтарына жетіп жатқан қазақ ауылдарына мазасыздық әкелгені кәдімгідей-ақ байқалады. Атқа қонып, елеуреген жұрт көп. Бұлардың сауда керуеніне адыраңдап шауып келіп, шатақ шығарғысы кеп тұрады. Ананы бер, мынаны бер, деп әкіреңдеп сөйлейді. Әсіресе Бұхар керуенімен бірге жүрген заты орыс бұларға кәдімгідей шүйлігеді. Бұхар елшілігі адамдарының «бұлар әмірдің арнайы шақыруымен келе жатқан ғалымдар» деп қорғай сөйлегендеріне де аса иліге қоймайды. Реті келсе, байлап-матап, Хиуаның құл базарына сатып жіберуден тайынғысы жоқ. Ілбіген керуен Борсық құмынан өтіп, Сырдарияға қарай беттеген шағында олардың бастарына дәл осы қауіп шынымен де төнгендей болған. Алдарынан ұшырасқан хиуалық тонаушылар тобының басшысы, керуенді тексеру үстінде, өздеріне қарсы жорыққа аттанған орыстардың Бұхарға беттеген офицерлерін көргенде, бірден оларды басыбайлы тұтқын етуді ойластырады. Ковалевский топ басшысының жанындағы басқа адамдармен әңгімесінен осы пиғылды түсініп қалады да, әрі қарайғы сапарын доғарып, құл базарға сатылу сұмдығынан дереу құтылудың амалын қарастыруға кіріседі. Түн жамыла қашып шығып, сол жерге ең жақын орналасқан орыс бекінісі – 300 шақырымдай Шошқакөл маңына, биыл ғана ірге көтерген Ақбұлаққа жетіп алуды көздейді.

Дәл осындай әрі-сәрі халде отырған түні, Гернгросс екеуінің жолым үйіне Махамбет те қос серігімен бірге кіріп келеді. Содан жиырма күндей бұрын ғана полковник Гекеге ұстатпай кетіп, Борсық құмында бой тасалап жүрген ақынның кен инженерлері басына түскен қиын халді сырттай аңғарып, арнайы соққандай түрі бар.

Шоқан Ковалевский жолжазбасында осы жайттың қалай баяндалғанын қызыға оқыған. «Біз басымыз сергелдеңге түскенде, өз халқының арасында тамаша кісі болып саналатын қазақпен кездестік», деп жазады бұл жөнінде қаламгер. Үйге шақырусыз кірген қонақ: «Сіздер кімсіздер?» – деген сауалға: «Оны әбден біліскенше сұрамаңыздар», – деп өтінеді. Оның бұлайша сыр ашқысы келмегені орыс офицерлеріне ұнай қоймайды. Алайда ол әңгіме бағытын басқа жаққа бұрып, аз сәт

ішінде өзінің тапқыр ақылы мен шешендігін танытады. Өз сөзін дәлелдеу үшін нағыз Құран сөздерін келтіре сөйлеп, Бұхар мен Самарқан медреселерінде айта-айта жауыр болған сопылық ереже, жалпылама сөздермен емес, өзінің ойы мен ұғынғанындай етіп айтты. Соған қарағанда, Құранды терең оқып, зерттеген тәрізді, деп ой түйеді саяхатшы. Тіпті ол Орынбор мен Петербордағы кейбір үкімет адамдарын да тілге тиек етіп сөйлеп отырды. Өлкені басқару жүйесіндегі өзгерістер жайлы сұрады. Осылайша офицерлердің бетін өзіне қаратып алғаннан кейін, әңгіме айналып келіп, олардың басындағы қазіргі жай-күйге ауысқан еді. «Алланың рақымы ұшан-теңіз», – деп жолаушылардың көңілін жұбатқан ол, сол арада өз көмегін ұсынған... «Алға жүрсеңіздер де, кейін қайтсаңыздар да бірге болайын, ол жақта да, бұл жақта да басыма қатер төніп тұрғанына қарамаймын; осы арада қалсам – сіздермен бірге басымды қылыш астына қоямын; бір өзімді «отрядқа» немесе Орынборға хабар жеткізуге жіберетін болсаңыз, ажал аранын ашып тұрса да барамын», дейді.

Әрине, орыс офицерлері оған бірден сеніңкіремейді. «Егер сен бізге жаулық ойлаған адам болсаң, қазір қонақ ретінде отырған осы үйге тағы кимелеп кірер болсаң, сазанды тартасың», – дейді Ковалевский.

– Сіз маған жаңа қылмысты жапсырмаңыз: мен бұрынғы әрекеттерімнің зардабын көп тартқан кісімін. Осынау құба түзде пәлен жылдан бері, үй-ішімнен, жанымдай көретін жақындарымнан аулақта панасыз да шарасыз, жай-күйсіз, көрінгенге көз түрткі болып сандалып жүргенімді бір ойлап көріңізші. Мен – Махамбет Өтемісұлымын, – дейді ол...

Содан кейін ғана олардың арасында өзара сенім ұялай бастайды. Бұл кездесуден шайырдың қуғын-сүргінді күндерден құтылғысы келгенін, жоғары ұлықтардың назарына ілігетін елеулі істер атқару арқылы өзіне кешірім жасалуын көздеп жүргенін аңғару қиын емес. Хиуа тұтқынына түсу қаупі төнген кен инженерлерін құтқару жайын ойлауы да сол ниеттен туған ұмтылыс болатын. Ақырында қарашаның қарасуығы қағынып, суырма бораны басталған сол түні Ковалевский мен Гернгросты жандарындағы жолбасшы, тілмашымен бірге Шошқакөлдегі Ақбұлақ бекінісіне қарай жасырын аттанып кетуіне қолқабысын

береді. Бір игілікті істі тындырғанына көңілі тоғайып, түн койнауына сіңіп кетеді...

Ковалевскийлер тыным таппастан екі жарым тәулік бойы шапқылай отырып, үш жүз шақырым жердегі Ақбұлақ бекінісіне қарашаның 25-і күні жетіп аман қалады. Бұл кезде Хиуа әскерлерінің екі мыңдай сарбаздан тұратын қолы да, Перовский армиясының негізгі күштері жеткенше, төрт жүздей жауынгері бар Ақбұлақты жойып жіберуді көздеп, Шошқакөлге қарай беттеп келе жатқан болатын. Сол жылы ерте басталған қатты суық пен боран екі жаққа да оңай тимейді. Орыс отрядтары үлкен қиыншылықпен желтоқсанның 9-ында ғана Ембіге эзер ілігіп, сол жерде тынығып, науқастарын емдеп, үсіктерін жазып, арыған көлік малдарын қалпына келтіріп жатқан күндері, хиуалық сарбаздар да (көбісі – сеңсең бөрікті түрікмендер, қарақалпақтар) желтоқсанның 18-інде Ақбұлаққа шабуыл жасайды. Сонда бекіністегі қорғаныс жұмыстарын шені жоғары, содан екі апта бұрын ғана Махамбет ақынның көмегімен хиуалықтар қолына түспей, осында қашып келіп паналаған Ковалевский ұйымдастырған еді. Қайта-қайта шабуыл жасағанымен, бекіністен атылған зеңбірек оғына қарсы тұра алмаған хиуалықтар ештеңе тындыра алмайды. Ақырған суық, қалың жауған қар олардың да жағдайын мүшкілдендіріп бара жатқасын, кейін қайтуға мәжбүр болады. Қинала, азаптана жүріп елдеріне эзер жетеді.

Қатал қыс орыстардың Хиуа жорығын да орта жолда доғартуға мәжбүр еткен. Қатты суықтың салдарынан қаншама адам мен көлік шығынына ұшырай жүріп қаңтардың ортасында ғана Шошқакөлге эзер жеткен әскердің қиын жағдайын байқағаннан кейін, генерал-адъютант Перовский қалың қар басқан даламен жорықты әрі қарай жалғастыра беру, босқа қырылуға апарып соғады, деген шешімге келіп, кейін қайтуға бұйрық береді. Олармен бірге Ковалевский мен Гернгросс та Орынборға аман-есен оралады... (Шоқанның Омбы губернаторы кеңсесіндегі құпия құжаттар арасынан, осы сәтсіз Хиуа жорығы барысында, соғыс қимылдарына араласпай-ақ мыңнан аса адамның аурудан қаза тауып, үш мыңдай түйе мен екі жүзден аса жылқының өлгені туралы мәліметті оқығаны бар).

...Ковалевскийдің тоғыз жылдай уақыттан кейін, 1849 жылы ХІІІ орыс діни миссиясымен бірге Бейжіңге барғаны, 1853 жылы сол сапарға байланысты «Қытайға саяхат» атты кітап шығарғаны, ол туралы «Современник» журналында рецензия басылғаны да Шоқанға белгілі. Кадет кезінен осындай саяхаттар жасауды армандап жүрген өз басына бұл кітап та ерекше әсер еткен. Ковалевский 1851 жылы Құлжа шартын дайындап, оған қол қоюшылардың бірі. Аңғарған адамға алдағы күндері өзі аттанғалы отырған Құлжа сапары да сол зерттеушінің бес жыл бұрын жүрген жолын қайталау емес пе?

Міне, бүгін де Ковригинмен бірге арбада отырып, екеуі Ковалевскийдің қызықты саяхаттары туралы талай әңгіменің басын қайырып тастады...

Әрине ол кезде Шоқан екі жылдан кейін дәл осы саяхатшы-ғалымның – Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің директоры, генерал-майор Егор Ковалевскийдің қолдауымен өзінің есімін әлемге паш ететін әйгілі Қашғар сапарына аттанатынын, одан оралғасын Петерборда осы әйгілі жиһангез-қаламгердің тікелей қарамағында қызмет ететінін біле қойған жоқ еді.

\* \* \*

Шілденің түске қарай ерекше ысып кеткен күні арба үстіндегі жолаушыларды әбден қаталатты. Қымыз ішейін десе жолшыбай жылқылы ауыл да кездесер емес. Егін салған жұрт ғана піскен астыққа орақ салу үшін жайлаудан енді түсіп жатыр. Тек таудан жөңкіген өзендердің салқын суына қайта-қайта шомылып жан сақтап келеді. Осылайша кешке қарай Ақсудан отыз шақырымдай жердегі Сарқан өзеніне де жетті.

Кешкі асты қоналқаға тоқтаған ауылдан ішерміз деген оймен, жолға тамақ алмай шыққан олар, енді ашық аспан астында аш жатамыз ба деп отырғанда, таудан еңіске қарай беттеген ауылдардың көштері дәл бұлардың үстінен түссін. Алайда Шоқандар тоқтаған өткел маңына қонуды көздеп келе жатқан бірінші көш, бұлардың қасындағы мылтық асынған казак-орыстарды көрген замат, бұрылып безе жөнелсін... Ақырында Шоқан шыр-пыр боп жүріп бір көшті әуіріммен тоқтатты.

Казак-орыстар әбден қорқытып, зәрезең күйге ұшыратқан байғұстар оның «бізден сескенбеңіздер» деген сөзіне әзер сеніп, үрке-үрке бұлардан үш шақырымдай жерге барып жайғасты. Қыздарының үстіне жыртық бешпенттер кигізіп, беттеріне күйе жағып әлек болды. Шоқандарға арнап үй тігіп жүріп те бұлар жаққа мазасыздана қарап қояды.

Өткел маңынан түні бойы тізбек-тізбек көш өтумен болды. Ертеңіне таңертең де үзілген жоқ. Бұлар ұйқыдан тұрған кезде сәнді киінген келіншектер мен қыздар бастаған бір түйелі керуен де бар салтанатымен жандарынан өтіп бара жатты. Ауылдардың бәрі жазық алқапқа сепкен егіндерін жинап алуға асығулы. Орақты бітіргесін, олар тамыздың соңына қарай Балқаш жаққа беттеп, құм арасындағы қыстауларына жақын тұстағы күзектеріне қонады.

Шоқан көштердің сырт көрінісіне қарап, наймандардың арқадағы арғындардың көшімен салыстырғанда, жұпынылау екенін байқады. Біраз киіз үйлер өгіздерге де артылыпты. Араларында сол зеңгібаба тұқымына мінген әйелдер де көрінеді. Киімдері жүдеу. Мана таңертең өткен түйелі керуеннен басқа сәнді көш байқалмады. Сөйтсе ол төренің ауылы екен. Аздан соң сол төңіректен көп ұзай қоймаған салтанатты көш иесі төренің өзі де бұларға келіп арнайы жолыққан. Ол осы жерде әскер ерткен шенеуніктердің жүргенін естігесін, олармен амандаспауым ыңғайсыз болар деген оймен, құр қол келуді жөн көрмей, қасындағы нөкерлеріне бір торсық қымызы мен қойын өңгертіп ат басын бұрыпты.

Жайласа отырып, мән-жай сұраса келе, Шоқандардың не мақсатпен жүргеніне әбден қаныққан соң, олардың өзі сескенетін зәсідателдерге еш қатысы жоғына, өздерінше жүрген адамдар екеніне көзі жеткесін, әлгінде қонақжайлық таныта келген төре нілдей бұзылсын. Даусын көтеріңкірей сөйлеп, алдында сый-сияпат ретінде алып келген қойын үш есе бағасына сатты. Оның бұл құбылуына Ковригин мен Шоқанның жанына ере шыққан казак-орыстар да сырттай мән боп қарап тұр еді. Бұрын өздері заседательмен бірге келген кездерінде иіліп жастық, жайылып төсекке айналып, жымдай боп жүретін төренің мына еркінсуін олар да байқап қалыпты.

Сарқан өткелінен әрі қарай Суықжайлау таулары басталады.



Тау беткейі жайқалған шалғын, қазақтар қыстық шөбін осы жерлерден орады. Ағыны екпінді Басқан өзеніндегі өткелден қинала өткен жолаушылар сол күні қырық шақырымдай жер жүріп, Теректі бойында жатқан ауылға келіп қонды. Лепсіге барып құятын тап-таза мөлдір сулы бұл өзен жағасы қаптаған терек екен.

Теректіден кейінгі жол өр. Ол жегінге үйренбеген қазақ жылқыларына да салмақ түсіріп, біраз қинады. Ауыздықтарымен алыса, арбаны оңды-солды жұлқып, үстіндегілерді әбігерге салды.

Жолаушылар бет алған Шұбарағашқа қарай жер көркі ерекше құлпырады. Үзеңіні қаға жайқалған гүлді шалғын, тау бөктерін көмкерген балақты самырсын мен ақ қайың көздің жауын алып, көңіл тасытады. Шоқанның арнайы көруге ынтығып, сапарға шығарған Шұбарағаш-Ойжайлау деген әсем өңір осы. Ол бұл сұлу аймақ туралы күнделігіне: *«даланың оңтүстік-шығыс бөлігіндегі шаруа тірлігі жағынан алғанда ең тамаша мекен»*, деп тамсанған жолдар түсірді. Ойжайлау – Ағынықатты өзенінен шығысқа қарай жатқан, ортасынан Лепсі суы тарам-тарам боп ағатын, шұңғыл жазық. Қазақтарға талай заманнан кең жайлау, шұрайлы қоныс болған жер жаннатындай бұл жазыққа отаршылар қалай қызықпай тұра алсын? Былтыр осында Жоғарғы Лепсі атты станицасының іргесі қаланыпты. Әуелі 10-шы казак-орыс полкінің жүздігі орналасқан екен, биыл Том мен Тобыл губернияларынан екі жүздей отбасы лек-лек боп қоныс аударып үлгеріпті. (Кейіннен тарихшы, Семей облыстық басқармасының шаруашылық бөлімінің бастығы Н. Абрамовтың жазуына қарағанда, сол 1856 жылдың соңында станицада 200 қарашекпен шаруа, 194 казак-орыс отбасысы тұрған).

Шұбарағаш өңірінің әсемдігі – Шоқаннан басқа саяхатшылардың да назарынан тыс қалмай келе жатқан тақырып. Оны келесі жылы Ойжайлауға арнайы соққан П. П. П. Семенов те атап өтеді. Ол: *«Шұбарағаштың сұлулығы... француздың Вогез бен немістің Пфальц секілді әлемге әйгілі жазықтарынан артық болмаса, еш кем емес»*, – деп бағалайды.

1846 жылы осы жерге Сібір қазақтары облысының шекара бастығы, генерал-майор Н. Ф. Вишневскийдің басқаруымен Ұлы жүз бен Орта жүздің игі жақсылары бас қосқан құрылтайды

өткізу, ел арасындағы дау-шарларды шешу және санақ жүргізу мақсатымен келген экспедиция мүшесі Адольф Янушкевичтің Шұбарағаш туралы жазғаны тіптен ерек. 1830 жылы Польшада өткен ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқаны үшін қазақ даласына айдалып, 1841 жылдан Омбыдағы шекара басқармасында іс қағаздарын тіркеуші болып ауысуға рұқсат алған ол, осы экспедиция барысында күнделік жүргізіпті. Және сапар кезінде қағазға түсірген сол жазбаларын Польшадағы туыстарына күнделік-хат түрінде үзбей жолдап отырыпты. Янушкевич қайтыс болғаннан кейін туыстары оның сол жазғандарын жүйелеп, 1861 жылы Парижде кітап етіп басып шығарады. Қазақстанда орыс тілінде 1966, қазақ тілінде 1979, 2003 жылдары екі дүркін басылған «Қазақ даласына сапар туралы жазбалар» атты бұл шығарманы оқып отырғанда, сол дәуірдегі әлеуметтік өміріміз ғана емес, Құнанбай мырза, Барақ, Сөк, Әли, Бексұлтан, Хакім, Құсбек, Бөлен, Адамсат төрелер, Мәуке мен Бейбіт билер, Жанак, Орынбай және Түбек шайырлар, зағип ақын қыз Жазық... туралы қаншама қазыналы деректер мен құнды мінездемелер жолығады десеңізші.

Қазақ халқының бітім-болмысы, әдет-ғұрпы, данышпандығы, кемел рухани байлығы адал пейілмен тамсана бейнеленген осы кітапта Шұбарағаш-Ойжайлаудың сұлулығы туралы да жақұттай жарқыраған жолдар бар. *«...Ойжайлау алабындағы көркемдігі көз сүріндіретін Лепсі жағасына, Бөлен сұлтанның ата жайлауына тоқтадық. Бұл жердің сұлу табиғатын Сізге толық елестету үшін мен сонау Омбыдан осында жаяу жетсем де, төгілген терім еш кетті демес едім. Дүниеде ешбір король мұндай жерде тұрып көрген жоқ шығар. Үстімізге қайың, терек, самырсын жамылған таулар төніп тұр. Сайында алма, жиде, ырғай, алуан түрлі жеміс ағаштары жайқалып, жұпар иісін шашады. Бұл таулардың үстінде қылқан жапырақты орманға оранған тағы бір тау тұр. Оның аржағында тағы бір тау бұлтқа сұғына, мәңгілік қыс билеген жерде бой көрсетеді. Біздің көз алдымызда бірнеше арнаға тарамданып, тас-тасты қуалып, Лепсі өзені ағып жатыр. Қайда барсаң да белуардан келетін көгөрай шалғын! Қыраттарда жылқы, сиыр, түйелер жайылып жүр. Бұл өңір жер үстіндегі нағыз жұмақтың өзіндей. Әттең, суреттеуге,*

*бұдан әрі жазуға тілім жетпейді», – деп ақтарылады айдауда жүрген ақынжанды ақжүрек тұлға.*

...1856 жылдың сәуірінен басталып, шілденің ортасына дейін созылған Ыстықкөл мен Жетісу өңіріне жасаған сапары жөнінде жүргізген күнделігін Шоқан Шұбарағашқа жеткенде тұйықтады.

Біреп күннен кейін ол кезекті сапарына аттану үшін, Құлжаға баратын дипломатиялық миссия мүшелерінің жиналатын орны Қапалға қайта оралған еді.



*Шоқан Уәлиханов*



*Шоқанның әкесі –  
аға сұлтан  
Шыңғыс Уәлиұлы*



*Аға сұлтан Шыңғыстың жайлауға қонған ауылы  
Н. Буланженің фотосы (1860 жылдар шамасы)*




**«Сырымбеттегі Айғаным қонысы».**  
Ш. Уәлиханов. Қарындаш. 1853 ж.



**«Айғаным қонысы» тарихи-этнографиялық кешені**  
Сырымбет ауылы.



**«Құсмұрын мен Үй бекіністері арасындағы бекет жолы». Ш. Уәлиханов. Акварель. 1852 г.**  
(Осы картада Күнтимес ордасының орны Шоқан қолымен «КСТАУ» деп көрсетілген)



«Елдің жайлағанда қонған жерлері».  
Ш. Уәлиханов. Акварель. 1852 ж.



Омбы облысының гербі. 1825 ж.





***Шоқан оқыған Омбы кадет корпусы ғимараты***




***Корпус үйі  
қабырғасындағы  
Шоқанға арналған  
естелік тақта***



***Омбыдағы Шоқан  
Уәлиханов ескерткіші.  
Мүсінші А. Баярлин.  
2004 ж***



**«Шоқан інілерінің топтық портреті»**  
Ш. Уәлиханов. Қарындаш, тушь. 1855 ж.



**«Автопортрет».** Ш. Уәлиханов. Қаламұш. 1856 ж.




*Батыс Сібір генерал-губернаторы  
Г. Х. Гасфорт*



*«Қозы Көрпеш – Баян сұлу  
мазары жанындағы тас мүсіндер».  
Ш. Уәлиханов. Қаламұш. 1856 ж.*

*«Ұлы жүздің  
сұлтаны Тезек»  
Н. Кошаров.  
Акварель. 1857 ж.*





**«Отрядтың Меркі өзені жағасында түнемелікке тоқтауы».**

Ш. Уәлиханов. Қарындаш, қаламұш. 1856 ж.




**«Ұлы жүздің сұлтаны Мамырхан Рүстемұлы».**

Ш. Уәлиханов.  
Қарындаш. 1856 ж.



**«Қырғыздың бұғы руының аға манабы – Боранбай».**  
Ш. Уәлиханов. Қарындаш. 1856 ж.



**«Түп өзені алабындағы қырғыз бейіттері».**  
Ш. Уәлиханов. Қарындаш, тушь. 1856 ж.



**«Отрядтың Түп өзенінен балық аулауы».**  
Ш. Уәлиханов. Қарындаш. 1856 ж.

**«Ыстықкөл қырғыздарының әйелдері».**  
Ш. Уәлиханов. Қарындаш. 1856 ж.





**«Үш аяш».**  
Ш. Уәлиханов. Қарындаш. 1856 ж.



**«Ыстықкөл қырғыздарының көші».**  
Ш. Уәлиханов. Қаламұш. 1856 ж.

**«Қырғыздың  
сарыбағыш  
руының манабы  
– Сартай».**

Ш. Уәлиханов. Акварель.  
1856 ж.




**«Ұлы жүз қазақтары».**  
Ш. Уәлиханов. Қарындаш. 1856 ж.





*«Қазақ жігітінің портреті».*  
Ш. Уәлиханов. Қарындаш. 1856 ж.



*«Іле Алатауы баурайындағы бекет».*  
Ш. Уәлиханов. Қарындаш. 1856 ж.



**«Ле өзені жағасындағы Тамғалытас  
жартастарында бейнеленген үш бұрхан кескіні.**

Ш. Уәлиханов. Акварель. 1856 ж.



**«Қазақтың портреті».**

Ш. Уәлиханов. Қарындаш. 1856 ж.



**«Ашық түсті шапан  
киген қырғыз».**

Ш. Уәлиханов. Бояу  
қарындаш. 1856 ж.



*«Сөк сұлтан отбасымен».* Т. Аткинсон. Кескіндеме.  
1848-1849 ж.



*«Қалмақ жайсаңы».* Ш. Уәлиханов. Қарындаш. 1856 ж.



**«Құлжадағы қытай билігі шенеунігінің қабылдауы».**

Ш. Уәлиханов. Қарындаш. 1856 ж.



**«Апийн шегушілер».**

Ш. Уәлиханов. Қарындаш. 1856 ж.



**«П. П. Семенов Тянь-Шаньда».**

П. М. Кошаров  
(саяхатшы Семеновтың  
Тянь-Шань  
экспедициясындағы  
суретші серігі).  
1857 ж.



**Егор Петрович Ковалевский**



**Орыс географиялық  
қоғамы мүшесінің куәлігі**






**«Шығыс Түркістан ұйғырларының түр пішіні».**  
Ш. Уәлиханов. Қарындаш. 1859 ж.



**«Шығыс Түркістан әйелдерінің киімдері».**  
Ш. Уәлиханов. Бояу қарындаш.  
1858 ж.



**«Қашқарлық келіншек».**  
Ш. Уәлиханов. Қарындаш. 1859 ж.




*Ш. Уәлиханов пен Ф. М. Достоевский.*  
Семей. Фото. 1859 ж.





**Шоқан Уәлиханов. 1860 ж.**  
Петербург. Фото. Г. Борель ательесі



*Шығыстанушы  
ғалым  
Мұхаммедәлі  
(Александр  
Касимович)  
Қазымбек  
мырза*



*И. Н. Берзин*



*Ақын  
Аполлон Майков*



*Ақын  
В. В. Крестовский*




*Ғалым  
Х. Файызхан*



*Орынбор облысы Шығыс бөлігінің әкім-  
сұлтаны Ахмет Жантөрин.  
1840 жылдардың соңы*



Профессор А. Н. Бекетов.  
1850 жылдар



Шоқанның 1862  
жылғы 2 қаңтарда  
Сырымбеттен  
А. Н. Бекетовке жазған  
хаты

2- Тамыз 1862  
А. Н. Бекетов  
Сырымбет



«Қанғожаның  
портреті».


Ш. Уәлиханов.  
Қарындаш, тушь.  
1862 ж.



Мақы Шыңғысұлы




Қоқыш Шыңғысұлы



«Қазақ  
музыкант-  
тары.  
Бақсы –  
қобызбен әуен  
қосушы».  
Ш. Уәлиханов.  
Қарындаш,  
қаламұш.  
1862 ж.



*Шоқан  
Уәлиханов.  
1864 ж.*



*Г. Н. Потанин*



*Н. М. Ядринцев*



*Семей облысының әскери губернаторы, генерал-лейтенант Г. А. Колпаковский*



*Жетішәр ханы Жақыпбек (Мұхаммед Якупбек аталық)*




*Мұса Шорманов.  
Баянауыл  
дуанының аға  
сұлтаны (1854-  
1868), полковник,  
этнограф*



*«Тезектің портреті». Ш. Уәлиханов.  
Қарындаш. 1865 ж.*



*Сұлтанғазы Болатұлы Уәлиханов. 1891ж.*



**Шоқанның Құлжаға (1856 ж.) және Қашқарға (1858-1859 ж.) жасаған саяхаттарының маршруты**





**Ұлы ғалымның  
Кербұлақ ауданы  
Шоқан ауылындағы  
ескерткіші. Мүсінші  
И. Рукавишников.  
1979 ж.**



**Шоқанның  
басына мәрмәр  
тастан  
қойылған белгі.  
1881 ж.**



**Шоқан Уәлиханов  
бейітіне  
орнатылған  
obelisk- құлпытас.  
1958 ж.**




**Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел»  
мемориалдық музей-кешені  
(Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Шоқан  
ауылы)**



*Н. И. Веселовский*

*Ш. Уәлихановтың 1904 жылы  
жарық көрген тұңғыш  
шығармалар жинағының  
атау беті*





**Семейдегі  
«Ш. Уәлиханов пен  
Ф. М. Достоевский»  
ескерткіші.**  
Мүсінші  
Д. Г. Элбакидзе.  
1977 ж.



**Алматыдағы Қазақ Ұлттық ғылым академиясы  
ғимараты алдындағы Ш. Уәлиханов ескерткіші.**  
Мүсінші К. Наурызбаев. 1969 ж.

## БЕСІНШІ БӨЛІМ

### ҚОРҒАНЫ БИІК ҚҰЛЖА

#### I. Сөк төренің таныстары

Құлжаға баратын адамдардың алды Қапалға жинала бастапты. Семей облысының әскери губернаторы Спиридоновты қарсы алу үшін Алматыдан Хоментовский де келіпті. Шоқанды көргеніне емен-жарқын пейіл танытқан полковник, ол Ыстықкөлден қайтқаннан кейінгі жайлардан хабардар етті.

Сарыбағыштар мен бұғыларды татуластыру жұмысы нәтижесіз аяқталған соң, бұғылардың өздері де орыстарға қырын қарай бастаған көрінеді. Бұларға Қарқарада Боранбай манаппен бірге келіп жолыққан Мұратәлі, Шоң-Қараш билер мен тоқай атасының биі Балбай Есқожаұлының төңірегінде жүрген қырғыздар карта сызу жұмыстарын жалғастырып жатқан экспедиция адамдарына тиісуге кірісіпті. Шоқан кеткеннен кейін Хоментовскийдің Ыстықкөлдің батыс жағалауында жер шолып жүрген хорунжий Жеребьятовтың шағын отрядына жіберген поштасы тоналса, енді бірде урядник Сомовтың топографтар отрядына шабуыл жасалыпты. Сол күндері Гасфорттан Ыстықкөлдегі отрядтың кері қайтуы туралы нұсқау түсе қалады да, бұлар тез жиналып Алматыға оралады.

– Бекіністе Семей әскери губернаторы Спиридоновтың Қапалға келетіні жөнінде хабар да күтіп жатыр екен. Бастығымды қарсы алу үшін жеткенім ғой. Ол кісі де сендермен Құлжаға баратын көрінеді, – деді Хоментовский.

Онымен бірге келген тілмаш Бардашев те Шоқанмен тағы бір сапарға қатысатынын естігенде, кәдімгідей қуанғанын айтып жатыр. Бардашевті Қапал бекінісінің әуелгі тұрғындарының бірі десе де болады. 1848 жылы Омбы кадет корпусы жанындағы тілмаштық оқуды бітірісімен, Ұлы жүз приставының қарамағына жіберілген ол, осы қамалдың алғашқы кездердегі жағдайын жақсы біледі. Алғашқы пристав майор Врангель, ол науқастанып

қалғаннан кейін уақытша келген капитан Гутковский, одан бергі Перемышльскиймен, Қапалдың алғашқы атаманы Абакумовпен сол жылдардан таныс.

Олардың Құлжаға қарай аттануына әлі бірнеше күн бар екені белгілі болғаннан кейін, Шоқан Бардашевке өзінің Шұбарағаш-Ойжайлауға барып, ол өңірдің сұлулығына ерекше риза боп, тамсанып қайтқанын айта отырып:

– Қапалдың оңтүстік желкесіндегі жота үстінен әйгілі Қора жайлауының әсем көрінісін тамашалауға болады, деп естідім. Саған ол бұрыннан да таныс шығар. Абакумовтен жолбастаушы, көлік сұрайын, бірге барып көріп қайтайық, – деген ұсыныс жасады.

Ертеңіне олар шындары шып-шыңылтыр боп көз қарықтырып тұрған Жетісу Алатауының биіктеріне қарай беттеп бара жатты. Тауға қарай өрмелеген жол бірер сағаттан кейін жота үстіне алып шыққанда, аржағынан ғажап табиғат көрінісі көздің жауын алды. Сонау төменде Қараталға барып құятын Қора өзенінің терең аңғары шұбалаңдайды. Көбік шашқан жойқын ағынды тау суы жоғарыдан жіп-жіңішке күміс жіптей боп көрінгенімен, тастан-тасқа ұрған алапат гүрілі ауаны жаңғырықтырады. Өзеннің арғы бетіндегі қалың самырсын, одан әрі сыңсыған қалың бұтаға жалғасып барып, желкілдеген көгөрай шалғынды жазық. Қазақтардың жаз жайлауға шығатын Қора деген әйгілі жайлауы осы. Оның аржағынан төбесін қар бүркенген аппақ шындар асқақтайды.

– Өзеннің төменгі жағында Бұрқанбұлақ атты сарқырама бар, – деді Бардашев сұлу табиғат көрінісіне тамсана қарап тұрып. – Оның түбінде жатқан әулиетасты қазақтар қасиетті санап, тәу етеді. Қораға Текелі қосылғаннан кейін Қаратал деп аталып, әрі қарай Сөк бекетінің жанымен өтеді. Сөк Абылайханов басқарған қалың жалайыр сол Қаратал алабынан Ілеге қарай қоныстанған...

Тау жотасы үстінде маңайдағы әсемдікті шола қарап, өзінің білгендерін таныстыру үстінде әңгімешіл Бардашев, Қапалда қызмет еткен жылдары Сөк сұлтанға кездесіп тұрғанын да қоса айта кеткен.

– Мен келген алғашқы жылдың өзінде Сөк төренің бекініске жиі ат басын бұрып тұратыны бар еді. Приставка жолығатын, сол қыста Қапалды қыстаған ағылшын саяхатшысы, суретші

Аткинсонның үйіне соғатын, әйтеуір бір аралап қайтатын. Жасы сексенге келген адам, деп ойламайсың, әбжіл, қунақы. Өзін Ұлы жүздің басты тұлғасы ретінде есептейді. 1850 жылы Қапалға инспекциялық сапармен келген генерал-губернатор Горчаков оны Ұлы жүздің аға сұлтаны етіп тағайындағаннан кейін, көңілі тіптен тасыды. Манайына кәдімгідей мардамси қарауға ауысты. Біз сияқты пристав қасында жүрген тілмаштарды да менсіне бермейтін болды, – деп жымыды.

Шоқанды Сөк төренің саяхатшы Аткинсонмен қатысы туралы әңгіме елең еткізді. Кадет корпусы ұстаздарынан 1848-1849 жылдары ағылшын сәулетшісі Томас Уитлам Аткинсонның зайыбын ертіп, қазақ жеріне саяхат жасап, көптеген суреттер салып қайтқанын әлденеше рет естіген. Олардың жүрген маршруттарына қатысты қызығушылық танытқаны да бар еді. Аткинсон бұл сапарға сонау 1829 жылы I Николай патшаның арнайы шақыруымен келіп Ресейді аралаған әйгілі неміс географ-жиһангезі Александр Гумбольдтың тікелей әсер-ықпалымен шыққанын айтады екен. Ал сол сапары барысында Омбы әскери училищесіне арнайы соққан Гумбольдт – кадет корпусы шәкірттеріне аңыз секілді боп кеткен ерекше есімдердің бірі. Атақты ғалымның сол жылы Еділ, Жайық бойын аралап, Бөкей ордасының ханы Жәңгірге жолыққаны, Орынборда саяхатшы-ғалым Г. С. Карелинмен жүздескені, Тобыл, Омбы, Семей, Өскеменде болып, сол сапарларының нәтижесінде «Орталық Азия» атты еңбек жазғаны Шоқанға жақсы таныс.

Аткинсон да сол Гумбольдт сияқты, I Николай патшаның өз қолынан ел аралауға айрықша рұқсат беретін құжат алыпты. Императордың алдынан өтіп келген ағылшын саяхатшысына Омбы губернаторы кінәз Горчаков те бар жағдайды жасап, даланы емін-еркін шарлауына көмегін аямай, барар жерлеріне нұсқау жіберіп, қасына қарулы күзет қосыпты. Оның зайыбымен Қапалда бір қыс тұрғанын сол жылдарда қамал бастығы қызметін атқарған Абакумовтен де естіген. Енді міне Бардашев те сол әңгіменің шетін шалды.

– Аткинсонмен өзің кездесе алдың ба? – деді Шоқан.

– Әрине. Мен приставтың қасында жүретін тілмаш емеспін бе? Ерлі-зайыпты Аткинсондардың қалай келгені, осында қалай

қыстағаны, қыс қарсаңында әйелі Люси ханымның ұл тапқаны, бәрі-бәрі көз алдымда. Айтпақшы, олардың баласына қалай ат қойғанын естіп пе едің?

– Жоқ. Қандай ат.

– Қазақша. Алатау-Тамшыбұлақ деген қосарлы есіммен атады.

Шоқанның таңдана қарағанына жымия бір күліп алып:

– Камал түбіндегі Тамшыбұлақты өзің де көрдің ғой. Сол әсем қайнар ерлі-зайыптыларға айрықша әсер еткен болуы керек. Жетісу Алатауында туғандықтан, оған алдымен – Алатау деп ат қойды, содан соң – Тамшыбұлақ деген есімді қосымша берді.

Бекініске келген әрбір адам бір көріп кетуге ұмтылатын Тамшыбұлақ – шынында да табиғат ғажап етіп жарата салған құбылыстардың бірі. Шұрайлы тау шатқалының жарқабақты жартасынан мөлдірей шыққан тамшылар, төмен қарай түрлі-түсті гауһар шашылғандай сан құбылып жалт-жұлт боп тамып жатады. Қыста да, жазда да тоқтамай үзіле тамып тұратын қайнар басы Тамшыбұлақ деп аталады. Ол жер қойнауынан бүлкілдей көтерілген мол су көзімен қосылады да, қала маңындағы Қопалы өзеніне барып құяды.

Шоқан ерекше бұлақтың қиырдағы Альбион елінің өкілдерін де тәнті еткеніне іштей риза боп қалды.

– Сөк сұлтанмен қалай танысып жүр екен?

– Аткинсон алдымен Омбыға соғып, генерал Горчаковке жолықты емес пе. Сонда губернатор суретші сапары өтетін аймақтар басшыларына хабар жіберіп, саяхатшыға қолдан келген көмек көрсетілуі керектігі жөнінде нұсқаулар беріпті. Қолында патшаның рұқсат қағазы тағы бар. Қазақ жеріне Алтай арқылы келеді. Семей, Аягөз, Алакөлді басып өткесін, Бексұлтан Ағадайұлы төренің ауылына жетіпті. Ол бір басына он мың жылқы біткен аса бай адам. Денесі де ересен толық. 1845 жылға дейін Аягөз дуанының аға сұлтаны болған. Аткинсон оның үй-ішімен бірге отырған суретін салыпты. Төрені бүркітін жемдеген қалпында бейнелеген екен. Оның ауылынан шыққан соң Шұбарағаштағы жайлауында отырған Аягөздің қазіргі аға сұлтаны Бөлен Саңқайұлына барып жолығады. Оның ауылынан бермен қарай, кешегі өзің Ойжайлауға барып-қайтқан жолмен төрт күн бойы жүріп отырып, мына батыс беттегі Алмалы,

Балықты жақтағы Сөк төренің ауылына жетеді. Оның да үйшімен отырған суретін салыпты. Сұлтанды үстіне қызыл шапан, қолына I Александр патшаның атынан берілген қылышты ұстап отырған қалпында бейнелепті. Жанында әйелдері. Мен Сөктің мұрны түп-түзу боп салынғанын байқадым. Ал негізінде төренің мұрнына, бір барымтадан өршіген шапқыншылық кезінде айбалта тиіп, қисайып біткен. Аткинсон оның жайын да түсіндіріп берді. Сөк суретін салғыза бастағаннан-ақ: «мұрнымды түзу етіп салшы, патша ағзам оның қисық екенін көрсе, мен туралы жаман ойда қалады ғой», – деп өтініпті...

Шоқан сақылдап күліп жіберді.

– Қайран, менің аңқау бауырларым-ай.

Қапалға қайтар жолда да Аткинсондарға қатысты әңгіме желісі үзілген жоқ. «Алғашқы пристав майор И. Д. Врангель өзін қарапайым ұстайтын, күлдіргі әңгімелер айтуға шебер адам еді, – деді Бардашев. – Барон Омбыдағы шекаралық комиссияның тапсырмасы бойынша, қазақтар мен қырғыздардың ертегілері мен аңыз сөздерін, шежірелері мен жырларын жинап, аттандырып отыруды мұқият атқарушы еді. Өзінің қарамағындағы Фролов, Нифонтьев және мен сияқты тілмаштарды сол жұмыстарға жегіп қоятын. Өз басы да приставқа арнап тігілген, әрі мейманхана іспеттес кең шатырында үстіне қазақы мол шапан, басына тақия киіп, ұзын қорқорын тартып отырғанды тәуір көрегін. Оның шатырының бір жағын мекендейтін инженер-офицер әрі топограф майор Логунов та дәл сол сияқты киінуші еді. Аткинсондар келгеннен кейін олардың ортасы толып, ұзақ отырып әңгіме-дүкен құратын болды. Аткинсонның флейтада ойнайтыны барон Врангельге тіптен ұнайды. Өзі де гитараны тәп-тәуір тартады. Екеуі кезек пе кезек Люси ханым, майор Логунов, капитан Абакумовтардан тұратын аз ғана аудитория алдында білетін шығармаларын орындайтын, бәрі қосылып ән салатын. Өздері мұны қалжың араластыра музыкалық кештер деп атайтын. Өр кештің соңы Англия мен Ресейдің гимнін орындаумен аяқталатын».

Аткинсондардың соңын ала Қапалға бірқатар офицер әйелдері келгеннен кейін пристав оларды Люси ханыммен таныстыру үшін арнайы бал да өткізіпті. Қолдан келгенше, бәрін



қалалы жердегідей ұйымдастыруға тырысыпты. Баронның Ералы дейтін денесі аса зор, өзі орысша білетін көмекші қазағы болды. Үстіне ұржаңа сәнді шапан, басына биік қалпақ, аяғына қызыл саптиян етік киген ол балға келген ханымдарды есіктің алдынан қарсы ала, қошеметтеп ертіп әкеліп, кезек-кезегімен: «Мадам Исмаилова! Мадам Тетчинская! Мадам Серебрякова!..» деп таныстырып тұрыпты. Аздан кейін олардың күйеулері де келіпті. Бегіне кілем төселген тақтай орындықтарға қаз-қатар жайғасқан қонақтарға Ералы шай, кофе, шоколад сусындарын үлестіріпті. Сосын арнайы шақырылған әскери музыканттар полька, кадрил әуендерін тартып, кәдімгідей би басталыпты.

Ешкім де әу баста мадам Люси Аткинсонның қарашаның ортасында мерзімінен бұрын босанған ұлын тірі қалады, деп ойламаған көрінеді. Сол айда Қапалда дүниеге келген сәбилердің бәрі жағдайдың жоқтығына байланысты түгел шегінеп жатқасын, шала туған бұл баладан да үміттен қоймапты. Алайда Алатау-Тамшыбұлақ ныспылы ағылшын нәресте қазақ жері атауының аруағы қолдап, тірі қалғаны былай тұрсын, Қапалдан кеткенше түк ауырып-сырқамапты, қыңқ етіп жылағанын да ешкім естімепті. Кішкентай сәбиді жұрттың бәрі жақсы көріпті. Солардың бірі Сөк төре еді. Ол сәби Алатауды көріп кету үшін бекініске жиі соғып тұрыпты. Адамдары арқылы балаға арнап, қой етін арнайы жеткіздіреді екен.

Аткинсондар Қапалдан 1849 жылғы мамырдың соңында ғана қайтқан еді. Ақсу, Басқан, Лепсі, Алакөл арқылы Шәуешекке дейін жетіп, әрі қарай Барнаулға асатындарын айтқан. Олармен майор Врангель, капитан Абакумов, Сөк сұлтан, бекіністегі офицерлер мен олардың әйелдері болып, қимай қоштасқан еді. Сөк төре қайта-қайта еміреніп кішкентай Алатаудың бетінен сүйсе, Ералы зор денесіне қарамай, көзіне жас алып, кәдімгідей босапты...

Шоқан өзінің Құлжа сапары жолжазбасында Қапалда болған күндерін Татариновтың үйінде өткізгенін айтады. Бұл, шамасы, орыс діни миссиясының дәрігері ретінде 1840 жылдан 1849 жылға дейін Бейжіңде тұрып, қытай тілін меңгерген, қытай медицинасын зерттеген, сол елдің емдік шөптерінің атласын шығарған, ғылыми еңбектері үшін медицина докторы дәрежесін алған Александр Алексеевич Татаринов болса керек. Татаринов

1850 жылы Петерборға қайта оралып, Сыртқы істер министрлігінде драгомандық (аудармашылық, арабша – *тәржіман* сөзінен туындаған) қызмет атқарады. 1851 жылы Шәуешектегі алғашқы орыс консулы болып тағайындалады. Шетте жүрсе де Қытай медицинасының ерекшеліктері туралы мақалаларын жазып ғылыми жұмысын үзбеген консул былтыр Шәуешекте өткен ішкі жақтан жер ауып келген алтын іздеушілер топалаңы кезінде әзер қашып құтылып, іргедегі Бақты бекетіне жетіп, одан кейін Семейге келіп тұрақтаған еді. Оның бұл жолы алдағы келіссөзге қатысты ең керекті мәліметтерді берушілердің бірі ретінде, Қапалға ертерек келіп, миссияның негізгі мүшелері Перемышльский мен Уәлихановқа жолығып, оларды біраз жайға қанықтырғаны анық.

Шоқанның одан 1851 жылғы полковник Е. Ковалевский бас болып қол қойған Құлжа шарты, сол жолы ол жаққа елшіліктің қай бағытпен барғандары туралы сұрауы да әбден мүмкін. Өйткені Татаринов те Құлжадағы қазіргі орыс консулы, мәнжу, қытай тілдерінің білгірі Иван Ильч Захаровпен, Жетісу Алатауының физика-географиялық жағдайын зерттеп жүрген кен-инженер әскерінің капитаны, тегі грек Александр Георгиевич Влангалимен бірге сол елшіліктің құрамына енген болатын. Захаровтың білімді тұлға екендігін Костылецкийдің аузынан көп естіп ғана қоймай, ұстазының үйінде өзімен жолыққаны да бар. Құлжада консулдық ашылғанда Захаровтың Костылецкийді хатшылыққа шақырғанынан да хабардар. Алайда ғылыми мекемелерге ауысамын ба деп ойлап жүрген ұстазы бұған ыңғай бере қоймаған еді. Кейіннен Шоқанға «сол жолы Захаровтың ұсынысын бекер қабылдамаппын», деген өкінішін де білдіргені есінде.

1851 жылдың жазында бір зеңбірек пен казак-орыс отрядын ерткен Ковалевский елшілігінің Құлжаға барған жолы да ертендері Шоқан шыққалы отырған бағытпен бірдей еді. Олар ежелден Ірбіт, Троицк жәрмеңкелерінен қазақ даласы арқылы кесіп өтіп Аягөзге тірелетін, одан қос бағытқа, бірі – Шәуешекке, екіншісі – Құлжаға беттейтін байырғы керуен жолының Қапал арқылы өтетін тармағымен жүрген-ді. Содан Қаратал жазығы арқылы қазіргі Көксу бекеті тұрған жерге дейін жеткесін, Шұбар жазығынан солға бұрылып, Аралтөбе шоқысынан шығысқа

қарай созылған Үйгентас аңғарынан асып, Құлжаға тіке тартқанды. Оларды сонда Үйгентасқа дейін жалайырдың аға сұлтаны Сөк төре, албанның аға сұлтаны Тезек және суандардың билеушісі Адамсат төре шығарып салған болатын

## 2. Үйгентас пен Үсек алабы арқылы

1856 жылғы шілденің соңында (ескі күнтізбемен) Қапалдан шыққан Шоқан қатысқан елшілік тобы да осы Үйгентас аңғары арқылы жылжи отырып, тамыздың бірі күні Бұрақожыр өзені бойындағы шекаралық бекетке жеткен. Оларға сырттай сес боп жүру үшін жасақталған 125 казак-орыс пен құрамында бір взвод атты-артиллеристер батареясы бар 120 жауынгерден тұратын арнайы жүздік Үйгентас асуына дейін бірге келді. Оларға сол жерде Құлжадағы келіссөз аяқталғанша күтуге бұйрық берілді. Сонымен қатар көкпектілік казак-орыстармен күшейтілген Үржар отрядына да Шәуешектен 25 шақырымдай жердегі Қатынсу бойына шығып, қажет деп табылса, Құлжаға қарай суыт жүріп кетуге дайын тұру міндеті жүктелді.

Шоқан Бұрақожырға жеткесін ғана Құлжа сапарының күнделігін жүргізуді қолға алады. Ол жолжазбасының кіріспесін ә дегеннен Үйгентас аңғарын бейнелеуден бастайды. *«Барлық Алатау бойынша Сантастан кейінгі ең қолайлы асулардың бірі Үйгентас екендігі күмәнсіз. Үйгентас дегеніміз, дәл айтсақ – тас үйіндісі деген сөз. Оны бұл аты толып жатқан қазақ молалары сияқты жұмыр тастан үйілген шағын обадан шыққан, Далада мұндай мыңдаған оба бар. Бірақ қалай болғанда да Үйгентас даңқты оба болып бүкіл тау аңғары мен асуына өз атауын беріп отыр...»*

Осыдан кейін тау мен дала табиғатын шендестіре сөз еткен Шоқан, бір сәт шалқыған ойын өзі ерекше табынатын, көп өлеңдерін жатқа білетін Лермонтов поэзиясының *«теректер мұнарадай тұрған самсап, ырғиды бұлақтары шулап ән сап» (столпообразные раины, звонко-бегающие ручьи)*, деген екі жолымен сипаттап кетер еді. Ой ағымымен табиғи жымдасқан бұл сөзсурет ақынның «Демон» дастанындағы бірінші бөлімнің төртінші тарауынан алынған үзінді. Осы жерде назар аударарлық бір жайт: Лермонтов қаза табар алдында аяқталған бұл поэманың

Ресейде кітап болып тек 1860 жылы ғана жарық көргендігі. Ол соған дейін патша цензурасы рұқсат етпегендіктен, ел арасында негізінен қолжазба күйінде ғана жасырын тарап келді. Демек, күнделіктегі бұл екі жол – басылуға рұқсат етілмей тұрған кездің өзінде «барша оқи білетін Ресей жаттап алған», адам бостандығы үшін күреске шақырған ұран іспетті дауылпаз рухты дастанды Шоқанның да жатқа білгендігін байқатады.

...Бұлардың керуені ағаш көлеңкесінің саясын паналаған қытайдың қарауыл бекетіне жақын қалғанда, оның маңындағы биіктеу жота басында тұрған сақшы «боран» (адам) деп өңешін жырта айғай салып бекеттегілерге хабар берді. Іле-шала төбесінде айдары бар бірнеше тақырбас шерік балшық дуалдан қылтиып бір көрінді де жоқ болды. Бұл олардың қытайдың сыпайыгершілік салтына сай, өзгелерге әуестікпен қарай беруді жөн көрмеуді ұстанатын дағдысының көрінісі еді. Шоқандар да қытай рәсіміне сай алдарына бастаушы шабарман салған күйі, аспай-саспай өзен жағасына оқшауырақ тоқтап, киіз үйлерін тіге бастады. Бұлар жайғаса берген кезде бекет жақтан қытайлар да көрінді. Олардың бірі атының тізгінін бос қоя беріп, басқаларының алдында баяу жылжып келе жатты, өйткені тағы да сол қытай рәсімі бойынша, өзін-өзі бағалайтын салықалы мырзаға дәл осылай салмақты жүрген лайық боп есептеледі, деп жазады Шоқан. Екі бұлғын құйрығы қадалған қара шұға бөркінің төбелдірігіне домалақ ақ діңсетас<sup>12</sup> қадаған аға офицер атынан

---

<sup>12</sup>*Діңсетас* – Чиң ұлықтарының лауазымы мен шенін айыру үшін бас киімнің төбелдірігіне қадалатын әртүрлі түстегі асыл тастардан дайындалған түйенің құмалағындай шар. Ол Шоқан жазып алған «Манас» жырында *көзотаға, шортас* деп те аталған. Мемлекеттік қызметкердің тоғыз дәрежелік жүйесі бойынша, жоғары 1, 2, 3-ші лауазымды шенеуніктер қызыл түсті лағыл, маржан, ақық діңсетастарды тақса, орта 4, 5, 6-шы дәрежедегілер – көк, ақшыл түсті, төменгі 7, 8, 9-шы деңгейдегілер – алтын (сары), алтын жалатқан, күміс жалатқан діңсетас қадады. Сонымен қатар жоғары лауазымды ұлықтар мен офицерлер бас киімнің артына қарай көлденең бағытталған тауыс қауырсындарын (хуалин) ілді. Генералдар мен кінәздер үш көзді, орта дәрежедегілер екі, кіші дәрежедегілер бір көзді қауырсын қадауға тиіс болды.

түсіп қасына ерген дүңшісімен (тілмашымен) бірге орыс үкіметінің өкілдері отырған киіз үйге кірді де, бойын алға қарай иіп, тамағын кеней сөйлеп: «Чиляофан?» (Қарындарыңыз тоқ па?) деп сәлемдесті. (Қытайлардың әдетінде амандасу – «ас ішу, қарынның тоқтығын» сұраудан басталады. Бұл жерде тоқтық – денсаулықтың белгісі іспетті, өйткені науқас адамның асқа зауқы соқпайтыны мәлім). Содан соң Іле өлкесінің үлкен басшысы жаңжұң (цзян-цзюнь – генерал-губернатор) мен оның серігі хебе-анбының (хебе-анбань – губернатордың орынбасары) аттарынан бұлардың денсаулықтарын, қалай жеткендерін, тағы бірдеңелерді ұзақ сұрады. Өзіне жоғары шығып, тізе бүгіңіз, деген ізет білдірілгеннен кейін ғана ыстықтан қалжыраған ол, қалтасынан орамалын алып бетін сүртіп демін басты, деп жазады Шоқан өз күнделігінде.

Содан кейін офицер өзінің орыс миссиясы мүшелерін Құлжаға ертіп әкелу үшін жаң-жұң жіберген дулай (арнаулы тапсырма орындаушы, шабарман) екенін айтты. Ұлты – мәнжу. Аздап қазақша білетін сияқты. Сондықтан қытай мен қазақ сөздерін араластырып сөйлеймін деп, өзінше бір тіл шығарып, әбден бытыстырып жібереді екен.

Ол осылайша өзінің көп білетіндігін көрсетпек боп мардамсып отырғанда, артынан келген ұлты солаң жасауылы жаңжұң мен хебе-анбы атынан берілген сый деп, екі кой, он қадақ күріш пен сондай мөлшердегі ұнды жеткізді. Орыс миссиясының басшылары ол сыйға ыңғайсызданып, қабылдай алмайтынын білдірген кезде, қытайлар ерекше таңданып, әбігерге түсті де қалды. Өз меймандарын азықпен қамтамасыз етіп, тамағын көтеру Мәншың (Чин) империясының байырғы қонақжайлық дәстүрі, екі ел арасындағы татулықтың, ізгі ниеттің, қалтқысыз ықыластың белгісі екенін айтып шыр-пыры шықты. Бұлардың арасындағы шені жоғары полковник Спиридоновқа жалынғандай боп, сыйды қабылдамау сіздей үлкен адамның абыройына лайық емес ғой, деп қиылды. Олардың бұлай жік-жапар болатындай жөні де бар еді. Егер әмірші атынан ұсынылған сыйлықты қонақтары қабылдамай қойса, бұл оны тапсыру міндеті жүктелген офицердің олақтығы, сөзін өткізе алмаған шалалығы деп танылады да, бар сәтсіздік соған жабылады. Бұлар дулайдың жанын аяғандықтан, сыйды

кабылдап алғанды жөн көрген.

Ертеңіне күн ерекше ысып кетті. Бұрақожырдан Үсек өзеніне дейінгі аралық, тықыр, адырлы дөң, одан соң мидай жазық екен. Олар ыстықтан сілелері қата жиырма сегіз шақырымдай жер жүріп, Үсектің бойындағы үйеңкі көлеңкесіне жетіп, жүрек жалғап алмақ боп дамылдады. Шоқанның шөл азабын шеккені сонша, өзен суына түссе де қаталағаны басылмады. Сәлден соң көк шай ішіп жан шақырды. Олар шөлін басып, жорық тағамынан дәм татып отырған кезде, арттарынан келе жатқан, бұлардың азық-түлігін артқан түйелер керуені де өзеннен өтіп, алдыңғы жақтағы оты мен суы мол Бұрқансу жағасына қарай беттеген еді.

Шайдан кейін бойлары сертіген олар да сәлден соң керуеннің артынан ілескен. Үсектен әрі қарай шоқ-шоқ тоғайлы өңір, көгалды алқаптар басталады екен. Қаптаған егістік. Ерсілі-қарсылы тартылған арықтар, бидай, тары, жүгері танаптары. *«Ащы жусан мен ебелек, қараған, жыңғыл өскен тікенекті бұталар болмаса, басқа ештеңе өспейтін қара топырақсыз бұл құмайтты, сортаң даланы, арзымас, құнарсыз жерді қажымас табанды еңбекпен тіршілігіне тиянақ етіп, игеріп, қалаған өсімдігін өсіріп отырған қытай диқанының төзімділігін көресің де таңғаласың. Мұндай шөл даланың бермесін алам деп ойлау үшін де адамның өзі қытай боп жаралуы керек. Олар өздерінің қалаған жерін таңдап алып, ол жерді алдын ала баптап, өңдеп жатпай-ақ егінін егіп, мол сулы арығын ағыза қояды. Қытайлар оңтүстіктің шыжыған ыстық күні мен нәрлі суының арқасында гана күн көріп, жан бағып келе жатқан халық... Біз егін арасымен жүріп, қайран болып келе жатқанымызда, диқан солаңдар бізге, біздің сыптай, ықшам киімдерімізге қайран қалып тұрды. Олар істеп жатқан жұмыстарын қоя салып, бізді тамашалап, өздерінше сынаған болып жатты. Әсіресе балалар қызық көріп, қатты мәз болды. Тәндері күнге әбден күйіп, қап-қара болған балалар тырдай жалаңаш жүгіріп, шашын талтақыр қырған бастарындағы айдарларын желпілдетіп, өздері де «олыс!» (орыс) деп таң-тамаша болып тұрған аналарына тығыла береді. Қай тарапқа қарасаңыз да көретіндеріңіздің бәрі тіршілік қамы: төңірек толы солаң күркелері, сол күркелердің жанында тырдай жалаңаш бала-шағасын ыстық күнге қақтатып әйелдері отыр да, ұзын іш көйлекшең күйінде жүрген*

*күйеулері бастарын қалпақтарымен көлеңкелеп, тас сүйреткен мәстектеріне мініп алып, астық бастырып жүр. Жол бойында да жүк тиеген арбалар ағылып жатты», – деп жазады Шоқан.*

Қазақ ғалымының күнделігінде Іле алабының тарихындағы сол дәуір суреттері айна-қатесіз көрініс береді. Бұл Қытайды мәнжу (шүршіт) әулетінің билегеніне 200 жылдан астам уақыт өткен кез бейнесі...

Сонау XII ғасырда Үлкен Хинган тауларының батыс қапталынан шығыстағы Уссури өзеніне дейін мекендеген тұңғыс-шүршіт жұрттары уығын көтерген, қытай деректерінде Цзинь (Да Цзинь – Ұлы Алтын әулеті) деп аталған қуатты мемлекет моңғолдардан күйрей жеңілгесін, ол талай уақыт Шыңғыс ханның немересі Құбылай хан негізін қалаған (Юань (13-14 ғ.ғ.) мен қытайдың Мин (14-17 ғ.ғ.) патшалықтарының қарамағында болды. Содан байырғы Цзинь (Алтын) әулетінің билігін 1616 жылы шүршіттердің азаттық күресін бастаған Нурхашит хан қайта қалпына келтіріп, айбынды мәнжу мемлекеттің құрды. 1636 жылы оның ізбасары Абахай (Хуантайцзи) мемлекет басындағы әулет атын заң жүзінде Чиң (қасиетті, таза) деп; ел-жұртының атын «мәнжу» деп өзгертті. Шүршіт руларын біріктіру арқылы күшейген Чиң мемлекеті, сол кезде Мин әулетіне қарсы шаруа көтерілістері теңселтіп тұрған Қытайдағы қысталаң сәтті тиімді пайдаланды. Ли Цзычэн бастаған қытай бұлғақшылары 1644 жылы ел астанасы Бейжіңді басып алып, император Чунчжень өзін-өзі өлімге қиған дүрбелең күндерде, империяның теріскей шебін қорғайтын әскербасы У Сангуй амалсыздан көтерілістің бетін қайтару үшін мәнжулерден көмек сұрауға мәжбүр болады. Чиң мемлекеті бұл ұсынысты ықыласпен қабылдап, бүлікшілерді ірі жеңіліске ұшыратты да, өз астанасын дереу, ілгерідегі Алтын әулеті кезінде де шүршіттердің бас ордасы болған Бейжіңге көшіре қойды. Сөйтіп, Қытайда тағы да жергілікті ханзу жұртына бөтен әулеттің билігі орнады. *(Бұл әулет аттай 267 жыл империяның тағында отырып, 1911 жылы гана Синьхай төңкерісінің нәтижесінде тарих көшінен кетті).*

Мәнжу әулеті өздері билеген дәуірде Қытайдың дәстүрлі мемлекеттік басқару құрылымы мен саяси жүйесі одан әрі нығайтылды, орталықтандырылған императорлық билік нысаны

мейлінше күшейді. Жоғарғы билік орындарының көбінде мәнжулер отырды, одан кейінгі жауапты қызметтерге мәнжу мен қытай (ханзу) шенеуніктері қатар тағайындалды. Байырғы шүршіт әулетінің қуаты әсіресе қазақтар Еженхан деп атаған Чианлұң император билік құрған 1736-1795 жылдар аралығында ерекше зорайды. Осы кезеңде жан-жақтағы аймақтарға чиң әскерлерінің мемлекет аумағын кеңейткен басқыншылық жорықтары көп жасалды. Алдында шүршіт пен қытайдың ежелгі жауы теріскейдегі моңғол-халха жерінің біраз бөлігін өзіне қосып алған Аспанасты империясы батыс жақтағы Жоңғар хандығы иелігіндегі салқар жәзираларға да көз сұғын ұдайы қадаумен болды. 1755 жылы қалмақ ханы Қалдан Шеріннің жиені Әмірсана нағашы туысы Дабашы контайшыға қарсы көтерілгенде, мәнжу билігі оған қолдау көрсетемін деген сылтаумен ойраттардың жеріне басып кіріп, хандықты қытайға бағынышты бірнеше ұлысқа бөліп жіберді. Бұған жаны шырқыраған Әмірсана енді, қазақтар Мәншың деп атайтын Чиң империясының өзіне қарсы айбаттанғанда, тоқсан мың мәнжу-қытай әскері оларға қатарынан екі рет жойқын шабуыл жасап, 300 мыңдай қалмақ жұртын кәрі-жас, қатын-бала демей қырып салды. Жоңғар мемлекетінің атын тарихтан өшіріп, оған қараған жерлердің бәрін өз иелігі ретінде жариялады. Өздері бұрыннан Батыс өлке деп атайтын аймақты Шынжаң (Жаңа шеп) деп өзгертті. Осылайша бір замандарда сақ, хұн, үйсін ұлыстары, кейіннен көне түрк қағанаттарының аумағына енген, түргештер мен қарлұқтар, ұйғырлар мекендеген, одан соң Шағатай ұлысы, Моғолстанның бір қапталы болған, кейіннен Жоңғар хандығы басып алған байырғы түркілік аймақ – Шығыс Түркістан, сары айдаһардың кең өнешіне эп-сәтте жұтылып-ақ кеткен еді. Қытай қармап қалған сол аумақ ауқымына ойрат басқыншылығына дейін қазақтың найман, керей, уақ, арғын рулары қоныстанған, ХҮІ ғасыр басындағы Қасым хан заманында Қазақ хандығының аясына енген – Іле алабынан Алтайдың шығысына дейін созылған байырғы алаш қоныстары да қамтылып кетті. *(Бұрақожыр мен Қорғас өзендері арасындағы өңірдің Шоқан уақытында қытай иелігіне қарауының мәнісі сонда. Бұл аймақ 1881 жылғы Петербор келісімінен кейін ғана Ресей империясы қарамағына өтті).*



Мәншың билігі Шығыс Түркістан өңірін жаулап алысымен, оны өз жұрттарымен толтыруды бірден қолға алды. Алдымен өкімет әскерлерін құрайтын мәнжу мен сол тектес сібе, солаң, моңғол қанды дағұр, шахар сияқты ұлттар жеткізілді. Ішкі жақтан ханзулар (қытайлар) әкелінді. Олардың арасында қытайша *шәнпәң* деп аталатын жер аударылғандар да көп еді. Құлжа аймағына қытай басқыншылығына қарсы көтеріліске шыққан Қашқар, Үштүрпан, Хотан жақтың ұйғырлары күштеп көшірілді. Диқаншылықпен айналысатын оларды мәнжулер өз тілінде тараншы (егінші) деп атап кетті. Шәнси, Гансу, Сычуән жағынан қытай диалектісінде сөйлейтін мұсылман дүнгендерді зорлықпен қоныс аударғызды. Еділ жақтан қазақ жері арқылы тозғындап жеткен торғауыттарға жер бөлініп беріліп, біразы әскер қатарына қабылданды.

Абылай ханның Еженханмен мәмілелесуінің арқасында қазақтардың да баба түрктен қалған ежелгі атажұрттарына оралуына мүмкіндік ашылды. Мәншың билігі қазақтарға Тарбағатайдың шығыс беті мен Іленің бас жағына дейін қоныстануына, мал бағуына рұқсат берді. Аз жылда Алаш жұртының еру-еру көші талай жыл жоңғар өрістеріне айналып, енді бос қалған байырғы барқыт бел жайылымдар мен құйқалы қойнауларды қайта толтырды.

Жаңа Батыс өлкесінің орталығы – 1762 іргесі қаланған «Жаңа Құлжа», қытайлар Іле деп атаған қалада орналасты. Ондағы биік қорғанда Шынжаңның бас әміршісі жанжұң (цзян-цзюнь – генерал-губернаторы) мен мәншың шенеуніктері мекендеді. Жанжұң өзіне қарасты аймақты – солтүстік және оңтүстік деп аталатын екі шепке бөліп басқарды. Солтүстік шептің құрамына Тәңіртаудан теріскейге қарай жатқан Іле, Тарбағатай, Құрқарасу уәлаяттары (округтері) еңсе, Тәңіртаудың күңгей бетіндегі Оңтүстік шепке – Қашқар, Жаңахисар, Жаркент (Йаркент), Хотан, Ақсу, Үштүрпан уәлаяттары, яки осы қалалар санына байланысты – Алтышәр деп аталатын өңір кірді. Жанжұңның хебе-анбы (хебе-анбань – вице-губернатор) деген лауазыммен аталатын үш генерал орынбасарының бірі – оның қасында Құлжада отырса, екінші анбы – Тарбағатайда тұрып Солтүстік шепті, үшіншісі – Йаркентте тұрып Оңтүстік шепті басқарды. Осы өлкеге іргелес Үрімші, Баркөл уәлаяттары Гәнсу

губернаторлығына қарады.

Шоқанның Құлжаға бара жатқан жолда көргендері Мәншың империясының осы аймақты қоластына бағындырғанына аттай жүз жыл болған кездегі жағдай еді. Саяхатшы жазбаларында жаңа жерге әуелгі кездерден-ақ көшіріле бастаған қытай мен шүршіт тектес жұрттар ұрпақтарының осы өңірде өсіп, саны молайғаны, диқаншылық дәстүрлерді дамыта білгені айтылады. Күнделікте сол қауымға тән ерекшеліктер де байқампаздықпен сыпатталады.

Ақкент қаласының үйенкі, шегіршін, терек өскен аулалары тып-тыныш. Әйелдері мен бала-шағалары барып жұмыс істеп жүрген қала сыртындағы үлкен бақшалары мен егіндеріне қарағанда, соландардың еңбекқор әрі дәулетті халық екені байқалады, дейді ол. Қорғас қаласы маңына түнемеліке тоқтағанда, қытайлардың илеуге азық тасып әлектенген құмырсқадай сапырылысып, жаяуы жаяулап, аттысы атына мініп, арбалысы әрқилы мақұлығын жеккен күймесіне жайғасып, ерсілі-қарсылы ағылып жатқанын, түні бойы солардың күнжіт майымен шала майланған дәу дөңгелектерінің сықыры мен арбакештердің даң-дұны басылмағанын жазады.

Шоқан мәнжу, сібе, соландардың ұзын бойлы, иықты, сом денелі болатынын, мұрынды, бет-әлпеттері қытайлардан гөрі башқұрттарға ұқсаңқырайтынына көңіл бөледі. Әу баста Мәнжүрия жақтан көшіп келген сібелер мен соландар Ресейдегі казак-орыстар сияқты, шекараға жақын орналасқан әскери қоныстарда мекендейді екен. Олардың әрқайсысы әскер қызметін атқаруға міндетті және қызметін қатардағы жауынгерліктен бастайды. Бәрі қазақша өте жақсы, еркін сөйлейді, көбінің оны жетік меңгергені сонша, тіпті өлеңді құдды қазақтардың өзінше суырып салып айта береді. Ал қытайдың ішкі жағынан жер аударылып келген шәнпандар – көздерінің қиығы сәл қиғаштау, жалпиған кішкентай мұрынды, жақ сүйектері шығыңқылау боп өздерін нағыз қытайлықтар екенін байқатып-ақ тұрады. Өздері орта бойлы, тарамыс денелі, жадау келеді. Барынша еңбекқор. Үстеріне жеңіл киім, бастарына шелпек тәрізді жалпиған қалпақ киіп алып, бірі бауланған жоңышқаны, бірі төсеніш тоқуға қажет шиді немесе қамысты арқалап үйлеріне қарай үздіксіз шұбап кетіп бара жатады. Іле округінің өзінде 10 мыңға жуық шәнпаң

мекендейді екен.

Байқампаз Шоқан Қорғастан өткесін бір ағаштың түбінде мұсылман диқандардың жартымсыз жұқа нанмен жүрек жалғап отырғанын да көрген. Ала жаздай күнге қақталып жүргендіктен бе, әлде нәсілдерінің өзі сондай болады ма, әйтеуір алтышәр түркістандықтары көбіне қара, кескіндері ауған пішіндес, кіндіказиялықтарға қарағанда нәзік денелі, әрі түріктің асфәһани қайқы қылышындай имек мұрын, шүңірек көз, жұқа ерінді, кушық бөкселі болып келетінін байқап, қытай ықпалы бұларға әдет-ғұрып жағынан қандай әсер етсе, сыртқы пішіндеріне де сондай әсер еткен екен ғой, деп ой түйеді.

Орыс миссиясын алғашқы бекеттен қарсы алып, Құлжаға қарай бастап келе жатқан мәнжу дулай (шабарман) бейнесінің сипатталуы да саяхатшы аңғарымпаздығының айқын мысалы. Ыстықтан қалжыраған Шоқандар Үсек алабындағы арық жағасында тігілген киіз үйлерінің ішінде іргені көтеріп қойып самалдап жатқанда, сол шабарман тағы да екі қойы мен күрішін алып қасындағы дүңшісімен бірге келген. Тағы да қазақша мен қытайшаны мидай араластырып, әдеттегідей үлкен кісінің хал-жайын сұрай, әкелген сыйлығын алу парыз екенін дәлелдей бастаған. *«Үлкен кісі... алыс жол... сұра... жақсы ұйықтады ма. Жанжұң мен хебе-анбы... айтты... Үлкен кісі... Юсун бар, дәстүр бар... қойлар бар... Күріш бар... оны-мұны бар. Ақ патша хуаньди... Хамиту Чиданде... мәртебесі тең, достар...»* Осыны айтып ол екі қолының бас бармақтарын түйістіре тағзым етті. Бұл жолы дулайдың өтініші соңғы рет қабылданған, өйткені қой деген бұлардың өзінде де жетерлік еді. Сыйға сый ретінде, олардың қарымтасын қайтармаса тағы болмайды. Әкелген тартуларының қабылданғанына ерекше қуанған қос шабарманның бұлар ұсынған ром ішімдігін қайта-қайта қылғытқаны сонша, тез арада қызып алып, сәлден соң дулайдың жанындағы тілмаштық қызмет атқаратын солаң серігі әуелі қалмақша, сосын ұйғырша, содан кейін қазақша әндер айтуға кіріскен...

Делегация мүшелері кілең қытай тұратын Орда-хоза деп аталатын лас қыстақтан өтіп, он шақырымдай жердегі Тарджи мекеніне жеткенде, оларды консул Иван Ильич Захаровтың өзі қарсы алды. Сол қыстақтан кешкі салқынға қарай жолға шыққан

олар арық-атызы көп, тары мен жоңышқа егілген, шегіршін бұталары мен терек ағаштары, ши мен селеу өскен жазықтықтан өтіп, тамыздың 5-і күні түнделете Құлжадағы<sup>13\*</sup> орыс факториясына да іліккен еді.

1851 жылы Ковалевскийдің бас болуымен бекіген Құлжа шартына сәйкес, орыс керуендерінің сауда-саттық жасауы үшін бір жылдан кейін ашылған фактория орны Іле жағасындағы қонысқа қолайсыздау құмды жағалаудан берілсе де, консулдың тиянақтылығы арқасында ол құлпырған мекенге айналыпты. Факторияда консулдың тастан қаланған мезонинді (үстіңгі балконды қабат) үлкен үйі, хатшы мен қызметкерлер жайы, сауда дүкендері, саудагерлердің қоналқылық орындары, монша, екі жатақ-казарма және азық-түлік қоймалары мен қора-қопсылар бар екен. Олардың бәрі қытай мәнеріндегі қақпалар орнатылған дуалдармен қоршалған.

Шоқан фактория құрылысында еуропалық сәулет өнерімен қатар қытай өнерінің де өзгешеліктері байқалатынына назар аударды. Мәселен, консул үйінің терезе қақпақтары алуан түрлі бояумен әлеміштеліп, шатырына екі айдаһар бейнесі орнатылыпты. Үй ішінің жиһазы шегіршін ағашынан істелген, оның жалпы сипаты еуропалық бұйымдарға ұқсас болғанымен,

---

<sup>13</sup> Бұл қазір Шынжаң-Ұйғыр автономиялық өлкесі құрамындағы Іле-Қазақ автономиялық облысының орталығы Құлжа шәһары емес. Одан батысқа қарай 35 шақырым жердегі, Сарыбұлақ өзенінің Ілеге құярының сол жағалауында 1764 жылы қытай билігінің әкімшілік ордасы ретінде іргесі қаланған қорғанды қала. Бұл күндері оның орны Сүйдін деп аталатын шәһардың оңтүстік жағында жатыр. Орыстың ХІХ ғасырдағы жазбаларында ол «Жаңа Құлжа» немесе «Кіші Құлжа» (кейде «Қытайлық Құлжа») деген атаулармен белгілі. Ал қазіргі Құлжа қаласы - ол кезде «Ескі Құлжа», «Мұсылмандар Құлжасы» немесе «Тараншылар Құлжасы» деп аталған. ХІХ ғасырда онда 160 үй болды, ал шекараға жақын салынған биік қорғанды әкімшілік орталығы «Жаңа Құлжада» (Шоқан қолжазбасы бойынша) 80 мың халық тұрғаны айтылады. Орыс факториясы да осы «Жаңа Құлжада», Сарыбұлақтың қарсы бетінде орналасты. Қала 1864-66 жылдардағы ұйғыр-дүнген көтерілісі кезінде қатты қирауға ұшырады.

орындықтарда қытайлық үрдіс аңғарылады. Ұқыпты салынған факторияға Құлжадағы мәнжу жанжұңының (губернаторының) өзі де қызығатын көрінеді. Алайда Захаров Іленің құмдауытты жағасының жыл сайын опырылып, құлай-құлай консул үйіне жақындап келе жатқанын, екі арада қырық құлаштай-ақ жер қалғанын өкінішпен айтып отырды.

Батыс Сібір бас басқармасының атынан келген өкілдер Құлжаға жеткен күннің ертеңіне олармен келіссөз жүргізуге Қытайдың Іле өлкесінің басшылығы тарапынан белгіленген аға офицер шеніндегі ұлықтар (қолдайлар) бұларға арнайы соғып сәлемдесу рәсімін жасады. Құрамында генерал (дажен) дәрежесіндегі бірінші сауда бастығы – тоғолдай, оның екі подполковник орынбасары – қоғолдай және әскерді азық-түлікпен қамтамасыз ететін қызмет бастығы, сосын ізгі тәртіп сақтаушы, деген қызметтерді атқаратыны бар, бәрі алты аға офицерден тұратын мандариндер (лауазымды шенеуніктер) тобы факторияға екі дөңгелекті солқылдақ арбалармен келді. Қашыр жегілген әр арбаның алдында қытай рәсімінше садақ асынған бір жасауыл қосшы, арба сайын екі сақшыны ілестіре сән-салтанатпен жеткен уәкілдік басшысы тоғолдай арбадан түсер кезде, қосшы оның аяғының астына орындық қоя қойды. Екі адамның сүйемелдеуімен жерге аяқ басқан дәу көзілдірікті, қаршыға тұмсық, арық шал өзін қарсы алып тұрған орыс консулына ерекше ізет пен жылы шырай білдіргеннің белгісі ретінде тісін түгелдей ақсита жақындап, бет-аузын барынша жымитып әлденелерді айтты. Мәнжуше жақсы білетін Захаров та оған сол тілде жауап қайтарып жатты. Шоқандар бұл кезде мезонинде тұр еді, әдеп салты бойынша оларды кейінірек таныстыруға тиіс-тін.

Іле өлкесінің ұлықтары залда жалаңбастанып жайғасып отырғасын ғана бұлар енген. Мандариндер жалма-жан бас киімдерін кие сала, орындарынан тұрып қолдарын соза, жай-күй сұрап, амандаса бастады. Алдымен патша ағзамның хал-ахуалын, одан соң генерал-губернатор Гасфорттың амандығын, жол жайын сұрады. Қытай әдебінше, «тоқпысыздар, ас іштіңіздер ме», деуді де ұмытқан жоқ.

Екі жақтың өкілдері орын-орнына жайғасып болғаннан кейін, оларға шай мен жеміс сусыны әкелінді. Бұған дейін де

консулдың үйінде болып жүрген тоғолдай өзінің орыс тілін білетіндігін көрсеткісі келгендей, үйреніп алған бірер сөзін қайта-қайта айтып отырды. Қытайша «буцо» (жақсы) деудің орнына «короши» дей берді. Бір кезде орысша от сұраудың сылтауы үшін ғана, қонышынан қорқорын суырып алып жіп-жіңішке даусымен: «огня!», – деп шаңқ етті. Өзі соған мәз болып: «короши, короши», – деп масаттанды. Содан соң меймандардың бәрі сасыр шөбінен жасалған темекілерін мүңкітіп шеге бастады.

Шоқанның шайды қант тістеп ішіп отырған мандариндердің бейнелерін күнделігінде дәл кейіптеуде тағы да аңғарымпаздық танытады. Тоғолдайды сипаттағанына назар аударайық. Ол дәу көзілдірік кесе де сықсқан көзі шала көретін арық шал. Сәл қисықтау жаралған аузының үстіңгі ерні құдды бір үшбұрыш тәрізді, екі шеті екі езуіне тіреле төмен түсіп, орта дені жоғары қарай көтеріліп, шошайып тұр. Сол еріннің үстінде қылтиып, бірнеше тал мұрты көрінеді, сүйірлеу келген кеуік иегін тақырлап қырып қойыпты. Бірі көк, бірі қоңыр кішкентай тістері жарыса құбылып, аксиып тұр. Жасына қарағанда өзі өте ширақ, тым сөзуар жан. Үстіне жібек шапан киіп, қара белбеумен буынып, оған шылым дорбасы мен желпуішін іліп алған.

Қоғолдайдың бейнесі мынадай. Желке жағы тақтайдай теп-тегіс боп жаралған жұмыр басының алдыңғы жағына біреу көз бен ауыз, мұрын салып, арт жағына бұрым жапсыра қойған сияқты. Өзі бір қарағанда, әлдененеден шошып, әлі есін жия алмай отырған адамға да ұқсап кетеді. Көздері науқасы бар жандай біртүрлі жайнап, үй қабырғасында ілулі тұрған ескілікті сағаттың әшекей мысықтарының көзіндей, біресе оң жағына, біресе сол жағына қарай ойнақшып, шарлап тұрады. Ал азық-түлік мандаринінің өн бойынан ұн сасиды. Татарша сөйлегенді ұнатады, күжірейген желкесі бірігіп қалған қиярдай не қарбыздай боп көрінеді.

Және бұл сипаттамалар Шоқанның сол сапар кезінде қарындашпен салған суретінен де аумай байқалар еді. Кімнің кім екенін саяхатшы жазбасына қарап-ақ айна-қатесіз танысыз. Төрде тоғолдай, оның оң жағында қоғолдай, сол жағында азық-түлік шенеунігі. Онымен қатар жайғасқан Шоқанның өзі...

Аздан соң мандариндерге шарап ұсынылып еді, олар оны кәдімгідей сүйсіне ішіп, үш сағаттай отырып қалды. Шараптың

буына елтіген тоғолдай кетерінде: «*Болса жұмақ – аспанда, жер жұмағы – Шанхайда*» деп тақпақтап та жіберген. Екі жақ тамыздың 11-і күні келіссөздерді бастамаққа уағдаласып қоштасқан.

Сол күні факторияға өлке жанжұңының бұларға арнаған кезекті сый-сияпаты да жеткен. Оны тағы да өздеріне Бұрақожырдан бері таныс дулай, қолына тарту-таралғылар тізімі жазылған қызыл қағаз ұстап бастап әкеліп, салтанатты түрде табыс етті. Дулайдың соңынан тізбектеле жылжыған жүкшілер аяқтарын аспаннан келтіре, бақанға салақтата байлаған тірі шошқа, бір құмыра тосап, бір себет жеміс, бір қап күріш ала келген. Қытайлар сол тізілген қалпында басқышпен жоғары көтеріліп, арқалағандарының бәрін орыс уәкілдігінің басшысы, Перемышльскийдің назарына ұсыну үшін, есік алдына рет-ретімен қатарластырып қойды.

Ізет салтына сай, бұл тарту-таралғыға қарымта қайтарылмаса ыңғайсыз болар, деп ойлаған орыс миссиясы жанжұң мен оның орынбасары хебе-анбыға арнап ұсынған жауап сый-сияпатын қытайлар әкелгеннен үш есеге асырып түсірді. Сол кезде мәнжу дулайдың әбіржігенін көрсеңіз. Ол мұншама тартуды өздігінен қабылдауға батылы бармай, алдымен жанжұңнан рұқсат сұрайын деп, тіке губернаторына жөнеді. Аздан соң көңілі жайланып, қайтып келді. Өлке бастығы сыйлықты қабылдауға мақұл екенін білдіріпті. «Өйткені орыстар мен кіндік патшалық өзара дос болып отыр ғой», деп ол бас бармақтарын түйістіре тағзым етіп, бұлар берген тарту-таралғыны бірге келген адамдарына көтертіп алып кетті...

### 3. Синологиялық сұхбат

Консул Захаровқа Шоқан әуелден сырттай тәнті. Ұстазы Костылецкийден естуінше, Иван Ильич Воронеж өңіріндегі бір шіркеудің қарапайым дьячогының баласы. Әкесінің қалауымен діни семинарияға түскен. Оны бітірген соң жоғары білім алу үшін Петербордың діни академиясына жіберілген. Академияның екі жылын түгескесін, 1839 жылы Бейжіңдегі орыс діни миссиясында тіл үйренетін студенттер құрамына еніп, Қытайға аттандырылған. Сол жерден тек 1849 жылы ғана мәнжу мен

қытай тіліне судай, жан-жақты білім иесі боп қайтқан. Оларды миссияның жаңа 13-ші құрамымен ауыстырып елге алып қайту, әрі орыс сауда керуендерінің Қытайға баратын бағыттарын нақтылауға қатысты келіссөз жайын қозғау үшін Бейжіңге пристав боп арнайы келген әйгілі жиһангез-мәмлегер Егор Ковалевский еді. Ол елге оралатындар арасынан Захаровтың біліктілігін сол жерде-ақ байқауға мүмкіндік алады. Келіссөздер кезінде Ковалевскийдің тілмашы болған ол, қайраткер саяхатшыны Қытай туралы көп мәліметтерге қанықтырады. Шоқан сол Костылецкийден жиһангез жазушының 1853 жылы жарық көріп, сыншылардан жоғары баға алған «Қытайға саяхат» атты кітабының сәтті шығуына, онымен Бейжіңнен бірге қайтқан мықты синолог (қытайтанушы) Захаровтың да мол үлесі бар екенін естіген. Жергілікті елдің тілі мен жазуы, тарихы мен әдебиеті, қоғамдық ахуалына жетік Захаров жиһангез қаламгерді ең қажетті деректермен таныстыра білген-ді. Сол жолы Ковалевскиймен бірге елге оралғандар арасында он жыл Бейжің миссиясында дәрігер боп істей жүріп, қытай медицинасына қатысты зерттеулер жүргізген, олардың біразын Ресей журналдарына жариялатып үлгерген Александр Алексеевич Татаринов пен қытай, мәнжу, тибет, моңғол, санскрит тілдерін терең меңгеріп алған, бүгінде Қазан университетінің профессоры боп отырған Василий Павлович Васильев те бар еді. Содан полковник Ковалевский Бейжіңдегі Чиң империясы ұлықтарымен уағдаласқан мәмілеге сәйкес, келер 1851 жылы Құлжа шартын бекіту үшін Жетісуға ат басын бұрғанда, Петербор Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінде драгоман (тәржіман) қызметін атқарып жүрген отыз жеті жасар Захаров пен отыз төрттегі Татариновты қасына тілмаш ретінде ерте келіп, келіссөзден кейін бірін – Құлжаның, екіншісін – Шәуешектің консулдығына тағайындатып кеткен болатын.

Енді міне, осындай білімдар консулдың үйіне Шоқан кезекті келіссөз жүргізушілер қатарында келіп отыр. Алғашқы отырысқа дейін үш күн уақыт бар. Қол бос. Түстік ас үстінде Шоқан Захаровты Қытай астанасындағы орыс діни миссиясының тыныс-тіршілігіне қатысты әңгімеге бұрды.

– Оны «Пекин» деп бұзып айтып жүрген біздер ғой, әйтпесе, қытайлар оны Бейжің деп атайды. Ол – солтүстік астана деген



мағынаны білдіреді, – деп сөзін бастаған консул, меймандарын миссияның қалай пайда болғандығы жөніндегі аз-кем тарихпен таныстырып өтті.

– Чиң мемлекеті Қытайды жаулап алған ХҮІІ ғасырдың ортасына дейін орыстың ержүрек жиһангездерінің де қарап жатпағанын білесіздер, – деді ол. – Жаңа жер барлаушыларымыз сол кездің өзінде-ақ Батыс Сібір мен Мұзды мұхит арқылы Сібірдің ұлы өзендерінің бойына ілігіп, олардың сағаларына дейін өрлеп, Тынық мұхит жағасына да жетіп үлгерген болатын.<sup>14</sup> Сол қайсар батырлардың бірі Ерофей Хабаров Ленаның оң сағасы Олекма өзенін өрлей келіп 1651 жылы Қараөзеннің (Амурдың) бойына шығып, Албазин бекінісінің іргесін қалаған еді.

Әрине бұл кезеңде өздері де етек-жеңдерін кеніте бастаған Чиң империясы орыстардың шүршіттерге қарасты байырғы аймақтарға сұғына кіріп, орын теуіп жатқанын жақтыра қойған

---

<sup>14</sup> Ресей патшалығының өз аумағына іргелес жұрттардың жерлерін біртіндеп қосып алу жөніндегі алысты көздеген тапсырмаларын орындау мақсатымен, қастарына мылтықты жасақ ертіп, Қиыр Шығысқа қарай ентелеген кәнігі жер барлаушылары ХҮІІ ғасырдың алғашқы жартысының соңында-ақ, етіктерін Тынық мұхиттың суына жуып қойған еді. Мәселен, Васильев, Кобытов секілді саяхатшылар отызыншы жылдардың басында Енесай мен Төменгі Тұңғыс өзендерін бойлай келіп, Виллюй саласы арқылы Ленаның бойына өтсе, олардан кейін Буза, Пенда, Ребров секілді жиһангездер Енесай мен Лена алабын әрілі-берілі сүзді. Қырқыншы жылдары Колесников, Похабовтар Ангараны қуалай келіп Байкөлге жетті. Стадухин Колыманың оң саласы Омолонды өрлей терістіктен, Поярков Амурды (Қараөзенді) құлдилай түстік жақтан келіп, Охот теңізіне шықты. Дежнев 1648 жылы Чукот түбегін айналып, Азия мен Америка құрлықтарының арасын бөліп тұрған бұғазды ашты. Жиһангездердің ізімен аң-құсы жыртылып айырылатын тұмса өңірлерге біртін-біртін қарулы казак-орыстар мен ішкі жақтың шаруалары да қоныс аудара бастады. Олар саны сирек сібірлік жергілікті жұрттарды от қаруларымен үркітіп, қарсыласқандарын қағып тастап, тұрмысқа қолайлы тұстарға бекіністер салып орнығуға кірісті.

жоқ. Бейжің билігі Қараөзен бойына әлденеше рет әскерлерін аттандырып, Албазинді бірнеше мәрте қиратады. Алайда мәнжулер кейін оралысымен, казак-орыстар бекіністі қайта жөндеп, бұрынғы тіршіліктерін әрі қарай жалғастыра беретін. 1685 жылғы сондай кезекті бір шабуылдан кейін шүршіттер тұтқынға түскен 45 адамды қытай бодандығына өтуге көндіріп Бейжіңге ала кетеді. Оларға бірнеше әйел мен бала-шаға ере келеді. Казактарды император гвардиясының сапына енетін орыс жүздігі ретінде әскер қызметіне қабылдайды. Кесімді жалақы мен өздері қауым боп оқшау тұруы үшін қаланың солтүстік-шығыс жағынан арнайы жер бөліп береді. Казактармен бірге келген Максим Леонтьев есімді поп сондағы бұрынғы буддалық мінәжатхананы шағын шіркеуге айналдырады. Бойдақ казактар қытай қыздарына үйленіп, біртін-біртін көбейіп, саны өседі. Максим поп жасы ұлғайып, қартая бастаған шағында, Бейжіңге келіп жүрген орыс сауда керуендерінің басшылары арқылы Тобыл митрополиті мен Қасиетті Синодтан православтардың діни ғұрыптарын әрі қарай атқаруына бас болатын жаңа дін қызметкерін жіберуін сұрай бастайды. Ресей мен Қытай арасында бұл мәселе жөніндегі мәміле Максим әкей көз жұмған 1712 жылдан кейін ғана жасалып, Бейжіңде орыс діни миссиясын ашу туралы уағдаластыққа қол жеткізіледі. Оның мүшелерінің саны 10-12 адамнан тұратын боп келісіледі. Миссияны басқару архимандритке (аға тақуаға) жүктеліп, оның жанында бір-екі иеромонах (тақуа поп) пен үш-төрт иередиакон (поп жәрдемшісі), сондай-ақ осында діни тәлім алатын төрт-бес студент болу керек деп шешіледі. Миссия мүшелерін әр сегіз-он жыл шамасында жаңа құраммен ауыстырып отыру мерзімі белгіленеді.

Бейжің діни миссиясы Қытайда православ дінін тарату ісімен қатар, бірталай жыл сол елдегі Ресейдің ресми емес дипломатиялық өкілдігі қызметін де атқарып жүрді. Кейде Чиң империясымен қарым-қатынас төңірегіндегі әлдебір шаруалар мәнжу, қытай тілдерін білетін осы миссия басшылығына да жүктеле беретін.

Алайда бәрінен де оның ғылым үшін еңсерген жұмысының орны тым бөлек. Ресей жағы діни миссияның заңдылығы бекітілгеннен кейін, оның басшылығын ғылымға бейімі бар адамдардан тағайындап, шәкірттер құрамын тіл үйренуге

қабілетті, болашағынан үміт күттіретін дарынды жастардан іріктеуді қолға алды. Сондай бағдарлы тірліктердің арқасында Бейжің діни миссиясы қабырғасында әлемдік синологияда өзіндік сүбелі орны бар талай тұлғалар өсіп шықты.

– 1807 жылдан 1821 жылға дейін ІХ миссияның архимандриті болған Иакинф әкейдің бір өзі неге тұрады, – деген еді Захаров сөзін әрі қарай жалғап.

Шоқан осыдан үш жыл бұрын қайтыс болған Иакинф тақуаның аты аталғанда, әңгіменің тиегі әрі қарай кәдімгідей ағытылатынын аңдады. Дүниеуи аты-жөні Никита Яковлевич Бичурин деп аталатын, тегі шубаш ұлтынан шыққан бұл ғалымның еңбектері өзінің қайта-қайта шұқшия қарайтын кітаптарының бірі. Үйінде оның 1851 жылы Петерборда шыққан «Көне замандардағы Орта Азияны<sup>15</sup> мекендеген халықтар туралы мәліметтер жинағы» атты үш томдығынан басқа, 1829 жылы басылған «Жоңғария мен Шығыс Түркістанның ежелгі және қазіргі жағдайының сипаттамасы», «Шыңғыс әулеті алғашқы төрт ханының тарихы», 1834 жылы жарық көрген «Ойраттар немесе қалмақтардың ХҮ ғасырдан қазіргі заманға дейінгі тарихи шолуы» атты еңбектері де бар. Сол кітаптардағы қазақ жерімен шектес аймақтарда ежелгі дәуірлерде өмір сүрген елдер мен жұрттарға, байырғы түркі халықтарына, қуатты хандықтар мен ордаларға қатысты қытай деректерінде жазылып қалған құнды мәліметтер жас зерттеушіні аса қызықтырып, тарих тұңғығына талай бойлатқан еді. Олардағы кей дәйектердің парсы тарихшысы Хондемир, хиуалық шежіреші Әбілғазы хан, жалайыр бегі Қадырғали шығармаларымен үйлесіп жататын тұстары барлығын аңғарған. Солар жөнінде пікірлесетін адам болса ғой, деп те жүретін.

Енді міне сол Иакинф тақуа бір кездері 13 жылдай басшылық жасаған Бейжің діни миссиясында, кешегі қырқыншы жылдары өзі де тоғыз жыл тәлім алып, қытай, мәнжу тілдерін үйреніп қайтқан Захаровтай білімдар тұлға әйгілі қытайтанушы туралы

---

<sup>15</sup> Ол дәуірдегі орыс ғылымында бүгінгі Орталық Азия мен Ішкі Азия географиялық ұғымдары - Орта Азия (Средняя Азия) деген бір атау аясында біріктірілетін.

әңгіменің шетін шығарғанда, қалай сауал қоймай отыра алсын.

– Шет жағалатып естуімізше, Иакинф тақуаның өмірінде шырғалаңды сәттер көп ұшырасқан сияқты. Ол жөнінде Сіздің көп білетініңіз анық. Бізге сол кісінің өмірі мен зерттеушілігіне қатысты әңгімелеп берсеңіз, қызыға тыңдар едік. Бұған Петр Михайлович пен Михаил Дмитриевич те қарсы бола қоймас, – деп өзінен шені үлкен полковник Спиридонов пен подполковник Перемышльскийге қарап.

Олар келісетінін білдіріп, бастарын изеп жатыр. Шоқанның қасында отырған Бардашев пен консулдық хатшылары Калиновский мен Безверхов та елеңдеп қалысты.

– Мырзалар, егер бәрін айта берсек, ұзаққа созылып кетеді. Сондықтан да мен оны ықшамдап ғана жеткізейін. Сұрақтарыңыз болса, ара-арасында қоя берерсіздер. Жалықтырып бара жатқанымды байқасам, тоқтата салармын...

...Консул әңгімесін Никита Яковлевич Бичуриннің Қазан діни семинариясында оқып, терең білім алғанынан бастады. Бітірердің алдында ғана академияға айналған сол оқу орнында ол грек, латын, француз тілдерін еркін игеріп шығыпты. Қабілетті түлектердің бірі ретінде сол академияда оқытушылыққа қалдырылып, өз қалауымен Иакинф атты монахтық есімді қабылдаған оған, Қазан епархиясының басшысы Амвросий Подобедов ерекше қолдау көрсетіпті. Сол қамқоршысының көмегі арқасында 25 жасында-ақ архимандрит дәрежесін алып, Иркутск діни семинариясының ректоры, сондағы Вознесен монастырының бастығы атаныпты. Алайда шәкірттердің терең білім алуына қатаң талап қоя білген ол семинаристерге ұнай қоймайды. Екі-үш жылдан кейін олардың қарсылығына ұшырап, кикілжіңдерге ұрынады. Оның үстіне тақуалық жарғыға қайшы қылықтарға барды, құжырасына жақсы көріп қалған бойжеткенін паналатты, деген айыптар тағылып, соңынан шала байланады. Қызметінен шеттету жайы көтеріледі...

Алайда осы мәселенің ушыққан кезінде Иркутскіге әйгілі граф, сенатор Юрий Александрович Головкиннің Қытайға баратын елшілікті басқарып келе қалғаны – Бичурин өмірінің жаңа бағытқа бұрылуына себепкер болады. Мәншың императоры Цзяцинге Ресейдің жаңа патшасы І Александрдың дұғай-дұғай сәлемін жеткізуді мақсат етіп шыққан, нөкерлері кілең патша

төңірегіндегі кеуделі ақсүйек тұқымдарынан құралған, ғалымдар мен суретшілер тобы, драгун әскері, үрлемелі оркестрі бар сән-салтанатты елшіліктің түпкі ниеті – екі ел арасындағы кібіртіңкіреп тұрған сауда, дипломатиялық қарым-қатынастарды дамытудың жаңа мүмкіндіктерін қарастыру еді. 1805 жылдың қыркүйегінде Иркутскіге жетіп, осында бір айдай аялдаған екі жүзден астам адамнан тұратын елшілікпен бірге Бейжіңге архимандрит Аполлос бастаған 9-шы діни миссия мүшелері де бара жатқан-ды. Аполлос иркутскілік әріптесі Иакинфпен кездескен кезінде аға тақуалыққа өзінің ықтиярынсыз тағайындалғанын, он жыл бойы бөтен елде жүруге құлқы жоқтығын да сыр қылып айтқан еді.

Бичуриннің елшілік құрамына Ресей Ғылым академиясы тарапынан қосылған бір топ ғалымдармен танысып, әңгіме-дүкен құруы оны ерекше әсерлерге бөлейді. Ғалымдар тобының басшысы әйгілі тарихшы, географ, археолог, граф Потоцкий, астроном Шуберт, жасы өзі құралпылас зоолог Адамс, ботаник Редовский, минеролог, картограф Панснер, бір жылдан бері Ғылым академиясының қызметкері боп істейтін немістің жас шығыстанушысы, жиырма екіге енді ғана толған Клапрот сияқты зерттеушілермен пікірлесулері Иакинфтің ғылым әлеміне қызығушылығын арттырады. Кілең көп тілге жетік, білімдар ғалымдар ортасында өзінің де қаражаяу еместігін байқатқан тақуа да көпті көрген граф Потоцкийдің назарына ілігеді. Қытайға өздерімен бірге жүруге үгіттейді. Ол ойын елшіге де айтып, екеуін кездестіреді. Француз, грек, латын тілдерінде ағып тұрған Бичуриннің өре-деңгейінің жан-жақтылығына тәнті болған Головкин, оған ойда-жоқта, өздерімен бірге келе жатқан діни миссияның аға тақуасы, білімі ортақол әрі Бейжіңге баруға аса ниеті жоқ Аполлостың орнына архимандрит болуға ұсыныс жасайды. Иакинф егер бұл өзгеріске – Қасиетті Синод<sup>16</sup> келісіп жатса, қарсы еместігін білдіреді. Головкин дереу байырғы

---

<sup>16</sup> Ресейдегі ең жоғарғы мемлекеттік органдардың бірі. Православ шіркеуінің мәселелерімен айналысты. Синодты патша тарапынан сайланатын обер-прокурор басқарды.

танысы Синодтың обер-прокуроры кінәз А. К. Голицынға осы жайды пысықтап, арнайы үшбу хат жолдайды...

Бірақ жоққа жүйрік жеткен бе? Петербордан Бичуринге қатысты жауап тез келе қоймайды. Елші қазанның ортасында ығай мен сығай нөкерлерін, ғалымдарды, суретшілерді, діни миссия мүшелерін, сырнайлатып, барабандатқан салтанатты әскерін ертіп, Бейжіңге аттанады. Алайда, «патша сарайынан оң жауап келіп жатса, арқамыздан жетесің ғой», деп Иакинфты үміттендіріп кеткен Головкиннің өзі Ұрғадан (бүгінгі Ұланбатырдан. – *авт.*) ары аса алмай, ақпанның соңында Иркутскіге қайтып оралады.

Елшіліктің ұбақ-шұбақ керуені Кяхтадан кейін әлденеше күн жүріп, Ұрғаға жеткен кезде, Мәншың билігінің моңғол елін басқаруға қойған әміршісі (ваны – кінәзі) мен мәнжу анбыны, қытай сарайының шарты бойынша, императордың алдына міндетті түрде еңбектеп кіру талап етілетіндігін түсіндіріп, сол рәсімді орындауды осы жерден үйреніп кету қажеттігін, оны өздерінің тексеретіндігін айтыпты. Орыс патшасына жақын жүрген шынжыр балақ, шұбар төс граф өз басының мұндай қорлауға төзе алмайтынын білдіріп, елшіліктің басын дереу кері бұрыпты. Онымен бірге діни миссия мүшелерінің де кейін қайтпасқа амалы қалмайды.

Елшінің Иркутскіге ораларының алдында ғана Иакинфке қатысты жауап та келіп жатыр екен. Қасиетті Синод өздері тағайындаған миссия архимандритін алмастыруға келіспейтіндігі жөнінде шешім қабылдапты. Патша да дінбасылардың пәтуасына араласпауды мақұл көріп, кінәз Голицынның ұсынысын қолдай қоймапты. Сол хабарға іле-шала Иркутскіге Синод тарапынан Иакинф тақуаны лайықсыз іс-әрекеттері үшін Вознесен монастырының архимандриті, діни семинария ректоры қызметінен босатып, Тобыл архиепископының қарамағына жіберу жөніндегі ұйғарым да жеткен еді. Сол пәрмен бойынша, ол 1806 жылдың көктемінде Тобылға келіп, діни семинарияда көркемсөз пәнінен сабақ бере бастайды.

Алайда сәтсіз аяқталған елшілік басшысы Головкиннің патша сарайы назарына Бичуринді Бейжің діни миссиясының архимандриті қызметіне жіберу туралы үсті-үстіне ұсыныс

жасауы аяқсыз қалмайды. 1807 жылдың сәуірінде Иакинф тақуаны 9-шы миссияның басшысы етіп тағайындау жөнінде патша жарлығы шығады. Ол жаздың басында Иркутскіге жетіп, былтырдан бері Қытайға кете алмай отырған діни миссия мүшелеріне қосылады. Бұрынғы аға тақуа Аполлос әкей Иакинфтің орнына Вознесен соборының басшысы боп орналасыпты. Шілденің соңында мәншың билігі тарапынан діни миссияны қабылдау туралы рұқсат келісімен аттанып кеткен олар, арттарынан жіберілуге тиіс архимандритке берілер құпия нұсқауды күтіп, Кяхтада тағы екі айдай сарсылуға мәжбүр болады. Ақыры жол азабын шеге жүріп, алты айдан кейін ғана, 1808 жылдың басында Бейжіңге жетеді.

...Әуелден бойында ғылымға бейімділігі бар Бичурин өзіне бұрын мүлдем таныс емес ортаға, қытай, мәнжу, моңғол халықтарының әдет-ғұрыптары мен өмір-салттарына ерекше қызығушылық танытады. Тілдерін үйренуге қызу кірісіп кетеді. Діни басшылықтан гөрі, көп уақытын ғылымға арнағанды жөн көреді. Сөз қорын байыту үшін қытайша киініп алып, қарапайым жұрт арасын, базарларды, дүкендерді аралайды. Қытайланып кеткен албазиндік казак-орыстардың ұрпақтарымен, православ дінін қабылдаған жергілікті жұрт өкілдерімен әңгіме-дүкен құрады. Сол ізденістерінің арқасында тілін сындыра жүріп, қытай-орыс сөздігін жасайды. Көне қытай тілінде жазылған том-том еңбектерді, энциклопедияларды түбегейлі зерттейді. Португалия миссиясының кітапханасында сақталған католик миссионерлер мен батыс синологтардың Аспанасты елі туралы жұмыстарымен танысады. Қытай, Тибет, Моңғолия, Жоңғария мен Шығыс Түркістанның тарихы мен этнографиясына, тіліне, деректануына, философиясы мен мәдениетіне қатысты көне жылнамаларды талмай аударады. Сөйтіп, өзіне дейін негізі салынбаған орыс қытайтану ілімінің мығым іргесін қалайды. 1816 жыл оның Бейжіңде болу мерзімі аяқталғанда, Бичурин Қасиетті Синодқа өтініш жазып, ғылыми жұмыстарын жалғастыру үшін тағы он жылға қалдыруды өтінеді. Жоғары жақ рұқсат бермейді. Алайда онсыз да миссияны жаңа құраммен ауыстырудың өзі ұзаққа созылып кеткендіктен, Иакинф Бейжіңде тағы бес жыл еңбек ету мүмкіндігін ие болады. Содан тек 1821 жылы ғана кері оралады. Бичурин елге 15 түйеге

теңделген қытай және мәнжу тілдерінде жазылған 12 жәшік кітап, барлығы 400 пұт болатын әртүрлі әдебиетті алып қайтады. Оның сол жақта дайындаған үлкенді-кішілі 17 қолжазбасының өзі де бір жәшікті сықа толтырған еді.

Захаров әңгімені қызыға тыңдап отырған Шоқанға қарап:

– Поручик мырза, Иакинф әкейдің елге оралғаннан кейін Синод тарапынан тағы бір жазаға ұшырағанынан хабарыңыз бар шығар? – деп сұраған.

– Аздап естуім бар. Діни миссияның жұмысын әлсіретті деген кінә тағылды емес пе.

– Бірталай айып жамалды. Ғылыми зерттеулерге түгелдей берілгені сонша, Иакинф әкей шіркеу мінажатына қатысуды да сиреткен ғой. Оған қоса Наполеонмен соғыс жылдарында Ресейден қаржы түспей қалғасын, күн көру үшін миссияның дүние-мүлкін де кепілге қойғаны, сатқаны қосымша айып боп тағылды. IX миссия басшысының бұл кінәларын ашуда, әсіресе, оның орнына келген жаңа архимандрит Павел Иванович Каменский (тақуалық есімі Петр әкей) ерекше белсенділік танытқан еді. Өзінің алдындағы аға тақуа миссияның тоз-тозын шығарып кетіпті, деп жоғарыға құлаш-құлаш арыз жолдайды. Бичуринге Петербордың ғылыми қауымы ара түскеніне қарамастан, Синод соты оны архимандрит атағынан айырып, Ладоганың Ваалам аралындағы оқшау монастырьға өмір бойына жер аударып жібереді. Сол себептен де, Бейжің діни миссиясы тарихында Иакинф әкейдің аты жақсы жағынан аталмайды. Өзінің тікелей архимандриттік міндетін дұрыс атқармаған, миссияны талан-таражға ұшыратқан, діни орынды қызойнаққа айналдырған, өзі де мінезі шөлкем-шалыс, қарамағындағы адамдармен қақтығысып қала беретін қолайсыз адам, деген пікір қалыптасқан. Әрине, мұның бәрін сол кездерде оған өш адамдардың ұйымдастыруы бек мүмкін. Иакинф әкей Иркутскіден Бейжіңге аттанып бара жатқанда, сол кездегі Шығыс Сібір губернаторлары Пестель мен Трескиннің халыққа көрсеткен әділетсіздіктері туралы олардың үстінен Петерборға шағым жолдапты, олар соған кектеніп, Иакинфтің соңынан түскен екен, деген әңгіме де бар.

Абырой болғанда, үш жылдан кейін Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментіндегі зерттеушілердің, әйгілі



шығыстанушы әрі өнертапқыш, барон Павел Львович Шиллинг фон Канштадтың қайта-қайта араласуымен, тақуа әйтеуір айдаудан оралып, ғылыми жұмыспен түбегейлі айналысуға мүмкіндік алды ғой, – деп сөзін әрі қарай жалғады Захаров. – Әйтпесе, сол бойында Вааламнан қайтпағанда, қыруар еңбектері жазылмай қалатын еді. Таққа отырысымен декабристерді талқандауымен әйгіленген I Николай патша, өзін зиялы қауым алдында дұрыс адам ретінде көрсеткісі келіп, Азия департаментінің өз назарына жолдаған «қытай, мәнжу тілдерін білетін Иакинф такуаны Сыртқы істер министрлігінің жұмысына пайдалану туралы» кезекті өтінішіне қарсы еместігін білдіріп қол қойып береді. Вааламнан 1826 жылдың соңында Петерборға оралғасын Азия департаментіне аудармашылық қызметке қабылданғанымен, Бичурин оның кеңсесінде отырмайды. Александр Невский ғибадатханасының екі бөлмелік құжырасына қамалып алып күні-түні ғылыми еңбектерін дайындаумен айналысады. Оның алғашқы кітаптары мен мақалалары 1828 жылдан бастап шыға бастайды. «Моңғолия туралы жазбалар», «Тибет сипаттамасы», «Бейжің сипаттамасы», «Шыңғыс әулетінің алғашқы төрт ханының тарихы», «Жоңғария мен Шығыс Түркістанның көне және қазіргі қалпындағы сипаттамасы» секілді кітаптары мен аудармалары, газеттер мен журналдарға жиі жарияланатын мақалалары зиялы жұрт арасында ерекше қызығушылық тудырып, Иакинф такуа есімді қаламгер елдің бәрін тәнті етеді. Екі-үш жыл ішінде алты кітап шығарып үлгерген ол, Петербордың зиялы жұртына басқа бір элемнен түскендей әсер қалдырады. Оның соған дейін көпке беймәлім боп келген өлкелердің арғы-бергі тарихы туралы жазғандары елдің құныға оқитын шығармалары қатарына қосылады. Соның арқасында тақуа-ғалым әдеби қауым бас қосатын салондардың құрметті меймандарының біріне айналады. Пушкинмен достасады, Крыловпен, Жуковскиймен, Одоевскиймен жақын араласып, Белинскиймен, Некрасовпен, Панаевпен және басқа да сол дәуір әдебиеті мен өнерінің өкілдерімен кездесіп тұрады.

– Бичуринмен сол кездегі мәскеулік жас жазушы, тарихшы Николай Алексеевич Полевойдың тығыз қарым-қатынаста болғанынан хабарым бар, –деп сөзге араласты манадан бері

консулдың әңгімесін тыңдап отырған Перемышльский. – Тақуаның алғашқы аудармалары мен мақалалары, кітаптарына қатысты пікірлер осы бір талантты тұлға басқарған «Московский телеграф» журналында жарық көріп тұрды. Сол шақтағы ең тәуір орыс басылымдардың бірінен саналатын журналдың редакторы Полевой Петербор баспасөзінде Иакинф әкейдің жазғандары алғаш жарияланысымен, айрықша көрегендік танытып, Мәскеуден дереу астанаға арнайы келіп, оның жазғандарын бәрін шығарып тұруға әзір екендігін білдіреді. Бичуриннің қолында бар дайын дүниелерді ала кетіп, шетінен бастыра бастайды. Сол шақта Мәскеу университетінің студенттері боп жүрген біздер, оларды ерекше қызығушылықпен оқитынбыз. Тақуаның кітаптарын тауып алуға тырысатынбыз. Біразымен таныспын. Кейіннен «Современник» пен «Отечественные записки» журналдарынан да Иакинф әкейдің еңбектері туралы бірқатар мақалаларды оқыдым.

– Мен 1837 жылы Петербор діни академиясына түскеннен кейін Иакинф әкейді әлденеше рет көрдім, – деді Захаров. – Ол кезде алпыста болса да реңі жасаңдау, ұзын бойлы, арықша келген, келбеті азиялық пішінді, сирек сақалын үшкір ғып қойған, шашы сарықоңырлау, қойкөзді, жағы солыңқы, бет сүйегі шығыңқы адам еді. Оншақты жылдан кейін Қытайдан қайтып келгенімде байқадым, кәдімгідей шау тартыпты. Денсаулығы да төмендепті. Шаршаулы сезінсе де Азия департаментіне жұмысқа тұрған Татаринов екеуіміздің, өзіне арнайы келіп жолыққанымызда қуанып қалды. Бізбен қытайша сөйлесіп тәп-тәуір жадырады. Менің қытайға қоса, мәнжу тілдерін үйренгеніме ризалығын білдірді. Өзі миссия басқарған кезде барған студенттердің қабілетсіз болғанын, тілді дұрыс үйренуге көңіл бөлмей босқа қайтқанын, әрі төрт шәкірттің екеуінің Бейжіңде көз жұмғанын айтып, мұңданды. Содан осы Құлжада жүргенімде, дүниеден озғанын естідім ғой. Бізді синология әлеміне ынтықтырған, негізінен сол кісінің еңбектері еді. Иакинф әкейдің жанқияр тірлігінің арқасында көне қытай деректерінің әлемдегі ең толымды аудармалары орыс тілінде жасалды. Еуропаның басқа елдері мұндай жетістіктермен мақтана алмайды. Синологтар арасында тіпті қытайлардың өз зерттеушілері көне жылнамаларды Иакинфтің деңгейіндей

түсіне бермейді деген де сөз бар. Бірақ бір өкінішті жері, Иакинф әкейдің қытай мәліметтерін аударып отырып, сөз арасына өз пікірі мен жорамалдарын қосып жіберіп, кейде терминдерді теріс ұғынып, дәлме-дәл көшірмей, қате пайымдауларға ұрынып қалатын жерлері де жоқ емес. Дегенмен ғалымдардың тұтас бір тобының күшімен ғана еңсерілуге лайық әрі бұрын қолға алынбаған қыруар жұмысты жалғыз өзі атқарған адамның ондай-ондай кемшіліктеріне кешіріммен қарамаса тағы болмайды...

Бичурин өмірінің өзіне беймәлімдеу боп келген тұстары туралы сөз еткен консул әңгімесін қызыға тыңдаған Шоқан, осы жерде автордың кей байыптауларына қатысты біраздан көкейде жүрген күмәндарын Захаровтың назарына ұсынғанды мақұл көрген.

– Иакинф әкей көне жазбалардағы Қытайдың теріскейі мен батысын мекендеген хун, сяньби, жужань, тугю, ойхор жұрттарының бәрін моңғол тайпалары ретінде қарайды. Батыс ориенталистерінің *тугю* атауын *түрк* сөзінің баламасы ретінде қабылдағанын қателік деп бағалайды. Әулеттік шежірелердегі тугю жұрты *«Алтай тауын мекендеп, жужандар үшін темір өндірді. Таудың пішіні дулыгаға ұқсайтын. Олар өз тілінде дулыганы «тукюе» деп атайтын. Осы «тукюе» кейіннен халықтық атауға айналды»*, деген жерін аударып отырып, «дулга – моңғол сөзі» дегенді өз тарапынан қосады. Ал осы сөз қазақта да бар ғой, біз оны *дулыга* дейміз. *«Тугюлердің туында бөрінің алтын басы бар. Қазанды қорғаушыларды фули (буре) деп атайды»*, деген қытай дерегін аударып отырып, оған өз жанынан «фули» моңғолдың «*бөрі*», яғни қасқыр сөзінен шықты деп қосып жібереді. Менің білуімше, моңғолдар қасқырды бөрі емес, *шоно* дейді. Бөрі – қазақтың сөзі. «Тугюлер бөрінің алтын басы бар ту ұстайды» дегенге келсек, дәл осы ерекшелік қазақ дәстүрінде де болған. Кешегі Ыстықкөл сапары кезінде Сүйінбай атты әйгілі ақынның «Бөрі басы – ұраным, бөрілі менің байрағым» деп келетін өлеңі бар екенін естідім. Бичурин парсы тарихшысы Хондемир мен Хиуа шежірешісі Әбілғазы хан шығармаларындағы түрк халықтарының атасы боп келетін Оғыз хан туралы жазылғандар да қытай дерегіндегі хун көсемі Мөдехан тұлғасымен үйлесіп жатқанын байқай отырып, хундар мен тугюлерді моңғол деуінен танбайды. Ортаазиялық қос тарихшы

шығармаларында келтірілген Каспий теңізінен Корей шығанағына дейін мекендеген түркілердің түпкі бабасының *Түрк* деп аталғандығы жөніндегі көне әпсананы тым қиялға ерік берушілік деп пайымдайды. Қытай жылнамасынан да дәл осындай деректі, яғни тугюлер Муью хан билеген 554-572 жылдарда шығысында Корей шығанағынан Батыс теңізіне, оңтүстігінде Шөл даладан теріскейге қарай Солтүстік теңізге дейінгі жерлерді иеленді, дегенді аударып отырып, екеуінің бір дәйекке жуысатынын назарға іле бермейді. Қытайдың көне жазбаларында Батыс теңіз деп – Арал, Каспийдің, Солтүстік теңіз деп – Байкалдың байыпталатыны туралы өзінің де түсініктеме беретіні бар ғой. Сөйте тұра Хондемир мен Әбілғазының жазғандарын Қытай жылнамалары дерегімен үйлестіруден қашқақтайтыны түсініксіздеу... Иакинф әкей аударған 581-618 жылдардағы Сүй әулеті патшалығының тарихынан батыстағы қаңлылардың *түрк* жазуын қолданғаны туралы ғажап деректі ұшырастырдым. Бұл Тұран түркілерінің араб әліпбиіне дейін де өз төл жазуы болғанын көрсетеді емес пе? Бірінші томдағы тугюлердің салты туралы сөз етілген қытай жылнамасынан алынған үзінділерде, олардың жазуы түркілердің әріптеріне ұқсайды, дейтін жолдар тағы бар. Демек, түркілер мен тугюлердің жазулары ортақ болғаны ғой. Алайда Иакинф әкей өзі аударып отырған осы деректі де қаперге алмастан, тугюлерді моңғолдар деуінен танбай, өзінің жазғанына өзі қайшы шығып жататыны несі?

– Поручик мырза, Бичуриннің кітабынан біраз нәрсені аңғарғанын байқатып отыр, – деді Захаров үстел басында жайғасқандарды шола қарап. – Қадірменді Шоқан Шыңғысұлы, сіздің айтқандарыңыздың шет жағасын, Клапрот та, Қазан университетінің профессоры боп істеген, қазір Петербург университеті Шығыс факультетіне ауысқан Қазымбек мырза да Иакинфтің көзі тірісінде-ақ оның қаперіне салған. Алайда автор өз жазғанынан қайтпай, тугюлерді моңғол тұқымы деуінен бір танбай кетті. Менің пікірімше, сіздің пайымдауларыңыздың жаны бар. Тугюлер туралы деректердің басым бөлігі, оларды түрк жұрттарына жақындатады. Кім біледі, алдағы уақыттағы

жан-жақты зерттеулер, бұл мәселенің де түп-төркінін шеше жатар, бәлкім...<sup>17</sup>

Консул Захаров Бейжің діни миссиясына Иакинф әкейден кейін архимандрит болған Павел Иванович Каменскийдің еңбегіне де жоғары баға берді. Ол Бичуриннің алдындағы ҮШ діни миссия (1794-1807) құрамында шәкірттер қатарында болып, қытай, мәнжу тілдерін үйреніп қайтқан екен. Сол шәкірттер құрамының өзіне Төменгі Новгородтағы діни семинарияны тамамдап, Мәскеу университетінде екі жыл білім алғаннан кейін қабылданған ол, Бейжіңде өткерген 12 жылын құр жібермей, тіл үйренумен қатар Қытай лифаныюанында (сыртқы істер коллегиясында) жұмыс істеп, аудармашылықпен айналысыпты. Қабілетті түлек Петерборға келіп Азия департаментінде істей жүріп, коллеж ассессоры дәрежесіне дейін өседі, дворян атағын алады. Ғылыммен шұғылданады, бес тілді мәнжу-моңғол-қытай-орыс-латын сөздігін шығаруға кіріседі. Шығыстану саласындағы еңбегі үшін Императорлық ғылым академиясының корреспондент мүшесі атанады.

---

<sup>17</sup> Ол кезеңде орхон-енесай жазуларының құпиясы әлі ашыла қоймаған еді. Шоқанның Құлжа сапары күнделігіне түсірген: *«Қытайларға тугю деген атпен белгілі болған халықтар кімдер болды екен?»*; сол сапардан кейін дайындаған *«Қытай империясының Батыс өлкесі»* атты еңбегінде *«Иакинф әкей Сүй әулеті (581-618) шежіресінің қаңлыларға қатысты жерінде, олар түрк жазуын қолданды деп аударған; ол кезеңде араб жазуының өзі әлі келе қоймаған, сонда ол түрк жазуы дегенде қай жазуды айтып отыр,* деп назарын аударып, санасына салмақ түсірген сауалдарға, арада отыз жылдан астам уақыт өткеннен кейін ғана жауап табылды. 1889 жылы Шоқанның ғалым досы Н. М. Ядринцев Орхон өзені алабындағы Күлтегін мен Білге қаған бітігтас ескерткіштерін ашып, даниялық кемеңгер зерттеуші В.Томсен олардағы жазу түрк жұрттарының ұлы мұрасы екендігін даусыз анықтаған соң, талай уақыт күмәнді боп, нешеме пікірталас тақырыбына айналып, қытай деректерінің өзінде «дулга, тугю, туцзюе, тужиө» түрлерінде әрқилы оқылумен келген халықтың шынайы аты «түрк» екендігі айдай әлемге паш етілді...

Сол жылдары Головкиннің ана жолғы сәтсіз елшілігінен кейін Қытаймен екі арадағы қарым-қатынастардың саябырсып тұрған жағдайын жөндеу жолдарын қарастырған патша әкімшілігі, бұл мақсатқа Бейжіңдегі діни миссия қызметін де ақырын-ақырын пайдаланған жөн, деп шешіп, оның басшылығына осы шаруаны қатар атқаруға лайық адамды іздестіріп жатыр еді. Әлбетте, әуелден-ақ олардың назарына сол миссияда тәрбиеленген жылдары Қытай сыртқы істер министрлігінің жұмысымен де таныстығы бар, соңғы кезде белгілі мемлекет қызметкері боп жүрген Каменский ілігеді. Оның қарсылық білдіргеніне қарамастан, ақыры көндіріп, әжептеуір мансабы бар шенеунікті дін қызметкеріне айналдырады. Шашын тақырлап алғызып, Петр деген тақуалық есім береді. Ол Бейжіңге қарай жолға шыққан күннен бастап, күнделік жүргізіп, өзінің алған әсерлері мен ойларын, оқығандарын, қытай деректерінен сұрыптап көшіріп алғандарының бәрін сол дәптеріне түсіріп, оны «қапшық» деп атапты. 1830 жылы елге қайтқанда, сол «қапшығын» Азия департаментіне тапсырыпты. Ол күні бүгінге дейін сонда сақтаулы жатыр. Бейжіңдегі біраз уақыты Иакинф әкей әлсіретіп кеткен миссия жұмысын жолға қою, сатылып кеткен үйлерді қайтару, православ мінажатшылар санын арттыру сияқты ұйымдастыру шараларына кеткенімен, оның кезінде де елеулі ғылыми қызметтер атқарылады. Үш томдық «Үлкен орыс-қытай сөздігін» дайындауға, христиан әдебиеттері, Карамзиннің «Ресей мемлекеті тарихы» еңбегінің алғашқы үш бөлімін қытай тіліне аударуға бас болады. Мәншың империясы басшылығымен қалыпты байланыстар жүйесін қалыптастырады. Каменскийдің қарамағында болған миссионерлер қатарынан Леонтьевский, дәрігер Войцеховский сияқты белгілі синологтар өсіп шықты. Алайда олардың еңбектері ол жылдары атағы ерекше дүрілдеп тұрған Бичуриннің даңқынан аса алмады. Басшылары Каменскиймен бірге соның тасасында елеусіз боп қалып қойды, – деді консул.

Біз Бейжің миссиясында студент болған кезімізде иеродиаконымыз Петр Иванович Кафаров (тақуалық есімі – Палладий, ол қазір сонда архимандрит), магистр Василий Павлович Васильев, дәрігер Александр Алексеевич Татариновтар біраз жұмыстарды еңсерді, – деп сөзін әрі қарай жалғады ол. –

Палладий Шыңғысхан туралы, Будданың өмірі мен тарихы, даос тақуасы Чан-чунның батысқа сапары жайында көп мәліметтер жинады. Қазір Қазан университетінің қытай және мәнжу әдебиеті кафедрасының профессоры боп жүрген Васильев қытай, мәнжу, тибет, моңғол тілдерін үйренді, қытай жазуы мен әдебиетінің тарихын, мәнжу әулетінің өткеніне қатысты неше алуан мәліметтерді зерттеді. Бейжінде жүріп-ақ қытай тілінде сол елдің патшалық құрған 12 әулеті дәуірлеріндегі қытай иеліктерінің үлкен тарихи картасын шығарып үлгерді. Татаринов дәрігерлігін атқарумен қатар, қытай тілін үйренді, сол жақтан орыс басылымдарына қытай медицинасы туралы мақалаларын жіберіп тұрды. Қытайдың дәрілік өсімдіктерінің атласын дайындады. Осындай зерттеулері үшін елге келгесін медицина докторы атанды.

– Иван Ильич, өзіңіздің де еңбектеріңізді айта кетпейсіз бе, Сіздің де құралақан келмегеніңізден хабардармыз, – деді Шоқан.

– Енді, Иакинф әкеймен салыстыруға келмес. Сол жақта бітірген «Қытай халқы санының тарихы» мен «Қытайдағы жер меншігі» атты екі көлемді мақалам «Бейжіндегі орыс діни миссиясы мүшелерінің еңбектері» атты жинақта 1852-1853 жылдары басылып шықты. «Толық мәнжу-орыс сөздігі», «Мәнжу тілінің грамматикасы», оған қоса қытай-мәнжу-орыс лексиконның ақырындап жасап жатырмын. Консулдыққа келгелі бері жинаған мәліметтерімнің негізінде Ресейдің Қытаймен шектесетін аймақтарының тыңғылықты картасын түзудемін, онда талай мәлімсіз мекендер, таулар мен өзендер, қолаттар мен шатқалдар айқын көрсетілетін болады, – деді консул.

Содан соң манадан бері әңгімесін тыңдап отырған өкілдік мүшелерін бір шолып өтіп:

– Шоқан Шыңғысұлы екеуіміз қай-қайдағы тарихты қозғап, сіздерді тым жалықтырып жіберген жоқпыз ба? Енді бәріңіздің сергулеріңіз үшін, қытайдың жақсылап демделген тамаша көк шайынан ішіп жіберейік. Жарқыным, жағалатып үлестіре ғой, – деді шай құйылған әсем шыныаяқтарды жайпақ ыдыс бетіне тізіп әкеліп, үстел үстіне қойып жатқан қызметшіге.

#### 4. Аймақтағы алашабыр ел

Екі күннен кейін келіссөз басталды. Қытай ұлықтары жүз түрлі ас мәзірінен тұратын тамақтарын орыс факториясына өздерімен бірге көтеріп ала келді. Аспаздары пештерін орнатып, тағамдарының дастарқанға қояр алдында ғана дайындалатын үржаңалығын көрсеткісі келгендей, жұрттың көз алдында кесіп, турап, шыжғырып, табаларында аунатып, қазандарында бұрқыратып пісіріп жатты. Не жоқ десеңізші, олардың арасында. Ең сыйлы қонақасы боп саналатын торай да, теңіз құрты (каракатица) мен өрмекші тәріздестер де, бәліші мен әбден езіліп пісірілетін үйрек еті де бар. Және солардың бәрінің үстіне пияз бен бұрышты аямай салған ащы тұздық құяды екен.

Кешеден бері тісі ауырып, қиналып жүрген Шоқан қытайлардың арнайы дайындаған осы түстігінің де дәмін тата алмады. Тісінің қақсауы күшейіп кеткесін, сол күнгі келіссөзге де жарытып қатыспай, бөлмесіне барып жатып қалды. Кешке консулдан алғашқы отырыстың қалай өткенін сұрап еді, бәрі де қытайлардың дәстүріне сай, ақырындап рет-ретімен, жөн-жобасымен басталып кетті, деген жауап алды.

Өкілдік мүшелері тамыздың он төрт күні Құлжа шәһарымен танысып қайтты. Қытайдың батыс өлкесінің ресми әкімшілік орталығы боп есептелетін қала Іле жағасында тұр деп айтылғанымен, ол шын мәнінде оған құятын Сарыбұлақ өзенінің сол жағасын қуалай жатыр екен. Олар Сарыбұлақтың оң жағасында орналасқан фактория жақтан салт атпен саяз суды кешіп өтіп, қалаға кіргенде, жіңішке, ені тар, лас көшеге тап болған. Екі жағы да ұшы-қиыры жоқ ұзын балшық дуал. Үйлердің бәрі соның тасасынан көрінбейді. Тек анда-санда ғана сол дуал бойынан бір қақпа кездесіп қалады. Ашық тұрған бір қақпадан ішке қарап еді, есігінің алдында жаппа шатыры бар үй, сол жаппаның астында шашын түйреуішпен қыстыра артына қайырып, қорқорын түтіндетіп отырған егде қытай әйелі көзге шалынды. Сәлден соң олар біршама кеңдеу бас көшеге де жеткен. Оң жақта Құлжаның биік қорғанының өркештенген дуалдары көрінеді. Оның әр тұсына төбесіне қалқа орнатқан оқпана тесіктер жасалған. Бүкіл Шығыс Түркістан өлкесінің ең үлкен басшысы – жанжұңның ордасы мен мәншын



шенеуніктерінің үйлері осы қамал ішінде. Қақпаның алдында қарулы сақшылар. Әйдік қамалдан бұл өңірдің басқаның емес, Чиң империясының қарауындағы жер екенін аңғартып тұрғандай, ызғарлы сұс еседі...

Сол жақта қытайлардың көшеге арқасын беріп тұрған айқыш-ұйқыш кереге терезелі үйлері бір-біріне ұласа созылып жатыр. Үйлерінің іргелерін қуалай қазылған ұзын ор іші көң мен қоқысқа лық толып, ыстық күн астында айналаны мүңкітіп-ақ тұр. Көше бойының ластығын байқап келе жатқан олар, қамал алдына жақындай бере, ғибадатхананың қасынан өтетін көшеге қарай бұрылған кезде, жол үстінде жүрелеп отырған бірнеше қытайға тап болған. Шоқан басында олардың не істеп отырғанын түсінбей де қалған. Сөйтсе, қытайлықтар үшін көше үстінде дәрет алу аса ұят іс боп санала бермейді екен. Мұндайда таза ауа қайдан болсын, деп таңғалған еді ол.

Содан бұлар базар алаңына да жеткен. Базар дегені екі жағында қаптаған дүкендері, ұласа созылған жаппалары бар үлкен көше сияқты. Көшенің ортасын биіктетіп, арба сыйғандай ғып жол салып, бүкіл көше бойын көктей өтіп жатқан осы ұзын жолдың екі бетіне жағалата қоршау орнатылыпты. Азан-қазан бір әлем. Сатушылардың өнеші жыртылғанша даурығып, айғайлаған дауыстары, арбаның сықыры мен аттың кісінегенінен құлақ сарсылады. Не жоқ десеңші, мұнда. Жайма тақта үстінде үйіліп жатқан уақ-түйек бұйымдар, дайын киімдер, жеміс-жидек қатарлары. Көгі мен ағы аралас әртүрлі жүзім толы себеттер, дәмсіз алма мен алмұрт, алша мен шабдалы, қарбыз бен қауын, соп-сопақ сиықсыз қияр да иін тіресіп тұр.

Неше қилы ұлт адамдары мен неше түрлі киімдердің бәрі де осында. Базар ішінде ұзын сұр желет киген орыс көпесін де, қарғаның қанатындай қап-қара дөңгелек сақалды, сәлделі әндіжандықты да, Дамаскінің қайқы қылышындай имек мұрын, ақ көйлекті, қара көзді кашқарлықты да, сызықтай түзу бітік көзі көп ұйқыдан ісіп кеткендей боп көрінетін мәнжуді де, ішкі жақтан жер аударылып келген қысық көз, қап-қара тістері ырсиған, май-май шолтиған ақ көйлек киген қытайды да, белін қынай буынған, сілеусін бөрікті қалмақты да, үстіне өрім-өрім шоқпыт киген тараншы ұйғырды да көруге болады. Бәрі де шетінен шылым шегіп, қарқылдап күліп, бірімен-бірі амандасып,

гу-гу етеді. Мәнжу өзінің түтігін серігімен алма-кезек ауыса шегіп: «ганза-фина, акху» деп дәудірлесе, қытай дыбысын жұта, қараторғай сияқты көмекейлеп сөйлейді. «Менду!» деп қалмақтар да жүр қауқылдап, – деп құйқылжыта сипаттайды Шоқан әртүрлі ұлт өкілдерінің бітім-болмысынн.

Құлжаға елден мал жия айдап келіп, пұлға айналдырған ақшаларына ауылдастары тапсырып жіберген заттар, әртүрлі киім, көйлек-шапандық кездеме, ұсақ-түйек бұйымдар сатып алып жүрген, барқыт бешпет сыртынан кемер белдік буынған, бұшпақ бөрікті, қала шыққан қазақ жігіттері де көрінеді. Олар орыстың әскери сүртігімен келе жатқан адамдардың арасынан Шоқанды байқап, бірін-бірі түртіп: «қазақ төре ме?», деп аң-таң боп жатыр. Орыс өкілдігі адамдарының киім киісі расында да базарды біраз гүлдеткен оқиғаға айналған. Жан-жақтан «олыс! олыс!» деген сөздер естіліп, жұрт әлден уақыт, шамасы сынап-мінеп жатқан болуы керек, таңдайларын қағып, бұларды әңгіме қылысты. Бір жер аударылып келген шәнпән Шоқанға, әсіресе, оның үстіндегі әскери киімнің жылтыр түймелеріне назары ауып, қасындағы адамға: «қарашы, орыс лоясының (мырзасының) үстінде мыс тиындар қандай көп», – деп ерекше қызығушылық танытты. Бұларға дәу арбалар үстінде отырған бет-аузын опадалаптап, аппақ қылып бояп алған қылымсыған бойжеткендер де желпуіштерін наздана бұлғап, әлденелерді айтып, ішек-сілелері қата, сықылықтай күле назар аударып жатты. Олардың, әлгі «қытайдың қала ойраншылары» деп аталатын әйгілі қауымының сылқымдары екені бірден байқалып тұрды.

Аспанасты елінің ішкі жағында бұрыннан белең алған мұндай бикештер ұстанатын тіршілік салтының, осы аймаққа ауысқан қытайлармен бірге Құлжаға да жетіп, сіңісті боп кеткенін консулдың аузынан естігені бар-ды. Сол жақтағыдай, мұнда да «қала ойраншыларынсыз» қонақасылар берілмейді десе де болады. Осындай бас қосуларға арнайы шақырылған олар, музыка аспаптарымен ән салады, меймандарды өз ықтиярларына бағындырып, көңілдендіріп, желпіндіріп отырады. Сіз асқа зауқыңыз соқпай, селқос күйде сезінсеңіз, олар сізге ас алыңыз деп қиылып, мойныңыздан құшып, сүйкеніп, назданып, өтіне бастайды. Күріштің сабағындай иіліп, бұралып тұрған сұлулардың сөзін екі етуге кімнің дәті шыдар. Оған қоса әртүрлі

ойындарды ұйымдастырады. Ұтылған адам шарап ішуі керек деген талапты алға тартады. Сөйтіп, қызып отырған адамның қолтығына тығылып, сылап-сипап, елжіреген үнімен елітіп, өзінің қызметіне төленетін ақыны көбірек қамтып қалу жағынан да есе жібермейді. Қытайдың әр қаласы да осындай «ойраншыларсыз» емес екен. Тіпті Бейжің түбіндегі бір қалада жыл сайын олардың арнайы жәрмеңкелері өтіп, оған осы кәсіппен айналысатын жеті жүздей әйел жиналатын көрінеді. Хуанхы өзенін бойлай жүрген адам жолаушылардың көңіл көтерулеріне жаралған нәзік жандар тұратын лашықтарды әр он шақырым сайын кездестіруге болады, деген еді қытай өміріне қанық Захаров. Әйелдің ар-ұяты деген мәселе қытай заңында жолға қойылғанымен, олар күнкөріс қамы үшін ашықтан-ашық азғындыққа баруға мүмкіндік табады. Байғұс қыздар он беске толысымен-ақ кәрі-құртаң күнәһарлардың жан рақатына садақа боп жатады екен.

Базардан кейін бұлар мейманхана маңындағы одан гөрі у-шуы аз, қаз-қатар тізілген жинақы сауда дүкендеріне жеткен. Оны-мұны сатып алмақ боп, біреуінің ішіне кіріп көріп еді, қытай үрдісіне сай сәнделген, мәнерлі жалпақ терезелері, әсемдеп түріп қойған ши есіктері бар, әйнек орнына ұстаған күлiңгiр қағазы да көзге жайлы сезiлетiн дүкен боп шықты. Есік алдынан қарсы алған дүкен иесі, бұларға отырыңыздар деп бәйек боп жатыр. Алдарына шай мен кәмпит ұсынып, сұраған заттарын көрсете бастады. Алайда дүкенде бұларға керек нәрселер болмай шықты. Ел ішінде өтіп жатқан дүрбелендердің салдарынан сауда керуендерінің жүруі азайып, жұтанқырап тұрған сәттері екен. Содан соң дүкен иесі келесі бөлмеден шай-су ішіңіздер, деп өтініш жасады. Қытайдың қонақ күту кәдесін көргісі келген Шоқандар, ұсынысты қабыл алып, қожайынның өзі тұратын үй-жай жағына кірген. Ол дүкеннен гөрі жұпынылау байқалды. Сәкінің үстіндегі аласа үстелге түрлі-түрлі жеміс пен көкөніс салған ыдыстарды тізілтіп қойыпты, сәлден соң шылым шегетін түтіктер мен сулы қорқор және шай әкелінді. Үй иесі қайта-қайта «ішіңіздер» деп, әлсін-әлсін шай құйып құрмет көрсетіп-ақ жатыр. Тіпті ағынан жарылып, қонақасы жеп кетіңіздер, әлгі «қала ойраншылары» дейтін бикештерді шақыруға кісі жібереміз, дегенді де айтты. Бірақ базар маңын бастан-аяқ көруді мақсат

тұтқан олар, бұл ұсынысты қабылдауға уақыттары жоқ екенін білдіріп, кейін бір реті келер, деп үйден шыққан. Басқа дүкендерде де жабдық жағынан сәл өзгешелігі бар демесе, бәрі сондағыдай екен. *«Фарфор бұйымдары дүкенінде біздер өңшең бір бейбастақ арсыздардың ортасына тап болдық. Олар бізді тұрпайы әдепсіздікпен сілкілеп, жұлқылап, түрткіштеп, бетімізге қайта-қайта үңіліп қарай берді, үңілген сайын ауыздарынан спирт пен пияз аралас жиіркенішті иіс, шампан шарабының кекірігіндей аңқып қоя береді. Әсіресе Кианси өлаятынан келген бір сыптығыр, жадау мырза берекемізді алды. Ол бір қып-қысқа етегі беліне де жетпейтін шолтиған ақ көйлек киіпті, шидей жіп-жіңішке сирақтарын сидуаңдатып, борбайына дейін тарта киіп алған тар шұлығы өзіне «жараса» қалғаны сонша, тіпті дамбалының арт жағы қырымның көтерем сарығының құйрығындай боп салбырап тұрды»,* – деп жазады Шоқан өзінің сөзбен аямай түйрейтін мысқылшыл гадегіне басып.

Факторияға қайтар жолында олар ылғи дәмханалар орналасқан «ашфузулдар» көшесі арқылы жүрген. Бұл да болса, осы өңірдегі тілдер алашабырлығының бір көрінісі. Аш (ас) – түркше болса, фузул (фандзе) – қытайшадан. Асхананы қытайдың өз тілінде – чи-фандзе деп атайды. Құж-құж қайнаған қалың жұрттың көкесі осы көше бойында екен. Нақ бір құмырсканың илеуі дерсің. Қаланың мәнжулік әкімдерінен басқаның бәрі осында жүргендей. Көшенің өн бойына созыла шұбап тұрған үйлердің көше жақ бетінің бәрі үстін қалқалаған ашфузулдар. Мыңдаған адам қаз-қатар сәкілерде түскі астарын ішіп отыр. Аспаздар қазандар маңында шыр айналып, ет қуырып, әртүрлі ас пісіріп, шай қайнатып зыр қағады. Шоқан тазалықтың сақтала бермейтініне назар аударған. Тамақ ішуге отырғандар тегештегі суға әуелі бетін жуады, сонан соң қайтадан сол сумен аузын шайып, ішіне қайта төгеді, сол ыдыстағы суды келесі адам тағы да сүйтеді де, үшінші біреуіне жылжытады – сөйтіп сол жерде отырғандардың бәрі шайынған су ақыр соңында қап-қара жуындыға айналады. Көшенің ортасында да сондай асханалар. Ошақта кеспе салған сорпа пісіп, шошқа еті қуырылып жатыр, ботқа ғыш пісірген күріштерін олай-бұлай өткен жүргіншілердің көзін қызықтыру үшін, табақ-табақ етіп тізілтіп қойыпты. Өтіп

бара жатып, пияз бен бұрышты басыңқырай салған бір аяқ сорпаны алу үшін қолыңызды соза салсаңыз болғаны. Бірақ тамақтың ыстық буы мен ошақтардың отынан, әсіресе қытай сарымсағының иісінен дем ала алмай, діңкесі құрыған Шоқандар ашфузулдар көшесінен тезірек шыққанша асыққан.

Қасындағы консулдық хатшысы, бұрын қазақ арасында көп жүрген Безверхов бұлардан гөрі қытай мұсылмандары – дүнгендер мен ұйғырлар ұстайтын асханалар таза екенін айтып жатыр. Олар тамақтарын адал малдың етінен жасап, дәмді пісіреді. Қонақүйлері де иіс-қоңсыз.

Шоқан Құлжаға келгелі консул Захаровтың арқасында қытай еліне қатысты қаншама жаңалықтарды білгеніне іштей риза. Бүгін де қаланы аралау үстінде соңғы тоқсан жыл аясында қазақ жерін қусыра, оған іргелесе кеп қоныстанған әлденеше ұлттардан тұратын алашабыр жұрт туралы біраз жайтқа қанықты. Консулдың айтқанындай, қытайлардың тіршілігі Римнің қара бұқарасы сияқты алаңдар мен көшелерде өтеді екен. Ертеден қара кешке дейін сенделіп базардан шықпайтын олар, өйтіп-бүйтіп тапқан бір мыс шақасына сол жерде тоя тамақ ішіп, сол жерде ұйықтап жүре береді. Бар Қытайдағы жағдай осыған ұқсайтын көрінеді. Халық көп, істейтін жұмыс жоқ. Ерекше бейнеткеш ел болғанымен, жұмыс жоқтықтан осындай сенделіске түсетіндері де жетерлік. Жаңа жерді игеру үшін осы жаққа лек-лек қылып көшіріп әкелгенімен, олардың бәрінің жағдайы оңалып кеткені шамалы екендігінің шет жағасы, базардағы құж-құж сапырылысқан жұрт арасында тым жұпыны адамдардың көптігінен де байқалып қалды. Қайта жаз кезі болғасын аңғарыла бермейді, өйткені жаз маусымы қытай үшін жұмақпен бірдей, ол жалаңаяқ, жалаңбас жүріп, қалаған жеріне жатып ұйықтай салады. Бірақ бұл жақтың қысының, ішкі жақтағыдай жұмсақ еместігі оларға тым ауыр тиіп жататын көрінеді. Аяз қақап, боран соққан кездерде олардың күні қараң. Сондай борандардан соң олардың талайының тұлымды төбелері қар астынан қылтиып шығып қалады. Көбінің көктем шығып, мүрделері ашылғанша, солай жата беретіндері де бар. Күн жылынғасын полиция оларды жиып-теріп Іле суына ағызады немесе сол жатқан жерлерінде көме салады. Құлжада қытай молаларының кез-келген жерде ұшыраса беретінінің бір кілтипаны да осында екен.

Және ол ажал құшқандардың көбінің жер аударылған шәнпәндер боп келетіні бар. Осындай ауыр тіршілікке төзбеген олар әлденеше рет бүлік те шығарыпты. Мұндағы жұрт бүлікті қазақша сөзбен «жанжал» деп те атайды. Өткен қыста ғана Құлжада өткен сондай жанжалдың бірі қанжоса етіліп басылыпты. Бүліктің көтерілерін алдын ала біліп қойған мәнжу билігі мыңдаған шәнпәнді қырып салыпты. Тең жартысын дарға асып, бірсыпырасын Іленің суына тастапты. Бірқатары жансауғалай қашып, шекарадан асып, іргелес жатқан қазақтың Қалқан тауын барып паналапты. Білетіндердің айтуынша, олардың кейбірі әлі сол маңда жасырынып жүрген көрінеді.

Шоқан бір кездері қазақтың байырғы тайпаларының қонысы, одан кейін қалмақтар иелігінде болған Құлжа төңірегіннің жүз жылға жетпей-ақ қытайдың салт-дәстүрлері басым байқалатын өлкеге айналып шыға келгеніне назар аударған. Консулдың айтуынша, Құлжа Қытайдың басқа да ығы-жығы тұрғыны көп шағын қалаларынан аумайды. Маңайдағы құмды даладан ескен ыстық леп, оның ауасын одан әрі ауырлатып, шандақты шәһарға айналдырып жібергендіктен тыныс алу да өте қиын.

Осында келгелі Қытай туралы көптеген мәліметтерге қанықты. Бұл елді ежелгі замандардан бері жат елдіктер талай рет жаулап алды, бірақ соның бәрінде де тек патша әулеттері ғана құлап, қытайдың өзі ел ретінде мызғымай қала береді. Жаулап алған жұрттардың өздері қытай мәдениетінің күшті ықпалымен сол елге сіңіп, қытайға айналады. Олардың өздерінен тысқары жатқан халықтарды жаулап алғандағы әсері де осы шамалас. Әйтсе де, Алтышәрдің жергілікті түркітері киім-кешектері мен тұрмыс салттарына сәл-пәл өзгерістерді қабылдағаны болмаса, қытай тіліне әлі со бойы құлай қоймапты. Шығыстүркістандықтардың дені неміс оқымыстысы Клапрот түрк тілінің ұйғыр диалектісі деп атаған тілде сөйлейді. Бәлкім, мұсылман дінін ұстанып, өздерінің қауымдасып тұратын дағдыларын сақтайтындықтарынан болар, олар тілін, салт-дәстүрлерін қытайға көп жеңдіртпеген. Бет-әлпеттері үнді-парсыларға, тәжіктерге ұқсағанымен, тілдері түркше. Осы халықтың арғы тегі Бичурин айтқандай, тугю сияқты моңғолдар болса, олардың түр-сипаты қалайша бүйтіп тез өзгере қойды екен, деген күдікке тағы берілген. Ұйғыр тілінде моңғол сөздері

көп кездеседі және үндестігі жағынан тибет тіліне ұқсас сөздер де аз емес көрінеді.

Олар өздерін ұйғыр деп атамайды. Туған өңірлерінің атымен қашғарлық, қотандық, қомулдық, тұрпандық,.. дейді немесе «иерлік», яғни сол жерлік деген ыңғайда жіктеледі. Қытайлар олардың атын чанту (сәлделілер, басын шандып алғандар) және хой-хой (мұсылмандар) деген ортақ атаумен топтай салады. Іле уәлаятында оларды мәнжуше тараншылар (диқандар) деп кеткен. Бұхара атты астанасы бар Батыс Түркістан тұрғындарына қарағанда, шығыстүркістандық ұйғырлар бәлендей діндар да емес көрінеді. Олардың салттары қытайдың әсерінен бе, ашықтау. Мейрампаз келеді, шарап ішеді. Әйелдері қымтана бермейді. Биші әйелдерсіз ойын-сауық өтпейді. Шоқанға әр шәһар тұрғындарының өздеріне тән ерекшелігі болады, деген жайт қызықтырған. Мәселен, хотандықтар көркем, мейірімді келеді, жалқаулығы да, аярлығы да жоқ, диқаншылық, тоқымашылықпен айналысады. Ақсулықтар қайырымдылығымен ерекшеленеді, айтыс-тартысқа жаны құмар. Алтышәрдің ең үлкен қаласы Йаркент тұрғындары салмақты, сабырлы келеді. Ойын-сауық, той-думанды да жек көрмейді. Әйелдері әнші, бишілікке бейім. Ортекеше орғып, арқан үстінде жүгіріп жүретін даршыларымен әйгілі. Халқы ауқатты. Жанжұнның оңтүстік шепті басқаруға қойған хебе-анбы (генерал) орынбасары осындағы қытай бекінісінде тұрады. Қашқарлықтар саудаға жақын, талай хандардың ордасы ретінде танылған шәһар, бағзы замандардан сауда керуендері ағыл-тегіл боп келіп жататын тоғыз жолдың торабында болғандықтан ба, халқының еті тірі, медреселері мен мектептері көп. Оның базарларында бір күннің өзінде қырық мыңға жуық мал сатылады. Малдың дені қырғыздар мен ұлы жүз албандарынан айдап апарылатын қойлар. Қыздары көрікті. Биші мен әнші әйелдері жыртылып айырылады...

Шоқан Құлжа аймағына әу баста Алтышәр жақтан егін егіп, әскерлерді азық-түлікпен қамтамасыз етіп отыру мақсатында көшіріліп әкелінген алты мың отбасының ұрпақтары, бастарына еш уақытта бостандық тиіп көрмеген Іле тараншыларының жүздеріне – осы мәжбүрлі құлдық пен бағыныштылық әсері біртүрлі тұнжыраңқы мұндылық, жабырқаулы үмітсіздік ізін түсіргенін де байқаған. Ескі Құлжа олардың осы өңірге алғаш

күштеп көшіріліп әкелінген кезінде қоныс тепкен жері екен.

Қытайлардың «хой-хой» – мұсылман деп атайтын халықтар санатына ұйғырмен бірге Шығыс Түркістан дүнгендері де қосылады. Олар қытайша киініп, қытайша сөйлейді, бет-әлпеттері де қытай пішіндес. Өздерінің ли-байсиларында (мешіттерінде) намазды араб тілінде оқып, қытай тілінде түсіндіреді. Сүнна амалдарын ұстанатын олар дінге шексіз берілгендігімен көзге түседі. Мұрт қоймайды, шылым шекпейді, шарап ішпейді, шошқаның етін арам деп жиіркенеді, бірақ бұл жағдайдың бәрі олардың қытай қыздарымен некелесуіне бөгет бола қоймайды. Балаларын тек өз дінінде тәрбиелейді. Өзді-өзі сөйлескенде құдайды «Алла» деудің орнына «фоя» деп, Мұхаммедті – Мемети деп атайды. Енбекқорлығымен ерекшеленеді. Захаровтың айтуынша, зерттеушілер оларды Қытайға мұсылман дінін әкелушілер мен жергілікті ұлттардың араласуынан пайда болған халық деп есептейді.

Ұйғырлар мен дүнгендердің халықтың атауын мұсылман деген ұғымға айналдырып жіберген қытайлар басқа жұрттарды да кейде өздерінше бұрмалаған түрде, кейде дәл атымен атайды. Мәселен, кіндіказиялық мұсылман хандықтарынан шыққандардың бәрі олар үшін – әндіжандық боп есептеледі. Османлыларды – хункар, моңғолдарды – тойцзы, қырғыздарды – бурут, орыстарды – олыс дейді. Алайда ресейліктер «қырғыз» деп теріс жазып жүрген қазақтарды – олар дәл қалпында «хасақ» деп атайды.

Шоқан орыс факториясының хатшысы И. Калиновскийден күллі Шығыс Түркістанның әкімшілік орталығы боп саналатын Құлжада сексен мыңға жуық халық тұратынын сұрап білген. Және олардың көбі әскерлер мен шенеуніктер. Қалмақтарды жойып жіберіп, бос қалған Іле өңірін игеруді бастаған жылдары Мәншың билігі Сианьфу мен Лянчжоу үйездерінен төрт мыңға жуық мәнжу отбасысын, бірнеше мың қытай әскерін, Амур бойынан мыңға жуық дағұр, сібе, солаң отбасыларын көшіріп әкелген екен. Олар да содан бері өсіп-өніп, қарақұрым елге айналды. Негізінен әскер қызметін атқаратын сібелер мен соландардың сегіз-сегіз полктен бөлінген қоныстары Іленің екі жағын бойлай, шекаралық қарауылдарға дейін созылып жатыр. Әр полкті төбелдірігіне көк дінсетас қадаған зәңгілер басқарады.



Сібелердің ең үлкен әскербасы-қожуртайы Қорғас қаласында тұрады. Құлжа мен Шәуешек арасындағы Талқы асуы маңы Батыс Ордостан көшіріліп әкелінген моңғол текті шахарларға бөлінсе, Сауыр жотасы маңында торғауыт қалмақтар көшіп жүреді. Ескі Құлжа мен Іленің сол жағалауына мұсылмандар, тараншылар қоныстанған. Олардың саны 50 мың отбасы шамасында. Бірер бөлігі Іленің оң салалары Сарыбұлақ, Жаркентсу, Қорғас, Шежін алаптарын мекендейді.

Найманның байжігіт, қызай аталары Талқы мен Зайсан арасын жайласа, қалың керей Шәуешектен Алтайдың шығыс бетіндегі Қобда мен Теректіге (Уләсұтай) дейін емін-еркін көшіп жүреді. Керейлер торғауыттармен тең құқықта басқарылып, дәйт кінәздер кеңесіне қатысады екен. Албандар жазда Кетпен жоталары мен Кеген, Текес алаптарындағы тау жайлауларында болып, қысқа қарай Іле бойындағы тораңғы мен жыңғылды, жиде мен сексеуілді қойнауларға келіп қыстайды...

\* \* \*

Шоқан Құлжаға келгесін, өзінің осы келіссөзге қатысуына басты себеп болған, былтыр Шәуешекте өткен дүрбелеңнің жай-жапсарымен де түбегейлі танысып еді. Бәрі 1854 жылдың күзінде қытай алтын іздеушілерінің Ресей боданындағы қазақтардың жері Ырғайты мен Тентек өзендері бойына қоныстануынан басталыпты. Орыс жағы Алакөлдің күнгейі мен батысында жатқан бұл аймақтар өздеріне қарайтынын айтып, қытайдың Құлжадағы бас басқармасына хабар жеткізіпті. Жанжұң әкімшілігі әуелде бұл өзендер оларға да бөтен еместігін, баяғыдан осы жерлерден алтын шайып жүргенін айтып жауап бергенімен, Ресеймен салқынқабақ қатынасқа барғысы келмей, алтын өндірушілерін Ырғайты, Тентектен қайтаруға пәрмен түсіреді. Алайда ол кәсіп иелері бұған аса пысқырып қарамастан жұмыстарын үзбей, одан әрі жалғастыра беріпті. 1855 жылдың ақпанында орыс жағы оларды кейін қарай қуып тастағанымен, іле-шала 200 адамнан тұратын жаңа алтын өндірушілер тобы тағы да жетіпті. Олардың дені соның алдындағы күзде Құлжада өткен бүлікке қатысқан шәһпәндер болса керек. Орыс пен қытайдың жергілікті билік орындары бірлесе отырып, алтын

шаюшыларды қайтару үшін күш қолданғанымен, олар күнкөріс нәпакасынан айырғанды қалай тәуір көрсін, қатты қарсылық танытыпты. Содан соң Тарбағатай әкімшілігі «алтын іздеушілерді кейін қайтаруды әзірге шегере тұрайық, бұл мәселесі түпкілікті шешуді өзіміз мықтап қолға аламыз», деп орыс жағын мәмілеге келтіріпті. Алайда біраз уақыттан соң қытай билігінің бұл мәселені жылы жауып қойғысы келетіні, шәһпәндердің жұмыстарын одан әрі жалғастыра беруіне қарсы болмайтыны байқалып қалады. Мәселе сиырқұйымшақтанып бара жатқасын, жаздың басында Аягөзден аттандырылған жиырма бес адамдық әскери отряд қытайларды шекара шебінен асыра қуып тастайды. Қақтығыстар кезінде қарсылық көрсеткен бірер адам қаза табады. Нан тауып жүрген кәсіптерінен айырылған ашулы жер аударылғандар Шәуешекке оралады. Тарбағатай хебе-анбысы олар тағы бір бүлікті көтере ме деп үркіп, мәселені оң шешеміз, алтын өндіруге рұқсат алып береміз, деген сылтаулар айтып, әуелгі кезде сабаларын басқанымен, шәһпәндердің төзімі көпке шыдамайды.

«Бәріне кінәлі осындағы орыс консулы, сол жаққа алтын шаюға аттанғанымыз туралы дереу хабарлап, не істеу керектігін үйретіп отырған адам осы», деп шешіп, тамыз айының бір түнінде Шәуешектегі орыс факториясына шабуыл жасайды. Онда сақталып тұрған тауарлар мен мүліктерді тонап, өзін өртеп жібереді. Алдын ала хабарланып үлгерген консул Татаринов қасындағы қызметкерлерімен бірге эзер қашып құтылып, жеті шақырым жердегі орыс бекеті Бақтыға келіп паналайды. Дүрбелең басылғаннан кейін факторияға келген шығынды есептегенде, ол 285 353 сом болды. Ресей Сыртқы істер министрлігі Мәншың билігіне кінәлілерді жазалау, шығынды өтеу жөніндегі талабын жеткізген. Чиң үкіметі қылмыскерлердің іздестіріліп жатқанын, орыстардың фактория мен консулдықты қалпына келтіре беруге болатынын айтып жауап жазған. Артынша, шығынның дәл мөлшерін анықтау үшін екі жақтың жауапты адамдары Құлжада бас қоссын, келіссөз өткізейік, нақты бір мәмілеге келейік, деген ұсынысы бар қатынас қағаздарын жіберген...

Осы мәселені біржақты ету жайымен туындаған Құлжа келіссөзі тым ұзаққа созылды. Қытай жағы орыс факториясы тартқан шығынның орнын толтыру талабын орындағысы келмей, сөзбұйдаға салып көп ырғасты. Бірнеше кездесу өткенімен, тоғолдай бастаған топтың кежегелерінің кейін тартып, бұл іске самарқау қарайтыны, бірақ оны білдіргісі келмей кішіпейілсініп, көзді алдауға бейімділігі әрдайым байқалып-ақ тұрды. Алайда консул Захаровтың қытай жұртының дағдысында бар дәл сондай төзімділікті әбден меңгеріп алғанының арқасында, іс мысықтабандап болса да біртіндеп жылжып жатты. Мәншың ұлықтары да асыққан жоқ. Захаров та «бәрі ойдағыдай, келіссөзіміз қытай дәстүріне сай қалыптасқан жүйеде өтіп жатыр» деп, Перемышльский мен Шоқанды қанағатқа шақырып отырды.

Екі жақ ортақ бір мәмілеге келгеннен кейін, құжатты Бейжіндегі Чиң империясының сарайына қол қоюға жіберді. Оның қашан қайтатыны, қандай жауаппен келері тағы мәлімсіз. Өкілдік басшыларына жүктелген тапсырма бойынша, олар елге қол қойылған келіссөз қорытындысын алып бір-ақ қайтуы керек. Сол себепті олар қалған күндерін құжаттың оралуын күтумен өткізген еді.

Шоқан, әрине, бұл күндерді тиімді пайдалануға тырысты. Көп уақытын консулда бар құнды кітаптармен танысуға арнады. Иакинф әкейдің шығармаларын қайтадан мән бере оқып шықты. Шығыс Түркістан аймағының тарихына қатысты тұстарына ерекше үңілді, тугю билеушілері әулеті жайында жазылған жерлерінен үзік-үзік көшірмелер жасады. Әбілғазы мен Хондемирдің Шағатай мен Моғол ұлыстарын билеген хандар туралы жазған тұстарын тағы пысықтады. Моғолстанның алғашқы ханы, Шағатай тұқымы Тоғұлық Темірдің мазары Құлжаға келе жатқан кезде Қорғас қаласының сол жақ тұсында екенін естіген-ді. Захаровтың кітаптары арасында Бейжінде басылып шыққан Батыс өлке туралы географиялық сөздік бар екен. Сонда Іле бойы мен Қорғасқа дейінгі аймақ Сұлтан жайлауы деп көрсетіліпті. Тоғұлық хан мазарында оның өмірбаяны туралы

мәліметтер жазылған шағын дәптер бар дегенді естіді. Былтыр мазар маңында жер айдап жүрген қытайлар әртүрлі алтын заттар мен теңгелер тауып алыпты. Консулдың әртүрлі теңгелерді жинай жүретін дағдысы бар болып шықты. Солардың арасында Тоғұлық шаһтың аты жазылған теңгеліктер де ұшырасады. Шоқанның теңгедегі жазуларды мүдіріссіз оқығанын байқаған Захаров, өз ризашылығының белгісіндей Тоғұлық шаһ Саид әл-Шаһид деген жазуы бар алтын теңгенің бірін және араб қаріпті тағы бір теңгені оған сыйға тартты.

Консулда Қытай империясының Бейжіңде жасалған тамаша картасы да бар. Басты-басты өзендері қара көк бояумен, кішігірім өзендері жасыл бояумен боялған картаға қараудың өзі бір ғанибет. Тауларының сұлбасы тізбек-тізбек өркеш тәрізді бейнеленген. Оған Құлжа аймағы мен Тарбағатайдың, Алтышәрдің толық атлас карталары тағы қосыңыз. Соларға қарап отырып, Қытайдың батыс өлкесіне қатысты жинаған мәліметтерін одан әрі тиянақтай түсті. Консулдың есеп құжаттарын алып, Құлжа мен Шәуешектегі, Қашқар аймағындағы сауда-саттық барысымен танысты. Қазақ жерінде жасақталатын сауда керуендерінің қай бағыттармен жүретіні, олардың Құлжа мен Қашқарға қандай тауар апарып, қандай бұйымдар алып қайтатыны, өтімділігі мен пайдалылығы жайындағы мәліметтерді сүзді, қорытқан байыптауларын қағазға түсірді. Ресей сауда керуендері Қытайға сиса, шыт, барқыт, шұға, жүн маталар, қалың кездемелер, мақта маталары мен орамалдар, зер жіптер, оқалар, сандықтар мен айналар, күміс, мыс, шойын бұйымдар, былғарының әр түрі, кәмшат, тиын терілері, ақбөкен мүйіздері, хрусталь ыдыстар, сағат, бәкі, қант, ашудас, мүсәтір, тотияйын, шыны сияқты заттарды алып келсе, қайтарда негізгі тауар жәшік-жәшік қара шай, тақта шай, көк шайдан басқа, тең-тең астарлық маталар, көйлектік дабылар, төсек жапқыштар, бұхарлық жүн маталарын, жібек, жеңіл шапандарды тиеп қайтады.

Шынжаңның басты қалалары жөніндегі сипаттамаларды жинақтады. Мұсылман елі болса да Алтышәрде келім-кетім адамдар үшін заңды түрде уақытша үйлену салты барлығын таңданыспен қабылдады.

Ара-тұра өкілдік мүшелері, консулдық қызметкерлерімен

бірге қала сыртына шығып, балық аулап, аң атып сергіп қайтады. Қытайлардың тұрмысымен танысады. Бірде оларды өздеріне алғашқы күндерден таныс боп қалған қытай саудагері үйіне қонаққа шақырды. Захаровпен бірге келген меймандарына үй иесі «жүрек тебіренушілер, қала ойраншылары» деп аталатын бикештердің бірін шақырып, қызмет көрсеткізді. Шоқан қаламының жүйріктігі мен байқампаздығы, юморға шеберлігі осы ханымды сипаттаған тұста тағы да байқалады. *«Еркектің көз құрты боп дағдыланған бикеш бізге тізе бүгіп, тағзым етіп, амандасты да, сәкіге жақындай түсіп, әдептен сызылып, ұялғансып тұрып қалды. Содан соң ол өзінің тал бойын сәл иіңкіреп, қалыпқа салып арнайы бүрістіре өсірген түйнектей аяғын көтеріп, сәкіге шықты. Қасымыздағы орынға тізе бүгіп жайғасты да өз міндетін шеберлікпен атқара бастады. Әрқайсымызды «хауле!» деп қошеметтеп, шайнектегі шарапты құйттай кеселерге құйып, аузымызға тақап ішкізіп, артынан өзі де қоса ішіп отырды... Бұл бойжеткеннің жасы жиырмаларда, бірақ соған қарамастан реңі солғын тартып қалған екен. Қытайша талғаммен қарағанда, бет-әлпеті келісті, әдеміше десе де болады. Кейін қарай тарап, өрген қалың қара шашы өкшесіне дейін төгіле түскен. Опа-далап жағып, бояп алған еріні қып-қызыл шоқтай жанады, қысықтау келген көздері біресе жоғары қарап, біресе қымтамай ашып қойған аяғына қарап ойнақтап тұрады... Үстіндегі жеңсіз, жағасыз кеудешені омырау тұсынан түймелеген. Кеудешенің ішінен кең де ұзын етіп тігілген, бірақ келте жең кафтан киген. Бойы мен жең тігістері тоқыма ленталармен әдіптелген. Кафтан ішінде халат сияқты пішіп тігілген жібек көйлек. Бойын сәндеп таза киінген, тұлғасы да сымбатты, қытайларша айтқанда, күріштің сабағындай үзіліп-ақ тұр. Ұзын тырнақтарын қызғылт бояумен бояп жайнатып қойғанын азсынғандай, сол қолының шынашағы мен тағы бір саусағының ұп-ұзын тырнақтарына алтын сыр жалатылыпты. Екі бірдей саусағына алтын жүзік салып, білектеріне білезік пен жіпке тізген маржан тағыпты. Құлақтарын орыстың қалашы тәрізді асыл тастан істелген сырға тағып, әшекейленді... Екі-үш кесе шарап ішкеннен кейін бикешіміз жеңінен әйел түтігін суырып алып, аузы мен мұрнынан шыққан түтінін шығыршықтай дөңгелетіп, әртістік*

*өнерін көрсете бастады да, бұрынғыдан бетер еркінсіп алды. «Бәріңіз де сұлу жігітсіздер» деп отырса да, менің сығырайған қысық көзім мен қара шашымның арқасында қытай бойжеткені маған айрықша қамқорлық жасады. Ол маған қарай тығыла түсіп, жақынырақ отырып алып, сөйлей бастады, жүзі елжіреп, қолымен басымнан сипай беруіне қарағанда, өзі маған өте бір мейірімді, жылы сөздер айтып отырғандай боп көрінді...», – деп оның бейнесін суретке салғандай етіп сипаттайды...*

Шоқан тамыздың отызында консулдықта той сияқты бір шараның аталып өткенін де жазады. Ол бір жағы, содан төрт күн бұрын ғана Мәскеуде ұлықталған І Александр патшаның тәж кию салтанатына орайластырылғанымен, бұл күн – консул Захаровтың туған күнімен де дөп келген еді. Императорға қатысты мереке болған соң әскери шерусіз өте ме? Консулдықты күзетуге лайықталған шағын отрядтың парадын генерал-губернатордың адъютанты поручик Уәлиханов басқарған. Осы жайтты да Шоқан өзіне тән әдемі юмормен күнделік бетіне түсіреді. *«Сіздің бағынышты пендеңіз осы салтанатты парадты басқару бақытына ие болып, өзінің шалт қимыл-қозғалысымен, саңқылдай шыққан әскербасылық үнімен, қылышты жарқ-жұрқ ойнатуымен, бізді бақылап тұрған қытайлықтарға ерекше әсер қалдырып, империяның беделін еш төмендеткен жоқ, деп өз басын әбден сендіре алады. Қытайлықтардың бәрі маған ерекше құрметпен қарап, мені нақ бір ұлы янышардай, жеті жұртты түгел жаулап алушы жиһангердей қабылдады-ау деймін...»* деп бұл тірлігін де әзіл-оспаққа айналдырып жібереді.

Әскери шеру бітіп, казактар көкке дүркін-дүркін оқ ату рәсімін жасағаннан кейін консулдық хатшысы Калиновский қысқаша құттықтау сөз сөйледі. Оған отряд үш қайтара «уралап» жауап қайырды. Сосын бәрі қосылып «Сақта патша құдайды» ұран әнін шырқады... Салтанат кешке одан әрі жалғасып, қытайдың «жүз дүркін» дейтін фейерверкі жағылып, отшашулар атылды. Әртүрлі ойындар көрсетілді.

Қыркүйектің соңынан Құлжада күн суытып, оңтүстік-батыстан жел тұрып, күз нышаны байқалды. Жұрттың бәрі жылы киіммен қымтанды. Ауа райын үнемі бақылап жүретін

Калиновскийдің айтуынша, бұл маңда қазан айының соңында да жылы, шуақты күндер болып тұрады екен. Қар әдетте желтоқсанның басында түседі де, ақпан айында еріп кетеді. Биыл қыс ертерек түсетін сыңайлы. Қазанның басынан-ақ Құлжа маңындағы таулар етегіне дейін қармен бүркеніп үлгерді.

Бейжіңнен сол күйі әлі жауап жоқ. Үздігіп күтумен өткен сондай күндердің бірінде, Іле мен Сарыбұлақ бойына аң аулай шыққан Шоқан қалмақтардың тұрмыс-тіршілігін көру мүмкіндігіне ие болды. Торғауыттардың үйі уықтарының тұзулігі болмаса, қазақтың киіз үйіне ұқсайды екен. Қазақтар уықтарын иіп, қайқылау қылып істегендіктен, киіз үйдің төбесі сәл жатағандау, күмбез тәріздес болып келсе, қалмақ үйлері шошайыңқырап көрінеді. Малшы торғауыттар тұз салып, сүт қатқан шайлары қайнап жатқан қазан жанында түтіктерін шегіп отырды. Бәрі де үстеріне қытай шапанын, бастарына қытайдың киіз қалпағын киіпті. Әйелдерінде ғана ұлттық киімдерінің түрі сақталған. Үйдегі екі әйелдің бірі – басына қызыл, көк және сары шұғамен әлеміштеген қара бөрік киген кәрі кемпір. Екіншісі – едәуір сәндене киінген, маржан мен моншақ таққан көнелеу қытай қалпағы бар жалпақ бетті қыз. Үлкен қайырма жағалы ақ көйлегінің сыртынан қытай шапаны тәрізді көк бешпет киіпті. Шашын қос бұрымдап өріп, құлағына сырға тағыпты. Қыздың өзі әрі шылым шегіп, әрі сағыз сияқты бір нәрсені шайнап отырды...

Бұл кез қазақтардың қыс қарсаңында айырбас саудасын жасау үшін Құлжаға қойларын айдап келетін шағы. Олар әдетте отар-отар қоймен бірге қытайлармен алмастыруға арнайы бастырған киіздері, алашалары мен ескен арқандарын да тең-тең қылып ала келіп, қала сыртындағы шарбақ деп аталатын маңда орын тебеді. Бұхара, Самарқан жақтан келген мұсылман саудагерлердің де тұрағы осы шарбақ ішінде. Саудагерлердің әрқайсысы өздерінің киіз үйлерінің төңірегін қада ағаштармен, жыңғылмен торлап, жеке-жеке қоршалап алған. Содан соң сол ығы-жығы көпестер ауылы сыртынан түгелдей тағы да айнала қоршаланады. Шарбақ деп соны атайды. Шарбақ ішінің өзі киіз үйлерден құралған тұтас бір шым-шытырық әлем. Мал айырбас саудасы да осы маңда өтеді. Шоқан шарбаққа малдарын айдап келген найманның қызай руының адамдарына барып жолыққан. Үлкен орыс ұлықтарымен бірге қызмет істейтін жас төрені

көрген қызайлар өздерінің қытай бекеттерінен өтерде көрген қорлықтарын жамырай айтып берсін. Олардың әрқайсысынан өтерде әр жүз басқа бір-бір қойдан алып қалады екен. Елден үш мың, төрт мың қой айдап шыққанымызбен, әр қарауылға төлейміз деп-ақ қыруар малдан айырыламыз. Онымен де көздері тоймайды, тағы да тастап кетсе екен деп, желеу іздеп тұрады. Мұнда келген соң, он малдан бір мал төлейтін қазына салығы дегені тағы бар. Қытайлар таңдап жүріп, ең ірі ісектер мен құнан қойларды топырлатып тағы санап алады. Малды мата мен киім-кешекке, әртүрлі бұйымдарға, үй-ішінің керек-жарағына айырбастамақ боп арып-ашып келеміз, содан әйтеуір жұрттың тапсырғанының жарым-жартысына әзер жеткізіп кері қайтамыз, деп шағынған. Қойдың бағасы да арзандап тұр. Он төрт-он бес қой бір тайтұяқ күміс ғана болады. Осыдан екі жыл бұрын сегіз-тоғыз қой бір тайтұяқ тұратын. 50 құнан қой немесе 75-80 ісекке бір құйма күміс жамбы беретін. Сол жылы найманның қызайы мен байжігіті отыз мыңға дейін қой айдап әкеліп, бәрін жылдам өткізіп кеткен еді, дескен.

Біреу күннен кейін Құлжаның іргесінде, дәл солар сияқты малмен айырбас саудасын жасау үшін отарларын айдай жеткен албандардың қостары да пайда болды. Олардың да әңгімесі қызайларға ұқсас. Қытайлар бекет салығы, қазына салығы деп, аш бөрідей талайды екен.

Ақыры қазанның 8-і күні Чиң мемлекетінің көптен үздіктірген құжаты да келіп жетті. Он бір кез қағаз бетіне жазылып, жиырма үш мөр басылып, әшекейленген жауапта оларды қуантатындай мардымды нәрсе шамалы болса да, қытайлардың тоқетерін бірден айтуға асықпайтын мәмілелесу тәртібінен жақсы хабардар Захаров: «осының өзіне де шүкіршілік, негізгі құжат жасалды, қалған істі консулдың өзі әрі қарай біртіндеп жалғастыра беретін болады» деді бұларға. *(Шәуешек факториясы шеккен шығынның орнын толтыру мәселесі Чиң империясы тарапынан әрі қарай сөзбұйдаға салынып, шегеріле-шегеріле тағы екі жылдай уақытқа созылды. Ақыры Захаровтың қайта-қайта қозғауымен 1858 жылы ғана қытай жағы 200 000 сом төлеуге мәжбүр болды).*

Тамыздың 1-і күні Бұрақожырдан Құлжаға аттанған мәмілегерлер тобы екі жарым ай өткеннен кейін ғана, қазанның



14- күні кері қарай жолға шықты. Шоқан Қапалда біраз күн тоқтап, Перемышльскиймен бірге отырып, сапардың қорытындылары туралы есепті аяқтағаннан кейін, құпия құжат Омбыға үкілі поштамен бөлек жіберілді. Артынша өзіне әбден таныс боп қалған бекет жолымен Семейге қарай аттанып, қарашаның басында облыс орталығына мандай тіреді.

## 5. Туған бауырдан да артық

Бір жылда маңызды екі сапарды қатар атқарған жас поручик Семейге оншақты күн аялдаудың ретін алдын ала орайластырып жеткен еді. Ол Ертіс бойындағы осы шәһарда талайдан сұхбаттасуға ынтығы ауып жүрген аяулы тұлға Достоевскиймен кеңінен отырып әңгіме-дүкен құруды, реті келсе айдаудағы қамкөңіл жазушының жанына жалау, көңіліне демеу болып, қолынан келген көмегін ұсынуға ықыласы ауып келген.

Біреу күн бұрын ғана Петербордан өзі сұрап жүрген прапорщик шенін беру туралы өтінішіне оң жауап алып, шығармашылық жұмыспен айналысуға мүмкіндігі одан әрі молайғанына көңілі тоғайып отырған жазушы жұғымды бітімімен, телегей-теңіз білімімен, аз уақытта жанына жақын боп үлгерген Шоқанның арнайы соққанына кәдімгідей қуанды. Әдеттегісінше, өзінің жазып жатқан туындылары жайынан хабардар етті. Жас досынан биылғы саяхаттары жөнінде сұрастырды. Ол да сапарлап қайтқан аймақтары, Ыстықкөл төңірегі, қырғыз халқы туралы, Құлжаға барғандары, қытайлардың салт-дәстүрлеріне қатысты жайттарды майын тамызып, ара-арасында қаламгерді күлкіге кенелдіре отырып, құлпырта әңгімелеп берді.

Семейде аялдаған осы күндерде Шоқан өз өмірбаянының алдағы өрбуіне әсері ерекше тиетін тағы бір адаммен танысу мүмкіндігіне ие болды. Ол – Орыс география қоғамының 29 жасар мүшесі, белгілі зерттеуші ретінде танымал боп үлгерген Петр Петрович Семенов (келешек Тянь-Шанский) еді. Сол жылы оның да Шоқан сияқты Жетісу мен Ыстықкөлге саяхат жасап, аз күн Құлжаға да соғып қайтып келе жатқан беті еді бұл.

Екеуінің сапарлары тек мерзімдік жағынан ғана үйлеспеді.

Семенов Ыстықкөлге беттегенде Шоқан Құлжада жүрді. Қыркүйектің 2-сінде ғана Алматыға жеткен Семенов Тәңіртау мен Ыстықкөл жақты аралаған қысқа сапарынан Верныйға қазанның 1-інде оралды. Содан қайтып келе жатып, қазанның 17-інде Қапалға жеткенде, екі күн бұрын ғана Құлжадағы консулдыққа күзгі поштаның аттандырылғанын естіді. Семенов сол поштаға ілесе, Құлжаны да көріп қайтқысы келіп, Абакумовпен ақылдасып еді. Ол да мұны қолдай кетті. Пошта артқан ауыр кіреге, ол Қаратал, Көксуды айналып жеткенше, төтелей жатқан түйетайлы Аламан асуы арқылы Бұрақожырдағы шекаралық бекет тұсында қосылуға болатынын айтады. Үстіне казак-орыс әскерінің киімін киіп, қасына қарулы екі жолбасшы-казак ерткен Семенов сол күні-ақ жолға суыт шығып кетіп, қазанның 20-сында Бұрақожырда жүзбасы бастаған сегіз казак-орыс күзетіп келе жатқан пошта кіресіне қосылды. Сол жерде бір-екі күн бұрын ғана осы бекеттен Ұлы жүздің приставы Перемышльский бастаған мәмілегерлер тобының Қапалға қарай кері өткенін естіген.

Құлжаға жетіп, көздеген мақсаты орындалды, қаламен, қытай билігіндегі елдің тіршілігімен танысты. Захаровтай білімді консулмен әңгімелесіп, одан Қытай туралы көп мәлімет алды. Жаздың басында Омбыға келгенде генерал Гасфорттан (*ол өзінің ерекше тапсырмалар жөніндегі адъютантының сол Ыстықкөл жақта мәмілегерлік сапармен кеткенін айтқан*), Алматы жаққа соққанда полковник Хоментовскийден (*ол жақында ғана поручик Уәлихановпен сапарда бірге болғанын, оның қазір Құлжада екенін жеткізген*) атына сырттай қанық боп жүрген жас казак офицері, хан тұқымы Шоқан жөнінде тағы да мақтау пікір естіді. «Қабілеттілігі, шығыс тарихына жүйріктігі таңғалдырарлық тұлға. Болашақта одан ғажайып ғалым өсіп шығатынына сенімім зор», деген еді қытайтанушы консул.

Қазанның 27-сі күні Құлжадан аттанып, әлденеше күннен кейін Шоқанның соңын ала Семейге жеткен Семенов әдеттегідей облыс губернаторының адъютанты Демчинскийдің үйіне түсті. Сол шаңырақта өзінің петерборлық байырғы танысы, жазушы Достоевскиймен бірге, осы жаққа келгелі бері атын сырттай естумен жүрген Уәлихановты кездестіргенде, туысқанын ұшырастырғандай қуанды. Шоқан үшін де бұл ерекше мәнді

жолығысу еді. Әуелден алыс елдерге, жұмбақ өлкелерге саяхат жасауды армандап жүрген балғын офицерге, өзінен жеті жас ғана үлкендігіне қарамастан, соған дейін Еуропаға саяхаттар жасап, атақты жиһангездер Гумбольдтпен, Риттермен танысып, пікірлескен, Риттердің «Азияны тану» кітабының бірінші томын аударып үлгерген Семеновтай білгір географпен жүздесіп, ақыл-кеңес алудың жөні тым бөлек емес пе?

Семейде жолыққан осы күндері, белгілі зерттеуші мен жас поручик арасында талай ағыл-тегіл әңгіме өрбіді. Шоқан География қоғамының белді мүшесі Семеновке, сол жазда жол-жөнекей жазып үлгерген екі бірдей күнделігі – Ыстықкөл мен Құлжа жазбаларын көрсетті. Білімпаз саяхатшыға олардың авторының байқампаздығы, тілінің шұрайлылығы, соны да білгір қорытындылар жасай білу ерекшелігі бірден ұнады. Бұл еңбектердің Шоқанды Орыс география қоғамына мүшелікке ұсынуға жарап қалатындығынан хабардар етті.

(Семенов бұл ізгі ниетін көп орындамай-ақ жүзеге асырды. Келер жылы Ыстықкөлге екінші саяхат жасауды мақсат тұтқандықтан, Петерборға әрілі-берілі жүріп уақыт алмай-ақ Барнаулда қыстап шығуға бекінген Семенов, сол 1856 жылғы желтоқсанның өзінде астанаға поручик Уәлихановты География қоғамының мүшелігіне қабылдау туралы кепілдемесін жолдады. Оның Ыстықкөлдің шығыс жағына саяхат жасап, бай географиялық, этнографиялық және тарихи материалдар жинағанын, Қазақ даласының өткені туралы көп мәліметтері барлығын атап көрсетті. Семеновтың ұсынысына ғалымдар қарсылық білдірген жоқ. Императорлық Орыс география қоғамы 1857 жылғы ақпанның 21-інде өткізген жиналысында поручик Шоқан Уәлихановты сырттай өзінің толық мүшелігіне сайлады).

Шоқан үшін Семейде өткерген сол аз күн соншама бір ұмытылмас әсерлерге толы сәттер болып қалды. Достоевский мен Семенов сынды терең ойлы адамдардың қасында жүріп пікірлесу қандай ғанибет десеңізші. Көкірек сарайың даңғырап ашылып қалады-ау бір. Бірақ оған ылғи мүмкіндік табыла бере ме? Бәрінің де жан-жаққа тарайтын уақыты келді. Семенов қыс мезгілін өткізетін орны Барнаулға аттанарда Семей губернаторы Спиридоновпен келісе отырып, оның адыютанты Демчинский мен прапорщик Достоевскийді өзімен бірге ерте кетудің ретін тапты.

Бұл жазушының сол кездегі қамкөніл жағдайына қол ұшын беріп, көмектесу үшін жасалған ілтипат та еді. Қаламгерді Барнаулға ерте кету арқылы, оның сол жақтан Кузнецкіге соғып, бір көруге асық боп жүрген сүйіктісі Мария Дмитриевна Исаеваға жолығып қайту мүмкіндігі қарастырылған.

Барнаулға баратын жолаушыларды қарашаның 22-інде шығарып салған Шоқан, ертеңіне өзі де Омбыға қарай аттанып кетті.

Арада біраз күн өткесін, ол Омбыдағы тілеулес достарының бірі прокурор А. Н. Цуриковтың қызмет бабымен Семейге аттанып бара жатқанын естиді де, ол арқылы қаламгерге хат беріп жіберуге бекініп, қысқаша дұғай сәлемін сол арада асығыс жазып, жолаушының қолына ұстатады. 1856 жылғы желтоқсанның 5-інде жазылған ол хат бірер күннен кейін Достоевскийдің қолына тиген.

*«Аса қадірлі Федор Михайлович!*

*Сізге осы хатты жазудың реті келе кетуін пайдаланып қалу үшін асығыс қағазға түсіріп отырмын. Сіз кеткеннен кейін Сіздің қалаңызда бір түнедім де, келесі күні таңертең жолға шықтым. Бұл күнгі кеш мен үшін сондай көңілсіз болды. Өзім өте жақсы көріп кеткен және мені де жандарына жақын тартқан кісілермен айырылысу аса айрықша қиынға соқты.*

*Сізбен Семейде өткізген сол бір азды-көпті күндердің маған ұнағаны сонша, қазір Сізбен тағы да қалай жолықсам екен деген ойдың шырмауында жүрмін. Менің сезім мен ықылас туралы жазуға шеберлігім жоқ, алайда оның қажеті де болмас деген ойдамын. Сіз, әлбетте, менің Сізге қалай шын берілгендігімді және жақсы көретінімді білесіз.*

*Мұнда Омбыға келгесін осындағы ең жақсы досымның бірі Александр Николаевич Цуриковпен ажырасатын жайт боп қалды – ол енді Сіздерге Семейге бара жатыр. Аса мейірімді Федор Михайлович! Сізге осы бір ақжүрек жанды таныстырғаным болсын, Сізге ол ұнайды және жолыққан сайын, соғұрлым тәуір көре түсесіз деп білемін. Омбы дегеніңіз өзінің өсек-аяңымен, таусылмас қысастығымен мүлдем жаман боп кеткендіктен, одан кету жайын да ойлап жүрмін. Бұл хақында Сіз не ойлар едіңіз? Кеңес беріңізші, Федор Михайлович, қайткен жөн. Дуров дімкәстанып жүр. Мұнда оған, шамасы,*

шенеуніктік... құйтырқы әрекеттер онша жағып жүрген жоқ сияқты – дегенмен, мұның бәрін Сізге Цуриков толық айтып береді.

Барнаулда терең ойлы адаммен уақытты қалай өткіздіңіз? Менен құпия хатшы Василий Петровичке сәлем айтыңыз. Ковригин оған ештеңе жазбайды деп ренжулі. Алайда, бейбақ жанды өкпелете салу да қиын емес. Айтпақшы, кей бейбақтар туралы. Соңғы кешті мен Сіздің кеңесіңіз бойынша, С.-мен махаббатқа арнадым. Оның өзінен сұрарсыз, меніңше, біз кешті жақсы өткізген сияқтымыз.

Әзірше сау боп тұрыңыз, Федор Михайлович. Жақында тағы көп сөзбен ұзақ етіп хат жазамын. Жауабыңызды күтемін. Анна Андреевнаға<sup>18</sup> Сіздің хатыңызды бердім: ол, байқауымша, өте разы болып қалды.

Сізге шын берілген Шоқан Уәлиханов».

Аз күннен кейін Шоқан бұл хатына желтоқсанның 14-інде жазылған жауап та алған. Достоевский де оған шын жүрегімен, ықылас-пейілімен ақтарылған үшбу-хат жолдапты.

«Сіздің хатыңызды, мейірбан достым, маған Александр Николаевич табыс етті. Сіздің қалтқысыз көңіл әрі жылы пейілмен жазғаныңыз сонша, мен Сізді тағы да нақ алдымда отырғандай әсер алдым. Сіз маған мені жақсы көретініңізді жазған екенсіз. Ал мен қымсынбай-ақ, Сізге ғашық боп қалғандығымды тура айтамын. Мен ешқашан да және ешкімге де, тіпті туған бауырыма да, тап Сізді жақсы көргендей құлай берілген емеспін, оның себебі бір құдайға ғана аян. Бұл жерде түсіндіру үшін көп әңгіме де айтуға болар еді, бірақ Сізді несіне мақтай берем! Ал, Сіз, дәлелсіз-ақ менің ақиқат айтып отырғаныма сенетін шығарсыз деймін, қымбатты Уәлихан, және осы тақырыпқа тегі 10 кітап жазсаң да, бәрібір ештеңе

---

<sup>18</sup> Омбы қамалының коменданты, генерал-майор А.Ф. де Гравенің зайыбы. Достоевский абақтыда жүргенде өзіне жанашыр қамқорлық көрсеткен Анна Андреевнаның Омбы қыздар училищесінің ашылуына бас-көз болып, қолқабыс жасағанын естігесін, оған ризалық пейілін білдірген хат жазып, Шоқан арқылы беріп жіберген еді.

*жеткізе алмайсың: сезім мен құштарлық дегендер, сірә де түсіндіруге келмейтін нәрселер ғой. Сізбен арбада қош айтысып айырылысқаннан кейін, біз бәріміз күні бойы көңілсіз болдық. Біз ұдайы Сізді еске алып, барыңша мақтадық. Егер Сіздің бізбен бірге аттануға мүмкіндігіңіз болғанда, қандай тамаша болар еді! Сіз Барнаулда күшті әсер тудыратын едіңіз. Кузнецкіде (мен онда жалғыз болдым. NB. Бұл құпия) – мен Сіз туралы бір ханымға, ақылды, аяулы, жаны мен жүрегі жайсаң әйелге, менің ең жақын қымбаттыма көп айттым. Менің Сіз жайында көп әңгімелегенім сондай, ол тіпті көрмей-білмей-ақ, сөзім арқылы менің Сізді ең бір жарқын бояулармен бейнелегенімді түсіндіре келіп, Сізге сырттай ғашық боп қалды. Бәлкім, Сіз ол тамаша әйелді бір кезде көрерсіз және оның достарының қатарында боларсыз деп тілеймін. Сондықтан да мен мұны Сізге жазып отырмын. Мен Барнаулда тіптен болған жоқпын. Сонда да бал кешіне қатысып, бәрімен дерлік танысып үлгердім. Көбіне Кузнецкіде болдым (5 күн).*

*Содан соң Змеиногорскіде, Локтев зауытында. Демчинский барлық уақытта өзінің кәдімгі юморынан тайған жоқ. Семенов тамаша адам. Мен оны одан әрі жақынырақ тани түстім. Сізге хатпен жазып жеткізе алмайтын көп нәрсені айтуға болар еді. Оларды бір кезде әйтеуір бір естірсіз, ал қазір, менің жан-дүниемде кенеттен, тосыннан (күттім бе, күтпедім бе), әлемдегі ең қымбаттым үшін соншама қайғы, қамқорлық пен үрей салмағы ұялаған шақта, қазір, мүлде жападан-жалғыз қалған кезімде (ал қарекет жасау қажет), тап қазір Сізге ең басты жұмыстарым мен мақсаттарымды және басқа да табандатқан екі жыл бойы жүрегімнің қайғыдан қан жылап жүргенін ашапаныма өкінемін! Онда мен бақытты болған болар едім. Қымбатты менің досым, аяулы Шоқан Шыңғысұлы, мен Сізге жұмбақтап кеттім білем. Оларды шешемін деп тырыспай-ақ қойыңыз. Бәлкім, олардың бәрін жақын арада өзімнен естіп қаларсыз. Мүмкіндік болса, тезірек бізге келіңіз, ал сәуірде міндетті түрде. Өзіңіздің ниетіңізден айнымаңыз...».*

*Қандай ақтарылған пейіл, шынайы пейіл десеңізші. Екі халықтың екі ардақты ұлының өзара ұғынысуының, тамаша түсінісуінің ғажайып бір белгісі емес пе бұл?!*

*(Жазушының хатынан Шоқанның келесі жылдың көктемінде*

тағы бір сапарға қамданғанын байқағандай боламыз. Шамасы ол Семейде өткен сол күндерде Семеновпен бірге оның алдағы жылы Тәңіртауға жасамақ екінші саяхатына қосылуға уәделескен сыңайлы. Оның шет жағасын осы хатында Достоевский де меңзейді. Жазушы: «Сіз Семеновпен жолығасыз ба, Семейге бірге келе аласыздар ма?» – деген сауал қояды. Алайда келесі жылы Шоқанның сапарға шықпағаны белгілі. Семенов сәуірдің соңында Ыстықкөлге жеке өзі аттанды).

Шоқанға деген ағыл-тегіл ықыласын бүкпесіз төккен осы ұзақ хатында ұлы психолог жазушы оның болашағына бағдар ұсынғандай ойларға да барар еді.

*«Сіз өзіңізді Омбы әбден жалықтырып бітті депсіз – енді қалай болушы еді! Сіз кеңес сұрапсыз: қызметімді және жалпы жағдайымды қайтсем екен дейсіз. Менің айтарым мынау: шұғылдана беріңіз. Сіздің қолыңызда қыруар материал бар. Дала туралы мақала жазыңыз. Оның жарық көруі ақиқат (есіңізде шығар, біз бұл туралы әңгімелесіп едік ғой). Ең жақсысы, егер даланың тұрмыс-тіршілігі, өз өмірлеріңіз туралы «Жазбалар» секілді етіп орындай алсаңыз, тіптен дұрыс. Ол бәрін қызықтыра алатын жаңалық болар еді, ал Сіз, әлбетте, не жазу қажеттігін білер едіңіз (мысалы, егер есіңізде болса, Пушкин аударған «Джон Теннер» секілді). Сізге Омбыда да, Петерборда да назар аударар еді. Өзіңізде бар материалдармен, Сіз Географиялық қоғамды да қызықтырар едіңіз. Қысқасы, Омбыда да Сізге басқаша қарар еді. Онда сіз бауырластарыңызды да Өзіңіз үшін жаңа жол бар екендігімен қызықтырған болар едіңіз. Егер алдағы жазды Далада өткізбек болсаңыз, онда ұзақ тосуға тура келеді. Алайда келер жылдың 1-ші қыркүйегінен Ресейге баруға бір жылдық демалысқа сұранып шығуыңызға болады ғой. Онда бір жыл тұрсаңыз, не істеу керектігін біліп қайтар едіңіз. Бір жылға қаражатыңыз да жетер еді. Сеніңіз, оның соншалықты көп қажеті де шамалы. Бастысы, кейбір есеппен өмір сүріп, бұл істе жаңаша көзқарасыңыз болса, жетіп жатыр. Бәрі де салыстырмалы және шартты. Бұл жылы Сіз өз өміріңіздің келесі қадамын қалай жасауды шешіп алған болар едіңіз. Сіз өзіңізше қорытынды шығарып, яғни одан әрі не істеу қажеттігін шешер едіңіз. Сібірге қайтып оралғаннан кейін, Сіз өз бауырластарыңызға сондай пайдалы немесе соған жақын*

пікірлеріңізді (ойлап тауып, ортаға тастайтын мәселе аз ба екен) ұсынар едіңіз, олар керек десеңіз, сізді шетелге де, яғни екі жылдай уақытқа Еуропаға саяхат жасауға жіберер еді. Шамамен 7-8 жылдан кейін, өз тағдырыңызды қалыпты жолға салып алған соң, Отаныңызға айрықша пайдаңыз тиер еді. Мысалы: өз ортаңыздан жеке дара суырылып шығып, Ресейге Даланың не екенін, оның маңызын және өз халқыңыздың Ресейге қатысын түсіндіріп берген болсаңыз, сонымен қатар орыстарға туған Отаныңыздың оқымыстысы ретінде бас-көз боп отырудың өзі ұлы мақсат, қасиетті іс емес пе. Еуропаға толық білімді – бірінші қазақ екеніңізді есіңізге түсіріңіз. Оның үстіне тағдыр Сізге ұлы жүрек, асыл қасиеттер беріп, тамаша адам етіп жаратты. Тоқтап қалуға болмайды; дегеніңізге көндіріңіз, тырысыңыз, тіпті мүмкін болса, айла-құлық жасаңыз. Ал, тегі, бәрі де мүмкін екендігіне шүбәсіз сеніңіз. Қымбатты менің Уәлиханым, сіздің тағдырыңыз туралы менің құрғақ қиялға құрылған ойларым мен болжамдарыма күлмеңіз. Мен Сізді жақсы көремін, ұзақты күн Сіз туралы және Сіздің тағдырыңыз туралы армандадым. Әлбетте, мен өз қиялымда Сіздің тағдырыңызды дұрыс арнаға түсіріп, арман бесігінде бөледім. Алайда сол қиялдарымның арасында бір шындық бар еді. Ол сіздің еуропалық білімге қолы жеткен өз халқыңыздың ішінде бірінші адам екендігіңіз. Осы жағдайдың бір өзі-ақ таңғаларлық және оны білу Сізге еркіңізден тысқары міндеттер де жүктейді. Сізге алғашқы адымды қалай жасауды шешу де қиын. Әйтсе де, міне тағы бір кеңес берейін (жалпылама) – азырақ болжаңыз және армандаңыз, мейлінше көбірек іспен шұғылданыңыз, өз мансабыңызды көтеру үшін әйтеуір бірдеңеден бастаңыз, әйтеуір бірдеңе болса да істеңіз. Түк жоқтан гөрі бірдеңенің болғаны жақсы. Сізге құдай денсаулық берсін.

Сау болыңыз, қымбаттым менің, Сізді құшақтап 10 қайтара сүйеге рұқсат етіңіз. Мені есіңізден шығармай, хат жазып тұрыңыз. Цуриков маған ұнайды, ол ашық-жарқын, бірақ мен оны әлі аз білемін... Сізге Демчинский сәлем айтады. Осы хатты соның пәтерінде, біз әдетте таңертең тамақтанып, кешке шай іше отырып, ренжігіш бейбақтарды күтетін үстел үстінде жазып отырмын.



*Қарсы алдымда Цуриков. Ол да Сізге хат жазуда. Демчинский ұйқыда, қорылға басып жатыр. Қазір сағат кешкі 10. Сізге Семей туралы біраз нәрсе жазғым келіп еді, өте күлкілі жайттар бар. Әттең, дұрыстап жазғың келгенде, ойлағаныңның 10-нан бір бөлігін де түсіре алмайсың Қош бол, менің қайырымды достым. Маған жиі жазыңыз. Ал мен сізге барлық уақытта жауап беремін. Менің атымнан Дуровқа сәлем айтыңыз және менен бар игілік тілеңіз. Менің оны жақсы көретінімді және оған шын адал екенімді сендірерсіз.*

*Қош болыңыз!*

*NB. Сізге С. сәлем жолдайды, Сіздің оны Омбыға қалай шақыртқаныңыз жөнінде айтты. Сіз оның есіндесіз және Сіз туралы өте қызыға сұрады».*

Осы хатта Шоқанның алдағы тағдырына қатысты көптеген жайлардың – оның Петерборға баратыны, Географиялық қоғамға мүше болатыны, қазақ ғалымының ғылыми-очерктік жанрды тамаша меңгере білгені, аты ел аузында жүретіні дәл болжанғаны назар аудартады.

Алайда қазақтың жас ғалымы дәл сол шақта, келесі жылдың күзінен бастап, өз өміріндегі ең басты оқиға, есімін әлемге паш ететін қауіпті Қашқар сапарына аттану қамына кірісетінін, көп адамның жүрегі дауаламайтын қиын тапсырманы, теңдессіз ғылыми ерлікті атқару арқылы туған халқының ғана емес, сол дәуірдің ұлы жиһангездерінің қатарына қосылатынын біле қойған жоқ еді...

## АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

### КЕРУЕНБАСЫНЫҢ «ТУЫСЫ»

#### 1. Петербордан түскен пәрмен

Ыстықкөл мен Құлжаға барып қайтқан сапарлардан кейін Омбы басшылығы алдында Шоқан беделі күрт көтерілді. Генерал-губернатордың адъютанты болып жүрген атты әскер поручигінің қабілеттілігі, өз ісіне тиянақтылығы, жергілікті халықтың әдет-ғұрпына жетіктігі, тіл білгіштігі, дипломатиялық алғырлығы жұрт аузында. Сол сапарлардан алып қайтқан мәліметтері, күнделіктерінің өзі оның қыруар іс тындыра алатындығына айқын дәлел.

Сол қыста жас зерттеуші «Қырғыздар туралы жазбалар» атты бітім-түзілісінде үлкен монографиялық жүк бар тамаша еңбегін жазуға кірісіп кетіп еді. Өзі зерттеу нысаны етіп алған халықтың тілін, өмір салтын түбегейлі түсініп, зерделей білетін адамның қолынан шыққан, қырғыз елі жайында ағыл-тегіл құнды мәлімет ұсынатын еңбек болып түзілді ол. Онымен қатар «Қытай империясының батыс өлкесі туралы», «Құлжа мен Шәуешектегі сауда жайында» атты сол аймақтың ежелгі тарихы мен бүгінгі жағдайын саралаған зерттеулердің бас-аяғы да дөңгеленіп қалды.

Бұған дейін «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы», «Іле Алатауы өлкесінің географиялық очеркі», «Қазақ шежіресі», «Қазақ халық поэзиясының түрлері» сынды елеулі жұмыстарды аяқтап тастаған жас ғалым үшін олар нағыз кең өріске шығар жолдағы соқталы бір асулар іспетті.

Жас зерттеушінің қарымды аяқ алысын зерек байыптай білген бір адам – Орыс Географиялық қоғамының тапсырмасымен Тәңіртауға жасаған алғашқы сапарынан қайтып келе жатып, онымен 1856 жылдың қарашасында Семейде жолыққан саяхатшы Петр Петрович Семенов болатын. Сібірдің боранды қысын Барнаулда өткізіп, Алтай мен Ыстықкөл

аймағында жаз бойы жүргізген зерттеулерінің нәтижелерін қағазға түсірген ол, Тянь-Шань жаққа екінші мәрте сапарға аттанатынын Гасфортқа айту үшін 1857 жылдың наурыз-сәуір айларында Омбыда болғанда, Шоқанмен тағы да кездесіп, оның жан-жақты қабілеттілігін одан әрі тани түсуге мүмкіндік алды. Реті келсе, былтыр күзде уәделескендей, Ыстықкөл сапарына екеуі бірге бармақ ойы да бар еді. Алайда Гасфорт адъютантын тағы да бір жаз бойы саяхаттатып жібергенді жөн көрмей, рұқсатын бермеді.

Шоқан әйгілі географты Шұрықтағы пәтеріне қонаққа шақырып, Омбы мұрағатынан табылған көне қолжазбаларға қатысты талай тарихи мәні мол әңгімелерге қанықтырған. Қырғыздар туралы зерттеуінің жазылып біткен тарауларымен таныстырған. Сол ел туралы, оның қай өңірлерінде болуы, қандай адамдармен жүздесуі қажеттігі жөнінде егжей-тегжейлі пікір қосқан. Шығыс Түркістанның арғы-бергі тарихын білгірлікпен қозғаған, мәйекті мәліметтері мол «Қытай империясының батыс өлкесі туралы» еңбегі де Семеновті ерекше риза етті. Құлжада өткерген екі жарым айын бос жібермеді. Сондағы білімдар консул Захаровтың әңгімесінен түйгендерін, көптеген зерттеулерге сүйенген дәйектерін ұтымды қорыта алғаны көрініп-ақ тұр. Іле өлкесі, Алтышар қалалары туралы нақты сипаттамалар жасапты. Бичуриннің «Көне замандардағы Орта Азияны мекендеген халықтар туралы мәліметтер жинағы» мен басқа да еңбектерін әбден зерделегені байқалады. Шоқан Иакинфтің хұндардан тараған тугю әулетінен тараған жұрттарды моңғолдар деп танығанына күмәнданатынын ортаға тартады. Әбілғазының «Түрк шежіресі» мен Клапрот зерттеулерінде олардың түркілер деп аталғанына құлайтынын байқатады. Сол Иакинф аударған ҮІ ғасырдағы қытай деректерінде түркілер өз жазуын пайдаланды деген тұстарға айрықша назар қойып, ол қандай жазу болды екен, деп қызығушылық білдіріпті. Тугюлердің тарихынан бір жақындық сезгендей, сол жұрттарға қатысты мәліметтерге ерекше үңіліпті. Дайын тұрған ғылыми еңбек. Құлжа мен Шәуешектегі сауда туралы есебі, Қашғармен арадағы сауданы қалай өрістетуге болатыны жөніндегі пікірлері де тап-тұйнақтай нақтылығымен, мәселені дөп басатындығымен ерекшеленеді.

Қоқанға, Бұхараға, Қашқарға, Кабулға, Тұрпанға барған

саудагерлерден жазып алынған керуен жолдары туралы жиналған сирек кездесетін құжаттарын көрсеткен. Семеновті Шоқанның сол елдердің ежелгі тарихы жайында көп білетіндігі таңғалдырған. Орыс, батыс әдебиетін жаңғақша шағады. Қаламы жұрдек. Жолжазбалар мен мақалаларының өзі көркемдігімен жұтынып тұр. Стили жеңіл, қажет тұсында құлпыртып, ойнатып, кейде жұмсақ мысқыл араластырып жібереді. Адамдардың іс-әрекетін, болмысын келістіріп кейіптейді. Көп зерттеушілердің қолына түсе бермейтін, сирек кездесер ғылыми кітаптарды, мақалаларды жинап алған. Арасында французша, немісшелері де жетерлік.

Ішінен Азия елдерінің әлі беймәлімдеу тарихын осындай ерекше таланттар зерттесе ғой, шіркін, деп одан әрі тәнті қалды. Достоевскийдей зерделі жазушының Шоқан туралы үнемі ырзалықпен сөз етіп, айрықша дарын иесі деп аузынан тастамайтындығының бекер еместігіне көзі анық жете түсті. Өзінің өткен қыста Барнаулға барысымен, поручик Уәлихановты Орыс географиялық қоғамына мүшелікке қабылдау жөнінде Петерборға ұсыныс жібергеніне кәдімгідей бейілденіп, көңілі тоғайды.

Сол жолы Шоқан арқылы оның айнымас досы Григорий Потанинмен де кездесті. Оның да пәтеріне соғып, әлден уақыт әңгіме-дүкен құрып еді. Семенов Потаниннің Омбы мұрағатында атқарып жатқан жұмыстарына қызығушылық танытып, оның Алтайда жинаған гербарийлерін тамашалады. Өсімдіктерді жүйелеу әдісі туралы өзінің ақыл-кеңестерін берді. Ақыр соңында Семенов екі достың алдағы уақытта Петерборға барып оқуы, ғылыммен шұғылдануы керектігін, әйтпесе Омбыдағы бір сарынды томаға-тұйық тіршілік, олардың қабілеттерін тосаңсытуы мүмкін екендігін қадап айтты. Және бұл тұрғыдан өзінің қолдан келер көмегін аямайтындығын білдірген...

Біраз күннен кейін Тәңіртауға баратын екінші саяхатына байланысты шаруаларын тиянақтаған Семенов Ыстықкөл жаққа жәмшік даңғылы бойымен аттанып кеткен. Оны Семейде саяхатқа қатысуға Том қаласынан арнайы шақырылған суретші Павел Кошаров күтіп отыр еді.

...Тянь-Шаньға жасаған осы сапарынан қыркүйектің аяғында ғана оралған Семенов, Семейде Достоевский досының қасында

біреу күн болғаннан кейін Барнаулға беттеді. Былтырдан бергі саяхаттары кезінде жинап-терген ботаникалық, геологиялық, этнографиялық коллекциялары, өткен қыс бойы жазған-сызғандарының дені сол қалада. Өзіне қажеттілерін іріктеп, Петерборға ала кетуі керек.

Онда көп кідірген жоқ. Империя астанасына қайтып бара жатып, қазан айының ортасынан ауа жол-жөнекей Омбыға аялдаған. Саяхатшы Тәңіртау жаққа барып қайтқаны туралы аймақ басшысы Гасфортты хабардар етпек боп губернатор кеңсесіне бас сұққанда, қабылдау бөлмесінде оны былтырдан бері кимас таныс боп үлгерген поручик Уәлиханов тағы да қарсы алды.

Екеуі шұрқыраса жолықты. Жас адъютант петерборлық саяхатшыдан биылғы сапарының қалай өткенін, ортақ таныстарының хабарын сұрастырып жатыр. Семенов те поручикке қысқа-қысқа сауалдар қойып, қандай ізденістермен айналысқанына қатысты қызығушылық танытты. Байқайды, екеуі үшін де пікірлесетін тақырыптар көп сынайлы.

– Мен губернаторға кіріп шығайын, содан кейін кең отырып әңгімелеселік, – деді Семенов өзінің негізгі шаруасын ұмытпай. – Густав Христиановичке менің келіп тұрғанымды айт, қабылдар ма екен, – деді жымыш.

Гасфорт былтырдан бері таныс боп қалған саяхатшыны сыпайы түрде, ықыластана қарсы алды. Семенов Ыстықкөл сапары барысында ашқан жаңалықтары, жүргізген зерттеулері жөнінде сөз етті. Губернатор да қырғыздарды Ресей қарамағына толығымен қарату, шекараны кеңейту мәселелеріне байланысты пікірлерін ортаға тартты. Іле сыртындағы өлкені жаулап алу империяға үлкен пайда келтіреді, – дей отырып, өзінің бұл істі атқаруға әрдайым дайын екендігін мардамси жеткізген генерал, қызды-қыздымен, өз атына Ресейдің Әскери министрі генерал-адъютант Сухозанеттен арнайы келген құпия хат мазмұнын қонағына жайып салды...

Аздан соң Семенов те ол хаттың мән-жайына қаныққан. Өзі Тәңіртауда жүрген осы жазда, ар жағындағы Қашқарияда жергілікті халықтың қожалар әулетінің бір өкілі Уәлихан төренің басшылығымен мәншың билігіне қарсы көтерілгенін естігені бар-ды. Енді, міне, сол оқиғаға орыс үкіметі өз мүддесі

тарапынан араласқанды жөн деп тауыпты. Жарты миллионнан астам халқы бар Қашқарияның география жағдайының Қытайға ықпал ету орайындағы тиімділігіне соңғы кездері Ұлыбритания империясының қызығушылық таныта бастауы, шекара шептері сол өңірге іргелесе жатқан Ресейді де мазасыздандыратын түйткіл мәселелердің біріне айналыпты. Яки сол аймақтағы Қытай билігіне қарсы көтерілістерді өзіміздің пайдамызға бұрып, жергілікті мұсылман халқы бізден көмек сұрап жатыр деген сылтаумен, Қашқарияда Ресей қамқорлығында болатын жеке хандық құрудың реті келіп тұрған сияқты.

Демек, бұл орайда сол көтерілістердің туындау себептерін байыптап, жергілікті халықтың сол өңірде талай көтерілістерді бастаумен жүрген қожалар әулетіне деген бейіл-ықыласын, оларды қолдап-қолдамайтынын, мәншың империясына төтеп бере алатын әлеуеті мен қуатын, осы аймақтың қазіргі саяси жағдайын барлап қайту артықтық етпейді.

Бұл аймақтағы ұйғырлар қытай езгісіне қарсы әлденеше мәрте көтерілген. Алайда олардың бәрі қан-жоса етіп басылып отырды. Әрі бұл ел қаншама ғасырлардан бері еуропалық ғылым үшін құпия, жұмбақ күйде қалып келеді. Әртүрлі қантөгістерді бастан көп кешкен аймақтың билеуші әкімдері халықты оқшауландыра күн кештіруге бейіл. Әсіресе, діні бөлек еуропалықтар үшін қабақ тым қату. Мәмілеге келіп жатпайды. Бауыздай салады. Сондықтан Қашқарияны барлап қайтудың бірден-бір қауіпсіз тәсілі – ол жаққа тәжірибелі де сенімді адамды жасырын түрде сауда керуенімен жіберу.

Бұл жоспарды Әскери министрлікке әуелі ұсынған адам, былтырдан бері Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің директоры болып істеп жүрген ғалым, Орыс география қоғамы бастығының орынбасары, кітабымыздың алдыңғы тарауларында саяхатшылығы, жазушылығы сөз болған генерал-майор Егор Петрович Ковалевский еді. Шоқан сырттай құрмет тұтатын осы әйгілі жиһангез Қашқардағы дүрбелең туралы Құлжадағы орыс консулы И. И. Захаровтың департаментке жолдаған арнайы хабарламасына кәдімгідей қызығушылық танытады. Осы хаттың негізінде Ресейдің мүддесі тұрғысынан сол жақты барлап қайтуға сенімді офицерді жібергеніміз жөн болар еді, деген ойын қағазға түсіріп, Әскери министрлікке білдіреді. Бұл ретте «Қашқардағы

істің жайы, оған біздің қатысымыз» деген аталмыш бағдарламалы ұсынысты жазған Ковалевскийдің Омбыда дәл осы тапсырманы орындауға лайық, осы жылдың басында ғана өздері Географиялық қоғамға мүшелікке қабылдаған жас әріптесі Шоқан Уәлихановтың бар екеніне іштей сенуі мүмкін екендігін де қаперден шығаруға болмайды.

Әскери министрліктің Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфортқа жүктеген міндетінің әу бастағы туындау төркіні осылайша еді. Бұл бастама патшаның қолдауына да ие болып, император ағзам осы істі жүзеге асыруға пәрмен беріп отыр, деген салмақты сілтемесі бар қатынас хат Гасфортты да біраз әрі-сәрі күйге түсіргенге ұқсайды.

– Көрдiңiз бе, мырзам, оларға Петерборда отырып нұсқау беру оп-оңай. Ал оны бұл жақта жүзеге асыруға қиналатын мен емеспiн бе?! Олар, шамасы, бұл iстi атқаратын тәжiрибелi де сенiмдi адамды табу соншама оңай деп ойлайтын болуы керек. Керуендi қалай жасақтамақпын? Бүгiнде қай саудагер басын қатерге тiге қояр дейсiз...

Семеновтiң ойына жаңа ғана қабылдау бөлмесiнде жолыққан Шоқан орала кеттi. Дереву ойын iрiкпей, губернаторға:

– Густав Христианович, дәл осы жұмысқа ең таптырмайтын адам өзіңіздің адъютантыңыз Шоқан Уәлиханов емес пе? Бұл тапсырманы содан артық орындайтын кісіні менің өз басым дәл қазір көре алмай тұрмын. Шығыс жұрты десеңіз – нағыз өзі, реңі күдік тудырмайды, ташкенттіктердің керуені арасына қосып жіберген кезіңізде – ешкім де ажырата алмайды. Оған тағы тіл білетінін, алғырлығын, байқампаздығын қосыңыз! Жок, жоғары мәртебелім, бұл іске лайықтылығы жөнінде онымен теңдесер адам бүгінде Ресейде ғана емес, бүкіл Еуропада жоқ! Белгілі неміс саяхатшысы Адольф Шлагинвейттiң өзі Қашқарияға барамын деп хабарсыз кеттi емес пе? Менiң Тянь-Шаньде жүргенде шет жағалатып естуiмше, ол сол жақта қазаға ұшырағанға ұқсайды. Уәлиханов барса, соның да бiр анығын бiлiп қайтар едi...

– Жөн айтып отырсыз, Петр Петрович, мен де бұл жөнінде ойланып едім, – деді Гасфорт. Алайда басқалардың кеңесін бірден мойындай қоймайтын мінезіне салып. – Әлі де қабырғаммен ақылдасып көрейін. Мүмкін, сіз айтқан

Уәлихановтың да кандидатурасын тандармын, – деді маңғаз қалпын бұзбастан...

Сол күні Семенов пен Шоқан көп әңгімелесті. Петр Петрович Қашқар сапары жөнінде Гасфортқа айтқан ұсынысын шет жағалатып жеткізіп еді, Шоқан да оған қарсы еместігін білдірді. Марко Поло, Плано Карпини, Гильом Рубрук, Геос Бенедикт пен Петр Паллас сияқты жиһангездердің шығармаларын қызыға оқып, солар секілді саяхаттар жасауды талайдан армандап жүрген ол, бұл сапардың былтырғы Ыстықкөл мен Құлжаға барған миссиялардан жөні тым бөлек екендігін жақсы түсінеді. Аса қауіпті. Сөйтсе де, ғылым үшін бұған дейін жабық боп келген жұмбақ өлкені көру, сол туралы жазу мүмкіндігінің өзі әркімге бұйыра бермейтін тағдырдың бір сыбағасы емес пе? «Егер жоғары жақтан маған Қашқарға бару жөнінде тапсырма беріліп жатса, келісетінімді айтармын», – деді ол.

Семеновтің биылғы Ыстықкөлге жасаған сапары барысында бастан өткергендерін қызыға тыңдады...

Былыр Шоқан арнайы ат басын бұрып, көшірмесін қағазға түсіріп алған Іле бойындағы Таңбалы тасты Семенов те қасына ерткен суретші Павел Кошаревпен бірге барып көріпті. Алматыға жеткесін, былтырғы жылдың қарашасынан бастап ашылған Алатау округінің бастығы атанған Ұлы жүз приставы Перемышльский Географиялық қоғамның тапсырмасымен жүрген жиһангездің қасына қарулы елу казак-орысты қосып беріпті. Албан руының аға сұлтаны Тезек Нұралин де мың жарым адамдық жасағымен Ыстықкөл төңірегіне дейін бірге барыпты. Сантас асуы маңында отырған Боранбайдың ауылына соғыпты.

– Бұғылар мен сарыбағыштардың аралары әлі қиын екен. Жаулықтары тоқтамапты. Біз келерден біраз бұрын сарыбағыштар бұғының қыдық пен желден аталарының көшкен ауылын қырып салыпты. Жәукі өзенінің басындағы биік тау асуына шыққанда олардың көмусіз шашылып жатқан мүрделерін өзім де көрдім. Семеновпен бірге орыс әскерінің және аға сұлтан Тезектің қалың жасағының Ыстықкөл төңірегіне келуі еркінсіген сарыбағыштарды кәдімгідей үркітіпті. Олар бұғылардан тартып алған жерлерін тастап өздеріне қарасты Шу бойына ығысыпты...



Содан соң өз отрядының Боранбай қосып берген жолбастаушылардың көмегімен Сырдарияның негізгі сағасы Нарын өзенінің бастауларына дейін жеткенін, одан қайта Ыстықкөлге түсіп, Қарқара өзенін жоғары өрлей, Хан Тәңірі шыңына дейін барғанын айтты. Алған әсерлері керемет. Ғылымға бұрын белгісіз нешеме өсімдік түрін тауыпты.

– Айтпақшы, осы сапарымда подполковник Перемышльскийдің өтінішімен, көлденең адам ретінде, албандар мен дулаттардың арасында өткен билер сотына төбе би ретінде де қатыстым, – деді Семенов Шоқанға жымия қарап.

– Бәрекелді. Қандай іске билік еттіңіз, сонда?

– Дулат руының белгілі бір кісісінің қызы албанның атақты бір адамының ұлына айттырылған екен. Алайда қалыңмалы беріліп қойған қыз ол жігітке шықпайтынын айтып, азар да безер боп көнбеген көрінеді. Егер зорлап қосатын болса, өзімді-өзім өлтіремін деп шарт қойыпты. Екі жақ соның кесімін шығару үшін билер сотына жүгініпті. Дау әрі қарай ушықпасын деп, сотқа орыс әкімшілігінің адамын да қатыстыру ойластырылыпты. Перемышльский ойламаған жерден келе қалған мені, былтырғы сапарыңыздан бері қазақтар сізді ғұлама адам ретінде танып қалды, деген уәжбен төбе би болуымды қалады. Приставтың өтінішін жерге тастай алмадым. Әрі қазақтардың сот жорасымен жақынырақ танысуды да жөн көрдім, – деді Семенов.

Содан кейін Есік өзенінің алабындағы Тасбұлақ деген жерде билер сотының қалай өткенін айтып берді. Оған албанның аға сұлтаны Тезек Нұралин мен дулаттың сұлтаны Әли Әділұлы да қатысыпты. Тезек бір қарағанда өзін жуас адамдай ұстаса, Әли маңғаздау қалпында байқалыпты. Іс басталар алдында Семеновке екі жақтың билері таныстырылады. Дулаттың мүддесін – гүрілдеп сөйлейтін, толық денелі Діқанбай қария, кісіге байыппен қарайтын, селдір сақал, ақ шашты Туғанбай, өткір мінезді Жайнақ деген билер қорғайды екен. Албан жағында – әділдігімен аты шыққан Атамқұл, дала ғұрпының жақсы білгірі тағы бір Жайнақ, әрнәрсеге де түбегейлі қарайтын орнықтылығымен белгілі қарт Мамай жайғасыпты.

Бұлардың көбі Шоқанға былтырғы сапар кезінен таныс тұлғалар. Есімдерін естігеннен-ақ кім екендерін біліп отыр. Діқанбай Қапсаләмұлы – ботбайдың атақты биі әрі қазақ

шежіресінің білгірі болса, прапорщик шені бар Туғанбай Қойгелдіұлы – жаныстың биі. Қос Жайнақтың біріншісі – қасқараудың биі Қараталұлы болса, екіншісі – албанның айтбозым атасынан шыққан Абақұлы. Ал Атамқұл деп отырғаны – қызылбөріктің бетке ұстар биі Байтоқұлы.

Ала шапан киіп, белдеріне жасыл белбеу байлаған билерді Семенов бір сәт опера артистеріне де ұқсатыпты. Кең ақ боз киіз үйдің төрінде Перемышльский екеуі қатар жайғасқаннан кейін, төбе би Петр Петрович әуелі қыздан жауап алады. Үйге қымсына енген он тоғыз жасар қыз баршаны сұлулығымен таңғалдырыпты. Өрі өзі соншама жігерлі де екен. Ол қалыңмал төлеген жігіттің, өзін әйел үстіне, тоқал ретінде алғалы отырғанын, сол себепті, оған өлсе де күйеуге шықпайтынын билерге ап-айқын түрде айтып береді. Менің өлімімнен оның ата-анасына келер пайда жоқ шығар, деген тастүйін ойын жеткізеді.

Қызды сыртқа қайта шығарып жібергесін, Семенов билерге қарап: «Бұл істі өздеріңіз қазақ ғұрпына сай жөнімен шешетіндеріңізге сенемін. Алайда, орыс заңы бойынша қызды өз ықтиярынсыз күйеуге зорлап қосуға болмайтынын естеріңізге саламын. Қыз тектен-текке өзін-өзі өлімге қимайтындай, екі рудың арасы ушығып кетпейтіндей, ұтымды бір жолды іздерсіздер», – деген қысқа тілегін білдіреді.

Билердің өз руларының мүддесін қорғаған сөздері әуелі сабырлы түрде басталғанымен, артынша қызып жүре беріпті. Албан жағының биі Атамқұл: күйеу мен оның ағайындарының қалыңмалды қайтарып алғысы жоқтығын, ең алдымен ру намысының қымбат екенін, сондықтан ата жолын бұзғандарды байырғы салтымыз бойынша жазалау керек десе; дулат жағының биі Жайнақ: Ата салтын алдымен сендер бұздыңдар, қадірлі адамның қызын тоқалдыққа байлағандарыңа жол болсын, қызымызды айттырған жігіттеріңнің әйелі бар екенін соңғы кезге дейін неге жасырдыңдар, – деп олардың өзіне кінә тақты.

Екі жақтың билері тағы біраз тәжікелестен соң: «күйеу жігіт ата жолды бұзды, сол себепті ол қалыңдықтан бас тартуы тиіс, ал қыз жағы қалыңмалды қайтарып, ат-шапан айып төлесін», деген мәмілеге келгендей болады.

Ал албан руының жыртылған намысын қалай жамау керек? Бұл мәселеде де әртүрлі пікірлер ортаға тартылады. Ақырында

орайлы шешімді, өзі басқаратын рудың намысы жерде қалмас үшін дауға араласқан Тезек сұлтан айтады. Ол: «бұлай болса, қалыңдықтың нағашы атасы Діқанбай бидің туыстары да албан руынан айттырған бір қыздан бас тартсын, дулаттардың қалыңмалы қайтарылсын, бірақ айыбын төлемесін», деген ұсыныс тастайды.

Жұрттың бәрі енді Діқанбайға қарайды. Әйгілі би де беделді төренің сөзіне қарсылық білдірмейді. Екі рудың арасында реніш туындамас үшін, Тезек сұлтанның бұл талабына көнетіндігін айтады. Билер кеңесе келе, қыздың ағайындары албан жағына қалыңмалға алған жүз жылқыны қайтарып, тапталған ру намысы үшін елу жылқыны қоса төлесін, деген кесім шығарады.

– Қазақтың билер сотының қалай өтетінімен танысудың әдемі реті келген екен, – деді Шоқан. – Көрдіңіз ғой, далалықтардың бәтуаласуы, сіз айтқандай, өзінің жөн-жобасымен атқарылады. Енді оның әрі қарай дау-дамайға ұласуы қиын. Қазақта билердің кесімі екі жақ өзара келісімге келгеннен кейін ғана шығарылады. Би деген абыройлы қызмет. Өйткені бізде би атағы сайлау жолымен немесе халықты басқарып отырған өкіметтің бекітуімен емес, сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерді меңгерген адамға ғана беріледі. Би атану үшін ол халық алдында талай шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін жалпақ елге танытуы керек. Бидің мәні оның беделіне негізделген. Қазақтың билер сотының артықшылығы, онда немқұрайдылық пен ресми кертартпалық болмайды. Би істі жалғыз шешпейді, алқалы түрде ақылдаса отырып, бірінің уәжін бірі тыңдау арқылы ғана кесім айтады. Олар бір жағынан ақтаушының міндетін де атқарып жатады. Қазақ құқық заңының адамгершілік жағы басымдау, сіресіп тұрған, сескендіретін шаралар жоқ. Өзіңіз жаңағы билер сотында байқағандай, қазақ заңы бойынша, туыстардың бірінің ісіне бірі жауап беретін руластық жағдайы рулардың өзара қатысында іс жүзінде көп пайда келтіреді.

Шоқан қазақ заңының өз ерекшеліктеріне байланысты өрбіткен әңгімесін қонағының зейін қоя тыңдап отырғанын байқап, әрі қарай жалғады.

– Мәселен, қазақтың құқықтық мәдениетінде барымта деген ұғым бар. Оны әдетте кегі қайтпаған, есесі кеткен жақ жариялы

түрде жасайды. Алайда орыс соты барымтаны кісі өлтіріп, мал айдап кету, деп қате түсінеді. Шын мәнінде олай емес. Барымта – қайтарылатын қалыңмал, төленетін құн үшін, құныкер адамның малын немесе затын, жалпы өзгенің жеке меншігін тартып алу. Ұрлыққа, тонауға, мал айдап кеткенге айып төленеді, ал барымтаға ештеңе төленбейді. Бір қазақ екіншісіне тізе батырса, кісісін өлтірсе, құнын төлемесе, тілін тигізсе, және бұл әрекеттері үшін айыбын тартпаса, құныкер бола тұра билер сотының шақырғанына келмесе, жапа шеккен ру билерінің кесімі бойынша, қорланған, зәбір көрген жақ барымтаға аттанып, егескен адамының ауылын шауып, малын айдап кетеді. Екі жақ келісімге келген соң, ешқандай айыпсыз, барымталанған малдың шырқы бұзылмай қайтарылады. Барымта тапа-тал түсте де, жасырын түрде түнде де жасала береді. Жасырын барымталағанда, үш күннен қалдырмай мал иесіне хабарлап, оның не үшін жасалған себебін айтады. Өйтпеген жағдайда ол барымтасы «ұрлық» немесе «шабу» деп саналады...

Семенов қазақ ғұрпына қатысты өзіне беймәлім көп жайттарды ұғындырып жатқан жас поручиктің жан-жақты біліміне тағы да тәнті болып отыр. Орыс офицерлерін дайындайтын оқу орнында оқыса да, өз халқының тарихы мен әдет-ғұрпына соншама жетіктігін айтсайшы. «Құдай бере салған нағыз дарын ғой бұл», деп оған ауған пейілін одан әрі бекемдей түскендей...

## 2. Әлімбай саудагер

Аз күннен соң Петербордағы Ресей Соғыс министріне Дербес Сібір корпусының командирі Гасфорттың атынан аса құпия баянат (рапорт) кетті. Онда губернатор: «Император ағзамның ұйғарымымен Қашқардағы оқиғалардың аңысын аңдау, мәлімет жинау мақсатында сол жаққа сауда керуенімен бірге саудагер кейпіндегі сенімді адамды жіберу туралы тапсырманы орындау жұмысы қолға алынғанын» айта отырып, былай деп жазды. «Осынау тапсырманы жүзеге асыратын адамды іздестіре келе, ерекше тапсырмаларымды орындау үшін тікелей өз қарамағымда істейтін поручик Уәлихановқа тоқталдым. Бұл офицер беделді қазақ төресі, қазір Көкшетау округінің аға

сұлтаны боп отырған полковник Шыңғыс Уәлихановтың ұлы, Сібір кадет корпусында тәрбиеленген, үкіметке берілгендігі күмәнсіз, аса дарынды және оның тындырымдылығына да толық сенуге болады. Әрі ол кіндіказиялық иеліктердің тарихымен және қазіргі жағдайымен жақсы таныс, сондай-ақ өзі де мұсылман болғандықтан да, орыс шенеунігінен гөрі діндестерінің сеніміне тезірек ие болу мүмкіндігі мол».

Содан кейін-ақ керуенді жасақтау жұмысы басталып кетті. Гасфорт бұл маңызды шаруамен айналысуды Сібір қазақтары облысы әскери губернаторының орынбасары полковник Гутковский мен поручик Уәлихановтың өзіне тікелей тапсырды. Олар ең алдымен, бұл жөнінде Қашқарға талай рет сауда керуенімен барған Семейдің әйгілі көпесі Боқаш Аупбайұлымен ақылдасуды жөн көрген.

Семей мен Қызылжар саудагерлері өздерін әндіжандықпыз деп атап, Қытай иелігіндегі жерлерге де жиі барып тұрады. Олар мұсылман болғандықтан, мәншың билігі арнайы рұқсатын берген. Алайда соңғы кездері ол жақта дүрбелеңнің көбеюіне байланысты керуендердің жүруі саябырсыңқырап қалған еді. Сол себепті де Боқаш генерал-губернатор тарапынан болған бұйымтайға бірден құлай кеткен жоқ. Алайда бұл тапсырманы орындауға атсалысу арқылы үлкен бастықтың қолдауымен өзінің де біраз шаруаларын тындырып алуға болатынын ойлағаннан кейін келісімін берді. «Мақұл, керуен аттандырайын», деді. Ол үшін 1858 жылдың көктемінде Ірбіт жәрмеңкесінен бұйымдар сатып алып шығып кету қолайлы болатынын айтты. Өзінің қартайып қалғанын, ұзақ жолды көтере алмайтынын көлденең тартып, сапарға қатысудан бас тартқанымен, бірнеше шағын керуеннің бірігуінен құралған арнайы керуенге екі қостың иесі етіп, баласы Мірқұрбаннан туған немерелері Тәшмағамбет пен Кенжені қосатынын, аға керуенбасылықты өзіне туыстығы бар тәжірибелі көпес Мұсабай Токтабайұлына беретінін білдірді. Және көпті көрген Боқаш пен Мұсабай ақылдаса отырып, осы сапар кезінде Шоқан жас саудагер Әлімбаев Әбділлабайұлы болып жүруге тиіс екенін ойлап тапты.

Қашқар, қоқан, әндіжандатып талай керуен айдаған кәнігі саудагерлер осыдан жиырма жылдай бұрын Қашқардан Мұсабайға алыс туыс боп қосылатын Әбділлабай есімді көпестің

кішкентай сәбиімен Семейге келіп, одан Сарытау (Саратов) қаласына өтіп, содан хабар-ошарсыз кеткендерін естеріне түсірген еді. Шамасы, олар сол жақта дертке ұшырап, қайтыс болса керек. Ал олардың Қашқардағы туыстары осы жақтан барған саудагерлер келген сайын керуенсарайға арнайы келіп, сол ағайындарын сұрастырып жүретін көрінеді. Егер Әлімбай есімді сол сәби аман-есен болса, дәл қазір жасы жиырмаларға келер еді. Демек, оның өсіп, жігіт болып, қолы аузына жеткен шағында туған жерін көрмек ниетпен Қашқарға бір соғып кетуі әбден үйлесімді емес пе? Шоқан үшін күдік тудырмайтын, ең бір реті кеп тұрған жорамал да осы болуға керек.

Әскери және сыртқы істер министрліктерінен өзінің кандидатурасын қолдаған жауап келісімен Шоқан желтоқсанның қақаған суығына қарамастан, Алатау округінің орталығы Алматыға (Верный бекінісіне) аттандырылды. Сол жерден ол өзіне қосып берілген сенімді адам, қырғыздарды Ресей қарамағына өтуге үгіттеуде көп еңбегі сіңген әккі агент Файзолла Ноғаев екеуі Ыстықкөл төңірегіндегі қырғыздар арасына барып, аға манап Боранбайға соғып Қашқариядағы кейінгі оқиғалар аңысын жақыннан бақылауға тиіс еді.

Жолда Семейде аялдап, Достоевский досына жолықты. Алдында Боқашпен ақылдасуға келгенде де Крепостная көшесіндегі пошташы Ляпухиннің үйінде төрт бөлмелі пәтерді жалдап отырған жазушыға соғып кеткен еді. Қаламгердің өмірінде биыл біраз өзгерістер бар. Осы жылдың ақпанында Хоментовский, Ковригин сияқты тілеулес достарының, нағашы апасының күйеуі бай көпес Куманиннің, ағасы Михаил Михайловичтің қаржылай демеуінің арқасында, Кузнецкіге арнайы барып, сол қалада аяулы махаббаты Мария Дмитриевна Исаевамен некесін қидырып, Семейге алып қайтқан. Мұнда келгесін ыдыс-аяқ, төсек-орын сияқты жабдықтар сатып алып, кәдімгідей отбасылық тіршілігін бастап кеткен. Артынша сәуір айында жазушыға өзімен қатар сотталған петрашевшілер Плещеев, Дуров, Ахшарумов, Дебу, Головинский, Ястржембскийлермен қатар дворяндық атағы қайтарылып, әдеби шығармаларын жариялауға рұқсат берілді. Зайыбының бұрынғы күйеуінен тапқан тоғыз жасар ұлы Паша Исаев биыл жазда Омбыдағы кадет корпусына қабылданды. Былтыр әкесінің көзі

тірі кезінде-ақ, баланы корпусқа қабылдау жөнінде өтініш жазылған болатын. Бұл туралы Достоевскийдің де өз тарапынан көмектеспек ниетпен Семейде танысқан Омбы артиллерия батальонының полковнигі Я. А. Слуцкийге айтқаны бар-ды. Алайда бала санының толып қалуына байланысты, былтыр Паша оқуға алынбаған еді. Бұл мәселенің кейінгі өрбуінен Шоқан мен Семенов те хабардар. Былтыр үшеуі Семейде кездескенде Пашаның жайын бұлардың қаперіне салып, Гасфорттың құлағына жеткізуді өтінген. Шоқанға «губернатордың қасында жүрсіз ғой, оқуға қабылдау туралы корпус басшыларына айттырсаңыз», деп қиылған. Биылғы жылдың жазғытұрымында полковник Слуцкий екеуі Павел Исаевқа қатысты өтінішті қайта көтеріп, жаңғыртып, өзі генерал-губернатордың қол қоюына алып кірген еді. Бастығына қазір бұл баланың Достоевскийдің ұлына айналғанын, жазушы оны кадет корпусында оқытқысы келіп, сіздің шапағатыңыз ауатынына сеніп отыр, деп қаперіне салған соң, өзін тәп-тәуір шығармашылық адамы ретінде де тұщынатын Гасфорт, қаламгердің есімі қосарлана аталған бұйымтайға көп қолқа салдырмай «кадет корпусына қабылдансын» деген қолын қойып берген. Шоқан сол күні оны кадет корпусының директоры, генерал А. М. Павловскийдің қолына ұстатқан.

Жаздың ортасында Пашаның оқуға қабылданғаны туралы хабар жетісімен, Достоевский өздері жалдап отырған пәтер иесі Ляпухинге өтініш жасап, баланы шілденің соңында онымен бірге Омбыға аттандырған еді. Пошташының қолына Батыс Сібірге келгелі танысып, өзіне жанашырлық танытқан жандар – кадет корпусының сынып инспекторы Ждан-Пушкинге, полковник Слуцкийге, генерал-майор де Гравенің әйелі Анна Андреевнаға арнайы жазған хаттарын да қоса берген. Оларда жазушы осы уақытқа дейін сыртқа шығып көрмеген жарым көңіл балаға қамқорлық көрсете көріңіздер, бас-көз боп жүріңіздер, деп өтінген. Енді міне, олардың бәрінің де өзіне түсіністікпен қарағанына көңілі толып отыр екен. Әсіресе Ждан-Пушкинге тіптен риза. Ол Пашаны ең жақын адамының баласындай қабылдап, корпус жатақханасындағы орны дайын болғанша, өз үйінде тұрғызыпты.

Федор Михайлович шығармашылық жұмыстары туралы да

сөз етті. Әуелгі жоспары бойынша, үш кітаптан тұруы тиіс үлкен романға кіріскен еді. Оны бөлім-бөлім түрінде журналдарда жариялатсам, біраз қаражат табармын деп ойлаған. Алайда Петербордағы ағасы Михаил Михайлович оны тұтас бітпей жатса, жарияламайтын шығар, деп күдік білдіргесін, жылы жауып қойып, «Степанчиково селосы және оның тұрғындары» атты шағын повесті бастап кетіпті. Оны қазіргі ең мықты журнал «Русский вестникке» бермек. Ол жөнінде осы журналға Орынбордан жазып жүрген ақын Плещеев досының сырттай таныстыруы арқасында басылым редакторы Катковпен келісіп те қойыпты. Жарты ай, бір айдан кейін повесті бітіріп «Вестникке» жібермек. Одан соң Петербор тұрмысына арналған «Қор болғандар мен қорланғандар» атты ғажап бір роман жазбақшы.

Бірақ Омбы қапасында жабысқан қояншық талмасы дерті мазаны қайта-қайта алып тұр. Семейге келгелі де әлденеше рет ұстады. Адамды қалжыратып, дел-сал күйге түсіріп кетеді. Біраз уақыт қалам ұстауға зауқың болмай жүреді. Енді патшадан денсаулығыма байланысты отставкаға шығуға сұранып, Мәскеуде тұруға рұқсат алып, емделмесем болмайтын түрі бар, деп отырды. Әйтеуір Тобылдан ауысып келген жаңа рота командирі капитан Артем Иванович Гейбович тәуір адам. Ол бұлардың батальонына қызметке келген күні Достоевскийге ана жылы Дуров екеуі Тобыл түрмесінде аялдағанда, бұларға шын жанашырлық пейілдерін таныту үшін жолыққан декабрист жарлары П. Е. Анненкова, Н. Д. Фонвизина, А. Г. Муравьевалардың жазушыға айтқан арнайы сәлемін жеткізген еді. Мейірбан, қайырымды офицер. Қаламгер прапорщик шенін алып, взвод командирі атанғалы, әрі дворяндығы қайтарылғалы бері екеуінің арасы тіпті жақындап, отбасыларымен тығыз араласып тұратын болыпты. Мария Дмитриевна мен капитанның зайыбы Прасковья Максимовна екеуі тіптен тату. Он жас шамасындағы тете қыздары Зина мен Лизаны ертіп бұлардың үйлеріне қонақ боп келгенде, пәтерлерінің іші балдырғандардың шат күлкісіне толып, көңілдері жадырайды. Оларға әртүрлі тәтті тағамдар дайындап, сыйлықтар жасайды, қаламгердің өзі қыздарды кабинетіне ертіп барып, кітаптарын қаратады, оқуға рұқсат береді.

Жазушының «қыстың көзі қырауда қайда бет алдың», деген



сауалына Шоқан: «тағы да сол қырғыздарға байланысты шаруалар ғой, Алматыда боламыз, сол жерге қырғыздың рубасыларын шақырып, біраз мәмілелер жасаймыз, көктемде тағы сол елге сапар жасамақпын», деп қысқа қайырды да қойды...

Бастапқы жоспар бойынша, Шоқан мен Файзолла Ноғаевтың Ыстықкөл төңірегіндегі қырғыздар арасына баруы жобаланғанымен, қараша айынан бастап тау асуларына түскен қалың қар жолды жауып тастап, ол жаққа жетуге мүмкіндік бермеді. Әрі бұғылардың аға манабы Боранбайдың күзде қайтыс болғанын естіді. Қашқар аймағындағы жағдай туралы жайлап сұрастыру, керуенді әрі қарай бұғылар жері арқылы кедергісіз өткізуге қатысты біраз қауіпсіздік шараларын сол кісімен ақылдаса отырып атқару ойластырылған еді. Бас манапқа берілетін тарту-таралғылар да дайындалып қойылған. Енді кімге барып, керуен жайын сөз етесің, кім саған ниеттеніп қолдау көрсете қояды.

Сонда да Шоқан уақытын босқа өткізбеген. Алматы мен Қапал арасында қатынап жүріп, әндіжандық саудагерлерден Қашқар жайын, оған барар жол бағыттарын сұрастырды. Сол жақта талай болған, орыстардың сеніміне кіріп, тапсырмаларын орындап жүретін құлжалық саудагер, нәсілі қоқандық Жақып Жанқұлұлымен пікірлесті. Ол бірден Қашқарға Қоқан иеліктері арқылы өту Шоқан үшін қауіпті болатынын айтқан. Өйткені ол жақта мұны танытын Семей мен Қызылжар саудагерлері кездесіп қалуы мүмкін. Сол себепті де Ыстықкөлдің күнгейінен шығып, бұғылардың арасымен өтетін Жәукі асуынан басқа тиімді жол жоқ екенін пысықтаған. Верныйға келген Бішкек датқасы Әлішермен кең отырып әңгімелесті, Қоқан хандығы мен Қашқария арасындағы қарым-қатынастар мәнісіне қаныға түсті. Көктем шыға Алатау округінің бастығы, подполковник Перемышльскиймен бірге Ыстықкөл бетке таяу тұстарда болып, сапарға, Қашқариядағы жағдайға қатысты жаңа мәліметтерді терді. Жол сәл ашылысымен қырғыздардың арасына Файзолла Ноғаевты жіберіп, қажетті жайттарды тағы пысықтатты. Ол сол жолы Боранбайдың орнына бұғы руына бас ие боп жүрген сәлмеке атасының биі Шоң-Қараш манапқа сый-сияпаттар тапсырып, Семей жақтан орыс тауарларын артқан керуен келіп

жатқандай болса, оны сарыбағыштардың шабуылынан қори жүріп, Қашқар жаққа қарай өткізуге көмектесу жайын мәмілелесіп қайтты.

Біртін-біртін Қашқар жақта өткен дүрбелеңнің мәнісіне кәдімгідей қаныға түсті. Шығыс Түркістанның оңтүстік-батыс жағында Қашқар, Жаңахисар (Иангихисар), Жаркент (Йаркент), Қотан, Үштүрпан, Ақсу шаһарлары сияқты қанаттас алты қаланың орналасуына байланысты – Алтышәр (Алтышәһар), ал Еуропа тарапының пайымында Кіші Бұхара немесе Қашқария деп аталатын бұл аймақта осыған дейінгі көтерілістердің бәрі әдетте қожаларға қатысты туындап жатады екен. Өздерін Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатимадан туған шайқылардан (шейхтардан) тарататын қожалар қашқарлық мұсылман жұртшылығы арасында ерекше беделге ие. Дінге құлайтын халық олар не айтса да қарсылықсыз еріп жүре береді. Қожалар әрдайым Алтышәрдің билігін өз қолында ұстағысы келеді. Қашқария Жоңғар хандығы иелігінде болған кезде де, одан кейін Мәншың империясының қол астына өткелі бері де жергілікті халықтың басқыншыларға қарсы талай көтерілістерінің басында сол қожалар жүрді.

Солардың арасында ақтақиялық қожалар әулеті деп бөлінетін, әйгілі Апақ қожаның тұқымы Жәңгірдің 1825 жылы бастаған көтерілісі Қытай империясын бір дүрліктіріп кеткен оқиға болып еді. Ол көтеріліс аяусыз басылып жаншылғаннан кейін Қашқардағы қожалардың бәрі Қоқанды паналады. Қытай мен Қоқан арасындағы бір мәміле де осы қожаларға байланысты туындаған. Мәншың билігі сонау 1760 жылдардан Қоқан ханына өз иелігіндегі қожаларды Қашқарға жібермеуін өтініп көп ақы төлеп тұрады. Сол мәмілелер барысында Қоқан ханы да өз талабын өткізген. Ол бойынша Қоқанның Алтышәр мұсылмандарынан зекет жинайтын арнайы өкілі – ақсақал өз сарбаздарымен Қашқарда ел басқаруға араласып отыруға тиіс. Қанша орынсыздау көрінгенімен, қожалардан әбден үріккен Мәншың өкіметі қинала-қинала бұған өз келісімін берген.

Алайда сол уәдесін Қоқан ханы былтыр тағы да пәленінші рет ұстай алмай қалып еді. Жәңгір қожаның ағасы Жүсіптің баласы Уәлихан қожа 1857 жылдың көктемінде Қоқан ханының бақылауынан қашып шығып, жолшыбай өз жақтастарын

(негізінен қырғыздың солты руының адамдарын) жия жүріп, Қашқарды тұтқиылдан басып алады. Билікке келген ол әуелден-ақ қанішерлігімен көрініп, халықты зар қақсатады. Көп адамды қырып жібереді. Ақырында бұған әбден ашынған жергілікті халық сол жылдың тамызында мәншың шеріктері көтерілісті басуға Қашқарияға беттегенде, Уәлихан қожаны қорғауға еш ықыластана қоймайды. Қожа қасына ерген азғана адаммен әзер қашып құтылып, Қоқанға қарайтын таулы Дарбаз иелігіне жетеді. Сол жерден ол Құдияр ханның талап етуімен тұтқындалып, Қоқанға күзетпен аттандырылады. Бішкек датқасының айтуынша, хан оны әуелі өлтірмек болған екен, бірақ бас ишан Сақыпзаде оған Мұхаммедтің әулетінен тарайтын қожаларды өлтіру күнә екенін айтып ара түсіпті. Қазір Уәлихан қожа хан ордасында қамауда отыр.

Шоқан осы мәліметтердің бәрін Гасфортқа хат арқылы жазып жіберіп тұрды. Ал Омбы мен Семейде бұл шақта керуенді дайындау қызу жүріп жатты. Генерал-губернатордың өзі сауда керуені аттанатын уақыт тақалғанда, Семейге арнайы келіп, Боқашпен тікелей сөйлесті, біраз жайларды тағы да пысықтады.

\* \* \*

1858 жылғы мамыр айының басында төрт ай бойы Алматыда жүрген Шоқанға Гасфорттың тапсырмасымен полковник Гутковский арнайы соқты. Ол Уәлихановқа алдағы алдағы сапар жайын тағы да пысықтап, ауызша нұсқаулар беру үшін келген. Оңаша бас қосқан сол жолы мынадай ұйғарым жасалды. Керуен Семейден мамырдың он бесінде шығады да, оншақты күннен кейін Ақсу бекеті төңірегіне жетеді. Сол жерде керуенбасы Мұсабайдың туысы ретінде Шоқан (Әлімбай) қосылуы керек. Осындай келісімнен кейін Гутковский Шоқанды өзімен бірге Қапалға дейін ілестіре кетті. Қапалға жеткесін сапар жайын тағы бір пысықтады да, қауіпсіздік үшін оның офицерлік киімін, бар құжатын алып, өзі әрі қарай Семейге аттанды. Шоқанды Ақсу бекетіне жақын мандағы ауылда Файзолла Ноғаев алдын ала дайындаған қасым татары Герей Дәулеткелдин деген сенімді адам күтіп отырды.

Ел тау жайлауларына көшер шақтағы абыр-сабырда Герейдің

үйіне түскен, шашын ұстарамен алдырған қазақша киінген жас жігітте ешкімнің де жұмысы болған жоқ.

Алайда оның бір-екі күннен кейін осы тұстан өтетін керуенге қосылып кете саламын деген ниетінің орындалуы қиын шаруа болып шықты. Үш күн өтті, бес күн,.. сегіз күн өтті. Керуеннің қарасы со бойы көрінбей қойды. Бүкіл ауыл жайлауға көшіп, Ақсудың жағасында жалғыз Герейдің үйі ғана қалқып қалды. Жұртта қалған малға ұры да өш. Аз күнде Герейдің үш жылқысы қолды болып кетті. Бүйтіп созыла берсе, өзінің көзге түсіп қалатынын білген Шоқан Семейден керуенді дереу аттандыруға тиіс Гутковскийге маусымның 4-і күні шарасыз күйін айтып, асығыс хат жазды.

*«Мархабатты әміршім, Карл Казимирович!*

*Бәрі де жақсы ойластырылған сияқты еді, бірақ керісінше шықты. Менің ісім оңбауға бет алып барады. Менің шарасыз қалғаным сонша, не істерімді де білмеймін. Герей бар жағдайды тамаша ойластырды: мен екі ат сатып алдым, киім-кешек тіктірдім. Қарқаралы округінің қазағынан серік таптым, алайда тосқауылдың бәрі сіздің сөзіңізге сеніп, мен еш қаперге ала қоймаған керуенге қатысты болып отыр... Герей қазір бекетте болып, Семейден Верныйға бара жатқан кісіні көріп, жиырма үшінә дейін ол жақтан еш керуеннің шықпағанын біліп келді. Маған енді Герейдің үйінде қалуға болмайды: айнала қаптаған ұры, қазірдің өзінде менің арқамда үш жылқыны жоғалтып отырмыз; бірнеше күннен кейін Гасфорт та келеді, онымен кездесіп қалудан қашу керек. Ілгері қарай бекеттермен жүруге де болмайды: Сіз барлық айырым белгілерім мен жол қаражатымды алып кеттіңіз. Бір-ақ нәрсе – түрімді өзгертіп, жапан даламен Семейге қарай тартқаннан басқа амал қалмады. Ол да тым қауіпті: казак-орыстар ұстап алып дуан орталығына кезбе деп тапсыруы мүмкін немесе керейлер түгімді қалдырмай тұттай жалаңаш етіп тонап, пейіштен қуылған Адам атадай қаңғытып жіберуі ғажайып емес. Бірақ менде одан басқа амал да қалған жоқ. Алланың бір жазғаны болар-дағы. Солай, Карл Казимирович, қасірет пен ауыр сыннан өтер шақ туды. Мен енді үкі сияқты күндіз тасқа тығылып, барымташыдай түнде жортатын боламын. Мұның бәрі де ештеңе емес-ау, бірақ мен сонда не ішіп, не жемекпін? Жанымда*

*еш нәрсем де: оттығым да, шақпағым да, азығым да жоқ. Сіз dandyzme<sup>19</sup> деп айта беруші едіңіз, бірақ мен осының бәріне тәуекел етіп отырмын; ал енді Сіз, натуралдық мектептің жақтаушысы, мұндай тауқиметтің жартысына да төзе алмас едіңіз. Менде жолға шығатын жағдай жоқ. Сіз бәрін сыпырып әкеттіңіз. Егер Сіз шекпенім мен жол қаражатымды тастап кеткенде, мен Иткешуге дейін абыржымай-ақ жетіп, сол жақтағы болыстар арасына сіңіп кетер едім.*

*Енді байжәгіттің бір батырының мені түк қалдырмай тонап, байлап-матап Қара Ертіске алып кеткенді күткеннен басқа не қалды. Айтыңызшы, құдай үшін, сіздің керуеніңіз қайда? Менің жағдайымды түсініңіз: мен не істеуім керек? ...Бәрі тамаша болып, біз ісімізді жақсы жүргізген едік. Бәрі қандай құпия болып еді. Бір де бір ақылды қазақ құлығымызды сезе қоймаған еді, енді міне, кенет... тұтылғанда оңбай тұтылдым. Неден ғана десеңізші? Керуеннің келмеуінен. Қош болыңыз. Бүгін мен жоғаламын. Не болатынын бір құдайдың өзі біледі.*

*Ш.У.»*

Герей хатты дереу бекетке жеткізді. Шоқан оған «жайлауға көше бер» деді де, атына мініп серігі екеуі дала қойнауына сіңіп кетті.

...Арада тек жиырма күндей уақыт өткенде ғана Шоқан Қапалдан елу шақырымдай жердегі Сарыбұлақ бекеті маңындағы Қарамола аңғарында қос тігіп отырған керуенге келіп қосылды. Оның соншама күн қасына ерген қарқаралылық серігімен қайда болғаны, не істегендері, немен қоректенгендері беймәлім. Әйтеуір, бір анығы, ол Гутковскийге жазған хатында айтқанындай, Семейге қарай емес, ілгері беттеген. Маңайында Герейдің үйі тұрды деп есептелетін Ақсу бекеті мен Қарамола шатқалының арасы жүз отыз шақырымдай жер. Екі араны Жетісу Алатауының теріскей сілемдері, Қисықауыз бен Қоңыртаудың жықпылды жоталары бөліп жатыр. Олар осыншама күн бойы бекет жолынан көп ұзамай, сол таулар арасында бой тасалап жүрген сыңайлы...

---

<sup>19</sup> Дендизм - сәнденіп, кербезденіп киінетін адам. Гутковский Шоқанға жүріс-тұрысында «дендизм» ғадеті бар деп айтатын.

Керуенбасы Мұсабай оны саудагерлерге алыстан қосылатын туысқаным Әбділлабайдың баласы Әлімбай деп таныстырды. «Әкесі оны кішкентай кезінде Сарытау жаққа алып кеткен еді. Сол жақта саудасы оңғарылып, тұрақтап қалғанын естігенбіз. Бәрі Алланың қолында, алты-жеті жыл бұрын о дүниеге озыпты. Мына баласы да әкесінің ісін жалғап, қаршадайынан саудамен айналысыпты. Өздерінің ол жаққа Семейден барғанын білетін ол, энеугүні Боқаш бай екеуміз Ірбіт жәрмеңкесінде болғанда, сұрастырып жүріп бізге келіп жолыққан болатын. Ағайындарының Қоқан мен Қашқарда тұратынынан хабардар екен. Қашқар жаққа керуен дайындап жатқанымызды естіген соң, өзінің де оған қосылғысы келетінін білдіріп, біраз дүние сатып алып, бізбен бірге жөнелткен еді. Өзі артынан жетпек болған. Біз оны көп күте алмай бері шығып кеткеннен кейін ғана Семейге келіпті. Боқаш бай керуендердің Қаратал маңында жинақталып жатқанын айтып, оны дереу бері қарай аттандырыпты. Асығыс жүріп, жеткені осы. Өзі әбден жолсоқты боп шаршапты», деп Шоқан-Әлімбайдың тосын келісі саудагерлердің көңіліне күдік ұялатпауын да ойлап, таныстыруының соңын оның қалжыраңқы жағдайына қарай бұрып жіберді.

Керуенге келіп қосылғаннан кейін Шоқанға тағы бір ретсіз жағдай көлденеңдеді. Олар сол Сарыбұлақ төңірегінде екі-үш күн аяқ суытып тұрған кезде, құпия тапсырмамен кетіп бара жатқан офицерінің хал-жағдайын тікелей көзімен көріп, соңғы нұсқауларын беру мақсатымен нөкерлерін ерткен генерал-губернатор Гасфорт керуенге арнайы соққан.

Ол бұл жолы Алатау округінің бастығы әрі Ұлы жүздің приставаы подполковник Перемышльскийді денсаулығына байланысты қызметінен босатып, оның орнына бұған дейін Березов әскери округінің бастығы болып істеген майор Колпаковскийді қою үшін Омбыдан Алматыға келе жатқан еді. Басқаның ақылын тыңдауды өз басына лайық деп таппайтын өркеуде генерал керуенге бұл соғуының ретсіз екенін, сірә, сезіне қоймаған. Оның губернатор басымен саудагерлердің қос тігіп отырған жеріне ат басын тіреп, керуенбасы Мұсабай және «оның туысы Әлімбай» екеуімен оңаша қалып сөйлескені өз-өзінен-ақ талай әңгіменің өрістеуіне тиек болары анық-тын.

Ақыры солай болды да. Керуенде бой тасалаған орыс

офицері бар деген сыбыс жол бойы олардың алдынан үнемі кесе көлденеңдеді де отырды. Гасфорт өз қолымен туындатып кеткен сол күдік салқыны Шоқандарды әлденеше рет аңдушылардың қармағына түсіре жаздады. Әйтеуір кездейсоқ сәттіліктердің арқасында ғана олар ажал тырнағынан құтылып кетіп жүрді.

### 3. Жұмбақ керуен

Күміспен есептегенде 18 545 сомның тауарын әкеле жатқан біріккен керуен құрамында бас керуенбасы Мұсабай мен оның орынбасары һәм «туысы Әлімбайдан» бөлек 6 саудагер, 34 қызметші, 8 жеңіл киіз үй болды. Жүк 100 түйеге теңделді, 65 ат салт минуте және жүк артуға арналды. Әр саудагердің керуені бір қос боп есептелді. Бірінші, екінші қостар Боқаштың немерелері Тәшмағамбет Мірқұрбанұлы мен Кенже Сарықожаұлына тиесілі болса, үшінші қосқа Әбдікәрім Шәріпбайұлы мен Мырзамұқсым Сағитұлы, төртінші қосқа Мұхаммедразық Пірназарұлы, бесінші қосқа Қожеке Қойгелдіұлы, алтыншы қосқа Жүсіп Ағысұлы иелік етті. Қос иелері түбі Ташкент, Марғұлан, Бұхарадан шығып, қазаққа сіңіп кеткен (оларды әдетте шалақазақтар деп те атайды) саудаға бейім ортадан еді. Керуенбасы Мұсабай Шоқанға шағын киіз үйді жеке бөліп берді. Қызметшісі – тобықты болысының жігіті Қошқарбай Қиятұлы. Шоқанның Гутковскийге жазған хатында айтылған «Қарқаралы округінің қазағынан серік таптым», дегені, шамасы, осы адам болуы мүмкін. Демек, Әлімбаймен бірге керуенді сарсыла тосып, талай күн даланы бірге кезген оның өз мырзасының әлдебір құпия сыры барын шет жағалатып болса да байқағаны, бірақ ешкімге тіс жара қоймай, ішіне бүгіп жүргені анық.

Жалпы, саудагерлердің көбі өздерін түбіміз әндіжандық, деп айтатыны болмаса, әлдеқашан қазақ тіршілігіне сіңісіп, тілдері де, әдет-ғұрыптары да қазақ дәстүріне жақындап кеткен адамдар еді. Әрі керуендегі қызметшілердің дені Қарқаралы, Аягөз, Көкпекті дуандарынан шыққан қазақтар болатын. Мұрағат деректері бізге олардың тізімін де түгел алға тартады. Онда керуендегі қырық үш адамның жиырма үшінші ұлты қазақ екені көрсетілген. Демек, бұл құпия керуен жағдайға орай, әндіжандық боп бүркемеленгенімен, шын мәнінде қазақша сөйлеп, қазақша

ойлаған адамдардың біріккен тобы еді.

Керуеннің негізгі мақсаты – саудадан гөрі барлаушылық мүддені көздесе де, сатып алынған тауарлар Қашқарияға дейінгі жол бойында жатқан жұрттардың сұранысына лайық іріктелді.

Онда орыс фабрикаларының арзан шыттары мен қалың кездемелері, шұға, барқыт, мақта мен жүн маталары, тері мен былғарыдан бастап, қайла мен балта, қазан мен мосы, ыдыс-аяқ секілді дүниелерге қоса ине-тарақ, айна мен сабын тәрізді уақ-түйек заттар да молынан қамтылған еді.

Шілденің 1-і күні Қарамоладан шыққан сауда керуені бекет жолы бойымен жылжи отырып, он күн дегенде Жақсы Алтынемел асуына жетті. Әдетте, күн сайын жиырма бес шақырымдай жерді өткеннен кейін, кешке қарай керуен Жетісудың сылдырап аққан сансыз бұлақтары мен толқынды өзендерінің бірінің жағасына келіп мұнарадай самсаған теректер мен күміс жапырақты жиделердің саясына аялдайды. Киіз үйлер мен қостар, шатырлар абыр-сабыр тігіліп, мосыларға қойылған қазандардың астына лапылдап от жағылады. Керуен тоқтаған жерге сол төңіректегі ауылдардың адамдары да қойларын әкеліп қажет заттарына айырбастап жатады. Рубасылар мен төрелер де нөкерлерін ерте-мерте керуенге соғып, өздерін осы жердің иесі екенін көрсеткісі келеді, саудагерлерге басына айтып, базарлық дәметеді, мейман болғанды қалайды.

Сондай қоналқаның бірінде, олардың керуеніне бұдан үш жыл бұрын қайтыс болған Сөк Абылайханұлының бел баласы, әкесі сияқты жалайырдың аға сұлтаны боп жүрген Жанғозы төре соқты. Жанына бір биін ертіп алыпты. Ол Шоқандар отырған киіз үйге найқала баса еніп төрге озды. Біраз уақыт өзін ойға шомған ақылды адамның кейпінде ұстап жым-жырт отырды. Бірге келгендер де үн-түнсіз. Бір уақытта төре басын көтеріп, үй ішіндегі адамдарды маңғаздана бір шолып өтті де: «Жалайырдың қойы көп, Жанғозының ойы көп» деді. Сосын тағы да терең ойға беріліп кеткендей мізбақпас қалыпқа ауысты. Өзге жұрт дабыр-дұбыр әңгімеге кіріссе де араласқан жоқ. Оқта-текте ғана басын көтеріп, көздерін біртүрлі ойнақшытып, әлгіндегідей қысқа өлең жолдарын тапқақтап қояды. Бұрын Қапалда атасы Абылайдан қосылатын туысы Шоқанды офицер киімімен бір-екі мәрте көрсе де, бұл жолы қазақша киініп Әлімбай боп отырған саудагерді



тани қойған жоқ. Содан аға сұлтан палауға тойғасын бір-ақ қайтты.

Іле өзенінен оларды албан руының қазақтары жалпақ табан ескі қайықтарымен үш күн бойы өткізді. Үлкен Қалқантау іргесіндегі өткелден өту әлі байырғы тәсіл бойынша жүзеге асырылады. Қайықтар суға түсірілген аттардың құйрығына байланады да, олар қарсы бетке қарай жетелеумен жүзе жөнеледі.

Шығыс Түркістанға Тәңіртау асулары арқылы өтетін керуен жолдардың талай жүз жылдық тарихы бар. Сауда-саттықтың ілгеріден жалғасқан дәстүрі бойынша, Іле мен Ыстықкөл арқылы Алтышәрге апаратын ең өтімді тауар – қой. Шоқандардың керуені де сол дағдыны ұстанды. Олар ішкеріден әкеле жатқан бұйымдардың бірсыпырасын, әсіресе қиын тау асуларымен өтерде түйелерге ауыр соғатын қазан, мосы сияқты темір-терсектерді Алатаудың құйқалы қойнауларында отырған қалың қазақ пен қырғыздың қойларына айырбастау керек деп шешті.

Керуен жолшыбай саудаларын ақырын жасай отырып, шілденің 23-і күні Кеген мен Қарқара өзендері алабында отырған албан руларының жайлауына келіп жетті. Шоқанның Қашқар сапарында жүргізген күнделігінің қолжазбасында сызылып тасталған бірнеше үзік-үзік жол бар. Соларға анықтап қарар болсақ, Қарқара бойына келгенде, Шоқан өздерін Омбының тапсырмасымен сырттай бақылай жүруге бөлінген казак-орыс әскері отрядының командирімен кездескенін қысқаша ғана «Мухинмен кездесу» деп айтып өтеді. Сондай-ақ керуен Кегеннің бойына келгенде, Тазабек бидің ауылында түнейді. Бұл, шамасы, албанның айтбозым атасының белгілі адамы, кейіннен Верный уезінің Меркі болысын басқарған подпоручик Тазабек Пұсырманұлы болса керек.

Сол Тазабектің ауылында керуен жеке-жеке қос бойынша бөлініп, ауыл-ауылға тарайды. Мұсабай албанның құрман атасына кіретін Әділбайдың, одан соң сегізсары атасына жататын Есенбайдың ауылында айырбас жасайтын болды. «Әлімбайды» Мұхаммедразықтың қосымен бірге құрманнан тарайтын Жүністің ауылына бөлді.

Осы ауылда сәл болмағанда, Шоқанның құпиясы ашылып қала жаздады. Жүніс оны бұрынғы сапарларынан жақсы

танитын. Сондықтан да жас көпес «Әлімбайға» қыздырып сауда жасаудың орнына, сол ауылда болған он екі күн бойы «науқастанып қалдым», деген сылтаумен қостан тысқа шықпай, бой тасалап жатқаннан басқа амал қалмады. Сауданың бәрін Мұхаммедразық жасады. Шоқанның өзін аурумын деп сендіргені сонша, оған бірде қазақ тәуібі келіп ем де жасады. Енді ауылдан кетерде білінбеудің жолын қалай табамын, деп қиналып жүргенде, істің орайы өз-өзінен келе қалғаны.

Керуен осы жаққа жетердің алдында ғана албанның қызылбөрік пен айтбозым рулары арасында үлкен соқтығыс болып өткен екен. Содан кейін қызылбөріктер Алматыға шағым жіберіпті. Ел сол арыз бойынша орыс ұлығы әні-міні келеді, деп елеңдеуді еді. Егер істің беті жаманға айналып, қызылбөріктер шабамыз деп жатса, олар қашуды да ойластырып отырған-ды. Ақыры солай боп шықты. Тамыздың төрті күні ауылдар дүр етіп көтеріліп, Ілеге қарай асығыс көше бастады. Көшудің тым шұғыл болғаны сонша, кешке қарай Кеген мен Қарқара бойында керуеннің аз ғана киіз үйі мен қалқиған қостарынан басқа ештеңе де қалмады.

Сауда барысын қарап жібергенде, 12 күн ішінде 900 қой айырбасталғаны анықталды. Керуенбасы қос иелерімен ақылдасып көріп еді, олар бұл мөлшерді қойдың құны аса қымбаттап тұрған Қашқар базарына апару жетімсіз деп шешті. Содан соң керуен қайта жинақталды да, сол шақта Кеген мен Текестің басындағы жайлауларына шыққан қырғыздың бұғы руының ауылдарына бет алды.

Екі күннен кейін керуен сәлмеке руының манабы Шоң-Қараштың ауылына жеткен. Шоң-Қараш Рахматұлы Шоқанға Ыстықкөл сапарынан бері таныс. Боранбайдан кейін бұғыларға бас боп жүрген би. Оған алдын ала Алатау округі басшылары тарапынан, Файзолла Ноғаев арқылы, орыс жәрмеңкелерінен тауар әкеле жатқан Семей керуенінің бұғы ауылдарында сауда жасауына көмектесу, оларды сарыбағыштардың шабуылынан қорғай жүріп, Қашқарға қарай шығарып салу жөнінде өтініш түскені Шоқанға жақсы белгілі. Өзіне орыс әкімшілігінің арнайы ұсыныс айтуын мәртебе көрген манап, «мақұл» деп құп алған. Бұғыға қарасты ауылдардың бәріне айырбас саудасын жасау керуен қостарын өз жайлауларына таратып әкету туралы хабар

жіберген.

Шоң-Қараш саудагерлер арасында елеусіздеу жүрген «Әлімбайды» тани қойған жоқ. Өзі де манаптың көзіне ілінбеуге тырысқан. Әрі тамыз айының ортасы екеніне қарамастан, кешке қарай тау қойнауында күннің күрт суып кетуі де, Шоқанның киіз үй ішінен шықпай отыруына жақсы сылтау болды. Түн ішінде қар жауып, кәдімгі қыс ортасындағыдай боран соқты. Содан екі күн бойы суырды да тұрды. Тек үшінші күні ғана ауа қайта жылынып, Шоң-Қараштың ауылына бұғының басқа рубасылары келіп, саудагерлерді қостарымен өз жайлауларына бөліп-бөліп алып кетті. Шоң-Қарашпен бірге керуенбасы Мұсабайдың қосы ғана қалды.

Бұл жолы «Әлімбай» өзін танымайтын, шағын ғана қыдық атасының басшысы Борсық бидің ауылына бөлініп абырой болды. Қыдықтар тіршілігі жұпынылау жұрт. Олардың рубасысы Борсықтың шыққан тегі манап болмағандықтан, өзгелерден сәл шеттеңкіреу жүреді екен. Бұғының басқа аталары бұл кезде Кегеннің кең жазығында, былтыр күзде қайтыс болған бас манап Боранбайдың асы мен бәйгесін беруге қамданып, үйлерін қаптата тігіп жатқанда да Борсық Мұзарт қойнауындағы аңғарлар мен Текестің өрінде көшіп өз бетімен жүрді. Оның ауылымен бір айға жуық «Әлімбай» да бірге жылжып, айырбас саудасын жасады.

Боранбайдың асына адамдардың көп жиналатындығын саудагер жұрт жақсы біледі. Халық мол жерде сауда да қызады. Сол себепті осы жазда Кеген алабында семейліктерден басқа Қызылжар татарларының, Құлжаның, Қашқардың керуендері де бас тоқайластырды. Әсіресе қашқарлық ұйғырлардың керуені тым үлкендігімен байқалған.

Семей керуеніне қатысты күдік салқыны алғаш рет осы қалың жиын барысында көрініс берді. Қырғыздар арасында Қашқарға баратын керуен ішінде орыс офицері бар екен деген лақап тарады. Және ол қауесетті Құлжадан келген ташкенттік саудагерлер таратыпты – соған қарағанда бұл лақап сол жақта туындаған сынайлы. Бір қызығы, қырғыздар Шоқанға емес, олардың керуеніндегі жинамалы темір керуетке жатып, самаурыннан шай ішетін ташкенттік жас көпеске шүбәланыпты. Орыс офицері туралы ол әңгімені қашқарлық саудагерлердің де естуі, лақапты одан әрі өсіре түсіп, өздерімен бірге ала кетуі

әбден мүмкін еді.

Қырғыз ішіндегі бір айға жуық сауда жаман жүрген жоқ. Керуен осы мерзімде 3026 қой, 6 жылқы, 11 түлкі терісі, 44 елтірі айырбастап алды. Енді Қашқарға қарай беттеудің қамына кірісе беруге де болатын. Осы кезде қашқарлықтар да өз саудаларын аяқтап, қайтуға жинала бастады. Шоң-Қараш бір айдай бірге боп, жақын танысып алған Мұсабайға қашқарлықтар керуеніне қосылып, бірге кеткендерің жөн, өйткені шағын керуен үшін жол өте қауіпті, жолшыбай қарақшылардың шапқыншылығына ұшырауларыңыз ықтимал деп кеңес берді. Бұл ұсынысты қашқарлықтар да құп көрді. Осы ұйғарым бойынша керуендер Үшқақпақ асуының етегіндегі Текес өзенінің жағасында бас қосып, қай жолмен жүруді сол жерде келіспеке ниеттенген.

Қыркүйектің 2-сі күні Үшқақпақ алабында барлығы алпысқа жуық қос тоқайласты. Қашқарлықтар Семей керуенін Үшқақпақ, Көкжар асулары арқылы Текестің басына көтеріліп кетіп, Сарыжаөздың өрімен жағалап, Тұрпанның үстінен түсетін тіке жолмен жүруге үгіттеді. Бірақ ол қысқа болғанымен, керуенге ауыр соғатын Қиялы, Есекарт, Қайшы деп аталатын аса қиын үш асуы бар еді. Оған қарағанда, ұзақ болса да керуенге қолайлысы – Ақсай жолы. Ол Ыстықкөлдің күнгейіндегі Жөүкі өзенімен көтеріліп, Жегімасу, Шатырқорым асулары арқылы Теректідабан белінен асып, Қашқарға тіке шығады. Әрі Жөүкіге дейінгі жол күйқалы жазықтарды, теп-тегіс Ыстықкөл алабын басып өтеді. Дегенмен қашқарлықтар бұл бағытта бұғыларға қас сарыбағыш руының тонаушылары көп жүретіндігі, олардың әсіресе Қашқар керуеніне өш екендігін айтып, қайтсе де Үшқақпақ, Көкжар арқылы тіке өткеніміз дұрыс деп тұрып алды. Ақыры Мұсабай мен Шоқан ақылдаса келе, сол бағытпен жылжуға көніп, жүріске қамдана бастады. Алайда ойда-жоқта бұл ұйғарым тағы күрт бұзылды.

Сол күндері Үшқақпаққа бұғы руынан зекет жинау үшін Бішкектен қоқандық жүзбасы қасына алты әскерін ертіп, арнайы келе қалғаны. Көп керуеннің бір жерге топталғанын пайдаланып, табысты молырақ қамтуды ойлаған олар Мұсабайдан толық зекет төлеуін талап етті. Мұсабай Қоқан хандығына қарайтын саудагер есебінде, жүзбасы мен оның нөкерлеріне қонақасы ретінде үш қой берді де, баж салығын Қашқардағы Қоқанның Алтышәр

мұсылмандарынан зекет жинайтын арнайы өкілі – ақсақалға төлеуіміз керек, егер бұл жақта бізден салық алынғаны жөнінде заңды түрде куәлік қағаз – патта берсеңіз, сізге-ақ төлейін деп оның өзіне салмақ салды. Жүзбасының өйтуте батылы бармады да, қонақасыға алған үш қойымен ырза болғанды мақұл көрді. Алайда қашқарлық саудагерлер жүзбасының талабын заңсыз деп тауып, оларды келемеждеп, салық төлеуден бас тартты. Қоқандықтар бұған ашуланып, зекетті күшпен тартып алмақ ниетпен керуен малынан үш жүз қойды бөліп айдай жөнелді. Бұған қашқарлықтар шыдай алмады. Қостарының қадаларын суырып-суырып алып, төбелеске кірісіп, әп-сәтте қоқандықтарды жүзбасымен бірге жусатып салды. Қашқарлықтардың ішінде қылыш тиіп жарақаттанғандары болғанымен, қоқандықтар жүзбасының өзінен бастап, өлердей соққы жеді. Тіпті бір жасағының басы әлденеше жерден жарылып, екіталай халде жатты.

Жүзбасы да шақар екен. Ол бұғы руының билеріне екіленіп, сендер жаралы әскердің құнын қашқарлықтардан алып бермесеңдер, Бішкек хәкіміне шағым айтып, өшімізді сендерден алғызамыз деп, қоқан-лоқы жасауға кірісті. Және ол құнның мөлшерін қашқарлықтардың жағдайы көтере қоймайтындай етіп, тым көп сұрады. Екі арадағы дау біраз уақытқа созылатынын сыңай танытқан.

Сондықтан да Мұсабай Шоқанмен ақылдасып, алдағы жоспарланғандай Көкжар емес, Ақсай жолымен шығып кеткенді жөн көрді. Оларға Қызылжар татарларының үш қосы мен төбелеске қатыспаған бірнеше қашқарлық қос та қосылды. Адам саны алпысқа жуықтап үлкейген керуен Текестен Сантас асуына бұрылып, сол жерден Ыстықкөлдің күнге-шығысындағы Жәуки өзеніне қарай беттеді.

(Осы ретте Нарынқол жұрты арасында біраз жылдардан бері айтылып жүрген Шоқанасқан тауы жайындағы әңгімелерге тоқтала кету де жөн сияқты. Оларға құлақ түрсеңіз, Шоқандар керуені Сарыбастау ауылының теріскей-шығыс тұсындағы Есекартқан асуы арқылы Қашғар жағына өткен болып шығады. Егер шындығына келсек, Шоқан бұл таудан аспаған. Олардың қосы әлгінде айтылғандай, Текестің басындағы Борсық бидің

ауылында болды да, сол жақтан Үшқақпақ маңына қайтып, Ыстықкөлге құятын Жәукі өзеніне беттеді. Қырғыз арасында жүргенде өзінің Шоқан екенін ешкімге білдірмей, әндіжандық саудагер Әлімбай күйінде кетті.

Алайда елдің Шоқан есіміне деген махаббатының күштілігі ай десеңізші. Арада жүз жылдан астам уақыт өткен кезде ғалым осы маңға келіпті деген сөз бұрынғы жер атауының өзгеруіне себеп бола кетті. «Бұл тұстан Қытай бетке өтетін асудың бірі – Есекартқан. Ендеше саяхатшы өткен тау осы, оны неге *Шоқанасқан* деп атамасқа» деген ой әуелі бір адамның басына келген болуы керек. Содан ол жалпы көпті илантқан ұғымға айналған. Бұл атаудың жұртқа күдік тудырмағаны сонша, тіпті ол Қазақ совет энциклопедиясына да «Қашқарияға барған сапарында Ш. Уәлиханов өткен, жергілікті жерде Шоқанасқан тауы аталатын массив бар» деп көрсетіліп те кетті (ҚСЭ. 10 т. 41-42-бет). Қолдарыңыздағы кітап авторы өз тарапынан баспасөз бен әдебиет бетінде бұл атаудың бұрыс қойылғанын көрсеткенімен, амал нешік, ол қателік жаңа «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында да сол күйі қайталаныпты (7 т. 568-б.). Әуелі әшейін бір игі ниеттен басталған жорамалдың Шоқан сапарына қатысты теріс мәліметтерге соқтырып жатқанын көрмейсіз бе?).

Керуен Сантас асуынан кейін Жырғалаң өзенінің жағасына келіп қоналқаға тоқтаған түні, Мұсабай өздерін осы жерге дейін нөкерлерімен бірге шығарып салған Шоң-Қараш арқылы, содан отыз шақырымдай жердегі Шаты өзенінің Ыстықкөлге құяры маңында тұрған, бұларды сырттай бақылай жүру міндеті жүктелген қарулы казак-орыс жасағына хабар жіберді. Мұсабайдың «отряд бастығына апарып беріңіз», деп манаптың қолына ұстатқан Шоқан жазған хатта, бұлардың керуенін орыс әскері торуылдап келе жатқанын қастарындағы қашқарлық пен қызылжарлық саудагерлер байқамас үшін, оларға жер барлап жүрміз деген сылтаумен Жәукі шатқалына дейін керуен соңынан ілесіп отыру тапсырылды.

#### 4. Сырт үстірті арқылы

...Бүгінгі Қарақол қаласынан шыққан автобус Ыстықкөлдің күнгей бетіндегі таспадай созылған жолмен батысқа қарай заулап келеді. Бір кездерде Шоқандар керуенінің Сантас белінен асып, Түп, Жырғалаң, Ақсу, Қарақол өзендерінің шұрайлы атыраптарын баса жүрген жолы осы трасса бойымен өтеді. Шоқан сапары ізімен Ыстықкөл маңайын аралаған сонау бір жылдары, біз Қарақолдан қырық бес шақырымдай жердегі Сары деп аталатын ауылға жеткен кезде автобусты тоқтатып түсіп қалған едік. Сарының дәл түбінде Жөукі өзені толқындана Ыстықкөлге құйып жатыр.

Теріскей Алатаудың басын қар көмкерген шыңдарына қарай кең алап боп басталып, бірте-бірте қусырыла беретін шатқал бітіміне қарап тұрдым. 1858 жылғы қыркүйектің 9-ы күні дәл осы Жөукі шатқалына отар-отар қойды айдап, түйелі-аттылы керуен еніп бара жатты. Тау койнауына өрлеген салт аттылар арасында сонау етекте көкпеңбек боп толықсыған Ыстықкөлге қайта-қайта қимай қарап, алдағы сапарында не күтіп тұрғанынан хабарсыз, бірақ тағдыр өзіне бұйырып тұрған әлем ғылымын елең еткізуге тиіс зерттеушілік, жиһангездік борышын орындауға тастүйін бекінген Шоқан (Әлімбаи) кетіп бара жатты.

Осы шатқал аузынан оларды сырттай елеусіз ғана бақылап келген қазақ-орыс отряды да кейін қайтты. Алайда қаншама байқатпай торуылдадық десе де, олар әрнәрсеге қырағы қарайтын басқа керуен адамдарының назарына ілігіп қалған екен. Оны Шоқандар кейіннен ғана білді.

... Шатқалға қарай кәдімгідей қара жол тартылған. «Мына жол қай жерге барады екен» деп ойланып тұрғанымда, Сары ауылынан солай қарай бір жүк машинасы шыға берді. Қол көтеріп тоқтаттым. Жүргізушісі қырғыздың жас жігіті екен. «Жөукішекке дейін жете аламыз, әрі қарай машинаға жол жоқ. Мен де сол жердегі пішеншілерге кетіп барамын. Мінііз», – деді. Жөукішек алыс емес, 15 шақырымдай жердегі – Жөукіге оң жақтан келіп құятын кішігірім өзен.

Әуелі жайдақтау басталған жолмен жоғары өрлеген сайын шатқал ені де тарыла берді. Әлден уақытта өзен мен жол реңі

күлгін қылтаның арасына сұғынды. Бұл кәдімгі Шоқан күнделігінде Қызылүңгір деп аталатын тұс. Жәуекішектің құяр жері де осы. Сол жерге жеткенде әрі қарай жолдың жоқтығын айтып жүргізуші де көлігін тоқтатты...

Жәуекішек құйғаннан кейін дөңгелекті көліктің жылжуына қиын, үлкен қойтастар бөгеп тастаған, тек аттылы мен жаяулар жүрісіне ғана лайық соқпақ жол басталады. Шатқалдың екі бегі қалың самырсын, қаптай өскен ырғай мен итмұрын сияқты бұталар. Осы Жәуекішектен екі шақырымдай өткесін, Шоқандар қос көтеріп түнеген жер бар...

Керуеннің содан кейінгі қоналқаға тоқтаған орны Жәуекіге Қасқасу құйған соң ұшырасатын самырсын шоғыры баурайындағы алаңқай еді. Сол түнемеліктен керуен енді қозғалып, шатқал табанын бітеп тастаған үлкен жақпар тастарды айнала өтіп, ілгері жылжып келе жатқан кезде, арт жақтан қиқу естілді. Қараса, ту көтерген жетпіске жуық аттылы қырғыз. Топ алдында осыдан екі күн бұрын ғана өздерінде қонақ боп кеткен Жәнет батыр. Қыдық руының бір биі боп есептелетін Жәнет, ұрлығы мен қарақшылығы үшін, аға манап Боранбайдың көзі тірі кезінде елден қуылып тау арасын паналап жүреді екен. Содан ол тек былтыр, аға манап қайтыс болғаннан кейін ғана туыстары арасына оралуға мүмкіндік алған сабаз.

...Керуен Сантастан Жәуекіге қарай беттеп келе жатқан жолдағы Жетіөгіз өзені бойында Шоқан-Әлімбай Текестегі жайлауда бір айға жуық бірге көшіп, өздерімен етене таныстарға айналып кеткен Борсық бидің ауылын тағы ұшырастырған болатын. Олар осы жазыққа көктемде сеуіп кеткен егіндерін оруға келіпті. Бұл ауылмен бірге жаз бойы тауда аралас-құралас жүрген Самсалы мен Жәнет билерге қарасты қыдықтар да етекке түсіпті.

«Әлімбай» мен Мамразықты тағы көргеніне ерекше қуанған Борсық би керуенді біраз жерге дейін ұры-қарыға көз боп, шығарып салайын деген ниетін білдірген. Оған ауылы қатар қонған Жәнет батыр да ілескен. Жәуекі бойына қонған алғашқы түннің өзінде-ақ керуеннің бір аты жоғалды. Жоқ іздеушілер аттың ізімен тауға қарай өрлеп барып, қалың орманның түкпірінде от жағып отырған ұрылардың қақ үстінен шығады. Бірнеше адамды, солардың ішінде Жәнет батырдың туған інісін



де қолға түсіреді. Біреуі әлгі ұрланған атпен ұстатпай қашып кетеді. Ұрылардың бірі өз інісі боп шыққанына қатты өкінген сыңай танытқан Жәнет: «ұрланған атты өзім әкеп беремін» деп, інісін аманатқа тастап ауылына қайтқан еді. Енді, міне, атты әкеп бермек адам үйреншікті қарақшылығына басып, бұларға көп қолмен тарпа бас салып отыр.

Керуен адамдары үлкен-үлкен қойтастарды тасаланып тұра қалды. Мұсабай: «Мылтық атындар!» – деп жанұшыра айғай салды. Шатқалды жаңғырықтыра дүрс-дүрс атылған оқ тонаушылардың бетін тез кейін серпілтті. Сол араның өзінде Жәнеттің қолы қызылжарлықтардың екі адамын тұтқынға алып, екі адамын сойылға жығып үлгерді. Бұлар да құр алақан қалған жоқ, төрт қырғызды қолға түсірді. Осыдан кейін істің насырға шауып бара жатқанын байқаған Жәнет келіссөзге ыңғай білдірді. Сөйтіп тұтқиыл шабуылдың соңы екі жақтың өзара мәмілелесіп, тұтқындарды айырбастауымен аяқталды. Борсық би қыдық туысының бұл қылығына қатты назаланды. Мұсабайдың өзіне бермек боп уәделескен тарту-таралғысын алуға да қысылып, қоштаспастан ақырын жылыстап кетіп қалды. Шоқандар кейіннен оның сол ашумен Жәнетті шапқанын естіді.

Сол жақ беттен Дүңгіреме суы құйғаннан кейін Жәуки шатқалы әрі тарылып, әрі биіктей түседі де, асу етегінде сатыланып жинақталған шағын екі көлге барып тіреледі. Жәукинің басы боп саналатын сол көлдерден кейін биіктігі жарты шақырымнан асатын тіп-тік жақпар тасты қия басталады. Ақсай жолындағы ең бір қиын Жәуки асуының бітер жері де сол биік. Оған шығудың ауыр екенін етектегі малдың қаптаған сүйектері де аңғартып жатты.

Көл жағасында бір түнеп алғасын, керуен күні бойы асудың өріне қарай тасынғанымен, кешке дейін ақыры үлгере алмады. Керуеннің бір бөлігі төменде қалды да, бір бөлігі Жәуки шатқалының басындағы саздау үстіртке түнеп шықты. Қыркүйектің ортасы болса да, күні бойы толастамай жауған қар тасымалды ерекше қиындатты. Жүк теңделген түйелер мен аттар жылбысқы қар тайғақ етіп жіберген тастарға сырғанап, қайта-қайта жығыла берді. Ебедейсіздеу құлаған кейбіреуі сонау етекке дейін домалап, быт-шыты шығып жатты. Үш түйе мен екі жылқы көз алдарында осылайша мерт болды. Керуеншілер қатты

қиналды. Екі күн бойы асу басы мал айдаушылардың сүреңіткен айғайынан, ұрыс-керісінен, құдайға жалбарынған үндерінен күңіреніп тұрды. Ақыры екі күн бойғы арпалыстан кейін ғана олар асу басына түгелдей шығып бітті.

Дәл осы асудан Қашқар бетіндегі Теректі дауан беліне дейінгі тау жоталарынан тұратын үстртгі аймақты қырғыздар әдетте Сырт (арқа) деп атайтын. Жаз ортасында қар жауып, үскірік борай салатын табиғаты қатал бұл өлкеде ауаның жетімсіздігінен тыныс алу да қиынға соғады. Жол бастаушылар саудагерлерге алдын ала қырғыздар «түтек» деп атайтын ол құбылыстан сақтану үшін тамақты тартына ішіп, сарымсақты неғұрлым көп жеу керектігін де айтқан-ды.

Жәукі асуынан Сырттың өріне қиналып көтерілгеннен кейін, шаршап қалжыраған жұрт сол жонда түнеп шығу үшін қостарын тігіп, кешкі ас-суларын қамдап жатқан кезде, оңаша қалған Шоқан қоржынынан күнделік дәптерін алды. Қаламұшын сиясауытқа малып, сүйкетіп жаза жөнелді.

*«Біз бүгін Жәуکیدен өтіп, белгісіз әрі беймәлім елге қадам бастық. Осы белгісіздік мені толық әрі дұрыс күнделік жүргізуге итермелейді. Біздің керуен қостары мен шатырларын ойдым-ойдым қар басқан шағын саздауыт алаңқайға қазір ғана тігіп бітті. Айналадан таулардың ұшар ақ бастары көрінеді, төменде сонау тереңнен шағын көлі байқалған шатқал қарауытады. Қар жауып тұр, салқын. Мен бұл жолдарды қос ішінде жорық отының жарығымен жазудамын. Жағып отырғанымыз – Қытайдың шекарасына дейінгі жолда тезектен басқа отын жоқ болғандықтан, буып алып келе жатқан арша. Менің қазанышым Қошқарбай кешкі асты дайындап, шәугіммен әуре боп жүр: уақытты өткізу, әрі жылыну үшін мен шайды көпестерше қарныма қанша сыйса, сонша ішуге дағдыланғанмын. Маңайдан қойлардың маңырағаны мен оттарды қоршалай кешкі асты күтіп отырған адамдардың сөйлескені естіледі. Олардың әңгімесі, шамасы, бүгінгі асудың қиындығы туралы болып жатыр. Көрші қостағы уақ Бекмырза қызулана сөйлеп, түйесінің қия беттен қалай құлағанын, өзінің оны қалай құтқарғанын сөз етсе, керуендегі тілге шешендігімен белгілі сыбан болысының қазағы Ақжол осыдан екі жыл бұрын қыс кезіндегі жаңбырдан кейін Тарбағатайдың Хабарасуынан*

өткенін, өрдің дәл осындай тайғақ болғанын, өздерінің күні бойы мұздан баспалдақ ойып, тайғақ жерлерде түйенің табанына киіз төсегенін әңгімелеп жатты. Бірі Жәукіні Ташкенттен Қоқанға өтердегі Кендірдабанмен салыстырып, Кендір Жәукіден тік әрі биік еді, дегенді айтты. Олардың әңгімесі қызық әрі тәлімді. Бәрі талайды бастан кешіп, көбі бар өмірін керуендерде өткізіп келе жатқандар, сондықтан да өздері аяқ басқан елдердің географиясын тамаша біледі. Бір сәт дүбір, шу көтерілді: отар тауға қарай дүрлікті. Әні, керуенбасының даусы да естілді. Әңгімешілер отарларына қарай жүгірді. «Айт! Айт!» деген айғай шықты. Біраздан соң у-шу басылды. Хабарасу оқиғасы жөніндегі әңгімесін аяқтау үшін от басына асыққан өзіміздің ділмарды таныдым.

– Қасқыр ма, немене? – деймін әңгімесін жалғастыруға асыққан одан.

– Соның дәл өзі, – дейді Ақжол.

Артынан қосқа менің қойшым келіп, ренжулі кейіппен біздің бір қойды қасқыр тартып кеткенін қинала айтты, содан соң «оңбаған, басқа біреудікін тартса қайтеді. Жоқ, бәрі біздікіне тиіседі», – деп өзімізден ескертіп қойды.

– Қатты тартып па?

– Бүкіл құйрығын жұлып әкетіпті».

Осы жолдарды суық түн ішінде, мосы астында шытырлай жанған аршаның әлсіз жарығымен, өзгелердің байқап қалуынан қауіптен отырып, асығыс жазылған деп айта аларсыз ба, сірә? Алғашқы сөйлемдерден-ақ басталған байқампаздық пен тіл шұрайлылығын аңғару қиын емес. Олардан оқиғаны өрбітуде, адамдар бітімін ашуда өткен ғасырдың орта шеніндегі орыс публицистикасында бар озық үлгілер әсерін байыптағандай боласыз. Аттың жалы, түйенің қомында дерлік жазылған жолжазба керуен тіршілігіне, сапар барысына қатысты қадау-қадау суреттерді көлденең тартады.

Шоқан бұл күнделігін қыркүйектің 14-і күні кешке бастады. Ал ертеңіне олар өздері қонған тегіс жон үстімен аққан шағын жылғаны өрлей, оңтүстікке қарай жылжыған. Керуен түйелер мен жылқыларға біраз ауырлық алып келген саздауытты, сулы алаппен қозғала отырып, сол жылғаның бастауы боп есептелетін

шағын көлдің қасынан өтті. Аласа шоқыдан кейін тағы бір кішігірім көл. Одан да бірер жылға шығып, басқа бұлақтарға қосыла өзенше құрап, алда көлденең сұлаған Жетімбел тауының теріскейін бойлай шығысқа қарай беттепті. «Бұл Нарынның бір бастауы Тарағай өзенінің басы, ол Жетімбелдің жиырма шақырымдай шамадан кейін бітетін шығыс мүйісін айналғасын, қайтадан батысқа қарай ағып, екі күннен кейін өзіміз жағалай жылжитын Шоң Нарын боп кетеді», деді қасындағылар. Өткен жылы Омбыда өзімен кең отырып әңгімелескен жиһангез досы П. Семеновтың сөзі еске түсті. Ол бір жыл бұрын осы Тарағайға Нарынның басы, Кіндік Азиядағы екі ірі өзеннің бірі – Сырдарияның сағасы деп арнайы ат басын бұрған еді ғой. Ол алақанымен көсіп осы өзен суын ішкенде бойын айрықша қуаныш билегенін айтқан-ды. Шоқан сол күні күнделігіне *«алапты кесе батысқа қарай Сырдарияның бір саласы Нарынның басы ағады, жазықтың оңтүстігі Жетімоқы тауына барып тіреледі»*, деп жазды.

Жетімбелден асып түскен соң, керуен оның оңтүстік баурайына бір түнеді де, келесі күні Тарағай үстіртін кесіп өтіп, Қарасай өзенінің жағасына келіп қоналқаға тоқтады. Осы жерде олар бұдан екі күн бұрын өткен керуеннің ізін байқады. Көш орнында қалып кеткен жылқының өлігін көрген қашқарлықтар оны энеукүнгі Үшқақпақта ілесе алмай қалған Қашқар керуені екенін таныған. Қоқандық жүзбасымен керісіп қалған саудагерлер қанша дегенмен келіссөздерін бітірген екен. Сол өздері таңдаған Үшқақпақтан Сарыжаздың басына өрлеп кететін төте болса да қиын жолмен шығып, енді бұлардың алдына шығып кетіпті. Олардың суыт әрі сақтана қозғалғаны сонша, түнеген жерлерінде от та жақпай жедел жылжыпты.

Шоқандар керуені бұғыларға өш сарыбағыш руының барымташылары көп жортуылдайтын Шоң Нарын бойына келіп жеткен еді. Бұларға да сақтық шараларына көшпесе болмайтын кез туған. Қарасайдағы түнемеліктен қозғалып, Нарынға іліккен кезде керуен алдында келе жатқан Қызылжар татары (бұған дейін Қашқарға әлденеше рет соққан, араларындағы жасы үлкені, сондықтан да саудагерлердің бәрі керуенбасы деп атайтын) Мәмеджан бір белеңнің басына шыққан кезде, қалғандарды қол бұлғап шақырып алды.

Бәрі де оған шауып жеткен.

– Не болды, сарыбағыштар ма?

– Әзірше, Аллаға шүкір, – деді ақсақал. – Шамасы, қауіп жоқ сияқты. Бірақ сақ болу керек. Міне, мынау Нарын, Наманғанның түбінде Сырдарияға барып құятын өзеніңіз осы. Қатердің ең көп ұшырасар тұсы – осының бойындағы атырап. Барлық тонаушылар осы жазықтың бойында. Сондықтан да барлықтарыңның сақтанып, мылтықтарыңды оқтап, түйелерден алыстамай жүрулеріңді өтінемін.

– Бәрі де Алланың қолында, оның қалауынсыз бір тал сақал да түспейді, – деді мінәжатшыл Мұсабай. Сөйтсе де ол керуенді тоқтатып, жеке-жеке топқа бөлді.

Олар Нарын бойымен біраз жүргеннен кейін, келесі күні оңтүстік батысқа бұрылып, Шақырқорым жотасына қарай тіке тартты. Бұл да керуенге көп қиындық алып келген асу болды. Биік жартас басындағы қар опырылып кетіп, екі жүздей қой шыңырауға құлады. Сондай-ақ тайғақ шатқалда екі түйе де мертігіп, қалып кетті. Жалпы, тау асуларымен өткен бұл жолда көліктер көп азап шекті. Суық күн, жылбысқы қар оларды әбден болдыртып, титықтатып жіберді. Әр түнемеліктен кейін аяқтарын жарадан баса алмай тұрған аттар мен түйелер жұрт орнында қалып кетіп жатты. Шоқан жолжазбасында Қашқарға дейінгі ауыр жолда керуеннен 60 түйе, 8 жылқы шығынға ұшырап, 1 түйе, 5 ат ұрыларға жем болғаны айтылады.

Керуенді бұдан кейін де Келінтайғақтың қауіпті қиясы біраз сынға салды. Одан соң қар жамылған адырлы Күбергенті үстіртімен жүріп отырып, қыркүйектің жиырмасы күні аласалау келген Кежеге асуынан өтіп, шығысқа қарай ағатын көп салалы Ақсай өзенінің жағасына шықты. Шатыртас шоқысының тұсында Ақсайдың оң бетіне өткесін, керуен төрт күн бойы осы жазықты жағалай жүрді де отырды. Оған Шоң Қызылсу, Орта Қызылсу, Кіші Қызылсу делінетін қатар құйылып жатқан өзендерінің тастақты терең сайлары болмаса, жол онша ауыр тие қойған жоқ. Қыркүйектің 25-і күні керуен оңтүстікке бұрылып, Теректі өзенінің бойымен Тәңіртаудың күнгейіне қарай өтетін Теректі дабан асуына қарай беттеді. Оңтүстікке жақындағанның белгісіндей, күн де жылына бастады.

Алайда бұл маңда қатер басқада еді. Теректі шатқалы

қырғыздың шерік пен шоңбағыш руларының торуылындағы аймақ болатын. Олардың бұл маңнан өткен керуендерді талауға түсірмей өткізбейтін тонаушылық дағдылары бар. Шоңбағыштардың осы қылықтарын бұрыннан білетін қашқарлық саудагерлер бұдан екі күн бұрын Мұсабайға келіп ақыл қосқан еді. Олардың айтуынша, бұл қауіптен құтылудың бірден-бір жолы – Қашқарда тұратын Қоқан хандығының бас өкілі Нәсіреддин ақсақалға ел шегіне керуеннің кіргендігі жөнінде хабарлап, өздерін қарсы алуға бірнеше сарбаз жіберуін өтіну. Мұсабай шәһардағы датқаның өз танысы Нәсіреддин екенін естігенде тіптен қуанып кетті. Айтылған кеңеске құлақ түріп, қыркүйектің 23-і күні-ақ сол қашқарлық керуендегі Мамай мен Ысмайыл деген екі адамды тезірек қоқан ақсақалына хабар жеткізіндер, деп ілгері шаптырып жіберген болатын.

Расында да бұл дер кезінде ойластырылған шаруа болғанын одан кейінгі оқиға анық көрсетіп берді. Керуен Теректі шатқалының биігіне қарай өрлеген жолда-ақ қарулы қырғыздар ауық-ауық көріне бастады. Олар Қоқан хандығына қол астында болғандықтан, әдетте қоқандық керуендерді көп қыса бермейді, бірақ оның есесіне қашқар мен татар саудагерлеріне қырғидай тиеді. Тонаушылар көп күттірген жоқ. Шерік Ыстамбек пен шоңбағыш Атаке бастаған қарақшылардың үлкен тобы керуеннің алдын орап бір бүйірден шыға келді. Мұсабайдың әндіжандықпыз дегеніне қарамастан, «сендер татарсыңдар» деп біраз сенбей қинады. Осылай тиісіп тұрса да бұлардан көп дәмете қоймаған. Бар болғаны тоғыз қызыл былғары алып, жолды босатқан. Тонаушылардың неге азға қанағат тұтқанын Шоқандар кейіннен білді. Сөйтсе, бұлардың алдында өткен қашқар керуеніне қарақшылар орасан зор ақы төлеткізгенімен қоймай, бес жүз қойын бөліп айдап әкетіпті. Соған ренжіген керуен адамдары «артымыздан екі жүз орыс әскері келе жатыр, түйелеріне тең-тең артқан қару-жарағы бар, сендердің жазаларыңды солар береді», деп сескендіріп кетіпті. Бұларға көп бата алмағандары содан екен.

Қашқарлық саудагерлер, шамасы, Семей керуенін байқастап жүрген казак-орыс отрядының Жәукіден қайтып кеткенін білмегендіктен, әлі келе жатыр деп ойлаған сыңайлы. Бұл Мұсабайдың керуені Қашқарға жеткенше, әлі талай қауесеттің

туындайтынын тағы да бір байқатқан жайт болып еді.

Семей керуенінің тонаушылардан оңай құтылып кеттік, енді жолшыбай кездесетін қауіп-қатердің соңы осы шығар, деп қуанғаны бекер екен. Теректі дауан асуынан өткесін, оңтүстік беттің күні жаздағыдай тамылжып, пейілдері арқа-жарқа боп келе жатқанда, сол қырғыздар тағы да қуып жетті. Олар керуенді босатқаннан кейін өздерінше ойланып, Ақсай жаққа барлаушыларын жіберіпті, сөйтсе, ол жақта орыс әскері түгілі сыбысы да жоқ. Содан соң алданып қалғанын білген тонаушылар қайтадан кейін қарай шауыпты.

Керуен шатқалдың соңғы белі Көкқия асуына жақындай бергенде, арқаларынан кикү естілді де, сүренітіп ұрандатқан бір топ аттылы шапқылаған күйі олардан басып озып, жолды орап тұра қалды. Керуен дереу қорғаныс қамына кірісті. Бірақ түйдек-түйдек шауып келіп жатқан қарақшылардың қарасы да көбейе берді. Содан соң Мұсабай уақытты ұту үшін, ақырындап келіссөздерді бастаған жөн деп тапқан. Қарақшылардың басшылары Атаке мен Ыстамбек тым ашулы екен. Олар тай-тайлап әртүрлі кездеме, шұға, мақпал, шыт, былғары секілді бұйымдарды талап етті. Бірақ дәл осы қиын-қыстау шақта Қашқардан Қоқан ақсақалы жіберген бес сарбаз (сипай) үлгеріп абырой болды. Олардың келуі керуеннің айбынын асырып, сипайлардың көмегімен қарақшылардың бетін тез-ақ кейін тойтарып тастады. Бұларды қарсы алуға ақсақал-датқаның тапсырмасымен сарбаздарды бастап келген тоқсоба (қоқандықтардағы төменгі офицерлік шен) керуенбасы Мұсабай мен оның туысы «Әлімбайдың» иығына ақсақал арнайы беріп жіберген шапандарды өз қолымен жапты және Нәсіреддин датқаның шын пейіл білдіріп жазған хатын табыс етті. Қысылтаянда келіп қол ұшын берген тоқсоба мен төрт сарбазға Мұсабай да аянған жоқ. 20 кез шұға, 15 кез жүн мата, 48 кез шыт, 6 орамалды жүк ішінен суырып бере салды.

Теректі дабан асуының биігінен әрі қарай Алтышәрдің жері басталады. Дәл сол Теректі асуынан бірінші қытай бекеті Ислыққа дейін 60, Қашқарға дейін 135 шақырым.

Семей керуені күнгеі беттегі шатқал бойымен ылдилай отырып, іңірде етектегі сайға келіп түнемелікке тоқтағаннан кейін, Шоқан қос ішіндегі оттың жарығымен күнделігіне асығыс

жазулар түсірді.

*«Біз қазір тұрған күнгеі бет кәдімгідей жылы, жусан мен ши өседі. Асығыспын: күнделікті жерге көмүім керек, егер құдай бізді тірі, аман-есен қайтарса, ылғал бүлдірмесе, жарық дүниеге тағы көрсетерміз. Сені Аллаға тапсырамын, кездескенше...»*

*Ертең балкім, қарауылға жетерміз, сонда мұқият тінтуге ұшырарымыз анық. Екі күннен кейін Қашқарда боламыз, одан аргысы – құдайдың еркінде, бар үмітімізді соған артамыз».*

Саудагер бітіміне енгелі солардың тіршілігі мен сөйлеу дағдысын жақын қабылдап, өзін-өзі Қашқар ортасына дайындап жүрген Шоқанның сөз саптасын көрдіңіз бе? Кәдімгі керуенбасы Мұсабайдың Жаратқанға жалбарынуынан аумайды емес пе?

Содан соң дәптерді, жол бойы оқыған бірнеше кітапты, орысша жазылған қағаздарды ылғал өтпесін деп теріге орады да, керуенбасы Мұсабайды ертіп оңаша шығып кетті. Бағана күн жарық кезде байқаған оқшаулау жерге алып келді.

– Бұл құпияны мен, сосын сіз ғана білуіңіз керек. Мына орауды қазір мына тастың астына тығамын. Егер мен алай-бұлай боп кетсем, сіз қайтар жолда осыны қазып алып полковник Гутковскийге тапсырарсыз.

– Қой, қай-қайдағыны аузыңызға алмаңызшы, төре мырза! Бәрі де дұрыс аяқталады, деп тілейік Алладан, – деді Мұсабай.

– Лайым, солай болғай!

Шоқан тастың табан жағынан қуыс тауып, қолындағысын соған тықты да, айналасын мұқияттап қайта тегістеді.

Ертеңіне таңғы төрт кезінде-ақ керуен тағы абыр-сабыр қозғалысқа енді. Мұсабай қасындағы тоқсобамен келісіп, тоғыз шақырымдай ғана жердегі шатқалдан шығаберіске таяу тұрған Ислық бекетіне ертерек жетіп, өздерін тіркетіп, таңғы салқынмен тағы да біраз жерді өндіріп тастамақ болған. Азанғы бес кезінде керуен айналасы балшық дуалмен қоршалған, төрт бұрышында төрт мұнарасы бар, алдына қаз-қатар тұт пен терек егілген бекетке елу құлаштай жетпей тоқтады.

Алайда керуеннің тез қозғалып кетпек ниеттері жүзеге аспады. Қытай бекеті басында офицері (қолдай) жоқ болып шықты да, оның көмекшісі – «бошко», екі қой береміз десе де,



өзінің керуенді өткізуге құқы жоқ екенін айтып міз бақпады. Амал жоқ, бекет түбінде тағы бір күн қонуға тура келген. Қолдай ертеңіне де келмеді. Содан кейін тоқсоба мен керуенбасы бошқодан енді ұстамауды сұранып, оған сол үшін үш қой берейік, деп ұсыныс жасады. Бұдан әрі кідіртуді өзі де жөн көрмеді ме, ол келісімін берді. Қасындағы қашқарлық тілмаш керуендегі адамдардың, көліктер мен қойлардың санын жазып алды. Саудагерлердің барлығы, ішінде татарлар да бар, өздерін әндіжандықпыз, деп айтқан. Алайда тілмаштың барлық нәрсені бүлдіргенін Шоқандар кейін Қашқар аузына келгенде бір-ақ білді. Сөйтсе, ол да сыйлық дәметкен екен. Мұндай ілтипат болмағаннан кейін рұқсат қағазға бәрін теріс жазыпты. Саудагерлер әндіжандықпыз десе де «бәрі татар», адам саны 57 емес, 14 деп көрсетіпті. «Басқа адамдарын жасырды, өздері жүзден астам мылтық асынған кісі», деп өсіріп жіберіпті.

## 5. Керуенсарайы көп Қашқар

Семей керуені қыркүйектің 29-ы күні Артыш өзенінен өтіп, Үшбұрқан шатқалының жарына шыққан кезде, Шоқан назарына алыстан көкшіл тарта мұнартқан Қашқар төңірегіндегі бау-бақшаның сұлбасы ілікті. Жүрегі толқып-толқып кетті. Саяхатшы бұған дейін жұмбақ та құпия боп жатқан шаһарға тым жақын қалған еді.

Сол күні кеш түсе олар өздерінің алдында ғана Қашқарға жеткен керуеннен тараған лақап пен бекеттен келген жалған мәліметтің қалаға қандай дүрлігіс әкелгеніне куә болды. Олар қостарын көтеріп үлгерместен, Мәншың әкімшілігінің жергілікті қашқарлық хакімбегі жіберген, бөркіне кішкентай діңсетас пен тауыстың қауырсынын қадаған (бұл қытайлардың бесінші дәрежелі шенеунігіне берілетін айырым белгі) бегі келіп керуенді тексеріп, саудагерлермен жөн сұраса бастады. Сөйтсе, қалада бұларды Қашқарды басып алуға беттеген орыстар деген қауесет өршіп тұр екен. Кешеден бері қорғанның күзеті күшейтіліп, түні бойы көшелерде сақшылар жүріпті. Қашқарлық бек керуенде біраз болып, мән-жайға қаныққан соң, дүрліккен шаһардың үрейін басу үшін кейін қайтып кетті.

Ертеңіне ақсақалға сәлем беруге барған Мұсабайлар да

оралды. Нәсіреддин датқа оларды жақсы қарсы алып, жергілікті әкімшіліктің дүрлігіп жатқанын қаперіне де ілместен, керуенге өз баласы мен баж салыған алатын зекетшіні қоса жіберіпті. Бірақ күдік бұдан кейін де басылған жоқ. Зекетті беріп болып, жүктерімен бірге шаһарға қарай беттеген орта жолда оларға тағы да кілең қытайша киінген бірнеше қашқарлық әкім жолықты. Араларындағы басшысы Ысмайыл бек теңдерді шешіп, ішінде не бар екенін көрсетуді талап еткен. «Қалаға кіргесін-ақ тексермейсіз бе», деген ұсынысқа да құлақ аспай, «менің осы жерде көргім келеді», деп қасарысып тұрып алған. Іңір түсіп қалғандықтан, амал жоқ, жүкті ертеңіне азанда көрсетпек боп, сол жердегі жоңышқалық үстіне қонуға тура келді. Алайда кешкі ас кезінде керуенбасы өз тексерушісімен мәмілеге де келіп қалды. Қоқан зекетшісінің көмегімен тиісті сыйлығын алғаннан кейін Ысмайыл мыңбегі қаталдығынан айырылып, керуенді тексермей-ақ өткізетін болып келісті. Тіпті пейілденгені сонша, Семейде сауда жасайтын әндіжандықтарды бұрыннан білетінін, олардың Қашқарға талай келгенін айтып, ертең хәкімбектен шәһарға кіретін рұқсатты өзім алып беремін, деп желпінді.

1858 жылғы қазанның бірі күні Шоқандар Ысмайыл мыңбегімен бірге Қашқарға қарай қозғалды. Ең алдымен көзге көрінетіні балшықтан соққан биік қорған. Үйлер мен бақтар соның тасасында. Қорғанның бұрыш-бұрышында Қытайдың құрылыс үрдісіне еліктеп салынған жеңіл мұнаралар.

Оңтүстік-шығыс қақпаға жақындай бергенде, олар өткен жылы ғана осында Уәлихан қожа бастаған көтеріліс ылаңының суық зәрін сезді. Жолдың екі жағын ала қаз-қатар тізілген бағаналар басындағы ағаш торларда сол көтерілістен кейін өлім жазасына кесілгендердің бастары әлі тұр. Әркімнің де құйқасын шымырлатып, арқасын мұздататын көрініс еді ол. Әрі олар сол бағаналардың жанында біраз аялдап қалуға да мәжбүр болған. Ысмайыл мыңбегі Қашқар хәкімбегі Альшбектен өзі барып рұқсат қағаз алып келгенше, біраз уақыт өтті. Сол екі ортада өзі жөнінде соншама қауесет тараған керуенді көруге бірталай адам жиналып қалды. Бәрі де семейліктерге басқа бір дүниеден келгендей қарайды. Гу-гу сөз.

– Әнебір биік бөрік киіп тұрған тура орыстан аумайды екен, – дейді біреуі.

– Сен орысты көріп пе едің?

– Жок, бірақ солай шығар деп ойлаймын.

Бір уақытта хәкімбектің рұқсатын алып Ысмайыл мыңбегі де жетті-ау әйтеуір.

Керуен шығыс беттегі Сударбаза деп аталған қақпадан кірісімен тіке қала кіндігі боп саналатын орталық алаңның түбінде жайғасқан шаһардағы үлкен керуенсарай – жанында зекетханасы бар Әндіжансарайға қарай беттеді. Керуенсарайға дейінгі көше бойы қаптаған базар, дүкендер мен жайма сөрелерге толы. Есекке мінген, жаяу жүрген адам ағыл-тегіл. Сауда алаңында жұрт құж-құж қайнайды. Семей керуені түгелдей зекетхана алдына иіріліп, түйелер қаз-қатар шөгеріле бастады. Сәлден кейін Қоқанның осындағы ақсақалы Нәсіреддин датқа кішіпейілділік білдіріп, керуеншілерге өзі сәлем беріп кетті. Қоқан ханының өкілі ретінде Мұсабай керуеніне өзі қорғаныш болатынын айтып көңіл жұбатты.

Қала хәкімбегінің (әкімінің) көмекшісі – қашқарлықтарша есікағасы деп аталатын орта бойлы, қараторы, түрі жасаңдау Сеперкібек пен Шоқандардың ескі көзтанысы Ысмайыл мыңбегі келіп жүктерді тексеруге қатысты. Бір жағынан қоқан, екінші жағынан қашқар бектері керуен бұйымдарына тізім жасап, зекет алу кешке дейін созылды.

Семей керуені үшін тұруға бөлінген орын қаланың Құмдарбаза деп аталатын оңтүстік батыстағы екінші қақпасынан кіретін көше бойындағы Қонақсарайда еді. Олар сонда құжыра деп аталатын бөлмелерге жайғасты.

Ертеңгі қазанның 2-сі, жұма намазы күні болғандықтан, керуенбасы Мұсабай бәрін бастап, ертелете мешітке барды. Мешіт маңайындағы жұрттың бәрінің назары осыларға ауған. Оның себебі, екі-үш күннен бері өрістеген қауесеттің әсері ғана емес, олардың киімдеріне де байланысты еді. Семей саудагерлері киген татарша шапандар мен бөріктер Қашқар жұрты үшін тым оғаш көрінген. Сондықтан да олардың мешіттен қайтқаннан кейін бірінші ойлағаны – әндіжандықтарша бастарына сәлде орап, бұхар шапанын кию болған.

Жұма – Қашқарда базардың қайнайтын күні. Алайда мәншыңның жергілікті әкімшілігі Семей саудагерлерін тағы тексеруге шақырды. Бұл жолы олардан қала хәкімбегі өз

ордасында жауап алды. Хәкімбек ордасы қалыңдығы бес кездей биік дуалмен қоршаған алаңда екен. Бас қақпадан кіре берісте оң жақта қыштан қаланып, беті көкшіл шыңылтырмен қапталған мешіт пен михраб, сол жақта – биік мұнара, онда күн сайын талтүсте ұзын кернейлерден әуен ойналады. Екінші қақпа жанында күзет үйі мен атқора. Ортада хәкімбектің қытай үрдісінде салынған сарайы. Мешіттің арғы бетінде басқа бектердің үйлері. Мешіттің бір жағында айналасы тормен қоршалып, қытайша жабылған қалқа. Сол жерден қажет кезінде хәкімбек халыққа көрінеді.

Ортадағы әрі меймандар түсетін жай, әрі ісқағаздарын жүргізетін «данзафан» деп аталатын ұзын дәлізден тұратын үйде орда хатшылары саудагерлерден жауап ала бастады.

– Қайдан келдіңіздер?

– Семейден.

– Кім боласыздар?

– Әндіжандықпыз.

– Қай әндіжандық?

– Марғұланды, Ташкен мен Бұхарда туып өскен әндіжандықтармыз.

– Әндіжаннан қай уақытта шықтыңыздар?

– 12 ай Ресейде болдық, бұйымдар сатып алып, Қашқардың саудасы тәуір дегесін, осында сіздерге келдік: саудагер қайда пайда болса, сонда барады.

Бұдан кейін хатшылар, керуеннің қандай тауар әкелгенін, қанша адам боп келгенін, қарауылда сандарын неге дұрыс көрсетпегенін сұрады. Олардың бәріне жауап алғаннан кейін кетуге рұқсат берді. Бірақ тергеу мұнымен де бітпеді.

Ертеңіне олар саудасын кәдімгідей бастап кеткен кезде керуенбасыны дорғабек (хәкімбектің айрықша тапсырмаларды орындайтын бегі) шақырып жатыр деген хабар келді.

Шоқан өз күнделігінде мәншың шенеунігінің киімін киген дорғабектің кеше хатшылар қойған сауалдарды тағы да қайталап сұрағанын диалог түрінде со бойы келтіреді.

Дорғабек Мұсабайдан:

– Сіздердің таныс емес, тым алыс, жолшыбай қырғыздардың да, қатал табиғаттың да қатеріне ұшырап келулеріңізге не себеп болды? – деп сұраған.

Керуен туралы өрістеген әртүрлі әңгіменің Қашқар әкімдеріне талай мазасыздық алып келгені, шын сенбеушілік тудырғаны айдан анық еді.

Мұсабай асып-сасқан жоқ.

– Керуен жолын қайта ашқымыз келді. Бұл жолмен көп болды, ешкім жүрген жоқ, тек біздің әкелеріміз ғана жүрген.

– Егер әндіжандық болсаңыздар, онда өз ұлттарыңыз үшін ашылған арнаулы жолмен жүрмей, басқа жолмен келулеріңіз қалай?

– Оның жөні былай. Біз айырбас жасап, қой сатып алу үшін Ыстықкөлге бардық, басқа жолмен келуімізге сол себеп болды.

– Семейден неше күнде келіп жеттіңіздер?

– Жетпіс бес күн жүрдік.

– Иә! Алыс екен. Ыстықкөлде кім бар? Орыстар бола ма? Өздеріне үйлер салды ма?

– Жоқ.

– Неге бізге сонша жақын жүр.

– Жақыныңыз не! Орыстардың қытай шекарасынан төрт-ақ күндік жерде қалалары мен қыстақтарын да салып алған.

– Ол қайда?

– Іле дуанында.

– Араларыңда орыстар бар ма?

– Жоқ...

Кешке Мұсабайлар ақсақалдың үйіне арнайы барып, өздеріне қытай әкімшілігінің адамдары маза бермей жүргенін айтты. Нәсіреддин датқа оларды сыртынан біраз сыбап алды да, «көп саса бермендер, өзіме сеніңдер», деп жұбатты. Сөйтті де, «ертең хәкімбекке сендерді маған таныс сенімді адамдар және бұған барлық әндіжандық саудагерлер кепіл бола алады» деп тілхат жазып бере аламын, деді.

Алайда тексеру мұнымен бітпеген екен. Ертеңіне саудалары қайнап жатқан кезде Қонақсарайға Сеперкібек есікаға (билеуші сарайларындағы рәсімдерді бақылаушы ұлық) мен Ысмайыл наибек (полиция бастығы) бастаған төбелеріне домалақ діңсетас қадаған тағы бір топ адам келді. Олардың жайшылық хабар әкелмейтіндері белгілі еді. Расында солай болып шықты. Бектер керуен басшыларын Қашқардың мәнжу анбыны шақырып жатқанын айтты. Оған Мұсабай, туысы «Әлімбай» мен

Мұхамедразық үшеуі баратын болды. Бектер бұларды ертіп ала жөнелді. Шоқан күнделігінде бұл тексерудің қалай өткені, және одан кейінгі жайттар да тыңғылықты суреттеледі.

...Анбының мекен-жайы көне шаһардан жеті шақырымдай оңтүстік беттегі қытай бекінісінде екен. Сондықтан олар аттарына мінді. Әнеугүні алғашқы көргеннен-ақ өздеріне ұнап қалған есікаға бұлардың үрей құшағында екенін байқап, жанаса жүріп ақырын ғана: «Көп абыржи бермендер, сендер үшін ақсақал тілхат берген, өздеріңді Қоқан елінің еркін азаматы секілді ұстандар, тізелеріңізді бүгіп, бастарыңды тым төмен иіп жүрмендер, егер көп тиісіп жатса, біз бәрін ақсақалқа айтамыз, оған қосып-алар ештеңеміз жоқ дендер», – деп ақылын айтты. Қақпадан шыққаннан кейін оларды қытай бекінісіне қарап емес, сонадай тұста тұрған әлденеше шатырға қарай бастады. Шатырлар жанында дар ағашына ұқсас бірдеңелер тұр. Мұхамедразықтың түрі бұзылып кетті, Шоқанды түртіп қалып, бағаналарды көрсетіп, «құрыдық» дегендей қолын шарасыздықпен сілтеді. Шоқан мен Мұсабай екеуі оның тым күйзеліп кеткенін байқап, «Егер бізді дарға асатын болса, бұл жерде емес, қоқан ақсақалының қолына береді», деп қайрат қосуға тырысты. Бірақ өздерінің де жағдайы мез емес еді.

Шатырдың маңайында төбесіне діңсетас таққан жүз шақты адам жүр. Оларға атшылар, үзеңгішілер қосылып, құж-құж қайнаған қалың топ құралған. Мұның бәрі Мұхамедразықтың үрейін одан әрі ұшырды.

Шоқандарды дәл шатырдың алдына ертіп әкелді. Шатыр ішіндегі үлкен орындықтарда бөріктеріне қызыл және көк діңсетас таққан төрт мандарин (жоғары дәрежелі қытай ұлықтары) отыр екен. Олардың бірі толықша келген, бетінде шешек дағы бар қара торы адам Қашқардың әмірші анбыны (полковнигі) болып шықты. Оң жақтағы аппақ шошақ сақалы бар, сұлу өңді толық кісі түбі хотандық Алышбек хәкімбек еді. Бұл екеуі бөріктеріне қызыл діңсетас қадапты, көк діңсетасы бар қалған екеуі қытай қолдайлары.

Саудагерлер шатыр ішіне кірген кезде, анбы оларға қадала қарап отырды да қасындағыларына:

– Жынде анджанде женъ (бұлар өзіміздің әндіжандықтар ғой), – деп қытайша тіл қатты.

Осы сөзді естігеннен кейін ғана қытайша аздап түсінетін Мұхамедразықтың бетіне қан жүгіріп, есін жиғандай болды.

– Аман-есен келіп жеттіңіздер ме? – деді ілтипатпен анбы. Оның арық денелі қашқарлық тілмашы керуенбасының мойнына қолын тигізіп: «Сәжда қылындар», деген.

– Мұсылмандарға ондай нәрсені айтпаңдар, – деді қарт хәкімбек.

Бәрі де қолдарын қусырды. Жауапты керуенбасы берді: «Алланың жәрдемімен, жоғары мәртебелі хебе-анбының қуаты арқасында аман-есен келіп жеттік».

– Қайдан келдіңіздер? Қанша күн жүрдіңіздер? Қандай жерлермен өттіңіздер, елдеріңіз тыныш па? Тауарларыңыз қандай?

Тауарлардың атын аударуға дүңші (тілмаш) қинала бастап еді, Құлжаға талай барған Мұсабайдың өзі оларды қытайша айтып кетті. Бұған полковник анбы риза боп, одан Іледе қашан болғанын, қай жанжұнның (цзян-цзюнь – генерал-губернатор), қай хебе-анбының (хебе-анбань – вице-губернатор) кезінде барғанын сұрады. Бәріне жауап алғасын «хао-хао» («жақсы, жақсы»), деді пейілденіп.

Әңгіме осылай жылы райда аяқталғаннан кейін, анбы «саудагерлер хәкімбектің сарайына барсын, тауарлар жөнінде сол жерде тағы сөз етеміз», деген. Шоқандар қалаға бастарынан қауіп бұлты сейілгендей болып қуанып оралды. Түстіктерін де сол күні ерекше тәбеттеніп отырып ішті.

Түстен кейін уәде бойынша, хәкімбектің сарайына барды. Сөйтсе, бұлар барғанша хәкімбек манағы мандариндермен ойын-сауығын бастап кетіпті. Бишілерді әкеліп, ұйғыр әуендерін мұқамдатып жатыр екен. Саудагерлер өздерін шақыратын шығар деп әлден уақыт бойы отырды. Бірақ еш хабар болмады. Сосын Шоқан өздерін кіргізген бөлме ішінде жүрген жас қызметкерден бұларды қашан жіберетінін сұраған. Ол күлді де: «Бек сауыққа кірісіп кетті, енді таңға дейін созылады», – деді. Сөйтті де Шоқанға уақыт өткізе тұрсын деп кішкентай кітап берді.

– Сіз оқи аласыз ба?

– Әрине.

Ол бұған сенгісі келмегендей қалып танытты. Содан соң Шоқан түркше жазылған кітапты дауыстап оқи жөнелді. Жас

қызметкер аң-таң қалып: «Тіпті жақсы, сауатты оқиды екенсіз, қайда дәріс алып едіңіз?» – деді оған.

Хәкімбек бес сағаттай уақыттан кейін ғана екі жағынан екі мандарин сүйемелдеп аяғын әзер басып сыртқа шықты. Бір мандарин атына да міне алмай құлап түсті. Сосын оны арбаға салып жіберді. Алышбекке саудагерлердің келіп тұрғанын айтып еді, ол қабағын шытып «күте тұрсын» деді. Егер күтер болса, оның таңға дейін созылатыны анық еді. Соны білген қызметкер оларды кейін қайтарған.

Күні бойғы уақыттары бос өткеніне ренжіген Мұсабай тіке ақсақалға тартты.

– Ха! – деп қатты дауыстады датқа бұлар есіктен кірісімен. – Сіздер көрінбей кеттіңіздер ғой, мырзалар?

– Тақсыр! – деді Мұсабай, – біздің әбден сілікпеміз шықты, біресе дорғабекке, біресе хәкімбекке, біресе итбекке, біресе шошқабекке шақырады, ал бектер Қашқарда менің басымдағы шашымнан да көп. Бүгін анбыда болдық, ол кәпір десе де, мынау жолдан тайған иттерден гөрі ақылдырақ екен, тез босатты. Жауап алулары бітіп еді, енді басқа бір азап тапты. Тауарларды көрсетуге шақырады, қызталақ. Барсақ, өздері қытайлармен кеңірдектен келгенше ішеді, бишілер шақырады, ал біз тамақсыз, шайсыз қараңғы бөлмеде отырамыз. Құтқара көріңізші, тақсыр! Біз есімізден танатын болдық.

Датқа мұны естісімен өзінің жанындағыларға кәрін төкті. «Сендер қалай жол беріп жүрсіндер, неге ара түспейсіндер?». Содан соң Шоқандарға бұрылып: «Бүгіннен бастап ол шошқалардың біреуіне де бармандар, – деді. – Ал егер біреу-міреу сіздерге бірдене дейтін болса, мен Алланың қолдауымен Уәлихан төреден бетер дүрбелең жасаймын. Осыны бегіне жеткіз». Ақсақалдың соңғы сөзі хәкімбектің қызметшісі Кәрімомынға қарап айтылды.

Тек осыдан кейін ғана Семей керуені тыныштық алды. Олар алаңсыз өз саудаларын жасауға кірісті.

Қашқар мұсылмандарына ғана емес, бар келіп-кетуші шетелдікке өз ықпалын жүргізіп, тіпті бөлек әскер ұстап отырған Қокан ақсақалының қала билігіндегі беделі расында бірталай еді. Қокан хандығының Мәншың үкіметімен келісімі бойынша, осында тұратын мұсылмандардан, сауда керуендерінен зекет



алуға қойған өкілін бір жағынан, өзінші бөлек дербес билеуші деп те тануға болады. Ол анбыға да, хәкімбекке де бағынбайды. Әрі қытай әкімдері ақсақалдардан іштей сескенетін. Өйткені қожалардың талай көтерілістерінің туындауына осы ақсақалдардың да араласып жататыны оларға жақсы мәлім еді.

Сондықтан да Шоқан мен Мұсабай ең әуелі өздерін мазасыз тексеруден босатқан ақсақалға ілтипат жасау арқылы оның сеніміне кіруі керек екенін жақсы ұғынды. Екеуі ақылдаса отырып, Нәсіреддин датқа мен оның алғашқы күндерден өздеріне жақын болып кеткен баласы, байқауларынша, ақсақалдың бар ісін басқарып отырған Хисаметдинге арнайы сыйлықтар алып тағы барды. Содан кейін-ақ ақсақал тарапынан бұларға деген пейілді көзқарас одан әрі дұрысталып жүре берді. Хисаметдин олардың жақын достарының біріне айналды. Шоқандар қоқан салтынша оның өзіне арнап бозым – «той-томалақ» жасап шақырып, тіптен тығыз араласты. Ақсақалдың баласымен осы татулық – олардың қаладағы басқа да беделді адамдармен араласуға да қолайлы жағдайлар жасады.

Осы күндер аралығында Шоқан қаламен біршама танысып үлгерді. Қашқар – «Көне шәр» және «Жаңақорған» деп аталатын екі бөлікке бөлінеді. Ескі қаланың тұрған жері дөңестеу, жаңасы ойлау тұста орналасқан. Көне шәр – екі; Жаңа қала – төрт орамнан тұрады. Бұл кезде он алты мың үйлі Қашқарда 17 медресе, 70 діни бағыттағы мектеп, 8 керуенсарай және екі базар алаңы бар еді. Қорғанға екі жақ беттегі Сударбаза және Құмдарбаза деген қос қақпадан кіреді. Олардан Айтқа деп аталатын орталық мешіт алаңына дейінгі басты екі көшенің бойы сыңсыған ашфузулдар (асханалар), шаштараздар, шеберханалар мен жайма дүкендері. Сол орталық алаң түбіндегі қаладағы ең үлкен керуенсарай – Әндіжансарайдан көне шаһардағы Шарсу базарына дейінгі көше бойы да түгелдей үсті бүркелген жайма сауда қатарлары. Біраз керуенсарайлар да осы көшеде орналасқан. Олардың арасында белгілілері: Жаркент, Ақсу, Жебірей және бұхарлықтар мен ұратөбелік тәжіктер түсетін – Ұратөбе керуенсарайлары. Шоқандар он бір дүкенін түгел алған Қонақсарайда негізінен марғұландықтар, Шахрисабздан келген саудагерлер мен ауғандықтар тоқтайды. Ежелден саудасаттықтың қайнаған орталығы ретінде мәшһүр бол келе жатқан

қаланың қанбазары осымен ғана шектелмейді. Құмдарбазаның түбінде мата сататын мақтабазар, сол қақпаның сырт жағында малбазар да бар еді.

Істің, сауданың барысына қарағанда, бұлардың көктемге дейін осында аялдайтын реттері бар. Бәрібір оған дейін тау асулары керуенге жабық. Демек, сол екі ортада талай жағдайды байыптауға болады. Бұл үшін, ең әуелі, басқалардың өзіне деген сенімін арттыра түсу қажет. Оның алғашқы қадамы жасалды да. Ақсақалдың, әсіресе оның ұлының Шоқандарға деген пейілінің тәуірлігі, керуендегі түбі әндіжандық саудагерлердің Қашқарда туыстары мен таныстарының табылып жатуы да дұрыс болды. Әсіресе керуенбасы Мұсабайдың ағайындарының көптігін айтсайшы. Ол тек ақсақал-датқамен ғана сыралғы болып шықпады, осында қоқан өкілі мен жергілікті әкімдер алдында бедел-қадірлері бар Найманбай, Сағатбай, Асанжан, Қари сияқты туыстары мен жерлестеріне жолықты.

Әрине, олардың арасында кәдімгі саудагерлер қатынасына тән бір-бірлеріне тарту-таралғы, қонақасы беру, сауық-сайрандар өткізу рәсімдері жүреді. Сондайда Мұсабайдың қасында әрдайым «өз туысы Әлімбай» ажырамай ілесер еді. Қашқарлықтар Әлімбайдың жағдайын естіп, аяныш білдіреді. «Иә, иә, Әбділлабайды білуші едік, бейшара өмірден озған екен ғой, соның ұлымын де, туған жерінді көруге келген сапарың жемісті болсын! Сенің әжең қысты сонда өткіземін деп Қоқанға қыдырып кеткен. Мына қуанышты естігенде, жүрегі жарылып кетер байғұстың», – дейді. Әлімбай да «алыс туыстары» алдында өз басын шаруасы дүрілдеп келе жатқан саудагер ретінде көрсеткісі келеді. Алдағы жұмысына пайдасы тиеді-ау, дейтін олардың бірқатарына керуен есебінен сый-сыяпат та жасайды.

Шоқан осы жаққа келгендеріне он күн толмай жатып, реті шығып тұрған бір сапар – Қашқардан 150 шақырымдай жердегі Жаркент (Йаркент) жаққа да барып қайтуды ойлайды. Бұлар айдап келген қойлар Қашқарға жеткенше жол азабынан әбден бұралып, арықтаған еді. Ал арық малды базарға шығарып әуреленудің қажеті жоқ. Құнсыз. Сондықтан саудагерлер екі айдай малдың қоңданып, етейгенін күту жөн деп шешкен. Осы аралықтағы уақытты пайдаланып, Шоқан керуендегі Мырзамұқсым Сағитұлының қосындағы біраз былғарыны

Жаркентке апарып сатамыз деген уәжбен, ол жақты да көріп қайтқысы келген. Олар ақсақалдан рұқсат қағазын алып, аттанып та кетеді. Алты адам боп шыққан саудагерлер жолда бір леңгірге (пошта бекетіне) қоналқыға тоқтап, ертеңіне түске таман Жанахисар шаһарына жетеді. Бұл қалада Қашқарда кездескен таныс әндіжандық саудагерлер көп екен. Олар Шоқандардың келгендеріне қуанып, екі күн мейман етіп жібермей қойған. Әрі қарай тағы да жылжып, Қызыл, Көкрабат қыстақтарынан өтіп, Топлық бекетінің маңына қоналқаға тоқтаған. Көкрабаттан шығысқа қарай адырлы құм басталып, жол бойында суы ащы көптеген қамысты көлдер кездеседі екен. Ертеңіне бекеттен шығып, Жаркентке жақындап қалған кезде арқаларынан Мұсабайдың бұлардың соңынан аттандырған хабаршысы жетіп, керуенбасының хатын ұсынды. «Қоқанда хан билігі ауысып, Құдияр ханды өзінің туған ағасы Мәлібек тақтан тайдырыпты. Ұзынқұлаққа қарағанда, бақылауда жүрген Уәлихан қожа да қашқан сияқты. Соған байланысты Қашқарда қауіпті жағдайдың орнайтын түрі бар. Көп кідірмей кейін оралғандарың дұрыс...», – делініпті онда.

..Бұлар шұғыл жүріп Қашқарға қайтып келсе, ақсақал қызметіндегі өздеріне таныс Нәсіреддин датқа әлі орнында екен. Қыпшақтың Әлімқұл, қырғыздың Әлімбек датқа сияқты рубасыларының көмегімен таққа отырған Қоқанның жаңа ханы Мәлібек (Мәлла) оған ақсақалдық қызметінді атқара бер деген пәрменін жіберіпті. Бірақ ханның мұнысы Нәсіреддиннің қолында бар қаржыны жасырып, құртып жібермесін деген айласы ғана болып шықты. Артынша Мәлібек ханнан Қашқарға жаңа ақсақал етіп Нұрмұхаммед датқаны тағайындағаны жайында хабар жеткен. Ол былтырғы көтеріліс кезінде Уәлихан төре жағында болып, мыңбасы қызметін атқарған Нұрмұхаммедтің нақ өзі еді. Қоқан хандығы қойған ақсақалда мәншың билігінің жұмысы жоқтығын осы мысалдың өзі-ақ айқын байқатады. Қожамен бірге Чиң империясына қарсы соғысқан адам қытай иелігіндегі аймаққа ақсақалдық міндет атқаруға қайта оралып жатты.

Бұрын дәуірі дүрілдеп жүріп тұрған Нәсіреддин датқаның бағы бір-ақ күнде тайды. Орнымда қалдым ғой, деп қаперсіз отырған оны жаңа ақсақалдың Қоқаннан арнайы жіберген

адамдары тұтқынға алып, үйіндегі дүниесінің бәрін сыпырып әкетті. Алдында ғана оны қошеметтеп, тым жақын тұтып жүрген жандар да сол сәттен бұл әдеттерін сап тыйып, Нәсіреддин мен оның баласынан теріс айналып, танымайтындай рай танытты. Дүниеден де, биліктен де айырылған олардың халдері лезде мүшкілдікке ауысты.

Оның есесіне жаңа ақсақалдың туысқаны, ол келгенше билікті өз қолына алған, бұрын ешкімге елеусіз жүрген Сүлейменкұл деген адамның беделі дардай боп шыға келді. Жұрттың бәрі оның алдында құрдай жорғалап, құрметтеуге көшті. Қала сыртында оған арнап той-томалақ жасап, тарту-таралғылар тартып, жаппай жағына бастады. Әрі мұның өзі бір жағынан Шоқан үшін орайы келген іс ретінде көрінген. Себебі Сүлейменкұл Семей керуені саудагерлерімен, өзі жай адам боп жүрген кезден-ақ жақсы қарым-қатынас жасап, дос-жаран боп кеткен жандардың бірі еді.

1858 жылдың қарашаның 25-і күні жаңа ақсақал Нұрмұхаммед қоқан ұлықтарының салты бойынша Қашқарға үлкен салтанатпен келіп кірді. Қоқанның жаңа елшісі Мәткерім бимен, Апақ қожа мазарының бас шейхы Сүнолла қожамен бірге қалаға келген ақсақалды он бес мыңдай адам қарсы алды. Датқаның сәулетті тобын алдарынан жол ашып: «Тізгіндеріне сақ болыңдар!» деп дауыстап, бір сарбаз бастап жүрді. Оның соңынан алтын-күміске малынған ер-тұрманмен, әсем жабумен әбзелденген бірнеше атты жетелеген жігіттер келе жатты.

Нұрмұхаммед датқа осыдан біраз бұрын ғана өзі атқарған таныс қызметке кіріскеннен кейін, бар саудагерлер оған сый-сияпаттарын тартуға асықты. Шоқан Мұсабаймен келісе отырып, бұл жолғы тарту-таралғының құнын ана кезде Нәсіреддинге апарғаннан да асырып, күміспен есептегенде 225 сомға дейін жеткізді. Ақсақалға барқыт шапан, 25 кез шұға, 16 кез қымбат жүн мата, алтын сағатқа қоса, талай қауесетке негіз болған темір кереуетті де сыйға алып барды.

Жаңа ақсақал олардың қауіптенгеніндей емес, тым сыпайы адам болып шықты. Мұсабай мен «Әлімбайдың» тартуын аса бір ризалықпен алды. Қошемет көрсетті. Өзі ішімдік пен ойын-сауыққа үйірсек, көңілді жиындарды жақсы көреді екен. Бұл семейлік саудагерлердің датқа алдында өздерін еш қысылмай,

еркін ұстауына әсерін тигізді. Қызметімен де шұқшиып көп шұғылдана бермейді. Не нәрсені де саудагерлермен, не Сүлейменқұлмен ақылдасып істейді. Сүлейменқұлдың Шоқандарға ескі дос болуы ақсақалмен одан әрі жақындасуға көп әсер етті. Ақыры бұл жақындықтың ұлғайғаны сонша, олар ақсақалдың күн сайын кешқұрым үйінде қонақ ететін немесе өзі келіп бұларға мейман болатын қадірлі адамдарының санатына қосылып кетті. Тіпті Мұсабайға бүкіл әбзел-сайманымен бір ат, зер шапан және әскери етік тартып, оны өзінің ең жақын адамының бірі деп санайтынын айтты.

Жағдай біртін-біртін тыншу қалыпқа ауысқаннан кейін аралас-құралас жүрген қашқарлықтар «Әлімбаиды» өздерінің салтынша үйлендіру қамына кірісті. Алтышәрде мұсылман дәстүріне еш үйлеспейтін, бірақ ілгері замандардан жойылмай жеткенінің өзі таңғаларлық бір ғұрып бар. Ол сырттан келген мұсылман дініндегі шетелдіктердің уақытша үйленуіне болатындығы. Және бұл ретте күйеуге қалың мал төлеп қиналудың керегі жоқ, одан тек заңды түрде некелесіп, келіншегін (шәукенді) киіндіріп, асырап отыру ғана талап етіледі. Әйелді алу бағасы да қымбат емес. Хотанда уақытша әйел алу үшін орыс күміс ақшасына шаққанда, небәрі бір сом елу тиын жетеді. Жаркентте арнайы шәукен базары бар. Уақытша күйеуге шыққысы келетін әйелдер сол базардан табылатын көрінеді. Ақсу мен Үштүрпанда үйлену бағасы қымбаттау. Алтышәр заңы бойынша әйелді елден алып кетуге рұқсат жоқ. «Ажырасуға қимасаң, осында қал, бірақ ертіп әкете алмайсың», – дейді ол қағида.

Осыдан екі жыл бұрын Құлжада болған кезінде бастаған «Қытай империясының Батыс өлкесі» атты еңбегінің бел ортасында өз қаламына тән қунақы мәнермен қашқар әйелдеріне қатысты бұл салтты жан-жақты сипаттап жазған Шоқан, енді басқаларға күдік тудырмас үшін өзі де шетелдіктерге арналған осы шартты орындауға бекінген еді.

Ғалым өз жазбаларында бұл жөнінде «Жалпы, тәртіптен шықпау үшін және таныстарымыздың қолқалауымен біздің бұл дәстүрге бағынуымыз керек болды», – деп шолақ қана қайырады. Одан басқа әңгіме жоқ. Шәукеннің аты кім болғандығы, уақытша кешкен күндері жайында ештеңе айтпайды. Әуелден туындаған

күдік әсерінен қытай мен қоқан жансыздары әр қадамын аңдып жүрген шақта Шоқан оған сырын ашпай кеткені өз-өзінен түсінікті. 23 жасар ғалымның Қашқарда атқарған жұмыстарына көз жібергенде, оның сол қауіп-қатер астында күнделік жазуды доғармағанын, талай уақыттарын зерттеушілік ізденістермен өткергенін көреміз. Солардың бәрін ол шәукеннен жасырып істемеген болуы керек. Кей нәрсені шәукен де байқауы кәміл. Бірақ ол кәдімгідей байыптап жатпағаннан кейін, көп тірлігі өзіне түсініксіздеу Әлімбайға таңырқай қарап қойып, шығыс әйелдеріне тән іштен тынудан әрі аса алмаған болар.

Алайда, шәукен жөнінде Шоқан ешқандай дерек қалдырмады десек те, оның Қашқар сапарында салып қайтқан біраз суреттерінің арасынан сол әйелдің кескінін көргендей болатынымыз бар. Ол – «Қашқарлық келіншек» деп аталатын қарындашпен салынған этюд. Ұлттық киім киген ұйғыр әйелінің бір бұрым етіп өрген шашы, оның ерге шыққандығының белгісі. Шоқан үшін Қашқарда адамдар кескінін түсіру, Қазақстан мен Қырғызстан бойынша өткен оның бұрынғы сапарларындағыдай оңай жүзеге аспағаны анық. Саяхатшының ол сапарларда орындаған әйгілі портреттері мен шығармаларының көбі кейіпкерлермен алдын ала келісіп, оларға қарап отырып жасалған дүниелер болса, Қашқарда ондай кеңшілікті жағдайдың, сірә, орайы келмегені өз-өзінен түсінікті.

Шоқанның қарындашпен, сиямен, бояу қаламмен сонда салған «Шығыс Түркістан ұйғырларының сыпаттары», «Шығыс Түркістан ұйғырларының киімдері» секілді ыңғайдағы этнографиялық туындылары негізінен әуелде жадыда пісіріп алған байқампаздықтың ғана жемісі. Солардың арасында дербес портрет дәрежесіне деңгейлескен бір туынды осы «Қашқарлық келіншек».

Бітімі мұқият мүсінделіп, Шоқан қолтаңбасына тән жанды штрихтармен берілген осы суретке қарап отырғанда, автордың өз кейіпкеріне жеке-дара назар аударуы бекерден-бекер емес, шамасы, жақын адамдардың бірі болу керек деген ойдың өз-өзінен ортаға тартылатыны бар. Ал Қашқарда Шоқан үшін сондай жақын адам санатында шәукен болды емес пе? Демек, бәрімізге беймәлім де жұмбақ жанның бейнесі осы десек, аса қателесе қоймаспыз.

Жаңа шәрдегі Өстәнбойы деп аталатын орамдағы шәукен кеуі тұратын үй – оның оңаша отырып, дәптер бетіне болашақ үлкен еңбектің шолақ-шолақ үзінділерін түсіруге мүмкіндік әперген жайлы отауға айналып еді.

## 6. Қолжазба іздеуші

Алғашқы күндері біраз қобалжытқан сәттер өткенімен, өз басына ұялар күдік бұлтын Қашқардағы бірсыпыра беделді адамдармен жақын араласу және сол ел салтымен үйлену арқылы біраз сейіліп алғасын, Шоқан ақырындап өзіне жүктелген тапсырманы да орындау жайына көше бастайды.

Әртүрлі атаулармен танылып, біресе Алтышәр, не Ұйғырстан, Қашқария делінетін, қытайлар Нан-лу өлкесі деп атайтын, Еуропа ғылымында Кіші Бұхара, Шығыс Түркістан атауымен белгілі өңірдің арғы-бергі тарихына екі жыл бұрын Құлжаға барғаннан бері, мүмкіндігінше жан-жақты танысып, біраз хабардар боп қалған ол, енді сол пайымдағандарын осы жерде көргендерімен, естігендерімен, Алтышәр тарихына қатысы бар сұрап-білген жайларымен қорыта бастады.

Бұл ретте Мұсабайға ағайын-жақындығы бар бірқатар бай саудагерлермен бірге оның Қокан ақсақалы Нұрмұхамбет датқаның шаңырағында және басқа да үйлерде жиі мейман болуы, әртүрлі бектермен, дін саласының білімдар шейхтарымен, ғұлама-ахұндарымен танысып алғанының, жиі-жиі дастарқандас боп әңгіме-дүкен құрып жүретінінің көп көмегі тиді. Сондай мәслихаттар барысында Алтышәрде билік еткен хандар мен ұлысбектерге, қожалар әулетіне қатысты тарихтар де айтылып қалады. Пәлен ханның, түген қожаның тұсында, деген ескі әңгімелер қозғалады. Ол туралы пәлен ғұлама кезінде мына шығармада былай жазған екен, дейтін үзінділерге де құлақ түріп отырады. Сұлтан Сатұқ Бұғра (Бура) хан ғазы, Тоғұлық Темір хан, Рәшид хан, Саид хан сынды әміршілердің, Мақдұм ағзам, Апақ, Даниал, Жәңгір сияқты қожалардың, Хафиз, Мәулана Жәми, Науаи, Мұхаммед Садық, Хиркати секілді шайырлардың есімдері ауық-ауық аталып жатады. Өлең шумақтары оқылады.

Ара-арасында өзі қажет деп тапқан тұстарды тиянақтап сұрап отырады. Әлімбаидың Қашқар тарихына қатысты

сауалдарды жиі қоятыны мәслихаттастары үшін үйреншікті боп қалған. Өзі де басында бұл жөнінде түсіндіріп айтқан. «Титтейімнен басқа жақта, бөтен ортада, әкенің қамқорлығын, әңгімесін ести алмай жалқы өстім. Сол себепті ата-баба жерінің өткен-кеткенін білгім кеп тұрады. Ол жөнінде хабарым аз. Сіздерден әрнәрсені сұрай берсем, айып көрмессіздер», деп қаперлеріне салып қойған.

Соған орай оған бәрі түсіністікпен қарайды. Білгендерінше жауап береді. Әрі ризалықтарын танытып отырады. «Бөтен жерде жүрсе де әкесінің елін, тілін ұмытпай, суып кетпей, қанына тартқанының өзі неге тұрады. Білімділігін айтсайшы. Арабша, парсыша, ұйғырша кітаптарды кідіріссіз оқи береді. Татар мен қазақ арасында сауда жасап жүргендіктен бе, тілі соларға бейімдеу. Ұйғырша үйренуге кірісіп еді, тез арада тілі төселе бастады. Жазуы да жүрдек», – деп мақтайды.

Шоқан-Әлімбаев олардың ауызша әңгімелеріне көбіне мейірі қана бермейді. Алтышәрдың өткенін, қожалар әулетінің тарихын тыңғылықты білу үшін сол тақырыпта жазылған еңбектердің өзін тауып алып оқыса ғой, шіркін, деп армандайды. Әртүрлі кітаптар мен қолжазба дәптерлер сатылатын жаймаларды шолып көріп еді, ондай туындылар ұшыраспады. Көбі парсы мен араб тілдеріндегі діни рухтағы жазылған шығармалардың ұйғыр тіліне аудармалары. Қолға іліктіргені, түрк жұрттары арасына мұсылман дінін енгізуде ерлік танытқан халифат батыры Әбумүсілім туралы хикая ғана. Оған көптеген жергілікті аңыз сарындары енген екен, сонысы үшін ғана сатып алды. Содан кейін Әли бен Хусейн әл-Уәйіс әл-Кашифидің өз ұстазы – сопылық нақшбандийа бауырластығының пірі Қожа Ахрарға арнаған «Рашахат айнед Хаят» атты парсы тіліндегі шығарманы тапты. Атауы «Өмір қайнарының тамшылары» деген мағынаны білдіретін бұл кітапта шейхтар мен әулие-ишандардың ғұмырнамалары, уағыздары жинақталыпты. Ішінде осы нақшбандийа тарихатын ұстанатын алтышәрлік қожаларға қатысты, Орта Азия, Сырдария аймағының тарихи географиясына қатысты біраз мәлімет те бар екен.

Әңгімелескен адамдарынан ел тарихына қатысты басқа да шығармалардың бар-жоғын сұрастырып көріп еді. Мардымды ештеңе шықпады. «Ғұлама кісілердің аузынан Сұлтан Сатұқ



Бұғра хан, Тоғұлық Темір хан, қожалар тарихына қатысты тәзірелер, Қашқар мен Үаркент хандықтары туралы кітаптар мен дәптерлердің бар екенін естігенбіз. Бірақ соларды көре қоймаппыз, жаймашыларда ұшыраспайды» деген жауап алды. Арабша «тәзіре» сөзі «ғұмырнама», «шежіре» дегенге келеді. Демек, оларда осы аталған тұлғаларға қатысты тарих айтылады деген сөз. Сатұқ Бұғра (Бура) хан әйгілі Қарахан (Үлы хан) әулетінің басы, бірінші боп мұсылман дінін қабылдап, оны Қашқар жеріне әкелген атақты қаған. Ал Тоғұлық Темір ханды Әбілғазының шежіресінен жақсы біледі. Шағатай тұқымы болып табылатын ол Моғол ұлысының негізін қалаған әйгілі тұлға. Екі жыл бұрын Құлжаға барғанында, оның Қорғас түбіндегі мазарын да көргені бар.

Шоқан үшін Мұсабайдың ағайыны, көбіне бұлармен бірге жүрегін марғұландық қарт саудагер Найманбайдың қожалар әулетінің шежіресін бір кісідей білетіндігі едәуір көмек болды. Оның өзі бұрыннан қожалармен ілік-шатыс жекжаттығы бар отбасыдан шыққан адам екен. Туған қарындасы – былтырғы көтерілісті бастаған Уәлиханның ағасы Ишанханның (Кәттеханнның) бәйбішесі көрінеді. Кәттехан қазір Апақ әулиеден тарайтын қожалар әулетінің үлкені ретінде, Қоқан ханы жанындағы сенімді адамдардың бірі болып отыр.

Күйеу баласына арқаланып, өзін емін-еркін ұстайтын көпті көрген Найманбай Қашқар хандары мен қожаларының тарихын жап-жақсы ажырататынын байқатты. Білгенінше таратып берді. Сөз арасында: «Кәттехан мен оның туыстарының Қоқандағы үйлерінен өздерінің әулеттік шежірелеріне қатысты әдемілеп көшірілген бірталай дәптерлерді көргенмін. Саған қажет болып отырған көп нәрсе солардың ішінде жазылған-ау шамасы. Егер Қоқанда жүрген болсақ, еш қиындығы жоқ, қарап көруің үшін сұрап алар едім», – деп қояды.

Сол Найманбай бір күні Әлімбаиды қуантқан хабар жеткізді. «Саған қажет шежірелерді тауып бере алатын кісімен кездестім. Бүгін хәкімбек сарайының қасынан өтіп бара жатып, соған қатар орналасқан Қоқан елшілігіне, байырғы танысым елші Мәткерім биге жолыға кетпек боп соққан едім. Апақ қожа мазарының бас шейхы, өзі сол тұқымнан, бір жағынан бізге құдалығы бар Сүнолла қожа да сонда отыр екен. Үшеуіміз біраз әңгімелесіп

қалдық. Қожа өте білімдар кісі. Сөзден сөз туып, Пір Апақ мешітінде бұрынғы шейхтар кезінен сақталып келе жатқан біраз кітаптардың бар екенін естідім. Ойыма сенің сондай дүниелерді іздеп жүргенің түсе кетті. «Алыстан келген Әлімбаи деген саудагер інім бар еді, өзі білімді, сондай шығармаларды сатып алуға аса ынтығып жүр, артық даналары болса, қисаңыз қайтеді», деп жармаса кеттім. «Келсін, алдымен қарап көрсін, қандай тауарихты таңдайды екен, соған қарай байқайық», деп келісетінін білдірді. Уәдесін алып тұрғанда, қапы қалмайық, ертең барып қайтайық», – деп жас туысы Әлімбаиды өзі асықтырды.

Ертеңіне олар Қашқардан теріскей-шығысқа қарай алты шақырымдай жерде орналасқан, көгілжім күмбезі әр қиырдан да көзге шалынатын Апақ қожа мазарына ат басын тіреді. Құр қол емес, қызметшілерінің алдына өңгертіп, құрбандыққа деп атаған екі қойды, садақалық теңгелерін, шейхтың өзіне бес кез шұға, он кез сәтен матасын ала жүріп еді.

Мұсылман сәулет өнерінің үрдісінше қыштан қаланып, әртүрлі әшекейлі шыңылтырмен қапталған зәулім ғимараттың бойынан түрк жұрттарының байырғы дәстүрлерінің табы да аңғарылады. Бұғаттардың астыңғы жағына арқар, бұғы, таутекелердің арбиған ірі мүйіздері ілініпті. Құлпытастар орналасқан қабірхананың іші мен кіреберісінде ұзын сапты тулар мен қылқұйрықтар салбырайды. Мазардың жанында мұнаралары мен бағаналары әсем оймышты қыштан өрілген күмбезді мешіт бар.

Сүнөлла қожа мешіттің бір бүйіріндегі шағын бөлмесінде отыр екен. Үлкен сәлделі, аппақ шапанды, ақ сақалды шейх бұларды жылы шырай білдіре қарсы алды. Жайғасқаннан кейін Найманбай сөзін сыпайылық ізетпен шейхтың хал-жағдайын сұраудан бастай отырып, қасындағы Әлімбаиды таныстырды. Өзі кеше айтқан, жырақта қайтыс болған Әбділлабайдай марқұм туысының баласы осы жігіт екенін, алыста отанын аңсай жүріп есейгенін, білімді боп өскенін, туған жерінің тарихын білуге ынтасы молдығын мақтады. Кешегі уағда бойынша, Сізге арнайы ертіп әкелдім. Тауанын қайтармассыз. Жөн-жобамызды жасап келіп отырмыз, деп, сыртқа байлаған құрбандықтарын атап, өздері қолтықтай кіріп, есік жақтағы кебеже үстіне қойған сый-сияпаттарын көзімен нұсқады.

Шейх жас саудагерден қандай кітап қажет екенін сұрап еді. Әлімбай өзінде «Ришахат» пен «Әбумүсілім Марузиден» басқа ештеңе жоқтығын, Қашқар жеріне қасиетті мұсылман дінін әкелген Бұғра хан, Моғол ұлысында ісләмді дәуірлеткен Тоғұлық Темір хан, Қашқар тарихы, Қожалар ғұмырнамасы сияқты қолжазбалар бар деп естігенін, бірақ соларды ұшырастыра алмай жүргенін айтты.

Сүнолла қожа Әлімбайдың жүзіне бірауық барлай қарап отырды да, үнсіз орнынан тұрып, қабырға жақтағы пердені ашты. Аржағы дуалдан қуыс текше түрінде шығарылған сөре екен. Қалыңы-жұқасы аралас дәптерлер мен кітаптар қаз-қатар тізіліп тұр. Солардың арасынан ол бірнеше түптелген дәптерді алып, Әлімбайға ұсынды.

Шокан оларды абайлай ұстап, жанына қойды да үстіндегісін қолына алып қарай бастады. Сырты былғарымен қапталған дәптердің алғашқы бетінде «Тәзкіре-и Сұлтан Сатұқ Бұғра хан ғазы» деген атауы бар. Парақтап қарай бастады. Өзі жақсы танитын түркімен жазылған екен. Араб қарпінің нәстәлік өрнегімен түсірілген. Байқайды, Бұғра (Бура) хан мен оның ұрпақтарына ғана арналмаған сияқты. Арасында қожа Баһауеддин, қожа Әбу Нәсір Самани, шейх Мұхаммед Аттар, шейх Мансұр Хижазилер туралы тәзкірелер де бірге жүр. Шығарма аясына Бұғра хан әулетінің шежіресінен басқа, сол кезеңдерге қатысы бар мұсылман дінінің белгілі тұлғалары туралы хикаялар да жинақталғандай. Жылдам-жылдам шолып өтті де, екінші дәптерді қолына алды.

Ол «Тәзкіре-и Тоғұлық Темір хан» деп аталыпты. Бұл да түркше. Парақтай бастады. Алғашқы беттеріндегі: «...Тоғұлық Темір ханның әкесі Есенбұғаның Сатылмыш Қатын деген бәйбішесі бар еді, одан ұл болмады. Меңлі атты кәнізегі бар еді, оны ордада сақтап бағар еді. Ол кәнізек ханнан жүкті болды. Моғол рәсімі бойынша патшаның неше әйелі болса да, оның біреуін басшы қылып, оның айтқанын өзге әйелдер орындауға тиіс болатын. Хан аңға кеткенде Сатылмыш Қатын кәнізакты қызғанып, оны Шерұғлы деген моғолға береді. Хан аңнан келгеннен кейін кәнізакты сұрады. Сатылмыш Қатын оны бір адамға сыйлағанын айтты. Хан ренжігенімен, рәсім сондай болған соң ештеңе демеді. Көп ұзамай Есенбұға хан өлді.

Шағатай әулетінен патшалыққа лайық хан қалмады. Әр тайпа өз алдына бір хан көтерді. Есенбұға ханның Әмір Болатшы дұғлат деген әмірі бар еді... Сол әмір Меңлі кәнізәктен туған Тоғұлық Темір деген ол баланы іздеттіріп таптырып алып, хан көтертіпті. Тоғұлық Темір хан аз уақытта Қашқар, Йаркент, Алатау және Ұйғырстанды алып, Мәуреннақыр мемлекетінің атын шығарыпты... », – деген жолдар көзіне оттай шалынды.

Хиуа ханы Әбілғазының ХҮІІ ғасырдың ортасынан аса аяқталған «Шежіре-и түрки» кітабында да дәл осындай сөйлемдер бар. Демек, бұл дерек ортағасырлық шығыс тарихшыларының үрдісінде ұшырасар, өзара ауысып жүретін ортақ қайнарлардың біріне саяды. Моғол ұлысына қатысты мағлұмат болғандықтан, әлбетте, оның алдымен осы жақта хатқа түскені анық. Содан кейін Хиуа, Қоқан жаққа жеткен. Әбілғазының да шежіреге кіріспеде: «мен пақырдың алдында Иран мен Тұранда өткен Шыңғыс хан ұрпақтарының тарихы жазылған он сегіз байлам еңбек жатты» деп, өзіне дейін жазылған шығармаларды пайдаланғанын айтатыны бар емес пе. Яғни, солардың арасында Моғол ұлысын билеген Шағатай әулеті туралы бір кітаптың болғаны анық. Мына қолындағы қолжазба сол шығарманың бір сілемі шығар, бәлкім.

Үшінші дәптер өзі біраздан іздеп жүрген «Тәзкире-и хожаған» кітабы екен. Қашқарлық белгілі ақын Мұхаммед Садықтың 1771 жылы бітірген шығармасы. Қашқар хакімбегі Османбек мырзаның анасының сұрауымен жазылған еңбекте Алтышәр қожаларына қатысты көп мәлімет барын осыған дейін жанындағы Найманбай да хабардар еткен-ді. Онда осы мазардың аты қойылған Апақ қожа ғана емес, оның арғы бабалары Махдұм Ағзамнан бермен қарай екіге тарқатылатын ақтақиялық, қаратақиялық қожалардың шежіресі, осы өңірлерде кейінгі ғасырларда өткен тарихи оқиғалар сипатталатынын естіген. Енді міне, сол кітаптың табылғанына кәдімгідей қуанып қалды.

Оның дәптерлерге ерекше қызығушылық танытқанын байқап отырған Сүнолла қожа, «егер аса қажет боп жатса, берейін, өзімде басқа даналары бар» дегенде, тіптен қошы көтерілді. Ризалығының белгісіндей, саудаласып жатпастан, қалтасынан бір жылқының құнына жуық үш алтын ділданы шығарып, шейхтың алдына қойды.

Сүнолла қожа сақалын саумалай Әлімбайға қарап:

– Мен жас мырзаға қандай кітаптың қажет екенін байқап отырмын, – деді. – Мына қолыңдағы «Тәзкіре-и Тоғұлық Темір» дәптерінде айтылатын Қашқар жеріне мұсылмандықтың шапағатын орнықтырып, имандылыққа ұйытқан Тоғұлық Темір ханнан бастап, оның асыл текті ұрпақтарының бірі Әбді әр-Рәшид хан заманына дейінгі екі ғасырлық тарихты сөз еткен «Тарих-и Рәшиди» атты қос дәптерден тұратын зор кітап бар. Оны сол Рәшид сұлтаннның тәрбиешісі әрі уәзірі болған, кейіннен Кәшмірді билеген мырза Мұхаммед Хайдар Дұғлат жазған. Парсы тіліндегі осы еңбектің алтышәр түркшесіне аудармасы да жасалған. Оны Қашқар хакімбегі Жүніс тәжінің сұрауымен ана «Тәзкіре-и хожағанды» жазған Мұхаммед Садық Қашқари жақсылап тәржімелеген болатын. Алайда, қазір менде, соның парсышасы да, түркшесі де жоқ. Йаркентте Рәшид ханның жанында кеңесші болған Қазірет Мұхаммед Шәріп қожа туралы тәзкіре кітапта да сол заманға қатысты мағлұмат мол. Одан кейінгі дәуірлер Шах Махмұд шорастың «Алтышәр хандарының тарихы» шежіресінде жан-жақты жазылады. Ақсу мен Йаркентті билеген Ысмайыл ханға арналған осы тауарихта жаңағы Хайдар мырзаның нағашысы моғұл ханы Жүніс ханнан бастап өз тұстасы, қалмақтармен соғысқан Ысмайыл ханға дейінгі дәуірлерде өткен оқиғалар қамтылған. Онда Мұхаммед Ысқақ Уәли қожаның баласы Әзірет Әзизан Мұхаммед Йахия, оның ұлы Падишах қожа Мұхаммед-Абдоллах туралы да талай жайт айтылады. Мұхаммед Садықтың арабшадан аударған «Тарих-и Табари», өзі ғұмыры туралы жазған «Садықнаме» сияқты кітаптары да бар еді. Біраз уақыт бұрын сол кітаптардың көбінің көшірмелерін тауып алу қиын емес-тін. Бірсыпырасы осы мешітте де бар болатын. Кейінгі жылдарда қайта-қайта өткен аласапырандар кезінде ұшты-күйлі жоғалып кетті. Қолымда болса, көрсетер-ақ едім, бірақ солар таптырмай тұр ғой, – деді шарасыз үнмен.

Шоқанды Мұхаммед Хайдар Дұғлат мырза туралы әңгіме елең еткізді. Әмір Темір ұрпағы Үндістандағы Ұлы Моғол империясының негізін қалаушы Захириддин Бабыр өзінің «Бабырнама» кітабында туған бөлесі – Моғол ұлысының ханы Жүністің үшінші қызы Хұб Нигар ханымның баласы осы Хайдар

мырза туралы да жазған. Оның әкесі Хұсайын гүрхан (ханның күйеу баласы) Жүніс ханның Ташкентті билеген үлкен ұлы Сұлтан Махмұд ханға жақын адамдардың бірі болған. Хұсайын өзбек ханы Мұхаммед Шайбанимен өткен соғыста қолға түсіп қаза табады да, әкеден айырылған тоғыз жасар Хайдарды туыстары қауіп-қатер ортасынан аман алып шығып, сол кезде Кабулдың падишағы боп отырған бөле ағасы Бабырдың қасына паналатады. Ол он үшке толғаннан кейін Бабырдан рұқсат сұрап, нағашысы 1514 жылы жаңа Моғол мемлекетін құрған Сұлтан Сағиттың (Жүніс ханның немересі) жанына кетеді. Бабырдың Мұхаммед Хайдар Дұғлат туралы: «Орнықты, байсалды азамат боп өсіпті деп естідім. Жазуға, сурет салуға машық, жебе жасауға, зергерлікке, садақты июге қолының ебі бар еді. Он саусағынан өнер тамған жігіт. Ақындық дарыны да бар еді. Ол менен кешірім сұрап хат жазыпты, сөз саптауы тәп-тәуір», деп атап көрсететіні бар.

Шоқан осы сапарға жүрер алдында ғана «Бабырнаманың» 1857 жылы Қазан қаласында Н. Ильминскийдің дайындауымен жарық көрген жаңа басылымын қайталай ден қоя оқып шыққан. 1843 жылы шыққан журналдық нұсқасымен бұрыннан таныс болса да, кітаптың Қашқар аймағын билеген хандарға қатысты тұстарына тағы да зерделей үңілгені бар-ды.

«Хайдар мырзаның кітабымен Қашқарда қауышып жатсам тәуір-ақ болар еді, көрмейсің бе, енді. Әйтсе де, барға береке дейміз де. «Тарих-и Рәшидиді» аударған Мұхаммед Садықтың қожалар туралы төл шығармасын тапқанымның өзі де аз дүние емес. Бұғра хан, Тоғұлық Темірдің шежірелері де тәп-тәуір олжа. Қолжазбалар мен кітаптарды сұғына іздей беруге тағы болмайды. Елді күдіктендіріп алуым да мүмкін, осыған шүкіршілік. Сүнолла қожаның да ертең мен туралы не ойлайтынын бір құдай білсін», – деді ішінен...

Шоқан қолжазба дәптерлерді үш-төрт күнде оқып бітірді. Бұрын Найманбай саудагерден естіп жүргендерін кітаптарда жазылғандармен қорыта отырып, Алтышәр аймағының өткен-кеткен тарихының жүлгесіне бірсыпыра қаныға түсті.

Үш жағын бірдей тау жоталары қоршап, шығыс беті ғана Құбы шөлімен ұласатын, ежелден түрк жұрттары мекендеген Шығыс Түркістанның байырғы тұрғындары әуелгіде

бұтқақұлдық, тәңірілік, манихейлік наным-сенімдерді ұстаныпты, ұзақ уақыт бұрқан (бұдда) дінінің ықпалында болыпты. X ғасырдың ортасына таман түркілердің арасынан исламды алғаш боп қабылдаған Сатұқ Бұғра (Бура) хан осы аймаққа билік жүргізген кезеңде халық арасында мұсылмандықтың негізі қаланады. Абдүлкәрім атты мұсылман есімін алып, иманның нұры, исламның жолын көрсеткен Сатұқ Бұғра ханды қарауындағы қалың жамағат содан былай Қарахан (Ұлыхан), Әзірет Сұлтан, Ғазы деп ұлықтайды, өз елдерін Қарахан ұлысы деп атауға көшеді. Мауераннахрдан Қомұлға дейін аралықты қамтыған айбынды мемлекеттің бір ордасы Қашқарда орналасады. Кітапта Әзірет Сұлтан Сатұқ Бұғра хан ғазы тоқсан алты жас өмір сүріп, фәни дүниеден бақи дүниеге аттанғанда, оның намазын кемелге жеткен екі жүз әулие, жетпіс мың әлім-ахун, жиырма екі мың ғазы, қара халықтан он бес мың кісі жиналып өтеді, деген сөз жазылып қалыпты. Қашқар маңындағы Астынғы Артұш мекеніне жерленген Әзірет Сұлтанның басына сәулетті мазар, биік күмбезді мешіт тұрғызылыпты.

## 7. Мүршидтер мен мүридтер

Шығыс Түркістан қарақытай, моңғол билігі қарамағына көшкенде елдің мұсылмандық қалпы қайта құлдилағандай болғанымен, Шыңғыс ханның баласы Шағатай әулетінен шығып, Моғол ұлысының<sup>20</sup> негізін қалаған алғашқы билеушісі Тоғұлық Темір ханның (1329-1362) тұсында ислам қайтадан мемлекеттік дін болып жарияланады.

Шейх Рәшидәддин қожаның уағызымен мұсылмандыққа

---

<sup>20</sup> Моғол ұлысы немесе Моғолстан 14 ғасырдың орта тұсынан 16 ғасырдың бас кезіне дейін Жетісу мен Шығыс Түркістан жерінде өмір сүрген мемлекет. *Моғол* (жете, чете) - осы аймақты мекендеген қыпшақ тобы тіліне жуық тілде сөйлейтін (В. Юдин) көне түрк тайпалар бірлестігінің ортақ атауы. Оның құрамына моғол атанған - дулат, қаңлы, арғанұт, барлас, арлат, барын, қалушы, шорас, т. б. түрк рулары енді. Бұлардың басым көпшілігі кейін қазақ халқының, қалған бөлігі қырғыз, ұйғыр халықтарының құрамына қосылды.

ұйыған Тоғұлық ханның соңынан оның күллі әмірлері де осы ілімге жығылады. Содан бастап Моғолстан жерінде исламның бір діңгегі нық қағылады. Мұсылмандықпен бірге ғылым мен мәдениет орталықтары Бұхара мен Самарқанд жақтан нақшбандийа тариқаты уағызшыларының да Алтышәр аймағына әсер-ықпалы молынан жете бастайды. Қожа Ахмет Йасауи мектебі негізінде қалыптасқан бұл сопылық бауырластықтың жүйесін түзген ХІҮ ғасырда өмір сүрген бұхарлық *Бахауэддин Нақшбанд* ғұлама екен. Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың үлгі-өнегесі мен жолын (суннасын) айнымай ұстанып, шарифаттың барлық шарттарын бұлжытпай орындау, рухани тазалық, қатаң сопылық тұрмыс-тіршілікті мұрат тұтатын, құпия зікірді ұстанатын бұл тариқат кейіннен күллі мұсылман елдеріне кең тараған діни бауырластыққа айналады. Осы жолдың көрнекті өкілі, әулие-ишан ташкенттік *Қожа Ахрар* есімімен танылған Ұбайдолла Нәсіреддиннің (1404-1490) тұсында ол Орталық Азия аумағында ерекше беделге ие болады. Шейх Ұбайдолла өзінің мол байлығын дін жолына, қайырымдылық істерге, мемлекеттің бірлігін нығайтуға жұмсауымен әйгіленеді. Ол өз басының мемлекеттік істерге араласуын Алланың бұйрығымен болған іс, ал дәулетінің өсуін тылсым құт-берекенің даруы деп түсіндіреді. Қожа Ахрардың беделінің зор болғаны сонша, Әмір Темір әулетінен шыққан әйгілі мемлекет басшылары – Сұлтан Әбу-Сайид хан (1424-1469) мен оның баласы Ахмед мырза (1451-1494), Хорасан әмірі Құсайын Байқара (1438-1506) мырза, Кабул мен Қандағардың падишағы, Ұлы Моғол империясының негізін қалаған Захириддин Бабыр (1483-1530), Шағатай тұқымы, Моғол ұлысының билеушісі Жүніс хан (1415-1486), атақты ақындар Әбдірахман Жәми (1414-1492), Әлішер Науаи (1441-1501) сияқты көптеген көрнекті тұлғалар өздерін осы қасиетті шейхтың мүридтері (қолдаушылары, шәкірттері, пір тұтушылары) ретінде санап, оны мүршид (ұстаз) тұтты.

Моғол ұлысының Жүністен кейінгі хандары кезінде де нақшбандийа уағызшыларының мәртебесі төмендеген жоқ. Қожа Ахрар өмірден озған соң, оның сенімді мүриді, Ферғанада дүниеге келген *Ахмед Қасани* (1464-1542) тариқаттың негізгі басшылығын өз қолына алады. Сопылық ілім бойынша отыз шақты еңбек жазған ол да, мұсылман жамағаты арасынан сансыз



мүрид табады. Қалың елге *Махдұм-и Ағзам* деген атпен ұлықталған осы тұлға Шығыс Түркістанның кейінгі ғасырлардағы тарихына қоян-қолтық қатысы бар қожалар әулетінің түп бабасы боп ардақталады. Мұхаммед Садық Қашқари шежіреші өзінің «Тәзкире-и хожаған» кітабында Мағдұм-и Ағзамның Қашқарға хижраның 911 жылдары келіп, ислам мен нақшбандийа ілімін уағыздаумен айналысқанын жазады. Оны қашқар билеушілері аса құрметпен пір тұта қарсы алып, тарту-таралғыларын жасайды, бау-бақшалық алқаптар сыйлайды. Бірнеше жылдан соң ол Самарқанға оралып, соған жақын жердегі Дахбид қыстағында хижраның 920 жылы қайтыс болады. Кейіннен Самарқанды билеген алшын Жалаңтөс баһадүрдің жарлығымен Ағзамның басына кесене орнатылып, қырық құжырадан тұратын медресе салынады.

Мағдұм-и Ағзамның жеті ұлы болған екен. Алтышәр жерінде оның қос ұлының аты кеңінен мәлім. Үлкені Имам Қалиан келешекте – *ишқийа*, кішісі Ысқақ Уәли – *исақийа* деп екіге жарылатын ағымдардың пірлері ретінде танылды. Уағыздарындағы кей айырмашылықтарға сәйкес олардың мүридтерінің бір-бірінен бөлектеніп, қарсы топтарға жіктелуі – әсіресе Имам Қалианның немересі *Хидаятолла* (Апақ қожа) мен Ысқақ Уәлидің баласы *Мұхаммед Яхия* (Шәді қожаның) уағынан айқын байқалыпты.

Алтышәр жерінде өз мүридтерін көбейту, бай жақтаушылары сыйлаған мол дүние-мүлікке иелену арқылы, әлеует-қуаты күшейген қожалар әулеті біртін-біртін ел билігіне қол созуға бейіл береді де, ақыры сол мүдде екі ағымға ажыраған ағайынды тұқымдар арасында бақталастық отының ерекше өршуіне әкеп соғады. Таққа міну құлшынысынан туындаған тәжіке-таластың ақыры оларды өзара ымыраға көнбейтін өшпенді топтарға айналдырады. Тіпті мүридтері бір-бірімен шатаспас үшін Хидаятолла қожаның жақтаушылары ақ тақия киіп – *ақтақиялықтар*, Шәді қожаны қолдаушылар қара тақия киіп – *қаратақиялықтар* деп ашық кетіседі. Олардың бітіспес жолға түскендері сонша, екі жақтың жастарының бір-бірімен некеге тұруына да тыйым салынады.

Махдұм-и Ағзамның немересі Мұхаммед Жүсіп пен оның баласы Хидаятолланың (болашақ Апақ қожа) Алтышәрдегі атақ-

даңқы Абдолла ханның билігі кезінде (1637-1667) ерекше дәуірлейді. Хан Қашқардың төңірегінде ғана Жүсіп қожаға қырық екі жерден жеміс бауын, бірнеше қыстақ сыйлайды. Жүсіп өмірден озғаннан кейін оның басына мүридтерінің күшімен зәулім мазар тұрғызылады. Бұл кесене кейін оған Шығыс Түркістан жұрты арасында әулиелігімен, қазіреттігімен әйгілі болған *Апақ қожа* (1626-1693) жерленгеннен кейін соның есімімен аталып кетеді.

Шоқан сол Апақ қожа кесенесі шырақшысының қолынан алған Мұхаммед Садықтың кітабынан Махдұм-и Ағзамның шөбересі Хидаятолланың неге Апақ қожа деп аталғанының да жай-жапсарына қанықты. Абдолла ханның қолдауына сүйенген Хидаятолла өзінің сопылық білімдарлығымен, уағыздың өтімділігімен, қасиет-киесінің молдығымен мүридтерінің арасында ерекше беделге ие болады. Оның мінажатын тыңдап, іліміне ұюға Алтышәр ғана емес, көрші мұсылман елдерінен де көп жұрт арнайы ағылып келуді дағдыға айналдырады. Жылдан-жылға өсе түскен даңқ пен абырой-атақ ақырын-ақырын оны ел билігін алуға ұмсындырады. Қисапсыз беделге масаттанған ол: «Менің мүридтерім болсаңдар, салықтан босатыласыңдар» деп халыққа үндеу тастауға дейін барады. Қалың бұқараны бір жағынан осындай тәсілдермен де өз жағына қаратып алған ол, тақ төріне тіптен жақындай түседі. Алайда сол жылдарда Йаркент хандығын (Моғол ұлысын) билеуге келген, әрі бір жағынан қаратақиялықтарды жақтайтын Ысмайыл хан қожаның бұл іріткі әрекетіне тосқауыл қоймаса, өз тағына қауіп төнетінін байқап, Хидаятолланы елден қуып жібереді.

Енді қолы жеткелі отырған биліктен айырылып қалғанға Хидаятолла да тарс кетеді. Жосықсыз жолды жөн көреді. Тибетке өтіп, діні бөлек Далай-ламадан өзін Алтышәр тағына отырғызуға көмек сұрайды. Далай-лама оның бұл өтінішін қолдап, ренішті қожаны сол кезде айбыны асып тұрған Жоңғар хандығының қонтайшысы Қалданға арнайы хат жазып, Құлжадағы қалмақ ордасына аттандырады. Шығыс Түркістанның жерін бағындыруды көптен көздеп жүрген Қалдан үшін «маған ойрат әскерін берсең, Алтышәрді хандығынның қарамағына бағындырып беремін», деп құлшына келген қожа нағыз іздегенге – сұраған болып шыққан. Қонтайшы оған қалмақтардың

күрметті «абақ» атағын беріп, 60 мың әскермен бірге келіп, азық-түлікке бай Моғолстанды 1678 жылы оп-оңай жаулап алады. Хан тағына бұдан былай Апақ (Абақ) қожа есімімен танымал болатын Хидаятолланы отырғызып, оны өзінің осы елді басқаруға қойған әмірі ретінде жариялайды. Қожаны қуғындаған Ысмайыл ханды қалмақ ордасына тұтқын етіп ала кетеді. Далай-лама өзінің батасымен жүзеге асқан осы жеңіске ерекше қуанып, қонтайшыға Бошоқты (баталы) атағын береді. Содан былай ол тарихқа Қалдан Бошоқты деген атпен белгілі болады.

Қонтайшының Алтышәрдегі бас қала Йаркент тағына Апақ қожаны, ірі шаһар Қашқарға оның ұлы Яхияны әмірші етіп тағайындап, саны көп ақтақиялықтарды өз жағына үйіру арқылы ел билеуді мақсат тұтқанын байқау қиын емес. Алайда ара-тұра билікті қаратақиялықтарға да беріп, бір-біріне қабақтары теріс екі ағым арасындағы араздықты өздерінің мүдделері үшін тиімді пайдаланып отыруды да ұмытпайды. Қалмақтар Шығыс Түркістанның ішкі билігін өздеріне берген сияқты болғанымен, осы базарлы, азық-түлікті өңірден мелдектей түсетін мол астық пен алым-салықтың арқасында Қазақ ордасы мен Кіндік Азия хандықтарына қарай жүргізетін жорықтарына қиналмастан шығып тұрды.

Апақ қожа қайтыс болғаннан кейін билік қаратақиялықтардың басшысы Даниал қожаның (Ысқақ Уәлидің немересі) қолына көшеді. Ол көз жұмғаннан кейін қонтайшы Қалдан Шерін Алтышәрдің күшін ыдыратпақ ниетпен Даниалдың балаларын әр қаланың әміршісі етіп, бөліп-бөліп отырғызып қояды... Бірақ көп кешікпей ел билігі тағы да ақтақиялықтардың қолына, Апақтың шөбересі Бұрханеддинге тиеді.

Өстіп ырың-жырың боп жүргенде Жоңғария құлайды да, Кіші Бұхараның билігі Қытайдың қол астына көшеді. Бұрханеддин бастаған қожалар әулеті бұған көнгісі келмей, бүкіл елді Чиң империясына қарсы көтерген. Үш жыл тірескен соғыстан кейін мәншың шеріктері өздеріне қарсы ғазауатпен шыққан Бұрханеддинді тас-талқан етіп жеңіп, қырғынға ұшыратады. Содан бастап Шығыс Түркістан Қытайдың бір өлкесіне айналады. Өздерінің батыс беттегі жаңа иеліктерін нығайту үшін мәның үкіметі 1764 жылы Іле жағасындағы бір кездері Жоңғар хандарының ордалары тұрған жерге Құлжа

шаһарының іргесін қалайды. Сонда Батыс өлкенің бас қолбасшысы жанжұң (цзян-цзюн, генерал-губернатор) тұрды. Оның хебе-анбы (вице-губернатор) деген лауазымдағы үш орынбасары болды. Оның бірі – жанжұңның қасында қызмет етсе, екіншісі – Тарбағатайда тұрып Солтүстік шепті, үшіншісі – Йаркентте тұрып Оңтүстік шепті басқарды.

Мәншың билігі Кіші Бұхарадан қожаларды аластағанымен, ел басқару тәртібін өзгертпей сол бұрынғы қалпында қалдырды. Әр қаланың билеушілігіне жергілікті жұрт ішінен өздеріне сенімді хакімбектер тағайындады. Оларға жәрдемшілікке бұрыннан бар тәртіппен есікағасы, қазынашы бек берілді. Халық әдеттегідей жүздік, мыңдық деп аталатын топтарға бөлініп басқарылды. Жүздікке – жүзбегі, мыңдыққа – мыңбегі бекітілді. Әр қаланың жанынан, одан бірнеше шақырымдай қашықтықта оқшаулата мәншендер (тікелей аудармасы – мәнжу бекіністері) салынды. Оларды жергілікті халық «Жаңа шаһар» немесе «Гүлбақ» деп атады. Бекіністерде мәнжулер мен қытайлар, сібе, солаң, дағұр секілді жұрттардан шыққан әскерлер мен жай адамдар мекендеді.

Чиң империясының жоғары ұлықтары Алтышәрдегі дүрбелеңнің дені қожалардан басталатынын жақсы түсінетін. Бір кездерде Қашқар аймағын билеген қожалар әулеті ұрпақтарының Қоқанды паналап, ел арасында мәншың билігіне қарсы ғазауатқа көтерілуді уағыздап жүргенін де қаперде ұстап отырады. Сондықтан да басқыншылар, ең алдымен, Қоқан хандығымен уағдаластық жасасуды жөн көрген. Әртүрлі тарту-таралғылар ұсына отырып, олардан бір-ақ нәрсені – қожаларды қадағалап, солардың ғазауат көтеруіне жол бермеуін ғана сұраған. Бұған қоқандықтар да өзіне тиімді талапты көлденең тартты. «Мақұл, келісейік, бірақ бізге Қашқар мұсылмандарынан зекет жинау мен шет елдерден келетін керуендерден баж салығын алу хұқын беріңдер», – деді. Бұл Қытай жағын да біраз тосыттар жайт еді. Бірақ қайта-қайта тұтана беретін көтерілістерден зәрезап болғаннан гөрі, осыған көну жөн екендігін олар да түсініп, қинала-қинала мәмілеге келген.

Қоқандықтар өздерінің Алтышәрдің әр қаласына әкеліп отырғызған ол өкілдерін «ақсақал» деп атады. Бас ақсақал Қашқарда тұрды, Осы аймақтағы бар мұсылман жұртын,

саудамен келген шетелдіктерді өзіне тәуелді етіп алған ақсақалдар билігі, бір қарағанда өзінше бір мемлекет секілді боп та көрінер еді. Мәншың әкімшілігіне тікелей бағынбайтын ақсақалдардың қытайлармен көп ісі жоқ. Егер өзіне жақпай жатса, халықты қарсы көтерем, деп сес көрсетуге де бара алады. Оны Шоқандардың өзі де әнеугүні Нәсіреддин ақсақалдың алдында болғанда айқын байқады.

Қоқандықтардың қожаларды қадағалап отырамыз, деп қытайларға берген уәдесі көп ретте орындала қоймағаны тарихтан белгілі. 1822 жылы Қоқан ханы Омардың өлген сәтіндегі қарбаласты пайдаланып, баяғы Апақ қожаның тұқымы, Бұрханеддиннің Сарымсақ деген ұлының баласы Жәңгір қожа бақылаудан сытылып кетеді. Ол әуелі Нарын төңірегіндегі қырғыздарды келіп паналап, сол жерден маңайдағы мұсылман жұртына адамдарын жөнелтіп, дінсіздерге қарсы қазауатқа шақыра бастайды. Төрт жылдан кейін өз туының астына жиналған қалың жасақпен Қашқарға аттанып, оған Алтышәр мұсылмандары қосылып, тез арада-ақ шаһарды басып алады. Алайда бұл көтеріліс тоғыз айдан кейін Чиң әскерлері тарапынан қанжоса болып басылады. Жәңгірдің өзі ұсталып, Бейжіңде бүлікші ретінде өлім жазасына кесілді. Халық басына тағы да ауыр қасірет орнайды.

Қожалар бұдан кейін де билік үшін аттаныстарын тоқтатқан жоқ. 1846 жылы Апақтан тараған «Жеті қожа көтерілісі» елді тағы бір дүрліктіріп өтті. Халық тағы да екі жақты қырғынға ұшырады.

Ал Шоқандар келер алдында өткен ең соңғы көтеріліс – Апақтың тағы бір тұқымы Уәлихан төре (қашқарлықтардың бұл әулет қожаларын құрметтейтіні сонша, оларды хандар мен сұлтандар секілді төре деп атайды) есімімен байланысты еді. Уәлихан Жәңгірдің ағасы Жүсіпқожаның баласы болатын. Оның Қашқар билігін қолына алуы тіптен оңай жүзеге асқан. Қасына ерген жеті адаммен бірге Қоқаннан қашып шыққан Уәлихан, жолшыбай өзіне жолыққан жақтастарын қоса отырып, аз күнде Қашқарға ілікті. Олар Құмдарбазаның алдына таң алагеуімде келіп жеткен. Шаһар ештеңеден бейхабар, ың-шыңсыз жатыр екен. Дарбазаның астына от лаулатып, оған дәрі тастап, қақпаны бұзып ішке кіргенше қала алаңсыз күйде болды. Қожаның

қасындағы серіктерінің бірі көшені бойлай «Жасасын Бұзырықхан төре!» деп ұрандай шауып өткенде ғана шаһарға қыбыр енді. Қожаларды пайғамбардың тұқымы ретінде құдайдай пір тұтатын қара бұқара, ештеңенің байыбына қараған жоқ, қолдарына қару алып, қытайларға қырғидай тиді. Қоқан ақсақалы Нұрмұхаммед датқа қақпа алдында Уәлихан төрені қошеметпен қарсы алып, басқа дарбаза арқылы қытай бекінісіне қашып үлгерген хәкімбектің орда сарайына алып келді. Кетіп үлгере алмаған мәншың қызметіндегі біраз бекті тұрғындардың өздері ұстап әкеп қожаға тапсырды. Уәлихан төре олардың бірсыпырасының басын өз қолымен шапты.

Уәлихан Қашқарды алысымен өзінің бас қолбасшы-мыңбасысы етіп бұрынғы ақсақал Нұрмұхаммедті тағайындады. Сарай маңындағы басқа лауазымдар да негізінен Қоқаннан шыққан адамдарға тапсырылды.

Көтерілісті бастапқы кезде қолдаушылық кәдімгідей күшті болды. Қожаның әскері аз мерзімде-ақ жетпіс мың атты әскерге, төрт мың жаяу сарбазға дейін жетті. Көп ұзамай Жанахисар да қожалардың қолына көшіп, Жаркент қоршауға алынды. Уәлиханды әсіресе Қашқар түбіндегі мәншың бекінісінің берілмегені ерекше ызаға булықтырды. Оны қайткен күнде құрту мақсатымен бүкіл қала тұрғындарын қоршау жұмыстарына салды. Олар Қызылсу өзенінің арнасын бөгеп, оны бекініске қарай бұрулары керек еді. Бұл жұмысқа қожа тіпті шетелдік саудагерлерді де күштеп тартуға бұйрық берді. Қашқардағы барлық ұсталар «ғазуат» әскеріне қару-жарақ жасауға жұмылдырылды. Халықтан алынар алым-салық мөлшері күннен күнге көбейе түсті.

Уәлихан алғашқы күннен-ақ адам айтқысыз қаталдығымен көрінді. Үздіксіз апиын шегуді дағды еткен ол, әбден елтіген кездерде ойына не келсе соны істейтін делқұлылыққа ауысып кететін. Осындайда оның қолы дереу қан төгуге ұмтылатын. Ақыры қожа күн сайын бірнеше адамның басын өз қолымен алмаса, көңілі көншімейтін дәрежеге жетті. Қызылсудың жағасында оның бұйрығымен адам бастарынан шошақ үйінді (пирамида) тұрғызылды. Бұл кәлләтөбеге күн сайын қанішер қожа мен оның жендеттерінің қылышынан өлген адамдардың бастары келіп қосылып жатты.

## 8. Қанішер қожа. Шлагинвейт шындығы

Қашқарда тұратын қоқандықтардың игі жақсылары бас қосқан орталарда талай әңгімелер, олардың арасында Шоқанға қажет қаншама жайлар айтылады десеңізші. Әңгіме-дүкенге керек кезінде оқта-текте ғана ақырындап араласып отырғаны болмаса, өз басы көбіне-көп іштей көңілге тоқып, сұрыптап отыруға бейім. Кешегі көтеріліс дүрбелеңі кезінде осында болған адамдардың әңгімесі ауық-ауық сол күндерге ауа беретіні бар. Бір жағынан, қожалар қозғалысына іш тартып, осы аймаққа Қоқан ықпалы толығымен енуін армандап қоятын жандар үшін ол шешіле отырып сөз қылатын тақырыптар қатарында. «Әттен, Уәлихан төре тым қатал боп, қылышы қаннан құрғамай қойды ғой, әйтпесе кім біледі, бүкіл Алтышәр бұл күні қолымызда болар ма еді», – дейтін реттері де жоқ емес.

Шоқан сол жұрт аузынан қожаның жауыздығына қатысты өздері куә болып, көзбен көрген талай жантүршігерлік әңгімелерді естіді.

Бірде Уәлихан төре Қашқарда тұратын қоқандықтардың біраз игі жақсылары мен саудагерлерін ордасында мейман етіпті. Қашқар салты бойынша, ондай отырыстарда әртүрлі әуендер тартылып, қонақтардың көңілін көтеруге музыканттар шақырылады. Кешкі сауық (мәшрәп) әбден қызған кезде қожаның «жендет!» деп күркіреген даусы шығады. Меймандардың бәрі қайсымыз әміршінің қаһарына ұшырап қалдық екен, деп зәшелері кетеді. Жендет жетіп келген кезде, қожа музыканттардың біреуін нұсқаған. Сөйтсе, ол дутарын тартып отырып, байқамай есінеп қойыпты. Байғұс дутаршының басы сол жерде шабылып, қала сыртындағы кәлләтөбеге жіберілген.

Тағы бірде оған баласын ерткен қашқар ұстасы келеді. Ол өзі жасаған бірнеше қылышты қожаға тарту етуді ойлаған еді. Қожа бір қылышты қолына алып қарап отырып «өткір ме?» деп сұрайды. «Әрине, төрем», – дейді ұста. «Онда қазір тексеріп көреміз», – дейді де сілтеп қалып, қасындағы баланың басын қағып түседі. Содан кейін: «Иә, тамаша қылыш екен», – деп ұстаға шапан кигізуге пәрмен береді.

Күн өткен сайын қожа қаһарына жазықсыздан жазықсыз

осылайша талай адам ілігеді. Ол өз құрбандарын әйел, еркек, ақтақиялық, қаратақиялық, молда, сарбаз деп бөліп жатпайтын. Қылышпен бастарын шауып, қала сыртындағы кәлләтөбеге жөнелте беруді ғана біледі екен. Көп ұзамай бүкіл Қашқар жазалау орнына айналып, түрмелер адамдарға лық толған. Тіпті қожа қаһарынан өзіне жақын әкімдер де аман қалмайтын күйге жеткен. Бұрын Қашқарда ақсақал болған, Уәлиханның артынан оған қызмет ету үшін Қоқаннан арнайы қашып келіп, қытай бекінісін қоршауды басқарып жүрген Нәмедхан мен өзіне жан-тәнімен берілген серіктерінің бірі Халықбек те себепсіз жазаға тартылған. Ол – ол ма, өзі мыңбасы етіп қойған, қазіргі ақсақал Нұрмұхаммед датқаның өзін де бірнеше рет түрмеге жапқан. Ол қожаға қайта-қайта пара тықпалап жүріп, өлімнен әзер аман құтылыпты.

Шоқан сол бір зұлмат күндер жайындағы әңгімелер кезінде осы Қашқарда ізі жоғалып кеткен неміс саяхатшысы Адольф Шлагинвейт туралы анық деректі естудің ретін асыға күтетін. Сөйтсе, оны өздеріне алғашқы күндерден араласып кеткен марғұлан көпесі Найманбай жақсы білетін болып шықты. Бір жағы қожаға жегжаттығы бар Найманбай Шоқанның сыр суыртпақтауына жауап беріп, Уәлихан төренің қолынан бір френктің қаза тапқанын айтып қалды. Әндіжандықтардың френк деп еуропалықтарды атайтынын білетін Шоқанды бұл сөз елең еткізді. Бірақ онысын байқатпастан:

– Ол қалай келіп жүр бұл жаққа? – деді.

– Үндістан арқылы келіпті. Қасында үнді қызметшісі бар. Жұртқа өзін Бомбейден Қоқан ханына бара жатқан ағылшын адамы ретінде таныстырыпты. Әндіжансарайдағы менің дүкеніме келіп, Уәлихан төреге тарту ету үшін үндінің зерлі паршасын, кәшмір шәлісін сұрады. Бірақ ол байғұс қожаның нағыз апиынға елтіп отырған кезіне тап болыпты. Қожа одан: «Қоқан ханына апара жатқан қағазыңды көрсет», – деп сұрайды. Френк оны тек ханның өзіне ғана бере аламын деп жауап береді. Қожа бұған тас-талқан боп ашуланып, дереу оның басын алуға бұйрық береді. Сол күні қала сыртындағы кәлләтөбеге тағы бір бас қосылады...

Шоқанда еш күмән қалмады. Ол дәл сол ғалымның өзі еді. Берлин географиялық қоғамының Петербордағы әріптестеріне жіберген дерегі мен оның Қашқарға келген уақытын салыстырып



қарағанда бәрі үйлесіп тұр. Демек, өткен жылдың жазында Қашқарда қайтыс болған еуропалық басқа ешкім де емес, нақ пруссиялық саяхатшы Адольф Шлагинвейттің өзі. Содан соң іштей, одан қалған заттар табылса, иесін тіптен нақты анықтауға болар еді-ау, деп ойлады. Сол күннен бастап ол әртүрлі уақ-түйек сатылатын жайма базар қатарларын «бәлкім, біреу-міреу саяхатшыдан қалған бұйымдарды базарға шығарып қалар ма екен» деген үмітпен көп аралайтын болды. Бірақ көзіне ештеңе іліге қоймады.

(Әрине, Шоқан ол кезде Шлагинвейттен қалған бір белгі – әдемі айшықталған термометрді отыз жылдай уақыттан кейін дәл осы базардан Қашқардағы орыс консулы Н. Ф. Петровскийдің сатып алатынын, оны сатқан бала бұл қызық затты жақында қартайып қайтыс болған көршілерінің үйінен тапқанын айтатынын, кейіннен сол неміс саяхатшысының мүлкі ретінде анықталатынын білген жоқ.

Сондай-ақ елге зор қиыншылықтармен оралған Шоқанның Қашқар туралы жазбаларындағы Шлагинвейт өлімі туралы дерек, Уәлихан қожаның зұлымдықтары туралы жолдар шығыстануға іңкәр бір адамның да жанын күйзелтіп, ол соңыра бұл тақырыпқа суреткерлік байыппен оралған еді.

Қазақтың ұлы ғалымының қайтыс болғанына жеті жылдай уақыт өткен кезде, жас суретші Василий Верещагин Петербор жұртшылығының назарына «Соғыс сойқаны» («Апофеоз войны») атты әйгілі туындысын ұсынды. Көп адам оны суретшінің Қазақстан мен Кіндік Азияда екі рет болғаннан кейін (1867-1868, 1869-1870 жылдар), сонда көрген оқиғаларға байланысты салған дүниесі деп қабылдайтыны бар. Ал бұл туындының өмірге келуіне басты себеп Шоқан жазбалары еді. Ол жөнінде суретшінің өзі де: «Осыдан біраз жыл бұрын неміс саяхатшысы Шлагинвейт Қашқардың жауыз әкімі Уәлихан төренің қолынан қаза тауып, оның басы осындай пирамидаға тасталды, бастардан тұрғызылған төбенің күннен күнге ұлғая түскенін бақылау, ханның рақаттана көретін қызықтарының бірі болды», – деп жазды).

Уәлихан қожа Қашқарды жүз он бес күндей ғана биледі. Бірақ осы төрт айдай уақыттың ішінде ол халықты қан қақсатып бітті. Қожа тіпті Қашқар жұртының әдет-ғұрпына да тыйым

салды. Өздерінің дағдылы салтынша ерлермен бірге сауық-сайранға қатысып, беттерін, шаштарын ашық ұстап еркін жүретін әйелдер енді көшеге шыққанда ешкімге бетін көрсетпей, орамал жамылып жүруге тиіс болды. Ерлер жағы алты жасар баладан бастап сәлде тағынып, мешітке жиі барып тұрсын, делінді. Бұл да қашқарлықтар көп дағды етпеген әдет еді.

Сондықтан да осындай зұлмат күндерден кейін оларда Құлжа жақтан көтерілісті басу үшін мәншың әскері шықты дегенді естігенде, іштей оның тез жетуін тілемеске лаж қалмаған. Қожаның қаншеңгел билігі астында жүз күн бойы қытай бекінісіне Қызылсу өзенін бұру тауқыметіне араласып, жиналған судан қорған түбі енді құздап, құлауға айналған кезде, мәншың әскері де келіп жетті. Сөйтсе, дәл сол уақытқа дейін Уәлихан қожа өзіне сенімді адамның бәрін қырып-жойып біткен бе, қорғанатын қауқары да қалмаған екен. Соның алдында ғана өлім тырнағынан эзер құтылған мыңбасы бар әскерді ертіп Қоқанға қарай қашты. Оның соңынан әндіжан саудагерлері де шұбырған. Бар сенер жұрты өзін тастап кеткен соң Уәлихан төре, Қоқанға баруға жүрегі дауаламай, Памир тәжіктеріне қарай асты. Ол жерде Дарбаз бегі Ысмайылшах қашқын қожаның Қашқардан әкелген дүниесінің бәрін сыпырып алып, өзін Қоқан ханының қолына жеткізіп берді.

Ал бұл кезде мәншың әскерлері Уәлихан қожада кеткен кектерін жергілікті жұрттан алып жатты. Олар ұйғырлардың мал-мүліктерін тонап, егістіктерін таптап, көтеріліске қатысқандарды жазалауға кірісті. Қожаға жақын жүріп қызмет еткен бірталай адамдардың бастары шабылып, Сударбаза алдына қағылған бағаналар үстіне орнатылған торларға ілінді. Ол бастар Семей керуені келгенге дейін алынбай тұрды. Шоқандардың көргені екі жылдай уақыт қанды оқиғаларды бастан кешіп, азап пен тақсіретті белшеден шеккен Қашқардың енді-енді есін жия бастаған шағындағы сурет еді.

Алайда қожалар қаупі әлі де тарамай отырғанын Қашқарда өткен сол айларында Шоқандардың өздері де бастан кешті. Бір күні «Уәлихан төре тағы да Қоқаннан қашып шығып, осы жаққа бет алыпты» деген лақап дүңк ете қалды. Ол мәншың әкімдерін ғана емес, былтыр әбден зәрезап боп қалған қашғар жұртын да қатты састырды. Базарларда, көшелерде халық үрейге беріліп:

«Енді біз не істейміз! Тақсыр келсе, бәрімізді шетімізден бауыздап қырып салады», – деп дүрлігіп жүрді. Оларға Шоқан: «Неге сонша үрейленесіздер, қарсылық көрсетпейсіздер ме?» – деп сұрақ қояр еді. Ал бұған қашқарлықтар таңдана қарап: «Қожаларға қарсы шығуға бола ма екен?» – дейтін. Тіпті қытайға тікелей бағынышты хәкімбектің «қожа қашып кетіпті» деген сыбыс естілісімен, қаланы қорғау үшін көшеге шығарған ұйғыр жасақшыларының өздері қолдарындағы қаруларын көрсетіп: «Бізге мұны не үшін берген? Шынымен-ақ қожаға қарсы оқ атамыз ба? Біз мұсылманбыз, күнәға ұшырағымыз келмейді», – деп қиналар еді. Егер қожалар келер болса, олардың қарсылық көрсетуге дәттері жетпейтіні осыдан-ақ байқалатын. Әйтеуір абырой болғанда, көп ұзамай, Уәлихан төре қайта ұсталып, бақылауға алыныпты, деген хабар келіп, жұрттың үрейі басылды.

Қоқан ханы қожаны басқа да Апақ ұрпақтарына қосып, араларындағы билікті Уәлиханның үлкен ағасы Кәттеханға беріп, бар жауапкершілікті соның мойнына артқан. Ханның әмірі бойынша, қожалар күн сайын үш мәрте Кәттеханға келіп көрініп тұрсын, келмей қалғандары болса, тіке өзіме хабарлансын делінген. Тағы да біреу-міреу қашар болса, оны елге мүлдем қайта жолатпай қоятынын, абақтыда шірітетінін және төндіре айтқан.

Алтышәр халқының қожалар алдында дәрменсіздік танытатынын байқаған Шоқан көтерілістер тек мұнымен тынып қоймайтынын да сезген еді. Осы ретте ол болашақ ғазуаттардың басында кімдер болуы ықтимал деген сауалға да ой жібереді. Бұл жөнінде байқап қараса, сонау 1825 жылғы біраз уақытқа созылған көтерілісті бастаған, ақыр соңында ұсталып Бейжіңде жазаланған Жәңгір қожадан қалған жалғыз баланың, сол кезде Қоқанда тұратын Бұзырықхан төренің бітімі оқшаулау көрінетін сыңайлы. Сол кезде 38 жасқа енді шыққан оны маңайындағылар аға баласы деп қана емес, оқымысты әрі әулие санап ерекше құрметтейді екен. Уәлихан қожаның Қашқарды басып алған кезде ұран етіп шақырғаны да нақ соның аты еді.

Арада төрт-бес жыл өтпей-ақ Шоқанның бұл жорамалы дәл шықты. Шығыс Түркістан мұсылмандарының мәншың билігіне қарсы жаппай көтерілген бұлғағына 1865 жылы Қоқаннан арнайы келген сол Бұзырықхан қожа үлкен дем беріп, тәуелсіз Жетішәр хандығының алғашқы билеушісі атанды...

## 9. Алуан бітімді Алтышәр

Шоқанды Алтышаһар аймағының тарихы мен сол кездегі әлеуметтік-саяси жағдайы ғана емес, географиялық ерекшеліктері, өзіндік бітімдері, халық құрамы, шаруашылығы мен сауда-саттығы да қызықтырады. Екі жыл бұрынғы Құлжаға сапары кезінде байқағанындай, жергілікті ұйғырлар өздерін жеке халық атымен емес, тұрған жерлеріне байланысты: хотандық, қомұлдық, тұрпандық, йаркенттік деп атайды. Осы жерден де аңғарды, қала тұрғындары өздерін «қашқарлықпыз» дейді екен. Теріскейдегі тауларда – қырғыздар және өздерін қырғыздардан шықты, деп есептейтін нөгейт жұрттары мекендейді. Сондай-ақ Қашқарияда да Құлжадағы сияқты көшіріп әкелінген мәнжу, сібе, солаң, дағұрлар тұрады. Шаньси, Ганьсу, Сычуань уәлаяттарынан жеткізілген, қытайлар хой-хой (мұсылман) деп атайтын дүнгендер де бар. Өздері қытайша киініп, сол тілде сөйлейді, бет-әлпеттері де қытай пішіндес. Соған қарамастан мұсылман дініне шексіз берілген, қағидаларын бұлжытпай орындайды. Істеріне адал. Сондықтан да оларды қытай әкімшілігі полицейлік қызметтерге пайдаланады. Бұл халық, өздерінің ғұламаларының айтуына қарағанда, әуелде қытай жеріне әрқилы мұсылман елдерінен қоныс аударып келген адамдардың жергілікті қыздарға үйленіп араласуынан пайда болған көрінеді, деп түйеді Шоқан. Олардың көбі жеке дәмханалар (ашфузул) ұстайды немесе шай тасымалымен айналысады. Дүнгендер діні бір болса да басқа мұсылмандарды жатсынады екен. Шығыстүркістандық мұсылмандар да оларды шеттетіп, қытайлар қатарына қосады. Қашқарда болған соңғы көтеріліс кезінде дүнгендер де діні басқа жұртпен бірге көп қырғынға ұшырапты.

Алтышәрде жиі ұшырасатын тағы бір топты азиялық шетелдіктер мен шалғұрттар (шетелдіктер мен жергілікті әйелдерден – шәукендерден туған қан аралас нәсіл) құрайды. Қытайды Кіндік Азиямен, Үндістанмен, Таяу Шығыс елдерімен жалғап жатқан байырғы сауда жолының үстінде тұрған осы аймақта ежелден азиялық елдерден келген саудагерлер мен қолөнершілер мол мекендейді. Олар көбіне Кіші Бұхарадан шықпай-ақ саудаларын жүйелеп отырады. Түбі мұсылман елдерінен болғандықтан, шетелдіктердің бәрі Қашқардағы Қоқан

ақсақалына бағынады. Шалғұрттар да тілі мен тұрмыс салты жағынан жергілікті ұйғырларға бейімделіп өскенімен, әкелері шетелдік деп есептелгендіктен, Қашқар әкімдеріне емес, ақсақалға бағынады.

Мұсылман дәстүрінде шарап ішуге тыйым салынғандықтан, оның орнына есірткі заттарды пайдалану әдісі Алтышәрде ерекше өршіген. Апиын мен көкнарға құмарту дертіне шалдығып, бәңгілер деп аталып кеткен адамдар саны мұнда бірқыдыру. Денсаулықтарын еліткіш заттарға әбден жеңдірген кедей қауымнан шыққан бәңгілер ақырында көбіне дуана боп, қайыр тілеумен күн көреді. Мәншың билігінің қоластына өткелі шарап ішу дағдысы кәдімгідей күшейген, апиынды да қытайша шегетін болған. Қытайлар ішімдік дүкендерін, бірнеше боza қайнататын зауыт ашқан. Боza сататын ішкілік орындары әмәнда жұртқа лық толы. Құмар ойындары да жаппай өрістеген. Бұхара мен Қоқанда мұсылмандық қатал тәртіпке сай әйелдерге қатысты көп тыйым салынса, Алтышәрде олар бәлендей тартына бермейді. Беттерін ашып жүріп, күйеулерінің сауық-сайрандарына емін-еркін араласады. Әйелдің тілесе, қай уақытта болса да, күйеуін тастап кетуіне еркі бар; егер де әйелі ажырасар болса, онда ол күйеуінің үйінен еш нәрсе әкете алмайды, ал енді күйеуі ажырасқан күнде әйелдің күнкөрісін қамтамасыз етуге тиісті. Мұсылман қағидасына тән емес, уақытша некелесу дәстүрі де Алтышәрдің әйелге көп ерік берген төл ерекшелігіне саяды. Бір жағынан, осындай босаң тәртіптің, әрі жоқшылық пен кедейшіліктің салдарынан болар, қытай әкімдерінің іштей қолдауымен мұнда зинақорлық жағы өрши бастаған. Қала маңында біраз зинахана бар. Мұқтаждықтан құтылудың жолын таппаған кей әйел заты амалсыз соларға барып, абыройсыз тірліктің тырнағына тұтылып жатады.

Күні бойы өз дүкенінде сауда-саттық жасау үстінде талай адаммен ұшырасатын «Әлімбай саудагер» қарапайым бұқараның күні тым ауыр екенін байқайды. Жай халық өте кедей, бастарынан бейнет арылмай еңбек етсе де шеккендері тапшылық пен қорлық. Оларды шамадан тыс ауыр салық, әкімдерге тәуелділік, бектердің зорлық-зомбылығы әбден тұралатып тастаған. Сауаттылық төмен. Рас, қалаларда медреселер мен мектептер баршылық. Бірақ оларда да дін қағидаларының

бастамалары ғана оқылып, бар білім сонымен тынады. Білімді адамдар санатындағылар негізінен Қоқан мен Бұхарада оқып келген діни адамдар мен саудагерлер ғана. Олар әдетте сөйлеген сөздерін Хафиз бен Мәулана Жәмиден алған шумақтармен дәмдеп, Әбдімүсілім сияқты халифат батыры туралы хикаяны білетіндігін байқатып, өздерін мағлұматы мол кісілер екендігін көрсеткісі келіп отыруға бейіл. Парсы мен араб тілдеріндегі діни рухтағы жазылған шығармалардың көбінің ұйғыр тіліне аударылғанын байқаған.

Шоқан ұйғырлардың әдебиеті пен музыка өнеріне де байыптаулар жасайды. Ақырындап ұйғырша сөйлеуді үйренеді. Шағын сөздік жасайды. Ел арасында діни қиссалар мен төрт шумақты халық өлеңдері құрметке ие екендігіне, бас қосуларда Мір-Әлішердің жазғандары деп Науаи шығармалары көп оқылатынына назар аударады. Ұйғыр музыкасына жоғары баға береді. Көптеген халық әндерін жазып алады. Екі ішекті дутар, үш ішекті тамбир, қыл ішекті ғижак, қияқпен тартылатын он сегіз ішекті ситар, рабаб, сондай-ақ кепшік, най сияқты музыка аспаптарымен орындалатын шығармаларды пейілдене тыңдайды. Той-думанда музыканың кең қолданылатынына назар аударады. Бір-екі әуенші кепшіктерін қаға отырып, әуелі Әлішердің өлеңдерін жырлайды, содан кейін махаббат пен отансүйгіштік шумақтарға ауысады.

Шығыс Түркістан жұртының ерекшелігі және жақсы қасиеттерінің бірі – олардың ақжарқын меймандостығы екенін аңғарады. Қонақшыл, жиі-жиі сауық кештері ұйымдастырылып тұрады, ол кештер шарапсыз, музыкасыз, әйелдерсіз өтпейді. Әдетте қонақ күтіп, сый-құрмет көрсетуді үй қожасы әйел атқарады. Үлкен салтанатпен, шексіз сыпайы қошеметшілікпен өтетін бұл кештер кейде шетелдіктерді жалықтырып та жібереді. Алайда жергілікті халық өз рәсімдерін ерекше ұқыптылықпен орындайды және содан өздері үлкен ләззат табады, деп жазған еді ол күнделігінде. Қашқарлықтардың шексіз кішіпейілдігі жөнінде қонақтардың бір-біріне қорқор, шарап немесе басқа бір нәрселерді ұсынған кезде, әлсін-әлі орнынан ұшып тұрып, иіле тағзым етіп, қошеметтеп тіл қатуының өзінен-ақ қорытынды жасауға болады. Қашқардың «мәшраб» деп аталатын ойын-сауық кештері бисіз өтпейді және оған қонақтардың бәрі түгел

қатысады. Сауық кештерінде мәншың билігі бастық етіп қойған хәкімбектің өзі де белсене билейді. Кіші Бұхарада ерекше бір «ача» деп аталатын биші әйелдер кәсібі бар.

Қашқарлықтардың той-томалаққа үйірлігі – күн сайын түс әлетінде музыканттардың шәһар ортасындағы Пайқабак дейтін арнайы ғимарат төбесіне шығып, құйқылжытып әуен тарту арқылы, думанның басталғанынан хабар беру дәстүрі қалыптасқанынан да байқауға болады. Біртіндеп сол маңға әйелдер мен қыздар, бишілер мен әншілер, көрермендер жиналып, бәрі жаппай ән айтып, би билеуге кіріседі. Пайқабакқа келуге мүмкіндігі жоқтар, сол тұстан естіліп жатқан әуенге қосылып, өз үйлерінің төбесіне шығып та билей береді. Думандатқан жұртқа мейізден жасалған мусәллас шарабы жеткізіліп, одан бәрі де: ер, әйел демей, қалауынша ішеді.

Бекзадалар шетінен қытайша киініп, қашыр жеккен дағарадай қытай арбасына мініп жүреді. Кішігірім әкімдер мен қала тұрғындары түр-түсі мен үлгісі жағынан қытайдың сырт киіміне ұқсастау шапан киеді. Әйелдер ашық түсті жібек немесе шыттан тіккен көйлек пен қытай көкірекшесі сияқты тік жағалы бешпет киіп, үйлерінен бір жаққа шығатын болса, олардың үстінен өңіріне оқадан желек таққан жібек шапан іледі. Бастарына қара немесе ақ селдір орамалды беттерін бүркеу үшін емес, сән үшін тартады. Жүздерін жаппайды. Жазда еркектер мен әйелдер алтын оқадан немесе атластан тігілген үлкен дөңгелек бөрік, қыста елтірі құлақшын немесе түлкі бөрік киеді. Жай халықтың аяқ киімі орыс етігі мен татар мәсісі. Әйелдер қыста оюлаған қызыл шұға етік, жазда сол қызыл шұғадан тігілген башмақты тұтынады. Шығыс Түркістанның аспаздық өнерінде де қытайдың көп ықпалы тигені байқалады...

Шоқан бес ай сауда жасау барысында бұл жақта орыс фабрикалары шығарған бұйымдардың ерекше өтімді екенін аңғарды. Әсіресе шұға мен шытқа, жай қалың кездемелерге, кесте тігетін жіптер мен тығыз жүн маталарына, кәмшат терілеріне, темірден жасалған ыдыстар мен уақ-түйек бұйымдарға сұраныс мол. Сондықтан да Кіші Бұхарамен сауданы өрістетудің Ресей үшін пайдалы жақтары баршылық деп түйеді ол. Әрі бұл жақтан шай өнімдерін, өзінің сапалылығы жөнінен кіндіказиялық сорттардан асып түсетін мақта маталары мен жібекті көптеп

алуға болатындығына ден қояды. Бұл ойын ол өзінің сапар қорытындысына арналған есебінде Ресейдің жоғары ұлықтарына нақтылай білдірген де еді. Кейіннен Уәлихановтың сол есепте айтқан ұсынысы бойынша, Қашқарда арнайы консулдық ашылды.

\* \* \*

1859 жылдың қаңтар айының аяқ шенінде Қашқарға Семейден Шоқандардың соңынан шыққан керуен келіп жетті. Олар арқылы Мұсабай керуенінде жасырынған орыс тыңшысы бар деген лақап тағы көтерілді. Бірақ бұған дейін өзіне әбден таныс боп кеткен саудагерлер жөнінде айтылған бұл қауесетке Нұрмағамбет датқа «өтіріктеріңе болайын» деп күлді де қойды. Шоқан да ақырындап сұрастырып байқаса, бұл әңгіме Қоқандағы саудагерлер арасында да тәп-тәуір өрістеп тұрған көрінеді. Тіпті ол жақта орыс тыңшысы Қашқардың сыртындағы керуен түйелері бағылып жатқан қыстақта тұрады-мыс, деген сыбыс та тарапты. Қоқаннан жіберілген арнайы адамның қыстаққа келіп өздерін тексергенін, көліктердің қасында қалған түйекеш қазақтар бір соққанда Шоқандарға да айтып кетті.

Бұл кезде Қашқар әкімдерінің Уәлихан төре тағы да қашып кетіпті, деген хабармен әуреленіп өздерімен-өздері жүргені дұрыс болды. Егер бұл әңгімені естіп, шын күдік тудырғанда іс насырға шабуы да кәдік еді.

Ақсақал төңірегіндегі адамдар, осындағы саудагерлер қауымы бұл лақапқа сенбегенімен, бір күні болмаса бір күні Шоқандардың нендей мақсатпен келгені ашылып қалуы әбден мүмкін екендігін естен шығаруға болмайтын. Сондықтан да олар көктем шығып, тау асуларындағы жол ашылығымен дереу қайтып кеткенді жөн деп тапты.

Наурыз туысымен керуен жолға қамдана бастады. Олар әуелі былтыр күзде бері қарай өткен Ақсай жолымен қайтуды ойлаған. Бірақ жол жағдайын білу үшін Теректіге жіберілген адамдар асуда әлі қалың қар жатыр, одан өту мүмкін емес, тек Қоқанның Құртқа бекінісі арқылы жүретін жол ғана ашық деген хабар алып келді. Қоқан иелігіндегі жерлермен жүруге ықылас болмаса да, Қашқардан тезірек аттанып кету қажеттілігі бәрін жеңді. Ақсақал



«жолдың бәрі ашылғанша күте тұрындар» деп Мұсабайды қанша үгіттегенімен, Шоқан екеуі керуеннің тезірек жүріп кеткенін мақұл көрді.

Наурыздың ортасында Қашқар базарынан жібек пен биқасапты, мақта маталары мен бөзді, кілем мен шайды, дәрі-дәрмек пен опа-далапты көп қылып сатып алған керуен елге қарай аттанып кетті. Шығарып салу құрметінде мін болған жоқ. Көп халық жиналды, ақсақалдың өзі оларға сәт сапар тілеп қоштасып қалды. Жандарына Құртқа бекінісіне дейін шығарып салатын адам қосып, одан бекініс датқасы Мамразыққа хат жазып, сыйлық беріп жіберді. Осы ретте Шоқандардың жанына ертіп жіберген адамның қожаларға жан-тәнімен беріліп, олардың 1825 жылдан бергі көтерілістеріне қатысып, Уәлихан ғазауаты кезінде жеке жүздікті басқарған Тоқтар деген қазақ болғаны да назар аудартады. Ол керуендегі қазақ кірешілерімен туыстығы ұстап әңгімелескенімен, «саудагер Әлімбайдың» өзіне жақын екендігін аса байқай алған жоқ.

Керуен былтыр Қашқарға беттеген кезде аялдаған Ислық бекетінен сегіз шақырымдай әрі өтіп барып тау қойнауына кіре берісте түнеді. Ол ана жолы Шоқанның өз күнделігі мен бірнеше кітабын көміп кеткен тұс та еді. Жұрт аяғы басылған кезде «Әлімбай» елеусіздеу оңаша шығып кетіп, тыққан жерінен теріге оралған буыншақты қазып алды. Бәрі дін аман тұр екен.

Азанда ерте қозғалған керуен, сәлден соң былтырғы жолынан кілт бұрылып, батыс беттегі Құртқаға тіке өтетін Торғат асуына қарай іркес-тіркес жүріп кетті.

Олар бес жарым айдай уақытын өткізген Қашқар жері, қилы-қилы дүрбелеңдер үздіксіз сілкінтумен тұрған Алтышаһар, Кіші Бұхара елі, бұған дейін құпиясын ішіне бұғумен келген, бірақ енді жұмбақ сыры ашылып, география ғылымы алдында Шоқан Уәлиханов есімімен, оның заңғар еңбегімен әйгіленетін Шығыс Түркістан аймағы артта қалып бара жатты.

## 10. Күшейген күдік. Қуғын

Семей керуені Торғат асуына жеткенше, Тойын өзенін өрлей үш күн жүрді. Қашқар бетте көктем басталып кетсе де, биік асу маңында әлі қыс ызғары тая қоймапты. Тіпті кей тұстарда қардың

қалыңдығы сонша, көліктер өту үшін күреп жол салуға тура келді. Асуға шыққасын Шатыркөл атты биік тау басындағы көлдің шығыс бетіне төтелеп түсті. Әлі омбы қарға бүркеніп, сіреу мұз боп қатып жатқан көлді кесіп өткеннен кейін Тасрабат таулары басталды. Келесі күнгі бар уақыт сол тау асуларынан өтуге арналды. Тасрабат асуынан Қарақойын өзеніне шыға беріс шатқалда, қырғыз жұрты арасында әулие орны ретінде саналатын Тасрабат дейтін ғимарат бар.

Биік тау қойнауындағы бұл тас құрылысқа Шоқан ерекше қызығушылық танытқаны байқалады. Ол шығыс елдерінде үлкен жолдар бойында жолаушылар үшін салынған осындай тоқырау үйлерді рабаттар деп атайтынын айтады. Текше-текше тау жыныстарынан қаланған ғимарат ұзын дәліз арқылы күмбез төбелі дөңгелек залмен жалғасады. Сол дәліз бен залдан аласа есіктер арқылы айнала қоршаған аядай құжыраларға кіреді. Ертерек дәуірлерде дүниеге келген құрылыстарға «күдіреттің ісі», деп қарайтын маңайдағы ел үшін оған қатысты бірталай аңыздар бар. Солардың бірі оның құжыраларының санына байланысты. Мәселен, оны дәл анықтау мүмкін емес. Бір санағанда, құжыралардың саны отыз тоғыз болса, екінші рет санағанда қырық болып шығады-мыс. Осы жерде задыдан зерттеуші Шоқан Тасрабаттың бөлмелерін ерінбей-жалықпай санай жөнелген. Және ымыртта өз қосында отырып күнделігін толтырған кезде, жазу арасына рабаттың суретін де салған. Құжыралар санының шынымен шатастыратынын сурет салып отырып байқады. Бір санағанда қырық бір болып еді, келесі санағанда қырық боп құбылды.

Керуен Тасрабат жанынан Нарын өзенінің жағасында тұрған Құртқа бекінісіне қарай тіке тартты. Шоқан осы жолда келе жатып, Атбасы өзенінің Нарынға құярына жақын тұста үлкен көне шаһардың орны бар дегенді естіді. Әр нәрсеге ғалымдық таныммен қарауға бейім саяхатшы, бәлкім, сол қала бір кездері осы маңайдағы елдің әйгілі астанасы болған Чигу шаһарының орны шығар деген ойларға берілген. Егер Қытай тарихына сүйенсек, Чигу шаһары Ақсу өзенінің теріскей батыс жағында, Тәмуртунордың (Ыстықкөлдің) оңтүстігінде болған. Демек, ежелден отырықшы халық қоныстанғаны белгілі осы бір жазықта соның орны сақталуы да кәміл-ау, деп түйеді ол.

Бұлар жолай соғып өтуге тиіс Құртқа бекінісі Нарын өзенінің тура оң жағасында тұр. Оны 1832 жылы Мәдәлі ханның кезінде Хаққұлы деген мыңбасы орнатқан. Содан бері ол Қоқан хандығының Алатау қырғыздарын өз икеміне көндіру ісінде елеулі тірек болып келеді. Бекініс әкімшілігінің қол астына қырғыздардың саяқ, шерік және бұғы руының азғантай бөлігі қарайды.

Сапар шарты бойынша керуен басшыларына Құртқа бекінісінің датқасы Мамразыққа жолығу қажет болған. Әрі оған Қашқар ақсақалы Нұрмағамбеттің жазған хаты мен тарту-таралғысын жеткізу керек-тін. Үш жағы биік қорғанмен қоршалып, бір жағы Нарынның тік жарына келіп тірелетін бекіністе екі қақпа бар екен. Бас қақпа шығыс жаққа, екіншісі солтүстікке қарайды. Сол солтүстік қақпа жағында мінәжат ететін орындар салынған. Оның маңындағы қасиетті деген тұстарға қырғыздардың салты бойынша, жылқының қылқұйрығы байланған тулар шаншылып, құрбандыққа шалынған қошқарлардың бастары ілініпті. Бекіністегі негізгі жайларды киіз үйлер мен балшық тамдар құрайды.

Керуенбасылар датқа алдына барған кезде өздері жайында біраздан туындаған күдік салқынын тағы сезінді. Мамразық: «Бұған дейін қырғыздардан керуен адамдарын татарлар, жер көріп жүрген барлаушылар деп естіген едім, сөйтсем, өзіміздің әндіжандықтар екен ғой», – деді. Содан кейін бұларға қонақасы беріп, жандарына өз ұлысынан шығарып салатын адам қосты.

Наурыздың жиырма төрт күні керуен Құртқадан шығып, көктемнің жылы лебіне бөленіп тұрған Нарын өзенін өрлей шығысқа қарай беттеді. Бар маңай шешек жарған гүлге толы. Жер жыртып, егін еккен қырғыздар. Мұсабайлар жаймашуақ күнді пайдалана, екпіндете жүріп отырып, біраз қашықтықты еңсеріп тастаймыз деп ойлаған. Бірақ керуен бекіністен он шақырымдай ұзамай жатып-ақ кедергі кездескен. Оларға Нарын бойындағы саяқ руының басшысы Осман би ата-бабаларының салтын көлденең тартып, саудагерлер өз ауылына «қонақ» болып кетсін деп арнайы шабарманын жіберіпті.

Керуен жолдарының бойын мекендейтін қырғыз рубасыларында талайдан қалыптасқан бір дағды бар. Түпкі мақсаты – керуен тонауға келіп тірелетін, бірақ өздерінше заңды

деп есептелетін бұл әдет бойынша, қырғыз ұлыстары арқылы өткен әрбір керуен оларға зекет беруі, кедергісіз жылжуы үшін ақы төлеуі, рубасыларының дәрежесі мен шамасына қарай сый-сияпат тартуы шарт. Және оған қоса әйгілі рубасылардың ауылы жанынан өткенде, оларға тоқтап, мейман болып кетуің керек. Мейман болу деген әшейін аты. Қонақасыда бір-екі арық қойын жегенің үшін, ертеңіне бағасы одан бірнеше есе асып түсетін сый дәмтеді.

Османның түпкі пиғылын тез ұғынған Мұсабай, шабарманға майда сыпайлықтың бар салтын сақтап, рақметін жаудырып, керуеннің ілгері жүргені жөн екенін айтты. Әрі бұл ретте қастарында Мамразық датқа қосқан әкімнің болғанына да арқа сүйеген. Ол барда қырғыздар жамандық істей қоймас деп ойлаған.

Бірақ іле Османнан тағы бір шабарман жетті. Ол қожасының «қонақасы жеп кетсін», деген тілегін тағы айтып, «бұл рубасы меймандостығымен ежелден аты шыққан тұқым еді, ренжітесіздер ғой», дегенді қосып қойды. Мұсабай тағы сөздің майын тамызып алғысын жаудырып, өздеріне әрбір сағаттың қымбат екенін, әйтпесе, Османдай атақты адамның ауылына тоқтамай не қара басыпты, деген сыңайдағы сылтауын айтып, ілгері жүре бергенді жөн көрген.

Алайда оның бұл қарсылығы Осман тілеп отырған жанжалға одан әрі жақындата түсіп еді. Сәлден кейін керуеннің алдынан бозаға тойған бір топ салт атты айғай-шу көтеріп шыға келді де, бұларды балағаттап, қорқытып көліктерінің басын ауылдарына қарай бұрып әкетті. Керуенді өз ұлысынан шығарып салу үшін Мамразық қосып берген Асанбай елбегі Османға барып, дым тындырмай қайтты. Осман керуеннің ауылдарында «мейман» болуға көнбегеніне тас-талқан боп ашуланып, ата-бабаларының салтын бұзғаны үшін әр қос басы бір-бір жамбы күміс айып төлесін, деп талап қойыпты. Сол жерде керуеннің бір адамы қырғыздардың сөздерінен «Асанбай мен Осман арасында өзара сыбайластық бар» дегенді байқап қалады. Расында, осы күдік Шоқандарға да келе бастаған еді. Содан соң-ақ Мұсабай тарс кетті. «Мен Османға ештеңе бермеймін, – деді Асанбайға. – Қоқан ханына Құртқа датқалығының үстінен шағым түсіремін, өзімнің жақсы танысым Қашқар ақсақалына наразылығымды

жазамын». Сөйтті де керуен адамдарының біріне дереу Қашқарда аттануға дайындал, деп әмір етті. Содан кейін-ақ Асанбай сылқ түсіп, керуен намысын жырту жағына шықты. Әрі сол күні кешкілік Османды Құртқаға шақырып әкетті де, бар айып 25 сом күмістей сыйлық алумен бітті. Бірақ соның өзінде би дөң айбат жасап: «Мен Қоқан ханынан қорықпаймын, тек Мамразықпен ұстасқым келмейді, өйткені ол менің сүйек жақын болған жегжатым, керек адам, сондықтан да мен сендерді тонамай-ақ жібергелі отырмын», – деді.

Ертеңіне Осман аулынан ерте шығып кеткен олар, жеделдете отырып, төртінші күні қастарына Құртқадан бірге еріп келе жатқан бұғы руының биі Найманның ауылына жетті. Жол бойы өзін жұрттан бөлек ұстамай сынық жүрген Найман ауылына келісімен маңғзданып паң болды да қалды. Тіпті керуен адамдарына ақыл-кеңес беріп, наурыздың 27-і мен 28-і күндері ырым бойынша жол жүруге болмайды, дегенді айтып, кідіртіп тастады. Оның ауылына екі күн аялдаған кезде, Найман 120 сом сыйлыққа керуенді Ыстықкөлге дейін шығарып салайын, деп келіскен.

Найман ауылынан тоғыз шақырымдай жерде Үлкен Нарынға Кіші Нарын өзені келіп қосылады. Құртқадан осы жерге дейінгі аралық 150 шақырым. Содан кейін керуен Нарын бойымен Тарағай үстіртіне дейін ұласып жатқан жүріске ауыр Қапшағай деп аталатын күз-жартасты, қиялы бөлікті басып өтті. Содан сәуірдің екісі күні ғана олар Тарағайдағы, өткен жолы Қашқарға бара жатқан кезде Жетімасуда тоқтаған түнемелік орынға жетіп қонды. Әрі қарай керуен баяғы ескі жолына түсіп, Жәуки асуына беттеді. Жетімасуда қар баяғысынша қалың екен.

Дәл осы Тарағайға шыға берісте Шоқандарға Ыстықкөлден Құртқаға бара жатқан бір шағын керуен жолыққан. Солар қырғыздың сарыбағыш ауылдарының қазір Ыстықкөлде отырғанын айтты. Бұл аса ұнай қоймайтын хабар еді. Соны естісімен ылғи сарыбағыштармен өштесіп жүретін бұғы руының биі Найман керуенді шығарып салуға уағдаласқанына карамастан, әрі қарай бармайтынын білдірді. Дегенмен, кетерінде сол сарыбағыштардың белгілі манаптары Төрегелді мен Жантайға арнайы хабар жіберіп, керуенге қамқор болуды сұрану жөн екендігін айтқан. Әйтпесе кез келген ауыл жол бойы

«меймандостық» танытып, сыйлық сұрап кідірте береді, деген.

Керуен Жәукі шатқалымен төмен түсіп, көлді жағалай Сантас асуына қарай беттегеп тұста, оларды арнайы тосып жүрген сарыбағыштың шерікші атасының манабы Төрегелді Ибадоллаұлының адамдарына жолықты. Бірақ олардыкі қамқор боламыз деген сыңайдағы тосу емес екен. Қашқарда бүкіл қыс бойы қытай мен қоқан тыңшылары тап басып аша алмаған құпияны олар білетін болып шықты.

Төрегелді ай-шайға қарамастан орыс офицерін көрсетуді талап етті. Керуенбасы Мұсабай әдеттегісінше «бізде ондай адам жоқ», деп жауап берді. Алайда қырғыздардың ішінде Шоқанды бұрын Алматыда көрген біреуі бар екен: «Қазақ төресі сенсің», – деп тура мұны нұсқады.

Тонаушылық тірлікке бейім манаптың осыдан кейін құдайы берді де қалды. Көп сый-сыяпат ұсынбасандар, керуенді тонап, өзінді Қоқанға айдатып жібереміз, деп, керуенді Жетіөгіз бойындағы өз аулында екі күндей ұстап тұрды. Сол екі күн ішінде ол қысым жасай отырып, көңіліне ұнаған талай дүниені өзіне сіңіріп үлгерді. Тек Ыстықкөлге керуенді қарсы алу үшін Алатау округінің бастығы подполковник Колпаковский жіберген жетпіс кісілік казак-орыс отрядының беттегені туралы хабар ғана Төрегелдіні әрі қарайғы әрекеттен аяқ тартуға мәжбүр етті. Ертеңгі күнін ойлаған манап амалсыздан керуенді босатып, қоштасарда, айыбым деп Мұсабай мен Шоқанға бір-бір ат мінгізді. Содан соң өздері қауіпсіздеу басқа тұсқа жедел көшіп кету қамына кірісті.

(Бұл Төрегелдінің атына Шоқан бұрыннан қанық. Ол ана жылғы Кенесарымен өткен соғыста Орманның қасында болған қолбасшыларының бірі. Қазақ ханының қайғылы өлімін естіп, Қапал наймандары кек алу үшін қырғызды шапқанда, осы Төрегелдіні де өздерімен бірге тұтқынға ала кеткен болатын. Кейіннен қырғыздар Кенесарының басын орыстарға апарып беріп, көңілдерін жібіту арқылы, Қапал әкімшілігіне өтініш жасап, Төрегелдіні босаттырып алып қайтқан-ды. Ол сарыбағыш пен бұғының арасында өткен соғыста да Орманның оң қолы боп жүрді. Орман ханның көз жұмарында «Ыстықкөлді үш айналсын» деп тапсырған адамы осы Төрегелді болатын. Жазықсыз елді қырып-жойған сол шапқыншылықты бастаған

Үмбетәліге қоса, Төрегелдіге де бұғының адамдарының сырттай тісін қайрап отыратынын Шоқан Ыстықкөл сапары кезінде әлденеше рет байқаған. Былтыр Қашқарға шығар алдында бұғылар ішінде бір ай көшіп жүргенде, Төрегелді туралы жаңа әңгімені естіді. Екі ру арасында өткен шайқастардың бірінде ол бұғылардың қолына түсіп қалыпты. Оны естісімен Балбай батыр келіп, оның сирағын өз қолымен сындырып, қайтадан орнына салып, мықтап таңып беріпті. Қадірлі тұтқын қылып, көшкенде өгізге мінгізіп, өздерімен бірге алып жүріпті. Арада біраз уақыт өтіп, сынық бітіп, аяғы басуға жарап қалғанда, Балбай келіп: «Батыр, аяқ қалай», – депті. «Аяқ жақсы, рахмет», – дейді ойында ештеңе жоқ Төрегелді. «Көрсетші, аяғыңды қарайын», – дейді. Ол аяғын созады. Сонда Балбай батыр Төрегелдінің сирағын тізесіне салып, парт еткізіп қайтадан сындырады. Содан соң сынған сүйекті орнына түсіріп, таңғышпен орап, кетіп қалады. Арада екі-үш ай өтіп, Төрегелдінің аяғы басуға жарап қалғанда, Балбай тағы келеді. «Батыр, аяқ қалай?» – дейді. «Жақсы, батыр», – дейтін көрінеді Төрегелді именшеқтап. «Жақсы болса, көрейінші», – деп қолын созса, Төрегелді аяғын ала қашады дейді. Сонда Балбай күліп: «Батыр, көлді үш айналамын деп келіп едің, біз екі айналдырмай-ақ жүрегің қозғалып отыр ғой», – деп кекетіпті. Сол Төрегелді ғой бұл. Бұғылардың тұтқынынан босағаннан кейін, өзінің қарақшылық тірлігін тағы қайта жалғастырыпты. «Орыс офицері», деп мұны ұстап беруден де тайынар түрі жоқ манабыңның).

Қатерден құтылысымен керуен екпіндете жүріп отырып, келесі күні Жырғалаң өзені маңында өздерін қарсы алуға шыққан есаул Варагушиннің жетпіс адамдық отрядымен кездесті. Бұған дейін әуелі Шатыркөл маңында, содан соң Тарағай үстіртінде тиген суықтан ауру қысып келе жатқан Шоқан отрядқа қосылысымен, керуеннің ақырын жүрісіне қарайламай, әскермен бірге Алматыға тезірек жетіп, емделуге асықты.

Бар маңай көктем күдіретімен дүрліге жасанып, жеміс ағаштары қаптай гүл жарып, Алатау баурайының сұлу табиғаты өзінің сән-салтанатына сұқтанып тұрған кез еді бұл. Алайда науқасы буып келе жатқан Шоқан бұл сұлулықты жарытып тамашалай да алмады. Өзі бұдан бұрын талай басып өткен Кеген,

Үшмеркі, Торайғыр, Шелек, Есік төңірегіндегі таныс жерлерге де көп көз тоқтатуға жағдайы болған жоқ. Тезірек Алматыға жетіп тыныстауды, дәрігерге қаралып, сауығуды ойлады.

Қашқар сапарын табысты аяқтаған поручик Шоқан Уәлиханов 1859 жылғы сәуірдің 12-сі күні Верный қамалына ат басын тіреді.

\* \* \*

Әр күні қауіп пен қатерге толы ауыр сапар артта қалды. Есептеп көріп еді. Ол он ай он төрт күнге созылыпты. Осы мерзім ішінде өзінің басына қатер бұлты әлденеше рет үйіріліп, әлденеше рет тарады-ау. Қашқардан дер кезінде кетіп үлгергендерін енді байқап отыр. Тағы біраз күн аялдағанда, құпиялары ашылып қалатындай да екен. Керуенді қарсы алу үшін Алматыдан арнайы жіберілген орыс әскері дер кезінде жетпегенде, оны Төрегелді манаптың өзі-ақ қоқан жағына ұстатып жіберуі мүмкін еді ғой.

Кейіннен білді, бұлар аттанғаннан кейін Семей керуенінде жасырынған тыңшы бар, деген күдік шынымен өршіп, Қоқан ханынан Қашқар ақсақалына оны ұстау жөнінде пәрмен жіберіліпті. Олардың соңынан дереу қуғын шыққанымен, үлгере алмайды. Хан бұған қатты ашуланып, тыңшыны шаһарға кіргізгені үшін, бұрынғы ақсақал Нәсіреддинді жазаға да кесіпті.

Бұл жөнінде арада үш айдай уақыт өткен соң Шоқанға хат жазған Мұсабай керуенбасы да «Қашқардан тез кеткеніміз дұрыс болған екен, бұрынғы ақсақалды біз үшін кескілеп турап тастаған сияқты», деп хабарлады. Кейіннен тарихшы Құрбанғали Халид да өзінің «Тауарих хамса» (Шығыстың бес тарихы) еңбегінде осы сапар кезінде Шоқанмен бір қоста болған Мұхаммедразықтан және көкпектілік Жолай Матайұлынан (бұл адам кейіннен Шәуешекте бірнеше жыл ақсақалдық қызмет атқарды) естіген әңгімесін жазады. Олар тарихшыға: «керуен Қашқардан кеткеннен кейін Қоқан ханынан ақсақалға «саудагерің тыңшы, оны өлтір» деген хат келіп, бұларды соңынан қуғанымен жете алмағасын, бұрынғы ақсақалды өлім жазасына бұйырыпты», – дегенді айтыпты.



## 11. Жүздесулер мен ұшырасулар

... Алматыда оны былтырдан бері Перемышльскийдің орнына Алатау округінің бастығы, Ұлы жүздің приставы боп тағайындалған, бұрыннан жақсы білетін танысы Герасим Алексеевич Колпаковский қуана қарсы алды. Ол Шоқанның науқастанып жеткенін естісімен, дереу бекіністегі госпиталдың бас дәрігері Пячковскийге ем-дом жасауға тапсырма берді. Приставтың жанындағы байырғы тілмаш, етене дос Иван Бардашев те Шоқанның аман-есен жеткеніне шүкіршілік айтып, қасынан үйіріліп шықпайды.

Ем қабылдап жатқан сол күндері оның көз алдына кеше ғана аяқталған сапар барысындағы қауіп-қатері мол сәттер, белшеден кешкен азаптары да қайта-қайта орала берді. Науқасын деп қарап жатқаны да шамалы. Қашқардан қайтарда қазып алған жол дәптерін парактайды, үстінен түзетулер енгізеді. Алдағы күндері жазатын есебі туралы ойлайды. Өзімен тілдесуге келген офицерлермен әңгіме-дүкен құрады.

Әдетте Шоқан еңбектерінен байқалатын бір ерекшелік, оның сапарда болған жерлерін сипаттап жазуға шеберлігі. Бұған саяхатшының Ыстықкөл төңірегін, Құлжа қаласын, Қашқар аймағын ыждағатпен суреттеген жазбалары айқын дәлел. Алайда өзі үнемі тұрақ еткен немесе ауық-ауық соғып тұрған мекендерге келгенде, сөзі шолақ. Ғалым саяхаттар кезінде айналаға жиһангездік, зерттеушілік көзбен қарап, бәрін түгел байқағысы, байыптағысы келеді де, өзі көп ғұмыр кешкен орталардағы жалпыға таныс деп есептелетін жайларға ондай бейіл танытпайды. Одан Омбы, Петербор, Сырымбет, Алтынемелде өткізген айлары, жылдары жайында күнделік түріндегі жазбалардың қалмағаны (немесе жетпегені) бүгінде кәдімгідей өкініш. Алматы жөнінде де саяхатшы көп жазбайды. Үнемі «келдім..., кеттім» деген сыңайда шолақ қайырады. Қашқардан оралған соң, осында аялдаған екі аптасы туралы да жартымды дерек жоқ.

Алайда Шоқан Қашқарға аттанар алдында төрт ай, оралғасын екі аптадай аялдаған сол Алматы бітімін бізге басқа саяхатшылар мен суретшілердің шығармалары арқылы байыптауға мүмкіндік бар. Бұл орайда әсіресе әйгілі жиһангез П. П. Семенов-Тян-

Шанскийдің, географ М. И. Венюковтің, астроном А. Ф. Голубевтің жазбалары, суретшілер П. Кошарев пен М. Знаменскийлердің туындылары берер көмек ерекше.

Мәселен, Шоқан дәл Қашқар сапарынан оралардан он күн бұрын ғана Алматыға жеткен петерборлық астроном әрі геодезист Александр Голубевтің жазғандарын алайық. Ол бұл жақта Ыстықкөл мен Жетісудың бірқатар маңызды биіктерін барометрлік анықтау мақсатымен келген-ді. Империя астанасынан шығарда оған П. Семеновтың: «Жетісу аймағын бес саусағындай білетін адамдардың бірі поручик Уәлиханов. Егер ол Қашқардан қ оралып үлгерсе, барар жерлерің жөнінде қ талай ақыл-кеңесті сол береді», – дегені есінде. Алматыға жетісімен ол сауда керуенінің бері беттегенін естіді де, саяхатшыны бекіністе күтіп алғанды жөн көрді. Әрі Шоқан осында тұрақтаған күндер ішінде одан өзіне қажетті бірталай мағлұматты сұрап та алды. Сол Голубев өзінің «Ғұмырнамалық очеркінде» 1859 жылы көрген Верныйды: «бірі, бекініске жапсарласа салынған, ортасында ағаш шіркеуі бар; екіншісі, одан бір жарым шақырымдай жерде, енді бой көтеріп келе жатқан екі бөліктен тұрады», – деп сыпаттайды. Бұл оның сол кезде Үлкен Алматы және Кіші Алматы станицалары деп атала бастаған қоныстарды айтқаны еді.

Шоқан Алматыдан Семейге қарай сәуірдің 25-і күні таңертең аттанып кетті. Одан аттай алты күн өткен кезде бекініске тарантаспен тағы бір жас офицер жетті. Ол болашақта белгілі саяхатшы-географ, танымал әскери жазушыға дейін көтерілетін, Герцен мен Огаревтерге жақын араласып, «Колоколдың» авторы болатын, «Марсельезаны» орысшаға алғаш аударушылардың бірінен саналатын, сонымен бірге Ресейдің империялық геосаясаты жөніндегі жетекші идеологтардың біріне айналатын Михаил Венюков еді. Содан үш күн бұрын ғана ол Шоқанмен Қапалда ұшырасқан. Батыс Сібір әкімшілігінің тапсырмасымен Қастек бекінісінің іргесін қалау, Шу атырабы және Ыстықкөлдің батыс бөлігін картаға түсіру мақсатымен құрылған отрядты басқаруға келе жатқан зерттеушінің қазақ ғалымымен кездесудегі мақсаты да әлгіндегі Голубев ниетіне ұқсас. Ол да сол барар аймақтары жөнінде көп білетін Шоқаннан керек мәліметтер алғысы келген.

1859 жылдың мамыр айының басында Алматыға жеткен Веноков қалдырған жазбаларда өсу үстіндегі бекініс туралы тым тәуір деректер бар. «Бекіністің шығыс бөлігіндегі мешіті бар шағын татар слободкасының да болашақта кеңқолтық сауда орталығына айналуы әбден кәміл, – дейді саяхатшы өз жазбасында. – Мұнда тұрғызылған жиырмаға жуық дүкеннің бәрі қазірдің өзінде қызу сауданы бастап кеткен... Бүкіл даланы басып өткен ұзақ жолдан кейін Алматыда денені ғана емес, ойды да жап-жақсы сергітуге болады. Негізінен кілең офицерлерден құралған білімді орта кәдімгідей көп оқиды: осындағы батальон штабында шағын кітапхана жинақталған, оған бірталай журналдар алынып тұрады. Казактар арасына сауаттылық станицалардағы екі мектептен тарайды. Татар слободкасында балаларды молда мен бірнеше сауатты татарлар оқытады...».

Шоқан да Алматыға осы келісінде былтыр өзі сапарға аттанғалы бергі жаңалық – бекіністің тура шығыс жағынан татар слободкасы деп аталатын жаңа қыстақтың кәдімгідей бой көтеріп қалғанын байқаған. Онда негізінен сауданы кәсіп ететін семейлік шалақазақтар мен татарлар келіп қоныстаныпты. Бұдан төрт-бес күн кейін жеткен Мұсабай керуеніндегі бірталай адам да олардың арасынан байырғы туыстарын тауып арқа-жарқа болып жатты.

Керуен Алматыда бір аптадай аяқ суытқасын, сәуірдің 25-і күні Семейге қарай қозғалды. Мұхаммедразықтың керуенімен бірге келген өзінің жеке заттарын тарантасқа салған Шоқан да сол күні Омбыға шығып кеткен. Керуенмен бірге емес. Алатау округінің кеңсесінен ресми түрде берілген жол қаражатын алып пошта даңғылымен аттанды. Дімкастанып келе жатқан оған керуеннің мимырт жүрісінен гөрі, осылайша қажет деп тапқан кезінде ірі қоныстарда демалып, әл жинап алуға мүмкіндік беретін жайлы арбамен жылжыған қолайлы еді. Әрі құпия сапардан келе жатқандықтан, ол өзін көп жария етпеуі де керектің. Қоқан иеліктері тым қашық емес. Ел ішінде мұның көзін жою үшін іле-шала арнайы жіберілген жансыздардың да жүруі мүмкін ғой. Сондықтан мұндай жағдайда жәмшік жолының қауіпсіздік шартына сай қалыптасқан, маңызды шенеуніктер мен офицерлерге екі-үш салт атты қарулы әскер күзетінің ере жүріп, бекеттен бекетке дейін шығарып салатын арнаулы қызметіне сүйенгеннің артықтығы жоқ. Шоқанның аман-есен Омбыға жетуі

керектігі жөнінде аса жауапты тапсырма алған пристав Колпаковский де осыны құп көрген.

Екпіндете жылжи отырып, үш күн дегенде Қапалға жеткесін ғана денсаулығына байланысты кідірді. Сол жерде ол Бас штабтың капитаны, географ Михаил Венюковпен жолығып қалған еді. Бас штабтың академиясын бітіргесін 1857 жылдан Қиыр Шығыстың генерал-губернаторы Н. Н. Муравьевтің қарамағында әскери штабтың аға адыютанты болып істеген, Уссури мен Амур алабында, Байкал маңында, Хинган тауларында екі жылдай географиялық, этнографиялық зерттеулер жүргізген Венюковтың қызметі, соның алдында ғана Батыс Сібір әкімшілігіне ауыстырылған болатын. Омбыға келісімен дереу Алматыға, Шу алабы мен Ыстықкөлдің батыс бөлігін картаға түсіру жұмыстарымен айналысатын арнайы экспедициялық отрядты басқаруға жіберілді. Ол Қапалға сәл дімкәстанып жеткен еді. Денсаулығы мазалап келе жатқан Шоқан да осы жерде дәрігердің ем-домын алуды ойлаған. Подполковник Абакумов екеуін де өзі басқаратын полк дәрігеріне қаратты. Және ғылымға әуелден жаны жақын атаман екі саяхатшыны өз үйінде қонақ етіп, олардың кең отырып танысуларына, әңгімелесулеріне жағдай жасады. Венюков Дербес Сібір корпусының штаб бастығына жазған баянатында (рапортында) Қапалдағы сол күндер туралы: «... Мен дімкәстанып қалуыма және поручик Уәлихановтан бірқатар мәліметтер алу үшін Қапалда бірнеше күн аялдауыма байланысты, мамырдың 2-сі күні ғана Верный бекінісіне жеттім», – деп айғақты дәлел қалдырыпты.

Венюков Омбыға келерінің алдында ғана Петерборда болып, Ресей географиялық қоғамында өзінің Уссуриге жасаған саяхаты жөнінде баяндама жасаған еді. Ол келтірген мәліметтер қоғам төрағасының орынбасары П. Семеновтың жоғары бағасын алған. Сонда капитанның Батыс Сібірге қызмет ауыстырып жатқанын естіген Семенов, сондағы Гасфорттың адыютанты, ерекше дарын иесі, Достоевскиймен қимас бауыр боп кеткен, жолжазбалары көркем шығармадай оқылатын Шоқан Уәлиханов туралы, оның қазір Қашқарда құпия сапарда жүргені, жақында оралып қалатыны жөнінде де ықыластана айтқан еді. Реті келсе, жолыққаныңыз мақұл, ол сізге сол өңір туралы көп мәлімет бере алады, деген. Өзі де қаламгерлікке бейім Венюков Омбыдан бері

беттегелі Семеновтай білгір тұлға тамсана айтқан адаммен бір кездесем дұрыс болар еді, деген оймен келе жатқан. Қапалға жеткенде ол ниеті өз-өзінен орындала кетті. Екеуінің жолы осы қалада кездейсоқ түйісті.

Ыстықкөл алабын бес саусағындай білетін, Тәңіртауды әрі-бері кесіп өткен, қазақ-қырғыз тарихына жүйрік, енді аржағындағы Алтышәрдің өткен-кеткен ахуалын зерттеп оралған Шоқаннан Венюковтың көп мәлімет сұрап алғанында шүбә жоқ. Ризашылығының белгісі ретінде, ол өзі жинап жүрген сирек деректердің арасынан алдағы есебіңе керек болады деп, Қашқар туралы шыққан бір еңбектің көшірмесін де ұсынған.

Шоқан да соған дейін Уссури, Амур мен Байкал маңын шарлап үлгерген, өзінен үш жас ғана үлкен Венюковтың сол аймақтар географиясы, жергілікті халықтардың тұрмыс-тіршілігіне қатысты әңгімелерін қызыға тыңдаған. Емделе жүріп, екі-үш күнін бірге өткізген офицерлер Ресей империясының Азиядағы шекаралық кеңістіктеріне қатысты пікірлерге де барысқан.

Венюков Шоқан сапарлап қатқан Алтышәр жайын, қоңсылас Бұхар, Қоқан, Хиуа хандықтары туралы білгендерін қайта-қайта сұрастыру үстінде, сол кездегі империялық астамшыл пиғылмен үндесетін ойларын, бұл да патша тапсырмасымен жүрген офицер ғой, деді ме, іркілместен айтып отырды. «Біз Орталық Азиядағы мұсылман елдерін Қиыр Шығыс бұратаналары сияқты тезірек өз қол астымызға қаратуымыз керек. Мұсылман елдері де білім-ғылымнан кенде, надандыққа, жабайылыққа белшеден батып отыр, оларға еуропалық ой мен өре ықпалын жеткізу Ресейдің мойнындағы үлкен миссия. Шығысқа еуропалық оқу-білімді әкелуде Англиямен қатар Ресейді де қыруар тарихи істер күтіп тұр. Империяның бодандығына өткен жерлерге орыстарды көптеп көшіру арқылы, біз тұрғылықты жұрттарға өз үлгі-өнегемізбен әсер етеміз, билеуші нәсілге артықшылық беретін құрылымдар жасау нәтижесінде, үстем тілді үйренуге мәжбүрлеп, оларды біртіндеп өзімізге сіңіріп, біртұтас империя халқын құруымыз керек», дегендей пікірлердің шетін шығарды.

Шоқан сәл шытына қабылдағанымен, бұрын аралас-құралас болмаған адаммен бірден тәжікелесуді жөн көре қоймады. Сабыр сақтай, үнін нықтай шығарып, жүйе-жүйесімен сөйлеп кетті. «Ол

елдерді білім-ғылымнан қалыс қалған, надан деп түйіп айтудың реті келер ме екен. Мауараннахр көне Шығыстағы ең өркениетті аймақтардың бірінен саналғаны тарихтан белгілі. Самарқан мен Бұхардың, Ташкент пен Хиуаның кітапханалары мен медреселері талай ғасырлар бойы оқу-білімнің ордасы болды. Расытханалар жұмыс істеді. Діқаншылық өнер ерекше өркендеді. Өзіңіз Алматы, Ыстықкөл жаққа барғанда, суармалы егістің неше қилы әдіс-тәсілдерін меңгерген жұртты көресіз. Өйткені онда сіз зерттеген Қиыр Шығыстағы елдердің де байырғы тарихы жан-жақты қозғалады. Көзіңізге түсті ме, түспеді ме білмеймін, сол еңбекте Батыс Түркістан аймағын мекендеген түрк халықтары мен Қытайдың теріскейіндегі далалық өңірді жайлаған тугюлердің, оларды Клапрот пен Қазымбек мырзаның түркілер деп санайтынынан хабардар шығарсыз, ҮІ ғасырда өз төл жазуы болғаны айтылады. Ал славян жазуының тек ІХ ғасырдың екінші жартысында ғана дүниеге келгені сізге жақсы белгілі. Түркілердің сол жазуын кейін Орта Азияда араб жазуы ығыстырған. Түркілердің үлкен бір сынығы боп есептелетін менің туған халқымды сіздер мәжбүрлеп жаздыртатындай, киргиз емес, қазақ деп атайды. Орыс жұртын үш жүз жылдай билеген Алтын Орда ыдыраған соң, менің арғы хан бабаларым байтақ жерді алып жатқан Қазақ Ордасын құрғанда, соның аясына топтасқан ірі-ірі түрк тайпаларының одағы қазақ атана бастаған. Қазақ – өз бетінше еркін өмір сүруші, дала рыцары деген мағынаны білдіреді. Осы халықтың мал өсіру тәжірибесінің өзі тұтас бір ғылым. Жыл маусымдарына орайласқан қыстау-жайлау дәстүрі, түздік өмір салты, сіздер ойлайтындай, жабайылықтың емес, табиғатпен тамаша үйлескен тіршілік құра білудің нақ өзі. Қазақтың төл мәдениеті мен фольклорының байлығы ұшан-теңіз. Батырлық жырлары, ғашықтық дастандары қаншама. Іргедегі қырғызда да сондай. Осыдан үш жыл бұрын Ыстықкөлге сапарым кезінде жазып алған «Манас» жырын «Илиада» мен «Одиссеяға» деңгейлес шығармалар деуге келеді. Меніңше, Ресейдің ең үлкен өркениеттік миссиясы – осы елдердің арғы-бергі тарихын тереңдеп зерттеуге көмектесу, төл оқымыстыларын тәрбиелеу, халыққа еуропалық білімді ана тілдерінде оқытуға қолғабыс жасау, тең дәрежеде санасу, астамшылық пиғылдарға бейіл бермеу болса керек. Өкінішке

қарай, Ресей олай емес, өзін басқыншы ретінде байқататын, казак қылышының жүзімен, әскер зеңбірегінің оғымен қорқытатын үстемдік бағытты ұстанып келеді. Оның үстіне ішкі губерниялардан көшіріліп, жаңа иеліктерге қоныстандырылып жатқан орыс жұртын, сіз айтқандай, сол жердің тұрғылықты халықтарына үлгі-өнеге беретін беделге ие, деп айта алмас едім. Сауаты жоқ, қарабайыр қауым. Казак әскерлерінен көргенін істеп қамшы үйіруге жақын. Қолынан келсе, таптап кеткісі келіп тұрады. Әр ұлттың тілі мен мәдениеті Жаратушының берген зор сыйы, оны жоғалту еш дұрыс емес. Сіз айтқандай, болашақта Ресей қарамағындағы барлық ұлттар үстем орыс нәсілінің құрамына сіңіп кетсе, не пайда таптық. Олармен бірге қаншама тілдің, сансыз мәдени құндылықтардың құритынын ойлап көрдіңіз бе?»...

Бұрын Шығыстағы отар елдерден шыққан білімді тұлғалармен кездесіп, кеңінен пікірлесуге дағдыланбаған Венюков өзінің артықтау кеткенін байқады. «Менікі, жай әшейін, жоғары ұлықтар ортасында қозғалатын әңгіменің шетін шалғаным ғой. Сіздің сөздеріңіздің де жаны бар. Ресейдің әзірше басқыншылық саясатты ұстанып отырғаны рас. Империяның жаулап алынған жерлерге тағайындаған, патшаға жағымпазданатын басшылары жемқорлықпен, елді қанаумен айналысуды ғана біледі, халықтың қамын ойлауды қойған», – деп әңгіменің арнасын бұрып жіберді. Ішіне «бұл хан тұқымымен мұндай мәселеде абайлап сөйлеспесе болмайды екен-ау», деген ой түйіп қалды...

Қос саяхатшы Қапалдан екі жаққа аттанды. Бірі – Қашқар сапарының есебін жазу үшін Омбыға, екіншісі – Шу бойы мен Ыстықкөлдің батыс жағының географиялық бедерін анықтаумен айналысатын отрядты басқару үшін Алматыға қарай беттеді.

Венюков жұмысының негізгі мақсаты – алдағы жылдары қоқан иеліктеріне жасалатын жорық бағыттарын нақтылауға, барлап-шолуға саятын. Оның отряды маусым-шілде айларында 600 шақырымдай жер жүріп, Тоқмақ пен Бішкек бекіністерінің айналасын картаға түсірді, Шу алабы туралы көп географиялық дерек жинады. Қастек бекінісінің іргесін қалады. Келесі жылы тағы да осы жұмысын жалғастырған ол, екі жаз маусымы кезінде, өзі басқарған Батыс-Ыстықкөл отрядының құрамына еніп,

қолдан келген көмектерін аямаған жергілікті қазақ би-төрелерінің де қосқан үлесіне риза болды. Капитан олардың ерекше еңбегі сіңген бірқатарын марапаттау жөнінде подполковник Колпаковскийге арнайы баянат түсірді. Венюков берген ол тізімде Шоқанның жақын таныстары – капитан Әбілез Әлиұлы, прапорщиктер Қожағұл Байсеркеұлы, Сұраншы Әкімбекұлы, Жайнақ Қараталұлылар да бар болатын.

Венюков бұдан кейін екі жылдай Кавказда қызмет істеді, 1868 жылы жер шарын айналып шықты. 1869-1871 жылдары Жапония мен Қытайға, 1874 жылы Түркияға сапар жасады. Одан соң Теріскей Африкада, Оңтүстік және Орталық Америкада болды, Бразилия, Уругвай, Панаманы аралады, Мадагаскарға барды. Бүкіл Еуропаны шарлады. Генерал-майор шенін алғасын, 1877 жылдан бастап эмиграцияға кетіп, 1901 жылы көз жұмғанға дейін Парижде тұрақтады.

Ол бір жағынан, патшаға, оның репрессиялық билігіне қарсы мақалалар жазатын өткір публицист, екінші жағынан, Ресейдің отар елдерге жүргізетін империялық геосаясатының бағыт-бағдарларын жасауға белсене атсалысқан, бодан жұрттарды байырғы түп-тегінен айырып, жұтып жіберудің ең тиімді жолы – жапшай орыстандыру екенін тиянақтауға көп күш жұмсаған шовинистік пиғылдағы идеологияның айтулы көсемі ретінде танымал боп өтті бұл дүниеден. Содан бері де оны ізбасарлары еш жоқтатқан емес. Венюков ту етіп көтерген «орыс ұлты үстем нәсіл ретінде қарамағындағы елдерге империялық өркениетті жеткізу миссиясын атқаруы тиіс» деген тұжырымдама, Шоқан «орыс цивилизаторлары» деп мысқылдай атайтын жымысқы отаршылдық қағидат әрі қарай коммунистік озбыр идеологиямен жымдаса өріліп кетті. Сол сұрқия теорияның нәтижесінде Сібір мен Қиыр Шығыстың талай ұлты мен ұлысы тілінен, мәдениетінен айырылды, көбі жоғалды. Шоқанның туған халқы – қазақ жұрты да сол идеологияның зардабын мейлінше шекті. Жұтылуға сәл-ақ қалды...

Поручик Уәлиханов мамырдың ортасына таман Семейге жетті. Ол осы қалада керуеннің келуін күтуі, Боқаш, Мұсабай саудагерлермен бірге отырып, сапар қорытындысына қатысты біраз жайларды пысықтауы керек болатын.

Тіке Боқаш байдың үйіне ат басын тіреді. Керуеннің



жағдайы қалай болды екен, бірдеңеге ұрынбай аман-есен оралса игі еді, деп құдайдан күндіз-түні тілеп, елегізумен жүрген ақсақал Шоқанды көріп қуанып қалды. «Мұхаммед төре, шаһзада мырзам-ау, ат-көлігіңіз аман, аяқ-қолыңыз бүтін, жеттіңіз бе? Қалғандарыңыз қайда?» – деп жүдеу жолаушыны құшақ жая қарсы алды. Бәрінің дін-аман қайтқанын, жолда келе жатқанын естіп көңілі жайланды. Үй-ішіне немерелері Тәшмағамбет пен Кенженің алыс сапардан сау-сәлемет оралғанын, жол үстінде екенін хабарлап, мәз-мейрам етті. Дереву дүкенде сауда жасап тұрған жерінен олардың әкесі Міркұрбанды шақырып алды. Шоқанның дiмқастанып, қиналып жеткенiне аяушылық бiлдiрiп, жедел ыстық тамақ дайындатып, жылы-жұмсағын аузына тосты. Шаршап-шалдығып жеткен ол керуен келгенше аялдайтын пәтер іздеу қажеттігін айтып еді. «Осы үйде тұрыңыз, мырзам, бөлме жетеді, сіздің мына денсаулығыңызға жағдайы дұрыс жер керек, бұл үйде өзімнен бастап, бәріміз сізге қызмет етуге дайынбыз» деп, ол мәселені де шешіп жіберді.

Өз ағайын-туғанының да жанын қатерге тігіп, керуен аттандырған Боқаштың пейіліне риза болған Шоқан, әкелі-балалы екеуіне бастан өткерген жайларын әңгімелейді. Ондай сапарлардың талайын көрген кәнігі саудагерлер әр жайға ерекше мән бере отырып, ықыластана тыңдады. Алтышәр базарларындағы нарық, қандай бұйымдарға сұраныс бар екендігіне қатысты сауалдарын да қойып қояды...

– Сіздің осы керуенді аттандырудағы еңбегіңіз ерекше зор, бұл атқарған қызметіңіз ақ патшаның өзіне де аян, – деді Шоқан Боқашқа. – Алдағы уақытта оны ұйымдастырған сізге, керуенбасы Мұсабайға ұлы мәртебелінің тарапынан үлкен марапаттар, сый-сияпат, тарту-таралғылар арнайы жасалады деп күте беріңіз. Сіздің қосқан мол үлесіңізді Гасфортқа да қадағалап айтып, лайықты бағалануына бас-көз болармын. Бұл елеулі еңбегіңізді жоғарғы жақ есте ұмытпайды, ол сіздердің өздеріңізге қажетті біраз шаруаларды тындырып алуларыңызға да көмегін берері сөзсіз...

## 12. «Уәлиханов өте сүйкімді, тамаша адам»

Достоевский әлдеқашан Ресейге аттанып кеткен шығар деп ойлаған. Өйткені Қашқарға жүрер алдында ғана Гутковскийден жазушының отставкаға шығуға өтініш бергенін, денсаулығына байланысты Мәскеуде тұруға рұқсат сұрағанын білетін. Сөйтсе, әлі Семейде жүр. Енді бір айдан кейін ғана жылжымақ. Отставкаға шығатынына көңілі көтеріліп жүрген жазушы, бауырынан бетер боп кеткен Шоқанды көргеніне ерекше шаттанды.

Жазушы өздері тұратын пәтерге кіріп келе жатқан оны алғашқыда танымай қала жаздады. Бұрынғы көріп жүргеніндей, үстіне офицерлік киімі құп жарасқан, бір қарағанда Лермонтовтың кейіпкерлеріне ұқсайтын қияпаты ерекше Шоқан емес, қолпылдаған кең шинельді, шашы енді ғана тікірейіп өсе бастаған жағы суалыңқы, жүдеу жан. Даусы ғана өзгермеген. «Федор Михайлович, сәлеметсіз бе?» деген таныс үн естілгенде ғана шырамытып тұрған адамы Шоқан екенін бір-ақ аңдады.

Жік-жапар боп жағдайын сұрап жатыр. Зайыбы Мария Дмитриевна құрақ ұшып дастарқан жаюға кірісті. Мұның қиын сапардан оралғанын, жолшыбай сырқаттанып қалғанын естіп, екеуі де аяушылық білдіріп жатыр. «Басыңның аман келгені олжа, денсаулығыңды ақырындап жөндеп аларсың», деп қамқор пейіл танытты.

Жазушының отставкаға шығуға байланысты өтінішіне жоғары жақтың рұқсат берген қағазының Семейге жеткеніне бірнеше күн ғана болыпты. Былтырғы наурызда II Александр патшаның атына жазған денсаулығына байланысты әскер қатарынан босатуды, Мәскеуде тұруды сұраған өтініші әртүрлі деңгейлерде, қауіпсіздік орындарында тексерулерден өтіп, әзер дегенде желтоқсанның ортасында ғана шешіледі. Отставкаға шығуға келісім алынып, Ресейдің екі астанасынан басқа жерлердің бәрінде тұруға рұқсат етіледі. Содан соң Достоевский Мәскеуге жақындау ғой деп Тверьді таңдаған. Ол қайтадан бекуге кетіп, соған оң жауап енді ғана келіп жатыр екен. Жазушыға келесі подпоручик шені беріліп, денсаулығына байланысты әскерден босатылыпты.

Шай ішкеннен кейін екеуі әңгімелерін кабинетте

жалғастырды. Үстелдің үстінде жазулы қағаздар қобырай жиналып тұр. Шоқан шығармашылық жұмыстың қалай жылжып жатқанын сұрады. Ұстамалы дертпен арпалысып жүрсе де қаламгерлігін тоқтатпаған көрінеді. «Ағайдың түсі» деп аталатын повесін осы жылдың басында аяқтап, «Русское слово» журналына жіберген екен, наурыз айындағы нөмірінде басылыпты. Оны өзі әлі көре қойған жоқ. Журнал редакторы Кушелевтің сол шығармаға мақтау айтқан хаты мен 1000 сом қаламақысы келгенде ғана бір-ақ білген. Шығарманы қолжазба күйінде оқыған Плещеев досы оған жоғары баға берген көрінеді. Ол бұған жолдаған хатында «Современниктің» редакторы Некрасовтың та повеске риза болғанын жазыпты. Сондай-ақ «Русский вестник» журналына «Степанчиково селосы және оның тұрғындары» атты екі жыл бойы жазған романының төрттен үш бөлігін бір айдай бұрын ғана салып жіберіпті. Қалғанын қазір жазып жатыр. Алдағы айдың басында бітірмек.

Ақшадан әбден тарығып жүрген жазушы өз шығармаларына қаламақының төмен мөлшермен қойылатынына риза еместігін де айтып қалды. Журнал редакторлары кейінгі кезде оның шығармаларын басуға құлық таныта бастағандай. «Енді мен де өз шартымды қоймақшымын. Ағам Михаил Михайловичтің Петербордан жазуына қарағанда, Гончаров, меніңше, түкке тұрмайтын «Обломов» романы үшін «Отечественные записки» журналынан 7000 сом қаламақы алыпты. Тургеневтің «Русский вестникте» шыққан, дау жоқ, тамаша шығармасы «Дворян ұясы» романының әр баспа табағына 400 сомнан қойылыпты. Сол Катков менің туындымның баспа табағына 100 сомнан ғана бермекші. Әлбетте, мен өзімнің Тургеновтен нашар жазатынымды білемін, бірақ соншама кем де емеспін ғой, әрі алда одан төмен жазбайтын шығармын, деп үміттенемін. Ақшаға қатты мұқтаж боп жүрген маған 100 сомнан ғана қояды, ал 2000 жанның қожасы бақуатты Тургеневке 400-ден береді. Әділдік пе осы. Сондықтан да мен енді редакторлар баспа табағына 300 сомнан қойғанда және жарты ақшасын алдын ала бергенде ғана жазуға кіріскенді жөн көріп отырмын», – ақтарылды...

Тверьге жеңіл-желпі жүкпен ғана аттанатынын, сол себепті көшер алдында пәтеріндегі өздеріне тиесілі аз-кем мүлікті жақын адамдарға сыйлап, таратып жатқанын, жолшыбай қайта-қайта

арба жалдап жүрмес үшін, жеке тарантас сатып алатынын да айтып жатыр. Бір үйдің адамындай араласып кеткен рота командирі Гейбовичтер отбасына кресло, айна, шыны заттар, кей ыдыс-аякпен бірге, бірталай кітабын, офицер мундирін, қылышын беріп кетпек боп отыр екен.

– Ескерткіш ретінде, маған да бірдеңе сыйламайсыз ба? – деп күлді Шоқан.

– Қалағаныңызды алыңыз?

– Маған мына бір қағаз кесетін пышағыңызды берсеңіз де болады, – деді әртүрлі сәнді заттарды жинауға әуелден әуес ол, үстел үстінде жатқан әсем сапты кездікті көрсетіп.

– Алыңыз. Мұны кезінде, Семейден аттанарында маған барон Врангель беріп еді. Енді сіздікі болсын.

– Федор Михайлович, Семейге бірнеше мәрте соқсам да, сізбен бір рет суретке түсудің реті келмепті, сол олқылықтың орнын бүгін толтырайық. Қазір фотографияға барайық, осы қалпымызда ескерткішке түсейік, сіздің де офицерлік мундирмен жүрген соңғы күндеріңізден белгі қалсын, – деді Шоқан.

Ол кезде Семейде Лейбин деген адам ғана «фотоателье» ұстайды. Достоевский пәтеріне жақын жерде. Екеуі тысқа шығып, солай қарай беттеген. Шоқанның үстінде сол солбыраған кең әскери шинель. Мамырдың соңы дегенмен, көктем ауасы әлі салқын, желкемді болғасын, денесін суық қармаған Шоқан жылы киімін тастай алмай жүр. Ательеге кіргесін де суретші ұсынған орындыққа сырт киімін шешпестен жайғасты. Фуражкаларын да іліп жатпады, аяқастырған аяқтарының үстіне қоя салды. Фотограф оларды қалай түсіруді сұрап еді. Жазушы саусақтарымен шылым қысып отырғанды жөн көрді. Шоқан қолына әлгінде ғана жазушы сыйға тартқан сәнді пышақты ұстады. «Дайындалыңыздар, түсіремін!» Фотоаппарат сырт етті. Екі халықтың екі ұлы адамының тарихи суреті өмірге келді.

Бұл олардың сол кездегі жағдайынан да хабардар етегін айғақты дерек. Фотодағы қос достың келбетінде бәрі таңбаланып тұр. Достоевскийдің жүзінде көңілі жайланған, өзіне сенімді адамға тән емін-еркіндік, жаны жақын доспен өткен кездесуден кейін болатын рәуішті қалып, жарқын рең бар. Шоқан қанша жинақталғысы келгенмен, өңі солғын, тәні дертті екені байқалады. Кең шинель жүдеу денеге қолпылдай ілініп еш

жараспай тұр...

Бұдан кейін де Семейден аттанғанша, ара-тұра Достоевскийдің үйіне соғып тұрды. Бір барғанында, алдында атын сырттай естіген капитан Гейбовичпен танысты. Жұмсақ мінезді, биязы жан екен. Ол да жақын арада қызмет бабымен Семейден ауысатын көрінеді. Капитанды Аягөз гарнизоны әскерінің бастығы етіп тағайындау туралы әңгіме жүріп жатқан сияқты.

Жеті-сегіз күннен кейін Мұсабайлар де жетті. Соған дейін сапар кезінде жазған күнделігін қарап, біраз жайларды қағазға түртіп үлгерген Шоқан керуенбасыдан өзіне қажетті кей мәліметтердің анық-қанығын сұрастырды. Керуенмен барған, қайтқан адамдар мен тауарлар тізбесі, есеп-қисаптары алынды. Мұсабайдың Қарамоладан Қашқарға дейін, одан кері Семейге қайтқан жол бойындағы қоналқаға тоқтаған жерлер мен ұшырасқан оқиғаларды қысқаша тізбектеген жолжазбасын өз күнделігімен салыстырды. Алтышәрдің бұрынғы-кейінгі жағдайларына қатысты деректерді пысықтады. Боқаштан, Семейдегі басқа да онымен таныс саудагерлерден қосымша мәліметтер терді.

Біршама шаруалар атқарылған соң, маусымның басында, қасына Боқаш пен Мұсабайды ертіп Омбыға қарай шығып кетті. Шоқан сәуір айында Алматыға аяқ тіресімен, оның керуенмен бірге аман-есен оралғандығы туралы хабар шұғыл поштамен генерал-губернатор кеңсесіне жіберілген еді. Саяхатшы Семейге келгенде, оның алдынан осы сапарды ұйымдастыруға жауапты полковник Гутковскийдің хаты күтіп тұрды. Онда керуеннің есеп-қисабына қатысты жұмыстар біткен соң, Боқаш пен Мұсабайдың да Омбыға Уәлихановпен бірге келуі қажет екендігі айтылған еді. Шамасы Гасфорт патша атынан губернатор ретінде өзіне тапсырылған жауапты міндет – керуенмен бірге агент аттандыру ісіне, аса қауіптілігіне қарамастан, қолдан келген көмегін аямаған семейлік саудагерлерге өз тарапынан ерекше ілтипат білдіргенді жөн деп тапқан болуы керек.

Батыс Сібірдің генерал-губернаторы өз басының шалқитын-ақ реті бар, деп түйсінеді. Император назарында тұрған маңызды тапсырманы анау-мынау емес, мұның қасында жүрген жеке адъютанты атқарып келді. Құпия керуенді ұйымдастыруға кім

басшылық жасады, аттанып бара жатқан керуенге кім соңғы сәттерде соғып, агентке ақырғы ақыл-кеңестерін берді. Әлбетте, өзі, тек ғана өзі – инфантерия генералы Густав Гасфорт.

Ол Гутковский мен Шоқанға еріп, алдына кірген Боқаш пен Мұсабайды да осындай масайраған көңіл-күймен қарсы алды. «Шапағаты мол патша сіздердің еңбектеріңізді лайықты бағалайды, үлкен марапаттарға ие боласыздар, мен өз басым ол жөнінде арнайы сұраймын, қандай бұйымтайларыңыз бар, қолдан келген көмекті аямаймыз, не керектің бәрін Гутковский мырзаға айтыңыздар», деп желпінді.

Адьютантының дерттеніп қалғанына аяушылық таныта отырып, тез сауығуына тілектестігін білдірді. Сапарға қатысты жайттарды сұрастырды, керуеннің басына бірнеше мәрте қауіпті сәт төнгенін, ұсталып қала жаздаған естіді. «Қашқария туралы есебіңізді тез аяқтауыңыз қажет. Петербордың асыға күтіп отырғанын ұмытпаңыз, бәлкім, жұмысыңызды бітірген соң, өзіңіз де астанаға барып қайтарсыз», деді.

Аз күннен кейін Сыртқы істер министрі, кінәз Горчаковке Дербес Сібір корпусының командирі, инфантерия генералы Гасфорт пен штаб бастығы, генерал-майор Гинтовт қол қойған баянат жолданды. *«Өткен жылдың мамыр айында Қашқарға аттандырылған керуен өзінің сауда істерін табысты аяқтап Семейге оралды. Онымен бірге Омбы қаласына сол керуенмен бірге болған, Аса ұлы падишамыздың қалауымен, Сіздің мәртебеліңізге мәлім құпия тапсырма жүктелген поручик сұлтан Шоқан Уәлиханов та қайтты. Осы офицердің сөзінен белгілі болғанындай, ол қауіпті жағдайдың бел ортасында жүргеніне, біздің керуен басшымызға қас пизылды кей саудагерлердің біліп қойғанына қарамастан, үкіметке пайдалы және қажетті көптеген мәліметтерді жинап үлгерді. Мен поручик Уәлихановқа оларды Сіздің мәртебеліңізге ұсыну үшін мүмкіндігіңше нақтылы түрде қағазға түсіруді бұйырдым. Бірақ бар көрген-білген жайтты жазып тауысу қиын болғандықтан, аталған офицерді Азия департаментінде тікелей өз аузынан тыңдау үшін С.-Петербургға аттандыру маңызды деп пайымдаймын, және мұны ол жазбасын бітірісімен және жыл бойы бастан кешкен ауыртпалықтардан мүжілген денсаулығын жөндесімен орындамақпын», – деп жазылды онда.*

Шоқан есепті жазу барысында кей мәселелерді пысықтап отыру үшін қажеті болады, деген оймен, Мұсабайды қасында қалдырды. Ол әу баста есебімді тез аяқтасам, күздің жауын-шашынына ұрынбай, Петерборға жетіп алармын, деп ойлаған. Әрі мұны шілде айының ортасына таман Тверьге беттеген жолында, Омбыда үш-төрт тәулік аялдап, өгей баласы Пашаны кадет корпусынан шығарып алып бара жатқан Достоевскийге де айтады. Жазушыға ана жолы Семейде сыйлыққа алған қағаз кесетін пышақтың қарымтасы ретінде, қолжазбалар, ұсақ-түйек заттар салуға арналған палисандр ағашынан жасалған сәнді қобдиды тарту етіп, «енді бір айдан кейін Петерборға жүрермін» деген. Шоқанның осы сөзіне сәйкес Достоевский Тверьде уақытша мекендеген кезінде, сол шақта астанада тұратын байырғы танысы А. Е. Врангельге қазанның соңында жазған хатында: *«...Сіздің маған сыйлаған кішкентай пышағыңызды, мен аттанар алдында өз тарапымнан Уәлихановқа тарту еттім. Бұл үшін кешірім сұраймын. Уәлиханов өте сүйкімді, өте тамаша адам. Қазір ол Петерборда болар? Мен Сізге ол туралы жаздым ғой деймін. Ол Географиялық қоғамның мүшесі. Уақытыңыз болса, Уәлиханов жайын сұрастырып білсеңіз екен. Мен оны өте жақсы көремін және оның хал-жайын білуге өте құштармын»*, – деп досына іздеу салады.

Алайда бұл кезде Шоқан әлі де Омбыда еді. Мұсабайды бір айдан астам уақыт қасынан жібермей, денсаулығы күннен-күнге әлсірей бергеніне қарамастан жұмыс істегенімен, тамыздың соңында кәдімгідей нашарлап төсекке жығылды.

Қайта, оның Қашқардан аман-есен оралғанын алдын ала естісімен, Көкшетаудан аға сұлтан әкесі Шыңғыс төре мен Баянауылдан аға сұлтан нағашысы Мұса мырза алып-ұшып жеткен кезде аяғынан тік жүргені абырой болды. Оларға Боқаш пен Мұсабайды таныстырды, өзінің келу құрметіне жайылған дастарқандарда бірге отырды. Әкесі мен нағашысы Шоқанның дімкәстігін бірден байқады. Жандары езіліп: «денсаулығыңды жоғалтып қайтыпсың ғой, елге барып қымыз ішіп, құлын жеп сақаймайсың ба?» – деп еді, Петерборға жіберетін есепті тезірек бітіруі керектігін, Омбыда жүріп те емделуді қолға алатынын, осы жерде де қымыз ішіп, құлын етін жеуге болатынын айтып көңілдерін жұбатты. Екі аға сұлтан буынсыз жерге пышақ ұра

алмай, ақ патша тапсырмасымен көміліп отырған Шоқанның дертті халіне бастарын шайқай-шайқай дуандарына қайтқан.

Олар кеткесін, көп ұзамай-ақ жұмысты жалғастыруға әл-дәрмені келмей жатып қалды. Үш айдай уақыттан кейін ғана күшті ем-домның арқасында басын көтеріп, өз-өзіне келді. Жұмыс істеуге жарамай қалған кездерінде, есепті жазу жұмыстарына Гутковскийдің өзі де араласып көмегін берді.

Потанин досы бұл кезде Омбыда жоқ. Петербор университетіне түсуді армандаған ол, өзіне жанашырлық танытқан адамдарды араға салып жүріп, әскер қатарынан әзер босанып, сол жылдың көктемінен бастап Том қаласына кеткен. Алтын кендерінде жұмыс істеп, ақша тауып, Петерборға жетпек болған. Томда айдаудағы анархист М. А. Бакунингке жолығып, оның ақылымен Барнаулға келіп, алтын құймалар таситын кірешілер керуеніне ілесе жаз кезінде астанаға ат басын тіреген. Шоқанның арқасында танысқан П. П. Семеновты іздеп тауып, оның көмегімен университеттің жаратылыстану факультетіне түсіп те үлгерген еді.

Желтоқсанның басында ғана денсаулығы бері қараған Шоқан, өндірте еңбек етіп, қаңтардың ортасына таман есебін аяқтады. Қолы әдемі көркем жазушыға көшіртіп те бітті. Қаңтардың 27-сі күні генерал-губернатор Гасфорт Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің директоры, генерал-майор Ковалевскийге хат жөнелтті. Онда: *«Мейірбанды әміршім, Егор Петрович! Мен осы поштамен мәртебелі Сыртқы істер министрі мырзаға поручик Уәлиханов жинаған Шығыс Түркістан туралы мәліметтерді ұсынамын, оның артында сұлтан Уәлихановтың өзін де С.-Петерборға аттандырамын...»*, – деп жазылды.



## ЖЕТІНШІ БӨЛІМ

### ИМПЕРИЯ АСТАНАСЫ

#### I. «Владимир» орденінің мұсылман иегері

...1860 жылдың ақпан айының соңында Петербордың Николай теміржол вокзалына іңір іліне келіп тоқтаған пойыздан үстіне құндыз жағалы әскери шинель киген, жүдеу өнді поручик түсті. Империя астанасында қыс кәдімгідей қақап тұр екен. Баста жол азабы дәл мұндай ауыр бола қояр деп ойламаған-ды. Омбыдан шығысымен күн суытып кеп берсін. Мәскеуге дейінгі Түмен, Екатеринбург, Пермь, Қазан, Мәкәржі (Төменгі Новгород), Владимирді баса жүрген шана жолының өзіне жарты айдай уақыты кетті. Боран қатты соғып, жылжу қиын боп қалған сәттерде бірнеше күнді бекеттердің қырау көмкерген тоқырау бөлмелерінде сарсыла күтумен өткізді. Мәскеуге жеткесін пойызға ауысты. Осыдан тоғыз жыл бұрын ғана құрылысы аяқталып, Петербормен екі араны жалғастырып жатқан темір жол қозғалысы шанадан гөрі тез, әрі жайлы екен. Екі тәулікке жетер-жетпес уақытта астанаға жетіп келді.

...Қолымен белгі беріп еді, вокзал алаңында самсап тұрған жеңіл күймелердің бірі лып етіп алдына тоқтай қалды. Көшір секіріп түсіп, жүктерді күйме артына жайғастырды.

– Мәртебелім, қайда бұйырасыз?

– «Демут» трактиріне!

Күйме Нева даңғылына шықты да маңдай тұстағы адмиралтейство мұнарасының бозамықтанған сұлбасына қарай тура тарта жөнелді. Поручик арба үстінен өзіне талайдан сырттай мәлім көше тіршілігін байқаптап келеді. Бұл әйгілі көше оған сонау кадет корпусында жүрген кезінде Гогольдің «Нева даңғылы» атты ғажап шығармасын оқығалы бері таныс. Ұлы жазушының мысқыл мен шыншылдықты қабыстыра бейнелеген туындысындағы Петербор өмірінің кесек портреті сол қалпымен жадында қалып қойған. Одан бері де іргесін Бірінші Петр қалаған

«солтүстік Пальмира» жайында көп нәрсеге қанық болды. Астанадан шығатын қалың-қалың жұрналдардың, құлаш-құлаш газеттердің өзі де Петербор өмірінен талай хабар айтады. Ол жөнінде Достоевский мен Дуровтан, Семенов пен Гутковскийден естігені де бірқыдыру. Тіпті ана жылы осы жаққа қазақтың аға сұлтандары мен билерінің депутациясы құрамында Бірінші Николай патшаның қазасына көңіл айту мен жаңа императорды ұлықтауға, одан кейін Екінші Александрдың таққа отыру салтанатына қатысу үшін арнайы сапарлап келіп кеткен қазақ төрелері мен билерінің айтқан әңгімелері де құлағында.

Енді, міне, сәулет өнерінің айшықты туындыларымен, патша мен оның төңірегіндегілердің сән-салтанатты сарайларымен безендірілген паң Санкт-Петербурға, Пушкин мен Гогольдің, Гончаров пен Достоевскийдің әр сипатты кейіпкерлері күн кешкен байтақты шаһарға, сол шақта Тургенев пен Добролюбов, Чернышевский мен Некрасовтар өндірте еңбек етіп жатқан рухани ойлар ордасына, академиясы мен университеті, географиялық қоғамы мен тұңғыық мұрағаттары, кітапханалары мен театрлары бар ғылым мен мәдениет орталығына оның өзі келе жатты.

Күйме күн суық болса да адамдар ерсілі-қарсылы ағылған Нева даңғылымен жүре отырып Қазан соборынан өткесін ілгері сәл жылжыды да, Строганов сарайының түбінен оңға бұрылып, Мойка суын жағалай барып үш қабатты үйдің алдына тоқтады.

– Мәртебелім, келдік, – деді көшір.

Поручик оған жүгін көтерткізіп трактирдің ауыз бөлмесіне кірген кезде, алдынан елпілдей шыққан қызметші мырзаның не қалайтынын сұрады.

– Жайлы бөлме керек, – деді қалжыраңқы кейіппен поручик.

– Бірінші бөлмеге жайғаса қойыңыз, мәртебелім, өзі кең, өзі жылы, – деді қызметші. Сөйтті де қонақтың үлкен шабаданын көтеріп екінші қабатқа бастады. Терезесі Мойкаға қараған, алдында кіреберісі бар бөлме екен. Поручик үстіндегі шинелін босағадағы киім ілгішке ілді де, қалтасынан құжатын алып тіркету үшін мейманхана қызметшісіне берді. Содан соң ыстық шай мен тамақ жеткізуін сұрады.

Қызметші төмендегі орнына келіп, келушілерді тіркейтін қалың кітапты ашып, қолындағы офицерлік куәлікке үңілді. Онда

«Поручик, Сұлтан Шоқан Уәлиханов» деп жазылыпты.

Бұл саяхатшының Қашқар сапарынан кейін арада он айдай уақыт өткен соң ғана Петерборға енді іліккені болатын.

Арнайы шақырумен империя астанасына келген Шоқанның «Демут» мейманханасына ат басын тіреуінің өзі де жайдан-жай еместей көрінеді. Жолға шығар алдында пікірлескен адамдар оған осы «Демутқа» түскенің жөн болады деп ақыл бергендей. Себебі дәл трактирдің қарсысында терезелері Мойкаға қараған Бас штабтың шығыс корпусы тұр. Онда Сыртқы істер министрлігінің департаменттері орналасқан.

Сондай-ақ «Демутқа» түскен кезінде Шоқан есіне А. С. Пушкиннің «Бекетші» повесі оралғаны да күмәнсіз. Себебі Пушкин мен Лермонтов шығармаларын құлай сүйіп, олардың прозасындағы әскери адамдар галереясын жанына жақын тартатын жас офицер ұлы жазушының өз шығармасында бекетшінің қызы Дуняны алып қашқан ротмистр Минскийді осы трактирде тұрақтатқанын жақсы білетін. Әрі Пушкиннің өз кейіпкерін «Демутқа» орналастыруында да сыр бар. «Демут» – ұлы ақынның өз басы ғана емес, оның туған-туысқандарының да Петерборға келгенде аялдайтын үйреншікті мекендерінің бірі болатын. Сондықтан да Пушкин өзіне жақсы таныс сол мейманхананы повесінде деталь ретінде пайдаланған-ды.

Ресей Сыртқы істер министрлігінің мұрағатында сақталған дерекке қарағанда, жолшыбай боранды күндердің суығына ұрынған поручик Уәлиханов Петерборға келгесін тағы ауырып қалған. Оның сол жағдайына байланысты И. И. Лилианберг деген дәрігерге министрлік кеңсесінен мынадай өтініш жазылыпты: *«Мархабатты әміршім, Иван Иванович! С-Петербургға қызмет бабымен келген Батыс Сібір генерал-губернаторлығында істейтін поручик Уәлиханов дәрігерлік көмекті қажетсінеді, ал оның бұл жерде таныстары жоқ, сондықтан да мен оны Сіздің қамқорлығыңызға тапсырамын. Поручик Уәлиханов қызметке пайдалы офицер ретінде Сыртқы істер министрі<sup>21</sup> мырзаға*

---

<sup>21</sup> Сыртқы істер министрі - әйгілі дипломат Александр Михайлович Горчаков. Ұлы ақын Пушкинмен лицейде бірге оқыған, кейін де онымен шынайы қарым-қатынастарын үзбеген жақын досы,

*тікелей мәлім, және Иван Матвеевич<sup>22</sup> те оны Сізге ерекше тапсырады. Поручик Уәлиханов «Демут» мейманханасының 1-пәтерінде тоқтады. Наурыздың 14-і, 1859 ж.».*

«Демут» деген мейманхана қаланың қай тұсында?

1981 жылы Петерборға арнайы келіп, Шоқанға қатысы бар мекендерді іздеу жұмысымен айналысқан қазақ жазушысы Амантай Сатаев пен суретші Мэлс Ержановқа көлденең тартылған сауалдың бірі осы еді. Олар қалаға қатысты әртүрлі анықтамалық кітаптарды ақтарып көріп, мардымды ештеңе таба алмаған. Мейманхананың Мойка жағалауында тұрғаны белгілі. Бірақ дәл қай үйде? Пушкин мен Шоқан заманынан бері көп нәрсе өзгерген. Трактир орналасты-ау деген үй маңын да біраз төңіректеді. Алайда Мойка бойының көнекөз тұрғындарының өздері де оның бұрын «Демут» деп аталғанын айтып бере алмады. Тек қазан төңкерісіне дейін бұл үйдің «Медведь» деген мейманхана болғанын, ал қазір маңдай беті Желябьев көшесіне шығып тұрған эстрада театрында сол аттас ресторан орналасқанын ғана еске түсірді.

Ақыры зерттеушілерге бұл түйткілді Петербор қаласы тарихы мемлекеттік мұражайының қызметкерлері ашып берді. Олар Мойка бойындағы үйлердің тарихына қатысты құжаттарды қарастыра отырып, қазіргі кездегі 40-нөмірлі үйдің орнында «Демут» мейманханасының болғанын анықтады Мұрағат мәліметтері бойынша, оның иесі заем банкінің директоры Ф. Я. Демуттың қызы Е. Ф. Демут екен. Шоқандар түскен кезде ол үш қабатты үй болыпты. Содан өткен ғасырдың соңында үстіне тағы екі қабат қосылып, түгелдей тұрғын үйге айналыпты. Жиырмасыншы ғасырдың басынан трактирдің аты да, заты да жұрт санасынан өше бастаған.

1985 жылы Шоқан ғұмыр кешкен мекендер сорабымен жүрген сапарымыз барысында Петерборға жолымыз түскенде, астыңғы қабатына құрылыс мекемесінің кеңсесі, үстіне тұрғын пәтерлер орналасқан сол үйді біз де арнайы барып көргенбіз.

---

кінөз.

<sup>22</sup> Иван Матвеевич - Сыртқы істер министрінің орынбасары, граф И. М. Толстой.

Баспалдақтарымен екінші қабатқа дейін көтеріліп, әрі қарай пәтерлер басталып кеткесін, қайтадан тысқа шықтық. Іргеде Мойканың қара қошқыл суы тұнжырай толқиды. Гранит жағалауға таяна тұрып, маңайдағы көріністі қайта шолдық.

Петерборға келген алғашқы кезінде Шоқан мына үйден шығып, қызметіне бет алар еді. Қарсы бетте тұрған Бас штаб үйіне сол жақтағы Полицей немесе оң жақтағы Певческ көпірлері арқылы айналып баратын. Алғашқы көпір Нева даңғылының үстінде жатса, екінші көпір Сарай алаңының бір шетін құрайды. Көпірге шыққан кезде аржағынан Қысқы сарай мен Эрмитаж театрының сәулетті ғимараттары, мына тұсынан Бас штабтың доға тәрізді иілген сәнді қақпасы түгел салтанатымен көрініс береді. Содан соң ол Мойканы жағалап келіп, Сыртқы істер министрлігінің департаменттеріне кіретін. Біз де осы ізді қайталап өткенбіз. Ол ғимарат кейіннен жобалау мекемелеріне берілген екен.

...Қашғар қаһарманы Шоқанды Әскери министрлік пен Сыртқы істер министрлігіндегілер асыға күтіп отыр екен. Оның алдын ала шұғыл поштамен жеткен есебімен танысып үлгерген жоғары ұлықтар алғашқы күннен-ақ ержүрек жиһанкездің өзімен танысуға, көп мәселенің жай-жапсарын ауызша сұрастыруға мол ықылас білдірген-ді. Әсіресе оған Сыртқы істер министрінің орынбасары, Азия департаментінің директоры, Императорлық Орыс география қоғамы төрағасының орынбасары, ғалым, саяхатшы, жазушы, Егор Петрович Ковалевскийдің (1810-1868) пейілі ерекше. Ол өзі ұйымдасуына бас-көз болған қатерлі сапарды ойдағыдай атқарып қайтқан қазақтың жас жігітінің алғырлығына, біліміне, жан-жақтылығына, жазу шеберлігіне ризашылығын жасыра алмайды. Шоқан да талайдан атына сырттай қанық әйгілі саяхатшының тікелей қол астына келгеніне ырза екендігін айтады. Оның шығармаларымен жақсы таныстығын, қазақтың Махамбет ақынымен қалай кездескені жайындағы туындысын аса қызығушылықпен оқығандығын білдірген.

Әскери министр генерал-адъютант Н. О. Сухозанет пен Бас штабтың генерал-квартимейстері барон В. К. Ливен тарапынан да алдында ғана Дербес Сібір корпусының командирі Гасфорттан жеткен өтінімхатта сұралған Уәлихановты Әулие Анна орденінің

үшінші дәрежесімен марапаттау, кезекті штабс-ротмистр шенін беру туралы ұсынысқа тоқтау болған жоқ. Беларустың шляхталық (аксүйектік) тұқымынан шыққан артиллерия генералы Николай Онуфриевич Сухозанет өз министрлігі аясындағы армия кавалериясының поручигі Уәлихановпен дереу жүздесіп, әңгімелесу барысында, «азиялық бұратана халық» деп менсініңкіремейтін ел арасынан шыққан жас офицердің біліктілігіне көңілі толды. Бас штабтың генерал-квартимейстері, Курляндия немістерінен өрбіген Вильгельм Карлович Ливен екеуі Қашқар керуеніне қатысушыларды марапаттау туралы құжаттарды тездетіп әзірлеуге кірісті. Сонау 1825 жылғы прапорщик кезінде «орыс саудасына едәуір нұқсан келтіріп жатқан Қырғыз-Қайсақ даласының қарақшыларын жою үшін» деген пәрменмен Арал теңізіне аттандырылған полковник Ф. Ф. фон Бергтің (сол кезде Финляндия генерал-губернаторы) жазалаушы экспедициясына қатысып, қазақ жерін барлап қайтқан, бүгінде инфантерия генералы Ливеннің кеңсесіндегі қызметкерлер қазақ даласынан шыққан офицер мен құпия керуенге қатысы бар адамдарды марапаттау туралы Бас штаб департаментінің баян құжатын тап-тұйнақтай ғып дайындап берді.

Қашқар керуенін ұйымдастырушыларға құрмет көрсету жөніндегі ұсыныстың әуелгі жобасы аз күннің ішінде императордың алдына жеткенде, II Александр Әскери министр мен Бас штабтың өзін таңғалдырған түзету енгізді. Патша өз қолымен «Уәлихановқа Владимирдің төртінші дәрежесі, басқаларына қарсы емеспін» деген белгі соқты. Бұл әу баста Гасфорт ұсынған Аннаның мәртебесінен үш саты жоғары, офицерлік наградалар арасында Қасиетті Георгийдің төртінші дәрежесінен бір саты ғана төмен тұратын орден еді. Бас штаб департаментінің мамандары қолма-қол Владимир орденіне қатысты ережені қарап жіберіп, оның төртінші дәрежесі: *«өміріне қауіп-қатер төнгеніне қарамастан, басшылықтың маңызды тапсырмасын табысты орындаған адамға беріледі»*, деген бабына сүйене отырып, Уәлиханов атқарған қызмет осы талапқа дәл үйлеседі деп тапты.

Сәуірдің 6-сы күні Император атты әскер поручигі Шоқан Уәлихановқа кезекті штабс-ротмистр шенін беру және Ізгі

Апостол мәнді кінәз Владимир орденінің IV дәрежесімен марапаттау туралы жарлыққа қол қойды. Бірер күннен кейін патша атынан жазылған грамота саяхатшының қолына әспеттеп ұстатылды.

***«Құдайдың шапағатымен, біз, Екінші Александр, Бүкілресейлік Ұлы мәртебелі император, поляк патшасы, финляндтың ұлы кінәзі, тағы сол сияқты, тағы сол сияқты, тағы сол сияқты, біздің армия кавалериясы құрамындағы поручигіміз, сұлтан Шоқан Уәлихановқа***

*Бірқатар шекаралас ортаазиялық иеліктерді бақылап қайту жөніндегі сізге жүктелген қиындығы мен қатері мол тапсырманы орындау кезінде көрсеткен үздік-қажырлы һәм ынталы қызметіңізді бағалай отырып, біз 1860 жылғы сәуірдің 6-сы күнгі мархабатты жарлығымызбен сізді біздің Императорлық Ізгі Апостол мәнді князь Владимир орденінің төртінші дәрежесімен марапаттадық...»,* – деген жазулар айшықтала өрнектелген еді онда.

Осы грамотаның соңында Императорлық және патшалық ордендер Капитуліне (Кеңсесіне) Ш. Уәлихановқа христиан еместерге арналған орден тапсырылуы керектігі де атап көрсетілген болатын. Себебі Ресейдің Георгий, Владимир, Анна, Станислав секілді ордендері негізінен крест түрінде бейнеленгендіктен, мұсылмандарға сол шармықтың орнына Ресей империясының екі басты бүркіт түріндегі гербімен алмастырылған ордендер берілетін.

Орденнен бөлек 500 сом күміс ақша және бір жолғы сыйақысы тағы бар. Әскери министр Сухозанет пен барон Ливеннің Сыртқы істер министрлігімен келісе отырып патшаға ұсынған Қашқар сапарына қатысушыларды марапаттау туралы құжатта керуенді жасақтаған Боқаш пен керуенбасы Мұсабай, Сібір қазақтары облысы әскери губернаторының орынбасары, полковник Гутковскийлердің аты-жөндері де болған-ды. Шен мен сыйлықтарға олар да лайық деп табылды. Боқашқа хорунжий шені мен мойынға ілетін владимир лентасына тағылған «БІнтасы үшін» алтын медаль, Мұсабайға мойынға ілетін станислав лентасына тағылған «БІнтасы үшін» алтын медаль берілді.

Гутковский жылдық жалақысының бір айлық орташа көлеміндегі 687 сом сияпатын алды. Сондай-ақ керуенді аттандыру жөніндегі шығындарды мемлекеттік қазынаның есебінен жабу туралы шешім шығарылды. Бас штабтың мұрағатындағы құжаттарда сол сәуір айының соңында Петерборға Мұсабайдың өзінің да келгені жөніндегі деректер сақталып қалған. Сондықтан керуенбасыға жеке өзіне төленетін шығын мөлшері Шоқанның тікелей өтініш жазып араласуымен, сол астананың өзінде Мұсабайдың қолына ұстатылған.

Шоқан ағасындай жақын көріп кеткен Мұсабайға бұдан кейін де қолдан келген көмегін аяған жоқ. Жазға қарай, өзінің атынан Сыртқы істер министрлігінің басшылығына қосымша ұсыныс түсіріп, Мұсабайға медальден бөлек хорунжий шенін де әпергізді. Сапар барысында қиындықты бірге көтеріскен серіктерінің де еңбегі ерекше еленуі сұралып, керуенбасыдан басқа 24 адамның аты-жөнін қоса тізіп берді. Шоқан ұсынған олардың бәрі императордың пәрменімен, алтын медальдан бастап, қымбат шапан, 20 сом күміс ақшаға дейінгі тарту-таралғыларға ие болды. Марапатталғандардың арасында Ыстықкөл төңірегінде керуенге көп қолғабыс беріп, сарыбағыштар шабуылынан қорғауға көмектескен бұғының манабы Шоң-Қараш Рахматұлы да бар еді. Оның қызметі де хорунжий шенін алуға лайық деп табылды...

1856 жылдан Ресей Сыртқы істер министрі, әйгілі дипломат, кінәз А. М. Горчаков Шоқанның есебімен тыңғылықты танысып шыққаннан кейін Ковалевскийдің «поручик Уәлихановты Әскери министрлікпен қатар Азия департаментінде де тіркеп, екі министрліктің де тапсырмаларын жүктеуге болады» деген ұсынысына келісетінін білдірді. Шоқанның өзімен кездескенді мақұл көрді. Пушкинмен лицейде бірге оқыған, әдебиетке біртабан жақындығы бар, ақсүйек мәмілегер Горчаков өзі басқаратын уәзірлік құрамындағы драгомандық (тәржімандық) қызметке қабылданылуы ұйғарылып отырған қазақтың айбынды хандар әулетінің тұқымымен шешіле әңгімелесті. Дәл өзі пайымдағандай, ойы алғыр, кеудесі зерек екенін көріп, мерейленді. Өңі жүдеу тартқанымен, жанары отты жігіттің алдағы жұмысына жеміс тіледі. Отан мүддесі, ғылым үшін атқарылған еңбектің мәні үлкен, өтеуі зор болатынын, ол аяқтап



қайтқан сапардың тарихи, географиялық жағынан ғана емес, көршілес елдермен келешек қарым-қатынастарды болжамдауға мүмкіндік әперетін саяси салмағы да басым екендігін атап айтты. Сіз өз халқыңыздың асыл текті хандар әулетінен шыққан офицер екенсіз, алайда сіз бүгіндері тек өз ел-жұртыңыздың ғана емес, күллі Ресейдің мақтанышына айналып отырсыз, еуропалық ғылымға да мол үлес қостыңыз, сіздің болашағыңыздан бәріміз зор үміт күтеміз. Мына есебіңіздің қажетті деген тұстарынан Географиялық қоғам мүшелеріне хабарлама жасасаңыз Сізге өте-мөте риза болған болар едім, деді министр кездесудің соңында.

Тамаша ғылыми-публицистикалық стильде жазылған «Алтышәрдің немесе Қытайдың Нанлу провинциясының (Кіші Бұхараның) шығыстағы алты қаласының жайы» атты аса құнды еңбегімен империя астанасындағы ғалымдарды, әскери мамандарды, географтар мен журналистерді бір сілкіткіп тастаған Шоқан есімі тез арада-ақ көп назарына ілікті. Олар жас қазақ жігітінің Қашқария жөніндегі есебін «шын мәніндегі айтулы географиялық жаңалық», «үкімет үшін, әрі ғылым үшін аса пайдалы еңбек» деп бірауыздан жоғары бағалады.

Аз уақыттың ішінде-ақ ол өзі бұрын сырттай білетін әйгілі ғалымдармен, шығыстанушылармен жақын танысып алды. Генерал-майор Ковалевский оны ғылым академиясының президенті, тарихшы, граф Д. Н. Блудовқа (1785-1864) арнайы ертіп апарып жолықтырса, «Орыс география қоғамы жазбаларының» редакторы, профессор А. Н. Бекетовпен (1825-1902), Бас штабтың азиялық бөлімінің бастығы, полковник Д. И. Романовскиймен (1828-1881), Орыс география қоғамының ғылыми хатшысы, Азия департаментінің қызметкері Ф. Р. Остен-Сакенмен (1832-1916), сол кезде үш томдық «Қасымнан тараған хандар мен ханзадалар туралы» зерттеуін жазып жүрген жас ғалым, өзі бұрыннан еңбектерін сүйсініп оқитын В. В. Вельяминов-Зерновпен (1830-1904) жақын араласып кетті.

Ковалевскийге дейін Азия департаментін басқарған, бұл күндері сенатор Николай Иванович Любимов (1810-1875) те Шоқан десе үйіріліп қалады. Мәскеу университетін бітіргесін Азия департаментінде істеген ол сонау қырқыншы жылы пристав ретінде Бейжіңдегі діни миссияға Захаров, Кафаров, Татаринов, Васильев сияқты болашақта ірі синологтарға айналатын

шәкірттерді жеткізіп, мерзімі аяқталған мүшелерді кері алып қайту міндетін де атқарған екен. Сол сапарда екі жыл жүріп оралғасын, өзіне жүктелген тапсырманы ойдағыдай орындаған оған, статс кеңесшісі азаматтық шені беріліп, 1843 жылдан Азия департаменті директорының орынбасары боп тағайындалған. 1852 жылдан директоры атанған. Көп жыл бойы Азия істерімен тікелей айналысқан аққаптал шенеуніктің Шоқанмен әңгімелесетін тақырыбы жетерлік. Қытайға, Қашғарияға, Қоқан хандығына, қожалар көтерілістеріне қатысты сан-алуан сауал қояды. Ара-арасында Захаровтармен бірге Бейжіңге барған сапарларында бастан кешкендерін айтып отырады...

Шоқан ұстазы Костылецкийдің тапсырмасымен жастайынан арнайы ғылыми хаттар жазған, 1855 жылдан Петербор университеті шығыс тілдері факультетінің профессоры боп істейтін, сол шақта Рәшид әд-диннің «Жылнамалар жинағын» парсы тілінен аударып-бастырумен айналысып жүрген И. И. Березинмен (1819-1895) де аңсай қауышты. Ол кісі арқылы әйгілі эзербайжан ғұламасы, өз зерттеулерін ана тілінен басқа, араб, парсы, ағылшын, француз, түрік, орыс тілдерінде қатар жазатын, «рессей шығыстанушыларының атасы» деген зор аты бар Мұхамедәлі мырза Қазымбекпен (1802-1870), Құлжадағы консул Захаровпен бірге Бейжің діни миссиясында қатар оқыған белгілі синолог, Петербор университетінің профессоры В. С. Васильевпен (1818-1900) жақын танысады. Шығыстануда өздерінің асқар шоқылары бар осы үш профессордың үйлеріне емін-еркін барып тұратын қадірлі меймандарының біріне айналады. Қазымбектің шәкірті, татардан шыққан зерделі шығыстанушы Хұсайын Файызханмен (1828-1866) рухтас, тілектес дос боп кетеді...

## **2. Қаламгерлер ортасында**

Оның Петерборға келісімен асыға іздеген адамының бірі – Федор Михайлович Достоевский еді. Желтоқсан айының ортасынан бері астанада тұруға рұқсат алған жазушы, Тверьден жаңа жыл алдында көшіп келіп, әдебиет майданына бел шеше қайта кірісіп кетіпті. Жоспарлары үлкен. Он жыл бойы тоқтап қалуға мәжбүр болған шығармашылығын ерекше жігермен,

жанкешті еңбекпен қайта ұластыру үстінде. Семейде үйленген зайыбы Мария Дмитриевна екеуі Полибин деген көпестің тас үйінің шағын пәтерін жалдап тұрады. Кең үйді мекендегенге не жетсін, бірақ оған қаражаттың кемдігі қолбайлау. Ағасы Михаил мүмкіндігі келгенше көмегін беріп жатыр, қайта-қайта алақан жая беру де ыңғайсыз. Петерборға оралғанда қалай күн көру мәселесін екі жыл бұрын Семейде жүрген кезде-ақ алдын ала ойластырған боп, айдаудағы бұған рұқсат етпейтіндіктен, жұрт қатарлы жазушылығы мен сыншылығы да бар ағасына жаңа әдеби және саяси журналды өз атынан тіркете беру жайында ұсыныс білдірген еді. Сол мәселе Петерборға келгесін, әрі қарай пысықталып, келер жылдан ағасының редакторлығымен «Время» («Уақыт») атты журнал шығаруды қолға алғалы отыр екен. Қазір Михаил Михайлович шағын темекі фабрикасынан түскен шамалы табысын сол журналдың аяқтанып кетуі үшін тірнектеп жинап жатыр.

Мәскеуде жазушы Н. А. Основскийдің баспасында өзінің екі томдығы дайындалуда. Журнал екі жылдан кейін ғана пайда беруі мүмкін. Өстіп-өстіп тырбанып, қиындықтан шығып кетерміз деген ойда. Қазір Семейде бастаған «Өлі үйден жазбалар» атты екі бөлімнен тұратын шығармасын түні бойы отырып жазуға кіріскен. Ұйқы қашыру үшін таң атқанға дейін бір самаурын шайды түгесетіні бар.

Шоқан жазушының зайыбы Мария Дмитриевнаның реңіндегі солғындық табын бірден байқады. Семейдегі Достоевский ынтық болған аяулы бейнеден кәдімгідей өзгеріп, жүдепті. Алыс жол азабы, Тверьде уақытша тұрған кездегі жоқшылық зардабы, Петербордың дымқыл ауасы, отбасыдағы жетімсіздік оның бұрыннан өкпе ауруының ұшқыны түскен денсаулығына кері әсер еткендей. Жазушының келіншегін мұндағы туыстары да аса ықыласпен қабылдай қоймаған сыңайлы. Әдетте науқасты жандар бойында болатын сәл нәрсені көңілге дық алушылық, жөнсіз күдікшілдік біртін-біртін екеуінің қарым-қатынастарына сызат түсіре бастапты. Зайыбының: «Мені жақсы көрмейсің, баламыз екеумізді ауырсынып жүрген шығарсың, туыстарыңның бізді жақтырмайтыны онсыз да белгілі, сенің жазушылығың кімге керек, өзінді Гогольге ұқсатқың келеді, адам бір уақ өз шамасына да қарау керек ғой», деген сияқты кінәлаулары көбейгенін

бауырындай жақын боп кеткен қазақ досына қаламгер сәл жабыға отырып, сыр ғып жеткізді. Мария Дмитриевнаның саулығы онша мәз еместігін өзі де аңғарып отыр, оқта-текте жөтеліңкіреп қалады. Шоқанға белгілі дерт нышаны. Қашғардан қайтарда тау асуларындағы ызғардан денесін суық қармап қалып, ақыры Омбыға келгенде төсекке сұлатқан науқастың сыңайы. Әйтеуір дәрігерлердің күшті ем-домы, бапты қымыздың қуаты арқасында көкірегін тұтқалы келген дерттің бетін әзер қайтарды ғой. Ал мына дым бүріккен Петерборда ондай жағдай қайдан болсын. Сол кездерде орыстың белгілі адамдарының іргелес жатқан башқұрт арасына қымыз ішуге барып, денсаулықтарын оңдап қайтатынын білетін ол: «Жақын маңда ауасы құрғақ, қымызбен емдейтін мүмкіндігі бар жерлер болса, жіберіп алғаныңыз дұрыс ғой», – деген. Жазушы оны да сұрастырып жүргенін, Қазан, Уфа жаққа бару алыстық ететінін, Мәскеудің аржағындағы орманы қалың Владимир қаласында қымызбен емдейтін жер бар, деп естігенін айтқан.

Достоевский Петербордағы әдеби ортамен сағына қауышыпты. Өзінің байырғы танысы, сонау 1849 жылдың аяз буған желтоқсанында бұлар Сібірге айдалып бара жатқанда, ағасы Михаил Михайловичпен бірге Петропавл қамалынан аяушылықпен шығарып салған, Семей мен Тверьге хат жазып тұрған жазушы Александр Петрович Милуковтың үйінде өтетін сейсенбіліктерге үзбей қатысады. Қазір Милуков «Светоч» (Шамшырақ) журналының бас редакторы. Өз басылымының қызметкерлеріне қоса, басқа да қаламгерлердің бастары қосылатын ол үйірмеде әдебиет пен қоғам өміріне қатысты әртүрлі тақырыптар қозғалады. Араларына Достоевский қосылғалы бері бәрінің ұйып тыңдайтыны – жазушының айдауда болған кездерінде көрген азаптары, нешетүрлі әділетсіздік көріністері, қазақ жерінде өзімен тағдырлары тоғысқан адамдар туралы айтатын әңгімелері болыпты. Бір ретте Шоқанды ерекше мақтап сөз етіпті. «Бәрі сіздің Қашқарға құпия түрде барып қайтқан сапарыңызға, бітім-болмысыңызға ерекше қызығушылық танытты. Әні-міне, өзі де Петерборға келіп қалуы керек, деп едім, сейсенбілікке міндетті түрде алып келуді өтінді. Сізбен кездесіп, сөйлесуге аңсарлары ауып отыр. Келесі жолы бірге барайық», деді жазушы.

Милоков пен Достоевский төңірегіндегі қаламгерлер Шоқанды бірден өздерінің жанына жақын қабылдады. Федор Михайловичтің ежелгі досы һәм құрдасы, маңғаз ақын Аполлон Майков, Семейден жіберген «Ағайдың түсі» атты повесі «Русское слово» журналында жарияланғанда, редакторы болған белгілі ақын Яков Полонский, «Светочтың» әдебиет сыншысы, кейіннен «Время» журналының негізгі қызметкері әрі идеологтарының бірі ретінде танылған Николай Страхов, сол «Времяның» жетекші сыншысына айналған ақын Аполлон Григорьев, ақын, аудармашы Лев Мей, Достоевскиймен бұрыннан таныс дәрігер, Тверьге тұрғанда арнайы соғып денсаулығын қарап кеткен Степан Яновский сияқты сол заманның зиялы қауымының белді өкілдері қатарынан саналатын, жастары қырықтың о жақ, бұ жағындағы, пікірлері мен ойлары орныққан тұлғалар, Шоқанға ана жылы Достоевский қалай тәнті болса, дәл сондай ықыласпен үйірілді. Олардан кейінгі буын, отызға енді шыққан сатирик-ақын, көсемсөзші, аудармашы Николай Курочкин, жазушы Григорий Данилевский, қазақ саяхатшысымен түйдей құрдас сатирик-ақын, аудармашы Дмитрий Минаев, Шоқаннан екі жас кіші тарихшы әрі журналист Михаил Семевский, бес жастай кішілігі бар албырт қаламгер Всеволод Крестовскийлер де қазақ перзентіне ақтарыла төңкерілді.

Орыс әдебиетінде өз орындары бар аталмыш қаламгерлер араларына қосылған Шоқанды әңгімеге тартып байқап еді, жас офицердің білімі ұшан-теңіз, сөзге шешен, эзіл-оспаққа жүйрік, пікірталаста тапқыр боп шықты. Жазушылар ортасына бойы үйренген келесі отырыстарда өзі де ашыла бастады. Әңгімелері тыңдаушыға тартымды бола түсті. Үйірме мүшелері Шоқанның сапармен барған Құлжа мен Қашқарға, Омбыдағы жоғары ұлықтардың тіршілік салттарына, қазақ өміріне, Петерборға келгелі байқаған жайттарына қатысты құлпыртып жеткізетін әңгімелерін қызыға тыңдар еді. Әр нәрсені майын тамызып, әжуа-қалжыңға қанықтыра білетін шеберлігіне тәнті болар еді.

Мәселен, бірде ол Марс алаңында әлдеқандай бір әскери парадты тамашалап тұрыпты. Ығы-жығы көп жұрттың арасында үстіне көнетоз шекпен киген бір қарапайым адам, кербезденіп тұрған жас ақсүйек мырзаны байқамай қағып кетіпті. Жігіт

қабағын тыжырынып: «Неге осы жұртты тазартпайды екен», – деп қалады. Сол замат Шоқан да оған жалт бұрылып: «Ал, сіз Разиннің жұртты қалай тазартқанын білесіз бе?» – іле жауап қайырыпты. (Соның алдында ғана Петербор университетінің орыс тарихы жөніндегі профессоры, жазушы Н. И. Костомаровтың «Степан Разин бүлігі» деген кітабы шығып ел аузында жүр еді).

Шоқаннан алған тақырыптар бойынша ақпаптал ақын А. Майковтың өзі «Далада», «Асқар тау мұздары», «Емшан» секілді өлеңдерін жазды. Төрт-бес жылдан соң «Петербордың күңгірт түкпірлері» романымен әйгілі болатын В. Крестовский, ол берген қызықты да ұтқыр тақырыптарды дереу өлеңдер мен романстарға айналдырып, дулы көпшілік алдында оқып жүрді.

Достоевский төңірегіндегі рухани ой иелері мен қазақ перзенті арасында соншама бейілді, қылаусыз қатынастардың қалыптасқанына, олардың кейінгі жылдардағы хат алысулары да куә. Шоқан елде жатып сол тұлғаларға жазған хаттарында ортақ таныстарының жай-күйлерін сұрайды, сәлем айтады. Әрі оның Достоевскийге жолдаған хаттарынан бұдан бес-алты жыл бұрынғы жас адьютанттың айдаудағы қаламгерге аса бір кішілікпен, інілік ізет білдіре отырып жазғанындай емес, тым жақын араласып кеткен достардың бір-біріне деген ашық пейілді сырласуын, тіл қатысуын аңғарамыз. Ана жылдардағы хаттарда әдеп салтымен «Сіз» деп ілтипат таныту басым болса, кейіннен ол жақын адамдардың ара қатынасына үйлесімді «сенге» ауысқан. 1862 жылғы желтоқсанның 12-інде жолдаған хатының соңында Шоқан Достоевскийге былай дейді: *«...Майковке және оның зайыбына менен ерекше сәлем айт: Полонскийге, Страховке де. Егер Николай Курочкинді көрсең, айтарсың, мен оған хат жазғалы отырмын...»*

*Маған өзіңнің суретіңді жібер және оларды менің басқа жақсы таныстарымнан, маған уәде берген барлығынан – Майковтан, Полонскийден, Крестовскийден де аларсың...»*

Осы ашық пейілдесудің өзі-ақ көп нәрсені аңғартады. Өттең, оның – достарына, достарының – оған жазған хаттарының көбі әртүрлі себептермен бізге жетпей қалды. Ал олардың да түйдек-түйдек ақтарылған көңілдерге құрылғандығында еш шүбә жоқ. Бұл сөзімізге орыстың XIX ғасырдағы әйгілі ақыны Аполлон

Николаевич Майковтың 1863 жылғы ақпанның 10-ында Көкшетауда жатқан Шоқанға: *«Сіз өзіңіздің не істеп жүргеніңізді көп ашып жаза қоймаңыз, бірақ, қымбатты достым, мен Сіздің тіршілік қалпыңызды айқын сезіп отырғандаймын... Иә, маған күле көрмеңіз: мен Сізді тым жақсы көріп қалғамын және жалғыз мен ғана емес!..»* – деп төгіле жазған хаты да дәйекті дәлел.

Көп жылдар бойы шоқантанушылар қолына ілікпей келіп, Ленинградтағы орыс әдебиеті институты (Пушкин үйі) қолжазба бөлімінің ғалымдары 1975 жылғы дәстүрлі жылнамасында жариялаған осы хаттағы белгілі ақынның сағынышты сәлемінің, сонау жылдары Семейде айдауда болған қамкөңіл жазушы Федор Достоевскийдің: *«Сіз маған мені жақсы көретініңізді жазған екенсіз. Ал мен қымсынбай-ақ, Сізге ғашық боп қалғандығымды тура айтамын. Мен ешқашан да және ешкімге де, тіпті туған бауырыма да, тап Сізге көңілім түскендей құлай берілген емеспін...»*, – деп ақтарылатын әйгілі хатындағы ыстық ықыласқа тым ұқсап жатқанын байқаймыз.

Омбы абақтысында төрт жыл зәбір-жапа шегіп, одан кейін Семейде солдаттық өмірдің қатал тәртібін бастан кешкен Достоевскийдей жазушының әдеби ортадан жырақ, достардан шеткері қалдым ба деген назалы шағында өзін аса бір сыйластықпен, қадір тұта жақын тартып, шынайы да таза болмысымен үйіріп алған қазақ жігітіне ағыл-тегіл ақтарыла отырып жазған хаты және Петерборда әдеби қызметтің бел ортасында, өзін пір тұтушылар мен табынушылардың арасында жүрген Майковтай маңғаз ақынның алыста, жергілікті тоңмойын әкімдермен арпалысып, көңілі нала боп жатқан іні досына жолдаған сағынышты сәлемі. Екі хат арасын жеті жылдай мерзім бөліп жатыр. Алайда қос қаламгердің айтар сөздері мен ықыластарының соншама ұқсас шыққандығына таңғалмасқа шара жоқ. Айдаудағы жазушының да, империя астанасы төріндегі ақынның да Шоқан дегенде ерекше іш тартып, құлай берілулері бірдей.

Екі хаттағы үндестіктер мұнымен ғана бітпейді. Достоевскийдің *«Жас Шоқан болашақта нендей істер атқарғаны жөн, оның алдағы ізденістері қалай болуы керек?»* деген мәселе тұрғысында: *«Сіз... өз тағдырыңызды қалыпты жолға салып*

*алған соң, Отаныңызға айрықша пайдаңыз тиер еді. Мысалы: өз ортаңыздан жеке дара суырылып шығып, Ресейге Даланың не екенін, оның маңызын және өз халқыңыздың Ресейге қатысын түсіндіріп берген болсаңыз, сонымен қатар туған Отаныңыздың оқымыстысы ретінде оған бас-көз боп отырудың өзі ұлы мақсат, қасиетті іс емес пе. Еуропаша толық білімді – бірінші қазақ екеніңізді есіңізге түсіріңізші...», деп кеңес айтатыны бар еді ғой.*

Майков та өз хатында нақ осы ойды әрі қарай жалғастырып әкеткендей болады. *«Сіз, қайткенде де, Еуропа үшін керек адамсыз. Өз бойыңыздағы еуропалық терең білім мен ғылымды Шығыстың зұламалылығымен сабақтастыра отырып, Сіз Еуропаға Азияны таныстыруға тиіссіз... Ал Азия мен Еуропаның арасындағы көпір – Ресей. Сіз сондықтан да оған өзіңіздің ақыл-ой қайраткерлігіңіздің парасатты іс майданы ретінде қарауыңыз қажет...»,* – дейді ақын.

Орыс әдебиетіндегі заңғар тұлғалардың бірі Ф. М. Достоевский мен оның замандасы, әйгілі ақын А. Н. Майковтың қазақтың жас жігітін соншама іштарта жақсы көрулері ғана емес, оның жан-жақты мүмкіндігі, зерттеушілік қабілеті жөніндегі пікірлері де бір жерден шығып жатыр. Екеуінің де қазақ даласында шаншыла біткен шынардай боп байқалған алғыр ойлы жігіттің зерек бітіміне, телегей-теңіз біліміне бірдей таңғалғандықтарының, оны нағыз айнымас дос, адал жолдас болуға лайық адам ретінде танығандықтарының белгісі бұл.

Осы рухани жақындық олардың Шоқанға, Шоқанның оларға деген достық пейілдерінің де құнарлы бастаулары болған еді.

\* \* \*

Ағайынды Достоевскийлердің «Время» журналы 1861 жылдың басынан шығатын болып келісілгеннен кейін Милютин үйірмесіне қатысушылардың сейсенбіліктері жаңа басылымның редакциясына айналған Михаил Достоевскийдің пәтеріне ауысты. Кіші Мещан көшесі мен Екатерина каналының қиылысында орналасқан ресми бас редактордың үйінде болашақ журналдың бет-бейнесі, бағыт-бағдары қалай болуы керектігі туралы мәселелер талқыға салынды, сол кездегі қоғам дамуы, әдеби



үдерістер жайында пікірлесулер одан әрі өрбіді. Достоевский басылымының негізгі қызметкерлері де сол үйірме мүшелері арасынан шықты. Ол сейсенбіліктерге Шоқан да бұрынғысынша үзбей қатысып тұрды.

Ақыры қыркүйектің 8-інде Петербордың «Сын Отечества», «Северная пчела», «Санкт-Петербургские ведомости», «Искра» сияқты газеттерінде жаңа «Время» журналының бағдарламасын таныстырған хабарландыру шықты. Соның алдында ғана «Русский мир» атты етженді апталық газетте «Өлі үйден жазбалардың» кіріспесі мен 1-ші бөлімін жарияланып, қалың оқырманды елендетіп үлгерген Ф. Достоевский журнал туралы құлақтандыруының соңында: *«Біз әдебиеттегі беделді тұлғаларымызды қанша құрметтесек те, олардан толық тәуелсіз болатын журнал шығаруға бекіндік... Біз пікірталастан қашипаймыз...»*, деп атап өтті.

Бұл сол кезде басқа да журналдарда Гончаровтың «Обломов», Тургеновтың «Дворян ұясы», «Қарсаңда» романдары, Островскийдің «Найзағай» драмасы жарық көріп, әдеби ортада ол туындылар туралы қадау-қадау пікірлер ортаға тартылып жатқан шақта, өз күшіне сенімді қаламгер ғана айта алатын сөз еді. Достоевский журнал алғашқы нөмірлерінен-ақ ел назарын аударуы қажет деп есептейді. Сол үшін біраздан ойында жүрген «Қор болғандар мен қорланғандар» романының бастапқы тарауларын бірінші санға үлгеруді жөн көреді. Қайта-қайта буатын ұстамалы қояншық ауруына, дертті зайыбының «Гогольге ұқсағысы келетін жазушысымақ» деп жүйкені жейтін кесірлі күңкіліне қарамастан, жанталаса еңбек етіп, романның бастапқы тараулары мен бірер әдеби мақалаларды жазып бітіреді.

1861 жылы «Времяның» жеті нөмірінде қатарынан жарияланып, әртүрлі пікірлерге арқау болған роман негізінен Достоевскийдің бұрынғы және болашақтағы шығармашылығының ара жігінде тұрған туынды ретінде қабылданды. Жұрт не айтады деп, көңілі күпті боп жүрген жазушыны алғаш қуантқандардың бірі, өзінің байырғы петрашевшіл досы, ақын А. Плещеев болған. Ол алғашқы тарауларды оқи салысымен «Московские ведомости» газетінің қаңтардың 17-сі күнгі санында *«жаңа романның бірінші бөлімі бізді ерекше әсерлерге бөледі»* деп мақтау пікір айтты. Кезекті

сейсенбілікте Достоевский Шоқанға осы мақаланы көрсетіп: «қандыкөйлек досымның көңілімді өсіргенін қарашы» деп масайрап отырды. Дегенмен ең толымды пікірлерді Некрасов редакторлық жасайтын беделді «Современник» журналының бетінде атақты сыншылар Н. Г. Чернышевский мен Н. А. Добролюбов білдірді. Чернышевский романның алғашқы бөлімі жарық көрісімен жазған пікірінде: *«бірінші бөлім оқырманды қызықтыра тартуымен ерекшеленеді,.. егер автор осы психологиялық желіні әрі қарай лайықты түрде тарқатып әкете алса, оның романы соңғы жылдардағы үздік шығармалардың бірі болады»*, десе; жаңа шығарма журналға түгел жарияланып біткесін көлемді сын жазған Добролюбов оны *«жылдың үздік әдеби құбылысы»* деп бағалады. Алайда Достоевскийді ерекше қуанышқа бөлеген бұл соңғы мақала «Современниктің» 1861 жылғы қыркүйектегі санында жарық көрген кезде, Шоқан жазушы досының қасында жоқ еді. Ол мамыр айының соңында өкпесінде бұғынған құрт ауруын өршітіп жіберген Петербордың сызды ауасынан қашып, Достоевский бас әріппен жазатын Далаға, Сырымбет пен Аққанбұрлықтың сабат самалы мен саумал қымызына асыға аттанып кеткен болатын...

(Кімдерге ажал оғын қадамады, о заманда емі жоқ бұл құрт ауруы. Сол жылдың қысын Сырымбеттегі ордада өткізіп жатқан Шоқан, «Современниктің» сұрапыл сыншысы, орыс әдебиетінде «Белинскийдің лайықты ізбасары» деп бірауыздан мойындалған Добролюбовтың қарашаның 17-сінде, көкірек дертінің тырнағынан құтыла алмай, қыршын кеткен хабарын естіді. «Қайран талант, әлі 26-ға да толып үлгермеген еді ғой», – деп қатты өкінді).

Қоғамның шетқақпай тепкісіне ұшыраған, езілгендер мен егілгендердің тұңғыық жыршысы атанған Достоевский бұдан былайғы соқтықпалы, соқпақсыз өмір жолдарында да қазақ даласында өткен айдаудағы жылдарын, Шоқанмен арадағы достыған ұдайы есінде сақтап өтті. Ол Омбыда қоштасарда өзіне қазақ досы сыйлаған жасырын қуысы бар ағаш сандықты Шоқанның көзіндей көріп, онда өзінің бағалы қолжазбаларын, хаттары мен аса қымбат естеліктерін сақтады.

Дәл осы Даланы, Шоқанға жазған хаттарында ылғи бас әріптен бастап жазған Даланы біз жазушының кейінгі

шығармаларынан тағы да ұшырастырар едік.

«Қылмыс пен жаза» романының соңғы беттерінде Дала мынадай жолдар арқылы алға тартылады. «Раскольников сарайдан шығып, жағалауға келді, сарай жанындағы бөрене үстіне жайғасып, жалпақ та екпінді өзенге көз салды. Биік жар басынан бар маң айқын байқалады. Арғы алыс беттен талып ән естіледі. Ол жақта күн шұғыласына малынған сайын дала төсінде қараң-құраң етіп түздіктердің киіз үйлері қараяды. Онда бостандық самалы еседі және мұндағыларға ұқсамайтын мүлде басқа адамдар мекен етеді...»

«Құмарпаз» романында бір жағынан көксеген ойлары автордың идеясына жақындау Алексей Ивановичтің де Даланы еске түсіретіні бар.

« – Ал мен немістердің сол әдісіне мойынсынып табынғанша, өмір бойы қазақтармен бірге көшіп жүргенді қалар едім, – деп айғайладым мен.

– Қай әдісіне?

– Қор жинаудың немістік әдісіне...»

Жазушы тұжырымында Дала ұғымы – кеңдіктің, еркіндіктің, бостандықтың белгісі.

### **3. Реформа дүмпуі**

Шоқан Петерборға келген шақта Ресей елеулі өзгерістер қарсаңында тұр еді. Империя халқы шаруаларды крепостнойлық басыбайлылықтан азат етудің реформасын асыға күтіп отырды. Күрделі саяси күрес төтенше ширығып, революциялық көзқарастар кеңінен белең берген, әртүрлі ұйымдар мен үйірмелерде Ресейдің болашағы туралы қызыл кеңірдек айтыстар өрбіген, тұманды Альбионнан Герценнің «Колокол» (Қоңырау) газеті дабыл қағып, халықты батыл қимылдарға шақырған толқулы кезең еді бұл. Және сол дүбірлі уақыттың бар мазасыз бітімі ел астанасы Петербор бойынан ерекше байқалып тұратын.

Бұрыннан тілектес танысы, саяхатшы П. П. Семенов та Шоқанның астанаға келгеніне айрықша қуанғандардың бірі болды. Қашқарияға баратын қиын тапсырманы лайықты атқара алатын адам іздестірілген кезде, Уәлихановтың мүмкіндігі мол екендігін байқап, жоғарыдағы ұлықтарға оның кандидатурасын

алғаш ұсынушы өзі болғандықтан, Василий аралындағы үйіне арнайы іздеп келген Шоқаннан құпия керуен сапарының қалай өткені, қай жолмен жүргені, Қашқар жақтың тыныс-тіршілігі мен ерекшеліктері, табиғаты, флорасы мен фаунасына қатысты сұрақтарды үсті-үстіне қойды. Ыстықкөл төңірегі мен Алматыдағы өзі танитын адамдарға қатысты сауалдары тағы бар. Мұның әңгімелеріне әбден қанығып, талай мәлімет алып қайтқанына көзі жеткеннен кейін, «үлкен еңбек тындырыпсың, оны тезірек баспаға дайындап, Орыс географиялық қоғамының жазбаларында жариялау қажет», дегенді айтты.

Шоқан Семеновтың үйіне Петерборда қайта табысқан досы, сол Василий аралында бір топ сібірлік жерлестерімен бірге пәтер жалдап тұратын Потанинмен бірге келген еді. Григорий бұл кезде әскер қызметінен біржола босап, 1859 жылдың жазынан бері осында. Сол Василий аралында орналасқан астаналық университеттің физика-математика факультеті жаратылыстану бөлімінің студенті боп жүр. Сібір жақтан келген біраз студенттер өзара бірлесіп жерлестік құрып, басқосуларында Сібірді өркендетудің жолдарын қарастырады. Шоқанды да үйірмелеріне қатысуға шақырды. Ой-пікірінді ортаға тарт, дейді.

Семенов бай кітапханасы, өзі жақсы көріп жинап жүретін, голландиялық суретшілер Рейсдаль, Ван Гойен, Стэн, Гэльс, Артзен, Ван Темпель мен Ван Клевенің ғажайып туындылары самсай ілінген үйінде телқозыдай боп кеткен қос құрдаспен әңгімелесіп отырып, оларға деген ризашылық пейілін төге сөйледі. «Ана жылы екеуіңе Петерборға келіп білімдеріңді жетілдіргендерің жөн болады, деп айтқан едім. Көрмейсіңдер ме, сол мақсат біртіндеп орындалып жатыр. Шоқан әйгілі саяхатшыға айналып үлгерді. Астанадағы ғылыми орталықтарда жинаған материалдарды қорытудың өзі үлкен бір мектеп. Ірі зерттеушілермен қатар жұмыс істеу қабілетінді одан әрі шыңдауға көмектеседі. Университетте лекциялар тыңдап, шет тілдерін тереңдете меңгеріп, өзге тілдердегі ғылыми еңбектермен көбірек танысар болсаң, әлі де талай асуларды игересің. Қазір де француз бен неміс тілдеріндегі зерттеулерді оқи аласың. Парсы, араб тіліндегі қолжазбаларды тани білетінің мен түркше жазылған шығармаларды еркін оқып, еркін жаза алатыныңның пайдасын өзің де көріп келдің. Болашақта шығыстану

ғылымының теңдессіз тұлғасына айналуға әбден мүмкіндігін бар».

– Гришаның да аяқ алысы қуантады, – деп енді Шоқанға Потанинді мақтауға кірісті. – «Русское слово» журналындағы «Алтайдағы жарты жыл», «Батыс Сібір туралы жазбалар» атты мақалалары көңілімнен шықты. «Географиялық қоғам жаршысына» берген «Сібір казагы Максимовтың Қоқан хандығы туралы деректері» деп аталатын еңбегінде де қызықты мәліметтер көп. Қолтаңбасы жатық. Ботаниканы терең меңгеруге кірісті. Саяхатшы боламын деген адамға аса қажет нәрсе ғой ол. Жаңа жерлерді ашқан кездерде сол аймақта қандай өсімдіктер өсетінін тіркеп жүру үшін әбден қажет болады. Француз, неміс тілдеріндегі кітаптарды оқуды қолға алды. Неміс тілінен Сібір туралы бірер мақаланы аударуға кіріскелі жүр. Суретшілермен достасып, олардан осы өнердің қыр-сырына машықтанып жүргені де дұрыс. Ол да саяхатшы үшін өте-мөте керек. Ешкімге салмақ түсірмей-ақ барған жеріңнің суретін өзің сала бересің. Жалпы, екеуіңнің болашақтарың, бір кездері өздерің армандағандай, біртіндеп жүзеге аса бастады, енді сол мақсаттарыңның әрі қарай да орындала беруі үшін аянбай еңбек етулерің ғана қалды, деп ағалық ақылын пейілдене отырып білдірген еді.

Содан соң өзінің екі жылдан бері ғылымды қойып, реформа жұмысымен, Шаруалар ісі жөніндегі бас комитеттің сарапшы-мүшесі боп, шаруаларды азат етуге қатысты заң жобасын әзірлеумен көміліп отырғанынан хабардар етті. 1858 жылы Ыстықкөлдің шығыс жағынан бастап Тәңіртауды бойлай, Құлжа, Үрімшіге дейін, келер жылдары Ішкі Азияға қарай шығатын саяхаттарының бағдарламасын жасаған екен, үкімет қаражат босатпайтын болғасын, кідіріп қалыпты. Географиялық қоғам төрағасының орынбасары адмирал Литкенің түсіндіруінше, оның басты себебі, үкімет біздің Ішкі Азияға қарай енуімізді аса жақтыра қоймайтын Англиямен қабақ шытысып қаламыз ба, деп сескенген көрінеді.

– Шаруаларды азат ету туралы заң жобасын әзірлеушілер талқысына басыбайлылық езгіні жою жөнінде талай ұсыныс түсіп жатыр, – деді екеуіне Семенов. – Помещиктердің дені баяғыдан өздері құл ретінде ұстап келген мұжықтардың басыбайлылығы жойылса, кедейлікке тап боламыз, деген үрейде.

Бұрын қалауынша жазалауға, сабауға, азапты орындарға айдауға, зат сықылды сатып жіберуге болатын шаруаларды енді өзіне тиесілі жерін бөліп беріп, босату керек дегенді, олардың еш қабылдағысы жоқ. Кетсе, өздері жүре берсін, жер үлестірмейміз, әйтпесе, құнын төлеп сатып алсын, деп жердің бағасын тым аспандатап жіберуге әзір отыр. Мұжыққа ешқандай төлемсіз жер беріп азат ету керек, бәрібір олар жерсіз тіршілік ете алмайды, дегенді қолдайтын иманды помещиктер де бар. Бірақ олар өте сирек. Тағы бір жоба бойынша шаруаларды он екі жыл мерзім ішінде азат етуді ұсынылады. Ол мерзім біткенше, мұжықтар бұрынғыша помещиктерге толық тәуелді болып қала берсін дейді. Бұл мәселеге Герцен де Англиядан үн қатып, «Қоңырауының» бетінде патшаға хат жолдады. Жерді шаруаға беру керектігін, жер онсыз да солардыкі екенін, крепостнойлық таңбаны Ресейдің бетінен жуып тастау керектігін айтты. Чернышевский болса, мұжықты жерімен бірге азат етуді талап етеді. Шаруалардың жерін помещиктерден сатып алу жөніндегі шығындардың бәрін мемлекет өз мойнына алуға міндетті, деген ой тастайды.

– Менің өзім шаруаларға жер беріп, бірден азат етуді қолдаймын. Өйткені жері жоқ бостандық – алдамшы бостандық, әрі мұжықтарды басыбайлы тәуелділікте бұдан әрі ұстау мүмкін емес, – деді сөзін әрі қарай жалғаған Семенов. – Қазір бас комитет жүздеген беттен тұратын жалпы заң жобасы мен шаруалар туралы ережені редакциялап боп қалды. Онда басыбайлылықты жоюға, шаруалардың жерлі болуына қатысты көптеген оңды баптар бар... Бір ғана сескенетін жайымыз, заң жобасын редакциялау комиссиясының бастығы, кенеттен көз жұмған граф Ростовцевтің орнына Әділет министрі, граф Паниннің тағайындалғаны болып отыр. Ол нағыз крепостниктік тәртіпті жақтайтын көзқарастағы адам. «Патша сізбен ақылдасуды тапсырған еді», деп менімен өзі жеке сөйлесті. Мен оған дайындалған заң жобасы мен ережені бұзудың қажеті жоқтығын түсіндірдім. Әбден пысықталған дайын нәрсені өзгертуге өзінің де батылы бармас деп ойлаймын. Бірақ, кім білсін,.. – деген еді ол әңгімесінің сонын дүдәмалдатып.

(Ақыры күдігі бекер болмай шықты. Редакциялау комиссиясының жаңа бастығы граф В. Н. Панин патшаның

рұқсаты бойынша бәрін мүлдем өзгертіп жіберді. Соңғы шешімде басыбайлы шаруаларға бостандықты бірден жерімен қосып әперу қажеттігі жөніндегі баптар сызылып тасталды. Оларға тек екі жылдан соң ғана азаттық берілетін боп ұйғарылды. Помещиктер жерді меншіктену құқын сақтап қалды. Шаруалар сол бұрынғысынша помещиктердің қара жұмыстарын ақысыз-пұлсыз істеп беруге міндеткер ретінде қала берді. Мұжықтар өздеріне бөлінген жер үлестерін тек помещиктердің келісуімен ғана сатып ала алатын болды.

Келесі, 1861 жылғы ақпанның 19-ында (II Александр патшаның 1855 жылы таққа отырған күні) император қол қойған манифесте бұл шешімдер заң түрінде бекіген. Наурыздың 5-і күні Ресейдің барлық шіркеулерінің қоңыраулары қағылып, дін уағызшыларының мәнерлеп оқуымен халыққа салтанатты түрде жария етілген манифест, шын мәнінде, шаруалардың емес, помещиктердің көңілінен шыққан даңғазалы шараға айналды. Патшаны қолпаштағыш газеттер «шаруалар шаттыққа кенеліп, азат етуші император ұсынған ұлы реформаны қуанышпен қабылдады, оған ұзақ өмір тілеп жатыр», деп жамырай мадақтап жазғанымен, жер емген бұқара халықтың көңіл-күйі мүлдем басқаша еді. Манифестен көп үміт күтіп отырған шаруалар, оның мәтіні өздеріне жария етілгенде ғана барып, алданғанын анық білді. Кей жерлерде «бұл жалған үндеу, патшаның халыққа шын жолдауында мұжықтарға жерді түгелдей бөліп беру туралы айтылған, бізге сол нағыз қағаздың өзін әкеліндер» деген сенбеушіліктен туған толқулар орын алды. Ашынған шаруалар қолдарына айырлары, балталары мен күректерін алып, «бәріне кінәлі сендерсіңдер» деп помещиктер мен жергілікті билікке қарсы көтерілді. Дүмпулер шығып кету мүмкіндігіне алдын ала қамданып, жер-жерде жауынгерлік әзірлікте тұрған әскерлер күллі елді қамтыған дүрбелендерді мылтықтың күшімен, дар ағашының сұсымен басуға кірісті.

Патшаның бұл жазалау шараларына орыстың алдыңғы қатарлы адамдары жаппай наразылықпен жауап берді. Әсіресе студентер арасында қарсылық қозғалыстар ұшқыны тұтанды. Патша билігі ондай толқуларды жөргегінде тұншықтыруға ұмтылып, аяусыз жаншу жұмыстарына жедел кірісті. Әртүрлі саяси сипаты бар деп есептелетін үйірмелер жабылып,

жетекшілері тұтқындалды, студенттік басқосуларға тыйым салынды. 1861 жылдың күзінде өздеріне қатысты қысымның күшеюіне, жоқ-жітік шәкірттерді оқу ақысынан босату туралы жеңілдіктің тоқтатылуына келіспейтіндіктерін білдірген Петербор университетінің студенттері көшеге шеруге шықты. Оны басқа университеттер қолдап әкетті. Соған байланысты үкімет Петербор, Мәскеу, Қазан университеттерінде сабақты уақытша тоқтатты... Келер жылы революциялық демократиялық қозғалыс жаршылары – «Современник» пен «Русское слово» журналдары жабылды. Осындай қозғалысқа қатысы бар дейтін адамдар тұтқынға алынып, көбі Сібірге жер аударылды. Солардың бірі – жандармерия құжаттарында «Ресей империясының нөмірі бірінші жауы» деп таңбаланған Н. Г. Чернышевский еді. Ол екі жылдай астанадағы Петропавл қамалында отырғасын, сот үкімі шығарылып, Шығыс Сібірге өмір бойы тұруға жер аударылды. Содан тек 1883 жылы ғана Астраханға оралуға мүмкіндік алып, 1889 жылы туған қаласы Сарытауда көз жұмды...).

Шаруалар реформасының қарсаңында Петерборға келіп, империя өміріне елеулі дүмпулер әкелген манифест жарияланғаннан кейінгі дүбірлі айлардың мазасыз бітіміне ел астанасында жүріп тікелей куә болған Шоқанның да осы оқиғалардан шет қала алмағаны анық. Алысқа бармай-ақ, оның Достоевскийлердің редакциясында өтетін сейсенбіліктерге қатысып жүрген кездерінде, біразы бұрынғы петрашевшілер боп келетін осы үйірмеде де шаруалардың азаттығына қатысты пікірталастар өрбімеуі, толқуларды күшпен басып, қарапайым халықты қырғынға ұшыратқан патша әскерлерінің жазалау шараларына қатысты наразы үндерді естімеуі еш мүмкін емес.

Бір ғана Потаниндер ұйымдастырған «Сібір жерлестігі» үйірмесі жұмысының өзіне-ақ назар салалық. Оған қатысушылар өздерін болашақта Сібір өлкесін өркендетуге бар күш-жігерлерін жұмсауды алдарына мақсат етіп қойғандарын ғана айтпайтын, сол Сібірдің артта қалуына басты кінәлі самодержавие екенін ашық сөз ететін. Сол себепті, Сібірде университет ашу, газет-журналдар шығару, өз зиялылары мен қоғам қайраткерлерін қалыптастыру, орайы келсе, Сібір аймағын Ресейден бөліп алып, өз алдына дербес ел ретінде құруды жүзеге асыруымыз қажет



деген ойлар ортаға тартылатын.

Араларында Н. М. Ядринцев, И. В. Омлевский-Федоров, Н. И. Наумов, И. В. Худяков, С. С. Шашков, В. В. Чуйко, бурят ұлтының өкілі И. Пирожков, кадет корпусын өздерімен қатар бітіріп, Әскери академияда оқып жүрген казак офицері Ф. Н. Усов сияқты мүшелері бар үйірме жиындарына Шоқан да қатысып, қазақ даласындағы ауыр езгі халді, жергілікті халықты қанаудың шектен тыс отаршылдық үлгісі тым дендеп тұрғанын ашына сөз етер еді. Потанин өз естеліктерінде Шоқанның өз пәтеріне сібірлік кедей студенттерді шақырып, қонақ етіп жіберетінін де жазады. Оның үйінде өткен үйірме мүшелерінің басқосуына Шоқанның былтыр Алматыда жолыққан танысы, Бас штабтың офицері, географ А. Ф. Голубев, оның омбылық достары С. Я. Капустин, болашақ әйгілі статист Н. Ф. Анненский де қатысатын.

Әлгінде қазақ ғалымы ақын Николай Курочкинмен жақын араласты дедік. Ал сол қаламгер революциялық-демократиялық қозғалыстың көшбасшылары Чернышевский мен Добролюбовтермен тығыз байланыс жасап жүрген адам болатын. Ол кейіннен өзінің ағасы Василий Курочкин екеуі «Жер мен ерік» қоғамының мүшелері ретінде көп қуғын-сүргін көрді. Сібір жерлестігінің Потанин бастаған біраз мүшелері де осы қоғамның мүшелері болатын. Алпысыншы жылдар төңірегі Шоқан көптен оқитын, идеялық бітімін Чернышевскийдің өзі бағыттап отырған «Современник» журналының нағыз күрескер басылымға, шаруалар демократиясының органына айналған кезі. Оның беттерінде патшалық құрылысты құлатуға шақырған күрес идеяларын уағыздайтын саяси, экономикалық, тарихи және әдеби шығармалар түйдек-түйдек боп басылып тұрды. Біраз жылдан бері жаздырып алатын жұрналына осындай материалдардың шығуы Шоқанды Чернышевскиймен жолығысуға итермелеуі де әбден мүмкін...

Осы ретте «Сібір жерлестігі» үйірмесі жетекшілерінің бірі Потаниннің Петерборда өткерген күндеріне қатысты естелігінде назар аударатын мына бір тұс бар. «Біздің жергілікті жерлерде қандай істер атқарылғаны жөн» деген ойларымыздың бәрі орыс баспасөзінің әсеріне, сол кезде «Современник» пен «Русское слово» секілді екі жұрналда айқындалып жатқан қос бағыттың

ықпалына қатысты өрбіді, – деп жазады ол. – Бір бағытта біздің алдымызда Чернышевский, Добролюбов, Антоновичтер, екіншісінде Писарев, Зайцев және басқалар өтіп жатты. Біздер «писаревшілдікке» қарсы болдық. «Современниктің» бағыты біз үшін дұрыс көрінген: біз егер осы журналдың редакциясына кіріп, өзіміздің сезімдеріміз бен идеяларымызды жеткізсек, онда «Современник» редакциясы бізге, писаревтік идеяларды насихаттайтын редакциядан гөрі, жақсы ниетпен қарайтын шығар деп ойлайтынбыз». Чернышевский тұтқындалғанға дейін онымен екі рет кездескен Потаниннің дәл осы пікіріне сол үйірменің белсенді мүшелерінің бірі Шоқанның да қосылары анық.

Қазақ ғалымының Чернышевскиймен кездескен-кездеспегені әлі басы ашылып анықтала қоймаған жайт. Бұл жөніндегі кей деректерде дәлдік, тиянақтылық жетпей жатады. Дегенмен Шоқан мен Чернышевский бір-бірімен жүздеспеді деп үзілді-кесілді тұжырым жасауға да болмас еді. Тегінде кесек тұлғалармен кездесуге алдымен өзі ынта танытатын Чернышевскийдің Шоқан сияқты бұратана халықтан шыққан ғалыммен ұшырасуға ұмтылуы әбден мүмкін. Осы ретте әйгілі революционер-демократтың қазақ ағартушысын редакцияға өзі шақырып алуы не Шоқанның өзі іздеп барып, екеуара әңгіме-дүкен құруы әбден кәміл.

Потанин де Петерборда көп тұра алмады. 1861 жылдың күзінде университетте өткен студенттік дүрбелеңдерде қатысқаны үшін Петропавл қамалының абақтысында екі ай қамауда отырған бұрынғы жүзбасы, желтоқсанның ортасында ғана бостандыққа шықты. Университеттегі оқуын қайта жалғастыру қиынға соғатын түрі бар. Өйткені жаңа енгізілген тәртіп бойынша оқу ақысы тым көтеріліп кеткен еді. Оған мұның шамасы жетер емес. Содан соң Омбыға қайтуды ойлап, Семеновпен ақылдасты. Ол алдымен Потаниннің жарық көрген материалдары негізінде, бұрынғы студентті өзі физикалық география бөлімінің бастығы боп табылатын Географиялық қоғамның мүшелігіне қабылдануына қолғабыс берді. Содан соң қоғамның ұйымдастыруымен Зайсан көлі мен Тарбағатайдың шығыс жағын зерттеуге аттанатын астроном К. В. Струвенің экспедициясы құрамына натуралист әрі аудармашы етіп бекіттірді...

#### 4. Шоқан және Петербор

Шоқанның Петерборда болған бір жылдан астам уақыты жайында көп мәлімет жоқ. Бұл тұрғыда аз ғана деректі Потанин мен Ядринцевтің естеліктері, әкесімен алысқан хаттар, Ресей Сыртқы істер министрлігінің құжаттары ортаға тартады. Потанин естелігінде оның «Демуттен» кейін тұрған пәтерлері, тұрмыс салты жайында: *«Ол әдетте оңтүстік бетте тұрушы еді, көшесін ұмытып қалыппын. Бір пәтері Жаңа тұйық көшесі маңында, ұлы княгиня Мария Николаевнаның сарайы жанында болғаны есімде. Ол астанаға келісімен шығыстанушылармен кеңінен танысып алды, Березиннің, Қазымбектің, Васильевтің үйлерінде болды. Әдебиетшілерден Достоевский және Крестовскийлермен көп араласты...»*, – деген жолдар бар.

Астанада Шоқанның атқарған жұмыстарының ауқымдылығы таңғалдырмай қоймайды. Ол Бас штабтың әскери-ғылыми комитетінде, Азия департаментінде, университет пен географиялық қоғамда қызмет істеді. Петерборға келгеніне екі айдай уақыт өткенде Географиялық қоғам мүшелері ғана емес, оның сөзін тыңдауға қызыға келген астананың ғылыми қауымы алдында Шығыс Түркістанға барған сапарының қорытындылары туралы тартымды баяндама жасады. Сол баяндама негізінде әйгілі «Жоңғар очерктерін» жазды. *(Ол «Орыс географиялық қоғамы жазбаларының» 1861 жылғы бірінші, екінші кітаптарында Шоқан салған қырғыз манаптары Боранбай және Сартайдың суреттерімен қоса жарияланды)*. Бас штабтың ғылыми комитетінің тапсыруы бойынша, Орталық Азия мен Шығыс Түркістан карталарын жасауға, қайта редакциялауға кеңінен араласты, көне шығыс кітаптары жайында талдау жасады. Университеттің тарих-филология факультетіне барып, сол кезде аты дүрілдеп тұрған профессор Костомаров пен Калиновскийдің лекцияларын тыңдады. «Мен оны шығыстың көне жазбалары мен карталарын жайып тастап жұмыс істеп отырған үстіне тап болушы едім», – дейді Ядринцев өз естелігінде.

...Тегінде «Шоқан және Петербор» атты тақырыптың аясы тым кең. Өйткені Нева үстіндегі қаланың талай көшелерінде, ғимараттарында, музей залдарында, кітапханаларында,

архивтерінде Шоқан ізі жатыр. Мойка жағалауындағы 14-үйдің жанынан өткенде, бұрын Орыс географиялық қоғамының пәтері тұрған осы үйде Шоқанның жұмыс істегені, Алтышәрге сапары жөнінде қоғам мүшелері алдында хабарлама жасағаны ойға келеді. Василий аралына өтіп, Неваны бойлай университет жағалауымен жүргенде, академия мен университет ғимараттарына, оқу залдарына кіргенде, оның еңселі бөлмелерінде қазақ ғалымының да болғанын еске аласыз; еліміздегі аса бай білім қоймаларының бірі Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында отырғанда, оның да бір кезде осында шұқшия айналысқаны; Қысқы сарайдың сән-салтанатқа толы залдарын аралау үстінде, ондағы мәрмәр басқыштармен Шоқанның да көтерілгені ойға оралады. Исаакий соборы жанындағы, кіреберісінде Пушкиннің «Мыс салт атты» поэмасында суреттелетін екі арыстанның мүсіні бар, князь Лобанов-Ростовскийдің сарайына орналасқан бұрынғы Соғыс министрлігі үйінде болғанда (қазір онда жобалау институты), осында қызмет еткен Шоқанның кей орыс әскербасыларымен кездесіп, сұхбаттасқан сәттері көз алдыңызға келеді. Ол жиі барып тұрған қонақжай шаңырақтар қаншама десеңізші Петерборда! Осындайда сол үйлерге, Шоқанмен араласқан жеке кісілерге қатысты мұрағаттарға түскен деректер арасында кей құнды құжаттардың мәлімсіз жатуы мүмкін-ау, деген ой да мазалайды көңілді.

Замандастары ол Петерборда болғанда жас офицерлер қауымына тән сауық-сайранға үйірсектік танытқанын да жазады. Потанин бұл жөнінде: «Ол әртүрлі сайран-серуендерге қатысатын, театрларға баратын, гвардиялық жастардың сауықшыл орталарында жүретін. Ол әдетте ішпейтін. Бірақ ақшаны көңіл көтеруге жұмсайтын», – десе; Ядринцев: «Оның бойында зиялылықпен қатар гвардия офицерінің сән-салтанаты қоса жүретін... Кейде ол өзін әдейі еуропалық сәнқой, кербез мырзаларша ұстайтын», – деп суреттейді.

Петерборда Шоқан рухының ізі қалған мекендер мен тұстар жетерлік. Солардың бірі Гороховой көшесіндегі бұрынғы мылқаулар мектебі. (Бұл үйге арнайы соққанымызда, онда қазір Герцен атындағы Мемлекеттік педагогика институтының тарих

және орыс тілі мен әдебиеті факультеттері орналасқанын білдік). «Демут» трактирінен онша алыс емес, бір бұрышы Мойкаға шығып жататын осы үйде Шоқанның туған інісі, сонау 1855 жылы әкесі Шыңғыс Петерборға жолы түскенде арнайы әкеп тапсырған Әбілмақыжан оқыды. Інісімен алғаш қалай кездескені туралы Шоқан әкесіне жазған хатында былай деп хабарлайды: *«Мен әуелі келгенде келгенімді білдіріп қызметкерден хабар жібердім. Бір жақтан үйге келсек, Мақыжанды көрдім, ол мені таныды.*

*– Жүзіңді ұмыттым, – деді. Оның есендігі жақсы, дерті жоқ...».*

(Кейіннен Әбілмақыжан осы училищені қолөнерші, суретші мамандығы бойынша бітіріп шығады. Әрі оның үстіне Сурет академиясында өзінше барып жүріп дәріс алады. Оқу бітіріп елге оралғасын, 1866 жылдан Сібір қазақтары әскери губернаторы кеңсесінің штатына еніп, Көкшетау дуанының хат жүргізушісі, 1868 жылдан Көкшетау уезі бастығы кеңсесі хат жүргізушісінің көмекшісі қызметтерін атқарды, коллеж тіркеушісі шенін алды. 1870 жылдан отставкаға шыққан оны, 1883 жылы Дала генерал-губернаторы, генерал-лейтенант Г. Колпаковский өз кеңсесінің штатындағы шенеунік етіп қайта қызметке алады. Ағаштан түйін түйетін шеберлігімен танылған Мақы жасаған көркем бұйымдардың бірсыпырасы 1876 жылы Петерборда өткен 3-ші шығыстанушылар көрмесінде қойылған. Одан қалған жәдігерліктердің азғана бөлігі, немересі, қазақтың әйгілі архитекторы, жазушы Шота Ыдырысұлы Уәлиханның коллекциясында сақталған).

Шоқанның Петерборда болған кездеріндегі астана өмірін, тіршілік салттарын танып-білуде, сол *1860-1861 жылдары шыққан газет-жұрналдарды, мұрағаттардағы қолжазба құжаттарды қарап өту де бірталай көмек береді.* Бұл кезде мұнда «Санкт-Петербургские ведомости», «Русский мир», «Русский инвалид», «Северная пчела» сияқты газеттер, «Современник», «Отечественные записки», «Русское слово», «Русский вестник», «Время» секілді қалың-қалың жұрналдар басылып тұрды.

Василий аралындағы Академия кітапханасының газеттер бөлімінде отырғаныма әлденеше күн. Алдымда өткен ғасырдың

орта шенінде шыққан газеттердің әрқайсысы бір-бір құшақ болатын зілдей тігінділері. Оларды парактай түскен сайын Шоқанның империя астанасындағы өмірінің кей қыр-сырларын бағдарлауға көмектесетін деректер түйдек-түйдек ұшырасар еді.

Мәселен, газеттердің наурыз айындағы сандарында Санкт-Петербург университетінде наурыздың 19-ы, сенбі күні М. П. Погодин мен Н. И. Костомаровтар арасында «Орыстардың қайдан шыққандығы туралы» пікірталас өтетіндігі хабарланады. Негізгі мақсаты — жастар бойында өз Отанының тарихына деген құлшынысты өрістетуді көздеген бұл сайысқа Петербургға енді келген Шоқанның да қызықпауы мүмкін емес.

Сондай-ақ газеттердің 1860 жылғы сәуір айындағы сандарында сәуірдің 14-і күні Руадзе ханымның үйінде «Мұқтаж әдебиетшілер мен ғалымдарға жәрдем беру қоғамының» (Әдеби қордың) ұйымдастыруымен «Ревизор» спектаклінің өтетіні хабарланғанын көрер едік. Бұл спектакльдің бір ерекшелігі, ондағы рольдерді артистер емес, кіл жазушылар орындапты. Дуанбасыны – А. Ф. Писемский, почтмейстер Шпекинді – Ф. М. Достоевский ойнаса, көпестер ролін сахнаға А. Н. Островский, И. С. Тургенев, А. Г. Майков, Д. В. Григорович, А. В. Дружинин, И. И. Панаев секілді әйгілі жазушылар шығарды. Хлестаковты – осы спектакльге режиссерлік еткен ақын П. И. Вайнберг сомдапты. Астанаға келе салып, осы қоғам бастығы Е. Ковалевскийдің ықпалымен оған мүшелікке өткен Шоқанның осы спектакльді көрушілердің бірі болғаны анық. Әрі ол қойылым туралы «Современник» журналының сол жылғы сәуір айындағы санында «Жалпы алғанда, әуесқойлар ойнаған «Ревизор» оның Александр театрында соңғы кезде орындалып жүргенінен гөрі мәнді шықты», деп атап көрсетіліпті.

«Русский инвалид» әскери газетінің мамырдың 4-індегі санында, сол күні Певческ көпірінің жанындағы География қоғамының пәтерінде қоғам мүшелерінің жиналысы болатыны хабарланған. Онда толық мүше Уәлиханов Кіші Бұхараға саяхаты жөнінде лекция оқиды делінген.

Осы газеттің келесі күнгі, мамырдың 5-індегі санында императордың әскери ведомство бойынша мамырдың 2-сі күнгі қол қойған бұйрығына сәйкес, жаңа шен алғандар мен қызметке бекітілгендердің тізімі жарияланыпты. Шоқанның солардың

арасынан Батыс Сібір генерал-губернаторлығына қарайтын, өзі құжаттарын дайындауға араласқан қазақтың біраз атқамінерлерінің аты-жөндерін іздеп отырып оқығаны анық. Оның көзіне алғашқылардың бірі боп былтырғы мамырдан бері Сібір қазақтары облыстық басқармасының кеңесшісі боп істейтін есаул Есеней Естемесұлына майор шенінің берілгені туралы жолдар іліккен еді. 1853 жылы әкесі Шыңғыстың орнына Құсмұрын округінің аға сұлтаны боп сайланып, содан бері ол қызметті басқаға бұйыртпай келген Есеней, былтырғы жылдың басынан сол дуанның жері жаңадан ашылған Атбасар округіне қосылып кеткен соң, Гасфорттың бұйрығымен төрт айдан кейін қазіргі басқарма кеңесшісі мансабына бекітілген болатын. *(Осы қызметінде Есеней тағы да екі жыл істеп, 1862 жылы оның орнына хорунжий Нөгербек Тұрдыбекұлы тағайындалды. Авт.)*. Осы тізімде Қапал дуанының аға сұлтаны Ибақ Жабайұлының да майор шенін алғаны жазылыпты. Әкесі басқаратын Көкшетау дуанындағы андай-ырсайдың болысы, прапорщик Жандос Салпықұлының да аты-жөні бар. Оған жүзбасы шені беріліпті. Сондай-ақ әкесінің орынбасар-қазысы Тәштит Тәбейұлы да марапаттан құр алақан қалмапты. Оған Ақмола дуаны тама болысының басшысы Нұрша Қылышұлы, Аягөз дуанындағы болатшы елінің болысы Тәуке Ағадайұлы, Семей ішкі округіндегі сәмеке-бәсентиіннің болысы Арынғазы Ханғожиндермен бірге хорунжий шені беріліпті.

Көбісі Шоқанға түп-тегі белгілі адамдар. Тәштитпен (Ташмұхамедпен) сонау жылдары әкесі Шыңғыс Аманқарағай, Құсмұрында аға сұлтан болған жылдардан бері таныс. Әуелі көшебе-керейдің болысы, кейіннен он жылдай әкесінің жанындағы қазылардың бірі болған Тәбей Барлыбайұлының баласы. Өзі Есенейге туған жиен, анасы Есенейдің әпкесі. Андай-ырсайдың болысы Жандос та әуелден қыс мезгілінде Сырымбет төңірегін қатар қыстап, жазда Аққанбұрлық, Қалмақкөл жаққа бірге жайлап қайтатын өздеріне етене ел атығайдан. Ибақ Жабайұлы баяғы Ондан сұлтаннан тарайтын Тұрсын ханның ұлы Көшектің Саңқайының тұқымы, Аягөз дуанының біраз жыл аға сұлтаны болған Бөлен Саңқайұлының ағасы Жабайдың баласы. Тәуке Ағадайұлы – Шоқанның бабасы Абылай айрықша қадірлеп өткен Әбілмәмбет ханның ұлы

Әбілпейіздің немересі. Қырқыншы жылдары бір сайлау Аягөздің аға сұлтаны болған, кейіннен ағылшын саяхатшысы Аткинсонға үй-ішімен, түйелерімен қосып өзінің суретін салғызған мыңғырған бай, елге аса толық денелілігімен де әйгілі Бексұлтан Ағадайұлының туған інісі. Арынғазы да бөтен емес, өздерінің төре тұқымынан, Мұса Шорманұлының алдында, 1851-1854 жылдары Баянауылдың аға сұлтаны болған Ханғожа Тәтенұлының баласы. Өзінің Шоқаннан үш-төрт жас ғана үлкендігі бар. Марапатталғандардың арасындағы жасы да сол. Есеней, Ибақ, Жандос, Тәукелердің алды алпыстан асып, соңы сол төңіректі маңайлап тұрғандар. Нұрша мен Тәштит қырықтың айналасында.

Әскери газетті әрі қарай парақтай түссеңіз, тамыздың 9-ында шыққан санының арнайы қосымшасында патша жарлығымен марапатталғандар тізімінің берілгеніне ұшырасасыз. Сол тізім арасынан «Ұлы мәртебелі ағзамның мархабатымен сәуірдің 6-сы күні бірқатар шекаралас ортаазиялық иеліктерді бақылап қайту жөніндегі қиындығы мен қатері мол тапсырманы орындау кезінде көрсеткен үздік-қажырлы һәм ынталы қызметі бағаланып, Армия кавалериясының поручигі, сұлтан Шоқан Уәлиханов Қасиетті Апостол мәнді князь Владимир орденінің төртінші дәрежесінің кавалері атанды», деген жолдарды да оқимыз...

...Газеттерде 1860 жылғы мамырдың бесінен бастап, бүкіл жаз бойы Павловск қаласында Иван Страус мырза (бұл кәдімгі атақты австриялық композитор, дирижер және скрипкашы, сол жылдары Ресейге гастрольмен келіп жүретін «вальс королі» – Иоганн Штраус) күн сайын кешкі 7-ден соңғы пойыз аттанғанша өз оркестрімен ойнайтыны туралы хабарландырулар шығып тұрды. Демалыс күндері астана жұрты, офицер қауымы Петербор маңындағы Павловск, Петергоф, Царское село секілді әсем қойнауларға, жақын жерлердегі саябақтарда серуендеуге ұмтылады. Оларға Штраус секілді арнайы шақырылған музыканттар өнер көрсетіп жатады. Қала театрлары жаз маусымы басталысымен саябақтардағы ашық сахналарға шығып ойнайды. Астана төңірегіндегі сол сұлу мекендер де Шоқанның талай серуен құрған тұстары.

Театрлар демекші, Шоқанның Петербордың әйгілі өнер отауларына барып, спектакльдер көргені анық. 1860-1861 театр



маусымында Александр театрында (қазір А. С. Пушкин атындағы Мемлекеттік академиялық драма театры) Гогольдің «Ревизоры», Островскийдің «Найзағайы», опера және балет қойылымдары жүретін Үлкен театрда «Риголетто», «Жизель», «Севиль шаштаразы»; Михайл атындағы театрда (қазіргі Кіші опера және балет театры) «Гамлет» секілді классикалық туындылар қойылыпты. Сол кезде Петербор жұртшылығы арасында театр спектакльдерін тамашалау ерекше беделге ие болғанын еске алсақ, осындай үлкен сахналық ойындарға Шоқанның да мүмкіндік тауып барып тұрғаны күмән тудырмайды.

Ол астанада жүрген шақта орыс әдебиетінің небір ірі тұлғаларының шығармалары том-том болып шығып жатты. Мәселен, газет хабарландыруларынан комиссионер Д. Е. Кожанчиковтың кітап дүкенінде Пушкиннің алты томдығын, Лермонтов шығармаларының екі, Гогольдің алты, Островскийдің екі, Крыловтың үш томдығы түскенін оқуға болар еді. Әрі Шоқан назар аударатын бір нәрсе деп, сол дүкенде Достоевскийдің екі томдық шығармалары мен Тарас Шевченконың жаңа басылған «Кобзарь» атты өлеңдер жинағының да сатылатыны хабарлануын айтар ек. Маңғыстау жаққа ұзақ жыл солдаттық қызметке айдалып, сонда шеккен азаптан денсаулығын төмендетіп қайтқан украиндық ақын Тарас Григорьевич Шевченконың есімімен Шоқан Петерборда таныс болды. Ол келген шақта «Кобзарь» кітабы туралы мақтау сөздер жұрт аузында екен. Алдында ғана шыққан «Санкт-Петербургские ведомости» газетінің дәстүрлі «Әдеби жылнама» бөлімінде жинақ туралы жақсы лебіздер жазылыпты. Байыптап қарар болсақ, олар бір-бірімен кездесуі де мүмкін. Бұл ретте Шевченко өлеңдерін ағайынды ақындар Курочкиндердің аударғандығын, украин кобзарының Яков Полонскийдің үйіне барып тұрғанын, Азия департаментінің бастығы Ковалевскийдің крепостнойлық құрсауда жүрген ақын туыстарын босатуды сұранып, пан Флиорковскийге Шоқан мүше болған «Әдеби қордың» әйгілі өкілдері атынан хат жаздырғаны еске түсер еді (белгілі жазушылар мен қайраткерлер қол қойған сол хатта Тургенев өзін Орел помещигі деп көрсетеді).

Шевченконың Петербордағы өмірі ұзақ болмады. Ақыры ауыр науқас 1861 жылғы ақпанның 26-сы, дәл өзінің туған күні оны о дүниеге алып кетті. Азаттық үшін арпалысып, азап кешкен

ақынды ақтық сапарға шығарып салудың өзі жұртшылықтың үлкен шеруіне айналды. Оның сүйегінің басында қайғы жұтқан достары жалынды сөздер айтты. Солардың бірі Николай Курочкин еді...

Сол кездегі газет-журналдарды мұқият парақтау үстіне Шоқан өмірінің кей сәттері астана басылымдарында ауық-ауық көрініс тауып жатқанын айтпағанның өзінде, оған қатысы бар осындай қисынды деректерді молдап ұшырастыру – ғалымның Петербордағы ғұмырын ойша байыптауға көп қолғабысын тигізеді.

Солардың қатарында «Русский вестник» журналының 1860 жылы шыққан 29-30-шы томдарынан біз Шоқанның тікелей өзіне қатысты қызықты дүниелерге тап болар едік. Олардың алғашқысында этнограф П. И. Небольсиннің «Саяхатшы қазақтар», екіншісінде Орынбор қазақтары облысы бастығының көмекшісі Л. Н. Плотниковтың «Саяхатшы қазақтар мақаласы жөнінде» атты материалдары жарық көрген. Небольсинді Шоқан оның 1849 жылы шыққан «Сібірді бағындыру», сондай-ақ Географиялық қоғамның тапсырмасымен 1850-51 жылдары қазақ жерінің батыс бөлігін аралаудың қорытындысы бойынша, қоғам жазбаларында жарық көрген «Төменгі Волга очерктері» (1852), «Орынбор шепі тарапынан Орта Азиямен, Хиуамен, Бұхара және Қоқанмен сауда-саттық жайындағы очерктер» (1856) атты еңбектері арқылы бұрыннан сырттай танытын. Петерборға келгесін ғана жүзбе-жүз көрісті.

Небольсин өз мақаласының желісін Петерборға келген қазақтар жөнінде өрбітіпті. Автор: «Олар астанада тым сирек кездеседі, бес-алты адам жинала қояр ма екен. Сол барларының өзі жалпыеуропалық әскери киіммен жүреді, ал солардың арасында бір адамнан басқасы өз тірліктерінде көзге түсерлік ештеңемен еленбейді. Ол өте жас атты әскер офицері, шені бойынша, шамасы, штабс-капитан, тегі бойынша сұлтан, Шоқан Уәлиханов. Қашқарға саяхатпен барып қайтқан ол, жуырда Географиялық қоғамның бір мәжілісінде жан-жақты біліктілік пен салауаттылыққа толы баяндама жасады», – деп атап көрсетеді.

Небольсиннің «Шоқаннан басқа» деп айтып отырған адамдары 1860 жылдың жазында Орынбор қазақтары облысынан

Петерборға арнайы келген депутация мүшелері еді. Осы мақаланы оқи салысымен Орынбор қазақтарының приставы Лев Николаевич Плотников оған өз пікірін білдіріп, журналдың келесі санында жауап жазды. Қазақ халқына деген пейілі Шоканның аға досы Гутковскийге де біршама ұқсайтын Плотников, депутация мүшелері, дәл автор айтқандай, «өз тірліктерінде ештеңемен еленбейтін» адамдар емес еді дегенді ортаға тартады.

Приставтың сол жолы Петерборға келген адамдарды тізген тұсынан біз Орынбор қазақтарының шығыс бөлігінен: әкім-сұлтан, есаул Мұхамбет Жантөриннің; арғын руы жоғары шекті тармағының биі, зауряд-жүзбасы Бірімжан Шегенұлының; орталық бөлігінен: шөмекей руының басқарушысы, әскери старшина, сұлтан Ермұхаммет (Елекей) Қасымұлының және шекті руының биі Әзберген Мұңайтпасұлының; батыс бөлігінен: әкім-сұлтан, подполковник Мұхаметқали Тәукиннің және шөмішті-табын руының биі Алдаш Байғаниннің; Сырдария қазақтарынан: алшын руының биі Есет Төлекұлының, төртқара руының биі зауряд Сердалы Бекшораұлының; Ішкі орданы басқару жөніндегі уақытша кеңестің кеңесшісі, хорунжий Мұхаммедсалық Бабажановтың; Ішкі Орал шебінің өкілі тархан Ибадулла Есенбайұлының; аудармашы ретінде келген атты әскер подпоручигі, сұлтан Әлмұхамед Сейдалиннің аты-жөндерін ұшырастырамыз.

Плотников депутация мүшелерінің әрқайсысына тән ерекшеліктерін сөз ету үстінде, Сердалы Бекшораұлының сурет салуға құлқы зор болғанына көңіл аударады. Ол астанаға жеткенше жолшыбай көргендерінің бәрін суретке сызып отыруды дағды етіпті. Тіпті Эрмитажға кіріп шыққаннан кейін «Помпейдің соңғы күнін» қайтадан еске түсіріп, салуға талаптаныпты. Бірақ қасындағы серіктері түртпектеп, мазақ етіп оны аяқтатпай қойыпты. Қазақша жетік хат танытын Бекшораұлы қайта-қайта өзінің орысша білмейтіндігіне өкініпті. Плотников оған қайтарда орысша әліппе беріп жібергенін, соны Сердалының тез оқып үйренетіндігіне сенетіндігін жазады.

Орынбор приставы Плотников өз мақаласында: «Небольсин мырза сұлтан Тәукин мен қожа Бабажановты да көп адам онша тани қоймайды, дегенді айтады. Ал олар өздеріне толық назар

аударуға әбден лайық адамдар... Әрине, екеуін де Петерборда өзім тікелей танысып, көңілді кештерді бірге өткізген сұлтан Уәлихановпен салыстыруға болмайды. Оның қабілеттілігіне олар түгілі, біз Небольсин екеуміз де тең келмеспіз. Шоқан Шыңғысұлы – әзірше қазақ арасындағы жалғыз феномен, біздің Орынбор даласында ондай құбылыс әлі көп күттіретін шығар», – деп қазақ саяхатшысына ерекше жоғары баға береді.

Плотниковтың Тәукин мен Бабажановты бөле-жара атауы да бекер емес. Ол екеуі Орынбордың кадет корпусында әскери білім алған, орысшаға жетік жандар. Сол жылдары орыс басылымдары алпыстағы Тәукиннің қазақтардың шаруашылығы жөнінде экономикалық мақалаларын жарияласа, Шоқаннан үш жас ғана үлкендігі бар Бабажановтың Бөкей ордасынан жолдаған құнды этнографиялық жазбалары 1860 жылдан Петербор газеттерінде бірінен соң бірі жарық көре бастаған еді. Кейіннен, оны сол еңбектері үшін Орыс географиялық қоғамының толық мүшесі етіп сайлады.

Әрине, Петерборда жүрген Шоқан Орынбордан патшаға көрісу үшін қазақтардың депутациясы арнайы келіп жатқанда, олармен қалай кездеспей тұра алсын. Плотников айтқандай, олар әлденеше рет бас қосқан, дастарқандас болған, талай ортақ әңгімелер тізгінін ағытқан.

Мұны Шоқанның тамыздың 9-ы күні әкесіне жазған хаты одан әрі нақтылай түседі...

Хат демекші, оның Омбыдан, Петербордан үйіне жолдаған, әкесінің оған жіберген хаттары XIX ғасырдағы кітаби қазақ тілінде жазылған үшбу хаттасулардың айшықты үлгілерінің бірі. Олардан әуелгі білімді қазақ мектебінен алған Шоқанның қаншама жыл орысша оқып, әскери ортада қызмет етіп, еңбектерін орысша жазса да, өз ана тіліне жетіктігі, әкесі Шыңғыстың өз заманындағы сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу адам екендігі айқын аңғарылады. Деректерге сүйенсек, оның әкесіне, нағашысы Мұса Шормановқа жолдаған, олардың Шоқанға жазған, басқа да талай тамаша хаттары болған. Алайда сонау бір ақ пен қызыл арпалысқан, одан кейін көменестік дүмбілез билік орнаған аласапыран жылдарда, ашаршылық зұлматынан қынадай қырылған, қазақтың бетке ұстарлары атылып, әсіресе хандар мен ауқаттылардың тұқымдары жаппай

жойылған зобалаң замандарда, олардың бәрі, өзге де Шоқанға қатысты құнды мұралармен, қолжазбалармен, кітаптармен бірге ұшты-күйлі құрыған. Ұлы тұлғамызға қатысты қаншама дерек пен мәлімет кетті десеңізші, солардың арасында.

Осы орайда 1895 жылы, сол кезде әйгілі саяхатшы ретінде көпке танымал Г. Потаниннің арнайы түрде аяулы досы Шоқанның туған шаңырағына, оның 85-тегі әкесі Шыңғыс ақсақалдың қолын алуға келіп, біраз күн қонақ болғандарында, үйде сақталған хаттардың бірсыпырасын көшіріп алып, өз мұрағатында сақтап қалғанына тәубе айтасыз. Қандай көрегендік болған деп, асыл досының аруағына рахмет жаудырасыз. Жан досы Шоқанды жақсы көру арқылы бүкіл қазақ халқын сүйіп өткен ардагер ғалымның, өзіне қолғабыс беріп қасында жүрген Петербор университеті Шығыстану бөлімінің студенті Дінше Сұлтангазиннің (кейіннен «Дала уәлаяты газетінің» редакторы болған қазақ зиялысы) көмегімен араб қарпіндегі сол хаттарды қағазға түсіріп алудың арқасында ғана, олардың мәтіні кейінгі ұрпаққа жетіп отыр.

Достоевскийдің Шоқанға 1856 жылы жазған әйгілі *«туған бауырымнан да артық көремін»* деп жазған хаты да осындай сәтті кездейсоқтың нәтижесінде аман қалыпты. Оны Шоқанның туған інісі, 1868 жылы Омбы кадет корпусын бітіргесін, аздап Петерборда оқыған, біраз жыл әскери қызмет атқарған, содан соң отставкаға шығып, Сырымбетте тұрақтап, помещиктер ғадетінше, ауыл шаруашылығымен айналысқан, орыс әдебиетін терең білетін Махмет (Махмұд) Уәлиханов оны 1908 жылы Н. Павлова дейтін зиялы танысына хатпен жіберіпті. Ол әйел, шамасы, Семейдегі қазақ интернатының директоры болуы керек, деген жорамал бар. Мың болғыр осы көреген жан, жазушы хатының түпнұсқасын Петербордағы Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасына жолдапты. Егер бұл хаттар да Потаниннің жидашылығы, Махметтің сезімталдығы арқасында аман қалмай, кейінгі заман топалаңында басқа мұралармен қатар құрып кеткенде, Шоқанға қатысты мәліметтердің біраз маңызды тұстары да со бойы ойсырап тұрған болар еді. Бұған да шүкіршілік...

Сонымен, оның әкесіне тамызда Петербордан жазған хаты. *«Орынбордан шыққан сұлтандар бір жұма болды мұнда*

*келгеніне. Мұқан сұлтан бәріне председатель. Бір писмоводитель бар, атын ұмыттым, һаммасы сегіз-тоғыз кісі. Падшаға бүгін көрісетұғын күн. Пристав болып келген Плотников деген – председателиң товаришы. Переводчигі қазақ төресі офицер Әлмұхамед Сейдалин. Жақып оны біледі. Ахметтікінде көрген. Бәшкен ханым сәлем айтыпты».*

Ол әкесіне өзі емен-жарқын боп жолыққан депутация адамдарының бәрін атап жатпай-ды. Шыңғысқа таныс адамдардың есімін ғана айтып өтеді. Ал депутация ішінде Шыңғысқа әсіресе керегі – Орынбор облысы Шығыс бөлігінің әкім-сұлтаны Мұқан (Мұқамбет) Жантөрин екені өзіне мәлім. Себебі әкесі оған Мұқанның інісі 1851 жылы қайтыс боп кеткен Ахмет Жантөриннің қызы Ғазизаны айттырып қойған. Шоқан Шыңғыс үшін бұл хабардың жағымды тиетіндігін сезеді. Тіпті марқұм Ахмет сұлтанның бәйбішесі Бәшкен ханымды да ескеріп өзіне «сәлем айтқанын» да атап өтеді.

(Бұл кезде Ахмет төренің Шоқаннан екі жас кішілігі бар баласы, 1855 жылы Неплюев кадет корпусын жүзбасы шенімен бітірген Сейітхан Орынбор қазақтары облыстық басқармасында қазақтар тарапының өкілі қызметінде жүр еді. Сол жылдары ол Жәңгір ханның кенже қызы Хадишаға үйленген. 1857 жылдан бері осы Орынбор генерал-губернаторлығында Жәңгір ханның Петербордағы паж корпусын бітірген ұлы (болашақ кавалерия генералы, генерал-полковник) Ғұбайдолла да қазақ, башқұрт және қалмақтар жөніндегі істерді қарайтын арнайы офицерлік қызмет атқаратын.

Жәңгір 1845 жылғы тамыздың 11-інде төтеннен көз жұмғаннан кейін, артынша біраздан науқастанып жүрген сүйікті жары Фатима ханым (1789-1824 жылдары Орынбор мүфтіі болған татар зиялысы Мұхамеджан Хұсайыновтың /1756-1824/ еуропаша жан-жақты білім алған, орысшаға жетік, французша, немісше сөйлей алатын қызы) да бақилық болып, арада екі айға жетер-жетпес уақыт өтпей ерінің соңынан аттанып кетті. Содан соң Ішкі (Бөкей) ордасын басқару жөніндегі уақытша кеңес тарапынан ханның жетім қалған балаларына қамқорлық жасау, олардың оқуы мен тәрбиесіне арнайы қаржы бөлу туралы шешім шығарылады. Ұлдары – Петербордағы жоғары лауазымдылардың балалары тәрбиеленетін паж корпусында

оқыса, қыздары – Зылиха мен Қадиша Орынбордағы үйлерінде арнайы бөлінген орыс, неміс тәрбиешілерінің (губернанткалар) көмегімен аналары сияқты көп тіл үйреніп, ақсүйектік ортаға тән тәлім алды. Жантөриндердің анасы Кәзіке – Жәңгір ханның әпкесі болғандықтан, Сейітхан апалы-сіңлілі екі қызға туған жиен де еді. Сол себепті де ханның 1838 жылы туған кенже қызы Хадишамен Сейітхан өзі кадет корпусында оқып жүрген кезінен танысып-білісіп алған-ды. Хадишадан бес жас үлкен Зылиха бойжетіп, баяғы елші Құтлымұхаммед Тевкелев әулетінен шыққан, қырым татарлары эскадроны лейб-гвардиясының подполковнигі Тевкелевке 1851 жылы ұзатылып, ерінің жұмыс орны Үпіге ауысқанда, ол сіңлісі Хадишаны өзімен бірге ала кетеді. Қызметін Орынбор басқармасында жұмыс істеуден бастаған жүзбасы Сейітханға Хадиша сұлумен қайта қауышу еш қиынға түсе қоймаған. Екі хан тұқымының басын қосқан шаңырақта 1864 жылы дүниеге келген Сәлімгерей Сейітханұлы Жантөрин кейіннен Мәскеу университетінің физика-математика факультетін, содан соң Петербор университетінің заң факультетін 1889 жылы бітірді. Үлкен қоғам қайраткері, жиырмасыншы ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің біріне айналды. Бірінші Мемлекеттік думаның мүшесі ретінде мұсылмандардың құқығын қорғау ісінде елеулі жұмыстар атқарды. Тевкелев әулетіне байланысты сөздің реті келіп тұрғанда, Әбілқайыр ханды орысқа бодандыққа көндіру мәселесінде көп еңбек сіңірген баяғы Құтлымұхаммед Тәуекел мырзаның шөбересі Батыргерей Шәңгерейұлының қызы Зуһраның да кейіннен Жәңгірдің баласы, Петербор паж корпусын бітіріп, 1875 жылдары полковник шенінде отставкаға шыққан Ахметгерейдің зайыбы болғандығын айта кетсек те еш артықтық етпес. Сондай-ақ Жәңгір хан қайтыс болғаннан кейінгі Ішкі ордадағы жағдайды байыптау, орданы уақытша басқару жүйесін ұйымдастыру, жауапты адамдарды тағайындау, ханның қазынасы мен мүліктерін есепке алу, хан балаларына қамқорлық жасау жайын тиянақтау сияқты мәселелерді атқару үшін Орынбор әскери губернаторы В. А. Обручев пен Орынбор шекара комиссиясының бастығы генерал-майор М. В. Ладыженскийлер Хан ордасына арнайы аттандырған Орынбор шекара комиссиясының кеңесшісі, коллеж кеңесшісі (1846 жылдан статс

кеңесші) Ибниамин Бикмаев мырза (1797-1853) да сол Құтлымұхаммед Тевкелев елшінің немересі Шәңгерей Жүсіпұлының қызы Фатиманың күйеуі болатын).

Шоқан хатында жазған «*Жақып білетін Әлмұхамед Сейдалин*» – сол кездегі білімді қазақ офицерлерінің бірі. Тегі жөнінен Нұралы ханның шөбересі. Орынбордағы Неплюев кадет корпусын бітірген. Шоқаннан бір жас үлкендігі бар. Кейіннен Батыс бөліктің әкім-сұлтаны, полковник шеніне дейін өсті. Оның өзімен бірге кадет корпусын түгескен немере інісі (әкесі Күнтөренің інісі Айтөренің баласы) Тілеумұхаммед Сейдалин – Орынбор генерал-губернаторлығы аясында түрлі қызметтер атқарып, соңыра Торғай облыстық әскери губернаторының аға көмекшісі, уезд бастығы бола жүріп, қазақтардың шаруашылығы мен мәдениетіне қатысты қызықты ғылыми еңбектер жазумен айналысты. Оқымысты, білгір этнограф ретінде танылды. Сондай-ақ осы Сейдалиндер ағартушы Ыбырай Алтынсаринмен тығыз қарым-қатынаста болған, оған қырда қазақ мектептерін ашуға біршама көмек те берген жандар. Оларды әдетте бірін-бірімен шатастырмас үшін, Әлмұхаммедті – Сейдалин бірінші, Тілеумұхаммедті – Сейдалин екінші деп атайтын. (Алтынсарин 1860 жылы Ильминскийге жолдаған хатында өзімен бірге жүрген Тілеуді «Сейдалин-2» деп жазады). Екі Сейдалин де кейіннен Ахмет пен Мұхамбеттің әкесі Жантөренің бауырларының қыздарын алды. Әлмұхамед алғашқы зайыбы Зәуреш Медетғалиқызы (әйгілі «Зәуреш» әнінің кейіпкері) науқастан көз жұмған соң, 1809 жылы туған, біраз жыл 53-ші дистанция бастығы қызметін атқарған, Шығыс бөліктің әкім-сұлтанының көмекшісі, Торғай уезі бастығының көмекшісі, Орынбор генерал-губернаторының ерекше тапсырмалар жөніндегі шенеунігі болған подполковник Сүлеймен Жиһангерұлының қызы Халифаға; Тілеумұхамед 1869 жылы, өз уағында 21-ші дистанция бастығы болған Сермұхамед Жиһангерұлының (1794 жылы туған) қызы Айзадаға үйленді.

Әлмұхамедтің Халифадан туған бір баласы, 1904 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген, одан соң «Айқап» журналы тілшілерінің бірі болған, ағартушы-демократ — Жаһанша Сейдалин де Шоқанның кейінгі тағдырына басқа қырынан келіп жанасты. Ол университеттің төртінші



курсында оқып жүргенде, «Едіге мен Тоқтамыс туралы аңыз. Ш. Уәлиханов қолжазбасының қазақша мәтіні» деген кітабын дайындап жүрген шығыстанушы ғалым П. М. Мелиоранскийге қолжазбадағы араб әрпімен жазылған қазақтың көп сөздерін анықтап оқуға көмектесті. Бұл кітап 1905 жылы Петерборда басылып шықты.

Шоқан Петерборға барғаннан кейін әкесіне алғашқы хатты сәуірдің 14-і күні жазыпты. Алайда бұл хат сақталмаған. Оның мамырдың 27-сінде ғана Сырымбетке жетіп, аға сұлтан шаңырағын шат-шадыман қуанышқа бөлегені, Шыңғыстың баласына шілденің 6-сында жазған жауап хатында айтылады. Ұлының аты дүрілдеп, ол туралы ел аузынан ылғи да мадақ сөздерді естіп жүрген әкенің көңілі ерекше көтеріңкі. Гутковскийдің өзі аға сұлтанға екі рет хат жолдап, Шоқанды ерекше мақтапты. Жақында дуан орталығы Көкшетауда аға сұлтан сайлауы өтіп, оған Сібір қазақтары облысының әскери губернаторы генерал фон Фридрихстің, оның орынбасары полковник Майдельдің, бригада генералы Волковтың, әскери губернатор кеңсесінің бастығы Куридің қатысқанын масаттана хабарлаған әке, жоғары ұлықтар мен оларға еріп келген үлкен шенділердің бәрінің де Петербордағы оған көп сәлем айтып жатқанын, «қашанда тілектеспіз, ұзын ғұмыр мен бақыт берсін» деген ықыластарын білдіргенін жеткізеді. Сайлау кезінде барша жұрттың бірауызды болып, өз басының және қасындағы қазылары Әбділғафар Маңдайұлының, Тәштит Тәбейұлының бұрынғы орындарында алмастырылмай қалғанын хабарлайды. (Әбділғафар – сонау жиырмасыншы жылдары бірауық Көкшетау дуанының аға сұлтаны міндетін атқарған атығай-бағыстың әйгілі биі, коллеж ассесоры, старшина Тоқтамыс Жанұзақұлының немересі, 1845-1851 жылдар арасында Көкшетаудың аға сұлтаны болған старшина Маңдай Тоқтамысұлының баласы. Әбділғафар Омбы әскери училищесі жанындағы Азия мектебін Шыңғыспен қатар бітіргелі бері осы дуан басшылығы төңірегіндегі іс жүргізушілік, хатшылық қызметтерде жүрген-ді. 1852 жылдан қазы, жарты жылдай (1853-1854) аға сұлтан міндетін де атқарған, жүзбасы шені бар. – *Авт.*)

Шыңғыс ақпан айында өзінің Омбыда болғанын айтады. *«Жанарал-губернатор бек құрмет қылды, сізді көп мақтады.*

*«Хұдай ғұмыр берсе – көп алысқа барур» деді. Мұса, Шалғынбай, біздерді благородное собраниеде жанарал-губернатор бек зор қонақ қылды. Барша төрелер жиылды. Һәм музыканттарды шақырды...»,* дейді полковник әке мақтаныш білдіре. (Оның қасында болған Мұса – Баянауылдың аға сұлтаны, сол кезде майор Мұса Шорманұлы, Шалғынбай – Қарқаралы дуанының аға сұлтаны, Абылай ханның Тоғым деген баласының немересі, хорунжий Шалғынбай Бірәліұлы еді. Мұса полковник шенін 1869 жылы, Шалғынбай жүзбасылықты 1866 жылы алған. – Авт.). *«Бұл күнде жанарал-губернатор Алматы – Қапалда, үйілдің аяғында қайтпақ»,* деп Гасфорттың хабарын да айтып кетеді.

Астанада жүрген баласын үйдегі жаңалықтардан да хабардар етеді. *«Қарындасың Рахияны майдың аяғында күйеуіне ұзаттық. Хұдай тағала алды-артын бақытты қылып, хайырын берсін... Екі Махмұд бүгінде бізде қонақта. Әгарда Петерборда оқитын бір жер тапсаңыз жақсы болар еді... Оларды өзім Омбыға алып баратын шығармын... Қасым баласы Көшек бодандық сұрап мұнда келген. Мен военный губернаторға жолықтырдым. Олар жанарал-губернаторға мағлұм қылды. Егер қабыл қылса хабар бермек. Және Саржан баласы Қошқарбай Катенин жәрдемімен падша хазіретіне кетті...».*

(Шыңғыстың екі Махмұд деп отырғаны, Шоқанның 1857 жылдың тамызында әкесіне жазған хатында *«Сабалақ пен Ханғожжа балаларын корпусқа принимать қылдық»* деп хабарлайтын, біріншісі – Айғанымның үлкен ұлы, ырсай-атығайдың болыстығы қызметін інісі Мәмке қайтыс болғанан кейін атқарған Әбеннің (Абылай) Сабалақ дейтін баласының ұлы Мұхамедия, екіншісі – қобызшылығымен, саятшылығымен әйгілі Қанғожаның ұлы, кейіннен кіші Махмет атанған ағайынды Уәлихановтар еді. Тете екеуінің де азан шақырып қойған есімдері Мұхаммед болғандықтан, ағайын-туған оларды қос Махмұд деп атап кеткен.

Хаттағы назар аударар бір тұс – аға сұлтан Шыңғыстың Кенесары төңірегімен қарым-қатынасының қалыпты болғандығы. Орыстың ағасұлтандығы қызметінде жүрген оған Кенесарының інісі Көшек төре туысқандығын алға тартып, базына айта келгенде, бір кезде отаршыл саясат ылаңы екі жаққа бөлінуге

мәжбүр етсе де, қонағын құрметтеп қарсы алып, әскери губернатормен өзі тікелей жолықтырады. Ағайындығын танытып, Саржанның баласы Қошқарбайды Орынбордың генерал-губернаторы А. А. Катенинмен жалғастыруға септеседі...

Баласының Петерборда жүргенін пайдаланып, өзі көптен ізденсе де, нәтижесіз аяқталып келе жатқан дворяндық атақ алу мәселесін қайта қозғауды ұсынады. Шыңғыс бұл жөніндегі әңгімені сонау 1848 жылдан бастаған. Сайлау туралы жарғыда үш мәрте аға сұлтан болған төре тұқымының Ресей империясының дворяны мәртебесін алу туралы өтініш беруге құқығы бар, деген бапқа сүйенген ол, бұл атақты біраз қуынып та көрген-ді. Алайда, бірде майор шенін алған куәлік қағазың жоқ екен, деді, бірде ол кемшілік жөнделіп, өтініші үкіметтік сенатқа дейін жеткенде, дворяндық атақты бірге алуға тиіс балаларының заңды тегі көрсетілген туу туралы куәліктері қоса берілмепті, деді, әйтеуір соңы сиырқұйымшақтанып жоқ боп кеткен-ді. Сәмеке ханның шөбересі, Ақмола дуанын талай жыл билеген Қоңырқұлжа төренің сонау 1836 жылдан дворяндық атаққа иеленіп қойғаны, оның тұқымдарының заңды түрде ақсүйек атанып алғаны, өзінің Қазақ Ордасының айбынды ханы Абылай сайыпқыранның немересі бола тұра, сегізінші рет аға сұлтандыққа сайланса да, өзіне және соңынан ерген ұрпағына бұндай мәртебені алудың реті келмей қойғанына көңілі қоңылтақсып жүрген әке, баласына осы мәселе бойынша күш салуға тапсырма береді. *«Әгарда мүмкін болса, ақсүйектікті, яғни кінәздікті іздеп қараңыз. Бекер қарап жатпағайсыз. Өздеріңізге жақсылықты іздеңіз. Бұ істі көптен-көп тапсырамын...»*, дейді...

Туған үйін көрмегелі екі жарым жылдан асқан, қиын сапардан аман-есен оралғаннан кейін тағы да алыс шаһарда жүрген бауыр еті баласы қауіп-қатерден аман болса екен, деп тілейді, сол астанада арнайы мектепте тәрбие алып жатқан, өздері бес жыл бойы көрмеген, жарым көңіл перзенті Мақыға сағынышты сәлемін жеткізуді сұрайды. *«Ол алғаш көргенде таныды ма.., портретін салып жібергейсің»*, деп жазады. Сақтандырады. *«Өзімнің саған уәде берген жылында бір жібермек болған ақшаларды даярлап қойдым. Бірақ құдайға тапсырдым: жақсы жүр, ішкіліктен сақ бол. Әгарда бір үйренсең қайтып құтылмақ қиынды... Жалқаулық қылма,*

уақытың болса, сәлемді біздерге көп жазып тұрғайсың. «Жырақ жерден жақын көңіл» деген... Және маған жазыңыз: Петерборда қандай адамдардан өзіңізге дос-жар кісі таптыңыз? Әрдайым құдайдан есендіктеріңізді тілеп, жазушы атаң, сұлтан Шыңғыс Уәлихан ұғлы», деп аяқтайды ол өз хатын.

Шыңғыстың осы хатындағы сөздерге қарағанда, Мақының да үйге хат жазып тұрғаны байқалады. Әрине, ол саңыраулар мектебінде арнайы әдіспен үйренген орыс тілінде ғана жаза алатын еді. Сол хатының бірінде Мақы әкесінен «пояс» сұрапты. Әкесі оның не екенін түсіндіруді Шоқаннан өтінеді. Шамасы, Мақының айтып отырғаны, Теріскей Қап тауы мұсылмандарын бастап жиырма бес жыл бойы Ресеймен шайқасқан Шәмил имамның 1859 жылдың тамызында жеңілгесін, мәртебелі тұтқын ретінде Александр патшамен кездесіп, Петерборға жеткізілуі, қадірлі мейман ретінде құрмет көрсетілуінен кейін астана жастары арасында имам буынғандай кемер белбеудің сәнге айналғанына қатысты қызығушылық болса керек. Өзі де хан тұқымы, он бестегі бозбала Сырымбеттегі үйінде де осындай күмістеген белбеулердің бар екені есіне түсіп, сұратқан сыңайлы.

Шоқанның әке сұрауына сол тамыздың 9-ы күні жазған хатында жауап та беріп кетеді. «Сіздің мүбәрак намаңызды, июльдің 6-сында жазған, жолығып көп шад болдым. Көбтен хабар алмағанға хафа болып тұрып едім; инша-алла, сіздер сәлеметтіктеріңізді жіберіп тұрсаңыз көб жақсы болар еді. Бізден хал ахуал сұрасаңыз, алхамдилла, сау сәләмат деп білесіз. Мақыжан һам сәләмат. Ол бұл күнде дачада тұрады. «Пойус» дегені – кәмар белбеу. Ләкің аңа еш ләзімі жоқ, бекер жазған...», – деп әке көңілін бір тыныштандырып қояды.

«Петербургта қандай адамдармен араласып тұрасың», деген сауалға да жауабы бар. Астанадағы хал-жайы жөнінде әкесі көп ойлана бермесін, пейілденіп жүрсін деген ниетпен бірсыпыра жоғары ұлықтардың аты-жөнін тізеді. «Петербургта келгеннен бері өзімнің халімні бұрынғыдан жақсырақ көремін. Гауасы маған жақсы, жағымды болды... Оны мұнда ашна болған ұлықтар, һам военный министр хұб біледі. Барон Ливен деген жанарал, граф Толстой, сенатор Любимов, уа гайри ұлықтар. Бұларға асқа барып жүремін... Өзім һам, бірнеше кітап

*тасанниф қылып (дайындап) жатырмын. Газетлерде менім хақымда көп жазған еді, есіткенсіздүр», – деп жазады.*

Шоқанмен алғашқы күндерден империяның басқа да жоғары ұлықтарының кездесуге, танысуға ұмтылғанын оның әкесіне жазған хаттарынан ғана емес, сол кезде Петерборда жүрген Орынбор қазақтары облысының бастығы Василий Васильевич Григорьевтің «Демут» мейманханасында оған арнап қалдырып кеткен сәлемхатынан байқауға болады. Өзі де шығыстанушы, түрк, парсы тілдерінің білгірі, Шыңғыс хан тұқымдарының тарихын, Алтын Орда хандарының жарлықтарын, «Бабырнаманы», Хиуа тарихын зерттеген Григорьев 1851 жылдан бері Орынборда қызметте. Алты жыл болды, өзіне дейін генерал-майор Ладыженский атқарған Орынбор шекара комиссиясының, яки өлкедегі қазақтардың басшысы боп істейді. Қазақтармен қоян-қолтық араласу арқылы, бұл халықтың алғырлығына іштей тәнті болып жүрген, қанша дегенмен, болмысы шығыстанушылыққа жақын жоғары лауазымды ұлық, сол ұлттың озық тұлғалы перзентінің Петерборға келгенін естіп, онымен кездесуге айрықша ықылас танытқандардың бірі еді. Жасы жиырма жастай үлкен болса да, екеуінің әңгімесі құп жарасты. Шоқан оның хан жарлықтарын, «Бабырнаманы» зерттеген еңбектерімен таныс екенін айтса, Григорьев одан Шығыс Түркістан аймағы туралы қызыға сұрады. Қашқардан алып келген кітаптарында қамтылатын дәуірлер, қожалар тарихына қатысты шежірелерді ұйып тыңдады. Өзінің соңғы кездері жүйелеп жазбақ боп жүрген, қазақ тілінің дыбыстарын орыс қаріптерімен қалай беруге болар еді, деген еңбегіне қатысты ойларымен бөлісті. Өзі басқаратын шекара комиссиясындағы ерекше тапсырмалар жөніндегі шенеунік әрі тәржімандық қызмет атқаратын Николай Иванович Ильминский мен кіші тілмаш боп істейтін, қазақша-орысшаға бірдей жүйрік он сегіз жасар хорунжий Ыбырай Алтынсариндермен осы мәселе жөнінде ақылдасқанда, олар мұны ақырындап енгізу арқылы елдің көзін үйретуге болады дегендей ой айтыпты. Алтынсарин бұл мәселеде дін кітаптарының араб қарпінде жазылуы себепті, жаңа әріп жүйесінің қазақтар тарапынан бірден қабылдана қоюы қиындық әкеліп, түсінбеушіліктер туындауы мүмкін екендігін ескертіпті. Ол үшін, алдымен, балаларға арнап жаңа жазуға

негізделген оқулықтар шығаруды қолға алып, біртіндеп үйрету жөн болады, деген пікір білдіріпті.

Шоқаннан бұл тұрғыдағы ойын сұраған. Әңгіменің төркінін ол да бағамдап отыр еді. Әріп ауыстырудың аржағында үлкен саясат бар. Славян жазуын қабылдау арқылы, империя құрамындағы халықтардың орыс тілін үйренуі жеңілдейді. Қазақтар ақырындап талай ғасыр бойы пайдаланып келе жатқан араб әрпін ұмыта бастайды. Одан кейін өз тілінен, дінінен жерудің де ауылы алыс емес. Содан пәленбай жылдан соң, бір тілді, бір дінді империя халқы боп шыға келеді... Өз басы екі тілде бірдей жазып жүргеннен қиналған емес. Қазақшаны араб ширатпасымен түсірген қайта жеңілдеу сияқты көрінеді. Оны орыс әрпімен беру дегенге аса құлай қойған жоқ. «Әр халық өз тарихымен етене боп кеткен дәстүрлі жазуынан қол үзбегені мақұл ғой. Одан да орысшаны төл алфавитімен оқытқан секілді, қазақшаны да өзінің бұрынғы араб әліпбиімен үйрете берген жөн емес пе. Сонда екі жазуды да қатар үйреніп шығады ғой. Мұсылман Шығысының бар тарихы араб қарпімен жазылған. Біздің қазақ та сол Шығыстың бір бөлігі. Көне қолжазбаларымыздың бәрі араб қарпінде сақталған. Жүз жылдан кейінгі ұрпақ өз тарихына қатысты сол дүниелерге тісі батпай отырса, қалай болғаны. Әрі орыс әрпіндегі кей дыбыстардың қазақшаға үйлесе бермейтіні де бар. Олардың қазақ тілінің өзіне тән төл дыбысталу ерекшеліктеріне кері әсері тиюі мүмкін ғой», деген ойын шамалап білдірген...

Екеуі үшін Едіге батыр төңірегінен ортақ әңгіме желісі табылған. Петербор университетінде студент боп жүрген кезінің өзінде «Моңғолдар тарихы» атты еңбек жазып үлгерген Григорьевтің, сол туындысында Едіге мен Тоқтамыс хан арасындағы тартыс туралы сөз еткені де бар болғандықтан, Шоқан жазып алған «Едіге» жыры мен ол аударған орысшасына ерекше қызығушылық танытты. Тарихтағы Едіге батыр мен жырдағы кейіпкер бейнесі жайында едәуір пікір алысты...

Кейіннен әкесіне жазған жауап хатында Шоқан осы ұлықпен астанаға келе салып танысқанын да атап өткен-ді. *«Орынбор қазақтарының облыстық губернаторы Григорьевпен мен қыс күні ол Петерборға келгенде көп дос болдық. Ол маған келіп жүрді»*, дейді.

Сол Григорьев бір күні «Демут» мейманханасына Шоқанды іздеп келіп, оны бөлмесінен таба алмады да қысқа хат жазып тастап кетеді. *«Сізге соғып кеттім. Бұл бір, ал екінші жұмысым, Қасиетті Синодтың обер-прокуроры граф Александр Петрович Толстой Сізбен танысқысы келеді және сол үшін Сізді ертең сағат 4-те үйіне қонаққа шақырады. Егер Сіздің қолыңыз бос және графқа баруға қарсы болмасаңыз, ертең сағат үш жарымда мен Сізді ала кетуге соғамын»,* деп сәлем қалдырыпты губернатор.

Әкесіне жазған хатында айтылғандай, Шоқан Синод прокурорының үйіне барған, қонақ болған. Одан басқа да Әскери министрмен, сенатормен, Бас штаб генералымен жақын танысқанын хабарлай отырып, өзінің қаражат жөнінен қысылыңқырап қалғанын айтады. *«Өздеріңіз жүрерде маған бұйырған едіңіз – ақшаның қанша шыққанын жазып тұр деп. Һар нешік. Сіздерге жалған айтып болмас, әуелгі жыл білмеген шаһар көбірек шықты: киім қылдырдым, форма сатып алдым, көйлек, дамбал, падшаға «представит» еткенде, ұлықтарға асқа барғанда кәретемен жүрмек керек, һар нешік бұ күнде һам шықты. Жалование формуляр список келгенше берілмейді, қашан келерін хұда білсін. Бірнеше күн ақшасыз отырып көп хәжелет көрдім. Өзіңіз білесіз, бұ шаһарда ақшасыз адам аштан өледі, әзер-әзер екі жүз теңге займға алдым. Енді бұ хатты алғаннан кейін азырақ ақша жіберсеңіз жақсы болар еді. Мен сіздерден сұрауға ұяламын, сұрамай, болмайды. Борыш қылсам, мұнан да жаман. Әгар һар айда жіберіп тұрсаңыз жақсы болар еді. Һам аз шығар еді. Көп ақша қолда болса, көбірек шығады... Бұл хатты алғаннан кейін біраз ақша жіберсеңіз жақсы болар еді. Арамыз алыс, мұнда аз кешіксе, хал хараб».*

Орынбор қазақтарының депутациясы Петерборда шілденің 31-інен тамыздың 24-іне дейін болды. Шоқан мына хатын тамыздың 9-ы күні жазып отыр. Демек, бұл хатының басында Петербордың *«хауасы маған жақсы, жағымды болды»,* деп денсаулығы жөнінде хабарлап, биік ұлықтармен таныстығын сөз етіп, әкесінің көңілін аулағандай болғанымен, оның астанадағы жағдайы соншама жөндем бола бермеген сияқты. Орынборлық қазақтар келгенде, қаражат тапшылығына байланысты олармен ойдағыдай араласа алмағандай да көрінеді.

Әкесі сұраған дворяндық дәреже жөнінде анықтап білгенінің де хабарын жеткізеді. 1776 жылғы наурыздың 14-і мен 1784 жылғы ақпанның 22-сі күнгі жарлықтарда қазақ хандарының әулеттеріне кінәздік атақ беруге рұқсат етіліпті. Сол заңдық құжаттарды негізге алып, облыстық басқарма арқылы, өтінімді қайта жасап, ізденуге әбден болады екен, бұл жөнінде Карл Казимирович Гутковскиймен ақылдасуыңыз қажет, дейді ол.

Петербор газеттері 1860 жылғы қазанның 21-інен бастап жиектері қалың қара жолақпен көмкерілген нөмірлер түрінде шыға бастапты. Бұл бүкіл ел көлемінде содан бір күн бұрын императрица Александра Федоровнаның (II Александр патшаның анасы) қайтыс болуына байланысты қаралы күндер жарияланғанының белгісі еді. Газеттерде егіле жазылған қазанамада императрицаның Пруссия королі III Фридрих-Вильгельмнің қызы болса да, Ресейдей отанының, құзыретіндегі сан миллион халқының шынайы анасына айнала білгені жазылып, бүкіл Еуропа сарайларында осы зор қайғыға орай аза тұтылғаны айтылыпты. «Русский инвалид» газетінде Соғыс министрі Сухозанеттің арнайы бұйрығы жарық көріпті. Онда: Ұлы мәртебелі императрицаның қайтыс болған күнінен бастап, әскерилер алғашқы он екі апта бойы бас киімдеріне, эполеттеріне, аксельбанттарына, мундирлері, сүртіктері мен сулықтарының сол жеңдеріне қара шүберек тағып жүру керектігі айтылыпты. Императордың пәрменімен алты апта бойы көпшіліктің көңіл көтеру шараларына тыйым салынып, театрлар жабылыпты.

Қаралы күндердің басталғанына төрт күн өткен кезде әскери газет «Русский инвалидтің» бетінен Шоқан назарын ерекше аударуға тиіс мақала да жарық көріпті. «*Батыс Сібір жаңалықтары*» деген тақырыппен берілген онда Іле аймағындағы әскерлердің қолбасшысы, Бас штабтың полковнигі Циммерман бастаған алты рота жаяу әскер, алты казак-орыс жүздігі, он үш зеңбірек және ракеталық бөлімшеден құралған жаракты қолдың тамыздың 23-і күні Қастек бекінісінен шығып, 26-сында Тоқмақты, қыркүйектің 4-інде Бішкекті басып алғаны туралы жазылыпты. Бішкек датқасы Атабек пен оған алдын ала көмекке келген Мерке бекінісінің датқасы Әлішер орыс әскері зеңбірекпен атып, қамалды қиратып бара жатқасын, өздері



берілуге мәжбүр болыпты. Төрт күнге созылған зеңбірек төпелеуі кезінде Бішкекті қорғаушылардан 20 адам өліп, 50-ге жуығы жараланыпты. Орыстар жағынан бір офицер жараланып, жауынгерлерден бір адам өліп, бесеуі жараланып, біреуі басынан зақымданыпты. Тұрғындары дүние-мүліктерін алып шыққан соң Тоқмақ та, Бішкек те тас-талқан етіліп күйретіліпті. Бішкекті жермен-жексен етуге жеті күн кетіп, жару жұмыстарына 217 пұт қопарғыш дәрі, 107 мина жұмсалыпты. Бәрі біткесін қыркүйектің 11-і күні орыс әскері Верныйға қайтыпты.

«Ақыры қиратып көңілдері көншіген екен ғой», – деп іштей тынды Шоқан осы хабарды оқығаннан кейін. Газетте аты аталған Әлішер датқамен Қашқарға аттанар алдында Алматыда талай әңгімелесіп еді. Сол кезде Верныйға мәмлегерлік шаруамен келген бұл датқаның атасы Қашқар бектерінің бірі болған екен. Қытай Алтышәрді алғаш жаулап алған кезде Қоқан жеріне қарай қашыпты. Атасының айтқанынан естігені, сол жақта тұратын біраз ағайын-туғанмен араласып тұратыны бар, Шығыс Түркістан туралы, қожалар дүрбелеңдері жайында Шоқанға талай мәлімет берген-ді.

Бішкек жорығын ұйымдастыру туралы әңгіменің былтырдан қауырт көтерілгенін жақсы біледі. Қашқардан қайтып келе жатқанда Қапалда жолыққан Бас штабтың капитаны Венюковтың шаруасы да осы мақсатқа саятын. Ол Қоқан хандығына бағынышты Тоқмақ пен Бішкек қамалдарына тікелей шығатын бағытта Қастек қамалын тұрғызу және Ыстықкөлдің батыс бетін барлаумен айналысатын арнайы экспедицияны басқару үшін арнайы келе жатқан-ды. Сол жылы жазда осы капитанның басшылығымен екі жүздей әскер тұруға лайықталған шағын Қастек бекінісі салынып, қоқан иелігіне одан әрі сұғына түсудің қолайлы мүмкіндігі жасалып та үлгерілген-ді.

Одан кейінгі оқиғалардан Шоқан бейхабар.

...Ал Алатау төңірегінде биылғы көктемнен қырғыз жерін отарлаудың жаңа қимылдары басталып та кеткен болатын. Әдетте, күн жылып, тау асулары ашылысымен, Ыстықкөл маңайындағы қырғыздарға жыл сайын зекет жинау үшін топ-топ сарбаз ерткен қокандық жүзбасылардың жететін дағдысы бар. Биыл олардың сол қалыпты әрекеттеріне жол бермей, алдарын орау қажет деп шешілген. Соған орай Батыс Сібір билігі «орыс

қарамағына өткен бұғыларды қорғау және сол маңайда қоқандықтардың бекініс салу жоспарына тосқауыл қою міндетін атқару үшін», деген уәжді көлденең тартып, Алатау округінің басшысы подполковник Колпаковскийге Верныйдан Ыстықкөлдің шығыс бетіне бір казак-орыс жүздігін алдын ала жіберіп қоюға бұйырды. Наурыз туып, тау асулары ашылысымен, жүзбасы Жеребьятов бастаған жетпіс адамдық атты отряд тауды айналып, Ыстықкөлдің шығыс жағындағы Түп өзеніне қоқандықтардан бұрын тұяқ іліктірген. Артынша жылдағы әдеттерімен алаңсыз жеткен зекетшілердің басшысына казак-орыс жүзбасысы: «бұғылар Ресей бодандығындағы ел, сол себепті де сіздер біздің қарамағымыздағы жерге өтіп тұрсыздар деп есептейміз, дереу кері қайтуларыңыз керек», – деп мәселені төтесінен қойғанымен, олар бұл өктемдікке көне қоятын төменшіктік танытпайды. Көл төңірегінен ұзамай, «кәпірлерге жерлеріңді таптатпаңдар» деп, бұғыларды орыстарға қарсы шығуға үгіттеуге кіріседі. Бұл хабар құлағына жеткен жарты патша Гасфорд Омбыдан кезекті бұйрықты түсіреді. Колпаковскийге Ыстықкөл отрядын тағы отыз адам, бір тау зеңбірегімен күшейтіп, одан бөлек бір казак-орыс жүздігі, бір рота жаяу әскер, екі тау зеңбірегін көлдің батыс жағына аттандыруға пәрмен береді. Ол берген тапсырма бойынша, орыстар Ыстықкөлдің оңтүстігінде жүрген қоқан жасақтарын екі жақтан қысып, кейін шегінуге мәжбүр етуі тиіс еді. Подполковник Шайтанов бастаған екінші отряд Қастек бекінісінен мамырдың 12-сінде шығып, жеті күннен кейін көлдің батыс жиегіндегі Көтмалды шатқалына жетеді. Қос бүйірден қусырған қарулы әскердің сұсынан сескенген қоқан-қырғыз жасақтары амалсыз Нарынның жоғары ағысындағы, былтыр Шоқандар керуені қайтарда өткен Құртқа бекінісіне қарай ығысып кетеді. Көлді екі жақтан ораған орыс отрядтары да қырғыз арасы тыншығаннан кейін көп кідірмей, шығыс бетте азғана әскерді қалдырып, Верныйға қайта оралған.

Талай жыл билеп-төстеген Ыстықкөл аумағының көп-көрнеу қолдарынан сусып бара жатқаны, қоқан билеушілерінің шамына тиетін-ақ жағдай еді. Бұл баса-көктеуге қарсы олардың қарулы қимылдар жасауының мүмкін екендігін де орыс тарапы алдын ала болжап отырды. Соған орай, егер оқиға солай өрбуге

бет алса, «бізге қоқандықтар шабуыл жасады», деген сылтаумен, біраздан көзделген Бішкек жорығын бастап кету мәселесі де ойластырылып қойылған. Маусым айының басында Алматыға арнайы келген инфантерия генералы Гасфорт сапарының негізгі мақсаты да осы жорықты ұйымдастыру жайына саятын. (Аға сұлтан Шыңғыстың баласы Шоқанға шілденің басында жазған хатында: *«бұл күнде жанарал-губернатор Алматы – Қапалда, үйілдің аяғында қайтпақ»*, деп хабарлағаны да оның осы сапары еді).

Батыс Сібірдің генерал-губернаторы сол жолы арнайы Іле өлкесі әскерлерінің қолбасшысы боп тағайындалған Бас штабтың полковнигі Циммерманға қай жағдайда қалай қимылдау керектігі жөнінде нақты-нақты нұсқаулар берді. Қарамағындағы бар әскери күшті Қастек бекінісі төңірегіне топтастырып, ыстықтың беті қайтатын тамыз айының соңында Тоқмақ пен Бішкекке қарай аттанып кетуге әзір тұруды тапсырды. Циммерманның мұздай қаруланған отряды сол жоспар бойынша, шілденің ортасына таман Қастекке тұяқ іліктіргенде, алдын ала болжанғандай, қоқандықтар да бекініс төңірегін торуылдай бастаған екен. Қырғыздарды, қоқандықтарға бүйрегі бұратын жергілікті қазақтарды қатарына қосып алған үш мың адамдық қол казак-орыс жүздіктерінің қамал маңында жайылып жүрген аттарын қуып әкетуге, Қастекті басып алуға бір-екі рет әрекет жасағанымен, соғысқа сақадай сайланып шыққан орыс әскері олардың бұл шабуылына мылтықпен, зеңбірекпен оқ жаудыра қарсы тұрып, бірталай шығынға ұшыратады. Сол күндері Қастектен әрі қырық шақырымдай тұстағы Балажансаз деген жерге Қоқан әміршісі Мәлібек ханның (Мәлла ханның) әйелінің бауыры, Ташкент төңірегіндегі қазақтың құрама руының хәкімі Рүстембек пен Бішкек датқасы Атабек бастаған жеті мыңдық қол да іліккен еді. Олар Алматыға қарай енді қозғалмақшы боп жатқанда, алғашқы лектегі сарбаздарының жеңіліске ұрынғаны, қалың орыс әскерінің Қастекке топталып үлгергені, Тоқмақ, Бішкекке қарай жорыққа дайындалып жатқаны туралы хабар қоқандықтардың негізгі күштерін бір жерге жұмылдыруға мүмкіндік бермейді. Әу баста Ұлы жүз қазақтарын қатарларына қосып алып, Алматы бекінісін қиратуды, Іле бойын кәпірлерден азат етуді көздеген қалың қол ұрымтал тұстағы жолды өздерінің

алдын орап кеткен орыс әскері қамтып қалғанын білгесін, ештеңе өнбейтінін сезіп, кейін қайтқанды мақұл көреді.

Ал Ресейдің Әскери министрі бекітіп берген жоба содан кейін де біртіндеп орындалып жатыр еді. Полковник Циммерман дәл сол нұсқауға сәйкес, тамыздың 23-і күні қалың әскер мен 250 түйеге тендеген азық-түлік керуенін бастап, бекіністен әрі қарай қозғалып кетеді. Тау бөктерлей барып Бұғымүйіз, Бесмойнақ, Балажансаз асулары арқылы Тоқмақтың үстінен түсетін Қарақоныс суының бойына шығады. Биік әрі қиялы тау аңғарларымен зеңбіректерін қиындықпен алып өткен басқыншы қол, тез арада-ақ жетпіс шақты ғана сарбаз қорғаған Тоқмақ бекінісінің топалаңын шығарды. Штабс-капитан Обух пен генерал-губернатордың адъютанты Блюменталь (екеуі де Шоқанның жақсы танысы) басқарған артиллерия бір сағаттай төпелегеннен кейін, қамалбасы Ханқұл бекке берілгеннен басқа амал қалмаған. Ішінен азғана тұрғыны түгел шығарылған соң, орыс саперлары қос дуалды, алты мұнаралы бекіністі бір күн бойы тып-типыл етіп қиратумен айналысады.

Жорықтың ендігі бағыты – Бішкек болатын. Тамыздың 27-сі күні отрядқа арттарынан бір казак-орыс жүздігі мен 150 қазақ сарбазын ерткен Алатау округі мен Ұлы жүз қазақтарының бастығы подполковник Колпаковский де жетіп қосылған. Қазақ жасағын Алматы бекінісі ірге көтергелі бері орыстарға көп көмек қолын созып жүрген, албан-суан болыстарының аға сұлтаны капитан Тезек Нұралин бастап келген. Жалпы осы Бішкек жорығына қазақтың бірталай билері мен төрелерінің қатысқаны туралы мұрағат деректері сақталып қалған. Сол кездегі шекаралас қокандық қамалдардың ішіндегі ең ірісі (ол 1853 жылы орыстар басып алған Сыр бойындағы Ақмешіт бекінісінен төрт есе үлкен) әрі мығымы боп есептелетін Бішкекті жаулап алудың мәнісі зор екенін ұғынған орыс билігі, осы өңірдегі қазақтың белгілі адамдарын да жасақтарымен қоса қастарында ұстап, сыртқа көз қылу саясатын да қатар жүргізген еді. Осы жорықтан кейін Колпаковскийдің Іле өлкесі әскерлерінің қолбасшысы А. Э. Циммерманға жазған «ерекше көзге түскен қазақтарды марапаттау туралы ұсыныс-баянатына» қарағанда, олардың бірсыпырасы орыс қамқоршыларының назарына іліуге қал-қадерінше ұмтылғанға ұқсайды. Тезек төре жасағындағы қазақтар

Бішкекті қоршау кезінде бекініске қарай ағатын арықтың алдын байлап, шәһарға су жібермей қою жұмысын ойдағыдай атқарыпты. Орыс әскері қамалды зенбірекпен төпелеп жатқан қыркүйектің 2-сі күні басқыншыларға Аламүдүн шатқалы жағынан қырғыздың төрт жүздей адамы шабуыл жасағанда, аға сұлтанға еріп жүрген қазақ жасағы есаул Бутаков пен корпус командирінің адыютанты поручик Врангель бастаған екі орыс-казак жүздігімен бірге оларды кері тойтаруға белсене қатысып, шын берілгендіктің үлгісін көрсетіпті. Сол үшін Тезекке подполковник шенін беру жөн болар еді, деп сұрайды Колпаковский.

Экспедицияға бастан-аяқ қатысқан дулат болыстарының сұлтаны капитан Әбілез Әліұлының (ол да Әділ Абылайханұлының немересі) еңбегі де жоғары бағаланыпты. Отрядты көлікпен қамтамасыз етуге көп қолқабыс жасап, қыркүйектің 2-сі күнгі қырғыздармен шайқас кезінде Тезек сияқты өзінің қарамағындағы қазақтарға дем бере білген оған да кезекті майор шенін, жанында жүрген бауыры прапорщик Дайырға подпоручик шенін беруге болатыны айтылыпты. Шапыраштылардың биі, прапорщик Сұраншы Ақынбекұлы бір жағынан сенімсіздеу көрінсе де отрядты көлікпен қамтамасыз ету ісінде едәуір көмек берді, сол еңбегі үшін поручик шеніне ұсынылыпты. Сол сияқты ботбайдың биі, прапорщик Қожағұл Байсеркеұлы, қызылбөріктің биі, прапорщик Атамқұл Байтекин подпоручик шеніне, Жалайырдың сұлтаны Сұлтанғазы Жанғозыұлы, сыпатай руының биі Қамбар төре Аланұлы прапорщик шеніне лайық деп табылыпты. Мырза атасының билері Жайнақ Темірбекұлы мен Сұлтанбай Жәдігерұлының, албан ішіндегі төре Әбіхан Мамырханұлының, бозымның биі Тазабек Бұсырманұлының, айттың биі Кенжебек Абақұлының, әлжанның биі Жанат Нұржауұлының, құрманның биі Саурық Түменбайұлының және тағы да басқа қазақтардың еңбектері атауға тұрарлық деп есептеліп, көпшілігі «Ерлігі үшін» медалі, иін белдікке ілетін қылыш, әртүрлі дәрежедегі жалтырақ медаль, оқалы шапан сияқты марапаттарға ұсынылыпты. Бұлардың бәрі Шоканның Жетісу мен Ыстықкөлге келіп-кетіп жүрген сапарларында аралас-құралас, сыйлас, дастарқандас болған байырғы таныстары.

Бұл жорық қырғыздың дүмді сарыбағыш руы манаптарының да күннен-күнге баса-көктеуі күшейе бастаған орысқа бағынғаннан басқа жол жоқ деген түсінікке құлай бастаған кезіне дөп келген еді. Бекіністерді басып алуды көздей аттанған қалың қол сарыбағышқа қарасты Қараконыс аңғарына келіп тоқтаған түні, өз әулеттерінің билік басында қала беруінің бірден-бір жолы орыстың қарамағына тезірек өту деп ұғынған жас манаптардың бірі Шәбден Жантайұлы (ана жылғы Кенесары өліміне қатысы бар Жантай манаптың баласы) отряд бастығы Циммерманға арнайы түрде жолығып, өз аталастарын бодандыққа алуды өтініпті. Бұл да болса, орыс басқыншыларының қырғызды қоқан езгісінен құтқарып жатырмыз, деген жалған уәжіне орайласа кеткен, одан әрі батыл-батыл қимылдауына үстемелете сылтау қосқан елеулі жайттардың біріне сайған еді. Қазақ пен қырғыз бізді қолдайды, деп тоқмейілсіген полковник Бішкекті де Тоқмақ сияқты түгін қалдырмай қиратып, қыркүйектің 11-і күні Верныйға қарай кері жолға шығыпты. Бұл жолы отряд осы жаққа беттегенде өткен зеңбірек қозғалысына ауыр, қиясы көп Қараконыс, Бұғымүйіз, Бесмойнақ шатқалдары арқылы емес, одан жүріске жеңіл әрі Бішкектен төте Қордай асуы арқылы қайтыпты...

Бұл жорық туралы хабар Омбыда пысықталып, Петерборға жеткенше, одан газетте жарық көргенше, арада бір айдай уақыт аунап кеткен еді. Шоқан оны қазанның 25-і күні ғана оқыды. Ал содан дәл төрт күн бұрын ғана Қарақастек өзені алабында қоқан мен орыс әскерінің қиян-кескі шайқасы жүрген болатын.

Жетісу мен Ыстықкөл төңірегіне сұғынып кірер тұстағы ірі камалдары Тоқмақ пен Бішкектің талқандалуы Қоқан хандығын ерекше кижіндірген жағдай болғандығы өз-өзінен түсінікті. Соған орай Мәлібек (Мәлла) хан орыстарға қарсы ғазуат (дін жолындағы қасиетті соғыс) жариялап, Алматыға қарай Ташкент бегі парманашы Қанағатшах тәжік бастаған 20 000 адамдық қолды дереу аттандырады. Оған қоса қоқан билігі қарамағындағы қазақ пен қырғыздан жиналған он мыңдай сарбазды да сол ғазуатқа қатыстыру тапсырылады.

Қазақ қолын басқарғандар арасында Кенесарының балалары Тайшық, Сыздық, Ахмет төрелер де бар еді. Әкелері азапты қазаға ұшыраған жылы Тайшық жиырма, Садық он, Ахмет бес

жаста екен. Қасымнан тараған әулетті Кенесарының інісі Көшек төре бас болып, орыс билігінен алыс жатқан, Шу мен Таластың төменгі ағысына қарай көшіріп алып кеткен-ді. Қызылкөл, Құмкент төңірегіне жетіп, сол маңды тұрақты қоныстарына айналдырған болатын.

Хан тұқымдары өзге де туыстарымен бірге жақын жердегі Баба ата мен Шаянның, одан соң Түркістан түбіндегі Қарнак медреселерінің тәлімін алады. Кенесары балаларының арасында әсіресе Сыздық (кей деректерде Садық) жастайынан батылдығымен, ақыл-қайратымен ерекшелене өсіпті. Қоқан билеушілері де қазақ ханзадаларын өз мүдделеріне пайдалану жайын үнемі назарда ұстайды. Оларды әуелі Түркістан хакімі құзырындағы жүзбасылар қатарына қабылдап, біраз уақыттан соң пансатбашы (бесжүзбасы) шендерін береді. Кәпірлерге қарсы ғазуат соғысы жарияланғанда, Қанағатшах парманашы әскери өнерге деген қабілет-қарымдарымен танылып үлгерген хан балаларын қазақ сарбаздарының қолбасшылығына бекітеді. *(Деректерге байыптай көз салсақ, бұл кезде Кенесары туыстарының арасында орыс бодандығына өту жайын көздеген көзқарастар да белең бергенін байқар едік. Мұны алысқа бармай-ақ Шыңғыстың шілденің басында Шоқанға жазған хатынан да ұшырастырамыз. Онда Қасым әулетінің үлкені, өз туыстарын Қызылкөл төңірегіне тұрақтандыруға бас болған жаңағыз Көшек сұлтанның бодандық сұрап генерал-губернаторға жолыққалы жүргені, сондай-ақ Саржанның баласы Қошқарбайдың Орынбор губернаторы Катениннің жәрдемімен патша құзыретіне кеткені хабарланады. Ал арада екі ай өткенде Кенесары ұлдарының Қоқан қолбасылары қатарында орысқа қарсы ғазуатқа аттанғанын көреміз. Хан балаларына соның алдында ғана орыс бодандығына өту үшін аға сұлтан Шыңғыстан көмек сұрай келген Көшек сұлтанның баласы Арыстанбек те қосылған еді. Арыстанбек сол жорықтан кейін де он жеті жыл бойы орыс басқыншылығына қарсы шайқасудан қол үзбеген Сыздық Кенесарыұлының ең айнымас серігі, сенімді қолбасшыларының бірі болып қасында жүрді).*

Кенесары ұлдарының Созақ, Түркістан, Арыс, Шаян өңірлерінен бір жарым мыңдай жігітпен шыққан тобы, жолшыбай хан әкелерінің көзін көріп, таныс-біліс, үзеңгілес болған Байзақ,

Батырбек, Момынбек, Қожабек датқалар, Сұраншы би Ақынбекұлы, сондай-ақ Саурық Ыстамбекұлы батырдың баласы Сыпатай, Тойшыбек бидің баласы Байсейіт сияқты жайсаңдар бастаған жасақтармен толығып, оған қырғыздан келген сарбаздар қосылғанда, онмындық қолға айналады. Ахмет Кенесариннің 1889 жылы Ташкентте жарық көрген «Кенесары және Садық сұлтандар» атты кітабында осы датқалар, батырлар мен билердің бәрінің де жорыққа қоқан жағында болған қазақ сапында қатысқаны айтылады. Демек, содан он-он бес күн бұрын ғана Колпаковскийдің атынан поручик шеніне ұсынылған шапыраштының бии, прапорщик Сұраншының өзінің де ғазуат ұраны көтерілгенде бөрілі байрағын желпілдетіп, дін жолындағы қасиетті соғыс майданына бұрылғанын көреміз. Әрі бұл жайттан Колпаковский ұсынған сол марапаттанушылар тізіміндегі Сұраншының аты-жөнінің тұсына кейіннен түсірілген түзету де хабардар етеді. «Орыс бодандығынан шығуына байланысты, 1860 жылғы қарашаның 28-індегі ұсыныспен бұл би марапаттау тізімінен алынып тасталды», деп жазылыпты ол ескертпеде...

Ахмет Кенесариннің кітабында осы ғазуат жорығына, сондай-ақ қырғыздардың манабы Жантай мен оның баласы, содан екі ай бұрын ғана полковник Циммерманға арнайы жолығып, орыс бодандығына өтуге тілек білдірген Шәбденнің де әкесімен бірге өз жасақтарын бастап келіп қосылғаны айтылады.

Қоқандықтардың қалың қолы Қордайдан өткесін, Қанағатшах қолбасы Кенесарының пансатбашы балалары – Тайшық, Сыздық, Ахмет төрелер бастаған қазақ-қырғыз сарбаздарын Ұзынағашқа аттандырады. «Мүмкін болса, басып алыңдар, қайткен күнде де бер жағындағы Қастекке қарай жібермендер, ертең біз солай қарай қозғаламыз», деген тапсырма береді. Осы бұйрықты алысымен ілгері жылжыған қазақ-қырғыз қолы Қастек алабына жеткенде алдарынан шыққан есаул Бутаковтың жүздігімен алғашқы шайқасқа араласады. Сол жерде орыс әскерімен алма-кезек аңдысқан шабуылдармен екі күн өтеді. Қазақ-қырғыз әскерінің бір тобы Ұзынағашты қоршайды. Ақыры күштерін бір жерге топтастыруды көздеген алғы шептегі орыс әскері шабуылдаушыларды тойтара отыра, кейін ығысып, Ұзынағашқа жақын тұстағы, шапырашты Саурық Ыстамбекұлы батыр салдырғандықтан, Саурыққорған деп аталып кеткен шағын



бекініске табан тірейді. Үшінші күні осы маңға Қанағатшах бастаған қалың қол да жетеді.

Орыс отрядының бастығы подполковник Колпаковский мұндайда күші басым шығыс әскерін жеңудегі ұрымтал әдіс – артиллерияны тиімді пайдалана білу тактикасын қолданған дұрыс деп шешеді. Жалауларын желбіретіп, барабандатып, кернейлетіп, жаппай шабуылға шыққан Ташкенттен келген сарбаздар мен құрама руынан жасақталған қалың қоқан-қазақ қолы оқ жететін шамаға жеткен кезде, ол қарамағындағы 12 зеңбірек пен 4 ракеталық қондырғыдан (минометтен) түйдектете снаряд атуға бұйрық береді. Тәжірибелі артиллерист штабс-капитан Обухтың бағыттауымен үсті-үстіне төпелеген зеңбірек доптары мен жаяу әскер мылтықтарынан дүркіндете жауған оқ майдан алаңын шабуылшылардың жайраған денесіне толтырады. Қатары сиреген қоқан әскері жеңіл зеңбіректерінен қарсы оқ жаудыра отырып, кейін шегінуге мәжбүр болады. Колпаковскийдің қарамағындағы үш рота жаяу әскер, зеңбірекшілер, төрт казак-орыс жүздігі, сондай-ақ Тезек пен Әбілез төренің жігіттерінен құралған казак жасақтары ығысып бара жатқан қарсыласының соңынан қалмай, Қарақастекті өрлей өзеннің сол жағалауына дейін өтеді. Осы кезде етек-жеңін қайта жинап үлгерген қоқан әскерінің сарттар мен тау тәжіктерінен құралып, соғысқа машықтанған сарбаздардың қалың тобы орыс отрядына қатты қарсылық көрсетеді. Үстеріне кілең қызыл киім, бастарына да төбелігі қызыл қара бөрік киген олар, жеңіл фальконет зеңбіректерден, мылтықтардан оқ жаудырып, бір жағынан Кенесары балалары бастаған қазақ-қырғыз жасақтары шабуылдап, орыс отрядын қоршап алуға ұмтылады. Алайда бұл жолы да Обухтың артиллеристері доптарын ұрымтал атып, олардың қарқынына тосқауыл қояды. Орыс-казак жүздіктері мен жаяу әскерлер өздері дағдыланған шайқас жүргізудің амал-тәсілдерін тиімді қолдана отырып, қоқан шабуылының бетін қайтарады.

Күні бойғы арпалыс барысында 1500-дей адамынан айырылып, күйрей жеңіліске ұшыраған Қанағатшахтың қалың қолы шегініп барып Жиренайғырдың жағасына жайласады. Іңірлете әскери кеңес өткізген парманашы қазақ-қырғыз қолын басқаратын Кенесарының ұлдарына жаңа тапсырма береді. Олар ертеңіне таң алагеуімнен Алматы бекінісіне аттануға тиіс

болған. «Мұндағы орыс әскерінің көзін өзім құртамын, сендер Алматыны шауып, бері қарай көмекке шығатын әскер байқалса, жолдарын бөгейсіңдер. Мен сендер оралғанша, осы Қастекте күтіп отырамын», деген. Хан балалары қазақ-қырғыз жасағымен тау бөктерлей барып Қарғалыдан өткесін, сол маңға Байзақ, Батырбек, Момынбек, Қожабек датқаларды, Сыпатай мен Жантай манапты қасындағы адамдарымен қалдырып, өздері Сұраншы, Байсейіт және Шәбден боп, әр жасақтан іріктеп алған бес жүз жігітпен түнделете Алматыға жетеді. Таң алдында бекініске қиқулата шабуыл жасап, бұл жақтан Қастекке қарай аттанатын әскери күштің жоқ екенін байқайды. Бес адамды тұтқынға алып, түс әлетінде Қарғалыда қалдырып кеткен датқалармен қайта қосылып, Қастекке оралады. Сөйтсе, Колпаковскийдің отрядын өз сарбаздарымының күшімен жоямын деп күініп, осында қалған Қанағатшах кеше бұлар аттанысымен-ақ, кейін қайтып кетіпті. Ол өздері шегініп бара жатқанда, арттарынан орыстар қумасын деген айламен, бұларды әшейін көз қылу үшін Алматыға жөнелткен екен. Ғазауаттың негізгі күші кейін қайтып кеткесін, қазақ-қырғыз қолы не істесін, олар да жедел жүре отырып, Қанағатшах әскері Қайыңды-Ырғайты суларының маңына ілінгенде, арттарынан қуып жетіп, тұтқындарды парманашының қолына тапсырады. Қоқандықтар Тоқмаққа келгесін, алдында орыстар қиратып кеткен бекіністі қайта қалпына келтіру жұмыстарына кіріседі. Қазақ-қырғыз жасақтары өз ауылдарына тарап, солармен бірге Кенесары ұлдары да Қызылкөлдегі ағайындарының арасына оралады...

(Қоқанның жиырма мыңдық қалың қолының осы жеңілісі Тайшық пен Ахметті кәдімгідей күмәнге батырады. «Орыстардың қару-жарағының күшті екендігі анық байқалды. Қоқанның оларға қарсы тұра алмайтыны белгілі боп қалды. Осыған дейін Арқа мен Кіші жүз аймағын түгел жаулап, Ақмешітті алып, Жетісудың жартысын жәукемдеп үлгерген Ресейге енді оңтүстік беттегі қоқан құзырындағы қазақтардың да жерін басып алуына ешкім тосқауыл қоя алмайтын түрі бар. Бәрібір қоқанның да ноқтасын киіп жүрміз ғой, ақ патшаға қараған басқа туыстарымыз секілді біз де орыс бодандығына өтейік, осы мәселені біраздан қуынып жүрген Көшек атамыз бен Қошқарбай ағамызды қолдайық», деген мәжбүрлікке

мойынсынғанды жөн көреді. Алайда бауырларының бұл ниетін ортаншы ұл Сыздық қолдай қоймайды. «Мен орыстарға тізе бүкпеймін, әкемнің ісін жалғастырамын. Егер орыстар Қоқанды алса, Бұхарға кетемін, Бұхарды алса, басқа бір мұсылман хандығына өтемін, қарсы шайқасымды тоқтатпаймын», – дейді. Өз уәждерін ұстанған Тайшық пен Ахмет 1861 жылы сондарынан ерген біраз жұртпен Ақмешіттегі орыс шебінің басшылығына келіп, Ресей бодандығына өтетіндігін білдіреді. Олардың тілегі қабылданып, сол жылы екеуі де орыс әскерімен бірге Жаңақорған бекінісін қоқандықтардан тартып алу жорығына қатысады. Бір жылдан соң, зауряд-хорунжий шендерін алады.

Ал Қызылкөл, Құмкент маңындағы қонысында қалған Сыздықты қоқан билігі екі-үш жылдан кейін Созақтың хәкімі етіп тағайындайды. Берген уәдесіне сай, орыстардың басқыншылық шабуылдарына қарсы күресіп, Шымкент, Түркістан, Ташкент, Бұхара, Самарқанд, Хиуа жерлерінде жаужүрек батырлығымен, қолбасшылығымен көзге түседі. Жастары шамалас немере туысы Арыстанбек Көшекұлымен тізе қоса жүріп жеке жасақтарға басшылық жасайды... Шоқан құпия барған Қашқар жеріне де өтіп, тәуелсіз Жетішәр хандығын билеген, бұрынғы Хожент хакімі кезінен өзіне жақсы таныс Жақыпбек (Якупбек) аталық-ғазидың қасында біраз жыл кеңесшілік қызмет атқарады. Жақыпбек 1877 жылы көз жұмғаннан кейін тақ үшін бақталастық өршіген Шығыс Түркістан жеріне мәншын әскерлері басып кіреді. Олармен кескілескен шайқастардың бірінде қолынан ауыр жарақат алған әскербасы Сыздыққа, бұл кезде Ресей қарамағындағы Ош үйезінің жеріне өтіп, орыс билігінің құзырына жығылғаннан басқа еш амал қалмайды. «Иілген басты қылыш кеспес» деп, ақ патшадан кешірім сұрап, қалған өмірін туыстарының қасында өткізсем деген тілегін жеткізеді. Сыздыққа да Қап тауының батыры Шәміл сияқты кеңшілік жасалып, оған қалаған жерінде тұруға рұқсат беріледі. Ол сол кезде Шымкент үйезі бастығының кіші көмекшісі боп істейтін інісі Ахметтің маңына келіп тұрақтайды. Қарабұлақ ауылының теріскей жағымен ағып өтетін Арыс өзенінің бойынан мал-жанымен қоныс тебеді. Сол жерде тыншу ғана тірлік кешіп, 1910 жылы 73 жасында дүниеден

озады...).

Тамыздың 21-і күні өткен Ұзынағаш шайқасының жай-жапсарына Шоқан сол жылғы желтоқсанның 4-і күні «Русский инвалид» әскери газетінде жарық көрген көлемді хабардан соң ғана қанық болды. Тағы да «Батыс Сібір жаңалықтары» деген тақырыппен берілген материалда осы шайқас барысы қысқаша сипатталып, «орыс әскерінің аз шығынмен қоқандықтарды ауыр жеңіліске ұшыратқан айбындылығы» ерекше мадақталып, жаһанға жар салыныпты. «Бізден 1 жауынгер қаза тапты, 1 обер-офицер, 25 төменгі шенді жараланды, подполковник Колпаковский мен 6 төменгі шен контузия алды. Қоқандықтар 1500-дей адамынан айырылды. Әсіресе алдыңғы лекте жүрген әскербасылары көп шығын шекті», делініпті.

Шоқан осы хабардан «шайқас кезінде орыстың әрбір жаяу әскер легіне қазақтардың күшті атты жасақтары бекітіліп берілді» деген жолдарды оқығасын, орыс пен қоқан қарамағындағы қазақтарды бір-біріне шабыстырған жағдайдың орын алғанын байқады. «Әрине, Колпаковский жағында Тезек төренің жігіттері болған шығар. Қоқан қолы қатарында кімдер жүрді екен? Олардың өз билігі аясындағы қазақ датқаларына жасақ жинатып ала келгені анық. Сұраншы батыр қай жағына ауды екен. Колпаковскиймен аралары дұрыс сияқты еді... Орыстар осылай-осылай қоқан билігі аумағына ендеген сайын, тыныш жатқан қазақты бір-біріне айдап салып, жауластырып жібермесе болғаны ғой», – деген күдікті ойлар да бірауық көңілін мазалаған.

Шоқан бұл кезде кәдімгідей дертті. Ұзынағаш шайқасы туралы осы хабарды оқығаннан кейінгі күндерде оның шетелге жүріп кетуі мүмкін деген жорамалдар да бар. Себебі, оның әкесіне Петербордан қарашаның 4-інде жолдаған хатына сүйенсек, солай болуға тиіс. Содан үш ай бұрын ғана әкешесін риза ету үшін өзінің жоғары ұлықтармен сыйлас, жақын таныс екенін, Орынбор сұлтандарымен жолыққанын лапылдай жазған Шоқанның бұл хаттағы көңіл-күйі тіптен басқаша.

«Бір айдан бері жүрегімнің дерті тұтып, ауырып тұрамын. Петербордың хауасы дөшт-сахаралыққа жақсы емес екен. Дәрігерлер қысқа зағраницаға баруға бұйырдылар. Хұда разы болсын, хауф қылмаңыз, ...Ғайри ол жерлерде һеш неме жоқ.

...Хұда бұйырса, бір айдан кейін Петербордан Парижге шығамын. Ақшаны өтілге аламын – мұндағы бір кісіден. Аның үшін, Сіздің жіберген ақша мені Петербордан таппас. Һәр нешік енді, бұл хатты алғандан кейін ақша һаммасын жібергейсіз, мың теңгедей. Жат жерлерде борышты кісі не қандай мәшһүр болса да, жанарал болсын – қарауылға жіберер...».

Бұл хат сарынынан Парижге жүріп кетуге кәдімгідей қамданған адамды байқаймыз. Бұны кейіннен Достоевский туралы естелік жазған барон А. Е. Врангельдің «Кейіннен мен онымен Петерборда және Парижде кездестім» деген сөзі де дәйектей түседі. Врангель сол кезде Париждегі орыс консулдігінде қызмет ететін. (Ол бұдан соң 1863-66 жылдар аралығында Даниядағы елшілік хатшысы, 1879-97 жылдары Данцигте (Гданскіде) бас консул, одан кейін сегіз жылдай Саксонияда елші қызметтерін атқарды. Ресейдегі Азамат соғысы жылдарында большевиктерге қарсы майдан ашқан әйгілі ақ генерал П. Н. Врангель Шоқанның осы танысының немере туысы болып келеді).

Кезінде Шоқантанудың бас білгірі академик Әлкей Марғұланға жолығып, Париж сапарының анық-қанығы жөнінде сұрастырғанымызда, ол кісі өзі іздестіріп тапқан мәліметтер бойынша, Шоқан Парижге баруға жиналған делегация құрамына кіріп, оларды аттандыруға жауапты үкімет адамының алдында делегациямен бірге қабылдауда болыпты, бірақ одан кейінгі жай әлі белгісіз деген еді. Егер Францияға барғаны рас болса, кей деректер әуелден мұрағатқа ұқыпты осынау елдің сол заманға қатысты құжаттарының арасында сақталып қалуы да, иә болмаса Париж баспасөзінің бетіне шығуы да мүмкін ғой. Бәлкім, мұрағаттық мәліметтерді мұқият ақтарып, оған қоса орыс газеттерін парақтаған сияқты, сол айлардағы француз басылымдарын да қарап шықса, бұл жайында бір хабар табылып қалар. Тіпті келіп-кетушілерді тіркеп отыратын мекемелердің сол үш-төрт ай көлеміне қатысты тізімдерін іздестірсе, бірдеңе шықпасына кім кепіл?! Иә, бұл да зерттесе, қызықты сәттері көп тұс...

Шоқанның Петербордағы өміріне байланысты көңілге түйткіл салып жүрген сауалдардың тағы бірі – ол әйгілі химик Дмитрий Иванович Менделеевпен жақын таныс болды ма, деген

әңгімеге саюшы еді. Егер Уәлихановтың Сырымбеттен 1862 жылғы қаңтардың 2-сінде профессор А. Н. Бекетовке жазған, ғалымның шығармалар жинағында бұрыннан жарияланып жүрген хат мәтініне үңілсек, ол Менделеевпен аралас-құралас болған жан секілді байқалады. Шоқанның сол хатында: «Көрген кезіңізге Дмитрий Ивановичке менен дұғай сәлем айтыңыз», – деген сөйлем бар. Алайда, Менделеев өміріне қатысты деректерге үңілсек, оны Шоқанмен жақындатып, тығыз байланыстырып жатқан сәттердің, мерзімдік жағынан үйлесулердің алшақтау жатқанын аңғарамыз. Менделеев – Омбыда қазақ жігітін өз отбасына жақын тартқан адамдардың бірі Капустиннің зайыбы Екатерина Ивановнаның туған інісі болғанымен, Тобылда туып, 1850 жылы Петербордағы педагогикалық институтқа түскен оның Шоқан генерал-губернаторға адъютант болып жүргенде, Омбыға соғып кең түрде араласуға мүмкіндігі келмегендей. Ал Уәлиханов Петерборда болғанда, ол алыс Германияда жүрді. Сол сапардан тек 1861 жылдың ақпанында, Шоқан Сырымбетке кетерден екі айдай бұрын ғана оралды. Жазуға, күнделікке соншама ұқыпты болған Дмитрий Ивановичтің жазбаларында Уәлиханов туралы еш мәлімет жоқ. Шоқан да оны осы хаттан басқа жерде еске алып жатпайды.

Сондықтан да осы орайда хаттағы жазу шынымен-ақ «Дмитрий Иванович» пе деген ой да мазалаған еді бізді. Қазір ол хаттың түпнұсқасының сақталып тұрған жері Петербордағы Орыс әдебиеті институтының (Пушкин үйі) қолжазбалар бөлімі.

...Василий аралының теріскей шекесіндегі биік колонналы үйге кіріп, бөлім қызметкеріне жөнімді, бұйымтайымды айтып, хатқа тапсырыс бердім. Сәлден кейін сарғыш тартқан ақ қағазға қара қоңыр сиямен жазылған Шоқан хаты алдымда жатты. «Қадірменді профессорға Орта жүздің қырғыз-қайсағы Уәлиханов хат жазысудағы ұқыпсыздығы үшін кешірім өтінеді», деп оның өзіне тән жылы юмормен, сәл ойнақы түрде басталған хаттың әуелгі жолдарын оқыдым да, жедел түрде өзіме керекті соңғы жағына қарай ауыстым...

Істің мәнісі бірден анықталды. Ең соңғы төртінші бетте: «Көрген кезіңізде Дмитрий Ильичке дұғай сәлем айтыңыз, Достоевскийге де, мен оларға жақын арада жазамын», – делініп тұр еді. Әу баста Шоқанның көп адамға түсініксіздеу қолымен

жазылған осы «Ильич» сөзі көшірілгенде «Иванович» болып кетіпті. Ал Дмитрий Ильич – Уәлихановтың Петербор күндеріндегі жақын араласқан танысы, Бас штабтың Азиялық бөлімін басқарған, кейін «Русский инвалид» газетінің редакторы болған әскери жазушы, Орыс географиялық қоғамының мүшесі полковник Романовский. Ол 1866-67 жылдары Түркістан облысының губернаторы, одан соң Кавказ әскери округінің штаб бастығы қызметтерін атқарған. Ол газетке редакторлық еткен кезде Шоқан елден жазғандарын жіберіп тұрған. Одан жауап хаттар алған. Егер Романовский мұрағаты бір жерде сақталып қалса, онда Уәлихановқа байланысты бірқатар дүниелердің ұшырасуы да әбден кәдік.

Сөйтіп бір хаттың түйткілі осылай шешілген...

## 5. «Тарих-и Рәшидиді» тұңғыш зерттеуші

Шоқан Азия департаменті мен Бас штабтағы жұмыстардан қолы босаған уағында шығыстанушылармен әңгіме-дүкен құруға аңсары ауып тұрады. Сол кезде Петербор университетінің шығыс тілдері факультетінің профессорлары болып істейтін Қазымбек, Березин, Васильев сынды ірі тұлғалармен сұхбаттасудың өзі бір ғанибет. Телегей-теңіз білім иелері шығыс елдерінің тарихы, көне қолжазбалар мен шежірелер, жылнамалар жөнінде талай құнды мәліметтер айтады. Олар да өз тарапынан Шоқанның білім-парасатына тәнті. Қашқар аймағының бүркеулі құпияларын ашып, көне қолжазбалар тауып қайтқан, парсыша шырамытатын, шағатай-түркше еркін оқып, жаза алатын, шығыс тарихына жүйрік қазақ жігітін болашақта үлкен шығыстанушы деңгейіне көтерілер айтулы тұлға ретінде күмәнсіз пайымдайды. Кезек-кезек үйлеріне қонаққа шақырып, ортақ тақырыптарға қатысты ағыл-тегіл әңгіме өрбіткенді қош көреді.

Араларындағы жасы үлкені – Мұхаммедәлі Қазымбек мырзаның өмірі өзінше бір бұралаң-бұлттарысты әлем. Ол парсының Каспий теңізіне жақын жатқан Решт шәһарында 1802 жылы дүниеге келіпті. Әкесі – Дербент бектерінің тұқымы Мұхаммед Қасым қызмет бабымен Рештте тұрған кезінде сол уәлаят губернаторы Мир Багирханның қызына үйленген екен. Бала жасынан ана тілі – эзербайжаншамен бірге парсы тілін де

қатар біліп өседі. Тоғыз жылдан кейін қажы әкесі Дербенттің шейх-әл-исламы (бас діни басшы, құрметті атақ) боп тағайындалады да отбасымен сонда көшіп келеді. Ерекше қабілетті Мұхаммедәлі үй мұғалімінен оқып, араб, орыс, француз, түрік, татар тілдерін еркін меңгереді. Он жеті жасында араб тілінде «Араб тілі грамматикасының тәжірибелері» атты тұңғыш еңбегін жазады. Дербент мұсылмандарының басшысы болған әкесі оның білімін әрі қарай жетілдіру мақсатын көздеп, Персия мен Арабияның ірі ислам орталықтарына жіберуге ниеттенеді. Алайда шейх-әл-исламға патша билігі тарапынан Парсы елінің мүддесін көздеп, Ресейге опасыздық жасадың, Авар тауларында бой тасалап жүрген Дербент ханымен байланыс орнаттың, деген айыптар тағылып, ол сот үкімімен Астраханға жер аударылады.

Сол жылдары Мұхаммедәлінің ғұмырында да күрт өзгеріс өтеді. Ол Дербентте әкесінің таныстары – шотландтық христиан миссионерлермен ауық-ауық әңгіме-сұхбат құрып жүретін. Сондай кездесулер барысында олардың арасында өздері ұстанған діндердің артықшылықтары туралы қызу пікірталастар өрбитін. Мұхаммедәлі, тіптен, миссионерлерге ислам болмысын тереңірек ұғындыру әрі христиан дінінің мәнін де түсіну үшін арнайы түрде ағылшын, көне еврей тілдерін үйренуді қолға алады. 1821 жылы жер аударылған әкесімен жолығуды көздеп, Астраханға келген ол, таныс миссионерлермен тағы да кездесіп, діни ұстанымдарына қатысты уәждесулерін қайта жалғастырады. Соңы оның туған-туысқандарымен ат құйрығын кесісуге әкелген оқыс шешіммен аяқталады. Мұсылмандық ілімді бүге-шігесіне дейін білетін зерек жігіт ішкі жан толғаныстарымен арпалыса жүріп, ...христиандықты қабылдайды. Мұхаммедәлі деген есімін Александрға өзгертеді. Содан былай аты-жөнін «Мырза Александр Казем-бек» деп атауға көшеді. Астрахандағы миссионерлердің қасында қалып, христиан діні кітаптарын шығыс тілдеріне аударуға көмек береді. Еуропалық тілдерді терең меңгеруді қолға алады. Тіпті 1825 жылы Англияға барып, білімін одан әрі жетілдірмек болады. Алайда патша билігі оны ағылшындар өз мақсатына пайдаланып кетуі мүмкін деген қауіппен, рұқсат бермей қояды. Елден шығармай, Сыртқы істер министрлігіне аудармашы ретінде қалдыруды ойластырады. Дегенмен, мұны да артық деп тауып, Қазымбекті Омбыдағы



әскери училищеге татар тілінің мұғалімі етіп жіберуді жөн көреді. Бұл, шын мәнінде, оны миссионерлер тобынан алыстатуды көздеген, сыпайы түрдегі жер аудару шарасы да еді.

Алайда тағдыр Қазымбекті ойламаған жерден тағы бір тосын бағытқа бұрып жібереді. 1826 жылдың басында Омбыға бара жатқанда, ауырып қалуына байланысты жолшыбай Қазан шәһарында аялдаған ол, Қазан университетінің ректоры, профессор К. Ф. Фукспен танысады. Өз заманының жан-жақты білімдар тұлғаларының бірі, дәрігер, этнограф, археолог, тарихшы, өзінің ана тілі немішеден басқа, ағылшын, француз, итальян, орыс тілдеріне жетік, татарша мен арабшаға да бірсыдырғы Фукс ойда-жоқта ұшырасқан Қазымбектей қабілетті жасты қасынан жібергісі келмейді. Оған жоғары оқу орнын бітірмесе де Қазан гимназиясы мен университетінің сөз өнері бөліміне араб пен парсы тілдерінен оқытушы боп қалуға қолқа салады. Сыртқы істер министрлігіне арнайы өтініш жазып, оны Омбыға емес, Қазанға ауыстыру туралы рұқсат алады.

1828 жылы Қазан университетінде түрк тілдері кафедрасы ашылғанда, оның тұңғыш меңгерушісі боп тағайындалған Қазымбек, сол заманның ғылымы мен методикасында алғаш рет түрк тілдерін салыстырмалы түрде үйретуді қолға алады. Гимназиялар үшін араб, парсы, түрк тілдерін оқытудың методикалық құралдарын жазады, ғылыми жұмыстармен айналысады. Парсы тілінде «Араб тілі мен сөз өнерінің тарихына көзқарас» атты еңбек жазады. Сол шығармасы үшін оған адыонкт атағы (профессордың алдындағы дәреже) беріледі. 1829 жылдан Ұлыбритания Азиялық қоғамының мүшесі ретінде белгілі болған ол, бірер жылдан соң Қазан университетінің профессоры, Ресей ғылым академиясының корреспондент мүшесі атанады. "Ассесбус-Сейяр, немесе Жеті ғалам" (Қырым хандарының 1446 жылдан 1737 жылға дейінгі тарихы), «Қырым татарларының 1660 жылы Аштарханды жаулап алуы», «Ұйғырлар туралы зерттеулер», «Түрк тілдерінің грамматикасы» деп аталатын құнды еңбектерді жария етеді. Мырза Қазымбек 1846 жылы араб және парсы тілдері кафедрасын басқаруға ауысқанда, өзі баулыған ізбасары, көрнекті шығыстанушы И. Н. Березин оның орнына түрк тілдері кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады. Сол жылы жарық көрген «Түрк тілдерінің жалпы грамматикасы» деген

толымды еңбегі екі жылдан соң неміс тілінде басылып, Батыс Еуропа ғалымдарынан жоғары бағасын алады, сол туындысы үшін Қазымбекке Ресей ғылым академиясының мәртебелі марапаты – Демидов сыйлығы беріледі.

Петербор университетінде парсы тілі кафедрасының меңгерушісі боп істейтін тағы бір әзербайжандық ғұлама, парсы, араб, грузин, армян, орыс тілдеріне жетік шығыстанушы профессор Жафар Тоқшыбашев 1849 жылы денсаулығына байланысты зейнетке шыққан кезде, Ресей оқу министрлігі мырза Қазымбекті соның орнына ауыстыру туралы шешім қабылдайды. Жаңа қызметіне кіріскеннен кейін ол шығыстану ғылымын орталықтандыру идеясы бастамашыларының біріне айналады. Соның нәтижесінде 1854 жылы патша жарлығымен Санкт-Петербург университетінде шығыс тілдері факультеті арнайы ашылып, басқа оқу орындарындағы осы тектес бөлімдер жабылады. Жаңа факультеттің алғашқы деканы болып мырза Александр Қазымбек тағайындалады. Оның арнайы шақыруымен келер жылы Қазан университетінде бірге істеген әйгілі ізбасарлары да Петерборға жетіп, Березин түрк тілдері, Васильев қытай, мәнжу тілдері кафедрасының профессорлары ретіндегі қызметтерін бастайды. Бәрі де империя астанасы төрінде белсенді ғылыми жұмыстарын жан-жақты жалғастырып әкетеді. Қазымбек Шоқан келердің алдында ғана «Құранға мәміле», «Мүритшілдік және Шәміл», «Ислам тарихы» сияқты күрделі еңбектерін жариялаған еді. Енді Иранда 1844-1852 жылдары өткен діни-саяси толқулар жөнінде «Баб және бабшылар» атты зерттеу жазуды қолға алмақ. И. Н. Березин «Түрк тайпаларының мақал-мәтелдері», «Түрк граматикасы», «Түрк хрестоматиясы» еңбектерін шығарып, Рәшид әд-диннің «Жылнамалар жинағын» орысшаға аудару жұмыстарымен малтығып жүр. В. П. Васильев «Орталық Азияның шығыс аумағының тарихы мен көнеліктері», «Юань мен Мин әулеттері кезіндегі мәнжулер туралы деректер», «Орыс-қытай трактаттары» атты құнды зерттеулер жариялаған. Әрі студенттер үшін мәнжу-орыс сөздігін дайындап жатыр.

Әйгілі шығыстанушылардың еңбектерімен бұрыннан сырттай азды-көпті таныстығы бар Шоқан, ғалымдармен жақын араласқаннан кейін, олардың ғұмырнамаларындағы өзіне соған дейін беймәлім боп келген көптеген жайттарға қанықты.

Мәселен, өз ұстазы Костылецкийдің аузынан аса білімдар тұлға ретінде көп естіген Қазымбек мырза Ішкі орданың ханы Жәңгір Бөкейханұлымен талай жыл рухани әріптестік байланыста болыпты. Ханның тапсырысымен мұсылман құқығы туралы "Мюхтесерюль-Вигкает" кітабын дайындап, оған арнайы кіріспе және түсініктемелер жазып, 1845 жылы Қазан университетінің баспаханасынан басып шығарыпты. Ханның тілегі бойынша атқарылып, халық арасында мұсылмандық шарттарын ұғынықты уағыздауға көмектесетін бұл «Мұхтасар» кітабы Қазымбектің арқасында, сол заманда Ресейде шыққан ислам құқығы туралы ең толымды еңбектердің бірі ретінде саналады. Профессор Шоқан үйіне алғаш келгенде сол кітабын Шоқанға сөреден алып көрсетті. Автор өзінің Жәңгір ханға деген ілтипатын «Мұхтасардың» титул бетіне ірі әріптермен түгел толтыра терілген сөздермен де білдірген екен.

*«Генерал-майор мырза және түрлі ордендер кавалері мен Императорлық Қазан университетінің құрметті мүшесі, аса мәртебелі*

*жоғары дәрежелі хан  
ЖӘҢГІР БӨКЕЕВКЕ,  
Мырза Александр Қазымбек  
ілттипатпен арнайды),*

деп жазылыпты онда...

Шоқан Алтышәрден ала келген кітаптары туралы әңгімелеу үстінде, сөз арасында сол аймақтың тарихына қатысты, әйгілі тарихшы Бабырдың туған бөлесі Мұхаммед Хайдар Дұғлат ныспылы, Қашқар хандарына жекжаттығы бар ұлысбектер әулетінен шыққан мырзаның парсы тілінде жазылған «Тарих-и Рәшиди» деген еңбегі бар екенін естігенін, бірақ оның өзін де, түркшеге аудармасын да табудың сәті түспегенін өкініш білдіре отырып айтқан еді.

Қазымбек мырза Шоқанға жымия қарады.

– Жас төрем, сіз оған тым өкіне бермеңіз, біздің шығыс тілдері факультеті кітапханасында «Тарих-и Рәшидидің» парсыша нұсқасы, Ғылым академиясының мұрағатында сіз алып келген «Тәзкире-и хожағанның» авторы Мұхаммед Садық Қашқари аударған оның шағатай-түркшесі де бар, – деді.

Шоқан сенер-сенбес күй кеше, профессорға таңдана

аңтарылсын. Содан соң:

– Мен үшін ғажап жаңалық айттыңыз, қадірменді профессор! Олар бұл жаққа қашан жеткен, қалай жеткен, – деп тезірек білуге ынтықты.

Сөйтсе, бәрі де қазақтың Бөкей ордасының зияткер ханы Жәңгірдің біліктілігі арқасында жүзеге асқан шаруа боп шықты. Хан тұқымы ретінде Астраханның азаматтық губернаторы Андреевскийдің үйінде тәрбиеленіп, еуропалық білім алған, парсы, араб, кітаби түрк тілдерін танитын Жәңгірдің Хиуа, Бұхарадан шығыс тарихына қатысты көне шығармалар мен қолжазбаларды да алдырып тұратын дегдарлығы бар екен. Бірде оның қолына Мұхаммед Хайдар Дұғлаттың «Рәшид тарихы» кітабының парсыша қолжазбасы түсіпті. Онымен танысып шыққан Жәңгір шығарманың аса құндылығын байқаған соң, біраздан тығыз байланыс құрып жүрген Қазан университетінің кітапханасына сыйлағанды жөн көреді. Хан 1839 Петерборға бара жатып, жолшыбай Қазанда аялдағанда, сол кітапты басқа да бір-екі қолжазбамен бірге, байырғы танысы Қазымбектің қолына ұстатады. Талай көне туындыдан жан-жақты хабары бар профессор айран-асыр қалсын. Қазақ ханы оларға Еуропа ғылымына әлі аты таныла қоймаған құнды қолжазбаны сыйлапты. Әйгілі тарихшы Бабырдың өз кітабында туған бөлем деп жазатын Мұхаммед Хайдар да осал тұлға емес екен, осындай іргелі еңбек қалдырыпты. Оқи бастағаннан бойына талай соқталы мағлұматты жинақтаған қолжазба үйіріп ала жөнелді. Шағатай ұлысы, Моғолстанның тарихы ғана емес, Кіндік Азия хандықтарына, Кәшмір өңіріне, іргедегі қазақтарға, қаншама хандар мен қабырғалы тұлғаларға қатысты деректер қадау-қадау.

Университеттегі парсы, араб тілінің білгір маманы профессор Ф. И. Эрдманға (1841-1845 жылдары Қазан университетінің проректоры) көрсетіп еді, ол да қолжазбамен танысып, мұндай сүбелі мұраны тез көшіріп кітапхана қорына алу қажет, деген жоғары бағасын берді. Жәңгір ханға рахметтерін жаудырып, мәні аса зор еңбекті көшіріп біткесін, бастапқы нұсқаны өзіне қайтаратын боп уағдаласты.

Университет оны Ұбайдоллах ибн Қалималлах әл-Бұлғари әл-Қазани ас-Салабаши деген қолы әдемі татар көшірушіге тапсырды. Ол «Тарих-и Рәшидиді» қара тушпен, парсы

қолжазбаларында жиі қолданылатын насталик жазуының үлгісімен орындап шықты. Тақырыптарды қызыл бояумен ерекшелеп, мәтінді қызыл сиямен айналдыра қоршады. Әр беті 26 жолдан тұратын, бәрі 224 парақтық жалпақ қалың дәптерге айналған шығарманың мұқабасы картоннан жасалып, оның тысы былғарымен қапталды.

Жәңгір хан университетпен бұдан кейін де байланысын үзбепті. Ол 1844 жылы Қазан университетінің құрметті мүшесі боп сайланғаннан кейін, сол атағына ризашылық белгісі ретінде университеттің шығыс тілдері бөлімі үшін Бұхарадан араб, парсы, түрк тілдерінде жазылған шығармалар мен көне теңгеліктерді сатып алуға дайын екендігін білдіріп, қажет қолжазбалардың тізімін сұраған арнайы хат жолдапты. Проректор Эрдман ханның бұл ілтипатына риза болып, Қазымбек екеуі алпыс аталымнан тұратын көне шығармалардың тізімін жасап, ханға жолдайды. Олардың арасында Табари, Масуди, Мақризи, Халдун, Фадлан, Руми, Жуайни, Рәшид әд-дин, Хондемир, Казвини, Науаи т. с. с. алыптардың шығармалары көрсетілген еді. Алайда бұл игі бастаманың әрі қарай жалғасуына тағдыр жазбады. Келер жылдың тамызында Жәңгір ханды төтеннен келген ажал о дүниеге алып кетті...

Ішкі орда ханының біліктілігі арқасында Қазан университеті кітапханасының қорына қосылған «Тарих-и Рәшидидің» одан кейінгі тарихы былайша өрбіпті. 1854 жылы Петербор университетінде орталықтандырылған шығыс тілдері факультеті ашылып, оның алғашқы деканы боп мырза Қазымбек тағайындалғанда, осындай бөлімі жабылған Қазан университеті кітапханасындағы шығыс қолжазбалары империя астанасына көшіріледі. Мұхаммед Хайдар Дұғлаттың кітабы да солармен бірге ауысып, Петербор университеті шығыс тілдері факультетінің меншігіне айналады. Сол жылдары Императорлық ғылым академиясының Азиялық мұражайына да «Рәшид тарихының» Мұхаммед Садық Қашқари аударған толық емес түркшесі түседі...

Қашқардан іздеп таба алмаған шығармаларына ойда-жоқта Петерборда жолыққан Шоқан ертеңіне-ақ қолжазбалармен танысуға кірісті. Шығыс тілдері факультетінің оқытушысы Хұсайын бин Файызханның (1828-1866) көмегімен парсы

тіліндегі нұсқасын зерделеді. Хұсайын татардың әйгілі ғұламасы, ойшыл, ағартушы, тарихшы, Қазан мешітінің имамы Шиһабдин Маржаниден (1818-1889) тәлім алып, араб, парсы тілдерін үйренген, сол ұлы ұстазының септесуімен Қазымбек пен Березиннің назарына ілігіп, олармен бірге Петербор университетінде түрк, парсы тілдерінен сабақ беруге ауысқан дегдар тұлға еді. Ол өзі әуелгі кездескеннен-ақ «Шоқан төре» деп ерекше құрмет тұта қараған қазақ ғалымының өтінішін ықыласпен орындады. «Тарих-и Рәшидидің» Шоқан қажет деп көрсетіп берген жерлерін тап-тұйнақтай етіп қазақшаға жуықтата аударып берді. Х. Файызхан шығарманы аудару барысында оның көшірмесін жасаған Ұбайдолла Салабаши парсы тілін білмегендіктен көптеген қателіктер жібергенін анықтаған. Шоқан екеуі ондай жерлерді Ғылым академиясының мұрағатындағы Мұхаммед Садықтың толық емес тәржімасымен салыстыра қарап, дұрыс нұсқасын шығарып отырды. (Х. Файызханның қазақ тарихына қосқан үлесі мұнымен ғана шектелмейді. Археологиялық қоғамның тапсырмасымен көне тас жазуларды зерттеумен де айналысатын жан-жақты дарын, сол 1860 жылдың жазында Оқадағы Хан-Кермен шәһарының көне зиратындағы құлпытастарды қарап жүріп, қазақтың тағы бір ұлы перзенті Оразмұхаммед ханның басына қойылған тастағы жазу мәтінін тауып әкелген еді. Екіге бөлініп қалған тас бетіне: «Ораз Мұхаммед хан бин Ондан сұлтан 1019 жылы, рамазан айының 16-сы күні уафат тапты. Алланың рақым нұрына бөленсін», деп жазылған екен. Содан бес-алты жыл бұрын ғана Қадырғали бек Жалайырдың «Жами ат-тауарих» жылнамалар жинағымен мұқият танысып, Оразмұхаммед хан тағдырына қатысты басқа да дереккөздерге қаныққан Шоқан үшін бұл да бір ерекше ықылас аударған жаңалық болғанында күмән жоқ).

...Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рәшиди» шығармасын Шоқан өзі барып қайтқан Қашқар аймағының тарихынан жан-жақты мағлұмат беретін, құнды деректері аса мол асыл қазына деп бағалады. Бұл кітап жөнінде «Жоңғария очерктері» атты еңбегінде арнайы тоқталып, жаһанға жария етті. «Кіші Бұхараның тарихы бізге көп мәлім емес; біз бұл елдің Темір заманына дейінгі тарихын шамалап қытай жылнамаларынан, одан кейін ол туралы үстірт ғана сөз ететін мұсылман

дереккөздерінен білеміз. Әйтсе де ХҮІ ғасырдың ортасында Қашқар ханы Әбді әр-Рәшидтің уәзірі мырза Мұхаммед Хайдардың, өз ханының құрметіне орай «Тарих-и Рәшиди» деген атаумен еңбек жазған осы елдің тамаша тарихы бүгінге дейін белгісіз қалып келеді.

Ғылым академиясының музейінде осы шығарманың түркше аудармасы, С.-Петербург университетінің кітапханасында – парсы түпнұсқасы сақталған. Өкінішке қарай, академиялық дана толық емес, ал университетікінде қате көп, шамасы, оны парсы тілін білмейтін адам көшірсе керек. «Тарих-и Рәшиди» екі дәптерден тұрады: бірінші дәптерде қашқар хандарының Тоғұлық Темірден Рәшидке, яғни хижраның 962 жылына (1554) дейінгі тарихын қамтылса; екінші дәптер естелік түрінде жазылған.

Онда автор өзінің бастан өткергендерін сипаттайды, Тянь-Шань, Болор, Тибет пен Куэнлун туралы айрықша көп географиялық және этнографиялық деректер ұсынады. Автордың өзі әйгілі Дұғлат әулетінен шыққан; оның ата-бабалары Моғол ұлысының ұлыбектері ретінде, франктердің Меровингтер әулеті кезіндегі мажордом (ілкі ортағасырдағы король сарайының бас министрі. – *Автор*) билігі секілді белсенді роль атқарған.

Мен көрсетіп өткендей, Хайдар тарихы 1554 жылмен аяқталады. Бір ескертіп өтетін жайт, бұл Еуропада белгілі жалғыз тарихи шығарма, және ол тек аты бойынша ғана мәлім (академиялық қолжазбаның әлі сипаттамасы жасалған жоқ). Алайда маған Қашқарда «Тазкире-и хожаған» атты, ХҮІ ғасырдың соңында Шыңғысхан ұрпақтарын буддашы-ойраттардың көмегімен тақтан қуып, Кіші Бұхараны жоңғарларға бағынышты ел ретінде басқарған қожалар әулетінің тарихын қамтыған қолжазбаны табу бақыты бұйырды. Бұл тамаша шығарма қытайлықтардың 1758 жылы Йаркентті жаулап алуымен аяқталады. Яғни, «Қожалар тарихы» «Тарих-и Рәшидидің» жалғасы болып табылады...».

Шоқан өзінің «Тарих-и Рәшидиден» үзінділер» деген зерттеуінде бұл кітаптың талай құнды мәліметтер қазынасы екендігіне назар аударады. Сөзінің әлқиссасын Ғылым академиясының музейінде тұрған «Рәшид тарихын» Қашқар хәкімбегі Жүніс Тәжінің тапсыруымен Мұхаммед Садық Қашқаридың түркшеге аударғанын айтудан бастаған ол, осы

ақынның арабшадан «Тарих-и Табариді» де тәржімелегенін, сондай-ақ ол «Тәзкире-и хожаған» атты төл туындысымен де мәлім екендігін атап өтеді. «Тарих-и Рәшидидің» авторы Хайдар мырзаның кітабында тарқатылған оның ата-тек шежіресіне қатысты мәліметтерді екшей отырып, мырзаның арғы бабаларының бірі Бауырту Дұғлаттан бергі тектік кестені сызады. Моғолстанның алғашқы ханы Тоғұлық Темірді таққа отырғызуға тікелей араласқан адам сол Бауыртудың баласы әмір Болатшы (Болашы) Дұғлат екен. Ол «күнге қараған жақ» деген мағынаны беретін, бір жағы Шаш (Ташкент), екінші жағы Чалыш (Қарашар), үшінші жағы Ыстықкөлмен және бір жағы Сарыұйғырмен шектесетін Маңлай Сүбе иелігінің ұлысбегі еді. Қашқар және Хотан қалалары осы аймақта орналасқан. Маңлай сүбені Шағатай хан дұғлаттарға бөліп берген соң, ол иелікті алғаш билеген адам әмір Байдаған Дұғлат болған екен.

Бұл әулет өкілдері Шыңғыс хан заманы кезінен-ақ айрықша құқықтық мәртебеге ие ордабилер ретінде белгілі. Шағатай ұлысының хандарымен әуелден тығыз құдандалық қарым-қатынас ұстанып, қыз алысып, қыз берісіп келе жатқан шынжыр балақ, шұбартөс тұқымға жатады. Әмір Болатшының баласы Құдайдад ұлысбек боп тұрғанда Моғолстан тағына алты хан отырғызуға араласыпты. Құдайдаттың шөбересі Мұхаммед Хайдар мырза Қашғарды он алты жыл биледі. Оның баласы, болашақ тарихшының әкесі Мұхаммед Хұсайын Моғолстанның батыс бөлігіне иелік еткен Сұлтан Махмұд ханның (Тоғұлық Темірдің тұқымы, Жүніс ханның үлкен баласы) жақын адамының бірі ретінде Ұратөбе аймағының ұлысбегі болады. Сұлтан Махмұд пен Шахыбек (Мұхаммед Шайбани) ханның соғысы кезінде, ол Шахыбектің қолына түсіп, жауыздықпен өлтіріледі. Сол Мұхаммед Хұсайын Дұғлаттың зайыбы Жүніс ханның қызы Хұб Нигар ханым еді. Ал Хұб Нигардың әпкесі Құтлық Нигар ханым атақты Әмір Темірдің шөбересі, Ферғананы билеген Омар шейхқа ұзатылған-ды. Екі тектінің отасуынан ұлы тарихшы, ақын, әйгілі қолбасшы, Үндістандағы Ұлы Моғол империясының негізін қалаушы Бабыр Падишах дүниеге келген. Яки қос тарихшы – Мұхаммед Хайдар Дұғлат пен Захириддин Бабыр – бір-бірімен туған бөлелер. Әкесі жау қолынан қапыда көз жұмған соң, дұғлаттың текті бектерінің 13 жасқа енді толған



тұқымы – болашақ «Тарих-и Рәшиди» авторының басына да өлім қатері төнеді. Ажалдан бас сауғалаған ол жанашыр адамдардың көмегімен, сол кезде Кабулды билеп тұрған өзінен он алты жас үлкен бөлесі Бабырды барып паналайды. Сонда үш-төрт жыл тұрған соң, нағашы атасы Жүніс ханның немересі, Әндіжан уәлаятының әміршісі, автордың Хабиба деген әпкесін алып отырған Сағит хан ибн Сұлтан Ахметтің қолқалап шақыруымен, Бабырдан рұқсат сұрап, 1512 жылдан жездесінің қасына кетеді. Екі жылдан кейін Сағит хан Шығыс Түркістандағы жаңа Моғол мемлекетін құрған соң, оның Қашқардағы сарайында ұзақ уақыт ханның сенімді серігі, кемел кеңесшісіне айналады. Әміршісінің қарындасы Сұлтанханым бегімге үйленіп, әкесі сияқты «гүрхан» (ханның күйеу баласы) атағын алады. Хан мұрагері Әбді әр-Рәшид сұлтанды тәрбиелеуге араласады. Сағит хан 1833 жылы қайтыс болғаннан кейін, таққа отырған сол Рәшид тәрбиешісі Хайдар мырзаны өзіне уәзір еткенімен, оның туысқандарынан қауіптеніп, дұғлат ұлысбектерін қуғындай бастайды. Тарихшының әкесінің інісі Сейіт Мұхаммед мырзаны өлімге қияды. Бұл кезде Тибетте жорықта жүрген Мұхаммед Хайдар Үндістанға қашып шығып, Бабырдың баласы Құмайын падишах билеп отырған Ұлы Моғол империясы сарайының әскербасысы атанады. 1540 жылы Кәшмірді алып, оны Құмайынның атынан билейді. Сол Кәшмірде 1841-1846 жылдары «Тарих-и Рәшидиді» жазып бітіреді...

Кітаптағы Тоғұлық Темірдің ата-тегін тарқатқан мәліметтерге сүйене отырып, Шоқан Шыңғыс ханның арғы анасы Алұң Қоға сұлудан бастап Рәшид ханға дейін өрілетін әулеттік шежіренің де нобайын кестеге сызып шыққан. Одан соң нағашысы Жүніс ханның ұл-қыздарын да жиендерімен қосып бір тізбектеп қойған.

Шоқан Хайдар мырзаның шығармасындағы Ұлықбектің «Төрт ұлыс» еңбегіндегі дерек бойынша, Моғол ұлысының: Моғол және Шағатай деген бір-бірімен текетірес екі аймаққа бөлінгеніне назар аударған. Моғолдар шағатайлықтарды – қараунас, ал шағатайлықтар оларды – жете дейді екен... Шоқан «Тарих-и Рәшиди» деректеріне сәйкестендіріп, Моғолстанның батыс бөлігінің картасын да сызып шықты. Сөйтіп Алтышәр тарихының бір кезеңіне қатысты географиялық ауқымын

нақтылады.

Мырза Хайдардың шығармасын оқып отырғанда, шығыстанушыларға көп мәлім емес, талай көне авторлар мен кітаптар туралы деректердің ұшырасатынына таңғалған. Өзіне бұрыннан белгілі «Бабырнама», профессор Березин енді ғана бастырып жатқан Рәшид әд-диннің «Жами ат-тауарих» (Жылнамалар жинағы) секілді көне туындылардан басқа, онда Атамәлік Жуайнидің «Тарих-и жаһангушай» (Жаһанды жаулаушының тарихы), Шарафаддин Әли Йазидің «Зафарнаме» (Жеңіс кітабы), Жамал Қаршидің «Мулхакат-и Сурах» (Сурах сөздігіне қосымша), Хамдаллах Казвинидің «Тарих-и гузиде» (Таңдамалы тарих), Әбдіразақ Самарқандидің «Тарих-и манзум» (Жүйелі тарих), Ұлықбек мырзаның «Улус-и арбия» (Төрт ұлы) ж. т. б. қаншама туындылар пайдаланылған десеңізші. Осының өзі-ақ Хайдар Дұғлат мырзаның сол дәуірдің ең білімді тұлғаларының бірі болғанын көрсетеді. Әлбетте, Шоқан тарихшының аты-жөнімен қосарлана айтылатын Дұғлат қосымшасының өзі бұрын зерттеген Ұлы жүз құрамына енетін қалың дулат елінің сол дәуір жазбаларында қалыптасқан атауы екендігіне де еш шүбә келтірмеген.

Шоқан «Рәшид тарихындағы» қазаққа, Қазақ Ордасының хандарына қатысты айтылған тұстарды да құмарта оқыған еді. 1849 жылы Қазанда профессор Березин бастырған «Шайбанинаме» нұсқасында сөз болатын «қазақ болу, қазақшылық жасау», яки еркін ғұмыр кешу салты Хайдар мырза шығармасында да сөз етіліпті. Ол Жүніс ханның әкесі Уәйіс ханның өз кезінде немере ағасы Шер Мұхаммедтің қасынан кетіп, қазақшылық салтты ұстанғанын айтады. «Соған ұқсағысы келген моғол ұлысының жастары да өздерін баһадүр санап оның төңірегіне жиналды. Солардың бірі менің бабам әмір Сейіт Әлі болатын», – деп жазады.

Бірінші дәптердің 39-шы тарауында Қазақ Ордасының құрылуына қатысты ерекше тиянаққа жолықты. «Сол заманда Әбілқайыр ханның Дешті Қыпшақ даласына түгелдей билік жүргізіп отырған кезі еді. Ол Жошы ұрпағының сұлтандарына шабуыл жасап – Жәнібек пен Керей хан одан ығысып, Моғолстанға кетті. Есенбұға хан оларды құрметтеп қарсы алып, қоныстануға Моғолстанның батыс жағындағы Шу өзені алабында

жатқан Қозыбасыны берді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрді. Ал өзбек ұлысы Әбілқайыр қайтыс болған соң, бір-бірімен қырқысып, көпшілігі Керей хан мен Жәнібек ханның жанына кетіп қалды. Олардың саны екі жүз мың адамға жетіп, оларды «өзбек қазақтар» деп атай бастады. Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465-1466) жылдан басталды, бәрін Алла біледі, 940 (1533-1534) жылға дейін қазақтар Өзбекстанның (яғни, Дешті Қыпшақтың. – *Автор.*) көп бөлігіне өз биліктерін толық жүргізді.

Керей ханнан кейін Бұрындық хан, одан кейін Жәнібек ханның баласы Қасым хан, ол бүкіл Дешті Қыпшаққа билік жүргізді және оның әскерінің саны мың жердегі мың (миллион) адамға жетті. Бұл жұртта Жошы ханнан кейін одан қуатты билеуші болған емес...».

Шоқан Қазақ Ордасы бастауының мұндай дәл әрі нақтылы дерегін бұған дейін кездестірген емес. Хайдар мырза Шағатай, Моғол ұлысы ғана емес, Жошы ұлысына қараған аймақтардың тарихын да ерекше ыждағатпен қаузады. Әсіресе, «Қазақ» атауының қалай пайда болғанын түсіндіруінің өзі неге тұрады. Бұл атау төркінінің қайдан шыққаны жөнінде Шоқанның өзі де ауық-ауық ой жіберіп қоюшы еді. Шығарма авторы оған да иланымды дәйек ұсыныпты. Екінші дәптердің 33-ші тарауында тіпті анықтап тұрып айтыпты. «...Әбілқайыр хан дүние салғаннан кейін, өзбектердің ұлысында алауыздық пайда болды. Әркім мүмкіндіктеріне қарай қауіпсіз хәм дұрыс өмір сүру үшін Керей хан мен Жәнібек ханды паналады, олар осылай күшін нығайтты. Басында елден қашып, олардан бөлініп жырылып қалып, біраз уақыт тарығып, әрі сергелденде болғандықтан оларды қазақ деп атады. Бұл атау оларға осылай таңылды».

Хайдар мырза заманында да Қазақ Ордасы мен Моғолстан арасында Есенбұға хан кезінен басталған достық пен бейбіт қатынастар үзілмепті. Екі жақ бұл ынтымақтарын құдандалық, жекжаттық байланыстармен үнемі жаңғыртып, нығайтып отырыпты. Моғолдың Жүніс ханының төртінші қызы Сұлтан Нигар ханым қазақтың Жәнібек ханының төртінші ұлы Әдік сұлтанға ұзатылыпты. Әдік сұлтан көп кешікпей қазаға ұшырағасын, ханым әменгерлік салтымен Әдіктің ағасы Қасым ханға тиіпті. Сұлтан Нигардың Әдіктен көрген екі қызының

кішісі – Шешек бегім (автордың бөлесі) өзінің немере нағашысы, Моғол мемлекетінің билеушісі Рәшид (Әбді әр-Рәшид) ханға ұзатылыпты. Өз ретінде сол Рәшид ханның туған әпкесі Бәдіғұлжамал Әдік сұлтанның ұлы Бауышқа шығыпты. Рәшидтің әкесі Сағит ханның қарындасы Мақым ханым да сол Бауыштың бір жатырдан шыққан бауыры Жетісуды билеген Бұйдаш ханның зайыбы бопты. Алайда Рәшид хан 1533 жылы таққа отырғасын қазақтармен бұрыннан жалғасқан бейбіт қарым-қатынастарды бұзуға кірісіпті. Шайбан ұрпағы Ұбайдолла ханмен бірігіп қазақтарға үсті-үстіне жорықтар жасап, ауыр сүргіндерге ұшыратады. Қазақтарға өштігі сонша, әпкесі Бәдіғұлжамалды Бауыш сұлтаннан күшпен ажыратып алып, қасындағы сенімді кеңесшісі, жас кезінде өзіне атабек қызметін атқарған Мұхамеди барласқа, Хайдар мырзаның айтуынша, «шыққан тегінің төмендігі былай тұрсын, ойы арам, ниеті қара адамға зорлап қосыпты...».

«Тарих-и Рашидидің» парсышасын арнайы аудартып, оны түркшесімен қаузай, салыстыра отырып зерделегеніне қарағанда, Шоқан осы шығарманы әрі қарай да тереңдеп зерттеуге құлықты болған сыңайлы. Қазымбектей, Березиндей ірі шығыстанушылардың қасында жүріп, Файызхандай саңлақ тұлғаның көмегіне сүйене отырып, ол өзі көріп қайтқан Қашқария аймағының арғы ғасырларын, көне ұлыстар тарихын сөз еткен Хайдар мырза кітабын сол кезде-ақ жарыққа шығаруға дайындап, әлемдік ғылым айналысына қосуға шамасы да жетер еді. Алайда, оның әлсіз денсаулығы мұндай іргелі жұмысты бастап кетуге мүмкіндік бере қоймаған.

Петербордың дымқыл ауасы Шоқан денсаулығына еш жақпайды екен. Біраздан бері мазалап жүрген, шетелге барып емделсем бе, деп те тал қармағанымен, өкпе дерті кәдімгідей өршіп кетті. Сондықтан да дәрігерлердің ұйғарымы біреу-ақ болған. «Тез еліңе жетіп, қымызбен емделмесең қауіпті».

Амал жоқ, қолға алған талай істі орта жолдан қалдыруға тура келген. «Рәшид тарихы» да соның бірі еді. Бұл құнды шығарманы Шоқанға дейін ешкім зерттей қоймағаны мәлім. Ағылшын ғалымы В. Эрскин 1854 жылы Лондонда шыққан Үндістан тарихына арналған кітабында Хайдар Дұғлаттың Британ музейінде тұрған толық емес қолжазбасы нұсқасынан үзінділер келтіріп, сілтеме жасағанымен, ол туралы дербес сөз қозғамаған-ды. Бұл орайда қазақтың Жәңгір ханының септесуімен Қазан, одан Петербор университеті кітапханасына

түскен толық нұсқа, оған қоса түркшесінің де қатар табылуы Шоқан үшін зор мүмкіндік болатын. Ол «Тарих-и Рәшидиді» жан-жақты зерттеуді тұңғыш рет қолға алғанымен, денсаулығы құрғыр бұл шаруаны әрі қарай тереңдеп атқаруға мұрша бермеді. Өкіне-өкіне елге оралғаннан басқа шарасы қалмады...

(Шоқан алғаш зерделеген сол Петербор нұсқаларындағы қазақ хандығына қатысты жерлерді, одан кейін ресейлік ғалымдар арасында, оның шығыстанушы досы, қазақ тарихы туралы іргелі еңбектер жазған академик В. В. Вельяминов-Зернов (1830-1904) өзінің Қасым хандығы туралы әйгілі үш томдық еңбегінде (1863-1866) бағалы дереккөз ретінде пайдаланды. Еуропалық шығыстанушыларға «Тарих-и Рәшиди» тек 1895 жылы Е. Д. Росс ағылшын тіліне аударып бастырғаннан кейін ғана кеңінен танылды. Ал шығарманың орыс тілінде толық басылуы со бойы ұзап кеткен. Оның орысшаға аударылған үзінділері ауық-ауық ғылыми жинақтарда жарияланып жүргенімен, ХҮІІ ғасырдың бірінші жартысында көшірілген 321 беттік ең көлемді Ташкент қолжазбасы негізінде дайындалып, Петербордағы Шоқан зерттеген парсыша, түркше дәптерлердің мәтіндерімен, Е. Росстың ағылшынша аудармасымен салыстырылып, толықтырылған ең тыңғылықты нұсқасы, бертінде, 1996 жылы ғана Ташкентте жарық көрді. Орысша басылған сол кітап Хайдар мырзаның арғы бабаларының атамекені Қазақстанда 1999 жылы қайталанып жарияланды. Артынша, 2003 жылы, парсы түпнұсқасымен пысықталған қазақшасы да туған халқының қолына тиді...).

...1861 жылдың мамыр айының соңы.

Жаз маусымы енді туып, Невада пароходтар жүре бастаған, парктер жасыл желекке оранған, Иоганн Штраус тағы да Павловскіге өз оркестрімен келіп құйқылжыған вальстерін ойнауға кіріскен, ақ түндер қала үстін әдеттегідей тағы да аппақ нұрға малындыра бастаған әдемі бір шақ еді.

Шоқан он бес айдай ғұмыр кешкен дүбірлі қаламен, осында тапқан жаңа ортасымен, ойы терең, сөзі тұңғыық заңғар шығыстанушылармен, елімнің қайғысы – менің қайғым деп өз халқының тақсіретіне бел омыртқасы қайыса күйзелетін зиялы қауыммен, кірбіңсіз араласқан дос-жаранмен кимай қоштасып, елге, Сырымбеттегі атақоныстарына бет алды. Сәтін салса, денсаулығым түзелгесін, күз мезгілінде астанаға қайта оралармын, ғылыми жұмыстарымды, еңбектерімді одан әрі жалғастыармын деген үмітті оймен аттанып бара жатты...

## СЕГІЗІНШІ БӨЛІМ

### ҚҰСАЛЫҚ

#### I. Атақонысқа оралу

Шоқан елге аттанар алдында Сыртқы істер министрлігіндегі оның жақын тілеулестерінің бірі, жиырма тоғыз жасар генерал-адъютант Николай Павлович Игнатъев Батыс Сібірдің жаңа генерал-губернаторы Александр Осипович Дюгамельге Уәлихановтың жайын айтып хат жолдаған еді. Сол жылдың басында Гасфорттың қартайып, көзі нашарлауына байланысты, ол Петерборға Мемлекеттік кеңестің мүшесі боп ауыстырылып, орнына сенатор, аздап ғалымдығы, дипломатиялық тәжірибесі бар, француз, неміс, түрік, парсы тілдерін білетін Дюгамель тағайындалған.

Шоқаннан үш жас ғана үлкендігі бар Николай Игнатъев (Петербордың генерал-губернаторы П. Н. Игнатъевтің баласы) 1855 жылдан бастап Англиядағы орыс елшілігінде әскери атташе міндетін атқарып тәжірибе жинақтаған, одан кейін Парсы еліндегі елші қызмегіне де дайындалған білікті жас буынның бірі. Шоқан Қашқарға аттанған 1858 жылдың жазында Сыртқы істер министрлігі Игнатъевке де үлкен жауапкершілік жүктеп, оны Хиуа мен Бұхара хандықтарында елшілік сапармен жібереді. Қасына ерген елу әскермен бірге талай қауіп-қатерді бастан өткере жүріп, өзіне артылған қиын міндетті табысты орындап қайтқан оған, бір жылдан кейін, 27 жасында генерал шені беріледі. Одан соң 1859-1860 жылдары Қытайға Ресей империясының ерекше тапсырмаларын орындайтын елшісі ретінде барып, орыс жағына тиімді тұстары мол екі елдің шекараларын нақтылауға септесетін Бейжің шартына қол қойып оралады. Сол жетістігі үшін генерал-адъютант атағын алады.

Есімі ел аузына ерте ілініп, Сыртқы істер министрлігінің елеулі тұлғаларының қатарына қосылған Игнатъев Азия департаментінде істейтін Уәлихановтың жан-жақты қабілетіне

әуелден тәнтi адамдар қатарында. Орталық Азия мәселелерiне жетiк, бiлiмi саңлақ қазақ зерттеушiсiнiң бар мүмкiндiгiн империя мүддесiне пайдалану қажеттiгiн тап басып ұғынған жас генерал, оны өзiне жақын тартып, аралас-құраластыққа бейiл бередi. Қыруар iстi атқаруға кiрiскен Шоқанның, өршiген науқастың бетiн қайтармақ боп, туған жерiне амалсыз аттанып бара жатқанын естiгенде, кәдiмгiдей өкiнiш бiлдiрдi. «Қолымнан келген көмегiмдi аямаймын, Батыс Сiбiрдiң жаңа билеушiсi, бұрыннан бiлетiн Дюгамель танысыма жағдайыңды айтып хат жазып жiберемiн», деген.

Игнатъев ол хатында Азия департаментiнде iстейтiн штабс-ротмистр сұлтан Уәлихановтың атажұртында қымызбен емделiп, денсаулығын түзеу қажеттiгi туындауына байланысты, Сiбiр қазақтары облысына қызмет бабымен iссапарға кетiп бара жатқанын губернатор қаперiне ерекшелеп салған-ды. Өз басы қабiлеттiлiгi мен қызметте келтiретiн пайдасы жөнiнен айрықша бағалап, құрмет тұтатын осы жас офицер Сiздiң назарыңызда болса екен, тiлегiмдi жерге тастамай, оған пейiлiңiздi аударып, қажет кезiнде қамқорлығыңызды көрсетсеңiз екен, деген дұғай-дұғай өтiнiшiн бiлдiрген.

Арада үш ай уақыт өтер-өтпесте Егор Ковалевский Сыртқы iстер министрi Горчаковпен пiкiрлерi үйлеспей (әрi туған ағасы, Халық ағарту министрi Евграф Ковалевскийдiң билiк тарапынан студенттерге қарсы жөнсiз жазалау шаралары жүргiзiлгенiне наразылық бiлдiрiп, отставкаға шығуына байланысты), Азия департаментiнiң бастығы қызметiнен кеткен кезде, оның орнына осы жас генерал Николай Игнатъев департамент директоры боп тағайындалды.

Тағы да ұзақ жол. Сабылыңқы, шаршаулы күндер. Шоқан осыдан бiр жарым жылдай бұрын Петерборға қарай өткен жәмшiк даңғылымен ылаулатып керi қайтып келе жатты. Жаз лебiмен дегдiген табан iз шаң шығармайды. Бекеттен бекет асып, шаруалар реформасынан кейiнгi толқулар сесi кәдiмгiдей сезiлiп тұрған түйiлiңкi қабақ орыс деревняларын көктей өтiп, шығысқа қарай ентелеген Сiбiр трактысы оны күннен-күнге елге қарай жақындата түстi.

Бұл жолы ол жалғыз емес. Қасында Мәскеуден iлескен көкiрек дертi бар жас жiгiт. Оның аты-жөнi, Шоқанға қалай серiк

боп ергендігі жайлы дерек мәлімсіз. Тек белгілісі – ол жігіттің бір бай помещиктің ұлы екендігі. Бұл орайда Шоқанның қырға қымызбен емделуге кетіп бара жатқанын жақсы білетін Петербордағы көп достарының бірі сол жігіт жайында арнайы өтініш айтып, жолшыбай Мәскеуден ала кетуін сұрануы да әбден кәміл. Оған Шоқан өзіне тән кісілік елгезектігімен «тура ауылға алып кетейін» деп шын ықылас білдіргенінде күмән жоқ. Енді, міне, оншақты күннен бері қара жолды қуалаған арба жүрісі қалжыратқан олар, теңселме тарантас үстінде, ауық-ауық жөтеліп қойып келе жатыр.

Қазан шәріне дейін көңіл күйі біршама тәуір боп жеткен еді. Сол қаладан бұларға ұнамсыз серік ілесіп, берекесін алды. Шоқанның қасына жергілікті әскери әкімшілік Петерборда оған денщик болған, осыдан үш айдай бұрын ғана денсаулығына байланысты деген себеппен Қазанға ауысып кеткен қатардағы жауынгер Мұхаммеджан Сейфілмүліковті қайта қосып берді. Егер байыптап қарасақ, қызмет бабымен Қашқар сапарына дейін де, кейін де талай қыртысы қалың құпияларға қанық болған Шоқанға, қызметке әуелі кіріскен кезінің өзінен айдаудағы петрашевшілермен жақын араласып, Петерборға келгеннен кейін де ол байланыстарын үзбеген, Үшінші бөлімшенің (сол кездегі полициялық бақылау мен тыңшылық орган қызметін басқарған императорлық кеңсе. – *Автор*) жандармдар корпусының назарына іліге бастаған «Сібір жерлестігі» ұйымына белсене қатысқан, «Жер мен ерік» қоғамының болашақ мүшелерімен аралас-құралас жүрген қазақ ғалымына осы солдаттың малай ретінде бекітілуі бекерден-бекер емес-тін. Біраз деректер отар елден шығып, орыс армиясының сыралғы офицеріне айналса да, Уәлихановқа патша әкімшілігі көп сәттерде сене бермегенін ортаға тартады. Реті келгенде, оның сыртынан жасырын бақылаулар қойып отырған. Сейфілмүліков те дәл сол кеңсесі Шынжырлы көпір жанында орналасқан Үшінші бөлімшенің нұсқауымен Шоқан қасына арнайы ілестірілген адам еді. Оған астанадан туған жеріне қайтқан штабс-ротмистр Уәлихановтың жұрт арасында нендей әңгімелер айтатынын, жүріс-тұрысын бақылау тапсырмасы берілген-ді.

Мезі қылықтары Петерборда да әбден запы етіп, ақыр соңында әзер құтылдым-ау, деп жүрген сол адамы Қазан шәрінде:



«Таксыр, төрем, мені сіздің құзырыңызға жіберді», – деп тағы келіп тұр. Жүзінде сол баяғы жымысқы монтанылық.

Жолда жүрген аз күннің ішінде-ақ Мұхаммеджан мұның әр қимылын аңдатын мысық тірлігімен қажытып та бітті. Әрі Шоқан өзінің басындағы осы халді маусымның 18-інде Қызылжарға аялдаған кезінде Петербордағы жазушы досы Федор Достоевскийге қысқаша түрде хабарлайды.

*«Қадірменді достым, Федор Михайлович!*

*Мен саған Қазаннан жазуға уәде берген едім, бірақ кейбір себептерге байланысты кеше ғана жеткен Петропавлдан жазып отырмын, осында генерал-губернатордың келуін күтудемін. Содан соң тіке өзіміздің Ордаға тартпақпын. Менің денсаулығым жаман да емес, жақсы да емес, қымыз іше бастасам да жәтелім бұрынғыдай – бірақ даланың, таза ауаның, салт жүрістің қандай әсер беретінін кім біледі.*

*Қазір менің көңіл-қошымның рухани жағынан да, саулық жағынан да төмендегені сонша, көп жазудың өзіне құлық жоқ. Ал көңіл қошымның нашарлауына себеп, Қазаннан қасыма серік ерткен едім, сол адам мені әбден ығыр етіп бітті. Одан еш құтыла алмай-ақ қойдым: мен қайда барсам, ол сонда. Оның жанымда жүргенінің өзі мені азаптап, зығырданымды қайнатып бітті... Міне, қадірменді достым, өзіме өзім азап тауып сазайымды тартудамын – болашақта қасыңа серік ертпе. Басқа еш нәрсені жазуға ықылас жоқ, қош бол, жәкетай, менен Мария Дмитриевнаға, Михаил Михайлович пен оның үй-ішіне, Майковқа, Полонскийге және біздің барлық таныстарымызға сәлем айт. Қысқалығым үшін кешір, келер жолы кеңірек жазармын».*

Дертіне дауа іздеп шарасыздан елге қайтқан Шоқанның еңсесі езілген торығыңқы халіне осы хаттан артық не сыпаттама керек?!

Ал бұл кезде «ақ патшаның қолынан награда алған жас сұлтанның» туған шаңырағына келе жатқан хабары бүкіл Көкшетау дуанына тарап кеткен еді. Қызылжардан Көкшетау станицасына, одан сол кезде Аққанбұрлық алабындағы дәстүрлі жайлауларында отырған Шыңғыс ауылына дейінгі жол бойында оны көруге ынтық жұрт топ-топ болып қошеметпен қарсы алып жатты. Шоқан Көкшетауға жетіп, сонда екі-үш күн аялдаған

кезде, оның серіктерінің қатарына дуанның хатшысы боп істейтін башқұрт жігіті Шаһмардан Ибрагимов те қосылды. Омбының кадет корпусын отбасы жағдайына байланысты аяқтай алмай, оқудан шығып қалған кезде, он алты жасар ол Шоқанның көмегімен Көкшетаудың сол кездегі аға сұлтаны Тәні Тортайұлының хатшысы боп тағайындалған еді. 1857 жылдан бері аға сұлтан Шыңғыстың қасында жүр. (Ибрагимов бұдан соң 1863-1867 жылдары Омбы мектебінде қазақ тілінен сабақ берді. 1867 жылдан Түркістан уәлаятының генерал-губернаторы Фон Кауфманның парсы, түрк тілдері бойынша тәржімешісі, 1870 жылы «Түркістан уәлаяты газетінің» редакторлығын қоса атқарды. 1890 жылы Сыртқы істер министрлігінің қарамағына шақырылып, Араб түбегіндегі Жіддә қаласына консулдық қызметке жіберілді. Сол жерде бір жылдан соң тырысқақ ауруынан көз жұмды. Оның қазақ ауыз әдебиеті мен тілі, этнографиясы мен тұрмысы туралы жазған көптеген еңбектері бар. Шаһмардан Ибрагимовтың, әсіресе, Шоқанның Петербордан оралған соң ауылда өткерген жылдары жөнінде қалдырған естелігі аса құнды).

Үш тарантаспен Көкшетаудан аттанып, жайлауға енді ілініп жатқан ауылға дейінгі жолда, олар жаз кезінде де сап-салқын боп төге салатын Арқа жаңбырының астында қалды. Шоқан өзін қарсылаған шыққан жұрттың көңілін қимай, жерге түсіп, олармен амандасып, хал-жағдай сұрасамын деп жүргенде, үсті-басын малмандай су қылып алады. Соның өзі оның әлсіз денсаулығына әсер етіп, қызуын көтеріп жіберген. Шеткері казак-орыс станицасына іңір алдында жеткен Шоқан әрі қарай түн ішінде жүргеннен гөрі, осында қонып, сапарды ертеңіне жарық барда жалғастырғанды мақұл көреді. Әрі ем-доп қабылдап, ыстығын қайтаруды да ойлаған. Жайланып болысымен, дереу малайы Сейфілмүліковты зыр жүгіртіп, денесін арақпен сылатуға кіріседі.

Олар тоқтаған үйдің маңына патшаның қасынан келе жатқан жас төрені көруге жиналған салт атты қазақтар көпке дейін тарай қоймады. Үйге кіріп-шығып бәйек боп жүрген татар атқосшыдан: «Төре не істеп жатыр?» деп сұраған. Мұхаммеджан оларға жасырмастан: «Мен қазір қожайынымның денесін арақпен сылаймын, сосын ұйықтайды», – деп жауап берген. Қызық

күткен жұрт үшін бұл да өзінше бір гу-гу әңгімеге айналған. «Қалай, арағы несі, оны ішкені аздай, енді үстіне жағуға да шыққан ба? Ал саған төре керек болса, орыс арасында көп тұрғасын бұзылғаны ғой», – деген таңданысты үндерге толы сөздер жапа-тармағай айтылып жатты.

Сырт көз әдетте міншіл. Халық үшін алыстан келген атақты ұлының әр жүріс-тұрысын байқағанының өзі қызық. Оның бойынан өзгеше, бөлекше сыпаттарды көргісі, байқағысы келетіні бар. Және ол кей реттерде сол байыптағанының өзін өсіре, әсірелей жеткізуге, орайы келгенде сан-саққа жүгіртуге де бейіл.

Ертеңіне жолаушылар өздерін қарсы алуға шыққан көп адаммен бірге Аққанбұрлық бойындағы аға сұлтан ауылына келіп жетті. Ауылдың сыртындағы майсалы тұсқа Шоқан мен оның Мәскеуден ілескен серігі үшін жеке-жеке киіз үйлер тігіліпті. Тарантастар тіке сол үйлерге маңдай тіреді. Киімдерін шешініп, үсті-бастарын қағынып-сілкініп ретке келтірген соң, жолаушылар хан ордасына тән рәсім салтымен, әкесінен өздерін қабылдауды сұрап кісі жіберді. Іле оларды күтіп отырғандығы туралы хабар келді.

Ауылдың қақ ортасындағы үлкен ақбоз үйге қарай Шоқанды тете інісі Жақып пен бір топ аға-інілері бастап апарды. Алыстан келген ұл табалдырыққа жақындай бергенде, інісі Жақып алға озыңқырап барып есікті ашып, алдымен ағасын ішке өткізді. Бүкіл рәсімді сырттай бақылап тұрған бір қауым жұртқа бұл да тосын іс боп көрінді. «Әне, көрдіңдер ме, өзі есік ашуды да мін көреді, әбден бүлінгені рас екен», – деді бір-біріне.

Әкесі төрде малдас құрып отыр екен. Шешесі сәл төменірек жайғасыпты. Шоқан алдымен әкесіне жақындап тізесін бүкті. Шыңғыс оны айқара құшақтап маңдайынан сүйді. Сол кезде баласы есіктен кіргелі әзер шыдап отырған зор денелі Зейнеп бәйбіше егіліп қоя берді.

– Шоқаным, өзімнің балам, келе ғой, кел! – деп оған қолын созды. Өзіне таяған баласын қаусыра құшақтап, екі бетінен қайта-қайта сүйді. Шешесі мауқын басып болғасын, Шыңғыс Шоқанды өзінің оң жағына отырғызды. Сол сәтте көлдей дастарқан жайылды. Иісі мұрын жаратын қыр қымызы әкелінді. Ол өз үйінің таныс дәмін тамсана отырып жұта бастады. Содан кейін

ғана кәдімгі хал-жағдай білісуге көшті. Қалай жеткендері, ат-көліктің амандығы, денсаулығы, Петербор жайы, ауыл-аймақ жаңалықтары – бәрі-бәрі алма-кезек сұралып жатты.

Біраздан соң Шоқан рұқсат сұрап, өзіне арнайы тігілген он қанатты отауына қайтты. Киіз үй жанында жас төрені бір топ адам күтіп тұр еді. Орталарында осы Айыртау маңында туып-өскен әйгілі ақын Орынбай. Бәрі де онымен жапырлай амандасты. Шоқан қонақжайлық пейілімен «Үйге кіріңіздер!», деді күллісіне.

Көбіне аға сұлтан ордасын төңіректеп жүретін Орынбай жұрт жайғасып болысымен, домбырасын шертіп-шертіп жіберіп, Шоқанға арнаған мадақ жырын бастай жөнелді. Суырыпсалма айтыскерлігімен, түйдектете төгетін жыршылдығымен аты шыққан ақын «ақ патша қасынан оралған жас төрені» мадақтаудан еш аянған жоқ. Әуелі оның бабасы Абылайдың айбынды жорықтарын бір еске түсіріп өтті, одан бері Уәлі ханның заманына бір аялдап, әкесі Шыңғыстың аға сұлтандық билігін құйқылжыта қошеметтеді. Содан соң патша ағзамның қолынан сый-сияпат көрген Шоқанның өзіне ауысты. Оның жастайынан қатарынан озық болғанын, жанарал кеңсесінде маңдайы жарқырап қызмет еткенін, Қашқар сияқты алыс қиянға барғанын, Петерборға сапар шеккенін, оған ақ патшаның аса құрмет көрсеткенін, мол сый-сияпатқа ие болғанын төгілте жырлай отырып, оны бір-бірінен асып түсетін теңеулермен құбылта мақтауға кірісті. Ақылын дарияға, Алатауға теңеді, дәл ондай дана адамды бұған дейін көрмегенін айтып тамсанды.

Орынбай тыңдаушы жұрттың кеу-кеуінің астында мадақ жырын аяқтап, қалтасынан орамалын алып, маңдайының терін сүртіп, тостағандағы қымызын ішіп болған кезде Шоқан оған:

– Ореке, ренжімесеңіз мен сізге ескерту айтқалы отырмын», – деді.

– Айта ғой, Шоқанжан!

– Айтсам, сіз өз жырыңызға татар сөздерін көбірек қосатын болған сияқтысыз, асылы сіздей саңлақ ақынға қазақ тілін бүлдірмеген мақұл...

Шоқан ауылға келген кез, елдің нағыз жайлау қызығына кіріскен мамыражай бір шағы еді. Жасыл бел, жайқалған шалғын, саумал ауа, қоғалы көл, айдынды сулар, шуақты күндер мен

қоңыржай түндер өз еркіне молынан тиген осы маусымда қазақ жамағаты бүкіл алты ай қыс бойғы бұйығы тіршілігін ада-күде ұмытуға тырысып, арқа-жарқа күн кешеді. Той-думанның, ойын-сауықтың қызатын тұсы да осы кез. Жүрген жерлерін ән-күйге бөлеп ел аралаған сал-серілер шығады. Айлы түн астында алтыбақан шалкиды. Бәйге мен көкпар, қыран құстармен саят құру тәрізді қазақтың таусылмас тамашалары да осы шақта кемел келісімін табады.

Жас төре өзіне әуелден таныс сол Сырымбет төңірегін жайлайтын өнерпаздарды да тыңдаудан әсте жалықпайды. Солардың бірі, өз ағасы –Шыңғыстың туған інісі Қанғожа. Қобызды да, домбыраны да шебер тартатын майталман өнер иесі «Тарғыл бұқа» мен «Балбырауын», «Ел айырылған» мен «Қорқыт» секілді қобыз күйлерін еңкілдеткенде, тыңдаушысының құлақ құрышын қандырады. Ел аузында Шыңғыстың өз інісі туралы: «Бақыт — менікі, өнер — Қанғожаныкі» деген сөз қалған. Шоқанды тағы бір риза ететін қияпаты бөлек күйші Сырымбеттен теріскей жатқан Тораңғыл көлінің маңын мекендеген Төлепберген деген қобызшы әрі сыбызғышы. Өзі мылтық жасайтын ұста, өзі зергер, оның сыбызғысының даусы сонау Тораңғылдан Сырымбетке дейін естіліп тұрады, дегенді айтады екен ел.

Сондай-ақ сол кездерде Сырымбет саласында бұлардан басқа әнші Шәкен, жыршы Кәрке сынды танымал дүлдүлдер де болыпты. Шоқанды өз жерлестерінің салтанатты өнерлері тәнті етіп ғана қоймайды, оларды қағаз бетіне түсіріп алуға бейілденеді. Ғалым мұрағатында сақталып қалған «Қазақ музыканттары» атты бір парақ эскиздің өзі Шоқанның бұл тұрғыда бірталай еңбек жасауды қолға алғанын байқатады. «Қобыздық күйлер, Қанғожа сұлтанның тартқаны» деп 15 күйдің аты араб қәрпімен тізілген ол парақтан біз «Тәңір би», «Байсал уақ Сары батырдың сыбызғыда тартқаны», «Қанғожаның басқаны», «Бағаналы Балақай бақсының сарыны», «Суға кетті ер Қотан», «Балбырауын», «Ала байрақ», «Қызыл қайың», «Тарғыл бұқа», «Шығыт жібі басбармақ», «Қапыда өткен қарбалас», «Тайлақбайдың сыбызғысының күйі», «Қыз жылытқандай», «Баутанның қос баспасы», «Ер шегедей еткейсін» атты бүгінгі музыка зерттеушілері үшін тым қадірлі шығармалар атына

ұшырасар едік. Және осы қағазда ғалым біраз өнерпаздың да суретін қоса салады. Олардың арасынан біз Қанғожа мен Досжан, Жанақ пен ақын қыз Ажардың бейнелерін көргендей боламыз...

Сол жазда даңқы алысқа кеткен жас төреге арнайы жолығуға соғатын жақсы мен жайсаңның қарасы да көп болды. Бір күні Абылайдан қалған хан ордасын, аға сұлтан шаңырағын сыйлап, Ерейментаудан Қанжығалы қарт Бөгенбайдың шөбересі, атақты Бапан бидің баласы әйгілі шешен Саққұлақтың жолы түсті. Алпыстан асқан ойшыл, сөзге ұста, кеудесінің есігі бар, көзі жіті, көңілі қырағы саңлақ бидің тағлымды әңгімелерін Шоқан ынтыға тыңдады. Сондай дидарласу сәттерінің бірінде Шоқан қадірлі қонағына сұрақ қойды.

– Ақсақал біреу жолдан адасса, кімнен ақыл сұрайды?

– Шырағым, көнеден сұрайды, - деді шешен.

– Көне адасса, кімнен сұрайды?

– Көне адасса, көргендіден сұрайды.

– Көргенді адасса, кімнен сұрайды?

– Көргенді адасса, көптен сұрайды.

– Көп адасса, кімнен сұрайды?

– Көп адасса, көп оқығаннан сұрайды.

– Көп оқыған адасса, кімнен сұрайды?

– Көп оқыған неден адассын! Әлгінде ғана Сатыбалдының Жаманқұлына күдіктеніп, оның Үмбетәлі жырау туралы дастанын өзің де менен сұрап алған жоқпысың? – дейді шешен. Содан соң:

– Асылы, ақыл – адамды аздырмайтын ем, білім – таусылмайтын кен. Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолғыншысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, біліп туған бала екенсің, тумысыңнан дана екенсің, – депті Шоқанға риза болған шешен...

Жайлау маусымындағы мұндай кездесулерді болмысынан жидашы жас төре құр жібермейді. Денсаулығы соншама көтеріп жатпаса да ақындар мен әншілерден ертегілер мен жырларды, әндерді, ауыз әдебиетінің үлгілерін жазып алады, Саққұлақ би сияқты білгірлерден қазақтың көне заң-низамдарына қатысты мәліметтерді сұрастырады.

Шоқан әуелі Петербордан шыққан кезде, қымыз бен жаз ауасы денсаулығымды түзесе, қыс түсе астанаға оралармын деп

ойлаған. Өзі Мәскеуден ілестіре келген жігітке жайлаудың сабат ауасы, қымыз бен марқаның жас еті бірден-ақ әсер етіп, жедел бері қарай бастады. Оған әсіресе Шоқан ерекше қуанды. Өз мейманын күн сайын дастарқанына шақырып, қымыздың, қыр тағамдарының, жас сорпа мен ірімшіктің денсаулыққа пайдалылығын майын тамыза айта отырып күтер еді. Арада бір айдай уақыт өтті ме, өтпеді ме, ауылға сұмдық жөтелмен келген жас помещик одан түгелдей айығып кетті. Жұнттай боп оңалып, қоштасарда мылтығын сыйлап, қуанышы қойнына сыймай үйіне қайтты. Денщик Сейфілмүліковті де әзер дегенде Қазанға аттандырып құтылды. Бірақ өзінің денсаулығы оңайлықпен сауығуға бет ала қоймады.

Аға сұлтан ауылы қыс түсе Сырымбеттегі ордаға оралады. Айыр өркеш Сырымбет тауының ығында мекен тепкен бұл қоныстың әуелгі ірге көтеруі Шоқанның әжесі Айғаным есіміне байланысты екені осы кітаптың әуелгі бөлімінде айтылды.

Сырымбеттегі ордаға 1853 жылдан бері, соның алдында ғана Құсмұрын округының аға сұлтандығынан босаған, Уәли ұрпақтарының ішіндегі ең беделдісі Шыңғыс та келіп қоныстанған еді. Шоқанның кадет корпусын бітірер алдында «Ханшаның ескі үйінің сипаты» деп салған суреттері мен Түктіқарағай, Шоққарағай, Ақбасқарағай ормандарын, Қарқаралы, Қарашілік нуларының бойларын түсірген карталарында осы Сырымбет төңірегін мекен еткен басқа Уәли тұқымдарының мекен-жайлары да кеңінен қамтыла көрсетіледі.

Шоқанның сырқаттанып жүрсе де елдегі алғашқы жаз уақытын бос жібермей, мүмкіндігінше тиімді пайдалануға тырысқанын, оның 1862 жылғы қаңтардың 2-сінде «Орыс географиялық қоғамы жазбаларының» редакторы, профессор А. Н. Бекетовке жазған хатынан анық аңғарамыз. Онда Шоқан өзінің: *«өте көп ертегілерді, эпикалық жырларды, әндерді жинағанын, енді Шыңғысханның жосық заңымен үйлесетін қазақ низамдарын зерттеумен айналысып жатқанын, географиялық қоғам үшін «Орта Азияның географиялық карталары туралы» мақаланы бастап кеткенін, бірақ кей анықтамалық кітаптардың жоқ болуына байланысты аяқталмай тұрғанын»*, хабардар еткен еді. Ол осы хатында Географиялық қоғамнан барометр, психрометр, бірнеше

термометр де сұрайды. Сол құралдармен Көкше өңірінің климаттық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда зерттегісі бар. Дәрігерлер жолға шығуға рұқсат етпегендіктен, тамызға дейін елде болмақ. Емделе жүріп, уақытты босқа өткізбей, ақырындап ғылыми жұмыстармен де айналыса берсем дейді. Өзінің Қашқар туралы жазғандарын Географиялық қоғамның түгелімен сатып алуға мүмкіндігі болар ма екен, соны біліп беруін өтінеді.

Шоқанның «Алтышәрдің, яки Қытайдың Нан-лу уәлаятының (Кіші Бұхараның) жайы» атты көлемді еңбегінің «Географиялық шолу», «Тарихи очерк» атты алғашқы екі тарауы ғана Бекетовтың редакторлығымен «Орыс географиялық қоғамы жазбаларының» 1861 жылғы 3-ші кітабында ықшамдалып жарық көрген болатын. Оның қаламақысын Петербордан аттанарда өзі алып та қайтқан. Еңбектің жарияланған бөлігінен екі еседей көп: «Халық құрамы», «Өлкенің билік жүйесі мен саяси жағдайы», «Өнеркәсіп және сауда» атты кейінгі үш тарауы әлі шыққан жоқ. Шоқанның сұрап жатқаны да сол тарауларды пайдалану жайы. Егер олар жарық көріп жатса, сол жарияланымдарды Көкшетауға жіберсеңіз, тіптен жақсы болар еді, дейді. Ал оған тиесілі қаламақының 300 сомын өзі қарыз алған түмендік көпес Ядринцевке, 50 сомын казак офицері Усовқа беру мүмкіндігін қарастыру жайын қиылып сұрайды. Оларды Потанин арқылы тауып алуға болатынын айтады. Егер қоғамның жазбаларды сатып алуға мүмкіндігі келмесе, Потанин ол мырзаларды Ғылым академиясындағы Петр Иванович Лерхке жолықтырсын, қарыздарымды сол төлеуге келісті, дейді.

Арада он екі-ақ күн өткен кезде Достоевскийге хат жазады. Алайда мұндағы сарын басқа. Сәл күн ғана бұрын Бекетовке хабарлағанындай, талай жұмыстар атқаруға бейілденіп отырған жан емес, торыққандық сарын қосылған. Сырқатын айта береді. «Тірі қалсам, денсаулығым жараса» деп уайым жейді. Сөйте тұра, болашақтан күдер үзбейді. Үмітіне сырық жалғайды.

*«Құрметті достым, Федор Михайлович.*

*Сенің мені баяғыда өліп қалдыға жорамалдауың жән, әйтсе де мен әлі тірімін, осы хат соның айғағы болсын. Менің саған осы кезге дейін хат жазбауымның әртүрлі себептері бар, оларды енді айтып бергелі отырмын. Біріншіден, өзім қазан айында Петерборға барып қалармын деп ойлағанмын, сосып*



сырқаттанып, ол ойымды желтоқсанға дейін қалдыра тұрдым. Саулығым желтоқсанда да өте әлсіз болған соң, сібір дәрігерлердің қысты қырда өткіз деген кеңесіне құлақ астым, ал енді өзім де, менің денсаулығыммен Петерборда үнемі тұруға болмас деген шешімге келіп отырмын. Сондықтан да, Қашқардағы консулдық орынды алғым келеді, ал оның реті келмесе, отставкаға шығып, Ордада сайланба қызметпен күн кешпекпін. Қашқарда жақсы жалақы алар едім, ауа райы да қолайлы, бәлкім, денсаулығым да түзеліп кетер ме еді. Егер ол ойым орындалмаса, далада да жағдайым жаман бола қоймас деймін. Шаруашылықпен, саудамен шұғылданамын, халық сайлағандай жағдайда, адал шенеунік боламын, олардың сауатсыз және жыртықшыл сұлтандарынан гөрі өз қандастарыма көбірек пайдамды тигізермін де ақиқат. Бір не екі жылдан кейін Петерборға барамыз да, жақсы достармен бірнеше жанға жайлы айларды бірге өткіземіз, жаңа кітаптар, жаңа идеялар жинап алып, Ордаға, қазақтарға қайта ораламыз. Әрине, мұның өзі де онша жаман емес зой, шын емес пе, жәкетайым, Федя? Мұның бәрі жақсы-ақ және денсаулығым біршама дұрысталса, орындалуы мүмкін болатын да нәрселер. Шынында, мен қазір, дәл ойдағыдай болмаса да, өзімді бұрынғыдан гөрі тәуірлеу сезінемін.

Сонымен мен қыста Ордада қаламын, қымызбен емделудің толық курсы алу үшін жазды да Ордада өткіземін, егер тірі қалсам, күзге қарай Петерборға жетіп, сені сүйегіңді уатардай қатты қысатыным сонша, шыдай алмай айғайлап жіберетін боласың. Далада, бауырым, тек зерігу көбірек, қалай жалқауланғың келсе де өз еркіңде, ешкім бөгет жасасмайды. Бір сібірлік дәрігердің, құрметке лайық адамның (сен оны білмейсің) кеңесіне құлақ асып, мен ештеңе істемеуге серт бердім, сөйтіп ештеңе жазбаймын, ештеңе оқымаймын, бір сөзбен айтқанда, ақыл-есімді қажытпаймын – менің емделуімнің сиқы осы және зерігудің төркіні де осында жатыр. Мұнда бүркітпен, итпен, мылтықпен аңға шығу сияқты ермектермен айналысуға болар еді, бірақ менің қарғыс атқыр денсаулығым бұған еш мүмкіндік берер емес. Тыпыр етпей жат та қой.

Михайло Михайлович не істеп жүр, оның балауса перзенті әрі біздің қайырымды досымыз «Времяның» жағдайы қалай?

*Мен газет алмаймын, сол себепті де ештеңе білмеймін. Михайло Михайловичке сәлем айт... Майковпен пен оның әйеліне менің жігерлі сәлемімді жеткізерсің. Полонский мен Страховқа да, Егер Николай Курочкинді көрсең, айт, мен оған хат жазғалы отырмын.*

*Менің өзіңе бір өтінішім. Маған «Времяны» салып тұршы, ол үшін кейін есептесерміз, егер қаражатыңның мүмкіндігі болып жатса, мен үшін «Современник» журналына жазыла салшы...»*

Денсаулық көтеріп жатса, жұмыс істеймін деген адамға Сырымбеттегі ордада жағдай да жоқ емес. Оны Сырымбетке арада үш жыл өткеннен кейін, қазақ жерін басқарудың жаңа жобасын жүйелеуді көздеген Дала комиссиясының құрамында келген, Бас штабта Шоқанмен қатар қызмет еткен полковник А. К. Гейнс жазбаларындағы орданы сыпаттаған жолдардың өзі-ақ аңғартады.

«Шыңғыстың қыстауы қалың қарағаймен көмкерілген әсем екі таудың арғы тасасында екен, – дейді жазба авторы. – Тастақты бір қырқадан асып, ылдиға қарай түсе бергенімізде, кәдімгі орта деңгейлі помещиктердің талғамынша салынған бірнеше үйлерді көзіміз шалды, ортасында – мешіт. Шыңғыс пен әйелі екеуі тұрған үйдің жасауы помещиктердікіне келіңкірейді. Залда он екі пьесаға дейін ойнайтын орган; қабырғаға ілінген айна, хрусталь салпыншағы бар қола шамдалдар, сол тектес шырағдан; есіктерде жіңішке жіптермен оюланған жібек перделер. Қонақ бөлмесінде гарднерлік не корниловтық вазалардың орнына қытай көзелері қойылған; үстелде шам, диван және т. б. Еденге тұтасымен ташкент пен парсы кілемдері төселген; ағаш жиһаздарға жолбарыс, барыс және аю терілері жабылған. Жалпы көрініс жағымды әсер етеді...».

Шоқанның ауылда қолға алып, 1862 жылдың қысына дейін аяқтаған еңбегінің бірі – «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деп аталады. Оған дейін бұл тақырыптың қозғалмағанын, бәрін ғылыми ортадан, кітап көздерінен жырақта өз білік-біліміне сүйене отырып жазып шығудың ауыртпалығын ойлаған кезде, науқасымен арпалысып жүрген оның осы күрделі зерттеуді (Потанин айтатындай, «өте қызықты мақаланы») атқарғанына таң қалмасқа шараңыз жоқ.

Әу дегеннен: «Қазақтар туралы барлық зерттеушілердің айтуынша да, барлық географиялық нұсқауларда да қазақтар мұсылмандар, бірақ шамандық<sup>23</sup> ырым, сенімді де ұстайды. Олар мұсылман дініне табынумен қоса шамандық нанымдарға да иланады. Бұл пікірлер шындыққа келеді, дегенмен олардың шамандығы неден тұрады? Бірақ, өкінішке қарай, қазақ шамандары, немесе бақсылары жөнінде әртүрлі мерзімді басылымдарда мақалалар жарық көргенімен, осы жай туралы әлі күнге дейін ешкім егжей-тегжейіне жетіп жазған емес» деп басталған еңбек осы наным-сенімнің дін ілімі тарихында әлі зерттелмеген тақырып боп саналатынын атап өтеді. Ол мұсылмандыққа дейін қазақтар табынып келген күн, ай, жұлдыздар жаңа ислам діні тарапынан дәріптелмесе де, олардың осы күнге дейін құрметтеліп, елдің әдет-ғұрпында сақталып қалуының себебі – қазақтардың түздік өмір салтын ұстануында деген түйін жасайды. Барлық шамандық салт-сана, аңыз-әңгімелер дала тұрғындарының тұрмысымен тікелей байланысты болғандықтан, қазақтарда бақсылық нанымдары әлі де сақталып келе жатыр, дейді. Сонымен бірге қазақтарда шамандық ғұрыптардың мұсылман дінімен мидай араласып кеткеніне, елдің Алла мен Тәңіріге бірдей табынатынына, мұсылман әулиелерінің басына құрбан шалып, бақсылардың құдіретіне де сенетініне, пайғамбар ұрпақтары қожаларды да құрмет тұтып, бақсылардың жын-перілермен қоса мұсылман періштелерін де шақыратынына, Алланы да мадақтайтынына көңіл аударады.

Зерттеуін «Аруақтар немесе онғондар – өлген ата-бабалардың рухы», «Құрбандыққа шалынатын мал туралы», «Қазақтардың космологиялық түсініктері», «Әуедегі құбылыстар», «Табиғаттағы еліктіргіш күштер», «Адам бойындағы еліктіргіш күштер», «Ант», «Жаман көзден, ыбылыстар мен әртүрлі аурулардан сақтайтын – тұмар», «Өлі мен

---

<sup>23</sup> Шамандық - наным-сенімнің көне түрі. *Шаман* эвенк тілінде - елерген, делебесі қозған адам деген мағынаны береді. Ол сібір халықтарында - *сам*, түркі халықтарында - *кам*, *бақсы*, *бахшы*, остяктарда - *тадыб* деп аталады.

тірінің достығы туралы аңыз» деген ұсақ тақырыпшаларға бөліп, зерделемек мәселесін қазақ арасындағы шамандық наным-сенімнен қалған мысалдармен орайлы тұздықтай білген ғалым оқырманды жатық тілмен үйіре тартып отырады.

Шамандық дегеніміз – әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау, шамандық нанымдағы адам күн нұрына қарап таңданды, осыншама жарықтың құпиясына түйсігі жетпей табынды, қара аспанға нұр сепкен айды көріп тәу етті, уақыт сияқты мәңгі, құдіретті күштердің бәріне бас иіді, көк аспанды – Көк Тәңірі деп атады. Бақсылар өздерін сол аспан Тәңірі мен рухтың жердегі қолдаушы адамдары есебінде санады. Шаман – әдетте сиқырлық қасиеттерімен қоса білікті, қабілетті, басқалардан мәртебесі жоғары: ол ақын да, күйші де, сәуегей де, емші де, негізінен сегіз қырлы, бір сырлы адамдар арасынан шығады, дейді Шоқан.

Шамандық салттардың ішіндегі отқа табыну қазақтарда әлі өз күшінде екеніне тоқталған ғалым, оларға мысалдар келтіреді. Оттың тазартушылық қасиеті бар деп ұғынылуына байланысты, *аластау* ырымының туғандығын, қыстаудан көшкенде қазақтардың көшті екі оттың арасынан өткізетінін, ел алдында ант берген адамның да отпен тазаланатынын айтады. От үйдің киесі, шамшырағы, сондықтан да жаңадан түскен жас келін үлкен үйдің отына тағзым етуі тиіс. Қалыңдық қайын атасының үйінің босағасын аттасымен, тізе бүгіп сәлем береді, содан соң оны ошақ қасындағы жұмсақ тулаққа (келіннің мінезі илеген тулақтай жұмсақ, биязы болсын деп) отырғызады, содан соң ошақтағы отқа май тамызады, сол кезде жас келін отқа еңкейіп: «от ана, май ана, шапағатыңды тигізе көр, жарылқай көр», дейді, оның жанындағы әйелдер қолдарын отқа қыздырып, қалыңдықтың бегін сипайды. Жас нәресте дүниеге келген кезде де, сәбиді дәл осылай отқа жақындатып, жалбарынады. От қасиетті деп саналғандықтан, оған түкіруге, үстінен аттауға болмайды.

Қазақтар *айды* да қасиетті санап, жаңа айдың туғанын көргенде тәжім етеді. Жазда сол айға тәжім еткен жерден шөп жұлып алып, отқа салады. Наным бойынша, айда кемпір бар деп есептеледі ( шамасы, айдағы адамның бет-пішініне ұқсас дақтарды айтады). Айға ұзақ қарап тұруға сескенеді, себебі

айдағы кемпір кірпікті санап қоюы мүмкін, егер санап қойса адам өледі-міс. Дәрет сындырғанда да, бетін айға беріп отырмайды. Кемпірқосақ – сол айдағы кемпірдің қосақтап байлаған әртүсті қойлары, кемпір сол қойларын ылғи да жауыннан кейін сауады. Қазақтар күннің күркірегенін Тәңірінің қаһарлы даусы, ал найзағайды шайтандарға атқан оғы деп те түсіндіреді.

Шамандық нанымда жануарлардың сүйектерінде де киелі күш бар деп есептеледі. Солардың арасында *қары жілік* адамға ұқсаған бейнесімен малды ит-құстан сақтаушылық қасиеті жағынан бақташыдан кем түспейді. Оны ер-тұрманның әбзелі есебінде және ат пен ер-тоқымды сақтаушы деген нанымда, ердің алдыңғы қасына іліп қояды. Қасқырдың тілерсегі белдің шойырылуынан, сарып ауруынан сақтайды деген де ырым бар. Үкінің басы, аяғы мен қауырсыны жын-періден қорғайды деп, оны үйдің әр жеріне, бесіктің басына іліп қояды. Өзінің қырғыздардың үйінен ұлардың басын көргенін айтады. Олардың наным-сенімдерінде ұлардың еті шешек ауруынан сақтандырады екен...

*Өлімнен қашу*, яки Алланың жазмышынан бас тарту – ислам діні бойынша күнәһарлық, әсте болмайтын нәрсе, ал шамандық нанымды ұстанған халықтардың аңызының көбісі өлімнен қашу... боп келеді. Қазақ бақсыларының арасында Қорқыт туралы аңыз бар. Сол Қорқыт қазақтарды алғаш қобыз тартуға, сарын айтуға үйреткен бақсы. Әбден мұсылманданған түрікмендердің аңыз-дастанындағы Көрұғлының өзі, аз уақыт болса да өлімнен қашқанын атап өтеді...

## 2. Торығу

Шоқан елде Петербордан оралғаннан кейін екі жылдан астам уақыт тұрақтады. Омбыға бір-екі рет соққаны, 1863 жылдың жазында қазақтың сот реформасы бойынша материалдар дайындау мақсатында Сібір қазақтары облыстық басқармасының кеңесшісі Яценкомен бірге облыс дуандарын аралаған сапарға қатысқан уағында болмаса, негізгі тіршілігі Сырымбетте, Көкшетауда, жайлауда өтті. Осында ол өз ортасымен, халықты тізе астына басуға бейіл озбыр ұлықтармен, патшаның жергілікті паракор әкімдерімен әлденеше қақтығыстарды бастан кешірді.

Шоқанның Достоевскийге жазған хатында айтылғандай, сайланба қызметте болғысы келген талпынысы бірден аяқ астына тапталды. Ол орыстың паракор ұлықтары мен қазақтың жемқор шонжарларының тізе қоса қимылдайтын сәт туғанда, қалай ымыжымы ортақ болып кететінін бастан өткерді. Халық сайлағандай жағдайда, өз қандастарыма көбірек пайдамды тигізетін әділ басшы атанамын деген ниетке берілген ол, 1862 жылдық күзінде өтетін кезекті сайлауда Атбасар дуанының аға сұлтандығына өз кандидатурасын ұсынуға шешім қабылдайды.

Ал бұл жай Батыс Сібірдің генерал-губернаторы, инфантерия генералы А. О. Дюгамель, Сібір қазақтары облысының әскери губернаторы генерал-лейтенант Г. К. фон Фридрих секілді даңғой ұлықтар пен оның хатшысы Г. К. Кури сияқты паракор алаяқтардың ішкі есебіне үйлесе қоймайтын. Омбы губернаторлығы төңірегіндегі тірліктің күллі қыр-сырына қанық, Петербор министрлерімен, ғалымдарымен, жазушы, журналистерімен тығыз қарым-қатынас орнатқан, қазақ арасында атағы дүрілдеп тұрған Шоқан Уәлиханов сынды адамға үлкен бір дуанның билігін со бойы беріп қою өздері үшін тиімсіз болатынын олар бірден сезді. Әрі астанадан реформа кезеңінің қым-қиғаш дүрбелеңі кезінде оралған, Ресей оқығандары арасында енді елді қалай басқару керек, деген сауалдар төңірегінде өрістеген әңгімелерге қызу араласқан Шоқанның «аға сұлтан болсам, халықты жаңаша басқаруды қолға аламын», дейтін сөздері де кәдімгідей шошындыратын. Ол сұлтан бола қалса, қазақтың би-болыстарынан өздерінің қалтасына түйдек-түйдек боп құйылып жататын пара көздерінің бітелу қаупі туындайтыны да жоғары ұлықтарды іштей үркітті. Оның үстіне қатар жатқан қос дуанды әкелі-балалы Уәлихановтарға басқартып қою да Омбы билігінің мүдделеріне сай келе бермейтін, шын мәнінде оларды сескендіретін жайттардың біріне саятын.

Ал оның қарсыласы Ерден Сандыбайұлының жөні бөлек. Ұлытау жұрты арасында беделі мол, өзі шыққан қабырғалы бағаналы руының бас билігін қолында ұстап отырған, ел арасында батыр атанған, айласы мен адуындылығы бірдей ірі шонжар. Ұлықтардың көмекейін бітеп, жемдеп отыру жағына да төселген. Әрі ол сайланса, Атбасар дуанының қалың бағаналысы жоғары жақтың мазасын ала бермей, өзді-өзі боп, тыныш жүреді.

Көкшетаудың аға сұлтаны Шыңғыспен арасы онша дұрыс емес көрінеді. Демек, олардың қырғиқабақтығын пайдаланып бір-біріне айдап салып отыруға да болады. Талай сынақтан өткен «бөлшекте де, билей бер» саясатын, сірә, ұмытпаған жөн. Демек, өлкедегі парақорлық жүйенің негізгі тұтқасын ұстап отырған Курилер үшін, ең дұрысы Ерденнен айырылмау.

Ерден туралы ел арасындағы әңгімелерді Шоқан бұрын да естіп жүретін. Солардың бірі Ерденнің қалай батыр атанғандығы жайында. Оның әкесі Сандыбай өз заманында ел билеген, бағаналының төрт босағасының бірі (Қадір – пірі, Шегір – биі, Сандыбай – батыры, Бабыр – мырзасы) болған белгілі тұлға. Сандыбайдың жеті ұлының арасынан жастайынан аты шығып танылғаны – Ерден мен Дүзен деген балалары екен. Ерден кішкентайынан сүйегінің ірілігімен, пысықтығымен көзге түссе, Дүзен одан гөрі бостау бопты. Әкесі Ерденді әуелден артығырақ көріп, болашақта соны елге ие қылуды ойлайды. Осы мақсатпен Сандыбай үлкен бір ас кезінде кішкентай Ерденді оңаша шақырып алып: «Балам, сен батырға лайықсың, соны бүгін елге көрсетуің керек. Мен Дүзен екеуіңнің көзіңше жерге ұшын жоғары қаратып пышақ шаншимын. Үстіне шапан жауып қоямын. Екеуің анадай жерден жүгіріп келіп, жұрттың көзінше сол пышақтың үстіне қаймықпай құлауларың керек. Сендерді жөнелткесін, мен пышақты алып тастап, орнына басқа жұмсақ нәрсе қоярмын. Жүгіріп келіп, құлай кетерсің», – депті.

Асқа адам мол жиналады. Сандыбай көп адамның көзінше ұшын жоғары қаратып пышақ шаншиды. Балалар жүгіруге кеткен кезде, орнына қоға қадап қояды.

Ерден мен Дүзен бірінің соңынан бірі шапанға қарай жүгіреді. Дүзен пышақтан сескеніп, шапанының бір шетін ала жығылады. Ал Ерден болса шошайып тұрған қоғаға төсімен құлай кетеді. Содан кейін-ақ ел арасында «япырай, Ерден арыстан жүректі екен, өсе келе нағыз батыр осы болады», деген әңгіме гулеп жүре береді. Соған орай бағаналы елі Ерденді батыр деп таныпты. Өзі де күштен, білек қаруынан, ақыл-айладан кенде емес, оның даңқы күллі бағаналының әуелден осылай қолпаштауы арқасында ерекше өсіпті. Кейіннен ол билікке араласып, талай жыл қызылтаз-қоқан-байназар болысын басқарған. Өзін үлкен ұлықтарға жақын адам ретінде көрсететін

әр түрлі айла-шарғыларды да ретін тауып жасап отырған. Сөйте-сөйте Ұлытау төңірегіндегі елді ашса – алақанында, жұмса – жұмырығында ұстайтын кеуделі батыр дәрежесіне дейін жетеді.

Енді оның Құсмұрын дуанының қысқаруына байланысты, 1859 жылы ашылып, алғашқы аға сұлтаны Жантөре Жанайұлы болған дуан билігін өз қолына алғысы бар. Оның да қилы-қилы мүмкіндігін туралап әкелген сияқты еді. Бірақ ақ патшаның аузынан мақтау естіген жас Уәлихановтың сайлауға қатыспақ болғаны Ерденді біраз абыржытты. Ол Шоқаннан қалай басым түсудің жолдарын іздестіріп, орыс әкімшілігімен ақылдасқан. Қазақ атқамінерлерінің сый-сияпаты мен парасына әбден құныққан олар да, өздеріне жоғарыдан берілген тапсырма – Уәлихановты аға сұлтандыққа жолатпаудың бар айла-шарғысын ұйымдастырудан аянып қалған жоқ.

Көп ұзамай дуан ішінде Шоқанға қарсы насихат та үдеп берсін. Ол әңгімелердің бірінде, егер Шыңғыстың баласы аға сұлтан бола қалса, жағдайларыңның қиюы кетеді, өйткені ол жұртты байсың, кедейсің, хан тұқымысың, қарасың, деп бөліп жатпайды, бәріңе тең қарайды делінсе; екіншісінде ол құдайға сенбейді, бес уақыт намаз оқымайды, егер аға сұлтан бола қалса, ол барлық қазақты әскерге жіберткізіп, балаларыңды орыс мектебіне бергізеді, шоқындырудан тайынбайды, деген сөздер айтылып жатты.

Дегенмен, осыншама қарсы насихатқа қарамастан, Шоқанның жөні бөлек екені, шар салуға құқы бар – сол дуан көлемінде кем дегенде тоғыз жыл әкімшілік қызмет атқарған төрелер мен билер тобына жақсы белгілі еді. Сайлау кезінде Уәлихановтың мәртебесі дүрілдеп көтерілсін. Ол — 25, Ерден — 14 дауыс алды. Жұрт арасында Шоқанның аға сұлтан боп сайлағандығына еш күмән қалмаған. Алайда оған әуелден қарсы Омбы ұлықтары бұған да айылын жимады.

Атбасар сайлауын өткізу шарасының қызу ортасында жүрген әскери губернатор хатшысы, бавар немісі Густав Кури Ерденге: «Дереу қапқа ақшаны толтыр да, кісілеріңді Омбыға шаптыр, хан боласың», – дейді.

Шоқан мұның бәрін жұрт аузынан естісе де, өзіне өзі сенімді күйінде қалады. Омбы ұлықтарының жымысқылығы, арамзалығы барын білетін, бірақ дәл өз басына қатысты мұндай әділетсіздікке



баруға беттері шыдамайтын шығар деп ойлаған. Канша дегенмен, ол тобықтан қаға салатын анау-мынау адам емес қой. Өзі атақты Абылай ханның тұқымы, ақ патша сарайына белгілі аты бар дегендей...

Бірақ ұят пен арды жиып қойған генерал-губернатор тарапынан: *«...хорунжий Ерден Сандыбайұлы – көпшілік дауыспен сайланған, алайда науқасына байланысты ол қызметтен бас тартқан штабс-ротмистр Шоқан Уәлихановтың орнына Атбасар округінің аға сұлтаны болып тағайындалады»*, – деген пәрмен түседі.

Әділдікті бұдан асқан белден басу жоқ шығар. Кеше ғана Ресейге сіңірген еңбегі жоғары бағаланған, Петербор ғалымдары мен қаламгерлерінің мақтауына иеленген ержүрек саяхатшыны дәл осындай мазақ күйге ұшырайды деп кім ойлаған. Шоқан бұл жайға сенгісі келмейді. Астанадағы таныстары Достоевскийге, Майковқа, Романовскийге, Курочкинге, Азия департаментінің директоры Игнатъевке, өзіне таныс жоғары қызметтегілерге істің мән-жайын тәптіштеп айтып хат жазады. Үкімет адамдарына жеткізуді, баспасөзге жариялауды, қалың жұртқа бұл заңсыздықты жария етуді сұранады.

Куридің төңірегі Шоқанды бұдан кейін де мазалауын қойған жоқ. Олар енді оның әкесі Шыңғыстың өзін Көкшетау дуанының аға сұлтандығынан тайдыруды көздейді. Әрі бұл жұмысқа Ерден Сандыбайұлын білек сыбандырып айдап салған. Атбасардың жаңа сұлтанының кеуделі қолдаушыларына арқа сүйегені сонша, Көкшетауға соғып, өзіне бөтен дуан қазақтарын жиып, Шыңғысты орнынан қалай алу керектігі жөнінде ақыл-кеңес беріп те кетеді. Қарсы жақ Шоқан беделін түсіру үшін Омбы ұлықтарынан естідік деп, жаңа қауесетті де қоздатқан. Ол Уәлиханов ана жолы Қашқарға бармаған екен, тек Алматы төңірегіндегі таулардан ғана қайтыпты деген өсекке құрылған еді. Алтышәрге өтіп әуре болмастан, сол жерден кері оралып әр нәрсені шатпақтаған көрінеді. Мұны естіген патша өтірік-шынын тексертіп көрейін деп, Қашқарға басқа сенімді адамды жібереді. Ол Қашқарға барып бәрін тексеріп қайтады. Сөйтсе, расында да ол аймақта Уәлиханов жазғандай өзендер мен шәһарлар жоқ екен. Патша бұған ашуланып, «Уәлихановты қайтадан Қашқарға жіберу керек», депті. Бірақ Шоқан бұл кезде науқасқа шалдығады

да, аттандыру аяқсыз қалады. Сөйтіп өзін алдаған Уәлихановтың ағасұлтандыққа сайланғысы келгенін естіген патша: «Жоқ, сенің мұның жарамайды, ана жолы Қашқарға жібергенімде дертті болып ең ғой, енді сол науқас күйінде қала бер», – депті-міс...

Ол өзінің ортадан көрген осы шетқакпай халін, көппен жалғыз алысып ортақ түсінісу таба алмаған шарасыз күйін Петерборға, ақын Аполлон Майковқа 1862 жылғы желтоқсанның б-сы күні жазған хатында да білдіреді. *«Мен қазір ағайындарымның арасында, сүйікті жерлестерімнің ортасында жүрсем де, өзара қарым-қатынастарымызда бөлінбес бір шекара бардай көрінеді. Мен олармен қанша жақындасқым келсе де, бір жүйесін таба алмай-ақ қойдым. Кейде бәрі жақсы-ақ үйлескендей болады, бірақ мәселе сенімге, салауатты әңгімеге тірелгенде, біздің пікірлеріміз бөлектене береді. Менің туысқандарым – қайырымды, адал және әжептәуір ақылдары бар адамдар, бірақ қалың қазақтың ортасында болғандықтан, көптеген таптық нанымдар мен қасиеттерге бойұрғыш. Әсіресе бірбеттіктерімен, тақаппарлықтарымен ерекшеленеді... Сондықтан да барлық кеңестер мен таластар олардың намысына тиіп, алған беттерінен қайтпайды. Мен қазір көппен жалғыз алысудың қиын екеніне, шындық қанша қасиетті болғанымен, теріс қателерді түзеуге шамасы келе бермейтініне көзім жетіп отыр... Жергілікті сұлтандармен және қарадан шыққан байлармен де тату емеспін, өйткені олар өздерінің бұрынғы жалшыларын жаман ұстайды, олар қазір бостандық алғанымен, қалай кетерін білмей, бұрынғы иелерінің қол астында жүр. Мен олардан талай рет жалшыларыңа еңбекақы төлеңдер және өздерін адам санатында ұстаңдар, олай болмаған күнде жауапқа тартыласыңдар деп қорқыттым. Бірақ оның есесіне дала пролетариатымен қатты доспын.*

*Менің Сібір билігіне қарым-қатынасым жайына келсек. Сіз Федор Михайловичтен, менің басымнан өткен, маған ең төмен бұратана ретінде қараған бір оқиға туралы жазғанымды естіген шығарсыз. Ал Сібірде бұратаналармен итке талатудан басқа, ойға келгеннің бәрін істей беруге болады...»*

Науқасымен қабат, ағайындар ортасының түсініспеушілігі бір қинап, Омбы ұлықтарының зәбірі тағы теңселтіп тастаған сол шақтағы Шоқанның торығыңқы тағдыры расында да аянышты.

Алыстан оралған ұлдың ата-анасымен әуелгі ренжісуі – оның өзіне айттырылған қыздан бас тартуына байланысты туындаған еді. Әкесі оған: «Осы уақытқа дейін салт жүргенің жетер», – деп бір кезде өздері уағдаласып қойған Орынбор қазақтарының әкім-сұлтаны болған Ахмет Жантөрин марқұмның қызы Ғазизаны тезірек келін қылып түсіру керектігін айтқан. Бірақ Шоқанның Майковқа жазған сол хатына қарағанда, оған айттырылған бойжеткен, мұның інісін тәуір көріп, соған сүйіспеншілік сезімдерін жолдап жүріпті. Сондықтан Шоқан ол некеден бас тартқан. Қазақ ғұрпында ата-ана шешіміне қарсы келу – үлкен айып. Анасы «ақ сүтімді ақтамадың», деп реніш танытса, Шыңғыс өз ұлына деген өкпесін жұрт арасында «енді балаларымды орысша тәрбиеге бермеймін, олар бұзылады екен», – деп айтып жүрді.

Содан соң Шоқанның «төлеңгіт қызына үйленем» деген дабырасы әке-шешені тағы кейітті. Шыңғыстың кенже ұлы, қара шаңырақтың иесі Қоқыштың (Нұрмұхамбеттің) өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының басында ревком тергеушісі ретінде Сырымбетке соққан болашақ жазушы Сәбит Мұқановқа айтуына қарағанда, ол қыздың есімі Айша көрінеді. Әкесі орданың бие сауатын жалшысы. Тазалықты сүйегін кірпияз Зейнеп ханым сұлу да сымбатты боп өскен Айшаны өзінің жанында күтуші етіп ұстапты. Шаһмардан Ибрагимовтің естелігінде сол қыздың күнде таңертең ханымның өз қолымен үлкен тостағанға баптап құйып берген қымызын Шоқан отауына апарып, ол ішіп болғасын, қайта әкетіп тұрғаны айтылады. Түскі, кешкі тамақты да солай. Осы көрікті бойжеткен жас төреге біртіндеп ұнай бастайды. Тіпті ерте оянып алып, оның келуін күтіп жататын болады. Шоқанның бұл қыз туралы: «Ол отауға мені оятып алмайын деп, сыбырсыз басып кіреді, ұйықтап жатсам, қашан көзімді ашқанша, үн-түнсіз жанымда отырады; сондай бір тамаша, ақылды да нәзік жан; еріндері қандай ғажап, әсіресе үстіңгі көтеріңкі ернін айтсайшы...», деп тамсана сөз ететіні де сол естелікте жазылып қалған.

Байқампаз ана баласының қасында қыздың ұзақ кідіріп қалатынын аңғарып, әлде бұл туралы біреулер жеткізді ме,

Айшаның бұдан былай Шоқанға тамақ апаруына тыйым салады. Орнын басқа бір егде әйелмен алмастырады. Ұлы бұған ренжіп, анасына «тамақты мына пұшық әйел емес, бұрынғы күтуші әкеп тұрсын», деп сәлем айтады. Зейнеп ханым оған көне қоймайды. Баласы да райынан қайтпайды. Екі арада салқындық туады. Ата-анасы бұл қызды дереу ауылдан кетірудің жолдарын қарастырады. Айшаның айттырылған адамы содан біраз бұрын қайтыс болғандықтан, қыз оның інісіне әмеңгерлік салтымен шығуға тиіс еді. Айшаны жақын маңдағы Шепе төренің (Шыңғыстың ағасы) ауылына көшіріп, «жесіріңе ие бол», деп оның әмеңгеріне хабар бергенімен де дау бітпейді. Қызды дереу кері қайтарындар деген өтінішіне әке-шешесі иліге қоймағасын, Шоқан інісі Жақыпқа: «менің кімді жақсы көретінім өз еркімде, оған ешкім тыйым сала алмайды, егер әке-шешем ол қыз туралы әртүрлі әңгіме айтып, ушықтырар болса, көзден тайдырғысы келсе, мен оны қорғау жолында барлық әрекетке барамын», деген талап қояды. Содан кейін Зейнеп ханым тыныштық үшін қызды Баянауылдағы өз төркіні Мұса Шорманұлының ауылына аттандырмақ болады.

Шоқан мұны ести сала, әкесіне хат жазып, оны Ибрагимов арқылы беріп жібереді. Оқы деп жатса, оқырсың, дейді. Хатты Шыңғыстың өзі ғана оқып шығып, үндеместен қалтасына салып қойыпты. Бірер күннен кейін Шоқанның құлағына қыз Шепенің ауылына келген әмеңгерімен бірге аттанғалы жатыр деген хабар жетеді. Ол бұған шарт ашуланып, інісі Жақыпқа оны жібермейтінін, қазір алдарынан шығып, әмеңгеріне бермей, ешкімнен қысылмастан жария түрде өзі үйленетінін айтады. Інісі Шоқанды ұзақ үгіттеп, ауылда бір-екі күн қала тұр, содан кейін Көкшетауға шығып кетерсің, мен сол жерге қызды жеткізіп беремін, деп әзер көндіреді. Егер Шоқан бұған келіспеген жағдайда, аға сұлтан ауылында болжап болмайтын оқиғалардың орын алуы да мүмкін еді, дейді естелік авторы Ш. Ибрагимов. Аға сұлтанның өзі, баласы сол қыздың соңынан ілесіп үйінен шығар болса, тірі жібермеймін деп қатты ширығып отырыпты. Уәдеге сәйкес, Шоқан бірер күннен соң Көкшетауға аттанады, онда сол қызбен біраз уақыт бір үйде тұрды, кейіннен тұздары жараспады ма, ол күтушіні үйіне қайтарып жіберді, деп жазады Шаһмардан.

Шоқанның өз басы 1863 жылғы *(ғалымның шығармалар жинағы басылымдарында ол 1862 жыл деп қате көрсетіліп жүр)* ақпанның 6-сы күні Гутковскийге жазған хатында, бұл оқиғаны былайша түсіндіреді. Ол таяуда ғана әкесінің атына әскери губернатор Фридрихстен кейіске толы хат келгенін, оның Сібір қазақтары облыстық басқармасына Малтабаров дегеннен түскен арыздың көшірмесімен бірге жіберілгенін хабарлаған. Арыз иесі онда өзінің әйелін аға сұлтанның баласы Шоқанның зорлап тартып алып отырғанын шағымданыпты. Соған байланысты әскери губернатор Шыңғысқа: «Аға сұлтандық билігіңізбен балаңыздың жөнсіз қылығына қолдау жасап отырсыз, Малтабаровтың барлық шеккен шығынын төлеп, әйелін өзіне қайтарыңыз», – деген зілді пәрмен жолдапты. Шоқан Сібір қазақтары облыстық басқармасының бастығы, әрі сол Фридрихстың орынбасары боп істейтін, туған ағасындай боп кеткен жанашыры Гутковскийге «мұның бәрі жалған, аға сұлтанның бұл іске еш қатысы жоқ, ол қайта Малтабаровтың сол әйелмен бірге ауылдан кетуін қалап, оған бір жылқыны қосып берген болатын», деп әкесіне ара түскен еді. Арызда әкем Малтабаровты қайыра шақырып алып, оны әйелінен ажырастырған сияқты боп жазылған. Оны әкем емес, менің айтуыммен округ қазысы Әбдіғаппар Маңдаев қайтартқан болатын. Әрі мен мұны Малтабаровтың өзі маған келіп, жесірінен бас тартатыны жөнінде айтқан соң ғана Маңдаевқа жеткізгенмін. Сондай-ақ бұл кезде мен шағымданушы жазғандай, ауылда емес, Көкшетауда жүргенмін. Дуан молдасы мен көптеген куәгер билердің көзінше арыз иесі бұл әйелден бас тартатынын айтып, ол шешім метрикалық кітапқа да тіркелген. Және Малтабаровтың бұл әйелге тек әмеңгерлік тұрғыда ғана құқы бар, қыз әу баста оның дүниеден өткен ағасына айттырылған. Мұсылман шарифатына сай олардың некесі молда арқылы қиылып, тіркелгенде ғана заңды. Ал Малтабаровта мұның бірі де жоқ. Сөйте тұра, жалған арыз жазып, қай-қайдағы шығындарды төлеуді, әйелімді тартып алды, деген өтіріктерді тоғытып, жұртты улыған-шулыған етуге барыпты. Меніңше, ол мұның бәрін, қазір өзіне қамқоршы боп жүрген Ерденнің түрткілеуімен жасап отыр. Ал Ерденге Уәлихановтардың мысын басатын сылтаулар табу жөніндегі тапсырманы Кури бергені

анық, деп мәселенің арғы төркінінен мағлұм еткен-ді.

Гутковскииге соның алдында жазған хатында Ерденнің Көкшетау дуанына келіп, осы жақтың қазақтарын жиып алып, аға сұлтан Шыңғысты орнынан қалай тайдыру жөнінде кеңес бергенін, Сандыбайұлының мұны Куридің арнайы тапсырмасы деп жасырмай айтып жүргенін күйіне шағынған Шоқан, әскери губернатор тарапынан әкесіне әділетсіз кінә тағылған мына хат та Кури ұйымдастырып отырған сол ылаңның бір көрінісі деп түсіндіреді. Өзінің бір аптадан кейін Омбыға әкесімен бірге жүргелі отырғанын, сол жерде Фридрихиске істің анық-қанығын жақсылап ұғындыратынын айтады...

«Шоқан төлеңгіт қызына үйленіпті» деген жайтқа қатысты осы екі деректі 1958 жылы академик Әлкей Марғұлан Сырымбетке арнайы барғанда жолыққан Зұбайыр Қоқышұлынан жазып алған дәйек тағы бір қырынан келіп толықтырғандай болар еді. Сонда Зұбайыр әкем Қоқыштан естідім деп, мынадай әңгіме айтыпты.

...Шоқанның күтушіге үйленемін деп ата-анасын ренжіткені рас екен. Бірақ бұл жерде жасырын сыр болыпты. Соның алдында Шоқанға қызметші боп жүрген бір жігіт оған мұның шағыпты. Жас төреге қымыз әкеп жүрген қыз екеуі бірін-бірі ұнатады екен. Бірақ бойжеткеннің басы бос емес. Оң жақта отырғанда болашақ күйеуі қайтыс боп, енді әмеңгерлік салт бойынша қыз оның інісіне шығуға тиіс. Алып қашайын десе, жесір дауынан қорқады. Шоқан: «Бір-бірінді жақсы көретіндерің рас ғой», дейді оған. «Иә», – дейді ол. – «Ендеше мен саған қызды Көкшетауға дейін шығарып беремін. Көңіліңе алма, қызды өзім аламын деп жариялаймын, малын төлеткіземін, сосын ешкім ештеңе дей алмайды. Тек бұл сырды үшеумізден басқа ешкім білмесін», дейді. Ақыры сол уәдесін орындап, екі жастың басын қосқан көрінеді.

Егер ой жібере қарасақ, мұның өзі де басқаға әрдайым көмек беруге дайын тұратын Шоқан болмысына үйлеседі емес пе?

Бұл орайда естелік авторы Ибрагимов, шамасы, әлгі үшеуара құпияны біле қоймаған, деп шамалауға да болар. Орда маңайында көтерілген дабыраны сол сырттай байқаған қалпында жеткізуі әбден мүмкін. Дегенмен, Уәлихановтарға қарсы ұйымдасқан науқан барысында Кури төңірегіндегі сыбайластарға Шоқан

есіміне қатысты өрбіген осы әңгіменің өзі (қайсысы шындық екеніне қарамастан) жеткілікті еді. Олар мұны өз мүдделеріне жаратуға әбден-ақ тырысып бақты.

Әрине, әкелі-балалы Уәлихановтарға бұл тиісудің аржағында Шоқанның Атбасар сайлауындағы әділетсіздік жөнінде Петербордағы таныстарына жолдаған шағымдарына орай кек тұтушылық салқынының да әсері бар еді. Сайлау қорытындысына қарамастан, оған көпе-көрнеу жасалған қиянатқа астана тарапынан айран-асыр қалған, ара түскен, жұбатқан хаттардың өз атына көптеп келіп жатқанын Шоқан содан бір ай бұрын ғана Гутковскийге жазғаны бар-ды. Бас штабтың азиялық бөлімінде бірге істеген, қазір «Русский инвалид» газетінің редакторы боп тағайындалған полковник Романовский бұл оқиғаның жай-жапсары Әскери министр Милютиннің, Бас штаб бастығы Ливеннің назарына жеткізілгенін хабарлап, өзі шығаратын басылымда оның бастан өткергендерін жариялауға уәде беріпті. Азия департаментінің бастығы генерал Игнатьев Шоқан туралы Дюгамельге бірнеше мәрте хат жолдағанын, енді ол сайлауға түсіп, ашықтан-ашық жеңіп тұрса да сұлтандыққа бекімей қалғанын естігенде, таңғалғанын жазыпты. Генерал-губернатордың адъютанты Врангельден мұның себебін сұраған екен, ол басшылықтың Шоқанға аға сұлтандықты беру арқылы, Уәлихановтар әулетінің ықпалын күшейтіп жібереміз бе, деп сескенгенін айтыпты. Генерал содан соң Шоқанға «сәл шыдай тұрыңыз, жақын арада өзгерістер болып қалар», деп, жоғарғы жақта Дюгамельді қызметінен ауыстыру жайы қаралып жатқандығынан да хабар беріпті. (Дегенмен, бұл жай жорамал ғана екен, Дюгамель сол орнынан 1866 жылдың тамызына дейін тапжылған жоқ). Ал ақын Майков болса, Шоқанды ел ішіндегі күйкі тірлікке араласып уақытыңызды, ғажайып қабілетіңізді қор қылмасаңызшы, ол Сізге еш қол емес. Петерборда тұрақтап, ғылыммен айналысыңыз, Азияны Еуропаға таныстырыңыз, деген көл-көсір құрметке толы тілегін жолдапты. «Санкт-Петербургские ведомости» газетінің редакторы В. Ф. Корштың Шоқан қазақ даласынан не жазса да құшақ жая қарсы алып, жариялауға дайын отырмын, деген дұғай сәлемін жеткізіпті...

Әрине, Шоқанның шағымы бойынша, Петербор жақтан Омбыға да істің анық-қанығын шешуді сұраған, әділетсіздікке

жол берген кінәлілерді тауып жазалау жөнінде бірталай қатынастар түсіп жатты. Алайда губернатор төңірегіндегі ымыжымы бір ұлықтар оның «ақиқатын» табуға көп бастарын ауыртқан жоқ. Найза ұшына сол Батыс Сібір әкімшілігіндегі адал қызметкерлердің бірі, Сібір қазақтары облыстық басқармасының бастығы, Шоқанды жан-тәнімен жақтаушы Гутковскийді іліп, оның басына бар пәле-жаланы үйіп-төгіп қызметінен кетірді. Осылайша жазықсыз адамды құрбандыққа шалып жіберді де, сол баяғы тып-тыныш күйлерінде жылы орындарында қала берді. Шоқанның «Русский инвалид» газетіне жіберген шағым-мақаласында бағаналылардан пара алған әскери губернатордың хатшысы Кури, облыстық басқарма кеңесшісі Ивашкевич, Атбасар дуанының міндетті мүшесі Безверховтардың аттарын тізбелей келе, сол сайлауда жалғыз Гутковскийдің ғана әділдік жағында болғанын атап көрсетуі, облыстағы кемшіліктерді сөз етуі Дюгамель, Фридрихстерді кәдімгідей өштендіргені анық еді. Олар Гутковскийге шиебөрідей жабылып, ақыры отставкаға кетуге мәжбүр етті.

Шоқан бұл хабарды төбеден жай түскендей қабылдайды. Батыс Сібір бас басқармасында істейтін досы, Гутковскийдің қайнысы Семен Капустиннің оған жазған хатында айтылған «сенің шағымындағы облыстағы келеңсіздіктерді қозғаған жерің, ілік таппай отырғандарға Гутковскийді қызметтен қуудың басты сылтауларының біріне айналды», дегенін оқығанда, жаны күйзелді. Аға досына өзінің еш жазығы жоқ екенін білдіре шырпыры шығып Сырымбеттен хат жолдады. Егер менің сол шағымым Сізді жұмыстан босатудың себебі ретінде танылса, қолдан келген бар мүмкіндігімді пайдаланып, істің анық-қанығын нақтылаудан күшімді аямаймын, деп қиылды. Бұл әділетсіздікті Әскери министрге мәлімдеуді өтініп, Романовскийге хат жазғанын хабарлады. Денсаулығы көтеріп жатса, дереу Петербор барып, Әскери министр Милютиннен де, Сыртқы істер министрі Горчаковтен де көмек сұрайтынын, император II Александрдың назарына дейін жеткізетінін білдірді. Қазір П. П. Семеновке хат



жазып отырғанын, одан ұлы княгиня Елена Павловна<sup>24</sup> арқылы осы әділетсіздікті тыюға ықпал етуді өтінгенін құлағдар етті.

Содан кейін Көкшетауға шығып кеткен Шоқан арада тоғыз күн өтер-өтпесте Гутковскийдің Петерборға аттанатынын естіп, жаны тынбай тағы хат жолдады. Романовскийге жазған хатын өзімен бірге ала кетуін өтініп, астанаға барған соң міндетті түрде Семеновке жолығу керектігін қосымша пысықтады. Әскери министрге жақын жүретін Слуцкий мен сенатор Егор Ковалевскийге де мән-жайды түсіндіру артықтық етпейді, кезінде Сыртқы істер министрлігі құзырында қызмет істеген Сіздің Игнатъев тарапынан көмек аламын деп есептеуге де мүмкіндігіңіз бар, ол үшін Азия департаментінің қызметкері Остен-Сакенмен танысу керек болады, ал мұны Татаринов арқылы жасай аласыз, деп жөн сілтеді. Жағдайларыңызды шамалаймын ғой, астанаға барған кезде қайда тұрақтамақсыздар, онда жақын таныстарыңыз да жоқ. Сол себепті мен келесі бетке Федор Достоевскийге хат жазып отырмын. Қиналып бара жатсаңыздар, сол үйден қамқорлық табарсыздар, деп құрақ ұшты.

Достоевскиймен хат жазысу мәнері сол бұрынғыдай. Ерекше жақын араласқан адамдар арасында ғана болатын емін-еркін қатынас үрдісінде. *«Сенен еш хабар алмағаныма көп болды, қадірменді Федор Михайлович. Тірісің бе? Әрине, егер сен дүние салсаң, ол туралы газеттерге жазар еді ғой. Сол себепті сені*

---

<sup>24</sup> Елена Павловна (1806-1873) - I Николай патшаның інісі ұлы кінәз Михайл Павловичтің (1798-1849) зайыбы. Немістің корольдік Вюртемберг әулетінен шыққан ханша. Романовтар үйіне келін болғанға дейінгі аты-жөні Фридерика Шарлотта Мария. Өнер мен әдебиетке қамқорлық жасаумен мәшһүр болған осы ұлы княгиняның сарайында (қазіргі Орыс музейі ғимараты) өтетін дәстүрлі бейсенбілік кештерде көрнекті ғалымдар, қаламгерлер, дипломаттар, патша әулетінің мүшелері қатысып, саясат пен мәдениетке қатысты әртүрлі әңгімелер қозғалатын. Семенов ұлы княгинямен шаруаларды азат етуге қатысты заң жобасын әзірлеу комиссиясы құрамында жүрген кезінде жақын танысқан. Шоқан Петерборда болғанда Елена Павловнаның сарайында өткен зиялылар басқосуына Семеновпен бірге баруы мүмкін.

*тірі, бірақ қазақ түзінде ышқынған тірлік кешкен біздерді ұмытып кетті деп пайымдасам да болар. Менің не істеп, қалай өмір сүріп жүргенімді, Петерборға маған да қатысы бар іс бойынша бара жатқан, осы хатты апарушы досым Карл Казимирович Гутковскийден естисің. Сен де, Мария Дмитриевна да оны жақсы қарсы алады және оның отбасымен жақын танысасыздар деп үміттенемін... Гутковскийлер өте қайырымды әрі сіздерді, петерборлықтарды үркітетін әртүрлі провинциялық ұғымдардан ада жандар...».*

(Алайда Достоевскийдің бұл кездегі жағдайы Омбыдан келген қонақты күтетіндей халде емес еді. Шоқан оған хат жазған күндері «Время» журналының сәуір айындағы санында жарияланған «Түіткілді мәселе» атты мақалаға орай, басылымға тыйым салу туралы пәрмен шығып жатты. Философ және сыншы Н.Н. Страхов дайындаған ол редакциялық мақалада сол жылдың қаңтарында басталған поляктардың ұлт-азаттық көтерілісіне қатысты шетін тақырыптың қозғалып, «бұл мәселені әуелден зорлықпен, қарудың күшімен емес, қос туыс ұлттың мәдени жетістіктерінің бейбіт бақталастығы орайында шешкен жөн болар еді: олардың бәсекелестігі тек біз поляктар алдында *рухани жақтан жеңіске* жеткенімізде ғана Ресейдің пайдасына ауып, өз-өзінен реттелер еді», деген ойдың мәлімделгені журналға пәле боп жабысты. Ол сарын билік тарапынан мемлекет мүддесіне қайшы, «халық сезімін қорлаушылық» ретінде бағаланып, Достоевскийдің «антипатриоттық» басылымының тамағы орылды. Әрі бұл шақта жазушының журналдың жабылуына күйзеліп жатуына да мұршасы жоқ-тын. Дертті тым асқынып кеткен зайыбының жағдайы тым алаңдатарлық еді. Әдетте көктем айынан бастап өршитін құрт ауруы биыл Мария Дмитриевнаны тіптен қу сүйекке айналдырды. Дәрігерлер дереу Петербордың ылғалды ауасынан алып кетпесеңіз, қосағыңыздан айырыласыз, деген үкім шығарғасын, Мәскеуден арғы орманды аймақта орналасқан Владимир қаласындағы қымызбен емдейтін шипаханаға жатқызуға өзі алып баруға мәжбүр болды. Гутковский Шоқанның қаламгер досына жазған хатын алып империя астанасына жеткен кезде Достоевский сол жақта жүрген-ді. Алайда әбден асқынған дертке қымыздың да әлі жетпейді екен. Ем-домның шипасы тимеген Мария

Дмитриевнаны сол күзде Петербормен салыстырғанда ауасы құрғақ Мәскеуге әкеліп, жалдама пәтер тауып орналастырғанымен, зайыбы келесі жылдың сәуірінде ақыры ажал тырнағына ілініп, жаны мәңгілікке байыз тапты... Содан бір ай бұрын ғана Достоевскийдің соңғы жылда басқа түскен қилы таукіметтерімен арпалыса жүріп дүниеге әкелген жаңа перзенті – «Эпоха» журналының бірінші саны да жарық көрген).

Шоқан Гутковскийдің жағдайына пұшайман боп, жан-жаққа жанұшыра хаттар жолдаған сол күндері штабс-ротмистр Уәлихановты Омбы ұлықтары қайтадан іздестіріп жатқан-ды. Өткен жылдан бері Мемлекеттік кеңесте императордың қолдауымен Ресейдегі сот саласын қайта құру мәселесінің көтерілуіне байланысты, Батыс Сібір бас басқармасы тарапынан да қазақтар арасындағы сот жүйесін сол жобаның баптарына бейімдеудің қисындарын қарастыру, толықтырулар мен өзгертулер ұсыну қажеттігі көлденең тартылған болатын. Патша назарында тұрған мұндай маңызды істі жетік атқаруға кім қолқабыс бере алады, деген мәселе туындағанда, генерал-губернатор Дюгамельдің әкімшілігі елде жүрген, қазақтың билік жүйесін, салт-санасын бүге-шігесіне дейін білетін Шоқанның кандидатурасынан аттап кете алмай, амалсыз оған қайырылуды мақұл деп тапқан-ды.

1863 жылғы мамырдың 13-і күні былтыр ғана оны кеудесінен итерген Дюгамельдің атынан Сібір қазақтары облысының әскери губернаторына жазылған қатынаста сот реформасын жобалау комиссиясына жетекшілік жасауды облыстық басқарма кеңесшісі И. Е. Яценкоға жүктеп, оның жұмысына, егер өзі қарсы болмаса, штабс-ротмистр Уәлихановты тарту қажеттігі туралы пікір айтылды.

Өзі де былтыр профессор Бекетовке жазған хатында атап көрсеткендей, қазақтың көне заң, низамдарын зерттеумен айналысып жүрген Шоқан да бұл ұсынысты жерге тастай алмады. Яценко басқарған экспедицияға қосылып, бүкіл жаз бойы Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Қарқаралы, Баянауыл дуандарын аралап, қазақтардың байырғы әдет құқықтарының жүйесін зерделеді, сонау «Жеті жарғыдан» бергі жер мен жесір дауы, мал мен жан дауы, құн мен мүлік дауына қатысты жайлардың бәріне назар аудара отырып, билер соты төңірегіндегі

көп мәселерге қанықты. Ол жұрт пікіріне көңіл бөлу үстінде, билер шешімінің әуелден қазақ арасындағы беделіне, орнына ерекше ден қоя қарады. Содан ол жүйенің далалықтар өміріндегі артықшылықтарын байыптай отырып, көп дауларды шешуде бұрынғы билер сотын қалдыра беру жөн болар еді, деген түйінге келеді. Әрі реформаны да сол халықтың дәстүрін, салт-санасын ескере отырып жүргізу қажет, егер ол басқа ортаға тән қалпынан еш өзгеріссіз, зорлықпен әкелініп енгізілер болса, әлеумет үшін ең үлкен тауқымет сол, дейді.

Оның осы мәселеге орай дайындаған «Сот реформасы туралы жазбалар» атты еңбегі ғалымның демократтық көзқарастарына қатысты талай құнды ойларды ортаға тартатын жарқын бір толғаныс. Онда Шоқан патша үкіметі жүргізетін сот реформасының қазақтың қалың бұқарасы мүддесіне еш сай келмейтінін жіліктеп шаға отырып, оны халықтың өз бітім-болмысына, байырғы дәстүрлеріне орай басқаша құру керектігін кең толғай ортаға салады. Қазақ ғалымының билер сотына қатысты ойларында сол шақтағы алдыңғы қатарлы қайраткерлердің, ағартушылардың бастарында ұшырасқан утопиялық идеяларға берілу сарыны да жоқ емес.

Шоқанның есіл-дерті – денсаулығы түзелсе, Петерборға жету, ғылыми жұмыстарын жалғастыру. Осы комиссияға қосылар алдында ғана сондағы Хұсайын Файызхан досынан хат алған. «Ғиззатлу уә хұрмәтлу Сұлтаным Шоқан төре хәзрәтләрі, ақпан айының алтыншы күнінде іазған хатыңызды алып саламатлік хабарыңыздан көп қуандым...», деп басталатын татардың саңлақ ғалымының сәлемнамасынан астанадағы өзіне таныс зерттеушілер атқарып жатқан жұмыстарға қатысты бірқатар жаңалықтарды естіді.

Университетте жаңадан Шығыс тарихы кафедрасы ашылғалы жатыр екен. Оны қай профессордың басқаратыны белгісіз. Жақсы бір кісі керек. Березиннің құлқы жоқ көрінеді. Қазымбек «Шарифат Мұхаммадия» кітабын аударып жатыр. Гомбоев<sup>25</sup> бишараның науқасы меңдеп кетіпті, төсектен тұрар

---

<sup>25</sup> Галсан Гомбоев (1822-1863) - бурят шығыстанушысы. 1854 жылдан Петербор университетінде істеді. Моңғолдың «Алтын

халі жоқ, білмеймін не боларын депті. Ол да Шоқан сияқты құрт дертімен ауыратын. Азат пікірлі жастарға қысым жасау әлі де жалғасып жатыр екен. Әзірше университетте шығыстану мен математикалық факультет ғана жұмыс істейді. Дегенмен тамыз айында бәрі ашылады деген сөз бар. Вельяминовтың екі жылдан бері Қасым хандығы тарихымен айналысқанының нәтижесі көрінді. Бұл күндері ол тарихтың алғашқы томы шықты, маған әлі берген жоқ. Егер екі нұсқа берсе, бірін Сізге жіберермін, депті. Ол зор еңбектің бәрі үш томнан тұрып, 100 баспа табақ, бәлкі 120 табақ болатын сияқты. Файызханның өзі де қарап жатпапты. Бұл жылы иран падишахтарының көрші хандармен болған қарым-қатынастарына қатысты 25 дана хатты парсы тілінен тәржімалапты, ол «Орыс археологиялық қоғамы Шығыс бөлімінің жазбаларында» жарияланбақ. Былтыр Симбирск губерниясынан көне бұлғарлардың үш құлпытасын тауыпты. Ол да археологиялық журналда басылғалы жатыр. Қыста қазан татарлары тілінің қысқаша грамматикасын литографиялық тәсілмен шығарыпты. Алдағы жаз уағында Қазан шәһарының 10 баспа табақ көлеміндегі қысқаша тарихын жазбақ ойы бар.

Өткен жылы университет оған қазақ тілінің сөздігін мен грамматикасын жасау үшін сөздер, сөйлемдер, мысалдар, хикаяттар, өлеңдер жинауды тапсырыпты. Екі мың қатарлы сөз жинапты. Көбі сөйлемдер, ауызшадан көшіріп алған хикаяттар, мысалдар, өлеңдер және басқалар. Биыл соның бәрін ретке келтіріп өндепті. Әрине, мұндай істі бірден жақсы істей қою оңай емес, оны өзіңіздей бір дана кісімен кеңесіп атқарсам, әбден дұрыс болар еді. Сол үшін де биыл ауылға қымыз ішуге шақырғаныңызды пайдаланып, Сіздің жаққа баруды бек тілеген едім, бірақ қолымда артық қаржы жоқ болған соң, ол тарапқа жете алмайтын түрім бар, депті. Бұл жылы университеттен ақша ала алмауы себепті, тағы да былтырғыдай, Жәңгір балаларының үйіне баруға бекініп отыр екен. Мамырдың он бестерінде сонда болмақ. Келер жылы университет ақша береміз деп уағда қылып отыр. Сол кезде Сізге баруды қатты ниет етіп отырмын, деп

---

топшы» шежіресін, көне моңғол ғұрыптары мен ырымдарын зерттеуші.

жазыпты.

Содан соң Шоқанның өзіне тастап кеткен дәптерлерін көшіріп алу хақында да пікір айтыпты. Солардың арасындағы «Көкетай хан» ертегісі қазақ ертегісінен басқашалау көрінді, деп «Манас» жырының ерек бітіміне назар аударып, оны қайдан алғанына қызығыпты. Ол сіздің жұрттарда бек мәшһүр ме, жақсы нәрсе сияқты, сол жөнінде жазсаңыз, деп өтініпті. Қазақтың бұрынғы замандағы сот жосығын, хандар мен билердің құқықтарын, һәм мирас заңдарын, той, мейрамдағы әдет-ғұрыптарды бек ару қазақ тілінде жазсаңыз, мен оны хрестоматияға сіздің есіміңізбен бастырар едім. Бұдан екі түрлі пайда болар еді: һәм тіл үшін, һәм этнография үшін, деген санаткерлік тілегін жеткізіпті Файызхан досы.

Бір қарағанда Шоқанның көкसेгені де осы айтқандарға орайласады емес пе? Алайда ол мақсаттарды ойдағыдай атқару үшін ғылыми орталарға жақын болу ауадай қажет екен ғой. Науқасымен арпалысып жүрсе де екі жыл ішінде ел ішінен қаншама қыруар мұралар жинады. Бірақ оларды ғылыми негізде тыңғылықты етіп дайындау үшін, өткенде Бекетовке жазғандағыдай, дәйектемелік материалдарға зәрулік бәрібір туындайтын көрінеді. Ал нағыз ғылыми орта әлбетте, Петерборда, саңлақ шығыстанушылар жанында емес пе? Астанаға барғысы кеп қанша оқталды. Бірақ денсаулығы құрғыр оған мұрша бермей тұр ғой. Әйтпесе, Питерге келуін қалап, қайта-қайта шақырушы ел қаншама.

### 3. Омбыдағы қыс

Шоқан сот реформасына қатысты экспедициямен жүрген кезінде оны Сыртқы істер министрлігі іздестіріп жатыр еді. Азия департаментінің директоры Игнатъев Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Дюгамельге 1863 жылғы шілденің 6-сында жазған хатында: *«Азия департаменті ведомствосында тіркелген штабс-ротмистр Уәлиханов 1861 жылы Батыс Сібірге науқасын емдету үшін кеткен еді. Қазір Уәлихановты С-Петерборға шақыру қажеттігі туындағанын айта отырып... Сіздің мәртебеліңізден осы офицерді Омбыға алдырып, жол қаржысымен Сыртқы істер министрлігіне шұғыл*

*аттандыруыңызды сұранамын»,* депті. Осы хабар жетісімен, сот реформасы жөнінде атқаратын жұмыстары да тәмамдалып қалған Шоқан астанаға жүріп кетуге қамдана бастайды. Алайда, алғашқы шана жолымен Петерборға жетермін деген ниетке бекініп, Омбыға күз кезінде ілінгенімен, асқынған дерті тағы кідіртіп тастайды. Амал жоқ, қыс бойы сондағы бұрын Гутковский тұрған пәтерді мекендеп, науқасының жайына қарауға мәжбүр болады.

Омбы тірлігі баяғысынша, өзі талай жыл көрген күйкі қалпында. Сол марғау шенеуніктік орта, сол парақор ұлықтар. Қала келбетінде аз-кем ғана өзгеріс бар. Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңсесі жаңа ғимаратқа көшкен. Бұрынғы бастығы, мақтан сүйгіш генерал Гасфорттың өзі үшін Омбы өзенінің сол жақ бетіне 1853 жылдан бастап салдыруға кіріскен салтанатты губернатор сарайының құрылысы созыла-созыла былтыр, 1862 жылы ғана біткен-ді. Жаңа сарайдың кең тынысты бөлмелеріне бірінші боп ену бақыты өлкенің жаңа жарты патшасы Дюгамельге бұйырды. (Шоқан туралы жазылған еңбектерде байқалып келе жатқан бір қателік те осы губернатор сарайына қатысты. Оларда бұл ғимараттың кейіннен пайдалануға берілгені назарға алына бермей, Шоқанның адъютанттық қызметі осында өтті делініп жатады. Ал шындығында, ол қызмет еткен кездегі генерал-губернатор кеңсесі әлі Омбы бекінісіндегі ескі орнында еді. Алайда бар құрылысы көз алдында өткен бұл еңселі сарайда Шоқанның Омбыда шарасыз қыстап қалған сол айларда жұмыс бабымен талай болғаны анық. Қазан төңкерісіне дейін губернатор сарайы атанып келген онда, кеңес заманында өлкетану, одан соң бейнелеу өнері мұражайлары орналасты).

Сол сарай жанындағы, құрылысы онымен қатар біткен тағы бір ғимарат – Жоғары қауым жиыны үйіне де (кейінгі кездерде музыкалық драма театры орналасты) Шоқан сол қыста ауық-ауық соғып тұрды. Ол негізінен офицерлер мен дәрежелі шенеуніктер бас қосатын сол үйде өзінің байырғы таныстарымен ұшырасып, шүйіркелесіп, көңілін сергітер еді. Жабырқаңқы сәттерден серпілу үшін гусар офицерлеріне тән еркіндікке де бой ұрып қоятыны, сауық кештеріне қатысып, шампандататыны, өзі сүйіп тартатын гавана сигарын езуіне сәнді қыстыра отырып, ұзақты түнге карта ойынына салынатыны да бар. Бірақ қызу жұмысқа

кірісіп кеткенде, ол бұл жүріс-тұрыстың бәрін серпіп тастайды. Оның сол қыстың соңында аяқтаған «Сот реформасы туралы жазбалар» атты құнды еңбегі ғалымның биік парасатының тағы бір дәлелі.

Іле-шала ол өз пәтеріне атақты Шөже ақынды шақырып алып, «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» жырының ең көркем нұсқасын жазып бітірді. *«Жаратқан жан біткенді бір құдай-ды, көрсетті жарық қылып күн мен айды. Бұрынғы ноғай-қазақ заманынан, сөйлейік Қарабай мен Сарыбайды. Жарасқан нар түйеге биік өркеш. Мен сөйлесем, жұрт тыңдар ертеңгі-кеш. Сәтті күні екеуін құдай қосқан, гашық болды Баян мен Қозы Көрпеш»*, деп басталатын жырдағы тіл тазалығына тәнті болды. Оның оқиға желісі ана жылдары әкесі екеуі жазып алған Жанақ нұсқасынан өзгешелеу екен. Әрі одан бірталай көлемді. Екеуінің негізгі кейіпкерлері ортақ, сол Қарабай мен Сарыбай, Қозы мен Баян, Қодар болғанымен, Шөже нұсқасында Баянның анасы Қаракөз, Қозының анасы Мамабике деген есімдермен аталып, олар оқиғаға белсене араласады. Екі жастың қамқоршысы, тілектесі Айбас деген жаңа образ қосылады. Сондай-ақ Қарабай мұнда Қозының әкесі ретінде бейнеленеді.

Шоқанның Омбыда өткерген осы қысына қатысты біраз мағлұмат, оның достары Потанин мен Ядринцевтің естеліктерінде де жазылып қалған. Потанин бұл жолы Омбыға екі жылдан бері Тарбағатай, Зайсан төңірегіндегі шекаралық өңірлерге топографиялық, астрономиялық зерттеулер жүргізіп жүрген К. В. Струве экспедициясы мүшелерімен бірге қыстап шығу үшін соққан болатын. Кезінде осы экспедиция құрамына П. П. Семеновтың көмегімен қосылып, натуралист әрі аудармашылық міндетті атқарып жүрген Потанин, Омбыда тұратын бір мақсатты үйірмелестері, ана жылы Петерборда құрылған «Сібір жерлестігі» ұйымының мүшелері Н. Ядринцев пен Ф. Усовтардың ортасына асыға жетсе де, олардың қасынан Шоқандай жан досын ұшырастырып тіптен қуанды. Бірін-бірі көптен көрмеген дос-жарандар Потаниннің де араларына келіп қосылғанын қалай атап өтпей тұра алсын. Экспедицияның бастығы дегені болмаса, Шоқанмен түйдей құрдас Струвені де, екі-үш жылдан бергі ортақ таныстары, биылғы жазда Алакөл, Үйгентас, Бұрақожыр алаптарындағы шекара бойына



астрономиялық зерттеулер жүргізіп қайтқан капитан А. Ф. Голубевті де қастарына қосып, жоғары қауым өкілдері жиналатын сол Жоғары қауым жиыны үйінде отырыс жасады.

Сапар кезінде бастан кешкендері бар, Омбыдағы жаңалықтарға қатыстысы бар, әртүрлі әңгімелер қозғалып, емен-жарқын отырған кештің бір сәтінде Карл Струве өзі аңғарып жүрген, жергілікті халықтың казак-орыс әскерлерін тым жек көретінін айта бастады. Әлбетте, әйгілі астрономдардың зиялы әулетінен шыққан Струве казак-орыстардың казакқа тізе батыратын зорлық-зомбылығын байқап, тұрғылықты халық сол себепті оларды жек көреді, деген ойын бүкпесіз жеткізгісі келген болуы керек. Үстел басында сәл ыңғайсыз сәт орнады. Өйткені әуелден бір-біріне кимас достар боп кеткен бұлардың арасында ондай әңгімелер қозғала бермейтін. Олардың өздері де Сібірді Ресейдің отары ретінде ұғынатын, қазақтарды да сол отаршылдық бұғауға ілінген бейкүнә халық деп байыптайтын, казак-орыстар мен қазақтар арасындағы қырғиқабақтық орталықтан келген империялық пиғылдағы генералдар мен ұлықтардың ушықтыруының нәтижесі, егер Сібір Ресейден бөлінер болса, қазақтарға өз алдына дербестік беру керек, деген ұстанымға жүгінетін жандар еді.

Осы кірбің сәтте Шоқанның ойда-жоқта жол тауып кететін ұтқырлығы көмекке келген. Ол өзінің етене досы, корпустас жолдасы, бұрынғы казак-орыс жүзбасысы Потанинге елжірей жүзін бұрды, содан соң орнынан тұрып, Струвеге тесіле қарады да: «Қазақтардың бойында казак-орыс әскерлерінің озық өкілдеріне деген жеккөрініш сезімі жоқ екендігін дәлелдегім келеді. Мен казак ретінде бокалымды көтере отырып, өзімнің казак-орыс досымның бетінен сүйемін», – деді. Сөйтті де Потанинді құшырлана өпті.

Осы отырысқа қатысқан болашақ этнограф, археолог, публицист, Орхон көне түрк жазу ескерткіштерін алғаш ашушылардың бірі Николай Михайлович Ядринцев кейіннен жазған естелігінде өзінен жеті жас үлкендігі бар Шоқанның сол кезде денсаулығының әлсіз екендігін, көкірек ауруының меңдегені кәдімгідей сезіліп тұрғанына назар аударады. Сөйтсе де Петерборда көрген кезіндегідей, астаналық мәнерді, сәнді әдеп салтын, ақсүйектік дегдарлықты жарасымды ұстанатынын,

сөзге шешен, әжуа-қалжыңға жүйріктігінен айнымағанын атап өтеді. *«Сырқатына қарамастан Петерборға баруға жиналып жүрді. Бірақ неге екені белгісіз мұның реті келмеді. Черняевке ілесіп, Ташкент жаққа аттанды. Полковниктің жаулаушылық озбырлығына жаны түршігіп кері оралды. Содан қиырдағы ауылдан жаны байыз тауып, қазақ қызына үйленді. Сол жерде талайдан өкпесіне ұялаған құрт ауруы ақыры оны қыршын жасында алып тынды»,* – деп өкініш білдіреді.

Шоқанның Петерборға бармақ боп жолға шығып, науқасының өршуінен Омбыда еріксіз аялдап қалған, әрі өзін түсінбеген ортасы әбден қажытып, ұлықтар мен ел шонжарларының аярлығы, өсек-аяңы мен аяқтан шалушылығы жанын жегідей жеп, құсалыққа түсіп жүрген осы шағына қатысты деректерді Потаниннің естеліктерінен де ұшырастырамыз. Ол экспедициядан оралған қара күзде, денсаулығы сәл дұрыстау секілді көрініп, әртүрлі басқосуларды бірге өткізіп жүрген Шоқанның арада аз уақыт өтпей жатып, төсек тартып қалғанын естіген. Қазақ досы өзі сыртқа шыға алмайтын болғасын, оған келіп кетсін деп хабар жіберіпті.

*«Мен барсам, ол бөлменің ортасында қазақы түлкі ішікті жамылып жатыр екен, қасында Абель Ремюздің французша шыққан «Хотан шаһарының тарихы» кітабы. Шоқан мені: «Іріп-шіру үстіндемін!» – деп әдеттегіше әзілге шаптыра сөйлеп қарсы алды. Маған мұрнының үстіне шыққан әлдебір ісікті көрсетті. Ол өзін соншама жабырқау сезініп, бастықтарға наразылығын білдірумен болды... Дәрігерлер көп ұзамай мұрындағы ісікті жойды, алайда Шоқанның денсаулығы со бойы оңалып кете қойған жоқ...»,* – дейді Потанин.

Шоқанның қыс айларындағы осы пәсейген халі оның 1864 жылғы наурыздың 4-інде Гутковскийге жазған хатынан да аңғарылады. Былтырғы қуғындалу оқиғасынан кейін Петерборға барып, Шоқан айтқан адамдармен жолыққан полковник өзінің көп жылдық тәжірибесіне лайық қызметке жіберілген-ді. Ол Орынбор және Самара генерал-губернаторы кеңсесінің бастығы, арнаулы тапсырмалар жөніндегі шенеунігі болып тағайындалған.

*«Мен ең алдымен Петерборға аттанып кетіп, сонда Сізді көрермін деп ойлағам, кейін жағдай өзгерді де, сапарды мамырға қалдырдым. Қазір Омбыда тұрып жатырмын, бірақ жақын*

арада далаға, үйге қайтамын ба деген де ойым бар. Мұса Шорманұлы да осында, екеуміз Сіздің үйде бірге тұрып жатырмыз. Қыстыгүні денсаулығым мәз емес еді, қазір түзелгендей. Шынын айту керек, өзімді дұрыс та ұстамадым: карта ойнадым, клубтарда жүрдім әрі шампан іше бастадым. Төрт айда үш мың сомдай ұтылдым да енді тастадым, өйткені ақшам жоқ, ал әкемнен сұрауға ұят. Егер Сіз осында болғаныңызда, мұның бәрі болмас еді. Менің Омбыда Сізден басқа бірде-бір жақсы танысым болмағанын өзіңіз білесіз ғой...

Дюгамельмен арамыз онша емес, сонда да ол ұйымдастырған балға шақырылу құрметіне ие болдым. Тек Лецевпен<sup>26</sup> ғана дұрыс қарым-қатынастамын. Фридрихс<sup>27</sup> бұрынғыша есерлігін тоқтатар емес. Майдель<sup>28</sup> екіжүзділігін жалғастыруда, шамасы, жақын арада бәрінен айырылатын шығар. Кури отставкаға кетіп жатыр, ол үшін Фридрихс ара түссе де қалмайтын болды...

Майдель, Ивашкевич<sup>29</sup>, Николай Лецев Орынбор мен Сібір қазақтары арасындағы шекара жөніндегі келіспеушіліктерді

---

<sup>26</sup> Лешев Н. Н. – Батыс Сібір бас басқармасының коллеж ассессоры.

<sup>27</sup> Фридрихс Г. К. - 1854 жылдан Сібір қазақтары басқармасының әскери губернаторы қызметінде болып, 1865 жылы 75 жасында ғана отставкаға шыққан генерал-лейтенант. Шоқанның адъютант кезіндегі біраз әзіл-оспақтарына негіз болған, А. Врангель мен Г. Потанин бюрократ, дарынсыз генерал деп атап өткен даңғой, парақор ұлық.

<sup>28</sup> Майдель П. В. - Сібір қазақтары облыстық басқармасының Гутковскийден кейін тағайындалған бастығы, полковник, барон.

<sup>29</sup> Ивашкевич В. К. - Сібір қазақтары облыстық басқармасының коллеж кеңесшісі, ассессор. «Қазақ даласына сапар туралы жазбалар» атты 1861 жылы Парижде жарық көрген ғажайып туындының авторы А. Янушкевичпен қатар қазақ жеріне жер аударылған поляктардың бірі. Кейіннен билікке ілініп, Батыс Сібір әкімшілігінің белгілі парақорларының қатарына қосылған. Шоқанды аға сұлтандыққа өткізбеуге Фридрихс, Курилермен бірге белсене кіріскен шенеунік. Янушкевичтің кітабында Ивашкевич туралы да мәліметтер бар.

*шешу комиссиясы жұмысына<sup>30</sup> барады. Пайдасы шамалы шаруа зой, барлық ауыртпалық тағы да қазақтардың мойнына түседі...*

*Егер мамырда Петерборға жүрсем, Орынборға соғатын шығармын. Мұрнымдағы ісікті әлдеқашан құртқанмын. Соған өзімше мәзбін».*

Ал аттай жиырма күннен кейін Гутковскийге жазған келесі хатында Шоқан өз басындағы жаңалықты хабарлаған. Ол

---

<sup>30</sup> Сарыторғайдағы 1864 жылғы маусымның 14-і мен 25-і аралығында өткен Орта жүз бен Кіші жүздің жақсылары мен жайсаңдарының қалың тобының басын қосқан құрылтай. Ол сонау 1842 жылы Орынбор мен Сібір қазақтары жерлерінің шекарасын белгілеген кезде әкім-сұлтан Ахмет Жантөрин мен оның бас биі Жазы Жанұлының көрпені орынборлықтарға қарай тарту саясатынан туындап, содан бері бағаналылар мен қыпшақтар арасында талай уақыт бойы ушыққан жер дауын (ол туралы осы кітаптың екінші бөлімінде айтылған) шешу үшін ұйымдастырылды. Өршіген алауыздықты қазақы жөн-жосықпен, ағайыншылық жолмен келістіруге мән берілді деп түйінделген құрылтайдың қорытынды құжатына Көкшетаудың аға сұлтаны полковник Шыңғыс Уәлиханов, Атбасардың аға сұлтаны Көшек Жадайұлы (ол 1863 жылдың жазында төтеннен қаза тапқан Ерден Сандыбайұлының орнына сайланған), Орынбордың Шығыс бөлігінің әкім-сұлтаны подполковник Мұқан Жантөрин, Орта бөліктің әкім-сұлтаны полковник Мұхамеджан Баймағамбетұлы, 21-ші дистанцияның бастығы есаул Махмұд Жантөрин, 53-ші дистанция бастығы Сүлеймен Жаһангерұлы, арғынның жоғары шекті руының басшысы әскери старшина Қазыбек Шегенұлы, төменгі шекті руының басшысы есаул Бекен Жазыұлы, 37-ші дистанция бастығы Бірімжан Шегенұлы, Шөмекей руының бастығы подполковник Елекей Қасымұлы, Орынбор қазақтары облыстық басқармасының шенеунігі штабс-ротмистр Әлмұхаммед Сейдалин сынды қазақтың белгілі тұлғалары бастаған 189 адам қолдарын қойып, мөрлерін басқан еді. Бұл құжат қазақтың соншама тұлғаларының аты-жөндері бір жерде берілгендігімен де ерекше құнды. Бір атап өтер жайт, Шоқанның Гутковскийге жазған хатында пайдасы шамалы деп сын айтылған осы құрылтайға Орынбор қазақтарын сол полковник Гутковскийдің өзі бастап келген болатын.

Петерборға емес, қазақ жерінің оңтүстік өлкелерін бағындыруға аттанған полковник Черняевтің жорығына қосылмақ боп, Әулиеатаға кетіп бара жатқанын айтқан-ды.

Алдында ауылына бармақ ойы бар еді. Ол да жайына қалды. Кейіннен соғармын деп ойлаған. Бірақ сүйікті атақонысын, ағайын-туғанды енді қайтып көре алмаймын-ау деген ой оның қаперіне де кірмеген.

(Омбыдағы сол қыс Потанин досы екеуінің де соңғы кездесуі болған екен. Ол қыстың ортасында-ақ Зайсан жаққа жол жүріп кеткен-ді...

Потанин өзінің қыршын кеткен қазақ досындай емес, ұзақ ғұмыр кешті. Жас кездерінде екеуі бірлесе армандаған алыс саяхаттарға ол шықты. Моңғолия мен Тыбаға, Теріскей Қытай мен Шығыс Тибетке, Үлкен Хинганға жасалған ғылыми экспедицияларға басшылық етті. Түрк-моңғол халықтарының мәдениетін зерттеу жөнінде құнды еңбектер жасап кеткен әйгілі саяхатшы, фольклортанушы, географ, этнограф дәрежесіне көтеріліп, 1920 жылы, 85 жасында өзі көп жылдар бойы қоныс тепкен Том қаласында дүниеден өтті.

Григорий Николаевич Потаниннің түрк-моңғол халықтарының мұрасын зерттеу ісінде атқарып кеткен қызметі орасан зор. Ол өзі саяхат жасаған аймақтарда жан-жақты ғылыми зерттеулер жүргізумен бірге, сол халықтардың ауыз әдебиетін жинаумен де кеңінен айналысты. Мәселен, оның «Солтүстік Батыс Моңғолия очерктері» атты әйгілі еңбегінде географиялық, биологиялық, этнографиялық материалдармен қатар, қазақ, тыба, алтай, хакас, бурят, моңғолдардың 222 аңыз-әпсана, ертегі, шежіре, жыр мәтіндерін кездестіруге болады. Олардың ішінде Потаниннің 1880 жылы Шоқанның Баянауылдағы туған нағашысы Мұса Шорманұлының ауылына барғанда жазып алған мәтіндер де бар. Потанин Шорманұлымен Шоқан арқылы жақын танысып, онымен және баласы Сәдуақаспен көп жылдар бойы хабарласып, хаттар алысып тұрған. Бұл ретте Шоқанның 1850 жылы туған қарындасы Нүриданың үлкендердің ұйғарымымен, нағашы жағы, өзінен бір жас ғана үлкен Сәдуақасқа тұрмысқа шыққанын да еске ала кеткен жөн.

Әйгілі саяхатшының қазақ жерін аралаған сапарлары арасында, әсіресе 1895 жылы Шыңғыс Уәлиханұлының ауылына

және 1910 жылы Тоқырауын өзені алабына барып қайтқанының жөні бөлек. Бұл сапарларында ол қазақ халқының өмірімен одан әрі жақын танысады, телегей-теңіз ауыз әдебиетінің маржандарын тереді. Табиғатынан дарынды жұрттың адал да таза болмысын, сұлулыққа іңкәр дарқан жүрегін тағы да терең тани түседі. Потаниннің сол сапарлардан кейін жазған «Қазақтың соңғы ханзадасының үйінде» (1896) деп аталатын Шоқан еліне барған әсерлерін, «Ортағасырлық Еуропа эпосындағы Шығыс сарындары» (1899) зерттеуін және «Қазақтар мен алтайлықтардың аңыздары, әпсаналары және ертегілері» (1916) жинағын оқығанда, қазақ халқын құлай сүйген, оның бай тарихы мен мәдениеті, асқақ болашағы туралы қастерлі сырлар қозғаған үлкен жүректі жанның кіршіксіз көңілін, ақтарылған пейілін тану қиын емес.

*«Қазақтар кагілез, ширақ, өмірге іңкәр халық: олар көңіл көтергенді, киімдерінде – ашық-жарқын түстерді, тіршілікте – той-думанды жақсы көреді, – деп жазады Потанин. – Өлген адамға ас берудің өзі бұл халықта ойын-сауыққа, бәйгеге, дүбірлі жарысқа, ән салу мен жыр сайысына ұласып, үлкен салтанатқа айналып кетеді. Әртістік өнер мен сәнді киіне білу қабілеті қазақтардың бойына аздаған сырбаздық қасиеттерді де қосқан сияқты, бұл оларды бір жағынан француздарға да ұқсатқандай болады».*

Енді бірде ол: *«Қазақ халқы өз әндерін тамаша өңдей білген, соның арқасында оның сұлу әрленіп шыққаны соншама, оның әуенін естісімен, қазақтарға тән тіршілік ортасына ауысқандай боласың; өзіңді қазақ даласында, тіпті қазақ табиғаты арасында отырғандай сезінесің, дала шөптерінің иісін – жусан дәмін тұшынғандай халде қаласың», –* дейді. Тағы бірде ол: *«Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай боп көрінеді», –* деп ақтарылады.

Григорий Потанинді осы қабілетті халықтың тағдыры, оның рухани мәдениетінің болашағы да терең толғантады. Ол бұл далаға білім нәрін құю – жаңашыл қазақ зиялыларының абзал борышы болуы керек, – деген ойды көлденең тартады. Осы орайда өз досы, туған халқының тамаша патриоты бола білген Шоқанды үлгі тұта еске алады. *«Егер қазақ халқының арасында Шоқанды оқи алатын орта болса, ол данышпан атанып, төл*

*ұлт әдебиеті жаңаруының төлбасысы болар еді», – дейді. – Міне, сондықтан да жас қазақ зиялылары мен жергілікті орыс оқымыстыларының да басты міндеті – Шоқан ісін алға жалғастыра отырып, қазақ халқының сана-сезімін ояту болуы тиіс». Потанин Шоқан екеуінің арасындағы шынайы достықтың әсерін терең түйсініп, қазақтың білімді өкілінің адал ниетті орыс зиялыларымен одағы қалайша жарасымды үйлесім табатынын зерделей байыптағаннан кейін, осындай тұжырымдарға ден қойған еді.*

Оның өз басы Шоқанмен арадағы достығына көзі жұмылғанша адал болып, есімін ұдайы жоғары көтеріп әспеттеп өтті. Уәлихановтың 1904 жылы Петерборда профессор Веселовскийдің редакторлық етуімен басылып шыққан шығармалар жинағының жарық көруіне ең белсене күш салушы болды. Әрқилы басылымдарда өмірден қыршын кеткен талантты досы туралы ақ пейілден шыққан мақалаларын жариялады.

Шау тартқан шағында Потанин өзі біраз жыл бойы жолы түспей жүрген Омбыға қайта бір айналып соққысы келген. Өзінің балалық дәурені, жастық шағы өткен осы қалада болуға тағы да аңсары ауған, Әйгілі саяхатшыны Орыс Географиялық қоғамының Омбыдағы жергілікті бөлімшесінің мүшелері қуана қарсы алды. Оны келуі құрметіне қоғамның салтанатты жиыны өтті. Сонда өзін мақтап-мадақтап сөйлеген сөздерден кейін, сөз кезегі Потанинге берілген.

*«Омбы – менің рухани отаным, – деген ол. – Осында бір кезде мен жастай марқұм боп кеткен аяулы досым, Шоқан Уәлиханов екеуміз, ол дүниеден қыршын күйде озғаннан кейін шарасыздан өзім атқаруға мәжбүр болған, саяхаттар мен сапарлар туралы ең алғаш рет армандап едік. Сөз жоқ, біздің қосылып қиялдаған сол жоспарларымызды Шоқан орындаған кезде, оның есімі қазір ұлылардың қатарында тұрары анық еді, ал менің жеке басыма келетін болса, мен тек сол кезде екеуміз жоспарлаған мақсаттарды қолдан келгенше, көп ауытқымай атқаруға тырыстым...»*

Потанин осы сөздерді айтты да көңілі босап мінбеден түсіп кетті).

#### 4. Жаңақоқан шебі

Полковник М. Г. Черняевтің Әулиеатаға экспедициясы, негізінен, Дербес Сібір корпусының жаяу әскер құрамалары мен казак-орыс атты жүздіктерінен жасақталды. Шоқаннан жеті жас үлкендігі бар полковник Беларус жерінде дворян отбасында дүниеге келіп, Могилев гимназиясын бітіргеннен кейін Петербордағы дворян полкінде тәрбиеленіп, одан соң Бас штабтың академиясын тәмәмдаған кәсіби офицер еді. Қырым соғысы кезінде Севастополь шайқасына бастан-аяқ қатысып, артиллерия генералы С. А. Хрулев құрамасының сапында Малахов қорғанындағы қимылдардың бел ортасында жүрді. Соғыстан кейін жаяу әскер дивизиясының штаб бастығы болды. Одан соң Орынбор және Самара генерал-губернаторы А. А. Катениннің қарамағына ауысты. 1858 жылы Хиуа ханына қарсы көтерілген Қоңырат шәрінің тұрғындарына көмекке жіберілген жасақты басқарды. 1859 жылы Кавказ мұсылмандарын бағындыру жорығына қатысты. Одан Орынборға қайта оралып, жаңа генерал-губернатор А. П. Безактың штаб бастығы қызметін атқарып жүрді...

1863 жылы патша сарайында біраздан көзделіп жүрген басқыншылық мақсат – казак жерінің оңтүстігіндегі Сырдария мен Шу өзендерінің аралығын орыс бекіністері тізбегімен тезірек қосып «Жаңақоқан шебін» аяқтау туралы шешім қабылданады. Содан он жылдай бұрын Орынбордың генерал-губернаторы граф Перовский бастаған бес мың әскер Сырдариядағы қокандықтардың ірі бекінісі Ақмешітті басып алып, Іле алабында майор Перемышльский отряды Верный бекінісінің іргесін қалағалы бері, араға киліккен Қырым соғысына, Қап тауындағы Шәміл имам ғазуатына, байтақ казак даласын шығысы мен батысынан қаусырған қамалдар маңына ішкі жақтан ел көшіріп әкелуге көңіл бөлінуіне байланысты, Ресейдің түстік өңірлеріне қарай ентелеуі сәл бәсеңсігендей күй кешуде еді. Елуінші жылдардың соңынан екі басты самұрықтың назары ортаазиялық хандықтарға тікелей тігіліп, одан әрі Қашқар мен Үндістан жәзіраларына ауа бастауына орай, Ақмешіт пен Алматы арасындағы кеңістікті тұйықтау жайы алдыңғы кезекке шықты. Ол Ресей үшін Памир мен Гиндукуш тауларына қарай



бағытталатын жаулаушылық жорықтарды жасауға сенімді мүмкіндік әперетін жаңа тірек шебі ретінде көзделді.

1860 жылдың жазында полковник Циммерман мен подполковник Колпаковскийдің Шудан өтіп Қоқан хандығының бекіністері Тоқмақ пен Бішкекті талқандауы – осы ауқымды мақсаттың бастапқы барлауы болса, 1861 жылдың көктемінде Орынбор жағы әскерлерінің Сырдарияны өрлей келіп Ақмешіттен (Перовск) жүз шақырымдай жердегі Жөлек бекінісін басып алуы – оның сабақтас жалғасы ретінде танылған еді. Сол жылдың күзінде Сырдария шебінің бастығы генерал-лейтенант А. О. Дебудің басшылығымен 9 зеңбірек сүйреткен 578 жаяу әскер мен шөмекей руының басшысы Елекей Қасымұлы төре (1860 жылы Петерборға Орынбор қазақтарының депутациясы құрамында барып, Шоқанға жолыққан сұлтандардың бірі, Әбілқайыр ханның Ералы дейтін баласының шөбересі) бастаған 250 адамдық қазақ жасағы Жөлектен шығып, одан 95 шақырым жердегі қоқан бекінісі Жаңақорғанды қоршады. Зеңбірек оғымен көміп, берілуге мәжбүр етті. Қамалды қиратып, ондағы қару-жарақты Жөлекке ала кетті.

1858 жылы өзінің бұрынғы атшысы Әлімқұл қыпшақтың қолдауымен Қоқан тағына отырған Мәлібек хан (соған дейін елді 13 жыл билеген Құдияр ханның туған ағасы) орыстардың бұл тосын шабуылына қатты кәрленіп, оған дереу қарымта қайтаруға бұйрық береді Ташкент уәлиі Қанағатшахты Жөлекке қарай аттандырады. Іле-шала Қанағатшахтың кереуші мен шанышқылы руынан құралған қолы Түркістан төңірегіндегі қазақтардан күштеп жинаған алым-салықты қаражат етіп, Жаңақорғанның қираған орнына да жеткен. Сол жерден оның сарбаздары екіге бөлініп: 1500-дей адамдық бір тобы Сырдарияның сол жағасымен, 500-дейі оң жағасымен жылжи келіп Жөлекті қоршауға алады. Алайда Ақмешіттен бері қарай орыс әскерінің көмекке беттегенін естіп, Жаңақорғанға қайта шегінеді. Жермен-жексен болған сол бекіністің маңынан Дінқорған атты жаңа қамал салуға кіріседі. Бірақ оны аяқтап үлгермейді. 1862 жылдың қаңтарында орыстардың 500 жаяу әскер мен 300 казак-орыстан тұратын зеңбіректі қолы Дінқорғанға шабуылдап, оны да қиратады. Бұл сәтсіздіктерге шамданған Қанағатшах Түркістанға оралып, жаңа жорыққа тыңғылықты дайындалмақ болғанымен,

осы кезде Қоқан хандығында басталған дүрбелең оқиғалар ол ниеттің іске асуына бөгет жасайды.

Наурыз айында Мәлібек (Мәлла) ханның өзі билікке жақын жүрген қыпшақтардың арасында туындаған алауыздықтың нәтижесінде ұйықтап жатқан жерінде бауыздалады. Оны өлтіргендер ана жылдары он төрт жасар Құдиярды таққа отырғызған қыпшақ Мұсылманқұл шолақтың немере інісі Құдайберген мен пансатбасы Керімқұл болатын. Қоқан шежірешілері Мәллаға қастандықты ұйымдастыруға Нау, Зәмин кенттерінің бектері Өтембай және Мұсабек қыпшақтармен бірге, Әлімқұлдың өзінің де қатысы бар екенін жазады. Әйтеуір, Мәлібекке талайдан жақын жүрген пансатбашы, соған дейін ханның тікелей қолдауымен Марғұланның хәкімі де болған Әлімқұл, Қоқан тағына Мәлла мен Құдиярдың үлкен ағасы Сарымсақтың ұлы 17 жасар Шахмұратты отырғызуға белсене кіріседі. Шахмұрат билікті қолға алысымен, Әлімқұлды өзіне жақын тартып, оны әуелі Өндіжанның, одан соң қайтадан Марғұланның хәкімі етіп тағайындайды. Шахмұраттың билікті қолға алысымен, Мәлла ханға жақын жүргендерді қыруға кіріскені басқалармен бірге ташкент хәкімі Қанағатшахты да сескендіреді. Ол өзі сенетін әскербасылармен, қазақ билерімен ақылдаса отырып, тақтан қуылғанына төрт жыл болған, со күндері Бұхар әмірлігіне қарайтын Жызакты паналап жүрген Құдиярға хабарласады. Оны хан көтермек ниеттері барын жеткізеді. Бұған бек қуанған Құдияр Шардара мен Шыназ бекіністері арқылы Ташкентке беттейді. Оған қарсы шыққысы келгендерге Құдиярды Ташкент уәлиі мен шанышқылы руы ғана емес, күллі Дәшті Қыпшақ қазақтары қолдайтыны айтылып, ол заңды хан ретінде жарияланады. Алайда бұған Шахмұрат ханның жанындағы билік тізгінінде отырған қыпшақтар көнбей, Қоқаннан Ташкентке қарай жорыққа аттанады...

Содан хандықтың өз ішінде тақ таласының аласапыраны басталып, орыс басқыншылығына қарсы жұмыла қимылдау жайы аяқсыз қалады. Тек 1863 жылдың ортасында қыпшақтардың басшысы Әлімқұлдың қолдауымен, Мәлібек ханның баласы Сұлтансейіт (Сейітмұрат) хан болып жарияланғаннан кейін ғана ел арасы сәл тыншу табады. Тақ иесі жас болуы себепті бар билік бас қолбасшы (әмір-лашқар) Әлімқұлдың қолына

шоғырланып, ол орыс жаулаушылығына қарсы көтерілген ғазуат майданының басты ұйымдастырушысына айналады. Ташкентке келіп, содан аз бұрын ғана қыпшақтар Қанағатшахтың орнына шәһардың уәлиі етіп бекіткен мыңбасы, бір кездегі өз жақтасы болған қыпшақ Шадманқожаны өлім жазасына кеседі. Оның орнына уәли (хәкім) етіп Нармұхаммед парманашыны, Түркістанның хәкімдігіне қайынатасы Мырзадәулет тәжікті тағайындайды...

Қоқан хандығы осындай зобалаңды сапырылыстарды бастан кешіп жатқан кезде Іле мен Сырдария тараптарындағы орыс жаулаушылығы да ақырындап өз ретімен атқарылу үстінде еді. 1861 жылдың жазында инфантерия генералы Дюгамель мен полковник Кроериустың<sup>31</sup> Шу алабындағы жағдайдың мәнісін арнайы байыптап қайтуының қорытындысына сәйкес, 1862 жылдың көктемінде Алатау округі мен Ұлы жүз қазақтарының бастығы полковник Колпаковскийге болашақ жорық бағыттарында жатқан Бішкек, Ақсу, Мерке бекіністері аумаған шолып қайтуға бұйрық беріледі. Сәуірдің 22-сі күні Қастектен қозғалған орыс қосыны Қордайдан асып, Шу өзенінен Қасық өткелі арқылы өткесін, Ақсу бекінісіне қарай беттеген. Сөйтсе, ондағы қоқандық сарбаздар орыс әскерінің келе жатқанын ести сала, қашып кетіпті. Ақсудан батысқа қарай жылжыған отряд қырық шақырымдай жердегі Меркені де солай қарсылықсыз алады. Қорғанды жартылай бұзып, Бішкекке сол жақтан айналып соғады. Бір жарым жыл бұрын жермен-жексен қиратылған қамалды қоқандықтар қайта қалпына келтіріп үлгеріпті. Оның маңына екі күн аялдап, осал тұстарға барлау жұмыстарын жүргізеді. Бекініс ішіндегі сарбаздар бұларға оқ атып, бұлар оларға жауап қайтарған андысқан атысулар өткенімен, арнайы

---

<sup>31</sup> Кроериус А.С. - Дербес Сібір корпусының штаб бастығы. 1865 жылы Қазақ даласы мен Түркістан өлкесін басқарудың жаңа жүйесін жобалау жөніндегі Дала комиссияның мүшесі, Петерборда Бас штапта Шоқанмен қатар қызмет еткен полковник А.К. Гейнстің жазуынша, Шоқанға дұшпан пиғылдылардың бірі.

берілген тапсырмаға орай шабуыл жасау, камалды қирату жүзеге асырылмайды. Бішкектен мамырдың 6-сы күні кері аттанып кеткен Колпаковкий қосыны тоғыз күнде Алматыға оралады. Экспедицияның нәтижесінде Бішкектен Меркеге дейінгі аралықтың артиллерия мен арбалардың өтуіне қолайлы екендігі, бекіністер тұрғызуға лайықты тұстардың барлығы анықталады.

Алайда сол жолы қиратпай кеткенімен, үш-төрт айдан кейін-ақ Бішкекте туындаған жағдай, орыс жағы үшін «іздегенге – сұраған» сылтау болған. Тамыз айында қырғыздың солты руының манабы Бәйтiк Қанайұлы өздерiнiң үш жүздей жылқысының бекiнiсте қамауға алынуына орай, Бішкектiң жаңа датқасы Рахматулламен ренжiсiп қалады. Осы жанжалдың ақыры, Бәйтiктiң ауылына қонаққа шақырылған датқаның қайта тұтанған керiлдесу нәтижесiнде найзаға шаншылып, оқыс қаза табуымен аяқталады. Талайдан қоқан өзгiсiнiң төзбес қиянатына әзер шыдап жүрген ел дүр етiп көтерiледi. Сол екпiнмен Бішкектi қоршауға алады. Алайда Әулиеатадан қоқан әскерi жәрдемге келiп қалса, жағдайларының қиын болатынан сезген Бәйтiк Алматыдағы Колпаковскийге жаушы шаптыртады. Солтылардың Бішкектi қоршауға алғанын, өздерiнiң орыс қоластына өтуге дайын екендiктерiн бiлдiрiп, зеңбiректерiмен тез көмекке жетуiн қиылады. Онсыз да алдағы жорықтарға қамданулы жүрген Колпаковский сегiз жаяу әскер ротасы, екi казак-орыс жүздiгi, артиллериялық дивизион және жеңiл батареямен дереу Бәйтiкке жәрдемге аттанады. Әдеттегiсiнше Ұлы жүздiң сұлтандары мен билерi бастаған казак жасақтарын да қасына ерте кетедi. Қазан айының ортасында Бішкекке «Қырғыздарды сарттардың өзгiсiнен мәңгi-бақи құтқаруға келдiк», деп дабыралай жетедi. Оларды бекiнiстегi Төрекұл батырбасы бастаған 600-дей сарбаз да өлiспей берiспеймiз, деп қаймықпастан қарсы алады. Он күнге созылған қоршау кезiнде камалға зеңбiрек пен мылтықтан қанша мың оқ атылып, қиратылып жатса да, қоқандықтар оларды түнi бойы жөндеп, азанда шайқасқа дайын қылып, үлгеруден танбайды. Алайда мұздай қаруланған әскер қойсын ба, саперлар жер асты жолдарын қазу арқылы қорғанның түбiне мина көмiп, ендi пiлтенi тұтатпақ болғанда, бекiнiстегiлер ақ жалау көтерiп, берiлетiндiгiн бiлдiредi... Тiрi қалған сарбаздар мен тұрғындар камал iшiнен түгел шығарылып бiткесiн, қорған тағы да ана

жылғыдай жермен-жексен етіп қиратылып, зеңбіректері Шуға батырылып жіберілді...

Қырғыз манаптарының Колпаковскийге деген ризашылығы айран-асыр. Қыл ноктадан босағанымен, темір ноктаға бастары сұғылатынын шамаласа да, талай жыл өздерін билеген қоқан үстемдігінен уақытша құтқарғанының өзіне мәз. Ертеңіне орыстардың Алматыға қайтып кететінін, қоқандықтардың тағы қайтып келуі мүмкін екенін біле тұра, үлкен ұлыққа көрініп қалуға ұмтылады. Солтылардың аға манабы Жанқараш Ешқожаұлы осы оқиға барысында немере інісі Бәйтіктің жезиық полковник алдында мәртебесі көтеріліп жүргеніне іштей қызғаныш білдірсе де байқатпағанды.

Сарыбағыш манаптары Жантай мен Құдияр да Колпаковскийдің назарына ілінуге бейіл. Сонау жылы қырғыздар Кенесарыны өлтіріп, оның дүние-мүлкін бөліске салған кезде, қазақ ханының әдемі сәнделген жеке мылтығы Жантайдың қолында қалған екен, тісқаққан манап соны арнайы түрде Бішкекті алған жеңімпаз Колпаковскийге сыйға тартады. (Ол кейіннен Дала өлкесінің генерал-губернаторы болған Колпаковскийдің атынан әртүрлі көрмелерге Кенесарының мылтығы ретінде қойылып жүрді...).

Бәйтіктің солтыларды, Жантайдың сарыбағыштарды Ресей қоластына қарату жолындағы ұмтылыстары орыс билігі тарапынан да жоғары бағаланды. Бәйтік Қанайұлына Колпаковскийдің ұсынысымен Анна лентасына тағылған үлкен алтын медальге қоса, капитан шені берілсе, Жантай Қарабекұлының сол кезде 23-ке енді шыққан баласы Шәбден келер жылы Петерборға сапар шегіп, ақ патшаның қолын алып, марапатқа ие боп қайтты. Кейіннен подполковник шеніне дейін өскен ол, қырғыз жұртын ілім-білімге шақырған белгілі тұлғалардың біріне айналды.

Әрдайым Колпаковский жорықтарының сапынан табылатын қазақ сұлтандары мен билері де Бішкек жеңісінің қорытындысында марапаттан құр қалған жоқ. Алатау округі басшысының генерал-губернатор Дюгамельге жазған мәлімхатында албанның аға сұлтаны, былтыр ғана подполковник шенін алған Тезек Нұралинге полковник шені, жалайырдың аға сұлтаны Сұлтанғазы Жанғозин мен дулаттың ботпайының биі

Қожағұл Байсеркеұлына поручик, қасқараудың биі Жайнақ Қараталұлы, жалайырдың сұлтаны Мұхаммедше Сөкұлы мен сол рудың жігіті Бектайыр Мирхамидұлына прапорщик шендері сұралды. Біраз төрелер мен билер, жорыққа қатысқан жігіттер әртүрлі медальдер мен мақтау грамоталарына ұсынылды. Бішкекті алу шайқасын басқарған Колпаковскийдің өзі мерзімінен бұрын генерал-майор шенін алды...

Алда Сырдария мен Шу өзендерінің арасын орыс бекіністері тізбегімен қосуды аяқтау ісіндегі елеулі қадамның басы – 1863 жыл келе жатты. Сол жылдың ақпанында патша сарайында өткен мәжілісте, биылдан қалдырмай қазақ жерінің түстігіндегі жорық өтетін өңірлерді шолғыншы отрядтармен байқақтап қайту қажеттігі пысықталды. Сол шешімге сәйкес Орынбор әкімшілігі тарапынан штаб бастығы полковник Черняев басқарған шағын қосынға Сырдария бойындағы Жөлекке жетіп, Жаңақорған, Түркістан төңірегі, Қаратаудың теріскейіндегі Созақ бекінісіне дейінгі аралықты шолып қайту тапсырылды. Онымен қатар бір мезгілде Арал флотилиясының бастығы А. И. Бутаковтың «Арал» және «Сырдария» атты кемелері Перовский фортынан Жөлекке, одан жоғары жатқан Байылдыртоғай деген жерге дейін өрлеуі тиіс болды. Ал Батыс Сібір губернаторлығы тарапынан Верныйдан аттанған подполковник М. Г. Лерхенің отрядына Шудан өтіп, Әулиеатаға дейінгі аймақты барлау жүктелді. Ыстықкөлдің оңтүстік беті де ұмыт қалған жоқ. Штабс-капитан А. П. Проценко басқарған аттылы қосын Нарын өзенінің алабын бойлай Қашқар бағытын шолып қайтуға аттанды.

Бәрі де жоспар бойынша жүзеге асты. Тіпті Черняевтың жасағы мамырдың 30-ы күні Созақ бекінісіне жеткен кезде жоғарғы басшылық күте қоймаған нәтижеге жетті. Шағын орыс қосынының осы жаққа беттеп келе жатқанын естіген Созақ тұрғындары өздері талайдан зэрзап боп жүрген қоқан билігіне қарсы көтеріліп, шағын бекіністің азғана сарбаздарына қаруларын тастатуға мәжбүр етіпті. Ресей қоластына өтуге қарсы еместігін айтып хабар жеткізіпті. Атаққұмар Черняев өзіне мұндай тапсырма жүктелмесе де, оларды орыстың қарамағына көштіңдер деп, жария етіпті. Созақ пен Шолаққорған өңірін мекендейтін бестамғалы мен қоңырат руларының басшыларымен кездесіп, Ресейдің қоластына өтуге үгіттепті.

Алайда полковниктің бұл әрекетін оның тікелей бастығы, Орынбор генерал-губернаторы А. П. Безак қолдай қоймайды. Орталық Азия аймағында тікелей мүдделері бар Англия тарапынан Ресейге наразылық айтылып, Сыртқы істер министрлігінен өз атына реніш білдіріле ме деген ойдан қауіптенген ол, үкіметке жазған мәлімхатында полковник Черняевтің бұлайша алды-артын ойламаған асығыс қимыл жасауына Орынбор басшылығының қатысы жоқтығын айтып ақталғанды мақұл көреді.

\* \* \*

Нарын алабына аттанған Проценконың шолғыншы отрядының да жолы болған. Оған қоқандық Жұмғал мен Құртқа бекіністерінің сарбаздары оқ атып қарсылық білдіріп жатпастан, өздері берілді. Тек Лерхенің Әулиеата бағытын барлауға тиіс жасағының ғана мұндай қауырт қимыл танытуға мүмкіндігі болмады. Колпаковскиймен бірге мамырдың 4-і күні Қастектен шығып, 11-і күні Бішкекке жеткесін, олардың отряды екіге бөлінген еді. Екі рота мен артиллерия взводы және бір казак-орыс жүздігінен тұратын ықшам топ Лерхенің басшылығымен Әулиеатаға аттанады да, Колпаковский бастаған негізгі күш қоқандықтар қайтадан қалпына келтіруді қолға алған қамалды тағы да қирату жұмыстарын атқарумен кідіріп қалады.

Лерхе жасағы мамырдың 22-сі күні Әулиеатаға жетіп, бекіністен бес шақырымдай жерде орналасып, шабуылдайтын бағыттарды барлай бастайды. Мамырдың 26-сы күні олармен қосылу үшін Бішкектен Колпаковский де Әулиеатаға қарай қозғалып кеткенімен, жол-жөнекей генерал-майордың артынан қуып жеткен суыт хабар, отрядты кері қайтуға мәжбүр етеді. «Қытай шекарашылары мен Бұрақожыр өзені бойында астрономиялық зертеулер жүргізіп жүрген капитан Голубевтің күзетші жасағы арасында қарулы қақтығыс өтіпті. Кісі өлімі бар. Жағдайды жедел қолға алмаса, мәселенің ушығып кетуі мүмкін». Әулиеатаға жай сес көрсету мақсатын ғана көздейтін шолғыншылық жорықпен келе жатқан Колпаковский, шұғыл шешім қабылдап, дереу Лерхеге шапқыншы жіберіп, күллі тобымен Алматыға оралуға бұйрық береді. Ол Верныйға

жетісімен подполковникке қарулы отрядты басқартып, оқиға орнына аттандырады.

Бұл қақтығыс Қытаймен екі арадағы шекара белдеуін нақтылау жөнінде былтыр 1862 жылдың шілдесінде Шәуешекте басталғанымен, аяқталмай қалған сәтсіз келіссөзінен кейін туындаған жайтқа саятын. Оған қатысушылар, генерал-елші Н. П. Игнатьевтің 1860 жылдың қарашасында Чиң үкіметімен қол қойып қайтқан Бейжің шартында көрсетілген негізге сәйкес, Батыс Саяннан Памир тауларына дейін созылатын шекара белдеуін нақтылауы тиіс еді. Онда орыс жағы патша сарайында пысықталған жоба бойынша шекараның сол кездегі қытай бекеттері орналасқан шеп бойынша өтуін – яғни, Алтай, Күршім өңірін, Зайсан көлін ішке қамти, Тарбағатайдың биігін қуалай келе, Шәуешек, Бақтының тұсынан оңтүстікке бұрылып, Қапшағай (Жоңғар) қақпасы арқылы Жетісу Алатауының биік шоқысының үстімен жалғасуын, содан соң Бұрақожыр өзені бойымен Ілеге тіреліп, одан әрі Шарын алабы арқылы Қарқара мен Кегеннің қосылған жеріне дейін созылуы қажеттігін ұсынған. Алайда келіссөз барысында орыс тарабының мүшелері – Батыс Сібір корпусының обер-квартирмейстері полковник И. Ф. Бабков, Құлжада ұзақ жыл бас консул боп істеген әйгілі синолог И. И. Захаров, капитан А. Ф. Голубев, астроном К. В. Струве, Шәуешектегі орыс консулы, ірі синолог К. А. Скачковтар осы жобаны алға тартқанда, Шынжаңның Улсұтай (Теректі) өңірінің жанжұңы Мин И мен Тарбағатай хебе-анбысы Мин Сюй бастаған қытай өкілдері, ол бойынша өз елдерінің аумағына еніп жүрген көп жерлер Ресейге өтіп кетеді дегенді уәж етіп, бұл нұсқаны қабылдаудан бас тартады. Содан соң орыс жағы да келіссөзді әрі қарай жалғастыруды қажет деп таппастан, үстел басынан тұрып кеткен-ді.

Осыдан кейін-ақ Шынжаң жұрты арасында орыстар Чин мемлекетіне тиісті жерлерді тартып алғалы жатыр, шекарадағы сібе мен солоң жұрттары күштеп көшірілмекші екен, деген қауесет гу-гу тараған. Бейсауат жүрген орыс әскерлері де сол шараны тікелей атқарушы дұшпан ретінде қарала бастаған. Шәуешектегі келіссөзге қатысушы капитан Голубевтің (Шоқанның танысы) казак-орыс жасағымен бірге Айдарлықұм маңында астрономиялық зерттеу жүргізу үшін келуі де дәл



сондай қатер орайында қабылданған еді. Мамырдың 31-і күні Голубев қарсы бетте тұрған қытайлық Бұрақожыр бекетінің командирі өздерін қонаққа шақырғасын, жанына ерген адамдармен бірге қаннен-қаперсіз олардың қақпасынан ене берген кезде, бораған оққа ұшыраған. Әп-сәтте төрт адам өліп, бірнеше адам жарақат алады. Жан-дәрмен атыса қашып шығып, қырғыннан әзер құтылады. Ертеңіне мәншың әскері орыстар аумағына өтіп, отрядтың өзіне тікелей шабуыл жасайды. Қоршауда қалу қаупінен сескенген Голубев адамдарын Құсмұрынға қарай шегіндіріп әкетіп, сол жерде мылтық оғын жаудырып, қытайлардың бетін қайтарады. Жайлауы жақын маңда тұрған полковник Тезек Нұралинмен бірге дереу көмекке келген қазақ жігіттерінің қолдауымен жауды Бұрақожырдың арғы бетіне дейін қуып тастайды. Оншақты күннен кейін Алматыдан суыт жеткен подполковник Лерхе басқарған қарулы әскер шекарадан өтіп, Бұрақожыр бекетіне қарымта шабуыл жасайды. Осы мезгілдерде Іленің аржағындағы Кетпен жотасы баурайында да бес мыңға жуық қытай әскері майор Елинскийдің отрядын тықсырыпты. Орыстар да қайтпапты, арттарынан көмек жетісімен, Шәлкөдесу маңында қырғын шайқас өткізіпті...

Орыс-қытай қатынастарының бұлай тосыннан ушығуының себебін анықтау үшін Дюгамель Алматыға арнайы келуге мәжбүр болған. Тамыздың 22-сі күні Верныйға ат басын тіреген ол Әскери министр Милютинге жолдаған хабарламасында, бұл қақтығыстар шекара жөніндегі Бейжің шартын орындауға байланысты келіссөздің аяқталмай қалуы салдарынан туындапты, деп мәлімдеді. Қазір әскери қақтығыстар тоқтағанымен, елдің айтуынша, қытай жағы орыс әскерлерінің қысқа қарай бекіністерге қайтуын күтіп отыр. Сол кезде орыстарға көмектескен қазақ ауылдарына, бірінші кезекте, бұрын олардың боданы болған сұлтан Тезек Нұралинге шабуыл жасалмақшы. Осы ширыққан жағдайды бәсеңсіту үшін, Бейжің шартында көрсетілген талапты дәлдеп орындамай-ақ, шекара белдеуін нақтылауда кей тұстарда чиң билігі өкілдерінің айтқандарына да көне салсақ қайтеді, деген сыңайдағы пікірін жеткізген. Әйтсе де Милютин: «мұның еш қажеттілігі жоқ, бұл келіссөзде ондай ауытқушылыққа барудың реті келмейді, өйткені ондай иі жұмсақтық, қытайлықтардың өздеріне тиімді өзгерістер енгізу

туралы кезекті мәлімдемелер жасауына сылтау болуы мүмкін», деген қарсылығын білдіреді...

Дюгамель Алматыға соққан сол сапарында Сырдария мен Шу алабы аралығындағы кеңістікті қосуға байланысты шолғындық мақсатпен өткен жорықтардың қорытындысымен де мұқият танысқан. Колпаковский Бішкек қиратылғаннан кейін Әулиеатаға баратын жолдың ашық жатқанын мәлім етумен қатар, аржағындағы өңірлердің ахуалынан да хабардар етті. Хан болмаса да Қоқан хандығының билігін қолына алған қыпшақ әулетінің өкілі Әлімқұл молданың әмірімен Ташкенттің жаңа уәлиі Нұрмұхаммед парманашы Шымкент, Шолаққорған, Созақ, Саудакент, Әулиеата жақты арнайы аралап, орыстардың бекіністерді қаншалықты қиратқанын анықтаумен қатар, қазақ руларынан күштеп алым-салық жинап әкетіпті. Әулиеата хәкімі Садықназардың орнына жасауылбасы Ташқараны, Меркенің хәкімі етіп қыпшақ Тұрдықұлды тағайындапты. Түркістан хәкімі, Әлімқұлдың қайынатасы Мырзадәулет де екі мың әскер жинап, Ақмешіт пен Созақ арасындағы орыстардың қоластына қараған қазақтардың ауылдарына шабуыл жасап, олардың мал-мүлкін күштеп тартып алуға белсене кірісіпті. Бірнеше рет орыс керуендерін де тонапты.

Ахмет Кенесарыұлының кітабында да дәл осы Мырзадәулеттің жорығы туралы айтылады. Кенесарының Тайшық пен Ахмет деген балаларының 1861 жылы орыстың қоластына өтіп, қазақ жасағымен бірге Жаңақорғанды басып алуға қатысқанын, сол жорықта көрсеткен қызметтері үшін орыс әскерінің зауряд-хорунжиі шенін алғанын өткен бөлімде айтқан болатынбыз. 1863 жылы да Кенесары балалары Сыр бойы қазақтарының мал-мүлкін тартып алу мақсатымен Түркістаннан келген қоқан әскеріне төрт жүздей қазақ жасағымен бірге қарсы аттанады. Жөлектен шыққан орыс жағындағы қазақтар Қарамұрын деген жерде қоқандықтарға күйрете соққы беріп, оларды қашуға мәжбүр етеді. Алайда осы шайқас кезінде Тайшық қаза табады. Қоқан әскерінің сапында жүрген қаңлының Бектібай, Айдарбек, қоңыраттың Телғожа деген батырлары қарсы алдарынан Тайшық сұлтанды ұшырастырған замат, бірден оған шабуыл жасапты. Тайшық та оларға ұмтылып Бектібайды кеңірдегінен найзамен шаншып өлтіргенімен, Телғожаның

күшпен сілтеген найзасы сұлтанның сол иығынан кіреді. Сабы морт сынып, ұшы Тайшықтың денесінде қалады да, ол осы ауыр жарақаттан көз жұмады.

Ал бұл кезде Қызылкөл маңындағы ағайындары арасында жүрген Сыздық Кенесарыұлы Қоқан ханының пәрменімен алдағы, 1864 жылдың басында Созақтың әкімі боп тағайындалады...

\* \* \*

Орынбор генерал-губернаторы Безактың өзіне бағынышты Черняевке 1863 жылғы шолғыншылық жорық кезінде алды-арты ойланбаған асығыс қимыл жасадың, деп ренжуі бекер екен. Керісінше, полковниктің қаржы және адам шығынына ұшыратпаған шұғыл әрекеттерге ерік беруі Әскери министр Милютин мен Сыртқы істер министрі Горчаков тарапынан іштей қолдауға ие болды. Азия департаментінің директоры Игнатъевтің ойы да осыған сайған. Ағылшын тауарларының Ауғанстан арқылы кіндіказиялық хандықтардың базарларын жаулай бастағанына, британ елшілерінің Әмударияда кеме қатынасын орнату жөнінде Бұхара әмірі Насрулламен келіссөздер жүргізіп жатқанына, Англияның Үндістан арқылы Қашқарға өтіп, Алтышәр аймағына ықпал етуді көздеген ұмтылысына Ресей сырт бақылаушы ретінде қарап қалмауы керек, батыл-батыл қимыл-әрекеттерге баруы қажет, деген ұстанымға жүгінетін жас генерал, қазір өте қолайлы жағдай туындап отырғанын айтып, Ташкент жорығын көпке созбай келер жылдан бастап кетуді ұсынушылардың бірі еді.

Бұл кезде шығыстағы көрші Қытайдың жағдайы да мәз емес-тін. Он жылдан астам уақыттан бері Мәншың билігіне қарсы қарулы шайқас ашқан халық көтерілісін (Тайпин мемлекеті) баса алмай әбден діңкелеген Чиң империясына 1856 жылы Англия, одан кейін Франция соғыс жариялаған. Олардың көздегені – Қытай мен оның төңірегіндегі теңіздерде емін-еркін сауда жасау, елді жартылай отар ретінде ұстау, аса пайдалы апиын саудасын өз қолдарынан шығармау еді. Тарихқа «апиын соғысы» деген атпен енген осы басқыншылықтың ақыры Қытайдың күйрей жеңілген ел ретінде екі мемлекетке мол салық

төлеуімен, оларға сауда айлақтарын ашып, қытайлықтарды Ұлыбритания мен Франция отарларында құл ретінде пайдалануға дейін рұқсат беретін бітім жасаумен аяқталды. Қарымта ретінде мәншың билігі шетел жаулаушыларын өз мақсаттарына да пайдаланып, олардың әскери көмегімен Тайпин көтерілісін қан-жоса етіп басады.

Алайда бұл кезде ол көтерілістің әсері елдің теріскейі мен батысындағы өңірлерге қарай жылжып кеткен болатын. 1862 жылы Шаньси уәлаятындағы Синган шәһарында дүнгендердің бұлғағы бұрқ ете қалды. Оның тұтануына мәнжулердің дүнген саудагерін қасақана өлтіруі басты себеп ретінде танылған. Дүнген дінбасылары мұсылман жамағатын ғазуатқа шақырып, кәпірлерге қарсы кескілескен майдан ашты. Мәншың билігіне өшіккен жұрт үстеріндегі қытайша киімдердің лақтырып, түгел әндіжандық мұсылмандарша киінді. Ғазуат ұраны ушыға-ушыға Шығыс Түркістан өңіріне де дүрбелеңді күндерді әкелетіні өзінен белгілі еді...

Петербордың отаршылдық көзқарастағы ұлықтары қазақ даласының оңтүстігі мен шығысындағы өңірлерде байқалған осындай халықаралық ахуалды пайымдай келе, дәл мұндай ілкімді сәтті құр жібермеу керек деп шешкен. Алдағы жылдарда кіндіказиялық хандықтарды жаулап алар болсақ, Ресейден Үндістанға, Ауғанстанға, Қашғар аймағына, Шынжаңға төтелей баратын сауда жолдары ашылады, ол хандықтарға қарасты өңірлерде орыс әскерлерін ұстап тұру да қиындық туғызбайды, құнарлы топырақ, ыстық күн аясында өспейтін дақыл жоқ, мейлінше жеткілікті. Америкадан тасып әуре болып жүрген мақта дейсіз бе, ырғын мәуе беретін жеміс-жидек дейсіз бе, ол жақта бәрі тұнып тұр. Дереу қимылдап, сол аймақтарға сұғын қадап жүрген Англияның алдын орап кетуіміз қажет. Ал ол үшін, алдымен, біраздан қажеттілігі айтылып жүрген Сырдария мен Шу өзенінің аралығын Жаңақорған – Созақ – Шолаққорған – Әулиеата – Мерке – Бішкек бекіністері арқылы қосатын *Жаңақоқан шебін* тезірек құрмақ қажет. Ол шеп әрі қарайғы шабуылдардың негізгі тірегі болар еді.

Ал бұл жедел жорықты басқаруды кімге жүктеу керек деген мәселе туған кезде, соғыс және ішкі істер министрліктері жетекшілерінің пейілі былтырғы шолғыншылық кезінде шапшаң

шешім қабылдай алатын әрекетімен байқалған, соған дейін Қап тауының мұсылмандарын тізе бүктіру жорығына қатысып тәжірибе жинақтаған, біраз жыл башқұрт пен қазақ арасында қызмет еткен Черняевке ауды. Оны батысшілдік ерекше отрядтың бастығы етіп тағайындауға шешім қабылданды...

## 5. Қанды жорық

«Ташкент бағытындағы бұл жорық атымды шығаратын, генералдық атаққа тез іліндіретін саты болса екен» деген ниетке бой алдырған даңққұмар полковник, отряд құрамына Ресей қарамағына ауысатын жаңа жерлерді зерттеуге құлықты бір топ ғалымды да қосқан еді. Өз басын үлкен қолбасшы ретінде сезінуге бейіл Черняев оны бедел асырудың бір түрі ретінде санаған. Әрі оның бұл ұмтылысы жұрт назарына да ілікпей қалған жоқ. Офицерлер арасында «Дәл Наполеонның Египетке экспедициясы сияқты екен» деген қағытпа әңгімелер де тарады. Қосынға зоолог Северцев, этнограф Южаков, суретші Знаменский, географ Красовский, кен инженері Фрезе секілді әртүрлі мамандық иелері ілескен-ді.

Жорықтың алға қойған мақсаттарының бірі – мүмкіндігі келгенше жергілікті халықты бейбіт жолмен бағындыруға күш салу еді. Черняев Омбыға келгесін, патша сарайында өзіне осындай міндеттің жүктелгенін де Дюгамельдің назарына салып, бұл мәселені білікті атқара алатын адам табылса дұрыс болар еді, деген ойын білдірген. Генерал-губернатордың есіне бірден Уәлиханов түсе кетті.

Бұған дейін Батыс Сібір басшылығына илікпейтін тірліктерімен көрініп, Атбасар оқиғасынан кейін Омбы әкімшілігінің шешімдеріне наразылығын патша төңірегіндегі ұлықтарға дейін жеткізіп, астана газеттеріне дабыра еткен, Петерборға аттанайын десе, науқасынан шыға алмай, әлі ел ішінде біраз аялдай тұрмақ ниетте жүрген Шоқанды аймақтан аластату шаруасының реті орайласа кеткеніне Дюгамельдің өзі де емексіп қалды. Черняевке «Бұл істе сізге бірден-бір қолғабыс беруге лайық адам, Азия департаментінде тіркелген, бірақ науқасына байланысты осында жүрген штабс-ротмистр Уәлиханов», деп құлағдар еткен. Біраздан аты-жөнін сырттай

білетін, екі-үш жыл бұрын ғана астана ғалымдары мен әскери адамдарының аузында жүрген Қашқар қаһарманының бұлай алдынан шыққанына жорық басшысы да риза пейіл танытты.

Уәлихановты арнайы шақыртып, сыпайы сөйлесе отырып Ташкент экспедициясы қатарына қосылуға шақырды. Бұл жорықтың жүгі әдеттегіден салмақты, сондықтан да кезекті шенді алудың мүмкіндігі мол екенін жеткізді. Омбының өсек-аяңы, алаяқ ұлықтардың тобықтан шалуы жанына көптен батып, Петерборға аттанып кетуі де шегеріле беріп, әрі-сәрілеу күйде жүрген Шоқан полковниктің ұсынысына келісуім қажет деп түйеді. Түстіктегі Қоқан езгісіне ұшыраған қалың қазақты осы жорық барысында орыс әскері тарапынан қырғын-сүргінге ұшыратпай, бейбіт уағдаластықтар жасауға сеп болып, шарапатыңды тигізудің өзі де игілікті іс емес пе?! Осындай ойға бекінген ол экспедиция сапына қосылатынын білдіреді.

Аз күннен кейін Батыс Сібірдің генерал-губернаторы А. О. Дюгамельдің атынан Соғыс министрі Д. А. Милютинге хат жөнелтілді. *«Егер біздің қаруымыздың қуатынан қаймыққан Ташкент немесе Түркістан билеушілері Қоқан қарамағынан шығуға ниет білдіріп, Ресей қоластына өтуге дайын екендігін танытар болса, мен полковник Черняевке мұндай ұсыныстардан бас тартпай, олармен алдын ала келіссөздерге кірісіп, маған хабарлап отыруын тапсырдым. Бұл орайдағы қарым-қатынастарды атқару үшін оның қасына орыс және түркі тілдеріне жетік, аса алғыр әрі білікті азиялық – штабс-ротмистр Уәлиханов қосылды».*

...Сәуір айының ортасында экспедиция Алматыға жиналып, осы жерде олардың толық жасақталуы аяқталып бітті. Шоқан өзіне үйреншікті бекет жолымен ылаулатып Верный бекінісіне келген кезде, байырғы танысы Алатау округі мен Ұлы жүздің приставы генерал-майор Колпаковскийдің қарамағында былтырдан бері қызмет істеп жүрген немере інісі, поручик Ғази (Сұлтанғазы) Уәлихановты жолықтырған.

Ол өз атасы Уәлі ханның бәйбішеден туған ұлы, әкесінен қалған хандық тақты бере қоймадың, деп орыс билігіне реніш артып, ақыры оның соңы саяси сенімсіздікке ұласып, Березовке (Қайыңтұраға) жер аударылған аға сұлтан Абайділданың немересі еді. Он бір жасар Ғазиды әкесі Болат 1853 жылы, дәл

Шоқан оқу бітірген жазда, Омбы кадет корпусына әкеп тапсырған-ды. Ғази оны 1859 жылы корнет шенімен аяқтады. Бұл кезде Шоқан Қашқардан енді оралған. Кіші Уәлиханов та дәл немере ағасы сияқты алғыр, қазақ істері жөнінде жақсы көмекші болатын шығар деген оймен Гасфорт оны да өзіне адъютант етіп алғанды жөн көреді. Алайда генерал отставкаға шығып кеткесін, жаңа губернатор Дюгамель Ғазиды 1861 жылдың қыркүйегінде Тобылда тұрған атты әскер полкіне қызметке ауыстырып жібереді. Айбынды Абылайдың шөбересі бұған іштей шамданып қалады. Тобылда төрт айдай қызмет істегесін, демалыс алып Петерборға жүріп кетеді де, Әскери министрдің құзырына шағынып кіреді. «Мені Омбы басшылығы жазықсыз шеттетіп отыр. Енді император ағзамға шын берілгенімді танытып, ұлы мәртебеліге жақын жерде қызмет етсем деймін». Ғазидың өтініші қабылданып, ол алдымен ұлы кінәз Михаил Николайұлының қамқорлығындағы гусар полкіне, сосын Атамандық лейб-гвардия полкінің эскадрон командирлігіне жіберіледі. Сол жерден 1863 жылдың басында ол қызмет ететін полк Польшадағы ұлт-азаттық көтерілісті басуға аттандырылады. Алайда наурыз айының ортасында Алматы жақтағы әскер құрамына ауысуға өзі сұранып, сол жылдың күзінен бері осында жүр екен,

Колпаковскийдің қарамағында жүрген немере туысы Ғазиға жолыққаннан кейін, Шоқан оған Ресейдің бұл жорығы түстік қазақтарын империя қарамағына қосу мақсатын көздейтінін, Қоқан хандығының қазір орыс қаруына қарсы тұрар қауқары шамалы екендігін, сол себепті біз екі ортада халықтың қаны жазықсыз төгілмеуіне бірлесе күш салғанымыз мақұл, деген ойын айтты. Тізе қоса қимылдап, ел басына түсер тауқіметті жеңілдетуге тырысқаннан басқа қолдан келер дәрмен жоқтығын жеткізді.

Осыдан соң Ғази бастығы Колпаковскийден өзін Черняев қосынына жіберуді өтінген. Сәуірдің 28-і күні Колпаковский жорық басшысына қатынас түсірді. *«Полковник Черняевке. Менің көмекшім поручик Мединский мен қарамағымдағы поручик, сұлтан Ғази Уәлихановқа және Батыс Сібірдің 5-шептік батальонының подпоручигі Губарьға Әулиеата экспедициясына қатысуға рұқсат бергенімді Сіздің жоғары мәртебеліңізге хабарлай отырып, оларға өзіңіздің қалауыңызша қызмет*

*бөлуіңізді сұраймын».* Черняев Ғазиға 215 адамнан тұратын қазақ милициясын басқаруды жүктеді.

Полковник Черняев бастаған 2640 адамнан тұратын, 17 зеңбірегі, 2 ракеталық станогы бар отряд Алматыдан Әулиеатаға (қазіргі Тараз қаласы) қарай 1864 жылғы мамырдың 1-і күні аттанды. Жолшыбай Тоқмақ, Бішкек, Меркені басып өту кезінде бейбіт келіссөздерге жүгіну жағы кәдімгідей жүзеге асты. Бұл орайда Алматыға келісімен қырғыздың белгілі манаптары мен Әулиеата төңірегіндегі қазақтың әйгілі рубасыларына Черняевтің атынан Шоқан жазған үндеу-хаттардың әсері де тиімді болды.

Орыстардың өздері соңғы төрт жылда қайта-қайта келіп қиратумен болған Тоқмақ пен Бішкекке жеткен кездерінде, қырғыздың Жантай, Құдияр, Бәйтік, Жанқараш сияқты манаптары мен билері өздерінің ақ патша қоластына өтуге дайын екендіктерін тағы да білдіріп, қоқан ұлықтарының ғадетінше нөкерлерімен бірге сырнайлата, кернейлете қосынға ат бастарын тіреп жатты.

Шоқан солардың қатарынан ана жылы Қашқардан оралған кезде Жөүкі асуы аузында өздерін дөрекілікпен бөгеп, керуенді тонамақ боп, өзін қоқандықтарға ұстап беремін деп үркіткен сарыбағыш манабы Төрегелді Ибадуллинді де көрді. Ол орыстың үлкен ұлығының жанынан Шоқанды байқаған кезде, абыржып, аузына сөз түспей қалды. Бірақ Шоқан жүзінен сес аңғарылмағаннан кейін еңсесі көтерілді. Басқа манаптар секілді ол да өз руының патша ағзамның құзырына өтуге дайын екенін білдіріп жалпақтап жатты.

Бішкекке жеткенде оларға Шолаққорғаннан бестамғалы елінің әйгілі биі Шоқай жіберген адамдар да келіп жолықты. Олар бидің орыс боданы болу үшін өз рубасыларын Әулиеатаға ертіп келуге келісетіні жайындағы жауабын жеткізген.

Сонымен бірге экспедиция жолшыбай қазақ пен қырғыз арасындағы жер дауы мен мал дауына қатысты бірқатар таластарды да шешті. Черняевтің лагерінде қырғыздар мен қазақтардың белгілі адамдарынан құралған билер соты төрт күнге созылды. Осыдан аз бұрын ғана Омбы әкімшілігіне билер сотын қазақ арасында қалдыру туралы ұсынысын жазбаша түрде берген Шоқан үшін бұл екі халыққа әуелден тән осы бір көне дәстүрді іс



жүзінде тереңдей таныған мәнді оқиға да болып еді.

Не жоқ десеңізші мұнда! Шешендік сөздің тау суындай ақтарылған тамаша үлгілері де, әр сөздің астарынан сыр аңғаратын байыпшылық та, қарсыласының шамына тимейтін бипаз дипломатия да, айтар ойларын түйдек-түйдек дәйектермен алға тартатын нақтылық та, бітімге, уәжге тұра білетін кісілік те — бәрі-бәрі бар.

Шоқан қызу араласқан билер сотының нәтижесі жаман болған жоқ, ол дулаттар мен қырғыздар арасында біраздан бері талас төркіні боп келе жатқан даулы мәселелерді шешудің ортақ түйіндерін тауып берді.

Әрі полковник Черняев Дербес Сібір корпусының командиріне жазған рапортында бұл туралы *«біздің жергілікті халықпен байланыста тәуір нәтижеге жетуімізге штабс-ротмистр Уәлиханов пен Алатау округі бастығының көмегімен, артиллерия поручигі Мединский өздерінің біліктіліктерімен және күш-жігерлерімен көп қолғабыс етті»*, – деп атап көрсетті.

Өзін жарты патша ретінде сезінген шенқұмар полковниктің жорықтың бастапқы кезеңінде бітімшілік, аудармашылық міндетті атқарып жүрген Шоқанға қояр кінәсі жоқ. Бар келіспеушілік Әулиеата маңына жеткенде ғана бұрқ ете қалғандай.

Алайда бұл жорықта негізінен отарлаушылық пиғылды ұстанған офицерлер арасына түскен Шоқан жағдайының әуелден оңай болмағанын суретші М. С. Знаменскийдің сол экспедиция кезінде жүргізген күнделігінен-ақ аңғарар едік. Онда қазақ перзентінің сол шақтағы халін айқын байқататын мынадай жолдар бар.

*«...Мамырдың 25-і. Мерке. Сағат 10-да біз өз жолымыздағы қиратылмаған осы жалғыз қамалға жақын маңда құрылған шатыр қасына жиналды. Тісті қабырғалары, бұрыштарындағы шығыңқы мұнаралары мен дуалдың аржағынан сығалай көрінген үйлер – осылардың бәрі маған көне суреттерден таныс ортағасырлық феодалдық қорғандарды еске түсіреді. Соларды шола жүріп, біз тамақтану үшін жасыл шатыр ішіне біртіндеп кіре бастадық, штабтықтар ұзын үстел басына жайғасыпты; алдымен келгендер жинамалы орындықтарда, кешіккендері*

бөшкелердің немесе «киев тосабы» деген жазуы бар бос жәшіктердің үстінде отыр.

Уәлихановтың алдындағы табақшада беттері жазуға толы, соңына мөр басылған екі парақ сарғыш қағаз жатыр, үшіншісін ол оқып әрі аударып отыр. Бұл – манаптардың хаттары.

«Біз орыстардың келе жатқанын естіп, өзіміздің ақ патшаның құзырына жүгінетінімізді білдіргіміз келеді, – деп оқыды Уәлиханов. – Бар ғұмырымызды патшаның тұз-дәмін ақтауға арнасақ дейміз. Бұрын ханға тәуелді болғанымызда, бізге оның тұз-дәмі бұйырған еді, бүгінде хан билігің күні бітті, енді сіздердің сая болуларыңызды өтінеміз. Жерімізбен де, малымызбен де – патша азғамның құзырына ауамыз...»

Тамақтану сәттері еш уақытта да тыныш өтіп көрген емес. Хаттар оқылып болғасын, Әулиеата жөніндегі мәліметтер ортаға салынды. Әулиеатада 1000-дай сарбаз, 500 үй, 2 зеңбірек бар дейді... Қала тұрғындары ақ патша Әулиеата мен Түркістанды алуға рұқсат бермейді, орыстар өткен жылғыдай сырттай қарап-қарап қайтып кетеді, дегенге сеніп отырған көрінеді.

Бірақ сөздің соңғы жағы әдеттегісінше, өңештеген шулы айтыс-тартысқа ұласып кетті...

— Бұл орыс сөзі емес, ол бұрын қолданылмайтын және орыс тілінде қазір де қолданылмайды, – деді шеттен шыққан бір дауыс...

— О, Жаратқан! Тағы да басталды, – деген үн естілді екінші жақтан. — Университетке барудың қажеті жоқ, бір жорықта энциклопедист боп шығасың.

...Даудың басы қандай сөз үшін көтерілгені шу саябырланған кезде белгілі болды, әңгіме «барымта» сөзі туралы екен.

— «Барымта» — мүлдем сіздер айтып жүрген «баранта» емес. Барымтаға қазақ заңы рұқсат етеді. Ол — кінәлі жақтың малын айдап кету ғана. Яғни әділеттілікті өз күштерімен қалпына келтіру. Ал сіздердің баранта дегендеріңіз — шабу деп аталады.

Тағы да өңештеген шу көтерілді. Қорғандағы қираған ұяларынан амалсыз қоныс аударып, біздің шатырымыздың тіреу ағашына ұя салуға кірісіп жүрген қарлығаштар да шудан

*сескеніп дереу сыртқа ұшып шықты.*

*– Бәйтік және сол сияқты мырзаларға құрмет көрсетудің орнына, оларды қамшымен сабап, шыбықпен дүрелеген жақсы болар еді.*

*– Әрине, бұл көзқарасқа таласуға болмайды, ол көп жерде әлі қолданылады, мәселен, плантаторларды алайық. Бірақ мен қазақтарда ұрып-соғып жазалау әдісі қолданылмайтынын, әрі қолданылмағанын да айтар едім.*

*– Сөз болғаныңа! Міне жаңалық! – Айқай-шудың қатты көтерілгені сонша, жұмыстарына қайта кіріспек боп шатырға енді енген қарлығаштар біздің фуражкаларымыздың үстінен бір айналып, тағы да жоғалды.*

*– Ал, егер, қамшының зәрі қазір далаға енген болса, – деп сөзін одан әрі жалғастырды шешен, қарсыластарының дуылдаған даусы басылғаннан кейін, — ол орыс цивилизаторларының ала келгені.*

*– Айтады екенсіз, мүмкін дәлелдерсіз.*

*– Ал дәлелге мен облыстық губернатор генерал Клейстің бұйрығына көз салып көріңіздер дер едім. Онда қазақтардың тұрмыс-жағдайын жақсарту жөніндегі жобалардың қатарында қамшы туралы да айтылған...»*

Бір өкініштісі, Қазақстанның Орталық мемлекеттік музейінде сақтаулы суретші күнделігінің бұдан кейінгі беттері жоқ. Нағыз Шоқанның өзімен дауласушыларға қарсы лайықты жауап бере бастаған шамырқанған сәтін суреттейтін беттер...

Туған халқының адал перзенті, оның жоғын жоқтап, мұңын мұңдайтын, Петерборда бар халыққа да бірдей пейіл төгетін гуманистердің, ойшылдардың ортасында болып келген дегдар Шоқанға Черняев төңірегінде жүрген кей офицерлердің көзқарастары түрпідей тиер еді. Ауық-ауық келіспеушіліктер тұтанып қояды. Әулиеатаға жақындаған кезде Черняев те оған бейілі өзгере бастаған сынай танытты.

Оның да өз себебі бар еді. Алматыдан Әулиеатаға беттегелі жолай жатқан елдерді Ресей патшалығының қарамағына тарту, көп қырғиқабақ таластарды шешу мәселелеріне қатысты талай істер атқарылды. Ол жұмыстарда полковник мәлімхатында айтылғандай, Шоқан қосқан үлес ерекше байқалды. Ал бұл жайт, Черняев штабындағы іші тар кей жандарға ұнай қоймаған. «Қай-

қайдағы қырғыз-қайсақ офицерінің беделі бізден асып кеткеніне жол болсын». Содан кейін-ақ отряд командирінің өзіне сөз тасушылар көбейді.

«Экспедиция басшысы Сізсіз, – деп бипаздаған олар. – бірақ бұл жорық біткен кезде, оның бар абыройы Сізге емес, Уәлихановқа ауып кетеді деп ойламайсыз ба? Ал біздің байқауымызша, солай болатын секілді. Өйткені Сіз оған көп өкілдік беріп қойдыңыз. Бұратана халық арасында Уәлихановты осы жорық басшысы деп танушылық бар...».

Шенқұмар Черняевтің шамына тиюге осы сөздің өзі жеткілікті еді. Ол Шоқанды үлкен істерден шеттетуге іштей бекінеді.

Экспедиция Әулиеатаға маусымның 2-сінде келіп жетті. Мұнда Меркедегідей жағдай жоқ. Мерке жұрты орыс әскерлері жақындағанын естісімен, Әулиеатаға қарай үй-іші мен дүние-мүлкін ала қашқан хәкімдері Тұрдықұл молда мен Шәдібек датқаның артынша-ақ, тайлы-таяғы қалмай бекіністі тастап кеткен-ді. Әулиеатада ондай емес. Шаһар төңірегіндегі Тектұрмас дөңіне әскерлерін шығарып кәдімгідей ұрысқа дайындалып тұр. Дегенмен мұздай қаруланған орыс қолының айбары оларды ықтырмай қоймады. Кейін шегініп, бекініске барып паналауға мәжбүр болды. Әулиетаның хәкімін биылғы жылдың басында Шымкентке келген кезінде Ташкент парманашысы Нұрмұхаммед тағы ауыстырып, былтыр ғана отырған Ташқара жасауылбасының орнына Ниязәлі биді тағайындап кеткен. Қамалдағы сарбаздардың пансатбасылары (бесжүзбасылары) етіп, шанышқылыдан шыққан Исламқұл мен Темірді де өз пәрменімен бекіткен.

Әулиетаның өзіне сес көрсетуі Черняевтің шамына тиген сыңайлы. Ол қалаға тіке шабуыл жасасам ба деп те ойлаған. Бірақ, қасындағы Шоқанның экспедиция мақсатында көзделген алдымен келіссөз өткізу жайын ұмытпалық деген сөзі ғана тоқтау салды. Полковниктің атынан Әулиетаның хәкімі Ниязалы биге қаланы ұрыссыз беру жайын талап еткен хат жөнелтілді.

Экспедиция құрамында оған қатысқан екі жүзден астам қазақ милициясынан өзге 5 сұлтан, 22 би де болған-ды. Солардың бірі Шоқан бұрыннан білетін Сұраншы Ақынбекұлы еді. 1860 жылы Қанағатша парманашы бастаған ғазуат кезіндегі Ұзынағаш

шайқасында Кенесары балаларымен бірге қоқан қолы жағына ауып, байырғы танысы Колпаковскиймен ат құйрығын кесісіп, орыс қарамағынан көшіп кетсе де, арада көп уақыт өтпей, Алатау округінің бастығына қайтадан хат арқылы хабарласып, ел-жұртымен атақонысына оралғысы келетінін білдірген-ді. Әуелден Сұраншыға ілтипатпен қарайтын Колпаковский оны бұрынғыдай құрметпен қарсы алатынын айтып жауап хат жазған. Содан бері шапыраштының биі онымен қайтадан бірге. Енді міне, орыстың қоластына өткен соң, ілеспесе тағы болмайды, қасына жарамды жігіттерін ертіп, талай жыл қазаққа тізесі батқан қоқан билігін алаштың атақонысынан аластату жорығына қосылды.

Әулиеата хакіміне бітімшілік хатпен кім елші боп баруы керек дегенде, Шоқанның кеңесімен, салмақ өзіне бұрыннан жақсы таныс Сұраншы биге түскен еді. Батыр да қарсы болмады. Маусымның 2-сі күні полковниктің атынан Шоқанның түркше жазған хатын алып бекініске аттанды.

*«Әулиеата қорғанының құрметті хакімі Ниязалы биге, – деп басталған еді ол хат. – Біздің айтарымыз мынадай: Мен ұлы мәртебелі патша ағзамның әмірі бойынша Әулиеатаны алуға әскеріммен келіп тұрмын. Бостан-босқа қан төкпес үшін Сізге өзіңіз бізден қорғай алмайтын қамалды ақ патшаның әскерлеріне тапсыруды талап етуді өзімнің ең бірінші борышым санаймын. Ерлікпен қорғағандығына қарамастан Қосқорған, Күмісқорған, Ақмешіт, Жаңақорған, Дінқорған және бүкіл хандығыңыздағы қорғандардың ішіндегі ең мықтысы Бішкектің басына түскен жағдай біздің күш-қуатымыздың қандай екендігін көрсетеді. Ал Қоқан әскерлерінің Құмсуат, Ақмешіт, Ұзынағаш түбіндегі жеңілістері орыс қаруының ешкімге дес бермейтін қуатына көздеріңізді жеткізген болар.*

*Мен құдіретті патшамның атынан қамал бір оқ шығарылмастан берілетін болса, қорған ішіндегі қоқан бодандарының бәріне де өмірін, мал-мүлкін, еркіндігін сақтауға сөз бермін. Өткен жылы мен басқарған орыс әскерлерінің Созақ пен Шолаққорғанды уақытша басып алғандығы – менің сөзімнің қайтып алынбастай беріктігіне куә бола алады. Сіз менің ұсынысымды қабылдасңыз, Әулиеата тағдырын өзгерте алмайсыз, сондай-ақ гарнизон мен тұрғындарды қырғынға ұшыратасыз, ал бізге берілуге ақылмен келіссеңіз, ішкі айтыс-*

*тартыстарда және өздеріңізбен теңдес сыртқы жауларыңызбен күресу үшін қажетті көптеген жауынгерлеріңізді аман сақтап қаласыз. Қорғанамын десеңіз, бұл өз еркіңізде. Бірақ мұның салдарының ауыртпалығын өзіңізден көресіз.*

*Жауапқа 3 сағат белгілеймін. Полковник Черняев».*

Черняев елшіні «Үш сағат ішінде жауап болмаса, қалаға оқ жаудырамын» деген ескертпемен шығарып салды. Бірақ Сұраншы айтқан уақытта орала қоймағасын, полковник сегіз зеңбіректен бекініске қарай оқ атуға бұйрық берді. Шоқанның басқа офицерлермен бірге «онда елшіміз бар ғой, ертеңге дейін күте тұрайық» дегеніне де қарамады. «Бұл жерде командир мен», деп бұйрығын орындатып тынды.

Сұраншы тек келесі күні таң әлетінде ғана қасына бір саудагерді ертіп оралды. Ниязалы би ойлану үшін он төрт күн мұрсат сұрапты. Черняев бұны естігесін тағы кәріне мінді: «Бізді алдағысы, басынғысы келгені ме бұл», – деп біраз ашу төкті де, Шоқанға: «Біз қойған шартымызды өзгертпейміз», – деп қайта жауап жазғызып, әлгі саудагердің қолына ұстатты. Онымен ғана тоқтаған жоқ, сәлден кейін зеңбіректерден тағы оқ атуға бұйрық берді. «Хәкімнің жауабын күтейік, бәлкім, ол райынан қайтқан шығар, халықты жазықсыз қырмайық», деген Шоқан сөзіне құлақ аспады. Анадағы жандайшаптары айтқан әңгімеден бері оған іштей кіжінулі жүрген полковник бәрін өзінше шешуге кірісті...

Сөйтіп жазықсыз елдің қанын төгуге еш жандары ауырмайтын екі «қолбасшы» – бекіністе Ниязалы би, сыртта полковник Черняев болып халықты қырғынға ұшыратты. Екі ротаны, екі тау зеңбірегі, екі ракеталық станогы бар қос казак-орыс жүздігі мен қазақ милициясын қосында қалдырған полковник, маусымның 5-і күні таңғы алтыда құйып тұрған жаңбыр астында подполковник Лерхе бастаған бес рота, бір казак-орыс жүздігі және сегіз зеңбіректен тұратын әскерлерін Талас өзенінен өткеріп, бекіністің батыс жағына шоғырландырды. Содан кейін зеңбіректерін гүрсілдетіп, қамалды снарядпен көміп алды да, жауынгерлерді шабуылға көтерді. Зеңбірек оқтары есеңгіретіп тастаған сарбаздар қарсылық көрсете алмады, бей-берекет қашып, қырғынға ұшырады. Ал Ниязалы болса, төрт жүз атты әскермен бекіністен сытылып шығып

кұтылып кетті.

«Өзім білемінмен» жасаған «операциядан» кейін Черняевтің Дербес Сібір корпусының командирі Дюгамельге жіберген салтанатты рапортынан-ақ Әулиеатаны алу кезіндегі қарсылас күштердің арасалмағын байқау қиын емес. «Біздің отрядтан ешкім шығын болған жоқ, ал қарсыластар жағынан 307 адам қаза тапты. Өлгендердің бәрі дерлік шаһарды қорғаған сарбаздар болды». Өктемдікпен жасалған қанды қырғынға осыдан артық не дәлел керек. Бірнеше күн бойы қаланы төпелеген зеңбірек оғы бейбіт тұрғынға емес, тек сарбаздарға ғана тиіп жатты дегенге қалай сенерсіз.

Шоқан мен Черняев арасындағы келіспеушіліктің шарпысқан түп-төркіні де дәл осы Әулиеата жұртының жазықсыз жапасына қатысты еді. Көз алдында өткен сол жауыздықтан кейін Шоқан жорыққа енді ілескенімнің қажеті жоқ деп шешкен. Бейкүнә халықтың босқа қырылып жатқанына арашашы бола алмағанына құсаланған ол, полковниктен өзін кері қайтаруды сұранды.

Әрі Черняев қатыгездігіне реніш білдірген тек жалғыз ол ғана емес еді. Мұрағат деректері осы Әулиеатадан кейін отряд құрамында болған бірнеше офицердің қолбасшы жауыздығына наразы боп кейін қайтқанын айтады. Шоқанмен бірге Верныйға суретші Знаменский, капитан Васильев, штабс-капитан Семенов, подпоручик Бессонов, подпоручик Грязнов және поручик Ғази Уәлиханов та оралған...

(Әулиеата маусымның 5-і күні жаулап алынды. Содан үш күннен кейін Түркістанды да Ақмешіттен келген Сырдария шебінің бастығы полковник Н. А. Веревкин бастаған 1637 адамнан (5 жаяу әскер ротасы, 2 казак жүздігі, 10 зеңбірек, 6 мортир, 2 ракеталық станок) және жүзден астам қазақ жасағынан тұратын әскер қоршауға алып атқылауға кіріскен болатын. Веревкин мұсылмандардың қасиетті Әзірет Сұлтан кесенесін зор тарихи ескерткіш ретінде аялап, құрметтеуді де қажет деп таппаған. Төпелеген снарядтың 11-і Йасауи әулиенің басына тұрғызылған осы зәулім ғимараттың қабырғасын тесіп өтіп, зақым келтірді. Сондай-ақ сол күндерде Перовскіден шыққан кемелер де қаланың тұсына жетіп, дарияда зәкір тастап тұр еді.

Жаудың Түркістанға таянғанын ести сала Созақтың хәкімі

Сыздық (Садық) Кенесарыұлы қасына ерген 120 жігітімен Сүйіндік шатқалы арқылы көмекке аттанады. Қорғанға жете бере өздерінің жолын кеспек болған есаул Савиннің жүздігімен тікелей айқасқа түспей, өздерінің соңынан қуған оларды алдаусырата, қамалдан атылып жатқан оқ өтіне қарай тарта жүріп, қақпадан кіріп үлгереді. Шәһарды қорғаушылар орыстарға қарсы мылтық пен зеңбірек атқаннан басқа еш шара істеп жатқан жоқ екен. Ал басқыншылар сол кезде қорғанның шығыс жағынан оқпаналар мен жер асты үңгімелерін қазып, қамалды жару жұмыстарын қызу кірісіп кеткен-ді. Сол түні Сыздық сұлтан өзінің жүз жігітімен бекініс сыртына шығып, үңгімелерді қазып жатқан орыстарға шабуыл жасайды. Бес жауынгерді жайратып, қалғандарын бет қаратпай қуып, отыз мылтық пен ор қазушылардың құрал-саймандарының бәрін алып келеді. Түркістан хәкімі Мырзадәулетке тек қорған ішінде отырумен жауды жеңуге болмайды, түнде әскерлерімізбен сыртқа шығып, орыстардың қосынына шабуыл жасайық деген ұсыныс айтады. Алайда хәкім: «менің сарттарым бұлай істей алмайды, қаласаң өз жігіттеріңмен шық, қосып әкете алсаң, қарсы емеспін», – дейді. Дегенмен, шәһарды орыстарға беруге құлықты Түркістан ақсақалы Жәнти Өтепұлы қорғаушыларды сатып кетіп, Сыздық сұлтанның жоспарын тыңшылары арқылы Веревкинге жеткізіп қояды. Орыстар алдын ала зеңбіректері мен мылтықтарын дайындап, оларды тойтаруға дайын отырады. Түн ортасында Сыздық пен Қосымқожаның баласы Құрбанжанмағзұм бастаған салт аттылар мен сарбаздардан тұратын екі жүздей адам қорған сыртына шығып, жаулардың оқпаналарына қарай жылжыған кезде, сақадай сайланулы орыс әскері оларды бораған оқпен қарсы алады. Алайда сарбаздар одан тайсалмай, кескілескен шайқасқа кіріседі. Күші басым жаумен арпалыста талай жігіт шәһит боп, бір сағаттай ұрыстан кейін екі жақ та өз орындарына тарасады. Әйтсе де бұның бәрі пәруана жанталас бопты. Бір күннен кейін Түркістан ақсақалы Жәнтідің өзі шәһардың қақпасын орыстарға ашып берген. Сыздық Мырзадәулет хәкіммен бірге Шымкентке ығысқан.

Жиырма шақты күннен кейін Шымкентке қалың қолмен сонау Қоқаннан Әлімқұл молда да жеткен. Онымен бірге құрама руының сарбаздарын бастап Батырбек парманашы, қыпшақ



әскерінің басшысы Мыңбай датқа және басқа да бірқатар белгілі қолбасшылар ілесе келіп еді. Әулиеата мен Түркістанның орыстар қолына өтуі Әлімқұлды ерекше кектендіргені, оның аса қатал жазалау амалдарын жасағанынан да көрінді. Әулиеатаны беріп шайқассыз беріп қойған Ниязалы биді, Исламқұл мен Темір пансатбасыларын тұтқындап, кейін оларды өлім жазасына кесті. Әлімқұл Шымкенттен Әулиеата мен Түркістанға тіке аттанып кетіп, сол шәһарлардан орыстарды қуып шығуды жоспарлайды. Алайда бұл кезде соған дейінгі жеңіл жеңістерге масаттанған, әрі соның алдында ғана Соғыс министрі Милютиннен келген жеделхатпен Жаңақоқан шебінің бастығы боп тағайындалуына байланысты мерейі өскен Черняев, мұны ести сала, Бас штабтың биыл Шымкентті алуға асықпа, бірден ілгері сұғынып, негізгі шептен алшақтап кету, одан ажырап, қоршауда қалу қаупін туғызады, әрі жаңа бекіністер тұрғызу, қосымша әскер күші мен қаржыны қажет етеді, ол әлі ойластырылмаған шаруа, деп нұсқау бергеніне қарамастан, сол шәһарға қарай екпіндете беттеп келе жатқан болатын. Жеті рота, алты атты әскер жүздігі, төрт зеңбірекпен аттанған ол, шәһарға Түркістан жақтан алдын ала келісім бойынша полковник Верекин жіберген отрядпен қосылып шабуыл жасауды ойлайды да Арыстың оң жағасын бойлай ілгері жылжиды. Дегенмен Бас штабтың капитаны Мейер бастаған үш зеңбірек, екі жаяу әскер ротасы, бір казак-орыс жүздігінен тұратын түркістандық шағын отряд, олардан бұрын Қараспәнтөбе маңынан өтіп, шілденің 13-інде Ақбұлақ жылғасына (Шымкенттен 13-ақ шақырым жердегі Алтынтөбеге) жақындап тоқтайды. Сол күннің кешінде оның отряды орыстардың алдын торуылдап жүрген Нұрмұхаммед парманашының қолымен ұшырасып қалады. Ертеңіне қоқандықтар шабуылға көтеріліп, қырғын соғыс басталады. Бұл хабарды ала сала, Әлімқұл да қалың қолмен Ақбұлаққа жетіп, Мейердің отрядын Черняев әскеріне қоспай қоршауға алып, жойып жіберуге кіріседі. Сыздық Кенесарыұлының жасақтары сол Әлімқұл әскерінің құрамында болады. Дегенмен ойпаң тұстағы тиімсіз шепте орналасып қалып, жан-жақтағы биіктерден атқылған төпеген мылтық пен зеңбірек оғына қарамастан, еуропалық соғыс өнеріне жаттыққан орыс отряды, қоқанның он мыңдай әскеріне берілмей, өздерінің түні бойы дайындап алған

оқпана орларында тасалана қорғанып, күші басым жауға төтеп береді. Олар қоқандықтардың кілең қызыл киім киінген бес жүздей арнайы сарбазының барабан, кернейлетіп сүреңіте ұмтылған шабуылды да ықпастан жанқиярлықпен қарсы тұрады. Екі күндік шайқастан кейін капитан Мейердің ұсынысымен майдан алаңынан өлгендерді жинап алуға келісім жасалады да, өзі де көп адамынан айырылған Әлімқұл олардың кейін шегінуіне мұрсат береді. Қоқан шежірешілерінің жазуынша, осы шайқас кезінде қоқан жағынан Абдолла пансатбасы, Мырзадәулет би, Садық пансатбасы, Дадабай молда, Атабай жасауылбасы сияқты көптеген белгілі адамдары шейіт болыпты. Қаза тапқандардың бәрі сол маңға таяу Қосдиірмен деген жерге жерленіп, ол бейіт содан былай Шаһитмазар деп аталып кетіпті.

Мейердің қоршауда қалған хабарын алысымен Черняевтің оларға көмекке жіберген старшина Катанаев, подполковник Лерхе бастаған әскерлері қоқандықтардың айнала тосқауылынан дер кезінде өтуге мүмкіндігі болмай, тек шілденің 16-сы күні ғана кейін ығысқан түркістандық отрядпен қосылады. Алты күннен кейін орыстар Шымкентке қарай шабуылды бастағанымен, төбе басындағы берік қорғанған шәһарды ала алмайды. Бірнеше күн өздерін қоршамақ болған қоқандықтарды зеңбіректерімен тойтара отырып, көп шығынға ұшыратқанымен, өздері де қамалға жақындауға мүмкіндік таппайды. Бекіністе орнатылған ағылшын үлгісімен жасалған жаңа зеңбіректер оларды ілгері жылжитпай қойған. Қоқан хәкімінің найибі (көмекшісі), Пенджабтан келген офицер (джамадар) Кабули ауған басқарған зеңбірекшілердің дәл көздеп атуынан сескенген шабуылдаушылар, оларды еуропалық артиллеристер деп те ойлап, бұл жолы Шымкентті алу қиын екендігін түсінеді. (Қоқандықтардың зеңбіректері мен қару-жарақтары сапасының артық екені, әскербасыларының да осал еместігі Черняевтің кейіннен Бас штабқа жазған хатында да айтылады). Жан-жақты дайындықпен келмесе болмайтынын, әрі оқ-дәрі, қару-жарақты толықтыру қажеттілігін ойлап, шегіне тұрғанды мақұл көрген полковник, Түркістаннан келген Мейердің отрядын Арыс өзенінен әрі асырып сап, өздері келген жолдарымен Әулиеатаға қайтады. Одан кейін Әлімқұл да көп кідірмеген. Бұхара әмірінің Қоқан жеріне басып кірмек болған хабарын естісімен, алдында

жоспарлаған Түркістан мен Әулиеатаға шабуыл жасау жағы кейінге шегеріліп, әскерінің көпшілік бөлігімен Қоқанға оралуға мәжбүр болған. Шымкенттің хәкімдігіне ташкенттік беклербегі Мырзахметті, әскерді басқаруға Рысқұлбек пансатбасыны тағайындап, қорғанның құлаған қабырғаларын тез жөндеуге пәрмен бере кеткен. Жай кеткен жоқ, соңын қанға бояп, өздеріне жау санаған талай елді қырғынға ұшыратып аттанған. Солардың арасында қазақтың белгілі тұлғаларының бірі, дулаттың шымыр руының әйгілі биі Байзақ датқа мен оның жанындағы серігі Әбдуәлі би де бар еді. Әлімқұл оларды «мұсылмандыққа сатқындық жасады», «кәпірлерді қолдады», деген айып тағып, зеңбірек оқпанына байлап атып жіберу жазасын кескен. Орыстар Әулиеатаға жетпей тұрғанда-ақ, қоқан парманашысы, өздерінің Талас аймағына қойған датқаларының бірі Байзақ биге «кәпірлерге қарсы қазауатқа қатыс, өзің басқаратын елді Шымкентке қарай көшіріп әкел», деген талаптарды айту үшін шақырып алып, содан кері қайтармай қойған-ды. Әулиеата бағындырылғаннан кейін, Байзақтың баласы Ақмолданың ағайын-туыс жұртымен бірге орыстар қоластына өткендігі туралы хабар, бидің өлім жазасына кесудің басты уәжі болған...

Черняев Әулиеатаға қайтып оралғаннан кейін Ақмолда оған бір топ адаммен келіп, әкесінің кегін алу үшін он мың адамды атқа қондыра алатынын, Шымкентке аттанатын орыс қосынына қанша көлік керек болса, соншасын тауып бере алатынын хабарлайды.

Қыркүйектің ортасына дейін әскерін демалдырып, қару-жарағын толықтырған, соның алдында ғана Веревкин екеуіне берілген генерал шеніне ерекше масаттанған Черняев Шымкенттен Әлімқұлдың кеткенін ести сала, Соғыс министрлігінің ілгері жылжыма деген нұсқауына қарамастан, тағы да шыдамсыздығына басады. Қыркүйектің 19-ы күні салып ұрып, Шымкенттің түбіне қайта жетеді. Бұл жолы оның қарамағында 10,5 рота, 2,5 казак-орыс жүздігі, бір атты атқыштар жүздігі, 19 зеңбірек, мыңға жуық қазақ сарбазы болады. Сыздық бұл кезде Ташкентте еді. Генерал келесі күні-ақ қаланы атқылауға бұйрық береді. Қорғаушылар жаудың бетін қайтара отырып, қыркүйектің 22-сі күні азанда, орыстардың қамалға жақын орналасқан қосынына өздері де шабуылдамақ боп,

қақпадан шыққан мезет, соған дейін су құбыры арқылы қорған іргесіне тасаланып жетіп үлгерген подполковник Лерхенің төрт ротасының тұтқиыл соққысына ұшырайды. Сарбаздармен қолма-қол істіктесе, атыса жүріп, солармен бірге қамал ішіне енеді. Олардың соңынан ұмтыла қалаға кірген басқыншылар да шектен шыққан жүгенсіз ойранын бастайды, әскери тұрғыдан ақтауға болмайтын жауыздыққа ерік береді. Сол шайқас пен зорлық-зомбылық барысында шәһардың үш мыңнан астам қорғаушыларын қырып салады. Шоқанның әуелден Черняевтен жаны безіп, оның қасынан түңіліп кеткені де халықты қайғыға көмер төнер осындай зұлымдық пен тақсіретті көзімен көргісі келмегендігі еді ғой.

Әрине орыстардың өз қатарында да өлім-жітім болды. Бірақ олар қаланы қорғаушыларға қарағанда әлдеқайда аз еді. Барлығы 5 адам қаза тауып, 41 адам жараланыпты. Осы жорық барысында орыс жағында болған қазақтар да шығынға ұшырайды. Солардың арасында Сайрам үшін соғыста хорунжий Сұраншы Ақынбекұлы жан тәсілім етіп, шапырашты Сарыбай би жамбасынан жарияланады... Әдеттегідей, бұл жорықтан соң да, қазақтардың көзге түскен бірқатар адамдарына марапаттар берілді. Солардың арасында шымыр Байзақ бидің баласы Ақмолда капитан шенін, сиқым Құдайберген Байетұлы майорлықты алды.

Қанды жорық қолбасшысының араны Шымкенттен кейін одан әрі ашыла түседі. Тағы да ескі ауруына басқан Черняев Бас штабқа хабарлауды қажет деп таппастан, бес күннен кейін Ташкентке де салып ұрып жеткен. Үш күн қамалдың осал тұстарын байқап болған соң, шабуылға шыққанымен, қатты тойтарыс көреді. Қабырғасының ұзындығы 25 шақырымға жететін 12 қақпалы зор шәһарды аз күшпен, дайындықсыз басып алу оңай шаруа емес еді. Орыс зеңбіректері қамал қабырғасының бір тұсын құлатып, подполковниктер Лерхе мен Обухтың роталары сол ойыққа ұмтылғанымен, оның іргесіндегі ылдиды түспен өрлеу қиямет болған. Қорғаушылар орыстарды мылтықтың бораған оғымен көміп, үстерінен қол бомбалар лақтырып тыпыр еткізбей қояды. Лерхе мен Обух ауыр жарақат алады. Черняевтың бұйрығымен қорғанның сол тұсына зеңбіректердің оғын түйдектете бағыттау арқылы ғана, әзер дегенде, олар кейін шегініп толық қырылудан аман қалады.

Шоқанның ескі танысы В. Обух сол жарақаттан көз жұмады. Қорғанысы берік шәһарды оңайлықпен ала алмайтынын байқап, ертеңіне Шымкентке қайтқан Черняевтің бос жеңілтектікке салынып, алды артын ойламай, орынсыз адам шығынына ұшыратқан осы сәтсіз жорығын патшаның өзі: «соншама адам шығынына ұшыратқан, түк қажеті жоқ шабуыл жасалғаны тым өкінішті», деп сынға алса, Дюгамель оны: «еш миға қонбайтын байыпсыз әрекет», деп бағалады. Петербордың көптеген дәрежелі ұлықтары өзімдікке салынғыш, менмен ойлы генералды осы жөнсіз әрекеттеріне байланысты жазалау керек екенін қанша талап еткенімен, ол бәрібір аяқсыз қалды. Қайта, 1865 жылдың басында, орыстар қоластына енді өткен жерлерден, яғни Жанақоқан шебінің түстікке ұзарып, алдыңғы шегі Шымкент пен Түркістанды да қамтыған отар аймақтан жаңа Түркістан облысы құрылғанда, Черняев оның әскери губернаторы болып тағайындалды.

Қоқан шежірешілері Ташкентке алғашқы орыс шабуылы жасалған кезде, оны қорғаушылар арасында құрама руының хәкімі Хайдарқұл, өзбектердің (құжаттарда – сарттардың) күшбегісі Мырзахмет, Хожент хәкімі Мұхаммедаюб, қазақ сұлтаны Сыздықпен қатар, 1846-1852 жылдары Кереуші мен Ташкент шәһарларының хәкімі болған қыпшақ Нармұхаммед күшбегінің қайнысы, бұрынғы Ақмешіт пен Хожент хәкімі, Қоқаннан келген әскердің батырбасысы Жақыпбек сарттың (1820-1877) да болғанын айтады.

Сол қыста қыпшақ Әлімқұлдың Ташкенттегі ордасына Қашқардан тарту-таралғыларын ала келген елшілер өздеріне қожалардың әйгілі бір тұқымын хәкім етіп жіберіп, ондағы мұсылман билігін нығайтуды сұранған кезде, Қоқан хандығының бар тізгіні қолында тұрған Әлімқұл, сонау 1825 жылы Алтышәрдегі қожалар көтерілісін бастаған Жәңгір төренің (Апақ қожаның тұқымы) жалғыз тұяғы Бұзырықханды сол жаққа аттандырады. Қасына ерген қоқан қолының батырбасысы етіп осы Жақыпбекті (Якупбекті) қосып береді. Арада көп уақыт өтпей Бұзырықхан төренің басшылығымен Алтышәрде маншын үстемдігіне қарсы көтеріліс басталып, 1867 жылы Шығыс Түркістандағы ұйғыр сұлтандықтары біртұтас мұсылман мемлекеті – Жетішәр хандығы боп біріккенде, қожаның

қасындағы Жақыпбек біртіндеп төске шауып, ел билігін өз қолына алады.

...1865 жылдың мамыр айының басында Черняев Ташкентке әбден дайындалып келіп, шәһарды сумен қамтамасыз ететін арықтардың басын бөгеп, қоршауға алу арқылы, титықтатып барып женуге кіріседі. Қоршау басталар алдындағы шайқас кезінде Әлімқұл оққа ұшып, көз жұмады. Шәһар ақсақалдары оның орнына хандықтың бас қолбасшысы (әмір-лашқар) етіп, қыс кезінде Иқан маңында орыстармен өткен ұрыс кезінде Әлімқұлмен тізе қоса жүріп айтулы жеңіске жеткен, әскербасылық қабілеті мол Сыздық Кенесарыұлын тағайындайды. Қазақ сұлтанының өзіне жақын серіктері Арыстанбек Көшекұлы, жалайыр Бекбау датқа, сондай-ақ Қоқан мен Ташкент әскерлері қолбасшыларымен ақылдаса отырып, қорғаныс шараларын ұйымдастыра алуының, күні-түні майдан басында сабылып жүруінің арқасында, қала қырық күн бойы жауға берілмей арпалысады. Алайда хан ордасы тұрған Қоқаннан келген әскербасылар арасынан Сыздықтың бұл әрекетіне қызғаныш білдірушілер де табылады. «Орыстар шәһарды ала алмайтын сияқты. Егер олар дәл былтырғыдай, тағы шегініп кетер болса, қазақтан шыққан мына төре Қоқан мен Ташкенттің билеушісіне айналады, сонда біз дымсыз қаламыз», деген ойға бекініп, оның көзін құртпаққа бекінеді. Мұны естіген ташкенттік бектер Сыздыққа жақтасатынын білдіріп, қоқандықтарды қырып салуды ұсынады. Сұлтан оған көнбей, іргеде орыс әскері тұрғанда, бұлай бірі-бірімізбен қырылысып жатуымыз жарамайды, одан да екі қала әскерлері арасындағы қайшылық ушығып кетпей тұрғанда, Бұхара әмірінің қоластына өтіп, одан көмек сұрайық, деген ойды айтады. Бұл пікір Ташкент билеушілері мен дінбасылары тарапынан қолдау табады. Бұхара әмірі олардың тілегі бойынша, қаланың басшылығын қабылдайтын арнайы бектерін жіберіп, Сыздық оларға Қоқан хандығының билігін тапсырған соң, Қоқаннан келген әскерлер де енді Бұхардың қоластында соғысқысы келмей еліне қайтады. Әмірдің көмекке әскер жібермек болған бастапқы уәдесі кешеуілдеген осы күндерді Черняев те ұрымтал пайдаланып қалады. Сыздық бас қолбасшылықтан кеткелі босаңсып, күзеті әлсіреген қала қорғанысын маусымның 15-і күнгі таң сәріде

бұзып-жарып Ташкентке кіреді. Сыздық жау қорғанға енген сол сәттерде де тұрғындар алдына шығып, егер олар соңынан ерсе, орыстарға қарсы соғысқа басшылық жасауға дайын екендігін жариялағанымен, қырық күнгі қоршаудан қажыған жұрт оны қолдай қоймайды. Содан соң Сыздық өз жігіттерімен Көкше дарбазасынан Келеске қарай шығып кетеді...

Қазақ сұлтаны бұдан кейінгі жылдары Бұхара, Самарқанд, Хиуа өңірлерінде де орыстарға қарсы ерлікке толы жанқиярлық, қолбасшылық күресін тоқтатпайды. Сыздық төре орыс басқыншыларынан ығыса-ығыса, 1873 жылы Қашқар жеріне өтуге мәжбүр болған кезде, оны алты жылдан бері Жетішәрдің ханы боп отырған, 1865 жылдың қысында әмір-лашқар Әлімқұл қыпшақ Алтышәрге әскербасы етіп арнайы жіберген Жақыпбек (Якупбек) аталық-ғази ілтипатпен қарсы алып, оны өзінің ордасындағы батырбасы-кеңесшілік қызметке тағайындайды... ).

## 6. Шарасыз арпалыс

Әулиеата жорығынан түңіліп қайтқан Шоқан Алматыға маусымның 24-і күні жетті. Бекіністе генерал Г. А. Колпаковский жоқ екен. Алатау округінің бастығы бұл кезде Қытаймен шекарада туындаған мазасыз ахуалдарды байыптап қайтуға кетіпті. Шілденің 5-і күні Шоқан оның атына: *«Әулиеата экспедициясынан қызмет орным С.-Петербор қаласына қайтып бара жатып, Сіздің мәртебеліңізден маған кейін оралу үшін жол және көлік ақысын беруіңізді сұраймын»* деген мәлімхат жазды. Шілденің 7-сі күні оған жазбаша түрде жауап берген Колпаковскийдің орынбасары, өзінің құзіреті жол қаражатын тек Семейге дейін беруге ғана жетегінін айта отырып, одан арғы қаржыны Семей облысы әскери губернаторының басқармасынан алуға болатынын түсіндіреді, Шоқанға қос пошта атының ылауына ғана төленетін ақы беріледі де, ол шілденің екінші жартысында Верныйдан Омбыға қарай шығып кетеді.

Алайда жолшыбай бұрыннан мазалап жүрген өкпе науқасы тағы да мазалап, Күреңбел жайлауында отырған Ұлы жүздің албан руының аға сұлтаны, полковник Тезек Нұралиннің ауылына жеткенде аялдауға мәжбүр болады. Әуелі аз күн тыныстап, жағдайым түзелгесін, әрі қарай жылжып кетермін деп

ойлаған. Бірақ бұл дамылдаудың ақыры оның осы өңірде мәңгілік тұрақтап қалуымен аяқталды...

Шоқанның Омбыға уақытында жете алмауы ондағы басшылардың да назарынан тыс қалмайды. Дербес Сібір корпусының штаб бастығы генерал Кройерус дереу Алатау округінің бастығы Колпаковскийге арнайы хат жазып, Шоқанның хабарын сұрайды. Ол: *«Қоқан шебінің бастығы Черняев шілдеде маған экспедициялық отряд құрамында тілмаш болған штабс-ротмистр Уәлиханов Омбыға аттанып кетті, деп хабарлаған еді. Уәлихановтың Әулиеатадан шыққанына екі айдай уақыт өтсе де ол әлі мұнда келген жоқ, сол себепті Мәртебелім, Уәлихановтың қайда жүргенін анықтап, мені құлағдар етуіңізді өтінемін»*, деген сұраныс жіберген. 10 қыркүйекте штаб бастығына жазған жауабында, Колпаковский өзінің сұрау салуы нәтижесінде, Уәлихановтың жолда науқастанып қалуына байланысты, Тезек сұлтан ауылында аялдағанын, қазір Алтынемел бекетінен төрт шақырым жерде тұрған сол ауылда денсаулығының жайына қарап шыға алмай жатқанын хабарлайды.

Қазан айында Колпаковскийдің өзі де Құлжа беттегі шекара бойында орналасқан әскерлерді тексеріп қайтуға бара жатқан жолында, Алтынемел бекеті маңында күзеуде отырған аға сұлтан ауылына бұрылып, Шоқанмен арнайы кездесті. Байырғы танысының алыс жолға жарамайтын ахуалын байқағаннан кейін, өз тарапынан штабс-ротмистрдің жан-жақты мүмкіндігіне әбден лайық ұсыныс білдірді. Құлжа жаңжұңынан (цзян-цзюнінен) Алатау округінің бастығына бағытталатын дипломатиялық поштаны осы ауылда қабылдап, мәнжуше мәтінінен аударып, көп реттерде шекара шебін, дуан ішін аралаумен жүретін Колпаковскийдің жүрген тұстарына қарай бекет шабармандары арқылы аттандырып тұруы қажет. Бағыт алған Омбысына жетуге денсаулығынан сескеніп, әрі Петерборға бару мақсатының алыстап бара жатқанына көңілі құлазып жүрген Шоқан генерал танысының ұсынысына көп ойланбастан келісімін берді.

Колпаковский Шоқанға ат басын бұрған сол жолы «Современник» журналының 1864 жылғы маусым айында шыққан санын да ала келген екен. Ондағы «Қазақ даласы» атты көлемді мақала тақырыбының астына «Шоқан Уәлихановқа



арналады» деген жазу бар еді. Авторы – К. Губарев. Бір жағы жолсапар секілді өріліп, Кереку маңы, Баянауыл мен Қарқаралы төңірегінiң табиғатын суреттей отырып, сол кездегi журналистикаға тән «эзоп тәсіліне» салып, қазақ кедейлерінің де ауыр халін сыпаттап кеткен журнал мақаласында ол туралы: «Соңғы кездерде сұлтандар мен билер өз еріктерімен балаларын Омбы кадет корпусына бере бастады, одан Шоқан Уәлиханов сияқты Сібірдің бірде-бір жұртының арасынан соған дейін еш байқала қоймаған соншама қабілетті, жетік және іскер тұлға шықты», деген жылы лебіз білдіріліпті. Өзінің туған нағашысы Мұса Шорманұлы туралы да жазылған жолдарды күлімсірей отырып оқыды. «Баянауылдың аға сұлтаны өзін басқалардан жоғары сезініп, маңғаз қалыпта ұстайды, Орта жүздің белгілі өкілі, яғни өз еліндегі беделді шонжарлардың бірі ретінде, екі мәрте Петерборда болып, патшаның таққа отыру салтанатына қатысқан; аға офицерлік эполеттерді тағынып, беліне қылыш байлап, француз қолғаптарын киіп жүреді, биге қызу араласып кетеді, тек жоғары мансаптағылармен ғана араласады, кейде ортақол шенеуніктерге де меймандыққа келуге ілтипат бөліп, олардың кешіне сағат 10-да бір-ақ келеді; егер одан неге кешіккенін сұрар болса, ол: «өзіне құрметпен қарайтын адам қонаққа ерте келуші ме еді», деп жауап береді. Бір сөзбен айтқанда, толық мәнінде цивилизацияланған азиялық бітім», деп сипаттапты автор сәл мысқыл араластыра. Көз алдына өткен қыста ғана аға сұлтан нағашысы екеуінің Омбыда қатар жүріп думандатқан күндері оралды. Сонда осы мақаланы жазған Константин Губаревпен де жолыққан-ды. Губернатормен бірге қазақ даласын аралап қайтқан сапарынан көп нәрсе түйген «Современниктің» журналшысы Шоқаннан да біраз мағлұматтар алған-ды.

Атақты ақын Некрасов басқарып отырған күрескер журналда жарияланған осы мақаланың өз атына арнап үлкен пейіл танытқаны Шоқанды ерекше толқытты. «Мен әлі ұмытылмаған екенмін ғой. Ғылым мен мәдениетке етене қауым, прогрессивті ой иелері мені бұрынғыдай қолдайды екен ғой. Демек, мен сол жарқын қауым, қасиетті орта үшін әлі керек адаммын...».

Осылайша пікір түйген ол, Колпаковскийдің ұсынысымен қатар, дәл сол шақта өзінің осы аймақта қалып та елеулі істер

атқара алатынын ойлаған. Іргедегі өзінің басты зерттеулеріне негіз болып, ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихын тұңғыш рет еуропалық ғылымға толымды тарқатып берген Шығыс Түркістан өлкесінде былтырдан бері басталған дүрбелең оқиғалар барысын, өзі түп-тегін түбегейлі зерделеген ұйғыр мен дүнген халықтарының маншың билігіне қарсы шапқан жойқын бұлғағын таяу жерден байыптап отырғанның өзі орайы келіп тұрған тақырып емес пе? Бәлкім, ол өзіне етене мәселені әрі қарай қаузау үшін де қосымша мағлұматтар ұсынар. Өткен жазда Алтышәрдегі Кушәр, Ақсу, Қашқар, Тұрпан, Йаркент, Хотанда ұйғырлардың, Үрімшіде маншың әскері құрамындағы дүнгендердің, Құлжада дүнген мен ұйғырдың дүр етіп, тізе қоса өз азаттықтары үшін қарулы көтерілістерге шыққанының – оны да елең еткізген жайы бар еді. Сол себепті де Шынжаңның бас орталығы Құлжаға жақын маңда орналасқан аға сұлтан ауылында отырып, таяқ тастам жерде өтіп жатқан, түпкі туындау себептері өзіне жақсы таныс осы бұлғақ барысын, Шығыс Түркістан тақырыбының сол замандағы ең білгір маманы, әлемге танылған зерттеушісі ретінде байыптап отыру мүмкіндігі Колпаковский тарапынан да ұсынылып отырғанда, қалай тартына алсын. Науқасы асқына түскен жағдайына қарамастан, қарап жата алмайтын дағдысына салып, жаңа іске шама-шарқынша кірісіп кетеді.

Әрі осында өзіне іңкәр еткен бір аяулы жан да оның жанына жалау болғандай. Бұрындары әрі-бері өтіп жүргенде, Тезек сұлтанның немере ағасы Көшен Ералыұлының үйінде тұлымшағы желбіреп жүрген ақсары қыз, енді қараса, толықсыған бойжеткенге, жүзінен нұры төгілген әдемі аруға айналыпты. Айсарыдай зипа мінезді сұлуды көріп, жадау көңілі қайтадан серпілгендей күй кешті. Екеуін ортақ бір нәзік сезім жалғағанын ұқты. Көп ұзатпады, ниеттерін ел ағаларына білдірді. Үлкендердің құптауымен Айсары атты сол ару Шоқанға арнайы тігілген отауға сәукелелі келін боп түсті.

Шоқан бұл өңірде сегіз-тоғыз айдай ғана өмір сүрді. Әуелгі үш айдай уақытты аға сұлтан ауылымен бірге Күрәнбелдегі жайлауда, Алтынемел асуы маңындағы күзеуде өткерген ол, қалған айларда негізінен сол Матай жотасының Ілеге қарай еңіс боп барып тұйықталатын күнгейіндегі, қыс кезінде де жайма-

шуақ ықтасын боп жататын Төңірек атты қойнауада орналасқан Тезек төренің қыстауында тұрды. Оның Колпаковскийге қыста жолдаған хаттарының көбісі осы жер атымен Төңірек (Тугерек) деп көрсетіледі.

Бұл кез – содан бір жыл бұрын ғана Ресейдің Жаңақоқан шебін құрып, ілгері қарай ентелеуінің күшейгені себепті, орыс өкілдері ұсынған шекара белдеуі жобасын қабылдауға құлықсыздық танытқан Маншың жағының жағдайы да аса қиындап тұрған шағы еді. Ұлыбритания, Франция сияқты мемлекеттердің Қытайға басқыншылық пиғылдары әлі толастай қоймаған, әрі Тайпин көтерілісінен кейін Шәнси мен Гәнсу уәлаяттарындағы дүнгендер бұлғағына ұласқан ғазуат ұшқынының Шығыс Түркістан өлкесінде де жаппай тұтануы себепті Чиң билігі енді Ресей тарапынан дипломатиялық, әскери көмек алу мәселесін ойластыра бастайды. Сөйтеді де 1864 жылғы шілденің 30-ы күні Дюгамельге былтыр үзіліп қалған келіссөзді аяқтау туралы ұсыныс жолдайды. Қыркүйектің басында Шәуешекте келіссөз жалғастырылып, орыстар ұсынған бұрынғы жоба көп талқыланып жатпай, тез қабылданған кезде, өлке орталығы Құлжа мұсылман көтерілісшілерінің қолына көшіп қойған еді.

Ғазуат ұраны тамыз айының басында Жаңа Құлжаға жетіп, дүнгендер мен тараншылар (ілелік ұйғырлар) мәншың билігінің өңірдегі бас ордасы мен басшы ұлықтарын жоюға атойлап кірісіп кеткен кезде, діні бір қазақ пен қырғыз да солардың жағына шыққан. Тиісінше, мәнжу-қытайды қалмақ, сібе, соландар қолдайды. Екі жақтың кескілескен шайқасы 12 күнге созылып, ақырында жанжұң (цзян-цзюнь) әскері басым түскендей боп, дүнгендер мен ұйғырлар қашуға беттегенімен, билік әскерінің бұл шабуылы сәтсіз аяқталып, зеңбіректерінен де айырылып, эзер дегенде биік қамалдарына барып пана тапқан-ды. Содан бері былтыр Ресеймен шекарада өткен қақтығыстарға байланысты қызметінен кетіп, ісі сотқа берілген бұрынғы жанжұң Чанның орнына жаңадан тағайындалған Іле өлкесінің бастығы Мин Сюй (соған дейін Тарбағатай хебе-анбысы болған) қорған ішінен жан-жаққа шыға алмай шарасыз халде отырған көрінеді. Көтерілісшілер Құрқарасу мен Ақсудың жолын кесіп тастағандықтан, Бейжіңге де хабарды орыстардың Верный

бекінісі арқылы жіберуге мәжбүрленген жайлары бар. Оқта-текте қамалдан шығып, қарсы шабуылдар ұйымдастырып қойғанымен, көбі сәтсіз аяқталады...

Сол қыста Құлжаның тура тұсында орналасқан орыс әскерінің полковнигі аға сұлтан Тезек Нұралиннің Төңіректегі ауылы Қытайдың Іле алабында өршіген мұсылмандар көтерілісі туралы мағлұматтар ағыны түйіскен айтулы бір нүктеге айналды десе де болады. Осы қыстауда науқасымен арпалысып, жаны қиналып жүрсе де көрші елдегі дүрбелең оқиғалар аңысын байқап отыруды өзінің зерттеушілік, қайраткерлік парызы санаған Шоқан Уәлиханов бар естігені мен көрген-білгенін, өз байыптауларын генерал-майор Колпаковскийге жазып тұрды. Сол арқылы кейінгі тарих үшін аса құнды деректер боп табылатын дәйегі нық мағлұматтар қалдырды. Ол хаттар Құлжа өңірінде бұлғақтың қалай басталып, қалай өрістегені туралы нақпа-нақ айғақтарды ортаға тартады.

Шоқанның Колпаковскийге қарашаның 20-сы күні жазған хатында, кеше ғана аға сұлтан ауылына, жанына жеті шерігін ертіп маншың ұлығы Сабитун соқолдайдың (аға офицер) арнайы келгені хабарланады. Ол Іле өлкесінің жанжұңы Мин Сюйдің Алатау округінің бастығына орыс әскерін алып, көмекке тез жетуін сұраған дұғай-дұғай өтінішін әкеліпті. Соқолдай жанындағы жол көрсетуші боп жүрген қазақ жігітінің Шоқанға шет жағалатып айтуына қарағанда, содан он күн бұрын Құлжа іргесінде тұратын дүнгендер өздеріне қосылған төрт жүздей ұйғырмен бірге Сарыбұлақ жағасындағы қамалға шабуыл жасапты. Маншың әскері зеңбіректері және фальконеттерімен атқылап қорғаныпты. Біраздан соң қолма-қол шайқас басталып кетіпті. Дүнгендер біраз шығынға ұшырағанымен, үкімет әскері құрамындағы шәнпәндер (жер аударылған бұрынғы қылмыскерлер) мен қытай жауынгерлері де сегіз жүздей адамынан айырылыпты. Шайқас жүріп жатқан кезде шәһарға іргелес дүнген мәһалласының әйелдері мен балалары дүние-мүліктерін түйелерге артып, үй-жайларын тастап қаладан шыға бастапты. Олар түгел шығып біткен соң, шайқасып жатқан дүнгендер де елудей атты әскерді тасаға қалдырып, бала-шағасының арттарынан шегініпті. Шәнпәндер олардың өз үй-ормандарын тастап кеткенін көре сала, сонда қалған дүние-

мүлікті тонамақ боп тұра ұмтылғанда, тосқауылда тұрған жасақ тұтқиылдан тиісіп, үш жүздей адамды қырып салыпты...

Көтерілісшілердің шегінгеніне масаттанған маншың әскері, екі күннен кейін олардың жиырма шақырымдай жерде құрған қосынын мүлдем жойып жібермек боп, қалың қолмен жорыққа аттанса да, өздері тас-талқан боп жеңіліпті. Шайқастың дәп басында дүнгендер мен ұйғырлар олардың зеңбіректері мен барлық фальконеттерін, екі жүздей мылтығын қолға түсіріпті. Бір шағын қорғанды паналаған шәһпәндерді түгел өртеп жіберіпті. Ханбыңдардың (қытай ұлтты жауынгерлердің) біразы көтерілісшілер жағына шығып, біразы қырғын тауыпты. Мұсылмандар маншың әскерін Құлжаға дейін бездіре қуыпты. Сібе мен соландардың көбі бас сауғалай қашқанның арқасында мол шығынға ұшырай қоймаған көрінеді. Көтерілісшілер жағынан үш жүздей ғана адам қаза тауыпты, дейді.

Аға сұлтан ордасында жүрген Уәлихановқа жанжұнның хатын әкелген қолдайдың өзі де оған бар жайды шамалап айтқанды. Құлжадағы маншың билігінің жағдайы қазір мәз емес екен. Қоршаудағы қалада аштық басталғалы тұр. Сол себепті де ол, жанжұнның көтерілісшілерге қарсы көмек сұраған хатын тезірек Колпаковскийге жеткізуді Шоқаннан қиылып өтінген еді.

Оған қазір Алатау округі бастығының Алматыда жоқ екенін, Омбыға кеткенін, ол жақтан жуық арада орала қоймайтынын, сол себепті хатты қалдырып, қасындағы нөкерлерімен Құлжаға қайта беруіне болатынын айтқанмен, қолдайдың ол жаққа аттап аяқ басқысы жоқ. Жанжұң маған Колпаковский уәде берген орыс әскерін қарсы алып, сонымен бірге қайтасың деп аттандырды, оның бұйрығына қарсы тұра алмаймын деп азар да безері шыққан. Генералдың ондай уәдесі туралы естімеген Шоқан аңтаң. Бәрі жанжұң жазған хатты орысшаға аударып дайындап қояйық, деп Сабитун қолдайдың оған өтініш білдіруінен кейін белгілі болды. Сөйтсе, жанжұнның мұның алдында әскери көмек сұрап жазған хатына берген жауабында, Колпаковский олардың өтінішін патша назарына ұсынатынын, егер император рұқсат етсе ғана, әскермен бірге келіп, қаланы босатуға жәрдемдесетінін білдіргенге ұқсайды. Жаны қысылған жанжұңға бұл уәде берген сияқты байқалған болуы керек, орыстар бізге көмекке келеді, деген қуанышын жасыра алмапты. «Сіздің бұл ниетіңізге

ризамын, екі ұлы мемлекеттің достығын айрықша бағалай отырып, Сіз бастап әкелетін әскерді қарсы алу үшін, соқолдайды алдыңыздан арнайы жібердім. Егер Сіз бізге тез жетіп, қаланы хой-хой (мұсылман) тонаушыларынан азат етсеңіз, біз талай мың жыл бойы ұмытпай жүретін игілікті іс атқарар едіңіз, біздің халқымыз жақсылықты бағалай біледі», деп ақтарыла ағытылыпты. Бұдан он жылдай бұрын Шоқанның Құлжаға келіссөзге қатысуға барып, екі айдан астам мекен еткен орыс факториясының жайынан да хабардар етіпті. Дүнген тонаушылары оны да қирата бастағаннан кейін, әскер жіберіп құтқарып қалғанын жазыпты.

Әрине Колпаковскийдің Құлжаға әскер апаруға құзырының жетпейтіні, оны тек патша сарайының ғана шеше алатындығы, ал сыртқы істер мен соғыс министрлері Горчаков пен Милютиннің Шыңжаңдағы оқиғаларға орыстардың араласпауы керек деген мүддені ұстанатындығы Шоқанға белгілі болатын. Олар мұндай әрекет Ресейге бағынышты ғана емес, іргедегі мұсылман жұрттарына да кері әсерін тигізіп, қосымша бас ауруын туғызуы мүмкін, қайта Қытаймен арадағы шекара күзетін катаңдандыра түсіп, жаңа қарауылдар қойып, екі ел мұсылмандарының бір-бірімен қарым-қатынасын шектеу қажет, деп есептейтін. Дегенмен Колпаковскийдің алғашқы хатындағы сәл жылы сөзіне емексіген мәнжу ұлығы, соған дардай боп, ақ патша бұл мәселені Қытайдың пайдасына шешетін шығар деп, дәмеленіп қалған екен.

Тезек ауылына келген қолдайға бұл жайды қанша түсіндірейін дегенмен, оны өз айтқанынан айныта алмады. Колпаковскийдің жауабын тек өз аузынан естимін деген бетінен қайтар емес. Ауылға келгелі бір айдай уақыт өтсе де, со бойы күтумен жүр. Одан бері Құлжадан жетіп жатқан мәліметтерге қарағанда, ондағы жағдай әлі күрделі. Дүнгендер қазір Баяндай шәһарын қоршап тұрған көрінеді. Олардың әйелдері мен балалары мұсылмандар мекендейтін Ескі Құлжадан пана тауыпты. Дүнгендерге мәншың хәкімбегі Мағзұм бастаған ұйғырлар тобы да қосылған. Дүнгендерді Баянху, ұйғырларды Садыр палуан деген көсемдер басқарады екен. Өлкедегі қытай ұлты да мұсылмандар көтерілісіне қолдау білдіріп, Джун-Тань деген адамның жетекшілігімен мәншың билігіне қарсы шығыпты. Қырғыздар мен албанның қызылбөріктері де Текесте

көшіп жүрген қалмақтардың бас көтерерлерін өлтіріп, мал-мүлкін шауып, қыздарын қосақтап байлап әкетіп, тыныштық бермейтін көрінеді. Сүмбедегі будда ғибадатханасын да тас-талқан етіп қиратыпты.

Көтерілісшілер мәншың билігінің құрығы ұзын екенін шамалайды. Ертеңгі күні ішкі жақтан үкіметтің қалың әскері келіп, олардың жағдайы қиындағандай ахуал болса, әрі қарай не істеу керектігіне де бастары қататын сыңайлы. Олар бұл орайда «егер біз орыстың қоластына көшкіміз кеп, елші жіберсек, ақ патша бізді қабылдар ма екен?» деген орайдағы әңгімелерді де көтере бастапты. Ұйғыр бектері бір тараншыны аға сұлтан Тезекке осы мәселенің шет жағасын айтуға жіберіпті. Ол Шоқанға жанжұнның көтерілісшілерді бейбіт келісімге шақырғанын, бірақ өздерінің бұл ұсынысты қабылдамағанын, Қашқар мен Ақсудан көмек күтіп отырғанын, Баяндайды таяу күнде басып алғалы отырғандарынан да хабардар еткен.

Шоқан Колпаковскийге 1864 жылғы желтоқсанның 14-інде жазған хатында: «егер көтерілісшілер расында Ресей бодандығын сұраса, не істемексіздер», – деген сауалды оның өзіне тікелей қойған еді.

Генералдың бұл сұраққа қалай жауап қайырғаны бізге мәлімсіз. Алайда Ресейдің отарлау саясатының алдыңғы шебінде жүрген Колпаковскийдің екі айдан кейін Дербес Сібір корпусының штаб бастығы Кройеруска жазған қатынасына қарағанда, ол көтерілісшілердің шекараның бергі жағына өтіп, қазақтар арасында толқулар тудыруының алдын алу үшін, орыс әскерін тез арада Шынжаңға енгізіп, Шәуешек, Құлжа, Қашқар билігін қолға алу қажеттігін ұсыныпты. Чиң үкіметінің үлгісімен ол аймақта орыс тұрғындары мекендейтін қалалар салу жайын да ойластыру мақұл екенін айтыпты. Қашқарияны еш уақытта Қоқан хандығының ықпалына беріп қоюға болмайды, сол себепті Құлжа мен Шәуешек төңірегіндегі бұлғақты басқан соң, Қашқарды да алуымыз керек, сонда Қоқанға арғы желкесінен де қарап отыратын сенімді жағдайға қол жеткіземіз, депті. Егер үкімет мұндай қадамға бармайтын болса, шекарада біздің өлкедегі көшпелі жұртты ғана емес, дүрбеленді Құлжа мен Шәуешекті де үрейде ұстайтын орыс әскерін күшейту қажет, деп ойын білдіріпті. Дегенмен Колпаковскийдің Шығыс Түркістанды

жаулап алу туралы ұсынысы патша сарайы тарапынан қолдау таппай, ол Ресейдің сол кездегі жағдайы үшін еш қажеттілігі жоқ, көтерілістің аяғы қандай нәтижемен бігері де мәлімсіз боп отырған көрші елдің ішкі істеріне орынсыз қол сұғу мәселесіне ұрындыратын күмәнділеу шара ретінде қабылданған.

Расында да Ресейдің бұл дүрбелеңге сақтықпен қарайтын да жөні бар еді. Құлжадағы жағдайдың өрбуі бірқалыпты емес. Мәселен Шоқанның Колпаковскийге 1865 жылғы қаңтардың 14-і күні жазған хатына қарағанда, содан сегіз күн бұрын мәншың әскері Құлжаның түбінде көтерілісшілерді қирата жеңіп, төрт жүздей адамын өлтіріп, көптеген қару-жарағын қолға түсіріпті. Сонымен бірге дүнгендер мен тараншылардың өз арасында да қайшылық туындаған сыңайлы. Тараншылар өздеріне кешірім жасамаққа уәде берген жанжұңмен астыртын байланыстар орнатып жатқан көрінеді. Дүнгендер Баяндайды қоршауды тоқтатып, Іленің сол жағалауына өтіп, Құжығұр кентін басып алғысы бар сияқты. Олар мұны қазақтарға арнаған үндеуінде де жазыпты. Осы жаңалықтардың өзі де көтерілісшілердің күші әлсірей бастағанынан хабар бергендей болады. Егер көтерілісшілер Іле бойынан ығыстырылар болса, Ақсу мен Қашқар жаққа қарай кететінін айтыпты. Оларға Іле алабындағы жалайыр, шапырашты, албан руларының Жүзен, Саурық секілді басшылары да қолқабыс беруден аянып отырған жоқ, жылқылары мен жігіттерінің көмегін ұсынуда. Жетен, Дүрсұлтан, Кезеңқаралар әзірше бейтарап. Қырғыздың бұғылары да көтерілісшілер жағында.

Жанжұң тағы да Колпаковскийге хат жіберген. Оны соған дейін Тезек ауылынан кетпей орыс әскерін күтіп жүрген соқолдайға арнайы шабарман жеткізген еді. Өлке басшысы бұл жолы да осы хатты алғасын, орыс әскерімен тез көмекке келуін өтініпті. Сондай-ақ ол Құлжадағы орыс факториясы адамдарының қашып кеткенін, сосын қараусыз қалған факторияны таң алдында қазақтар мен дүнгендердің тонап кеткенін жазыпты. Келер күні мәнжу әскері келіп, оған арнайы қарауыл қойыпты.

Іле өлкесіндегі көтеріліс қимылдарына қазақтардың тартылуы да дүрбелең ауқымының біртін-біртін кеңейе түскенінен хабар беретін ахуалды аңдатқан еді. Оны Тарбағатай



дуанындағы дүнгендердің маншың билігіне қарсы ұйымдастырған арандатуына қазақтардың қатысуына байланысты өрбіген оқиға да қосымша байқатып өткен. Шәуешектегі дүнгендер 1865 жылғы қаңтардың басында Тарбағатайдың хебе-анбысына өтінішпен шығады. Дүнген мешітінде жиналып, өзара келісімге келейік, «алдағы уақытта бір-бірімізге жаулық әрекеттер жасамау жөнінде ант берісейік» деген ұсыныстарын білдіреді. Құлжадағы қырғын шайқастар Шәуешекте де қайталанбауын құдайдан тілеп отырған мәншың әкімі, тыныштыққа шақырған бұл бастамаға қарсы болмайды. Ол өзінің орнын алмастыруға орталықтан жіберілген жас анбы және сол жаңа басшыны құттықтау үшін Шәуешекке ат басын бұрған сегіз қалмақ ноянымен бірге, өз нөкерлерін, күзетшілерін ерте, белгіленген уақытта мешітке келеді. Алайда дүнгендер оларды мешітке кірген замат тұтқынға алады. Хебе-анбы мешіт ішінде өткен арпалыста қаза табады, жас анбы ғана қасындағы серіктерімен шайқаса жүріп қамалға ілініп, қақпаны жауып үлгереді. Қалмақ нояндары мұсылмандықты қабылдау туралы ант берген соң ғана тірі қалдырылады. Дүнгендер бекіністі қоршауға алады. Қазақтарды да өз жағына тарту мақсатын көздей, Шәуешекті найманның қызайлары мен байжігіттеріне тонауға береді.

(Бір жағы – дүнген мен қазақ, екінші жағы – мәнжу мен қалмақ (дербет, торғауыт) боп, бітіспес жауларға айналған қанды қайшылықтың ақыры, сол күзде хебе-анбының бұйрығымен Шағанкеген ноян бастаған маншың-қалмақ қолының орысқа қарайтын Қатынсу бойында алаңсыз көшіп жүрген байжігіттерге күтпеген жерден шабуыл жасап, қырып салуына ұласады. Үш күнге созылған ойранда 3000 қазақ өліп, қалмақтар бір ғана байжігіт-мәмбеттердің 100 000 қойын, 6000 сиырын, 1300 жылқысын, 600 түйесін айдап әкетеді. Мәншың әскері дүнгендердің өзімен бетпе-бет қалып, енді оларды мешітке қамап, кектерін алады. Біраз уақыттан кейін аман қалған дүнгендер қайта көтеріледі. Осындай алма-кезек шайқастардың нәтижесінде Шәуешек түгел қирап, оның тұрғындары жан-жаққа босып кетуге мәжбүр болған...).

\* \* \*

1865 жылдың басында Құлжада мәншың әскерінің көтерілісшілерді, Шәуешекте дүнгендердің мәншың ұлықтары мен сібе, солаң, қалмақты қырған қанды оқиғалары туралы хабарды естіген Шоқан, бұл текетірес тоқтамаса, әлі де талай елдің құрбан болатындығын ойлап, өз-өзінен жаны күйзелген еді. Басынан соры арылмайтын қазақ байғұстың тағы да қосақ арасында кетіп, таукімет шегетініне қиналған. Кешелері өзі қатысып қайтқан қоқан мен орыстың тіресінде де екі жаққа бөлініп, бір-біріне қарсы шауып қазақ жүр, енді Құлжа мен Тарбағатайдағы дүрбелеңде де қос оттың ортасына түсіп, босқа күйіп кетпесе нетті. Соғыс деген қияметтен құтылатын күн туар ма екен, осы. Өз азаттығын көксеп күреске шыққан дүнген мен ұйғырды да түсінуге болады. Бірақ көмекейі кең обыр империя оған көне бермейді ғой. Қазақтар да талай заманнан бері өз еркі өзінде болу жолында арпалысып келді емес пе? Абылай бабасы да, кешегі Кенесары хан да сөйтті. Бірақ күші басым империя оған қарады ма. Қазақ даласын таптап өтіп, енді іргедегі хандықтарға ауыз салып жатыр. Кіші халықтардың көрген күні осы екен ғой, деп торыққан еді ол, қамығыңқы көңіліне тағы да құсалық күй жамап.

Бір жағы туған халқының қамын ойлап, мұңын жоқтап, оған жан-тәнімен көмектескісі-ақ келеді. Бірақ қолдан келер дәрмен жоқ, басын тауға да, тасқа да ұрғанмен қауқарсызсың. Атбасар оқиғасы кезінде орыстың дәй ұлықтарымен ауыз жаласқан қазағыңыз оның өзін түтіп жеуге аз-ақ қалды емес пе? Омбы әкімшілігінің көзқарасы да мәлім. Бағынышты жұртты мал құрлы көрмеудің тұрпайы тірліктері сол дүмді мекемеден бастау алып, шығандап өршіп жатыр. Өзің таңдаған бағдарыңның айнала ортамен үйлеспегенінен артық шарасыздық жоқ екен бұл дүниеде...

Әйтсе де мендеген дерті қаншама таукімет тартқызып түңілітіп жүргенімен, ел тағдырына әрдайым жаны ашып, халықтың қамын ойлаудан, оның ауыр жағдайына күйзелуден танбайтын санаткер Шоқан, Алтынемел өңірінде өткізген соңғы айларында да сол бойға біткен қайраткерлігінен қол үзе алмады. Оның Колпаковскийге руларды басқару жайында жазған ойларында да қарапайым бұқараға деген үлкен жанашырлық

тайға таңба басқандай анық байқалады. Тіпті бұл ретте ол өзінің туысы һәм қайнағасы Тезек сұлтанды да сынға алып, «албандардың сұлтаны тек өзінің қалың төлеңгіттеріне ғана ие. Оларды плантатордың зәңгілерді езгеніндей басқарады. Іленің арғы бетіндегі албандарға оның еш ықпалы жоқ... Бір сөзбен айтқанда, сұлтан өзін орыс үкіметінің әкімі емес, құлдардың қожайыны ретінде сезінеді», – дейді. «Жалайыр сұлтандары, болыстары және басқалары, оқта-текте елге соғып, әшейін состиып-состиып, түк бітірмей қайтатын сібірлік ұлықтарға ұқсайды. Жалайыр рубасылары арасында халықты тонаудың сыбайластық жүйесі қалыптасқан. Бұл мырзалар Алматыға өздері шағым жаздыртып, Верныйдан соған қатысты қағаз келгенде қазақтарды сонымен үркітіп, тоғыз-тоғызымен пара алады, оның біреуі—Сұлтанғазыға, екіншісі — Таңқыға, үшіншісі — Қамбарға<sup>32</sup>, т. с. с., тиеді»,— деп түйрейді...

Іле өлкесінде өтіп жатқан дүрбелең оқиғаларды егжей-тегжейімен Колпаковскийге жеткізіп отыруды өз парызы ретінде ұғынған Шоқанның сол қыстағы хаттарынан, оның бойын меңдеп, күннен-күнге асқына түскен дерттің өршу барысын да аңдататын жолдар кездеседі.

Алтынемел болысының биі Ысмайыл екеуінің араласуымен өтіп, ел ішінде Тауасар ісі деп аталған, он үш жасар қыздың өзі қаламаған адамына қосылғысы келмейтіні жөніндегі шағымына орай шығарылған билер кесімі туралы, 1864 жылғы желтоқсанның 1-інде Колпаковскийге жазған хатының соңында: «*Менің кеудем ауырып жүр. Істеген жақсылығыңыз болсын маған құстыратын бір майдәрі немесе кеудемдегі іріңді босататын (тек сүлік емес) және тер шығаратын бірдеңе беріп жібере алмас па екенсіз*», — деп сұрайды. Ал 1865 жылғы ақпанның 19-ы күні жазған (Шоқанның әзір бізге белгілі жазбаларының ішіндегі ең соңғысы болып есептелетін) хатта

---

<sup>32</sup> Шоқан бұл жерде жалайырдың аға сұлтаны подпоручик *Сұлтанғазы Жанғозин*, сыпатай тармағының биі прапорщик *Қамбар Аланұлы* төрелерді айтып отыр. *Таңқы* (бәлкім, басқаша) - Шоқан бестомдықтарында *Тынги* деп көрсетілген. Ол адамның кім екенін анықтай алмадық.

оның халінің нашарлай түскені тіптен анық білінеді. Ол соның алдында ғана Семей облысының әскери губернаторы боп ауысқан Колпаковскийге: *«Сіз кеткен кезде маған суық тиіп жүр еді: көкірегім мен тамағым ауыратын. Тамағымна назар аудармай, көкірегіме ем жасағам, енді көкірегім жазылған сияқты болғанымен, жұтқыншағымның ауырғаны сонша, асты әзер жұтамын, даусым тіптен шықпай қалды. Верныйға жетуге жолдың ауырлығы мен жайлы көліктің жоқтығы мүмкіндік бермегендіктен, мен өзімді қазақтың құшнаш-емшісінің қолына тапсырдым. Оның не дәрі ішкізіп жатқанын бір құдайдың өзі білсін. Әйтеуір қол қусырып өлгеннен гөрі осы дұрыс.*

*Жағдайым сәл жақсарса, Сіздің ұлы мәртебеліңізге көтерілістің себептері мен оның өрістеу барысы туралы тарихи деректерді назарға ала отырып жазған өз пайымдауларымды жіберемін...»,* – деп хабарлайды.

Оның соңғы хаттарының әлсіз қолмен қинала жазылғанын байқау қиын емес. Шоқанға тән әдеттегі жорға қолтаңбаның ізі әзер танылады...

Ол кері кеткен денсаулығының жайына қарамастан, өзіне етене Қашқар аймағындағы оқиғаларға да ерекше аңсары ауып құлақ түреді. 1864 жылғы маусымның басында Кушәр шәһарында мәнжу әскері құрамындағы дүнгендер мен Рәшидәддин қожа бастаған жергілікті ұйғырлардың мәнжу билігіне қарсы көтерілісі тез арада Алтышәрді де шарпығанынан хабардар-тын. Шығыс Түркістанның ханы деп жарияланған Рәшидәддиннің туыстары Бұрханәддин, Жамаләддин қожалар бастаған кушәрлік көтерілісшілер сол жылдың қысына дейін Ақсуды, Үштұрпанды, Қарашарды, Хамиді, Тұрпанды алған болатын. Бұлғақ дабылы қағылысымен, өзі бес жарым айдай ғұмыр кешкен Қашқар өңірінің ұйғырлары да көтерілгенін естіген. Енді анық-қанығын біліп отыр, оларға жақын жердегі Ташбалық қырғыздарының торайғыр қыпшақ руының басшысы Садықбек манап үш мың жасағымен көмекке келіп, тоқсан екі күн бойы тастүйін қорғанып берілмеген көне шәрді басып алу ұрыстарын басқарыпты. Қаланы әбден титықтатып барып алғаннан кейін, өзі күллі Қашқар уәлаятына әмірі жүретін дүмді билеушіге айналыпты. Йаркент пен Хотан да ұйғырлардың қолына көшкен. Хотанның падишағы боп Хабиболла қожа

сайланыпты.

Алтышәрде өткен осындай өзгерістер туралы дүңк-дүңк жетіп жатқан ұзынқұлақ хабарларды байыптау үстінде, Шоқан өзіне таныс әлденеше есімге де ұшырасқан еді. Солардың бірі – Бұзырықхан төре. Бес жыл бұрын жазған Қашқар сапары туралы есебінде оны өзінің ескертіп өткені де бар-ды. Бұзырықханның ақтақиялық Апақ қожаның тұқымы, 1825 жылы Шығыс Түркістанда мәншың билігіне қарсы көтерілісті бастап, ақыр соңында ұсталып, Бейжіңде қылышпен туралған Жәңгір төреден қалған жалғыз ұл екенін айтып, оны қашқар жұрты біраздан бері қасиетті адамның ұрпағы ретінде қадір тұтатынын жазған болатын. 1857 жылы Қашқарды қанға бояған Уәлихан төре де қамсыз жатқан шәһарды осы Жәңгір тұқымының есімін ұрандай келіп басып алғанын да еске салған. Кіші Бұхарадағы ендігі ғазуатты бір көтерсе, мағдұм-ағзам деген атағы бар осы Бұзырықхан төре бастап беруі кәдік, деп болжағаны бар-ды. Жорамалы дұрыс шыққан сыңайлы. Сол Бұзырықхан енді Қоқаннан Алтышәрге келіпті. Қасында бір кезде Ақмешіттің хәкімі болған Жақыпбек деген сарт қолбасшысы бар. Қашқар аймағында беделі зор Бұзырықхан қожаның бұл өңірге келуі, көтеріліс нәтижесінде мәншың билігінен енді-енді ғана тәуелсіздіктерін алып жеке-жеке хандықтар құра бастаған Алтышәр ұйғырларының саяси өміріне елеулі өзгерістер әкелуі әбден мүмкін, деп те топшылаған еді Шоқан.

(Расында оқиға солай өрбіді. Қыпшақ Әлімқұл молданың Қашқарияны Қоқан хандығының ықпалында ұстау мақсатын көздеп, арнайы аттандырған адамы Бұзырықхан қожа беделінің арқасында, азғана уақыт ішінде әуелі Қашқар, одан соң Кушәр, Хотан хандықтары оның қоластына қарап, біртұтас мұсылман мемлекеті құрылды. Онымен бірге келген Жақыпбек қолбасшы да осал болмады. Біртін-біртін Бұзырықханнан билікті өзіне тартып алды. Ол кейіннен Жетішәр мемлекеті деп жариялаған осы ұйғыр хандығы құрамына, 1872 жылы басып алған Үрімші сұлтандығын да қосты. Бұдан бұрынғы тарауларда да еске алынып өткендей, 1873 жылы оның ордасына орыс басқыншылығымен шайқастарда шыңдалған ескі танысы Сыздық Кенесарыұлы ат басын бұрғанда, қазақ сұлтанын өз сарайындағы әскербасы кеңесшілерінің бірі етіп тағайындады.

Шығыс Түркістанның оңтүстік-батыс жағындағы байырғы аумақтық бөлініс – Қашқар, Жаңахисар, Йаркент (Жаркент), Хотан, Үштүрпан, Ақсу шәһарларының санына сәйкес – Алтышәр деп аталған өңірге, кейіннен бағындырылған Қарашар қаласын қосу арқылы Жетішәр деп атау тағылған бұл мемлекеттің құрылуы Іле өлкесіндегі көтеріліске үлкен демеу бергені даусыз еді).

\* \* \*

Науқасының тіптен асқынып, өз денсаулығын «құшнаш-емшінің қолына тапсырғаннан басқа амалы қалмаған» амалсыз хәлін айтып, ақпанның ортасында генерал досына жазған соңғы хатынан, біз оны жаңа жылдан бастап Семей облысының әскери губернаторы боп тағайындалған Колпаковскийдің өз қарамағындағы штабқа қызмет етуге шақырғанынан да хабардар боламыз. Дертті Шоқан бұл ұсынысты ризашылықпен қабылдайтынын білдіріп (Семей қаласында тұрып, дәрігерлерге ұдайы қаралу мүмкіндігінің өзі неге тұрады), алғашқы жалақысы есебінен ұсақ күміс теңгемен 100 сом жіберуді де сұрайды. Ал бұл кезде Шоқан Петерборда қызмет етіп, емделу қажеттігіне байланысты штат құрамынан шықпаған мекемелерде оған тиесілі біраз қаражат жинақталып қалған болатын. Мәселен, Әскери министрліктің интенданттық басқармасында оның 1862 жылғы 1 қыркүйек пен 1864 жылғы 1 қаңтар аралығы бойынша жалақы мен пәтерақысына төленетін 737 сомы, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің кассасында 1862 жылғы 1 ақпан мен 1864 жылғы 1 мамыр аралығындағы жалақысы үшін алынуы тиіс 881 сом, барлығы – 1618 сом сақтаулы тұр еді.

Әрі дәл сол уақыттарда Әскери министрлікте Ш.Уәлихановқа кезекті ротмистр шенін беру туралы бұйрық та шығып жатқан-ды. 1864 жылдың 2 маусымынан Шоқанға осы шенді беру туралы Батыс Сібір әскерлері басшылығы тарапынан түскен ұсыныс әртүрлі деңгейлерде қарала келіп, оған әскери министр Д.А. Милютин 1865 жылдың 10 наурызында ғана қол қойған болатын. Шоқан тіркелген тұрақты штатта емес әскер құрамы басқармасына тек 16 наурызда ғана түскен бұл пәрменнің хабары әуелі Омбыға, әрі қарай Алматыға, одан түкпірдегі

Тезектің ауылына жеткенге дейін ұзақ уақыт өтетіні анық. Бір қарағанда, денсаулығы түзеліп жатса, Шоқанның жаңа ротмистр шеніндегі әскери қызметі әрі қарай Семей қаласында, Колпаковскийдің штабында сәтті жалғасып кететіндей боп та көрінген.

Алайда сол күндері, әдетте көктем шыға өршіп кететін құрт ауруының шеңгеліне құтылмастай боп қармалып, құр сұлдері қалған Шоқан өзіне кезекті әскери шен берілгенінен де хабарсыз күйде, кесек-кесек қан қақырып, өмір мен өлім арасындағы шарасыз арпалысқа түсіп жатты...

1865 жылғы сәуірдің 10-ы күні (жаңаша есептеу бойынша 22-сі) Тезек төре ауылынан төңіректегі елге Шоқанның дүниеден озғаны туралы суық хабар тарады. Ол бар болғаны 29 жыл 7 ай ғана өмір сүрді.

Есіткен жұрттың қабырғасын қайыстыратын ауыр қаза еді бұл. Ана жолы Айсары Шоқан шаңырағына келін боп түскенде, аужар айтқан Төребай ақын, енді оған жоқтау шығарып берді.

Аға сұлтан Тезек ауылына көңіл айтуға келген әлеуметті жесір қалған жас келіншек белін таяна отырып зарлы жоқтаумен қарсы алар еді.

*Шоқан сүйген жарымыз,  
Жігіттің гүлі нарымыз,  
Ажалға тоқтау бола алмай,  
Сарқылды қолда барымыз.  
Ажал келіп қиядан,  
Сұңқарым ұшты ұядан.  
Сүйген жарым бүгінде*

*Өтіп кетті дүниядан!..* — деп басталатын жоқтауда, Айсары өзінің оқ тиген маралдай болып отырғанын айта келіп, жарынан ермек етер перзент те қалмады, басында бір атадан алтау еді, енді солардың бірін қара жер жалмап кетті, деп зарланды.

Шоқанды Матай тауының теріскей бетіндегі Көшен тоғаны деген жердегі төрелердің қорымына әкеліп қойды. Жаз шыға оның басына шикі кесектен шағын там тұрғызылды. Оған бекітілген тақтай бетіне «Абылай ұлы Уәли, Уәли ұлы Шыңғыс, Шыңғыс ұлы Шоқан» деген белгі жазу мен Құран дұғасынан

үзінді жазылды.

\* \* \*

Өзінің науқасы мендеп, бұл дүниеден өтерін сезген Шоқан көз жұмар алдында Сырымбетке, ата-анасына бақыл айтысқан хат жөнелткен еді. «Мені ауру жеңді, шаршадым, халім төмендеді, сүйген елім, сендерді барып көруге де дәрменім жоқ. Бұл — сендермен соңғы рет аман-саулық сұрасқан хатым. Өсіп-өнулеріңе тілек білдіремін...»

Шыңғыс осы хатты алысымен Жетісуға өз кісілерін жіберуге қамдана бастайды. Бірақ іле-шала Тезек төреден оның қазасы туралы хабар жетеді. Албанның аға сұлтаны қазақтың естірту салты ретімен, оны тіке Шыңғысқа емес, Зілғараның балаларына жіберген. (Сол кезде поручик Мұса Зілғарин Көкшетау дуанының қазысы болатын. Оның інісі Әлібек Зілғарин де дуандағы дүмді билердің бірі. Ол 1869 жылдан Петропавл үйезі бастығының көмекшісі боп та істеді). Тезек төре оларға: «Бәріміздің атымыздан Шоқанның қазасын естіртіп, көңілін басарсыздар», – депті.

Суық хабарды алысымен Зілғара балаларының ұйымдастыруымен атығай, қарауыл, керей, уақ елінің белгілі адамдары жиналып, ауыр қазаны естіруге Шыңғыс ордасына беттейді...

Ел аузында Шоқанның қайтыс болғанын естірту рәсімінің қалай атқарылғаны туралы әртүрлі нұсқалар айтылады. Олардың бәрінде де ұлттың ұлы перзентінің қазасына деген халықтың қамығыңқы көңіл-күйі, ащы өкініші пен өксікті күйзелуінің табы айқын аңғарылады. Егер де оларды бір-бірімен сабақтастырып, бір жүйеге түсірер болсақ, мынадай ортақ нұсқа шығар еді.

...Шоқанның қазасын ата-анасына естірту үшін Тілен би мен Жолан батыр (олар бір нұсқада Жаулыбай мен Бекқожа, немесе Әділбек пен Келдебек деп та аталады) бастаған бір топ игі жақсы Шыңғыстың ордасына сау етіп түсе қалады, – деп басталар еді бұл сабақтастырылған нұсқа. – Аға сұлтан қонақтарды алаңсыз күйде қарсы алып, дастарқан жайылып, ел-жұрттың амандығын сұрала бастағанда, Тілен би күрсіне беріпті.

Шыңғыс: «Би аға, өңіңіз сынық, күрсіне бересіз, жол соққан-



ау, сірә, – дегенде, Тілен: «Жол соққан жоқ, қартайғанда бір ой соғып, соның түбіне жете алмай, төре інім, өзіңе келіп отырмын, – деп жауап беріпті. Аға сұлтан: «Ол қандай ой, айта отырыңыз», дегенде, би: «Төре інім, дүниеде не қымбат?» – депті. «Би аға, адам қымбат», деп жауап береді оған. «Ал адамға не қымбат?» – дейді тағы Тілен шешен. «Би, егер өзіңе сүйеніш болар перзент туса, пендеге бала қымбат ғой. Бірақ баланың да баласы бар. Менің Шоқаным бар баламның биігі», – дегенде, би тағы да: «Жансызда не қымбат», – деп сұрайды. «Жансызда қымбат гауһар деуші еді, би аға». Тілен әрі қарай: «Теңіздің тұңғиық түбінде жатқан сол гауһардың да иесі бола ма, інім», – дейді. «Е, би аға, иесіз дүние бар дейсіз бе? Он сегіз мың ғаламға бас ие Жаратқан емес пе», – деп биге сұраулы жүзбен қарайды. «Ендеше, он сегіз мың ғаламның иесі сол екі жанды-жансыздың ең қымбаттысының бірін өзі алса, не шара, – дегенде, Шыңғыс: «Баға жетпес гауһарым Шоқанымнан айырылған екенмін ғой», – деп еңіреп қоя беріпті. Оған Зейнеп ханым, ағайын-туған қосылып, күллі орда күңіреніп, қара жамылып қайғырады, зарлы жоқтаулар айтылады. Шыңғыс пен Зейнеп жер бауырлап жатып қалады. Келген билер жоқтауды қойғызып, тоқтау айтудың амалын таба алмайды.

Сонда қазаны жұмбақтап естірткен Тілен шешен Шыңғыс пен Зейнептің қасына жылжып келіп отырып: «Уа, төре інім, Зейнеп қызым, бала сіздердікі болса да, бақыты, білімі, өнері халықтыкі еді. Жаратқанның өзі пұлсыз береді, құнсыз алады, оған қарсы тұрар шара жоқ. Балаларыңыздың алдынан жарылқасын, Артқыға береке берсін. Жүйрікті ду көтереді, буды су көтереді. Қайғыны ер көтереді, Жүкті нар көтереді. Көтер шырақтарым, бастарыңды», – деп көңіл айтып, оларды жұбатқанымен, өзі де айнала отырғандарға барлай қарап, кемсендеп көзіне жас алғанда, үйдегі кәрі-жастың бәрі де еңіреп жылапты.

Шыңғыс пен Зейнеп көңіл айтуға келген қанша адам, басу айтып жұбатса да үш күн бас көтермей жатып қалыпты. Сонда Тілен қария өзімен бірге келген Шыңғыстың әрі досы, әрі құрдасы Жолан батырға: «Сыздаған жарасын жарған мен едім, енді өксікті басуға шамам жетпей сасып тұрмын, құрдасы едің, бір амалын өзің тапшы», – депті. Жолан сыртқа шығып, үстіне

шығыршықты болат сауытын, басына дулығасын киіп, шашақты найзасын қолына алып, ақ семсерін беліне байлап, Шыңғыс пен Зейнеп жатқан қаралы ордаға кіріп барып:

*Тауда болар құрымтай,  
Басына шығар тұрымтай.  
Сол қыран мен біздерді  
Жаратушы бір құдай.  
Бұл Тәңірінің ісі,  
Пенденің жоқ еш күші.  
Сен екеуің Аллаға да,  
Болмайын деген екенсіңдер,  
Тыңдамасаңдар мен енді,*

*Бастарыңды шабам, тұр былай,* – деп ақыра ұмтылады. Жер бауырлап жатқан Шыңғыс пен Зейнеп сонда ғана бастарын көтеріпті.

– Мен Құдаймен ерегісіп жатыр деймісің. Өлімнің ең ауыры сан соғар қаза ғой. Сол қайғы еңсемді көтертпей басқанда, маған осындай сөзді кім айтып, кім тұңғиықтан шығарар деп жатыр едім, – депті.

Тілен би де іле қостап: «Қайғы деген жылан бар, өзекті шағып өрлейтін. Қайрат деген қыран бар, өлімге күш бермейтін. Он сегіз мың ғаламда, бір Тәңірдің өзі өлмейді. Басқа түссе, оның әміріне кім көнбейді. Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді. Шоқанжан ғалым емес пе еді, төре інім, өткенге өкінбе, жетпесті қума, – деп тағы тоқтау айтқан екен.

Ауыр қаза Шоқанның ағайын-туғанын ғана емес, бүкіл ел-жұртын, Көкше өңірі халқының қабырғасын қайыстырады. Қалың ел сүйікті перзенттерінің қайтқанына аза тұтып, ордаға көңіл айтуға ағылады. Шоқанның о дүниелік боп кеткен хабарын естісімен, Шыңғыс ауылына қайғыға ортактасуға келген көп адамның бірі атақты Орынбай ақын еді. Оның қасына ерген адамдармен ордаға кіріп, баласының қазасы жер бауырлатып кеткен шерлі ата-анаға арнаған жырмен жұбатуы да ұрпақтан ұрпаққа ұласып бүгінгі күнге жетті.

*Уа, Шыңғыс, Зейнеп ханым, көтер басты,  
Қай қазақ ой ойлаған сенен асты?!  
Баласы жеті момын келіп тұрмыз,  
Күңіреніп босағаңа төгіп жасты...*

*Тарихтан талай адам көрген едік,  
Қызықты нелер дәурен сүрген едік.  
Жасымыз мұнша жасқа келгенінше,  
Шоқандай науша жасты көрмеп едік.*

*Қырышын жас, қайран Шоқан өткен бүгін,  
Күйзелтіп елі-жұртын кеткен бүгін.  
Аяулы жарқын жүзін еске тастап,  
Дүниеден ем таба алмай өткен бүгін.*

*Әзелде солай жазса не істейсің,  
Бұйырса тағдыр қалай бас имейсің.  
Қайран жас қызғыш болған халық үшін,  
Қалайша қазасына күйзелмейсің...*

*Дүниеден кедей де өткен, сұлтан да өткен,  
Шәрбатын бұл өлімнің әркім күткен.  
Қоймайды ажал сені тығылсаң да,  
Аплатон галым о да қайда кеткен?!*

*Ақыры бұл нәубетің көпке жеткен,  
Ғұлама білгіштердің бәрі кеткен.  
Алды-артың осындайға жеткеннен соң,  
Бүгінде қасіретке сен де жеттің.*

## **8. Шоқаннан соң**

Алтынемел, Матай жоталарының күнгей баурайында айықпас дертімен арпалысып, беті бері қараудан күдер үзген күндері Шоқан әкесіне жазған соңғы хатында: «Мен дүниеден

өтсем, сорлы Айсарыны елге алып қайтыңыз, оған көз қырыңызды сала жүріңіз, мархабатты қамқорлығыңыздан шет қалдырмаңыз», – деп те өтінген еді.

Баласының ақырғы тілегін орындау үшін Шыңғыс сол 1865 жылдың күзінде Көкшетаудан екінші ұлы Жақыпты бас етіп, шағын топ жібертті. Олар қазанның басында Алтынемел асуы маңында күзеуде отырғап Тезек төренің ауылына жетті. Жақып дімкестанып қалуына байланысты, бір айдай сонда аялдауға мәжбүр болып, қарашаның бас кезінде ғана Айсарыны төсек-орнымен алып қайтты.

Жақыптар Алтынемелге келген кезде, сол жылғы тамыз айының алғашқы жартысында ғана Шыңғыс сұлтанның ауылында болып, Шоқанның қазасына көңіл айтып кеткен, Қазақ даласы мен Түркістан өлкесін басқарудың жаңа жүйесін жобалау жөніндегі Дала комиссияның мүшелерінің жолы осы ауылға да түскен еді. Оның құрамындағы Шоқанның байырғы таныстары – Бас штабтың ерекше тапсырмалар жөніндегі шенеунігі полковник А. К. Гейнс пен сол комиссияға Орынбор облысы тарапынан қосылған, генерал-губернатор кеңсесінің бастығы полковник К. К. Гутковский, тілмаш қызметіндегі Ш. Ибрагимовтерге ерген топ, Айсарының отауына арнайы кіріп, оған да мезгілсіз қазаға қатты қайғыратындарын білдіріп, шын қамығудан туған көңілдерін айтқан. Гейнс сол сапар барысында жазған күнделігінде Айсарының реңі өте қайырымды екен, деп атап көрсетеді.

Кейіннен Айсары қазақтың әменгерлік салтымен Жақыпқа шығып, одан Мәлік атты ұл, Мәриям, Рабиға деген қыздар көрді. Білетін елдің айтуынша, солардың арасында Рабиға анасына тартыпты. Шыңғыс пен Зейнеп оны әуелден өздеріне жақын ұстап, Шоқанға ұқсатып Шәукібай деп атады. Григорий Потанин 1895 жылы Сырымбетке барған сапары туралы «Қазақтың соңғы ханзадасының үйінде» деп жазған тамаша мақаласында, Айсарыдан туған сол қызды «бойжеткей Шәукібай шай құйып отырды» деп атап өтеді. Ал Мәліктен тараған ұрпақтар Сырымбет төңірегінде өсіп-өнді.

1881 жылы Шоқанның қыштан қаланған бейітінің басына оның еңбегін бағалайтын генерал досы Колпаковский ақ мәрмәр құлпытас әкеліп орнатты. Оған орыс және қазақ тілдерінде (араб

кәрпімен): *«Мұнда 1865 жылы опат болған Шоқан Шыңғыс ұлы Уәлихановтың тәні қойылған. Түркістан уәлаятының генерал-губернаторы генерал-адъютант фон Кауфманның қалауы бойынша үшбу жаднаманы 1881 жылы Уәлихановтың сіңірген еңбектерін құрметіне генерал-лейтенант Колпаковский орнатты»* деген сөздер жазылды.

Сөзді бұлай қазақшалаған – сол кезде Кауфманның адъютанты міндетін атқаратын, ана жылдары Көкшетауда аға сұлтан Шыңғыстың қасында хатшы боп істеген Шаһмардан Ибрагимов еді.

(1958 жылы ұлы ғалым зиратының басына Қордайдың қызыл гранитінен биік құлпытас тұрғызылды. Оның маңдай бетіндегі арнаулы ойыққа Шоқанның қола горельефі орнатылды.

Биік төбенің шығыс жағында бұл күндері Шоқан атындағы ауыл орын тепкен. Осы ауылдың қақ төрінде Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуын бүкіл еліміз мерекелеген 1985 жылдың күзінде ерекше шара болып өтті. Ол осында ғалым тойы кезінде архитектуралық тамаша үйлесіммен көзге түсетін Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалдық музей-кешенінің ашылуына арналған салтанат еді. Оған Алматыда табыспен аяқталған Шоқанның туғанына 150 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға қатысушылар, одақтас республикалардың ғалымдары, Қазақстан жұртшылығының өкілдері арнайы келді.

Содан бірер жыл бұрын дәл ауыл түбіндегі Шанқанай өзенінің биік жары басында орнатылған Шоқан ескерткішімен (авторлары – петерборлық мүсінші И. Рукавишников пен архитектор Н. Миловидов) әдемі үйлесім тапқан, бір кейпі қазақтың төрт құлақты бейітіне келетін музей ғимаратының сәулеті өзінше сымбатты. Оның сыртқы бітіміне ішкі мәні мен сәні де жарасымды қабысты. Музей үйін сомдаған архитекторлар (Р. Сейдалин, Б. Ыбыраев, С. Рүстембеков) оның ішкі құрылысын қазақтың байырғы ұғымында бар: дүниені — жер асты, жер үсті, көк әлемі деп үш қабатқа бөліп қарайтын космогониялық түсінігімен астастыра отырып түзді. Оны бізге еденнің үш деңгейде салынуы да көрсетеді. Экспонаттар да негізінен үш бөлім бойынша жинақталды. «Ш. Уәлиханов және ол өмір сүрген уақыт», «Ш. Уәлихановтың ғылыми қызметі» және «Шоқан

бізбен бірге» атты ол бөлімдерде қазақтың ұлы перзентіне арналған ең үлкен музейдің атына лайық, құнды мүліктер қойылды.

Олардың бәрі де жасындай ағып өте шыққан аз ғана ғұмырында соншама мол еңбек жасап, тамаша зерттеулер мен аса құнды ғылыми шығармалар қалдыру арқылы халқымыздың ой мен зерде әлемі көгінде мәңгі шұғыла шашып жарқырап тұратын сөнбес жұлдыз болып қалған ардақты тұлғаның ғалымдық, ойшылдық, ағартушылық-демократтық заңғар бітімін бар қырымен танытуға мүмкіндік береді.

Алтынемел мемориалдық кешеніне келушілер аяғы әрдайым үзілмейді. Ұлы тұлғаға тағзым ету үшін Шоқан ауылына жолы түскен жандардың қай-қайсысы да оның сүйегі жатқан қастерлі мекен мен оның жанында бой көтерген осы шаңырақтағы құнды жәдігерліктерімен кеңірек танысу арқылы Шоқанның мәңгі өшпес шамшырақ есімін жүректеріне бұрынғыдан да жақынырақ қондырып, марқайып қайтып жатады).

\* \* \*

Шоқанның науқасымен жағаласа жүріп, өмірінің соңғы жарты жылында өзіне берілген тапсырма бабына сәйкес егжей-тегжейлі танысу мүмкіндігіне иеленген, Шығыс Түркістандағы азаттық бұлғағына қатысты оқиғалар, оның қазасынан соң да әрі қарай өзінің тауқиметті ретімен өрбіп жатты. Ол қайтыс болған күндер шамасында көтерілісшілер үш ай бойы қоршауда ұстаған Баяндайды ақыры алып тынды. Верныйға сол жақтан келген мұсылман саудагерлерінің орыс әкімшілігіне айтуынша, әбден кектенген дүнгендер шәһарды қорғаған мәнжу, сібе, солаңның сегіз мыңдай адамын қырып салыпты. Тек екеуін ғана мұрындары мен құлақтарын кесіп, Баяндайдың құлағанын жанжұңға жеткізу үшін Құлжаға жіберіпті.

Ақыры 1866 жылдың басында Іле уәлаятындағы мәншың билігінің соңғы бекінісі Құлжа да көтерілісшілер қолына өтті. Көз көргендердің айтуына қарағанда, оның қорғаушыларының көбі бауыздалып, көтерілісшілер жағынан да жеті жүздей адам опат болыпты. Азғана сарай ұлықтарымен, шағын шеріктерімен бірге биік қамалды паналаған Мин Сюй жанжұң нөкерлеріне бас

болып, соңғы сәттерге дейін шайқасыпты. Берілу жөніндегі ұсыныстарға, ол тек өмірі мен мәншың үкіметіне бодандығы сақталып қалатындығына уәде берілгенде ғана көнетінін айтыпты. Сол жауабын жеткізу үшін қамалдан отбасыларын алып шығып бара жатқан 12 мәншың ұлығынан көтеріліс басшыларына тарту ретінде 40 күміс жамбы, 4 жәшік көк шай беріп жіберіпті. Дүнгендер мен ұйғырлар қорғаннан қол көтеріп шығып, тізе бүккен ұлықтарды Ескі Құлжада тұруына рұқсат бергенімен, жанжұнның соңғы тілегін қабылдамайтынын мәлімдеп, сол талапты айтуға екі шенеунікті кері қайтарады. Мұны естіген Мин Сюй өзімен бірге қалған ұлықтарды, отбасын, қазынасын жанына жиып, ордасын жаруға пәрмен береді де, соның үйінділері астында қаза табады...

Шынжаң өлкесінің бас орталығы Құлжаның, оған ілесе Шәуешек қамалдарының құлап, көтерілісшілер қолына көшуі, Шығыс Түркістанда Мәншың билігінің үстемдігі жойылғандығын түйіндеген елеулі оқиға болған еді. Соның алдында Қашқария аймағында Жақыпбектің жігерімен Жетішар мемлекетінің ұйысып, Үрімшіде Дүнген шәһарларының одағы деген атпен Дәуіт халифа (Қазірет Дәуіт) басқаратын Үрімші сұлтандығының құрылуы (оның құрамына сол аймақтағы Үрімші, Манас, Тұрпан ж. т. б. қалалар енді), Құлжа өңірінде де өз-өзінен солардай мұсылман хандығының ірге көтеруіне алып келді.

Жеңіске жеткеннен кейін Іле дүнгендері соғыс кезінде уақытша паналаған Ескі (Мұсылман) Құлжасынан 1866 жылдың жазында бұрын өздері төңіректей қоныс тепкен Қытай Құлжасына көшіп, әбден қираған қаланы қайтадан қалпына келтіре бастайды. Ұйғырлар сол бұрынғысынша Ескі Құлжада қалады. Осылайша Іле бойында мұсылман билігінің екі ошағы пайда болып, ол ұйғырлар мен дүнгендер арасындағы бақталастыққа да ұрындырады. Екі арада қарулы қақтығыстар да өтеді. Ақыр соңында бұл текетіресте ұйғырлар басым түсіп, Тараншы сұлтандығы құрылады да, оның тағына Әлихан төре Әбілоғлы отырады. Осылайша бүкіл Шығыс Түркістан аймағы мұсылмандар билігінің аясына ұйысады.

Өлкеде қытай билігі құлап, мұсылмандар билігі орнағанын естігеннен кейін, орыс қарамағындағы қазақтардың да байырғы

ата-баба қоныстарына көшуге ықыластары ауғаны байқалған. Іле бойының албан, суандары мен Тарбағатайдың наймандары ол жақтағы өрістерді иемденуді ғана емес, талай жылдан бері қалмақтарда кеткен кегін қайтару жайын да қатар ойластырып жатты. Байжігіт наймандардың жігіттері ана жолы өздерін қырғынға ұшыратқан Шағанкеген ноянның еліне шабуыл жасап, өштерін толығымен алды. Дүнгендер мен қазақтардың жаулығынан шошынған қалмақтардың жүз түтіннен тұратын бір тобы 1866 жылдың тамызында жиырма мың малымен бірге Шұбарағаш-Ойжайлаудағы Лепсі станицасы маңынан орыс қарамағындағы жерге өтіп, Семей облысының әскери губернаторы Колпаковскийден бастарына пана, малдарына өріс сұрады. Генерал оларды орналастыратын бос жер жоқтығын айтып, Шынжаңға кері қайтуды ұсынғанымен, торғауыттар «ол жаққа қайтқанша, осында өлгенді жөн көрегіндіктерін, өз жеріне орала алмайтындарын» мәлімдеді. Қалмақтарды Қапал дуанының шекарадан қашықтау тұсына жайғастырғанымен, бір айдан кейін олар қайтадан Ертістің жоғары ағысындағы өз туыстарының арасына көшуге бел байлайды. Қайтып бара жатқан жолдарында торғауыттар байырғы жаулары – қызай наймандардың шабуылына ұшыраған.

Мұсылмандар жеңісінен кейін Үсек алабындағы Жаркент, Ақкентті мекендеген сібе, соландардың жағдайы тіптен мәз емес еді. Көтерілісшілерден үрейленген олар Колпаковскийден қыс кезінде Бұрақожыр бойындағы әскерлерін алып кетпеуді жалынып сұранды. «Егер орыс қарауылдары кетіп қалар болса, бізді түк қалдырмай қырады, сіздерді қысқа түгел жететін астықпен, басқа да азық-түлікпен қамтамасыз етейік, тек бізді тастап кетпеңіздер», деп өтінді. Өздерінің басқа жаққа кетуге де мүмкіндіктері жоқ-тын. Өйткені жолшыбай көтерілісшілер қолына түсіп, қырылуы мүмкін. Генерал бұл орайда Бұрақожыр шекара отрядының бастығына, жоғарыдан түскен нұсқауға қарамастан, оларға қолқабыс көрсеткен жөн, егер сібелер мен соландардың бастарына қауіп төніп, бері босып жатса, қашқындарды қорғау үшін шекараның арғы бетіндегі Түргенге дейін ілгері өтіп барып, құтқарып алып қайтуға рұқсат, деген пәрмен де береді.

Құлжа өңірінде болған қырғындардан аман қалған мәнжу,



қытай, сібе, солаң, қалмақтың бас сауғалай босып, шекарадан өткен біраз тобын Қапал, Алматыға дейін апарып паналатуға тура келген. 1866 жылдың көктемінің өзінде ғана босқындардың саны 14 мың адамдай болған. Осы қанды оқиғалардың салдарынан содан төрт-бес жыл бұрын ғана Іле алабында біріне-бірі қанаттаса жалғасып жатқан қалың диқаншылық қоныстары, танап-танап егістік алқаптары жойылып, қираған үйлердің қаңқиған қабырғалары ғана қалды. Тарбағатайдан бастап Үрімші, Манасқа дейінгі кеңістік елсіз аймаққа айналды, деп жазыпты көз көргендер.

Іле алабындағы қазақтардың Құлжа сұлтандығы жеріне өтуге ұмтылыстарының күштілігі сонша, орыс шекара басшылығы Ақсу, Текес, Бұрақожыр өзендері бойындағы шептерге қосымша қарауыл қоюға да мәжбүр болады. Орыс қарамағында қалғысы келмеген кей рулар мұжықтар қоныстанған мекендерге де қайта-қайта тиісіп, шабуыл жасап жүрді.

Сол жылдары Шоқанның немере інісі поручик (1867 жылдың соңынан штабс-ротмистр) Ғази Уәлихановтың аты-жөні де орыс әкімшілігі құжаттарында ұшыраса бастайды. Ол 1864 жылдың маусымының соңында Әулиеатадан Шоқанмен бірге оралып, Колпаковский кеңсесіндегі қызметін әрі қарай жалғастырған еді. Шамасы, Ғази Алтынемел маңындағы Тезек ауылына, Шоқан ағасы тұрақтап қалған кезде, соғып та тұрған сияқты. Сол келген сапарларының бірінде ол Айсарының сіңлісі Қарашашпен танысады. 1865 жылдың басында Колпаковский Семей облысының әскери губернаторы боп тағайындалған соң, Ғази (Сұлтанғазы) да келесі жылдың көктемінде Семейдегі 8-ші казак округінің штабына ауысады. 1867 жылдың жазында ол Қапал үйезі Алтынемел болысына арнайы демалыс алып келіп, Қарашашқа үйленеді. Сөйтіп, ол да Тезек сұлтанның күйеу баласы атанады. Сол жылдың күзінде Колпаковскийдің септесуімен, денсаулығына байланысты деген себеппен, штабс-ротмистр шенінде отставкаға шығып, немере ағасы Шоқан сияқты аға сұлтан Тезектің ауылында тұрып қалады.

Орыс билігі Қашқар аймағындағы Жетішәр, іргедегі Тараншы сұлтандығы сияқты мұсылман хандықтарының ықпалына қазақтардың еріп кетпеуін қатты қадағалаған алпысыншы жылдардың соңында, Ғази Уәлиханов пен оның

қайын атасы полковник Тезек Нұралиннің де күдікке ұшыраған жайттары болыпты. Екеуіне Жетішәр билеушісі Жақыпбекпен байланыс орнатты, қарамағындағы елді Құлжаға көшіріп әкетуге үгіттеді, жергілікті халық арасында шырық бұзатын зиянды әңгімелер таратты, деген айыптар тағылып, олар алты ай абақтыға да жабылады. Бірақ қылмыстарын дәлелдеу жағы қиынға түскен соң, Колпаковский (генерал 1867 жылдың күзінен қайтадан Алматыға оралып, жаңадан құрылған Жетісу облысының әскери губернаторы боп тағайындалған-ды) екеуін қамаудан босатып, 1869 жылдың ақпанында Тезек сұлтанды Қапал үйезі полициясының бақылауына жібереді. Ал Ғази Батыс Сібір басшылығының пәрменімен сол жылғы шілде айының басында өзінің ағайын-туғандары мекендейтін Ақмола облысына аттандырылады. (Ғази сол кеткеннен қызметін әрі қарай жалғастырып, кейіннен Петерборға да ауысып, атты әскер полковнигі, генерал шеніне дейін өсіп, 1909 жылы дүниеден озады).

Полковник Тезек Нұралин болса, өз басын орыс билігінің осыншама төменшік жағдайға түсіргеніне шын ренжігендей қылық танытады. Келесі 1870 жылдың жазында бекет жолымен дүние-мүлік алып бара жатқан орыс шенеунігі Здоренкоға жігіттерімен шабуыл жасайды. Тағы да тұтқындалу қаупінен сескене, Құлжа жаққа өтіп кетеді. Содан екі жыл бойы сонда жүріп, орыс билігі тарапынан кешірім берілгеннен кейін ғана ауылына қайтады...

\* \* \*

Осы орайда Шоқан мен Ғази Уәлихановтардың тектерінің ғана емес, шендерінің де ұқсастығы, әрі екеуінің де Тезектің күйеу баласы екендігі, кейіннен Шоқан ғұмырына қатысты бірқатар шатастыруларды туындатқанына тоқтала кету қажет деп білеміз. Ғази Уәлиханов пен Тезек төреге патша үкіметі тарапынан сенімсіздік тудырған әлгі жайт, кейде бірқатар зерттеушілер тарапынан Шоқан атына да телініп қап жүр. Оған негіз болған бір кілтипан – Шоқанның шығармалар жинағының 1968 жылы шыққан төртінші томының 444-446 беттерінде

жарияланған «Түркістан генерал-губернаторының әскери министрге хабарламасы» және «Бас штаб бастығының әскери министрге мәлімхаты» деп аталған, алғашқысының жазылған уақыты 1865 жылдың 11 ақпаны, кейінгісі 1865 жылдың 7 сәуірі деп қате көрсетілген қос құжат болатын (Ш. Уәлиханов. *Шығармалар жинағы. 1968. ІУ т. 444-446 бет*).

Олардың мазмұнына қарағанда, *«штабс-ротмистр Уәлихановтың Жетісу облысы қазақтары арасында аймақ шырқын бұзатын сөздерді таратып жүргені, бұл іске оның қайнағасы, полковник Тезектің де қатысы барлығы... осы тектес зиянды әрекеттері үшін оларды жауапқа тарту қажеттігі, штабс-ротмистр Уәлихановты Қазақ даласында қалдырса, елге көп залалы тиюі мүмкін екенін ескере отырып, оны империяның ішкері жағындағы кавалерия полкіне ауыстырған жөн болатыны»* тәндіре айтылады.

Академиялық жинақта жарияланған осы екі құжат – Шоқан ғұмырының соңғы жылына, оның өліміне қатысты біраз қауесеттің туындауына түрткі болған басты себепке саяды. Оларда жазылған жайттардың өз кезінде көп жұртты, тіпті шоқантануға бейіл берген біраз адамды иландырғаны сонша, олардың тарапынан да: *«Осындай белсенді қимыл-әрекетте жүрген адамды қалай науқас болды деп айтасың, патша өкіметінің Шоқанды құртуға тырысқаны анық, яки әдейі қастандық жасалған. Не болмаса, Шоқан бұдан кейінгі жылдарда да құпия жағдайда ғұмыр кешкен»*, делінетін сансаққа жүгірген дәйексіз жорамалдарға ден берілді.

Ал мәселенің анығына келсек, назарға алынып отырған бұл қос құжат 1865 жылы емес, одан төрт жыл кейінгі – 1869 жылға қатысты деректер болатын. Шоқанның төртінші томы (1968 ж.) дайындалып жатқанда «1869» деген санның көне құжаттарда көмескі боп көрінген соңғы «9» таңбасы (шамасы техникалық себептерге байланысты) «5» санына байқалмай ауысып кеткен. Яки құжаттардағы *«штабс-ротмистр Уәлиханов»* деп жазылған адам – Шоқан емес, Шоқанның Уәлихан атасынан барып қосылатын туысы, жоғарыда сөз болған – Ғази (Сұлтанғазы) Болатұлы Уәлиханов еді. (Шоқанға 1864 жылдың ортасынан ротмистр шені берілгені әлгінде айтылды).

Жылы қате көрсетіліп кеткен осы қос құжаттың 1865 жылға

сәйкеспейтін тұстары мұнымен ғана бітпейді. Мәселен, ондағы Түркістан генерал-губернаторы деген лауазымның өзін-ақ алалық. Бұл генерал-губернаторлық тек 1867 жылғы 7 шілде күні ғана құрылған болатын. Алғашқы генерал-губернаторы К.Ф.Кауфман. Батыс Сібірдің генерал-губернаторы А.П. Хрушев туралы да солай. Ол бұл қызметке 1866 жылғы 28 қазанда тағайындалған. Құжатта көрсетілген Жетісу облысы да 1867 жылғы шілдеде ашылған. Оның алғашқы әскери губернаторы Г.А. Колпаковский. Сондай-ақ «штабс-ротмистр Уәлихановты Жетісудан басқа жаққа ауыстыру туралы» әскери министр Д.А. Милютинге мәлімхат жазған Бас штаб бастығы генерал-адъютант граф Ф.Л. Гейденнің де бұл қызметке 1866 жылдың басында ғана тағайындалған белгілі...

Бір айта кетерлік нәрсе, Шоқанның 1968 жылы шыққан 4-ші томындағы бұл құжаттардың жылы қате көрсетілгендігі – өз кезінде көзі қарақты зерттеушілердің дәлелдеуі арқасында түзетілген де болатын. Сол себепті де Шоқанның шығармалар жинағының 1984-1985 жылдарда жарық көрген екінші академиялық басылымына (жауапты редакторы Ә. Марғұлан) Ғази Уәлихановқа қатысты бұл деректер енген жоқ.

Алайда алғашқы бес томдыққа абайсызда кіріп кеткен осы қос қате деректі шын деп қабылдайтын (яғни, оның кейіннен түзетілгенін білмейтін) кей зерттеушілер әлі де оны Шоқанға қатысты ақиқат ретінде қабылдап, кәдімгідей сеніп қап жүр.

Шоқанның соңғы жылына қатысты делініп, алғашқы академиялық жинаққа қате еніп кеткен бұл қос деректе Шоқан емес, тікелей оның туыс інісі Ғази Уәлиханов туралы сөз болатынын біз өз тарапымыздан Шоқан ғұмырнамасына арналған кітаптарымызда бірнеше рет дәйектеп жаздық та. Реті келгенде мақала, сұхбаттарымызда да ескерте айтып қоямыз. Дегенмен, ол лепестеріміздің бәрі жалпының құлағына жете бермейтін көрінеді. Жылы абайсызда қате берілген сол құжаттарға байланысты өрбитін алыпқашпа әңгімелер ауық-ауық белең беріп қалады. Шоқанға қатысты нағыз ақиқат осындай деген сыңайдағы «тұжырымдар» айтылады, отызға жетпей құрт ауруынан (туберкулезден) қыршын кеткен отөрім ғалымымыздың қазасына күмән келтіріледі. Ол туралы да қаншама ғылыми дәйектердің, естеліктердің бар екені есепке алына бермейді, оның

өлімін сан-саққа жүгіртушілік оқта-текте қайталанып қояды...

Ал шынайы ғылыми дәйектер Шоқанның өкпе дерті – туберкулезден қайтыс болғанын алға тартады. Қазақтар оны «құрт ауруы» дейді. Бұл ретте Шоқанның жан досы, әйгілі саяхатшы, шығыстанушы ғалым Григорий Потаниннің дерегіне назар аударыла бермейтін сияқты. Алаш көсемдері – Әлихан, Ахмет, Міржақып сияқты ұлы тұлғаларымыз: *«қазақты туғанындай жылы көреді», «қазаққа Потаниннің аты ардақты»,* – деп аса жоғары бағалаған осы қадірлі ғалым кадет корпусында оқып жүрген кездерінің өзінде Шоқанның бойында құрт ауруының нышандары байқалғаны жөнінде жазып кеткен. *«Ол жаз сайын ауылына барып, қымыз ішіп, оңалып қайтып жүрсе де, кадет корпусын өкпе туберкулезі (чахотка) белгілерімен бітірді... Петербордың ауа райы оның онсыз да әлсіз денсаулығын төмендеткені сонша, дәрігерлер оны емделмесең болмайды, деп туған жеріне қуғандай етіп жіберді»,* – дейді өз естелігінде Шоқанмен Петерборда бірге болған Потанин (*Ш. Уәлиханов. Шығармалар жинағы. 1985. Ү т. 363 бет*). Шоқанмен Петерборда, Омбыда тығыз аралас-құралас болған ғалым Н. Ядринцевтің де айтары осындай: *«Петерборда жүргенде әлсіреген денсаулығын қалпына келтіру үшін оның дереу өз еліне, далаға кетуі қажет болды»,* – дейді ол (*сонда. 277-бет*). Ал 1863 жылғы қыстыгүні Омбыда көрген кезінде де: *«оның денсаулығының әлсіздігі, өкпесінің дертті (чахоточный) екені анық байқалатын. Соған қарамастан ол тағы да Петерборға баруға жиналып жүрді»,* – деп жазады Ядринцев (*Ш. Уәлиханов. Шығармалар жинағы. 1968. ІҮ т. 576 бет*).

Ол кезде емі жоқ туберкулез дертінің талай адамды жалмағаны белгілі. Ұлы Абайдың дарынды қос баласы Әбдірахман мен Мағауия да осы құрт ауруынан көз жұмған еді ғой. Шоқан Колпаковскийге жазған соңғы хаттарындағы өкпесінің іріңдегені, жұтқыншағының ауыратыны, тамақты эзер жұтатыны, дауысы шықпай қалуы – дәрігер мамандардың пікірінше, туберкулездің белгілері. Әдетте көктем шыға өршитін сол құрт ауруы ақыры 1865 жылдың сәуірінде Шоқанды да алып тынғаны әлгінде айтылды...

\*\*\*

Әлбетте, Шығыс Түркістан халқының мәншын отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық күреске көтеріліп, нешеме кантогістерді бастан өткеру арқасында өз аймақтарында мұсылман хандықтарын жариялауы – әлемдік билікке өз ықпалдарын жүргізуге ұмтылған қуатты империяларға жаға қоятын жағдай да емес еді. Сол себепті Шығыс Түркістан мұсылмандары құрған Жетішәр мемлекетін Ұлыбритания да, Ресей де мойындап, тануға асықпады. Ресейдің өз басы Жетішәрдің ханы Жақыпбек аталық Құлжа өңірін өз қарамағына қосып алар болса, іргелес жатқан қазақ пен қырғыз түгелдей сол мұсылман мемлекетінің аясына ауып кетуі мүмкін, деген ойдан қауіптенді. Онсыз да Іле (Тараншы) сұлтандығына көшуге құмартушылар көп. Орыстарды сұлтандық басшыларының да аса жақтыра бермейтіні байқалады. Қатынастары салқын. Шекарадан бізге өткісі келетін діндестерімізді неге ұстайды, деп кінә тағуға бейіл. Ақыры сондай оқиғалардың бірі орыс әскерінің мұсылман билігі орнаған Құлжа өңіріне басып кіруінің басты себебі ретінде танылған еді.

1871 жылғы сәуірдің 19-ы күні Жетісу облысына қарайтын Верный үйезі Меркі болысының басшысы, албанның бозым руының биі, прапорщик Тазабек Бұсырманұлы өзіне қарасты мың үйден астам қазақты мал-жанымен ерте-мерте, орыс қарамағынан көшіп, шекара асады. Оларды бөгемек болған есаул Герасимовтың жасағына да кідірмей, ұйпа-тұйпасын шығарып, таптап өтеді. Жетісудың әскери губернаторы Г. А Колпаковский бұл оқиғаны естісімен, Тараншы сұлтандығының билеушісі Әлихан төреге хат жазып, шекара бұзған қашқындарды кері қарай қуып тастауды талап етеді. Әйтпесе, қашқын қазақтарды қайтару үшін, орыс әскерін шекарадан өткеруге мәжбүр болатынын мәлімдейді. Әлихан төре бұған жауап беруді қажет деп таппай, өзінің шекара хәкімдеріне орыс әскері Тазабек пен оның руластарын күшпен алып кету әрекетін жасар болса, әрі қуып тастаңдар, деп бұйрық береді. Жетісу әкімшілігі шекара бұзған қазақтардың Кетпен тауының арғы бетіне жайғасқанынан құлағдар болып, подполковник Елинский бастаған бір жарым жүздік пен екі зеңбірек, бір жаяу әскер ротасын солай қарай

аттандырған кезде, тараншылар мен қазақтардың біріккен жасағының шабуылына ұшырайды. Арқаларынан подполковник Ждан-Пушкиннің әскері көмекке жеткесін ғана күшейіп, қарсыластарын шегінуге мәжбүр еткенімен, сол кезде борап кеткен таулы жердің қарынан, қиялай біткен асудың тым тайғақ боп кетуі себепті, әрі қарай жылжи алмай, Шәлкөдесуға қарай ығысады. Арада біраз күн өткеннен кейін, мамырдың ортасында, үш мыңдай қазақ пен тараншы шекарадан өтіп, орыс аумағында тұрған отрядқа өздері шабуыл жасағанымен, зеңбірек оқтарынан біраз шығынға ұшырап, кейін шегінуге мәжбүр болады.

Осы қақтығыстан кейін Колпаковский Ташкенттегі Түркістан генерал-губернаторы К. П. Кауфманға (1867 жылдың жазында Түркістан генерал-губернаторлығы құрылып, оның құрамына Жетісу мен Сырдария облыстары енген еді) Тараншы сұлтандығын жазалау үшін сол елге әскери күшпен басып кіру туралы бұйрық беруін сұрайды. Әйтпесе, Жетішар ханы Жақыпбектің Құлжаны бағындыру жорығына шыққалы жатқаны туралы хабар барын, оның алдын орамаса, жағдайдың бұдан да қиындай түсетінін жеткізеді. Кауфман Соғыс министрлігімен ақылдаса отырып, сұлтандыққа шабуыл жасауға рұқсат береді.

Мұздай қаруланған орыс әскері өзіне қарсы тұрмаққа әрекеттенген Әлихан төре сарбаздарының бей-берекетін шығара отырып, бір апта ішінде Құлжаның іргесіне жетіп, 1871 жылғы маусымның 22-сі күні шәһарды шайқассыз алады. Содан бір күн бұрын ғана Әлихан төре Колпаковскийдің талап етуі бойынша, өз елшілері арқылы сол соғыстың тұтануының басты уәжіне айналған Тазабек биді генералдың қолына тапсырып, артынша өзі Тараншы ордасының мүшелерімен бірге келіп, қарсылықсыз берілетінін жариялаған болатын... Орыстар өз еркімен берілген Әбілғұлы сұлтанды Алматыға жер аударады. Кейіннен орыс патшасы атынан кешірім жарияланып, арнайы кесілген бес мың сом жәрдемақысын алып тұрған Әлихан төре, сол қалада өмірінің соңына дейін ғұмыр кешті. Колпаковскийге сол жорықты табысты өткергені үшін генерал-лейтенант шені берілді. 1882 жылы ол Дала өлкесінің генерал-губернаторлығына тағайындалды.

Тазабек би бастаған қазақтарды ұстаудың сылтауымен Тараншы сұлтандығын басып алған орыс әскері Іленің бас

сағалары – Күнес, Қас, Текес алаптарын қамтыған осы аймақта он жылдай билік жүргізді. 1879 жылғы Ливадий (Қырым) шарты бойынша Іле өлкесі Қытайға қайтарылатын болғасын, келісім талаптары орындалуын ақырына дейін қадағалаған орыс әскері 1881-1883 жылдар аралығында ғана Құлжадан кері шығарылып бітті. Мәншың билігі қайта орнаса, көтеріліс жылдарында кеткен кектерін алып, бізді қырғынға ұшыратады деп үрейленген мұсылман жұртының, қытай қарамағында қалудан азар да безер болып, орыс бодандығына өтуге жапырыла ұмтылуы, әрі Ресейге қарайтын қазақтардың қоныстары кейінгі жылдарда шығыстағы Барлық таулары, Боротала, Қорғас пен Текес алаптарына дейін созылғаны себепті, екі империя мәмілегерлері өзара бір тоқтамға уағдаласады. Ресей жағына өтуге тілек білдірген мұсылмандарды қоныстандыру үшін шекара белдеуін шығысқа қарай: Іленің оң бетінде Қорғасқа дейін, сол бетінде Сүмбе өзені мен Мұзарт асуының тұсына дейін созу қажеттігі келісіледі. Сол бітімнің нәтижесінде 1883 жылға дейін Қорғас пен Бұрақожыр аралығындағы Жаркент, Ақкент өңіріне, Іленің сол жағындағы Дүбін ауылынан Талғар өзеніне дейінгі аралыққа 45 мыңнан астам ұйғыр, Алматы мен Бішкекте, Соқұлық өзенінің бойына 5 мың дүнген қоныстандырылады. Верный мен Қапал үйездерінің аумағына қытай қарамағында қалғысы келмеген суандардың 2160, албандардың 3165, қызайлардың 115 шаңырағы көшірілді.

Орыстар Құлжадан кеткен соң, 1877 жылдың өзінде Жетішәр хандығын қанжоса етіп басып, жазалау жорықтарын жүргізген екі жыл ішінде жүз мыңнан астам ұйғыр мен дүнгенді қырып салған Чиң империясы Шығыс Түркістанды қайтадан Шынжаң деп атап, мұқым өлкенің орталығын Үрімші шәһарына көшірді. Бұл кезде Орыс империясы да түстіктегі мұсылман хандықтарын: 1868 жылы Бұхараны, 1873 жылы Хиуаны, 1876 жылы Қоқанды түгел жаулап алып, Ақалтеке шапқыншылығын аяқтап (1881) талай жылғы басқыншылық жорықтарын түйіндеп отырған болатын...

\* \* \*

Сол жылдары Орыс географиялық қоғамы тарапынан Уәлихановтың шығармаларын кітап етіп шығару жайындағы



әңгімелер де бір қозғалып, бір басылып тұрды. Ол мәселені әуелгі ойластырғандардың бірі – Шоқанның туған ағасындай боп кеткен жанашыр досы К. К. Гутковский еді. Ол Шоқан көз жұмған жылы Дала комиссиясының құрамында Алтынемелге соққан кезде, ғалымнан қалған қолжазбаларды Көкшетауға көшуге қамданып жатқан Айсары мен Жақыптан кітап шығаруға қажет екендігін айтып, сұрап алады. Сапардан оралған соң Уәлихановтың жарияланбаған қолжазбаларын, хаттарын өз мүмкін-қадерінше жинастырып, оларды бастыру жөнінде Географиялық қоғамның төралқасына ұсыныс түсіреді. Алайда тосыннан келген ажал 1867 жылы оның өзін де о дүниеге алып кетеді.

Одан соң Гутковскийдің бастамасымен қозғалған шаруаның тоқтап қалмауына, Шоқанның тағы бір танысы, Орыс географиялық қоғамы физикалық география бөлімінің бастығы П. П. Семенов (болашақ Тян-Шанский) ықылас танытады. Ол қоғамның 1867 жылғы сәуірдің 24-і күні өткен кезекті жиынында, жуырда қайтыс болған генерал-майор Гутковскийдің көзі тірі кезінде Шоқан Уәлихановтан қалған мұраларды бастырып шығару туралы өтініш жасағанын, бірақ марқұмның оны дайындап үлгере алмағанын хабарлай отырып, сол істі жалғастыру қажеттігін ортаға салған. Гутковский ол қолжазбаларға бас-көз болуды өзіне тапсырып кеткенін айтып, Уәлиханов еңбектерін «Жалпы география жазбалары» сериясында жариялау мүмкіндігін ұсынған. Оның қолжазбаларын редакциялауға өзінің дайын екендігін де мағлұм еткен.

Дегенмен сол кезде Орталық статистикалық комитеттің директоры боп істейтін Семеновтың басшылығымен шығып жатқан бес томдық географиялық-статистикалық сөздіктің шашетек жұмыстары киіп кетті ме, әлде Шоқан еңбектерімен танысқаннан кейін оларды редакциялау, ғылыми түсініктемелерін жасау көп уақыт алатындығынан үрікті ме, немесе қаржы тапшылығы қолбайлау болды ма, бұл іс аяқсыз қалады.

(Тек келер жылы Шоқанның жақын тілектес досы, ботаник, географ Ф. Р. Остен-Сакеннің кіріспе сөзімен «Орыс географиялық қоғамы хабарларының» 4-ші томында, оның «Қашқарға барған және одан Алатау округіне қайтқан жолда

көргендер» атты күнделігі «Ш. Ш. Уәлихановтың Қашқарға сапары» деген атаумен ықшамдалып жарияланады. Остен-Сакен содан бір жыл бұрын ғана полковник Полторацкийдің отрядымен бірге Нарын өлкесі арқылы Қашқар іргесіне дейін барып, Шоқан жүрген жолдың біраз бөлігін қайталап өткен еді. Соған орай, ол өзі аса құрметтейтін Уәлихановтың осы аралықтағы жолдың жан-жақты сипаттамасын еуропалық ғалымдар арасында тұңғыш рет түзіп кеткен осы еңбегін, енді ғана дайындалып жатқан Полторацкий экспедициясының есебінен бұрын, зерттеушілер назарына алғашқы нұсқа ретінде ұсыну ғылыми әділеттілік болады, деп тапқан еді).

Қазақ ғалымының еңбектерін шығару жайына қатысты көтерілген әңгіменің іле-шала басылып қалғанын, 1904 жылы Петерборда жарық көрген Шоқанның тұңғыш шығармалар жинағының редакторы Н. И. Веселовский де айтып өтеді. «Сол жолы Уәлихановтың қолжазбаларын Географиялық қоғам «Жазбаларында» бастыруға шешім қабылданғанымен, ол мақсат кейіннен жүзеге аспай, Уәлихановтың редакциялауды талап ететін кей мақалалары сол тапсырылған адамдардың қолында кетіп, кері қайтпай жоғалған жағдайлар да орын алды. Менің өзім В. В. Григорьевтің қағаздары арасынан Шоқанның екі дәптерін таптым, олардың бірі «Едіге» жырының қазақша мәтіні, екіншісі соның орысшаға қысқаша аудармасы еді», – деп жазды.

Содан кейін сексенінші жылдарда Шоқан шығармаларын жариялау ісіне Потанин біртіндеп кірісе бастайды. Бұл оның 1876-1880 жылдар аралығында Моңғолия мен Тыба аймағына жасаған саяхаттары бойынша өзінің төрт томдық еңбегін дайындау үшін Петерборда үш жыл тұрақтаған кезі еді. Сол жылдары ол балалық шақтан бергі досының «Қазақтардың көне замандардағы қару-жарағы мен сауыт-сайманы», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты зерттеулерін Орыс География қоғамы Батыс Сібір бөлімшесінің жазбаларында басуды өтініп, Омбыдағы сол бөлім басшыларының бірі, өзінің жақсы танысы, Атбасар казак-орысының баласы, болашақ генерал Г. А. Катанаевқа жібереді. Потанин оған жазған хатында бұл қолжазбалардың көшірмелерін өзіне Леонид Николаевич Майковтың тауып бергенін айтады. Сол кезде Географиялық қоғамның этнографиялық бөлімінің бастығы, «Халық ағарту

министрлігі журналының» редакторы боп істейтін бұл Майков, Шоқанды ерекше сыйлаған әйгілі ақын Аполлон Майковтың туған інісі екенін еске алсақ, қазақ ғалымының Сырымбетте ғұмыр кешкен кезіне қатысты тағы бір деректің ұшын ұстағандай боламыз. Шоқан ақынға жазған хатында өзінің қазақтардағы шамандықтың қалдығы, алтынордалық батырлар туралы зерттеулерді бітіргенін, көптеген ертегілерді, әндерді жинағанын, енді соларды астана басылымдарына шығару жайы қалай болар екен, деп оның қол жалғауын өтінетіні бар еді ғой. Оған Майков өзінің редакторлармен сөйлескенін, бәрінің ықыласты екенін, Сіз өзіңізде бар нәрсенің бәрін маған жіберіңіз, мен оларға өзімнің шығармаларымды өткізуден де бетер күш салатыныма сеніңіз, деп жауап жазған-ды. Шамасы, осы хаттан кейін Шоқан өз зерттеулерін Аполлон Майковқа жіберген сыңайлы. Ол қолжазбаның бір көшірмесі ақыр соңында ақынның інісі, ауыз әдебиетімен айналысатын Леонидтің қолына түскендей. (Профессор Н. И. Веселовскийдің жазуынша, «Қазақтардағы шамандықтың қалдықтары» зерттеуінің түпнұсқасы Семеновтың мұрағатында болған, алайда кейіннен қолжазбаны іздестіргенде, ол оны тауып бере алмаған).

Географиялық қоғамдағы Гутковский жинап Семеновке тапсырған қолжазбалардың басылу жайының бірте-бірте көмескіленіп, ұмыт бола бастауы, зерттеушілердің Шоқан дүниелерін редакциялауға, оқуға, деректерін пайдалануға алып, кейіннен қайтармай қоюы, оның біраз дүниесінің қолды болуына да әкеліп соққанын айттық. Дегенмен сол жылдары ғалым мұраларын сақтау жолында айрықша еңбек еткен бір қадірлі жанның арқасында ғана, қазақ зерттеушісінің көп қолжазбасы ұшты-күйлі құрудан аман қалады. Ол – Гутковскийдің қызы Катерина Карловна еді. Шоқан кадет корпусына түскен кезде бір жасқа енді шыққан Катя, оқушы кезінен әкесіне еріп, үйге кеп жүрегін қазақ баласына титтейінен бауыр басып, оны туған ағасындай жақсы көріп өскен болатын. Ілім-білімге жақын зиялы отбасыдан шыққан қыз, Шоқанның зерттеушілік, шығыстану саласындағы әрбір жетістігіне ата-анасымен бірге қуанатын шын пейілді тәлімнен нәр ала жүріп бойжетті. Оның мезгілсіз өмірден озған хабарын ата-анасымен бірге қатты қайғыра қабылдады. Әкесінің қазақ ғалымының шығармаларын жинап, кітап етіп

бастыруға ниет еткен бастамасына өзі де қолдан келгенінше қолқабысын берді. Артынша әкесі де тосыннан көз жұмған соң, отбасының бар ауыртпалығы мойнына түскен Катерина Карлқызы, біраз жылдардан соң Шоқан шығармаларын бастыру жайы аяқсыз қалып бара жатқанын байқайды да оның мұраларын сақтауды өзі қолға алғанды жөн көреді. Үйінде бар материалдарды ретке келтіріп, басқа ғалымдардың қолында кеткен қолжазбаларды қайтарып алуға күш салады. Сөйтіп, біртін-біртін Шоқан мұраларының құнды қорын жинақтайды.

1887 жылы сол кезде Орыс географиялық қоғамы Шығыс Сібір бөлімшесінің бастығы боп істейтін Потанин жан досының шығармаларын бастыру ісіне белсене кіріседі. Дала генерал-губернаторы Колпаковскийге хат жазып, Уәлиханов еңбектерінің жинағын шығару ойластырылып жатқанын, соған қаржылай көмек көрсетуге қолқабыс беруін, егер генералда Шоқанның жазғандары бар болса, салып жіберуін өтінеді. Сол шақта Петербор университеті Шығыстану факультетінің ұстазы, әйгілі шығыстанушы-археолог, соған дейін Хиуа мен Бұхара хандықтары туралы жазған құнды еңбектерімен танылып үлгерген Николай Иванович Веселовскийге (1848-1918) жинақтың редакторы болуға қолқа салады. Өзінің қауырт зерттеушілік жұмыстардан қолы тимейтініне қарамастан, Шоқан есімін ардақ тұтатын білікті ғалым да, оның әлі реттестірілмей, көбіне қолжазба, көшірме күйінде қалған еңбектерін редакциялаудың ауыр жұмысын атқаруға келісімін береді. Олардың көбін оған Потанин тауып беріп отырады. Петерборға жұмыс бабымен келіп-кетіп жүргенде К. Гутковскаяға да жолығып, оның қолындағы қолжазбалардың арасынан біраз қажетті дүниелерді алып береді. Шоқан мұрасына аса ұқыппен қараған Катерина Карлқызының осы орайда да ерекше сақтық танытқанын байқар едік. Ол Потанинге қажет деп тапқан дүниелердің көшірмелерін алуға ғана рұқсат береді.

(Содан К. Гутковская сақтап келген бұл қор тек 1920 жылы Петербордағы Ғылым академиясының мұрағатына тапсырылғаннан кейін ғана зерттеушілер назарына ілікті. Ол қолжазбалар арасында Шоқанның «Ыстықкөл сапарының күнделігі» мен «Қытай империясының Батыс өлкесі және Құлжа қаласы» атты жолсапар жазбалары, «Алтышәрдің, яғни

Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) жайы» атты ең ірі еңбегінің толық түпнұсқасы, Қашқар сапарын ұйымдастыруға байланысты құжаттар, Гасфорттың, Гутковскийдің хаттары, «Қырғыздар туралы жазбалар», ««Жамиғ-эт-тауарихтен үзінділер», «Ұлы жүз қазақтары туралы», «Құлжа мен Шәуешектегі сауда жайында», «Тарихи-Рәшидиден» үзінділер, «Қашқар жұрты туралы» еңбектері, әкесі Шыңғыстың екі хаты, неше түрлі мұрағаттық материалдар бар екен. Содан бастап нөмірі 23-ші қор деп аталған бұл баға жетпес мұраларға зерттеушілердің қолы жетті. Шоқанның кейіннен Қазақ академиясы тарапынан, қазақтың ұлы ғалымы, академик Әлкей Марғұланның бас болуымен 1961-1972 жылдар аралығында жарық көрген тамаша бес томдық шығармалар жинағының да негізгі сүйегін осы қор материалдары құрады).

Алайда 1887 жылы Г. Потанин мен Н. Веселовскийдің қайраткерлігімен қайтадан қолға алынған іс көп ұзамай тағы да тоқтап қалады. Алдында Дала генерал-губернаторлығына қарасты қаржы көздерінен ақшалай көмек жасауға уәде берген Колпаковский, 1889 жылы ол қызметінен Петерборға ауысып кетіп, көмек бере алмайтын болғандықтан, шығарушылардың қолы жіпсіз байланады. Потаниннің Шоқанның ағайындарынан қаражат сұрап, Шыңғысқа, Мұса Шорманұлының баласы Сәдуақас мырзаға жазған хаттары да нәтижесіз аяқталады. Нағашы һәм күйеу бала Сәдуақас келіскен сияқтанғанымен, жеме-жемге келгенде ештеңе жібере алмайды. Содан кейін Потанин Омбыдағы Катанаевқа хат жазады. Оған Уәлиханов шығармаларының негізінен жиналып дайын тұрғанын, енді оны редакциялап, бастыратын қаражат табу үшін Географиялық қоғамның Батыс Сібір бөлімшесі жанынан жазылым ұйымдастырсақ қайтеді, одан түскен пайданың тиісті бір мөлшері сіздердің бөлімшелеріңізге де түсер еді, деген ұсынысын жеткізеді...

Ақыры келер 1893 жылы ғана профессор Н. И. Веселовскийдің күш салуымен (бұл кезде Потанин өзінің екінші Қытай-Тибет саяхатында жүрген-ді), Орыс география қоғамы есебінен Уәлихановтың шығармаларын бастыруға қаражат бөлінетін болып, ол кітапты дайындау жұмыстарына алаңсыз кірісе алған еді. Дегенмен қолжазбаларды реттестіру,

түсініктемелерін жасау, Шоқанның өмірбаянын, естеліктерді әзірлеу, бірқатар көшірме қолжазбаларды түпнұсқалармен салыстыру мүмкіндігінің жоқтығы, тағы да біраз уақыт қолды байлайды. Оның үстіне Веселовский сол жылдары жаз сайын Кубан өңірінде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен айналысып, атақты Майкоп мәдениетін тұңғыш ашушы да болған еді. Соның қыруар шаруалары да қабаттасып, Шоқан кітабы созыла-созыла, тек 1904 жылы ғана «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың шығармалары» деген атпен Императорлық орыс география қоғамы этнографиялық бөлімі жазбаларының XXIX томы ретінде жарық көрді.

Онда Шоқанның «Абылай», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Қазақтың көне замандардағы қару-жарағы мен сауыт-сайманы», «Жоңғария очерктері», «Алтышәрдің, яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) жайы» (Уәлихановтың есебінен үзінділер), «Сібір ведомствосы қазақтарының сот реформасы туралы жазбалар», бірқатар материалдардың алғашқы жөнделмеген нұсқалары («Көкөтай ханның өлімі мен асы» жыры үзіндісінің орысша аудармасы мен «Шона батыр» ж. т. б.), «Едіге» жыры, «Ұлы жүз қазақтарының аңыздары мен әпсаналары», «Қазақ шежіресі» сияқты еңбектері және Қолпаковскийге, Гутковскийге жазылған хаттар, оның өмірбаяны туралы Потанин дайындаған мағлұматтар, Ядринцев пен Ибрагимовтың естеліктері топтастырылған еді. Қосымша бөлімде Сыртқы істер министрлігі мұрағатынан алынған поручик Уәлихановты Қашқарға аттандыру жөніндегі құжаттар, оның өз қолынан шыққан барып-қайтқан жолдарының сипаттамасы, сондай-ақ Шоқанның Алтышәр туралы есебінің 1861 жылы Географиялық қоғам жазбаларында жарияланбаған: «Халық құрамы», «Өлкенің билік жүйесі мен саяси жағдайы», «Өнеркәсіп және сауда» атты кейінгі үш тарауы берілді.

Жинақ Н. И. Веселовскийдің «Метеор» деген кіріспесімен ашылды. Әйгілі профессордың ол мақаласы: *«Шығыстану әлемі аспанынан, қазақ хандарының ұрпағы, әрі орыс армиясының офицері Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов құйрықты жұлдыздай ағып өте шықты. Орыс шығыстанушылары оны бірауыздан ерен туған феномен құбылыс ретінде танып, түрк халықтарының тағдыры туралы ұлы да маңызды жаңалықтар ашады деп күткен еді, бірақ Шоқанның мезгілсіз қазасы біздің бұл үмітімізді үзді. Ол 30 жасқа да толмай, өкпе ауруынан қайтыс болды»*, – деген сөйлемдермен басталған еді...

## ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ БЕЛЕҢДІ КЕЗЕҢДЕРІ

1835, *қараша* – Аманқарағай дуанының орталығы орналасқан Қараоба мекенінен қырық шақырымдай жердегі аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханұлының Күнтимес атты ордасында дүниеге келді.

1847-1853 – Омбыдағы кадет корпусында оқыған жылдар.

1853, *қарашаның 8-і* – корнет шенімен Сібір шептік казак әскерлері құрамында қызметке кірісті.

1854, *наурыздың 6-сы* – Дербес Сібір корпусының штаб бастығы, генерал-лейтенант Яковлевтің адыютанты.

1854, *қазанның 12-сі* – дербес Сібір корпусының командирі, Батыс Сібірдің генерал-губернаторы, инфантерия генералы Г. Х. Гасфорттың ерекше тапсырмалар жөніндегі адыютанты. Омбы абақтысынан шыққан жазушы Ф. Достоевскиймен, ақын С. Дуровпен танысты. Ғылыми еңбектер жазуды бастады.

1855, *жаз* – Гасфортпен бірге Жетісуға бірінші рет келді. Ұлы жүздің сұлтандарымен танысты. Семейде Достоевскийге, Врангельге жолықты.

1856 – поручик шенін алды. Ыстықкөл, Құлжа сапарларына барды, күнделіктер жазды. Қараша айында Семейде П. П. Семеновпен (болашақ Тянь-Шанский) танысты.

1857 – Императорлық орыс географиялық қоғамының толық мүшесі боп сайланды. Қашқар сапарына қамдану үшін қыс кезінде Алматыда тұрақтап, қажетті мағлұматтар жинады.

1858, *маусымның 28-і* – Семейден Қашқарға беттеген керуен құрамына Әлімбай саудагер деген құпия атпен қосылды.

1858, *қазанның 1-і* – керуенмен бірге Қашқарға кірді.

1859, *наурыздың 7-сі* – керуенмен бірге Қашқардан шықты.

1859, *сәуірдің 12-сі* – Алматы бекінісіне қайтып оралды.

1859, *жаз, күз, қыстың басы* – наукасымен арпалысып жүріп, Қашқар сапарының толық есебін жазды.

1860, *ақпанның соңы* – 1861, *мамыр айының соңы* – Петерборда тұрды. 1860 жылғы сәуірдің 7-сі күні штабс-ротмистр шенімен, Қасиетті Владимир орденінің төртінші дәрежесімен марапатталды. Орыс географиялық қоғамында баяндама жасады,

Петербордың ғылыми, әдеби зиялы қауымымен жақын танысты, Бас штабта, Азия департаментінде қызмет істеді. Зерттеулерін жазды. «Жоңғария очерктері», Алтышәр туралы еңбегінің алғашқы екі тарауы «Орыс географиялық қоғамының жазбаларында» жарияланды. «Тарихи-и Рәшидиді» зерттеді.

*1861, маусым айының соңы – 1863, күз* – атажұртта емделді. Аққанбұрлық алабындағы жайлауда, Сырымбетте, Көкшетауда тұрды. Ғылыми жұмыстармен, ауыз әдебиеті үлгілерін, этнографиялық деректерді жинаумен айналысты, зерттеулер жазды. 1862 жылдың күзге салымында Атбасар дуанының аға сұлтандығына сайланғанымен, Батыс Сібірдің генерал-губернаторы оны науқасына байланысты бас тартты, деген сылтаумен бекітпеді. 1863 жылғы мамырдың соңынан сот реформасы туралы халық пікірін жинау жөніндегі комиссия жұмысына қатысты.

*1863, күз – 1864, наурыздың 25-і* – Омбыда қыстады. Сот реформасы туралы еңбегін аяқтады. Шөже ақыннан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының толық нұсқасын жазып алды.

*1864, мамырдың 1-і – маусымның 8-і* – полковник Черняевтің Әулиеата жорығына қатысты.

*1864, шілденің ортасы – 1865, наурыздың соңы* – Алматыдан Омбыға (одан әрі Петерборға барамын деген оймен) беттеп келе жатып, аға сұлтан, полковник Тезек Нұралыұлының Күреңбел жайлауындағы ауылында науқасына байланысты аялдап қалды. Сонда үйленді. Алатау округінің бастығы генерал Колпаковскийдің тапсырмасымен іргедегі Шығыс Түркістан мұсылмандарының азаттық көтерілісін, сол аймақты терең білетін ғалым ретінде байыптап отырды.

*1864, сәуірдің 10-ы* – Алтынемел баурайында көкірек ауруынан дүние салды.



## ДЕРЕККӨЗ ӘДЕБИЕТ:

- Уәлиханов Ш. Ш.* Бес томдық шығармалар жинағы (Собрание сочинений в 5 томах), Алматы, 1961-1972.
- Уәлиханов Ш. Ш.* Бес томдық шығармалар жинағы (Собрание сочинений в 5 томах), Алматы, 1984-1985.
- Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. Алматы, 1980.
- Уәлиханов Ш.* Алтышаһарға сапар. Алматы. 2006.
- История Казахстана в русских источниках ХҮІ-ХХ веков. III том (Журналы и служебные записки дипломата А. И. Тевкелева...). Алматы. 2005.
- История Казахстана в русских источниках ХҮІ-ХХ веков. ҮІІІ т. Часть 1, 2. Алматы, 2006.
- История Казахстана в западных источниках. Том ҮІІІ. Первые английские путешественники в Казахской степи. Алматы, 2006.
- Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы. Петропавл, 2005.
- Ай-заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды). Екі томдық. Алматы. 1999.
- Мухаммед Хайдар Дулати.* Тарих-и Рашиди. Алматы, 1999.
- Захир ад-дин Бабур.* Бабур-наме. Ташкент. 1992.
- Шах Махмуд ибн мирза Фазил Чурас.* Хроника (Тарих-и мирза Шах-Махмуд Чурас). М., 1976.
- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.* Шығармалары. 9 том. Павлодар.
- Марғұлан Ә.* Шоқан және «Манас». Алматы, 1971.
- Марғұлан Ә.* Ежелгі жыр-аңыздар. Алматы. 1985.
- Көкөтайдың ертегісі («Манас» жырының Шоқан жазып алған бөлігі). Алматы. 1972.
- Мұқанов С.* Жарқын жұлдыздар. Алматы, 1964.
- Тынышбаев М.* Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент. 1925. (Алматы. 1990).
- Мұлла Нийаз-Мухаммед Хоканди.* Тарих-и Шахруки. (Материалы по истории киргизов и Киргизии). М., 1973.
- Бейсембиев Т. К.* «Тарих-и Шахруки» как исторический источник. Алматы, 1987.
- Тәзкіре-и Бұғра хан (Сұлтан Сатұқ Бура хан ғазының

- шежіресі). Алматы, 2007.
- Әбілғазы. Түрк шежіресі. Алматы, 1991.
- Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның Жылнамалар жинағы. Алматы, 1991.
- Ибатов А. ХІҮ ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі. Алматы. 1990.
- Кенесарин А. Султаны Кенесары и Садық. Алматы, 1992.
- Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, 1994.
- Касымбаев Ж. Последний поход хана Кенесары и его гибель. Алматы, 2004.
- Касымбаев Ж. Государственные деятели казахских ханств. (ХҮІІІ в.) Алматы, 1999.
- Бөкейхан Ә. Таңдамалы (Избранное). Алматы. 1995.
- Мағауин М. Қазақ тарихының әліпшесі. Алматы. 1994.
- Зәкиров С. «Қырғыз шежіресі» кітабынан (М. Мағауиннің кіріспесі және қорытындысымен). «Жұлдыз» журналы. 2004. №4,5,6.
- Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. Алматы, 2001.
- Ерофеева И. В. Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время). Алматы. 2001.
- История Букеевского ханства. 1801-1852. Сб. док-тов и материалов. Алматы, 2002.
- Бейсенбайұлы Ж. Шоқан ізімен. Алматы, 1977.
- Бейсенбайұлы Ж. Жасын-тағдыр жарқылы (Тарихи-ғұмырнамалық хикаят). Алматы, 1987.
- Өтениязов С. Шоқанмен қайта кездесу. Алматы, 1990.
- Ивлев Н. П. И оживают биографии. Алматы, 1983.
- Янушкевич А. Қазақ даласына сапар туралы жазбалар. Астана. 2003.
- Достоевский Ф. М. Полное собрание сочинений в тридцати томах. Ленинград, 1972-1988.
- Ф.М.Достоевский в воспоминаниях современников. В двух томах. М., 1990,
- Семенов-Тянь-Шанский П. П. Путешествие в Тянь-Шань. 1856-1857. М., 1958.
- Обручев В. А. Путешествия Потанина. М., 1953.

- Потанин Г. Н.* Труды по этнографии и фольклору. Павлодар. 2005.
- Вибе П. П., Михеев А. П., Пугачева Н. М.* Омский историко-краеведческий словарь. М., 1994.
- Громыко М. М.* Сибирские знакомые и друзья Ф. М. Достоевского. 1850-1854. Новосибирск, 1985.
- Бичурин Н. Я.* Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. 1-3. Алматы. 1998-1999.
- Тихвинский С. Л., Пескова Г. Н.* Выдающийся русский китаевед Н. Я. Бичурин. У 200-летию со дня рождения // Новая и новейшая история, 1977, №5.
- Описание военных действий в Заилийском крае в 1860 г. и журнал осады хокандской крепости Пишпек. СПб., 1861.
- Халфин Н. А.* Политика России в Средней Азии (1857-1868). М., 1960.
- Моисеев В. А.* Джунгарское ханство и казахи (XVIII-XVIII вв.). Алматы. 1991.
- Моисеев В. А.* Россия и Китай в Центральной Азии (вторая половина XIX в. – 1917 гг.). Барнаул, 2003.
- Путинцев Н. Г.* Хронологический перечень событий из истории Сибирского казачьего войска. – Омск: Тип. окр. штаба, 1891. – 270 с.
- Иванин М.* Описание зимнего похода в Хиву 1839-1840 гг. СПб. 1874.
- Веселовский Н.* «Бадаулет Якуб-бек, Аталык Кашгарский» («Записки Вост. отделения Русского археологического общества», № 11 (1899). СПб.
- Чокан Валиханов и современность (сборник материалов Всесоюзной научной конференции, посвященной 150-летию со дня рождения Ч. Ч. Валиханова). Алматы, 1988.
- Сычев Н. В.* Книга династий. М., 2005.

## **ҚАПЕРДЕ ҰСТАЛҒАН ӘДЕБИЕТ:**

*Мұқанов С.* Аққан жұлдыз (роман) //Тандамалы шығармалар. 7, 8 т.т./ . Алматы. 1975-1976.

*Бақбергенов С.* Ақ боз атты ару (роман). Алматы. 1986.

*Марков С.* Идущие к вершинам (повесть). М., 1968.

*Стрелкова И.* Шоқан (аударған Қ.Құрманғали). Алматы, 1985.

*Хузе О.* Под именем Алимбая (повесть). Алматы. 1981.

*Букетов Е.* Святое дело Чокана // «Көкейкесті» кітабында /. Алматы, 1986.

*Зиманов С., Атишев А.* Политические взгляды Чокана Валиханова. Алматы, 1965.

*Сегизбаев О.* Исследователь, мыслитель. Алматы. 1974.

*Сатпаева Ш. К.* Чокан Валиханов и русская литература. Алматы, 1987.

*Броневский С.* О казахах Средней Орды. Павлодар. 2005.

*Потанин Г. Н.* Труды по этнографии и фольклору. Павлодар. 2005.

## МАЗМҰНЫ

### КІТАПТЫҢ КІЛТІ

<i>Бірінші бұрам:</i> Айбалтасын алтынменен булатқан .....	5
<i>Екінші бұрам:</i> Орта жүздің ханы .....	7
<i>Үшінші бұрам:</i> Аманқарағайдың аға сұлтаны.....	10
<i>Төртінші бұрам:</i> Абылайдың ұлы шөбересі .....	12

### ***Бірінші бөлім. ХАН ӘУЛЕТІ***

1. Абылай .....	14
2. Уәли .....	37
3. Абайділда .....	41
4. Айғаным .....	47
5. Кенесары.....	54

### ***Екінші бөлім.***

### **БАЛАЛЫҚ ДӘУРЕН, КАДЕТТІК ЖЫЛДАР**

1. Обағандағы орда .....	78
2. Аққанбұрлық алабында .....	98
3. Тобыл мен Есіл арасы .....	123
4. Кадет корпусының шәкірті .....	143

### ***Үшінші бөлім. ЖАНАРАЛ САРАЙЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ***

1. Ерекше тапсырмалар жөніндегі адъютант .....	159
2. Тағдырлар тоғысы .....	173
3. Сұлтандар мен билер империя астанасында .....	191
4. Қаратал, Іле алабында .....	205
5. «Семей туралы кейін нақтырақ жазармын» .....	225
6. Қазақтар – даланың айбынды серілері еді .....	234

### ***Төртінші бөлім. ЫСТЫҚКӨЛ, ЖЕТІСУ САПАРЫ***

1. Жәмшік даңғылы бойымен .....	240
2. Алатау байрайында .....	267
3. Ерен туған ер Манас .....	292
4. Қырғыздар ортасында .....	304
5. Тау асуларымен .....	316
6. Үш Алматыдан Қапалға дейін .....	324
7. Жиһангез бен жырау .....	333

### ***Бесінші бөлім. ҚОРҒАНЫ БИІК ҚҰЛЖА***

1. Сөк төренің таныстары .....	347
2. Үйгентас пен Үсек алабы арқылы .....	354
3. Синологиялық сұхбат .....	366
4. Аймақтағы алашабыр ел .....	383
5. Туған бауырдан да артық .....	400

### ***Алтыншы бөлім. КЕРУЕНБАСЫНЫҢ «ТУЫСЫ»***

1. Петербордан түскен пәрмен .....	409
2. Әлімбай саудагер .....	419
3. Жұмбақ керуен .....	430
4. Сырт үстірті арқылы .....	438
5. Керуенсарайы көп Қашқар .....	448
6. Қолжазба іздеуші .....	462
7. Мүршидтер мен мүридтер .....	470
8. Қанішер қожа. Шлагинвейт шындығы .....	478
9. Алуан бітімді Алтышәр .....	483
10. Күшейген күдік. Қуғын .....	488
11. Жүздесулер мен ұшырасулар .....	496
12. «Уәлиханов өте сүйкімді, тамаша адам».....	505

### ***Жетінші бөлім. ИМПЕРИЯ АСТАНАСЫ***

1. «Владимир» орденінің мұсылман иегері .....	512
2. Қаламгерлер ортасында .....	521
3. Реформа дүмпуі .....	530
4. Шоқан және Петербор .....	538
5. «Тарих-и Рәшидиді» тұңғыш зерттеуші .....	574

### ***Сегізінші бөлім. ҚҰСАЛЫҚ***

1. Атақонысқа оралу .....	589
2. Торығу .....	604
3. Омбыдағы қыс .....	621
4. Жаңақоқан шебі .....	631
5. Қанды жорық .....	644
6. Шарасыз арпалыс .....	662
7. Шоқаннан соң .....	682

Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметінің белеңді кезеңдері.....	702
Дереккөз әдебиет .....	704
Қаперде ұсталған әдебиет .....	707
Мазмұны.....	708





# Бейсенбайұлы Жарылқап

## Шығармалары

II том

---

Пішімі 60x90/16. Қаріпі *Times New Roman*.

Офсеттік басылым. Шартты б.т. 46,43

Таралымы 500 дана

«Өрнек» баспасының баспаханасында беттеліп,  
басылып шықты